



# ҚАЗАҚЫН ҚАНЫҚЫРЫ

РОМАН-ЭССЕ

С28

МЕДЕУ СӘРСЕКЕ

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ



Ч.Ж.

АЛМАТЫ  
«АТАМҰРА»  
1999


**ББК 84(5 каз)  
С 28**

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылған.

**Сәрсеке Медеу**

**С 28** Қазақтың Қанышы. Роман-эссе.—Алматы: Атамұра, 1999.  
—592 бет.

ISBN 5-7667-8480-5



С 1804010000—025 без объявл.— 99  
418(05)—99

ББК 84(5 каз)

ISBN 5-7667-8480-5

© Сәрсеке М., 1999  
© «Атамұра», 1999

## ОҚЫРМАНҒА АРНАУ СӨЗ

Мың шақырымдық ұзак сапардың алғашқы қадамнан басталатыны сияқты, қолыңыздағы «Қазақтың Қанышы» аталған роман-эссеғе бұдан отыз бес жыл бұрын, 1963 жылдың жазында үлтімымздың біртуар ғалымы Ә. Марғұланмен оңаша сұхбат үстінде алғашқы сүрлеу салынғаны – бүгіндеге естелік ретінде айттар сыр.

Әрнеге еліккіш, қиял қанатына мінген кезде Айға да қол сермеп жүрген жасаң кезім. Әмбे техникалық мамандықты игеруіме Қаныш ағаның зор енегесінің әсері болған. Әрі Әлекендей үлкен кісінің езіме сенім артып, еліктіре сейлегені еркімді баурап, тоқ етерін айтқанда, ойды ой қозғап әсерлендім де, тәрт-бес хикаят жазған ғылыми-қиял дүниесін жайына қалдырып, қалтарыс-қақтығысы мол, шың-құздары биік, оппа-жарлары төрөн ұлы ғалым әмірінің күрделі жыңғызына сұнгідім де кеттім. Бұл істің соңында, жоғарыда айтқандай, соншама ұзак жүрерімді білсемші сонда?!

Жок, о күнде мұны бағдарлай алмадым. Ізденістің ондаған жылдарға жалғасып, ғалымның еткелі көп асу-белдерін зерттеп жете түсінудің қыыншылығы ез алдына, сол жолда өзімнің де сансыз мол кедергі-тосқауылдарға жолығып, жаназабына түсерімді, кейбір пенделердің академик Қ. Сәтбаевтың іргелі де ұлы енбектерін халық жадынан ұмыттыруды көздеген қиянатына тап боларымды, әрине, білгенім жоқ. Сөйтсе де құдай маған төзім берді, «Әділдік әрқашанда женеді, сол үшін күресумен қоса қыншылыққа шыдау керек!» деген Қаныштай асылдың қайраткер рухы жебеп, жақсы күндерді ұмітпен тосуыма себепші болды. Жақсылық туар деп қарап та жатпай, бір жығылып, бір тұрып жүріп, ғасырдың соңғы шерігінде езім құштар болып таңдаған қаһарманымның ғұмыры жолын баяндаған үлкенді-кішілі алты кітапты дүниеге келтіріппін. Нәктылы түстесем, олар – «Жазушы» баспасы 1973 жылы шығарған «Тұған жердің асылы» атты көркем әңгімелер жинағы; төлтума нұсқасы Алматыда қиянатпен тоқтатылып, көп бейнетпен Москвада «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың әмірі» (ЖЗЛ) сериясы бойынша 1980 жылы жарық көрген «Сатпаев»; жариялышы заманы тұған шақта, яғни 1988–1989 жылдары осы ғұмырнаманың қазак және орыс тілдерінде жаңа тараулармен толықтырылып, әсем көркемделіп өрі көп мындық таралыммен қайыра басылған екі кітабы; тоқырау һәм рухани құлдырау заманында басымнан кешкен қияннатор мен ғалымның дүние жүзіне мәшһүр атағын жасыту мақсатымен үйімдастырылған әділетсіздіктер туралы бүкпесіз сыр шерткен «Құғындалған «Сәтбаев» (А., «Шабыт», 1994) және Павлодар об-

лыстық әкімшілігінің тапсырмасымен арнайы жазылған «Қаныш елі» атты үш тілде (казақша, орысша және ағылшынша) әрі түрлі түсті көркем де тарихи суреттермен безендірілген альбом-кітап.

Міне, енді солардың бәрінің жиынтығы есебіндегі роман-эссені – қалың оқырманға бұрыннан танымал «Сәтбаев» атты деректі хикаяттың негізінде қайыра сомдалған, көптеген жаңа тараулар және бұрынғылар арасына соны оқиға, айғақтар қосылған жетінші туындымды қолыңызға алып отырсыз. Бұл басылымның алдыңғылардан бір өзгешелігі – саяси тосқауылдар қол байлап, бұрын жаза алмай жүрген ұлттық жайттар, соңдай-ақ құдірет-күші мықты кешегі сез тергеушілері (цензорлар) мен еріктері тежеулі әріпшіл редакторлар зорлықпен қылпастап, жарық дүниеге шығармай келген ғалым өмірінің бұркеулі «ақтаңдақтары» түгел қосылып, ашық баяндалуы.

(Мәңгі өлмес асылымыз, қазақтың атын әлемге танытып, мереімізді асқақтатқан ұлы перзентіміз, ғұлама академик (үш бірдей ғылым ордасының), кернекті қоғам қайраткері, Қазақтың Ұлттық ғылым академиясының іргетасын қалаушы, әрі жеріміздің қазына байлығын көптеп тауып, ел игілігіне жаратуға (есіресе қазіргі аса ділгір заманда) дәнекер болған ұлы геолог-барлаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толу мерекесін дүние жүзі халықтарының руханият үйімі ЮНЕСКО да салтанатты түрде атап өтүге арнайы қарар (№ 234-10, 1997 ж., қараша) қабылдады. Бұл болса, Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұтымды үәжімен айтқанда: «...Сәтбаев еңбектерімен ХХ ғасырда қазақ халқы менгерген ғылым көкжиегін әлем жүртynna паш етеміз» деген сез. Сайып келгенде, бұл – қазақ ғалымының мұрасын – ғылыми еңбектерін күллі дүние жүзінің білімдар қауымы танып, адамзат игілігіне ортақ асыл екендігін моянында!..

Сөз сонында қолыңыздағы ғұмырнамалық романның ғалымның есімін әлем кеңістігіне мәшһүр еткен даңқты мереітойы қарсанында туған халқына тарту ретінде әзірленгендігін ескерту парыз. Өз басым осынау аса мереілі, шуақты мерекеге ат қосумен бірге аман жеткенімді шексіз бақыт деп білемін!..

Медеу Сәрсеке  
Семей, тамыз, 1998 жыл

# БАЯНАУЛА АЯСЫНДА

Абай атбаптағат  
Семей кітапханасының  
оқырмандар биік  
нр.

15. IX. 99

# — АДНЯСРА АЛУАҢРАӘ

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе – дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп ... адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі... де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса – сонда іске жарайды».

Абай, 19-сөз.

## ШЕЖИРЕЛЕР ШЕРТКЕН СЫР

### 1

Осы заманның қылап жүйрігімен ағызып келе жатқанда, кез тоқтатар бұлдыр қара кезікпей, әлденеше сағат бойы көрерініз – шексіз қуан даала. Сұрықсыз жалаңаш бүйрараттар етегінен әредік қылт еткен тал-шілік, іә қалың бұталарға сурен суретті езгертіп, біраздан кейін олар да зым-зия жоғалады. Тұзы бетіне шығып тобарсып қалған, аңы дәмі жүтқан ауамен тіліне үйіріліп, көңілінді әбден құлазытқан шақта, қарсы алдыңған кенет жақпар тастары тұс-тұстан одырайып, солардың етегіға ғана емес, күн сәулесіне малынған бозғылт бетіне дейін жасыл желек жамылған құз-жартасты, шатқал-қойнаулы, көркі ғажап тау сілеміне кез боласыз.

Ғасырлар кеші ұзақ замандар бойы тынымсыз мүжіп тоздырған-дықтан, құмға айнала бастаған жақпарларды әр жерден жарып шыққан қарағайлар ақшулан тау реңіне мәңгі жас, әрі қысы-жазы езгермейтін кек-жасыл ең берген. Кей жақпарлар дестеленіп келіп терен құз, еңсөлі шатқалдар түзеген. Солардың үнірейген аузынан, ну жынысы өткел бермес сайлар етегінен ән салғандай сылдырлап сансыз көп арынды бұлақтар ағып, еңстегі ойпандарға дейін тоқтаусыз жәнкіледі. Ақ қайран түбі маржандай жарқырап, жағадағы орман мен даала тағылары бейнелі оқшау тастары жан біткендей дірілдеп қайта көрініп, таңғажайып суреттер түзеген айна келдерді тамашалап, маңағы бір әзірдегі жадау ой-сезімнен біржола арыласыз...

Құншығыстан батысқа енкеіе біткен түркы отыз, көлденені оншақты шақырымнан аспайтын шағын таудың атырабы үш түрлі атауға ие: жусаған қойдай мыжырайған батыс сілемі – Жаманаула (бағзы бір замандарда ол Кішітау атанса керек, бергі уақытта түбі уақ Жаман батырға қоныс болыпты-мыс); мәлдір көлді, қайың, терек, қарағайға сыңсыған қалың, орманды, шөккен түйедей өркешті, арқар, піл, кісі пішіндес оқшау тастары көп көрікті бөлегі – Жақсыаула; ал осының бәрінің ортақ атауы – Баянаула... Елжадында сақталған кейбір азызлақаптар бұл атыраптың ескі аты Кектау болғандығына саяды, қысынды сез екендігіне таудың қысы-жазы бірдей көгеріп тұратын жасыл реңі айғақ.

Баянауланың қыран бүркіт ұя салған, сілөусін жортып, арқар мен таутеке жайылған, арғы замандарда барыс шыырлаған биік шындары, қатпар-қатпар құз-жартасы мен орман жыңғылдары, ертеде «Хан шарасы», «Шойын» және басқа да көлдері адамзаттың талай үрпағы-

на мекен болып, замандар көшүүнө орай неше алуан аңыз, дастандар туғызған. Қаншама шерлі хикаят, тағдырлар тарихы үмтүйлүп, қаншасы қайыра жаңғырған?! Солардың бізге жеткен атаулары ғасырлар тереңінен, ел мен жер шежіресінен сыр шерткендей: осы маңаттағы ең биік жақтар тасты, жоны құдірейген жотаны жұрт Ақбет дейді, бұл болса – тағдыры шерлі сұлу қыздың есімі («Ақбеттің – «Күдей» екен аты бұрын, Тұлкідей қызыл қына жапқан қырын...» деген елең жолдары да осы жотаға арналған); немесе Асанқайғы бабамыз атапты дейтін «Түйеөркеш» пен үлкенді-кішілі Күйгенбеттер, Атпа, Арқаржота, Мырзашоқы, Үшқуыс, Құркелі, Қызылшың, қылыш жузіндегі қырлы Қырғышы, ертегідей шиырлы Ермектас пен Жыландағыбет, өткел бермес қиялары мол Жалаңтес, Көшет батырлардың атына қойылған асу-белдердің әрқайсысы талай хикаятқа арқау болғаны анық. Тасбұлақ, Мойылды-бұлақ, Үкібай, Шорман (бертінде «Балықты бұлақ» атанған), Малай, Шонай, Айман, Селдіrbай, Қанар, Атан, Қара, Майлыбұлақ атаулары кезінде осы қайнарларға жөргегін жуып, сүйн ішкен адамдардың атақонысы екендігінен хабар бермей ме? Әлгі бұлақтар тұст-тұстан қосылып тоспа түзген, сырлы аяқтай, иә әдемі шара сынды атақты көлдердің Жасыбай, Торыайғыр, Біржан атануына, кейлекшөң қойып кетсөн, сабынсыз-ақ кіршіксіз ғып тазартып беретін қасиетке ие, жел толқытса беті көбіктене бастайтын Сабындықел жаратылышына ой жүгіртіңіз...

Асанқайғы жарықтық жемлясымен даланы кезіп, халқына Жерүйік іздеген саяхатында осы өнірге де бұрылған сынды. Баянауладан түстік жердегі Қызылтауға келгенде: «Тау тесер заман тұғанда, мынаның әр тасы қой болып ыңыранып жатады екен», – деп сүйсіnumen өте шығып, ту қияннан кегерген Қектаудың қатпарлы қын жақпарларының арасынан оймен жолтауып, «Хан шарасы» дейтін мөлдір сулы көліне жетіп, жемлясын шөгеріпті-міс. Ертенінде құзар біктеріне көтеріліп, ит тұмсығы батпас ну орманды көріп, күмістей сыңғырлап ақсан кәусар бұлақтарынан су ішіп, тастақты түбі айнадай жалтыраған шипалы көлдеріне шомылыш жүріп: «Шіркін-ай, ұжмаққа тең жер екенсін, бойға мысқалдан кірген дерпті бір түскенде қуып шыққандай сүң – шипа, шебің – дәрі, тау-тасың – жаудан пана... нағыз құтты қоңыс сен боларсың-ау! Әттен, майдайыма сыймайсың ғой, көзінде мыстың нәлі бар, жүргегінде түгі бар бегде жұрт, сіра, керкіне қызығып, елімді тыныш үйіктатпаст...» – деп жемлясын тынықтырып, әл-куат жиып, біраз күн жатыпты да, Қектаудан асыпты. Айылы деген бүйрітті кен қоңысқа жеткенде, біржола тастап кетуге қимаған ба, артына жалтаң-жалтаң қарал: «Алырай, мұнарға оранған қайран тауым, сениң құтты қоңыс болмағың мынаның арқасы екен, арықтаған мал жазғытұрым бір алта ашыласа, сонысы бір жылға татиды екен...», – деп таңдайын қағыптымыс. Еңіске баяу құлаған Шідерті өзенін кесіп еткенде: «Бұл шіркіннің топырағы асыл болар, неше қос жылқы шідерлеп қойғандай жатып семіретін жер екен», – деп, жемлясын тұсап қойып, тағы да бірер күн тыныққан сынды. Сонынан бұл жер Шідерті атаныпты-мыс. Өлеңтінің кен алқабын көргендеге: «Пай-пай, Өлеңтінің сүы – май, Шідертінің шәбі – май!..» – деп өлеңдеткен қалпында жүріп кетіпти. Бұл жер де содан кейін Өлеңті атанған деседі...

Осының бәрі – бүгінде «Қазақтың Швейцариясы» атандып жүрген, Қазақстан мен Сібір аймағындағы неше жұртқа аты мәшһүр, дертіне шипа ізделеп, шаршаулы жанына тыным тілеп, алыстан құмартып келетін көрікті жер жұмағы Баянаула.

Баянаула атырабы сонау қадым замандардан бері жеті жұртқа қайырылы қоныс болған сыңды. Соңғы келгені, дәйім солай болғай, арғын тайпасының Сүйіндік бұтағы. Осы елдің ескі білгірі, «Қазақ шежіресін» жазушы Мәшһүр Жүсіп Кепейұлы: «Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Олжагелді... тerteуіне Мейрам сопының Нұрфая бәйбішесі өз қолынан қатынальып беріп, енші беліп, солтертеуін Тертуылатаған», – дейді. Орта жұз рулары Сарыарқаға көш бетін бүрғанда, Сүйіндіктен тарайтын Жанболды, Құлболды, Жолболды (Орманшы) және Олжагелді (Каржас атанған) ұрпақтары Тертуыл одағын қайта құрап, түстіктен бірге қозғалып, сол бетінде Баянаулаға келіп тоқтаған.

Біздің шамалауымызша, ақыры баянды болған бүл іс қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакел сұлама» атанған шерлі босудан біраз жыл кейінректе жүзеге асқан. Мындаған қазақ ауылдары Қаратай баурайындағы шоқтанып отырған жайлы қоныстарынан безіл, батыс өлкедегі Жем, Жайық, Елек езендерінің жағасынан, Ор мен Ойылға қарай ауып, енді бір бөлөгі Бұхара мен Самарқанд шәрлерінің іргесіне дейін тентіреп кеткен қызын заманда үш жүздің ұлы билері халқына ұран тастап, 1726 жылы түстіктегі Ордабасы аталған тауда бас қосып, ортак жаумен тізе біркітіріп күресуге, бір тудың астында әрекет қылатын әскери жасақ шығаруға мәмілеге келгені белгілі. Осыдан соң-ақ ұзын ырғасы екі жарым ғасырға созылған (1520–1758) ойрат жұрттымен (тарихи қалыптасқан ұғым бойынша—қалмак) ұзақ та ауыр тайталастын ақырғы кезеңі туып, біріккен қазақ қосындары Шубар-Теніз көлінің маңында, Бұлантты өзенінің жағасында, Балқаштың онтүстігіндегі Алакөл іргесінде, Шаған езенінің тарқолтығындағы сәтті шайқастардан кейін құба қалмақты Алтай мен Тарбағатай тауларының түстік-шығыс бектеріне үрдіс кешуге мәжбүр еткен. Бас-аяғы оншақты жылдың ішінде Қазақстан аймағының негізгі жері жаудан азат болған.

Үш жүздің кеменгер билерінің өзара мәмілесіне сәйкес Орта жүзге қарасты ру-тайпалардың Сарыарқа жонына үрдіс қозғалуы, тегінде, осы шақта басталған. Көне шежірешілер көшудің негізгі толқыны 1730–1740 жылдар аралығында болған деседі. Академик М. Қ. Қозыбаевтың «Жауды шаптый ту байлап» атты кітабындағы (А., «Қазақстан», 1994, 63-б.) деректерге қарағанда, Абылайдың ер атағын шығарған Орта жұз жасағының 1733 жылғы Өлеңті өзенінің аңғарындағы жеңісі Баянауланың түстік етегіндегі Сабындықел жағасында тойланған.

Демек, Тертуыл одағына біріккен Сүйіндік ұрпақтары Баянаулаға осы тойдан сәл бұрын, бәлкім, сол қарсаңда келіп орнықкан (Елсіз жерде той етуі, он мың шамалы сарbazға ас-су беріп, аста-төк мереке жасау негайбіл іс).

Шежіре деректерінде Төртуыл одағының көшбастаушылары – Олжабай батыр Толыбайұлы (1709–1783), Едіге би Төлебайұлы (1716–1818) және қаржас Сәти мырза Мырзагұлұлы делінген. Теменде аталағын жазба деректе қаржас тобы Баянаулаға алдыңғы екеуінен он жыл кейін қоныстанған дейді...

Осы көшу жайында Ф. А. Щербина экспедициясы шығарған «Павлодар уезі» кітабының (Воронеж, IV том, 1903) 121-бетіндегі мәннадай айғақ жазылған: «Сам Айдабол жил в Средней Азии, близ Ташкента. Потомки его в количестве 1018 кибиток двинулись 160 лет тому назад (кітаптың қолжазбасы XIX ғасырда әзірленген – М. С.) на север под предводительством Ольджабая, внука Малкозы (Айдабол бидің бел баласы – М. С.). Здесь они столкнулись с калмыками (сірә, Алтайдан асып кеткен жонғардың қалдықтары – М. С.) и в продолжении трех лет вынуждены были вести с ними упорную борьбу, пока не вытеснили их с занятых ими земель... Вытеснив калмыков, Ольджабай распределил их земли между всеми семью родами, проишедшими от сыновей Айдабола. Сам Ольджабай с родом Малкозы занял первоначально уроцища: Аккелин, Семизбуғы, Чалкар, Карагайлы-булак (Ак-Чоку), Аркалық, Ак-Күдік, Кзыл-Агач, Таскуль, Курайлы. Но вследствие угроз китайцев он перенес свои зимовья в Баян-Аульские горы и занял озеро Жасыбай, где раньше жил калмыцкий батыр.., которого Ольджабай победил в единоборстве. Старые зимовья отныне стали служить главным образом кузеу и только отчасти – Аккелинские горы – қыстау...»

Шынында да, Төртуыл одағындағы қалың елге ата қонысын түпкілікті іемдену үшін қолынан наиза, мойнынан садақ түсірмей жүріп, ата жаудан күні-түні қорғауға тұра келген. Бұл жайында, яки туған жұртының қаһармандық күресін, соны бастауышы Қанжығалы қарт Бегенбай, айдабол Олжабай сыңды атақты батырлардың, қолбасшылардың ерен ерліктері мен қайратын паш еткен дастандар, елең-жырлар сол кезден-ақ халыққа мәшіүр болған. Соның қайсыбірі бертінгі уақытта да жазылған. Мысалы, Шәймардан Торайғыровтың (Сұлтан-махмұттың немере інісі) «Баян» дастаны...

Абылай көшірмек бол бар қалмақты,  
Жинап ап батырларын ынтымақты.  
Басқартып үш тулы қол Жасыбайға,  
Қан кешу қатты қырғын соғыс сапты.  
Қалмақты қазақ женген осы жолы,  
Қашыпты қырғын тауып қалмак қолы.  
«Қандыадыр» осы күні аталады,  
Бекінген қалмак қырғын тапқан орны.  
Женіліп Жасыбайдан қалмак ауған,  
Айрылып атақоңыс алтын таудан.  
Тау асып қызулаган ер Жасыбай,  
Тас бұзып, қыын асу қолдан салған.  
Жол тосқан қалмак ері Құба мерген,  
Батырды қол бастанған шыңдан көрген.  
Таянып ок жетерге келген кезде,  
Садақпен дәл мандайдан тартып берген...

Ел аузындағы лақап-ақыздарға қарағанда, қалмақтың жауынгер перзентінің есімімен аталған «Шойын келінің» қазақ қауымының қалауымен басқаша аталуы Баянаула атырабындағы күллі жер-судың тарихын жыр еткен ақын дастанында былайша деректелген:

Батырға қазак елі қайғыланған,  
Софысып қалмақтардан кегін алған.  
«Шойын көлі» – «Тікасу» тұсындағы  
Сонан соң «Жасыбай кел» деп атанған...

Немесе «Баян» дастанындағы мына жолдарды тас тарих дер едік:

Тұстік жақ Сабындықөл сұлу біткен,  
Талай ел жайлап-қыстал мекен еткен.  
Баянды қалмақтардан алғаннан соң,  
Абылай Көкжартасқа туын тіккен.  
«Абылай жартас» – алды тік, арты саты,  
Өшкен жоқ шынды қашап «жазған хаты».  
Орта жұз алғаш рөт басын қосқан,  
«Абылай жартас» атанған шыңың аты...

### 3

Сүйіндік жұртының ортасынан бұрын да, Баянауланы қоныс еткеннен кейін де халық жадында есімі, тарих көшінде қомақты іс-еңбегі сақталған батырлар мен жайсандар көптеп шыққан. Солардың бәрбәрін тәптіштей жазудың қажеті болмас, сейтсе де ғалым туған қорлы ортадан бірер тұлғаны даралай атая парыз...

Қасиетті Қаратаудың қалтарысы көп, өткелі қыын бір шатқалында Олжагелді ауылдары тұрыпты. Жонғардың жауынгер хонтайшысы Фалдан-Бошықтының тұстіктегі қазақ еліне 1681–1685 жылдар аралығындағы жойқын шабуылы кезінде болса керек, шежіре деректеріне қарағанда, тігерге тұяқ қалдырмай жолындағының бәрін тонап келе жатқан ата жауымен бір ру ел қатты қаржасыпты. Шатқалға кірер ауызды таспен бітеп тастап, мықты бекініске айналдырғандықтан, сол жер Қаржасқамал аталағып, елдің өзі Қаржас атанған деседі. Оның сол кездегі кешбасшысы да, батыры да Олжагелдінің Ерімнен туатын немересі – Алтынторының үрпағы Қалқаман Жолымбетұлы екен.

Алайда, азғана ауыл қалың жауға не істесін, ат ауыздығымен су ішкен ауыр заман туып, Қалқаман батыр қаржас руын бастап, ту алыштағы Бұхара шәрінің іргесіне жетеді. Бұдан арғы тарих Қарабұжыр Қанжығалы Үмбетей жырау Тілеуұлының (1694–1786) езінің ұлы ұстазы һәм замандасты Бұқар жырау Қалқаманұлын Баянауланың Дағба төңірегінде 1778 жылы берілген аста жоқтап айтқан ұзақ толғауында нақтылы баяндалған:

Туған жерің Жиделі-Байсын екен,  
Елібай деп атаган Бұхар маңы.  
Атынды Бұқар қойған сол себептен,  
Мәлім ғой ол қазақтың ескі заңы.

Соғыста қалмақ женіп босып келген,  
Белгісіз келген жанның қанша саны.  
Бастап келген Қалқаман – сениң әкен,  
Батырды қарсы алыпты Бұхар ханы...

Қаржас ауылдары бұл жерде бірталай жыл тұрып, әл-куат жинаған сияқты, мал-жаның да толықтырып қайтадан құраған, жаңа үрпақтармен қатары молайған. Қанжығалы Бөгенбай батырдың әулеті – Бапан бидің немересі Ералы Сақұлақұлының артында қалған қолжазбасында: «Бұқар жас кезінде мылқау бала екен, тілі он жасқа келгенде шығыпты деп айтысады... нағыз мылқау емес, көрініске ақау, қиял билеп, өз бетімен жүретін біralуан сынды адам сияқты көрінеді...» – делинсе («Қ. Ә» газеті, 9 сәуір, 1993, К. Мұхамедхановтың «Бұқар жырау» зерттеуінен), Үмбетей жыраудың жоқтауы: «Дәл он екі жасында, Бақыт қонды басына. Тілің шықты сейледің, Қолдан қолғатимедің. Тере, қара қасында, Бұлбұлқұстай сайрадың, Топты көрсөн жайнадың. Көріктей басқан күпілдеп, Кемекейің, бұлкілдеп. Сейлер сезден таймадың...» – деп (бұл да сонда), ескіден жеткен мәнді деректі қайталап әрі бекітеп түседі.

Сонау XVII ғасырдың аяқ шенінен там-тұмдап болса да осы заманға ұмытылмай жеткен бұл деректер, біздіңше, қаржас руы кешбасшысының отбасында дүниеге келген ерекше дарынды баланың жас күнінен тәрбиелі жақсы ортада өсіп, тіпті білім алудына да (босып жүрген ел үшін мұның да оңай іс еместігі түсінікті) тиісті жағдай жасалғандығына иландыrsa керек. Нәтижесінде Бұқар Қалқаманұлы сынды ақылдың кені, өлең-жырдың телегей теңізі, бір ру иә тайпа, жүздің емес, құллі қазақтың үдесі үшін сөз сейлеп, билік айтқан кеменгер өсіп шықты. Мәшекенің, «Қарамесінен» табылған қолжазбаларының бірінде: «Заманындағы сыншылар ол кісіні «Кемекей әулие» дейді екен. Кемекей бұлкілдеп сейлейді де отырады екен. Қара сез жок, аузынан шыққан сезінін бәрі жыраумен шығады екен» («Қ. Ә», 9 сәуір, 1993), – делинген. Жыраудың ұзақ ғұмырында қазақты билеген тоғыз ханға ақылгөй кеңесші болып қызмет атқарғаны тарихтан мәлім. Солардың алғашқысы – Әз Тәүке, ең соңғысы – Абылай хан. Қызмет еткенде, сезін мақұлдап, әмірін орындаушы емес, билеушіні өз дегеніне көндіріп, артық-ауыс әрекеттен тежеп, қажет болғанда тізеге салып иліктіріп отырғаны асыл жырларынан мәлім.

Қаржас қауымдастығынан, әлбетте, Бұқар жыраудан да өзге жайсандар туған. Солардан бізге белгілісі – Еріммен бір туған Құлышке Олжагелдіұлының немересі Арай мұрза Теліұлы. Жас шамасы женінен бұл кісі Қалқаман батырмен замандас. Зор тұлғалы, парасатты мінездүйлікка ие, қолы ашық кісі екен, мұрза атанғаны да содан болса керек. Оған мал да, бала да, бақ та мол біткен деседі. Қалайда алты үліна енши беріп, алты ауыл қондырған. Әйелді де әр елден таңдал алғансынды. Бұл жарықтық туралы М. Қөпейұлы 1885 жылы, оның бергі үрпағы полковник Мұса Шормановтың асында айтқан жоқтауында:

Арғы атасы сұралса – ізгі өткен мұрза Арай-ды,  
Қаржастың қасқа-жайсаңы Арайдан өрбіп тарайды... –

десе, өткен ғасырдың тағы бір ақының ақыны Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897) Сара қызбен айттысқанда:

Қаржаста бір құтym бар – Мұса, Шорман,  
Арылмай келе жатқан ескі қордан... –

деп, осы атаниң тектілігін ескертеңді. Яғни екі ақын да келер үрпақ үшін мәнді айғақты тілге тиек етеді.

Заманалар көшінің ірілерді іріктең, ұсақтарды ел жадынан үміттывырып отыратын қағидасына сүйеніп, әрі Аның мырзаның уақыты қауіп-қатері мол соқтықпалы, әмбे қазақ-қалмақ текетіресінің ерекше қызған және қыын кезеңі екенін ескерсек, шынында да бұл тұлғаның ез руына қамқор да алғыр әрі парасатты басшы болғандығына шæk келтіруге қақымыз жоқ...

Анайдан ербіген алты үл – Мырзагүл, Құл, Жәдігер, Нияз, Тоқсан және Құдайқұл, Мәшіһүр Жүсіп «Қазақ шежіресінде» (А., «Жалын», 1993) бұларды «...қалмақ қатынынан – Жәдігер, қазақ қызы қатынынан – Нияз, ал сарт қызы қатынынан – Құл...» – деп саралаған.

Мырзагүл Анайдынан алтау: Ақмұрза, Жанмырза, Сәти, Баймырза, Сатыбалды, Наурыз. Осылардың ішінде сүттің бетіне шығар қаймағы іспеттісі, бергі заманың ақын-жыршылары мен шежірешілері қасқа, жайсан атандырып, «қайнары азаймас тұнық бұлақтан су ішкен қорлы ата» десіп, барынша марапаттаған зоры да, ері де Сәти мырза. Оның өмір сүрген нақтылы уақыты туралы біздің қолымызда дерек жоқ, сейтсе де Төртуыл көшін Баянаулаға бастауыш үшеудің бірі атанғандықтан, Сәти ер (шежірелерде оған сондай да анықтауыш берілген) Олжабай, Едігелermen тұстас адам деген жорамал айтамыз. Қалай десек те, құрамында жұз шамалы ауылы, демек мындан аса жаны бар қаржас руын Бұхара іргесінен қауырт көтеріп, Сарыарқаға бет түзеуі оның кешбасшылық міндетін босбелбеулікке салмай, ақыл-қайратпен әрі тегеуіріні темірдей қатты күш-жігермен берік үстағандығын көрсетеді.

Шербина экспедициясы жариялаған «Павлодар уезі» кітабының кіріспесінде: «Сати... занял под кыстай место в Кзылтавских горах, которое с тех пор получило свое название от имени Сати – «Сати-тас». Отсюда Сати со всем родом Каржас... ходил летовать на север Акмолинского уезда...» – деген күәлік келтіріліпті.


Сәти мырзадан да алты ата өрбіген. Балаларының үлкені – Күшік есімді кісі, бұл қасқа Баянаулада жай түсіп мерт болған. Оның артында қалған жалғыз үрпағы Жұмабай ел басқаруға ат жалын тартып шыққан кезінде Шорман атаңған...


#### 4

Анай мырзадан тараған алты ауылдың бірі – Жәдігер.

Сәти ердің шебересі, мұсылманша да, орысша да сауатты Мұса Шормановтың XIX ғасырда қолымен жазылып жүртқа таралған (оның бір нұсқасын жасауға Имантай Сәтбаев та қатысқан), көпшілікке белгілі М. Көпейұлының «Қазақ шежіресіне» енген Қаржас руының ата таралымына жүгіне отырып тарқатсақ, оның біздің заманға дейінгі ата таралымының кестесі тәмендегідей жүйеленбек...

## **СҮЙІНДІК РУЫНЫҢ АТА ТАРАЛЫМЫНАН**





Ескерту: Таралымды негізінен М. Көпкеев шежіресі бойынша және ықшамдаң бердік, көп ноқат үрпақтың жалғасуын билдіреді.

Осы таралымда аталған Сәтбайдың, оның әкесі Шөтік пен ұлы атасы Баубектің Баянаула атырабына қоныс аударғаннан кейін жарық дүниеге келген адамдар екендігіне ешқандай шүбә жоқ. Ал заманы Сәти Мырзагұлымен шамалас Сатай Жәдігерұлының (Екеуінің езара немере ағайын екеніне кеңіл аударыңыз!) қаржас ауылдары Бұхара манында жан сауғалап жүрген кезде туып, бәлкім, сол жаққа жігіт атанған шағында барып, қалың ел Сарыарқаға бет түзеген кезде ауыл ағасы болып ұлы көшке ілескені сезсіз.

Бұлайша салыстырудан, тегінде, Жәдігер-Сатай үрпактарының өздері шыққан Қаржас руынан ешқайда ажырамай, яғни біз жоғарыда екшіей баяндаған тарихи оқиғаларды – осы қауымдастық басынан кешкен аумалы-текпелі заманалар тауқыметін қандастарымен бірге көріп ескендігі туралы тұжырым жасауға болады.

Тертуыл одағына енген қалың елді Баянаулаға бастап келген Олжабай батыр және Едіге бимен Қаныш Имантай ұлы Сәтбай немересі оныншы аталары Қаржас пен Суғыншыда туысса, Сәти мырзамен алтыншы бабасы – Жәдігерде қосылады. «Қаржастың қасқа-жайсаны Арайдан өрбіл тарайды» деп ақын-шежіреші мақтаған ізгі тұлға – Жәдігер мен Мырзагұлдың туған әкесі. Қазақтың тәуелсіздік жолындағы ұлы құресіне жалынды жаршы болған Бұқар жырау Қалқаманұлымен болашақ ғұлама тоғызыншы атасында туысады...

## «ЕСІМІ БОЛСЫН ИМАНЖАН...»

### 1

Тертуыл жұрттының Баянауланы қоныстанғанына жұз жылдай уақыт болды. Соның бастапқы кезеңінде, одан соң ғасырдың екінші жартысына ауған шақтағы қысқа мерзімде, бәрі де қазақ жасағының жеңісімен аяқталған шайқастарды айтпасақ, бұл жылдардың, негізінен, Сарыарқаға қайыра қоныс тепкен Орта жүздің қалмақ шапқыншылығынан әбден титіқтаған алты арыс қалың елі үшін тәңірі сый еткендей, нағыз «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дерлік бейғам да мамыражай заман болғаны сезсіз.

Ертіс бойын бекіністермен бекітіп, күншығыс пен теріскең шекарасын от шашар қарумен шегендеп тастағаны болмаса, иен даланың шұрайлы қолтықтарына орыс жұрттының әзірше кез салмаған шағы. Дала тесінен Бұхара мен Ташкенттің өрік-мейізін, Шәуешек пен Қашқардың жібек-пұлын, Ресейдің темір-терсегін, жақұт-бұлғының артқан түйелі керуендермен келген саудагерлерден өзге жателдік ұшыраспайтын. Шынында да, о күндеңі қазақ арасында дінғуар Бұхара, Түркістан немесе ту қыырдағы Қазан шәрінен Арқа қазағының тілін сыйндырып көлимелеге келтіруді, мандайын сәждеге тигізуіді өздеріне мұсылманшылық парыз деп біліп, сахара жұрттың кезіп жүрген қожамолда, иә татар кезбелерінен бөтен кірме жан иесі атымен жок-ты.

Бұл жылдарда оларды Әбілмәмбет (1734–1771), Абылай (1771–1781), Үәлі (1781–1819) хандар бірінен соң бірі және Қарқаралы атыра-

бын бөліп алып Бекей (1815–1819) хан биледі. Әбілмәмбеттөн өзгесі орыс патшасына бодан болдық деп айт бергенімен, қол астындағы халық пен мaldың, жер мен қазынаның билігі өздерінде қалған.

Таңғажайып бейғам заманың ігі әсерін Баянаула атырабын, оған салт атпен екі қонып жететін шүйгін жерлерді мекендеген исі Төртуыл жұрты, яки осы одакқа енетін Айдабол, Қаржас, Құлік, Тұлпар, Орманышы, Қақсал, Қозған және солардың арасына сіңғен ұсақ рулар көріп, мал-жанының ерекше молайып өскенинен айқын аңғаруға болады. Осы елге арнайы есеп-қисап жүргізген, тегі казак-орыс, жұзбасы Михаил Махонин 1830 жылдың қараша айының 30-жүлдізында Омбындағы орыс әкімшілігіне жолдаған анықтамасында Төртуыл одағының иелігінде 249016 бас жылқы, 68171 бас мүйізді ірі қара, 792237 қой-ешкі және 22650 түйе бар екендігін жазыпты; осынша мол маға 10156 шаңырақ (кибиток) иелік етіпти; демек әр түтінде орта есеппен 24 бас жылқы, 6 сиыр, 78 қой-ешкі және екіден түйе болған (Санақ кезінде қай қазак бар малын байлап-матап түгендеткен, қанша мaldың бел астында жасырылып қалғанын құдай білсін?!)...

Төртуылдың сол қарсандағы дак билеушісі Шоң би Едігеұлы (1754–1836) Баянауыл дуаны ашылар қарсанда орыс әкімдеріне жазған хатында бір езіне 4300 ауыл қарайтындығын атап көрсеткені және белгілі. Орыс шенеунігі мен ел билеушісі атаған деректердің нобайы жақын, айырмашылық тегінде әр шаңырақта, иә ауылда қанша жан болғандығында. Қалай десек те Баянаула алқабында сол жылдарда елу-алпыс мың халық тұрғандығы анық.

Солардың бірегей басшысы, Едігедей асылдан туған Шоң би осы елге алпыс жылдай уақыт әмір жүргізген. Сірә, тұла бойындағы қажыр-қайратына жігері сай, ақылы да терең ірі қайраткер болған сынды.

1857 жылы жазған «Баянауыл дуаны жайында» атты еңбегінде Шоң Ұәлиханов: «Қазақтың басқа руларына қарағанда Баянауыл округына қарасты елге төрелер өз ықпалын жүргізе алмады. Өйткені бұларды әте күшті рубасылары басқарды. Халыққа сезі әтімді беделді билердің бірі, айдабол руында – Шоң...», – деп даралай сипаттаған.

Шоң би туралы тағы бір мәнді сезді қу тағдыр жазуымен Сібір өніріне жер ауып келіп, Ресейдің билеуші әкімшілігіне құнкөріс үшін қызмет еткен поляк әдебиетшісі, тәңкөрісшіл Адольф Янушкевич қалдырған. Ол 1846 жылдың 13 тамыз күні дәптеріне түсірген қунделігінде: «Этот Чон был большим человеком, но не султаном. Он жил в последние времена перед приходом русских в эти места. Разумом, справедливостью и энергией души он приобрел у своих такой авторитет, что имел большую власть, чем если бы был ханом. Сам карал преступников, часто даже смертью, подчас жестокой, именно раздириением на части дикиими конями...» – деп, қыр адамдарынан естігенін таңдана жазыпты («Дневники и письма из путешествия по казахским степям» А., «Қазақстан», 1966, 179-б.).

Шоң Едігеұлының ықпалында болған қауымдастықтың бірі және қарымдысы – Қаржас руы. Бұл рудың билігі Сәти ерден соң XIX ғасырдың бас кезінде, ежелден қалыптасқан дәстүрі бойынша, оның немесе Күшікұлы Шорманға ауынсан. Негашы жұрты туралы Ш. Ұәли-

ханов (ғалымның анасы – Зейнеп Шорманқызы) жоғарыда біз сілтеме жасаған жаэбаларында: «Шорманда шешендік қасиет болған, 14 жасында рубасы әрі би сайланып, Үәлі ханың алдында өзі шыққан рұдың даулы ісін шеберлікпен қорғаған...» – деп ескертсе (Шығармалар жинағының 1-кітабы. А., 1961, 25-б.), «Сот реформасы туралы ойлар» атты және бір еңбегінде: «Қазақтарда би атағы мұрагерлік жолмен көшіп отырған. Алайда қаржастың бай да атақты тұқымынан шыққан Шорманның арғы тегінде би болған адам жоқ...» – деп мәнді ескерту жасайды (1-кітаптың 505-беті).

Демек, рубасылық құзырына Шорман (Жұмабай) 1801–1802 жылдарда ие болған. Өйткені, біздің заман зерттеушілері оның 1788 жылы туып, 1837 жылы өз қатарынан бағы асып дәуірлеп тұрған кезінде, 49 жасында дүниеден қайтқанын анықтаған. Яғни Шорман би қаржас рұның билігін отыз бес жыл ұдайы уысында берік ұстаған. Ел жадында сақталған аңыз-лақаптарға қарағанда, ол шынында да ақылы сұңғыла, сезге ұста, әмбे бірлік бұзар тентекке тыйым сала білетін ызбары да бар білікті кісі болған. Ескі заман билері мен шешендерінің нақыл сездерін жинаушылар (Б. Адамбаев, А. Тоқтыбаев және т.б.) осы кісіден қалған: «Су анысы – бұлак, сөз анысы – құлак, жан кеудеге – қонақ. Сол ғана жанымды асырап жүрген жалғыз досым – тамақ!...» – деген мағыналы сезді қаржас билеушісі айтқан десед...

Әлбетте бұл рудан Шорманнан да езге ділмәр тілді, орак ауызды білгірлер шыққан. Мысалы, ру шежіресінде даралап аталағын санлақтардан қаржастың Сатылған бұтағынан, оның ішінде Өтеу деген атасынан Үкібай Найзабекұлы, Құдайберген Қуандықұлы сияқты алғыра да адуын, сөзді қиыннан қиыстыратын билерді айтуға болады. Алайда, олардың ат жалын тартып мінген уақыты – өткен ғасырдың орта кезі, яғни ру түгілі, ауыл-аймағыңа көшбасшылық етер емін-еркін мезгілдің тақа бітіп, дала жұртының көш-қон, жүріс-тұрысына, барша тіршілігіне тәжеу түсіп, билік-құзырыдың мұлдем өзгерген шағы. Сондықтан да бұлар бұрынғы билердей өктемдік құрып, иә үзілді-кесілді билік айтып даралана алмаған. Әмір-төреліктері де ауыл арасындағы ұсақ дау-шардан аспаған...

Әсілі, билер құзырының әлсіреуінің (кейіннен біржола жойылуының) түп себебі, сол қарсанда емірге келген «Сібір қазақтарын басқару Уставы» деп аталаған әкімшілік жаңа тәртіптің 1822 жылдан байлай жузе-ге асуынан іздеген жән болмақ. Ол бойынша Орта жүзде хандық билік жойылып, бұл еңірдегі қалың ел жаңадан ашылған Омбы облысына қарайды, соған орай дала тұрғындарын билеу ісі де...

Соның артынша-ақ Айдабол бидің билеуші әuletі жұз жылдан бері атақоның етіп келе жатқан нұлы, сулы, таулы, көлді Баянаулаға казак-орыстар келіп, ағаш кесіп, үй-жай сала бастайды. Мұның ақыры Сарыарқа қиырында таяу жылдарда ірге теппек сегіз дуаның бірі сана-тында жобаланған Баянауыл округының 1833 жылы ашылуымен біткенді.

Рас, Тәртүүл елінің билігі әзірше Едігеұлы, сексеннен асқан Шон биде қалып, дуанды басқаратын аға сұлтан бол сайланған. Әрине, мұның уақытша амалекеңдігін, түптің түбінде ел мен жер тағдрыы отарлаушы үкімет адамдарының қолында болатындығын Шон би де, оның

мұрагер орынбасары (кандидаты) Шорман Күшікұлы да, солармен тізе қосып, сүйіндіктің сан тарам ру-аталарын басқарып жүрген ізбасар билер де жақсы білген. Сірә, соған орай жасаған қам-қарекеті болар ау, солардың қайсыбірі неше атасынан бері мирас етіп келе жатқан ел билігінің басы-қасында жүру үшін жасөспірім үрпақтарын орыс шенеуніктеріне қосып, қалаға да жіберіп, билеуші жүрттың тілі мен ділін білуге талап қылған.

Осы істе де «Заманың тұлкі болса тазы боп шал!» деген нақылға сай әрекет жасап, Баянаула жүрттының би-шонжарларына сұңғыла ақылымен жол-жоба керсеткен Шорман қасқа болыпты: 1819 жылы туған («Абай» энциклопедиясында 1816 жылы деп көрсетілген) үлкен ұлы Мұсаға ол алды-артын аңғарған шағында, Ертістің арғы жағасындағы Тұзқаладан (Жәміш, яки Ямышев бекінісін жергілікті қазақтар осылай атаған) Александр Лукин деген казак-орысты ауылында екі жылустап, орысша жазу-сзызуға үйреткізеді; жаратылысынан зиңінди һәм алғыр бала жат жүрттың тілін тез-ақ менгеріп, одан кейін жүйелі мектеп көрмесе де өз бетімен оқып-біліп, ғұмыр жолында араласқан ұлықтар мен орыс зиялыштарын тамсантқандай білімдарлыққа жеткені тарихи шындық...

Би әкесінің болжамы ақырында он болды: Баянаулада дуан ашылып, Тәртуыл ауылдары болыстарға бөлінгенде, орысша тақылдап тұған Мұса Шорманұлы небәрі он алты жасқа жаңа шыққанына қарамастан Үмбетәлі, соңынан Қаржас болысына управитель болып сайланған. Қысқасы, даңқты әкесі жүрек талмасынан 1837 жылы кенеттен опат болғанда, артында қалған қарасы едәуір ауыл-аймаққа, исі қаржасқа қана емес, құллі Баянаула атырабына жән-жоба сілтеп, орыс шенеуніктерінің тілінде, қыбын да таба білетін ақыл-айласы жеткілікті де адудын мұрагер сақадай сай отырған-ды.

Алайда, шашбауын көтеруші қошаметшілердің жебеуімен Мұса мұрза атанған жас атқамінерге ел билеуге шыққан алғашқы жылдарында-ақ күтпеген оқиғаларға кезігіп, солардың бұралаң-бұқтырмасы көп жыңғылынан жол тауып шығуға тұра келген...

Сағым ойнаған сайын далада емін-еркін көшіп жүріп күнелткен қазақ халқы орыс патшасы енгізген жаңа тәртіпке бірден жә деп бас ие қойған жоқ-ты. Әсіресе ең шұрайлы жерлерін, су ішіп отырған бастау-бұлактарының, езен-келдерінің жағасына сақалды мұжықтар шегірткеше қаптап келіп, сұраусыз басып алғып, өздеріне мекен-жай сала бастаған 30-жылдардан беріде. Сірә, жүректері күпті халық қурескे бастар ер күткен сыңды. Шынында да 1837 жылдың көктемінде Абылай ханның бел баласы Қасым сұлтанның әжет ұлы Кенесары Ақмола дуанының жерінде азаттық туын көтергенде, Орта жүздің оны қостаған бірқанша ру-тайпаларының қатарында тәртуыл жүрті да болғандығы мәлім. Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың дүйім жүртқа шерлі тағдырымен мәшінүр болған «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты ғылыми еңбегінде Баянаула атырабынан ұлт-азаттық қозғалысқа ауыл-аймағымен, малжанымен қосылған болыстар нақтылы деректермен түстеліп, көтерілішілер басынан кешкен азапты жылдар тауқыметін олардың да бірге тартқаны егжей-тегжей баяндалған.

«Иелігіндегі дәuletі мен қоластындағы қазақ руладына ықпалынан біржола айырылmas үшін Баянауыл дуанының патша әкімшілігімен бұрыннан сыйбайлас кейбір билері мен сұltандары да көтерлісшілер жағына шығады. Мысалы, ірі шонжар Мұса Шорманов 150 тұтінмен, Бабатай 125 шаңырақпен және сұltан Елемес Жайнапов. Алайда курес барысында олар қозғалыс жолынан айып кетті...» – деп жазады тарихшы кітабының 229-бетінде (А., «Қазақ университеті», 1992).

Дала генерал-губернаторының губерниялық хатшысы Д. Путинцевті Ақмола облыстық ведомствосында 1885 жылы (№ 8) жа-риялаған полковник М. Шорманов туралы қазанамасында: «...Кенесарыға қосылған қазақтар Мұса Шормановты барлық туыстарымен және тілмәш Петр Бутаковты да күштеп ертіп алған. Қандастарының зорлығына қатты назаланған Мұса Шорманов Бутаковты қалайда күткаруды ойлап, екі ат дайындалған, езінің сенімді адамдары арқылы оны қашырып жібереді. Бутаков кейіннен ажал аузынан аман алғып қалғаны үшін әуелі құдайға, соңсaн Мұса мұрзага ризашылығын шын жүректен әрдайым білдірумен ғұмыр кешті», – деген сипаттама жазылған. Осы қазанамада және М. Шормановтың қызметтерін адақтаған анықтамада мынадай айғақтар бар: «31.12.1839 ж. Шекара бастығынан мақтау қағаз және күмістен соғылған ас-су ыдыстарын сыйлыққа алған; 31.12.1840 ж. Ресей үкіметіне адалдығын танытқаны үшін (?) Батыс Сібір генерал-губернаторы оның иығына барқыт шапан жабады; 11.12.1841 ж. Халық қалауымен Баянауыл округтік приказының заседателі (қазысы) болып сайланады...»

Осыншама маралаттың бәрі бір адамға не үшін жасалған? Қандай айрықша қызметі үшін? Және хан Кене бастаған бүкілхалықтық қарсылықтың дүмпуі бәсендемей, Сарыарқа ғана емес, ұлан-ғайыр дала-ның түкпір-түкпіріне жайыла бастаған ең қызы шағында? Демек, отарлаушы үкіметке ерекше еңбегі сіңгендіктен... Өсілі, бұл жайында империя шенеуніктерінің бертінгі үрпағы әзірлеген «Павлодар уезі» кітабының 122-бетінде: «Мұса Чорманов, добившийся... звание старшего султана благодаря своей энергии и выдачи двух киргизских героев, братьев Тайжана и Сейтена, принимавших очень видное участие в движении Кенесары... Тайжан был расстрелян в Акмолинске, завещав перед смертью своему потомству убить каждому по одному султану и по одному из рода Чормана...» – деген лағнет сезі келтірілген. Інісі Сейтен мықты күзетпен Омбыға жеткізіліп, полковник Ладыженскийдің: «Сейтеннің ықпалы дала тұрғындарына ерекше әсерлі... оның қылмысы атылған ағасынан әлдеқайда басым...» – деген талабымен (Е. Бекмаханов кітабының 228-б.) сотталып, Сібірдің қыыр терістігінө айдалған. Есіл ер сол жақтан қайта алмай жер жастаңыпты. Тайжанның отбасы да туған жерінен қашыққа, Турин қаласына жер аударылған.

Тарихты бұрын да, бұғын де зерделеушілер қазақтың би-шонжарларының отарлаушы үкіметке адалдығын дәлелдеп һәм шен-шекпен алу үшін ұлт мүддесін менсап жолына байлап бергендей туралы ішінара жазып жүр. Шындығын айтқанда, көшбастаушы, іә бетке үстар тобының бәрі бірдей сатқын болмаған. Мұның айқын мысалын жоғарыда баяндалған екі әулеттің іс-әрекетінен көреміз...

Анайдың Мырзагүл бұтағынан алты ата өрбігенін ілгергі тарауда ескерткенбіз. Алтаудың үлкені – Ақмырза, одан Азнабай. Ортаншысы – Сәти, одан Күшік. Демек, Азнабайдың Тайжаны мен Сейтеннің Ресейдің жазалаушы жасағына ұстап бөруші – бөгде жамағайыны емес, өз туысы, немерелес інісі Сәти үрпағы Мұса Шорманов... Тайжан Азнабаев көтеріліске қатысқанға дейін Баянауылдуанының қазысы болғандығы және мәлім, яғни ол үлт мүддесі жолына пайдасы мол мәнсабын тәрік еткен. Шынтуайтын айтқанда, мәнсабын ғана емес, атадан ауысқан барша байлығын да: Тертуыл жұртына мәлім «Бай болсаң Азнабай, Бапақтай бол!» деген нақыл сезге қарағанда, туған елінің азаттық күресінде шейіт болған екіншінде Азнабайға 18 мың жылдың бітіпті. Осы малдың дені Тертуыл жұртынан атқа мінген көвшіліктің тақымына, одан қалғаны мұрагер иелері тұтқындалғанда қазынаға алынып, одан да гері елдегі барымташылардың талауына түсіпті. Ескертеп бір гәп: мерт болған Тайжанның қазылық орнына, билеуші үкіметке адалдығын көрсеткен Мұса Шорманов тағайындалған...

Әлбетте, оншақты болыс елдің басын біріктірген дуанның үштен бірге жуық халқы көтеріліске қатысқан соң мал-жаны қатты қүйзеліп, адам айтқысыз бейнет тартқаны сезсіз. Ш. Ш. Уәлиханов «Баянауыл дуаны жайында» атты зерттеу еңбегінде осы ел басынан кешкен ауыр жағдайды: «Баянауыл қазақтары бүліншіліктен шеткери қалған жоқ... 1842 жылы Бетпақтың шел даласында екі жылдай дамылсыз босудан соң дүние-мұлкі мен малынан жүрдай болып, ақырында Кенесарының қарсылығын елемей, кінәларын мойындал, ежелгі жұртына қайтып оралуға мәжбүр болды...» – деп ащы шындықтың бетін бүкпесіз ашады.

## 2

Өткен тарихтың жылдар сүрөнін белгі-бедер іздеген қаламгер талабы тегінде қар жаумаған қоңыр күзде тастакты беткейден тұлқі қараған аңшы Іспеттес. Издеген жоғына қай жерден және қашан жолы-ғарынды білмейсің, көкейінді тескен үміт жетелеп, бір белеңнен екіншісіне жортып, кез жетер қырырды шолумен боласың...

Әріде Қаржас, беріде Анай мырзадан тарайтын алты тарам аталардың таралымын қолда ұстап отырсақ та, XVIII ғасыр мен одан бергі бірқанша заман жүлгесінде Жәдігер Анайұлынан өрбитін қарамы едәуір үрпақ, яки Жәдігер ауылдары атанған әulet қақында ешбір хаттаулы дерек жоқ. Сіре, болмақ та емес. Өйткені, олуақыт – қазақ қауымының жазу-сызуға үқыпты болмаған кезі. Әмбे бүл ата ездерімен ағайындағы Сәти, Шорман, Мұсамен салыстырғанда, рубасы іә билер санатында болмаған. Құнкөріс шаруаларын қамдап, рухани тірліктің өздері қажет деп білген түрлерін ғана күйттеумен күн кешкен сыйнды. Ауызекі айтылатын аңыз-лақаптар арқылы бізге жеткен бір уәж: «Анайдың Мырзагүл үрпағы әлсізді зар қақсатқан қаталдығымен, ал Жәдігер әuletі нашарға болысқан қамқорлығымен дақпырты шықкан...» – деген қисынды сөз. Бұл тұжырымды қуаттайтын біршама айғақ жоғарыда айтылды, ал Жәдігер әuletі туралы сөзді енді ғана бастап отырмыз...

Атадан балаға ауысқан ауызекі деректерге ден қойсак, Жәдігердің кейбір үрпағына ертеректе көп-көрім дәulet бітіпті. Мысалы, оның бел баласы, Сәти Мырзағұлұлымен заманы бір үрпағы Сатайда бір мыңның үстінде жылқы болыпты (о күннің қазағы өзгетүлкті санап-түстемеген). Бірақ тәрт баласына енші беріп жеке ауыл қондырған соң, әрі «Қумешін» атанған жұттан кейін сол байлық біршама ортайып қалған деседі. Десек те Сатайдың немересі Шетік XIX ғасырдың бас шенінде, сірә, шаруа жайын білген жан болған тәрізді, қыстамаға бір қос жылқы шығарарлық малға иелік еткен. Алғашқы перзентті ол 1823 жылы көріпті. Әкесі Баубек тұнғыш немересін өзіне меншікте, жас нәрестенің ісіне сәт һәм байлық бітсін деген жорамалмен Сәтбай деп ат қойыпты. Белек ауыл шыққан және үш үлдің әкесі атанаип, бір қауым бала шағаның атасы бола тұра Баубектің ықылас-пейлі өз бауырындағы сүйікті немересіне көбірек ауған сынды: «Сәтбай ата, қалыптастанған дәстүр бойынша, өз әке-шешесінен ғері ата-әжесіне бауыр басып, солардың тәрбиесінде ержетіпті...» – дейді Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева «Сәулелі әulet» атты өзінің ата-тегі туралы деректі кітабында (А., «Қазақстан», 1996, 5-б.).

Түстік жақтан ұлы көшуде келген бетінде Жәдігер ауылдары Баянуланың Әулиелі Қызылтау атанған бектерін қоныстанған. Ал жазда ту теріскейдегі Шілдерті, Өлеңті езендерінің бойына жайлауға шықкан. Шамалауымызша, қаржастың молайып ескен бірталай ауылдары осы өңірде туып-өсіп, XIX ғасырдың орта шенінде ғана мал жайылымы жетпегендіктен іргелес аймақтарға қоныс аударған. Бұрын да ескерткеніміздей Сатай Жәдігерұлының тәрт ата бергі үрпағы осы елкеде дүниеге келген.

Тертінші үрпақ – Баубек Сатайұлының бауырында ескен немересі Сәтбайдан туған. Дәстүр бойынша қара шаңыраққа келін боп түскен Қунсұлу үрпақ жалғасуын біраз жыл сарғая күткен ата-енесін қуантып (Баубекұлы Шетікten Сәтбай жалғыз туып, оның артынан іні ермеген), 1845 жылдың жазында атұстар ұл туады...

О күндегі қазақ қауымының ұлға мұрагер, қызбалаға өріс ұзартар... деп қарайтыны белгілі. Сірә, содан да шығар, Сатайдың қара шаңырағында ізбасар ұл баланың дүниеге келуі Шетік қана емес (әкесі Баубек бұл кезде опат болған сынды), құллі Жедігер әuletін зор қуанышқа бөлеген. Ток етерін айтқанда, нәрестенің шілдеханасы ұлан-асыр той боп өткен. Оған Баянаула атырабы ғана емес, ат арытып жетер алыс жерлерден де атақ-данқы көпке мәлім әнші, қүйшілер, ақын-жыршылар келген сынды. Солардың бірі – сан қырлы өнерімен Сегізсері атанған, әйгілі әнші һәм ақын, Исадай Тайманов бастаған Кіші жұз қазақтарының 1838 жылғы кетерлісіне белсene қатысқаны себепті қуғын көріп, Сарыарқа қырына бас сауғалап қашқын болжүрген көзсіз ер Мұхамедханафия Баһрамұлы Шақшақов (1818–1854). Замандасы Сәтбай Шетікұлы жария қылған шілдехана тойда Сегізсері маржан жырдан шашу шашып, әмбе оны ерекше өуезді әнмен кестелеп төгіп, қызыққа жиналған көпшілікті тәнті етеді.

Дарежесі бейне хан,  
Ер болып өссін балақан.  
Ат қой десе балаға,

Есімі болсын – Иманжан.  
Жігіт болсын өнерлі,  
Ел-жұртына беделді.  
Қамкоры болсын халқының,  
Ақылға дархан кемелді.  
Сөзімнің жок дүр қатасы,  
Ғұмырылы бол ботасы.  
Қабыл болар, әлеумет,  
Ердің біздей батасы!.. –

деп басталған, келемі 146 жол, әр шумағында халқына қалаулы ерлердің, қол бастаған батырлардың, ақылгей даналар мен ділмәр шешендердің, әділ би, ақжарма ақын, иә қолы ашық игі жақсылардың тоқсанға жуық есімі аталып, бәр-бәрінің дара қасиеттері сараланған толғау жырдың біз үшін мәнді ерекшелігі – дүлдүл жыршының, демек XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген қазақ қауымының рухани деңгейінің жоғарылығын көрсетумен бірге өткен тарихына сынни кезбен қарап, ез ортасынан шыққан нарқасқаларын ардақтай білгендігін асқан көркем шеберлікпен анғартуында. Ең ғажабы, жыршы оларды ру, жүзге бөлмей, атаса да ата-тегін, ныспы-тұрағын таныту үшін ғана түспалдап, жалпы қазаққа ортақ ерлер екендігін көрсете жырлайды. Сірө, соңдықтан да Сегізсерінің бұдан шамасы жұз елу жыл бұрын сайын дала төрінде, Шідерті өзенінің кең жайлау жағасында қағазға түспей, табанда суырып салып айтқан асыл жыры есті жүрттың жадында сакталып, біздің заманға жеткен (оны ел аузынан жазып алғып, «Орталық Қазақстан» газетінде тұнғыш жариялаушы – Қаратай Биғожин, Шоң бидің үрпағы).

Сегізсері сынды өнер санлағының дуалы жыр-батасымен Иманжан атанған нәресте есейе келе Имантай атандыпты. Тәкпе ақынның ұтымды сөзін құптал қол жайған батагәй кептің үдесінен шығып, ұзақ та бақытты ғұмыр кешкені өмір шындығы. «Сәтбай әкесіндегі сабырлы болғаны да...» (жыршының тілеуі) құдайға хақ. Ал жүрт тілеген езге талаптан да сүрінбей шыққанын алдағы тарауларда сөз етпекбіз...

## ЖАҢА ҚОНЫСТА

1

Баянаулаға дуан орнап, оның нұлы, сұлы кіндік ортасында станица тұрғызылып, соған орай казак-орыстардың қаптап келуі, өзгеде өзендей, көлді, шабындығы мол құйқалы жерлердің қазынаға алынып, келімсектердің жаңа тобына үлестірілуі – негізінен малесірумен қунелтіп отырған жергілікті қазақтардың өзара ығысып, бір-бірінің қыстауы мен жайылымдарына кез алартып, әлдірігі әлсіздердің атақоныстарын түрлі амалдармен тартып алуына жол ашқан. Соның нәтижесінде қайсы бірі жері сортаң шелейт далаларға кешуге мәжбүр болған.

Шорман би ел тізгінің қолына ұстаған кезде бастапқы қоныс өткен Қызылтауды тастап, Баянтауға ұрымтал тұрған Қызылағаш, соңынан

Мырзашоқы деген дүз аны жыртылып айырылатын, шебі шүйгін таулы аймақтан қыстau салғызған. Бірақ түпкілікті қоныс ете алмапты, о да казачествоға берілетін қазына жері деп жарияланыпты. Демек орыс үкіметіне жан-тәнімен қызмет етіп жүрген Мұса мырзаның қиянат-зорлыққа қарсы шығуға шама-шарқы жетпей, өз жұрагатына түпкілікті қонысты келімсектер қызықпайтын, станицадан қашығырақ енірден іздеуге тұра келген.

ҚР Мемлекеттік архивінің 345-қор, 329-ісінде 18 қаржас азаматтың Қатын Сібір генерал-губернаторына жолдаған мынадай етініші сақталыпты: «Біз төменде қол қойып... таңбаларымызды бердік. Ұшбу хатны қазыға Баянаулаға, Диуан махкәмәсінің жері Ақкелінге ағаш үйлер салып, кейінрек егін екпекші болдық, соның бәрін біз бес жылға келтірмекшіміз, есептеп бізге ұшбу бүйріқ болғаннан бастап. 1851 жылдың октябрьдің 17 күні. Управитель Мұстафа Шорманұғлы, Иса Шорманұғлы... Әбуғали Шорманұғлы... Сәтбай Шөтікұғлы қолым қойдым...»

«Егін екпекші болдық...» деп дараланған уәждің астарында жайылым, шабындығы мол Ақкелін қорығын иемдену қитұрқысы тұргандығын ескерту лазыым: өйткені, үкімет егін салмақ қожалық иелеріне бірінші кезекте жер берген, алым-салықтан босатқан, құрал-жабдық сатып алуға тиісті қаражат та белгізген.

Сірә, бұл желеуді өтініш жолдаушыларға орыстың заңын жақсы билетін Мұса Шорманов жаздырған. Оған дәлелді біз «Павлодар уезі» кітабының 122-бетінен оқимыз: «54 года тому назад (Ф. А. Щербина экспедициясының IV томының материалдары 1897 ж. әзірленгені анық, демек, оқиға 1853 ж. болған – М. С.) потомки Малкозы были вытеснены и из Аккелинских гор, которых захватил Муса Чорманов, добившийся к этому времени звания старшего сultана (?) благодаря своей энергии... Богатый, влиятельный хищник нередко захватывает пастбища, принадлежащие другому роду. Муса Чорманов, например, в бытность свою сultаном, поселил на кочевьях рода Тайкельтыр свыше ста кибиток своих родичей из рода Каржас...» – деп өткен заманың тағы бір қиянат ісінен сыр шертілген...

Сонымен, 1851–1853 жылдардың аралығында Шорман мен Шөтік әuletтері Баянауладан күншілік жердегі Ашы езенінің бойына түпкілікті орнығады. Шорман бидің арыстай төрт ұлы суы кектемде айран-асыр жайылып, шабындығы бойлап өсетін қорықтың ортасындағы Аралтебе қолатына (олардың бергі үрпақтары кейіннен тағы бірнеше жерге қыстаулар салған), ал Сәтбай ауылы одан сәл берірек, Ашыға қосылатын жіңішке Айырық езенінің жағасындағы Обалы биігінің етегіне қоныстанады. Сәтбайдың жасы бұл мезетте отызда, Имантайдан кейін Жәмін, Зейін атты тағы екі баланың әкесі атанған шағы.

Әсілі, Сәтбай Шөтікұлы жайында біздің заманға жеткен құжат, дөректер көп емес. Солардың біреуі шебересі жазған «Сәулелі әulet» кітабында аталған. Академик В. В. Радлов «Түрік тайпаларының халық әдебиет үлгілері» атты 10 томдығының 3-кітабында арғынның белгілі ақыны, асқан кісілік қылышымен «Жақсы Тәті» атанған сабаздың ел-жүртімен қоштасқан ақырғы жырын беріпті. Соңда мынадай жолдар бар екен: «Тетелес туған Сәтібай, Ойнаушы едің аға деп, Ме-

нен жақын бар ма деп?..» Осындағы мәнді сөздермен ақын тірлігінде сыйласқан, қадір тұтқан ел жақсыларын даралап атап, кешу сұраған. Болыс іә рубасшысы болмаса да, Сәтбайдың аталуы, сірә, оның қадірі солардан кем болмай, өнерлі, білікті жайсаң жандарға жақын жүргендігінен демекпіз.

Обалыдағы қоныс Сәтбайдың отбасына қайырлы болған: 1855 жылы тәртінші мәрте әке атанаып, нәрестенің есімін Әмін қояды. Шәмшиқамар атты кенже қызы үш жылдан кейін туыпты. Сәтекенің шөбересі Фалымтай Фазизұлының (1912 жылы туған) бізге жазып берген ғұмырнама естелігінде үлкен атасының бұл балаларды екі әйелден көргендігін ескертеді. Бәлкім, бұлардан өзге де балалар туған сияқты, бірақ біз үй болып, кексе жасқа жеткендерін ғана атап отырымыз.

Сәтбай туралы екі деректі Қ. Исабай мен Байжан-Ата «Қажыға бараган қазактар» кітабында (А., «Ана тілі», 1966) атапты: біріншісі, баянаулдық тәуеу етушілердің қажылық сапарға бара жатып, 1901 жылғы 31 желтоқсан күні Ресей империясының шекарасын кесу тәртібін бұзбай, кеден күзетінің санитарлық-дәрігерлік талаптарын тыңғышықты сақтайтындықтары жөнінде берген қолхаты; екінші құжатта Ақкелін болысынан Меккеге аттанған сегіз адамның аты-жөні, жасы көрсетіліп, сонында қайсыларының аман-сau қайтып, кімдердің оралмағандығы туралы анықтама жазылыпты... Кейінгі құжаттан біз Иса Шормановтың 75, Сәтбай Шөтікұлы Сатаевтың 80 (сірә, бір жасы кем көрсетілген), Алтыбасар Жылқыбаевтың 74 жасында мұсылмандылық парызын өтеуге аттанып, алыс сапардан қайта алмағандығын білеміз. Шариат заңы бойынша, бұл – шаһит қаза, яки ақ өлім! Қасиетті қағба тас іргесінде опат болған мұсылман баласы қажы атанауымен бірге оның елмес рухына Алланың ерекше нұры құйылады-мыс... Сірә, сондықтан болар, исі қаржас, барша Тертуыл жұрты оның тұрақ-мекенін «Сәтбай қажының ауылы» деп даралап атап, артында қалған тұқым-жұрағатын да соған лайық ізет, құрмет көрсетіп, қадірлейтін болған.

## 2

Мұса Шорманұлы Ресей патшасының құзырында қырық жылдай уақыт үзіліссіз қызмет еткен. Осы мерзімде ол болыс, дуаның қазысы және аға сұлтаны қызметтерін сәтті атқарып, шені де хорунжиден полковник дәрежесіне дейін ескен. Мұлтіксіз еңбегі үшін кептеген орден, медаль, мақтау қағаз, бағалы сыйлықтар алған, қазак екілдерінің құрамында Санкт-Петербургке екі мәрте барып, Николай Бірінші патшаның, одан кейін Александр Екіншінің таққа отыру салтанаттарына қатысқан. Мұның бәрі дала шонжарының отарлаушы үкіметке көрсеткен адад қызметінің телеуі десек те, соларды ала жүріп, ол бедел-ықпалын ел кәдесінә жаратуды ұмытпаған, әсіресе кексе тартқан шағында...

Ел жадында сақталған иғі істердің бірі – Мұса мырзаның Баянаула тұрғындарын шешекке қарсы күш қолданып ектіргендігі. Даланың дәрідәрмек көрмеген жұрты құбыжық санап, «Кәпірдің тәуібіне денемді үстаптаймын!» деп, кейбірі бала-шағасын тауға алып қашқанда, Мұса-

ның өзі, әйелі мен үрім-бұтағына көп алдында егу жасатып, үлгі көрсеткен. 1844 жылы өртеніп кеткен ағаш мешіттің орнына бертінде тастан қидырып, кең де сәнді етіп жаңа мінәжатхана, оның іргесіне медресе үйін де қалатыпты. Бұл жайында Мәшекен жоқтауында: «Дін шырағын жандырдың Баяндайын қалаға, Медресе, мешіт салдырдың... Нұр балқып раушан жүзінен, жұртынның мейірін қандырдың...» – депті. «Мұса Шорманов аға сұлтан (15 жыл ұдайы) болып тұрған кезде Баянауылдуанында тоғыз (?) болыс ел болған, – дейді баянауылдық қаламгер Зейтін Ақышев «Қазақ әдебиеті» газетінде 1990 жылғы 28 желтоқсан күні жариялаған тарихи хикаятында. – ...болыстық старшындардың әрқайсысына аға сұлтан «салық» салыпты. Ол салық мынау: әрбірің жыл сайын бір баладан не Омбыға, не Керекуге (Павлодар) апарып, орыс мектебіне оқуға тапсырып тұрасындар. Оқу бітіргенше баланың барлық шығыны болыстың мойнында...»

Кезінде Шорман би «Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын, кең көсліп қона жататын орын керек» деп, біреудің үйін 250 сомға сатып алып, өзіне меншіктеген сынды. Мұса мырза атқа мінген кезде бұл үйді қайта салғызып, Кеменгер Атанұлы (белгілі ғалым, қаламгер Қошкенің үлкен атасы) деген жамағайынына ие қылыш қойса керек. Білетіндердің айтудынша, бұл үйдің айналасы бертінде Омбыдағы қазақтардың, яки «Ауыздағы Қаржас» ауылының құралуына негіз болған. Нак осы үйде Мұсаның тұнғышы Сәдуақас 1851 жылды (кейір де-ректерде 1850, тіпті 1847 жылдар аталады) дүниеге келген. Ол екі жасқа толғанша осында тұрған-мыс. Одан кейін қырға әкелініп, Шорман әулетінің ата-жұртында тәрбиеленіп, ауылдық молдадан мұсылманша сауатын ашқан. 1861 жылды болса керек, он жасар мырза баласы Омбыға барып, арнаулы күтуші, тәрбиешілер қамқорлығында орыс мектебіне беріледі. Зеректігі жас күнінен аңғарылған, әмбे оқуға аса ынталы Сәдуақас бұдан соң гимназияда оқып, үздік бітірген деседі.

Өзі де осы еңірде туып есken орыс зиялдысы Г. Н. Потанин «Русское богатство» журналының 1896 жылғы 8-санында басылған еңбегінде: «В течение не менее полувека Омская администрация пользовалась советами и влиянием на степное население этих трех лиц – султана Чингиса, его сына Чокана и его свояка Мусы Чорманова», – депті. Бәлкім солай шығар, сейтсе де тарихи деректер бізге басқа жайттанды мағлұмат аңғартады: орыс империясына адал қызметі мәлім, дәрежелі шен мен биік мәнсап иесі Мұса мырзаның Баянауылда, Павлодар, иә Омбыда қазақ балалары үшін мектеп ашып, үздік оқығандарын Ресейдің орталық қалаларында оқу орындарына тәжеусіз алғызу туралы 1853 жылды жолдаған ұсыныстары әрдайым жауапсыз қалып келген; нак осындағы тілекпен Шыңғыс Уәлиханов та 1845 жылды өз аулында орыс тілінде оқытатын бастауыш мектеп ашуға рұқсат сұрап, бірақ ештеңе өндіре алмапты... Халық үшін соншама ділгір істің аяқсыз қалған себебін біз тарихшы Е. Бекмахановтың ілгеріде аталған атақты еңбегінің 117-бетінен таптық: «Я не завлекаюсь гиперболическими желаниями филантропов устроить киргизов (казахов – М. С.), просветить их и возвысить их на степень, занимаемую европейскими народами. Я от всей души желаю, чтобы не сеяли хлеба и не знали не только науки, но и даже ремесла; но, вместе с тем, всемерно желал

бы научить их кушать наш хлеб и употреблять наше простое сукно и другие грубые изделия России...» – деп жазыпты 1830 жылы үкіметтің бір шенеунігі (қолтаңбасын тарихшы ажырата алмаған) Орынбордың әскери губернаторы граф П. П. Сухтеленге жазған хатында. Сарыарқа жазирасын дуандарға бөлшектеп, барлық түкпіріне өздерінің әкімшілік басқару жүйесін енгізу аяқталған соң да патша шенеуніктерінің үстемшіл қаражұзділік пиғылы өзгермеген. Соның айқын бір мысалын тарихшы Ерекен өз кітабында және келтірген: «Мнение господина председателя Комитета (имеется в виду Азиатский Комитет – Е. Б.) вообще проникнуто одной преобладающею мыслью, – о приведении Орды в такое положение, чтобы она не допускалась в общий круг правительственного попечения и, оставаясь недвижимою в мраке своего невежества, – была как бы слепою и безгласною данницей Линии, которая испокон веков привыкла рассчитывать на дикую простоту киргизского народа», – деп жазыпты Орынбор Шекаралық Комиссиясының тәрағасы полковник Ладыженский сол облыстың әскери губернаторы Обручевке 1847 жылы жолдаған хатында (кітаптың 119-б.). Сондықтан да ездерін Даланың қожасымыз, ел басқарушысымыз деп жүрген Шыңғыс тере, Мұса мырзалардың туған халқын жүйелі түрде оқыту туралы игі талабынан ештеңе шықпаған...

Алайда өмір ағын су төрізді, жылдар көшінде сан алуан өзгеріске түсіп, заман ағымына орай құбыла береді. Дала түрғындарын еркениетті жолға сүйремек болған ігі жақсыларының сөнген үміті қайта тұтанғандай бір игілік жылт етіп, 1865 жылы Омбы қаласында аға сұлтандар мен қазақ болыстарының хат-шотын жүргізетін, іс-қағазын жазатын тілмаштар мектебі ашылады. Қазақтарды христиан дініне тарту ісімен шүғылданған миссионер-ғалым Н. И. Ильминский 60–70-жылдарда татар, шуваш, мордва, башқұрт және қазақ халықтарын орыс жазуына үйрету үшін араб әліппесі орнына славян емлесіне негізделген жаңа жүйе жасап, 1863 жылы Қазанда тұнғыш орыс-татар мектебі, 1872 жылы оқытушылар семинариясы ашылады. Мұның екеуіне де миссионер-ағартушы директор болып, өз бағдарламасы бойынша оқытқан, оқулықтар да жазған. Балғожа мен Шеген бидің немересі Ұбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841–1889) басқалардан гөрі бұл істе өжеттік те, іскерлік те аңғартып, өзі туып-өсken Торғай өнірінің шалғай түкпірінде 1864 жылы тұнғыш мектеп, оның қасынан балалар жататын интернат ашып, 14 шәкіртке сабак бере бастайды. Бул жолда тұнғыш ағартушы-ұстаздың сәтті еңбек етіп, «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» төрізді оқулықтар да жазғаны жүртшылыққа мәлім.

Өмірінің соңғы жылдарында Мұса Шорманұлы да Омбыға жіңі барап, езін сыйлайтын ұлықтар мен орыс зиялыштарының мазасын алып, қазақ жастары оқитын гимназия ашқызыға талап жасапты. Мырзаның бергі замандағы үрім-бұтағы жазған естеліктерде бұл істе оның зор қарсылықтарға кездесіп, соған қапалану үстінде жүрек талмасынан Омбыда дүние салғаны айттылады. Тарихшы Самат Өтенияз «Шоқан өсken орта» (А., «Ғылым», 1995) кітабының 165-бетіндегі Г. Н. Потаниннің Том университетінің кітапханасында сақтаулы дербес архивінен табылған И. Катановтың хатынан үзінді келтіріпті: «У Мусы, по видимому,

бродят какие-то замыслы относительно будущего управления степью; в нынешнем году было уже несколько заявлений о зачислении в гимназию киргизят. Это – предполагаемый противовес грабежу русских уездных начальников...». Осы мәселе жақында ол 1881 жылдың 7 желтоқсанында Ақкелін балысынан сырмінез досы Г. Н. Потанинге жолдағанхатында: «...Просим Вас настолько быть любезным относительно доклада о кочевой гимназии и прислать нам. А то казахский народ без учения окостенет в грубом невежестве», – деген. Демек, ол дуние жаңалықтарынан мақрум жағдайда, сайындаланың түкпірінде көшіп-конумен үйқылы-ояу тірлікте өмір сүріп отырган халқының көзін ашып, сауаттылық деңгейін көтеріп, тіпті оны еуропалық мәдениет өресіне жеткізуіді арман етүмен, сол үшін хал-қадерінше күресіп дүниеден өткен.

Өсілі, Мұса Шорманұлына құдай тағала өнерпаздық дарын, қасиеттерді де көл-көсір дарытқан. Айтальық, сезімге женсік берген оқта-тек шақтарда ол өлең-жырды төгіп тастайтын, ән де шырқайтын ақындық, әуезділік қабілеттер мол болған. Әлкей Хақанұлы естелігінде әкесі Шорманды еске алып, «Мұса мырзаның қиссасы» атты көлемі 38 бет ұзақ толғау шығарғандығын, оның көшірмесін өзі Қазан университетінің кітапханасынан тауып, бертінде Қазақстанға алдырығанын жазыпты. Мектеп көріп, жүйелі білім алмаса да, М. Шорманов туған халқының әдет-ғұрыптары жайында орыс басылымдарына тарихи-этнографиялық мақалалар жіберіп тұрған. Солардың бізге мәлімдері – «Киргизские народные обычай» (Семей облыстық газетінде 1871 жылы жарияланған), «О скотоводстве у киргизов Западной Сибири» (С-Петербург, 1883), «Заметки о киргизах Павлодарского уезда» (Записки Сибирского отдела ИРГО, Омбы, 1906, 32-кітабы). Халықтың ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін жинап, өзі шыққан қаржас руының ата таралым шежіресін жазып, тарихи оқиғалар арқау болған батырлық дастандарды қағазға түсіртіп, бұлардың бәрін Шығыс мәдениетінің білгірлері – орыс зияяларына табыс етуі де білімдарлық нышаны...

Мұса мырзаның ізбасары, әрі күллі Шорман әулетінен сол кезде үздік оқыған ұрпағы Сәдуақас болғаның жоғарыда сез еткіз. Бірақ ол да гимназиядан кейін денсаулығына байланысты ілгерілеп оқи алмаған, әкесіндей мәнсап қызып, дәрежелі қызметтер атқармаған, бүкіл өмірін ауылда өткізіп, рухани-мәдени тірлікпен шүғылданған. Белгілі әдебиетші, қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов 20-жылдарда жарық көрғен «Қазақ әдебиеті. Тарихи талдау очеркі» атты ғылыми еңбегінде: «М. Е. Жұмабаевтан кейін хал-қадерінше көрініп жүрген қазақ, ақындары арасынан, мысалы... С. Шормановты айтуға болады» десе, семейлік ғалым Қ. Мұхамедханов: «1897 жылы октябрь айында баспаға даярлаған қолжазба жинақтың көлемі 163 бет. Қолжазбада қазақ ақындарының 3280 жол өлеңі және 178 мақалы бар. Қолжазба жинақ 1884–1891 жылдар арасында жазылған. Бұл үлкен қолжазбаны Сәдуақас Мұсаулы Шорманов 1897 жылы Петербургке барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым П. Мелиоранскийге тапсырған екен. Қазір ол қолжазба ...Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада, академик А. Н. Самой-

ловтың архивінде сақталады», – деп аса мәнді дерек көлтіреді («Семей таңы», 9 тамыз 1975).

С. М. Шормановтың саятшылық өнер туралы («Аушы» кітапшасы 1907 жылы Қазанда жарық көрген), дала табиғатына жана шырлықпен қарау жайында мерзімді баспасез бетінде жариялаған мақалалары кебірек мәлім. Мысалы, «Ақмола ведомствосының» 1889 жылғы 10-санында жарық көрген «О вреде палов» атты мақаласында ол: «...әдейі өрт жіберу ағаштың тамырын жояды, соның кеселінен қазақтардың жайлауы онсыз да селтең орман-тогайдан жұтайды. Орманды жер табиғатқа сұлу рең береді, даланы мекендейтін жан-жануарлар үшін ол жақсы қорған, алай-түлей бораған күндерде дала аңы ағаш ішін паналайды. Орманнан біз отын аламыз, құрылышқа керек қажетімізді табамыз, онсыз шаруамыз өнбек емес. Ақырында адамның көніл күйі бұзылып һәм бір нәрсеге қатты ренжіп қапа болса, қалың ағаш ішіне барып серуендерсе, әлгі қалпынан дереу айығады, жанына шипа табады... Мырзалар, әдейі салған өрттің қашшама зиян келтіретінін ойлаңыздар. Ақылды адамдар жайылым құнарын жақсартамыз деген теріс желеумен әдейі өрт салмасына сенемін...» – деп, бұғінде мәні жойылмаған келелі ой қозғаған.

Жан-жақтың білімді, үш жүрттың тілінде сөйлеген (қазақша, орысша және французша) Сәдуақас Мұсаұлы қыр сахараасында отырса да, заман аужайын өзінше бағамдап, туған халқының келешек тағдыры оқу-білімде екенін, сірә, ете жақсы түсінген. Соңдықтан өзінің күш-жігерін, әлеумет алдындағы бедөлін, кейде дәулет-пұлын әкімшілік құзырдан гөрі айналасындағы талапты жас ерендерді оқуға жіберіп, солардың тиянақты білім алуын қадағалауға жұмысған. Бұл ретте ол мектеп ашып, бала оқытпаса да нағыз ағартушы һәм қамқоршы болған.

Шорман бидің өз заманының оқымыстың білгірі атанған дарынды немересінің осы жолдағы ігі талабы хақында тарих бізге бірнеше құжат сақтаған. Соның бірі – Сәдуақас Шормановтың 1887 жылдың 25 ақпан күні Г. Н. Потанинге (тегінде, білімдар араласқан, хат жазысқан зиялы адамдар – Н. М. Ядринцев, П. М. Мелиоранский, бергі заманда семейлік өлкетанушылар – Н. Я. Коншин, ағайынды Николай және Алексей Белослюдовтар) Омбыдан жолдаған хаты.

«...Бұл күнде қазақтар һәр медреседе оқи бастады. Гимназияда 19 бала оқиды, кадетский корпуста 5 бала оқиды, учительский семинарияда 4 бала оқиды және техническийде 2 бала оқиды. Барлығы 30 бала қазірде Омскіде оқиды, бір бала Петербургский университете оқиды, ол Сырттанов, соған мүмкін болса көрісіп, лайық болған қадар и жәрдемінізден тастай көрменіз...» (Бұл хат Ш. Уәлиханов шығармаларының IV томының 121-бетінде жарияланған).

Біздіңше, әкелі-балалы Мұса мен Сәдуақас Шормановтардың ғұмыр жолы, әсірөсө әлеуметтік істеріндегі ағартушылық қамқаралеттері айтарлықтай нәтиже берген, қалайда із-түзсyz жоғалмағаны анық. Мұны біз XIX ғасыр мен жаңа заманың тоғысуында Баян-ула өнірінен дара шыққан саңлақ оқығандар тобынан көреміз.

Сол өнегеден тәлім алғандардың алды қақ қасында отырған Сәтбай ауылшының жастары болғаны анық...

Сегізсері (Мұхамед-Қанафия) Баһрамұлы 1845 жылы ұзақ жырмен үкілеп атын қойған Имантай – Сәтбайдың ғана үлкені емес, оның әкесі Шөтіктің де тұнғыш немересі, қазақ қауымы ондай перзентті телбасым деп қастерлеп атаған. Соған лайық төлбасыны ерекше еркелетіп, бетінен қақпай байшора ғып өсірумэн бірге оған үлкен парыз-міндеттер жүктеген. Мысалы, ерте үйлендіріп, отау үй, тіпті бөлек ауыл шығарып, еншіні де молдап беріп, өзінен кіші балаларға аға, үлгі еткен.

Имантай Сәтбайұлы осы дәстүрлі ресім-ғұрыптардың бәрінен де еткен. Соған қоса ез заманы талап еткен жаңа өнегелерді де құлшына адақтаған: айталық, Обалыдағы ауылында, молда алдында арабша сауатын ашқан; 1862 жылы, яки он жеті жасында қияндағы Омбы шәріне барып, Әбдірахим есімді діни ғұламаның медресесінде үш жыл ұдайы үзбей дәріс тыңдалап, араб, парсы, шағатай тілдерінде әдебиет оқытындағы деңгейде білім алады. Сірә, орыс тілін де тілмәшсіз түсінетін түйсікке де нақ осы жылдары жеткен (1897 жылғы санақтың сұрауына ол: «По-русски понимаю, читаю» деп нақтылы жауап қайтарған).

Омбыда оқыған кезінде ол «Шоқан Уәлихановпен танысып, тіпті жақын араласып, онымен бір пәтерде біраз уақыт бірге де тұрады», – деп қуәлік етеді академик Ә. Марғұлан «Қазақстан мектебі» журналының 1969 жылғы 4-санында жарық көрген «Зор ғалым, сүйікті азамат» атты естелігінде. Демек, Имантай жас құнінен Шоқандай білгірдің шапағатты өнегесін көріп, ғұмыр жолына бағыт-бағдар алған. Сірә, сондықтан да өзі аса қадірлейтін азаматы Ш. Уәлиханов 1865 жылы дүние салғанда, марқұмның әкесі Шыңғыс тәре Жетісудағы құдасы Тезектің ауылына, сүйікті ұлы жерленген Алтыннемелгежол-жоба білетін білікті кіслерден қарамы едәүір қаралы топаттандырғанда, сол қауымның ішінде ғалымның нағашы жұртынан жиырма жасар Имантай Сәтбайұлы да болған. Бұл жайт оның Баянаула атырабы ғана емес, Кереку, Омбы, Кекшетау теңірегіне де есімі, парасатты мінез-құлқы мәшінің жігіт болғандығын аңғартса керек.

Әсілі, Имекен Омбыдағы үш жылы болмаса, одан кейін мектеп көріп, жүйелі түрде білім алмаған. Бірақ ауыл үлкендері ауызша айтқан не-месе жазып қалдырыған естеліктерінде (бұлардың бәрі К. Сәтбаевтың Алматыдағы дербес архивінде сактаулы) Имантай Сәтбайұлының тілге шешен, ақыл-ойы үздік те терең, қазақтың ескі тарихын, өлең-жырларын жақсы білумен қатар тыңдаушыны сүйісіндіріп, сөзді түйдектеп айтатын шешендік қабілетке ие сұнғыла жан болғандығы сипатталады. Әмбे ол мінезге де бай болыпты, заманның ағымын пайымдай да біліпті.

Сол жылдарда қазақ даласы арқылы Сібірдің алыс түкпіріндегі айдау орнынан қашқан жандар арып-шаршап келіп, ас-су берген ауылдарда айлап жатып, әл-куат жиған. Имантай ауыл билігін қолына алған шақта мұндай шерменделердің біразы, әсіресе шеркес, шешен, ұңғыш ұлттарының өкілдері оның қамқорлығына бөленип, кейбірі тіпті аттанарында жылы киім алып, ат мініп те кеткен. «Мұның қалай?» деген кісіге ол: «Бұл байғұстар ұясы бұзылған торғай сынды атажұртынан ажырап, тағдыр тәлкегіне ұшыраған пенделер. Оларға аяушылық-

пен қарап, кемек қылу – мұсылмандылық парыз!» – дейді екен. Сонымен қатар Имекен үрпақ тәрбиесіне қатаң талаппен қараған: ауылдастарды Мұқыш Шәдетов, Нұрлан Қасеновтердің естелігінде (бұларды жазып алған ғалым-геолог Қалкен Жәмінов) ауыл иесінің бір жылы шайпау тілді әйелі бар қоңсыны дереу көшіріп жибергені, Шорман ауылының ақылгөйсіген бір мырзасы «Оқудағы балаңа азықты неге жиі жибермейсіз?» деп мысқылдағанда, оның «Тамағы тоқ бала оқуға ынтақояма, тәйір!..» деп жауап бергені айттылған...

Имантай, тегінде, сауыққұмар кісі болған, домбыра тартқан, ойынтауда тыңдаушылар тілесе әнде салған. Ескі заман дастандарын жақсы билген, кейбірін жатқа айтқан. Сірә, содан да болар «Зарқұм», «Қызыл табан Хасен», «Шәкірат» сынды қиссаларды әлденеше кеш жырлайтын тума жырауларды ауылына шақырып, құрмет көрсетіп, сый беріп, өзі де, ауылдастарына да тыңдатуды аса ұнатқан.

Жасырақ кезінде Имантай аңшылық, құсбегелік өнермен де өуестеніпті. Шынтуайтын айтқанда, бұларды бірақ ән-жырды қастерлегендей беріле сүймеген сияқты. Сондықтан да өз аулынан осы өнердің қас білгірлері Әбсәләм, Мағаз сынды (Жәмін Сатбаевтың балалары) шынайы шеберлері шыққанда, құс баулып, тазы жүгірту міндетін соларға артып, өзі тек қызықтаушы болып қана қалған. Сейтсе де Имекен бұл өнердің қыры мен сырын көп-керім билген. Бұған дәлел оның бергі заманда: «Ат та, тазы да, құс та жігітке қын өнер емес, атың жүйрік, тазың ұшқыр, құсың қыран болса – кезіккен аңды олар, сірә да, құтқармайды, құші басып зорлықпен алады. Нағыз өнер, қас шеберлік – мергендікте, қыбын тауып ата білсөң – жер бетінде жүргірген аң атаулыдан алмайтының болмайды...» – деген сөзі (жазушы Ж. Бектұров ғалым ауылындағы үлкендерден 1966 жылы жазып алған естеліктен), сірә, осы істің жай-жапсарын жақсы білгендіктен айттылған...

«...Жас кісінің Имекен алдынан өтуі оңай болмайтын. Тезгетүскендей, не профессорға емтихан бергендей сезім кешетін, – депті Әлкей Хақанұлы жоғарыда біз сілтеме жасаған естелігінде. – Өйткені Имекен жастарға сын көзімен қарап, олардың болашағына зор ынтамен ден қоятын... Бұл туралы мынандай жайды еске түсіруге болады: 1916 жылы, жаз күні, Имекен мен Сәкен (Сәдуақас Мұсағұлы Шорманов – М. С.) әңгімелесіп отырғанда, екеуінің үстіне Қазанда оқып жүрген бір топ студенттер кіріп келеді. Олардың ішінде зан факультетін бітіргелі жүрген Мұқыш пен Базарбай бар. Студенттердің мінезі, сейлеген өресекел сөздері Имекене ұнамайды. Ол кісі көзінің қырын Сәкенге тастап:

– Мырза, осы балалардың оқуы, білімі Шоқанның оқуынан қалай?  
– депті.

– Шоқанның оқуы бұлардан тәмен еді. Ол тек қана кадет корпусын бітірді. Бұлар университет бітірейін деп жүр. Арасы жер мен кектей.

– Менің ойымша, бұлар мен Шоқанның арасы да – жер мен кектей сияқты. Шоқанның ойына жете алмаса, бұлардың көп оқығанынан не пайда? Шоқан аз оқысада кеп тоқыған. Оның білімі, ойы, бұларға қарағанда асқар таудай емес пе! Шоқан сейлегенде көрі де, жас та, білімпаз да оны тыңдауға құмартып, бар ынтасын салып құлақ түре қалушы еді. Шоқанның қасында бұлар немене? Екі сөздің басын құрап

сөйлей білмейді, ешкімді Шоқандай өзіне тарта алмайды. Тек тірі болып жүре берсін, – деп ойшыл қарт сол кездегі жастарды қатты сыйнайды...

Имекеңмен әңгімелесудің өзі бір ғанибет еді.

Ол кісінің XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласында болған оқиғаларды жүйрік білуі, оны төндіре айтуы, жас кісіні білім сарайына кіргізіп жібергендей әсер қалдыратын...»

Қазақ даласын ғылыми зерттеу мақсатымен XIX ғасырдың екінші жартысында Баянулаға келгендердің Шорман мен Сәтбай ауылдарына ат басын бұрмағандары кемде-кем. Оның түп себебі – мұнда өз заманының асқан білгірлері Мұса, оның үлкен баласы Сәдуақас, солардың қак қасында зерделілігімен иყқ тенестірген Имантай отырғандығы десек, артық айтқан сез болmas.

Ш. Ұәлиханов шығармалары бірінші кітабының 653-бетінде ғалымның «Жоқтау жырларының үлгісі» жазбасына мынандай түсінік берілген: «Бұл нұсқаны Бұқар жыраудың үрпағы, баянауылдық белгілі жыршы Қүрекенің аузынан Имантай Сәтбаев 1880 жылы Г. Н. Потанин үшін жазып алған. Бұқар жыраудың осы жоқтауына белгісіз біреудің қазақ тілінде... хаты берілті. Оның орысша аудармасы мынау: «Привет г-ну Имантаю. Прошу записать от Куреке (внука певца) отдельные эпизоды и повествования Бухар-жырау об Аблае, в частности: осуждение Аблая, восхваление его коня, эпизод об отправлении сына своего Адиля вместе с Жарылгапом в Китай; на какую тему его посланцы вели разговоры с императором Китая? Рассказы о войне с калмыками – сколько раз воевали? Как именовали калмыцких ханов? Для записи этих рассказов (песни Бухар-жырау) приехал товарищ Чокана Г. Н. Потанин с супругой»... Ш. Ұәлиханов бұл жырларды 1855 жылы, қазақтың халық поэзиясының үлгілеріне ерекше құмартып жүрген шағында жазып алғыпты. Имантай нұсқасы қағазға Шоқан жазбасынан 25 жыл кейін түсінен. Екі нұсқаның да пәлендей айырмашылығы жоқ, көшірмелердің мәтіні мен тілі айна қатесіз бірдей, тек кейір шумақтары мен өлең жолдары бірін-бірі толықтыра хатталған. Сейтсе де қазақ сөздерін нақтылап дұрыс жазуы жөнінен И. Сәтбаев нұсқасы анығырақ, сол себептен де Ш. Ұәлиханов жазбасындағы жете танылмаған кейір сездерді ажыратуға кілт ретінде құнды болмак».

Имекең қағазға түсірген бұл нұсқа Шығыс тарихының білгірі И. Н. Березиннің Санкт-Петербургтегі ғылыми қорында сақталыпты. Оның рухани құнды қазына ретінде қадір-бағасын жете андау үшін шағын үзінді келтіреміз, жыр Бұқар жыраудың Абылай ханды қалайша мадақ еткені жайында ербіген...

Күпшек санды қүренді,  
Тәбияға жаратқан.  
Қырық сан кара қалмақты  
Жарлығына қаратқан.  
Айбалтасын алтынмен булатқан...  
Еңсесі биік ақ орда,  
Салтанатқа орнатқан.  
Күнде мейман күзетіп,  
Кесе толтырып ем берген.

Имандының ісіне қарай бет берген!  
Бір құдайдың дидарын  
Сен көрмесен, кім көрер?!

Табандасқан дүшпанға  
Күнінде қылыш шауып өткөрген...

Тегінде, Имантай ақсақалдың бұл ғұмыр бойы тірнектеп жинаған мол ізденістерінің бізге мәлімі ғана. Ал белгісіздері қаншама! Айталық, ол жазған «Қаржас руының ата таралымы» қолжазбасы немесе «Олжабай батыр Толыбайұлы» дастанының И. Сәтбаев кәшірмесін қай қаладан, қандай ескі мұралар қоймасынан іздейміз? Болмаса ағайын һәм бабасы Бұқар жыраудың әлгіндегідей әспеттеп жазылған асыл жырларын? Болмашы үзіндінің өзі-ақ жинаушының қазақтың ескі сөз қазынасын менгерумен бірге, соларды іздеп тауып, сақтау ісіне ерекше ыждағатпен қарағаның әйгілеп түр емес пе? Имекенің немересі Фаниса Қанышқызына үйленген қаламгер Қайнекей Жармағанбетов қайынатасы туралы ертеректе жариялаған естелігінде («Қаныш аға» жинағы, А., «Жазушы», 1989, 163-б., құрастыруши Ш. Қ. Сәтбаева) Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Семейде кездескендегі шекірт Қанышқа: «Сәлемет пе, інім, сен Имекен баласы емеспісін?» деп амандасқаны айтылған. Бұл дерек те ақынның Имантай ақсақалды біліп, әлдеқандай жақсы қылышы үшін құрмет тұтқандығын аңғартады. Бұл кісінің өз заманында Г. Н. Потаниннен де өзге орыс зиялыштарымен қарым-қатынас жасауы туралы жанама деректер бар...

Амал қанша, Имантай Сәтбаевтың жинаған мұрасы (кейбір үзіктеп болмаса) сақталмаған. Имекенің кітап-қағаздарын жинаған сандық барлық мұрасымен үлкен баласы Фазизге қөшкені белгілі. Осы қазынаның біздің замандағы шерлі тағдырын Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әulet» кітабында әңгімелепті: «1937 жылы НКВД қызметкерлері Фазиз ағаны ұстағаннан кейін үйін тінтіп, ойран салып, кітапхананың бірсыыпра кітаптарын, қағаздар салған папкаларын үш жәшікке толтырып... сандыққа салып алып кетті...» Демек, Сәдуақас Шормановқа әкесі Мұсадан ауысқан Шоқан хаттарының (е兹ге де тарихи мұралардың) оның жалғыз перзенті Нағифаның ері Асылбек Сейітов «Халық жауы» атасының үсталғандың тәркіленгені сияқты, Имантай Сәтбаев ғұмыр бойы тірнектеп жинаған рухани қазынаның да иелері атылған соң керексіз қоқыс ретінде өртөлген сынды...

Имантай Сәтбайұлы жігіт ағасы болған кезінен Ақкелін болысының халық соты, со қундегі байырғы халықтық тілмен айтқанда, қазы-бие міндетін көп жыл атқарған. Яғни қыр қазақтары арасында әредік туып қалатын жер, жесір, іә ұсақ үрлік туралы дау-дамайға билік айтқан. Имекенің бұл саладағы қызметі жөнінде деректер тым аз. Ауыл кекселерінің бізге там-түм естірткен әңгімелерінде оның бұл міндетті жасы алпысқа ілінгенше атқарғандығы айтылады. Мейлінше әділ болыпты, осындағы даулы істерде қоса жүретін сыйбаға, жол-жоба, бәсірелерге ол кісі жоламаған деседі, керісінше, қорғансыз адамда-ра жәрдемдескен. Өзі де пәле-жаладан ада қалмаған: «Киргизская степная газетаның» 1899 жылғы 2 мамыр күнгі 18-санында губернатор кенесінің Бас штабынан генерал-майор Карпов дегеннің: «...по Семипалатинской области увольняется на время производства следствия

народный судья № 1 аула Аккелинской волости Павлодарского уезда Имантай Сатпаев», – деген бұрығы жарияланыпты. Сөйтседе ақ сүттің не қоссан да қараймайтыны сияқты, тексеру кезінде оның ақтығы дәлелденіп, бұрынғы қызметіне қайтадан тағайындалған.

Казылық құрғанда бас пайдасын ойламай, адамшылықтың ақ, жолынан айнымаған Имекең ешқашанда дәүлеті шалқыған бай атанбаған, өзі де, балаларына да өзге мұрраттарды нысана еткен. Нақтылы айғаққа жүгінелік: Щербина әкспедициясы жүргізген 1897 жылғы санак деректерінде Ақкелін болысының 1-аулында тұратын Сәтбай Шөтіктің (кітапта солай, «Павлодар уезі» IV томының 152-б.) қарауында 8 тұтін болыпты; адам саны — 60, олар 9 там үйде қыстап (біреуі ағаштан құралған), жазда 11 киіз баспанамен кешкен; бұлардың қарауында 265 бас жылқы, 119 ірі қара, 30 түйе, 611 қой және 95 ешкі болған; оны бағу үшін екі тұтін малшы үстаған, жаз бойы бұлауыл 650 шөмелде шөп дайындаған; қыстауында сұы азы екі құдыштан, ал қыста қар сұын ішетіндігі де көрсетілген. Ауыл ағасы Имантайдың өзі бүл дәүләттің көп дегенде төрттен бірін ғана иемденген, яки сол заманың орта шаруасы қалпынан, сірә да аспаған. Негізгі мұра бидің үшінісінде болыпты, ал олар өзара енші бөлісүді тілемей, ортақ шаруашылық түзеген.

## КЕҢЖЕТАЙ

### 1

Мезгілдің кектемге ауған мерейлі шағы: қар кетіп, сай-сала суға көлкіген; төнірек ак сәулеге шомылып, күн-шуаққа кенелген; кек қылтиып, жер беті жасыл реңмен түрленген; қырда құлын ойнақтап, аула-да қозы-лақ маңырап, бота боздап, ауыл үсті мәз-мейрам болып қуанышқа бөлениген; тіпті бала-шағаға дейін үйде отырмай, күнгейге жүгірген...

Сәтбай ауылы кектем лебі білінісімен-ақ қыстау үйлерін тастап, желкедегі Қарамұрын қырқасына көшіп қонған. Анығында қырратап шыққан ауылдың ұранқай үйлері ғана. Ас-су, қазан-аяқ қорада. Жайлалауда, күн қызыған шақта тігілетін үлкен үйлер де қоймада, буулы қалпында қозғаусыз жатыр.

Бұлар қора іргесінен аулақ қонып, жұрт ауыстырып жатқанда, төніректегі ауылдар өзгеше әрекет қамына кірісken. Соның алғашқы белгілері қыр астындағы үлкен қара жолдың бойынан белен беріп, кешелі-бүгінде боздаған түйелер даусы мен арбалар шиқылы, үрген ит, дабырлаған адамдар үні естілген. Иісі қаржас ауылдарының жайлалауға аттанған көшінің алды еді бүл...

Сәтбай ауылы бірак қыбыр еткен жоқ, жайбарақат отыра берді: күннен-күнге қызызы зорайып жадырай түскен күншуақты сезбегендей; иек астында түрган жаз күнін, жайлау қызығын елемегендей; бірер апта нақ осылай бейғам отырса өздерімен іргелес, жалғас қыстайтын ағайын ауылдардың қалың көшінен қара үзіп, құлазыған жалпақ өнірде

сопиып оңаша қалатының білмегендей... Бұлар тіпті көш көліктерін де әлі үстеган жоқ-ты.

Сәтбайдан екі ауыл тарайтын. Бірі – қажының қара шаңырағы орнаған Обалыдағы Үлкен ауыл да; екіншісі – Қарамұрын дөнінің түстік етегінен ірге тепкен Кіші ауыл – Имантай қыстауы. Екі ауылдың арасы қозықеш жер. Ортада шалғыны белуардан келетін өлке жатыр, оны қақ жарып, құнбатысқа қарай Айырық атты жіңішке өзен ағады.

Айырықтың арғы жағасына Имантай ауылы шаңырақ көтерген кезде, екі-ак түтін еді – Имантайдың отау үйі мен қоңсы ағайын Қасеннің отбасы. Бертінде бұларға тағы да екі-үш үй қосылды. Сейтіп, айналасы бес-алты жылда жатаған қырқаңың етегі өзіндік қараң-қураң шаруасы бар, көп-көрім мекен-жай болып шыға келді. Бүгінде Кіші ауылдың түтіні бұрынғыдан да жоғары. Екі ауылдың үлкен-кішісінен бір жан Имантайға келіп: «Би, мұның қалай? Топырақ қауып ескі жүртта қашаңғы отырамыз?» – деп сұрай алмайды. Сұрау қайда, қайсысы болсын, алдына шақырса – бидің қабағын бағып, не айтасыз дегендей қол қусырып қарап тұрады... Бұл күнде ол – Сәтбай қажыдан тарайтын екі ауылдың көшбасшы адамы, көші ғана емес, басқа жөніне де билік айтатын, жол нұсқайтын бірегей басшысы. Шынтуайтын айтқанда, Имантай бидің қадірі уысында отырған екі ауылмен ғана шектелмейді, оның бір ауыз сәлемін ат шаптырым төңіректегі қаржас, бабас, атығайда, тіпті жалпақ сүйіндікте, қала берді, бүкіл Ақкелін болысында екі айтқызыбай орындау – ресімге айналған үлгі.

Имантайдың өмірдегі зор өкініштерінің бірі – бала зары. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызына ол алпысыншы жылдары үйленген. Соңан бері аттай отыз жыл етті. Жастай қосылған жарына өкпесі жоқ, өмірдің небір қызық, бақытты кезеңдерін жаразтықпен тату-тәтті еткізіп келеді. Бірақ тағдырдың қатал жазасына не шара, қырықты еңсеріп, елуғе еңкейгенше перзент сүйе алмай, аңы өкініш жұтып, үлкен құсада келе жатқан жайы бар. Ертеректе көрген Күнше есімді бұлдіршін қыз бала ғұмырлы болмады, жүгіріп жүргенде дүниеден өтті. Соңан бері бала зары жасы егде тартқан сайын зорайып, жүргегін сыйздата беретін...

Имантай би мен Нұрым бәйбіше жүректерін тырнаған осы өксікті сәби үнімен басу үшін, әлде ырым етіп, ескі заманда ондайда бала баланы шақырады деген жорамал-үміт болған, жастары елуғе еңкейген шақта тетелес інісі Жәміннің Әбсөләм есімді үрпағын жәргегін құрғатпай асырап алады. Жаңа қоңыс қуаныш әкелер деген үмітпен Үлкен ауылдан белініп, езеннің теріскей жағасына, Қарамұрынның бергі етегіне қыстау салып, жұрт ауыстырады. Екі-үш жыл өтті. Бүкіл әулет сол күнде қазақ қауымына етене бола бастаған тәртіпке бағынып Сәтбаев атанғанда, Әбсөләм Имантаев болып жазылады (Ұлағат ретінде ескертер жайт: осы кісіден тараған күллі әулет күні бүгінге дейін үлкендерінің үәжін бұзбай, Имекен атын ұстанып келеді). Құдай тағаланың жазуына не шара, Әбсөләм бала мұсылманшылық парызын өтеп, сүндеге атты болды, би әкесінің тізесінде отырып ас ішіп, Кіші ауылдың еркетотайы атанса да, соңынан не іні, не қарындағас ертпеді. «Баласыз үй – қу мазар, үрпақсыз ата жүртта азар» қаупі жас үлғайған сайын көнілді қажап, үлғая түсті.

Сондай құса күндердің бірінде Имекең әлдеқайдан жолаушы келе жатып иен далаға түнейді. Ішін жеген баласыздық зары, әлде айдалада жалғыз жатқандығы көңілін елеғізітті ме, кім білсін, әлден уақытта ақбоз атты, ақ сәлделі, ақ шапанды әулие сымбатты біреу үстіне төне түсіп: «Ей, бейкүнә пенде, құла дүзде жападан-жалғыз бүрсіп жатқаның қалай?» – деп шүйіледі. Жолаушы ан қуып жүріп серіктерінен адасып қалғандығын айттып ақталады. «Е, қарағым, жоққа жеткен жүйрік жоқ, сағым құған адамда ырыздық болмайтынына тәнті шығарсын... Бұдан былай жалқы жүріп көnlін бекерге құлазымасын, жарқыным: қойныңа жаратылыстың кішкентай үш шаранасын қалдырып кеттім, соларға ие болғын!...» – деп, әлгі адам түн қаранғылығына сіңіп ғайып болады. Әлденеге құсталанған жолаушы айналасын қарманса – түлкінің, қасқырдың және барыстың (кейбір айтушылар арыстанның деседі) көзін енді ғана ашқан күшіктері екен, бейкүнә байғұстар қашудың орнына қолтығына маужырап кіре түседі...

Таң сызат бере оянған жалғыз жолаушы көnlі алабұртып, көрген түсіне жан дүниесі жадырап біраз жатады да, едәуір жер бұрыс тұрса да Төртуыл жүрттың жағдайында қарты Құрмантай абыздың ауылына бәйгеторының басын бұрады.

«Жақсылықтан үмітінді үзбегін, Сәтекем баласы! – дейді абыз Имантайдың ғажайып түсін оңға жорып. – Ауылыңа қайтқан соң үлкендерінің алдынан өт те, жасым егде деп именбей, төсек жаңғырт. Құдай қолдаса үш перзент көреді екенсін, біреуі түлкідей сылаңдаған керікті қызы болар, екеуін бөрідей айбарлы, арыстандай қайратты үлдарға жорыдым... Аққа оранып келіп аян берген, сірә, Қызы болар, ұзақ жасап, қалған ғұмыр жасында бақ-жұлдызың жарқырап, перзенттерің атында алты алашқа таратып, баянды бақытқа шаш етектен кенеледі екенсін. Тәубе айтып, хақ тағаланың шексіз құдіретінен құлшылық етуден жаңылма!...»

Астындағы бәйгеторыны абызға атаған Имантай енді ауылына жеткенше асығады. Келе-ақ көрген-білгенін со күнде жетпістің қырқасына шыққан өкөсі Сәтбай мен шешесі Күнсулуға жеткізеді. Олар мұны құп керіп, боз бие сойғызып, құрмалдық жасаудың соңында ибалы қылығымен ездеріне сүйкімді келін болған Нұрымға қолқа сала рұқсатын алғып, тіпті еріне кіші қосақты тандауды өзіне міндеттейді. Шарасыз жағдайды акылымен әрі жүргімен түсінген Кіші ауылдың бәйбішесі бұл істі әні-мініге салып көп созбай, өзіне күндес болмақ ұрғашыны алты шақырым жердегі аралас-құралас ағайын Шорман ауылынан таңдайды: ол адам – күйеуі Қанафия (Қашапеддин) Мұстағұлы жастай өліп, жесір қалған Әлима, имандылығымен елге танылған Иса қажының қызы еді (нақтылы ел-жұрттың білмедік)...

Ауыл іргесінен аттылы кісінің жүргізбейтін есерлігімен қоса, өзім деген ағайынға қайырым, шарапаты мол Мырза ауылының естияр үлкендері Сәтекенің үлкен келіні бас болып келген құдаларға қарсылық жасай алмайды, әменгерлік құқтарын ішінде сақтап, Әлимаға баталарын беріп, жаңа жүртқа ұзатады.

Бұл оқиға 1890 жылдары жүзеге асқан сыйнды. Әлиманың жасы со күнде жиырма сегізде болса керек, Ш. Сәтбаеваның кітабында келтірғен деректе оның 1862–1904 жылдар аралығында өмір сүргені

(басына қойылған құлпытасқа бірақ Сәлима деп жаңсақ жазылған) айтылады.

Керген кісі қызыққандай келбеті сұлу, ақсарының әдемісі, тостағандай үлкен қой қөздері адамға жылы шыраймен қарап, жақын тартып тұратын аса мейірімді, мінезі де жібектей жұмсақ, тәрбиелі Әлима жаңа жұртында да үлкен-кішіге бірдей сыйлы болып, жұғымды қылышымен танылады. Үлкен шаңырактың қадіріне лайық мінез көрсетіп, кең пейілді, қолы ашық, абысын-ажынға жағымды жан болады. Ауылаймағы оны «Тоқал», «Кіші қатын» деп кемсітпей, «Ақ женеше» атандырып, жаппай құрметтеп, ерекше сыйлайды.

Әлиманың қадірі әсіресе перзент көтеріп, ауыл ағасының өзегін өртеген өмір бойғы жан күйігін іңгәлаған бала даусымен тартқаннан беріде өзгеше арта түседі. 1892 жылы туған тұнғыш нәрестесін Именек Қазиза деп атаған.

Екі жылдан соң Әлима ана тағы да перзент туды. Жасы қырық тоғызға шыққанда, яки тертінші мүшелінде зарығып та, сағынып көрген тұнғыш ұлына Имекеннің, қартайған әке-шешесінің, ауыл-аймағының ерекше қуанғаны, ұлан-асыр той жасағаны ықтимал. Бізге нақтылы мәлім оқиға: Құрмантай абызға жаушы жіберілу...

Екі бірдей анасының еркелетіп аттықтыруымен бала күнінен Бекеш, ресми құжаттарына Фазиз деп жазылған сәбиге батагей абыз азан айтып, қолына Құран кітабын үстап отырып қойған есімі – Фабдулғазиз. Қадірменді әулие қарттың ат мініп, шапан киіп балаға еншілеген есімінің мәні, біздіңше, «Адал құл» (Фабдул – құл, Фазиз – адап) деген ұғымды білдірсе керек.

Арада бес жыл өтті. О күндегі қазақтар біздей емес, уақыттың шабан өгіздей сылбыр жылжығанына қуанған. Үлкені Қазиза жетіге шықты, қолаң шашы екі бұрым боп өріліп, үкілі тақия киіп, екі анасының қойнына кезек жатып жүрген еркетотай атанса да, қазақы ғұрыптан құтыла алған жоқ; беске шыққанда-ак Шорман ауылынан құдалар келіп, сірә, алымжыға-берімжі тілеген болар, «тәрт асыл тастың» (Біржан салдың тенеуі) бірі – Әужанның (Әбуғали) Ақыш деген баласына атастырып, шашбауына жіп тағылған... Екі бірдей есімге ие Фазиз-Бекеш те сүндөт атына мініп, екі ауылдың ортасында шапқылап жүргеніне бірталай уақыт болды. Алайда оның соңынан бала ере қоймады...

Әлиманың алғашқы қүйеуі Қанафия мендеген құрт ауруынан опат болған-ды. Жастай қосылған жарына марқұмының қалдырып кеткен «мұрасы» да – осы, кеудедегі дерті болса керек. Сол дерптай байғұс әйелді жаңа жұртында да босатпай, балалы болып, бағы жанып, қадірі артқан сайын бойын мендеп, шыр айналдырып баққан. Әсіресе биылғы қыс. Бір күн сау болған жоқ, ыңқыл-сыңқылы кебейіп, кеш-қонды, жол тауқыметін көтере алмайтын халгежеткен. Оның үстіне байғұс әйелдің аяғы ауыр, босанатын мезгілі таяу. Күні жақындаған сайын екі ауылдың дегбірі қалмай, бейкүнә ананың қасына кексе әйелдерден күнитүні құтуші қойып, шыдамсыздана тосып отыр...

Кекектің тууына екі күн қалған таңда ақ түйенің қарны жарылды. Әлима ана үл тапты.

Бұл доңыз жылы еді. Жаңаша айтқанда, 1899 жылдың 12 сәуірі (ескішіде 31 наурыз) болатын. Өзі үшін ерекше бұлоқиғаны Имантай ақса-

қал үйінде қастерлеп ұстайтын Құран кітабының қалың мұқабасының ішкі жағына: «Доңыз жылында, жана есеппен 1899 жылы, наурыз айында, яки марттың 31-жұлдызында жаппар жаратушы Имантай деген құлына ұл берді. Нәрестенің есімін Ғабдулғани қойдық», – деп араб әрпімен жазып қойыпты...

Балпаңдай толық, ұзарып өсken қарын шашы қап-қара болып ұйыскан, басы бақырдай керемет үлкен, көзін толық аша алмай, жарыққа сығырая қараған қызыл шақа нәрестені тұңғыш рет жерден көтеріп, кіндігін кескен қоңсы ағайын Қасеннің келіншегі Мейіз деген кісі екен.

Тағы да Құрмантай абызға хабаршы жіберіледі. Жайлауға ұзап кеткен жолынан қадірменді қарт кейін қайтады. Екі ауылдың үлкен-кішісі қонақ үйге жиналып, алқақотан отырады.

Батагей қарт баланың орауын жазып, құлағын ашып, «Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани!» деп үш қайтара айғайлап, азан шақырады. (Бұл сөздің мағынасы – аса биік, яки «Мәртебелі құл» деген үғымға саяды.)

Осыдан соң нәресте туған анасының қасына апарылады. Оңаша үйде, алды-артына тауғып үйген құс жастықтардың қоршауында, орауда отырған Әлима кішкене бөбөгін мейірлене іскеп: «Фаниым менің, Фанышым!» десе керек.

Ғабдулғазизді Бекеш дегені сияқты, Фаныш деп еркелетіп атайды, оны ауыл-аймағы, соңынан құллі қазак, әлем қауымы солайша таныған, тек мектепке қатынап, куәліктер алған кезінде есімнің орысша жазылу жөнімен Қаныш боп өзгерген.

## 2

Сәтбай аулы кішкентай Қаныш пен жас босанған, әрі дімкәс Әлиманың бабын ойлап қыстаудан кекекті ұзатып көшкен. Жолшыбай да үрдіс жүріп асықкан жоқ, әлденеше жерде еру жасап, келіктерін тынықтырып баппен қозғалып отырып, мамырдың аяғында ғана Шабақай өзенінің жағасына жеткен-ди.

Бұрынғы жылдарда бұл ауыл Нияз тауынан да әрі асып, Каракелге дейіп баратын. Бірақ бидің қалауы биыл басқаша болды: баласының шілдехана тойын осы арада, қаржас ауылдары жынын отырған төр жайлаудың иін ортасында өткізуді макұл керген.

Бұл жолы би тіпті аянбаған сынды. Жасы елудің төртеуіне шығып, елағасы атанып, егдегертқан шағында тағы да нәрестелі болып көңлі марқайып жатқанда, нөсінө тартынсын! Кішкентай Қаныштың шілдехана тойына бар дәулетін салғандай жомарттық керсетеді. Сірә, жүрек түкпірінен жарып шықкан жан ділі шығар:

Байлығым да, барым да – балаларым,  
Солардың бақытына салдым бәрін... –

деп өлең шығарып, ән шырқаған деседі...

Әлиманың денсаулығы аурудан тұрып, жайлауға шықкан соң да онала қоймаған сынды. Бас көтеріп жүруінен тәсекте жатуы көбірек

болғанға үқсайды. Тоқ етерін айтқанда, дімкәс ананың омырауы бітімі ірлеу туған нәрестені жарыта алмаған. Сол себептен де кішкентай Қаныш шыр етіп дүниеге келген күні кіндік шешесі Мейіздің омырауымен ауызданған (Арада көп жылдар өтеді, сол нәресте ержетіп, әке атанады: тұн үйқысын төрт беліп бағып-күткен, ез баласының аузынан жырып, әк сүтін емізген мейірман ананы есіне алып, Қарсақбайда туған қызының есімін Мейіз қояды).

Әке-шешесінің кексе тартқан шағында дүниеге келген сәби, әрине, бүкіл ауылдың сүйіктісі болған. Шыр еткен дыбысы шықса-ақ қолдан-қолға көшіп, үлкен-кіші жабыла өбектеп, есі қалмай күтеді. Әсіреле анасы байғұс. «Өз шешемді білмеймін, тілті есімде жоқ. Үлкендердің айтуынша, керемет балажан кісі болыпты. Әсіреле «Кенжетайым» деп мені тым жақсы көрсе керек. Алдында жатқанда әлдеқалай үйықтап қалсам оянып кетеді деп тырп етпей, қол-аяғының үйиғанына қарамай отыра береді екен...» – деп, сыр шерткен ғалымның өзі.

Сәтбай ауылының 80–90-жылдарға дейін өмір сурғен есті егделерінің жадында Қаныштың анасы Әлима туралы да бірлі-жарым көшелі айғақтар сақталған. Ой-қабілеті құشتі жан сезді орайымен тауып сейлеп, әсіреле жұмбақ, жаңылпаш айтысқанда ауылдастарын шыдатпайтын тапқырлық аңғартады екен. Сұлу көркіне терең ақылы сай «Ақ жеңешенің» ел жадында сақталған жұмбақтарының бірі мынау:

Алыстан қара көрінді,  
Қарайғанмен қарға емес,  
Қампайғанмен бөрі емес.  
Арқасында азық кеп,  
Ірімшік емес, құрт емес,  
Сарымай емес, жент емес...  
Жерге түсті, ін қазды,  
Қарны есті, сыйздады.  
Тиген жері қызарды... бұл не зат?..

Әрине, қапелімде оны ешкім шеше алмайды. Имекенің кіші қосағы соңда іргені нұсқап: «Әне, бүйі кетіп барады, біреуің өлтіре салындаршы!» – деп, жұмбағын шешіп, жұртты құлдіреді білем.

Бергі жылдардағы сұхбат үстінде ғалым туған анасынан гөрі үлкен шешесі Нұрымды кебірек есіне алған. Шынында да, Нұрым бәйбіше ақсақалының кіші әйелінен туған балаларына ғана емес, барша ауылаймақта мінезі жайлы, қабак шытуды білмейтін сабырлы, сонысымен де үлкен-кішіге сыйлы, қолы ашық, мейірімді кісі болған. Ауылдастары бұл кісіні де «Нұр-апа» атандырып ерекше құрметтеген. Әлимаға да ол ешқандай қундестік мінез керсетпеген, әсіреле сырқаты мендеген соңғы жылдарда бағып-күтіп, онан туған балаларды бауырына салып қағажусыз есірген.

Сөйтіп, екі шешенің ортасында тел ескен, бүкіл бір ауылдың сүйіктісі болған еркетотай ай санап жетіле берді. Қаз түрді. Жүрген соң кешікпей былдырлап тілі шықты. Үлкен-кішіні сәби қылышымен алдайтын boldы. Ат көрсе мінем деп үмттылады, тұғырдағы құсқа да алам деп талпынады, қозы-лақты үстаймын деп қуады. Әйтеуір, ұзақты қүнге дамыл көрмей тымпындалп жүгіруден жалықпайды.

Кептеген жылдар өтсе де, ауылдастарының жадынан кішкентай Қаныштың кейбір балалық қылықтары ұмытылмаған. «Қанкежан біржосын тыныш бала болды, – деп әңгімелейді оны бесікте тербеткен Нұрлан Қасенов. – Басы бақырдай үлкен еді, өте көп үйіктайтын. Жер басып отырған шағында, тіпті журе бастаған кезінде басы ауған жағына құлай кетіп, зәремді талай алғанын қалай ұмытайтын... Би атам сол күннің өзінде-ақ: «Менің осы балам сөз үқпайтын маубас, не елден асқан данышпан болады. Әйтеуір, осының бітімі белек, өзгеше жарапған», – деп бәрімізді күлдіретін. Тағы бір ауылдасты Садық қарт: «Менің билетінім – Қаныш бала болып өскен жок, кішкентай кезінен-ақ онда үлкеннің мінезі болды», – деп таңырқаса, Иген Баязитов деген туысы: «Ойнап өспейтін бала бола ма? Қанышпен асық та ойнадым, алысып та ойнадым. Бізден ерекшелігі – бір ойынды көп ойнамайтын, тез зерігетін. Ойын үстінде әр әлуан тапқырлық жасап, зейінімен ұтып кететін...» – деп куәлік айтады. Фалымның дербес архивінде (ҚР-ның Ұлттық Ғылым академиясының Қ. И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының арнаулы қоры) Қазірде бұл материалдардың дені ҚР-ның Мемлекеттік архивіне ауысты) мұндай естеліктер әлденешеу. Солардың бірі, Мұқыш Шәдетов естелігінде көңіл аударғандай, мынандай бір оқшау сөз бар: «Жайлауға шыққанда сиырдың өлі жүнінен доп жасап қақпақыл ойнайтынбыз, ал бұдан жалықсак, әлде-қандай бір тақырды меншіктеп алып, асық соғамызы. Қаныш та бізден қалмайды, бірақ ойнап жарытпайды. Өзен табанынан ақ тас іздел, көбіне ез бетімен лағып жүреді...»

Әлбетте, ойын баласының, бұл қылышын оның болашақ мамандығымен байланыстыру қисынсыз әрекет. Әрнеге әсершіл бала ақ тасты, сірә, бір ғана қасиетіне бола қызықтаған. Әйткені қараңғы туksenende, тіпті шыдамы жетпесе атасының күпісін бүркеніп алып, ақ тастарды бір-біріне соққыласа – көк жасыл ұшқындар шашып, айналаны от жаңбыры орап, таң-тамаша қызыққа кенелер еді... Есейе келе баласың талғамы өзгерді. Жуа іздел тауға шықса, сасыр алу үшін сайға құласа, көбелек қуып өзен жағаласа – әлдебіреу жолына әдейі шашып кеткендей-ақ небір әдемі тастар кезіге қалады: жылан жонды шұбар ала, аспан реңдес жасыл көк, сынған беті шырша кескінді ирек-ирек, иә қолдан қиғандай қошқар мүйіз ернегі бар ақшағыл, мәлдірлігі шыныдай опырылмалы жұп-жұқа тастар – соның бәрі де даланың қарақошқыл жер тасына ұқсамайды, өзгеше жұмбак мүсінді... Қалайша тастап кетесің? Көтере алса сол күйінде, әйтпесе бір мұртын сыйдырып әкетеді. Кішкентай Қаныштың қалтасын тесетін тегінде, құрт, ірімшік, иә асық емес, даланың осындағы түрлі түсті жабайытасы. Үлкен апасы аузын бүрмелеп тігіп берген асық қалта да ақыры тас салатын дорбаға айналған.

Сезімтал бала көңілі өзгеше ермек іздейді. Сайын дала тірлігінен жалығып, қанат біте бастаған жас қиялына самғар еріс тілейді. Әттен, жүріс-тұрысына тұсау көп. Екі ауылдың оған деген ерекше ілтиплаты, әсіресе әкесінің өзгеше қамқорлығы. Қезінен титтей таса болса, өзінен қарға адым қашық жүрсе, биден маза кетеді: баласы жұдеп-жадап, иә әлденеге ұшырап қағажу көретіндей, қапылыста айырылып қалатындаі... Қаныш – оның соңғы қызығы, әмбे шаңырақ иесі. «Кенже-

тайым» деп байғұс аның біліп атаған екен, бұл күнде ол, шынында да кенже... Қаныш екіге толғанда (кейбір естеліктер бойынша, беске шыққанда), Әлима дүниеден қайтты. Ара ағайынның тағы да төсек жаңғырт деген қамқор сөзіне Имантай бүлжолы қулақ асқан жок, қалған ғұмырын үш қарғасының жолына арнап өмір кешуді жөн көрді...

Ойын баласына ермек көп. Қанышта жас күнінде барлық бала атаулыға тән шалағайлық, шалдуарлық қылықтың талайын керсеткен. Ұйықтап жатқан Қазизаның қойына құрбақа салып жіберіп, іә торға түскен жарқанатты қазандағы сүтке тоғытып, үлкен апасын шошытқаны – Сәтбай ауылының үлкендері кейіннен қызықтап, ертегідей тамсана жыр ететін еркелік сипаты. Қыстаудың желкесінде бір беті түйтіланып біткен оқшау тас барды. Балалар асықты қебіне соның үстінде ойнайтын, ал қыста бүл жер – қолдан құйғандай тамаша сырғанак. Шоқша тастың желкесіне көтеріліп, шананды ылдига қарай қоя берсөң – қарсы алдынан тымық күнде жел саулап, көзіңнен жас парлап құйындағы ұшасың, ақыры өзен жарына барып бір-ақ тірелесін. Тегінде, мұнша биіктен шанамен түсу екінің бірінің қолынан келе бермейді, жүректілердің үлесі. Ересек балаларға елігіп Қаныш та бір күні шоқша тас үстіне көтеріледі. Жүрексініп алдына қарайды: шаншылған бақандай тікжар. Қалай түседі? Қорқақ атанаң кетсе – тағы қыын; ал қасындағы демеушілер еркіне қояр емес, бол-болдап дегбірін алып барады. Ақыры шыдай алмады, көзін жұмып қойып кетті. Жебедей зымыраған шана ағып келеді, тіпті олай-бұлай бұруға үлгерпеді, там үйдің қарын керілген жатаған терезесінен ішке бір-ақ сұңғісін...

Қаныштың Алыпсоқ дейтін иті болатын. Нагашысына қыдырып бағанда тай мінбей, «Жақын кісіден ит алу – жаман ырым» деген ақылға да көнбей, кезін жаңа ашқан күшікті қойына салып, атан түйедей қалап әкелген. Заты дүрегей Алыпсоқ кейін тайыншадай болды. «Бір күні қызық болды, – деп әнгіме шертеді Нұрлан ақсақал. – Қузеуден қораға келіп қонғанбыз. Шаруаның қебейіп, үлкен-кіші түгелдей әбігерде болатын мезгіл. «Пәлі, Кенжені қарандар!» деген дауысқа жалт қарасам, қолында сүйреткен бірдемесі бар Қанкежан Қарамұрынның үстінен түсіп келеді, сонында арсаландаған Алыпсоқ. Тұра жүгірдім. Қырдың сүр қояны екен, тамағынан ит қысып тастаған... Сейтсек, біз шаруа қамдап жүргенде, Қанкежан жаз бойы көрмеген үйреншікті ойын тәбелерін араплауға шығады. Ажалағой, қалқан құлақ қоян сорлы қараған түбінен тұра қашыпты. Жүйрік Алыпсоқ қоя ма, дөң асырмай бас салған. Не керек, құздың қара сұығында бүрсөндеп жүрген бізге аяқ астынан себеп табылды. Балаң аңшы болды, ез бетімен қоян алды деп, Нұр-апаның еркіне қоймай марқа сойғызып, етке бір тойдық...

Дүз аңына әуейлік енді әкесі Имантайдан құртақандай Қанышқа да жүққан тәрізді. Әділін айтқанда, бұл өнер оған үлкен ағалары Әбсөләм мен Бекештен дарыған. Ауылға әлдеқалай қонақ келсе, иә қар жауса, жігіттер аттарын сұтып, тазы, құстарын балтай бастаса-ақ, кенжеден маза кетеді Үлкендердің сонынан қалмай елпілдеп жүгірумен болады; аңшы меймандар неше түрлі әңгіме айтып, жоқты бардай етіп өтірік соғып жатса да, құлағы деддіп, аузы ашылып тың-дап отырады. Әсіреле Бекештің «Қарашаңырақ» аталған қыран қаршығасын айналсоқтап, кейде тіпті құсты жемдеуге көмектесіп, ағасы

жоқта «Кәл, кәл!» деп шақырып, тұғырда мұлгіп отырған қыранды елеңдетіп қояр еді.

Көктем шыға ауыл жайлауға көшеді. Қаныш үшін бұл сағынып күтетін ерекше күн! Бұл сәтті балалар қыс бойы шыдамсыздана күтеді. Төр жайлауға жеткенше неше тәулік жол журу керек. Үрдіс көшпей, жолшыбайғы бұлак, суларға екі ауыл бес-он күннен қонып, мал мен жанға тыныс беріп біртіндеп жылжып отырады. Кебіне қонаатын жерлері – Батпақкөл, Шыбындықел, Шөптікөл, Айнабұлак, Шабақайдың басы, ең ақырында Нияз таулары.

Жомарт табиғаттың сезімтал балаға әсері өзгеше. Шыр етіп жерге түскеннен бері ол соның аясында. Даланың шыжыған ыстығын да, қарлы боран, қақаған сұығын да қаршадай кезінен керіп келеді. Соның бәріне де етене болып көндігіп, күн санап қанаты қатайған қыран бүркіттің болат тұяқ балапанына ұқсанап жетіліп келеді.

х х х

Әмір шіркін аққан судай тоқтаусыз жылжып өтіп жатыр. Қалыптан тыс тез есейген Имантай бидің кенжесі қажыға қарасты екі ауылдығана емес, мал ерісіндей төңіректегі қандас ағайынның үлкен-кішісін кейір міnez-қылыштарымен таңырқатып, әрі біржосын сүйкімділігімен де ез тұрғыластарынан даралана берген.

«Мен жап-жақын жердегі көрші ауылданмын, ал Қаңке... Атам үйінде (Имекенді айтады – М. С.) ерекше тәрбиеленген, аппак, шашы бүйра, асықпайтын, киім киістері бәлек, маңғаз болатын, – деп әңгімелепті Жұмаш есімді егде кісі («Сәуулелі әulet» кітабы, 71-б.). – Атанаң басқа балалары бізден ересек. Мен қатарлы балалар Қаңкемен жақын журуге, бірге ойнаға құмар-ды, бірақ бата алмаймыз, қасында оның күтушілер жүреді... Шіркін, балалық-ай, «Қаңке неге аппак, мен неге қоңырмын? Кеп жуынсам мен де аппақ болам, киімді таза киінем, сонда Қаңкемен ойнаға рұқсат етеді» деп ойлап, бойымды таза ұстауға дағдыланыптын. Ақыры Қаңкемен бірге журуге қолым жетті, екеуміз өте жақын жүріп естік. Онымен бірге өскен кезім мені әр нәрседен хабардар, көзі ашық болуға үйретті...»

## «ҚАШАҒАН ҚҰЛЫН ҚАСҚЫРҒА АЛҒЫЗБАЙДЫ»

1

Бағзы қундегі қазақ ауылының тірлігі тек қана сыпыра кешіп, азын-аулақ малына жайылым іздеп бейнет кешу десек – қиянат болмак. Жоқ! Ертеңін ойлаған қамкөңіл ел замана көшінде елегізе қарап, келешек өміріне лайық рухани азық, жан тояттар суаттар тілейтін; еңсесін ез-ген қараңғылық түнегін түретін жарық іздейтін... Сол жолда қанағат тұтып әзірше ұстанғаны – жасеспірім үрпағының мұсылманша тілін сыйндыру. Шамасы жеткен ауыл бұл үшін бірді-екілі молда ұстайды, балаларын үримтап қалаларға жіберіп, медреседе оқытып жүргендер де жоқ емес.

Сәтбай ауылы бүл жолға тіпті ілгері жылдарда-ак бет бұрған. Баланың алғашқы қадамы Үлкен ауылда тұратын молда алдында екі-үш жыл болып, көлимаға тілін келтіріп, мұсылманша сауатын ашудан ба-сталатын.

Имантай да, артынан ерген үш інісі де кезінде осы жолдан өткен. Бірақ үлкен ағаларынан өзгелері арабша қол қоя біліп, Құранның бірер аятын жатқа айтудан әріге аспады, ерте үйленіп, шаруа күйлеп, қырда қалып қойды.

Сол өкінішін ауыл ағасы езіне қарасты ағайынның өлкелі жердің қурағындағы желкілдеп өсіп, тез жетіліп келе жатқан жастарын оқытЫП, алға шығарумен қайтарғандай ойда.

Осы жолда Сәтбай әүлетінен дара шығып, әзірше үздік оқыған жан – Зейін інісінің Әбікейі еді. 1881 жылы дүниеге келген ол Обалыдағы Үлкен ауылда мұсылманша «тілін сындырыған» соң, Омбыда жүріп орысша оқыған. Алғашқы жылы дайындық бөліміне түсіп, соңынан екі сыйныпты училищеде оқиды; ең аяғында Семейдегі оқытушылар семинариясын 1908 жылы тәмамдап, сол жылдары жер-жерде ашылған болыстық бастауыш мектептерге сабак беретін мұғалім болып, ағартушылық қызметін бастайды...

Әбікейдің соңына ілесіп, білім жолын түбекейлі қуатын зерек жастың бірі Жәміннің Мағазы (1888–1944) еді. Құдай тағала оған да үғымталдық қасиетті аямай-ак мол дарытқан-ды. Мұсылманша да, орысша да едәүір мектеп көрген және бәріндеге аса қиналмай женіл оқыған деседі. Бірақ... Немере ағайыны туралы Шәмшиябану Қанышқызы: «Мағаз аға... байдың еркін ескен үрпағы, ...кебіне өзін балтап, өзі үшін өмір сүрген сияқты. Жасы толысқан шақта сауатты Мағаз ел басқару мекемесінде аса ауыр емес, жан қинамайтын қызмет істепті... Соғыс жылдары оның тыныш қалпын едәүір бұзуға тұра келеді. Бұрын қаннен қаперсіз түске шейін үйіктастын Мағаз аға күтуші Жұмағұл ерте оятқанда, «Осы таң атпай жұмысқа баруды кім шығарған?» дейді екен. Осы сез маңайдағы адамдарға жайылып, жымия күліп, ағайдың өз қалауынша, сағат 10–11-лерде баратын кенсе қызметін берген. Мағаз ағаның мінезі жайлы, қатты сөйлеу, ұрсу дегенді білмейтін, елге қадірлі еді...» («Сәулелі әулет», 156-б.).

Сәтекенің тағы бір немересі Әбсәләм Жәмінұлы (1889–1943) Имантаев та ауыл молдасынан көп-көрім сауат ашып, үғымталдыры арқасында арабша шықкан кітаптарды, әсіресе Шығыс ойшылдары мен акындарының шығармаларын еркін оқытын, солардан үққандарын ауылдастарына майын тамыза айтЫП беретін, орысшаны да біршама жақсы менгерген білімдар адам болған. Алайда өмір жолына тірліктің басқа түрін – сәнді киініп, бой түзеуді, серлік құрып, ән-күйді құмбірлөтіп сауық құруды, қыран құстардың неше түрін балтап, құмай тазылар ұстап, аңшылықпен әуестенуді көбірек күйттеген. Имекен мен Нұрым бәйбішенің бауырына салып, өз аттарына жаздырыған еркетотай болғандықтан, отау үйінің тұтінін ертерек түзеп, ақырында ауылаймақтың шаруасымен отырып қалған сынды...

Ауыл ағасы жүктеген қатаң тәртіп бойынша, Обалыдағы молда алдынан мұсылманша хат тану – жасы жеті-сегізге толған жеткіншектер үшін парыз іс. Имантай Сәтбайұлының бүл үшін молдалыққа жалдаған

кісілері де әсіре шарифатшыл, иә әлдекандай бір шала сауатты дүмшелер емес, медресе бітірген жас білімпаздар. Әрине, алдындағы шәкіртке олар Құранның түсініксіз аяттарын ертелі-кеш жаттаудан гөрі, жаза білерлік сауат беруге көбірек ынта салған. Араб, парсы тілдерінде басылған кітаптарды оқи білу – шәкірттердің бірінші парызы; аят оқу – екінші, үшінші жылдардың енші... Бір жайт анық: бұл мектептен білім алып шыққан бірде-бір шәкірт кейінгі ғұмырында дін жолына беріліп, молда атанаңып, басына сәлде салмаған. Кебі ауыл ағасына елікеп алыс қалаларда, үлкен мектептерде оқуға құштарлық байқатқан.

Имекеннің өз балаларының да алды есейіп, киіз боқшасын сүйретіп жүріп, молда алдына шарт жүгініп отырап мезгіл жетті. Фазиз де Обалыға қатынап, Жұмаш молда Жолдыбайұлының окуын түгескен соң (бұл кісі де медреседе оқыған жас білімпаз екен), Шорман ауылындағы орыс-қазак мектебін бітіреді. Одан әрі егде тартқан әкесінің талабын орындал, қара шаңырак тауқыметін қолына алуға еріксіз мойынсұнған. Фазиз Имантайұлының жаратылысынан аса зерек адам болғандығы жөнінде академик Шапық Шекіұлы «Өмірдің терп мезгілі» атты ғұмырнама естелігінін (А., «Шобдар», 1996) 423-бетінде: «Әлкей Марғұланның айтуынша, зеректігі жөнінен Қаныш Имантайұлы ағасының ширегіне де жетпейді екен. Осыны айтқанымда, президенттің көзіне жас алып: «Бекештің мен, шынында да, тырнағына да тұрмаймын...» – деп, қиянат жаламен тағдыры ерте қылған жан ағасын тебірене есіне алғанына куәлік етеді.

Қажы немерелерінен Әбікейден соң оқу жолына түсіп, оза оқыған Әбдікәрім (Кәрім) Жәмінұлы (1897–1937) болыпты. Ол да үлкен ағалары салған дәстүр бойынша, Омбыда оқып, орысша тілмен қоса түрлі өнер үйренген. Ол туралы Ә. Марғұлан естелігінде: «Кәрім Сәтбаев та семинарияда оқыған, жүйрік, білгіш адамның бірі, жан-күйі өнерді, музыканы сүйген кісі болды...» – деген сынды лебіз білдірсе, жазушы Зейтін Ақышов «Қаныш аға» атты естеліктер (А., «Жазушы», 1989) жинағына енген жазбасында: «Сәтбай ауылының жастары орысша оқуға басқалардан әлдеқайда кеп бұрын бет бұрды. Олар көбінесе Ақмола, Семей, Омбы қалаларында оқыған. Жаз елге келгенде екі киіз үйді жалғастырып тігіп, соның ішіндесспектакль қойғанын көргеніміз бар... Домбыра, гармонь да тартады. Әбдікәрім скрипка да тартады екен, елең айтады. Неше түрлі спорт ойындарын көрсетеді. Көрші отырған ауылдардың кәрі-жасы бір рақаттанып қалады...» – деп, бала күнінде көргенін сырғып шерткен.

Тәңкеріс жылдарында Кәрімді дүрбелен-дүмпуі мол болған Ақмоладан көреміз. Бұл жайында Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» атты ғұмырнамалық романының 393-бетінде (А., ҚМКӘБ, 1960) мынандай қуәлік қалдырыпты: «Кәрім Сәтбайұлы Ақмолада бізben жанастып жүретін... қазақ балалары, қазақ жігіттері оқытын курс ашқанбыз. Сабак беретін мен болғанмын. Сол курске Кәрім елден келген бір жігітін кіргізген. Екеуі Мәтжан деген белгілі қазақ байының үйінде жататын. Міне, сол 1918 жылы кешкі курсте езімнен оқыған дөңгелек, бота көзді қараторы жігітпен енді 1919 жылы апрель айында Баянауыл ауданында, Далба тауының алдында, қазақ ауылында, шеткі үйде, таңертең кез болдым...»

Әрине, дәстүр солай болған соң Имантай бидің сүт кенжесі һәм оған қарасты екі ауылдың сүйсіне қызықтаған еркесі болған Қаныш та бала атаулыға міндет ғып артылған «тіл сындыру» мектебінен қалыс қалмайды.

Әдette, шәкірт бала молда алдында тізесін бүгіп, жазу тақтайын келденен ұстап, қағаз-қарындашын сайлап, төмен қарап мелиген қалыпта тым-тырыс отыруға тиіс. Молдекең кітабын қолына алады да, қарсы алдында қойдай жусаған балалардың бірін таяғымен нұскап: «Бәтшағар, сен бастайсың!» – дейді. Таңдау түсken байғұс бала та мағын кенеп алғып, молдекең қолына ұстатқан кітапты мақамдал оқи бастайды. Өзге шәкірттер біреу қуып келе жатқандай-ақ іле оны қостай жөнеледі. Сол-ақ екен, жатаған там үйдің іші жамыраған дауыстап у-шу болып күніреніп шыға келеді.

Еркі өзінде болса, Қаныш бір күн де бұл үйде отырmas еді: Қарамұрынның басынан сырғанақ теуіп, тіпті құла тайын ерттетіп алғып, екі ауылдың ортасында жеммен жарысып жүруі хақ; ал Бекештің оқу кітабын тізесіне қойып, оның тасқа басылған беттерін санап, суреттерін тамашалау қандай қызық!... Иә, оның кітабы өзінікіндей емес, әдемі де өзгеше безенген. Әсіреке суреттері керемет! Шауып бара жатқан құлын, жайқалған тоғай, сауыт киген орыс батыры айна қатесіз дәл бейнеленген. Оның мұғалімі өздерін оқытатын молдадай қатыгез емес, қолында таяғы да жоқ. Қашан көрсөн де: «Әйін, малай қазақ, минің мәктәбіме син қашан киләсің?» – деп күліп тұрады. Бірақ, амал қанша, бала мұны білмейді. Әкесінің құзыры солай. Бекеш бастаған ересек балалар Мырза ауылындағы бастауыш орыс мектебіне қатынайды. Олар атпен барады, ал әздеріне қар бірер жауғанда жөнді көлік те тимейді, екі ауылдың арасында жаяу-жалпы малтығып жүреді...

Жұмаш молданың алдында Қаныш екі жыл отырады. Көп жылдар Имекең тәрбиесінде болып, Кіші ауылда өскен Тармызы Әбсәләмұлы бұл жайында: «Қанкенің оқуға зеректілігі сонда-ақ мәлім болған. Ол біз құсан ескі оқуды әлденеше қыс мыйыған жоқ, сөзді де ежіктемей бірден оқып кетті. Мұхтасар мен биданды\* тез менгерді. Сол себепті, би атам оны молда алдында кеп ұстаған жоқ...» дейді.

Нақ сол жылдарда кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдette, бұл сабак өз үйінде, әкесінің алдында ететін. Әмбे оның кесулі уақыты болмайтын, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде жүре беруші еді.

Алғашқы ынта, тегінде, әкеден басталады.

– Балам, жыр сабағын ұмытпалық. Кітабыңды әкел.

Былғарымен тысталған қызыл қоңыр қалың кітапты құшақтаған Қаныш атасының алдына келіп отырады да, санқылдаған ашық дауыспен оқи бастайды. Окуы аса жатық емес, әредік дұрыс оқып отырмын ба дегендей күдікпен әкесіне жаутаңдал қарап қояды. Кейде әлдебір сөзге тілі келмей, кібіртіктеп те қалады. Кітаптың тілі балаға аса ұғынықты емес, түркі-шағатай немесе парсыша жазылған. Ақындардың есімі де бейттаныс: Руми, Сағди, Хафиз, Жәми, Науай... Сөйтсе де бұларды оқу – молдекең алдында шарт жүгініп отырып, құранның

\* Арабша оқудың алғашқы басқыштары.

аятын жаттағаннан әлдекайда қызық... Көбіне оқитындары ұзак жырлар: «Жүсіп – Зылиқа», «Ләйлі – Мәжнүн», «Гүлстан», «1001 хикмет», «Диуана пәни» ...Әкесі солардың бәрін де жатқа біледі. Кенжесі әлдебір қыын сөзді ажыраталмай ежіктей бастаса, тұтас бір шумақтарды жатқа айттып, әмбе солардың мазмұнын бірден қазақшалап береді. Тек екінші қайтара оқығанда ғана:

– Қане, балам, енді өзің айт, – дег сабырмен тосып отырады.

– Һауер – қорқу, үрейлену. Пақыр – бейшара. Ал хәль... хәль?.. – дег Қаныш кібіртікте қалса, әкесі жалма-жан «бір уақыт, сәт мезгіл, қас қағым» дег сүйемелден жібереді.

Осылайша бірде парсыша, кейде арабша жүретін сабақ талай күн, талай сағаттарға созылып, айлап, жылдан жалғаса береді. Анығында жыр оқу жас шәкірттің зеріккенінше жүреді. Бірақ оны зеріктіру де онай емес. Баланың ұғымталдығыға ғажап. Небір қыын сөздерді, тұтас сөйлем, шумақтарды екі айтқызбайды, естіген сәтінде қағып алады. Оқуға құштарлығы да өзгеше. Сұрамайтыны жоқ, білсем, көрсем дег ынтығып тұрады. Сыншыл әке перзентінің сол қылышын әлде қызықтап, әлде болашағынан үміт күтіп: «Осы баламның зейіні бөлек, мұны анау-мынау жеңіл сөзбен шығарып сала алмайсың!..» – дейді екен сол жылдардың өзінде.

Әке еңбегі зия кеткен жоқ. Біраздан соң талапты шәкірт ескі заман ақындарының асыл мұраларын өз бетінше оқитын болды...

(Арада көптеген жылдар өтеді. Сауықтыру орнында жүргенде, иә жақын дос-жарапарымен бас қосқан мәжілстерде, әсіресе онаша қалып, ойға түскен қайсыбір сағаттарда Қаныш Имантайұлы парсы тілінде мақамдап сейлеп кетер еді. Әдетте, бұл Қожа Хафіздің, иә Омар Һайямның ғазалдары болады. Қасындағылар аң-тан. Қай уақытта оқыған, қалай үйренген?.. Шынында, ол парсы, араб ақындарының кейбір жырларын ғана білетін. Шаршаған, әлденеге қамықкан кезінде солардың мөлдір қайнарынан ләззат алып, бойын сергітіп, өзінше демалып отырар еді).

Баланың өлең-жырға, ән-думанға құштарлығын ауылдастары ерте аңғарған. Ауылға қонақ келсе, әсіресе домбыралы, қобызды меймандар топтап түсті мекішкентай Қанышта ес қалмайды. Сондағы тілейтіні – қонақкәде алу. Оның өтеуі – ертек, жыр, ән. Әкесінің бір тізесіне жайғасып алып, жыршының аузына кеш бойы телміреді де отырады. Есейе келе өзі де Бекешке елігіп домбыра шертетін болды. Үлкендер мадақтап: «Біздің Қанкежан да әнші болады, айналайын, айта ғой!» – дег кеттермелесе, іркілмей шырқапта жібереді.

Ақын-жыршылардың Айырықтағы Кіші ауылға ат басын көбірек бұрып, жиілете еру болуы кездейсоқ еместі. Тегінде, бұлауыл иесінің ел сөзін ұстап, би сайланғаннан бергі машығы емес, бойына ежелден біткен қалыбы. Сөз өнерін құдірет тұтқан сері де сауықшыл қауымға ол әрқашанда құрметпен қарайтын. Әсіресе шешен сәйлеп, ел шежіресін тәндіре шерткен зиялышармен сұхбат құруға... Алдаулы іске билік айтқанда өзі де ескі билердің нақыл сөздерімен мақалдалап сейлейтін-ді.

Әсілі, әрнеге еліктегіш кішкентай Қанышқа туған ағасы Бекештің ізгі енегесі де әсер еткен тәрізді. Бұл жайында «Сәулелі әulet»

кітабының 37-бетінде: «Фазиз Имантайұлының... кітапханасы бай болатын, бірнеше қатар орналасқан биік шкафта дестеленген кітаптардың көбінің ішкі бетінде «Фазиз Сәтбаевтың кітабы» деген әшекейлі таңба бар-ды. Бұл бөлме сол маңайдың бейне бір ағарту орталығы сияқты еді, адамдар кітап, журнал алып оқып, қайтарып жататын-ды. Сырты қоныр дермантин журналда кім, қашан, қандай кітап алғаны жазылатын, алған кітапты таза, үлкен қағазға әдемілеп қаптатқызатын, таза ұстауды, сызбауы, белгі қоймауы қадағаланатын...» – деп, өзінің бала күнінде көрген ұлағатын Шәмшиябану Қанышқызы тәптіштей суреттеген. Рас, бүл естелік ағатайының жігіт ағасы атанып, Омбы іргесінде тұрған жылдары туралы. Десек те, мұндай ұқыптылықтың бір күнде тua салмай, мол кітап қорының да оп-онай жинала қоймайтынын ұмытпалық. Фазекенің келіні Шәрипа Смағұлқызының ауызекі әңгімеде бізге: «Ағатайым қағазға өте ұқыпты кісі еді, әсіресе кітап жинауға. Семей мен Омбыға жолаушылап барғандарға ақша беріп, ылғи бір жаңа кітаптар алғызатын, – деген-ді. – Күн сайын беті ажырайтын күнтізбек алдырып, бірақ оны жыртқызбай, өткен күннің бетін жіптің астына қыстырып қоятын. Сол бетке және ауа-райын, желдің бағытын жазып, жауын-шашын, іә боран келе жатқанын күнілгері есептеп шығарып, ел-жұртқа ескертіп отыратын-ды...»

## 2

Орыс патшасының қазақ елін бодандыққа алғалы аттай бір ғасыр толды. Ұлан-байтақ жерімізге қорған, миллиондаған малымыз берін жаңымызға пана болады дегенбіз. Жұз жылдық қитұрқымен езгілеу саясатының нәтижесінде хан мен билердің құзырынан ада болдық, бөтен жүртқа тәуелділік қамытын кидік, ақырында рухани азуға ұшырадық. Байырғы қазақ атымыз киргизға айналды, тіліміз татаршамен шұбарланып, дініміз байлауға түсті, ежелден бай тарихымыз да тонауға ұшырап, емірден өше бастады. Ұлтжанды Ахмет Байтұрсынов сыңды ойлы оқығандарымыз біз осы тарауда сез етіп отырған жылдарда жазған «Жиған-терген» елеңінде:

Қазағым – елім,  
Қайқайып белін,  
Сынуға түр таянып.  
Талауда малын,  
Қамауда жаңын,  
Аш көзінді оянып.  
Қанған жоқ па әлі үйқын,  
Үйықтайдын бар не сиқың?! –

деп қамыға назаланып, туған жұртын қарандылықтан құтылуға, жарық дүниеге ұмтылуға шақырғаны да сондықтан.

«Орыстандыру саясатының зардабы қазақтардың мұсылманшылық парызын өтеуге де соңғы кездे кеселін тигізуде, әкімшіліктің рұқсатынсыз олар ешқайда тырп ете алмайтын халге жетті, – делінген 1905 жылдың 26 маусым күні Қоянды жәрменекесіне жиналушы 12767 адам қол қойған, Ресейдің Министрлер Кеңесінің тәрағасына жолдаған

құзырхатта (петиция). – ...Сол себептен де мешіт салу, медресе мен мектеп ашу туралы арыз-хаттарымыз әрдайым жауапсыз қалып келеді. Халықтың мұддесімен де, оның тарихи құқықтарымен де санаспай, бәр-бәрі орыстандыру саясатының жолына құрбандыққа шалынып отыр...»

Жә, сонда билеуші үкімет бұлардың орнына қандай игілік ұсынған? Сөз етіп отырған жайты нақты айғақтау үшін бұдан арғы әңгімені Павлодар уезі бойынша өрістетеміз...

XIX ғасырдың аяғында Павлодар уезінде 185787 адам тұрған, оның 169804, яғни 91,4 проценті осы өнірдің ежелгі мекендеушілер – қазактар екен. Казак-орыстардың бұл жерде тұрақтағандары – 9031адам, келімсек мұжықтар – 1839, мещандар деп дараланғандар – 3685 жан, яғни уездегі орыс тілділердің жалпы үлес салмағы – 7,83 процент қана. Татар мен өзге бұратана үлттар өкілі – 1429 адам, яки 0,76 процент.

Ояз орталығында сол жылдарда 14534 тұрғын болыпты. Бұлардың көпшілігі орыс үлтты екендігі түсінікті, сейтсе де бұл есепке бірлі-жарым қазақтар мен қала іргесіндегі «Кекжатақты» мекендеушілер де енген. Павлодарда сол кезде 3-сыныпты қалалық училище, қыздардың кәсіби гимназиясы, ауыл шаруашылығының төменгі сатылы мектебі, бастауыш қыздар училищесі, бір сыныпты шіркеу мектебі, ер балалардың казак-орыс училищесі, жиыны 6 оқу үясы тұрақты жұмыс істеген. Бұларда қанша шәкірт болғаны беймәлім, сірә, жалпы қарамы үш-терт жүзден аспаса керек, соларға 24 мұғалім үстаздық еткен. Ояз есебіне 16 казак-орыс станицасы тіркеліпті, солардың үшеуінде ғана шағын шіркеу болған, демек, соншама приход мектебі де ашылған... Қысқасы, бүкіл уездегі 27 оқу үясында 45 мұғалім еңбек етіп, осы өнірге тұрақты қоныстанған халықтың 7,83 процентін ғана құрайтын орыс тілді жүрттың рухани сұрауын қанағаттандыруға қызмет атқарған. Ояз орталығындағы ауыл шаруашылығының төменгі сатылы мектебінде ғана оншақты қазақ шаруасының балалары бастауыш оқу бағдарламасы көлемінде орысша сауда ашып, көбіне жер өндеу кәсібіне үрленген. Ал қалған 26 мектептің бірде-біріне бұратаналар тобына жататын аз үлттардың үрпақтары қабылданбаған, оларда оқуға құқықтары да болмаған (орыс дініне кіріп, шоқынған қазақтар туралы сөз басқаша).

Әлбетте, дала тұрғындары ортасынан заман ағымына бейімделіп, балаларын Омбы, Семей, Ақмолаға апарып, мұғалім жалдаған қазақтар да аз өмес. Алайда бұған Шорман, Боштай, Сәтбай әулеті сынды әлділердің ғана шама-шарқы, әділін айтқанда, ақылы жеткен. «Мұса Шорманұлының үлгісі» атты баянында З. Ақышев Ақжелін болысының Айбас есімді кедейінің Қарібай деген баласын Омбының интернатына орналастырып, одан кейін Петербург университетіне жіберіп, зан-факультетін бітіруне жағдай жасағанын жазады. Ғасыр басында осы елдегі тұлпар руынан шыққан Сұлтанәлі Жуанышбаев мұғалім болып келіп, қазақ балаларын орысша оқыта бастапты. Осы ретте ез ортасынан оза шығып, орыс оқуын ертерек менгерген Рахметолла (Ахметолла деп те айт羞ылар бар) Ақтайулы Барлыбаевтың да есімін атау қажет, бұл кісі де көп жылдар ағартушылық еңбекпен шүғылданған...

Десек те, билеуші үкіметте бодан халықтарды сауаттандырып, дүниеге көзін ашуға ниет болмаған, бұрынғыша қаранды қалпында ұстауды көздеген. Керісінше, шен-мансап үшін таластырып қойып, молырак қамтып пара алуды ойлаған шенеуніктер пиғылы салтанат құрган.

Сейтсе де заман өзгерді. Шорман ауылында 1903 жылы қазақ жеткіншектерін орысша оқытатын мектеп ашылады. Фажапты қараңыз: дала халқының талап-тілегімен де емес, мәртебелі губернатор кеңесінің арнаулы жарлығымен...

Ол жалғыз Ақкелін болысында ғана емес, Павлодар оязының тағы екі жерінде – Қараоба, Маралды болыстарында шаңырақ көтерген. Бұларды аз керсөніз, келесі жылы тағы үш мектеп Баянауыл, Теренқөл, Шақшан болыстарында ашылды. Бәрінде де сабак орыс тілінде жүреді, ал шәкірттері – тек қана қазақ балалары. Ойда жоқта аспаннан түскендей, бұл не қылған батпан құйрық дегендей, шынында да не қылған жақсылық, иғі жарлық?.. Кеше ғана емес пе еді, облыс орталығында шығатын «Семипалатинский листок» газетінің сайқымазақ бір тілшісінің «...Ояздарда тұратын киргиз жақсылары Орынбор, Омы және Семипалат шәрлерінде үлттық гимназия ашу үшін ақша жия бастапты. «Тауыққа бидай неге керек, тары тұрганда» дегендей, киргиз сорлы алдындағы бес ешкісі мен жалғыз тайын қасқырға жегізбей, барымташыға үрлатпай бағып, үйінде тек отырса қайтеді екен?» деп қазақ оқығандарының ігі талабын әжуа еткені. Нәк сол жылдарда Ресей халықтарының қамқор «әкесі» атанған патша ағзам Екінші Николай Романов Торғай облысының әскери губернаторы Ломачевскийдің «Киргиздар ушін оқу орындарын ашудан ешқандай пайдада жоқ» деген ұсынысына беті шіміркестен: «Келісемін, халық ағарту министрінің есіне!»\*— деп қол қойған соң, кімге өкпелеу керек?

Алайда қара ниет тоғышарларға бай Ресей заман талабына қарай бейімделе билетін іскерлерден де құр алақан емес-ті. Бұлардың ниеті жоғарыдағы чиновниктердің керегар ойынан мүлдем белек-ті: «Киргиздарды ұтымды басқарып, өзімізге пайдасы тиетін көмекші етеміз десек, тезірек сауаттандыру керек. Олардың арасынан хат танитын адамдар әзірлеп, шаруашылық, әкімшілік жұмыстарын солар арқылы жүргізу қажет». Демек, бұлардың да түп есебі – бұратана елдің кезін аз-маз ашып, соңынан сауын сиырдай мәңгі-бақи сауу...

Губернатор кеңесі де осы ақылды құп көрген. Сол себепті өткен ғасырдың соңғы жылдарында ояз орталықтарында ашылған арнаулы пансионаттарға әрбір болыстан екіден бала жіберіп, орысша оқытуға жарлық еткен. Оқуға алынған шәкірттердің жасына бірақ қатаң шек қойған: 15–16 жастан кем болмауға тиіс және тек қана ер балалар... Өйткені бұл мектепті олар қысқа мерзімде бітіріп, бірден кеңсе қызметіне кірісуге тиіс; оқу бағдарламасы да болыс хатшысы, тілмәш, іс жүргізуши сияқты женіл қызметтер атқаруға бейімделген; төрт жыл оқып, жасы жиырмада келген шәкірттің, әрине, әрі қарай оқимын деп басын қатырмайтыны, тезірек үй болып, мал табуға ұмтылатыны да ескерілген...

\* Касвинов. М. Двадцать три ступени вниз. М. «Мысль», 1978, 136-б.

«Мектеп деген аты ғана, аныңында бұлардың бәрі де алғашқы жылдарда ағарту орнына ешбір үқсамайтын. Әлдекімнің ауыз үйінде, иә бұрынғы қозы үйшігінде қысылып-қымтышылып отырып сабак бастадық... Алғашқы мектептер болыс аулында ашылды. Сол себепті онда ең алдымен мұрза балалары оқыды, олардан қалған аз орынға жақын мандағы ауылдардан ат-көлігі бар ересек шәкірттер қамтылды, – деп күәлік етеді ұстаздық қызыметін 1904 жылы Теренқөл болысында ашылған ауылдық мектепте бастаған Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Н. Е. Алексеев Павлодар облыстық өлкетану мұражайына тапсырыған естелігінде.\* – Сабак орыс тілінде жүреді. Ал шәкірттеріміз орысша сөйлеу түгілі, туғаннан бері тірі орыс баласын кермеген. Оқулық атымен жоқ, негізгі қолданатынымыз – орыс мектептерінің алғашқы басқыштарына арнап шығарылған кітаптар. Иә, тағы бір алданышымыз – Семей, Ақмола облыстарындағы халық училищелерінің директоры, әрі инспекторы А. Е. Алекторовтың қазақ балаларын орысша сейлеуге жаттықтыру үшін арнайы жазған «Әліппесі» мен «Хрестоматиясы». Мұндағы сөздердің қазақша баламасы орыс әрітерімен басылған, сондықтан әліппені менгерген балаға оны айырып оқу қыын емес. Оқу мерзімі төрт жыл. Төрт жыл мерзімде біз алдымыздың шәкіртке орыс тілі мен грамматикадан, жат оку, арифметика, табигат тану, жағрафия, орыс тарихы және көркем жазу пәндерінен, яғни осы заманғы бастауыш мектеп бағдарламасы келемінде білім беруге тиістіміз... Оқудың төртінші жылында шәкірттерге болыс кеңесі шұғылданатын іс қағаздарын сауатты толтыру үйретіледі. Қысқасы, біздің барлық ынта, тәрбиеміз – дала үшін тілмәш, хатшы, іс жүргізуіш кадрлар әзірлеуге келіп тірелетін». Басқа мектептерге қарағанда, Ақжелін болысындағы білім ұясы әлдеқайда жақсы, тіпті қолайлы жағдайда болған. Оның себебі – Мұрза ауылының белді үрпағы Сәдуақас Мұсаұлы Шормановтың қырдағы тұнғыш мектепке қамқоршы (попечитель) болып тағайындалуында.

Әлбетте, өзі тұратын ауылда мемлекет қаржысымен шаңырақ көтерген тұнғыш орыс мектебіне ол зор ілтиатпен қараған. Бұған дәлел – ауыл-аймағын жинап ас беріп, той өткізгендігі; сол жиында ол оқу үясына туған інісі Біләлдің ізбасары Көкеннің ағаштан қылған, қала үлгісімен асты-үсті тақтайланып, еңсесі биік, терезелері әйнектелген екі бөлмелі отау үйін Шорман әuletінің атынан сыйға тартатындығын мәлімдеген...

Адуын қарқынмен жылнамаға кірген жаңа ғасыр, ішкі Ресей мен Еуропадан құйылған қомақты капитал даламыздың жер байлығымен қоса, қойнында жатқан қисалсыз мол қазына көздерін де тезірек игеруге жол ашты. Қалалар жыл санап қауырт өсті, даланың нәбер түкпірлерінде кен қазатын, оны қорытатын өндірістер пайда болып, соның бәрі өзіне арзан да көп жұмысшы күшін талап етті. Сөзіміздің уәжіне Баянауылдуанының жеріндегі 37 мыс және 10 көмір кеништеріне негізделіп, 1860 жылы шағын болғанмен бақандай 9 зауыт металл қорытқанын айтталық. Ал 1899 жылы құрылған, Кереку кепесі А. И. Деров пен Киевтің қалталы байы Л. И. Бродский иелік еткен «Воскресен тау-

\* «К. И. Сатбаев туралы билетіндерім». Қолжазба.

кен өндіріс қофамы» Екібастұзға Ертіс айлағынан төмір жол тартып, тоғыз шахты қазып, әмбे мыс қорытатын зауыт тұрғызғанда, оған Баянауыл мен оның тәнірегіндегі тоғыз кеніштен – Кектас (Крещенский), Екітебе (Царице-Александровский), Елемес, Қымістебе, Ба-лақоянды, Жуалы, Жанғабыл (Покровский), Сарыадыр (Успенский) және Қазанауыз деген жерлерден кен тасын түйенің қомымен тасыған...

Қарқынды заман іскерлікті, орысша сауаттылықты, кеңсе қағазда-рын тез жазатын жылпос шенеуніктерді қажетсінді. Болыс басқару-шыларының да бұрынғыдай ата даңқымен, иә мал-пұлымен мөрге иеленіп бармағын басушы емес, езі де жазу-сызуға жетік болуын та-лап етті. Ауылдық мектептер ең алдымен осы мақсат үшін үйімдасты-рылған еді, оның шәкірттерінің жасына шек қойылу да осындай қи-тұрқы һәм жәткір талаптан туған-ды, мұның артында орысша оқыған адам ана тілін менсінбей, төзірек шоқынды болады деген есеп те жатқан-ды...

### 3

Имантайдың өз шаңырағынан бұл мектепке тұнғыш барған түлек Бекеш еді. Бұл – 1907 жыл.

Екі жылдан соң оған Қанышта қосылады. Тоғызыныш жылы ол он-ақ жаста. Ал губернатор кеңесінің «болыстық мектептерге тек қана 15–16 жастағы киргиз балалары қабылдансын!» деген тұжырымды бүйріғы ше?

Мұның тұп себебін Шорман ауылының ықпалды билеушілерінің үстемдік әрекетінен іздеу қажет. Шынында да, ізбасар үрпағының жастай орысша оқып, өнер-білімге талпынуын ойлаған олар балалардың жасына шек қойған ережеге ту бастан-ақ өздерінше «түзету» енгізуден тайсалмаған.

Сонымен жалбыраған кекілі үйпалаңып маңдайын жапқан, монти-ған көзі кісіге томсырая қараған, құлағы қалқығандау, тәмпіш мұрын, талдырмаш бойлы, аққұба бүлдіршін ересек балалармен бірге дайын-дық бөлімінде отыр.

Ақкелін мектебінде бұл қарсаңда Григорий Васильевич Терентьев сабак беретін-ди. Шыққан тегі татар, бірақ жас кезінен Еділ бойындағы орыс арасында есіп, православие дініне кірген, жоқшылық кере жүріп Қазандағы мұғалімдер семинариясын бітірген білімпаз азамат.

«Мұғаліміміз Григорий Васильевич тамаша кісі еді. Қазақша өлең айтатын, қарттармен кеңес құратын. Бірақ класқа кірісімен қазақшаны «ұмытып», тек қана орыс тілінде сейлейтін, – деп әңгімелеген Қаныш Имантайұлы 1949 жылы туған еліне келген сапарында жазушы К. Жар-мағамбетовке. – Григорий Васильевич атбаз кісі еді. Алғашқы жала-қысына сатып алған, сырт тұлғасы өте көркем көк аты болды. Жұрт оны «Грыша көк» дейтін. Григорий Васильевич атына: «жат» десе – жатады; «тур» десе – тұрады; «шап» десе – далаға шаба жәнеледі. Ауылдағылар соғанда таң болатын. «Тілсіз жануарды дегеніне көндіріп,

үйретіп алған кісі балалардың орысша сөйлемеген еркіне қоя ма? Оқу қонған адам, мұның айтқаңын бұлжытпай орындау керек» деп бір-біріне уәж айтып көтермелеп отырушы еді. Шынында, ол бала тілін білетін биязы кісі болатын».

Теңіректегі жүрт бұлғыны «Ағаш үйдегі мектеп» атандырған. Қаныш болса – 1909–1911 жылдарда оған қатынаған балалардың ең құртақандайы. Сірә, содан да шығар, ересек шәқірттер оны ерекше жақсы көреді. Өзі де біржосын сүйкімді де қылықты бала. Қазандай үлкен басын одан әрман зорайтып тымақ киеді, үстінде қынамен боялған сары тон, онысы есетіндігіне есептеліп, бірер қарыс ұзын, әрі кең пішілген... Әрине, ол жалғыз жүрмейді. Өз ауылышын ересек балаларымен бірге келеді, кебіне Бапай, Жұмағұл, Нұрлан сықылдықұтушілері әкеп салып, қайтарында да ат, шанарапын сайлап күтіп тұрады.

Ересек шәқірттердің, олардың дені сол күнде үйленер межеге жақындал жүрген жас жігіттер-ді, аудың қонжығынша қорбандаған кішкентай Қанышқа жаңы ашып мұсіркей қарауы жыл өтпей-ақ тыйылғып, кебіне бас шайқап тақырқайтын әдептө көشتі.

– Шәқірт Сәтбаев, тақта алдына! – дейді Григорий Васильевич.

Қаныш түрлі жан-жануарлардың суреті ілінген тақтаға келеді.

– Мынау ненің бейнесі? – Мұғалімнің шыбығы тақтадағы бір суретті нұсқайды.

– Жеребенок.

– Дұрыс, балақан. Оның түсі қандай?

– Саврасый.

– Осы құлынды қасқыр жеп кетті дейік. Соны енді Имантай атаңа қалайша айтасың? Әрине, орыс тілінде.

Бала томсырайып тұрып қалады. Сірә, сейлеуге зауқы жоқ.

– Қане, қасқырды орысша қалай айтасың?

– Білсем де айтпаймың! – деп, шәқірт кенет теріс айналады.

– Әй-әй, сірә, ұмытып қалғансың, ә?

– Жоқ, білемін. Потому что, не мог жеребенка съесть волк. Потому что, он очень-очень беглый и быстрый. И наш Касен-ага – смелый, шипко крепкий табунщик, не дал бы волку съесть...

– Вон что! – Терентьев қолын жайып, шәқіртінің тапқыр жауабына таң қалып, әрі сүйсінгендік аңғартады. Баланың қиқар сезін үққандар ду күліп, қоштау көрсетіп мәз болысады.

– Сейтсе де, Қаныш-жан, мысал үшін осы оқиғаны әкеңе орысша қалай айтпақсың? Қане, не дер едің? – деп, мұғалім де үнін қатайта сөйлеп, Қанышты өз ырқына бұрады.

Айтуға болмайтын жаманат істі мысалға алған ұстазына томсырая қараған шәқірт кенет жаратпаған зілді үнмен:

– Отец, саврасого жеребенка не съел серый волк, потому что... потому что, он очень далеко ускакал, – дейді...

Ел ішін кезіп жүрген алпысынышы жылдарда жолымыз болып, Қарағанды облысының сол күнде «Пушкин» атанған мекенинен Көшмұхамбет Айтқожин есімді есті қартты кезіктіргенбіз. Көшөкен жас жігіт кезінде, өз сөзімен айтқаңда: «Аккелінская аульная школада Қаныш-пен бірге оқыдым... Окүшши көп болған жоқ. Ұш класқа жіктелсек те, общем, бәріміз бір бөлмеде үйіліп отырдық, үлкеніміз бар, Қаныштай

кішіміз бар – всего-навсего жиырма шақты шәкірт. Парта жетпегендер астына қи қойып, тақтай еденде тізе бүгеді. Алдымызда – өшіріп жазуға оңтайлы шойын тақта, қағаз-қарындаш о кезде совсем қат!.. Оқу құралы – тіптен мало: арифметика, киргизская хрестоматия, орыс тілі, ну, всего екі-үш оқулық қана... Қаныш бізден көп кіші болғанмен, әлей зерек, алға шығып кеткен бәйге атында даралып, алдағы классардың окуын біліп отырады. Ну, сонсон, онда малға қарау, оны жайлап, иә ауыл-аймақтың өзге қызығына тұсу деген мінез болмайды ешқашанда. Яғни дүниенің қак-соғымен де жұмысы жоқ, есіл-дерті оқу жолында болып, соған ғашық кісідегі еліккен соң қоя ма, ширкінің добалдай бізді артқа тастап, қаланың окуына кетіп қалды!..» – деп, көлкесір әңгіме шерткен-ді.

Т. А. Сәтбаевың естелігінен\*: «...Сол кездегі бастауыш мектептерге арналған әдебихрестоматия «Вешние всходы» кішкентай Қаныштың ең сүйікті кітабына айналады. Бұл кітапта орыс жазушыларының табиғатты тамылжыты суреттеген тамаша шығармаларынан үзінділер берілген-ді. Бала оқулықты қолынан тастамай қайда барса да құшактап жүреді. Тіпті үйіктағанда жастығының астына тығып қояды екен. Өйткені таңтертен тұра сала тағы да оқуы керек қой. Көп ұзамай-ақ ол оқулықтағы шығармаларды түгел дерлік жатқа біліп алады».

Балғыншағындағы ұмытылmas қымбат күндері жайындағы ғалым Қайнекей Жармағанбетовке былай деп әңгіме шерткен: «Шорманның немересі Зында малды кісі болды. Оның туйелері де бірталай еді. Жұні тықыр, ұзын сирак, қатқан қара легі болатын. Тентектігі сүмдік. Әсіресе көктемде, келеге түсер кезінде, екі көзі от шашып, езуінен көбігі бүркірап, құйрығын шабактап, көзіне түскен жанды шайнап тастауға құлшынып тұратын. Көбіне ол кісендеулі болады...

Біздің ауылдың балалары мектепке өзен бойындағы тұра жолмен келуге бурадан қорқып, қыр астымен қиғаш жүріп қатынаушы едік. Ауылға асыққан қу балалардың бірі кейде жарысып қайтуды ойлад, кенеттен «Қара жынды келіп қалды, ойбай!» деп айқай салып шаба жөнелетін. Біз де атымызға қамшы басамыз. Осылайша құліп-ойнап ауылға жеткенімізді де білмей қаламыз...»

Болыстық мектептерде бір ғана мұғалім сабак беретін. Ал сыйнап саны – тертеу. Оның алғашқысы – дайындық бөлімі. Ауыл тіршілігіне орай сабак бір мезгілде, күндіз өтеді. Демек, соңғы сыйнаптағы окушы мен мектепке тұнғыш келген дайындық бөлімінің шәкірті бір бөлмеде қатар отырып сабак оқиды. Қолайсыз жай, әсіресе шәкірттер үшін: төрт жыл бойы оқитын сабағынды бірінші күннен тыңдал отырасың.

Бір күні мынандай оқиға болған.

Жоғары сыйнаптың оқушыларына арналған тексерме есепті тақтаға жазып қойып, Григорий Васильевич тәменгі басқыштың балаларымен сабак бастайды. Әжектәүір құрделі есеп екені өзіне аян, «сақалды» шәкірттерінің оны бірер сағат шығарарына сез жоқ, сондықтан да дайындық бөліміндегілермен алаңсыз шұғылданып жатқан-ды. Григорий

\* Ғалымның жұбайы. Бұл естеліктің ықшамдалған бір бөлімі «Жұлдыз» журналында жарияланған (1967, № 2). Біз оның дербес архивтегі көлемі 283 бет қолжазба нұсқасын пайдаландық. Алдағы тарауларда көлтірліген үзінділер түгел сонан алынды.

Васильевич кенет белменің орта тұсынан екі оқушының әлденеге келісе алмай таласып отырганың аңғарады. Құлағын салса, Қаныш пен Зында болыстың баласы.

– Жоқ, оның дұрыс емес, – дейді Қаныш сыйырлай сейлеп. – Өзің бері қарашы, міне, екі-ақ амалмен шығайын деп түр.

– Өй, сен, не айтып отырсың. Біріншінің есептері ғана оңай шығады. Ал біздікі – қыын, амалы да кеп болады.

– Кеп болғанда шаруан қанша. Дұрыс шықса болды емес пе, өзің қызық екенсің, ойлансаншы. Мә, тезірек көшіріп ал!

– Қой, әрі, жайына отыр. Танауын сүрте алмай жүріп, ақыл айтады ғой, – деп на мыстанған жігіт теріс қарайды.

Григорий Васильевич екеуінің қасына келеді. Болыс баласы соңғы салынта оқытын, оку бітіргелі отырган дардай жігіт. Қаныш болса, мектепке екінші жыл ғана келіп жүр, ал істеп отырганы мынау: есептің төрт амалын жуықта ғана үйренген; сөйтсе де өзінен едәуір үлкен, тіпті үйленгелі жүрген ересек жігіттен артық менгерген; күрделі есепті опонай шығарып қойыпты...

Осы оқиға себеп болды ма, әлде зерек шәкіртінің ерекше қабілеті ойландырыды ма, 1911 жылдың көктемінде Григорий Терентьев Имантай биге келіп, тосын әңгіме бастайды.

– Мына балаңыз, би, зерек қана емес, тума дарын иесі, жаратылысы бөлек жан, вить. Сезіме илансаныз, Имеке, Қанышты қалада оқыту керек! – дейді.

– Бәрекелді, Жагор шырак, әуелі сенің окуынды тауыссын да.

– Тауысты деп есептеніз, ақсақал. Менің оған берерім енді шамалы. Білгенімді беріп болдым, вить.

– Апырай, көп-көрім оқуың бар сықылды еді, шынымен тауысып қойдың ба?..

– Бәлкім, таусылмаған да шығар. Бірақ жүргегім айтады: мұндай зерек баланы болыстық мектепте ұзак ұстаса қиянат, вить, болашағына обалдеп... Қазірдің өзінде ол орысша жап-жақсы сейлейді. Ал егер кем-кетігі болса, қалада түзеп алады. Ең бастысы оқуға зейіні, ынталысы кемремет! Қысқасы, Имеке, бүл балақанның болысқа хатшы болғанын мен қаламаймын. Сіз ақылды адамсыз, баланың бағын байладап, ауылда текке үстамаңыз. Жас күнін өткізбей тұрып тезірек оқыту керек!..

– Япрай, мұның, сірә, қалай болар екен? Жагор шырак, мен үшін бүл енді оңай шаруа емес... Ойланайын.

Терентьев, тегінде, бос уақытын өзі тұратын болыс аулынан да гөрі Сәтбаевтар маңында көбірек өткізетін. Шорман ауылы қашаннан қиянкес қылышымен атағы шықкан, үй іргесінен аттылы кісі жүргізбейтін оғаш әдетке үйір, кіші үрпақтарына дейін соны мақтан көретін кердең жандар; тең кісі болмаса, өзіндей жалғыз-жалқы нашармен сейлеспейді. Ал Сәтбай жұрағатының рәсімі бөлек: ешқашанда кісіден арылмайды; атасы басқа жарлы-жақыбайлар да пана іздесе – сол ауылда жүреді; бүлардың қадір тұтқан өнерлері де өзгеше... Оқубілімге үйір, шетінен аңшы. Жүйрік ат, қыран құс ұстайды. Сауықшыл ғұрыптары қандай?

Григорий Терентьевтің өзі де мұндай өнерден құр алақан өмес-ті. Колы босай қалса-ақ осы ауылға келіп, ителгі, қаршыға салған құсбегі

жігіттердің қасында болады. Дүние танымы терен ауыл ағасымен де қона жатып, әңгіме-дүкен құрады. Балаларының сүйікті ұстазы, мінезі биязы татар жігітінің аулында жи болуын Имекен де жек кермейді. «Жанассаң жақсымен жанас: әңгімелессең жаның жадырайды; ең құрығанда өнегесі жұғады» деген сөзді кексе би, тегінде, осындаі өнерлі кіслерге балап айтқан.

Солжылы Имантайдың жасы алпыстың алтауына шыққан. Төрінен көрі жуық шама. Зарығып, сағынып көрген үш қарғасы желкілдей өсіп, жетіліп келеді. Өмір заңына не шара, екі үлдің ортасындағы жалғыз Қазиза жат жұртқа жарапған бала, енді бірер жылда құтты орнына қонады. Ал мына егіз қозыдай екі ұлы? Екеуі де еркіне жіберсе, қала асып, ұзағырақ окууды тілегендей. Оқыған інілері де сол жолды жөн кереді. Бірақ... Иә, бұл туралы ойлай бастаса-ақ, қарт бидің жүрөгі елжіреп, ет-бауыры езіледі: екеуін тезірек аяқтандырып, немере сүюді қалаған құрғыр көңілі пендешшілкке де бұрғандай. Құлазыған көңілге кім демеу, дәтке қуат не? Бекеш ересек, мінезі алғыр да ширақ, өмірге өзінше танымы бар. Ал Қанкежаны? Жанның момыны, тіпті жуас-ақ. Денсаулығы да жақсы емес, терісі сүйегіне жабысқан қатпа бала. Бір күні бейтаныс қалада ауырып қалса?.. Көз алдынан тасаға, жат қалаға жіберіп, ауылда өзі қайтып отырады? Қектемде он екігеп толды, ес білмейтін әңгүдік шағы емес пе, тәйірі?..

Бірақ оқытпай болмайды. Жагордың ақылы дұрыс. Дені сау болып, тірі жүрсе, бұл баласының бір биіктен көрінерін жүрөгі сезеді. Жүріс-тұрысы, сөз салтауы, ақыл денгейі, оқуға бейімі соны танытқандай, еріксіз мойыннатқандай.

Жазғы демалысқа келгенде Қанышты қалада оқыту мәселесін Өбікей де жиі айтатын болды. Бұл кезде ол Керекуге ұрымтал жерде, Ертіс бойындағы болыстық мектепте бала оқытатын.

— Қанкежаның ендігі тәрбиесін маған жүктеңіз, би аға. Оқуына өзім басшы боламын, — деп ол да, міне, қолқа салып отыр.

Жазбойы әрі қылыш толкуда болған әке көңілі ақыры осы сөзге тоқтады: Бекеш қолында қалады, үйленіп өзіне қолғанат болады, ал Қаныш бақталайына жазғанын байқап көрсін... Онда да алысқа емес, ояз орталығы Керекуге барады.

... Тамылжыған жаздың соңғы күндерінің бірінде Шілдерті өзенінің жағасында, жайлауда отырған Сәтбай ауылынан пар ат жеккен, соңында бір топ салт аттылар ілескен женіл арба Ертіс жағасын бетке ұстап жолға шықты. Делбеде Бапай палуан, жолаушысы – әкелі-бала-лы Сәтбаевтар. Бекеш, Нұрлан бастаған жігіттер бұларды күншілік жерге ұзатып салып, ұзак-ұзак қоштасып, Қанышты қайта-қайта бетінен сүйіп, кейін қайтты. Қос ат сар желіске түсті. Қалаға асыққан балаға солар бірақ аяңдап келе жатқан сияқты: алып үшқан көңілі елегізіп, алабұртқан жүрөгі де бүгін өзгеше дұрсілдеп, дегбірсізденіп келеді. «Қашан, қашан жетеміз? Неғылған ұзак жол!..» деп тіпті қобалжығандай, қобалжыған сайын дөлебесі қозып, сағым ойнаған шексіз жазыққа жабырқай қарайды; амал не, асыға күткен қала бірақ жуық манда жеткізер емес...

Үшінші күннің кешінде ғана жолаушылар Керекудің оттарын көрген-ді.

## БИГЕ ШЫҚТЫ ДӨҢГЕЛЕП

1

Семейлік өлкө зерттеушісі Н. Я. Коншин 1901 жылы жариялаған «Павлодардан Қарқаралыға дейін» атты жолжазба кітабында ояз орталығының келбетін байлаша сипаттайты: «Оқушы, өсімдік атаулыдан жүрдай, сарғыш топырақ жамылған тақыры жазықты көз алдыңызға келтіріңізші; Ертістің жағасы мұнда да тік, кей тұсында тіпті құлама жар болып біткен; жазықтың өзенге еңкейген шетінде ағаштан қылған жатаған баспаналар сап түзеп тұр; солардың ішінде еңсесі көтерінкі, әрі көзге толымдысы — тұрме үйі, тіпті оны аумақты пішініне қарай Сарай деуге болады... Павлодардың әлеуметтік тірлігін толық білемін деп айта алмаймын, менің жазып отырғаным — жолаушының жол-женекей көргендері. Дала елкесінің барлық қалаларындағы сияқты мұнда да сүрөн, тоғышар тіршілік жайлаған: клубтары бар екен — карта ойнап, кейде билеп тұратын; өзара қоғамдастып, оку залы мен шағын кітапхана ашыпты...»

Он жылдан соң уездік шағын қаланың қаншалықты өскенин шамалау қыын емес. Әрине, жылан жалағандай жалаңаш жазықтың жүдеу келбеті пәлендей езгермеген. Кешелері лас, аттылы болмаса, жаяу кісі әрен жүргендей қыста қарға омбылап, көктемде толарсақтан саз кешіп, жазда балағымен топырақ сыптырып... Тротуар салу, көшеге тас төсеу — бұл қала үшін аспандағы жұлдызыға қол созғанмен бірдей орындалmas қиял. Рас, келбеті біршама өзгерген. Кешелер үзара түсіп, кірпіштен қаланған үйлер кебейіп, солардың қатарында банк, көпестер жайы, дедалдар клубы тәрізді еңселе ғимараттар пайда бола бастаған.

Темір жол әлі салынған жоқ-ты, ішкі қалалармен жалғастыратын бірден-бір қатынас — Ертістің кеме жүргүре ашылған кезі: Семей кепестері тәменге жіберетін заттарын осында үйеді; Орталық Ресейден, Омбы, Тобылдан келетін алуан жүктер де Коряков айлағына түсіріледі; өйткені өзеннің сұы темен болған жылдарда Семей мен Павлодар арасындағы кеме қатынасына сенім жоқ, көбіне жаз ортасына жетпей тоқтап қалады; сол үшін мұндағы кең үйлердің ауласы, тіпті жарқабақтың ат шаптырым жайдак үсті де жүк қоймаларына айналған. Дала түкпірінен түйемен келетін жұн-жүрқа, мал мен тери-терсек, Ертіс бойындағы казак-орыс станицалары беретін моластық, Коряков көлінің ат көпір тұзы, Екібастұздың көмірі, Баянауылдың (Сарыадыр және басқа кеніштердің) мысы дейсіз бе, бәр-бәрінің көктемгі тасқындаі тоғысар жері, жан-жақтан құйылар орны — осы, Керекудің биік даңғазалы кең қоймалары... Тегінде, мұндағы кәсіпшілер қойманы көтеп салып, жалға беруден де таудай пайда түсіруге машықтанған. Бірақ қаланың өзінде қолөнер кәсібі шамалы өркендерген. Тек қана майда-шүйде ұсақ кәсіпорындар — былғары илейтін екі зауыт, сабын, май қайнататын, кірпіш құйдіретін шағын екі өндіріс, мал соятын қасапхана, сыра ашытатын зауыт; иә, соңғы жылдары бұларға Гиссен мен Герценнің бумен жүретін дірмендері, миллионер Осиповтың тұз үнтақ-

тайтын фабрикасы мен қаладағы ең қалталы капиталист мордуа Деровтың тау-кен өндірістері қосылған-ды.

...Мың шақырымдық Ертіс қорғаныс шебінің бекіністерін күшету мақсатымен жеті жерден аралық форпостар (яғни шолғыншы қарауыл постары) тұрғызу жобаланған, солардың бірі 1720 жылы ірге тепкен Коряков станицасы еді. Кепшілік жазбаларда Коряковты кепес деп атайды. Анығында ол – Ертіс өніріне әскери міндеттін өтеуге көшірілген казак-орыстардың бірі, жүздік шені болған, форпост салынған кезде соның іргесіндегі көлден (бұрынғы аты – «Апай көлі» болса керек, тегінде, Павлодар қаласы тұрғызылыған жер арғынның Басентиң руының Апай бұтағының атақонысы, ал көлдің өзі қазіргі Мойылды емдеу орнынан бес шақырым әріде) ас тұзын өндіруді үйымдастырып, сол жерден сәл беріректе салынған елді мекенді жүрт Коряков атандыраған, жергілікті қазактар оны Кереку деп атап кеткен. 1770 жылы Ертіс бойын аралаған саяхатшығалым П. С. Паллас бүлеңір туралы: «Коряков форпости тұрғызылыған Ертіс жағалауы қатынасқа өте қолайлы. Ал Коряков келінде тұздың мындаған пүт сарқылмас қоры жатыр», – деп тамсана жазған. Тұз кеніші туралы Сібір алқабын тубегейлі зерттеген саяхатшы Ипполит Завалишин 1862 жылы Москвадан шығарған «Батыс Сібірдің сипаттамасы» атты қолемді еңбегінің 369—373-беттерінде және былай деген: «Коряков көлі қасиеті асыл тұзымен тек Батыс Сібірді ғана қарық қылышп отырған жоқ. Бұл бір өзгеше байлық! Оның дақыптыры Орал тауының арғы бетіндегі Орынбор, Пермь губернияларының талай жеріне жетіп, молтұзбен жарылқай бастады. Келдің тұзы ет, балық, кекөніс, саңырауқұлақты кептіруге өте-мөте пайдалы. Оның тұзы сіңген тағам әсілі бұзылмайды. Келдің ұзын тұрқы – он шақырым, көлденең – екі шақырым. Азиаттарға ол ертеден мәлім. Тобыл қаласы ірге көтергеннен беріде бұл көл орыстардың да назарын өзіне аудара бастады. Келді 1747 жылы генерал-майор Киндерман мүқият зерттетіп, үш жылдан кейін одан тұз өндіруге әмір берген. Ал одан бұрын оның тұзын Коряков форпостиң күзетуші казак-орыстар наряд бойынша алыпты. 1812 жылға дейін тұз кеніші жалға бөріліп келді, қазірде ол Тобылдың қазына палатасының құзырында... 1856 жылғы 20 маусым мен 9 шілдеге дейінгі 20 тәуліктे көлден жағаға 560 мың пүт тұз шығарылыпты... Соңғы екі жыл ішінде, яғни 1857—1858 жылдары Коряков келінен миллион пүттән астам ас тұзы өндірілген...»

Тоқ етерін айтқанда, кеме жүргүре қолайлы Ертіс өзені мен шипалық, тағамдық қасиеті ерекше тұзды көл қатардағы елді мекеннің бағын ашты да, 1861 жылы небәрі 602 ғана тұрғыны бар жәнең станица епті адамдардың жылпостиғымен тіркеуден тысқары қала құқығын алып, сол кезде бір-ақ жастағы тақ мұрагері Павелдің құрметіне Павлодар атанады. Жеті жылдан кейін ол жаңадан ашылған ояз орталығына, жетпіс жылдан соң үлкен облыстың әкімшілік орталығына айналды...

Уездік жәнең қала болғандықтан мұндағы мәдени, ағарту орындары тіпті мардымсыз еді. Біз ілгеріде тұстеген оқу үйларына жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында екі-ақ мектеп қосылған-ды. Соның бірі – Қаныш Сәтбаев келіп түскен 2-сыныпты орыс-қазак училищесі. Ол 1909 жылы ашылған. Шындығын айтқанда, Орал тауының арғы бектерінен

кәсіп қуып көліп, осы өнірдегі тау-кен өндірістерін шұқылап жүріп байыған мордуа алпауыты А. И. Деровтың рақымшылығы арқасында. Павлодардың әлөуметтік-рухани қажетіне әрдайым молдап қаржы бергіш мырза, сол қарсанда банкрот болып, Москваға көшерде тағы бір мәрте жомарттық жасап, өзі тұрған қос қабатты кең ғимаратты қырдан келетін қазақ шаруалары мен мұжықтардың балалары оқытын училищеге сый еткен... Әрине, қалталы алпауыт өзіне арнап салғандықтан, үйдің іш-сирты сәнді де кең, әмбे тастан қылған берік болатын.

Училищеге негізінен ауыл-селолардың балалары қабылданады. Мұнда олар тағы да төрт жыл оқып, осы күнгі педагогика колледжі деңгейіне жуық білім алуға тиіс. Училищенің мұғалімдері болыстық мектептердегідей біреу емес, әр түрлі пәндер бойынша маманданған үстаздар. Олардың білім дәрежесіне де ерекше талап қойылатын. Тағы бір өзгешелігі — бір сыныпта орыс, украин, қазақ балалары тізе түйістіріп қатар отырады. Демек, болыстық мектепте саятуын ашып, орысша тіл сындырып көлген ауыл перзенті қала әуеніне тап болумен бірге, орыс балаларымен қатар жүріп, тілге онан әрі жаттығады.

Бұған дейінгі өмірі қиян шет түкпірде өткен, үйінен қарға адым ұзап ешқайда шықпаған балаға, әрине, уездік шағын қала дүниенің кереметі болып көрінген. Әсіресе жыптыраған көп үйдің бір жерде жиын отырғаны. Соның бірінде пішен иә мал қора жоқ, болса да керінбеуі. Өйткені әрбір үй биік дуалмен қоршалған, кеш батты-ақ есік-терезелерін мықтап жауып алады. Жер жетпегендей, бір үйдің үстіне екіншісін мінгестіре тұрғызығандары тіпті ғажап! Мұндаид үйлер бірақ көп емес, бірнешеу ғана. Соның ең биік әрі әдемісі — өздері тоқтаған көшедегі Гирбасовтың екі қабат тас үйі. Шымқай қызыл кірпіштен қаланған. Ал базар алаңындағы жыптыраған дүкендер ше! Солардың бір-бірімен көз арбасып, айналасына жұтына қараған піркәшіктері бала түгілі, үлкеннің өзін есінен тандырғандай. Тағы бір үлкен үйді «Айтықовтың мануфактура дүкені» дейді екен, тақтай сөресінде ақ, қызыл ала, көк, жасыл түсті маталар үйіліп жатыр, бір-бірінен өткен әдемі, бағасы да қымбат-ақ. Оның ішіне ертеңгілікте бас сұға алмайсың. Үлкендерге ілесіп келген кезде Қанышта барған, базар күні еді, бірақ сөреге жете алмады, топыраған көп қаршадай баланы іп-лезде қақпа сыртына ығыстырып тастанады. Осынша көп адам бір жерге қалай сыйады, немен күнелтеді, қайда жатады?.. Бір ғажабы, бәрі әлдеқайда асығып, сіңбіруге мұршалары келмей жүгіріп жүреді. Бір-біріне тіл қатса да айқайлап, тіпті даурығып сейлейді. Мұндағы қазақтардың қылығы да бөлек: қыр адамының байсалды, сейлесе қалса кеңінен толғайтын қалыбы жоқ; амандасулары да тым келте, кебіне бас изеп өте шығады.

Қанышқа осының бәрі қызық, бәрі таң: алыстан лезде хабар алып, қасында отырғандай тілдестіретін телеграф үйі де; соның күні-түні ызындал ән салып тұратын бағандары да; қара қошқыл тұтіні шүйкедей шұбатылып Ертіс айдыннанда қаздай қалқып кетіп бара жатқан иә келе жатқан зор кемелер де; тіпті анау соқа, шөп машинасын жөндейтін үста дүкендері мен бумен жүретін диірмендер де...

Оқу басталуға екі-үш күн қалғанда Әбікей ағасы оны училищеғе ертіп апарған. Менгерушісі Овсянников деген шашы едірейген, үзын бойлы кісі екен. Қаныштың Ақкелін мектебін қысқа мерзімде, екі-ақ жылда бітіргендігі туралы күөлігін қолына алып:

— Үздік бітіргенің көңілді куантады, шәкірт бала!— деп, қарсы алдында монтиып тұрған жас Сәтбаевқа ол барлай қарайды.— Ал қане, қымбаттым, бір өлең оқып жібер, шама-шарқынды көрелік.

Қаныш жазалы болған кісідей қызарап ағасына қарайды. Әбікей Зейінұлында үн жоқ, жайбаракат отыр.

— Мұныңыз қалай, қымбаттым? Ұмытып қалдың ба? Түсінемін, жаз қызығы, жайлауға шыққан ауыл, кең дала...

— Қандай өлең окуға бұйырасыз, мәртебелі мырза,— дейді Қаныш Овсянниковке жасқана қарап.

— Мені Яков Игнатьевич деп атауыңызды өтінемін. Кімнің шығармасын жатқа білесіз, рақым етіңіз, соны оқыңыз.

Үстазы Григорий Васильевич үйреткендегі Қаныш кенет қақшиып тұра қалып, самбырлаған ашық дауыспен:

— Русский стихотворец Федор Иванович Тютчев, «Весенняя гроза»,— дейді де, рұқсат күткендегі ересектерге қарайды.

— Неге бегелдіңіз? Қане.

*Люблю грозу в начале мая,  
Когда весенний, первый гром,  
Как бы развязся и играя,  
Грохочет в небе голубом...*

Бала мұдірген жоқ, зулата жөнелді әр ырғаққа, тыныс белгісіне мән бере мәнерлі үнмен оқыды. Әр сезін тақ-түк, мәнін жеткізе айтады. Әлгінде қаһарлы сияқтанған менгерушінің жузі де жылы бастады.

— Алғашқы таныстық үшін жарап түр! Тіпті де жаман емес, қымбаттым.

— Тағы кімнен оқыын? Пушкинді білемін, Тургеневтен үзінді оқуға болады...

— Бүгінге жетер деймін. Сіз маған енді патша әкеміздің аты-жөнін айтып беріңіз.

— Жоғары мәртебелі ұлы патшамыз Николай Александрович.

— Дұрыс, мұны да білдіңіз,— дейді Овсянников шынымен риза болып.— Жоғары мәртебелі ұлы патшамыздың есімін әрқашанда жадыңызда ұстауға кеңес беремін. Бұл — бір. Екінші, біздің училищеде дін сабағын Павлодар шіркеуінің уағызышыы Василий әкей оқытады. Әрине, сізге оның қатысы жоқ. Дегенмен ескертіп қояйын, балалық жасап, шіркеу адамының уағызын қорлайтын әлдеқандай оғаш мінез көрсетпеуіңізді өтінемін. Үшінші, тілесеніз де, тілемесеніз де сізге осындағы мұсылман мешітінің имамы Каримов мырзаның діни дәрісін тыңдау парыз. Жұма күні мешітке барып тұrasыз. Түсінкті ме, қымбаттым?

— Түсінкті.

— Олай болса, барықыз. Училищенің дайындық курсына қабылданым деп біліңіз. Үлгілі шәкірт болады деп сенемін...

Бұл мектепке ол Ақкелін болысының пансионатқа жіберген шәкірттері есебінде тіркелген. Қаныш бірақ пансионатқа жатпайды, нақ сол жылы болыстық мектептен осындағы училищеге ауысқан Әбікей ағасының үйіне орналасады. Әкесінің қалауы солай: денсаулығы төмен баланың жұдемегені жақсы; өрі бейтаңыс қалаға үйренгенше оған жанашыр көз керек...

1910 жылы аймақтық переселен (көші-қон) басқармасы тәптіштеп жүргізген санақ деректерінде екі ауылға бөлінген құллі Сәтбай әулетінде 26 қыстау-қора (олар жайлауға 11 киіз үй және тоғыз қоспен шыққан), шөп шабатын 3 машина, 3 тырмауыш, 53 арба мен шана, 474 бас жылқы, 256 сиыр, 1240 қой, 111 ешкі, 36 түйеге иелік еткендігі көрсетілген («Материалы по обследованию хозяйства и землепользованию киргиз Семипалатинской области». 1-том, 2-3-б., Семей, 1912, Плещеев және К.). Қысқасы, бай атанса да, бұрын да айтқанымыздай, Сәтбай ауылы Ақкелін болысындағы ондаған дәулетті қожалықтардың алдына шықпаған. Оның есесіне бірақ бұл әулет қасындағы ағайындарынан ізгілік қылғымен дараланған. Санак деректерінде Сәтбай қажының екі ауылында 69 жан тұратындығы көрсетілген: со-лардың 34-і ер адам, қалғаны әйел жынысынан; бұлардың ішінде жасы 55-тен асқаны — жетеу, ересек жастағылары (18—55 жас аралығындағылар) — 34, осыларда 28 жасөспірім болыпты; бұлардың енді оку деңгейіне зер салып қараңыз!.. Сегіз бала болыстық мектепте оқыған, біреуі — Имантайдың кенжесі Қаныш. **Сәтекең әулетінің 21 адамы (!) мұсылмандың және орысша сауаттымыз** деп жауап берген...

Әбікей Зейінұлы келген бетте-ақ Владимир көшесінен (бертінде Ленин көшесі) татар байының ескі үйін жалға алған, үш бөлмелі жұпны мекен. Соның бір бөлмесі Қаныштың еншісіне тиді: темір тәсек, дербес үстелі бар. Бірақ Әбен үйіне қонақ көп келеді, көбінө ел адамдары. Ондай кезде шәкірт бала тәсегі ғана емес, бөлмесінен де айрылып қалады. Керекуде оқитын қыр балалары да бұл үйге тым үйір. Кенілдері ақжарқын, қолы ашық аға-женғесі Қанышқа еріп келген шәкірттерге: «Балалар, үялмандар, қарындарың ашқанда үй дәмін сағынсандар, келіп жүріндер!» — деп әрдайым шақырып отырады. Сөйтіп кішкене үйге сыймай, кейде бастасып-аяқтасып жататын күндер де жиі болып тұрады.

Н. Е. Алексеевтің естелігінен: «...1911—1912 оку жылдарын бірінші жартысында училищенің дайындық бөлімінде оқыған Қаныш Сәтбаев білімге құштар, ынталы шәкірт екенін анғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алушан танбады. Сол сәбепті училищенің үстаздар кенесі екінші жарты жылдықта оны бірінші сыныптың келесі басқышына бірден көшіру туралы қаулы қабылдады. Шәкірттің ынтасы мен зеректігіне білдірген сенім еді бұл. Қ. Сәтбаев үстаздарының сенімін толық ақтады. Тағы да үздік оқып, жазғы емтихандардан ете жақсы бағалар алды. Сейтіп ол... училищенің бірінші бөлімін екі жыл оқудың орнына бір жылда бітіріп шықты».

Орыс тілі сабағын Арсеньев деген сақалды орыс жүргізетін. Сақалы егде етіп көрсеткенімен жаңы жас, білімі үлан-ғайыр, көргені көп, ізгілікті адам еді. Бұл қалаға саяси кезқарасы үшін айдалып келіпті, полицияның жасырын бақылауында екенін балалар да билетін. Қаныш-

тың тілге бейімділігін, табиғат көріністерін сипаттап жазуда, оқығаның қайта айтып беруге икемі барын ол бірден аңғарған-ды. Бұл болса — баланың байқампаздығының салдары. Демек, оны жетілдіріп, барынша өрістету қажет... Шәкіртіне ол Пушкиннің, Гогольдің, Тургеневтың шығармаларын оқуға береді.

«Бір күні кеште Қаныш Имантайұлы маған телефон шалып, келуімді етінді,— деп есіне алады ҚР ҰҒА-ның филиалдар кенесінің ғылыми хатшысы И. К. Фортунатов академик Қ. И. Сәтбаевтың дербес архивінде сактаулы қолжазба есталігінде.— Сол күні қатты шаршаған едім. Президент соны аңғарды да, «Креслоға жайғасыңыз... сізді біраз сергітіп алайын,— деді де, қолын үстелдің шетіне тіреп, көзін жұмып сәл ойланды да, «Евгений Онегиннің» бастапқы тарауын бастай жөнелді: шыбын ызыңы естілгендей мелшиген кабинеттің ішінде әуелде ақырын үнмен, сонынан бірте-бірте күшейген дауыспен ұлы Пушкиннің мәнгі өлмес шығармасының шумақтарын түйдек-түйдек оқысын... Өлең жолдарын анық һәм мәнерлеп оқиды екен. Мен шаршағанымды ұмытып, Пушкин әуенінің ырғағына тербеліп ұйып қалыптын... Тарауды толық аяқтаған соң, ғалым маған қарап: «Енді Лермонтовтантыңдақ көрініз»— деді де, «Біздің заманның қаһармандары» хикаятынан ұзак үзіндіні жатқа тәндіре оқыды... Сонында Қаныш Имантайұлы креслоға жайғасқаннан кейін: «Аса таңданбаның, Игорь Константинович, мұның бәрін мен он екі жасымда жаттағанмын. Ұстаздарым мықты кіслер еді, жақсы оқытты, ие соңсоң жас құнімізде зерек болып, жүрекке ұлаған сезді ұмытпаушы едім... Жә, тынықтыңыз ба?»— деді де, іле-шала алдағы жұмыстардың жай-жапсарын тәптіштеуге кешті...»

Көркем әдебиет кітаптарын оқуға ынтастын аңғарған Әбекен де інісін бір күні халық үйіне ертіп барды. Бұл үй өздері тұратын көшеде. Бұрын онда теменгі сатылы ауыл шаруашылық училищесі болған, кейіннен бұқара халық бас қосатын мәдени орынға айналыпты. Жексенбі күндері мұнда көркеменерпаздар үйірмесінің хоры концерт береді, кейде «Жанды ойын» қойып, спектакль көрсетеді. Соның бәрінен де балаға халық үйінің кітапхана мүйісі ұнаған-ды. Қашан барсан да неше түрлі газет, журнал тігінділері стол үстінде тізліп тұрады. Тек үйге бермейді, сол жерде оқысың. Мүйістің кітап қоры көп емес, бірақ Қаныш үшін жарап жатыр. Ағасының есеп карточкасымен алатын ұзын тізбеге көп ұзамай жаңа авторлар қосылды: Толстой, Максимов, Сервантес, Жюль Верн... Ауылда жүргендегендегендегенде қолына түскен кітапқа мәз еді, қазір таңдал, авторларына қарап алады. Сіра, әдеби шығармаларды көп оқудың әсері шығар, екінші жылдан бастап Қаныштың мазмұндамалары училищенің үлгі тақтасынан түспейтін болды: жазу мәнері, бәлкім, аса көркем болмас, ал бәрілген тақырыпты жан-жақты сипаттап, орыс тілінде қатесіз, еркін жазуы женинен училищеде тең түсер шәкірт тегінде некен-саяқ...

Математика пәнін Ахметолла Ақтайұлы Барлыбаев оқытады. Бұл кісі де оқу жолына жастай түскен ұлағатты адам.

— Есепсіз емір жоқ, есепсіз адамзатқа өсу де жоқ, балалар,— деп бастайды ол сабағын.— Өздерің ойландаршы, жеке-дара алғанда — бес иә он деген не сөз? Ешқандай мән-мағынасы, салмак, құны жоқ, әншнейін бір атаулар тізбегі. Мысалы, бір, екі, үш, тіпті жұз дейік. Осыл-

дан не үқтындар?.. Ал енді осылардың қасына әлдекандай зат тіркеп айталықшы. Мысалы, үш егіз, бес тауық, жұз сом делік. Немесе біздің сыйыпта он бес оқушы бар, оларға бір мұғалім сабак беріп тұр десек? Бірден түсінікті: сан сапаға айналып, біздің санамызда сыйыптың көлемі, онда неше кісі отырғаны жайында нақтылы үғым пайда болады...

Сол жылдарда Ахметолла Ақтайұлынан дәріс алған баянаулдық Пауан Жүсіпбаевтың айтудынша, есеп пәнін ол кісі өзінше даралап, окушыларды екі топқа бөліп оқытқан: «әлсіздер» яғни үғымы керенау, есепке қыры жоктар; бұлардан зиялы билгірлер шыға қоймас, бірақ бағдарлама келемінде математиканы білуге міндетті; оқытушының жігер, күші негізінен соларға жұмсалады; ал екінші топ —«құштілер» яғни есепке ынта, үғымы зерек балалар... Бұлардың «әлсіздермен» қосылып, жеңіл-желпі есеп шығарып, қымбат уақыттарын зая өткізуге жайы жоқ, күрделі бағдарлама бойынша оқуға тиіс. Әмбे бұл топтағы шәкірттер үздік қабілет танытқан сайын есеп те күрделене береді. Мұны ол «Шәкірттердің миын шынықтыру» деп атайды...

Ал Николай Ермилович Алексеев — біржосын балажан адам. Қашан көрмесін, кімге болмасын, «әкебас, көкебас!» деп құрақ үшып елліпдей тұрады. Қалалық училищеге ауысқанша біраз жыл болыстық мектепте ауыл балаларын оқытқан, қыр дәстүрін жақсы біледі, қазақшаға да судай. Сол себептен де қыыр шеттен келген, бұған дейін кең далада еркін өскен ауыл, село балалары Николай Ермиловичке көбірек үйірді. Үйір болатын тағы бір себебі: Алексеевтің гармонь, сырнай, бала-лайка бірдей ойнап, орыстың, қазактың, татардың неше алуан халық әндерін музыка бөлмесінде сыңсызып отыратын өнерпаз қабілеті; қалайда онымен бірге жүрсөң ешқашанда зерікпейсің; ен құрығанда өзіңе ертек айтқызып, болмаса балаларды жиып алып, жұмбақ айттысып отырады; ал оның «Кодак» деген фотоаппарат сатып алғаны тіпті тамаша болды. Шәкірт атаулы түгелдей фотоауесқой болып кетті...

Өзі оқытатын жаратылыстану пәнін Алексеев шәкірттеріне үғынықты, мейлінше ұтымды жолмен жеткізуге тырысатын: Ертістің кең шалқар жағасын кезеді; жағалауда шоқтанып өскен тоғай ішінен гербариј жинатады; Павлодар мещандары әжュー етіп күле қарайтын өуесқой астроном Гришка-кезбенің шатырына ертіп апарып, жұлдыздар жымындаған аспан әлемінен телескоптан сыйгадатады; журген жерінен түрлі түсті тас жинату да Николай Ермиловичтің ойлап тапқан ермегі; олардың әншейін тас емес, ғылымға пайдасы зор қымбат зат екенін, әмбे минерал деп аталағынын да шәкірттер тұнғыш рет сол кісіден естіген-ді; соның бәрінен де, сірә, ең әсерлісі — қала іргесіндегі Коряков түз кәсіпшілігіне саяхат болса керек...

Осы арада сәл шегініс жасап, ғалымның өз естелігіне назар аударыбы.

«Қоңыр күз. Даланың шөбі сарғайып, төңірек рені қуқыл тартқан. Ал бірақ көлге қарасаң — нағыз қыс, бүкіл жағалау жана ғана жауып өткендей аппақ қар. Дөң басында қараша киіз үйлер, жантайма қостар қаптап тұр. Олардың кептігі сонша, құдды бір қала тік көтеріле көшіп келіп, қоныс теуіп жатқандай... Тұз шабу маусымы кезінде мұнда бір мыңнан астам жұмысшы істейді екен, олардың барлығы да кәсіп

іздел келген қыр қазақтары. Жағадағы мұз тауларының іргесінде бенуардан жалаңаштанып, терлеп-тепшіп жұмыс істеп жүрген қазак жігіттеріне қайран қалып, көле жақындеймиз. Қызықты қараңыз: қар деп малданғанымыз тұз екен... Көлдің ортасына дейін тақтай кепірлер жасалған. Соларды жиектей жүріп жүздеген кісі тұз шауып жатыр. Олардың шапқан тұзын жүздеген кісі тәшкемен жағаға тасып жүр. Жағадағы «мұз таулары» да солардың жаздағы маңдай тери, сор бейнетімен тұрған тұз үймелері болып шықты. Қанша артель болса, сонша үйме. Табыстары да сол үйменің аумағына байланысты. Бір жылда Коряковта бір-бір жарым миллион пүт тұз шабылады екен. Оны тәшкемен тасып жағаға шығару керек, онан соң арбаға тиеп, Чернояр поселкасындағы айлаққа... Неткен сор, бейнет десенізші! Біздің халықтың ас тұзын қасиетті санап, аса қастерлейтін себебін мен сол жолы үқтym...»\*

— Мына шыбыққа қарандаршы, балалар,— дейді де, Николай Ермилович қолындағы тал шыбықты келге малып, олай-бұлай былғайды да, жоғары кетереді. Сөлден соң шыбық бойына жиналған тұз кеүіп қабыршақтана қатады.— Жаратылыс тану ілімінде бұл процесті кристалдану құбылысы дейді. Мына тұз кені осылай түзілген: жазда жауған жаңбыр суы, қыста түскен қардың ылғалы жердің тұзын ертіп, қанық ертінді түзеді; кун қызуымен су буға айналып әуеге ұша бастағанда, тұз кристалдары қабат-қабат болып көлтабанында шегіп қалады...

Өз білгенін алдындағы жеткіншек үрпаққа қалтқысыз жеткізуғе тырысқан қамкеңілұстаздың ізденіс-әрекеті құнарлы топыраққа түскен тұқымдай тез өніп, берекелі жеміс берді.

Бұл жайында Н. Е. Алексеев көп жылдар өткен соң сүйсіне есіне алғып, Павлодар өлкетану музейінде сақтаулы естелігінде: «Училищенің табиғат тану мүйісіне келесі жылы бір топ минерал қосылды. Оны шәкірт Қаныш Сәтбаев әкелген-ди...» деп жазбак...

Үстаздар құрамы қаншама ұлағатты, ізгі ниетті жандардан құралғанымен (бұл үшін училище, тегінде, Павлодарға жер аударылған білімпаз жандарға қарыздар болатын), ашылғанына небәрі екі-үш жыл болған тәменгі сатылы оқу орнының олқылығы да аз емес-ти: әсіресе оның оқу құралдарымен, қажетті аспаптармен қамтамасыз етілуі мүлдем жұтанды; ән-әуен, спорт жабдықтары туралы айтып та қажеті жоқ... Өйткені соның бәрі там-түмдап бөлінген жетімсіз қаражатқа, кебіне қалталы мырзалардың рақымына байланысты болатын. Ал олар көшпелілер мен мұжықтар үрпағына нота үйретіп, ән-әуенге сауатын ашудың қажеті қанша деп есептейтін. Қайсы бірі тіпті: «Дене шынықтыру тәрбиесінің бұларға тіпті де қажеті жоқ, дарқан әмір ол бейбактарға бұл сабакты туған күнінен бері үйретіп, мейлінше шындалап келеді...»— деп келемеждейтін. Сол себепті училищенің спорт ойындары Ертіс жағасында, кең аспанның астында өтетін. Балалар онда

\* Естелік, жолжазба дәптерден. Қаныш Имантайұлы мұндай естеліктерді геологиялық жолжазбаларының ара-арасына кейде бірінші жақпен, кейде бөгде бір адамның әнгімесі құсатып әр кезде жазып жүрген. Алдағы тарауларда біз мұндай естеліктерді әредік пайдаланбақпзыз.

спорт ойындарының екі-ақ түрімен шұғылданатын-ды: сол жылдары бүкіл Ресей әуестенген — футбол мен городки...

Сейтсе де кездескіп бір жағдай училищеннің қаражаттан кіріптар халін біршама түзеуге себепкер болды.

Сол қарсанды Оңтүстік Сібір темір жолы салына бастаған. Оның бір тармағы Павлодарды Ақмоламен қосуға тиіс-ті. Құрылым басқармасына машиналары мен жүктөрін қоятын қойма қажет екен. Соны естіген дene шынықтыру пәнінің оқытушысы Терентьев училище менгерушісіне келіп, күтпеген ұсыныс жасайды: «Бір қысқа мектеп ауласын жалға берейік, шаш етектен олжалы боламыз». «Владимир Никонович, бізден де гері аула сізге қажеттірек емес пе?»— дейді таңданған Овсянников. «Әлбетте, дұрыс айтасыз. Бірақ Ертіс албараңдағы кең алан не үшін? Сабакты сонда-ақ өткіземін». Ақыры солай болды. Жалақыдан түскен қаржыға гимнастика снарядтары, шаңғы, коңықи, тіпті бірталай музика аспаптары сатып алынды.

Керекудің зиялды қауымы сол күннің өзінде-ақ биік жарқабақтың үстінен қоршау түрғызып, оған Ертіс арнасынан су тартып сырғанак құятын-ды. Үлкендер мұз айдынына кешке таман, көбіне жексенбі күндері келеді. Күндіз онда жан болмайды. Іскер Терентьев мұның да қысының келтірді: мұз айдының тазартып тұруға міндеттенді, оның есесіне училище шәкірттері тегін сырғанайды...

Коңыки тебуге Қаныш та үйреніп алды. Мұз айдынға ол дene шынықтыру сағатында ғана емес, жексенбі күндері, кейде кешке де келетін-ді. Жалғыз емес, ағасына еріп. Әбікей Зейінұлы бұл өнерге балғын шәкірт кезінде әуейі болған, қазір ол — Керекудегі маңдай алды коңыкишілердің бірі.

Владимир Никоновичтің тағы бір өнері ән-әуен саласында танылған. Кесулі сағатта, сабак кестесі бойынша шұғылдану бірсөрі, Терентьевтің бұл өнерге жан-тәнімен ден қоя берілгені соншалық, демалыс уақытын түгел дерлік училищеннің ән-күй белмесінде өткізетін. Тынымсыз еңбек зая кеткен жоқ, көп ұзамай-ақ ішекті аспаптардан құралған шағын оркестр дүниеге келді... Оны, сейтіп, училище шәкірттері ғана емес, халық үйіне жиналатын кепшілік те әредік тыңдайтын болды.

Оркестр құрамында екі скрипка болатын. Н. Е. Алексеевтің күалігіне қарағанда, оның бірінде Қаныш Сәтбаев ойнаған. Рас, алғашқыда ол мандолина тартуға құмарланыпты. Бірақ «...скрипканың жан-жүйенде шымырлатар сиқырлы үніне еліккен, музыкалық қабілеті өзгеше шәкірттынбай шұғылданып, ақыры оркестрдің бірінші скрипкасына ие» болыпты.

Әрине, мұның бәрімен шәкірттер оқуға жиналған кезінде, көбінесе қыс, көктемнің ұзақ күндерінде шұғылданған. Жаз шығысымен соның бәрі тыйылады да, оқудан мезі болған, қаланың өлшеуілі қатаң тұрмысынан жүдеп-жадаған балалар ауылдарына қайтады.

Қанышты алып қайтатын кісі де, әдетте, күні бұрын келіп, Керекуде тосып жатады. Кенжетайын сағынған қарт әкениң әмірі солай. Кебіне келетін Тенізбайдың Бапайы — қолы темірдей қатты, өңі сұық, зор денелі адам. Ауылдағылар оны әлде сыйлап, әлде сескенгендіктен Бапаң дейді. Бидің өзі де оны ерекше құрметтеп, «Біздің Бапаң

жөпшенді ұры-қарыға алғызбас жүректі, батыр кісі!» деп көпшік қойып мадақтап отырады. Онысы рас та: төр жайлауға дейін үрдіс тартса, үш күншілік ұзақ жолға шәкірт бала мен Бапаң ештеңеден сескенбей, екеуден-екеу салт шыға береді. Соның дені елсіз, тұзы шыққан қуан дала. Бапаң батыр ғана емес, біржосын сөзуар кісі. Ұзақ жолда неше алуан әңгіме айтып, кейде шырқата ән салып, жас серігін әсілі зеріктірмейді. «Оқуды тым кебейтіп баrasың, Қанкежан. Осының бітетін күні қашан?» — деп сұрайды кейде ол. Шәкірт ағынан жарылып: «Әзір бітпейді, мұны бітірген соң тағы да оқимын» десе, Бапаң кәдімгідей ренжіп: «Ой-бой, Әбен құсан біздің қолға түспей кетеді екенсің ғой, қалада қаламын десенші! Несіне арамтер болып, сені ерсілі-қарсылы тасып жүрмін? Қой, айналайын, осы жерден қалаңа қайта ғой...» — деп, атының басын тежеп кенет тұра қалады. Шәкірт бала сенер-сенбесін білмей, жол серігіне жаутаңдай қарайды, ан-тан. «Рас-ау, мен, осы, не үшін оқып жүрмін? — деп ойлайды, албырт көңілі қиял толғап әлденеше сақта жүгіреді. — Шіркін-ай, оқуымды тезірек бітірсем! Халық мұғалімі деген куәлік алып, ауылға қайтсам. Григорий Васильевич сияқты төңіректегі ауылдардың балаларын жылып алып, мектеп ашсам...» «Жоқ, Бапай аға, қорықпаңыз. Ауылға қайтып келемін. Сіздің, Қасен ағаның немерелерін оқытамын», — дейді, әлі де тоқтап тұрған серігіне жымия қарап. «Онда жүрелік, Қанкежан. Би атаң да екі көзі терт болып, жолға қарап отырған шығар...»

«Шынында да мұғалім боламын. Әбікей ағам бізді оқытса, мен елдегі балалардың көзін ашамын, — деп ойын түйеді Бапана ілесіп, қоян шоқыраққа көшкен шәкірт бала. — Қайда барсанда көрерің — теңсіздік, қорлау, кемсіту. Оқымай, қалың елдің көзін ашпай бұдан құтылмайсың тегінде!...»

Жасы есейіп, ақыл тоқтатып қалған шәкірт жолсыздықтың алуан тұрлерін аяқ басқан сайын көріп жүр. Мысал іздел алысқа ұзаудың қажеті жоқ, екі сыныпты училищенің өзі-ақ зор теңсіздіктің үлгісі: қаладағы мектептердің ең сорлысы, ең аяғы оку құралын сатып алуша әлде бір қалталының мырзалығына байланысты; мұғалімдерінің жалақысы да келесі кешеде тұрған үш сыныпты қалалық училищенің оқытушыларынан әлдекайда кем. Өйткені бұлар — семинаристер, ал ана мектепте университет, институт бітіргендер сабак береді. Ол мектептің окушылары да «құдайдың қалаулылары» — көпестер мен мещандар мұрагерлері. Екі мектептің айырмасы шәкірттердің киімдерінде де айқайлап тұр: қалалық училищенің ақсаусақтары біркелкі формамен, бойларына шақтап тігілген әдемі киімдермен жарқырап жүрсе; бұлардің — ала-құла, ұсқынсыз бірденелер; ал ауылдан келгендердің киім тіпті кісі күлерлік қолпылдаған сірі тон, көбінің етегі жер сыптырғандай үзын тігілген; ейткені бір жыл емес, әлденеше қыс киүгө, тон иесінің өсуіне есептеп, әдейі кең пішілген; көбінде бұл да жоқ — жыртық құртелер, аяқтарында қонышты саптама, қайқы bas пималар...

Әбікей ағасынан осындай айырмашылықтың себебін сұраса:

— Оқуынды қадағала, Қанышжан, — дейді ол, — ғылым киім талғамайды, көкірегі ояу, ынта қойған кісіге қонады. «Білекті бірді жығады, білімді мынды жығады» деген сөзді шығарма жадынан!..

1914 жылдың қысында, Қаныштың соңғы бөлімде оқып жүрген кезі, халық үйінде тағы бір үйірме жұмыс істей бастады. Неше түрлі бал билерін үйретеді екен. Шәкірттің көңілі бұған да ауады. Бірақ оған қатынасу үшін жасы жетпейді, әмбे жарна төлеу керек... Тағы да амал бар ма, ағасынан көмек сұрауға тұра келді. Әбікей Зейінұлы – тәртіпі қатаң ұстайтын ұстаз. Жүріс-тұрысы, үйдегі-түзделгі әрекеті, тіпті жұмыс істейтін, үйқұттайтын мерзіміне дейін белгілі кестемен өлшеулі. Шәкірттерінен де ол нақ сондай режим талап ететін-ді. Әлбетте, немере інісі Қанышқа да еркінсуге; өзімшілдікке салынуға жол бермей, тізгінді тарта ұстайтын-ды. Алайда, оның мына талабына қарсы тұрмай, тіпті өзі де үй-ішімен баратын болды...

Ә. Марғұлан естелігінде: «Музыкамен қатар Қаныш өнердің бір түрі – биді де артық қадірлейтін. Krakowяк, подиспан, полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында Сәтбаевтардай ешкім билемеген. Соңғы жылдардың өзінде Кисловодскіде демалып жатқанда бұл билерді Қаныш өте әдемі билеуші еді. Сондықтан Горький атындағы санаторийдің карнавалында бірінші жүлдені әрдайым оған тартатын. Қаныштың бұл өнерді жақсы көруі сонша, демалысқа барған сайын осы күнгі фокстрот, танго, хали-гали, ча-ча билерін үйреніп, оларды да әдемі орындағытын. Тіпті бір жылы твиист биін үйренуге құмартып, оның да ырғактарын келістіре, тым әдемі билеп кеткені есімде», – деп, Қаныштың өнерге де бейім болғанын әңгімелейді.

...Осылайша жебедей зымырап үш жыл өте шықты. Он екі жасында Керекуге келген бала шәкірт он бескес толды. Бойығана емес, ойы да өсken. Үлкендермен кәдімгідей жайланып отырып әңгіме шертеді. Сауық құрған мәжілістерде скрипка, иә домбыра тартып, тіпті ән де шырқап жібереді. Оқыған кітабының оқиғасын майын тамыза әңгімелеп, қайыра айтып беруі қандай! Сез саптауы салмақты, жүріс-тұрысында мол парасат бар. Ауылда жүргендеге Нұрым апасы өбектеп, жылы болады деп еріксіз кигізіп қоятын түйе жүн күпісі мен сенсөн тымағын, саптама етігін баяғыда тастаған. Қазір ол қалаша киінеді; қайырма жағалы, жez түймелері жарқыраған қара пальто; шәкірттер киетін сәнді китель; аяғында қызық табан қызыл етік; бұтында галифе шалбар; шекпелі кең кейлектің сыртынан жібек белбеу буынады; ба-сында мақпал қара берік. Қатпа денесі де ширап, бойы ұзара түсken, шаш қояды. Шашы бір түрлі әдемі, толқынданып, бүйраланып тұрады.

Ой жүгіртіп сараласа, үш-ақ күндей боп зымырап өте шыққан үш жылда бұл қаладан көрген-білгені, кекейіне түйгені аз емес сияқты: Павлодардың басты көшесі Владимирскаяның бойында Митя Багаевтың (өлкетану мұражайын үйімдастыруыштардың бірі – М. С.) сурет шеберханасы бар, Керекуге тап болған жылы-ақ Қаныш соған барып фотоға түсken; Ертіс жағасындағы тұз үйілетін аланда «Заря» және бір жерде «Фурор» деп аталған синематограф ашылғанда, ақ пұл керілген қабырғада түрлі фотобейнелердің жан біткендей би билеп, ерсілі-карсылы жүгіруін бақылап, өзімен бірге оқитын қазақ жастарымен қызық-тап таң-тамаша болған-ды; базар алаңындағы ағаштан қылған даңғ-арадай кең үйде көшпелі цирк те енер көрсететін. Бір жылы қектемде соның алдындағы тақтай сәкіге Қажымұқан Мұңайтпасов шығып, жуандығы білектей сым темірлерді сымша бұрап, одан соң нешеме пүт

кір тастарын көтеріп, ақырында көп кісі тиелген арбаны тісімен сүйреп... жиналған жүртты қызыққа кенелткен-ді; Шмидт деген бай көпес тұрғызған «Ливадия» мейманханасының алды да кешке таман неше түрлі әншырқалып, би билейтін ойын-сауық алаңына айналатын...

Сірә, соның бәріненде қағылез көңілді жасөспірімге Әбікей ағасы мен Қамила жеңгесіне еріп, зиялышы қазақтардың үйіне қонаққа барғанда, кейде қала іргесіндегі «Кеңжатақта» тұратын сері кеңіл жамағайындар шаңырағындағы ойын-тойларға шақырылғанда, солжылдарда атақ-дақпырты дүрілдеп Ертіс атырабына кең жайылған Ақеділ, Майра, Естай сияқты дүлдүл әншілерді тындау өзгеше әсер еткен сынды. Жан дүниесі рақатқа бөленіп, ұмытылмас ләzzат алып, құдды бір өзі де соларға қосылып ән салғандай сүйсіне тындаитын-ды. Ән-әуез әлеміне деген құмарлық пен талғампаздық оның бойына сол кезде біржола қонған тәрізді...

Сонымен, екінші басқыш, тағы бір мектеп тәмамдалды. Мұны да мерзімінен бір жыл бұрын және үздік бағалармен бітірді. Сөйтсе де қанағатсыз жас көңіл алғанына, білгеніне тояттар емес. Бұдан да гері биігірек, алысырақ шырқау қияндарды тілегендей...

### 3

Әбікей Зейінұлы сол көктемде Семейдегі мұғалімдер семинариясына шақыру алған: орыс тілі мен әдебиеттен сабак беру ұсынылыпты; еңбек ақысы мұндағыдан көтерінкі, әмбे пәтер үймен қамтамасыз етеді... Әбен ен алдымен үй-ішімен, онан соң елдегі үлкендермен ақылдасты. Сірә, баруға көнілі ауса керек: «Семинария — екі сыныпты училище емес, дәрежесі жоғары оқу орны... Семей де — уездік қала, Кереку емес, облыс орталығы. Орыс зиялыштары, оқыған қазақ азаттары жиын жер...» деп ой толғап жүрді де, ақыры жазғы емтихан бітісімен, кешуге жинала бастады.

— Ал, Қанышжан, екеуміз ертең екі жаққа жүргелі отырмыз. Оқу женин не істейтін болдың? Өлде үйге барған соң ойланасың ба? Әкен, бұған не дейді?

— Оқығым келеді. Өзіңіз қандай кенес бересіз?

— Меніңше, сенің алдында үш түрлі таңдау бар. Оның біріншісі — Омбы қаласы. Сәті түсіп бара қалсаң — әрине, үлкен шәр, мақтаулы оқу орындарының біріне түсіп кетуің хак. Дайындығың жаман емес. Бірақ ол — елден қашық, таныс кісі жоқ, қатынасқа да қыын. Би аға да соны айтып, ол жаққа сені, сірә, жалғыз жібере қоймас... екінші оқу — осы Керекуде. Мұнда да биыл екі жылдық мұғалімдер курсы ашылғалы отыр. Оны бітіріп шықсан — болыстық мектепке мұғалім болуға жарап тұрсын... — деп, Әбікей ағатайы сәлтоқтады да, — өзіңмен қатар оқыған баянауылдық ағаларың Сәлемхат Қуленбаев, Жүсіпбек Аймайтуров \*, Жафар Әбдіхалықов, Пәуен Жүсіпбаевтар осы курсте оқымыз

\* Москваның «Молодая гвардия» баспасының ЖЗЛ сериясында 1980 жылы жарық көрген «Сәтбаев» басылымында біз үлт мақтанымыз, сез зергері Жүсекенді ашық көрсете алмай, бір әрпін өзгертіп, далдалаған қалыпта Айсауытов (қараныз: кітаптың 27-беті) дәп жазғанбыз.

десіп, өтініштерін беріп те қойды. Олардың жөні бөлек: жастары жиырманы алып қойған марқа жігіттер, тезірек бір куәлік алып, бас құрап, шаңырақ қөтеру жайын ойлағандарын, сірә, пәлендей деп сөгүгे болмайды... Ал сен үшін үшінші жол — көнілің қаласа, Семейдегі мұғалімдер семинариясына бару керек. Ашылғанына оның біраз жыл boldы, оқытушыларын жақсы білемін, өте білікті жандар. Би аға да мен бара жатқан соң бұған қарсы болmas деймін...

— Өзім де осыны жөн көріп отырымын.

— Онда уәде осы болсын, Семейде жолығайық...

Бірақ сол жылы жасы жетпіске ілінген Имантай кенже баласының көзінен тасаға, тым ұзап кетуін аса жарата қоймаған. Қаныш оқу жайында сөз бастаса, естімөгөңсіп, әңгіме төркінін басқа жайға аударып жібереді. Немесе «Бір жыл ауылда болып, дем алсаң қайтеді, мынау соғыс дақпырты да жақсы емес-ау... Ел жайы не болады?» деп қамырып отырады.

Қарт бидің ойлаған қатері ақыры расқа шықты. Қыс бойы елді дүрліктіріп келген соғыс өрті бір-ақ күнде, 19 шілдеде (ескі жылнама бойынша) бүрк етті. Соның шарпуы іргеде тұрған Баянауыл станицасындағы халықтың улап-шулаған күйизелісінен-ақ анық танылғандай: небір жап-жас казак-орыстар жылап қоштасып, майданға аттанып жатыр. Қаланың халі қандай десенші, қыр елінің ендігі жайы не болады. Егер әки бұл өрт тым созылып кетсе?..

Бұдан арғы оқиға жалғасын Сәтбай ауылының болашақ күйеуі (Рашан Әбікейқызының), қарт бимен жас күнінде талай мәрте мәжілістес болған Өлкей Хақанұлы Марғұлан былай деп әңгімелейді:

«...Байқасам, Қаныштан не тамақ ішпейді, не жарытып кісімен сейлеспейді, бүгіліп ойға түсे бастаған,— деп есіне алған-ды солжылы Имекен менімен әңгімелескенде,— Әбенмен сейлесіп, ақылдасуға болмады. Ол кісі Өскемен-Жайсан (Зайсан—М. С.) шығып кеткен. Бірнеше күн ойланып-толғанғаннан кейін:

— Қой, баланы бұлай жүдетеуге болmas. Не де болса бір жалғыздың өзіне тапсырдым,— деп, тамыз айының басында Қанышты өртіп, Керекуге аттандым...

Имекенің қасына айнымас достары Бапай мен Қозыбағар ереді. Төртеуі бір жұма жүріп Ертіс бойына келгенде, Қаныш:

— Әке, мен Керекуге бармай-ақ қояйын, онда барсам, тағы да кешігіп қалармын. Мені осы Қызылшырпыдан (қазіргі Ақсу қаласы) кемеге отырғызып жіберіңіз,— дейді.

Жолаушылар Семейге баратын кеменің келуін күтіп, Қызылшырпуда бір жұмадан аса жатады.

— Бір күні шай ішіп отырғанда,— деді Имекен әңгімесін жалғап,— келе жатқан кеменің даусы естілді. Жүргім су етеп түсті. Қаныш бұдан былай жалғыз кетеді. Өртеніп тұрған соғыс өрті мынау, кеніл жүдеу, ел арасында ауру-сырқау көбейе бастаған. «Он бес жасар баланың тағдыры не болады?» деген ой кеудені кернеп барады. Ауылға қайтадан алып қайтуға болмайды. Оған баламның көнетін түрі жоқ. Бұл екі ортада Қозыбағар атты жегіп, нәрсені артып қойған. Қаныштан алдында мөлийіп, тез шығуды өтініп тұр. Арбаға үнсіз отырып, кемеге келдік. Билет бұрын алынып қойған... Қанкежан билетін көрсетіп ішке

кіріп кетті, бізді кіргізбеді, сыртта қалып қойдық. Бұл да бір ауыр нәрсе екен... Біраздан кейін кеме жүргуге айналды. Қанышжан кеменің үстіне жүгіріп шығып, бізге қолын бұлғады. Қасымдағы Бапай мен Қозыбагар көздерінен жас мелтілдеп, аман болғай деп тұр екен. Өзім де ішімнен соны айтып, елге қайттық...»

## ҚАНАТ ҰШҚАНДА ҚАТАЯДЫ

### 1

Мұғалімдер семинариясы Семейдің теріскей тұсында, қаланың даламен шектесетін қыыр шетіне орналасқан. Кешесі де сол себепті Степная аталған (қазіргі Шоқан Ұәлиханов атындағы даңғыл).

Әділін айту керек, семинария үйі сол күннің өзінде қаладағы еңселі, іші-сырты ою-өрнектермен безендірілген, тіпті қақпа, шатыр жиектеріне дейін неше түрлі нақыштармен көркемделген екі қабатты тас ғимараттардың бірі еді. Алды-арты ат шаптырым кең алан, әмбे дәңес жерге тұрғызылған-ды. Ту баста, 1902 жылы іргесі алғаш қалана бастағанда ол діни семинарияның оку корпусы болады деп жобаланған-ды. Бірақ генерал-губернатор кенесінде қаладағы себеппен оны сол қарсанда ашылған (1903) мұғалімдер семинариясына береді.

Демек, Қаныш келген кезде бұл үя шаңырақ, кетергеніне он жылдан асып, өзіндік дәстүрі, ұстаздық үлгі-өнегесі қалыптасқан салиқалы білім ошағы болатын.

Бұл табыстың негізін, тегінде, семинарияның оқытушылар құрамынан іздеген жөн сияқты. Олармен бізге белгілілері — ағайынды Н. Н. және А. Н. Белослюдовтар, Н. Я. Коншин, ерлі-зайыпты Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар, Н. П. Ильинский, В. М. Морозов, Ә. З. Сәтбаев, Н. Сулима-Грузинский, В. И. Попов...

«Николай Николаевичтің (Белослюдов — М. С.) жарқын бейнесі алдынан еткен шәкірттердің жадынан ешқашанда ұмытылмақ емес,— деп куәлік етеді семинарист Мұхтар Әуезов.— Бір ғана өз пәнін оқытумен ол тынбайтын. Оның әңгімелері ой қозғап, қиялыша қанат бітіретін. Бұл кісінің дүниетанымы, ұстаған бағытының ізгілігі мен прогрессивті көзқарасы, әсіресе шәкірттеріне деген шексіз бауырмалдығы оны шын ниетпен құрметтеуге себепші болатын...»

Бұл жерде әңгіме Белослюдовтардың ең үлкені туралы болып отыр. Олар тертеу еді: Николай, Алексей, Виктор, Федор. Тертеуі де әкесінен жас қалып, көп жылдар жоқшылық керіп, шешесі Варвара Васильевнаның пәтерші тұрғызып, олардың кірін жуып, тамағын істеп беріп тірнектеп тапқан болмашы қаржысымен ержеткен мұндықтар. Қыншылық көре жүріп ағайындылар жан-жақты білім алды. Бірақ оны бас пайдасына жаратпай, әлеумет ісіне, бұқара халықтың көзін ашуға жұмсайды. Сол үшін де тертеуі жергілікті жандармерияның астыртын бақылауына түседі... Белослюдовтардың көбірек танылған саласы — тегінде, ағарту жұмыстары, әсіресе өлкетану, археология, фольклор

жинау. Замандастарының құелігіне қарағанда, ағайындылардың Крепостной көшесіндегі (қазіргі Достоевский көшесі) екі қабат меншік үйінде 1906 жылы ашылған дербес мұражайда жалпы саны төрт мыңдай экспонат болған. Онда геология, минералогия, палеонтология, археология, көне заттар (қолжазбалар мен ескі кітаптар, сирек ұшырайтын мүліктер), этнография, нумизматика, картиналар мен суреттер бөлімдері бар-ды. «Сібір музейлерінің інжү» атанған.

Омбыда еткен бірінші Батыс Сібір көрмесінде (1913) Кіші күміс медаль алған ағайындылардың мұражайына әрі үйіне Семейдің сол күндеңі зиялы қауымы өзгеше ықыласпен қараған, «Киргиз ертегілері туралы дәріс оқымақпын, Семей жұртшылығын Николай Максимович Ядринцев мадақ тұтқан тамаша ғалым Шоқан Шыңғысұлымен де таныстырығым келеді. Жас өрендерге ол туралы әңгімелеу — тамаша өнеге, кекіректеріне сәуле құяр игі іс болар еді,— деп хабарлайды Алексей Белослюдов 1915 жылдың қарашасында Г. Н. Потанинге жолдаған бір хатында.—...Семейдегі оқу орындарына дала жастары қазір көтеп келе бастады. Олардың ішінде білімге құштар шынайы ынталылары аз емес».

Семейлік өлкө зерттеушінің белгілі саяхатшы, этнограф Г. Н. Потанинге жолдаған келесі хатынан біз қаладағы қазақ оқығандарының үйірме ашқанын, олардың алтасына бір мәрте бас қосқанын, шәкірт жастардың бұл бастамаға ынтамен қарап, қуана жазылғанын білеміз. «Бұл үйірме киргиздың (қазақтың — М. С.) халық шығармашылығы жайында материалдар жинап, фольклор және этнографиямен шүғылданбақ,— деп жазады, одан әрі А. Н. Белослюдов.— Ертекке жүйрік адам іздеп жүрміз. Ондағы ойымыз — жазып алғып, орыс тіліне керкем-деп аудару. Абай Құнанбаевтың өлендерін орыс тіліне тәржімалау да бірінші кезектегі міндет болып тұр...»

Ағайынды тәртеудің үйіне жиі келетін Семей зиялышарының бірі — Әбікей Зейінұлы. Белослюдовтардың екеуімен ол бірге қызмет істейді, үйлері де үрымтал (Сәтбаевтар Ертіс жағасындағы Большая Владимирская, қазіргі Абай даңғылы көшесінде тұрған, демек, үйлерінің арасы екі-ақ көше). Екі отбасының езара жақындасу себебі — емірлеріне мұрат қыпұстаған ағартушылық көзқарастары мен ниет бірлігінде. Сондықтан да олар ездері тұратын қалада еріс алған иғі бастамалардың басы-қасында әрдайым бірге жүреді. Әлеумет жұмыстарында ғана емес, демалысқа шыққан жаз күндерінде, өлкетану мақсатымен ауыл аралаған ұзақ сапарларда да бір жерден табылады.

Біздіңше, бұдан көбірек «пайда» көрген Сәтбаевтардың екінші толқыны — Кәрім, Қаныш тәрізді оқушы жастары. Ағайындылардың бай кітапханасын олар еркін пайдаланады, қырға шыққанда жолбасшы, тілмәш болып қастарына ереді, мұражай үшін әскронат іздеседі. Өнерге ынтызар шәкіртке мұндаидар сұхбаттың берері аз емес, әрине...

Жазушы Сапарғали Бегалин Қаныштың Семейдегі шәкірттік жылдарынан мынадай естелік айтады \*.

«...Нәзипа женгей қуана қарсы алды.

\* «Қазақ әдебиеті» газеті; 10 желтоқсан, 1971.

— Жақсы келдің... сауық, кешіне рұқсат берілді. Соған дайындық жүргізіп отырмыз. Бүгін осында біраз жастар келеді. Сауық кешінің төртібін жасаймыз, ішінде бол,— деп құлімдей тоқтады. Ұқтаяр болып, үйдегі анадай-мынадай дайындыққа болысып, кісілерін күттік.

Бір мезгілде семинария формасын киген екі жас жігіт келді. Ол екеуін өткен күзде осы үйде бір көргөнім бар-ды. Бірі ашаң, ұзын бойлы жасөспірім, сәл ұяңдау... Екіншісі домбыра тартып, ән салатын, алласа, шымыр денелі семинарист. Оларды ықыласпен қарсы алған Нұрекең де, Нәзипа женгей де:

— О, Жекей, дайындық қалай?— деп іле сұрай бастады. Анау шымыр денелі, мәндайлы, сарысүр семинарист:

— Шамамызша Қаныш екеуміз дайындық істеп жатырмыз,— деп салмақпен жауап берді. Мен аңғармапын, бұл екі жігіт ауыздағы киім шешетін бөлмеге бір домбыра, бір мандолин әкеліп сүйеп қойыпты...»

Ерлі-зайыпты Құлжановтар әзірлеген бұл кеш 1915 жылдың 13 ақпана күні Семейдің дедалдар клубында өтеді. Бұл туралы «Айқап» журналының сол жылғы бесінші санында «М. М» деп қол қойған тілшінің «Қазақша бастапқы ойын» атты хабарын жариялаган: «...Семейдің піркәшік клубында қазақша әдебиет кеші болды. Ойнаушылар қазақтың, оқыған жастары, оқыған әйелдері еді. Ойын төрт белімге бөлініп, қазақтың бүрыннан сауықшыл, өлеңші, әнші ақындары, ескі кеменгер билердің шешендігі өр түрлі сездермен тақпақтап, өлеңдетіп айттылды... Қазір ойналатын «Біржан мен Сара» турасында Нұрғали Құлжанов жүртқа мағлұмат берді... Залдың бір жағына қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ қамзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, кәмшат беріктің шоқпардай үкісін бұлғақтатып, айқайды сала ән шырқап Біржан шықты... «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері, Іздеген келіп түрмүн Біржан сері...»— деп шырқаған Біржан дауысын естіп, қасында жеті-сегіз қыздары бар, бұрала басып, былқылдан Сара шықты... Біржан рөлін алған Жүсіпбек Аймауитов та, Сараның рөлін алған Тұрар ханым Қозыбағарова да ойлағаннан артық шығарды...»

Демек, Жүсекең де, өткен тарауда жазғанымыздай, уездік қала-ның қысқа мерзімді курсында қалмай, облыс орталығындағы іргелі оқу орнына келген. М. М-ның хабарламасы бойынша, ол сол кеште домбыра тартып, кейбір әншілерді мандолинамен де сүйемелден, бұған қоса надандық туралы тақпақ оқып, акырында «Фалия» әнін келістіре шырқап, «Бастапқы қазақша кештің» сөтті де көнілді өтуіне айрықша мол үлес қосқан.

«...2-ойында Нәзипа Құлжанова Ұбырай Алтынсариннің жазды су-реттеген сезін сөйледі. Әнші Әлмағанбет «Ырғакты», «Татьяна», «Жарқ етпес» дейтін өлеңдерді домбыраға қосып айтты. Екі домбыра мен бір мандолина қосылып, ұлт күйін тартты. Т. Жомартбаев, Қ. Сәтбаев, М. Малдыбаев (біздің жорамалдауымызша, «Айқапқа» басылған хабардың иесі — осы кісі — М. С.) декламация оқыды...»— делінген осы ма-қалада одан әрі...

Ерлі-зайыпты Құлжановтар мұғалімдер семинариясында үйімда-сқан кезінен істейтін-ді. Нұрғали Құлжанов — Торғайда ы. Алтынсарин ашқан тұнғыш қазақ мектебінің түлегі, ал жұбайы Нәзипа Сағызбайқызы — өткен ғасырдың аяқ шенінде Қостанайдағы орыс-киргиз про-

гимназиясында оқыған бес қазақ қызының бірі. Прогимназияны ол аса үздік бағамен, бірінші оқушы атанаып бітіреді де, Торғай қаласындағы қыз балалар училищесіне ұстаз-тәрбиешінің кемекшісі болып тағайындалады. Сірә, сол қарсанды Торғайда қызмет істейтін Нұргали мұғаліммен кездескен. Оқыған зиялымдар бірін-бірі сүйеді, бірақ үй болып бірден шаңырақ көтере алмайды... Оның себебін біз Нәзипа Сағызбайқызының Торғай облыстық губернатор кеңесесіне жолдаған арызынан білеміз. Қазақ жолымен танымайтын кісіге жастай атастырылғанын; кедей ата-анасының сол үшін ертеде алып қойған қалыңмалын қайтара алмайтынын; ал өзінің сүйген жігіті учитель Құлжановқа заңды түрде тұрмыс құруды қалайтынын... айтыпты бұл күнде Санкт-Петербург архивінде сақтаулы тұрған шағым хатында ол. Ескі ғұрыпқа қарсы шықкан қазақ қызының етініші жерде қалмайды. Неке куәлігін патша әкімдерінің қолынан алған Құлжановтар бірақ Торғай қаласында тұра алмайды, өздеріне бақытты қырдағы Ертіс жағасынан іздеуге мәжбүр болады.

Бұдан кейінгі санаулы ғұмырын ерлі-зайыптылар туған халқының рухани өсуіне, оның ізбасар ұрпағының көзін ашып, сауаттандыру жолына жұмсайды. Ақырын сол жолда жүріп Нұргали Құлжанов 1919 жылды Колчак жендеттерінің қолынан қапылыста қаза тапқан.

Этнографиялық үйірме. Жоғарыда сез болған «Бастапқы сауық кеші». Абайдың дүниеден қайтқанына он жыл толуына байланысты Семейде өткен әдебиет кеші. Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын, фольклорын жинау. Абай өлеңдерімен орыс жүртін таныстыру... Бері де сол кезде Семейде тұрған ат тәбеліндегі зиялым қауымның өз халқын өрге сүйреп, дүние жаңалығына еншілес ету мақсатынан, замана көшінен кенжелеп қалмау ниетінен туған әрекеттер-ді.

Бұлардың бәрі де қаладағы қазақ оқығандарының белсенді көмегін талап еткен. Бір кеште, айтальық, ақындарды айтыстырып, «батырларды» сыйыстырып, іле-шала ән салып, шешендер сезін жатқа оку үшін қаншама актерлер керек? О күнде Семейдің мұндаиден өнерден жүрдай екені мәлім. Кешті үйімдастырушылар өздеріне көмекшілерді, тегінде, семинария шәкірттерінің арасынан тапқан. Олардан біздің нақтылы білетініміз – екі-үш шәкірт. Оның бірі – Қаныш Сәтбаев, көбіне ол мандолина тартып, иә ақындар жырынан үзінділер оқиды; көргендердің айтуынша, кейде «Топайке», Баянауыл», «Көзімнің қарасы» әндерін шебер орындаған; ойынның соңғы бөлімдерінде шәкірт жігіт үстіне сауыт киіп, қолына айбалта, наиза үстап, қазақтың этнографиялық ескі салт-ұлгілерін бейнелеуге қатысқан... Нақ сондай кепшілік сахналарындағы топ ішінде шәкірт Мұхтар Әуезовтің жүргені де анық. Ал бертінде ол сауық кештерінің белсенді үйімдастырушысы, көбіне әдеби нұсқасын жасаушы атанбақ. Солкезде ол мұғалімдер семинариясының үшінші жылының тындаушысы. Үшінші шәкірт, әрине, бір өзі «әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып есken...» (қаламгердің «Әз жайымнан мағлұмат» жазбасынан) Баянауылдық Жүсіпбек Аймауытов. Жекей (әкесінің аты белгісіз), Қази Нұрмұхаметов... сияқты талабы биік, өнерге құштар, туған жүртін жаңа жағалауға жеткізуді арман еткен жастар қанша-ма!..

Ұлттық тарихымыздың ғажап дерлік мына жайтына назар аударыныз: 1914—1919 жылдар аралығында Семейдің Степной көшесіндегі дүниеге көз ашар жарық нұр дарытқан сәулетті тас ғимаратында қазақтың мерейін көтерген тұлғалы үш арысы кездесіп, бірге жүріп, білім бұлағынан сусындаған!.. Мұны да біз кездейсоқтық деуден гөрі, олар тап болған оқу үясының ұлағатты әсері, тыңғыштықты да терең білім кездерін дарыта білгендігінің нәтижесі дер едік.

Семинария шәкірттеріне құқық және заң ғылымдарынан дәріс оқыған тағы бір оқытушы жайлы бірер сөз айта кетелік. Николай Яковлевич Коншин еткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Петербург университетінің заң факультетінде оқыған білімпаз жас еді... Ертіс бойына ол жер аударылып келген-ді. Біраз жыл Өскемен оязында айдауда болып, ақырында облыс орталығында тұруға рұқсат алып, журналистік және ағартушылық жұмыспен шұғылданған. «Мен Абай Құнанбаевпен тұңғыш рет Коншиннің үйінде кездестім. Семейге келген сайын Абай Николай Яковлевичке соқпай кетпейтін...» деп жазады семейлік ұстаз А. А. Брюханов ұлы ақынның әдеби-мемориалдық мұражайына тапсырған естелігінде. Осынау шағын қуәліктің езі-ақ Н. Я. Коншиннің рухани өмірі, араласқан ортасы жайлы біршама дөрек бергендей...

Солжылдары семинарияда сабак берген езге оқытушылар туралы біздің қолымызда нақты деректер санаулы ғана. Бірақ бір жай анық: солардың қайсысы болын ағайынды Белослюдовтар, Сәтбаев, Коншин, ерлі-зайыпты Құлжановтар сияқты ізгі жанды, ұстаздық қызметті міндет деп қана емес, жүрек қалауымен атқарып жүрген ұлағат иелері; бәрі де терең білімді, өз пәнін жетік білетін, жұмысына да аса үқыпты адамдар еді.

## 2

Қаныш келген жылы Семейде қырық мыңнан астам халық тұратын. Екі жүз жылда қарапайым бекіністен облыс орталығына дейін өскен жасамыс қалаға бұл кеп емес. Бірақ өзімен қатарлас ірге тепкен Өскемен, Барнаул, Павлодар, Верный, Жаркент, Аягөз, Қапал тәрізді уездік қалалармен салыстырғанда пәлендей аз да емес. Алайда ол күндері Семейдің Алтайдан Алатауға, Ертістен Есілге дейінгі орасан зор аймақты алып жатқан ұлан-ғайыр өлкениң әкімшілік орталығы екенін естен шығармаңыз. Алты уез, ондаған болыстар бағынатын генерал-губернатор кенесі де осында. Семейдің мешіттері мен шіркеулері бір-бірімен бой жарыстырып сән-салтанат ассыру үшін ғана емес, өздерінің үәж-үгітін қала, дала тіршілігінің әр саласына кенірек тарату үшін дөттайталасқа түсетін. Кейбір деректерге қарағанда, солжылдарда қалада он екі мешіт, алты шіркеу жұмыс істеген.

Ол кездегі Семей — Сібір мен Шығыстың езара пұл айырбастап, сауда-саттық жүргізетін шекаралық алтын қақпасы іспетті. Қалада ғасырдың екінші жылында дүниеге келген Айырбас алаңы жұмыс істейді. Арғы жылдарда оған он бір мың түйе келіп кетеді екен. Он бір мың түйе Ташкент пен Бұхараның жібөгі мен мейізін, Құлжа мен

Шәуешектің шайы мен кәрлен ыдысын, ішкі Қытайдың күмістелген неше түрлі асыл бұйымдарын Ертіс жағасына тасыған. Орал мен Сібірдің өнерлі шәрлери – Тобыл, Омбы, Ірбіт, Новониколаев (осы күнгі Новосибирск), Томның темір-терсегін, әр түрлі қолөнер заттарын, бағалы аң терілерін Семейден әрі таситын да осы, мындаған түйелер.

Семейдің өзі де бұл кезде бірталай бұйымдар ендіретін: оның шегірен былғарысы барлық жәрменеке сересінде бір күн тұрмайтын өтімді пұл; қала зауыттары өзара бәсекемен қүйдіретін қызыл қірпіштер де беріктігімен әйгілі; дала қажетін етеу үшін сабын қайнатылады; оның балқытатын балауызы мен ашытатын сырасы да шартарапқа жақсы мәлім... Семейге темір жол 1915 жылы тартылған-ды. Ал пароход бірлестігі «Меркурийдің» қызметін қала тұрғындары екі ғасырдан бері пайдаланып келе жатыр.

Бұл қаланың дала халқына мәдени орталық болып танылғаны да ертеден. Қазак сахаразындағы тұңғыш ғылыми мекеме Облыстық статистикалық комитет 1878 жылы шаңырақ кетерген. Ал елкетану мұражайы мен Гоголь кітапханасы 1883 жылы ашылып еді. Бұлардың кітап қоры, ғылыми мұрағаттары да кеңілтолғандай қарамады және сан алуан.

Дүние жаңалығына құмартып келген Қаныштай жасөспірімге соның бері өзгеше әсер еткені даусыз. Рас, бұл қарсанда ол да өзгерген: талғамы ескен, алды-артына ой жүгіртіп қарайды; оны енді городки ойнаған балалар арасынан сирек көресін; каток пен биге де күнде бармайды, таңдап, талғап әредік қатынайды... Шәкірт жігіт өнер қызығын жаңа аңғарғандай, білім құпиясын енді ғана ашқандай зор ынтамен, құныға шұғылданады. Шынайы ұстазға да жаңа жолыққандай. Кітап оқуға мүлдем құнықкан. Сонан өзге ермекке тіпті зауқы жоқтайды... Семинарияның өзінде де дербес кітапхана болатын, бірақ ізденімпаз шәкірт оны місе тұтқан жоқ. Алғашқы жылы-ақ Гоголь кітапханасының тұрақты оқушысы болып алды. Оның Белослюдовтарға үқсап, қолына басы артық тыын-тебен түсे қалса, кітапқа салып, құныға жинау әдеті де нақ сол жылдарда басталған.

Қанышпен қаршадай күнінен бірге ескен ойын досы Жұмаш Шәдевтівтың естелігінде (Ж. Бектұров, «Галымның жастық шағы», «Қызыл ту» газеті, 1 ақпан 1967): «Оқудан демалысқа қайтқанда кітаптарын артып келетін. Өзі келер кезде ауылға жәшик-жәшик қылып кітап женелтетін-ди. Жұрт Қаныш әке-шешесіне қант-шай жіберіпті... десіп, қаумалай ашқанда көбіне алданып нәүбез қалатын... Ол жазғы демалысқа келгенде бізге: «Оқындар!..» деп үйттейтін. Өзге жүрттың өнерлі, мәдениетті, білімді екенін кеп айтатын. Өзіндей жастар қымызға мас болып, атқа мініп жарысқанда, «Менің атым озды, мен оздым» десіп даурыққанда, Қаныш: «Аттың озғаны не керек, ақыл, бас озсын» деп тоқтау айтушы еді. Өзіндей жастар тақтайға сақа үйіріп, таудан тас домалатқанда, мұзда сырғанақ тепкенде, Қаныш тасты тасқа үрып, сындырып, неше түрлі шақпақ тас жинап жүруші еді... Суыр ініне барап, тас теретін. Беріректе қонышына балға салып жүріп, таудың тасын сындырып қараумен болатын...»— деген куәлік айтылған.

Семинарияның оқу мерзімі терт жыл. Алғашқы жылдан-ақ шәкірт құдайға құлшылық ету пәнінен (басқа діндергілерге бұл міндетті емес),

ұстаздық тағылым (педагогика), орыс және шіркеу-славян тілдері, есеп, алгебра, пішінде (геометрия), тарих, жағрафия, жаратылыс-тану, физика, сурет пен сзызу, көркем жазу, ән сабағы, қосымша ғылымдарды тану (құқық, зан білу, реңми қағаздар рәсімі және басқалар) сияқты түрлі ілім негіздерін жүйелі біліп, тыңғыштықты білім алуға тиіс. Әлбетте, шәкірттің білім деңгейі көтерілген сайын оку бағдарламасы күрделеніп, жаңа пәндер қосылады. Оку жылы осы күнгідей төрт тоқсанға бөлінеді. Жыл аяғында ауызша, жазба емтихандар ұсталып, шәкірттің білімді игеруі тексеріледі де, оны келесі курсқа көшіру иә көшірмеу турасында ұстаздар алқасының шешімі қабылданады. Бағдарламаны үлгере алмаған шәкірттердің бір курсы екі жыл өкітындары да жоқ емес, окудан шығып қалатындар да бар. Үздік өкіғандар жыл қорытындысында мактау қағаз берілгенде 1916 жылдың 1 қантарында земство жәрдемін алған таңдаулы 20 шәкірттің санатында Габдул-ғаний (құжатта солай жазылған) Сәтбаев, Жүсіпбек Аймайтұсов және Мұхтар Әуезов болғандығы нақтылы аталыпты...

Демек, мұнда да Қаныш үздік өкіған. Алғашқы жылдары ол бұрынғыдай немере ағасының үйінде тұрған. Яғни семинария ғимаратына жету үшін бұрынғы бекіністің Жәміш қақпасын сол жағында ұстал, Омбы (қазіргі Гагарин атындағы), Крепостной және Большничная (бүгінде академик Павлов) көшелерін қыстай кесіп өтіп, Степной даңғылына түсіу қажет. Жаяуға бұл едәуір жер. Әсіресе толарсақтан суыма құмды кешіп журу шығады. Ауылдастарының айтуынша, ол Мұхтар және Жекей есімді шәкірттермен бір пәтерде, Ханица деген татар әйелдің үйінде тұрған.

Бәлкім, осы жайт себеп болды ма, әлде бой түзеп, есейіп қалған шәкірт жігіт өз бетінше дара тұрып өмір сүруді қажетсінді ме, үшінші курстан бастап Қаныш жеке пәтерге шығады. Ауылдастарының айтуынша, ол Мұхтар және Жекей есімді шәкірттермен бір пәтерде, Ханица деген татар әйелдің үйінде тұрған.

Халық жынын отырған облыс орталығына жаз айларында көшпелі цирктер жиі келіп, өнер көрсететін. Қала тұрғындары оның курес ойындарына өзгеше әуес. Қызды-қыздымен солардың атақты палуандарымен белдесуден тайынбайтын қызбалардан да күр алақан еместі. Мұндай жүректілер көбіне жүкші, өзенші қазақтардың арасынан шығады. Әлбетте, шәкірт жастар ондай үлкен аренада жоламайды, бірақ соларды қызықтырушылардың, қошемет білдіріп, қолдаушы көптің жуан ортасында болады. Кейде олар да Бұзау аралдағы (орынша Полковник аралы атанған) кекке шығып, болмаса қымызхана алдындағы құмжайда күш сыйнасып, тайталасқа түсіп жатады. Семинария шәкірттерінің белдісі Жекей екен. Күреске ол, тегінде, үзенгілес досы Мұхтармен барған. Ахмет Омарханұлы Әуезовтің айтуынша, бұл екі дос сол жылдарда Семейде тұрған белгілі спорт жаттықтырушысы Николай Николаевич Куприяновпен жақындастып, курсес тәсілдерін арнайы үйренеді.

Құресті қызықтап иә аяқдоппен әуестену — болыстық, бастауыш мектептерге мұғалім болуға әзірленіп жүрген семинария шәкірттерінің

оқудан қажыған іә жаңстық желеңмен ойынға, жаңалыққа аңсары ауған кездегі ермегі делік. Ал сауық кештеріне қатысу немесе көркеменер-паздар үйірмесіне мүше болып, әдеби шығармалардан «Жанды ойын» көрсетуге талаптану, тіпті үш достың Ханиса ханумның төргі бөлмесін басына көтере дауласып, қыстың ұзак кештерінде жетілік шамның сығырайған жарығына жақындай отырып, қазақ өмірінен шағын ойын нұсқасын жасап, құлқілі көріністер, әзіл-оспақтар әзірлеуі ше?.. Иә, кейде түннің бір уағына дейін үйықтай алмай, неше алуан қиял тербел, арман шертіп, езара айтысқа да тусетін. «...Әнгे бай, ақын-жырауы, эпос, қисса, жыры мол, сал-серісі, бақсы-балгері де әр ауылдан шығатын өнерлі сахара Еуропа мәдениетінің озық үлгілерінен өзіне лайықтысын неге үйренбейді? Даланың қөшпелі марғау тірлікten оянып, отырықшы елатанып, мәдениеті ілгері, ілімі озық халықтармен терезе теңестіретін мезгілі жетті. Иә, біздің болашақ мәдениетімізге Еуропаның цирк өнері, театры, әлденеше музыка аспаптары бір сазды қосылып орындастын оркестрі, кеп дауысты хоры да керек. Тіпті футболшы, волейболшы, балуан спортшылар да керек. Жаппай сауат ашар бастауыш мектептер, тілмаш дайындастын курстар ғана емес, терең білім беріп, салиқалы өнерге баулитын семинария, гимназия, кәсіби училищелер керек. Оянған қазақ өлкесінің мұндай өнерге, білімге, ғылымға құштар болғаны қашаннан... Оны жаңа жағалауға, соны тірлікке бастайтын көшбасшылар — мына біздер, қазақтың жас оқығандары. Демек, алдағы мұрат-мақсатымыз, өміріміз осы жолға арналуға тиіс. Ол — ағарту жолы! Туған халқыңа қалтқысыз қызмет ету. Өз білгенінді, бойындағы барынды салып өнер жолына сүйреу!» Олардың кекейін мазалаған ойлар осы еді.

Өмірдің аңы-тұщысын әлі көрмеген, асқақ романтика жетегінде шалқып жүрген арманшыл шәкірттер, тегінде, құрғақ қиялға малданған утопистер емес-ті, хал-қадерінше нақтылы іспен шұғылданғысы келетін. Сол үшін де Мұхтар сауық кештерінің бағдарламасын әзірлей жүріп, пьеса жазумен әуестенеді. Ондағы ойы — халық үйінің көркем-өнерпаздар үйірмесіне репертуар жасап беру. Сол талабының алғашқы қарлығашы — 1917 жылы Абай аулының жайлауы Ойқұдықта ойналған «Еңлік — Кебек» қойылымы. Актерлері — Абай ауыларының оқыған жастары.

«1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықлады,— депті Жүсіпбек Аймауитов ғұмырбаяндық жазбасында.—...«Рәбіға», «Жебір болыс» (Мансапқорлар), «Қанапия, Шәрбану»—1916—1917 жылғы жазған пьесаларым. ...Ең алғаш баспа жүзіне шықкан сөздерім —1917 жылғы «Сарыарқада» (Семейде шыққан қазақ газеті — М.С.) басылды».

Ал Қаныш өз қабілетіне орай ойын-сауық үйымдастыруға бейімделеді.

Төр жайлауға ауылдың қонған кезі. Қыс бойы шаруа қамымен жүріп бір-біріне қатыса алмаған жамағайын жаңа қонысқа құтты болсын айтуда келіп, жапа-тармағай қауышып жатқан қуанышты мезгіл. Құн қызылиектеніп батып барады, тәнірек жайқалған көк, ауыл алдында жалтыраған айдын көл. Кенет отау үйлердің бірінің іргесінен жайлау-

дың сағ ауасын діріл қақтырып желлігендей, маужыраған табиғатты, шаруа күйлерін ауыл адамдарының назарын өзіне еріксіз қаратқандай сазды үн күйкілжи шығып, жан-жүйенде елтіп тартада жөнеледі. Желсіз тымық кеште азан-қазан болып шулап жататын қотан да бүгін осынау әсерлі саз әуеніне елтіп жым-жырттына қалған, тіпті қыбыр еткен жан-жануар болсайшы. Ал жүрттыйтың ойын жана басталғандай қыза туследі.

Кенет тыңдаушылардың бірі тыныш тұра алмай, қатты дауыстап: «О, бәрекелді! Тусаң ту, Сәтекенің терт арьсы! Өнер деп осыны айттыңдар, оқысаңдар осылай оқындар!»— деп қошемет білдіреді. Терт арьс дейтіні енер көрсетіп түрған ағайындыларға білдірген мадағы: Әбікей — гармоньда ойнаса; Әбдікәрім (Кәрім) — скрипканың дүлдүлі; Бекеш — домбыраға жүйрік; ал Қаныш мандолина мен гитарды бірдей тартады...

Ағайындылардың ойыны, әдетте, түннің бір уағына дейін созылады. Мұндай жиынды оқыған жігіттер, әлбетте, бос өткізбейді: қаладан көрген, білген жаңалықтары жайында майын тамызып әнгіме айттып береді; кейде дауыстап Абай елеңдерін оқиды; ауыл өмірінің кейбір көлөңкелі жақтарын әжуалайтын сықактарды ойнап, жиналған жүрттты күлкіге қарық қылады...

(Жылдар өтеді. Кешегі шәкірттер ер жетіп, өмір ағысына шыққан. Бірі — инженер, бірі — қаламгер. Қазақ оқығандарының арманы жүзеге асып, ұлт театры шаңырақ көтерді. Сол театрдың шымылдығын ашқан қойылымның бірі —«Еңлік — Кебек», авторы — кешегі «Қазақша бастапқы ойынның» қатысушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ал ұлт театрының алғашқы қадамын, табысы мен кемшилігін жана шыр көnlімен қуаныштап әрі сәт сапар тілеп тебірене жазған тұңғыш сыншысы — кен инженері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. «... Қазақ ұлт театрының келешегіндегі жолына тәменгі үш бағыт негіз болуы көрек деп білеміз: бірінші, театр — ел өмірінің түзу айнасы; екінші, театр — ел міндеттінің құрулы тезі, төреші үстазы; үшінші, театр — қазақтың салтсанда, күйі, сарындары сияқты мәдениет, өнер кендерінің терең ошағы, үйтқысы», — деп ой толғаған ол «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылы 24 қаңтарда жарияланған «Қазақстанның ұлт театры» атты шолу мақаласында).

### 3

Шәкірттік жылдар зымыраптіп жатыр. Қаныш қоңыр құз бен қытымыр қыста Семейде, жаз елде, көбіне жайлауда болады. Соғыс тауқыметі де қала халқын әбден титықтатып, еңсеріп барады. Дүние түгел қымбатшылық. Рас, пұлың болса, базардан іздегенің түгел табылады. Шәкіртке қанша нөрсе көрек? Үсті-басы бүтін, тамағы тоқ болса жетіп жатыр. Соның бәрі бірак қыруар бейнетпен келеді. Семинария ай сайын он бес сом стипендия төлейді. Бұл, әрине, айналымға жетпейді. Барлық үміт — арымайтын ауылда: қысқа қарай өткен-кеткеннен қоржындал, қаптап ет, қарындал май жібереді; стипендияға сеп болсын деп қаражат та жөнелтіп тұрады. Баянауылдың Семейден жырақ түрғаны қатынасқа қыын-ак...

Шәкірттер өзара қоғамдастып, бір-біріне жең үшымен жалғасып, сенікі-менікі демей, қоржын түбін бірге қағысып, қоңыр тәбел тіршілікпен өмір сұруде. Сейтсе де қаланың жүдеу түрмисы оларды тоғыз айға созылатын оку жылында мейлінше титықтатып, әбден қажытып шығаратын. Содан да шығар, шәкірт атаулының ауылға қайтуға асырып тұратыны... Мұхтарға бұл қызын емес, ауылы бір-ак қонып баратын Берліде тұр. Ал Қанышқа жайлауға шығып кеткен ауылына жету үшін ең кемі жеті-сегіз күн жол жүруі керек. Сол себепті оқудан босайтын күнін әкесіне ерте хабарлап қояды. Бұл кезде оған ауылдан қос атпен келетін адам — елгезек Нұрлан. Айтылған күні ол қалаға түсіп, Әбен үйінде тосып жатады. Әрине, сонау қыырдан шәрге келген соң жолаушы жігітке жүктелген тапсырмалар да аз болмайды. Бәрі де қырда қат, от алып іздесең табылмайтын керек нәрселер... Базардағы сауданың акыры трашмәңке арба алушмен тынады. Соңан ырғалып-жырғалып ұзақ жиналудан соң жолаушылар күнбатысты бетке үстап жолға шығады.

Жас Қаныштың әр жылы, оқудан келген сайын міндетті парызындаі көріп, ыждағатпен орындайтын бір рәсімі — өздерімен қоңсы отырған, Арқаның атақты әншісі һәм сазгері Жаяу Мұса Байжанұлы на арнайы барып, сәлем беру. Бұған Қаныш қана емес, қарт әншінің өзі де үйреніп алған-ды. Мерзімді күнінен кешіге бастаса, «Имекеннің кенжесі келіп пе еken, нәзік бала еді, оқудан ауырып қалмады ма еken?» деп сұрау сала бастайды. Тіпті шыдамы түгесілсе сипаң тоғысын өкпеге тепкілеп, қырық шақырымдағы Дағдардан ерінбей жетіп те келеді.

Сол әдеттін Қаныш 1916 жылы да бұзбайды. Үйінде үш-төрт күн болып, жолдантынықкан соң қасына Нұрланды алып, әншінің қыстауына аттанады. Жаяудың бұл сексенге ентелеген шағы, қос-қостап айдайтын малы болмаған соң жайлауға бұрын да жарытып шықпайтын, ал қазір көшіп-қонудан біржола тоқтаған. Жолаушылар келгенде ол сырқаттанып тәсекте жатыр еken. Үй іші жүдеу, төрде бір-өкі тайтеріден өзге лыпа жоқ...

Бұдан арғы әңгімені сол кездесудің куөгері Нұрлан Қасенов ақсақал жалғастырысын:

«...Қанкежан сырқаттың көніл күйін ежіктеді.

— Оны менен сұрап қайтесін, анау құсымнан біл,— деп, әнші тұғырда мүлгіп отырған көк қаршығаны нұсқады.

Қаныш қымсынған жоқ, қыраннның қасына барып, бетегесін сипап, топшысын басып көрді де:

— Әнші ата-ау, құсыңыз ашулы ғой. Жаз шыққалы емін-еркін бір үшпадым деп көк тілеп отыр еken,— деп жымыған еді.

Қарт риза болып қарқылдай күлді.

— Пай-пай, тұмысыңдан айналайын, асыл Имекемнің үрпағы-ай! Айнытпай таптың, құсбөгі тегіңет тартуыңа болайын. Көк қаршыға ұшпағына жүдесе, мен үша алмағаным құсамын, ей, қайтесің, қарағым...— деп сері мұңайып қалды.— Жә, Қанкежан, қалаң не дейді, мына соғыстың салмағы қайыстырып болды ғой елді?

Қаныш қала жаңалықтарын әңгімеледі. Қазақтан оқоп жұмысына кісі алмақ деген соңғы қауесетті де жасырған жоқ.

— Е, патша екеміздің жайы онда мәз емес екен. Мынаның мақтан сөзі өтірік болды,— деп әнші тізесінде жатқан газетті лақтырып тастады.— Зобалаңың көкесі алда десенші.

— Не деуге болады, ата,— деп шәкірт төмен қарады.

— Балам, бері жақындаши,— әлдене есіне түскендей карт әнші кепет Қанышқа сынай қарады.— Былтырғыдан бойына қосыпсың, тіл аузын тасқа!.. Ал ойың ше, оған да қосқаның бар ма, өзің айтшы, жаһым?

Қаныш қызыарандап:

— Оны енді... не деуге болады?.. Тағы бір жылды бітіріп келдім ғой,— деп күмілжіген еді.

— Бәрекелді, мұныңда да ризамын. Имекенің ақыл-оыйын ғана емес, кішілік сыпайылығын да алғаныңды көріп тұрмын. Ал енді бұйымтайынды айт, менен не қалайсың?

— Бұйымтай жоқ.

— Шынымен көнілінде ештеңе жоқ па?

— Жоқ, шыным, ата.

— Жә, мен үш қайтара сұрадым, сен де жоқ деп үш қайырдың. Шынында да сәлем бере келіпсін, ризамын. Қане, қолыңды жай, ба-лам!.. Әлгінде өзің топшысын құмартса сиғаған Кекқаршығам — мениң аяқтыға ұстаптай, тұяқтыға қақтырмай қастерлеп, бабында сактап келе жатқан асыл қыраным. Сен де, Қанкежан, Имекендей ел жақсының жастай балтап, ертегі-кеш бағып отырған балапан қанат сұңқарысың. Кекқаршығаны саған байладым. Екеуінің бұдан былайры тілеуің бір болсын, қос қыран! Қайда үшсандар да мерейлерін үстем болып, жолдарыңа нұр жаусын, аумин!.. Бұл қазір нағыз бабында, алып кет те демалысыңа ермек ет, саят құр!— деп, қарт әнші ағынан жарылып бата жасап, көзіне жас алды.

Мен қызыққанмен Қанкежан құсты алудан бас тартты.

— Аты менікі болып, заты сізде қалсын, әнші ата! Сауықкан соң менің қаршығамды алып, жайлауға келіңіз. Бұйырса саятты да сонда көрерміз,— деп, әншінің өзіне міндет артып, оп-оңай құтылып кетті.

Жақсылар о күнде жұмбақтап сөйлеседі ғой. Аттанарда Жаяу бізді есік алдына дейін шығарып салды.

— Бара қалсам, Қанкежан, базарлығың бола ма? Сонша жерге ба-рганым тұра ма?— дәп тақпақтады.

Қаныш та сауықкой қарттың көнілін бірден түсініп:

— Көп емес, аздап. Сіз үшін бірер ән табармыз,— деп жыымиды.

— Жарайды, сенің азабыңды білемін. Барамын аулыңа, әкеңе сәлем айт! Уәде осы болсын».

Ауылға келген соң, жастар болған әңгімені биге айтады.

— Бәрекелді, құсын алмай келгендерің дұрыс болған. Ол бір дауы көп қырсықты қаршыға еді...— дейді ауыл иесі.— Жақында сол құсты қолқалап, Біләл болыс барыпты. Мырза аулының кекірейген мінезі қалған ба, аттан түспей, Жаяудың үйіне шабарманың жұмсапты. Әри-не, шабарманға ол кісі деп қарамаған, тәсектен басын көтермей, газет өкіған қалпы, тіл қатпастан сазарып жата берген... Большікка бер-меген сүйікті қыраның саған атағаны таңғаларлық мінез! Иә, жарық-тықтың пейілі солай. Біреуге көлдей жомарт, біреуге шелдей сараң...

Келетін күнің тос, балам. Ұағда етсе, келеді әнші атаң. Онан саят емес, дүние әңгімесін естіп, өнер көрү абзал,— деп Имантай қарт сезін түйеді.

Бірақ сол жылды саят құрып, серуенге шығудың сәті келмейді. Көп ұзамай жария болған 25 маусым жарлығы мал бағып, шаруа қүйлеп тыныш жатқан қыр елін іркіттей ірітіп, жағдайсыз қүйге душар етеді. Ер-азаматтың ат үстінде үйиқтап, сәйгүлік ауыздығымен су ішкен қыын-қыстау күндері басталады...

## ТӨҢКЕРІС ЖЫЛДАРЫНДА

### 1

1917 жылдың таңы атты.

Мәңгі көріп, әулиедей табынып жүрген жоғары мәртебелі Николай патшаның айбарлы құдіреті еңбекші халықтың жаппай көтерілген кекті дүмпуіне төзе алмады. Аяғы аспаннан келгенін қаһарлы ақпанның аязды таңында бір-ақ білді.

Ақпан төңкерісінің жаңғырығы Семейге он бес күн кешігіп жеткенді. Кеп жыл зарықтырып жеткен бостандық бірақ «кешіктім» деген жоқ, мұнды елдің көңілін дүр сілкінтіп желпіндіре келді.

Ар бостандығы. Ел бостандығы. Жер бостандығы. Сөз бостандығы. Енді еріктісін, теңсің! Бәріңе де бостандық!

Алақандай Семейде аз уақыттың ішінде толып жатқан комитеттер мен одактар, партиялар үйимдасып, олардың атқару, басқару мекемелері, газеттер мен листоктар бір-бірімен тайталаса туып, жауыннан соңғы кектей қаулап шыға келсін. Күнде жиын, күнде митинг. Дұылдаған жұрт, гүйдеген сез. Көтеріңкі көңіл, желпіне сейлеген шешендер, еліре туған ергежейлі «кесемдер»...

Мұғалімдер семинариясының сабағы да бұрынғы қалыпты, жүйелі күйінен айнып, кеп жиын, көп комитеттің оңды-солды еліктірген қисапсыз дүрмегіне тап болған. Сабак мезгілінде өтпейді. Үзілістер сағаттар бойы емес, кейде әлденеше күнге созылады. Шәкірттер ішінен «көзі ашық зиялыштар», «от тілді тілмарлар» шықты. «Әзің ғана оқымай, өзegen де оқыт!» деген ұран семинария шәкіртерінің күн сайын талқылайтын өзекті тақырыбына айналды...

Сібірдің Том қаласынан, сондағы технология институтының кен факультетінің тертінші курсының студенті, туған даласына қазына көздерін барлаушы инженер-геолог (бұл кісі кейінгі ғұмырында бірақ, математика ілімімен шұғылданған) болып оралуға әзірленіп жүрген Әлімхан Әбеуұлы Ермеков оқуын таставап, Семейге асыға жеткен. Жалғыз өзі ғана емес, соңына қырық шамалы сол шәрге білім ізделп барған қазақ жастарын ертіп келеді. Елім десе емешесі үзілген қайран ер көңіл-ай десенші!.

Шынтуайтын айтқанда, бодандық қамытын басына кигелі екі ғасырға жуық мерзім болған қазақ жұрты бостандық таңын сарғая күткенді. 1868 жылғы реформадан кейін бүкіл жері қазынаға түсіп, оның ең шүрайлы, құйқалы, нұлы-сұлы, өзен-көлді бөліктөріне жатжүрттың

адамдары шегірткеше қаптап, қазақтың мал-жанын құмайт та сусыз тақырың іншілерге айдан тастау саясаты басталғаннан-ақ, сорлы қазақ қыр төсейін емін-еркін жайлап жүрген шағын тусынде көріп, көңілінде аңсайтын шерлі сағынышқа көшкелі қашан. Бірақ, амал не, аяқ-қолы байлаулы, еркі ғана емес, тілі мен ділі де кісендегі...

Бұдан әрі қарамы сол кезде бес миллионнан асқан, бірақ өзінен шықкан билеушісі ғана емес, созған қолы аузына жетерлік билігі де жоқ жетім халықтың келешегі не болмақ,... деген түйткілді сауал ту-мақ. Бар-жоққа жаны ауырмайтын, өз жұтқынын ғана білетін тоғышардың жауабы бұған: «Е, оны енді бір Алла біледі!» болмақ. Десек те, еркіндік рухы қанына тән халықтың қалың ортасынан бодандық қамытын сыптырып тастауға шақырған һәм сол үшін жанқиярлық курес бастаған ерлер бір енір емес, әр жерден ондап, жүздеп шықты.

Осы ретте тарихи бір шындықты мойындау лазым: орыс халқымен жақын жанасып, тілін менгеру арқылы, оның рухани өмірінде «Алтын ғасыр» атаған дәуірлеу кезеңінде (XIX ғ.) дүниеге келген ірі ойшылда-рының ізгі мұраларын игеріп, солардың асерімен құллі Еуропа, жер жүзінің мәдени асыл қазыналарына бойлаудан кейін ортамыздан Шо-қан, Абай сыңды ұлыларымыз туғаны анық; Шыңғыс төре, Ыбырай Ал-тынсарин, Мұса мырза мен оның баласы Сәдуақас сияқты санлақ білгірлер де дараланып шығып, әрқайсысы өз хал-қадерінше туған жұрттының рухани тірлігін білім жолына бұруға тырысқаны мәлім; әмбебұлар сыңды тұлғалы қайраткерлер бір ғана Ертіс бойы, Сарыарқада ғана емес, сайын далаңың небір қашық түкпірлерінен де бой көрсеткен.

Жиырмасыншы ғасыр ел арасынан оқығандардың екінші, үшінші легін туғызды. Бұлардың бәрі дерлік әуелі өз ауылында мұсылманша сауат ашып, соңынан ұрымтал жердегі орыс мектептерін, кейбірі семинария, гимназияларды адақтап, үздік шыққандары (әрине, хал-ахуалы жеткендер) Қазан, Том, Орынбор, Омбы, тіпті Москва, Тарту, Варшава мен Санкт-Петербургтің университеттерінде оқыған. Сондықтанда олар билеуші әкіметтің, Ресей патшасы тағайындаған әкім, ұлықтардың зиямияндығына, найза бойламас кұлық, зұлымдықтарына қырдағы қазақтан ғері қанық болған. Сондықтан да нақ осы орыс оқуын тауыса менгеріп, зияльлыққа жеткен топтың ішінен отарлаушы елдің өзіне тәуелді жүрттарды тілінен, дінінен, ділінен ада қылып, байлаулы бұзау етпек ниетін жете аңғарып, соған қарсы тұрган ерлер туды. Орыс үкіметі өздеріне аярлықлен ұсынған мәнсап, мәртебелі шендерді тәркі еткен олар аға сұлтандыққа, болыс, қазылыққа өзара таласып, ел мүддесін соның жолына байлап берген кейбір әке-бабаларының сатқындық мінезінен жеріп, тұрме азабын, Сібірге жер айдалу мекнатын біле тұра жасып-жасқанбаған. Соның бәрі жүректері аңсаған тәуелсіздік пен рухани бостандық үшін! Бұларды біз кешегі дала батырларының рухы жебеп, кебенек көйлегін киген шынайы ерлер дейміз! Шын-ау, ежелден елдігін аман сақтап келген жүрттың екі ғасырлық езгіден соң жігері мұқалып, күш-куаты сарқылды деп ойлаудың өзі күпірлік емес пе?! Халықпен бірге жасап келе жатқан «Ер тумаса — ел фаріп!» деген нақыл сөз де, сірә, соның айғағы.

Бұлардың курес жолы, анығында, от қарумен жасанған патша әскеріне бәз-баяғыша найза, шоқпар, сұңғі, садақ, қылыш үстап,

кейбірі ғана мылтық асынып қарсы шыққан Сырым Датов, Исатай Тайманов, Жанғожа Нұрмұхамедов, Кенесары Қасымов, Есет Кетібаров, Ханғали Арыстанов, адай қазақтарының Иса Теленбаев, Досан Тәжиев, Алға Жалманбетов бастаған көтерілісшілер құмылынан, немесе күні кеше 1916 жылы бүрратана жұрттардан 400 мың солдат алып, окоп қазу жұмыстарына жекпек болғанда, дүр көтерілген халық қозғалысынан гері бөлөгірек айқас-ты. Оның сын-сипатын, сірә, қазақ зиялыштары жаңа толқынының кешбастаушысы Ахмет Байтұрсыновтың: «Жөн сілтедім қазақ деген намысқа, Жол сілтедім жақын емес алысқа. Өзге жұрттар ерге қадам басқанда, Дедім,— Сен де қатарынан қалыспа!»— деген үндеу сезі дәлірек анықтаса керек. Ахандай жайсанға еріп күрес бастаған Міржақып Дулатов та 1909 жылы жарық көрғен «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағына мына сөздерді айдар етіпти:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қарандыға бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал нарам боп,  
Қазағым, енді жату жарамасты!..

Бұл қозғалыс кейіннен Алаш атанды. Алайда оның алғашқы нышандары жаңа ғасырдың жылнамаға енген кезінде-ақ көрінген-ді. Дәлірек айтсақ, 1905 жылғы жалпыресейлік саяси дүмгуплер шағында. Оны жер-жерде ұйымдастырып, бағыт-бағдарын бір арнаға бүрушылар біз жоғарыда сипаттаған орысша оқығандар арасынан шыққан. Мысалы, Санкт-Петербург университетін бітірген заңгер Жақып Ақбаев 1905 жылдың қоңыр күзінде Павлодар-Қарқаралы бағытымен сапарға аттанып, қарашаның 11 күні Баянауылда, 14-ші жүлдізында Қарқаралыда жүзденген адам қатысқан наразылық жиынын өткізген.\*

Тарихшы Кенес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» кітабының (А., «Ататек», 1996) 39-бетінде: «Қарқаралыдағы митингте 14,5 мың адам қол қойған, Ресей Министрлер Кеңесінің терағасы С. Ю. Виттенің атына жолданған петицияны Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев сияқты ұлттық-либералдық қазақ зиялыштары дайындағаны айдан анық...»— деп, ықтимал жорамал айтыпты. Мұхтар Әуезовтің осы құзырхат туралы 1923 жылдың жария еткен пікірінше: «Ол петицияда аталған үлкен сөздер: бірінші, жер мәселеісі, қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді..., екінші — қазақ жұртына земство беруді..., үшінші — отарлаушылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін... қазақты муфтиге қаратуды сұраған... Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулемес кісілер кеп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» («Ахандың елу жылдық тойы» мақаласынан).

Әсілі, ұлт азаттық қозғалысы өте қатаң цензура, түрлі шектеу мен құғындау жағдайында пісіп-қатып, әдістеніп, тәжірибе жинақтап, сол жолда түрме азабын да тарта жүріп, өз қатарын молайта берді, жыл үзаған сайын ол қазақ жерінің барлық түкпірін қамтыды. Екпіні үрдіс

\* Бұл оқиғалар заң ғылыминың докторы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің Ж. Ақбаев туралы ғылыми монографиясында толығырақ баяндалған.

екпінді ғасыр әуеніне ілескен, ұлттымыздың мұдде-тілегінен туған қозғалыс бас-аяғы он-онбес жылда қазақтың сол кездегі ат тебеліндей санаулы оқығандарын түгел қамтып, ақыр аяғында саяси бағыт-бағдары айқын партия болып (1917) үйімдасып, теңкерістер алауы Ресей империясын жанарттауша солқылдата бастаған шакта күрес майданына атойлап шығып, ел мен жерге билік құрмақ ниетін ресми жария еткені жүртшылыққа мәлім.

Бүкілқазақтық бірінші құрылтай 1917 жылдың 21–26 шілде аралығында Орынборда шақырылып, оған Семей облысынан барған ресми өкілдерден Әлімхан Ермеков, Халел Фаббасов, Жақып Ақбаев белсенді қатысып қана қоймай, сол күндерде ту тіккен Алаш партиясының басшылық құрамына да енген. Құрылтайда талқыға түскен 14 мәселенің бәрі қазақ халқының кеп жылдан бері көкейінен кетпей, көмейінде тас боп тығызып тұрган жайттар-ды: Ресей құрамында автономиялық еркіндік алу, өз жеріне иелік ету, діни азаттылық, әйел мен еркектердің теңдігі, қазақша оқытатын мектептер ашу, сот ісін ана тілінде жүргізу т.б... Сол жиында бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне (шорои-исламға) қазақ жеріндегі алты облыс пен Бекей ордасынан, Орта Азиядағы қазақтар атынан сегіз адам делегат болып сайланған. Семей облысынан аталған екіл — мұғалімдер семинариясының оқытушысы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев...

Бұл жаңалықтар Ертіс атырабындағы халыққа «Сарыарқа» (1917 жылы Семейде шыға бастаған) мен «Қазақ» газеттері арқылы жеткен. Әлбетте, көзі ашық, көкірәгі ояу қазақ баласының бұны жүргімен қабылдап, қуанбағаны, сірә, кемде-кем. Кейбірі күні ертең нендей кірпиатқа тап боламыз деген қауіп-қатерді ойламай-ақ, Алаш партиясына мүшелікке жазылған: айтальық, әнер иелерінен — Шәкерім Құдайбердиев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқтылар... Біздіңше, бағыт-бағдарламасы қан қыздырып, намыс қоздырған ұлттық қозғалысты семинарияның оқытушылары (ерлі-зайыпты Нәзипа, Нұрғали Құлжанов, Ә. Сәтбаев) ғана емес, шәкірттері де қызу қолдаған. Бұрын тәмамдаған топтан — Мұхтар Әуезов, сол жылы үшінші курсты аяқтандардан — Жүсіпбек Аймауытов, Қазы (Қази) Нұрмұхаметов (осы азамат бір жылдан кейін Алашорда үкіметінің милиционерлер тобына жаттықтыру жасатып тұрган кезінде, Омбыдан келген большевиктердің Звездовский отряды қастандықпен атқан оғынан мерт болған; Қазыны жерлеу Семейде үлкен саяси ұлттық оқиғаға айналған; қалың қазақ қатысқан қаралы жиында Шәкерім қажы Құдайбердиев сөз сейлеп, жүртқа жұбату айтқан)... Жүсіпбек болса бірден қalamгерлік жолға түсіп, «Сарыарқаның» бірінші басылымына «Сарыарқаның сәлемі» атты үндеу өлең, екінші санына «Тұр бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар!» деген сынды қесемсез мақалаларды бүркүрата жазып, жаңалыққа әзірше марғау жүртін ояту қамына едел-жедел кіріскөн.

Бір жайт шубәсіз анық-ты: қалың, нөсерден кейін жер жарықтықтың айрықша бусанып, көл-кесір көгеретіні тәрізді, тұс-тұстан жетіп жатқан ақпараттар нөпірі үміт-тілеуін туған ұлтымен күрмелеген әрбір жанның намысын оятып, тұнгі үйқысын бұзған; әрине, солардың дені жаңалық құмар оқушы жастардың ортасынан шыққаны даусыз...

Күллі әлемді дүр сілкінгіп, мәңгі деп жүрген патшалы Ресей империясының да астан-кестенін шығарып жатқан дүбірлі 1917 жылдың 12 сәуірінде жасы он сегізге толған мұғалімдер семинариясының үздік шәкірті Қаныш Сәтбаев сол күндерде кімді жақтады? Білім жолына қолынан жетелеп жүріп түсірген қадірлі ағасы Әбікей Зейінұлы Алаш қозғалысын бұлталақсыз бірден қостап, соның әрқылы үйымдық шаруаларына атсалысып отырғанда, екінші немере ағасы Әбдікәрім Жәмінұлы Омбы, Ақмола қалаларында оку оқып, қызмет атқара жүріп, үлттық қуресек іштартушылар тобына алансыз қосылғанда Қаныш кімді қостады? Семинарияның құллі қазақ оқытушылары, езімен бірге оқытын жастар мен жасы үлкенірек Жүсіпбек, Мұхтар, Қазы сынды түлектері де бұл тұрасында екінші күй кешкен жок, қозғалыстың үгітші һәм іс тындырушылары атанды. Біздіңше, Қаныш та сол дүрмектен қалыс қалмай, азаттық туын кетерушілердің жуан ортасында жүрген. Бәлкім, белсенділік танытып мінберден түспегендер қатарында болмаса да, қара кебейткен шәкірттер арасынан табылғаны анық...

Десек те, шәкірт Қ. Сәтбаевтың Алаш қозғалысына нақтылы катысы жайында ресми құжат жоқ. Оны біз түгіл 1951—1952 жылдардағы атышулы үлтшылдарды іздеу науқаны кезінде шұқия тексергендер — әсіре қызылшыл тарихшылар, қауіпсіздік мекемелерінің пәлеқор қызметкерлері де таба алмаған. Анықында соны сарыла іздеудің қажеті жоқ-ты. Өйткені 17-жылдың көктемінде ол аяқ астынан сырқаттанып қалған. Дәрігердің айтуынша, өкпесіне сұық тиген. Амалсыздан ауруханаға жатуға мәжбүр болған-ды. Емтиханға шәкірт сонда жатып әзірленеді... Алайда семинарияның үстаздық кеңесі оның жыл бойы үздік оқығаның ескеріп, төртінші курсқа сынақсыз кешіруге қаулы қабылдайды. Қаныш Баянауылға баратын жерлестеріне ілесіп қырға аттанады. Сірә, у-шулы, жүдеу тірлікте қаладан тезірек аулақ кетіп, ас-сұы, қымыз-қатығы мол туған ауылына жетіп, ақау түскен денсаулығын түзетуді ойлаған.

Кектемгі сырқаттың шынайы сирры күзде мәлім болады: амал қанша, оқуын тәмамдауды қекsep, қалаға қайтып оралған шәкірт семинария аудиториясын тағы да қоныс аударғандар ауруханасының палатасына ауыстырады; емханада олауыр халде, қан түкіріп айдан аса уақыт жатады. Ақыры, ем-домның шипалы әсерімен қан тыйылады. Он сегіз жасар жігіт үшін шын қасірет, азапты күндер бірақ соңан соң, басталған. Әбікей Зейінұлының етінуімен ауруханаға келіп, науқасты қараған білікті дәрігер С. Н. Разумов Қаныштың дертін өкпе туберкулезінің ашық түрі деп тауып, тез арада қаладан кетпесе, өміріне қауіп екенін ескертедей.

Оқуға құныққан, қаланың сол күндегі дүрмек-шуына да қызыққан албырт жас үшін бұл ауыр жазаға кескен сот үкімін тыңдағанмен бірдей кесім болады. Заңғар биікке самғар шақта қанаты сынған қырандай қамығып, аурухананың ақ тесегінде күн-түн сарылып жатқанын артық қандай азап бар?..

Қаныш Имантайұлының Қ. Жармағанбетовке айтқан естелігіне на-зар аударайық:

«...Ұмытласам, 1917 жылдың күзі. Семейдің қара сұығы. Үскірік жел ызың қағады да тұрады, өнменіңнен етеді...»

Күн еңкейіп қалған кез. Семинариядан елге ала кетуге қажет деп тапқан кітаптарымды алып, Әбікей ағайдікіне келе жатқам. Бір айналмадан бұрыла бергенімде өңі сарғылт, денесі ашан, орта бойлы кісі қарсы кездесті де:

— Сәлемет пе, інім. Сен осы, Имекең ақсақалдың баласы емеспісің?— деп оқыс сұрады.

— Имекенің баласымын. Атым Қаныш.

— Мен Сұлтанмахмұттың. Уақытың болса, бүгін кешке пәтеріме келіп кетши,— деп тұрағын айтты.

— Жарайды, барайын.

Өзіме таныс татар ағайынның үйі екен. Кештеңкіреп келдім. Оңаша бөлме, стол үсті десте-десте қағаз, кітап. Сұлтекен ескі танысындағы қарсы алды, бетен сөзге келген жоқ.

— Қаныш қарағым, мениң көп оқуым жоқ кісі. Өсіреле орысшаға шорқақпын. Мына кітаптың мен көрсеткен жерін оқып шығып, кейбір жеке сездерін, жалпы сейлеменің мәнін қазақша айтып керші,— деді де сырты сары қағазбен тысталған көлемді кітаптың бір бетін алып, маған ұсынды. Асты сзызылған сездері көп екен. Көз жүгіртіп көріп едім, алғашында өзім де үғына қоймадым. Екі рет оқығанда, сол беттің жалпы сарынына түсінгендей болдым. Айта бастадым. Сұлтекен жазып отыр. Екі сағаттай отырдық. Шам тұтін екеумізді де жарыса жетелтті. Біраз мұндастып алдық.

Дәлосы жай бұдан кейін де екі кеш қайталанды... Сұлтекен соңғы кеште ас дайындағы қойыпты. Ол кісі ауыз үйге шығып кеткенде, жастық шақтың құмарлық сезімі билеп, «Осы нендей кітап болды екен?» деп тысын ашып, сыртына қарасам: «Капитал, Критика политической экономии. Сочинение Карла Маркса, том первый. С-Петербург, 1872» деп жазылған екен...»

Өмір талқысы мен кеуде дерті алма-кезек соққылап, мейлінше ти-тиқтаған жүдеу көнілді ақын да жас талапқа тезірек елге қайт деп кеңес берді.

— Оқимын дегенің көнілді қуантады, жақсы інім. Тегінде, бұл біздің халықтың кешігіп құған өнері... Сол олқыны сендей жастар толтырмаса, жер басып жүріп не керек!? Бірақ оқу үшін денсаулық керек. Қанатсыз қыраннан не қайран, жапалақтай жалпылдан жер бауырлап ұшу-дың қызығы да болmas.

Екі ойлы болып, қаланы қып кете алмай жүрген жасқа есті ағаның еменірінмен білдірген ақылы тұртқі болады. Ақыры ол елге қайтуға бел байлады.

Қазан айының орта кезі өді бұл. Ұлы қазан төңкерісінің басталуына оншақты тәулік қалған дүрбелен շақ. Ертіс өніріне қыс сол жылы ерте түсіп, маң дала үлпа қарға бөгіп, әлдебір тосын оқиға күткендей манаурал жатқан-ды...

Бұл қыста Қаныш екі түрлі шаруамен шұғылданған: бірі — Семейден ала келген окулықтарын жастана жатып, төртінші курстың сабағын әзірлеу; екіншісі — екі ауылдың ересек балаларына әріп үйретіп, өз бетінше сабак беру.

Кеудесін шалған ауыр дертпен күресу де осы күнгі тән сауықтыру ісінің озық емдерімен салыстырғанда әншнейін нәрсе, әмбе таңданар-

лық қарапайым. Анығында бұл үшін мақтау сөзді өмірден тоқығаны кеп Имантай қартқа арнау лайық.

Нұрлан Қасенов осы жайында былай деп сыр шертеді: «Құнде кешке, жылқыға кетерде, би атам орта торсық қымызды қанжығама байлайды. Торсықтың ішінде құмалақтай құшала дәрімен бірге қарыстай шики қазы, көбінесе соның ішектен сыйдырылған үлпілдегі жүреді. Не керек, таңертең жылқыдан қайтып келгенімде әлгілердің қайда кеткенін білмейсің. Төк қайыс бол қалған қазының қыртысын ғана көресің. Осы сусынды Қанкежан күнімен, түнімен ішеді. Шіркін, қырдың қымызы асыл дәрі ғой, науқасты екі-үш айда-ақ аяғынан тік тұрғызып, өңіне қызыл жүгіртті. Қара күзде би атам екеуміз Баянның арғы бетінен қарсы алғанда басын кетеруге халі келмей, көбіне арба үстінде сұлық жатып, ауылға әрен жеткен жігітіміз енді өздігінен атқа мініп, сергіген кезде тіпті саятқа шығатын болды...»

## 2

Ақпан төңкерісінде билікке жеткен Уақытша үкіметтің тарихтан еншілеген небәрі тоғыз айлық қесулі мерзімі бітті де, 1917 жылдың қазан айының 25-жүлдөзінде (ескі санау жүйесі бойынша) социалист-революционерлердің В. И. Ленин бастаған коммунист-большевиктер партиясы өмір сахнасына шықты. Империя астанасында жеңіске тез-ақ жеткенімен, большевиктер билігі Ресейдің барлық қала, uezдерінде оп-оңай орнай қойған жоқ-ты: Москвандың өзін талай тәулікке созылған қантөгістен кейін ғана тізе бүктірген; ал қазақ даласы сияқты алыс түкпірлерді әлі өз құзырына иліктіру қажет-ті...

Ұлттық қозғалыстың Әлихан Бекейханов басқарған үйымдастыру комитеті «Қазақ» газеті арқылы қараша айында күллі қазак қауымына екі мәрте үндеу жолдаған. Соның соңғысында комитет: «Ресей іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, орта-сына ойран түсіп, түп қазығы сұрырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біреу елмес қамын қылып жатыр, біреу осы лайсан buquerqueлішлікке кірмес қамын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп қам қылмай отыра алмаймыз. Мұндай лайсан заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мұлқімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңың ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Да-нышпандар билімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы...» деген сұнды әсерлі хақ сөздер халықта арналған-ды. Алғашқы үндеу бойынша да іле-шала Орынбор қаласында, желтоқсан-ның 5–12 күндері аралығында жалпықазақтық екінші құрылтайға жиналғандар тарихи мәні бүгінде де ерекше құнды қарар қабылдаған. Сол құжаттың ықшамдалған нұсқасы мынадай: «І. Бекей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарында, Закаспий облысының Ферғана, Самарқанд, Әмудария еңірлеріндегі қырғыз (қазақ) uezдері мен Алтай губернасындағы іргелес қазақ болыстары мәддениеті бір, тарихы және тілі бір жүрт атанип һәм қаны бір қазақ-қырғыз халқы жының қоныстанып, тұтас жерге иеленіп отырғандақтап,

ұлттық-аймақтық автономия болып құрылсын; 2. Қазақ-қырғыз облыстарының автономиясы «Алаш» деп аталсын; 3. Автономия алған облыстардың күллі жері — үстіндегі байлығы, өзен-көлі бар қазынасымен, астындағы кеңі — Алаш мұлкі... 6. Алаш облыстарын қазіргі жүргенсіздіктен құтқару үшін «Алашорда» аталған уақытша халықтық кеңес құрылсын... Алашорданың уақытша құзыр қылатын орны — Семей қаласы... (Н. Мартыненко 1929 жылы құрастыրған «Алаш-Орда. Сборник документов» жинағының 2-басылымы, А., «Айқап», 1992, 69-б.)

Тарихи қаулыны қабылдауға мақұлдап қол көтерген кепшіліктен семинария шәкіртеріне (демек, Қанышқа да) етене таныс кісілерді түстесек, олар — Тұрағұл Ыбыраев (Құнанбаев Абайұлы), Әлімхан Ермеков, Халел Фаббасов, Ахметолла Барлыбаев, Базарбай Мәметов, Мұқыш Баштаев (құжатта Баштаев), ағайынды Асылбек, Мұсылманбек және Мұратбек Сейітовтер... Булардың біразы жайғана қостаушы емес, Алашорда үкіметіне мүше іә соларды алмастырушу (кандидат) болған қайраткерлер. Ескерттер бір жайт: соңғы ретте аталған алтау түгелімен Баянаула тумалары, яғни оқуға ертерек құныққан ортадан ұлттық қозғалысқа ат қосуышылар да көбірек шықкан...

\*\*\*

Көктем шықты. Қыстай қар астында қымтаулы жатқан даланың тынысы кеңіп, құншуаққа кенелді. Төнірек жадырап, жасыл кекке бөленді. Өріс төлге толды, көлдерге құстар қонды, көштерін шұбырытп өн сан ауылдар жайлауға бет түзеді.

Бір емес, екі мәрте бірінен-бірі асып, дүниен шыр қабелек айналдырған, төңкөрістерге ұрындырған дүбірлі, атышұлы 17-жылдың қазанында жолшыбай неше қонып, ауылна ауыр сырқаттан сұлдері жеткен Қаныштың көңіл күйі қазір жадыраған көктем шуағындей сәулелі, мерейлі шырайға ауысқан. Жабырқау күйі тарқап, іштегі кірбен, өксіктер ұмытыла бастаған. Соның бәрі көктемде көшкен қармен бірге еріп кеткендей.

Жасы сол көктемде он тоғызға толды. Қылшылдаған жігіт шағы. Осы қүнге дейін алғанын, ойына тоқығанын еселеп қайырып, ауылы күткен биіктен керінер кезі. Соны сезбейді емес, сезінеді-ақ. Өзін ба- пар жеріне жетпей, орта жолда тоқтап қалған жолаушыдай көреді. Қырда жүргенімен көнілі қала жақта.

Бұл турасында әкесімен де үзын-ырғақ дауы бар.

— Қаланы енді қайтесің, балам. Мына дертің аса қауіпті кесел...  
Үйдің күтімі, қыр ауасынан кетсөн-ақ қайта жығыласын.

— Оқуым қалып қояды ғой, әке. Семинарияны бітіргелі тұрғанымда үйде отырып қалсам, білгендігім қайсы? Заманда өзгерді.

— Әй, балам-ай, бұл заман сенікі емес пе? Бір жылдың әрі-берісі не? Бойыңды күтіп, биыл ауылда бол. Он жақта сарыла күтіп, сениң денсаулығында бір жалғыздан жалбарына сұрап қалындығың Шәрипа отыр. Құйрық-бауыр жесіп, баталасып қойдық. Оны қайтіп бұза-сың?... Бұған да ойлан. Жайлауға шықкан соң тойларынды өткізелік. Бізді де сөйтіп бір қуант!

— Жок, әке, әуелі окуымды аяқтауым керек. Ренжісөніз де Семей-ге кетемін.

— Өкінесін түбінде, балам. Опық жейсің!

— Тым болмаса емтиханға барып келейін. Енді кешікsem, біржола қалып қоямын.

Ақыры әкесін осыған көндірді. Ауылы жайлauғa асқанда, ол айны-  
мас серігі Нұрланды ертіп Семейге аттанды. Шынында да саржамбас  
болып, қыстай төсек тартып жатқан шәкірт оқуды ғана емес, оқу ететін  
аудиторияларды да сағынып қалған екен...

Облыс орталығының тірлігі, шәкірт жігіттің байқауынша, былты-  
рыға қарағанда біршама саябырлап, сен жүрген шақта он жағалауды  
сыпыра бес-он күн үрғылап, аптығы бірақ ілеzeде басылатын арынды  
Ертістей баяу қалыпқа көшкен сияқты. Петербургте қазан айында  
женғен большевик-коммунистер төңкерісінің жаңғырығы бұл жаққа  
жаңа жылды шығарып барып әрек жетіпті. Бұрын астыртын жағдайда  
жұмыс жүргізген бірлі-жарым большевик ячейкалары қантарда ғана  
бас көтеріп, бір үйімға бірігіп, жұмыскерлер арасында үгіт жүргізіп,  
солардан Қызылгвардия топтарын құрып, ақырында ақпанның екісінен  
үшіне қараған түнде Семейде де Кеңес өкіметін орнатыпты. Большеви-  
ктер партиясының қалың, бұқараның сол күндеғі талап-тілегін,  
кекейтесті сұрауын дөп басқан ақылгөй басшыларының үтимды үран-  
дары Ертіс жағасында да жолды болып, Алаш қаласының қалың кедейі,  
қасапхананың жалаңаш жалшылары, былғары, сабын зауыттарының,  
Затон поселкасындағы кемешілер шоғыры бірден-ақ кеңес өкіметін  
жақтап шыққан. Соңдай тың өзгерістер облыстың уездері мен болы-  
старында да қауырт басталыпты. Газет хабарларына қарағанда, об-  
лыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы Я. Шугаев 1918 жылдың  
кектемінде Бүкілressейліk Орталық Атқару Комитетіне жолдаған же-  
делхатында сәуірдің 20-жанасына дейін-ақ 262 ауылдық және село-  
лық кеңестер құрылып жұмыс істей бастағанын хабарлапты. Әрине,  
заман тынысына әрі-сәрі емес сауатты шәкірттер үшін кеп жайтты  
аңғартатын жаңалық бұл...

Былтырғы күзде, әсіресе жыл аяғына таман бағыт-бағдары айқын-  
далып, ел билігін қолына алғандай болған Алаш партиясы мен оны қол-  
даушылардың Алашорда екіметі құзырдан тайдырылып, қазірде ор-  
талық кеңестің көсемдерімен ымыраға келу, реті түссө пәтуалас бо-  
лып ел басқармақ саясатқа көшіпті. Бұл тұрасында Қаныштың Семей-  
ге келген бетте Әбікей ағасынан естіген нақтылы әңгімесі: Әлекен  
Бекейханов Кеңестің Орталық үкіметінің басшысы В. И. Ленинге  
сенімді екі серігі Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтерді жіберіпті,  
мұндағы Алашорданың облыстық комитетінің төрағасы Халел Габба-  
сов та 2-сәуір күні тете сым (телефраф) арқылы Ресейге бодан халық-  
тар ісі жениндеғі комиссар И. В. Сталинмен сейлесіпті; бәрінің де мак-  
саты — Алаш автономиясы шенберінде қазақтың ежелгі атақонысын  
біріктіріп, Орталық үкіметке бағынышты дербес мемлекет құру... Ауыз-  
ша келісім бойынша, Алашорда Кеңес өкіметін мойындаған, бірақ  
бұлар талап еткен ұлттық тұтас негіздегі қазақ мемлекеті емес, тап-  
тық белгісіне қарай іріктелген кеңестік тұрпаттағы автономия беруге  
ойысқандай. Оның өзі әзірше құрғақ уәде ғана. Соның есесіне Орта-

лық үкіметтің басшылары біздің қайраткерлерден саяси сахнадан үзілді-кесілді кетіп, ел ісіне бұдан әрі араласпауды талап еткен. Семейдегі ахуал шынында да солай істеуге еріксіз мойындағандағы: Әліби Жангелдин үйімдастырған қызылдар жасағы Қызыл гвардия отрядтарының күшті қолдауымен Батыс өлкеде толық жеңіске жетті, Орынбор да солардың қолына кешкен; бұл жақта да басы өзара бірікпеген казак-орыс атамандары оларға қарсы тұра алмады...

«Сондықтанда, Қанкежан, ақыл-есің бір өзінде артылғып жеткендей шаққа келдің. Әлекен, Ахан, Жақаңсынды көшбасшы жақсыларымыз «Оян, қазақ!» деп үлтиматив үшін ұран тастап, ел билігін қолға алайық деп жатқанда, қасқырдан бүкілан көжек құсан, тасада үнсіз қала алмадық. Монархия құлағаннан кейінгі әсіре үгіттерге де сеніп қалдық білем. Қалайда мен езім, ат төбеліндей ғана тұрғыластырым бұл жолдан, сірә, кейін қарай қайта алмаймыз, тұтылсақ та, құтылсақ та тағдырыдың жазғанын көреміз. Тандаған жолымыздың қақ екеніне имандай сенемін, мұны енді тарихтың төрелігіне қалдырылыш... Ал сен, былтыр қапелімде ауырып қалғаның, сірә, құтқарушы Қыдырдың жебеуі болар, илайым соған бастасын, Қанкежан, біз түскен дүрмекке елікпесең деймін. Осы саяси ағым, партиялардан тыскарырақ жүрген қалпында қалып, оқуынды тиянақтағаның жөн болар-ау!.. Денсаулығың келсе, саған әлі оқу керек. Қазіргі заманда білімдінің білгі бұрынғы батырлардың, балуандардың күш-қайратынан әлдекайда басымырақ дегенді мен саған бұрын да айтқанмын», — деп ақыл-кенес берді ағасы Қанышқа.

«Алдында ақылшы ағаң болса, жегіп қойған атпен тең» дегенді қазак, тегінде, біліп айтқан. Қыс бойы «ұзын құлақтан» өзге жаушысы сирек алыстағы ауылда дүние жаңалығынан бейхабар жатып, облыс орталығына сағынып жеткен шәкірт жанашыр ағасының бұл ойыншош көріп, оқуына алансыз кірісті. Бұрынғы өзірлігі, елде жүріп те қамсыз жатпағандығы сеп болып, емтиханды еркін тапсырды.

Арманына қол жетті, семинарияны тәмамдап аттестат алды. Жаңын күйзелткен дерптің де беті әрі қараған. Қеңілге мықтап ұялаған кек шымшық та маза бермей, әр түрлі қиял тербел, алыс қиялдарға жетелейді: оқығысы келеді!.. Көзделген жері — Сібірдің Том қаласы. Семейге ұрымтал тұрған, іргелі оқуы көп өнерлі шәр. Онда университетте, институтта бар: университетті қаласа математика факультетіне барады; институтты таңдаса көн инженері болып шығады. Екеуі де жақсы мамандық, бұл заманың маңдай алды өнерлері.

Тек алабұртқан қөнілін тежейтін бір гәп: екеуінде де математика мен шетелтілінен емтихан үстасуы керек және гимназия бағдарламасы келемінде. Есеп пәніне ынтастырылады, сірә, елге қайтқаны жөн шығады. Онымен жоғары мектептің емтиханынан өте алмайды. Ал шетел тілін семинарияда мүлдем оқыған емес.

Не істеу керек? Әкесінің тілін алып, сірә, елге қайтқаны жөн шығар. Жан бағып ауылда болады. Шаңырақ көтеріп, түтін түтегеді. Ойлап қараса, дімкес қеудеге бұдан езге жол да қалмаған тәрізді...

Осыған еріксіз мойынсұнып, бірақ қайтып кетуғе қөнілі біржола дауаламай, екіудай оймен Семейде біраз күн жүріп қалған-ды. Бір күні

жолдама сұрамақ болып губерниялық Жер басқармасына барды. Соның алдында ғана газетте осы мекеменің ауыл мектептерінде жұмыс істеуге шақырған хабарламалары жарияланған.

— Қаныш жолдас, сізді ауылдық мектепке жіберуге болмайды. Мынандай біліммен сіз мұғалімдердің өзін оқытуға тиіссіз!..

Сәйтіп, ойда-жоқта сол қарсаңда Семейде Жер басқармасының қаражатына ашылған екі жылдық мұғалімдер курсының оқытушысы болып шыға келсін\*.

«Қаныш Сәтбаев бізге жаратылыстану пәнінен сабак берді. Қазашша оқулықтар ол кезде атымен жоқ, ал орыс тіліндегі кітаптарға біздің «тісіміз» батпайды. Сол себепті сабак үстіндегі бар қаракетіміз — оқытушының аузын бағу. Класс іші сондай сұық, жаман тон, жыртық, күпілдерімізді қаусырына түсіп, тыңдал отырамыз. Бұғынгідей есімде: үстіндегі шолақ былғары тоны бар, шашы бүйраланған қап-қара, аққұба жүзді, кең мандайлы, уыздай жап-жас Сәтбайұлы келіп, бәрімізге ізетпен амандастып, ірі тістерін ақсита жымып алып сабаққа кіріскенде, бөлмедегілер тым-тырыс тына қалатын. Өйткені Сәтбайұлының әңгімесі бізге ертегідей әсер ететін...» деп еске алады мұғалімдер курсының шәкірті Дүйсебай Есенжолов.

Ал сол курстың тыңдаушысы Қалиақпар Төребаев былай дейді: «Менің білетінім: Сәтбайұлы Қаныштың білімі сол кездің өзінде осал болмайтын. Бұлай дейтінім класқа ол бір-ақ кітап ұстап кіретін еді де, дәріс оқығанда бір сағат бойы соның бетін ашпай-ақ талмай сейлеп шығып кететін. Сонда біз, шәкірттер, өте анқау кезіміз фой, «Апрай, мына Сәтбайұлы қандай көп оқыған, бүкіл кітапты жаттап алған» деп таң болушы едік».

Мұғалімдер курсының тыңдаушылары Семей облысының барлық ояз, болыстарынан жиналған-ды. Жас мөлшері де әрқылы — алды отызға ілінген, арты жиырмаға ентелеген ересек жігіттер. Білім дәрежелері де түрліше бірер жыл болыстық мектептерде оқығандармен бірге өз бетімен хат таныған шала сауаттылар да отырады. Курс тыңдаушылары «неткен білімпаз!» деп тамсанып жүрген Сәтбайұлының өзі сабактан бос, көбіне кешкілік мезгілде басқа бір «мектептен» сабак алатынын сезбеуі де, сәрі, сондықтан да шығар.

Іә, сол қыста-ақ ол ұзын арқау, кең тұсауға салмай, білімінің олқылығын толтыруға қам жасаған. Математикадан көмектесетін ақылшыға қиналған жоқ, жылдам тапты: бұрнағы жылы Ә. Ермеков Том қаласынан өзімен бірге ертіп келген қырық шамалы оқығандардың бірі Ғарифолла Нығметуллин есеп пәнінен ерекшө жүйрік әрі тыңғылықты ұстаз бол шықты... Ал ағылшын тілінен оқытатын мұғалімді біршама іздеуге тұра келді, ақырында тапқан айлығының үштен біріне келісіп жалдап алды.

Бұл кезде қаланың саяси ахуалы көп керім ашық реңге көшіп, көнілді күпті еткен тұмандар тарқап, қазақ оқығандары да кеңес кенселерінен қызметтер ала бастаған. Ең бастысы, тұтқында отырған Алаштың облыстық комитетінің кейбір мүшелері бостандыққа шық-

\* Курстың жетекшісі – ескі зиялы Мәнан Тұрғанбаев, оку ісін жүргізуши – Жұсіпбек Аймауытов.

ты, бой тасалап жүрген Алаш көсемдері де оқу-ағарту саласында еңбек етуге рұқсат алды. Қазақ зияллыларының Ертіс жағасындағы қарамды да көрнекті тобы ел билігінен шеттетіліп қара үзсе де, туған жүртүн жаппай сауаттандыру, көзін ашып, білім жолына бұру мұмкіндігінен ажыраған жоқ. Соның мәнді айғағы — екі жылдық мұғалімдер курсының ашылуы, оған қазақ ауылдарынан білімге талапты жастардың тартылуы. Әрине, облыс орталығындағы бұрынғы мектептер, гимназия, семинария да жұмыс істеп жатыр, оларға қазақ балалары да кептеп тартылды. Ең ғажабы, Кеңестің Орталық үкіметі жариялаған сез бен ождан бостандығына да әзірше ешбір қысым, қылбұрау түскен жоқ. Діни медреселер мен мешіттер бұрынғы қалпында. 1918 жылдың ақпан айынан беріде «Абай» атты әдеби-қоғамдық жаңа журнал шыға бастады. Бұл болса, қазақтың зиялдық қауымы үшін ғана емес, құллі оқырман жүртүн жаңа үкіметтің тартуы іспетті зор мәнді жаңалық еді. Сондықтан да оның жарық көруіне мұрындық болған екі азаматты — Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовті Ертіс атырабындағы қалың ел жаңа заманға бастар көшбасшысындей көріп, жыл құсындағы қуана қостаған. Шынында да, журналдың алғашқы санында жарияланған, соңына «Жүсіпбек» деп қол қойған басмақаланың сөз саптауы да бұлардың өнегесінің өміршендігін еріксіз мойыннатқандай еді: «...Өнер, ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек. Жалаңаш кедейге енер үйрендеу — өгізбен жарысып, бәйге ал деген сияқты. Надан болсан да байы десек ғылымсыз ол да баянсыз болмақ... Ғылым білімге қанады. Ғылымсыз білім сыңаржақ: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім құрғак, білімді орнына жұмсау керек... Міне, осылар сияқты тіршілікке керекті терең мәселелерге орын бермек журнал ғылыми, әдеби һәм шаруашылық жолын тұтынды. Үл жол керуен таңдамайтын кең жол. Терең өткелді, тасты, томарлы қын жол... Журнал шығарушы 5—6 жігіт не күшине, не біліміне сеніп шығарып отырған жоқ. «Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді. Қалай бітіргеннен емес» деп Абай айтқандайын, талабым — таяғым, жігерім — азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай — қазығым деп үмітпен шығарып отыр».

\* \* \*

Осылайша бірі-біріне үқсамаған, бірінен-бірі озған күндер мен түндер, аумалы-төкпелі оқиғалы айлар алма-кезек ауысып жатыр. Мұғалімдер курсының тіршілік-тынысы да замана көшіне баяу ілескен керуен іспеттес. Қаныш болса, сол кештің керек бір келігі тәрізді. Таңертең ерте тұрып сабаққа барады, «Сақалды» шәкірттеріне дәріс оқиды. Оナン кешкे қарай үш-төрт бойдақ жігіт бірігіп тұратын жұтаң пәтеріне титықтап әрең жетеді. Бірақ «шаршадым» деп тәсекке құлайтын еріншек кісің — Қаныш емес. Түннің бір уағына дейін тапжылмай отырып, ертеңгі сабағына әзірленеді. Жоғарғы оқу орнына әзірлігі де ойдағыдай жүріп жатыр. Есептің күрделі құпияларын енді-енді игеріп келе жатқандай. Фарифолламен ол алтасына екі рет кездеседі, ағылшын тілінің мұғалімінен де екі мәрте сабақ алады. Бір күн іә бір сағат

бос уақыты жок. Бар уақыты есептеулі, тіпті жексенбі де соның еншісінде. Дайындыққа берілген сонша, жазда елге де қайтпады. Қарт әкесінің өткен-кеткеннен қыла айтқан сәлемі, ағайындардың үгіті, дем алу қажеттігі... Соның бірде-бірі емтиханға әзірлік қамына берілген Қанышқа әсер еткен жоқ. Бар ынтасы, бар тілегі — күзге дейін Томға жету. Фарифолланың әсері ме, қазір ол ешқандай бұлталақсыз технология институтына баруға бекінген. Таңдаған мамандығы — кен инженері, соның кен іздейтін барлаушы бөлімі...

Бірақ, тағдыр шіркін оның жолына тағы да кесе-көлденең тұрды. Жыл бойғы сарыла отырған күндер мен түндер белгісіз өтпелті, аяқ астынан ауырып қалды. Үйреншікті кеуде дерті.

— Ну-с, жас жігіт, аллаға сенуші ме едің? — дейді дәрігер Разумов тағы да қантүкіріп, қоныс аударғандар ауруханасына түскен науқастың қеудесін ұзақ тыңдаудан соң.

— Жоқ, доктор, алладан ғері өзіме сенгенім бекем емес пе?

— Бекер, бауырым, бекер! Сақтансаң сақтаймын деген...

— Сонда, Сергей Николаевич, мениң ендігі тағдырым бір жалғыздың ғана қолында демексіз бе?..

Қарт дәрігер үнде мейді. Сірә, ендігі жайың солай деп науқастың, көнілін қамықтырып, онсыз да жіңішкерген үмітін біржола үзгісі келмеген тәрізді.

Бұл жолы ол ауруханада екі айдай болады. Қан түкіру тыбылып, науқас басын көтерді. Жұруге бірақ халі жоқ, өңі аппак қудай, бұрын да жұдеу еді, енді құр сұлдері ғана... Сол қарсанда елден кісілер келіп сарыла күтіп жатқан. Шаруалары — Қанышты еркіне қоймай ауылға алып қайту. Дәрігердің кенесі де солай: «Оқу қайда, тіпті қалада бір күн аялдауға болмайды!.. Ендігі үмітің, шырақ, қырдың шипа ауасында, тынымсыз күтімде ғана».

Енді амал жоқ. «Қош бол, қимас қала! Қош енді барлық арман, мұраттар да!..» Мұғалімдер курсымен есеп айырысып, пәтер үйінде бұрын тастап кететін кітап, мұліктерін де қалдырмай арбаға салғызып, жолға аттанады.

Бұдан арғы әңгімені сол сапардың күегері Нұрлан Қасенов ақса-қал жалғастырысын:

«Мезгіл қындау кез болған соң, Би атам Бапаекең екеумізді қалаға қатар жұмсаған. Қазанның бас кезінде Семейден шықтық. Күн онша суымаған жайдары мезгіл. Жайдарлығын қайтейін, жолды өндіре алмадық. Қанкежаның жағдайы сүйт жүрісті көтермейді. Семейден аттанғанда қыр ауасын ұнната ма, арба үстінде басын көтеріп отырып, жанжағына құмарлана қарап, әредік бізге әңгіме айтып, аздап сергігендей болып еді. Орта жолға жетпей-ақ онысынан жаңылып қалды. Өйткені дертіне құрғақ жетел қосылып, күн өткен сайын сырқаты ауырлай түсті... Бізде зәре жоқ, аман-есен жеткізе аламыз ба деп. Оның үстінеда ланың құтырып тұрған кезі. Кенес екіметті әлі тұрақтамаған, ақ өскерінің беріше жортып жүрген шағы. Кезіге қалса, сенің обал-сауабынмен санаспайды, төбеден бір һұқып, атынды доғарып алып жүре беруі ҳақ. Құдай ондал әйтеуір ешкім кезікпеді. Ел шетіне, қалың қозған\* ішіне ілінгенімізде,

\* Сүйіндіктен таратытын бір ру ел.

алдымыздан үш-төрт кісімен, тың көлікпен жетпістен асып кеткен егде жасына қарамай Биатамның өзі шықты. Бала тауқыметі оңай ма, сірә, ауылдан тосып алуға шыдамаған... Не керек, Қанкенің көрер жарығы, татар дәмі өлі де көп екен. Қыстауға аман жеткіздік...»

\* \* \*

Жас дene кеудесін шалған дерптен бұл жолы көбірек алысты. Ақыры, жарым жылдан соң науқастың беті бері қарап, есік алдына өз бетімен кіріп шығатын халге келген-ди. Қатты қайратқа бірақ шамасы жоқ. Бұрнағы жылғыдай екі ауылдың балаларын жинап алып, өз бетімен мектеп ашуға да деңсаулығы көтермеді. Тауға шығып саят құруға, ауыл аралап қызыруға да құлқы жоқ, болса да дертінен қорғаншақтап, ертегі-кеш аялаған әке-шеше қасынан ұзағысы келмейді. Бар тірлігі, қорегі, тіпті ертеңгі үміті де екі ауылдан жиналған қысырақтың емшегіне телінген...

## ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

1

Империяның құнбатыс бөлегінде тұтанған азамат соғысы 18-жылдың екінші жармысына ауысар шақта қазақ даласын түгел шарпыды. Айталық, Сарыарқаның теріскейі мен құншығыс аймағы үшін Трансібір темір жолының бойында ұсталған әскери тұтқындар — Чехословак корпусының (қарамы елу мыңдай жауынгер) бүліншілік бастауы қып-қызыл сор бол тиді. Оларға іштен жасанған қарсылық топтары қосылып, аз құннің ішінде Ақмола, Атбасар, Қостанай және Қызылжар (Петропавл) қалалары бүлікшілер қолына көшті. Маусымның 2-жүлдизында Семейдегі Кенес өкіметі де құлады. Орынборда атаман Дутов қайыра бас көтеріп, Торғай облысының орталығын шілденің 3-жанасында өзіне бағынышты еткен. Оның да жаналғыштары қылышын дереу қызылдар мен соларға бүйрекі бүрятындардың қанымен суаруға кірісken. Әлбетте, қосақ арасында бос жүргендер, қырдағы сормаңдай ел ең алдымен науат болған: шыбынша қаптаған әскерге — азық-түлік пен ат, ермекке қыз-келіншек керек; еркіңмен бермесең — қызыл большевиктерге іштартқан жансың...

Жыл басынан беріде бейтарап, көбіне кіріптарлық ахуал кешкен Алашорда кенесінің терағасы Әлихан Бекейханов пен оның жақтастары қарап жатпай, Алаш қаласынан жер-жерге жеделхаттар жолдап, үлттық үкіметтің билікке қайтып оралғанын, уездердегі қазақ комитеттері мен басқару мекемелерін (земствоарды) милиция жасақтарын құрып, солардың күшімен түрғын халықты жүгендесіз талаудан қорғауды ықтияттаған. Сондай нұсқаудың бірі Алаш партиясының Ба-янауылдағы екілі дәрігер Асылбек Сейітовке де келген. Бірақ оның назары өзі басқаратын аурұхана ісінен өзге шаруаға онша аумаған сияқты.

Алайда әскери жағдай күрт езгерді. Өзін Ресейдің жоғарғы билеушісі деп жариялаған адмирал Колчак 1918 жылдың қараша айының орта шенінде Омбыны басып алғып, Сібір үкіметін құрды да, бұрынғы бодан халықтардың ұлттық өкімет, комитеттерін түгел заңдан тыңдастырып, Алашорда кенесі де соның бодауында қоса кетті. Даланы тонаудың бұрын-соңды ел көрмеген, «ақтабан-шұбырындыдан» кейін естімеген жойқын түрі содан кейін жаңа қарқынмен басталған. Мұның зардабын, сірә, Омбыға ұрымтал орналасқан Кекшетау, Ақмола, Баянаула, Атбасар атырабындағы ел басқалардан гөрі артығырақ керген.

Бұл кезеңнің сорақы түрде етек алған қызын шағында Қаныш туған ауылында болған. Туыстарының бертінде жазған естеліктерінде оның Баянауыл станицасында тұрып, жетіжылдық мектепке сабак бергендей, әрі Асылбек Сейітовке кеуде дертін емдемекін айтЫлады. Қым-құыт қызын уақыттың шерлі суреттерін қаршадай болса да қаз қалпында жадында сақтап қалған Фалымтай Фазизұлы Сәтбаев (1912—1998) бертінде бізге табыс еткен жазба естелігінде былайша түйген: «Бір күн Нұрым әжем барша бала-шағаны төсегімізден суырып алды да, апыл-ғұптың киіндіріп ала женелді. Жерде қар бары есімде, таң қараңғылығымен ұзак жүрдік. Содан бір уақытта отыз шақырымдай Керегетас деген жерге, Қазиза әлкеміздің ұзатылған жұрты — Әужан ауылына жеттік. Онда оншақтың күндей болып, қауіп-қатерден құтылдық дескен соң, өз қыстауымызға қайттық. Би атам, менің әкем Бекеш, Афатай (Қаныш — M. C.) да сонда екен. Айтуларына қарағанда, бірталай қой-ешкі, қара мал қолды болыпты. Болдырған аттарын тастанап, жылқымыздан таңдаулы сәйгүліктерді ұстасып мініпті. Соның бәрін жирен көз ақ офицері жасатқан, солдаттары да біржосын бейбастақ тәртіпсіз адамдар екен... Көрші ауылда жалғыз атын қимай шылбырына оралған Ахметбек деген ақсақалды кісіні табанда атып тастанапты. Мәди Оспанұлы есімді бір көршіміз өжеттік жасап, ақ әскерінің қантарулы тұрған аттарын ұрлап кетіп, айдалада жаяу қалдырған ерлігін Биатам бізге сүйсіне айтып, Ахметбектің қаны төленді дегені де жадымда...»

Фалымтай Фазизұлы естелігінде актардың қарасы өшіп, ауылдарды тонау тиылған шақта кенет қызылдардың келгенін тәптіштей сипаттайты. Сәби көнілінде олар мейірман жүзді, ешкімге тиіспейтін, зәрелері ұшқан қыр адамдарына бостандық әкелген жақсы кіслер сипатында сақталған. Шынында да, солай болуы қақ. Нұрлан Қасенов бізге 1966 жылы ауызекі айтқан әңгімесінде Баянаула арқылы Қарқаралыға қарай өткен қызылдар отрядын Кеңес өкіметінің комиссары Әліби Жангелдин бастап келді деген-ді. Комиссардың өзі бір топ серіктөрімен Имантай ауылына түсіпті, ауыл иесі бұларға тай сойып, құрметпен қонақ еткен. Сол жайтын Галекен де жазады, бірақ комиссардың есімін түстемей, «Қызыл керуен» отряды келді дейді.

Семейлік өлкетанушыға Кавказдан жолдаған естелік хатында Шайбай Айманов (Сібір лагерьлерінің тауқыметінен соң бұл кісі денсаулық жағдайымен Қара теңіздің жағасында тұрған) та осы оқиғаларды баюндаған: «Азамат соғысы жүріп жатыр, дүниенің астан-кестеңі шыққан қызын уақыт. Дәрі-дәрмек таусылуға айналды, оны енді қайдан және

қалай табуды білмей дал болдық. Аурухананың жабдықтары ескірген, тамақ жоқ, еңбекақы алмаймыз. Сөйтсе де қолда барды әжетке жараттық... Ақыр аяғында ауруханада Асылбек, мен және әскери фельдшер атағы бар Белденинов үшегінде сопиып қалдық. Азық-тұлікке қаражат болмаған соң, сырқаттанғандар тамақты өздері әкелетін тәртіп енгіздік... 18-жылдың аяғы мен 19-дың басында жолында кезіккеннің бәрін сыйыра торап, біздің аймақ арқылы Дутов әскерінің қалдығы ете бастады. Дәрі-дәрмектің қалғанын тауға тығып қойғанымыз онды болыпты, ақ әскері бізден спирт, дәке, түрлі дәрілер талап етті, бірақ дәнеме ала алмады... Дутовтарды екшелей қызылдар жетті, елде енді сүзек ауруы басталды...»

Ақ әскерінің біржарым жылдай ойран салуы, қызылдардың оларды түре қууы да Баянаула атырабындағы ел тірлігіне, сірә, онайға түслеген: жазда пішен дайындау, астық егу біржола тоқтап қалған, оның үстіне 20-жылға ауатын қыс аса қатты болып, көп ауылдардың малы жұтап әреп шыққан... Ғалымтай Фазизұлы бұл туралы: «Інілі болдым, Би атам оған ісіміз онғарылсын деп Аманжол деген ат қойды. Қыс әлей қатты болып, малымыз көп елді. Жазға салым астығымыз таусылып қалып, ылғи дәмсіз қуырдақ (яки көкжасық еттің — М. С.) жайтін болдық. Қала жақтан да жүрек жалғарлық ас іздеген хохолдар, башқұрт пен татарлар тоқтаусыз шұбырып келе бастады. Қырда тонаушылық кебейді... Ағатайымды шабарман келіп, Баянауылға алып кетті. Бүкіл ауыл дүрлігіп қатты қорықтық...»— деген сынды қысқа да тұжырымды сөздермен сол бір алыс қундердің сын-сипатын естелігіне қалтқасыз түсірген.

1919 жылдың желтоқсан айының бірінші жаңасынан екісіне қараған танда Колчак үстемдігінде қарсы құш қосып қимыл еткен көтерілісшілер елке орталығында женіске жетеді. Семейдегі билік, сейтіп, (демек, оған қарасты ауыл-село атаулыдағы) әсерлер (яғни меньшевиктердің) мен большевиктердің, шаруалардың IV корпусы және осындағы Алашорда кеңесінің өкілдерінен құралған демократиялық одактың (коалиция) қолына ауысқан. Сібревкомның жарлығымен іле-шала Семей губревкомы құрылады, оның құрамына Алаш партиясының өкілдері де ішінара кірген. Қысқасы, сол кезден былай Ертіс бойындағы барлық уезд, елді мекендер мен ауылдарда билікті кеңестендіру науқаны пәрменді түрде жүргізіле бастайды. Соның нақты сипатын Ақкелін болысында іске асқан өзгерістерден айқын көреміз...

«Бір күні ауылымызға Керекуден уездік бастықтар келді де, болыстың адамдарын жинағы. Айтқан сөздері: болыстың атқару комитетін сайлау... кепшіліктің қалауы бойынша болисполкомның терағасы болып менің әкем Газиз Имантаіұлы, оған хатшылықта Мұхтар Әубекіров сайланды. Сейтіп, ойда жоқта болыс кеңесі Шорманауылынан біздің Қарамурынға ауысты,— деп жазады Ғалымтай Фазизұлы естелігінде.— Ал Ағатайымды Баянауылда да тоқтатпай, Керекуге шақыртып әкетіп!...»

Төтенше шақырудың да мәнісін ашудың кезегі келді. 1920 жылдың 18 наурыз күні Семей губерниялық ревкомына Баянауылдан жолданған жеделхатта былай делінген:

«Уездік ревкомның жүктеуі бойынша, губревкомның осы жайындағы жеделхаты негізінде мен Баянауылдың аудандық ревкомын үйим-

дастырдым. Ревкомның председателі болып Богаченко, мүшеслеріне Қаныш Сәтбаев, Зарембо, Калачин, Айтбақин жолдастар кірді. Осы қурамды төзірек бекітуінде сұраймын. Керейбаев».

Баянауыл ревкомы алғашқы мәжілісінде-ак еңбекшілер арасында мәдени және ағарту жұмыстар жүргізу үшін екі культпросвет үйімдастырады. Қаныш соның қазақ бөліміне менгеруші, ал екіншісіне басқарма мүшесі болып тағайындалады.

Станица жаңа тірлікке бет бұрган. Сол күнде ол әлдененеше болыстың басын қосқан ірі аймақтың орталығы. Ревкомның міндегі де соған орай сан алуан: «Әр болыста мектептер ашылын; әр ауылда сауда ашу курстары үйімдастырылысын; әйелдерге бостандық беріледі; ұрлық пен барынтаға тыйым салынып, жалшы-кедейлерге тендік жарияланады...» Осының бәрін түсіндіретін, жаңа өкіметтің алғашқы жарлықтарын қалың бұқараға жеткізетін, әмбे соны бұлжытпай орынданаттын кісілер керек. Олар білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болсын. Кеңес өкіметіне жан-тәнімен берілген жәрдемшілер керек. Олар болса бұқаралың өз ішінде, қалың кедей, көкжатақтар арасында...

Қаныш та сол дүрмектің жуан ішінде, кешегі жан құйттеп, ауылда тек жатқан сырқат күйін ұмытып, аттан түспейтін беймаза қызметкерге айналған. Жаңа өкіметтің жалынды үгітшісі.

Білімпаз жігіттің әлеуметтік жұмысының қалтқысызы кеңілмен белсene кірісіп, ел оқығандарына өнеге көрсетуі белгісіз қалмайды. Сол көктемде-ақ ол уезд орталығына шақыру алады.

Қ. И. Сәтбаев, туғанына 50 жыл толуына арналған салтанатты мәжілістегі жауап сезінде былай дейді:

«...Кеңес өкіметі Сібірде қайтадан орнасымен үйімдасқан уездің тұңғыш ревкомның терағасы, теміржолшы большевик П. В. Поздняк жолдас мені Павлодарға шақырып, денсаулығымның кемшін жайын білгеннен кейін ауасы сырқатыма шипалы Баянауылда қызмет атқаруыма келісті де, сол қарсанда құрылған халық сотының 10-учаскесіне бастық етіп тағайыннады. Қызмет бабына байланысты өмірімде алғаш кезіктірген большевик Поздняк жолдастың тағдырыма аяушылық, пен қараған адамгершілігін қалайша ұмытуға болады?!..»

## 2

Халық соты. Ақсақалдар терелігі мен билер билігінен езгені естіп-кермеген елге енді халық соты үкім айтпақ. Жуанның жұмырыбында, кен, өңеш, кер билердің жемсауында талай жыл, талай заман тенсіздік көріп келген қалың бұқара заң жүзінде де тендікке жетпек. Кеңес сотының қара қылды қақ жарғандай әділ үкімін естіп, талай жылғы есесін қайтармак.

Бірақ қандай жол-жобамен?

Билікті қолына алғаннан бергі үш жылды толассыз шайқаспен өткізген жұмысшылар мен солдаттар өкіметтің заңдар кодексі тұралы ойлауға мұршасы келмегені түсінкті. Қазақ даласы заң қабылданғанда шашпақ түгілі, шекарасы белгіленіп, біртұтас республика болып әлі толық құралған да жоқ. Сыр бойы, Жетісу Түркістанға қарайды;

Ақмола мен Торғай, Жайық бойы, Астрахань мен Атырау Орынбордан басқарылатын әкімшілікке, ал Ертіс бойындағы қазак уездері губерния аталғанымен Сібір өлкесіне бағынышты.

Даулы даға «Есім ханның ескі жолымен, Қасымханның қасқа жолымен» төрелік айтып, бұрынғы билердің билігін үлгі етуге болмайтындығы және айқын. Бұған дейін даугерлерді бітістіріп, дауласуыш рулады бітімге жүгіндіріп келген ата жолы, ақсақалдар төрелігі де әжетке енді жүрмек емес.

— Бостандық заңы бойынша үкім айтасыз, жас жігіт. Ақ пен қараңы адаспай айыратын қөзі ашық, оқыған азаматсыз. Революцияның пролетариат қолыңызға берген күш-құдіретті әділ пайдаланып, арыңызға сүйеніп үкім етесіз... Езілген бұқараның, құллі жалшы мен теңсіздердің қорғаны болыңыз. Сонда фана ісініз алға жүреді, халықтың сеніміне ие боласыз. Өмбө Кенес екіметінің сенімді өкілі, жақсы үгітшісі атанасыз,— деген-ді большевик Поздняк Павлодар ревкомында болған тұнғыш кездесуде.

Бұл міндетті ол қалай атқарған?

Бұл сұраққа қатесіз жауап беру үшін 10-учаске сол күндері қараған сот жұмыстарын ақтарып, нақты деректерге жүгіну шарт. Алайда бұл орындалуы қыын іс: архив ісінің жүйеленіп, реттелмеген қөзі, судья Сәтбаев 1920—1921 жылдары қараған жұмыстарының дени сақталмаған... Сондықтан кез көргендердің күәлік, естелігіне жүгінеміз:

— Азан, Сазан деген дәулетті жуандардан Құқы есімді кедейдің неше жылғы енбегін әперген;

— Найзабекұлы Оспанбайдан, Рақымбайдың еңбек даулап келген жалшыларына есе кескен;

— Мұстафаның баласы Шәпі болыстан ақы даулаған қоңсыларының жұмысын үлгілі сот мәжілісінде қарап, даугерлер пайдасына шешкен.

Ел есінде сақталған бір оқиға — Бәтима қыздың дауы...

Қозған еліндегі беделді бір атанаң үзілдік жерінде барғысы келмей, өз ауылындағы көрікті, сері жігітпен кенілі жарасады. Қыздың қайын жұрты мұны намыс көріп, Бәтиманы бір түнде зорлықпен байлап әкетеді. Қыз бірақ барған жерінде де ежеттік көрсетеді. Жәбірленүшінің аз-маз оқуы әрі заман тынысын аңғарған зерделігі де болған сияқты, халық сотына арыз жолдайды. Арызын өжет қыз өлеңмен жазған:

Бозторғайдай шырылдаған мен бір күс,  
Қапылыста тұтқын болған биылғы қыс.  
Сөдия жәрдем етпесе — күнім қаран,  
Құрған торда жатырмын еркімнен тыс.  
Сіз қазы болғанда, мен — тұрымтай:  
Қыргилардан құтқарыңыз — сол бүйімтай!..

10-учаскенің жас судьясы зорлықшыл ауылға жедел аттанып, ашық сот мәжілісін шақырды. Аяқ жетер жердегі өлді жиғызып, бүл істен қыр сахаrasы тәлім-тәрбие алғандай үлгілі жиынға айналдырады. Әрине, Бәтима қыз басына бостандық алған. Зорлықшыл ауылдың тентектері де лайықты жазасын тартады.

«Сонан кейін-ақ сот кеңесіне келген арыз көбейіп кетті. Өсіресе зәбір-жапа шегіп жүрген әйелдер, жалшылар көбірек келетін болды,— деп әңгімелейді Белденинов деген казак-орыстың үйінде Қанышпен пәтерде бірге тұрған Мәлікаждар Есмағанбетов.— Кеңсе ғана емес, солар тіпті біз жататын Петькенің үйін де ертелі-кеш босатпайтын... Қаныш әділ судья болды. Ағайын, рулас, туыс деп ешкімге де бұра сейлеп, теріс үкім шығарған жоқ. Қасындағы біз сияқты жас серіктерінө: «Өкіметтің ала жібін аттамандар, жігіттер. Дүние — бір күндік, арың — мың күндік! «Ары тазаның алды — ашық, арты — қорған» деуші еді. Онысы рас екен. Солжылдарда бір күндік билігін пұлдаپ малжиған, өз руның сойылын соққан талай судьяларды көрдік. Не керек, бәрі де дәурені өткен соң куресінге тасталған сүйектей далада қалды...»

Бірақ жас судья қараған барлық процестер Бәтима қыздың дауындан шешіле бермеген. Көбіне кеңес екіметтің кімді жақтайдынын дәлелдеп, күш қолдануға тұра келген. Кейде мынандай да керегар оқиғалар болатын...

Бір жолы сот мүшелері Мұста деген әлді кісінің аулында жұмыс қарамақ болады. Судья келсе милиционер жауап алуға босатылған киіз үйдің алдында қалғып отыр, ал шақырылған адамдардан бір жан жоқ.

— Иә, жолдас, айыптыларың қайда?

— Мұста мырза шай ішсін деп шақырып әкетті.

— Сіз неге қалдыңыз?

— Мені шақырған жоқ.

— Сонсон бос үйді қүзеттіп отырмын деніз. Қане, тез барып бәрін де ертіп келіңіз.

Милиционер сәлден соң сөлбірейіп қайтып келеді.

— Шайларын әлі болмапты, Мұстекен жібермеді...

— Онда Мұста мырзаның өзін айдалап келініз!

Қыр сахаrasы оған оқыған, зиялъ азаматым деп қарайды. Қаныш та ел сенімінен шыққысы келгендей, кеңседен гөрі ат үстінде көбірек болады. Оны күткен ауылдар да аз емес, соларды аралай беруден жас судья жалықкан да емес...

\* \* \*

Сот кеңесінің қыруар шаруасы жас судьяны Баянауыл ревкомы жүктеген әлеумет міндетінен, аудандағы мәдени-ағарту жұмыстарын қоса атқарудан босатқан жоқ-ты. Оны да тыңнан бастауға, қыр сахарасының сол күндегі талап-тірлігіне орай сан-салада қатарлас жүргізуге тұра келген...

Текен Оразов «Қаныштың жастық шағы» кітабында былай деп еске алады:

«...Есікті тықылдатып қақты да, ашаң жүзді, үзын бойлы, аққұба жас жігіт кіріп келді. Бәріміз орнымыздан тұрып сәлемдестік. Суықтан ең қашқан балаларды мұсіркей шолып, басындағы қара папағын қолына алды да:

— Сәлеметсіңдер ме, балалар?— деп, басын ііп амандасты. Рақымжан ағаймен (Рақымжан Сағынұлы — Баянауыл бастауыш мектебінің алғашқы мұғалімі — М. С.) қол алысты.

— Отрындар, балалар,— деді де, ол қасымызға келіп, бос орынға отырды. Қек шұға қуゼн ішігінің түймесін ағытып, қара бұйра елтірі жағасын қайырып тастап, құлімдеген мелдір көзін әрлі-берлі аударып, бөлме ішін тағы да шолып шықты. Терезенің сынық көзіне үніле қаралды, қиғаш қасын сәл көтеріп, бізге мұңайған кейіпкен бұрылды.

Балалардың басында тымак, аяқтарында саптама етік, үстерінде жабағы жұнді күпі, жыртық сірі тондарының белін қайыспен мықтап буып алған. Суық соққан түріміз бол-боз, қолымыз күпі жеңінен әрең шығады.

— Жағдайларың жақсы емес екен, балалар. Әйттеуір, ауырып қалмасаңдар болғаны. Мен кісі жіберейін, есік-терезелерді бүтіндеткенше, үйлеріне бара тұрындар,— деп, ол орнынан тұрды.

Жылы жүзді, түр-тұлғасына кісі тоярлық бұладамның кім екенін біле алмай бір-бірімізге қарап қалыптыз...

— Біздің ревкомның мүшесі, осы отаудың шаңырағын көтеріп, сендерге қамқорлық жасаған Қаныш Имантайұлы,— деді мұғалім».

...Тамылжыған тамыздың аяқ шені. Ағаштардың жапырақтары түсे бастаған кез. Бірақ күздің жыламық жаңбыры жоқ. Күн ашық. Мектептің ересек балалары мен мұғалімдері, оларға қолғабыс еткен аудан азаматтары аулада жұмыс істеп жүр. Бір тобы ағаш тіліп, екіншілері оны балташыларға тасып, үшіншілері отындық ағашты бөлек-теп үйіп жатса, әйелдер тобы қаз-қатар тұрып қабырғаны сылауда. Павлодар училищесін бітірген Пәуен Жүсіпбаев мұғалім партаның қағазға сыйған үлгісін балташыларға керсетіп, жөндеп түсіндіре алмай әүре болып тұрған. Бір сәттө әлдеқайдан Қаныш келе қалды. Қолына қысқа ара алып, ағаш кесе бастады. Кішкенеден соң даярлаған кесінділерін балташыларға керсетіп:

— Міне, парта деген осындай болады. Осы үлгімен әр бөлмеге кем дегендеге он-оннан парта жасау керек. Даярлаған тақтай жететін сияқты,— деп еді, балташылар даурыға күліп, жұмысқа кірісіп кетті.

Көп болып жұмылған соң қойсын ба, сол күні-ақ мектептің бірталай жұмысы бітіп қалды. Мектеп ауласы жәрменке базарындей той-думан. От жағылып, қазан көтерілген. Жұрт Қанышты қоршап алған.

— Бүгін біз үлкен бір шаруаның басын қайырдық, ағайын,— дейді желінен сейлеген жас судья.— Әйткені ертеңгі сүйенішіміз — балалар үшін еңбек еттік. Бұл мектепке ертең-ақ ездерініздің ізбасар үрпақтарыңыз келеді. Жылы үйде, жайлы партада отырып өнер-білімге суынрайтын. Қандай тамаша!.. Ал қане, әнші қауым, осыған арнап, азмаз ән шырқайық. Шаршаған кептің көңілі жадырасын, жақсы ән — жан азығы деген...

Бұл да оның әлеумет жұмысына етene араласқаннан бергі әдetti: қандай жиын еткізбесін, соңын ойын-сауықпен бітіреді; қасына ерген серіктепе де солушін жүргендей, жас басшысы ә десе-ақ ортаға атып шығып, домбыраларын қүйлеп, төңіректі ән-куйге бөлеп думандатып жібереді.

Сол күндердің есте сақталған бір оқиғасын Нұрлан Қасенов ақсақал бізге 1966 жылы ауылына арнайы іздеп барып әңгімелескенімізде айтып берген-ди: «Қоңыр күздің ағы-ау деймін, Шорекен ауылына әлдеқалай шаруамен барған едім, бидің немересі Зынданың Оспан

деген малай жігіті оңашалап, «Сені біздің мырзаның еркетотай қызы пәленше деген, жұртқа байқатпай жолық» деді. Көнілім бүлк етіп жетіп барып едім, күлімдеген сұлу өте беріп жанқалтама орамалға түйілген бірдемені сұнгітті де: «Сөдия мырзаның жауабын Оспанға бер, өзің қайтып маған жолама!»— деп сыйырлады. Бар болғыр жап-жас, оң жақта отырған кезі, ал көркемдігі керемет, хордың қызындаі десем, әй, артық емес, екі көзі тұра қарақаттай, белі де тал шыбықтай бұра-лған... Сезе қойдым: біздің бозбалаға ынтық екенін, маған не керек, Қанкежанға апарып бердім орамалың да, хатын да... Тегінде, мен одан бес-алты жас үлкенмін, алыс сапарларға ылғи бірге жүрген соң бір-бірімізге бойымыз үйреніп, әр түрлі жағдаятқа әдістеніп алғамыз — тенімізге қарай орайласа қоятынбыз... Қанкежан қыздың хатын оқыды да: «Қайтадан барып ұйықтайдын бөлмесінің терезесін керіп ал, ай туа барамыз»,— деді. Жазған құлда шаршau жок, Қанкені түн ортасында ертіп бардым. Екі атты қалмақша қантарып, өзеннің биік жарының астына қалдырып кеттік.

Терезені керсетіп, кейін шегінсем — жас серігім қолын бұлғап қайта шақырды. Жүрексініп тұр ма деп жақындаймын, сейтсем, терезесінің өзі есіктей еңсесі сүмдыш биік ағаш үйдің жақтауына қолы жетпей, діңкелеп тұр екен. Амал қанша, еңкейіп тұра қалдым да, арқама мінгізіп, ішке ытқытып жібердім, қызы құрғып терезені ашып қойыпты... Жастардың құмарлық ісі біте ме, таңға жақын ат қалған жарға сері жігіттің өзі келді...

— Нұр-аға, ондай қысынсыз әңгімені қойып, жән сөзге көшсөнізші,— деп, мені осы ауылға ертіп келген ғалымның немере інісі Тәрмізи Имантаев ақсақал қымсынған шырай аңғартып еді.

Нұрекен бұған да қиқылдан күліп:

— Эй, сен, Тәрмізи, қызықсың, сонда немене, Қанкежан еркектің сорлысы ма, әлде емір-бақи етегіне намаз оқып, періште жолымен жүріп, нағыз пірәдар соғы болып өмірден еткен демекпісің?! Бос сөз оларың! Қанкежан біздің өмірдің қызық-шыжығының бәрін де көрген, құдай тағала оған ілімнің дария-мұхитын дарытып қана қоймай, адам баласына тән барлық қасиетін де молғып берген. Өншілігі қандай еді, олән салғанда кеудесінде сезім, саңылауы бар адам баласы үйіп қалатын-ды, тіпті жаратылыс та мұлгіндей бол тұнып тұрар еді. Келбет, жүзі қандай еді, сын-сыйпатын сірә да айтып тауса алмайсың, алакөлеңкелі үйге кіріп келгенде дүние жап-жарық бол, құдды бір түнліктен ай сығалағандай сәуле құйылып, отырған жұрт сілтідей тынып, оның аузына қарайтын-ды. Ондай келбетті, адам баласын езіне еріксіз баурап тұратын қасиетке ие әрі оқыған, мемлекет жұмысында жүрген жігітке қыз-қырқынның да еліккіш келетінін ұмытпаңдар, тегінде...»

Сәтбай ауылымен жеккет кекселердің күәлігіне қарағанда, бұл шаруаның жән-жобасы Қаныштың жас күнінде, сірә, «Ағаш үйдегі мектепке» қатынап жүрген кезінде қаланса керек. Имекен Қарқаралының

арғы бетіндегі елге жолаушылап барып, қайтарында қаракесек ауылдарының біріне қонады. Үй иесі дәңгелек дәүлетке ие, мінезі момын, кісілігі мол адам екен, есімі — Смағұл. Міншіл биге әсіресе ауылдың бәйбішесі қатты ұнайды, кісіге жұғымды ибалы мінезін бірден анғарған. Қысқасы, Имекен аттанарында жұмбақтай сыр тартып: «Менде бір асыл кездік бар еді, соның жетпейтін әбзелін сіздің үйден таптым. Сабакты ине сәтімен деген, ауылымга барған соң бәйбішемді жіберсем, құрқол қайтпас па екен?..»— деген сауалына құптаған жауап естиді. Сол жазда-ақ Нұрым бәйбіше ақсақалының ізін сұытпай атқа қонып, жол-жобалық қарғыбауын артынып та, айдатып та барып, Смағұлдың Шәрипа есімді бұлдіршін қызын Қанышқа айттырып, құйрық-бауыр жесіп құда болып қайтқан-ды. Содан бері оншақты жыл етті. Екі ауылдың арасы жақындағанмен, көніл ортақтығы сұыған жоқ. Тек Қаныштың оқу жолындағы жылдары ұзап, сырқатқа ұшырауы да бұл істі біржола тыңдыру мерзімін біршама кейіндете берген-ді. Енді, міне, оқуы тәмам болып, қызметке шығып, әмбе ойқыл-тойқыл уақыт та тыным тауып, ел іргесі бүтінделе бастаған шақта ата-ана баталасқан уәделерінен шығып, екі жасты қосуға пәтуаласты.

Жаңа қызметінің талабын сылтауратып Қаныш өзі ту баста соның орындалуын құзге сырғытып бағып, бірақ әкесінің жүзін сұытып білдірген уәжінен аса алмай, жазға салым қалындығын көруге қайын жүртіна барып келгеннен соң, сірә, жас сұлудың сүйкімді кескін-келбеті жүргегіне шоқтай тисе керек, кешеуілдеткен сөзінен айнып, өздеріңіз білініздер дегенге сайған...

Ақыры жаз ортасында, Шілдерті өзенінің мал-жанға жайлы, шебі шүгін иен жағасына қонған соң Шәрипа Смағұлқызы қажының Кіші ауылына келін бол түседі. Бұл жайында Қанекенің ауылдасы Жұмаш Шәдетов ғалымның балаларына мынадай естелік айтқан: «Шәрипа жасында хор қызындағы сүйкімді, сұлу, аппақ, бойшаң, екі бұрымы тоқ-пақтай, ұзын, әдемі шолпылары сылдыр-сывалдыр еткен ақ жібек көйлегі, оқалы барқыт камзолы бар. Ол кезде Қанке де сұлу жігіт... Екеуін пәуескелетіп ауылға алып келдік, той-думан, беташар... бәрі де кешегідей есімде. Шырлай ата-енесінің сүйікті келіні болды... Шырлай атануының да қызықты тарихы бар: ел жайлауға шықкан, жаздың жаннат кезінде үй болған жастардың ақ отауы ауылдың басқа үйлерінен жырақтау жерге тігілетін-ди; қоңсы ауылдардың адамдары, шаруа қамдайтын біздер таң сәріден-ақ оянамыз, ауыл тыныштығын қадағалаймыз. Ертемен күн шығар алдында бір әнші құс дәл жас отау түсында шырылдайды да тұрады, бірнеше күн дәл солай әндептіп бақты. Бірде осы қызықты Қанке мен Шәрипаға айтсак, олар жымып күлді де, Қанке: «Ол құсқа тиисүші болмандар, мүмкін ол бақыт құсы шығар, біздің үйдің шаңырағын әдейі тандап, бақыт әнін, ақ тілегін жырлап шырылдайтын шығар. Әулием, солай емес пе?»— деп, Шәрипаға қаралды да, иығынан құшақтады. Біз де қуанып, құлісіп: «Ондай бақыт құсы шаңырағында ғұмыр бойы шырылдай берсін!»— дегенбіз. Шәрипаны ауыл жастары осылайша «Шырлай женеше» деп атап кетті... («Сәулең әулет», 71-б.)

1920 жылдың жазы, шынында да, Сәтбай қажының үрім-бұтағы үшін ерекше қайырлы, мерейлі болды. Ауыл үлкендері оны Шырлай келіннің

Құтты аяғынан, тек сол ұзағынан болғай дескен-ді: шілде айының басында бала-шағасы мен зайдыбы Қамиланы ертіп, ту Семейден Әбікей Зейінұлы келген; айтуынша, Алаш қозғалысына белсene қатысқан қарекетіне Кеңес үкіметі кешірім жасапты; Әбене тіпті губерниялық атқару комитетінен қазак мектептерін үйымдастыратын, басқаратын лауазымды қызмет берген, әмбे семинарияды оқытушылық жұмысын да сактапты... Әлде біреулердің тұртпектеуімен қашқан ақ әскеріне жол көрсеткен-міс... дескен жаладан ағарып, Омбы мен Ақмола тергеушілерінің алдында біраздан бері сарсылып жүрген Әбдікәрім Жәмінұлы да ауылға аман-есен оралды. Баянауыл ревкомына есеп беруге барған Бекеш Имантайұлы да осындағы он болыстың алды болғаны үшін сыйлыққа ат, шапан алып қуанышты оралды; мінгізген аты құйрығы шолақтау боз жылқы екен, білгіштер оны көрген бетте-ақ: «Шолақтығын қомсынба, мынау бұл маңаттағы жүйріктерге бәйге тигізбес нағыз сәйгүлік!»— дескен-ді...

Соның бәрі жүрттың кеу-кеулеген құттықтауына ұласып, ақыры Имекен тер жайлауға жеткен соң ағайын-жекжатқа хабарлап, бұрынғыдай үлкен дырдуға айналдырмай, Қаныштың отау үй болғанына шағын той жасаған. Оның аяғы қызды-қыздымен атжарысқа жеткізіп, Бекештің Ақшолақ аты шынында да сәйгүліктердің алдында келді.

1921жылдың басында-ақ Баянауыл ревкомы жатақ тұрғындары мен айналадағы жалшыларды біріктіріп, мойынсерік үйымдастыруға қауыл алған-ды. Пайдалы жөні айқайлап тұрганымен, бәлкім, аңқаулық салдары, қалың кедей әліптің артын бағып, бірден құлай қоймады. Амал қанша, жер-жерге екілдер шығарып қайталап түсіндіруге тұра келді. Соның бірі — станицадағы халық үйіне шақырылған көшілік жиыны. Баяндашы — жас үгітші Қаныш Сәтбаев.

— Бүгінгі жиын кешегіден бөлек,— деп бастаған-ды ол сезін.— Өйткені әңгіме осында отырғантақыр кедей, жалшы қауым, сіздердің ертеңгі тірліктерің жайлы... Кімге болсын, жарандар, нан керек! Әсіресе шиеттей балалы-шағалы кедей-кепшік үшін. Кеңес өкіметі сіздерге оны әлдекайдан әкеп бермейді, кол кусырып қарап отырсақ аспаннан нан жаумайды. Ала білсеніздер, мол астық Баянауылдың баурайындағы құйқалы қара жерден өнеді. Оның қазіргі иесі — сіздер. Кеңес өкіметі Зонов, Дроздов тәрізді әлділерден тартып алып, меншіктеріңізге жер берді. Соны енді қалай пайдаланбақсыздар? Дроздовтардың құш-көлігі, құрал-сайманы қолдарыңызда жоқ. Ау, соңда, құрал жоқ деп бүкіл Баянауыл өнірін асырап келген құнарлы жер әжетке аспай бос жатпақ па, кулактардан оны сол үшін тартып алып па едік? Жоқ, ағайын, тұрасын айтсак, ғұларың қешірілмес бей-ғамдық! Қызыл қарын бала қамын ойлаған шаруаның ісі емес... Не істей керек? Меніңше, ел болып жұмылып, белсенді өнбекке кірсү қажет. Айталық, мына отырған Әбен әқсақалдың қолы өнерлі адам, әмбे ол неше атасынан бері егін салып келе жатқан ежелгі диқан. Анау Әрекен, Әбікендерде соқа-сайман бар. Ал Садық, пен Сағын құш-көлік шығарсын. Осылайша, ағайын, айта берсем, орталарыңыздан бір емес, әлденеше мойынсерік шығады. Әңгіме тек өзара келісіп, ауызбірлік жасай білуде. Еңбектеріңіз жанып, егін бітік шықты екен — қыруар астық аласыздар. Демек, одан қарын тоқ. Ішерлікten артқан астықты

қайтеміз деп қауіптенбеніздер. Кооперативке өткізесіздер. Ал кооператив бүгіннің өзінде сіздерге қарызға тұқым, құрал-сайман беруге өзір. Әрине, кооператив шаруасы күйбен жалғыз-жақыбаймен әуре болмайды, оғанда ертеңі сенімді, күш-көлігі сай әлеуетті мойынсеріктер керек...

Бұлар науқандық жұмыстар. Бәріне де қолғабыс етіп, кейірінің басы-қасында болу керек. Өйткені заман талабы солай. Оқыған азamat, көзі ашық жақсылар қырда саусақпен санағандай. Қаныш болса ревком мүшесі...

«Қаныштың қасына бір жаз жиырма үш жігіт еріп жүрдік. Осы күнгі жәнмен айтқанда, сондағы қызметіміз — ойын қою,— деп еске алады Баянауыл тұрғыны Иген Баязитов ақсақал. — Кебіне көрсететініміз — Мұхтар жазған «Еңлік — Кебек» пен Жұсінбектің «Жебір болысы». Қатысқан жігіттер — Әбдікәрім Сәтбаев, Сапарбек Құдайбергенов, Сәрмен Қариев, Өміржан Әділбеков, ал Қабден деген өнерлі жігіт әйелімен... Еңлік болып соның әйелі Текеннің ойнағаны есімде. Есмағанбет, Барабек деген әншілеріміз де болатын. Есмағанбет жұрт алдына шығып: «Есмағанбет әншімін Баяндағы, Танып қал енерімді айтам тағы, Қасымда бір топ жігіт өнер қуған, Тасындағы Баянтаудың Арқадағы» деп ұзак жырмен өзін, бізді таныстырып, ойынды бастайды. Қаныш оны еркелетіп, Еске дейтін. Мені Иске деуші еді».

Халық сотының қасында жүрген «ойыншы» топ, тегінде, сауық жасап, шағын спектакльдер көрсетумен ғана тынбайтын. Әрбірінің мойнында тиісті қызметі, міндеп болатын. Бірі — сот хатшысы, екіншісі — финансент, үшіншісі — газет, кітап оқып, өкімет саясатын көпшілікке үғындыратын қызыл үлгітші, төртіншісі милиционерлер еді... Ал кешке қарай солардың бәрі де бетіне сақал, мұрт байлап, киімдерін ауыстырып, бірі — молда, екіншісі — болыс, үшіншісі — бойжеткен қыз, төртіншісі қойшы, жалшы болып түрленіп шыға келетін де, тіркестіре тігілген қос киіз үйдің төрінде ойын-сауық бастайтын.

Құдайшылығын айтқанда, «Жұмысшы үстемдігі» салтанат құрады, кедей-кепшіктің мұддесін шынайы қорғаушы Кеңес үкіметі болады... деп жария еткен билеуші партия алғашқы жылдарда Ресей империясының қарамағындағы үлкенді-кішілі барлық үлттар үшін бірқанша игі істер жасаған-ды. Соның ең бастысы — қазақ халқы екі ғасыр бойы зарыға күткен еркіндіктің жарым-жартылай болса да жүзеге асқаны еді. Соның арқасында Ел мен Жер бірлігіне біз 1920 жылдың 26 тамыз күні ие болдық. Бұған дейін Ресейдің Сібірдегі әкімшілігіне қараған Семей, Ақмола, теріскей-батыстағы Орынборға бағынған Торғай, түстіктері Жетісу, Сырдария облыстары мен күнбатыс енірдегі қазақ уездерінің бәрі тұнғыш рет бір орталықта тәуелді болып, шекара шебі де анықталып, Қыргыз (қазақ) Автономиялық Кеңес республикасы (бертінде Қазақ АКСР-і атапған) шаңырақ көтерді. Оның орталық қаласы бол Орынбор белгіленген-ди...

Жер-жерде саяси мәні ерекше бұл оқиға ұлан-асыр той жасаумен атап өтілген. Бізге беймәлім себептерден Баянауылда өтпек мереке Қазақ автономиясы шаңырақ көтерген мезгілде емес, 1921 жылдың маусым айының орта шенінде тойланған. Сірә, Баянуыл ревкомы, әлде Керекудегі уездік комитет басшылары бұл іске айрықша мән беріп, тыңғылықты әзірленуді жөн көрген. Сол үшін 1920 жылдың аяғында

мереке тобын тағайындаған, оған тेңаға боп Қаныш Сәтбаев, ал хатшылығына байырғы мұғалім, Баянауылдағы комсомол жастар үйімінің жетекшісі Пәуен Жүсіпбаев бекітілген.

Ұлан-асыр дырдумен өткен осы той туралы тасқа басылған екі дөрек бар. Оның алғашқысы — Т. Оразовтың «Қаныштың жастық шағы» атты кітапшасы (А., «Жазушы», 1971), екіншісі — Қалмұқан Исабайдың «Бақытты сәттер» ғұмырнамасында (А., «Жалын», 1989) келтірілген баянауылдық кексе Субек ұста Қуанышевтің әңгімесі. Екеуінің де негізгі оқиғаларды баяндау сарыны бірдей, тек мерекенің тойланған мерзімін бірі тамыз десе, екіншісінде мамыр айы аталған. (Анығында Баянауыл ревкомы жолдаған, губерниялық газетте жариялаған жедел-хат мерзіміне қарағанда, бұл думан маусым айында еткен.)

Мерзімді күні Баянауылдың күншығыс бектеріндегі Кебей шілігі деген көгалды кең алқапқа жалпы қарамы үш жүздей киіз үй тігіледі. Ұлар, негізінен, Ақбеттау, Ақкөлін, Атақозы, Баянауыл, Бестау, Қарамола, Қызылтау, Даңба және Шақшан болыстарынан жиналған үйлер, бәрі де ас-жабдығымен, күтүші адамдарымен мұқият әзірленіп келген. Мерекеге Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Кекшетау уездерінен ресми қонақтар қатысады. Олардың ішінде белгілі саяси курескерлер, Кенес өкіметінің жолына берілген жас қайраткерлер де бар-тын. Керекуден ревком төрағасы Паны Бернардович Поздняк пен қазақ-татар секциясын басқарушы, белсенді большевик бол жүрген Аскар Сыздықов (кейінгі тағдыры беймәлім) келген. Ал өнер адамдарынан бұл тойға шақырылғандар тіпті кеп-ті, солардың қатарында атақты қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов, ерен ақын Иса Байзақов, ән дүлдүлі Майра Үәлиқызы. Құрметті меймандар тобын бастаушы — сол күнде сексенді еңсерген (соңғы деректер бойынша 71 жаста) Жаяу Мұса Байжанов пен жергілікті тарихшы, ғалым, әдебиетші, пайғамбар жасына сол жылы жеткен Мәшінүр Жүсіп Көпееев. Қысқасы, комиссия жасаған жоспар бойынша, бұл мереке — талай жылдан бері ас, той көрмей, аласалыран кезеңді бастан кешкен, жапа шеккен еңбекші елдің еңесін көтеріп, жана өмірдің женісін, салтанатын паш етуге тиіс...

Бір сәтте салт атты жаршылар үй-үйді аралай шауып, жұртты митингіге жинады. Олардың сырт келбеті де көпшілікті езіне еріксіз қаратқандай: неше алуан әлемішке оранған, қолдарына ұстаган жалаушалары бар... Қалың ел орталық аланға жиналған соң, комиссия мүшелері мінбеге көтерілді. Жиынды П. Поздняк ашып, оның сезін Қаныш Сәтбаев қазақшаға қолма-қолтәржімалап тұрған...

Митинг бітісімен, жұрт шыдамсыздана күткен ойын басталды. Бәйге аттардың мәреге аттанған шаңы басыла бергенде, ойдағы үйлердің тасасынан үстінен балалар тиелген дәу арбаны тісімен сүйреп Қажымұқан шыға келді. Арбаның жан-жағына жабу ұсталған, оның етегіне тұс-тұстан «Жасасын Қазақ автономиясы!» деген сөздер жазылған. Үгіт арбасы көпшіліктің ортасына келіп тоқтаған кезде сайысқа балуандар шықты. Оナン соң ат үстінде орындалатын ұлт ойындары қызысын — теңге алу, аударыспак, найза қағысу...

Бір мезетте өнер көрсету кезегі әншілер мен ақындарға тиді. Домбырасын тәбесінде ойнатып, мінбе үстінде байыздаған тұра алмай жас пері Иса жүр:

Адам адам болғалы,  
Бұл қуаныш болған жоқ.  
Жер-дүние орнап тұргалы  
Мұндай сәуле жаңған жоқ.

Өнер көрсету кезегі Исадан кейін, о күнде нұр-жүзі таймаған уыздай жас, күлім кез, сұлу, керекулық әнші келіншек те жүрт алдында майысып тұрып:

Қызы едім Уәлидің Майра атым,  
Тартады бозбаланы магнитім,—

деп, көмейіне жez қонырау байлап қойғандай саф таза үнімен ән шырқағанда, қол соғып, қамшысын қонышына құшырлана ұрмадан бір жан болсайшы. Жүрт әнге елігіп бұрынғыдан да дуылдай түседі.

Сол қүнгі жиынды көрмесе де, жүрттан естігендерін жадында сақтағандардың айтуынша, ойынды қызықтағандардың ең көрісі Жаяу Мұса да шыдап тұра алмай, қолына домбырасын алып:

Кара басып ерте туып қалғаным-ай,  
Күн күліп, қақ тебеден туғанда Ай!  
Жауыммен белді шешіп айқасар ем,  
Түсіріп төбесінен наизалы-жай!...—  
Terімін текст қалыбына келтіру керек!—

деп әндептің қоя беріпті.

Кебей шілігіндегі тойға жиналған көптің қуанышы Семей губревкомына жолдаған жеделхатта\* айқын бейнеленген: «Кирреспубликаның мерекесіне арналған, бес мың адам қатысқан Баянауыл ауданының жиынығасырлар бойғы езгіден құтылған азат қазақ халқының тойы үстінде, шын шаттанған көңілмен, әрі зор мақтанышпен сіздерге жағынды сәлем жолдайды. Губерниялық екіметті біздің жиын өзінің барлық құш-қуатын Кирреспубликаның ғүлдену жолына арнайды деп сендіреді. Жиналыс сіздерге де алда тұрған ұлы істе, жас қазақ мемлекетінің іргесін нығайту жолында автономияға басшылықты табандылықпен жүзеге асырады деп сенім көрсетеді. Жиналыс атынан Сәтбаев, Жұнісов, Баштаев, Әдімов, Жантеміров».

Тыннымыз әрекет үстінде күндер мен түндер зымырап өтіп жатыр. Бір жылдан аз-ақ асқан қысқа мерзімде қаншама ігіліктер жүзеге асты. Жас азамат іс үстінде танылды, әлеумет жұмысына ысылып, едәуір тәжірибе алды, кеп алдында қысылмай сөйлеуге машықты, тіл ұстартты. Бәрінен де пайдалысы үнемі оқу соңында жүріп әлде елемеген, әлде балалықпен ескермеген қалың бұқараның, еңбекші елдін тұрмыс-халімен жете танысты, мұң-мұқтажын біліп, жаңына үңілді. Қыр елінің тірлік-тыннысына да жаңа қанғандай... Сахара жұрты өз аулындағыдан еркін тұрады, еңбек етсе — қарны ток, кейлегі көк, көңілі көкте деп ойлайды екен. Даланы жайланаған теңсіздік пен кедейліктің сыр-сымбатын ол судья болып ел аралағанда көрді. Жуандардың, әлділердің озбырлығы мен неше түрлі айуандығын білді. Қияннаттың да алуан түрлері болады екен. Ел өміріндегі жаңалықты кімдердің шынайы жақ-

\* Семей губерниялық «Степная правда» газеті, 19 маусым 1921 жыл.

тап, кімдердің ішінен оқ атып сұқтана қарайтыны да оған енді өз көніліндей танық.

Денсаулығы бүл кезде едәуір оңалып қалған. Қыр ауасы теріс болған жок, көнілі сергек. Біржола сауыққан сиякты. Әсіресе бұған ол 1921 жылдың көктемінде губнарсудтың шақыруымен Семейге барған сапарында мүлдем иланған-ды. Бұрнағы жылы өзінің тағдышын алланың жазуына сайып, үмітсіз көзбен қараған дәрігер Разумов тағы да кеудесін ұзак тыңдап, ақырында таңданған жайын жасыра алмай:

— Фажап, фажап! Сірә, керер жарығын, жас жігіт, әлі де көп екен! — деген-ді. Сол сөзімен-ақ науқастың кеңіліндегі барлық құдік, сенімсіздікті бір-ақ түріп тастағанын сезген жоқ-ты ол. — Өкпен дертеңарылыпты. Біржола демеймін, бірақ бұрынғы кінәраты жоқ. Құттықтаймын, жас ерен! Шіркін, Баянауыл жері... Өкпе дертінен зардап шеккендердің емделетін жан саясы-ау нағыз!...

Семейден ол әрі қуанып, әрі ойланып қайтады. Қуанышы — кеудесіндегі ауыр дерттен құтылғандығы, соңғы жылдары көнілін алаңдатып, өрісін ұзатпай жүрген аурудың әрі қараған жайы. Ойланғаны — алдағы өмір қамы. Бүгінгі барлығына, бір күнгі мансап-атағына мәз болып жүре беру ме?.. Әлде мына тыныс-талабы бұрынғы замандарға үқсамайтын жаңа өмірдің ағысына лайық әрекет іздел, болашақ ғұмырына қам жасағаны жөн шығар..

Губерниялық сот алқасына текке шақырмапты: «Сіздің орыс тіліне жетіктігіңіз, сауаттылық деңгейініздің жоғарылығы, тапсырылған 10-учаскениң жұмысын ерекше ықтиятпен және адал атқарғандығыныз бізді сүйсінеді, — деген-ді оған сот алқасының тәрағасы сезін жұмбактай әрі соза сейлеп.— Осының бәрі сізге, Сәтбаев жолдас, ауылдық жерде емес, губерния орталығында, айтальық, сот алқасының мүшесі болып қызмет атқаруға жол ашып тұр.»

Жиyrма екі жастағы халық, сотының көз алдына кенет Баянауылдағы кеңесінде қаралмай жатқан әлденеше жүз арыздар кес-кестеп, әлден-ақ қағазбастылыққа көмілген шарасыз жағдайын қамыға есіне алды. Мәнсабы жоғарылап Губнарсудқа ауысар болса, олардың көлемі еселеп еседі. Ал өзі соның бәрінің ақ-қарасын айырып, үштен екісі өтірік жала болып шығатын арызқойлардың қасақана күрмеген даушарын шешуге жас ғұмырын сарп етуге тиіс. Жоқ, сегіз жыл үдайы оку сонына түскенде, осы үшін... қасқыр жеп кеткен тайыншасын бақталас көршісінен даулаған пысықтардың арам пиғылын қанағаттандыруға жүрмеген шығар, әсілі. Сондықтан да бастығының ұсынысына ойланайын деп қашыртқы жауап айтып, әрен құтылды.

## СУДЬЯ МЕН ПРОФЕССОР

Том технология институтының профессоры (кейіннен КСРО FA-ына тольық мүше бол сыйланған) Михаил Антонович Усовтың 1921 жылдың мамыр айының 15-жаңаасынан қазанның 5-жүлдізы аралығында

жүргізген күнделігінде өзі бүкпесіз жазғандай, «Томды қеулеген аштықтан қашып...», Сарыарқаның Шыңғыстау, Баянаула сияқты таулының баурайында алаңсыз жатып, бойындағы дөртке шипа іздеп, әл-куят тапқан ұзақ сапарында туған.

Әлбетте, күнделік иесі кірітпартарлық жағдайда жан сауғалап жүріп дәптеріне түсірген бүкпесіз жазбалары жетпіс-сексен жылдан кейін жүртқа жария болып, қәдеге асады деп ойламаған. Геологиялық кәсіби машинымен жол үстіндегі көрген-білгенін (көбіне жер жыныстарын суреттей отырып) тәптіштеп жазатын әдеті бойынша, ғалым-геолог бес айға созылған сапарда өзі кездескен адамдарды, дала тұрғындарының тұрмыс-тірлігін, қазақ аулының рухани-этнографиялық сын-сипатын, жолшыбайғы станция, бекеттерде басынан кешкен мемнат-бейнетіне шекті қаз қалпында қағазға хаттай берген. Біздіңше, М. А. Усов күнделігінің ғылыми һәм тарихи құндылығы да осында — Шыңғыстауда ұлы Абай ауылы мен Баянаулада Қаныш Имантайұлы туып-ескен ортада ұзақ уақыт жата-жастана жатып көңіліне түйгенін, көзі кергенін езге емес, өзі үшін... айна қатесіз жазып кеткенінде. Және сол қай уақытта!..

Ұлы суреткер М. О. Әуезов «Абайдың өмірбаяны» атты мақаласында мынадай өкініш айттыпты: «Ең әуелі Абайдың, я басқа соған жанас адамдардың жәйінен біз әлі қүнге жазба күйде сақталған материал таба алмадық. Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жайында ілгерінді-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уағынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документ сияқтыдан құралады... Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күнде істелген іс, сейленген сөздің барлығының да жылы ізі сүймайды. Көмескі бұлдыры, екіждай сөзге айналмай дәл қалпында сақталады...»

Осы жөнмен таразылағанда әлемдік геология ілімін XX ғасырда ірі зерттеулерімен алға дамытушы ғұламалардың бірі болған академик М. А. Усовтың 1921 жылғы күнделік жазбалары қазірде мән-бағдары, қажеттігі өлшеусіз зор тарихи құжатқа айналмақ...

\* \* \*

10 шілде (жексенбі): «...Алаш қаласына Шыңғыстаудан жайма-шуақ ашық, күні келдік. Үй-ішім жап-жақсы жайға орналасыпты, қаланың даламен шектескен шеті, еншілеріне тек бөлменің жармысы ғана ти-ген. Ираға (М. А. Усовтың қызы — М. С.) майдың аяғында шешек шығыпты, бірақ жүдемеген. Олар да қаладан тезірек кетуге қарсы емес, сірә, Ертіс жағасындағы станицалардың біріне орналасып, бас сауғалаған жән болар деседі. Томға жуық манда оралу жайлы ойлануға да болмайды, онда қазір — аштық.

11 шілде (дүйсенбі): «Өзеннен қайықпен етіп, қалаға шықтым. Қайықшыға 500 сом төлеуге тұра келді. Ортадағы аралға қалың ағаш ескен, тамаша жер. Әуелі Ә. З. Сәтбаевқа барғаным жән болыпты, пәтерінен шығып келеді екен, қарсы кездесті. Денсаулығымды біржола түзеу үшін әлі де қыр сахараасында жүре тұруым қажеттігін айттып, Ә. З. мәні үгіттей бастады. Маған ол үй-ішімді алып, өзімен бірге Павло-

дар уезіне, Баянауылдың арғы бетін жайлайтын туған ауылына баруды ұсынды. Өзі сол жақта бүрсігүні жүрмек екен,... бір жарым айға демалыс алыпты. Павлодарға дейін пароходден бармақ, одан әрі земство жолымен Баянауылға түседі, арғы сапар, айтуынша, қын емес, ал ауылында біз үшін барлық жағдай бар, тек жеті күнге созылатын жол мемнатына төзсек болғаны...

Ә. З. Сәтбаевпен бірге қырға кетуге Томдағы землемерлер курсы және Сібірді зерттеу қоғамы бойынша танысым В. Н.-ның (Виктор Николаевичтің – М. С.) інісі Алексей Николаевич Белослюдовтың да әзірленіп жүргенін естідім. Келген кезде ол маған География қоғамының мұражайын көрсеткен, езі сонда бөлім басқарады екен, А. Н. Белослюдовқа, шынында да, денсаулығын нығайту қажет, оның халі бізден гөрі ауырырақ... Ол да маған... бірге журуді ықтияттап... Баянауылдың бізге өте жайлы болатынын барынша үгіттеп бақты.

Жолшыбай тәтеміз И. И. Плещееваға соғып, шай іштім. Ол кісі де казак-орыс станицаларында жағдайдың қазір мәз емесін, тіпті тыныш заманның өзінде жөпшенді кісіге олардың қайрыым жасамайтынын... сөз қылып, көнілімді қонақжай далаға бұрып бақты... Сонымен әрі ойланып, бері ойланып, үй-ішіміз болып ақылдаса келе мынандай тұжырымға тоқтадық: 1) қалада сүзек басталған, демек, күйіп тұрған Алашта қалу мейлінше қауіппі; 2) геологиялық базаның үйіндегі біздің жағдайымыз мәз емес — бір күн кешеге шығарып тастауы да мүмкін; 3) ақшада құн жок, жалаң айырбаспен құн көру — сенімсіз шаруа... Сондықтан не көрсек те көзді жұмып, тәуекел деп қырға кету керек! Иә, жол тауқыметі онай емес деседі. Амал қанша, құдайдың талайымызға жағанын көреміз».

...21 шілде (бейсенбі): «...Баянула сілемін таңнан керіп келеміз, анықында Қайдауыл бекетінен аттанғаннан соң-ақ. Ал Қарасордан шыққалы кек-жасыл тау өркеші көнілімізді ынтықтыра түсіп, соның нұлы-сұлы бектеріне жеткенше асықтық... Қарасордан еткенде Сәтбаев пен Белослюдов қайда тоқтайтынымызды ескертіп, хат қалдырып кетіпти. Тіпті осы бекеттегі жәмшік киргизға ренжітпей жеткіз деп те ықтияттаған...

Тау бектеріне таянғанда, бұл ымырт үйіріле бастаған мезгіл-ді, жегіндеңі екі ат та мүлдем титықтады, арбадан түсіп, жаяу-жалпы ілесуге тура келді... Сәтбаевтың хаты бойынша, аса мейірімді Ә. З. ны айтамын, Баянауылда халық соты болып істейтін немере інісі Қаныш Сәтбаевтың пәтеріне әрен жетіп, азабы мол болған ауыр сапардың ең қын бөлегін артқа қалдырған тәріздіміз...»

\* \* \*

Етегіне қалың қарағай өскен биік жартастың желкесінен көлге тамсана қараған профессор Усов ойланып қалды. Кеше бір сөзінде жас жігіт: «Жасыбай көлі — халықтың көз жасынан жарапған деп біздің ел азыз етеді. Жай Жасыбай өмес, жасқа бай — Жасыбай» деп еді. Шынында да, солай ма?.. Сұлулығына көзің тоймайды. Қай жағынан қара-саң да, қандай биігіне шығып көз салсан да көрерің таңғажайып келбет: жағадағы жартастар мөлдір көл түбінде дірілдеп; ну қарағай жы-

нысы қара ормандай сап түзеп; теңкөрілген көк аспан түпсіз тереннен қайта мөлдіреп; соның бәр-бәрін қаз-қалпында қайыра бейнелеп, көз тұндырыған айна көл... Бейне бір сырлы аяқтың түбінде тұрып қалған мөлдір тамшы дерсің. Неткен әсем сурет, неткен мөлдірлік!

«Бұл көлүшін қазақ пен қалмақ талай рет кескілескен. Қелдің әуелгі аты Шойын еken. Қалмақ елі оны Шойын деген батырына беріп, «аты да, заты да – сенікі» деп күн-тұн күзеттіреді еken. Күндердің күнінде одан қазақтар тартып алады. Кек сақтаған Шойын қайта айналып келіп, үйікташ жатқан Жасыбай мен оның айнымас серігі Киік мергенді садақпен атып өлтіреді!», – деп сыр шерткен-ді кіши Сәтбаев.

Соңғы жылдардың ауыртпашилығы ғалымды өкпе дертіне душар еткен. Бұл сырқаттың о күндегі бірден-бір емі – даланың шипа ауасы, шәрбат қымызы мен күшті тамак. Мұның бірде-бірі соғыстан күйзел-ген, теңкөріс жылдарында аумалы-тәкпелі заманды басынан кешкен Том шәрінде, тіпті күллі Сібірде табылмайды. Өзін қараған білімдар дәрігер С. А. Адамов та сол себепті «қыырдағы киргиз даласына» тезірек шығып кетуді кеңес қылған. Соған да, міне, екі ай. Балқаш төнірегіне экспедицияға аттанған Орнитология қофамының мамандарына ілесіп, майдың орта шенінде Томнан шықты; сұық жүк вагонында бес тәүлік тоңып, мейлінше жүдеп-жадап («жанымды пима ментоналып қалды») Семейге түскенде, алғашқы панаған жері – мұғалімдер семинариясының бір бөлмесі еді; сонда жатып Михаил Антонович мейірбан жүзді екі қазақпен танысады. Таныстық ақыр аяғында достықта ұласқан «Губерниялық оқу бөлімін басқаратын Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен сот мүшесі Ахметолла Ақтайұлы Барлыбаев – өте-мете инабатты жандар» деп жазады М. Усов мамырдың 20–24 аралығындағы күнделігінде. Зиялыш азаматтар Сібірдің білімдар қаласынан келген ғұламаға ерекше ілтипат білдіріп, бәлкім, өздерінің рухани тірлігімен таныстыруды жөн көрген болар, бір кеште қонақты қазақ театрына шақырады (қандай қойылымда болғаны жайында күнделік иесі атап жазбаған, бірақ сауық ұнаған сынды, ейткені төрт белімнен тұратын ұзақ драманы аяғына дейін қызықтағанын профессор дәпттеріне сүйсінегендік). Бірер күн күтуден соң олтағы бір қазақ зиялышы, технология институтында өзінен дәріс тындаған шекірті Әлімхан Ермековке ілесіп, мамырдың 24-күні інкәр болып іздеп келе жатқан қыр сахарасына аттанды. Бұл сапарда геология білгірінің ат басын тіреген жері – Абай Құнанбаевтың бел баласы, ұлы ақынның жүртінде сөзін ұстап отырған зиялыш үрпағы Тұрағұлдың ауылы еді. Оның ауылына қонақтар келесі күні кештетіп жеткен, Шөптікелдің теріске жағасында отыр еken. Орыс қауымының нөбір оқымысты тобымен ертеден қарым-қатынасы бар ізеті молауыл, ту Том шәрінен күжанына тыным тілеп шықкан дімкәс ғалымның көңілінен табылып, ойлағанын артық жағдай туғызады: «...оңаша тігілген киіз үйдемін, жұмыртқадай аппак, тап-таза, кішкене болған соң ба, іші сондай жылы... Таңертең майға былғап бауырсақпен шай ішеміз, одан кейін күнге отырып қыздырынамын, сонынан қымызға шақырады (шамашарқым – 8 кесе немесе 10 стакан), одан кейін – үйқы... Құнара анға шығамыз – көбіне арқар мен қоянға. Құн аралатып қонаққа барамыз. Ауыл иесін (әлде бізді?) құрметтеушілер кеп-ак, туыстары мол сияқ-

ты. Бір жайтқа ғана үйрене алмай жүрмін: үйқыға жатарда етке сылқия тою — мен үшін қын-ақ...

Қонақжай ауылда М. А. Усов біржарым айдай (7-шілдеге дейін) мейман болады. Бәлкім, қоңыр күзге дейін талжылмай жатқандай да еді, егер тап сол қарсанда ауыл иесі жаңа заман талабына икемделіп, сірә, бала-шағасын оқыту үшін, Семейге ұрымтал жерден өзіне қыстау сатып алып, соның қамымен Шыңғысты өрлең төр жайлауға ұзап көшуден бас тартпаса? Шыбын-шіркейі қаптаған ескі қыстаудың іргесінде қалғысы келмеді әрі Томнан жетпек үй-ішін де қарсы алар мезгіл жақын болатын. Сол себептен қалаға жүрген көлікке ілесіп қайтуға мәжбүр болды... Содан бері жолда. Дәм жазып ақырында Баянаулаға шығып кетті. Жолда кешкен азап-бейнетінің төлеуі, міне, тек қана ләззат үшін жаралғандай айна көлге тап болды; ой-парасаты, инабаттылығы, мейірбанды пейілі бір-бірінен асқандай ағайынды Сәтбаевтармен табысты. Иә, осынау аса қайырымды, жылы жүзді, қонақа барын беріп, жайлышмет ету үшін туғандай кен пейіл адамдар болмаса, өзінің биылғы халі не болар еді? Бүкіл қыр сахараасы, кен дала ізет білдіріп, құрмет көрсетіп жатқандай сезімнен ада емес. Дағаның шексіз көндігін бұрында Ертісті кесіп Тарбағатайға, Жонғарияға өткен саяхаттары кезінде андаған. Бірақ шынайы сырын әлі де білмейді екен. Ал жүздеген шақырым жол жүргенде таусылмайтын бүлдірсиз жазықта, мидай сұрықсыз өлкеде нақ мынандай тұнған жыныс, мәлдір көл, жер жаңнаты болады деп ойлап па тегінде, көрмese соған сірә да сенер ме? Сұлұлығын айтасың, геологиялық құрылымы ше?..

Кеше кеште судья жігітке еріп, Жасыбай асуына барған. Батыр жерленді деген жартасты да көрді. Шоқтығына бір топ қайың өсken биік асу. Соның үстінде үйіктап кеткен алып кісіге үқсаған үйме тас... Әлденеше ғасырлар бойы оны су шайып, жел ұнғып, осындай пішінге келтірген. Бірақ?.. Өзін осынша жарқын пейілмен қарсы алып отырған бауырмал елдің азызын ғылыми нанымсыз деп салған жерден жоққа шығаруға дәті бармады. Асудан бері түсіп, көл жағасына қайтып келе жатқанда ғана ол шәкірт кезінде 1906 жылы ұстазы, атақты жиһангер В. А. Обручевке еріп, Жонғария даласын кезген саяхаты жайында әңгіме шөртті.

— Бір күні есіз далада таңғажайып қалаға тап болдық. Қала болғанда қандай! Жарыса салынған көшелерде есеп жоқ. Қаз-қатар тұрғызылған үйлері де керемет. Тіпті онда бойы сорайған мұнаралар да мол екен. Ал аумағы ат шаптырым аландарда серейген ескеरткіштер қаншама десенші! Қоржиган аю да, жоны күдірейген жолбарыс та бар, қашып бара жатқандаға аңдарын бейнелеген кескіндер ше! Ат басы, дұлыға киген адам басы, қарауылда тұрған арқардың құлжасы, сапарға шыққан түйелі керуен... Санап болмайсың, бірінен-бірі асып сап түзеген алуан мүсіндер. Жер хайуанаттарының түр-түрінен экспонат жиған зоологиялық мұражай дерсін құдды. Бәрінен де ғажабы қаланың өлі күйі еді. Оның тас көшелерінен бірде-бір тірі пенде іә жәндік кездестірмейіміз жаңымызды түршіктірген. Соның бері де әлдекандай бір опаттан қас қағымда мерт болып, тас бейнеге айналып қалғандай... Шындығында олай емес екен. Бұл қаланы адамдар тұрғызып балтты! Оның бірде-бір үйіне адам қолы жұғыспаған, бірде-бір

ескерткіш, мүсінін адам қолы соқпаған... Соның бәрін неше мың, миллион жылғы үздікіз процесте жел мен су түзеген, адамзат әрекетінсіз ақ, табиғат өз бетінше мүсіндеген. Сол себепті бұл қаланы жергілікті халық Эол деп жел құдайының есімімен атапты.

Профессордың әңгімесін Қаныш үнсіз тыңдаған. Тек біржола бітіргендеган:

— Михаил Антонович, біздің Баянауыл төнірегендеге ондай тас қала-лар жоқ, бірақ өзініз айтқандай әр түрлі хайуаннтар бейнесін түзе-гентас мүсіндер аз емес. Қаласаңыз, кейбірін көрсетер едім,— деген-ді қызмет етуге әзірлігін білдіріп.

— Әлбетте, Қаныш Имантаевич. Тек бүгін емес, кейінрек...

— Мақұл, қашан десеніз де мен дайын!

Профессор жас серігінің сол сәттегі қуаныштан албырап гүл-гүл жайнаған нұрлы жүзін есіне алды. «Бір көргеннен-ақ өзіне баурап ала-тын мейірбан адамдар болады. Мына судья да, сірә, сондай жаны жомарт жас,— деп ойлаған-ды Усов.— Сөзіне бекем, тиянақты жігіт. Геолог болса қандай ықтиятты, алғыр маман болар еді. Неліктен сұ-дья?.. Өзі жап-жас. Қалайша келісті еken? Мұндай жас судьялар жазу-сызуы, зан-қарапы баяғыда қалыптасқан орыс, Еуропа жүртynда да жоқ. Неліктен? Сірә, бұл да сыры өзіне беймағлұм кең даланың көп жүмбақтарының бірі болар-ау?»

Қаныш сезінде тұрды. Тағы бір күні сайланып келіп, қонақтарын серуенге шақырды. Саяхаттың бағыт-бағдарынған емес, керек-жа-рағын да ойластыра келіпти: жетегінде ерттеулі қос ат; қоржын басын азыққа сықап, жолда ішетін сусынға дейін үмітпаған... Сол жолы олар Торайғыр көлінің жағасына қонып, ертенінде Найзатас, Мойылдыбы-лақ, Айнабұлақты кезеді. Сарыадырдағы ескі мыс кенишіне дейін ба-рып, тағы бір күнді Степан Попов, Артем Деровтар қақтырған белгі-қазықтарды көріп, ең аяғында Александровка (Қандықарасу) зауыты-ның жүртynда қалған шарпу пештерінің табанын қазып, мыс қорытпа-ларын теруге арнаған-ды...

Сол сапарда-ақ Михаил Антонович қасындағы серіктерін таң қал-дырған тұжырым естірткен: Баянауыл — құмға айналып шөгे бастаған көрі тау екен; бір кезде мұнда да шалқыған теніз болған; геологиялық дәүірлер кешінің алғашқы кезенінде теніз көрі қайтқан; бәлкім, әлде-қандай бір жанартаулық құбылыс іә жер сілкіну әсерінен бұл қыртыс-тың кенет өсіп жоғарыға кетерлуі де ықтимал; әлденеше мың ғасыр теніз табанында жатып, көп замандар су шайып, әбден түкілданған қайрақ тастар миллион жылғы желмен, ауа әсерімен түрліше кескін, бітімге түсken; Жасыбай төнірегіндегі оқшаша тас бейнелер, тегінде, осылайша түзілген...

Осының бәрін ғалым қонақ ертегідей қызықты етіп, майын тамыза әңгімелеген кезде жас судьяның көзі жайнай түсіп, Усовка ынтызар-лана қарайтын. Тағы да, тағы да айта түсініз деп өтінгендей үлтипат білдіретін. Бір әңгіме кезінде ол жер құрылсының жаралу тегі жайн-ында өзінің де аз-маз мағлұматы барын, Семейде білім алғанда, мұғалімдер курсына жаратылыс тану пәнінен дәріс оқығанда танысқ-ан кітаптардан табиғаттың бірталай қупия сырына көзі қанып, көкірегі ашылғанын ескерткен-ді. Сөйтсе де жер құрылсы мен оның даму та-

рихы туралы нақ осылай қарапайым тілмен ұғынықты етіп, әмбе соншалықты қызықты әңгімелеге болады деп ешқашанда ойламағанын мойындан:

— Көңілімдегі кеп құмәнді сейілтіп тастадыңыз. Көп рақмет сізге, Михаил Антонович!— деген-ди тебірене сейлеп.— Білімді деп мына сізді айту керек! Біздікі не, телегей-теңіз жағасынан құдық қазғандай күйбен тіршілік, сауатымызды ашып, екі-үш ауыз арыз жаза білгенге мәз болған жалған мадақ...

## 2

Осыдан соң профессор мен судья біраз күнге дейіп кезіге алған жоқ. Павлодардан сот коллегиясы келіп қалды да, асығыс қарайтын жұмыстар болып, Қаныш Қызылтау, Желтау теңірегіндегі ауылдарға жүріп кетті. Ал Белослюдов пен Усовтар Әбікей Зейінұлына ілесіп, тер жайлауға құлап кеткен Сәтбай ауылына аттанған.

Ауылды олар Батпақ көлдің күншығыс беткейінде отырғанда, Амантау деген жерде күшті жеткен. Усовтың күнделігіндегі жазбаларға қарағанда, төр жайлауы Нияз тауларына биыл жете алмапты: жүк тиетін арбалары жетіспеген; жарамдыларын ревкомның дайындаушы агенттері алып кеткен; ал қолда қалғандары ұзақ жолға жарамсыз болған; сол себепті Сәтбай өзүетіне қарасты екі ауыл үлкен үйлерін, ауыр жүктегендегі қыстауда қалдырып, жайлауға женіл-желлі шыққан. Сейтсе де сырыйтай ұзын, жүдеу өнді орыс қонаққа олар дербес үй тігіп, лайықты құрмет көрсетеді. Рас, қырдың халі биыл көнгерлі ғана. Станицаның казак-орыстары былтырғы астығын сатуға шығарған жоқ. Мойынсеріктердің тапсырғаны шамалы... Оның зардабын қазақ ауылдары көрді, үн еттен де қымбат болып, жайлауға шамалы қормен аттанған. Мал басы да неше жылға созылған аумалы-тәкпелі заманда күрт кеміп кеткен-ди. Бірақ бір келген сыйлы қонаққа қажы ауылы ет пен қымыз тауып бере алады...

24 шілде (жексенбі): «... Тегінде, ағайындылар терт түлік малын белмей, бірігіп бағып, пайдаланады екен, басты билік — Ә. З. Сәтбаевтың әкесінің екі ағасында, өзгелері соларға тәуелді жағдайда. Мениң байқауымша, осыларда бірегей әмір жүргізетін нағыз қожайын жоқ та сияқты. Ә. З.-ның отбасының құрамы мынадай: әйелі Хамида Сұлтанқызы (Қамила Сұлтанбайқызы — M. C.) балалары — Райхан (10 жаста), Байғалул (8 жаста), Раушан және Нәзипа; бұл шаңырактың шаруасына иелік етуші, тегінде, ортаншы ағасы Әбдірахман (сірә, Әмін Сәтбайұлы болса керек — M. C.) әйелімен, ал оның ағасы осы үйдің қызметшісі есебінде (?). Және бір қолғабыс етуші жігіт. Киіз үйі біреу ғана. Сейтсе де бізге оңаша киіз үй тіккізді, көлемі шағын, бірақ іші-сырты келісті, керегеге кілемдер үсталған. Кейін білсек, бұл үйдің кейбір мүлік, жиһаздары басқа ауылдан, Сәтбаевтың қайын жұртынан сұрап әкелініяті. Келген күні екі үйден қой жедік. Бұл жақтың қымызы ете қою, дәмі де қышқылтым. Маған әзірше қолайсыздау тиіп тұр...»

...27 шілде (сәрсенбі): «Күн ыстық әрі қапырық. Шаймен май беруді тоқтатты. Бауырсақтың да жетімсіздігін сезіп жүрміз. Құрт та, ірімшік

тедаастарқанға сирек қойылады. Үлкен ағасының ауылынан (сірә, Имантай шаңырағы болса керек — М. С.) қой жедік.»

29 шілде (жұма): Ауыл қонған көлдің (Кіші Батпаққөл — М. С.) жағасы ойпандау жер, қызғылттың түсті құмдауықтан түзілген, кей түсінда ірі тастар да кездеседі. Ал онтүстік жағалауынан үш шақырымдай жерден порfirит пен фильтит жыныстарын кездестірдім. Бұл күн жиырма шақырымдай серуенде шығып, бір ауылдан түстікке қой жеп қайттық.»

Бір тәуірі, өкімістың қонақ ауыл иелерінің қысылтаяң жайын сезгендей, сол күнді өздері қынната түскеніне қысылғандай кішіпейіл қылыш танытты. Сәлемдескенде үлкенге де, кішіге де ізетпен бас иіп, әйелдерге жол беріп, өзінен жоғарыға отырғызып елпілдең тұрады... Күн сайынғы айнымас әдеті: үйқыдан тұра сала, әдетте, бұл — күн көтерілген ертеңгілік мезгіл, қозы көш жерге қыдырып келеді; ондай кезде атқа мінбайді, тек қана жаяу жүреді; қайтып келген соң белуардан шешініп, көлге түседі, болмаса құдышқа сүнина жуынады; тек соナン кейін ғана қаймақ қатқан қазақы шайға отырады; түске дейін ол кісіні мазалауға болмайды, айтуынша, бұл мезгіл өзі үшін «ең әнімді жұмыс сафаты!...» Кіз үйдің іргесі түрлі, түнлік көлеңке жақтан ашылған. Өкімісты мейман ертеңгілік серуенде, кешелі-бүгінде жыып әкелген неше алуан тас сынықтарын айналасына тізіп қойып, бар ынтасты со-ларға ғана ауып, қызу жұмысқа беріледі. Жаздың табақтай күні жылжып келіп тас тебеге шыққанда, үй іргесінен қамқөніл Катяның «Михаил Антонович, қасиетті қымызды тосқызуға болмайды, жүр енді!» деген жайдары даусы естіледі. Ен жайлаудың бал қымызын олар асықпай отырып, әңгімеге де емін-еркін беріліп, мұндай кезде «ертекші Лексей» Алексей Николаевич те шабыттана сейлеп, «шер» тарқатып қалады (бірақ оның халі сол жазда онша болмаған, кеуде дерті мен-деп, жатып қала берген), әбден сіңіре ішеді. Түстен кейін бұл қауымды ауылда байлап үстай алмайсың. Жаппай атқа қонып, тазы ертіп, құс салып, айналадағы өзен, көлдерді жағалап, қызыл іңірге дейін саят құрып, ен қызықта батады. Ауылдан еретіндер — Әбікей Зейінұлы, Мағаз бен Бекеш. Бекештің Қараашырағы сол жазда аса бабында еді. Жұдырықтай қаршыға маңайдағы сулардан құс қоймай құрып салып жүрген. Даланың сүр қояны да сол жазда қойша ерген ерекше жыл еді, бір жолы Үлкен Амантау бауырынан жеті қоян алып, олжалы қайтқаны профессорды ерекше сүйсінген...

30 шілде (сенбі): «...Ауа-райы бұрынғыдай ыстық, кейде күн күркірейді. Үлкен ағасының отау үй шыққан баласына (сірә, Фазиз Имантайұлы — М. С.) барып, қонақ болдық, ерекше инабатпен тік тұрып күтті.»

1 тамыз (дүйсенбі): «...Сәтбай ауылдары күндізгі аптапқа ұрынбас үшін кешке таман көшуге машықтаныпты. Мұның тиімді дағды екенін алғашқы көшкенде-ақ мойындағы... Күнбатысқа қарай жүріп тоғыз шақырымдай үзап барып, Амантау станциясының жоғарғы түсіндағы Ақши өзеншігінің жағасына тоқтадық. Арбаның қос дертесін көтеріп, оған шаңырақты сүйеп, жан-жағына түрлі жүк тендерін қаумалап, бәрінің сыртынан киіз жауып, бізге уақытша баспана жасап берді. Үй-ішімізben түгел сыйдық, ешбір қысылмай-ақ үйықтап шықтық.»

**2 тамыз (сейсенбі):** «Өзенді өрлеп порфирииттер мен фильтрерден (тау жыныстары — М. С.) құралған биік жотаңың қүнгей бектерінен бұлдірген теруге бардық; әйелдер мен балалар тарантасқа отырып, біз, еркектер, салт атпен...»

**4 тамыз (бейсенбі):** «Баянауылдан милиция бастығы келіп, біздің құжаттарымыз бер жол қағаздарымызды тексерді. Ақырында шынын айтып, Ә. З.-ны әлдеқандай бір іс үшін ауданға әкетуге келгенін мәлімдеді...»

**6 тамыз (сенбі):** «Жаңа қонысымыздың аты — Саумалкөл... біз соның оңтүстік-шығыс жағасындағы. Ауыл іргесіндегі жота жоғарғы карбон дәүіріндегі әктастан түзілген, көп тұсы құмға айналып мүжіле бастаған... Түске таман, Баянауылға аттанбақ Ә. З-дан басқамыз осы келдің арғы батпақты жағасында... отырған Зенды Чурмановтың (Зында Шорманов — М. С.) ауылына қонақша бардық. Жұрттың айтуынша, ол Ертістің сол жағасындағы қазақтардың ең байы — иелігінде 1500 жылқы, 1000 қойы бар деседі, бірақ сараш болса керек, үй жиназы онша емес... бізге сойғаны — кәрі қой...»

**8 тамыз (дүйсенбі):** «Ауа-райы құбылмалы боп тұрса да, кешуге бел байладық... 15 шақырымдай алға жүрген соң Келтебұлақ бекеті мен Сордеген қөлшіктің қарсы бетіндегі жазықтың ту ортасына тоқтадық... Кешке таман жел басылды... Араға бірталай күн ұзатып, бізге бұрынғы үйімізді тігіп берді, итарқадан құтылдық...»

**9 тамыз (сейсенбі):** Күн ашылды. Кешке таман Қаныш келді, жолшыбай Зенды Чурмановтың аулына түнепті, күртешесін ұрлатып алыпты. Кешкі асты соның отауында іштік...»

Кіші Сәтбаевтың келуімен қонақтардың дағдылы тірлігіне біршама өзгеріс енеді. «...Онекісі күні бізге ол концерт қойып берді, соңынан бәріміз қосылып, кәдімгідей хор жасап, кешкі асқа дейін ән шырқадық». Бес күннен соң өнерпаз жастар өнерін қонақтар тағы да тамашалайды, тек бүл жолы кергендегі судьяның қемекшілері қойған бір бөлімді ойын, оның аяғы Еуропа үлгісінде әзірленген тағамға ұласып, үлкен мәжіліспен біtedі. Ілтипатқа ыждаһатты профессор бұған да разылық білдіруді ұмытпаған: «... Дамылсыз жауыннан, неше күн түнерген ауа райынан бұзылған көnlіміз тағы да ашылып, бір түрлі сергіп қалдық. Бізге қамқорлық жасап жүрген жас судьяға шексіз рақмет!»

Сергіген қонақ па, әлде судья жігіттің өзі ме? Шынтуайтын айтқанда, Қаныш нак сол қундері көптен бері сарыла іздел, кезіктіре алмай жүрген ақылшысын тапқандай мол қуанышта еді. Далада кезікпейтін, дала дейді, қаланың өзінде сирек ұшырасатын шын ғұлама! Білімін ұшан-теніз дерсін — соның бәрін қалайша біле берген, оқу соңында жалықпай қалайша ұзақ жүрген?.. Бараба гимназиясы, Том институты, В. А. Обручев басқарған кафедрада ғылым жолына тәрбиеленген. Отызға шықпай ғылым магистрі, одан соң профессор атағын алған, Геология комитетінің Сібір бөлімшесін басқарады. Ал мен?.. Жастай арман еткен ағартушылық жолдың орнына атқамінер болып, ел билігінде жүргеніме мәзбін. Жаңа заманның адудын жаршысы, езілген көптің қорғаушысы, қаяу көnlідердің жарылқаушысы атандық. Тура-сын айтқанда, соның бәрі де бір-ақ қундік онғақ нәрсе...»

Бір күні Усов екеуі серуенге оңаша аттанды. Тау етегіне жеткен соң-ақ Михаил Антонович аттан түсіп, тізгінді жас серігіне берді де, түйетайлы ерге жаяу көтерілді. Профессордың бұл әдебіне Қаныш үйренген. Жазғытырым су тасқыны шайған жарқабақ іә бітімі оқшау жартас сыйзытын көрді ме — жық маңда алып шыға алмайсың, үзақ сағаттар бойы сол жерді шүқшия қарап зерттеумен болады. Жаңа ойыншыққа еліккен бала дерсін, құдды: кейір жердің топырағын көреді; қайсыбірінде балғасын құлаштай сілтеп, сынып түскен тас кесектерін төреді... Айналасындағы алуан тіршілікті ұмытып, өзін етекте тосып тұрған сөрігін де елемей, бар ынтасты қарсы алдындағы жер жұлығында болып үзақ отырады. Фажап, бұл да ғажап! Тас әлемі, осынау алқасалқа тау парасатты, салиқалы ой иесін балаша еліктіріп, соншама қызықтырады деп кім ойлаған?..

Қаншама ой тербел шыдамсызданданғанымен, Қаныш ғалым қонағының тәнті ісіне бегет жасамады, шыбыннан мазасызданданған аттарды сай етегінде ұстап алыстан бақылады. Сіра, шөлдеді білем, түс ауа Михаил Антонович төменге түсті. Әлденеге кінелі кісідей жымып келеді. Жылынқырап кеткен қымызды сылқылдана жұтқанда тіпті ашырқанған жоқ.

— Қалай, Михаил Антонович, біздің Сарымсақтыдан ештеңе таптыңыз ба?

— Көрініп жатқан ештеңесі де жоқ, бірақ, кім білсін, шыңдалап ақтарас...

— Кім оны ақтаратын, кім? — деп курсінді Қаныш қымыз құйған торсықты қанжығасына байлап жатып.— Жүрелік, Михаил Антонович, аттар да шелдеді.

Екеуі енді ат басын ауылға бұрды. Қамау сайдан қозыкөш жер үзаған соң алдарынан самал жел есті. Сол да тұнжыраған көңілдерін сергіткендей базына әңгімеге жетелеген-ді. Алдарынан көсілген ұшықырысыз кең далаға шаттана қараған Михаил Антонович бір сәтте:

— Киргиз даласы, киргиз даласы деп тамсана қайталайтын көптің бірі мен едім. Осында ма едің, енді білдім! — деді толғана сөйлеп.— Бұл өзі осы заманғы ғылыми әдебиетте геологиялық термин болып қалыптасқан кең ұғым. Ал шындығында кеңдігіне көз жетпес, бір қырыры бір қырына ұқсамайтын орасан зор алқап. Жоқ, олай да емес, ұқсайды жалпы келбеті. Бірақ әр тебесі, әрбір пұшпағы түрлі түсті жаралған, әр қырыры өзіндік сипатымен танылады. Құпиясы да мол дала. Ғажап!.. Сіздің даланы жусан мен бетегеден өзге түгі жоқ, сусыз, нұсьыз сары жон деп жүретінмін. Бақсам, мұлдем олай емес. Анау нұрлы, сулы керікті Баянаула, ақар-шакар Тарбағатай, кәусар бұлақты елкелі Шыңғыстау. Немесе өздерің жайлайтын Шілдерті бойын алайық. Рас, сіздің даладан көрген жерлерім әзіршө осылар ғана, ал қазбалы байлығын тіпті де білмеймін...

— Біздің даланы жаюлы дастарқанға теңеуге болады, Михаил Антонович,— деп қалды Қаныш.— Дастарқан болғанда үсті неше алуан тағамға толы: бір жерінде күрт-май, бір жерінде аткөпір үйілген бауырсақ, бір тұсы қант пен жентке, өрік-мейіз, неше түрлі тәтті жемістергетолған, алеңді бір жерінде шашылған бидай ғана, бір тұсында о да жоқ — тып-типыл жалаңаш.

— Қалай дедініз? Түсінбедім, шырак.

— Түсінбейтін түгі жоқ, Михаил Антонович... Тәтті жеміс шоғырланған тұсы әлгінде өзініз айтқан оазистер — Баянауыл, Қарқаралы, Кекшетау. Ал анау тек қана дәмді тағамдар үйілген маңат — тау-тасты, өзенди-булақты Нияз, Шідерті, біздің Алабас, Ақкелін сияқты құйқа-лы жерлер. Тақыр дегенім шөл дала, қылтанағы жоқ, кү медиендер.

— Ә, жаңа түсіндім. Бір түрлі езгеше, мұныңыз, тегінде, тың теңеу! Бірақ мен геолог ретінде сіздің даланы басқаша сипаттар едім, теңеуім де сол себепті өзгеше болмак,— деді кенет Усов тізгінің тартып. Астындағы ай мандай торы тоқтай қалды. Қаныш та атын тежеп профессорға аңыра қарады.— Геолог үшін киргиз даласы іздесе таптырмайтын, ешқашанда жалықтырмайтын классикалық мектеп дер едім. Қаншама ашық, иө-иә, беті аршылған геологиялық үлгілер! Таулары да мейлінше ескі, тозған, уақыт оларды әбден мұжіген. Сірә, қазыналары да аз болmas деймін! Оқымаған, көзі қараңғы Апақ Байжанов, Қосым Пішенбаев сияқты кезбелер сүйрін түрткілеп-ак Қарағанды, Екібастұз сияқты алып көмір ошактарын тауыпты. Ал білімпаз геологтар шындалға іздесе не болар еді? Қандай-қандай қазыналы қембелерге жолығар еді! ? Ғылым үшін тіпті ғажайып жаңалықтар ашар еді-ау, шіркін! Қаныш Имантаевич, қымбаттым, сіздің орныңызда жүрсем, мен бәрін де тастап, геолог болып кетер едім. Құдай ақы, еліңіздің сізді ауыстыратын бір судья табылар, Қаныш, қымбаттым, сізге осының керегі қанша? Сіздің орныңыз — геология!.. Сізге оқу керек! Ибрагим Құнанбаевтың бұл жайында не дегенін білесіз бе? Маған оны, әнеуғуні Шыңғыстауда болғанда Әлімқан Әбеуұлы сүйсіне аударып берген...

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,—

деп тақпақтағанда Қаныш кексе серігіне таңдана қарады.

— Иә-иә, дәл айтасыз. Тегі, Ибрагим Құнанбаев — үлкен ақын! Мен танитын білімді қазақтар бір ауыздан солай дейді. Ақынғана емес, ол кісі, сірә, данышпанда болу керек. Өйткені, ғапу етініз, кеп нәрселерді сіздерден кем оқыса да артық түсінген, ерте ойлаған. Үрпақтарын да білімдарлыққа тәрбиелеген. Мысалы, мен білетін Тұраш Ибрагимұлы сондай адам, аса кеп оқымаса да тоқығаны кеп зиялды жан: орыс әдебиетін жақсы біледі, сірә, әкесіндей ақындықтан да макрұм емес... Тегінде, мен танысқан қазақ зиялдары өтет алантты жандар, тек альс шәрге үзап тереңдеп оқымаған. Айтальық, немере ағаңыз Әбікей Зейінұлы семинарияғана бітірсе де, өте көп біледі, ол кісімен сұхбат құру — мен үшін тек қана рақат сезімге бөлени!.. Ал туған ағаңыз Бекеш?.. Неге оқымаған, түсінбеймін, болыс тәрағасы, ғапу етініз, бұл енді қазіргі жағдайда соншама бір мәнді қызмет емес қой. Немесе сіз өзініз, әрине, мен сіздің үлттың мінез-құлқын жете білем деп айта алмаймын... Сөйтсе де, жаным, кейбір білімді жастар мәнсапқа құмарлықтан ада емес...

Михаил Антоновичтің әнгіме қызығына берілгені сонша, тоқтап тұрғанын ұмытып, жас серігіне әредік күлімсірей қарап қойып ақтары-

ла сөйлесін. Қаныш та осы бір өзі үшін қымбат сәтті ешқандай бөгде сез, көлденен әрекетке қимағандай еміне түсіп беріле тыңдаған-ды. Тек әлден соң ғана тіл қатып:

— Сіз, сіз, шыныңызды айтыңызшы, оқы дейсіз бе? Өттен, кеш қалдым ғой, Михаил Антонович!— деді даусы дірілдеп.

— Оқығың келсе, айналайын, ешқашанда кеш емес!

— Мениң жасымда сіз институт бітіріпсіз. Ал мен балалы шәкірт атапып... Келіншегімді ренжітіп...

— Шәкірт, шәкірт!..— Профессор кенет атын тебінді. Сірә, әлденеге шамданып қалғандай. Екеуі енді үзенғі қағыса қатар жүрді.— Біле білсөн, қымбаттым, мен қазір де шәкіртпін. Әмір бойы шәкіртпін. Адамның ізденісі ешқашанда тоқталмайтын процесс. Құдай тағала үйренбен, білдім, толдым, болдым деуден сақтасын. Онда тоқтағаның емес, онбағаның!

— Оқығым келеді,— деді судья жігіт біраздан соң.— Әрине, туғандарым, үй ішім бұған қарсы. Оның үстіне сырқатым да аяғыма оралғы болып, адымымды ұзатпай жүр.

— Шынымен оқығың келсе, Имантай Сәтбаевичпен мен-ақ, сөйлесейін, әкең заманды терен түсінетін карт,— деді Усов қуанып,— Томға келесің. Сібірдің құрғак ауасы екеуміздің дертімізге, тегінде, теріс болмас деймін. Әрине, онда қымыз жоқ, тамақ та тапшы. Сейтсе де...

— Экеммен өзім сөйлесейін. Сіз уездік ревкомға, тіпті қайтар жолда губерния басшыларына құлаққағыс етіңіз. Судьялықтан босатсын мені. Қайбір еріккендіктен сот болып жүр дейсіз, ел ішінде хат танитын сауатты кісілер аз. Кім білді, соны желеу етіп, ревком басшылары жібермейміз деп кедергі жасауы мүмкін.

— Жібереді, жібермей көрсін!— деп қатуланды Усов.— Даланың жер асты қазынасын халық иглілігіне тезірек жарататын инженерлер судьядан гері керегірек екенін Кенес өкіметі білуге тиіс, білгісі көлмегендеге еріксіз танытатын да болар. Қам жеме бұл үшін, босайсын!

— Біраз жер өндіріп алсақ қайтеді, Михаил Антонович!— деді Қаныш кенет серігіне жымия қарап.

— Болсын, тек онша ұзаққа жарамаспын. Бараба шаруасының үрпағы болғаныммен, кабинетте шалбар тоздырған қағаз кеміргіш екенімді ұмытпаңыз, қымбаттым.

Қаныш астындағы тортөбелге қамшы басты. Ауыларалық шолак жарыстарда екінің бірі бол бәйге алып жүрген шығашаппа жүйрік жылқы еді. Шу дегеннен серігінен оқ бойы озып, алға шығып кетті. Қонақтың астындағы аймандаі торы ат үзыны есік пен төрдей, көлденені де бірталай бір көрерге керікті жылқы болатын. Жүрісі жайлы, қылтың-сылтың жоқ жуас мал болған соң, мейманға әдейі мінгізген, әкесінің төлаты еді. А дегенде Қанышқа елігіп біраз жер шапқанымен, тортөбелдің жылқы манда жеткізбейтінін үкты да, Усов тізгінің тартып, қояншоқаққа ауысты. Қаныш та бұдан әрі шабысты үдетпеді, атының басын тежеді.

Профессор серігі қыып жеткенде, ол тортөбелдің ылпылдаған жол жорғасымен шайқала ырғалып, әлдекандай бір ән сазын даусын кете-ре мейлінше шырқап келе жатыр еді. Михаил Антонович жас жігіттің

құйқылжыған көніл қүйін бірден ұқты: сірә, өлденеге қуанып, сонысы ішіне сыймай бебеу қағып, сұлу өүөнге айналып өз-өзінен төгіліп келө жатқан төрізді...

Бөлөнген жердің жүзі жасыл жібек,  
Күлімдел күнге қарап қалған тілек.  
Қалған жоқ елжіремей тастан басқа,  
Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек?  
Жан сәулем,  
Бұл дәурен,  
Өтер бір күн, дүние-ай!..

Қоңыр даусы ашы емес, сары жон даланың осынау жадыраған, жайнаған қалпын қызықтап, соған еліте қүй толғап, әнге қосып келе жатқан сыйқылды. Ұзылдаған шегіртке үні, тас төбеден безілдеп үшқан шымшық торғайдың шырылы, кел бетіндей баяу толқыған бетегелі маңдала... Бәр-бәрі табиғатқа жас жаны елжіреген жігіттің көнілді әнін тыңдауға пейіл беріп, парасатпен манқия қарап қалғандай. Әсіресе, әнші даусын тендіріп: «Жан сәулем, Бұл дәурен, Өтер бір күн, дүние-ай!..» деп қайталағанда, сары жонның шаттанған қүйі шарасынан асып тегілердей бол кербезденіп нұрлана түскендей...

Жас серігінің әнге басқан шат қүйін геология профессоры бұзғысы келмеді. Жақындағанда түсіп ынтыға тыңдағанымен, үзенгі қағысыып қатарласпады, құрық бойы жерден ғана сүйсіне тыңдал еріп отырды.

Аз күн таныстықта ол Қаныш бойынан бірталай жақсы қасиеттер таныған. Көп оқитынына, әр нәрсеге құмарланып білсем, көрсем деп тұратын ынтызарлығына риза болған. Әсіресе аңғарымпаз, сезімтал қабілетіне тәнті. Бір көргенін үмітпайды, көніліне әрнені түйе жүретін есті жігіт... Мұның бері геолог үшін өте қажет, етene қасиеттер. Ұлағатты тәрбие керіп, тиянақты білім алса — салиқалы геолог болуы сезісіз. Тіпті қарапайым барлаушы атанған күннің өзінде мына далаға аса қажет кесіп, ең ділгір мамандық іесі болып шықпақ...

— Fапу етіңіз, ез бетімше қиялға түсіп кеттім білем,— деді Қаныш әнін үзіл.

— Жо-жоқ, қайта ерекше тәнті болдым. Демалып, тіпті едәүір сергіп те қалдым. Тамаша ән, еуезі қандай әсерлі, керемет ләззат алдым! Сезін үқласам да, жан тебіренткен ділін ұқтый!.. Сіздің жұрт тегінде әнші, сері халық па деймін. Әсіресе сіздің ауыл, Баянула атырабы!..

Қаныш бірден тілмәрсіп ештеңе демеді. Әлде өлгіндегі ән әуені билеген аскак әсерден арыла алмай келе ме? Усов та соны аңдағандай жас серігінің толқулы қалпын бұзбады. Әлден уақыттан кейін Қаныш профессорға кілт бұрылып:

— Михаил Антонович, шыныңызды айтыңызшы, өтінемін, менен бірдемеге жарамды кен іздеуши шығады деп ойлайсыз ба?— деп, кек-се серігінің бетіне тіктеі қарады. Тізгінің тартты ма, тортөбел ат ке-нет қалт тұра қалды.

— Түсінбедім, Қымбаттым.

— Ата-бабамыз өмірі шұғылданбаған енер. Қазақ баласы ешқашанда айналыспаған, білмеген, тұмысында кезікпеген кесіп болған сон, Fапу етіңіз, кеңілде күмән көп...

— Бәрекелді!— деп қарқылдана рақаттана құлді профессор.— Біле білсең, қымбаттым, ешкім де анасынан геолог болып тумайды. Өнер-білім алып үйренген соң, дүние көріп, әмір танып, әлдененеше жылжердің асты-үстін ақтарып тексерген соң геолог атанады. «Менте иг маллео...» яғни «Ақылмен және балғамен» дейді геологтар туралы ағылшын жұртының нақылы. Ұғынықты да қысқа айттылған, байқайсың ба?

— Сонымен, бақытынды сынап көр дейсіз бе?

— Өмірге жолды, шырақ, өз ақылыңмен таңдау керек. Мамандық — күн сайын ауыстыратын кіршен, көйлек емес. Сол себепті қабырғаң мен кеңес, мықтап ойлан!

Жолаушылар қояншоқақпен бозша белдің үстіне шыққанда, арғы ойдан ауыл тұтіні де қылаң берген-ді.

### 3

**13 тамыз (сенбі):** «Бір қауым кісі боп, әйелдерді де ертіп, Чурмановтардың үлкені, әкесі полковник шенін алған Сәдуақас Мұсағұлының ауылына қонақта бардық... Зендыға қарағанда бұл ақсақал кішіпейіл сияқты, тұрмысы да тәп-төүір, дастарқаны да молырақ. Еуропалық рәсімді сақтауға тырысады білем, үстел басында асты ең алдымен әйелдерге бергізді...»

**15 тамыз (дүйсенбі):** «Үш күнге созылмақ мұсылмандар мейрамының бүгін алғашқы тәулігі. Әрбір шаңырақ құрмалдық жасап, ереккөй сояды екен. Сонынан ана дүниеге барғанда осы құрмалдық малына «мініп», жолшыбайғы қылқепірден аман-есен өтіп, жаны жұмақта жетеді-міс. Әр үйге бас сұғып, қымыз ішіп, айт рәсімін біз де жасадық. Ауқатты қазақтар тәүір бешпет, бөріктерін киіп сәнденіп шықты. Біз де солай істеп ізет көрсеттік...»

**18 тамыз (бейсенбі):** «Құн бұлыңғыр. Біздің ауылға Сәдуақас Шорманов пен оның қүйеу баласы, Том университетін... бітірген дәрігер Сейітов қонақта келді...»

**25 тамыз (бейсенбі):** «Ауылда жапа-тармағай той. Қожа келіп ер балаларды жаппай сұндетке отырғызыған. Имантай ақсақал осы оқиғаға арнап бір құлын, екі қой сойғызды... Байғалұл Сәтбаев біршама ойбайлап, қызында тырп етпей тыныш жатуға мәжбүр болды.»

**4 қыркүйек (жексенбі):** «...Қасқыр күшейіп, қозы-лаққа ғана емес, құлын мөн бұзауларға да ауыз сала бастағандықтан, Сәтбайдың екі ауылды да жаңа жүртқа бірге қонды.»

**6 қыркүйек (сейсенбі):** «Құн ашылды, жел батыс бағыттан. Баянаудан Қаныш Том технология институтына окуға баруға біржола бекінгенін айттып, жуық арада аттануға ауылының қам жасауын ескертіп хат жолдапты... Екі жасар тайынша сойып, сүр әзірленді: ...бұл үшін етті тұздап құні бойы далаға жайып қойды, кеште қосқа кіргізіп, шаңыраққа іліп, астынан от жағып, тұтінмен ыстады».»

**8 қыркүйек (бейсенбі):** «...Кешке таман мен, Әбікей және Бекеш үшеуіміз Сарымсақты тауының түстік бөктерінен қоян қақтық. Бес тазы, бір ителгімен жүріп... үш қоян алдық.»

**13 қыркүйек (сейсенбі):** «... Қаныш Томға бізben бірге аттанбақ

болған. Сот кеңсесіндегі жұмысын тапсыру үшін тамыздың аяғында Баянауылға кеткен-ді, одан 7—10 күндерінің аралығында біржолата қайтпақ еді. Алайда әлі күнгө дейін жоқ. Әбікей Зейінұлы үй-ішін алғып, кеше Семейге жүріп кетті. Ауа райы бұзылмай, күн жылы бол тұрганда біз де аттануға бел байладық... Қысқасы, Имантай ақсақалдың жеккізген аттарымен сағат 11-дің шамасында жолға шықтық...»

«...Оқуға түсуге бел байлайдым, сол себепті, сабак басталғанға дейін, яғни 1921 жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктіремей, мені сот кеңсесіндегі міндеттімнен босатуды губсовнарсудтың коллегиясынан етінемін. Өтінішімнің нәтижесін хабарлауды сұраймын.

Халық соты Қ. Сәтбаев».

Сот коллегиясының қатынас қағаздар кітабына 370 санымен тіркелген арыздың сыртына 10-учаскенің қатшысы: «Семейполат, Со-внарсудқа! Халық соты Сәтбаев жұмысты маған тастап, оқуға кетіп қалды. Мен енді не істеймін, соған нұсқау күтемін. Бекжанов» деп қол қойыпты.

Сот қатшысының губерниялық мекемеден қандай нұсқау алғанын біз білмейміз. Архивте бұлтуралы дерек сақталмаған. Біздің билетініміз — нақ сол күні, осы арыз жазылған сәтте судья Сәтбаевтың геология профессоры М. А. Усов мензеген ұлы болашағына батыл қадам жасағандығы...

## СІБІР ШАМШЫРАҒЫНДА

### 1

Технология институты Почтамт пен Бульвар кешелерінің қылышында орналасқан. Оның бірі қаламен қойындастып жатқан тақиядай дәңгелек тебениң етегінен ұшар басына дейін созылады. Университет те, институт үйлері де сол тебениң қала жақ бетінде, бір-біріне иық тіресіп іргелес тұрған ғимараттар. Екеуі де Том ғана емес, ұлан-байтақ Сібір өлкесі мен Қазақстандағы бетке үстар жоғары оқу орындары. Сол үшін де зиялғы қауым Томи езенінің жағасында ірге тепкен бұл қаланы XIX ғасырда-ақ «Сібірдегі шамшырақ» деп атаған. Кейде тіпті ескі грек жүртшының атакты ғылым ордасына теңеп, «Сібірдің Афинасы» деп те құрмет тұтқан.

Шынында да Том, айтса айтқандай, сол күнде өнері озық, өнеркәсібі біршама өркендеген, басқа да тірлік-тынысы Сібір қалаларының кебінен ілгері, өнегелі мекен-ді. Ондағы университет он тоғызынышы ғасырдың 80-жылы ашылған, ал технология институтының емірге келуі — 1900 жыл.

Университеттің оқу корпустары ескі классикалық үлгіде қаланғанды, аудиториялары, арнаулы кабинеттері биік те кең. Әсіресе бас корпусы, кітапхана үйі, анатомия мұражайы, микробиология лабораториясы, медицина факультетінің емханасы алыстан көз тартып андыздалп тұратын. Соларды қоршаған жасыл бақ қандай! Ең ғажабы, оны ешкім де қолдан отырғызбаған, осы құрылыштар жүрген кезде оталмай, табиғи қалпында сақталған тайганың жұрнағы болатын.

Технология институтының оку жайлары да әдемілігі жөнінен университет корпустарынан бір мысқал кем емес. Алғаш көргенде-ақ Қаныш өзін білім ордасы емес, айбарлы губернатор кеңесіне, тіпті ескі заман гректерінің философтары мәжіліс құратын «құдайлар» храмына тап болғандай сезінген... Құжаттарын кен факультетіне тапсырған. Михаил Антонович ескертіп қойған екен, факультет махалласында оны жылы шыраймен қарсы алды. ГубОНО-ның арнаулы жолдамасы мен мұғалімдер семинариясының аттестатын көрген соң тіпті ілтиpat білдіріп, тек қана математика пәнінен емтихан ұстауға шарт қойды.

Математикадан әзірлігі біршама төүір сияқтанған, әсіресе алгебра оқулығын жазу кезіндегі жаттығулары септік етіп, бұл пәннен едәуір білімге ие болғанын сезетін. Сөйтсе де дереу әзірлікке отырып, бұрын-соңды білгенін қайыра пысықтап шықты, ақыры профессор В. И. Шумиловтың алдына келген. Кеңілінде аздап қобалжу да бар. Өйткені бұл кісі жайында неше алуан қауесеттер естіген...

Шынында да солай болды. Үстіне қазақы күпі киіп, елтірі тымағын қолтығына қысқан, кен қоныш саптама етігімен жалтыр паркетті тосырқағандай жасқана басып (емтихан ұстаушының оқшау киімінің өзі-ақ «Мынау жабайы далалыққа мұнда не бар?» дегізгендей күпір ой туғызған), алдына имене кірген ашаң өнді жүдеу жігітке математика профессоры одырая бір қарап, алгебралық тендеу құрай бастады, екі белгісізі бар қарапайым есеп. Қаныш оған титтей де қиналған жок, оп-онай қағып таstadtы. Профессор «Әй, мынау, түйеден түскендей туземдік киргиз қайтеді-ей?» дегендей сынақ тапсырушуның күн қақтаған қоңыр жүзіне тағы бір мәрте одырая қарап, алғашқыдан едәуір құрделі бірнеше есеп жазып, алдына қойды. Күпілі далалық бұларды да шығарды. Тек соңғы тендеудің бірден аңғартпас құтұрқы бүкпесі бар екен, едәуір уақыт ойлануға тұра келді. Бір мезеттө оның да кілтипланың тапты-ау.

— Мынауыңыздың берілген шарты қате, Василий Иванович,— дегенді ол сұстия қараған Шумиловқа батылсыздың үнмен.— Тендеу емес, теңсіздік шығады, қараңыз. Сірә, мына жерде қосу емес, алу белгісі тұруға тиіс...

— Оны қайдан білдің?

— Тенделу шарттарын тексеріп байқаңыз...

— Бәрекелді, жігітім! Өзің тіпті киргиз даласында қой емес, есеп бағып жүргеннен саумысың? Биылғы сыйналғандардың бірталайы осы тендеуден шатылып еді, ал сен... сүрінбей өттің. Жарайсың, киргиз баласы, жайынды білдім енді. Оқисың біздің храмда, оқисың!— деп, әлгінде ғана құрыстанып отырған профессор Шумилов кәдімгідей жадырап, аяқ астынан масаттанып қалды. Манағы жасап отырғаны әншнейін мақаулық болды, өзінше сынағаны екен.

Сонымен, Қаныш технология институтының студенті. Көптен бергі арманы жүзеге асып, білімнің биік ордасына қолы жеткен бақытты жан!..

Ендігі әнгіме тұрмыс-тіршілік жайы. Институт пен университетте екеуара жалғыз жатақхана бар. Одан орын сұрау — үмітсіздің шарасы. Өйткені жатақхана кереуеті жоғарғы курсын студенттеріне ғана тиесілі. Шынтуайтын айтқанда, солардың өзінде де жетпейді. Соңдық-

тан шәкірттер өзара қоғамдасып пәтер жалдап, жеке меншік үйлерде тұрады. Ал пәтер жалдауға қаражаты жоктары институттың вестибюльдерінде, аудиториялардағы сыйзықташтары мен ұзын үстелдер үстінде тұнеді. Институт басшылары бұл жайды жақсы біледі, шәкірттердің шарасыз күйіне, сірә, көмектескені шығар, көпе-көрінеу елемегенсіп жүре береді. Сейткен «баспаналары» жылы болса жән-ау. Оқу корпустарына от жағылмайды. Лекцияны студенттер тон, күпілерін шешшеп қожырайып отырып тыңдайды. (Әкесінің ақылына құлақ асып, қырда киетін күпі, тері кәзекей, тон, саптама, тымағын ала келгеніне Қаныш бүндай қуанбас.) Дәүіттегі сия жарым сағатта қатып қалады. Сол себепті әр студент бір уыс ұштаулы қарындаш дайындал әкеліп, лекцияны сонымен-ақ сүйкектетіп отырады. Шумилов сияқты профессорлардың лекцияларын жазып үлгеруге де бірталай еп қажет: он қолы тақтаға ұшы-қырыссыз тендеу, формулаларды үрдіс жазып жатқанда, сол қолындағы шүберек үстіңгі жолдағы жазуларды сұртумен болады. Үлгерmedім деп айтЫП көр — мақау атанасын, болмаса аудиториядан тайып тұруынды талап етеді... Бірақ қырысқ мінезіне қыруар білімін тен, шынайы ғұлама адам!

Шәкірттердің мезгілінде тамақ тауып ішүі де оңай емес-ті. Төрт жұз грамм қара наң алу үшін институт ләпкесінің алдында әлдененеше сағат бүрсөң қағып кезекте тұру керек. 1921жылы студенттер асхана-сы істемейтін. «Қыңышылтықтар қаншама көп, күрделі болғанмен бізді жеңе алмады. Белбеуімізді қаттырақ буынып алып шыдап бақтық,— деп есіне алады сол жылдарда Томда оқыған Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор И. И. Бок.— Ашпаз деп ешкім де окууды тастап кеткен жоқ. Өйткені жұтқын тілеуінен гері білімге құштарлығымыз артығырақ еді» (Қолжазба, К. И. Сәтбаев фонды).

Қаныш та сондай жарапа құрсақ, бірақ сергек көңілді жастардың бірі. Басқа студенттерге қарағанда оның жағдайы тіпті жаманды емес. Алғашқыда ат басын тіреп түскенімен, сыпайылық ойлап өзіне пәтер іздей бастағанда, Усовтың үй-іші, әсіресе Екатерина Филимоновна үзілді-кесілді қарсы болып:

— Қаныш, бұның жарамайды. Сыйға — сый, сырға бал деген. Пәтер іздең әуре болма, бәрібір жібермейміз, бір бөлмеміз оқу бітіргенше сенікі, — деген.

Азамат соғысының ауыртпалығы мейлінше күйзелткен ескі қалада пұлыңа тамақ тауып алу оңай емес. Оның үстінен оқытушылардың ай сайын санап алып отырған жалақысы уақытша тоқтап тұрған шак, көвшілігі жергілікті өкімет орындары тағайындаған шағын демеу фондымен күнелттін. Ал Михаил Антоновичтің профессорлық жарнасына өз үй-ішімен қоса қартайған аласы мен тетелес қарындасты да қарап отыр. Соған енді Қаныштың қосылуы тіпті қисынға келмейтін салық. Бір тәуірі үйі кен, институт ауласында тұрған профессорлар корпусында, соның бір бөлмесін еншісіне дербес беріп қойды... Амал не, әрі ойлап, бері ойлап, барап жері де болмаған сон, еріксіз келісті. Тек бір-ақ жылға, қала жағдайы тузелгенше, студент тұрмысына өзі үйренгенше деген шартпен.

Кен факультеті 1901жылы ашылған-ды. Тұңғыш деканы және үйымдастырушысы Владимир Афанасьевич Обручев. Бұл кез оның Сібір

өлкесін түбегейлі зерттеуімен, Орта Азияға жасаған ғылыми саяхаттарымен есімі дүние жүзіне мәшһүр болған жұлдызы биік шағы. Кен департаментінде кеп жылдар іздеушілік жұмыс атқарған геолог жаңа факультеттің оқу бағдарламасын сол күндегі бірде-бір политехникалық институттың дәстүр, тәжірибесіне үқсамаған үлгіде жаңаша жобалайды: теориялық курстарды мейлінше азайтады; оның есесіне практикалық сабактарды көбейтеді және олар кеңіштердің өзінде өтуге тиіс; кейбір пәндердің оқылатын мерзімі де ауысады, мәселен, Санкт-Петербург Тау-кен институтында төртінші курста оқылатын «Жалпы геологияны» Обручев бірінші семестрде-ақ жүргізеді... Сол заманын білгір мамандары Янышевский, Лаврский, Тове сияқты атақты инженерлердің кен департаментіндегі келелі қызметтерін тастап, Сібірде еңбек өтуге, ұстаздық жұмысқа ауысуы да факультет деканының ынтасымен, арнайы шақырыммен болған іс-ті.

Обручев факультетпен қоса өз иелігіне дербес тиғен геология кафедрасының жұмысына да өзгеріс енгізеді: геологияны жалпылама діттеуді тоқтатып, «Жалпы және далалық геология», «Петрография», «Қазба байлықтар» деген сияқты бірнеше курсқа беліп, оның әрқайсысын кең көлемде, жеке-жеке оқытады; петрография, геология кабинеттерін ашады; тек қана геология ілімі бойынша жазылған ғылыми әдебиеттерден кафедралық кітапхана жинаиды; Қаныш келген кезде онда үш мыңдан астам кәсіби кітап қоры болған...

Осыншама үйімдастыру шаралары нәтижелі болды. Аз жылда-ақ Сібірдің қыыр түкпірінде аса күшті, ғылыми дайындығы мол да өзгеше үя — Сібір геологтарының мектебі дүниеге келеді. Күткендей-ақ бұл мектептің түлектері Сібірдің небір қыыр шет, шалғай түкпірлерінен қисапсыз кеп қазба байлық көздерін табады, геология ілімін де аса ірі жаңалықтармен байтады...

Алайда ез ойын әрдайым ашық білдіріп, соны қайткенде орындауға дағыланған қайсар профессордың еркін ұстанған саясатының үнемі жүзеге асып, тығымсыз қала беруі сол күннің қатаң цензура жағдайында қысынсыз әрекет болмақ. 1911 жылы студенттер ереуілінің аса бір өршіген қарсаңында түрмеге түсken шәкіртерін қорғап, жергілікті жандармерияға ашық наразылық білдірген «келенсіз» қылышы үшін В. А. Обручевті реакционер оқу министрі Л. А. Кассо ұстаздық жұмыстан біржола аластауға бүйрүқ берді.

Бір жылдан соң оның орнына сол қарсанда ғылым магистрі атағын алған ғалым-геолог М. А. Усов тағайындалады.

\* \* \*

— Геология — тарихи ілім. Ол жер қыртысын, оның тәменгі қабаттарын, тұжырымдап айтқанда, жер қыртысының құрылышы мен заттық құрамын, қозғалысын, даму тарихын, қазба байлықтардың жарапу, орналасу заңдылықтарын, олардың қуат-көлемін зерттейтін жаратылыс тану ғылымдарының жиынтығы... Жерді планета деп қарап астрономдар да бақылайды. Физикалық дene ретінде оны физиктер де зерттейді. Ал геологияның міндеті — бұлардан гөрі өзгеше,— деп бастар еді профессор Усов алғашқы лекциясын.

Аудитория мұздай сүық. Кеудесіне қозы терісінен тігілген жылы кәзекей, оның сыртынан қалың күпі киіп, сенсең жағасын тік көтеріп отыrsa да, Қаныштың бойы бір жылымайды. Сейтсе де тақта алдында тұрған профессордың аузына аңыра қарап, бір сезін зяя жібермеуге тырысып, бүрісегенде отыр. Бір сәт естігенін дәптеріне тез-тез жаза бастайды... Біраздан соң жаураған қолы икемге келмей қалады, студент жігіт бірак қайыспайды. Екі қолын бір-біріне тез-тез ысқылап, кейде женіне тығып жылытып алады да, қайтадан жаза бастайды.

— Жоғарыда біз геологияны жер туралы жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы дедік. Енді оның қандай-қандай тарамдардан тұратынына келелік. Бірінші, «Далалық геология»...

Тақтадағы түрлі түсті карта, схемаларға қарап отырып Қаныш алушан-алуан ойға беріледі. Туған жерінің кескін-келбетін тәсіндегі нұы мен сұына, шептүгіне орай айырып, таулы-тасты, жазық не ойпат деп қана танитын бұрынғы қарабайыр ұғымға қазір қылау тускен, оған енді езгеше көзбен, өзгеше түйсікпен қарайды: аскар тау, шексіз жазық, толқыған көлдер өз-өзінен жаралмапты; шел де, көл де табиғаттың жайғана құбылысы емес, неше ықылым замандар жұмысы екен; жеті қаттеренде қашама жұмбақ сырлар жатса, көз алдындағы ойлы-қырлы жер бедерінде де соншама құпиялар бар; қарауыл тебешік пен қыран ұя салған биік шың арасы қашама алшақ тұрса, қатар жатқан екі түсті тастың бір-бірінен айырмасы одан да қашық сияқты...

Қ. И. Сәтбаев пен И. И. Бок «М. А. Усовтың қызметі және геологиядағы теориялық озық еңбектері» мақаласында\*: «М. А. Усов керемет шешен адам еді, қандай аудиторияны болсын іп-лезде өзіне баурап алатын. Оның лекциялары, әдетте, екі, іә төрт сағатқа созылатын, арасында азғантайғана үзілістер болады. Оның сезін жазып алу қыын емес-ті, алтындау, тұрасынайту қажет, ұмытылmas ләzzat! Оның аузынан шыққан әрбір сөз шәкірттерін таң-тамаша сезімге бөлдейтін: таңғажайып тілмарлығы; қандайда бір күрделі жаратылыс құбылыстарын қарапайым да ұғынықты тілмен қызықты етіп түсіндіру; сезіндегі логикалық тұластық; ғылыми тұжырымдары мен болжамдарының мығым қаланып, жинақы бейнелеуі; ең аяғы лектордың өзгеше ізеттілігі мен терең мәдениеті де тыңдаушыларын елітіп, айтып тұрған әңгімесіне еріксіз сендірер еді. Оның дәрістерінде ешқандай лирикалық шегіністер, жалған сөйлеу, айтып тұрған мәселелерінен бөгде жайтарға ауытқулар болмайтын... М. А. Усовтың уақытқа деген «сезігі» де бізді әрдайым таң қалдырушы еді. Сөзінің уақыт мелшеріне дәлмемдәл жүйеленгендігі соншалық, әрбір тарау яки бөлімді бітірген кезінде үзіліске шақырған қоңырау үні естілетін. Бірде-бір сезіді артық айтпау, бірде-бір минутты зяя жібермеу — лекторлық мәнер ерекшелігі. Оның әрбір күні, тіпті бүкіл өмірі қатаң кестеге бағынып, уақытты тиімді пайдалануға есептелген...»— дейді сүйікті үстазы туралы.

Технология институтының студенттері қызыға тыңдайтын тілмәр лектор Усов қана емес-ті. Металлургияны сол кездің өзінде есімі Одаққа әйгілі білімпаз В. Я. Мостович оқыса, физика кафедрасын дарынды жас ғалым В. К. Кузнецов басқаратын (кейіннен ол академік)

\* К. И. Сәтбаев. Таңдаулы еңбектері. В том, А., «Ғылым», 1970, 183-б.

мик, Социалистік Еңбек Ері атандып, физика ілімін дамытуда зор жаңалықтар ашады). Ал университеттің физиология кафедрасына атақты А. А. Кулябко жетекшілік ететін. Ол болса, өлген адамның жүргегін клинике тұнғыш рет қайтадан соқтырған ірі дәрігер-ді. Ботаниканы мұнда Оңтүстік Алтайға жасаған саяхаттарымен атағы шыққан белгілі профессор В. В. Сапожников оқиды. «Ол кезде лекция тыңдау бүгінгідей міндепті емес, студенттердің еркіндегі шаруа,— деп еске алады Томдағы жастық шағын Таисия Кошкина (Сәтбаева).— Біз университетке, олардың студенттері технология институтына келіп, атақты профессорлардың дәрісін тыңдаймыз... Сайып келгенде, мұндай алмасулар студенттің жан дүниесін рухани байытып, жан-жақты білім беретін. Ал Қаныш сияқты әрнеге ынтызар жас үшін бұлғажап мүмкіндік емес пе!..»

«Қаныш Сәтбаев ете қарапайым, момын шәкірт еді, алайда оның білімге ынталасы бірден байқалды,— деп куәлік етеді геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор В. А. Хахлов «Академик Қ. И. Сәтбаев» жинағында жарияланған естелігінде.— ...Арнаулы әдебиеттердің оқуға әбден құнығып алды, мұнымен ол көбіне кешкі уақыттарда шұғылданатын. Бірде мен оған кафедрадағы кітапхананы қарап шығуға кеңес бердім. Одан соң Вальтердің «Шөлдаланың түзілу заңдары» деген кітабын окууды тапсырдым. Кітапты қайтарған кезде ол маған кептеген сұрақтар қойды. Тегі, ұнаған-ау деймін. Өйткені Қазақстанның өзіне таныс бөлігінде жер бедерлерінің қалайша пайда болғанын енді ғана түсінген сияқтымын дегені есімде қалыпты...»

Осылайша шәкірт шақтың естен кетпес қызық та қын күндері зулап өтіп жатыр. Алғашқы емтихан сессиясы да аяқталды. Қаныш одан қысылған жоқ, бірақ кун-тұн отырып, көз талғанша, дene қалжырағанша шұғылдануға тұра келді. Енді аздап тынығуға да болады. Бой сергітіп, көніл көтеру қажет. Ана бір жылдары бұл қалада бірталай қазақ жастары оқыпты. Қазір ондай жиын емес, бірен-саран ғана. Солардың басын қосып, қолы бос кештерді, жексенбі күндері өзара сауық жасап, демалыс үйімдастырса несі бар?.. Елден алыста жүргендеге бұл да туған жердің тұнық ауасындей, дәмді асындаі пайдалы сергу болмақ...

Бірақ көнілін күпті етіп, жүргегін діттей беретін жайт — кеудедегі дерті. Бетіндегі қызыл шырай күзде-ақ жоғалған. Қазір жағы сыйдышып, ұрт еті сылынып қалғандай күрт түсіп кетті. Жүзі де қуарып сүйектенген шөптей өң-сөлсіз реңге көшкен. Суық аудиторияның зардабы, тамақ та қырдағыдай емес, әлде кітапханада көп отырғанның әсері ме? Ал қыс ортасы ауғалы мазасыз жетел қосылып, қорғаншақ көнілін онан сайын тұқыртып барады.

Ақыры қыс аяғында тесек тартып біржола жатып қалды. М. А. Усовтың өтінішімен науқасты университеттің профессоры, терапевт М. Г. Курлов шәкірттен сырқатының жай-жапсарын жасырған жоқ.

— Дертіңе шипа болар бірден-бірамал — тыныштық, таза ауа, күшті тамак, дәру қымыз... Мұнда өткізген әрбір күннің үлкен қатер екенін ескертемін, жас жігіт.

Бұлардың бірі де Томда жоқ, ауылда. Ауыл болса шалғайда. Қайтуға көнілі жоқ. Қайтпасқа бірақ шарасы да шамалы. Мұндай білім ор-

дасы, енегелі орта, зиялы қауым, Усовтай ғұлама үстаз, ғазиз жан өзіне енді кезіге ме? Әлде дерті женіп, сырылдаған өкпесі мұлдем сөне ме?.. Жо-жоқ! Қайтып оралғың келсе, мұрат еткен білім қайнарынан мейірің қанғанша сусындау үшін де тезірек кету қажет!

Сол күнде бірақ ауылға жету де оңай емес-ті: жалғыз-ақ сенімді қатынас — темір жол. Алайда онда бүгінгідей кесулі күн, мерзімді сағат болмайтын. Тіпті Семей мен Том арасында ешқандай жолаушылар поезы жүрмейді. Ділгір жолаушылар кәдімгі жүк вагондарына отырып, бір станциядан бір станцияға ілесіп кете беретін. Жолшыбай екі жерде поезд ауыстыру керек — бірі Тайга, екіншісі Новониколаевка (қазіргі Новосібір) станцияларында.

Қаныштың курсаста жолдасы Омар Толыбаев бір жетідегі шарқ үрүп жүгіріп жүріп Семейге тұра баратын вагон табады: жүк тиелген кәдімгі пульман; соның бір бұрышынан науқасқа орын тиді; тіпті ойлағаннан артық шықты деуге болады: ортаға «буржуя» пеш орнатылды, бір жетіге жетерлік отын да тиелді... Бірақ нақ жүрер сәтте Михаил Антонович шатақ шығарсын: «Науқасты жалғыз жіберуге болмайды, қасына студенттердің бірі ерсін, жол шығынын мен көтеремін!..» Сүйікті профессордың, факультет деканының сезін жерге тастауға бола ма? Қаныштың жаңа достарының бәрі де бірге жүргө тілек бірдіріп, аяқ астынан талас туып қалды. Ақыры ешкімнің көңілін қалдырмау үшін жеребе тастауға тұра келді. Ол Володя Домбровскийге түсті.

(Т. А. Сәтбаеваның естелігінде ол өрінің Семейде бірге оқыған ескі жолдасы деп аталған.)

Сонымен, наурыз айының бас кезінде екі студент Томмен қоштасып, сапарға шығады. Бір аптадай жол жүріп, көп бейнет шегіп, жүдеп-жадап, ақыр аяғында Семейге жетеді.

## 2

Жазғытурымғы көксоқтаға үрінбай ауылына жетіп алғаны жақсы болды, келе-ақ сыралғы дертпен баяғыша күрес басталды: ерте құлындаған бірлі-жарым биенің сүті де, дәмді ас та науқастың аузында; көшу мен қоныс қамы, мал баққан ауылдың күн-түнгі тірлігі де Қаныштың жолына байланған... Ақыры, екі-үш айдан соң сырқат бері қарады, бетіне қызыл жүгіріп жүзі нұрлана бастады.

Қорғаншақ болып қалған ба, әлде тезірек сауығуды мұрат көрді ме — бұл жолы ол ауылынан үзап шықпай, бүрнағы жылдардай әлеумет жұмысына да араласпай, өз отауында жан күйттеп тыныш жатады. Тек жай жатқан жоқ-ты, Томнан ала келген ғылыми кітаптарды шетінен оқумен болды. Құштар көңілі бірақ соған тояттамайды, алыста қалған жаңа достарын, күн сайын табиғат құпиясын ашқан білім ордасын аңсайды. Небәрі алты-ақ-ай жанаасыпты, мардымсыз мерзім. Соның өзінде көрген-білгені қаншама!.. Шалғайда отырып ойлап қара-са біраз ілімнің басын шалған, ең бастысы, геология негіздерінің әліппесін танып, өз бетінше оқуға жаарарлық тағылым алған. Міне, соның да септігі тиді.

«Бір күні Қанкең мені станицаға жұмсады. Екі-үш салт атпен, әмбебарбамызды сайлап алып аттанып кеттік,— деп куәлік етеді ғалымның туысы Тәрмізі Әбсөламұлы Имантаев.— Бірақ ертерек келіппіз, Баянауылда бір аптадай күтіп қалдық. Қайтып кетуге ерік жоқ. Өйткені Қанкең «Усовсыз қайтпа!» деп шегелеп жіберген. Соңан бір күні күткен қонақтарымыз да келді-ау: Михаил Антонович әйелімен және екі прәпессор орыс үй-ішімен, жиыны алты адам, Семейден бастап келген өзіміздің Көрім ағай...»

«Усов деген кісі, арықтың нағыз тарамыс қатпасы, ұзын бойлының да шаршауды білмейтін біржосын тынымсызы еді,— деп әңгімелейді Нұрлан Қасенов сол күндерді есіне алып.— Екінші қайтара келгенінде денсаулығы күйлі болып, бір күн тыныш жатқан жоқ. Қасындағы екеу де дүние окуын тауысқан дей кісілер, аты-жөндерін үмьттыйм. Әйелдері үйде жатады, олардың күні бойғы ермегі — үйқы мен кітап, онан кейін өзен жағалап гүл тери. Ал қүйеулерінде дамыл болмайды: тау-тас кезеді; күрек, қайлаларын кетеріп жүріп, жер қазатын қолғабысшылары — біздің ауылдың жігіттері. Қанкежанды да қастарынан бір елі тастамайды... Әй, сол жазда біз шықпаған, тебесін шұқымаған бұл әнірде тау қалды ма екен? Нияздың бійк шоқылары, Әулиетас, сонау Қалмақ-қырған, Үкілі, Жыланды... Осылардың бәрінің басында Усов қалдырған белгі қазықтар бар...»

Ақыры, қадірлі қонақтардың демалыс уақыты бітіп, үйлеріне қайтатын мезгілі болды. Қаныштың көnlі жылы жаққа ұшуға өзірленген құстардай қобалжысын: ыстық жар құшағы; тілі шығып былдырлап жүрген тұнғыш перзенті сүйкімді Ханиса; өзінің тыныштығын бағып, қас-қабағына қарап құлдық үрүп отырған туған ауылы, қимас үлкендер, ағайын жұрт; бәрінен де жатса-тұрса үhілеп, бір жалғыздан кенжесінің саулығын сұрап қамығып жүрген қарт әкесінен тағы да оқуға аттануға рұқсат сұрау...

Қайтуға жиналған мезгіл еді, ұстаздары бір күні Қанышты ортаға алып:

— Бір жылға кеңшілік береміз, студент шырак. Ауылында болып денсаулығынды күтесін,— деп ешқандай дау-таласқа, қарсылыққа ерік бермей, сот үкіміндегі тұжырымды шешімдерін бірақ естіртті.— Имантай Сәтбаевичқа біз үеде беріп қойдық, қарт һәм қадірменді кісіге етірікші бола алмаймыз...— Айтуларынша, Қаныштың курстас достарынан екшеліп қалып қоймау жайын институтта өздері келіседі. Жетіспейтін оқулықтар мен қажетті методикалық нұсқау-кеңестерді де жіберіп тұрмак. Сөйтіп ауылда жатып-ақ екінші курстың бағдарламасын толық менгеруге болады. Демек, келесі жылға дейін жайлы күтімде қала тұру керек.— Адамға ең бастысы денсаулық! Әкең байғұс дүрыс айтады: оны тыңғылықты түземей, сенің ешкімге де пайдан тимейді: қоғамға да, өзіңе де...

Әңгіме осымен бітіп, Усов серіктерімен Томға қайтты. Құстар жылы жаққа... Ал қанаты қайырылған қырандай еріксіз ділгір болған дімкәс шәкірт шарасыз тағдырына тағы да бойсұнып ауылында қалды. Қолынан бірақ кітап түспейді, үйықтаса да соның бір-екеуі жастығының астында жатады. Бұрынғыдай серуенге елігіп саят құруға, көnlі көтеріп ауыл қыдыруға да ынталы емес. Көшпелі ауылдың мезі

тірлігіне, малкүтіп, шаруа жайлауға икемі бұрын да шамалы болатын. Ал қазір?..

Сол күндерде ол өзінің ғана емес, бүкіл ауылның, ел-жүртілік тірлігіне де бір уақ кез жүгіртіп, сан алуан қиялға берілетін. Ұлы тәңкерең жаппай тенденция еткенімен, қазақ сияқты замана кешінде кенжелеп қалған халықтар тұрмысына қандай езгерістер өкелді? Аңдал қараса бай, шонжардың меселі темендер, кедей-кепшікке есе тиді: бірақ тенсіздік жойылған жок, күш-құрал, байлық әлі де ат төбеліндегі аздың қолында: қазақ ауылның ежелгі тірлігі де бәз-баяғы қалпында: жаз жайлауға көшеді, қысты әр жерге тарыдай шашылған ескі-күсқы қыстауда өткізеді; қыр елінің бүкіл тіршілігі тек осыған бағынған — алдындағы азын-аулақ майдың күтімінде, ертеңгі көш пен қоныстың қамы, даланың шөп шығымы, өріс жайы... Не деген бітпейтін тірлік, сорлы өмір?... «Қалың елім, қазағым, қайран жүртім. Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деп Абай айтпақшы, қашанға дейін тірлік, мұратты мал қамына байланып күн кешеміз? Қашанға дейін қазақ халқы көшпелі тіршілікпен күнелтеді? Отрықшы болған елдер, әне, қандай қыырға шығып кетті, өздері қайда қалды? Жок, бір қонысқа тұрактамай біздің елге өнер де, есу де жок. Бұл жайды, обалы не, газеттер жазып-ақ жатыр. Окыған азаматтар өздерінше оған үн қосып, тіпті үлгі көрсетіп, өз ауылдарын отрықшы тұрмысқа жедел кешіріп жатқандары да бар деседі. Абай балалары қалаға жақын жерден қыстау алған. Мұхтар Әуезов бір топ үйді Шығыстың сыртына, Бақанас бойындағы шурайлы жерге көшіріп апарған. Қалашық салып, өзеннен арық жырғызыпты, естуінше, елін егіншілікке үйретпек... Қаныш ауыл үлкендеріне ой салып мазасыз кешуден тыйылуды, шаруаға қолайлы сулы, нұлы бір жерде тұрактауға кеңес береді. Имекен де, Бекеш те бұған қарсы болмайды. Ақыры Сәтбайдың екі ауылы әлденеше атасынан бөрі жүрт еткен Айырықты тастап, өздерінің төр жайлауы — жері құйқалы, сұы мол, егін салуға қолайлы Шабақай өзенінің жағасына келіп қоныстанады.

### 3

Шынтуайтын айтқанда, сол бір өлара уақыт — бәлкім, тағдыр шіркін кездейсоқ сыйлаған кеңшілік мезгіл, сайын даланың ғасырлар бойы күйттеген тіршілік-тынысын, ежелгі үйреншікті қалпын тас-талқан етер жойқын езгерістің алдындағы мамыражай шақ еді.

Бұл жайында күллі қазақ қауымы кестелі өлеңнің өрен жүйрігі деп таныған Мағжан Жұмабаевтың:

Зор куаныш қара тұн еткенине,  
Алтын таңды ашық күн жеткенине.  
Қан арасын тәгілген көп көз жасты  
Тәнір қабыл, мейірім еткенине.  
Ерік құсы қайта ұшып көлгенине,  
Душар болмай дүшпаппның мергеніне.  
Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды,  
Мың шүкірлік тәнірінің бергеніне... —

дегені де («М. Д.\* абақтыдан шыққанда») сол бір айшықты шақтың әсері болатын...

Сірә, көшбасшы ағаларының оқу-ағарту саласындағы иғі істерін өзіне өнеге тұтқандықтан болар, денсаулығын күйттеп бір жарым жыл бойы ауылында жатқанда Қаныш та институт бағдарламасын әзірлеумен бірге ертеректе бастаған «Алгебра» оқулығын қазақша тәржімалаумен қауырт шұғылданған. Біздіңше, бұл іспен ол сырқаты бері қарап, бойы ауыр дерттен арыла бастаған 1923 жылы ерекше ден қойып беріле істеген. Әсіресе, институттағы ұстаздары Томға қайтқаннан кейінгі күзде. Соның аяқ шенінде және 1924 жылдың басында олауылына ұрымтал Ақмола арқылы Орынборға да барып қайтқан сияқты...

Бұл туралы Гүлнар Міржақыпқызы бізben 1997 жылдың жазында ез үйінде болған сұхбатта жарым ғасырдан астам уақыт жүрегінде сақтаған сырды ағытЫп: «Қаныш ағайды тұнғыш көруім Орынборда, Неплюев көшесіндегі өзіміз тұратын 42-үйде, сірә, әке-шешемді Семейде жүрген кезінен білетін болса керек, бірден-ақ жолжұгімен бізге келген-ді. Мен сол жылы үлгі-тәжірибе үшін ашылған тоғыз жылдық орта мектептің бірінші басқышында оқытынын,— деп ағыл-тегіл әнгіме шерткен еді.— Үйімізге жүргінші меймандар көп келетін, бәрі де папамның сыйлайтын адамдары. Ал Қаныш ағайды есімде сақтағаным — әкемнің оған ерекше ықылас жасап, «Менің Қанышым!» деп езіне меншіктеп даралап атаяу. Бір үйдің еркетотайы бол жүрген жеті жасар қағылез қызы балаға бұл әсерлі сөз. Қаныш ағай о күнде сырықтай ұзын, ашаң өнді, нұрлы көзі бадырайған үлкен еді. Есімде сақталған бейнесі сол-ақ, ал не жұмыспен келгенін білмеймін, оны ұғуға санамның жетпегені түсінікті шығар...»

Гүлнар апайдың бұл күләлігі архивте сақталған кейбір ресми құжаттармен де толық бекиді. ҚазАКСР Халық Ағарту Комиссариатының Академиялық Орталығының тәрағасы М. Жолдыбаев 1923 жылдың 11 қазан күні комиссариатқа жолдаған хатында: «Том технология институтының студенті жолдас Сәтбаев Академиялық орталыққа екінші басқыш мектептерге арналған алгебра оқулығының қолжазбасын тапсырды. Академиялық орталық қолжазбаны өзінің маман ғылыми қызметкерлеріне танысуға беріп, Қазақстан ғылыми-әдебиет кеңесімен біріккен отырысында барынша қанағаттанарлық және ғылыми, әрі әдістемелік жөнінен де үстамды деп тапты. Қолжазбаның барлық терминдері тексеріліп мақұлданды. Жолдас Сәтбаев қолжазбаны тез арада таза қағазға қайта кешіріп, кейбір сөз қателерін жөндеуі керек» (КР-ның Орталық мемлекеттік архивінің 81-ф., 1-тіркеме, 620-іс, 242-б.) депті. Демек, Қаныш Орынборға қазан айының бас кезінде келген.

Қазақстанның сол күндеңі астанасында тұратын Міржақып Дулатов та қазақ мектептері үшін «Оқу құралын» және «Есеп құралын» (математика) өндеп, қайта бастыру қамында болатын әрі ол Академиялық орталықтың ресми хатында айтылған «ғылыми маман қызметкерлердің» бірі еді. Ғылыми-әдеби ортаға енуге талап қылған

\*Міржақып Дулатов.

шәкірттің бірден өзі үшін «ардакты аға» болған Жақаның пәтеріне тоқтауы да сондықтан — тындырған ісіне нақтылы қолдау күткендіктен. Әрине, жас күнінен игі талабы, дарын-қабілеті өзіне жете таныс, сол себептен де өзгелерден даралап «Мениң Қанышым!» дейтін парасат иесі оған қажетті қолдау көрсеткені анық.

Академиялық орталықтың ескертулерінө байланысты жасаған түзетуі жайында Қаныш Сәтбаев сол жылдың 4 желтоқсан күнгі хатында (аталған істің 241-б.) былай депті: «Мениң есебімше, 1924 жылдың бірінші қаңтарына дейін қолжазбаның 15—16 баспа табағы басып шығаруға түгелдей дайын болады... Тек почтаның ұқыпсыздығынан жоғалып кете меген қауіппен, оларды әзірше өзімде қалдыруға мәжбур болып отырым...»

«Алгебраның» қолжазбасын ол 1924 жылдың 6 шілде күні біржола аяқтаған, сірә, бұл сырқат шәкірттің Том технология институтына қайтып оралып, бірінші және екінші курстардың өзі қарыздар емтихандарын сәтті тапсырып, ауылына жазғы демалысқа қайтып оралған кезі. Нәк сол күні шәкірт жігіт алты жылдай уақытқа созылған еңбегін тәмамдап, өз қолымен тазалап көшіріп, арнайы сезбасы жазған, ал қолжазбаның көлемі, араб әрпімен таңбаланған нұсқасы — бірнеше жұз бет.

«Оқушылардың алдына тартылып отырған кітап 1919 жылдан байлай басталып, онан бері әр түрлі толастар арқылы созылып келіп, 1924 жылдың ішінде аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отырыуда ауыр жұмыс болды. Қай пән болсын, әсіресе есеп пәндерінде әрбір ұғымның жобасы мен аттын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру — аса керекті және ауыр нәрсе. Мұның үстіне қазіргі Қазақстан баспасөзінің қолданып отырған «пән тілін көпшілік тілінен алыс-татпасқа» деген ережесін еске алсақ, пән ұғымдарына дәл үйлесетін және көпшілік тілінің ішінен орын алатын керекті пән сөздерін табудың қыншылығы артық қабат ұсталмақшы. Кітап ішіне кірген пән сөздерінің (сірә, терминдерінің — M. C.) бәрі де Орынбордағы Білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп шығып отыр. Сүйтсе де мұндағы алынған терминдердің бәрі те тиісті ұғымдарға дәл үйлес келеді деп кесіп айтуға әрине болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іші мен тысы «шу дегеннен мұлтікісіз», мінсіз және пішінді болып отырмайтындығы мәлім... Қазақ елінің ана тіліндегі мектептерге көлсек — ...оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар, — дейді жоғарыда аталған «Сезбасында». — Оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы... Жоғарыдағы кемшіліктердің бәрін бір күнде, не бір жылда оңай жоғалып жіберуге болмайды. Бұл үшін әлі де болса кемінен он не жиырма жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек болмақшы».

Шынында да, математика пәні ол кездегі санаулы қазақ мектептерінде жүрдім-бардым ететін. Әр мұғалім өз түйсігінше, көбіне орысша оқулықты өзінше аударып, долбарлап түсіндіретін. Есеп терминдері мүлдем қалыптаспаған, әркім оны өзінше қисындастыратын. Нәк осы жайт, ауылдық жерлерде тұңғыш ұйымдастық қазақ

мектептерінің басындағы қыын хал, бәлкім, соңдай мектептерді ашуға әзірлік шаралары, бәрінен де төл оқулықсыз бүл шаруаның тағдыры шешілмейтіндігін түсінүү, біздіңше, «Алғашқы қазақша алгебраның» жазылуына тұрткі болған.

Фалымның дербес архивінде осы оқулық қолжазбасының екі түрлі нұсқасы (екіншісі латын әрпімен жасалған көшірмесі, ұзынша тілік, түрлі түсті қалың қағазға жазылған, көлемі — 1642 парак) сақтаулы. Біздің пайымдауымызша, екеуі де К. И. Сәтбаевтың жиырма бес жасында қолынан шыққан тұнғыш оқулық, өзі «Сөзбасында» айтқандай, «шәкірт тұрмысының түрлі қыншылықтарымен дамылсыз алысып жүргендегі күрес үстінде...» дүниеге келген және жөндем үлгіде жасалған ғылыми еңбек. Біріншіден, бүл ерекшелік — оқулықтың «Алгебра» аталуынан (ал сол жылдарда жарық көрген кейбір пән кітаптары, айтальық, Геометрия — «Пішінде», Оқу әдістемесі — «Баяншы», Хрестоматия — «Қираат кітабы», Психология — «Жан жүйесі»... делініп ұғымға түрпайлау атауларға ие болған) аңғарылады, ал Қаныш Имантайұлы өз еңбегін «Халықаралық есеп тіліне» үйлестіріп қойған (тегінде, ол арабтың «әл-жебр» сезімен әйгілі Шығыс ғалымы Әл-Хорезмидің есеп туралы трактатының бір белімін атауымен қолдануға енген-ді)... Екіншіден, осы оқулықтағы есептердің бәрі латын әріптерімен ернек-телген. Бүл жайында қолжазба иесі: «Есеп әлпеттерінің меншікті тілі Европа елдерінде латын (Рим) әріптері болып келді, — депті «Сөзбасында», —...қазак тіліндегі есеп кітаптарында да әлпеттер мен ернектер жүйесі бар халыққа ортақ түрде болатын латын әрпімен белгіленуі керек екендігі ұсталып отыр...» Алайда қолжазбаның нұсқасында есептер араб әрпімен тақбаланған...» ...бұған жауапты — Қазақстанның Білім кеңесінің кепшілігі,— депті Қаныш Имантайұлы, ез ойын ол былайша түйіндеген.— Әлі де болса есеп белгілерінің мәселесі білім Кеңесінде қайта зерттеліп, кейінгі басылатын есеп кітаптарындағы әлпеттеу пішіні мәдениетті елдердің әлпет белгілерімен ортақтасар деген сенім бар.» Бүл тұжырымды ол латынша жазуға көшкен кезімізде емес, 1924 жылдың шілде айында айтқаның ұмытпалық!.. Демек, Қ. И. Сәтбаев шәкірт кезінде-ақ сол күндеңі әлпет белгілерімен ортақтасар деген сенім бар...»

Үшінші ерекшелік, оқулықтың жүйелену тәртібінен өрбиді. Қолжазба екі белімнен тұрады. Оның алғашқысы қарапайым түсініктермен басталып, түбір табу амалымен аяқталған, тендеулер жүйесі де осында талданады. Екінші белім жоғары дәрежелі тендеулерді талдап, логарифмдеу амалымен біtedі. Әрбір ереже, әдістеу жолдарын түсіндіруге мысал және ернектелген есептер ұсынылған. Сөзбасында: «Кей жерлерде есептер орыс негіздерінен алынды, бірақ олардың сұрау жөндөрі мен есеп шарттарын қолдан келгенше қазақ тұрмысы на жанастыруға қам істедік. Бүл жол арқылы есеп жүйелері түсінікті түрге келіп, қазақ шәкірттерінің ұғынуына, пайдалануына, білуіне қолайлырақ болар деген сенім бар...»— деп ескерткен оқулық иесі орыс тілінде, айтальық, шошқа, торай... деген атауларды сыпыра езгертип, тауық, балапанға, иә қой мен қозыға ауыстырып отырған.

Алғашқы «Алгебра оқулығының» төртінші ерекшелігі, біздіңше, бұған дейін әркім езінше долбарлап аударып жүрген есеп терминдерінің, түрлі атау мен ұғымдардың — айталық, түбір, бөлшек, көбейтінді, алым, аудан, келем... сынды сөздер бір жүйеге түсіп, енді бір жаңа сөздердің ұтымды қазақшалануы. Мысалы, «сложные проценты — есле өсімдер», «срочные взносы — кесімді салымдар», «срочные уплаты — кесімді өтеулер»... Еңбегінің акырығы бетінде оқулықты жазушы осында 220 есеп терминдерінің өзі қолданған қазақша баламасын көлтірген. Соның өзімен-ақ ол ғылыми іске үқыптылығын, жинақылығын һәм жауаптылығын көрсете білген. Әділін айтқанда, Қ. Сәтбаев 1924 жылы ұсынған есеп терминдерінің қазақша баламасы ана тілімізге сіністі болып, күні бүгінгеге дейін қолданылып келеді...

Архив сөрелерінде Академиялық орталықтың Білім кеңесінің «Алғашқы қазақша алгебраның» толық макулдаған қаулысы (620-істің 141-б.) сақталған: «Азамат Сәтбаевтың қолжазбасы екінші басқыш мектепке арналған алгебра оқулығы бол табылады. Ол қарапайым, түсінуге оңай тілмен жазылған. Есептері мен мысалдарының кебі қазақ тұрмысынан алынған. Материалдарының орналасуы екінші басқыш еңбек мектеби программасының талабына толық сай...» Алайда оны жарыққа шығару бізге беймәлім себептермен кешеуілдей берген. Қолжазба тапсырылған жылы-ақ Ташкенттегі Қазмембаспасына жіберілген, ал 1926 жылдың 3 тамызында Халағарком «Сәтбаевтың алгебра оқулығын 3 мың дана етіп басып шығару» туралы бүйріқ та жазған. Бірақ соның кітап бол жарияланғанын көрген, іә естіген жанды кездестірген емеспіз. Оқулық иесінің өзі де ғұмыр жолында әр кезде жазған өмірбаяндарында, анкеталық құжаттарында осындағы еңбек жаздым дегенімен, соның жеке кітап бол басылғандығы хақында ләм-мим демейді.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың дербес архивінде сақталған бұл туынды жайындағы ен соңғы дерек қолжазбаның екінші нұсқасының соңғы бетіндегі ескертпе: «Латынша кешірушіге! Қызыл һәм қара сиямен істелген бұл жазбалардың ішіндегі өзгерістерді (өшіру, түзету сияқтылар) мен қарап, дұрыс деп таныдым (менің өз қолыммен жазылған). Сондықтан оларды сол өзгерген күйінде көшіру керек. Қ. Сәтбайұлы. 6.3.1928...» Демек, «Қазақша тұңғыш алгебра оқулығының» үзак «жыры» арада төрт жыл өткеннен кейін де бітпеген. Әлдеқалай ресми мекемелермен келісім болып, оны басып шығаруға соңғы талап жасалған. Өкініш те сонда, тағы да нәтижесіз аяқталған...

\* \* \*

Қар жөнкіле кешіп, сәүірдің жылымық күндері басталған кезде (1923) Қаныш Шабақай өзенінің жағасындағы жаңа қыстаудан қырыдағы Том шәріне аттанады. Сірә, қазына жолындағы бекеттер мен жәмшіктердің сыры өзіне жақсы мәлім болғандықтан, қасына сенімді серіктер ертіп, қосалқы ат та мініп, төте жолмен Семейге бет түзейді. Жолшыбай кеп кідірмей үрдіс жүріп отырған. Соншама асықкан себебі де түсінікті...

«Біржарым жылға тақау үзілістен соң ол Томға қайтып оралған-ды,— дейді Таисия Алексеевна естелігінде бұл сапар туралы.— ...екі курстың

өзі қарыздар емтихандарын қиналмай, ойдағыдай тапсырады. Туберкулездің өте қатерлі ашық түрін жеңіп шыққан жас жігітті қайтадан қарап таңдайын қаққан профессор М. Г. Курлов бұл жағдайды медицина тарихында сирек кездесетін құбылыс деп бағалайды...»

Қаныш қайта оралған қарсанда қаланың тұрмыс күйі едәуір түзеліп қалған-ды. Жаңа экономикалық саясаттың дәүірлеп тұрган кезі. Ба-зарда іздеген затыңың бәрі бар. Тек қаражатың болсын. Институт пен университет аудиториялары да жылына бастапты: қажет отынды жаз күндері студенттердің өздері дайындаған; қыс бойы кезектесіп от жағатын да солар... Қыздар болса асханада кезекшілік етеді. Соның арқасында шәкірттер асханасында күніне бір мезгіл ыстық тамак берілетін болған. Жарап құрсаққа бұл да кәдімгідей алданыш.

Қаныш бұл жолы Усовтардың дербес бөлмесінен бас тартып, Белинский көшесіндегі 5-үйден пәтер жалдап алады.

Екінші курстың соңында геология бөлімнің студенттері далалық кәсіби тәжірибеле жіберілетін. Қаныш болса бірінші курстың да бағдарламасын тольқы өткен жоқ. Демек, оған екі курс үшін әлдеқандай бір барлау партиясында ұзағырақ жұмыс істеу қажет. Осы жайында ақылдаса келгенде профессор Усов Қанышқа геолог Русаковтың есімін атады.

— Михаил Петрович — сіздің даланы түбегейлі зерттеп жүрген білімпаз геолог. Оның ізденіс тәжірибесі де едәуір. Туған жерінің қырында жұмыс істеуге әзірленіп жүрген езіндей жас талапқа, тегінде, бұл кісіден көп нәрсені үйренуге болады... Сейтіңіз, қымбаттым, Русаковтың партиясына тезірек жетініз. Ол қазір, жаңылмасам, Қарағанды-Ақбұйрат маңында, Нұра әлде Сарысу өзендерінің бірінің жағасынан табасың... Жолшыбай ауылыңа соғып, амандығынды білдіріп кетесің. Байғұс әкенінің үйқысы қашып, екі көзі терт болып қамығып жүрген шығар, кім білсін...

М. П. Русаков естелігінде былай деп сыр шертеді\*: «1923 жылдың шілде айының жайма-шуақ күндерінің бірінде Бесшоқыда отырған біздің партияға боз атты екі жолаушы келіп, геолог Русаковты сұрайды. Оның бірі Қаныш Имантайұлы еді... Баянауылдан бізге дейін кем дегенде төрт жұз шақырым, серігі өкеуі сонша қияннан күн-түн талмай жүріп, жолшыбай талай елден геологтарды сұрап, тау-тасты, жолсыз өңірді кешіп, ақыры қыыр даланың осынау түкпірінде ғылыми зерттеу жүргізіп жатқан барлау партиясын іздеп табу — шынында да таң қаларлық табандылық.

...Геологиялық жұмыстарға арналған өрі әлденеше мыс және басқа кен орындарын барлаумен күндер өтіп жатты. Томда геологиялық ғылымның теориялық жартасын «мұжыған» Қаныш Имантайұлы енді тау жыныстары мен кен өзектерінің жер қойында өзара орналасу жүлгесін, чудь халықтарының (сірә, бұл үғымды қазірде қайыра қарап қажет — M. C.) ескі қазбалары мен ашық жатқан кендер көзін ертелі-кеш зерттейтін болды. Біз отырған жер геологиялық сипаты жөнінен өтемете қызығылқты аудан еді: Улken Қызылтас су торабының негізгі арналары — Шерубай-Нұра, Жамға және Сарысу өзендерінің анғары...

\* Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1949, № 4.

Геологиялық саяхаттар кезінде ол жер, су, тау аттарына ерекше кеңіл бөліп, мән бере қарайтын: мына тау неліктен бұлай аталған, осылай атау жер бедерімен үйлесе ме, немесе бұған қандай тарихи оқиғалар себеп болған?..

Сейтсем қазақ халқы тауды, жотаны іә әлдекандай өзекті қалай болса, солай атай салмай, сол жердің географиялық ерекшелігін дәл және әдемі бейнелеп, өзгеше теңеумен даралап, тіпті есте қалғандай есіммен өрнектеп береді екен. Мұның сырын мен кейін түсіндім.

Ширек ғасыр өтсегде күні кеше болғандай есімде: сол кездің өзінде Қаныш Имантайұлы бір ғана геологияны жалаң қызықтаушы болған жоқ. ...Әлдекандай бір қазақ ауылында қонып отырған кештерде не-месе қыр тесінде, жұлдызды аспан астында түнеген жайлы түндерде ол от жарығының ала келенке сәулесіне жүзін бұрып жантайып жатып, ауыл ақсақалдарымен, жолбасшы қарттарымызбен ұзақ-сонар әңгіме шертуден жалықпайтын еді. Көбіне сұрайтыны — ерте заман әңгімелері, даладан табылған қазбалар іә таңғажайып табиғат құбылыстары туралы аңыздар. Туған елінің фольклорымен әуестеніп, иен далада кезіккен археологиялық ескерткіштерге мән бере қарайтын. Кейде мен киіз үйдің ішінде үйқылы-ояу жатып, оның ауыл жастарын жиып алып, өзіне бейтаныс әндерді айтқызып отырғанын еститінмін... Иә, ол жан-жақты дарынды, табиғат бөлек жаратқан ізденімпаз жас еді. Марқұм М. А. Усов жас Сәтбаевтың табиғат тану іліміне, әсіресе жер туралы, оның даму тарихын, құрылымын білуге құмарлығын бәрімізден бұрын аңғарды. Ал біз, пендешлікте қойсанызышы, осына қазақ жасына, сонау қырыдағы Баянауыл даласынан Том шәріне білім ізделп келген қарапайым жас жігітке оның соншама уақыт беліп, баласындау бауырына тартып, ертелі-кеш жалықпай шұғылданып жүргеніне, жасырып керегі не, таңданатын едік».

Қыркүйекте технология институтының оқу залдары дабырлаған жастарға толады. Бәрі де кеңілді: жазғы демалыстан оралған; өндіріс орындарында мамандықтары бойынша жұмыс істеп, өнер шындаған; қалталары да құр емес, кем дегенде қыстың ортасына дейін алансыз оқуларап жетерлік қаражат тауып қайтқан... Әйтпесен жағдайың мүшкіл: институттың шағын стипендиясы оралымға келмейді; сол себепті шәқірттердің кебі жазда ғана емес, қыста да көмір түсіріп, ағаш кесіп, әр түрлі көтерме жұмыстар алып күнкөріс жасайды. Қаныш болса мұндай ауыр еңбекке жарамайды. Сондықтан да оның бар үміті — елден келетін көмекте. Кебіне алатыны — сүр ет, қарындаған май, ақша... «Бір жылы Керекуден посылка салдық. Сүйегі сылынған жылы-жұмсақ сүр ет еді,— деп куәлік етеді ғалымның туысы Әбутайыр Зейінов.— Бейнетімізді қайтейік, сәлемдемеміз жолшыбай қолды болып, орнына ағаш жаңқасы барыпты. Қанкениң соған: «Бізде тамыздық мол, тамақ аз» деп жауап жазғаны есімде». Бұған қарағанда ту қырыдағы Томға мезгіл-мезгіл азық жеткізіп тұру да оңайға түспеген сықылды... Кейіннен бірақ ауылдың кемегінен бастартуға мүмкіндік тауды. Оның себебін біз Семей архивінен таптық: шеткергі қалаларда білім алып жүрген жергілікті халық жастарына арнаулы қаржы бөлу туралы Семей губерниялық атқару комитеті құрған стипендия комиссиясының 1925 жылғы хаттамасында Москва, Ленинград, Қазан, Омбы

және Том қалаларында оқитын отызға тарта жастар аталған. Бұлардың ішінде Қаныш Сәтбаевтың есімі бесінші түр. Жылына ол губерния комитетінен 420 сом мелшерінде кемек алғып тұрған. Оның үстіне неше жылғы еңбегі «Алгебра оқулығы» баспаға беріліп, соған тиесілі қала-мақысының алды қолына тиіп, шала-пұла «байып» қалған...

Сондықтан да әкесінен қолқалап бауырындағы немересі Фалымтайды — Бөкеш ағасының тұнғышын, шаңырак дәстүрі бойынша езіне ізбасар іні саналатын тоғыз жасар жасөспірімді Томға ертіп кеткен-ди. 1923 жылдың күзінен былай Белинский қөшесіндегі шағын үйде, сейтіп үш адамның тағдыры қосылып, бірге тұрып тіршілік бастайды: Қаныш інісімен және қатарлас оқитын Омар Толыбаев... Ауылда жүргендеп-ак үйдегі үлкендердің оқытуымен мұсылманша да, орысша да сауатын ашқан, әмбे тұқымдарына дарыған сергектік пен зейінділікті мейлінше толық иеленген Фалымтай Сәтбаев «Сібір шамшырағында» бірден-ак тоғыз жылдық орыс мектебіне қабылданып, жақсы үлгеріп кетеді. Бұл жылдардағы ғұмыры жайында Ғалекен бізге жазып берген естелігінде: «Үйдегі ересек екі кісінің менімен үнемі орысша сейлесуі, әмбे солардың сабағымды құнделікті қадағалап қолғабыс етуі нәтижелі болды, бір айға жетер-жетпесте орысша сейлеп кеттім... Ең қыны мен үшін үйреншікті ауылдан, өзімді ғажап еркелететін атам мен әжемнен, Үлкен ауылдағы Кіші аталарапынан, меншіктеп жүрген тай-құлыштарым мен аңшы иттерімнен үзап кеткеним болды. Бірақ біраздан соң қала тірлігіне үйреніп алдым, шәкірт ағаларыма тіпті үйде қолғанат бола бастадым...— деп Том шәрінде жас кезінде көрген-білгенін тәптіштей сыр шертеді.— Бір жылдан соң біздің ауылдың оқу іздеген жастары топтап келе бастады. Тұстеп айтсам, олар — Тәрмізи, Ғазали, Әбдірахман, ұмытпасам, соңғы екеудің сауда техникумына түсіп оқыды. Пәтеріміз тарлық ететін болған соң Омар Толыбаев басқа үйге шығып көтті де, біз, Сәтбаевтар, езара қалалық «ТОЗ», яки «серіктестікке» ұжымдастып тұрдық. Өнкей ер балалар болғаннан кейін жағдай белгілі, сейтсе де Ағатайым тәртіпті қатты үстады: бостағай қызырықса жіберген жок, пәтеріміздің тазальғын, басқадай жұмыстарды ортақтасып атқарытынбыз; тек мағанғана женеңдік жасап, «Фалымтайчиктің жөні бөлек, ол атасының кенжесі, бұған тиісуге болмайды!...» деп үнемі қорғап, еркелететін еді. Шынтуайтын айтқанда, Ағатайима еркелікті мен сол құндерден қалыптасқан әдетпен жасым елуден асқанша, яғни Қаныш аға дүниеден қайтқанша жасадым, тым асырып та жіберген кезім болды. Ал Ағатай не істесем де бір ауыз зеку айтпай, «Фалымтайдың жөні бөлек!» деумен кетті...»

Фалымтай Ғазизұлының жадында өздерінің Томдағы жұпның үйіне қырдағы елден келіп, алтап жататын кейбір үлкендер де сакталған: бір жылы өз ауылдарынан Тәтті-апасы (Әбсөлам Имантаевтың жұбайы) келіпте, 1925 жылы көктемде болса керек, Шынғыстаудан Көкбай ақын (Жанатайұлы) баласымен біраз күн үйлерінде болыпты; екі мейман да Томның атақты дәрігерлеріне денсаулықтарын қарату үшін келген...

Ә. Х. Марғұлан Қаныштың студенттік әмірі жайында мынадай естелік айтады: «Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой-санасын байыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Том университетінің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы,

этнографиясы, әдебиет туралы жазылған деректерді үніле оқиды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындаиды. Қаныштың бастауы бойынша университет жанынан Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томда оқитын студенттер қатынасады. Үйірмеде сака (якут), бурят, хакас, тұнғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тындалған. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы бұл үйірмеде бірнеше рет баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан талай мәрте сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән-қүйлерінен, жыр-елендерінен кернекті ойын үйымдастырады. Бұл сауық кештерінде де Қанекең қазақ халқының ән-қүйлерін жақсы көрсете алған».

Сондай ойын-сауық кештері туралы Семейде шығатын губерниялық «Қазақ тілі» газеті 1926 жылғы 28-сәуірдегі санында Қаныш Имантайұлының «Том қаласындағы үлттар кеші» деген қысқа хабары жарияланған: «...Қазақ өлендерінен «Екі жирен», «Бір күн көшіп дүниe» (айтушы Фалымтай Сәтбаев), «Қара торғай», «Еркем» (айтушы Омар Толыбайұлы) шырқалды. Декламацияға Мағжанның «Тез барам» (айтушы Фазали Сәтбаев) өлеңі оқылды... Сауықта айтылған әндердің бәрін де нотаға салып, рояльға қосу үшін дыбыс үндестігі (гармония) тәртібін жасаушы Александров дейтін шебер профессор. Әншілердің бәрі де әндерін рояльға қосылып айтты (буряттардан басқасы). Өлеңнің ішіндегі сөздері тиісті әндерінің алдында жүртқа орыс тілінде үқтыврылып және оқылып отырды. Декламацияларға да осы жол қолданылды... Мұндай тамашаға жиналған жүрт аса көп болды...» Әлбетте, хабарды жариялаушы өзі болғандықтан, Қаныш Имантайұлы осы кешті үйымдастырудағы, өлендердің сұрыптарап әзірлеу және орысшаға аударудағы езінің қыруар еңбегін, жетекшілік женін сырғайылық сақтапатап көрсетпеген.

Сол бір бағзы қундерден там-түмдап жеткен осы тәрізді болмашы дерек, куәліктерге қарағанда, шәкірт Қаныштың Белинский кәшесіндегі 5-үйдегі жұпымны тұрағы Томда оқитын қазақ жастары жиі жиналатын рухани-мәдени шаңыраққа айналған. Және бас қосудың түп себебі – биғірек те мәнді мұраттар: туған халқының өткен жолдары, болашақтағы орны; қайткен күнде озық жүрттардың өнер-біліміне жетіп, замана көшінен қалыс қалмаудың қамы... Бұл үшін шәкірт жастар әр күнін, әрбір жылын бос өткізбеуі шарт. Іздеп келген кәсіби енерін кемел білу бүгінде аз! Өйткені қалың қазақ елі бұлардың әрқайсысына оқыған азаматым, ертеңіме жол нұсқар көшбасым деп зор үмітпен қарап отыр. Демек, математикке бір ғана есеп ілімін жете біліп, инженерге бір ғана техникалық сауат алу жеткіліксіз, әрқайсысы жан-жақты білімді, ғылымның әр саласынан хабары мол сұнғыла маман болуға тиис.

Қаныштың өзі орайласып тұрған мүмкіндікті пайдаланып, «Сібір шамшырағының» руханият жәнінен аса қордалы қазынасын ертелі-кеш ақтарып, сағаты елшеулі әрбір күннің қолы бос сәтін сонда еткізуге әбден құнығып алады. Шынында да: «Том университетінің кітапханасы о күнде қазіргіден де бай болатын. Оның кітап қоры әрқылы білім саласы бойынша жиналған сан алуан деректі шығармаларға, сирек

кездесетін қолжазбалар мен басылымдарға толы...— дег куәлік етіпті Таисия Кошкина естелігінің студенттік шағына арналған тарауында (қолжазбаның 56-б.).— Қаныш одан туған халқының этнографиясы мен ауыз әдебиеті туралы, оның ұлттық тарихын зерттеудің жай-жапсары хақында мағлұмат беретін өте құнды деректермен танысады. Кітапхана серелерінен ол... П. Паллас, В. Радлов, П. Мелиоранский, И. Веселовский, Г. Потанин және басқа ғалымдардың қазақ даласына саяхат, жазбалары иә зерттеу еңбектерін алғып, бас алмастан қызыға оқиды...» Қаныш Имантайұлының өзі де ғұмырбаяндық жазбаларының бірінде: «Сирек қолжазбалар бөлімінен Едіге туралы ескі аңыздың Шоқан Ұәлиханов жазып алған З түрлі нұсқасын көріп, қызыға таныстым. Солардың бірін, әрине, Шоқан нұсқасын 1927 жылы жеке кітапша етіп жарияладым...»— депті.

Құмарлықтың да тур-турі бар, соның бірі — жан-дүниенде рухани байытып отыратын меншік кітапхана жасау. Анығында бұл әкесі Имантайдың Шығыс ақындарының асыл мұраларын ұқыптап сандықта ұсташаудан басталып, Бекеш ағасы да бірлі-жарым қисса, әдеби кітаптарды тауып алғызып қастерлеп сақтауды машық еткен. Сол әдет енді, сыйнықтан басқаның бәрі де жұғады деген тағылымға сай, Қанышқа да ауысқан. Тек оның көбірек қаузайтыны — ғылыми әдебиеттер, әсіресе геология саласындағы кітаптар — К. И. Богданович, И. Н. Мушкетов, В. А. Обручевтің еңбектері, Д. И. Менделеев, Г. Г. Семенов-Тян-Шанский сынды орыс ғылымының мақтаныштарымен қоса, әдебиетінде «Алтын ғасырды» сомдаушылар — Белинский, Писарев, Добролюбов, шетел классиктерінен — Вольтер, Анатоль Франс, Шекспир, Диккенс, Гейне, Шиллер шығармалары. Философиялық ой теңізіне сұнгітетін ғұламалардың да бірталайын құмартса жинаған. Студенттік шағының куәгері Таисия Кошкинаның естелігінде сол кезде-ақ оның едәуір көлемде кітапхана жасап алғандығы айтылған (1964 жылы ғалымның үйіндегі меншік кітаптың жалпы қарамы 14 мыннан асқан). Соңдықтан да біз Қаныш Имантайұлының бертінде дүйім жүрттты таңғалдырған, ғылымның әр саласынан мағлұматы мол білімдарлық негізін Том қаласының ілім сарайларын зерделей шарлап, рухани қазыналарын шүкшия қазып жүрген шәкірт кезінде алған дейміз...

Қаныштың студенттік шағы Сібірді геологиялық зерттеудің қызу қарқынмен өркендеген кезеңіне дәп келген-ді. Кеңес әкіметі жария еткен индустримальдыру жоспарын жүзеге асыру үшін сенімді шикізат көздерін іздеу қажет-ті. Небір қыыр шет түкпірлерге жыл сайын, көктемде Томнан жабдықталатын ондаған барлау партияларына осындағы міндет жүктелетін. Соның кейбіріне басшылық ететін оқытушы геологтар. Ал геология профессоры М. А. Усов болса, бір емес, әлдeneше далалық экспедициялар мен зерттеу топтарының ғылыми жетекшісі. Михаил Антонович геологиялық сапарға ешқашанда жалғыз шықпайды, оның қасында сарапшы мамандар ғана емес, кен барлау белімінің бір топ студенттері шұбырып еріп жүреді. Әйткені про-

фессор болашақ геологтардың дау туғызған мәселелерді талқылауда тындаушы болуын, тіпті зерттеу материалдарын тексеруге қолғабыс етуін пайдалы деп есептейтін.

Профессор Усовтың тағы бір ұлағат-өнегесі далалық тәжірибеден қайтқан студентті өзі басқаратын Геология комитеті Сібір бөлімшесінің жексенбілік мәжілісіне шақырып, есебін тындау еді. Бұл болса болашақ кең іздеушіні тапсырылған жұмысқа жауапты қарап, барлауда көрген-білгенін өзінше топшылауға баулыған. Сібгеолком мәжілісінде Қаныш Сәтбаев екі мәрте есеп берген. Оның бірі М. А. Усовтың басшылығымен Анжер-Суджин кеңінде (Кузнецк бассейні) өткен ендірістік тәжірибе нәтижесін талқылау...

1924 жылы ол туған даласына екінші рет тәжірибе өтуге келеді. Бұл жолы доцент Н. Н. Горностаевтың (кейіннен профессор) қарауында жұмыс істейді. Ертістің күнбатыс төңірегінде, Семейтау деген жерде бір топ студент ай жарым болып, геологиялық съемка жасаумен шұғылданады. Ал келесі жылы ол ұстазы М. А. Усовқа еріп, Екібастұз кемір кеңінде еңбек етеді.

Институт студенттері қыста да дамыл кермейтін. Өз кафедраның қасында сан алуан техника үйірмелері жұмыс істейді. Лекциядан ұқпағанынды иә естімегеніңді осында аласың. Мәселең, бір жолы барлаушылар үйірмесінде осы институттың түлегі, белгілі геолог Николай Николаевич Урванцев келіп, Енисей төңірегінде жүргізген зерттеулері, мыс, никель кеңінің алып ошағы Нориль көмбесін қалай тапқаны жайында әңгімелеп береді. Қыыр терістікте ізденімпаз геолог екі жыл тынымсыз жұмыс істепті; Таймыр тубегінде, Дудинка, Нориль, Игарка, Хантайка деген жерлерде болған (бұрын-сонды естімеген жер атауларының өзі неге тұрады!); осының өзі-ақ арманшыл жастарды неше түрлі қиялға белеп, жан баспаған қыырларды шарлауға құмар қылатын...

Үйірмеге қатысадың бір пайдасы студенттің нақтылы зерттеумен шұғылданып, болашақта әжетінә жарап дағдыларға үйренуінде. Николай Николаевич Горностаев оқытын петрография курсы бастапқыда ете күрделі, түсініксіз атаулар жиынтығынан тұратын, үғуға қыын ілім сияқтанатын. Ал лектор теорияны оқуды бітіріп, нақтылы мұрағаттарды көрсетуге шығарғанда немесе сол жылдарды дүниежүзілік геология іліміне ене бастаған «Академик Е. С. Федоровтың столында» жұмыс істеуге үйреткен кезде ше? Сайып келгенде, ол да өз пәнін қызықты етіп түсіндіре білетін талантты маман болып шықты. Сондықтан да шығар көптеген шәкірттердің петрограф мамандығын қалауы. Мысалы, Қаныштың курсындағы санаулы қыздар түгелдерлік петрограф-минералог мамандығын қалады. Солардың бірі — аспан түстес кекшіл көзі үнемі күлімдеп тұратын, институттағы сұлулардың «періштесі» Тася Кошкина.

Үйірме мәжілісінде негізгі баяндаманы студенттердің өздері жасайтын. Қайсы біреулері бұған жыл бойы, кем дегендеге екі-үш ай дайындалады. Бұл да берері көп тағылым... Тындаушылар — бүкіл курс студенттері, ал тұжырымдаушы — оқытушылардың бірі...

Сонымен, оқтай зымырап бес жыл да өте шықты. Оқу залдарында көз майын тауысқан, қатерлі дөртпен белдесе жүріп мекнат кешкен қыын да қызықты жылдар.

Соның бәрі де енді артта қалды. Таусылмас сияқтанған қызықты ілім құпиялары, ұшы-қырысyz емтихандар, құлаш-құлаш сыйы табақтары мен карта-кестелер... Алда енді бір-ақ асу бар. Ол — диплом жұмысы.

— Қаныш, қымбаттым, диплом жұмысына Қазақстаннан тыскары жердегі кен орындарының бірін таңдауға мәжбүрсің. Әйткені сенің елінде тап бүгінде жан-жақты зерттелген, қажетті техникалық құжаттармен толық жабдықталған бірде-бір кен орны жоқ. Ал онсыз сауатты жұмыс жазу қын, тіпті мүмкін емес. Сонымен қайда бармақсың, геологияның қай саласында мамандандуды қалайсың?.. Сен бұған мықтап ойлан,— деген-ді Михаил Антонович.

Бірнеше күннен соң Қаныш үстазына келіп, қырдағы Минусин кен округіне баруға бекінгенін айтты.

— Мыс барлауға мамандансам деген үйғарым жасадым, Михаил Антонович,— дейді ол.— Тегінде, біздің даланың бағын ашар бір қазынасы осы металл...

— Көрдің бе, Михаил Петровичтің не істегенін! Орталық Қазақстаннан оның мыс іздегеніне талай жыл болды, демек, өзі ұнатқан іске сені де үгіттеп қойған-ау. Жарайсың, Русаков!

— Сонымен, Майн кенине барсам деймін.

— Барғың келсе тоқтатуға бола ма? Барасың, шырак. Тек оны асықпай қарау керек! Минусин округіндегі Майн кені — іргелі мыс ошағы. Болашақта өзіңе пайдасы тиеді, көрген-білгенінді жадыңа түйіп, кен түзілуінің бүге-шігесін мүқият қарағаның жөн...

Бес айдан соң Қаныш «Сібір шамшырағына» қайтып оралды. Көп ұзамай ол кафедраның қарауына «Майн кенинен мыс барлау және оны геологиялық зерттеу» деген тақырыпта жазылған диплом жұмысын табыс етеді.

1926 жылдың 14 мамыр күні Қаныш Сәтбаев мемлекеттік комиссия алдында диплом жұмысын сәтті қорғап шықты. Ол енді кен инженері, жоғары дәрежелі білімі бар дипломды азамат! Бұл сөздің астарында қаншама сыр, мән-мағына жатыр!.. «Қазақ тілі» газетінің осы жайтты өз окушыларына сол қарсанда сүйсіне хабарлауына қарағанда, бұл оқиға — дала өмірінде сирек болатын қуаныш: «Біздің қазақта окушы аздығының үстіне инженер жоқтың қасы еді... Қазақстанның енеркәсіп тарихында Қаныш жолдас өндіріске басшылық ету қызметіне кірісп отырған тұңғыш маманымыз... Сәтбайұлы Қаныш азаматтың жаңа аяқтанып келе жатқан Қазақстан өндірісін көркейту жолында аянбай қызмет етуіне сеніміз күшті, әмсө жолы болғай!» Осы хабардың тап ортасына толқынданған шашы кейін қайырылған, кең маңдайлы, келбетті жастың суреті берілген. Үстінде қоңыр костюм, ақ көйлек. Галстук тағып түскен...

Жап-жас қазақ азаматының кен инженері дипломына ие болып, туған даласына оралуы, таңғаларлық қуаныш десек те рауа, кеңбайтақ өлкенің бір-біріне алшак жатқан түкпірлерінде айтарлықтай сүйсіндер туғызған. Соның бірін Шыңғыстаудың баурайынан Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев білдіріпті: «Қыр аймағында озық талант Имантайдың екі баласы. Бүгінде олардан озық жас бар деп өзім түсінбеймін. Ол екеуінің қабілеті бүтіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен

ойды да оларға ерекше берген. Олардай саңлақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі...» («Қаныш аға», 28-б. Ә. Х. Марғұлан естелігінен. Әлекен бұл сөзді 1925 жылы естідім десе де, оқиғалар тоғысына қарап, ұлы ақынның зиялды перзенті оны сөл кейінрек және оқын тәмамдап қайтқан Имекеңің кіші баласына бағыштап айтқан тәрізді...). Нәқ сондай мақтан лебізді Баянаула атырабының тұмасы, геолог-ғалым, академик Арықтай Қайыпов та Тұзащы деген жерде ауылды отырғанда, бала күнінде көргенін «Заман елшісі» деп атаған естелігінде жазыпты: «Қаныш... ұзын бойлы, талдырмаш, кен маңдайлы, бүйралау шашты, «орысша» киңген аққұба жігіт екен... ірі маман инженер болып келген Имантайдың Қанышын көрелік деп, көрші отырған ауылдан сабылғандар да аз болмады...» (Бұл да сонда, 303-б.).

Жан көкесі «Менің Қанышым» деп даралап атаған жігіттің араға біраз жыл салып, өздері солжазда қоныс аударған жаңа астана Қызылордаға кенеттен келуі төртінші сыныпта оқып жүрген Гүлнар Міржақыпқызының жадында ұмытылmas әсер қалдырған, бұл бірақ естияр әпкесі Ботагөздің естелігі арқылы әңгімеленген: «Бір күні... ерте оянып дәлізге шықсам, бір ұзын бойлы кісі тұр екен. Өуелде шошып кетсем де, чемоданын көрген соң бізге келгенін сезіп: «Ағай, неге мұнда тұрсыз? Үйге кіріңіз,»— дедім. Ол: «Поездан туспіп, тым ерте келгеніме ұялып, Жақан мен Гая женгейді үйқысынан оятуды ыңғайсыз көріп тұрғаным ғой,»— деді. Мен болмай үйге кіргізіп, өзім ас үйге барып, самауырын қойдым. Үйге кірсем, тәтем (М. Дулатов — M. С.) Қанышты құшағына қысып, бетінен сүйіп амандастып жатыр екен. Женешем де қуанып, институт бітіргенімен құттықтап құшақтады. Артынша Міржақып ағасы «Еңбекші қазақ» газетіне көлемді мақала жарияладап, Қаныш Сәтбаевтың алғашқы қазақ инженері (?) екенін, Том технология институтын бітіргенін, келешекте еліміздің үмітін ақтайтынын айтып бүкіл елге кен таныстыруды...» (Г. М. Дулатова, «Шындық шырағы», 50-б.).

\* \* \*

Тап сол 1926 жылы кеудесіндегі дерпт зардабын, жол мекнатын, тұрмыс тауқыметінде тарта жүріп, алдына ұстаған мұратынан бір уақайнымай, ақырында дегеніне жеткен шексіз бақытты күндерінде Қаныш Имантайұлының жүрек ділінде де елеулі өзгеріс белен өзгерген...

Кенді Алтайдың ту төріндегі Зырянов кенішінде туып-ескен Алексей Кошкиннің артында қалған жетім үл мен үш қыздың ортансысы, үнемі күлімдеп тұратын көкшіл көзі адамды баурап алатын сымбатты Таисиямен ол Семейде танысқан-ды. Сірә, Қаныш Имантайұлының мұғалімдер курсына сабак беріп жүрген шағы бұл. Таисия Кошкина да сол қарсаңда облыс орталығына ауысып, оқытушылар семинариясында лаборант болып қызмет қылған. Тағдыр жазуы, әлде сол күндері жастардың белімін көтеруге құштарлығы тұртқи болып, екеуі бір уақытта Томға барып, технология институтының кен факультетінде бір аудиторияда қатар отырып, геолог мамандығын менгеруді бірге бастай-

ды. Мұның берін дарқан өмірдің кездейсоқ құбылысына балайық. Ал институттың тәртінші курсын аяқтап, Баянауланың күнбатыс бектеріндегі туған ауылына, онда өзін сағына күтіп отырган кәрі ата-анасына, келіншегі Шәрипа мен Ханиса (азан аты Хайринисауи, қайрымды деген мағынада) есімді бұлдіршін қызына кетіп бара жатқан шәкірт жігіттің мына хатын қалай түсінеміз?..

### «Қымбатты Тася!\*

Сіз болмаған соң Семейде зерігіп, мұлдем кеңілсіз жүрмін. Мәнсіз де сүреңсіз күндер тіпті өтер емес. Сан алуан ой кешіп жападан-жалғыз жабыққан жаңым Сіз туралы естелікке берілгенде ғана бір уақ жайлана бастайды. Тәнір бізді жолықтырып, өзіме лайық Сіздей жансерік тапқаным ақеміл сенімдімін, сондай молқуанышқа толы һәм шексіз ризалық сезіммен алдағы өмірге үміттене қарап отырмын. Қарым-қатынасымыздың шұғыл басталып, бекем негізге бірден кешкеніне мен таңданбаймын, соның өзі-ақ біздің жаратылыс нышандарымыздың жақындығына айқын дәлел. Иә, шынайы махаббаттың түп тамыры бірін-бірі қалтқысыз сыйлас, жақсы көрумен бекітініне мен бұрын да сенетін едім, ал қазір бұған тіпті де илана түстім. Тегінде, бұл екі адамның білімі тен түсіп, мінезі үйлесіп, көп қылыштары жарасып, әмбे өздеріне мұрат еткен өмірлік мақсат-мұдделерінің бірдейлігінен ерістейтін қымбат сезім. Махаббат та, менін түйсігімше, екі тұлғаның табиғатының рухани толық үндесіп, езара тіл табысқанда ғана салтанат құрмак. Мен ез өмірімде, шыннымды айтайын бірқанша әйел затын кездестірдім, солардың бірде-бірі бірақ көнілімнен шыққан жоқ: кейбірі әсіре білгіштігімен мезі етсе, екіншілөрі мінез-құлықтарының сөкеттігімен, ал үшіншілөрі адамгершілік сипаттының тәмендігімен ұнамады... Бұдан көп уақыт бұрын, алғаш танысқанда-ақ мен Сіздің қарапайым нышаныңызға биязы қылышыңыздың жарасып тұрғанына таң болып едім. Ал таңдану, жүрт айтқандай, шындал танудың бастамасы емес пе. Сонымен таңдана жүріп мен Сізді жақыньярақ білуге құмарттым. Жақын білген кезде өзімді таңғалдырып жүрген жанның барлық мінез-құлықтары жасанды емес, етene қасиеті екенін аңғардым... Сөйтіп, Сізді әбден танып-білуден соң мен жоғарыда жария еткен шешімге келдім, оның дүрыстығына ешқандай шұбәм жоқ. Сіздің алдыңызға мен бір ғана шарт қоямын, есінізде болар, Сізге оны орындау онша қыын емес.

Сонымен, Тася, жеребе тасталды, біз ала жіптен аттаған (түпнұсқада: «жребий брошен, рубикон перейден») адамдармыз. Сол тек бақытқа бастағай!

### Сүйемін. Өзініздің Қаныш. 29.VI. 1925 ж.

Бүгін елге жүрмекпіз. Ол жақта, сірә, оншакты күн болармын. Оған дейін Сіз де ойланып, жауабыңызды өзір етерсіз... Сіз аттанған күні сағат 7 шамасында сіңлінізге кіріп шықтым, суретінізді алдым, рак-мет. Ксения Алексеевнаға (Кошкиналардың үлкені, Саратов университетінің медицина факультетінде профессор болған — М. С.) сәлем айтыңыз. Жақсы демалыңыз, тек әпкеніз ескерткендей, тым

\*Ілгеріде, ұсынылмақ хаттардың бәрі де ғалымның өз перзенті Мейіз Қанышқызы Сәтбаеваның рұқсатымен берілді.

сөлекет «толмаңыз». Доброхимнің кеші өте кеңілсіз өтті. Басқадай жаңалықтар жоқ. Қ...»

Оқырман назарына ұсынылып отырған бүл хат, біздің пайымдауымызша, Қаныш Имантайұлының 38 жыл бір шаңырақтың астында ғұмыр сүрген қосағы Таисия Алексеевна Кошкинаға (1944 жылдан байлай заңды некеге отырғанда Сәтбаевға болып жазылған) жолдаған сансыз кеп хаттарының ең алғашқысы (бізге солардың 1925—1929 аралығында жаған 50 хаты мәлім, өзге жылдардағы жолдаулары сақталмаған, Т. А. Сәтбаеваның жауаптары да)... Ал геолог жігіттің болашақ жарына қойып отырған жалғыз шарты не десек — өздері өміріне мұрат еткен кәсіптен айнымай, қазақ даласында ғұмыр-бақи жұмыс істеу-ді...

# ҰЛЫТАУ ЖОТАСЫНДА

«Ұлытау қырынан алғаш естілетін зауыт дауылпазының алып үні кең-байтақ қазақ даласының әр түкпірінен жаңғырған жауап алары сөзсіз. Себебі бұл «жаңғырықты» күшеттегін қуатқа: 1) Ұлытаудың тарихи мәлімдігі; 2) оның кіндік ортада орналасқандығы; 3) қазақ халқының білуғе ынтықтығы және 4) ән-жыр шығаруға табиғи қабілеттілігі де... әсер етпек. Әлбетте, бұл сарыннан бұрынғыдай қайғы-қасірет, азап-мұңы иә үмітсіздік әуені емес, мұлдем басқа саз – ерлік пен жасампаздық толғауы естілмек. Ол енді жаңа да жаңғырған индустримальды Қазақстанның асқақ әні болмақ».

Сәтбаев Қ. И., Қарсақбай ауданы және  
оның мүмкіндіктері, 1928 жыл.

## АЛҒАШҚЫ САПАРДА

### 1

**Қ. СӘТБАЕВ — Алтай, Зырянов, Т. А. Кошкинаға.  
«Жаным Таисатай!\***

Бұл хатты «8-февраль» кемесінің қаютасында жазып отырмын. Сіз жүріп кеткен соң, Семейдегі барлық жұмыстарымды екі қунде тындырдым да, қам жасап, міне енді Ертісті құлдилап жүзіп келеміз. Аманшылық болса, ертеңгі таңғы сағат төртте Павлодарға ілігеміз. Ал одан әрі — шексіз де қымбат туған даламның қырына енемін. Жарқын дүние неткен тамаша десем бекер емес: қарсы алдыымда — кіндік кескен ауылым, дәру қымызыз, желмен жарысқан қылап жүйріктер, қаршыға салып құс аулау, еті уыздай дәмді марқалар... Ау, қу жанға сая үшін бұдан артық не керек! Өзімді шексіз бақытты сезінуге бір-ак нәрсе жетпейді: ол — Сіз, сүйіктім менің, қымбатты **сәулем!.. Таисатай**, неге, не себептен қасымда емессіз?..

Алайда екі жарым айдан соң кездесетінімізді, одан әрі біз әнеуғүнгі қоштасар екі-ак сағатқа емес, өмірбақи бірге, қолустасып мәңгі бірге болатынымызды есіме алып, өзіме-өзім сабыр тілеп, жұбату айтамын. Сол кезде, жаным, құмардан шығармыз, бақытқа да кенелеміз. Ау, о құннің мерейлі шуағы тіпті қыр астында керініп түр ғой!

Сонымен, көріскенше деймін, қымбаттым менің, **жан сәулем!.. Сіздің КИС\*\*. 18.VI.26 ж., тұнгі сағат 11, 8-каюта**.

Алтайдың теріндегі Зырянов кенішінде тұратын шешесі мен жалғыз бауырына кеткен Таисия Кошкинаға келесі хат екі тәуліктен соң, маусымның 20 күні Павлодар қаласынан жолданған: өзін ауылынан қарсы алушылардың күткеніне төрт күн болыпты; аттары да, жолсеріктері де тынығып қалыпты; қунде жайма-шуақ қалпында тұрғандықтан дереу аттанып кетіпти...

(Таисия екеуінің арасында байланған махабbat жібін, алдағы өмірге үәделескенін Қаныш Имантайұлы ауылдағы туыстарына, үй-ішіне жария ете алмай астыртын жағдайда үстағансынды. Олай етуіне елеулі себептер де болған: соның ең бастысы, сірә, қартайған әке-шешесінің кінәмшіл кеңіліне қаяу түсірмеу; қазақ зия-

\* Тұпнұсқада солай. Қанекенің хаттарында осылайша ана тілінде жазылған қаратпа сөздерді дараалап отырамыз. — M. C.

\*\* Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

лылары о күнде ұлты басқа жұрттан жар таңдау ісіне кіді қарап, бірлі-жарым соған шешінгендер болса, алған зайыбын дереу мұсылмандыніне кіргізіп, тілге үйретіп, атында қазақшалап, қалыңдығының бүкіл ділін өз халқының рәсіміне бұрып бақкан; әрине, ең басты бөгет — ата жолымен қосағы болған, қылықты мінез-құлқы ата-анасын, ауыл-аймағын, өзіне де баурап алған Шәрипа-мен берік байланған некелі тағдыры; одан керген тұнғыш перзенті сүйкімді Ханиса биылғы желтоқсанда беске шығады; дүниеге келгеніне екі ай да толмаған ұлы Малыбай (туыстары Мәлеш атандырган) және бар...)

### «Сәулем Таисажан!»

Өзімнің Баянауылымда, кіндік қаным тамған асыл жұрттымыңың қақ іргесінде отырмын. Қайда барсам да етене таныстарым, ежелден көзтаныс таулар мен орман, қыскасы, үйдемін деуге болады. Алайда сол «боладыға» жету үшін әлі де 150 шақырым жол жүруім қажет. Мұндағылардың айтудынша, біздің ауыл биыл тәңкеріске дейінгі ескі жұрты Шыбындықөл жағасына жетіп қоныпты... Яғни оған дейін кем дегенде екі тәулік ат үстінде боламыз. Көніл күйім әзірше сергек, жолдан да қажыған жоқпын...

Таисатай, әлі де біраз жан сырымды шертер едім, желкемде құздыып құжбан біреу тұр, ал оған менің қолымдағы қалам мен сия дәуіт керек. Сірә, Баянауылда қат болған соң бұған да қатаң шек қойылған... Бұдан әрі хатты менен сиректеу аласыз. Оның бірден-бір себебі — байланыс бөлімшесіне дейінгі аралықтың әлей қашықтығы. Ал Сіз маған хат жазудан жаңыла көрменіз және бұған үқыпты болуға шақырамын...

Өзіңіздің Қаныш, Баянауыл, 23.VI. 26 ж.»

### «Sausem Taisa-Tay!\*

Осы сәтте Сіз қайдасыз? Уақытты нендей ермекпен өткізіп жүрсіз? Мен туралы әредік ойлайсыз ба, әлде кектемдегі құштарлықтың лаплысы сұып (...) өзгедей бір ермек таптыңыз ба?..

Мен Сізді жіі-жіі есіме аламын және сонда Сізді шыттай ақ, кейлек киіп, қардай аппақ құнқағар қалпақпен үйіңіздің алдына шығып, ауызғы сәкіде тізенізді құшақтап, мені тосып отырған қалыпта көремін, мен жақындаған кезде үлбіреген жұқа ерніңіз жарасымды қымқырылып, сүйкімді құлкімен биязы жымып, жарайқ дүниенің тәттілігіне құмартағып, бәлкім, қиялға беріліп, шаттанған жұзбен, көзіңіз құлімдеп маған қол созғандай боласыз...

Ауылымда келгеніме сегізінші күн, туғандарым мен туған даламының ыстық құшағындағын. Даланың шексіз қыыр түкпірінде орналасқан Шыбындықөл деген су қоймасының жағасындағын... Айнала жұз шақырым төңіркекте ешқандай тау-тас жок, шексіз сардала, соның әр жерінде мал қүйлеп отырған ауылдардан өзге тірлік пендесін көрмейсің. Өңкей бір дені құмайт, шөлрейтті иен жазық. Бұл атырапта Сіздің түйсігіңіздегі қала, елді мекенге иә мәдени

\* Хатта солай, бұл сездердің латын әріптерімен жазылғанына қарағанда қазак қауымы жаңа әліппеге кешуге әзірлене бастағанын шамалауға болады.

ошағы атойлаған жүртқа ұқсаған игіліктер атымен жоқ. Осынау иен жерде мал баққан біздің қазақтар, солардың өздері үшін қадірлі де қымбат, әрі жұпыны тірлігі көреріңіз. Мен болсам, сығандардың Алекосы құсап, рақатқа батып, сахара қызығын қызықтаған құдайдың еркесімін...

Шыбындықел — біздің қазақ даласындағы ірі су қоймаларының бірі, айдынының аумағы — 8x10 шаршы шақырым, оны қоршаған сәл еңстей жазықтың ауданы, сірә, 20x30 шаршы шақырымға, сөз айтпас деймін. Келдің табаны — майда батпақ, ал жағасы құмайттау тау жыныстарынан түзілген... Көлдің жаралу, кеңею, иә айдыны тарылу тарихы, мениңше, бірнеше кезеңге бөлінген. Тұжырымдалап айтқанда, мынадай: ең әуелі әлуеутті қатпарлы, құрделі палеозойды қөрген; үшінші дәуірде ол аса күшті сыйымдалуға тап болған; соның артынша, бәлкім, сол кездे түрлі тұнбалармен тола бастаған; жан-жағы ашық жерде түзілгендейктен жел айдал келген ұсақ тас, құм және түрлі жыныстар түбіне шеккен; ақырында ең соңғы сыйымдалу процесі жүріп, одан ойпаң жаралып, қар сұымен осы құнгі шалқар көлге айналған. Кенекөз карттардың айтуынша, бұдан елу жыл бұрын көлдің аумағы шағынғана болыпты, алайналасы қалың қамыс екен, айдыны соңғы жылдары ересен кеңейіп, аумағы ат шаптырымға созылған...

Көлдің сұы удай ашы. Ауызсуды біздің ауыл 10—15 шақырымнан бөшке, торсықпен тасып ішеді...»

Осы арада Қанекең хатын үзіп, 1966 жылы ғалымның туған еліне алғаш барған сапарымызда тетелес інісі Тәрмізи Имантаев ақсақал айтқан естелік әңгімені қаз қалпында келтіреміз:

— Сол жылы Би атам көлдің жағасында тұнып тұрған балауса құрағын қимады ма, кім білсін, қонған құні-ақ екі ауылдың еркектерін түгел жауып, құдық қаздырды. Оңаша тігілген отауынан үйқысын қандырып, құн арқан бойы көтерілген кезде шыққан Қаныш ағай ми қайнатқан ыстықта жан терге түсіп, құдық қазып жатқан біздің қасымызға келіп, қүрекке жүққан қоймалжың сазды тіліне басып керді де, басын шайқап: «Мына жерден тұщы су шықпайды, жұз құлаш қазсандар да бос әуре!»— деді. Рәсім бойынша, әр үйден құрт, май, ірімшік алғызып, соның бәрін дастарқ-анға үйгізіп қойып, жасаң жігіттерді бейнетке салып, жән-жоба айтып отырған үлкендердің бірі: «Оқуың тасып тұрса, тұщы су тауып бер, ал біз өз білгенімізді істеп жатырмыз...»— деп реніш білдірді. Қанекең үндеген жоқ, суға түсті де, отауына кетіп қалды. Бірақ болжауы дұрыс екен, құдықтың сұы кермек татып, арбамен тағы да қиянға барып ауызсу әкелдік. Келесі құні Қаныш ағай мені, Мұқышты, Нұрланды таңнан тұрғызды да, Сұңқарқия жотасынан көлге қараған өзекшениң бір тұсына алып келіп: «Тура осы жерден кеней қазындар, сұы тереңде емес, бұйырса тұске дейін су шығарып, шайды осы жерде қайнатамыз»,— деді. Кешегі есіл бейнеттен алақанымыз құлдіреп, тауымыз қайтып қалған ба, қазғымыз келмей, түрліше сылтау айтып көріп едік, еркімізге қоймады. Тоқетерін айтқанда, сол жерді кісі бойындағы қазғанымыз-

да мол су шықты, асты қырышық тас екен, дәмі түщы... Ауылды осы жерге көшіріп, көлдің жағасында көп күндер еру болдық. Ал түщы су шықкан жағаны «Қанышбұлақ» атандырдық. Өйткені Қаныш ағайдың ақылымен құдықты тереңдетіп, айналасын тағы кеңейте қазып едік, сусы молайып, келе-келе ернеуінен асып, бұлаққа айналып кетті...

Қаныш Имантайұлының өзі де осы оқиға туралы Алтайдағы Таисия Кошкинаға З шілде күнгі хатында ішінара сөз етіпті:

«...Үлкендерді иландыра алмаған соң жер шолып, көлдің батыс жағалауынан, жазғытұрым су шайған жарқабақтан палеозой жыныстарын керіп, құдықты солжерден қазуға кеңес бердім. Болжаяуым дұрысқа шықты. Осы оқиғадан соң беделім күрт есіп, ауылдастарым мені «Жер сырын білетін көріпкел қабілеті бар...» дегендей мадақпен лақап таратады...

Жалпы айтқанда, көнігі қазақ даласы, менің кәміл сенуімше, геологиялық ізденистерге кіріссек, бізді өте-мөте қызығылықты һәм нәтижелі зор жаңалықтарға жолықтыруы ҳақ! Тек соған ынтамыз жетіп, рұқсат алсақ, шіркін! Әзірше бұл жақта ештеңе бітіре қойған жоқпын, даланы шарлау мағынасында айтып отырмын. Уақыттың дені қаршығамен құс іліп, алыс-жақын ағайындарға сәлем беру үшін ауыл аралап қымыз ішіп, етке сылқия тойып алып, қарынды сипап шалжыып жатудан асар емес, осы жазға жобалаған мәнді жұмыстарымның бірде-бірін әлі бастаған жоқпын. Шынымды айтсам, біздің қазақтың көшпелі тірлігі жаныңа бір мезгілтіңім беру үшін әдейі ойлап табылғандай қарекет. (...)

Шексіз демалыстан рақаттанған өзініздің Қ... 3.VII. 26 ж.»

### **«Saulem Taisa-Tay!**

... Бір айда жұзден астам қаз алдық, өзге ұсақ құстарды санаған жоқпын. Бұл жақтағы негізгі қарекетімнің жән-жобасын аңдаған боларсыз. Көңіл-күйім өте жақсы, тән саулығы түзелді...

Семейге, сірә, тамыздың 25-і шамасында аттанатын шығармын, яғни қыркүйектің 1—5 аралығында сонда болуға тиістімін...

Шексіз үйқыдан мезі болған өзініздің Қ...

Жаманқылшылы, 8. VIII. 26 жыл».

Әсілі, бұл, Шәкәрім қажы Құдайбердиев айтқандай, «Қайран, қайғысыз, қамсыз күндерім. Сайран, сауықты, рақат тұндерім!» («Бұл ән — бұрынғы әннен өзгерек») демекші, шыр етіп дүниеге келген күннен қыр сахараасының езіне етene таныс саф ауасын, дәру қымызын, дала төсіндегі сан алуан қызығын емін-еркін пайдаланып, үздіксіз оқудан қажыған жанына тыным тапқан ең соңғы жаз еді. Жаз бойы елді мекен көрмей, қыры дала мен тау-тасты кезетін мазасыз мамандықты таңдаған жігіт бұдан кейін оншақты жылға дейін демалыс дегеннің не екенін ұмытып, геологиялық ізденис үшін дамылсыз саяхаттар кешіп, күндерді тұндергө жалғамақ. Ел-жұртына да осы жаздағыдай жан күйттеп, алаңсыз се-руен жасап айлап жатпақ түгілі, араға жылдар салып оқта-текте, әлдеқандай төтенше жағдаят ділгір еткенде ғана келмек...

Бір көргенге Ұлытау өнірі қатал да сұрықсыз өлке — сусыз, нұсуз құба жон, өсімдіктен де жылан жалағандай тұлдыр... Сол себепті оны құзден де ғері көктемде көру онды.

Көктемде бұл өнір адам танығысыз шырайланып өте-мәте құлпырып кетеді: көз жеткісіз кең жазық қызылала орамал жамылғандай болып жайқалған гүлге толады; шоқтанып өскен көкпекті ту алыстан қарауытқан орман дерсін; шайыр мен қырмызды, баялыш қаулаған алқаптар көрмеге қойылған кілемдей алуан тұрмен жасаңған; әншейіндегі ақшулан боз да бұл шақта тұтаса кегеріп айрықша көріктеніп тұрады; ал сай-салаға жамырай шыққан жауқазын мен алқызыл қызғалдақтар ше!.. Тіпті қараған, тобылғы, тікенекті бұта бастарына дейін сәүкеле киген қыздардай неше түрлі гүлден алқа тағып, керемет жасанып алады. Өлкені түстүстіstan жарып өтетін өзендер де бұл кезде мейлінше пәрменді, нағыз құшінде. Мың сан бұлақтар бір-біріне қосылып, дарияға айналып, ағыл-тегіл сарылдап жатады.

Бірақ, амал не, бұл дәурен ұзаққа созылмайды. Он иә жиyrма күн, асса бір ай. Іле-шала Бетпақтың шөлі мен Жетіқоныр құмынан, иә Мойынкүм, Қарақұм жағынан үдемелеп соққан ыстық аңызак басталады. Онсыз да қуан даланың соры осы. Гүл жарып, енді-енди бой сала бастағантырбық өсімдіктердің өсуі кенет тежеледі. Сейтіп, бұл өнірдің құлпырыған келбеті бір-ақ аптада сағымдай бұлдырап, бірте-бірте құлдырап, ақырында біржола өлеусірейді.

Ұлытаудың жазы да сорақы: ерт шалғандай қап-қара болып күйіп жатқан тақыр дала; әуе айналып жерге түскендей аптап ыстық; болар-болмас жел соқса, оның арты көз аштырmas құм боранға айналады... Өзендер әр жерден үзіліп тартылып қалған, кешеғана сылдырап жатқан бұлақтар да құрдымға айналған. Жиде есөтін саздақ ойпаңдарғана жасыл реңін көпкө дейін бұзбай, ұшықырысыз жалпақ өлкениң әр жерінде арал сияқтанып желкілдеп тұрады.

Екі жарым айға созылған төр жайлаудағы рақат демалыстың соңында Қаныш салт атпен Семейге жетіп, одан Сібір темір жолының бірнеше станциясында поезд ауыстырып, ақырында қыркүйектің орта шенінде, бәлкім, алғашқы жартысында Қазақ АКСР-інің сол күндеғі астанасы Қызылордаға келген (Гулнар Дұлатованың ез естелігінде ескертіп отырғаны да осы сапар). Бәлкім, «Еңбекші қазақтағы» ол туралы мадақ мақала тұрткі болды, Өлкелік комитеттің басшылары жас маманды қошеметтей қарсы алып, бірден-ақ Халық шаруашылығы кеңесінде ауыр өндірістерге жетекшілік ететін үкімет көзі һәм бас маман қызметін ұсынады. Алайда Қаныш Имантайұлы одан үзілді-кесілді бас тартады. Айт-қан желеуі — геолог кәсібін түбегейлі игеру!.. Біраз күн сол үшін тәжікеге түсіп, ақыр аяғында дегеніне жетеді. Таңдағаны — Атбасар тұсті металдар тресінде кен барлаумен шұғылдану, яки атақонысы Сарыарқа қырына қайтып оралуды құп көрген. Бір ғана қолайсыз жайт: трестің өзі сол күндерде Халық шаруашылығы

Жоғарғы Кеңесінің (ВСНХ СССР) Главметалл қарауында еді, кеңесі де Москвада болатын. Демек, оған үлкен астанаға атта-нуға тұра келген.

Атбасар түсті металдар тресі Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (СТО СССР) 1925 жылдың 10 маусым күнгі арнаулы қарапымен үйімдасқан. Қарауында оның екі ендіріс бар: Спас комбинаты, оған Қарағанды көмір кендері мен Өспен (Нілді) мыс кениші, Спас (Кекезек және Ақбұйрат) мис қорыту зауыты қарайды; екіншісі – Қарсақбай комбинаты, оған салынып жатқан Қарсақбай мис қорыту зауыты мен Байқоңыр көмір кені, Жезқазған мис руднігі және Қорғасын кениші берілген. Осы күнгі әкімшілік-аумақтық шекара-мен шамалағанда, бұл – Қарағанды облыстырындағы бірнеше елді мекендерді қамтыған, бір шеті мен бір шеті кем дегендे мың ша-қырымдай орасан зор кең алқап.

Атбасацветмет басқармасы жас маманды қуана қарсы алады. Қуанбасқа! Шет елден шақырылған кергіме «спец» емес, білімін бұлдағыш ескі кадр да емес, социалистік Отанның өз мектебінен тәлім алған жас түлек және жергілікті жағдаймен етene таныс, сол үлттың өзінен шыққан инженер. Сондықтан да шығар, бірден оның трестің бас геологы, әрі басқарма мүшелігіне кандидат болып тағайындалуы.

Сейтіп, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бір-ақ күнде, дипломы-ның сиясы кеппеген жас геолог, студент жігіттен Еуропаның білдей-білдей бірнеше мемлекеті сыйып кететін ұлан-байтақ өлкенің жерасты қазынасын іздеуге жауапкер барлаушы, бас ма-манға айналды. Құрметті де қызын міндеп! Соған ол небәрі жиырма жеті жасында жетіп отыр.

Тек тұрғын үй жайы бірден шешілген жоқ. Оның себебін Қаныш Имантайұлының Томда уақытша қалған Таисия Алексеевнаға 26 қарашада жолдаған хатынан білеміз: «Москвадан пәтер табудың қыындығын айттып болмайды. Мұнда жүргендер бір бөлмеге зар болып жылдар бойы күтеді екен...» Главметалл басқармасы бірақ оған көмек беруге үағда етті, тіпті сол үшін тиісті қаражат та бо-сатты. Соған тек қолайлы үй табылса?.. Үй тиісімен Таисия да астанаға келмек.

Сондықтан да ол Москвада көп аялдамаған. Трестің Рожде-ственка №8 үйдегі аумақты кеңесін жайына қалдырып, Таисияны қантардың бірі мен он бесі аралығында (1927 ж.) Қызылорда-да кездесуге шақырып хат жолдайды да, жолға шығады. Беті – Ұлытау даласы. Жалғыз емес, кен орындарын аралауға шыққан бір топ инженерлер бар.

КСРО Халық шаруашылығының Орталық архивінде сактаулы тұрған Атбасар тресінің материалдары Жезқазғанның солкүндеғі сырт өмірмен қатынасы туралы да бүкпесіз сыр шертеді: «... Жол атымен жоқ. Ең сенімді көлік – түье, ал ол жергілікті туземдік халықтың рақымына байланысты, – деп шағым еткен трест басқармасы Еңбек және Қорғаныс Кеңесіне жолдаған 1926 жылғы бір мәлімдемесінде.— Біздің есебіміз бойынша жергілікті қазақтар-

да бір мың арба, мың жарымдай түйе бар. Осының қақ жартысын өндіріс қажетіне жеге алсақ, тасымал қыншылығын сәтті шештік деуге болады. Бірақ бұған біздің сеніміміз шамалы. Себебі жергілікті тұрғындар зауытқа кіре тартудан гөрі зорман аулап, тері жинау агентімен сыйбайлас болғанды тиімдірек санайды».

Жә, біздің жолаушы, Ұлытауға асырып келе жатқан инженер Сәтбаев қайткен?

Москвадан поезден шықкан трест комиссиясы бірнеше тәуліктен сон, Орынбор — Ташкент жолының Жосалы станциясына келіп түседі. Жосалы мен Қарсақбай арасы 430 шақырым, салынып жатқан мыс зауытқа ен ұрымтал темір жол станциясы осы болғандықтан да трест оны аралық база ретінде пайдаланатын. Комбинаттың барлық жұғі, жұмыскері, келімді-кетімді кісілері де осы жерден аттанады.

Бұлар келген мезгіл Жосалы станциясының жәрмеңке базарында жүргіншіге толы, у-шулы, ығы-жығы кезі. Зауыт құрылышының қызыған шағы. Жүктөр де қауырт келе бастаған. Қылышын сүйреткен қыс қыспағына іліктірмей, ауа райы ашық, жол барда келген жүкті жеткізіп алу — комбинаттың тасымал бөлімінің басты міндетіне айналған, сол үшін күн сайын бір керуен жасақтап, қарбалас әрекетте болатын. Станция мен зауыт аралығына ертеде ағылшындар салғызған он сегіз бекет қайта түзеліп, олардың барлығында көлікке жем, кірешілер үшін азық әзірленген-ді. Сөйтіп, Жосалыдан бергі шиыр қара жол ерсілі-қарсылы шұбырыған түйелі керуендерге толған: бірі келе жатса, екіншісі станцияға кетіп бара жатады; бір-біріне жол беріп бөгемеуі үшін жол да екеу — домбыра ішегіндей жарыстыра тартылған...

Жосалыдан шықкан керуен Қарсақбайға, әдетте, жетінші қонақта әрен ілінетін. Жеті күн ұдайы жолаушының көрері сонда: сұрықсыз қуан дала, біріне-бірі қосылып жатқан жатаған жоталар тізбегі; таң ата бірінен аттанғанда, екіншісіне күн бата зарығып жететін жалғыз үйлі, қорасы жапырайған жүдеу бекеттер... Кей сәт тарғыл дөңдер үстінен, көз ұшынан босып бара жатқан киіктөр тобы ұшырайды. Бірақ олар да мына арбалар шиқылдап, көліктері боздаған мазасыз керуен жолынан жырағырақ қияндарға босып бара жатқан сықылды. Ұзақты күн күйдірігі аңызаққа қақталып, жол шеккен бейнетқор жолаушы ауыз суға да жарымайды. Жолшыбайғы құдықтардың көбінің сүсу тұз қосып қойғандай ащи. Сол себепті байырғы кірешілер жолға азық қана емес, ішерлік сүсін да ала жүріп, құдықтардан көліктерін ғана суғаратын.

Бұрынғы кіреші, керуен қосының бастығы Шенеу Дарабаев мынадай естелік айтады:

«Қанышты мен алғаш рет Жосалыда, кіре қағазын алайын деп кеңсеге барғанда көрдім. Бейтаныс қазақ жігіті сыпайы амандасты да, керуеніме сұранды. Тегін адам емесін киім үлгісінен таңып тұрмын. Сөйтсе де қазақтың қазымырлығына салып:

— Біздің жақтан не жоғалтып жүрсін, шырак? — деп тиісе тіл қаттым.

- Жұмыс бабымен, отағасы. Москвадан келеміз.
- Неше айға?
- Сірә, біржола. Жолсерікке аласыз ба?— деп жымиды тағы да.
- Аламын, тек орта жолдан қашып кетпесен. Ондай серілерден де құр емеспіз, құдайға шүкір. Маманбыз деп Қалпақтарын шекесіне тап езіндей көтере киіп, кісімсіп келе жатады... Сонсоң бір күні іздесен — өзі түглі, ізін де таппай қаласың. Біреуінің қалпағы біздің үйде былтырдан жатыр...»

Шабан атандардың мезі изенінен зерігіп, жол бейнетін кешкен жолаушы тәзімі әбден жұқарып, көнілі құлазыған жетінші тәулікте ту алыстан, кез ұшынан мен мұндалаған Қарсақбай зауытының мұржасын көреді. Ендігі жол онай. Бірер сағат изенге шыдасаң — Соцгородок аталған жұмысшылар қалашығына келіп кіресің. Қалашықты қақ жарып ететін ұзын даңғыл керуен келетін жолмен ұла-сып жатқандықтан Жосалы көшесі деп аталған, керуен сарайы да соңың шыға беріс аузында...

Әсілі, осы құрылысты бастаған ағылшындар еді. 1913 жылдың кектемінде Қарсақбай байдың қыстауы тұрған сайдың етегіне үш жұз жұмысшы келіп (бір жылдан соң олардың саны 1200 адамға көбейген), Құмода езенінің жағасынан кірпіш зауытын тұрғыза бастады. Сол жылы он бес баспана салынған: келесі жылы олардың саны жиырма үйге көбейген; зауыт цехтарының іргесі қазылып, қайсыбірінің қабырғасы көтеріліп, жабдықтары орнатылады; Жезқазған мен Байқоңырда жаңа шахтылар ашылып, тұрғын үйлер салынады. Ағылшындар Жосалы станциясының іргесінен де аумақты жерді жалға алып, оған темір жол тартады, қоймалар, тұрғын үйлер мен жөндеу шеберханасын тұрғызады. Темір жолдан шалғайда жатқан далаға жұқ тасудан қиналмаған: бұл үшін Жосалыға бір мың арба жеткізеді де, күш-көлігі бар жергілікті тұрғындармен шартқа отырып, үлестіріп береді; сейтіп, Жосалы мен Қарсақбай арасына қысы-жазы, ертелі-кеш шұбырып түйелі керуендер жүре бастайды.

Ағылшын мамандары, тегінде, бір ғана шаруаға ерекшे алан болған. Бұл болса — салмағы ондаған тонна келемі де ешбір арба, көліккетиеге келмейтін зауыт жабдықтарын, ауыр механизмдерді құрылыс алаңына жеткізу мәселесі.

«Байқоңыр» елді мекенінің тұрғыны Қойшыбай Ысмағұловтың естелік әңгімесінен: «... Бір күні, бұл, сірә, 1914 жылдың қоңыр күзі болса керек, Байқоңырдағы шахты бастығы еңкей қарулы, жас жігіттерді конторға шақырып, Жосалыға жүресіндер деді. Ол күндегі қазақ жұмыскерінде қарсылық бола ма? Тез жиналып аттанып кеттік. Қырық ру елден құрылған екі жұз жігіт boldық. Менің жасым сол жылы жиырмаға шықкан, жолдастарым да — «Сен тұр, мен атайын!..» Не керек, қырық жігіт Жосалыдан шықкан қара жолдың алдын тегістеп қыршып отырады. Он екі жігіт шпалға қағылып, езара байланған қос рельсті вагоннан түсіріп тұрады. Тағы он екі жігіт оны тік көтеріп апарып тегістелген жерге қоямыз. Мен кебіне осы он екінің ішінде болдым. Бөркімізді иыққа салып, «Раш,

дуа!» деп іле жөнелгенімізде, сендерге — етірік, маған — шын, шайқақтағанымызбен құлаған емеспіз. Ағылшындар әдіске сұнғыла халық қой, еңкей қарулы, бойлары бірдей жігіттерді рельс көтегеруге таңдал қоятын.

Осылайша таңдан тұрып, қас қарайғанша істеп, темір жол төсейміз. Барлық рельс төсөліп болған соң керуен басы, ағылшын Картоф паровоздарды қыздыруға бүйрық береді. Бес паровоз бірдей будактап, ышқына айқайлап соңындағы сансыз вагондарды сүйрей жөнелгенде, құдауанда, мұндай күшті кім керген, жұздеғен жігіттің екі-үш ай дамылсыз жерді тегістеп, рельс арқалап жүріп азаппен төсеген он үш шақырым жолын екі-ақ сағатта айдал өтеді. Соңсоң керуен-поезд тоқтайды. Біз болсақ сор бейнетке қайтадан кірісеміз... Не керек, өстіп үш жыл алысып, ашы терімізді шығарған бұл керуенді де ақыр аяғы Қарсақбай ашасына\* әкелдік... Осы күні немерелеріме мақтанып: «Қарсақбайдың зауытын Қойши-атаң иығымен көтеріп әкелген» десем сенбейді. Құлкі қылады. Ал шындығында осы сөзімде бір мысқал өтірік бар ма?»

1914 жылдың қараша айының 14 күні Жосалыдан аттанған осынау таңғажайып керуен-пойыз (оның құрамында 278 вагон, 5 паровоз болған. Өндірістің барлық жабдығы, ертеңгі керек-жарақ темір, тіпті 120 шақырымдық тар табанды жолдың рельстеріне дейін түгел тиелген керуеннің ұзындығы екі жарым шақырымға созылған) 1917 жылдың 8 қазанында ғана Қарсақбайға келеді. Сегіз-тоғыз айға жобаланған жұмыстың бақандай үш жылға созылуы ағылшындарға қолайлы бола қойған жоқ... Шынтуайтын айтқанда, бұл іс ту бастан күтпеген кедергілерге кезігіп, қырсықпен басталған-ды: зауыт жабдықтары тиелген кемені немістер теңіз түбіне «жөнелтіп» екінші мәрте әзірлеуге мәжбүр болды, демек, жол құрылышын тежей тұруға тұра келген; мұлгіген тыныш дала, халқы қойдай жуас деп жүрген қазак елкесінен де түрліше бөгеулер кезікті — азықсыз қалған жұмыскерлер аяқ астынан ереуіл жасап, ауылдарына тарап кетсін; амал қанша, оларды жандармдар көмегімен қайтадан жинады; одан соң он алтыншы жылдың дүрбеленіне тап болды. ...Ұрымтал тұрған Торғай өнірінде әрекет еткен Амангелді, Кейкі мен Әбдіғаппар ханның сарбаздары керуен-пойызға екі-үш мәрте шабуыл жасап, қару-жарақ соғу үшін темір-терсегін ғана тонап қоймай, намысқой жігіттерін де ертіп кеткен-ді. Көтеріліс жасақтары Байқоңыр көмір кенішіне де әлсін-әлсін осы мақсатпен соғып тұрған... Алайда ұзақ жол, жолшыбайғы алуан түрлі азап, қыншылықтар мен жұз-жұзделп кезіккен барша кедергі, қырсықтар мақсат-ойынан өстілі кері қайтуды білмейтін еркеуде ағылшындарды тоқтатқан жоқ, бәріне де төзіп, тіпті елермендікпен біртіндеп женіп, ақырында зауыт жабдықтарын орнатуға кірісken.

Бірак, түттеп келгенде, соның бәрі де бос бейнет болды. Миллиондаған қаржы жұмсап, зор бейнетпен төрт жыл бойы салған

\* Осы жердің бұрынғы атаяуы.

Қарсақбай өндірісінен олар бір пүт та мыс ағыза алмады. Кенеттен соққан төңкеріс дауылы ағылшын кәсіпкерлерінің қарсылық наразылықтарымен санақсан жоқ, Ұлытау даласынан ғасыр аяғына дейін қуып тастады.

Қазіргі міндет — шетелдіктер бастаған құрылышты тездетіп аяқтау. Бұл да оңай емес. Кеп жылдар қаңырап бос тұрған соң ішінара бүлініп істен шыққан бірталай механизмдерді жаңалап, кептеген цехтарды қайта салу керек... Сондықтан да Кеңес үкіметі Қарсақбай мыс қорыту зауытын жүргізуге екі жарым жыл уақыт белгілеп, монтаждау жұмыстарына жеті миллион сом қаржы бөлген-ди.

\* \* \*

Қаныш Имантайұлы алғаш келген кезде зауыттың айналасы жана қонысқа кешелі-бүгін көшіп келген ауылға үқсайтын. Ауыл болғанда — он шақты үй емес, кем дегенде екі-үш мың түтіннен тұратын, тіпті бірнеше болыс ел бірден көтеріліп, соның бәрі Құмоланың тар танабына таласа келіп, жапа-тармағай қонып жатқан сияқты. Қайда қарасан да — жыпрылаған киіз үйлер, қостар мен итарқа жаппалар. Қарсақбай байдың ескі қыстауы тұрған қарсы беттен бастап Балбырауын жотасы жақтағы тарғыл дөңге дейін, Жосалыға шығатын даңғыл қара жол мен өзеннің арғыбергі жағасы түгелдей сыйылыса отырған қалың ел. Ал зауыт тұрғызылып жатқан биік төбенің алды-арты зор құрылыш алаңына айналған.

Өндіріс корпустары бой көтерген қарсанда Байқоңыр мен Жезқазған аралығына тартылып жатқан тар табанды темір жол да пайдалануға берілмек. Ағылшындар станция үйлерін тұрғызып, жол танабын бастағанымен, рельс тесеп үлгерменті. Бір тәуірі, Қарсақбай ревкомы дер кезінде жұмысшы бақылауын қойып, әкелінген рельстерді сақтай білген. Соны енді тездетіп тесеу керек. Байқоңырдан шарпу пештерін жемдейтін көмір тасылады, ал Жезқазған — кен концентратын беретін негізгі шикізат қоймасы. Жезді езенің бойынан мыс қорытуға қажет қосымша заттар тасылады. Қарсақбай ашасы солардың бәрін қабылдап, ақыр аяғында қара мысқа айналдыратын орталық алан. Демек, қай жерде болмасын қыруар жұмыс, қайсібірін тыңдан бастау қажет. Бұларда жұмыс істейтін адамдарға тұрғын жай керек. Сол үшінде өндіріс іргесінен жұмысшы-техниктер тұратын жаңа қалашық Соцгородок тұрғызылып жатыр. Байқоңыр мен Жезқазғанда тұрғын үй, барактар құрылышы етек алған. Тағы бір қызы еңбек жер астында басталыпты. Өйткені кен де, көмір де жер қойында, шахты салмай оны ала алмайсың. Шағын қуатты оншақты шахты ағылшындардан мұраға ауысқан, арада өткен жылдарда бұлар да жарамсыз күйге келген. Соларды қайтадан жөндеу керек. Кен тасын бірден Қарсақбайға тасу — тиімсіз жұмыс, оны бос жыныстан арылтып, байыту қажет. Бұл үшін Жезқазғанда байыту фабрикасын салу міндет...

Осынау сан салалы, әр жердегі алуан түрлі жұмыстарға бүл жылы үш мыңдай жұмыскер қамтылған екен. Олардың дені Атбасар, Қазалы, Қызылорда сияқты Ұлытаумен шектес атыраптағы елді мекендерден келген дала қазақтары. Маңайдағы найман, қыпшак ауылдарынан ежелгі ата кәсібін тәркі етіп дүрмекке елігіп келген жігіттер де аз емес. Көпшілігі ағалы-інілі, әкелі-балалы болып, тіпті үй-ішімен көтеріле келіпті. Сауын малын, ешкілеріне дейін айдай көшіп, Құмоланың әр жерде үзілген қалдық суларын сағалап, құрылыш алаңын жағалай қоныстанып отырған да осылар. Бұлардың дені қол күшін ғана емес, түье, арбаларын да қоса жалдап, бейнеті зор кіре тарту жұмысын көтермеге алған.

— Ғажап! Жергілікті халықтың құрылышқа деген ықыласында шек жоқ. Жалаңаш қолмен тау қопарып, тас қашап жатырмыз. Ағылшын кезінде бұлай емес-ті, мен оны да көрдім... Ілгері басқан аяғы кері кетіп жүрдім-бардым істейтін, шетінен қырсық еді. Бүгінде сол пендeler адам танығысыз езгерген. Қараңғы деуге бола ма осы елді, айтыңызшы? Қекірегі ояу, көнілі жарқын, жомарт халық! Шетінен еңбеккор, көрдіңіз бе, құлшына кірісіп, жер түлетіп жатқанын,— деген-ді алғашқы танысу үстінде-ақ комбинат директоры Иван Васильевич Деев.

Ұлытауға Деев орталық қалалар мен Сібір түрмелерінің «дәмтұзын» біраз уақыт татқан соң, бас-еркінен айырылып, жер ауып 1913 жылы келген-ді. Ояз әкімшілігі оны Байқоңыр кәсіпшілігіне фельдшер етіп тағайыннады. Қызыл Преснядағы (Москва) 1905 жылғы көше шайқасында шындалған большевик құреспекер, әрине, мұнда да «қарап» жүрмейді, шахтерлердің астыртын үйімға одактасып, саяси құреспастауына үйтқы болады. Қазақ тілін үйреніп бұқара халықтың мұң-мұқтажына қайырымды болып, арыздарын жазып беріп, әсіресе ауырып-сырқағандарын ақысыз емдеу оны «Першіл Иван» атандырып, жергілікті тұрғындарға тіпті жақында-та түскен. Иван Васильевич жайында Қаныш Имантайұлы трест кенсесінде әр қылыш қауесет естіген: «Зауыт құрылышын айтып болмас қыншылықпен бастадық. Шел дала, ең қынын — жол қатынасы, бір жәшік шегенің езін төрт жұз отыз шақырым жерден түйе-мен жеткізу керек. Қайда барсаң да қаңыраған ескі жұрт, бүлінген шахты, тот басқан цехтар... Ал соны жәндеп, мыс береді деп күтіп отырған сенімді кісіміз — кешегі фельдшер...» «Бұл қалай, техникалық сауаты бар басқа кадр болмаған ба?» деп ол таңданыс білдіргенде, Деевті менсінбей мұрның шүйірген трест инженерлері бүл сұрақтың жауабын Казкрайкомның басшыларынан сұрауға кеңес берген...

Міне, енді бәрін де өз көзімен көріп отыр. Иван Васильевич іскер ғана емес, талантты үйімдастырушы екен. Біржосын тынымсыз адам. Жоқтан бар жасап, жалпақ елді құрылышқа жұмылдырып, ертелі-кеш жүгіріп жүреді. Әсіресе жергілікті тұрғындармен «тіл табысып», оларды кіре жұмысына тарта білгені — трест басқармасының «жергілікті халықтың рақымына байланысты» деп күні бұрын байбалам салған нақақ жаласын алғашқы айларда-ақ теріске шығарыпты. Ұлытау қазақтары комбинатты көлікпен де,

кірешімен де керегінше қамтамасыз етіпті. Жұмыскер күшінен де кемшін болар емес. Соларды тек жаңа мамандыққа тезірек баулып үйрете білсе?..

Қарсақбай мыс зауыты — қазак даласындағы тұңғыш ірі құрылым қана емес, бүкіл кеңестік мис өндірісінің алғашқы қарлығашы еді. Тәңкерістен бұрын салынған Оралдағы Калатин, Кыштым, Баймак, Карабаш зауыттары, онан соң Кавказдағы Аллаверді, Зангезур мис өндірістері қайта жүргенімен халық шаруашылығының қажетін өтей алмады. Анығында солардың бәрі қосылып, көрек мыстың жартысын ғана берді. Қалған жартысын үкімет шетелден алтын беріп алуға мәжбүр болған-ды. Осы олқылықты біржола жоу үшін таяу жылдарда тыңдан бірнеше мис зауыттарын салуға шешім қабылданған.

Қарсақбай зауыттарын — сол өндірістердің тұңғышы. Әмбе кешпелі тіршіліктегі қазақ даласында ірге көтеріп отыр...

Құмода жағасындағы зор қарбаласты көрген сәтте-ақ Қаныш Имантайұлы бір түрлі асқақ сезімге бөлениген: алып өндіріс, оның үлкенді-кішілі цехтары, анау тәбе басындағы зәулім мұржа, айдыны жарқыраған су бегеті, жаңа қалашақтың еңселі үйлері... Бәрі-бәрі өнінде емес, түсінде болып жатқандай; қыр сахараны үйкесінан оятып, қала салып, отырықшы ел етпек болған бала кезіндегі қиял-арманы бір-ақ күнде жүзеге асқандай... Бақса қиялы мен шындық арасы аса ұзап кетпеген. Ал өзі сол таңғажайып өзгерістің белсенді қызметшісі, тіпті жанды тетігі!

### 3

Қарсақбайға келген бетінде-ақ Геолком\* мамандары трест иелігіндегі кен орындарын аралауға аттанған.

Ол күнде бұл да оп-онай шаруа емес-ті. Ең үримтал тұрған Байқоңыр көмір кені — Жосалы жолында, Қарсақбайдан алпыс шақырым жерде. Жезқазғанда сонша жырақта. Қорғасын кені екі жұз шақырым — Ақтөбемен шекарада, ал Нілді кенішіне бару үшін елсіз қыыр даламен төрт жұз шақырымнан астам жол жүру қажет. Ақбұйрат пен Қарағанды одан да әріде.

Күзеубай Жидебаевтың (Жезқазған атырабындағы «Жетіқоңыр» ауылы) естелік әңгімесінен:

«Жайлаудан қайтқан мезгіл. Қара күз. Сымтас деген жерде қыстауымыз болатын, соның іргесінде күзекте отырғанбыз. Құдық басында тұр едім, ауылға қарай сау желіп келе жатқан бес-алты салт атты көрінді. Карта сызып жүрген жемтемір болдың деп шамалап тұрмын. Талайы келіп жөн сұраған, талайын бастап жүріп жол нұсқағам.

— Ассалау мағалейкүм!

Бәрекелді! Жемтемірлер қазақшаға судай деп кім ойлаған?! Пормалы порашке киген, ашаң бойлы, арық жігіт жақындаپ келіп

\* Геологиялық комитет.

атынан түсіп, ізетпен сәлем берді. Үңіле қарасам — өзіміздің қазақ баласы.

— Жол болсын, інім. Танымасам, айыпқа бұйырма.

— Кен іздеушіміз. Мына кісілер — Ленинградтан келген қонақ мамандар. Өзім Москвадан шықтым. Ныспым — Қаныш.

— Бәрекелді, Қаныш шырақ. Қазақ баласының да жемтемір болып, өз жерін елшеуге жетіп, қатарға ілінгені десеңізші. Қадамың қайырлы болсын!

— Құзекен отағасы сіз боларсыз?

— Шаруанды айтсан, Қүзебай да табылып қалар.

— Сарысу бойына жер шолып барамыз, бір сапарға жолбасшы болсаңыз деген тілегіміз бар, айып көрмесеңіз...

Ағылшынға жолбасшы болғанда, орыстармен тамыр атанғанда, өзімізден шыққан бір балаға қызмет көрсетпейтін не көрініпті маған. Қуана келістім де:

— Серіктерінді үйге шақыр. Сусын ішсін,— дедім.— Жақсыда жаттық болмайды, қарағым...

Сол күннен былай Қанекең екеуміз ағайынды кісідей дос болып кеттік. Бұл еңірде екеуміз кезбекен тау-тас, ат суармаған бұлак, су бар дейсің бе, е, ол да естен кетпес өткенге айналды... Тобылғылы, Айбат, Миқайнар, Шалқия, Қаражалға дейін, бір шеті Манақа, Қызылтас, Қызылжарды сол сапарда, біразын келесі жылдарда түгел шарладық. Қанекен атқа шыдамды еді. Қасындағы серіктептері ұзақ жүріске төзе алмай Жезқазғанға қайтып кеткенде, сыр берген жоқ сабаз. Ақыр аяғында екеу болып араладық. Екі кісі әлденеше күн кен даланы еркін кезгенде айтылмайтын сыр бола ма? Менің айтатыным — ел әңгімесі, оқымысты жолдасымның сөзі — жер, дүние әңгімесі. Осылайша кезек сырласумен күн үзартып, тұнқата жүріп, талай жерді сүздік. «Осы күнгінің саққулақ тыңшысы — геолог» дер еді Қаныш. Онысы рас. Бұлак, өзенге кезіксе, аттан түсіп, су жағасын жаяу шарлап, кейде алақанымен құм сүзіп, сағаттар бойы қараудан ол жалықпайтын. Тауға шықса, балғасын тықылдатып тас қашаумен болады. Мына Тама еліндегі Жамантауға барғанда оның айтқанын қалай үмытарсың! «Құзеке, бұған да соға жүрелік. Жамантау ма, әлде жақсы тау ма екен, білгеніміз жән ғой» деп әдейі бұрылып, бір күн қона жатып, асықпай көріп шыққан соң: «Біздің халық жер атауға шебер ғой, тегінде. Мына тау рас жаман болды. Не үстінде, не астында қазына жоқ, ит байласа тұрғысыз, жел қыдырған панаңыз жер екен» дегені есімде. Мен сонда естілердің бір сезін есіме алып: «Құлтебеге қазына көмдім, қымбаты үстінде, арзаны астында» деген екен. Қаныш шырақ, сен осы қолыңдағыны қомсынып, жерде жоққа қызығып жүргемегейсің. Асыл кен шығып жатқан Жезқазғанды қарамай, қу медиен мына даладан не іздейсің, нендей үміт күтпексің?» дегенімде, айтқыш еді-ау, сабаз, қолма-қол термелеп: «Таза, мінсіз, асыл тас су түбінде жатады, өлмейтүғын асыл сөз ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады» деген емес пе Бұқар жырау атамыз, бұл

даланың біз білмейтін асылы іздемесе көріне ме?» деп сөзден тосып еді мені.

Сол жолы екеуміз, ұмытпасам, толық бір ай, қар бекігенше ат үстінде болдық...»

Қаныш Имантайұлының жер шолған алғашқы саяхатында қасында болғандар одақтық Геолкомның мамандары еді. Ұлытау жонында олар 1924 жылдан беріде барлау жүргізіп келе жатқанды. Жетекшісі — Иван Степанович Яговкин. Ол кісі жайында Қаныш Имантайұлы Москвада естіген. Бесшоқыда бүрнағы жылы өзі геологиялық тәжірибе-тағызымда болғанда, оның есімін Михаил Петрович Русаков та зор құрметпен мадақтай атап, Сарыарқа қырын біраз уақыттан бері қажымай аралап, әлденеше кен орындарын ашқан аса жолды іздемаз геолог деген-ді...

Иван Степановичпен қазақ барлаушысы Жезқазғанда кездеседі. Шынында да, жұрт мадақтағандай айтулы кісі тәрізді, жас геологты жатсынбай, бірден бауырына тартып, жылы шыраймен қарсы алды.

— Хош келіпсіз, әріптес! Қазақ даласы өзініздей жер-сүзы, табиғатымен етene таныс тума маманды күткелі қашан. Далаңың нағыз зерттеушісі деп, міне, сізді айтуға болады. Біздікі не, өгей ұлдың қатығез әкеге білдірген алдамшы пейіліндей ғана бірдеме... Қарау міндег болған соң жүрміз ғой, әйтеуір. Көктемді шығара келіп, күзде қайта кетеміз. Тұрасын айтқанда, жыл құсындағы қонақ халықпаз,— деп ілтипат білдіре сөйлеген Яговкин, іле жұмыс жайын айта бастады.— Ағылшындар бұл еңірді он жыл шұқылапты, тапқаны мәз емес. 235 скважина бүрғылаған екен, сірә, жарымаған-ау деймін, теренге аса бойламапты. Біздің жігіттер де екі-үш жылда біраз жерді тұртпектеп көрді. Барлау жыраларын, шурфтарды едәуір қаздық. Кен жок емес, жоғарғы белдемде шұқанак бірдемелер бар. Бірақ көніл толарлық көмбеге жолықпадық... Мына салынып жатқан зауытсымақты жиырма-отыз жыл жемдеуге жетіп қалар, соны тек үқсатып ала алсақ?..

— Неге? Шахтылар қалпына келтіріліп, байыту фабрикасы іске қосылса — алу қын бола қоймас,— деп қалған еді Қаныш.

— Сіз, жас мамансыз, Қаныш Имантаевич,— деді Яговкин кіді үнмен,— аптығы басылмаған, арыны қайтпаған дегендей... Тегінде, жарқыным, бұл өнірден жez түглі, алтын тапсан да — оны жер бетіне шығарып, қажетіне жарату қын, әрі қымбатқа түспек. Өзінің ойлаңызшы, ең жақын деген темір жол станциясы төрт жұз отыз шақырым жырақта, су мүлдем тапшы, төңірек құлазыған шел дала, тұрғын халқы түгелдей сауатсыз. Иә, олар қөнілінізге келмесін, өндірістен ештене сезбейді. Бұларға бірдеме сездіру үшін кем дегенде жиырма жыл қажет... Әлде орталық қалалардан жалданып келіп жатқан бірлі-жарым жұмыскерлерге сенеміз бе? Бос әрекет! Мына қу медиен далада олар ұзаса бір-ақ жаз тұрады. Онда да андамай келіп қалған соң. Бұл шындықты біз жыл сайын көріп жүрміз. Барлауға әкелген кісілеріміздің, екі жаз қатар істеп, келесі жылы қайыра келуі... Жо-жок, көрген де, естіген де емеспін. Оларды сөйттің деп кінәлауға да болмайды. Қайдан

шыдасын, жазы ыстық — аспан айналып жерге түскендей. Қысы ұлыған боран, аязы бет үсіргендей. Көкөніс атымен жоқ, станокке суды түйемен әкелеміз, ауыз судың өзін алты қырдың астынан торсық, сабамен тасып береміз. Жарайды, жұмыскер мәселесін шештік дейік. Өндіріске қажет мол суды қайдан аламыз? Жол қатынасы ше? Мыс қорытуға қыруар отын керек, оны қайдан тасымыз? Бәлкім, Қарағанды көмірін атарсыз. Оны да сонау жеті жұз шақырым қырдан түйемен тартамыз ба?

— Байқоңыр көмірі ше?

— Байқоңырдың қоңыр көмірі, шырағым, ұзаса он-ақ жылға жетеді. Әмбे ол көмір деген аты болмаса, боқаты жанғыш затынан кеп, қызыу төмен мардымсыз отын. Жоқ, Қаныш Имантаевич! Ағылшын жұрты ақымақ емес, бақырды алтын етуден білген есепкор халық. Өзініз де байқарсыз, олардан қалған геологиялық документация осында бықып жатыр, терен барлауға ағылшын инженерлері әстілі баспаған. Сол тегін бе? Иә, иә. Үстіңгі қабаттағы тотықкан кеннің құнарлы көмбесін қаймақтай қалқып алып, ойыншиқ зауытта шала мысқа\* айналдыруға жоба жасаған.

Олар мұнда небәрі он екі жыл жұмыс істейміз деп есептеген. Түсіндіңіз бе, бар-жоғы — он екі-ақ жыл!?

— Жезқазғанға сенбесек, оны қорлы кенорны демесек — жеті миллион сом қаржы жұмсаپ, Қарсақбай зауытын неге жендер жатырмыз? Жолбойы көріп келдім, қаншама жұқ тасылып жатыр, қаншама құрылыс жұмыстары ірге көтерген!.. Осынша бейнеттің керегі қанша? Даланы мәңгі үйқысынан оятамыз деп дабырлап жүргеніміз де бос сез болғаны ғой,— деп, кексе әріптесінің сезін бөлген-ди Қаныш Имантайұлы имандай сеніп келген кенорнының кенет құнсызданып, қадір-бағасы көз алдында құлдилап бара жатқанына шыдамай.

— Жассың-ау, шырак, жассың,— деп салды Яговкин мырс өтіп,— Бұл өндірісті негізгі цехтары бұрыннан орнап қалған соң еріксіз салып жатырмыз. Дыбеңтін\*\* есебінше, мұндағы жабдықты бір жаққа көшіргеннен де кемтігін толтырып жүргізген тиімді болған.

Ал оны неліктен бұрынғы жобасынан үлкейтіп салып жатырмыз, не үшін? Оның жөнін Дыбең жолдастың өзінен сұрағын, шырағым. Ал мен Ұлытаудай шөлді қиянға үлкен өндіріс ашуға ту бастан қарсы болғанмын. Бұл — бір. Екінші, зауыт тұрғызылып жатыр екен деп малданып қалмаңыз, жарқыным. Осы да зауыт па екен? Ойыншиқ, көңіл алдау! Кеништермен қатынасы — тар табанды темір жол, он тоғызыншы ғасырдың қаусаған мұрасы. Сырт өмірмен сенімді байланыс — түйе, өндіріске пайдаланбақ сұымыз — көктемде үстап қалған қар сұы. Жоқ, бауырым. Үлкен істі бұлай бастамайды. Үлкен, болашағы зор кенді игеруге бұлай кіріспейді...

Қаныш Имантайұлы әлгіден соң жасы үлкен, әрі тәжірибелі, беделді маманың сезін бөліп ештеңе сұраған жоқ, үнсіз тыңдаған. Тіпті әлденеге көңілі құлазып жасып та қалған-ды.

\* Техникалық атауы — қара мыс.

\*\* Дыбең С. С.— Атбасар тресінің сол қарсандағы басқарма бастығы.

Келер күндерде Яговкин жас әріптесіне Геолкомның осындағы зерттеу партиясы үш жылдан бері барлау жүргізген жұмыстың нәтижелерімен таныстырыды. Одан соң екеуі жолбасшы алып, Жезді өзенінің бойына шыққан, қайтарда Кенгірдің жағасын шола оралған. Иен даланы еркін аралау, әлденеше күнге созылған ұзак сұхбат екі геологты өзара табыстырып, біршама жақындасуға себепші болды. Соңсa да шығар, Жосалыға жүретін күні геологиялық архивті тапсырып отырып:

— Біраз күн дәмдес болып, сырласып қалдық. Үлкендік жөнімен бірақылайтсан, ренжімейсіз бе, Қаныш Имантаевич? — деп Яговкин тың әңгіме бастаған.

— О не дегеніңіз, айтыңыз, Иван Степанович.

— Сіздің халықта «Қыран құстың қанаты үшқанда қатаяды» деген нақыл сөз бар екен, жаңылmasам, жолбасшы шалдан естідім-ау деймін. Меніңше, тамаша сөз!.. Сізге тезірек үшү керек, достым. Иә, иә, қанатыңызды тезірек қатайты үшін де біккесамға керек! Сол үшін де ескертіп отырмын: Жезқазғанға малданып қалмаңыз, қымбаттым... Мұның болашағы баянсыз кен. Иә, ашы болса да шындық солай. Мұндағы барлауды бірер жылда аяқтап, басқа бір — қоры мол, іргелі кенге ауысу керек. Қазак даласын геологиялық жөнінен әлі күнге дейін аз зерттелген тың, өлкедеп жүрміз фой. Бұл рас. Сіздей жас геологқа өнеріңізді танытар, бақ сынар қазына аз емес, тек салымыңыз болсын! Осы еді, сізге айтпақ кеңесім...

— Рақмет ілтипатыңызға!

— Ал онда, достым, мен енді жүремін. Ұлытау, Жезқазған қыртысын қалай қазсаңыз да — сіздің қолыңызда. Бұл жаққа мен енді қайтып оралмаспын, сізге сол үшін рақмет — меҳнаты көп, ауыр міндетті мойнымнан алғаныңызға!... Менің өндігі парызыым — мұндағы барлауға ғылыми кеңесші болу. Оның басты-бастысын анау, өзінізге кеше ақыл-кеңес ретінде тапсырған ұсыныста нақты керсеттім...

Яговкин аттанып кетті. Қалдырған мұрасы — Жезқазғанның кен тебелері Сорқұдық пен Милықұдықты айнала тесіп, қымқиғаш ораған шурф, жыралар; қағазы сарғайып, шеттері жұлдынған ескілі-жаналы барлау құжаттары; иә, алдағы жылға жобаланған небәрі бес бет геологиялық нұсқау-кеңес. Иван Степанович ұсынған кеште-ақ оны мұқият оқып шыққан. Оқып қана емес, әр сөзін көкейінде тоқыпта алған. Сондағы үққаны: Жезқазған кени — қазақ даласында жиі кездесетін тотықкан кен орындарының бірі; мысы бар, құнарлы, бірақ қоры баянсыз — мықтағанда Қарсақбай мыс зауытын отыз жылға шикізатпен қамтамасыз еткендей ғана; сол себепті бұл ауданда колонкалы қымбат бұрғылаумен шүғылдану тиімді емес; кең көлемде және тұракты жұмыс істейтін барлау қызметін үйімдастыру да қажетсіз шара болмақ...

Тұған жерінен неше түрлі қазына көмбелерін тауып, ел-жүртynың кәдесіне тезірек жаратуды армандап келген геолог жігіт кек-се әріптесінің сот үкіміндей тұжырымдап айтқан, әмбе жазып қал-

дырған ауыр пайымдауына сенер-сенбесін білмей, бір түрлі алаң болып, міндettі жұмысына әр қылыш оймен енжар кіріскеңі анық.

## ІЗДЕҢІСТЕ

1

Қаныш Имантайұлы Ұлытаудан қайтқанда жерде қар бар еді. Төнірек түгел мақта төсеп қойғандай аппақ. Аяз сорып қатпаған, боран үйтқып қаттамаған үлла қар. Даланың кешегі өрт шалғандай реңсіз келбеті бүл қарсанда өзгерген, жаңа киім кигендей жасарып, тіпті жасанғырап тұрган. Жаздағы абыр-сабыр қарбалас, көп кісінің, түйелі керуендердің әрлі-берлі қозғалысы біржола тыйылмаса да азайған. Барлау жұмыстары тоқтап, Геолком кіслері түгелдей үйлеріне қайтқан. Зауыт пен темір жол бойындағы, кеніштер мен Соцгородок төнірегінде қызу жұмыс та жаздағы аптықкан екпінінен жаңылғандай: у-шу азайып, балға-сүймендер шыңылы сиреп, сабырлы қалыпқа көшкен.

Жосалыда Сәтбаев көп аялдаған жоқ. Барлау материалдарын, жиган-терген жыныс үлгілерін жұқ камерасына өткізді де, күздегі келісім бойынша, Қызылордаға соғып, Таисиямен бірге болып, бірер аптадан соң Москваға аттанып кетті.

Бұл қыста ол бір ғана іспен беріле шұғылданады: қарауындағы кен орындарының ашылу тарихы, ертеңгі жайы... Трест кеңессінде сарыла отырып, алғашқы геологиялық сапары жайында есеп\* жазды; Ленинградтағы Геолком лабораториясынан келе бастаған анализ нәтижелеріне шұқшия үңіліп, Жезқазған кенінің қуат мөлшерін, мүмкіндігін есептейді; кеңеде үлгермесе — Қазақстан өкілдігі өрен қауып берген уақытша жатақтағы екі кісілік аядай белмелеге ала келіп түнде де істейді; әредік үлкен астананың қазынасы мол кітапхана, ескі архив қорларына кіріп, онда да ұзақты күндер бел жазбай отырады.

Бұл жылы пәтер тимеді, сол себепті Таисия Томнан келе алмады, Геолкомның Сібір бөлімшесінде жұмыс істейді. Сөйтіп, оның қыстайғы тірлік-қараеті Ұлытау қойнындағы сыры мәлімсіз мыс кембесін оймен шарлап, соның бар-жоғы жайында тебірене толғану болған-ды...

— Әрбір кенорнының кептеген жыл иә ғасырларға созылатын шежіресі, өзіндік өмірбаяны болады. Тағдырлары осы жерде түйіскең жүздеген адамдар жасайды оны. Қаламмен ғана емес, кейде қанымен де жазады... Менің кеңесім, жас достар, қандайда бір кенді зерттеу кезінде оның мәлім болған, өшкен, иә өсу тарихын аттап өтлей, ғұмыр шежіресін өзің жазғандай тану кепек,— дер еді профессор Усов.

\* Атбасар тресінің геологиялық есептері КСРО Халық шаруашылығының Орталық архивінде сактаулы. 8034 ф. қараңыз.

Ұстаз сөзі Қаныштың жадында. Ұлытауға барған тұнғыш сапарында-ақ ол Жезқазғанның арғы-бергі тарихына зер сала үңілген — кен шықкан тәбелердегі барлау жыраларын аралап жүргенде де, Қеңір бойындағы көне қазбаларды, кен үймелерін керген сәтте де, тіпті ерте заман ескерткіштерін тамашалап, ел аузындағы аңыз-әңгімелерге құлақ тұргенде де...

Жас зерттеушіні өң алдымен таң қалдырған жұмбак — кенорнының нақтылы аты еді: Алтынқазған, Құмістөбе, Қорғасынды, Темірші, тіпті Жеңтебе де емес, осы заманың геологиялық кенесі ғылыми талқыға салып, он ойланып, жұз толғанып шешкендей — Жезқазған деген.

Бұлатауды оған кен көзін алғаш ашқан барлаушы геолог емес, халық берген. Қашан, қай заманда?

— Біздің Ұлытау — қазақ ұлысының кіндік ортасында тұрған ортақ жүрт. Ілгері замандарда осы жердегі Күлтебебасында (сірә, «Күлтебеде күнде жынын» деген сөз содан қалған, біздің пайымдауымызша, бұл Қаракенір өзенінің бойындағы Алаша хан мазарына ұрымтал тұрған тақиядай еңсөлі төбешік) қазақтың иғі жақсылары, дана билері бас қосып, еларасындағы даулы мәселелерді шешкен, құрылтай ашып, талай мәрте мәжіліс құрған,— деп сыр шерткен-ді көне көз қарттар Қанышқа ел аралаған сапарында.

Сондай бір басқосудың белгісін ол Сарысу бойынан, Таңба-лынұра деген жерге тап болғанда көрген: бітімі өзгеше жартастың бір бетіне қазақ рулярның түрлі-түрлі таңбалары ойылыпты; сірә, пәтуа сөзін өз елінің ру таңбасымен әйгілеп кетуге келіскендей... Қеңір жағасындағы көне ескерткіштер — Алаша хан, Домбауыл, Жошы мазарлары да жас геологиялық көкейінде неше түрлі сұрақ, алуан жұмбак туғызды. Ал Ұлытаудың арғы баурайындағы Бұлантты, Жетіқызы езендерінің бойындағы тас мүсіндер, тасқа шабылған әр түрлі таңбалар ше?..

Сонын бәрі Ұлытаудың неше ықылым замандардан бері талай халыққа қайырлы қоныс болғандығынын айғағы.

(Он бес жылдан соң Ұлытау аймағының ғұмыр тарихы жайында бірталай деректер жиып, пікірін тұжырымдаған Қ. И. Сәтбаев «Жезқазған өніріндегі көне дәүір ескерткіштері» атты ғылыми еңбегінде былай деп жазбақ: «Көне мәдениеттің археологиялық ескерткіштерін нақтылы зерттөу, бөлкім, бұл өнірде адамдар тіршілігінің пайда болу, гүлдену мезгілін дәллірек анықтауға себепкер болар. Ал біз бұл мерзімді әзірше адамдар тіршілігінің неолиттен мыс-қола дәуірінө дейінгі (бұдан 2500—3000 жылдар бұрын) аралығы демекпіз»).

Москва мен Ленинградтың архив қазыналарын ақтару жас геологты өте-мете қызық деректерге жолықтырды: грек тарихшылары Геродот пен Страбон Арап теңізінің солтүстігі мен шығысында массагет, сақ халықтары көшіп жүретінін, олардың елі алтын мен мысқа керемет бай екендігіне қуәлік етіпти. Олардың қаруы, тарихшылардың айтуынша, найзаның ұшы, садақ оғы, айбалта түгелдей мыстан жасалған. Массагеттер мен сақтардың қай халыққа төркін болғаны жайында талас көп. Ал грек шежірелері сөз етіп

отырған «теңіздің ар жағындағы жерлер»— осы күнгі Қазақстан атырабы.

— Жетікоңыр құмында садак оқтары көп кездеседі. Құдауанда, соның бірі де шірімеген, шымқай мыстап құйылған қара қожыр кездіктердің талайын қолыма ұстадым,—деп таңдана күелік еткен-ді оныншы ауылда езімен мәжілістес болған Рахмет Жаппасбаев ақсақал.

Жезқазғандағы Кресто-Центральный қазаншұңқыры да бұл өлкенің көне тарихының ашылып қалған бір беті тәрізді: кен жұлгесі мұнда жер бетіне өте жақын орналасқан: әмбे мысы ағызыға өте қолайлы тотықкан қосылыстардан түзілген... Ескі қазындының жұртына Қаныш Имантайұлы зер сала үңіліп, бірнеше күн әуре болды. Өлшегенде оның көлемі таң қалғандай аумақты болып шықты — терендігі 6–8, ені 20, ұзындығы аз-кемі жоқ 750 метр. Қалдық мыстың құнары да көңілге толымды. Демек, аумақты қазаншұңқырдан ең кемі бір миллион тоннадай кен алынған. Сол жердегі тастанды жыныстар үймесінен ілгеріде түрлі-түрлі қазу құралдары табылыпты. Бәрі де қатты кварциттер мен өте берік тұтқыр тас жыныстарынан жасалған. Тас құралдар дәрменсіз болған кезде ескі заман кеншілері түрліше амалдар қолданған. Мысалы, қазылған ордың үстінен от жағып қүні-түні өртейді, тас шұңқыр әбден қызған кезде тоған сүйн лақ еткізіп бірден ашып жібереді... Бүгінгі техника тілімен айтқанда, жедел сүйтқан. Кен тасы шатынай сынады, одан кейін сұрыптауға түседі. Онан соң қулдей ғып уатылады, сумен шайқалып тағы ірітеледі... Осы күнгі металлургиялық терминмен айтсак, сұрыптау елегінен өтеді. Мұндай «байыту фабрикаларының» ескі жұртын геолог Жезқазғанда екі жерде, Сорқұдық пен Милықұдықта кездестірген-ді. Байыту жүргізілген тағы бір шұңқырды ол Сарысу өніріндегі Сымтас деген жерден көрген.

Мұның бәрінен бір ғана тұжырым жасауға болатын: Жезқазған — ерте заманнан бері қазылып келе жатқан кенорны. Оны ту баста тауып, мыс қазынасын өз әжетіне жаратқан, осы заманға ғылыми әдебиеттерде жорамалдан жазылғандай — чудь халықтары ма, массагет иә сақтар ма, әлде қыпшақ кеншілері ме?.. Мұны археологтар мен тарихшылар анықтауға тиіс.

Сол ізденісте қазақ инженері жолықтырған тарихи деректердің бірі — Москвадағы Орталық ғылыми кітапхананың қорынан табылған «Капитан Николай Рычковтың киргиз-қайсақ даласына 1771 жылғы саяхатының құнделік жазбалары» еді.

«Осы саяхаттың басты себебі — Еділ бойындағы қалмақтардың Ресей патшасына бұдан әрі бағынудан бас тартып, өз хонтайшаларының үгітімен ежелгі атамекеніне бет алған босқын көшін киргиз-қайсақ даласында қып жетіп, күшпен тоқтату үшін Орынбор губерниясындағы әскерлерді жедел аттандыру болды. Біздің экспедицияға хабар жеткен соң-ақ, ғылым әлеміне мәлімсіз қалыпта тузырап жатқан ұлан-байтақ осынау жерлерді сипаттап жазып, әмбे оның байлығы мен пайдалы қазбалар қорын анықтауға бұдан артық қолайлы мүмкіндік болmas деген тұжырымға келдік. Сол

себепті мені әскери корпуспен бірге аттандыруға бұйрық берілді» деп басталатын Рычков жазбаларының геологтың көңілін ауда-рып, қайта-қайта оқытқан беттері әскери экспедицияның сәтсіздікке үшірап, терістік шекараадағы Усть-Уй бекінісіне амал-сыз бұрылуға мәжбүр болған азапты құндерінде жазылыпты.

1771 жыл, май айының 11 күнгі жазбадан: «... Бұдан әрі жол... жоғарылай берді де, ақырында... Ұлы Тау деген жотаға көтерілдік. Осынау ата таудың шоқтығына шығып жан-жағына қарасаң — на-зарыңа талай жер ілінеді, қандай әдемі және әр алуан көрініс. Таудан асу оңайға түспеді, әсіреле жолшыбайғы неше түрлі тас шөгінділерінен өту. Ақырында мұны да артқа қалдырып, Ұлы Таудан шығатын Тирсакан (Терісаққан — M. C.) деген өзеннің жаға-сына жеттік.

... Ұлы Таудан бірнеше үлкен өзендер бастау алады екен: олар — Ұлы Қарағай-Еланшық (тәрізі осы күнгі Дұлығалы Жыланшық, не Үлкен Жыланшық өзендерінің бірі — M. C.), Кенгір, Сары-Кенгір, Жезді-Кенгір, Жезді мен Кенгір өзендерінің бойында көне халықтар қазған мыс кендері керемет көп деседі... Онда өзге де кендердің, мысалы, алтын мен күмістің белгілері байқалған. Кенгір өзендері кеп жерлерді аралап ағып, ақырында бір-біріне қосыла-ды да, бір арна түзеп, Сарысуға құяды. Өзендердің қосылған түсында Жан-Ана деген сарайдың қалдықтары сақталған...»

Қаныш Имантайұлы сол құндерде танысқан тағы бір көне қазына — XVI ғасырда Москвада басылған «Үлкен сыйба» кітабы еді. Ұлытау атының орыс жүртіның жазбаларына түсүі де, тегінде, осы кітаптан басталғанға ұқсайды: «Ұлытаудан үш өзен шығады, үшеуінің де аты біреу — Кандерлик. Бұлардың екеуі өзара қосылған соң Сырдарияға құяды, ал үшінші Сарысуға...» деп күелік етіпті есқі кітаптың түсініктемесі.

Кандерликтің осы күнгі Кенгір екені шубәсіз. Бірақ неге үшеу? Қара Кенгір мен Жездінің өзара қосылып Сарысуға құятыны анық. Ал Сырға құлаған өзенді Ұлытаудан көрген де, естіген де кісі жоқ. Ұлытаудың ежелгі «Жібек жолына» ұрымтал тұрғанын ұмытыға болмайды. Оның жез-мысы, кен қорытқан көнігі шеберлерінің даңқы шартарапқа тарап, мындаған шақырым қырлардан жібек бүйімдарын, неше түрлі асыл заттар тартқан жасақты керуендердің бұрылып келіп, мыс құймаларын теңдеп қайтатын береке-құт, шылқыған байлық мекені болуы да ықтимал... Кептеген ғасырлар өтті. Бетпақтан дамылсыз есken ақызак, біртіндеп қозғалған сусыма құм көші бүл өлкениң табиғатын өзгертті. Қуаншылық женді. Өсімдіктер азайып, ну ормандар сиреп, ақыры біржола құрып кетті. Жылма-жылғы ылғал қорынан айырылған өзендер суалып тартыла бастады. Келе-келе арнасына дейін құрып, біржола жер болды. Бұл өнірдегі адамдар тіршілігі де өзгерді, керуендер келуі сиреген соң кенші кәсібі де құлдырап мүлдәм ұмытылды. Жанадан қоныстанған халықтар жадында оның Жезқазған деген аты ғана сақталды. Сол ат ғасырлар керуенімен бірге кешіп, ақыр аяғында қазақ жүртіна жеткен, жез қазатын жер атанип, шежіреге енді...

«Ұлken сызбаның» терідей қалың беттерін ақтарып отырып Ұлытау атын көзіктіргенде, онан соң жер бетінен үшті-күйлі жоғалып кеткен өзендер арнасын оймен қиялдап көз алдына елестеткенде, жас геолог неше алуан сезімге бөленип, тіпті сонау кене замандарға саяхатқа шығып, серуендеп қайтқандай әсерге берілер еді. Ойлап қараса, бәрі де қисынды, бәрі де болуға тиis жайттар. Тек соны бұлтартпас айғақтар тауып дәлелдей алса? Бәрінен де бұрын тарихы бай, шежірлі елкенің қайта ғүлдеп, нұлы, сулы аймаққа айналуын көзі керсе, соған өзі зерттеу еңбегімен дәнекер болса?!. .

Фасырлар бойы тоқтаусыз жылжып келе жатқан құм көшін, бұл өлкені өрттей күйдіретін ыстық желді бөгейтін күш – жасыл қорған. Ондай ну орман сумен өседі. Тартылған өзендерді таба алмасың анық. Ұлытау төсіне соқпайтын өзендерді кері ағызы одан да қыын. Ағызар еді, тартылған өзендер арнасы да суға толар еді, егер соны ақтайтында, еңбегің жанғандай жер астында мол қазына жатса!..

Жезқазғанның бертіндегі, 60–70 жылдан бергі шежіресі Қанышқа қайғылы ертегідей көрінген.

Ұлытаудың мыс кендерін Алтай кен басқармасына алғаш мәлімдеген Екатеринбургтің 2-гильдиялы қөпесі Никон Ушаков екен. Бұл оқыға кен округының арнаулы кітабына 1847 жылдың 10 қараша күні тіркеліпті. Әрине, Екатеринбург қөпесі Жезқазғанның кен төбелерін дербес иемденуге дереу қам жасайды. Солжерлерді өзіне күзек етіп жүрген Ерден және Дүзен Сандыбаевтармен (бұлардың алғашқысы кейіннен Шоқан Ұәлихановпен таласып, Атбасар дуанына аға сұлтан болып сайланған) келіссөз жүргізеді. Бірақ бай ағайындылар діні басқа адамға күзек жерін сатудан үзілді-кесілді бас тартыпты-мыс. Сол себепті Ушаковқа жанама амал қарастыруға тұра келген: Мысық деген ауылнайға бір тай, тәрт жұз сом пара беріп, жер иесінің атынан сенім қағаз жасалады. (Ел аузындағы аңызға қарағанда, Мысық бұл қылығы үшін Ердениң «аузың асқа, аулың атқа жарымасын, тұқымың құрып, тұяқ қалмасын!» деген қарғысына ұшыраған; оның келешек ғұмыры, шынында да, солай аяқталыпты-мыс).

1850 жылдың 11 қазан күні дүниеге келген ресми құжат бойынша, «Джезъ-Козған тауының... бектеріндегі жалпы аумағы бес мың шаршы қадам тәрт тәбебеге» қожа болып шықкан Никон Ушаков жер бетінде көрініп жатқан totықкан кеннің құнарлы кесектерін іріктеп алғып, Оралға тасытып, мыс зауытында қорытуға кіріседі. Тегінде, бұл бейнеті көп өнімсіз жұмыс еді, әмбе зор шығын талап еткен. Сол себепті Ушаков компаниясына еншілес болып 1854 жылы Оралалпауыттары Аникий Рязанов, Тит Зотовтар қосылады. Алайда аттың белі, түйенін қомымен ту қыырдағы Оралға тірнектеп жеткізілген Жезқазған қазынасына заты қомағай көпестердің көңілі көншімеді, тұрасын айтқанда, тісі батпаған. Соңсоң да «Ушаков және К°» одағы өздеріне тиімдірек Нілді мысын алуды жөн көрді, Қарағандының мол көміріне тақау жерден Ақбүйрат зауытын салып (1864), болмашы олжаны қанағат етеді. Жезқаз-

ғанда олар ешқандай геологиялық барлау жүргізбекен, мысы құнарлы көктасы көрініп жатқан бай жүлгелерді әр жерден бұрғылаумен тынған.

Мұның ақыры Лондонда үйымдасқан «Атбасар мыс кендерінің акционерлік қоғамы» деген кәсіпкерлер компаниясына 260 мың сомға сатумен бітеді. Жезқазғанмен бірге бұл компания өз иелгіне Ескөл темір кенін, Ұлытаудағы әк тасы Қазаншұңқыры мен Байқоңыр көмірін алған. Геологиялық архивтегі деректерге қарағанда, бұл сауда 1909 жылдың 29 мамыр қуні жүзеге асыpty.

Ағылшын кәсіпкерлері – бір нәрсеге қөнілі ауса бірден-ақ шығанға құлаш сермен құлағанша тынбайтын аусар да мейлінше қомағай орыс көпестері емес, олар тыыннан теңге жасауды әбден менгерген, жымысқылығы мысық қылықты, әмбे азулы арыстандай ерекше сақ жандар. Сондықтан да олар Ұлытау қазынасын жалға алардан бұрын «Сібір синдикаты» деп аталатын кен компаниясының мамандарын жалдап, Жезқазған қыртысында үш жыл бойы барлау жүргізген.

Алғашқы барлауда-ақ синдикат мамандары керемет бай құнарға тап болыпты. Қорытуға жіберілген кен үлгілерінен 6-дан 32 процент аралығында таза мыс шығады.

Ағылшын мамандары кен тасын алысқа тасымай, сол жерде қорыту мүмкіндіктерін зерттеумен де шүғылданады. Геолог Гарвейдің есебінше, бұл да – өте тиімді шаруа болмақ. Оның акционерлер алдында жасаған баяндамасы Лондон биржасында едәуір дүrbелен туғызады. Американ экспертері Титкомб пен Саймонның, мыс кендерінің атақты маманы инженер-геолог Сидней Боллдың шалғайдағы Жезқазғанға сапары – соның салдары. Сірә, олар да құр қол оралмаған тәрізді. Өйткені іле-шала американ кәсіпшилері де Атбасар акциясын көтеп сатып ала бастайды...

Шетелдік компанияның Жезқазғанда бұрғылаған 235 скважинаның қамтыған ауданы – мәз емес, небәрі 90 десятина. Бұрғы жеткен орташа терендік – 60 метр. Соның езінде бірнеше кен өзегі табылған, бәрі де мысқа бай, аса құнарлы жүлгелер. Байқоңыр қыртысына да бұрғы түседі, 54 скважина екі жерден көмір жылғасын қаумалайды.

1912 жылдың желтоқсан айында Лондонда еткен акционерлер жиыны Жезқазған кеніне бейімдеп байыту фабрикасы мен мыс қорыту зауытын салуға шешім қабылдайды. Рас, Яговкин ескерткендей, бұл жоба шағын көлемге негізделген: шахтылар да, фабрика мен зауытта; олар өзара тар табанды темір жолмен жалғасады; пайдаланатын негізгі жұмыскер қолы – «әрі арзан, әрі көп» жергілікті туземдік түрғындар; ал жұмысқа басшылық ететін инженер-техниктер – ағылшын мамандары; «орыс техниктеріне әстілі сенуге болмайды...» Барланған кен қоры салынбақ өндірістің он екі жыл жұмыс істеуіне толық жетеді деп есептелген. Соның езінде кәсіпкерлер қоғамы алпыс бір мың тонна қара мыс алып, шаш етектен пайдага кенелмек...

Жезқазған шежіресін ертелі-кеш ақтарып танысқан сайын Қаныш бір жайды таңдана ойлаған-ды. Саралап көрсе, бұл өнірде

кімдер болмаған: оның «...керемет көп мыс көмбелері» жайында алғаш жазған Николай Рычков; Орталық Қазақстандағы мыс кендерінің білгірі М. П. Русаков; немесе Сарыарқа жонында ондаған қазыналар қоймасына қазық қаққан И. С. Яговкин; Қарашандының «қара алтынын» әлденеше жылдан бері түбегейлі зерттеп келе жатқан инженер (кейіннен профессор) А. А. Гапеев; ағылшын геологтары Уэст, Гарвей, Титкомб және Саймон; кен инженері Нобель, итальяндық геолог Камило Черути, француз Бауэр, орыс инженері Тиме, американцы геолог-экономист Сидней Болл... Бұлардың бәрі де Ұлытауға әр қылыш мақсатпен сапар шеккен. Кен орнын әр түрлі жағдайда көрген, зерттеген, барлау жүргізген. Бір ғажабы, солардың бірде-бірі «Жезқазғанда мыс жоқ» демейді. Қайта бәрі де кеннің бар екендігін жазады, тек соның көлемі мен құнары жайында әр түрлі болжамдар айтқан.

Шынында да, Жезқазғанның кен төбелеріндегі мыс көмбенің қоры қанша? Қанша көлемді алып жатыр, қандай терендікте? Құнарыш? Әлде ол, Яговкин болжағандай, бар құнарын үстіндегі бай қабатқа ғана жинаған мардымсыз кен бе? Ағылшын деректері де сایып келгенде соған саяды. Жобалауды олар шағын көлемге жасаған, кең табанды темір жол салу сияқты үлкен де іргелі құрылыштарға баспаған. Құрылыс дейді, бұрғылау скважинарының өзін аса терендетпей, бұрғы үшы кен жылғасына бойлаған кезде тоқтатып отырған. Әлде соған күші жетпеген, әлде әрі қарай терендеуді қажет деп білмеген? Бәлкім, мыс көмбенің шын нарқын дабыралап жария етпеуді қөздеген шығар? Бұл да қисынды жайт. Кенорнына француз инженерлерін жолатпай, барлау деректерін құпияда ұстаған қитұрқысы тегін бе?.. Ойланарлық гәп!.. Бұлай десе, Геолком мамандары, әсіресе Яговкиндей білгір геолог бұл өнірден неге түңіледі? Қоры мәз емес деп неліктен үзілді-кесілді үкім айтады?.. Геолком партиясының 1924 жылдан бері зерттеуде бірде-бір скважина бұрғыламауы неліктен? Соны керек болар деп, сірә, қажетсінбеген де тәрізді...

## 2

Жұмысқа ден қоя беріліп, архивтерді қазып, геологиялық ізденістің ну жынғылына құныға кіргенімен, бір мәзгіл салт күйі, пәтер мәселесінің шешілмей, әзірше құрғақ уәде қалпында келе жатқаны да жас маманның көнілінде қаяу ойлар тудыратын...

**Қ. И. СӘТБАЕВ — ТАИСИЯ КОШКИНАҒА, Москва, 8.02.1927.  
«Сүйікті Тася!»**

Соңғы хатыңызды алдым. Көнілімде жабырқау туғызғанын жасырғым келмейді. Өзіңіз жазғандай соңғы уақыттың, «күту және әрқиыл шырғаландар» Сізді де қажытып, қамығуға душар еткенін мен, әрине, жақсы түсінемін. Сейтсе де біз бір жайды талассыз мойындауға тиіспіз: өмір — құресу мектебі; оған керген түстей жеңіл қарауға болмайды; ғұмырымыздың алғашқы кезеңінде осындај жағымсыз «үзілістердің» кездесуі әбден ықтимал. Бұлардың

бәрін де мен сөзсіз болуға тиіс «аксиомаларға» балаймын және әлі де кездеседі деп күтемін. Ал Сіз маған «ертекке де сенгіш аң-ғал адамсыз» деп, одан өрі «баянды болашақтан ешқандай үміт-дәменіз жок» дегенге саясыз. Бұл мәлімдеменізді мен үшін зор жаңалық екенін естіртуге рұқсат етіңіз. Жаңалық болғанда, Сізге тұрасын айтайын, жаңымды әлем-таптырық еткен. Мәселе бұған ауса, біздің осы қунге дейін өзара сеніп, әлпештеп те келген «мінез-құлық үйлестігіміз» әншейін сөз болып шыққаны, демек, олар қарама-қарсы негізде жарапған. Бұл жайт мениң көңілімде ете ауыр және жабырқау ойлар туғызыды. Сізден бұларды жасырғым келмейді: біріншіден, күзде сіз күтпеген сәтте Оралға кетіп қалдыңыз; шүғылдан шештіңіз де, менімен қоштасуды да қажетсінбей кете бардыңыз; егер мені шынайы сүйсөңіз — мұныңызды қалай түсінемін?.. Тіршіліктің болмаши әсерінен-ақ шорт үзілетін махаббаттың «беріктігін», іө оп-онай «шытынай қалатындығын» ойласам-ақ мен әрнеге шүбәлана бастаймын. Айталық, Сіздің маған деген сезіміңізде байыпты һәм тұрақты нышандардан гөрі қас қағымдық «серпіліс» пен «жарылыстар» көбірек байқалып жүр. Бұл жайттарға мен көптен бері ойланудамын, әсіресе күзден бері тіпті жиірек, ал соңғы хатыңыз осы толғаныстарымды ашық айтуға мәжбүр етіп отыр.

Өз ойымды ақырына дейін ақтармақпын, өмбе ешқандай бұкпесіз түрде. Өйткені, Сіз бен біз алдымызға жеңіл мақсат қойып, өзара «өзілдесіп» жүргеніміз жок. Біз мейлінше тілтауып, сезім мен ойдың өзара үндесіп аса үйлескен жағдайында жұмыс істеуге тиіспіз, өйтпейінше болашақта ете қолайсыз реніштерге тап болуымыз көдік. Сол себепті, Тася өзініздің келешекке деген жоспарларыңызды түгелдей қайыра бір мәрте тексеріп шығып, жанжақты ойлауға әлі де мүмкіндігіңіз бар. Оларға «түске енетін ертегілерді» қоспаңыз, өмірден тек қана «есіре қуаныштар» күту де дұрыс бола қоймас, алайда келешек бір фана «қара тұн» деп те түңілменіз. Өмірді қарапайым қалпында қабылдау шарт: айталық, жарқын болашақ үшін күрес деп, бұл жолда «өрлеу» мен «құлдилу» да қат-қабат кездесерін, сірә ұмытпай... Өзінізге мынандай сұрау қойып, «Мен онымен бірге жүріп, өмір ұсынар әр түрлі қыншылық, шыргалаңдарды бастан кешуге өзірмін бе?» деп ойланып көрініші. Мениң тұлғамды, ойлаймын, Сіз жеткілікті білесіз: **мен қазақпын — жаратылысым да, жаңым да қазақы; ойтүсінігім бойынша да қазақпын; алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда еткізбекпін**; бұл жолда өзіме ай нұрындағы көмекі де бұлдыр армандар қойып отырған жоқпын; сондай-ақ сөзсіз кездесер қыншылықтардан да алабәтен безінгім келмейді; жантыныштығын да тым жайлы тұрмыстан гөрі рухани күреспен өткізгенді жөн көремін; қажет екен — тіршіліктің, барлық жақсы күйтінен бастартып, Қазақстан қырын армансыз кезіп, өмір бақи кен іздеуге өзірмін...»

Ксения Алексеевнаға сәлем жолдаймын. Сүйемін. Қаныш.

P. S: Пәтер мәселесі орайласа бастады: ақша бөлінді; енді соған үй табу керек; табылған кезде телеграф арқылы хабар

беремін... Әзірше Томнан шықпай тұра тұрыңыз. Пәтер табу мұнда қияметтей қын екенін ұмытпаңыз. Қ...»

Қыстайғы іздениңісі жас геологты ақыры Жезқазған қырында бұрғылау жүргізу қажет деген байламға сендірген-ді. Көкейін тескен көп сұраулардың нақтылы жауабы сонда белгілі болмақ.

Солқыста-ақ ол Ленинградқа, Геолком басқармасына барған.

Ол күнде бұл — Кеңес Одағындағы геологиялық барлау жұмыстарын өз қолында ұстап отырған үлкен ұжым. Мамандары да атына сай: қарапайым инженер, техниктер ғана емес, қызметінде небір білгір профессор, атақты академиктер бар; сол замандағы геологиялық ғылыми ойдың бірден-бір орталығы да сонда... Сондықтан да Геолкомның сөзі даусыз деп есептелетін. Сәтбаев болса Геологиялық комитетке салмақты өтінішпен келіп отыр. Әмбे қандай? Бұдан үш жыл бұрын комитеттің геологиялық кеңесі бекіткен Жезқазғанды барлау жоспарына түзету жасап, өте қымбатқа түсетін бұрғылау жүргізу үшін. Сонда қандай дәлелмен? Байқап көру. Бетке үстар беделі?.. Диплом алғанына бір-ақ жыл болған жас маман, ғылыми ешбір атағы, ашқан кені де жоқ, геологтар қауымына аты мәлімсіз бейтаныс қазақстандық... «Жоқ, шырағым, бұл мәселені ең әуелі Иван Степанович Яговкинмен келісініз. Орталық Қазақстандағы барлау жұмыстарына оның айтқаны заң!» деген тұжырымды жауап естиді ақыры.

Кексе әріптесінің бұл жайындағы керегар пікірін біле тұра, амал қанша, баруға тұра келді.

— Сейтіп, тереңге үңілгініз келеді? Байқамақсыз бағыңызды, — деп Иван Степанович жас әріптесін жаңа көргендей таңдана қаралды.— Ау, сіздің қыирдағы дала жағдайында жер бұрғылаудың қаншалықты зор мекнат екенін білесіз бе өзі? ...Не дейін сізге? Жезқазғанның бақ мерейін көтеруге құлшынып тұр екенсіз — қарсы тұруға бола ма, көтеріңіз, меселінізді бір жолға қайтармайын. Оның үстіне трест басқармасы барлауға қаражат босатқан соң, шаруам қанша, бұрғылап көріңіз. Бір жазға бұрғылаушылар бригадасы мен бір станок беруге қарсы емеспін.

— Иван Степанович, әйтеуір, кіріскең соң екі станокпен бастасақ жән болар еді.

— Жоқ, қымбаттым. Бір станок алғаныңызға тәнір жарылқасын деңіз. Оның өзін де сіз үшін, аптыққан жас көніліңізді қимағандықтан. Біле білсөніз, мұндай мырзалиқты Жезқазған тыңында мен өзіме де жасаған емеспін...

Ақыры осыған келісті. Мұны да олжа көрген.

Москвадан ол бірінші мамыр күні (1927 ж.) поезден шықты. Самарадан өткенін, купенің ысып, онтүстіктің әсері сезіле бастағанын Таисия Алексеевнаға екінші мамырда, жолшыбай жолдаған хатынан білеміз. Қаламы поезд жүрісінен дірілдей бергендіктен қысқа жазылған хаттың айтары: көнілі кетеріңкі, алда — тұнғыш барлау, «Сүйікті Тусенъкасымен — таяу күндерде Қызылордада кездесетініне сенімі мол». Бірақ бұл сапарда кездесудің сәті

түспеді. Геолком басқармасының Ленинградтан жіберген қара-жаты кешіккендіктен, Таисия Томнан уақытында шыға алмай қалды.

**Қ. И. СӘТБАЕВ – ТАИСИЯ КОШКИНАҒА**, Қарсақбай, 23 мамыр, 1927 ж.

... Қарсақбайға 11 мамырда күндіз келдім. Содан бері осын-дамын. Иә, Байқоңырға бірнеше күнге барып келдім. Құрылыс маусымы едел-жедел қызу басталыпты. Жұмыс қарқыны, әсіресе жан-жақтан құйылып жатқан жұмыскер күші соншама көп, бұлай болады деп ешкім күтпеген. Құрылыс материалда-рын дер кезінде жеткізуғе ғана құдігіміз бар. Тасымалдау жұмы-сын жандандыруға шаралар жасалып жатыр, бұл жөнінен де тегінде олжасыз емеспіз. Қалайда биылғы жылдың құрылыс жоспарын толық және кешіктірмей орындауға сенім мол. Ше-телден алынбақ жабдықтарға тапсырыс – мен Москвада жур-ген кезде-ақ түгелдей жүзеге асқан-ды. Осының бәрі, сайып келгенде, алдағы тірлігімізге сеніммен қарап, көңілге дәт деу-ге сыйғандай. Қарсақбайдың тағдыры, аңдауымша, сәтті жол-ға түсті. Жезқазғанның мыс кеніштері судан құргатылыпты. Су сорғыштар қойылып, кен қазылатын участоктарды, шахтылар-ды тіреумен бекіту жүріп жатыр. Кен қазу күзде басталмақ. Күн тәртібіндегі қазіргі мәселе: барлау және флюстер (технология-ға қажет қосымша шикізат – М. С.) табу. Жезқазғанға дейінгі темір жол торабы бірінші қазанда аяқталмақ, демек, бірінші поезд да сол кезде жүргізіледі...»

Геолкомның бұрғылаушылар бригадасы ырғалып-жырғалып үзақ жиналып, онда да Қарсақбайдан әлденеше мәрте сұрау са-лып асықтырған жеделхат төпеуден соң, ақыры мамырдың соңғы күндерінде келді. Ағылшындардың жүртynда қалған ескі «Крели-устерден» құрап станокты жүргізгенше тағы бірер апта өтті. Со-нан бір күні, шілденің орта кезі еді бұл, трестің бас геологы Сәтба-евтың өзі нұсқаған ескі «Петро» шахтасының оңтүстік шебінен уақытша жаппа қалқытып алып, жер тесе бастады. Бұл – Жезқаз-ған қыртысына түсken екі жұз отыз алтыншы, ал геолог Сәтбаев-тың барлаушылық ғұмырында тұңғыш рет тұсауын кескен ерекше скважина еді.

«Әрбір шынайы геологта бөгде адам түсінбейтін, түсінсе де сенбейтін өзгеше сезік, түйсіктер болады. Әлдеқандай бір ішкі наным (интуиция) оны осындай шұғыл әрекетке итермелеп тұра-ды... Ақыр аяғында соның жетегіне көз жұмып ересің де, ешкім көрмеген, бұрғы үші тимеген кен жұлгесіне болжау айтасың. Қателесуің мүмкін. Бірақ өзіңе сеніп, бірдеме білетінің шүбәлан-бай тәуекел еткенге не жетсін!» дер еді ұстазы Усов. Жезқазған қойнындағы жасырын көмбеге жас геологтың сенім артқаны рас. Бірақ ағылшындардан қалған картага көп уақыт шүкшія үңілуден соң, «Петро» қолатындағы құнарлы бай жүлгениң он қанатының кенет үзіліп, зым-зия жоғалып кетуіне құдіктеніп, соны бұрғы үшы-

мен бірнеше жерден тексеру — геологиялық терең есеп пен ұзак толғанудан туғаны да көміл шындық.

Үмітінің алданбағанына кеп ұзамай-ақ көзі жетті. Скважина отызыншы метрден әріде сұрғылт құмтасқа (песчаник) кезікті. Жезқазған кенінің айрықша ерекшелігі — сұрғылт құмтаста екені даусыз ақиқат. Мұны ағылшын мамандары да, кенорның бертінде зерттеген орыс инженері Тиме де: «Өңгіме құмтастың ене бойына шашыраған мыс құнарының аз-көптігінде ғана», — деп атап көрсеткен. 236-скважинадан алынған керннің сүйегі — біртекі сұрғылт құмайт тас. Бетіндегі шашыраған жасыл рең — қалпынша мыс, кәдүілгі халькозин минералы. Демек, бұрғы ұшы құнарлы кен қабатына іліккен... Рас, солай деп сеніммен айту үшін лабораторияда мұқият тексеру керек. Химлаборатория болса — бұл арадан қашықта, Ленинградта. Иә, скважинаның нақтылы нарқын қатесіз айыру қыста шешілмек. Жас геолог бұған да қала. Бірақ шарасы жоқ. Шамалауынша, керннің құнары ағылшындар зауытқа тасымак болған бай кеннен ешбір кем емес.

237-скважина да кен қабатын күткен нүктеде кесіп өтті. Әрі қарай тереңдеп бойлауға геологтың бірақ дәті бармады. Қолына әрең тиген жалғыз станокты бірден шыңырау құрдымға салуды қаламаған еді. Сәтімен ілігіп тұрған олжаны аз да болса қанағат етіп, соны там-тұмдап өсіруді тілеген. Алашағын бірден емес — біртінде, биыл да емес — келер жылдардан күтуді жөн көрген. Американ маманы Сидней Болл жұз елу метр тереңге дейін бұрғы сұнгітуді жобалапты. Өзінің көңілінде — бұдан да төменірек белдеулер... Тек оған шыдам керек!

Солай етпеске амалы да жоқ-ты: ескі «Крелиустың» қауқары сол-ақ, жағар майы ғана емес, сұына дейін тасымал; жұмыскерлер болса ертелі-кеш шыжыған күн астында, аңызақ жел өтінде істейді; бас паналар қалқа тұрғызуға ағаш жоқ...

Колонкалық бұрғылаудың түрлі-түрлі хикметін Қаныш Имантай-ұлының Қызылордаға, Таисия Кошкинаға 22 тамызда (1927) жолдаған хатынан білеміз...

«...Жезқазғандағы барлаудың барысы әзірше көңілдегідей деуге болады. Сол жақтан кеше геолог Яговкин келді. Оның айтуынша, алғашқы бес скважинаның тәртеуі орташа құаты 0,67 метр кен қабатын кесіп өтіпті. Кендегі мыстың құнары 20—30 процент шамасында дейді. Қалдық зонамен жүрген екі скважина кен жұлгесінің шекарасын шектеуге мүмкіндік берген. Бұрғыланған скважиналардың жалпылама көлемі ұш жұз метрдей. Күзге дейін тағы да бес-алты скважина бұрғыланады. Сонымен жаңа қолаттан бір миллион пүт мыс қорын қосымша күтіп отырмыз. Кердің бе, қаншама таң қаларлық мол қазынаға ие болғанымызды. Жезқазғандағы барлауға келесі жылы, сірә, ең кемі жұз мың сом сұрайтын шығармыз. Ал флюс мәселесі әзірше қын халде — әктасы, пирит те жоқ... Спас аймағына геолог Яговкинді де ала жүрмекпіз. Ол онда бір ай болмақ. Спас комбинатындағы барлауға екі жұз мың сом қараждат алдық...»

Екі бірдей комбинаттың барлауын басқару жас геологқа бірталай міндеттер жүктеген-ді. Иә, жұмыс аз емес-ті, әмбес сан алуан, соны ықтиятын атқару үшін тыным көрмей ертелі-кеш жолда болу керек. «Спас мәселесін тиянақтау үшін 5—10 маусым ара-лығында Москваға баруға мәжбүрмін,— деп хабарлайды ол Таисияға Қарсақбайдан 23 мамырда (1927) жазған хатында,— Одан соң шілденің алғашқы жартысында Спас кәсіпшілігіне жетуім кепрек. Ондағы жұмыс та бірқыдыру...»

Нақ сол қарсанда былтырдан бері сөзбүйдаға түсіп келе жатқан пәтер мәселесі де сәтті шешілген. Қазақстан астанасының Алматыға ауысуына байланысты Москвада уақытша жұмыс істеп отырған бірнөше мекеме сонда көшірліді. Қызылордадан да көптеген тұрғын үйлер босады. Осы жайт, баспанадан тарығып, соның кеселінен бір шаңырақтың астында бас қосып тұруға екі жылдан бері мүмкіндік таба алмай жүрген, ұзақ айларға созылған зарығу кейде үлкен реніштерге душар еткені де түсінікті, бір-біріне ынтық көңілдегі екі жасты жаз шыға шексіз қуанышқа бөлесін. Москвадан, Үлкен Дорогомиловская көшесіндегі 12 үйдің 22 пәтерінен бір бөлме дербес тиді. («Пәтерімді көрдім: мәз емес, лас, сасық иісі де қолқаны атқандай екен, сөйтсем жаз шыққалы терезесі ашылмапты. Әрине, тездетіп терезені алғыздым. Ескі иістен біршама құтылған сияқтымын. Тұрасын айтқанда, Қызылордадағы үй-жайымыз бұдан гөрі тәуір...»— 19 маусым 1927 ж.)

Бұл кезде Таисия Алексеевна да Қазсовнаркомның Орталық Кеңесінің (КЦСНХ) қасынан үйымдасқан Геолком өкілдігіне тұрақты жұмысқа ауысқан (КЦСНХ жаңа астанаға әзірше көшкен жоқ-ты, Қызылордада қалған). Жаз шыға үй ішімен қырға шығып кеткен тұнғыш қазақ театрының режиссері, Баянауылдан етene таныс Жұмат Шаниннің бір бөлмесі Таисияға берілді. Шаниннің пәтері — «...бақандай екі бөлме, есіктері бөлек, Беглицкий көшесіндегі Касторгтың үйінде (4-пәтер), қарсысында КЦСНХ-ның кеңесі, оның қасында КИНО — Қазақ Халық Ағарту институты».

Қызылорда — шалғай Сібір төріндегі Том емес, жаздың өзінде бірер мәрте кездесуге мүмкіндік бар. Жосалыдан поезben шықсан, үш-терт сағаттық жер. Ал Жосалы мен Қарсақбайдың арасы қазір едәүір «қысқарып», комбинатқа өзіміздің АМО, Француздардың Сахара шөліне жұруғе бейімдеп жасаған мықты машиналары бөрілгелі жүргіншілер жолға бір-ақ тәулік жұмсайтын.

Институт бітіргеннен бері бірін-бірі сирек көріп, сарғайған сағыныштарын, кейде кеңілдерін торлайтын мұң-әксістерін хатпен білдіріп, тезірек жолығуға, мауықтары басылғанша қауышуға ынтық жастарға әрбір кездесу — кәдімгідей алданыш, алданыш қана емес — ләззаты мол мерейлі қуаныш. «**СӘУЛЕМ**, менің саған өтінішім: бекерге қамықпа, әсіресе бір-бірімізден шалғай жүргенімізге; жақын арада тағы да бірге боламыз; тіпті ұзақ уақыт бірге тұратынымызға сенгейсің!— деп қыллады ол 19 маусымда Москвадан жолдаған хатында.— Қоштасқан кезде сениң бетінді жуған ыстық жас осы күнге дейін менің көз алдымда...», «Жоса-

лыға келген соң сенің қасында тағы бір кеш қалмағаным қатты екіндім. Ол кештер қандай тамаша еді. Тамашалығында шәк жоқ. Қайтеміз енді, әредік емес, әрқашанда бірге болатын күнге де жақындал келе жатқанымыз дәтке қуат. О, ол енді басқаша емір болмақ. Әлбетте, оны ыстықта қatalап келіп сімірген салқын қымызға, болмаса түстен кейін аузыңа түсер дәмді жүзімге тенеу керек. Қаншама қызықтар күтіп түр бізді! Бимен толқып шыр көбелек айналар кештер де болады!.. Мұның бәрі алдыда және тек қана екеуміз үшін. Жұмысты бірге істесек, шіркін, қандай тамаша болар еді!..» деп те қиялдайды кей сәт құйқылжыған жас кеніл (15 тамыз 1927, Жосалы).

Алайда тым жиі кездесіп, отбасының бақытына кенеліп, бірін-бірі қызықтап ұзақ отыруға мұрша жоқ. Геолог жігітті қоғам алдындағы парызы, әлеумет жүктеген зор міндеттер күтулі. Ұланбайтақ қазақ жерінің төрттен біріне жуық атырабындағы барлауға жауапты бас маманың тікелей араласуын талап еткен жұмыстар қаншама. Сүйген жаңымен қауышу ғана емес, кейде женин айтып, хат жазуға да уақыты келмей қалады. Жазған күнде де сағыныш-мұнға беріліп, жансырын шертуге үнемі мұршасы келе бермейді.

**К. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Москва... шілде, 1927 ж. (нақтылы құні қойылмаған — М. С.)

«...Тименің сен сұраған тізбесін өзіммен әкелемін. Біздегі кен орындарын бір жүйеге салып, реттемек болған талабыңа табыс тілеймін. Мұныңа мен қатты қуандым. Семей және Ақмола губернияларын қамтыған топографиялық съемканың он шақырымдық масштабпен түсірілген 18 планшетін, әттең, бары сол болды, жуықта кездейсоқ сатып алдым. Егер жағдайың келсе, мына шаруаларды істеп тастағаның жақсы-ақ болар еді: 1) Қазақстандағы барлық кен орындарының жүйеленген тізбесін жасау (Тименің үлгісі бойынша); 2) оларды он шақырымдық картага түсіру... Эрине, бұл жұмысты асығып істеуге болмайды, болашақта өзіңе өте-мөте керек болатын дүние, тіпті қазір де. Бұл үшін ЦСНХ-ның архивіндегі барлық материалдарды сұзіп шығу керек, ал өзге деректердің, оның ішінде баспадан шыққандарын, менде жинақталғандарын пайдалану — қолдағы шаруа деп есепте. Трестің кеңесінде күнделікті қағазbastылықтан өзге ешқандай жаңалық жоқ. Жантеміров демалыстан кеше келді, ал Досов бүгін Қырымға жүрмек (Қазақстанның Москваудағы өкілдігінің жауапты қызметкерлері — М. С.). Өзім үйден шықпаймын, қыдыруға тіпті уақыт та жоқ. Сол себептен де «тәртіп ережесін» жұз процент бүлжытпай орындал жүрмін. Бұл турасында шубәланбауыңа болады. Өсірелеп айттар болсам: «К тебе лишь одной стремлюсь я всей своей душой!» Аздап өлеңдетіп кеттім бе, алайда бұл — нағыз шындық. Сауышылық тілеймін, **сәулем**. Өзіңің КИС...»

Қыста да жұмыс аз емес, ден қойып істер болса — бір басына жетіп жатыр. Бірақ жүріс-тұрысқа қолайлы жаз күнінің әрбір са-

ғатын тиімді пайдаланғанға не жетсін!.. Сондықтан да ұзын бойлы, ақ құба, бадырайған үлкен көздері шүнгірейіп кісіге күлімсірей қараған, жақ сүйектері одырайып, ұрты түскен жарау жігітті үнемі жолустінде көреміз. Маусымда Москваға қайтып келген еді, келесі айдың жиырмасыныш жаңасында келіншегіне ол «Шығыстың әулие қаласы — Әулиеатада» отырғанын хабарлайды. Қызылордадан Әулиеатада (қазіргі Тараз қаласы) поезден жеткенше онтүстіктің күйдіргі ыстығынан жапа шегіп, «өліп» қала жаздалды. Тіпті ыстық өтіп... біршама ауырып та қалған. Бірақ жан бағып ұзак жатуға уақыт қайда?! Екі-ақ тәулік дем алып (оның бірі жексенбіге тап келген), аз-кем әл жияды да, жұз он шақырым жердегі Сүлеймен-Сай кенорнына жүріп кетеді. «Құдайдың күйіп тұрған күнінде жолға шығуға құлқым аз, бірақ жүрмеске шарам жоқ,.. — депті сол жолғы хатының аяқ шенінде.— Сірә, Түркістан жақта жазда сапарға шығу біз үшін — құдайдың азабы. Ал Арыстан Әулиеатада дейінгі жол мені рақат сезімге бөледі: тауды бектерлеп отырасың, кебінің басын мәңгі қар шалған, баурайы кекерім бау жөне самал да есіп тұрады екен; Әулиеатаның өзі де тау етегінде тұр, айналасын кекжасыл орман қоршаған, керкі де тым келбетті. Бұл жақта бірақ тәулік болмак едім, енді екі күнге өріксіз қалып отырмын...»

**Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Қарсақбай, 22 тамыз 1927 ж.

«... Қарсақбайда бұрынғыша тұрып жатырмын. Шаң-тозаң мұнда Қызылордадан да кеп. Қымыз жоқ. Ал әбігершілікті սұрама. Соның бәрін күн сайын керіп отырғанда шаттануға тіпті құлқың соқпайды... Ертең Байқоңырға жүрмекпін. 24-інде Жезқазғанда боламын, ал одан әрі, тегі, бұл 25-і шамасы болар, Атбасарға аттанамын. Тамыздың соңы болмаса онан беріде уй маңын көре алмаймын, сірә. Сейткенмен көңілге жұбаныш етер алданыштарым да жоқ емес: алдында — ұзак демалыс, жүрек түбінде — сен, жан **СӘУЛЕМ**... Ең бастысы мұндағы жұмыстар биылғы жазда едәуір бой көтеріп, көңілді өсіріп отыр. Бір ғана Қарсақбайдың өзінде 37 жеке үй, Байқоңырда 10 үй біткелі тұр. Үйлердің сымбаты көрікті-ақ: сыңырлап тұр, ішінө кірсөн шыққың келмейді. Бұлар бізді өткен қыстағы баспана дағдарысынан біршама құтқаруға тиіс. Бес-алты қазақ отбасының бір бөлмеге үйіліп, яғни зауытта істейтін жұмыскердің әрбіріне 1,2 шаршы метр тұрғын жай келіп, қыс бойы сыйылысып әрең шыдап шыққанын көрсөн... Ал биыл әрбір үйелменге кем дегендे бір-бір бөлме тимек...

**ЖАНЫМ**, сый еткен картаң үшін зор рақмет. Құзге дейін бітірмек болған жұмыстарды, әсіресе Қазақстанның алтын кендері жениндеңгі өзіңмен келіскең шаруаларды да осылайша сөтті аяқтап шығуыңа тілекtespiн».

Сол жазда қазақ геологының назарына тағы бір сүбелі кенорны ілінген. Оған да ықыласы ерекше ауып, кейде тіпті шүбәлі жағдаяты кеп, даулы Жезқазғаннан да жиірек ойлайтын. «Қарсақбайда он күндей табан аудармай отырып, Тұрлан кенінің жай-жапса-

рын қарадық,— деп жазады ол 15 тамыз күні Таисия Алексеевнаға жолдаған хатында.— Бұл үшін үш жарым миллион сом қаржы сұра-мақпаз. Оның жылдық өнімі жүз елу мың пүт металл, шарпу пешінде қорытамыз. Зауытты бір жылда жүргізуге мүмкіндік бар. Тұрлан жайында Тиме де ете жақсы пікірде. ВСНХ үш жарым миллион сомға келіспесе, мейлі, Тұрлан Қазақстанның қарамағына кешеді. Онда тіпті жақсы, әсіресе қазақ мамандары үшін. Тегінде, бұл келешекте мәні орасан үлкен мәселе...»

Ұзақ жасаған көп біле ме, әлде көп жүрген көбірек көре ме? «Жүрген аяққа жергем ілінеді» деген өнеге-тәжірибелі тағы бар. Қалайда барлаушылық ғұмырының екінші жылын үнемі жолда, тынымсыз ізденисте өткізген Қаныш Имантайұлының сол жазда бір жерде пайыздап отырмай, бірсеке поезбен, көбіне машинамен, әредік салт атпен, тіпті егіз арбамен де сапарға шығып, жолау-шының мазасыз бейнетін басынан кешкені анық. Сөйтіп жүріпалу-ан-алуан жер кергені, дастарқаны ашық, жомарт көңілі онан да асқан дарқан елін танығаны ақиқат. Кергеніне мерейі тасып, ой өрісінің үзарып кеңігені ше!.. Соған орай сүйгеніне жолдаған хаттары да өзгере бастаған. Сыршыл көңілдің үдесі азайып, зерттеушілік сарынға ауысқан. Тіпті аңғарымпаз барлаушының көрген-білгенін топшылады сыр шерткен күнделігі деуге сыйғандай.

**Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Атбасар, 30 тамыз 1927 ж.

«Жезқазғаннан 26 күні түсте шықтық. Жүргізушімізben алты кісіміз. Жұғіміз — ауыр, кузовтың бос жері жоқ. Көрген кісі бізді жәрмеңкеге бара жатқан саудагер деп ойлауы хақ. Үрдіс жүре алмай ілбіп қана отырдық. Сондықтан да алғашқы күні Жезқазғаннан небәрі жүз жиырма шақырым жерде тұрган Ұлытау бектерінде түнедік. Келесі күні де жете алмай, Атбасардан тоқсан шақырым жердегі Артықбай деген елді мекенде қонуға мәжбүр болдық. Ақыры 28 күні Атбасарға келдік. Соңғы күні тек жолымыз болмады: Есілден өткенде артқы рессорды қиратып алдық. Не шара, алты сағат далада отырып, машинамызды әрен дегенде ілекерлеп алдып, Атбасарға өгіз аяңмен жылжи-жылжи жеттік-ау бір кезде... Рессорды бүгін бітірді, амандық болса, енді бірер сағаттан соң Ақмолаға аттанамыз. Оған аман-есен жете аламыз ба, жоқ әлде жолшыбай тағы да бір жерде шоңқырып отырып қаламыз ба — белгісіз жайт. Шынтуайтын айтқанда, бұдан да сорақы бейнетке іштей дайынбыз. Ақмолаға жеткен соң бұл туралы да жазып жіберемін. Ал қазір саған осы күнге дейін жүріп өткен жерлерден көргенімді, алған әсерімді қысқа болса да айтып бермекшімін.

Егер Өулиеата — Қаратай — Жосалы — Қарсақбай — Атбасар аралығын оймен шолсан, Қазақстан жерін менің меридиан бойынша кесіп өткенімді аңғарасың. Бұл жолдың мен үшін ерекше маңызды болғанын ескерту шарт. Осынау көз жетпес шалқар қырдан мен жер бедерінің, топырақтың, өсімдіктің, ауа райының сан мәрте құбылып, солатырапты мекендереген ел тіршілігінің де ішінара

өзгеріп отырғанын аңғардым. Бұл жөнінен әсіресе соңғы сапар маған өте құнды мағлұмматтар берді.

Қарсақбайдың бір-біріне үқсамайтын екі түрлі тіршіліктің шекарасында орналасқанына мен осы жолы тәнті болдым. Оның онтүстігі – шөл дала мен шексіз құм, ал терістігінде мұлдем өзгеше емір – шалқар жайылымдар, сұзы мол, егістікке жарамды жері де баршылық. Тегінде, күрт өзгерістің шебі Қарсақбайдың терістігінде біршама созылыңқырап барып, Жыланды өзенінің аңғарына дейін жетеді. Нәк осы жерде, Айыртау жотасының жоғарғы деңгейінде біз тырыбық жусанды даланың бетегелі көдеге ауысып, былайша айтқанда, «таза» дала басталғанын көрдік. Айыртаудың орысша баламасы – «екіге айырылған тау». Бұлда біздің қазақтардың аңғарымпаз қабілетінен туған атау. Айыртаудың теріскеи беткейі және одан арғы жердің түгі ғана емес, топырағы да өзгеше. Бұл жерлер Атбасарға дейін (онан әрі Қызылжар қаласына шекті) түгелдей құлғін топырақты ұшы-қырысзы сар дала. Анығында бұл Қазақстанның бүкіл терістік өңіріне тән келбет. Кейбір ойпаң жерлерде, өзен аңғарларында қалыңдығы жарты кез күйқалы қара топырақты кездестіруге болады.

Айыртау Ұлытауға ишкі тіреп тұр. Ал Ұлытаудың өзі мені оқшалынп мәңқиған кейіпмен, алыстан құздынп көрінетін ерекше паң биіктерімен таң қалдырыды. Ұлытау – біздің Орданың тарихи талбесігі. Аспанға шанышылған биік шыңдары жалаңаш та сұстиян тұрпатымен-ак шынында да талай тарихқа күә, тым көне және сымбаты қайталанбайтын айбарлы һәм ақбас тау екенін әйгілеп, ұлылығына еріксіз мойыннатқандай. **Меніңше, орыстарға Кремль қаншалықты қасиетті көрінсе, қазақ елі үшін Ұлытау да соншалықты қадірменді.** Ұлытаудан өткен соң-ак арғын тайпасы (Орта жүздеңі рулар аға баласы санайтын қауымдастық, менің өзім де соның бір тармағынан өрбімін) мекендереген иен жерлерге тап болдық. Арғанаты тауы да осында, сірә, оны «Арғынның ата тауы» деп түсіндіруге болар (?). Оның теріскеи бауырынан әріде біз тұнғыш рет суғарылмайтын егістік көрдік. Тегінде, Ұлытау ылғал молырақ түсетін алқапқа шекара болса керек. Осы жерде тұратын қазақтардың айтуынша, егіннің шығымы быыл орташа ғана болыпты ( себілген бір пұт тұқымнан – 10-15 пұт енім). Атбасардың түстік шебінен жұз шақырым еткеннен соң орыс поселкалары кезіге бастады. Демек, осы жерден Ұлытауға дейінгі ұш жұз шақырымнан астам су мен өсімдігі белуардан келген шалқар далаға тек қана біздің қазақтар ие. Егер тиісті техника болса, нақ осы атыраптан шабылған шөппен теңіректегі аудандарды ғана емес, Қазақстанның құллі терістік аймағын толық қамтамасыз етер едік. Осындай шалқар да ерекше шығымды жер түгі тұнғып тұрғанда жұтқа ұшырауымыз – мен үшін түсініксіз бейғамдық, тіпті бәзбаяғы бойқүйездік дер едім. Сірә, біз, қазақтар, өзіміздің иелігіміздегі байлықты әлі күнгे игере алмай жүрміз...

**Сәулем,** сірә, сені жолдан алған әсерлеріммен мезі еттім білем. Сол әсерлердің ауқымынан шыға алмай отырғанымды байқаған шығарсың... Атбасар, Ақмола және басқа мекендер туралы

әсерімді ертеңгі хатымда, Ақмолаға жеткен соң жазамын. Құштарлықпен сүйіп, миллион рет құшуши... өзіңнің Қанышың».

\* \* \*

Жол. Тағы да жол. Таусылмас ұзак сапарлар. Бір қыырдан бір қыырға, кені қазыла бастаған жаңа ендірістен — барлау орнына... Бәрін де көру керек, бәріне де барып жай-жапсарын білу керек. Көрмесең, бір-бірімен салыстырып ой-сананда екшемесең — қалайша билік айтасың, ертеңгі тағдырыңа жән-жоба сілтейсің? Барлаушы геологтар, тегінде, әскери қосынның үнемі алдында жүретін шолғыншы тәрізді: іргелі өндірістің, демек, еліңің қуат-қүшінің бағыт-бағдарын көп жылдар бұрын белгілер жоба жасап беретін көреген көзі десек те рауа...

**К. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Спас зауыты, 13 қыркүйек 1927.

«...Бұл жаққа 5/ІХ күні келгенімді, екі-үш күннен кейін Өспен кенишіне жүретінімді бұрынғы хатымда жазғанмын. Тап солай істедік. Таңғы сегізде жолға шықтық. Өспенге дейін жұз он шақырым. Жолшыбай үлкен екі өзенді кесіп етпекпіз: Шерубай-Нұра және Сарысу. Бірінші өзеннің еткелінде-ақ машинамыз судың ортасында тұрып қалды. Оны өгізben сүйреп шығардық, бұған бақандай бес сағат уақыттымыз шығын болды. Рудникке ақыры малтығып тұнде жеттік. Бұл бейнетті аз көрсөн, әрі қарай тыңда: келесі күні бір кісіні әкелу керек болған соң машинаны соңымызға қайта жибергенбіз, қайтып келе жатқанда моторының қырқаяғы сынып, біржола қараң қалсын. Өрине, қосымша қырқаяқ табылған жоқ, сондықтан да оны өгізге сүйреткізіп Спас комбинатына жібердік. Өспенде тәрт күн аялдал, ақыры кәдүілгі ырдуан арбамен аттандық. Шаңдақ жолда маң-маң басып қыбырлап келе жатқан пар өгіз жеккен шаруа фургонын көз алдыңа келтіріп бақшы, соның қорабына арқасын сүйеп, қалғып отырған сегіз кісіні және көргейсің... Өрине, шаттанғандай керініс емес, бірақ күпір кейіпімізді несіне жасырамыз. Оның үстіне құдайдың күні де мейлінше шылжырып тұр, әредік арбамызды жолға тастап, жолжөнекей көрінген ауылдарға бұрылып барып, сусын сұрап ішіп, кепкен таңдайымызды жібітеміз. Ауыл адамдары бізді мазақтап ішек-сілесі қатқанша құледі: күні кеше машинамен шаңдатып етіп едіндер, енді өгізге кіріптар болып изендеулерің ненің тауқыметі дейді де баяғы... Күні бойы отыз шақырымдай жол жүріп, қас қарай Бәрлі мекеніне жақындастық. Бақыттымызға қарай осы жерге жете бергенде, Қарқаралыдан жұқ машинасымен келе жатқан геолог Русаковты кездестірдік. Ақыры, не керек, соның машинасымен бүгін, таңға жақын Спасқа жеттік. Біздің машинадан енді қайран жоқ. Бұл болса мен үшін нағыз сор болып отыр: осы өнірдегі Алмалы, Қайракты әрізді мыс кендерін кере кетпек едім, енді не істерімді білмей дал болған халдемін... Сірә, бұл жолғы сапарды Өспен руднигін, Сарысу байыту фабрикасын, Спас зау-

ыты мен Қарағанды көмірін керумен шектеуге тура келеді. Русаков бүгін бізге жаздайғы барлауының нәтижесі туралы есеп бермек. Бұл туралы келесі хатта жазармын. Өйткені почташы бұлжақтан таңтеренгі сағат онда кетеді, ал мен аптасына бір-ақ мәрте қатынайтын байланыспен осы жазғандарымды жіберуге асығып отырмын. Русаков та Берікқараға жүргүре асығуда...»

**Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Спас зауыты, 16 қыркүйек 1927 ж.

### «Сүйікті Таисияжан!»

Тап бүгін ауыльма дем алуға аттанғалы отырмын. Спас комбинатымен, жол серіктерімнің бәрімен де ризалық қөңілмен қоштасуға тиіспін. Өйткені Спас комбинаты бойынша ойға алған жұмыстың бәрін де қөңілдегідей бітірдік, ал алда — бақандай бір ай демалыс. Мұлдем алаңсыз тынығуға жетіспейтін жалғыз ғана олқылық — қасымда болмайтының. Бұл сөзім әсіре романтикаға үқсауы мүмкін, ал бірақ, турасын айтсам, сені жиі-жі есіме алатыным — имандай шындық. Шын-ау, адамды кейде жалықтырып жіберетін ұзақ та бірыңғай мезі мәжілістер үстінде ойым бөлініп, қиял жетегіне түсіп кетеді де, Қызылордадағы жайлы бөлмемізді, үстел басында тым-тырыс, қыбыр етпестен, бұйығы қалыпта апапақ болып жұмыс істеп отырған періште сынды бір қағілез жанды көремін. Ойлаймын: ол да кей мезгіл қағаздан басын кетеріп, мені есіне алып қамығар-ау деп; әрине, есіне алып отырып, ол да мені өлдекандай бір жұмыс үстінде көреді... **Таисия-жан, қымбаттым**, қиялға беріліп, бойымды елеске алдырғаныма ғапу ет, шындығында, осындаи дел-сал күйге түсетінім рас... Біздің ауыл бұл жерден жүз сексен шақырым. Жолда, сірә, екі тәулік болармын, мықты атпен кетіп барамын. Машинамыз біржола қараң қалды...»

3

Ай жарымға тақау уақыт елде болып, әлі күнге дейін ата-анаңы қолында тұратын бала-шағасымен қауышты. Былтыр туған ер баласы Малыбай қаз тұрып жүре бастапты: женгерінің айтуынша, оның да басы қазандай үлкен, отырған жағына оқыс қисайса, солай қарай құлап қалады екен, сірә, өзіне тартып милы боладымыс; қысқасы, құртақандай кезіндегі өзінің кейбір қылықтарын қайталай бастаған; әке-шешесі жыл аяғына таман алтыға толатын Ханисаны иемденіпті де, кішкентай Мәлешті жалғыз жатпа деп Шәрипаның қойнында қалдырыпты...

Әкесі биыл сексеннің екеуіне шықты, Нұрым шешесі де сол межеге жақын. Екеуі де кәрі қойдың жасында дерлік ақырғы шама-шарқына жеткен, әл-қуаттары да жылдан-жылға кеміп барады. Әне бір жылы Шәрипаны Томға ала кетіп, женіл-желлі оқуға түсіріп, әрі қала қалыбына үйретуге ниет білдіргендеге, әке-шешесі көздеріне жас алып, реніш айтып: «Беу, қарағым, өйтсең бізді де тастама. Бекеш пен Қамила балалы-шағалы боп өздерінен аса

алмай қалды. Ал бізді баладай қағып-күтіп отырған Шырлай келін... Оқуыңды түгескенше бұдан бізді айрма, оған дейін біз де бір жайлы болармыз,— дескен-ді. Содан бері Қаныш бұл жайында қайыра сез бастаған емес. Қызметке шыққанымен тұrlаулы тұрағының болмауы, одан да гөрі кеңіл-хошының басқа жанға ауғаны қосылып, некелі қосағы Шәрипамен осылайша жылына бірер айғана қауышқан үздік-создық жағдайда ғұмыр сүріп келеді. Таисиямен көңілі жарасқан жайтты Шәрипа да, ауыл-аймағы да әзірше білмейді. Сірө, соны дәті жетіп, бұл жолы да айтуға зауқы жоқ.

Бекеш ағасы бертінде ауылдық кеңестің терағалығы міндетінен құтылып, өзінен гөрі белсендірек бір кедей баласына өткізген. Айтуынша, заман аужайын андал, үкімет атынан жи келетін өкілдердің бабын тауып жұмыс істеу, үнемі ат үстінде шабуылдан жүру қыынға соққан. Қазірде коопeração ісімен шұғылданады. Көзі ашық, орысшаға жетік, іскер де шаруаға тиянақты ағасы бұдан титтей де ұтылмалты, қайта ауылдың мал басы құрт кеміп, бұрынғыдан ортайған қоңыртақы жағдайда екі шаңырактағы топты жанды жүдегепей, қүйлі де ток қалпында ұстал отыр.

Келген күннің ертеңінде-ақ жан көкесі Бекеш ауыл сыртындағы бол дөңге оңаша алып шығып, біраз жайттан түсінік сұраған, өзі де қырдағы елдің түйткілді ахуалынан сыр шөрткен. Айтуынша, заман бұзық нышанға көшкен, жұрттың қайырым-ынсабы азайып, бір-біріне қызғаныш, кек алу, есесін қамтып қалу сияқты озбыр пиғылмен қараушылар көбейген; ең қыны «Қызыл көз» атанған пәлекеттер шығыпты, «Қызыл белсенділер» де солардың ағайыны; екөүі де біреудің тұрмысының тоқшылығын, жақсы ат мінгенін, қордалы жерден қыз алғаныңды, тіпті оқуға ілігіп; Кеңес қызметінде көзге түскенінді кере алмайды — андып жүріп, мұлт басқан бір қадамыңды шауып барып, үкімет қасындағы бір шенеунікке жеткізе қояды, ал ол сорлыға керегі сол, тұқым-тұяғынды түк қоймай қаздырып, әңгі-тәңкінді шығарады. «Қайда жүрсе де еститіні: «сендер — бай, біз — кедей, ал заман болса — біздік!..» Үкімет ниеті бұзық белсендіні не үшін құтыртып қояды? Түсінбеймін... Жә, оны дөң басында отырып сегумен тия алмаспазы?»

— Сен, Қанкежан, одан да маған басқа жайтты түсіндір,— деп ағасы кенет тың әңгіме бастады.— Қазақтың малын жаппай кәнпеске қылады деген не сез? Ау, қазақтың малын алғаны — жанын суырғанман бірдей кесепат емес пе? Мына біздің екі ауылдағы жетпіс-сексен жанның қарап отырғаны — қолындағы азын-аулак түліктің сүмесіні, одан айырылсақ — бала-шағаны немен асыраймыз, әлде бұларды да қазынаға табыс қыламыз ба? Не білесің бұдан?..

Жан ағасына Қаныш шынын айтты. Әлеумет пен саясат ісінен бейхабар екенін айтЫП, өндірістегі өзінің қарекетіне оның қатысы шамалы деген-ді. Ақылы сұңғыла ағасын бірақ иландыра алмағанын сезген сон, жуықта Қарсақбайға қызмет бабымен келіп қайтқан түбі Қарқаралы жігіті, Қызылордадағы қазақ үкіметінің бас-

шысы Нұрмәқовпен бірер сағат онаша сұхбат құрғанда жадына түйген жайтты сыйзықтап жеткізді: Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы, шынтуайтын айтқанда, қазірде Қазақстанға билігін жүргізіп отырған большевик Голошекин жолдас биылғы бір сезінде «Бізге қазір Октябрь төңкерісін бір мәрте қайталау керек!» депті-міс; Смағұл Сәдуақасов бастаған қазақ қайраткерлері қарсы шығып, бұл мәлімдемеге нақты түсінік беруді сұраған білем; адудын хатшы оған қынбай: «Орыс деревнясында құлаққа нокта кигізіп жуасытып алдық, ал қазақ байларының мұрты түгілі, бір тал шашы да күзелген жоқ. Далада социализм орнатамыз десек, Қазақстанда Кіші Октябрь жасап, байларды тап ретінде жою қажет!»— десе керек...

— Мұның арты неге соғарын білмеймін, кейбіреулердің айтуыша, ірі байлардың малын тәркіге салып, кедей-кепшікке үлестіріп береді-міс, бәлкім, қазынаға алуы да кәдік. Қалайда сондай бір қауырт шара әзірленіп жатқанға ұқсайды. Сіздерге бұл науқан соқлас деймін, бай атанудан біз ада болғалы қай заман!..— деп Қаныш езу тартқан.

— Е, оны құдай білсін, «Өгізге туған күн бұзауға да келеді» демекші, біздің «Қызыл көздер» аман болса, Баянауылдың байларының санын жүзге жеткізбей үйлерінде, сірә да, тыныш жата алмас! Тек әлгі айтқан тәркінің бетін аулак қылсын делік.— Қынжыла басын шайқаған Бекеш орнынан түрді. Қыстауға жақындай бергенде інісінің қолынан тартып,— Мына әңгіменді менен басқаға айтпа, бәрік астында да белтірік бар дегенді естуін бар шығар. Москва асып кеткенінді қызғанатындар көп, сәлем берушілердің мадақ сезінене сенбе, аузынды бағып сейлегін!..— деді.

Былтырғы емін-еркін сайрандаған қамсыз күндеріндей болмады, биылғы демалысына алғашқы аптада-ақ тосын оқиғалар қабаттасып, жаңына тыным тілеген қалпын бұза берді. Соның ең бастысы Семей жақтан «Ұзын құлақ» жеткізген жайсыз хабар еді: Әбікей Зейінұлы Қазпедтехникумдағы міндеттінен босатылыпты; тіпті абақтыға қамалған тәрізді; сірә, саяси қаралауға ұрынған...

Бекеш Имантайұлы дереу Баянауылға аттанып, Семейге хатты үсті-үстіне төпеп, онысына бірақ жауап ала алмай, ақыры салт атпен Павлодарға барып, облыс орталығындағы кейбір таныстарымен телефон арқылы сөйлесіп, оншақты күнде ауылға әрең оралды... Айтуыша, өзін де астыртын аңдушылар болыпты, тіпті соңғы күндері пәтерін ауыстырып, қайтар жолға да інір қараңғылығында шығуға мәжбүр еткен, ейтпесе өзінің де тұтылып қалуы кәдік екен. Ал Әбекен, ісінің беталысы әзіргө жақсы емес, тұспалдалап тілдескен танысы да соны аңғартып: «Естерің дұрыс па, Беке? Шідерті өзенін ежелгі арнасынан тәріске неге бұргансындар?»— деп керегар жеку айтқандай болыпты. Соған қарағанда асыл азamatтың аяғына темір тұсау мықтап салынған...

Не істеу керек? Әбекен — Сәтбай қажыға қарасты екі ауылдың бетке үстары һәм ақылшысы, осы әулөттөн оку оқып, жүрт қатарына ілінгендердің бәрі де оған қарыздар. Демек, асыл ағаларының басына бұлт үйіріліп, бас бостандығынан айрылып, темір

торға түсіп жатқанда, жылап отырған қам көңіл бала-шағасының қасында болып, ең құрғанда жұбату айту туысқандық парыздары. Отбасының кенесінде үлкен-кіші осылай дескен, Қаныш та соны қостаған. Бірақ өмір ағысына ақылы жүйрік Бекеш басқаша ой білдірді: «Қанкежанға Семейге баруға болмайды, ол жақта бұл белгілі адам, ГПУ-дің пәле ізdegіштері мұны келген сәтте-ақ сандырақ сылтаумен қамап қояды, сонсоң ақталып көр!.. Қанышқа, тегінде, беделі өтімдірек жоғары жақтан әділдік сұрау керек!.. Ал біз ас қамдап, екі-үш адам боп Семейге аттануымыз қажет...»

Ақырғы байлам осы болды. Демалысының екінші жарымында үйқысы бұзылып, көңілі алаң болған, шынтуайтын айтқанда, содан-ак ырың-жырыңы шыққан Қаныш тез қамданып, Омбыға салт атпен жедеғабыл жүріп кетті. Одан әрі Москваға жетпек. Нақтылап айтсак, қазан айының 28-жүлдэзында ол Омбыға түскен. Сапарының жай-жапсарын Омбының темір жол вокзалынан Қызылордада тұрып жатқан Таисия Алексеевнаға сол күні жолдаған хатынан білеміз: «...Демалысым былтырғыдай мазалы болмады, Ә. З-ның нақақтан істі болуы бастапқы жоспарымды өзгертіп, Москваға жедел аттануыма мәжбүр етті. Сірә, Әбекем үшін қажет болса, Қызылордаға да барамын, бәлкім, сонда кездесеміз. Бәрі де енді Москвандың мәселені шешуіне байланысты... Баянауылға барғанымда өзіңің алты хатынды бір-ақ алдым. Рақаттанып қалдым, рақмет. Жалғыз емеспін, менен қалғысы келмей сұрана берген соң немере інім, кішкентай Фалымтайчикті ерте шықтый, ол енді менімен бірге тұрмак... Келесі хатты...Москвадан күт».

### **Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА, Москва, 10 қазан 1927 ж. «Қымбаттым менің!**

Сені көрмегелі үш ай болды, осы үш айды өмірімнен сзызып тастауға дайынмын... Қазіргі көңіл қүйімнің құлазыған жайы осы тақылеттес, **жаным**...

Ә. З-ның жұмысына қозғау салып жатырмын. ВЦИК-тің (Бүкілодақтық Атқару комитеті — M. C.) жеке адамдарға кешірім беретін комиссиясы бүгін Қызылордаға жеделхат жөнелтті. Бұған жуықта жауап келмесе Қызылордаға өзім бармақпрын. Тіпті сол үшін жұмыстан кетсем де тоқтамаймын. Өзім жайында, қыстықайда өткізетінім жөнінде ештеңе шешкен жоқпрын. Сірә, Ә. З-ның жұмысын бір жайлы етпей, мұны кесіп айту қыын...

P. S. **Сәулем**, насыбайым таусылуға айналды. Рақымшылық жасап, бір шиша жақсы насыбайды почтамен жіберсең (Энгельс көшесі жағынан кіргенде 5-ші, әлде 6-шы дүңгешектен аласың), әлде жолаушылардың бірімен, мысалы біздің осындағы өкілетті өкіліміз Төреғожинмен, ол кеше ғана Қызылордаға кетті. Оны Исламбек арқылы іздестір».

Москваға келісімен Атбасар тресінің басқармасында өзін күтулі алуан түрлі кеңсе қағаздарының нөпіріне тап болды. Солардың көлемі өткен қыстағыдан кебейе түскен тәрізді. Әлде өзінің тынымсыз әрекеті себеп болып, араласар жұмыс өрісі кенейді ме?..

Еркіне салса солардың бәрін сырып тастап, жазғы жазбаларын қайта қарап сараплауға отыраң еді. Әсіресе жаздай жиган-терген барлау материалдарын, тағдыры даулы Жезқазған қойнындағы бұрғылау, барлау нәтижелерін. «Петро» шахтасының төнгірегіндегі шағын қолатта жаз бойы он жеті скважина бұрғыланды, жалғыз станокпен барлығы 758 метр жер тесілген, бұрғы үшін жеткен орташа терендік — қырық метр. Жыл аяғында Ленинградтағы Геолком лабораториясынан анализ деректері де келіп жетті: күткеніндей-ақ мол құнарға кезіккен; бірер апта бас алмай отырып, есептеп қараса — қуаты көп-көрім жаңа кен өзегіне ие болған. Жаңа жүлгеге бұрыннан мәлім кендер жүйесі бойынша «5-залежь» деп ат қойып, картага түсірді.

Бұл да қонылтаксыған жүдеу күйіне сеп болды. Демек, жаз бойы шыр-пыр етіп дамыл көрмей жүргеніне лайық төлем алды. Енді соны көзір етіп, Геолкомның мамандарымен тен деңгейде тілдесуге болады. Сол қуаныштың үстінен жыл құсында алып-үшіп Таисияның келіп қайтқаны қосылды. Бірақ көп жата алмады, бір апта бірге болып, іле қайтып кетті. «Өзің кеткен соң көңіл тағы да құлазыды,— деп мұңын шертеді ол желтоқсанның 22-күні Қызылордаға жолдаған хатында.— Әділетсіздік жаңыма тақат та-пқызыар емес. Семейден ешқандай хабар жоқ. Бүгін тағы да жеделхат жібермекпін. Не болғанын білмеймін. Қызылордадан келген кейбір кісілермен сәйлесіп едім, кассациялық жөнмен арыз беруге кенес қылды. Ораз жолдасқа да (сірә, сол қарсанда Өлкелік БК(б)П комитетінің екінші хатшысы болған О. Ж. Исаев, хатта есімі толық жазылмаған — М.С.) жолықтым. Жұмыстың жай-жапсарын біледі еken, ауылдағы белсенділердің әрекеті, сірә, соларды губерния жетекшілерінің кейбіреуі шапқа тұрткен сықылды дейді. Сот үстінде өз-өзінен қысқармаса, Қызылордаға келіп, кассация беруді жен кереді, әділ қарандар деп нұсқау жасауға уәде қылды. Меніңше, кассация бермей болмайды. Сондықтан сен мұны орайын тауып М.-ға (кім екенін айыра алмадық — М.С.) ескерт...»

**Т. А. КОШКИНАҒА — Қ. И. СӘТБАЕВТАН**, Москва, 26 желтоқсан 1927 ж.

### **«Сүйікті де қымбатты Тьюзе!**

Сорочиннен жазған хатынды алдым. Қар көшкінінің қырсығынан хабардармын, тек амалым жоқ. Қызылордаға аман-есен жеткеніңше менде енді маза болмайды. Әмбे жолға ақшаны аз алдың, бұдан былай қыста жүргенде есепті екі есе көбейтіп, қамсыз қалмау керек...

Мұндағы өмір бұрынғыдай... Кеше маған Өлкей Марғұланов (өзінің, бұрынғы шәкіртің, Ленинградтан Қызылордаға қайтып бара жатыр) келіп кетті. Өуезов те Қызылордаға аттаныпты. Біз үшін мәнді жаңалық: Ленинградтағы қазақтар тобы түгелдей дерлік зиялды орыс қыздарына үйленуге бет бұрыпты, біздің москвалық оқығандар да (Өзімбай, Бектасов және т. б.) осы ойға ойысқандай; Өлкейге мен құптайтындығымды айттым, бірақ бірнеше

мәнді ескертулер жасадым... Сөйтіп, біздің қауымда қазір осындаі бір ағым пайды болған, ал бұл жайт екеуміздің астыртын жағдайдағы қарым-қатынасымызды бұдан әрі жасырмай, жүртқа ашық түрде жария етуге жасалынған «идеологиялық дәйектеме».

Семей жақтан ешқандай хабар жок, бірақ үмітім зор, күн сайын күтулімін.

Соңғы хатында, аяқ шенінде көк қарындашпен жазған «Қызылордаға біржола келу» туралы шақыруың мені әжептәуір ойланты. Бұл істе сениң келешектен гері қас қағымдық сезімге жеңгізгенің анық. Сенсіз менің өмірім мәнсіз екенін жақсы білесің. Сөйтсе де турасын айтайын: Қызылордаға маған «біржола» баруға болмайды!.. Бәлкім, таңдау қажет болса, Қызылорда емес, Тұрланға «біржола» барғанды жөн көрер едім.

Сүйемін, жаңым, құшақтаймын ынтық көңілмен. Өзіңің Қанышың.

## ТҰРЛАН, ӘЛДЕ ЖЕЗҚАЗҒАН?

1

**Қ. И. СӘТБАЕВ – Т. А. КОШКИНАҒА**, Москва, 1 қаңтар 1928 ж.  
**«Қымбатты Тьюзик!**

Біріншіден, Жана жылмен құттықтаймын. Бұрынғыдан да бақыт құшағына кенелейік. Бұған қоса екеуміздің бөлек жүріп-тұруымыздың соңғы жылы болсын, алдағы уақытта да ажырамай әрдайым бірге отырып қарсы алуға жазсын!..

Москвандың жайы бұрынғыдай, үйде де пәлендей өзгеріс жок. ...Ғалымтай коньки тебуден жалығар емес, мен болсам сені ойлаған сағыныштан. Семейден жеделхат алдым: Әбекенді үш, қалғандарын 6–7 жылға кесіпті, қуынған арыздарын жіберіпті, сірә, жуықта Қызылордаға барып түседі. Ендің қарекет – соны тездетіп қарату, сәтімен бітеріне сенімдімін. Сол үшін де екі-үш алтаға барып қайтқым келеді, сен өзің уағда еткен жолдастарға тұра бара алмайсың, ал оларды қозғап, есіне салу үшін сенімді кісі керек! Бұл хабар саған, сірә, ұнайтын шығар... 10 қаңтардан қалмай жүріп кетсем деймін, шығарымда хабар беремін, тек соған дейін 5–6 күнге Ленинградқа трест барлауын келісу үшін барып қайтпақшымын...»

Қолтығында былтырғы олжасы —«Бесінші залежьдің» ресми есеп-құжаты ғана емес, алдағы жазға жасаған «Жезқазған кенорнын түбегейлі барлаудың жобасы» да болатын. Әрине, ең алдымен жолықкан адамы Яговкин еді.

— Oho, Қаныш Имантаевич, қайда сілтегенсіз?! Бес-он емес, бақандай он бес станок сұрайсыз?! Үш жұз, төрт жұз метр тереңгеге бұрғылау! Жезқазғанның атағы сонда Одақтағы мыс кендерінің

алдыңғы легіне шығады, бәлкім, дүниежүзілік алыптармен теңесіп қалуы да мүмкін?! Қайда, қайда дейсіз? Қандай денгейге?.. Oho!— Алдындағы жобаның түсініктемесіне үңілген сайын даусы таудың бір жықпышынан қызыл түлкі көрген аңшыдай қатты шығып, да-бырлай сейлеген Яговкин, осы сандырақты қағазға түсіріп, кәдімгідей есеп-қисап жасап, маған әкеліп отырған шынымен сіз бе, күні кеше иен далада езіме жолсерік болып, жаныма кіре сөйлеп, мезі жүрістен сергіте білетін, жабырқауды әстілі білмейтін, әнші де әңгімешіл, аса ізетті де жұмысқа ықтиятты деп таныған геолог Сәтбаевтың өзі ме дегендей, кей мезгіл жас әріптесінің бетіне таңырқай қарап та қояды.

— Иван Степанович, картаға қараңызы. Ағылшындардан қалған скважиналарды айтпағанның өзінде сіздің адамдар өткен жазда бұрғылаған он жеті скважина түгел дерлік кен қабатын бойлай жүрді. Небәрі он жеті скважинамен бір миллион пұттан астам мыс тауып отырмыз. Ал егер жұз он жеті скважина бұрғыласақ ше?— деп Қаныш та кексе әріптесіне таңдана қараған.— Тереңнен неге қорқамыз? Оған әуелі жету керек емес пе? Ал жету үшін оған сіздей мамандардың көз жұмған тәуекелі керек! Иә, иә, үстіңгі қабатта бар кен тереңнен де шығады деген...

— Жаным-ау, сіз болжаған құрдым тереңге бұрғылау — елу, алпыс; тіпті жұз метрге сұнғу емес қой. Қандай, қандай күшпен жетпексіз? Оған арнайы техника, сайлаулы маман керек!— Яговкин келіспейтін рай танытып, басын шайқады.

— Он шақты станок Жезқазғанның өзінен шығады. Ағылшындардан қалған, олардың кемшін тетіктерін тек табу керек. Бұларды таяз барлауға саламыз. Ал терең барлауды «Оралгорразведка» конторының мамандарына жасатамыз.

— Он бес станокта қанша адамның жұмыс істейтінін есептеп көріңіз. Кем дегенде жұз қаралы маман бұрғылаушы керек. Оның бәрін қайдан шақырмаңыз? Жо-жоқ, Қаныш Имантаевич, мұныңыз, ғапу етіңіз, кияли-романтиктердің далбаса сөзі. Сіра, сіз Жюль Вернді бас алмай өкітын шығарсыз? Француздарда сондай бір қияли-елес романдар жазатын жазушы болған, таныс па едіңіз? Мынауыңыз, шырағым, соның Айға ұшырған адамдарының сөзі,— деп құлді Сарыарқа білгірі.

— Негізгі адамдарды Ұлытаудың өзінен табамыз,— деді Сәтбаев бір түрлі нық сеніммен иландыра сейлеп.— Жергілікті халықтың арасынан... Несі бар, оларды станокта істеуге үйретеміз. Дүз қыраның баулып дегеніне көндірген қазактың ой-санасы шығырдың құлағын айналдыруға толық жетеді деп білемін.

— Айтып отырғаныңыз мен көрген кірешілер ме? Обалы не, жамандауға хақым жоқ, қайырымды, елгезек, ауыр жұмысқа көнбіс жандар. Өте жақсы кірешілер, жер танығыш, көлік бабын да біледі! Ну-с, одан арғыға, жо-жоқ, көңіліңізге келмесін, жарамайды. Әлбетте, сушы болып істей алады, иә, сосын, май тасуға, ал станоктың құлағын үстап, тереңдегі жыныс сырын бұрғылаушы снарядтың шыр көбелек айналуынан аңдал білуге? Снарядтың белгілеген бағыттан аумауын қадағалап? Тереңнен сурылған

керндерді марқілеп, тескен жерін метрлеп өлшеп, оны дәлдеп жа-  
зуға? Жо-жоқ, атамаңыз, жаным! Бұл үшін, шырақ, көп-көрім са-  
уат керек, сауаттан бұрын бала құннен қалыптасқан, атадан ба-  
лаға мұра болып ауысқан тәжірибе, сезімтал көкірек керек. Жә,  
мұның әберін сізге ықтияппа түсіндірудің қажеті қанша?.. Солай,  
қымбаттым. Сізді мен, Қаныш Имантаевич, сауатты маман, өзіндік  
ой-талабы бар ізетті азamat деп білемін. Ал мынауыңыз, кешіріңіз,  
айға шауып мерт болған арыстанның әрекетіне үқсайды. Іштартып  
жақсы көргендіктен де айтып тұрмын: тым керегар, орындалмас  
жоспарға жоба әкеліпсіз, қостамаймын. Қарсы болғанмын, әлі де  
қарсымын. Жезқазғанның нақтылы қоры мұнша шығынды  
көтермейді. «Мықтағанда осы қунғе дейінгі мәлім көлемді екі-ак  
есе есіре аласыз\*.

Сол үшін әуреге тұсудің керегі қанша? Күш-қайратты онан да  
анау жаңа алып Тұрланға жұмсау қажет. Былтырғы шұқанак  
ізденисте сіз онда әжептәуір қазына барын көрсете алдыңыз. Бірер  
жыл барлап көріңіші, құдай біледі дейін, он Жезқазғанға тұрар-  
лық кенорнына мәлімдеме жасайсыз әлі!

— Бұл ақылыңызға рақмет, Иван Степанович. Тұрлан жөнінде  
өзім де сондай ойдамын. Бірақ Жезқазғаннан да аса түңілгім  
келмейді. Түңілсем де, не бар, не жоғын адақтап, асты-үстін әбден  
актарып барып, артыма қайтып қарайламайтын болып біржола  
алаңсыз кетсем деп едім.

— Ау, сіз, сыпайы ғана емес, көп-көрім қыңыр да екенсіз ғой,—  
деп жыымиды Яговкин, манадан бергі айтқан аңы сөздерін жұмсар-  
тықсы келгендей жайдарылана тіл қатып.— Жарайды, зиялышар-  
дың ежелгі көніл жықпас шартын ұсынамын: Жезқазған қыртысы-  
на биыл екі станок қоямыз, оны да тек қана сіз үшін, меселіңізді  
қайырмау үшін! Ал Тұрланды не тапсақ та бірігіп іздейміз, азабын  
да, атағын да бірге бөлісіп... Келістік пе? Бұған не дейсіз?

— Сіз де мені ғапу етіңіз, соңғы төрелікті сарапшылар кесігі  
айтын,— болды Қаныштың жауабы.

...Сайып келгенде, Геолкомның әрбір жобаға жөн-жосық ай-  
туға тиісті сарапшы экспертерінің пікірі де осыған сайды. Бір-  
бірінің аузына түкіргендей бәрі де: «Бүгінгі мүмкіндіктен алшақ  
кеткен», «Бұлтқа қонақтап, айға құлаш сермен», «Әзін ақтамай-  
тын жолсыз шығын»— десіп үзілді-кесілді қарсы шықты. Сәтбаев  
сейтсе де Геолкомның сол жылдардағы бас маманы, профессор  
В. К. Котульскийдің пікірін күтпек болды. Өйткені Қарсақбай ком-  
бинатының шикізат қорын қайыра тексеріп, зауыт қуатын екі есе  
артыруға жоба жасауға тыбыз тапсырма алған Гипрозем инсти-  
туты жықта Атбасар тресінің геология бөлімі дайындаған түпнұ-  
сқа деректерді Котульскийдің сарабына жолдаған-ды. Алол қазақ  
даласын бес саусағындағы білетін маман. Әсіреле Ертіс өнірін.  
**Соңғы жыларда жылда В. К. Котульский бұл регіонды**  
**жүйелі зерттеп**, оның жер астындағы қисапсыз мол байлығына

\* Бұл сөздер И. С. Яговкиннің ресми рецензиясынан алынды. Ілгеріде атал-  
ған фондының материалдары.

зор болжам жасаған. Дәлірек айтқанда, бұл өнірдің «Ресейдің Калифорниясы» деген бұрынғы дабыра атағына түбегейлі өзгерту енгізіп, **«Кенді Алтай» атандағы жолды ғұлама**. Сондықтан да шығар, Қаныш Имантайұлы геология білгірінің қазақ даласының екінші бір қазыналы елкесіне жанашиб кезben қарап, оның да тұсауын кесер әділ терелік айтады деген үміттен құралақан емес-ті. Владимир Клементьевичтің беделіне, біліміне, білгілігіне сенгені сонша!

Бірнеше парак қағазға өз топшылауын тәптіштей жазып, әрбір дерекке салиқалы талдау жасап, ақыр аяғында қорытынды ойын аз сөзben жария еткен профессор В. К. Котульскийдің ресми пікірі бірақ жарытпады, қайта ерекше сенім артқан мұдделі ісін біржола құртқандай аяусыз болды. Әділдіктен теріске аумас үшін профессордың тұжырымында үкімін қаз қалпында, тек ықшамдап келтіреміз: «...Что касается вопроса о возможных запасах Джезказгана, то они, по-видимому, в лучшем случае, могут превысить вдвое известные сейчас... запасы металла...»\*

(И. С. Яговкин, В. К. Котульский сынды ез ісінің ірі маманы, сол замандағы геологиялық ізденистердің асқан білгірі, бұл жолда Одақ көлемінде өте зор жаңалықтар ашқан зиялышардың Жезқазған женинде тек қана «балалыққа тән» қателікке үрынып, тарих алдында кешірілмес күнәға ұшырау себебін біз бертінде, қосымша зерттеулерден кейін аңғардық: бар гәп өзара бәсеке геологиялық екі мектептің бір-біріне деген қызығанышпен уланған, әрі сәтті табыстарын жоққа шығаруға тырысқан керегар пиғылдарында екен... Есімдері аталған ғалым-геологтардың екеуді де (И. С. Яговкин 40-жылдарда Свердлов қаласындағы тау-кен институтында профессор болған, өз мектебін ашқан ғұлама) Санкт-Петербург геология мектебінің түлектері болатын, Қазан төңкерісіне дейін көптеген білгір ғалымдар шыққан бұл ұя Ресей мен Еуропа көлеміндегі ең озық, таңдаулы мектеп саналған. Осы жайт мектеп түлектерінің кейбірінің кекейінде «Менің айтқаным басқалар үшін бұлжымас заң!» деген сынды жалған мадақ туғызған...

Қазақ қауымына жақсы таныс әйгілі орыс жазушысы А. Бек 1934 жылы жария еткен «Курако» атты деректі хикаятында профессор Котульскийдің өзінің әріптесі, академик М. А. Усов туралы: «мальчишка из бакалейной лавки, а не профессор геологии» деп әжуа еткенін қынжыла қайталап, сезін былайша түйеді: «Когда образовался Сибгеолком, петербургские геологи боролись против этого. Котульский пришел в ярость. Он отказался подчиняться «соплякам» и не подавал руки...»

Сондықтан да Сібір геологтары мектебінің түлегі, әмбе профессор Усовтың шәкірті һәм кешегі көшпелі халықтың ортасынан шыққан қабілет-дарыны беймәлім инженер қазақтың Геолкомның айтулы мамандарының Жезқазғанға мән бермеген сынбаржақ тұжырымына қарсы шығып, кенорның түбегейлі түрде, әрі тереңге барламак болған жобасы техникалық кеңесте қолдау көрмей

\* К. И. Сатбаев. Таңдамалы еңбектері. 1-том, А., «Ғылым», 1967, 142-б.

құлап шығады. Яғни Яговкиннің айтқаны болып, тек қана екі станокпен мардымсыз барлауға рұқсат беріледі...

«Ленинградтан 16 қантарда қайттым, әңгіменің жай-жапсарын кездескенде айтартмын, қазір соны тәптіштеп жазуға құлқым жоқ, тым үзак сез...— депті Қаныш Имантайұлы Қызылордадағы Таисияға жүлдүздиң 17-жаңасында жолдаған қысқа хатында.— Сірә, 22-күні, яки алдағы жексенбіде сендерге қарай шығып қалармын...»

Жаңа астанада ол бірақ өзі жобалағанындай екі-үш апта емес, ай жарымдай уақыт болды: үеде еткен кеңтаныстары әні-мінімен ағасының ісіне араласуды сезбұйдаға салып, Әбікей Зейінұлының Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетіне жолдаған арызын қарауды кешеуілдеткен; ақыры іс оңға басты. Біржола ағармаса да, сот белгілеген үш жылға кешірім жасалады. Оның жөн-жосығын Қаныш Имантайұлының 18 наурызда Таисия Алексеевнаға Москвадан жазған хатынан оқимыз: «16 күні түнде келдім... Ғалымтай мені аса жоқтамаған сияқты, хал-күйі жақсы. Өзіңің хатың мен сыйлық тақиянды табыс еттім. Қатты қуанды. Басына бірнеше мәрте киіп, айнаға қарап, біраз қоқыланып жүрді де: «кірлетпей тығып қояйын, өзі келгенде ғана киемін» деп сандыққа салып қойды. Сол түні-ақ достарым — Досов, Файзолла мен Әзімбай келіп, түннің бір уағына дейін отырып, сәтті сапарымды жудық... Келесі күні жайырақ тұрып, трестке бардым. Жұмыстары бұрынғыдай. Бірақ көңіл-хошым бұзылып қайтты: барлаудың қаржысын кесіп тастапты, 4.300 мың сомның орнына 3.500 мың ғана бермек; егер қосымша ақша таба алмасақ, тертінші тоқсанда қаржысыз қаламыз... Шетелден келмек зауыт жабдықтары түгелдей Жосалы станциясына жеткізілпі, бұған да тәубе делік. Тұрланға қажет жабдықтарға шетелге тапсырыс жасалған... Елден бір құшақ хат алдым, ауыл-аймақ дінаман, күйлі де керінеді. Райханнан (Ә. З-ның қызы) көп қуаныш білдірген жеделхат алдым, демек, Әбекенді үйіне босатқан...»

Әрине, жазғы барлау маусымы жақындан қалғандықтан, жас геологтың ынта-жігері соның жолында болған.

### **Қ. И. СӘТБАЕВ – Т. А. КОШКИНАҒА, Москва, 22 наурыз 1928 ж.**

«...Тұрланның барлауы әзірше беймәлім күйде. Геолком бұрынғыша барлау мен бұрғылауға бір-ақ келісім-шарт жасағылары келеді, ал трест екі түрлі шартқа отыруды қалайды. Нәтиже мен шығын мелшері екеуінде де бірдей. Тименің айтудынша, дау-шар бір-біріне есе беріп «илікпеуден» туып отыр... Ал оның өзі Тұрланнаның барлауын «Оралгорконторасына» беруді жақтайды. Бұғын соларға жеделхат жәнелттік. Оңды жауп болмаса, Геолкомның «қырсық» шартына көнуге мәжбүрміз. Өзге жұмыстар жөніндегі шарттарға қол қойылды. Тұжырымдал айтқанда, олар мынадай: 1) Қайрақты кенорнында жалғыз станокпен әрқайсысы 50 метр тереңге 8 скважина бұрғылау; 2) Өспен төңірегінде бес шаршы шақырым жерді әлектр барлаумен тексеру; 3) Жезқазғанда екі станокпен 1500 м. жер бұрғылау; 4) Жезқазғанда бес шаршы ша-

қырым алаңға қосымша электр барлау жүргізу; 5) Найзатастан флюстік шикізат (қызылтым темір кені) іздеу; 6) Малтақ кенорны төнірегіндегі тың геологиялық ізденістер (Бетпақдала, Яговкин былтыр жете алмай қайтқан жер); 7) Байқоңырдағы барлау (Пригородскийдің экспертизасы және тың ізденістер, бәлкім, бұрғылау жасаумен); 8) Қарсақбай төнірегінен отқа төзімді саз табу; 9) су іздеу; 10) Байқоңыр мен Қарсақбай аралығына екі шакырымдық масштабпен топографиялық съемка жүргізу...»

\* \* \*

Ұнталы кісіге қашанда жұмыс бар, ал Қаныш сияқты еңбегін туған еліне көрсетуге құлшынған жас үшін кеңседе сарылып сегіз сағат отырып істеу аз, кейбір қағаздарды ол үйіне қолтықтай келіп түнде де, жексенбі құндері де тындырып тастайды. Амалдан жүріп трест басқармасы мен Геолком жетекшілерінің қарым-қатынасын байыпты дерлік жағдайға келтірді. Сейтсе де Одақтағы беделді мекеменің, жұрттың бәрі тәуелді болып тіленіп келетін барлау орнының тілегінді созбалап, айлар бойы жатқызып, ақыр аяғында түрлі-түрлі шарттар қойып, ұзақ кергумен бастайтыны қынанақ. Биыл да солай болды. Бір тәуірі қазақ даласына соңғы жылдары көбірек үңіліп жүрген инженер-геолог А. И. Тименің көмегімен біраз жұмыстарды орындауға Свердловтағы субелі барлау ұжымы «Оралгорконторамен» шарт жасасты. Рас, барлау көлемін былтырға қарағанда біршама шектеуге тұра келді. Өйткені Атбасар тресі ВСНХ-дан биылға сұраған қомақты қаржыдан бір миллионға жуығын кем алды. Демек, қыста жобаланған барлау үдесі біршама азаяды. Басқарма мәжілісінде бұл туралы да сөз болды. Ақыры әрі толғап, бері толғап, тотықтан мысты көбірек қорытып, соны сатып, барлау қажеті үшін қосымша табыс табуға қаулы алынды. Өзіндей жастардың ұнталанған ісін әрдайым қолдап, жұмыс мұддесі үшін қандай да бір тәуекелден бас тартпайтын К. Бронзос (С.С. Дыбең бұл кезде басқа жұмысқа ауысқан) сияқты іскер қайраткердің тресті басқарып отырғаны қандай жақсы...

Келісім шартқа отырған барлау партиялары көктем шыға Қазақстанға жүріп кетуге әзірлік бастады. Қайсыбірі, әсіресе электросъемкамен шүғылданбақ топ наурыз айының орта кезінде-ақ аттанып кетті. Сәтбаевтың өзі де соларға ілесе жолға шықпақ болған. Москвада бөгелгендей шаруасы жоқ-ты, жас маманның аптыққан көңілі барлау аландарына жетуге асық. Бірақ «қырсық заңына» не істейсін, күтпеген бір жағдаят оны еріксіз кіріптар етіп, жаз ортасы ауғанша астанада қалып қоюға мәжбур етті.

Бірер айдан асты, елдегі туыстарынан хат-хабар тағы да үзіліп қалды. Бұған да қатты алаң болып, көңілі елегізіп, үйқысы бөлініп

жүрген шақта ол жақтан тағы бір жайсыз жаманат сап ете қалды. Был онда қыс сұрапыл қатты деп естіген-ді, аяғы нағыз жұтқа айналыпты. Ал өз ауылына жұт тіпті «жеті ағайынды» болып шүйлген. Жалғыз ағасы Бекеш те аяқ астынан істі болып, Баянауылдағы тұрмеде жатқан көрінеді: «Әрине, оның да ешбір кінәсі жоғы маған аян, соған көздерін жеткізген кезде, сірә, босататын шығар. Бірақ біздің үйдегі естияр да жалғыз ерек кіндіктің ауылда болмауы, жұттан азып шыққан туғандарымның есін алып жүдегітіп отырғаны жаныма батады. Әсіресе қартайған әкешемнің, шиеттей бес баланың...» (1928 жылғы 11 сәуірде жолдаған хатынан). «...Ауылдан да, Семейден де хат-хабар жоқ. Үнсіздіктен ауыр не нәрсе бар еken, жанымды әбден күйзелтіп бітті. Қандай да бір хабар беруді талап еткен жеделхаттарыма ешқандай жауап жоқ. Тағы бірдеме болып қалды ма деп жабырқап жүрмін... Менің Ташкентке бармак сапарым шешілген мәселе. Бұл жақтан, сірә, мамырдың 12-15 аралығында шығып қалармын. Қызылордаға тоқтауға онша құлқым жоқ... Вокзал басында кезікsec қайтеді?.. Фалымтай циркке кетті. Ал мен үйде тағы да жападан-жалғыз жабырқап отырмын. Шөлдеп те отырмын, шай ішер едім, әттең, примусты жаға алмаймын» (1928 жылғы 15 сәуірдегі хатынан).

Қаншама тырысқанымен мамырда Москвадан шыға алмады. Ташкентте болмақ геологтар съезі күзге қалды. Шынтуайтын айтқанда, Атбасар тресінің бас геологын жайма-шуақ кектемде кенсеге «қамап» отырған себеп мүлдем басқа ғәп болатын...

### **Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА** — Москва, 7 мамыр 1928 ж.

«...Сірә, маусымның онына дейін Москвадан шыға алмаспын. Бұдан бұрын аттануға қызмет жағдайы ғана емес, жеке басымның шаруасы да мүмкіндік бермей отыр. Ауылдың халі бұрынғыдан да сорақы. Соңғы хатымда жазғандарға әкемнің кенеттен қайтыс болғаны қосылыпты, оның үстіне тағы бір немере туысым тұтқындалған. Әкемді жан-тәніммен суюші едім, қадір-құрметі де мен үшін өзгеше жан еді... Ол кісінің мынандай жағдайда дүниеден қайтуы мен үшін айтып тауыспас соққы. Үйде қалған шиеттей бес баланың, ағамның әйелінің, әсіресе қарт шешемнің халі не күйде екенін білмеймін, міне, екі ай болды, олардан ешбір хат жоқ. Туған ағайым қазір Павлодарда дейді. Оның тағдыры да әзірше мәлімсіз. Байғұстың жағдайын жеңілдету мақсатымен мемлекеттік беделді мекемелердің арасын өтініп, әр түрлі шаралар істеп жатырмын. Ағайға тағылып отырған кінә айтуға тұрмайтын қисынсыз нәрсе, ісінің тезірек қаралатынына шұбәм жоқ. Тегінде, бұл біздің даланың ежелгі ескі «дертінен» туған, басараздықтан пайда болған әншайін жала. Әділ де қатаң кеңес сотовы әлі-ақ бұл жұмысты үйымдастырған адамдардың әрекетін әшкерелеп, төрелік айтады. Бірақ соған дейін бейшара ағамның үй-іші қаншама қасірет шекпекші, әсіресе қоректік малдан жүрдай болып, әкеміздің қазасын аза тұтып жылап отырған күндерде...»

Жаздың едәуір мерзімі өтті. Қаныш Имантайұлы әлі де Москвада. Демалысқа шыққан Таисия Кенді Алтайдағы Зырянов кәсіпшілігінде тұратын шешесіне бара жатып, Москваға соғып, бірер апта қасында болып кетті. Бұл да жабырқау қөңліне сүйеу болды. Сейтсе де... Басына үйірлген бұлт тарқар емес. Ғалымтай демалысқа шыққан қазақтарға ілесіп, ауылға қайтқан. Бара сала станицадан жеделхат жолдапты: ағаларының жұмысынан ешқандай үміт жоқ; Әбікей Зейінұлының былтырығы жұмысы қайтадан қозғалып жатса керек; жұттан қалған азын-аулақ мал тәркіге түсken; үй ішінің жағдайы ит өлмес, ат арымастың үстінде... Өзі тұратын коммуналды үйдің салт басты тұрғындары жаз шыға түгелдей жан-жаққа тарап кетті. Бірі демалыста, бірі Қазакстанға үзак іссапармен дегендей. «Ал мен жалғызыбын. Әсіресе кеш әлетінде жанымды қайда қоярымды білмеймін,— деп шағынады ол үшінші маусымда Зырянов кенішіне жолдаған хатында.— Тап қазір сени қайтадан көрсем ешқайда жібермес едім, ешқайда!.. Иә, солай, бұдан былайғы жалғыздыққа, сірә, төзе қоймаспын. Адам бәріне де көнеді деген қасаң теорияның керегі не, құрып қалсын! Қысқасы, сенің әрқашанда қасымда болуынды тілеймін, бұдан басқа ракаттың маған қажеті жоқ! Кердің бе, жол сайын леп белгісін қойып отырғанымды, енді не істейін, дәп қазіргі халқұйым нақ осындаі ерекше әсерлі сөздерді тілеп отырса...»

Жалғыз ғана алданышы — қырдағы барлау жұмыстары ойдағыдай жүріп жатыр. Іздеуші топтар екі-үш жерде жұмысқа кіріскен. Тек Тұрланға баратын геолог қана Ленинградтан келмей зарықтырып отыр. «Аланау... бұл жақта мені еркімнен тыс байлап отырған келенсіз іс... бәз-баяғы қалпында, ешқандай өзгеріс жоқ. Трестің бастығын күтіп жүрмін, сол кісі келген соң ашық сөйлесіп, бұл істі бір нәтижеге жеткізбей болмайды...»— депті 12-маусым күнгі хатында.

### 3

Атбасар мыс тресінің бас геологын мансұқ жұмысына жібермей, шынтуайтын айтқанда, Москвада «үй тұтқыны» етіп еріксіз ұстал отырған (Таисияға соны тұра жаза алмай бұлдырата айту себебі де содан) қиянат істің басты жебеушілерін түстеге қазірде қын емес.

1927 жылдың қараша айында өткен Өлкелік партия комитетінің 6-конференциясы Ф. И. Голощекиннің талап етуімен «ірі байлардың малы мен құрал-саймандының бір бөлегін тартып алуға болады...» деген екішты қарап қабылдаған-ды. Өлкелік комитеттің бюросы оны іле-ақ мақұлдап, БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық атқару комитетінің келісімін алған соң-ақ тәркілеу жөнінде арнаулы топ құрып, әзірлік шараларына жедел кіріскен: соның бірі, сірә, жаз шыға басталмақ саяси ірі науқанның, әріптестері «Құжақ» атандырған (фамилиясының тұра аудармасы) Филипп Исаевичтің арман еткен «Кіші Октябрь» төңкерісін сәтті жүргізуге кедергі

жасайды-ау деген үлтжанды, көзі қарақты, коммунистік ожданға беріктігімен қоса турашыл ежеттігі де мәлім қазақ қайраткерлерін басшылық жұмыстардан шеттетіп, солармен бірге жер-жердегі оқыған азаматтардың ең арлы, жанкештілерінің басын түрлі «қылымстық істермен» шырман қою болған сынды...

Әбікей Сәтбаевты еткен қыста «істі» етіп, әуреге салған қудалаудың сыры да осы болатын. Әлбетте, ГПУ-дың әскез тергеушілері оны шырмау үшін кейбіреулердің ежелгі «ауруы»—басараздық пен қызғаныш десе жанып түсетін белсенділігін шебер пайдаланған.

Әсілі, өндіріс көрігін қыздырмак мәнді жұмыста жүрген, яки ауылдағы жаңа науқаннан мүлдем қашық қасіппегі Қаныш Сәтбаевты да Қазақстан қырының жолатпай, Москвада ұстап отырған қитүркі амалы болатын: әрине, Әлкелік Комитеттің жауапты хатшысының өзі емес, соның табанын жалаған, қыбына қарай құлаған жағымпаз сорлылардың заң мен саясатқа жүйрік инженер жігіт сүйікті ағасын қоймай жүріп түрмеден сұрып алғаны сияқты, тәркілеу науқанына да бөгет жасайды, бәлкім, қарсылық үйимдастырады... деп сақтану шарасын ойлағаны еді...

Кім-кім, Әбікей Зейінұлы қиянат жалаға шалынып зардап шегер кісі емес-ті...

\* \* \*

Заман өзгеріп, үкімет басына большевиктер партиясы келісімен-ақ бұратана халықтарды озық жүрттармен теңгеріп, оларды жаппай сауаттандыру бағдарламасын жариялаған қуннен ол саяси күрестен тыйылып, ежелгі ағартушылық қасібіне жанын сала кіріскең-ді: жаңа үкімет қайда жұмсаса бастартқан жоқ, лауазымды мәнсап тілемей, тапсырылған істі ақыл-парасатымен, ар-ожданымен адалатқарды; аз уақыт губерниялық оку бөлімін басқарды, одан соң бес жыл үдайы (1922 жылдың 4 желтоқсанынан 1927 жылдың аяғына дейін) Семейдегі Қазпредтехникумға директор болды...

Губерниялық «Қазақ тілі» газеті 1923 жылғы 1 сәуір күні «Үлгілі жолдас» деген атпен жариялаған басмақаласында: «...Бұл мектеп осы Әбікей ағайдың тырысып, тыныштық таппай істегенімен ғана ашылып, жүздей шәкірттер оқып жатыр. Оку бөлімінің беретін кемегі жетіспейтін уақытта, мектепке сондайлық үлкен үй түзеткізіп, қыстай мектепті отын-су жағынан мұқтаж қылмай, оқушылардың да хал-жағдайларын тексеріп, қолынан келген кемегін аяған жоқ. Мектептегі мұқтаж оқушылар пайдасына һәм мектептің өз пайдасына әлденеше сауық кештерін жасады. Қайтсе де бұл мектепті алға бастырған Әбікей ағай. Әбікей сияқты еңбегін сіңірген оқымыстыларымыз аз-ақ шығар. Жуырда губерниялық Атқару комитетінің басқармасы... Әбікей ағайдың баян-дамасын тыңдап, мектеп жұмысын осындағылық қыншылық уақытта көңілдегідей қылып жүргізгендіктен һәм Губаткомның бұл туралы тапсырылған міндеттін толығымен орындағаны үшін басқарма

атынан газет арқылы үлкен раҳмет айтуға және сый қылып бір миллиард ақша беруге қаулы жасады, Әбікей ағайдың... бұл қызыметі қазақтың тарихынан да орын алар...»

Осы газет екі жылдан кейін «Семейдегі қазақ оқытушылар педагогикумының, қысқаша жайы» (1925 ж. 12 ақпан) деген екінші мақаласында: «Үстіміздегі... жылдың жазына қарай оқушылардың алды бітірді. Құтқен үміт, еккен егіннің жемісін жейтін уақыты... Негізгі терт белімнің бәрі де ашылған. Был бітіретіндердің саны —11, келесі жылы бітіретіндердің биылғы есебі —17. Екі даярлағыш бөлімінің балаларымен барлығы 201 шәкірт бар. Тәжірибе мектебінде 160, барлығы 361 бала оқиды...— дей келіп, сол жылдың аяғында техникум шәкірттерінің жазғы демалыс кезінде ауыл аралап, 3502 адамның сауатын ашқандығын хабарлапты. Ертістің сол жағалауындағы Мұрат елді мекенінің қалаға үрымтал іргесінен 50 гектар жерге көкөніс егіліп, мал ұстайтын қосалқы шаруашылық та үйімдастырылыпты.

Әлбетте, мұның бәрін тынымсыз директор жалғыз атқармаған. Ұстаздық қылуға жан-тәнімен берілген оқытушылардың басын қосып, мойнындағы ауыр жүкті жеңілдеткені сөзсіз. Айтальық, осы қаладағы таңдаулы мұғалімдер — И. С. Плотников, Е. Г. Мертвецов, И. Ф. Виноходов, С. Н. Иванов, С. Г. Сироткин, С. Н. Рябовтармен бірге Мәнан Тұрғанбаев, Қалиқбар Төребаев, Шекер Қоқымбаев, Әміржан Сыздықов (кейіннен ғылым докторы, профессор) сияқты өз қатарынан ілкі алда жүрген қазак зияльдары да ұстаздық еткен. Әбікей Зейінұлының шақыруымен Ленинградта аспирантурада жүрген Мұхтар Әуезов 1924—1925 оку жылында Семейге келіп, қазақ әдебиеті пәнінен сабак берген. Ғұмырнамалық баянында Әлкей Марғұлан Дағба болысының бір ауылында «Саужой» оқытып жүрген 16 жасар кезінде, оку жұмысын тексереп келген Әбікей Зейінұлының сабактан соң өзіне: «Сен бала оқытумен қалмай, ез білімінді де күшейт, күзге қарсы Семейге кел, техникумге түсірейін...» деген ақылын хош керіп, 1921—1925 жылдар аралығында облыс орталығында бес жыл үдайы оқығанын сүйсіне жазып, сөзін: «Ол кезде бұл техникум бітірушіге осы күнгі институт деңгейінде білім беретін» деген тұжырыммен аяқтайды. Тұнғыш генерал-лейтенанттың, тыныштық қорғаушы Шырақбек Қабылбаев 1970 жылы жариялаған естелігінде шалғайдағы Абралидан 1924 жылы білімін көтеруді аңсап келіп, педтехникумге қалайша тап болғанын әсерлі суреттеген: «...Сәтбаев өте бетті, оқушылармен де, оқытушылармен де орыс тілінде сөйлеседі. Оның алдынан не оқытушылар, не оқушылар көлденең өтпей, өтіп кеткенше тосып тұрады екен... Бір уақытта мениң кезегім жетті. Қазақша сәлем беріп кіріп келдім. Сәтбаев «бала, жақынырақ кел де, қағаздарыңды бер» деді... Мениң... қағаздарымды асықпай оқып шықты да, маған қарап «кедейдің баласы екенсін, үстіндегі шекпенің мен ескі тымағынан көрініп тұр. Семейдің қысы суық болады, тоңып қалмайсың ба, бізде сары шолақ тоннан басқа жылы киім берілмейді» деді. Мен «ағатай, тоңбаймын, оқуға алуыңызды сұраймын» деп жалына жауап бердім. Жақсы қабылдап,

жылы сейлескендігі ме, қорқыныштың бәрі кетіп қалыпты. Бетіме бір қарады да, арызымның үстіне бұрыштама қойып... «білімінді тексереді комиссия қарап, қай класқа алынғаныңды тізім арқылы жариялады, қазір жүре бер» деді...»

Ұстаздық етумен бірге Әбікей Зейінұлы әлеумет істеріне қызу араласып, әсіреле қазақ мектептерінде жұмыс істеуге тиіс алғашқы мұғалімдердің рухани деңгейі, адамгершілік сипаты, оқутәрбие істерінің әдістері, пән окулықтарына талап жөнінде мерзімді баспасөз бетінде кептеген мақала, зерттеулер, талдаулар жариялаған. 1924—1925 жылдары Семейде шыққан «Таң» журналында жарық көрген «Оқытушы деген кім?» деген баянын ол: «Білім иелерінің ішіндегі ең құрметті, ең сыйлы адам — оқытушы... Оқытушы өз басын қадірлей біліп... Қызындыққа шыдауды керек, соңда ғана ынтасты мен талабы жанбақ, қалаған биігіне жетпек» деген кіріспемен бастап, мынадай тұжырыммен аяқтаған: «...Жақсылық іс адамды қол бұлғап шақырмайды. Жан иесі жақсылықты өз сезімімен сүйсініп, өз бетімен керек қылып, жақсылыққа тоймақ, таппақ. Жақсылық негізі — білім!...»

Айта кету парыз: отыз жылдан астам уақытқа созылған ағартушылық ғұмырына ол өзі жария еткен талап, еңбек, өнеге, кісілік ұлағаттардан бір мықтал аумай, бала-шағасы, іні-қарындастарын ғана емес, алдынан еткен шәкірттерінен өміріне мұрат қылған асыл қағидаларды мұлтқисіз орындаудын ерекше қатты қадағалаған.

Амал қанша, өз ісіне осындай зор ықжадағатпен қараған тынымсыз игі еңбек иесі һәм ұстаз-ағартушы азамат та жаңа үкіметке жақпады. Біреуге оның директорлық мәнсабы керек болды, екіншіге жайлы үйі, үшінші сойқан білімпаздық абыройын қызғанды... Қысқасы, сынықтан сылтау тауып, «Кіші Октябрьді» тілеуші шенеуніктер тамаша ұстазды ұлы тәркілеу алдындағы «тазарту-дың» алғашқы құрбандығына шалды да жіберді...

Бұл жолғы қудалаудан Әбекең «жеңіл» құтылып, Семей түрмесінің азабын жарым жылдай тартып үйіне қайтқан-ды. Бірақ зардабы ауырырақ тиді: қазақша түглі, орыс мектептеріне мұғалім жетпейтін ділгір кезенде орыс тілінен сабак беретін байырғы маманға Семейден жұмыс «табылмай», саяси сенімсіз деген жазаға ілікін...

Киянат қаралау Әбікейді ғана емес, шалғайда жүрген інілерін де шалған: Ақмола маңында, мәдениет саласында хал-қадерінше еңбек етіп жүрген Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев қайтадан тұтқындалып, бәз-баяғы ақ әскері қашқан кездегі «жол көрсеткен кінәсі» қайыра тергеледі; үшінші қылбұрау кооператив басқарып жүрген Фазиз(Бекеш) Имантайұлына түсіп, оны да Баянауылдағы абақтыға ауылдан жаяу айдаған; қырдағы белсенділер, сірә, қажы тұқымын естияр кіслерінен айырып, біржолата құртуды жобала-са керек; баласынан кейінгі қиянат жаза 83 жастағы Имантай ақса-қалға бүйірып, ол да станицаға жауапқа шақырылады... Ауылдастарының айтуынша, ақылы сұңғыла қарт бү дүниеден кетерін білген сынды, осы сапарға жүрерінде етжақындарына: «Менен көз жазып қалмаңдар, сірә, елден ұзамаспын. Топырақ маған Үлкен

ауылдағы ескі бейіттен, Әлиманың қасынан бұйырысын!.. Қанкежанды шақыртпаңдар, маған оның амандығы қымбат, сол жақта жүре тұрсын...»— депті-міс. Шынында да Баянауылға барған күннің ертеңінде, тәрізі өз өулетіне тиіп жатқан әділетсіз соққыға жаңы қатты күйизелгенд сияқты, қалайда кешке таман жүрек талмасынан опат болады. Қу тағдырың қаталдығына шара қанша, ұлken ұлы Бекешті сол қарсаңда ГПУ-дің тергеушілері Павлодарға женелткен екен, сол себепті аяулы әкесін арулап жерлеуге кенжетайығана емес, ауылдағы асыраушы баласы да қатыса алмаған...

Әбікей Зейінұлы, сірә, әділдік іздегісі келген, сол жазда Москвадан бір-ақ шығады...

Жеткен күні-ақ оңаша пәтерде ішкүсада отырған інісіне ел хабарын, өзі мен туыстары басынан кешкен құқайды жасырмай түгел айтқан-ды. Қаныштың да Ұлытау мен Түрләндағы барлау аланына жете алмай, «үй тұтқыны» боп шаң қапқан қапырық астанада жіпсіз байланып отырған дәрменсіз жайын өз аузынан естіді...

Кексе ағасы бірден тіс жарып үндеген жоқ. Басын шайқап біраз уақыт үнсіз отырды да:

— Шіркін, Ахан дүлділ ғой нағыз, Байтұрсыновты айтамын,— деді күрсініп.— Біздің осы халімізді білгендей-ақ, «Жауға тұскен жанның сезі» деген елеңінде былай депті: «Тағдыр шіркін тап беріп, Тамағымнан алып тұр. Жала деген төбеті, Балтырымнан қауып тұр... Әй, сені ме дегеннің, Айызы әбден қанып тұр...» Не дейміз, Қанкөжан, тағдырың жазуын көреміз де...

Інісі шарасыздығына налып іштентынды. Сейтсе де сүйеу күтіп келген ағасын тығырықтан құтқаруды ойлап, өзінің де кіріптар жайын ақылдаспақ болып, Қазақстанның Москвадағы өкілі Әбілқайыр Үсқақұлы Доссовқа барды. Әбекен екеуі бір жылғы тел еді, өзі оқу жолында жүргенде құрдасы әлеумет жұмыстарымен белсендірек шұғылданып, ту бастан-ақ қызылдар күресіне де қатысып, ақыры, Кеңес үкіметінің белді қызметкери болып танылған. Әбілқайыр Үсқақұлымен ол Семейде, Губаткомның төрағасы болып тұрған шағында жақынырақ танысып, білісken. Москва шәрінде қайыра кезіккен соң ашық сырласатын, бір-біріне шақырусыз баратын жақындыққа ұласты.

— Ашуға жендеріме, құрдас,— деді досы жайбаракат қалыпта.— Өзің тіпті жұқара бастағансың ба, аptyқтай басылып отыр... Же, сонда рұқсатсыз елге жетіп барғанда не үтасың? Жосалы станциядына тұскен сәтте-ақ қолынды артыңа қайырып байлады да, «контра» деген қаралаумен торкөздің ар жағынан бір-ақ шығасың. Бай баласы екенің белгілі — бір, туыстарың да саяси статья бойынша қамауда отыр — екеу ме?..

— Өбе, мен Кеңес мектебін бітірген инженермін, былайша айтқанда, Кеңестің көйлегінен шықкан өз перзенті!

— Білемін, басқалар да біледі. Алайда елде қазір үстем тапқа қарсы күрес жүріп жатыр... Дос жансын, өтінемін, бекерге күйректенбе, бай тұқымы қайдасың деп қамшы үйіріп жүрген ұрда-жықтарға бәрібір, көзіне тұскенді аямайды. Ең дұрысы әзірше осы жақта жүре тұрған. Менің де бұған қарсы тұrap, иә тыйым салар

шамам жоқ. Саған да, туыстарына да... Әбекенді мен қатты сыйлаймын ағартушы ретінде де, кісілігін де. Бірақ, науқан дүрілдеп тұрғанда не істейсің, өзің айтшы, желге қарсы түкіруге бола ма?

— Шынында да миыма ештеңе кірер емес. Әкемнің басына барап, құран оқып қайту үшін де рұқсат алым керек?!.. Мен барсам-ақ халық дүр көтеріледі-мі!.. Тап жауы — мен! Ау, бізден байлық кеткелі қай заман?! Сексен үштегі әкемді де жауапқа тартпақ болған. Ал ол кісі ғұмыр бақи жетім-жесірді қорғап өткен бейкүнә жан-ды, тірі пендеге қылдай қастық қылмаған. Енді, міне, соның да артын шулатып, үрім-бұтағын бай тұқымы деп... Жоқ, Әбе, жұмыссыз отырғандықтан бірдемеге үрынатын шығармын, тіпті уақытты қалай өткізерімді білмеймін,— деп Қаныш жан күйзелісін актарып мұңая сейледі.

— Беу, құрдас, мен сені мықты деп жүрсем, бұның жарамады. Ау, газет-журнал деген бықып жатыр, соларға қазақ даласының жер байлығын, асты-үстіндегі қазынасын мадақтап ең құрғанда мақала жазбайсың ба?.. Сенің білімінді құдай маған дарытса, әттең десенші! Қысқасы, доғар ондай күйректікті! Қалмақпен қатты қаржысқан батыр елдің жұрағаты екенінді осындай қыын-қыстау кезде көрсету керек! Қыншылыққа да қайсарлық жасау қажет, достым!..

Нақтылы қол ұшын бермесе де, сеніп барған қайраткер досынан Қаныш әжептеуір қайраттанып шықты. Әбікей ағасын астанадағы үлгілі ауруханалардың біріне жатқызды да, кептен бері көкейінде жүрген ойын — Жезқазған кенін барлаудың бесжылдық жобасын геологиялық түрғыдан негіздейтін еңбек жаза бастады. Мардымсыз көлемде жүрдім-бардым жүріп жатқан барлау қарқыны, оның нендей нәтиже берерін тіпті кәперіне алмай, қиялындағы теренен және әлденеше қабаттан мыс кенін қисапсыз көп тапқандай-ақ шабыттанып, қаламы да құні-тұні қағаз бетінде дамылсыз жорғалап өнімді еңбек етсін! Бірер аптадан соң ғана аңғарды: жоба үшін деп бастаған еңбегі кенет көлемді мақалаға айналыпты, тек соның бас-аяғын қайта қарап тұжырымдай жазса — Қазақстан түглі, Одақтың да кез келген беделді мемлекеттік журналы шап бергендей мәнді, әрі көпшілікке арналған ғылыми баян тұғандай...

Екі-үш аптадай ем алып, денсаулығы біршама оңалған соң Әбікей ағасы елге аттанды, бірақ жолшыбай Омбыға соға жүретінін ескертті...

Ағасы кеткен соң-ақ, әсілі, ол кісінің осында жүргені өзіне едәүір ес, қуат та болғанға үқсайды, уақыт өткізе алмай қоңылтақсыған мұң бойына қайтып оралды. Құні-тұні жаңын жеген бір сұрақ: не істей керек?.. «...Қызылордадағылар, сірә, мені Атбастрестегі жұмысымнан да біржола аластаяға шешінсе керек. Жуық арада сол жайында ресми қағаз келмек. Демек, мен бұдан былай Қазақстанға бара алмаймын. Биылғы қыс, бәлкім, Москвада қала тұрамын. Жұмыс жөнінде қиналмаспын, көніл болса — маған құштар кеңселер көп. Оншақты құннің ішінде, сірә, бәрі де

белгілі болады. Сол кезде толығырақ жазармын. Көніл күй әзірше осындай, бірақ уайым жеп түңгілгеннен аманмын. Қысқасы, **Сәулем**, мен үшін де, өзің үшін де демалуға тиіссің...— депті 20 маусымда Алтайға жолдаған хатында ол.— Мұндағы достар Москва-да қалуға кеңес береді, ең болмағанда бір жылға. Өзім де сол ойдамын...», «Әзірше осындамын, сірә, әлі де болатын сияқтымын. Қазақстанға, тіпті ауылымга барып қайтуға рұқсат ала алмадым,— дейді 13 шілдедегі хатында.— Демек, қала шаңын жүтқан мезі де күйкі тірлікке риза болуға тиіспін. Тұрмыс-тірлігімде ешқандай өзгеріс жоқ. Жұмыстың бет алысы да беймәлім. Ешкім ештеңе айтпайды, ең болмағанда түсіндірсе еken. Ал трест жетекшілері менің босағаным мүлдем қарсы. Бұл да мен үшін үлкен рухани сүйемел. Шынында да, жұмысқа мен адал болдым, аянғаным жоқ. Онсыз өмір сүре алмайтынның өзіме аян. ...РКФСР-дың ВСНХ-сына (Кен директоратына) жұмысқа шақырып отыр, немесе ВСЕКОПРОМСОЮЗҒА (пайдалы қазбаларды жекешелеп қазу беліміне) орналасуға мүмкіндік бар. Екеуінде де материалдық жағдайым жаман бола қоймас (еңбек ақысы қазіргіден кебіректеу), рухани жөнінен бірақ бұлар менің қолайымға жақпайтын жұмыстар. Алғашқы мекемеге барсам — мамандығымды біржола жоғалтып, кеңсешіл шенеунікке айналамын, былайша айтқанда, әкімдік жолға түсемін. Екіншісі, қара бастың қамын ойлау... Ленинградта Геолкомменде сөйлестім: «...кез келген уақытта жұмысқа аламыз» десті. Ал Котульский Қазақстанда биыл тұрақты ашылмақ Геолком белімшесін басқаруды ұсынды... Мұның бәріне де нақтылы жауап бермей, ойланып жүрмін... Трестен еріксіз кетіретін болса, сірә, Геолкомды таңдармын. Ленинградта бір апта болдым... Жұық арада жағдайым түзелетініне сенімім күшті. Сен енді менің уақытша сәтсіздігіме тым қамықпа. Құзде басымыз қосылып қайткен кунде бірге тұратын боламыз... Бүгін саған жеделхат жолдап, бір шиша насыбай жіберуді етіндім. Бұл құрғыр бітіп қалып, онсыз да жұқарып жүрген жүйкені қажап замады ала берген соң, амалсыз сұрадым. Тәнір жарылқасын, **жаным**, ең құрғанда кеүіп жүрген таңдайымды жібітші. Туған ағамның жұмысында өзгеріс жоқ...»

Жұық арада дегені, бірақ ұзап барады. Ұзаған сайын беймаза қалада кутуден зарығып, әрекетсіз бос отырған геолог жігіттің тынышын алып, тынысын тарылта түскендей.

**Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Москва, 21 шілде, 1928 ж.

«...Жағдайым, шынтуайтын айтқанда, бұрынғыдай беймәлім қалпында. Көніл күйім сергек. Сергек болмағанда не себепті босқа қүйректеніп, қайғыруға тиіспін: бойымдағы барлық құшжігерімді, білімімді құні бүгінге дейін туған елім — Қазақстан ушин сарқа жұмсап келдім. Ау, сол үшін енді, мүлдем әділетсіз, қиянат құғындауға ұшырап, жалаға ұрынып, өзімді жек көретін қай-қайдағы дүшпандарымның әрекетінен жапа шегуге тиіспін?!

Трестің жұмысы ойдағыдай деседі: зауытты биылғы жылдың аяғында жүргізбек; жабдықтарды монтаждау біржола аяқталып

келеді... Электрobarлау тамаша нәтиже беріпті: Жезқазған мен Тасқұдықтың аралығынан төрт жерден жаңа кен аномалиясын үшірастырыған! Бұл болса осы участоктарда кен шоғырлануына сенімсіздік білдіріп жүрген мамандарды иландыру үшін өте-мете мәнді жаңалық. Электрмен барлау тобы қазірде Өспен ауданына аттаныпты. Яговкин де, сірә, қазір Малтақта болу керек. М. И. Ваганов (Өспендері бүрғылау партиясының бастығы) пен Турландағы барлау отрядынан... хабар жоқ... Біз үшін әзірше қолайсыз болып тұрған мәселе — пирит іздеудегі сәтсіздіктер. Болаттам пиритінің бір партиясын Механобр (Механикалық жабдықтар — M. C.) институтына сынауға жібердік. Сөйтіп жайбарақат дегенімізben ісіміз алға басып, Қарсақбай алыбының іргесі қаланып жатыр, бұл болса — Қазақстанды индустрияландырудың іргетасы».

\* \* \*

Сәтсіздіктің де шегі бар. Кейде ол жылдарға созылады, кейде бірер айға. Сәтбаевтар әuletі тап болған кесепат бұл жолы дала-ның бірер апта көз аштырмай, әлей-түлөй үйтқып соғып, артынша аптығы басылып тынши қалатын боранында, әйтеүір қысқа уақытта тоқтады. Үкімет маңындағы ел жақсыларының бірі, әлде Москвадағы мықтылардың құдайға қарағаны Қаныш Имантайұлының үсті-үстіне төпеп жолдаған арызы мен жеделхаттарына назар бөліл, Сәтбаевтар әuletін жазықсыз қуғындауды тоқтатуды талап еткен. Сірә, сол сөз қуат-күші пәрменді жерден айтылса керек, иғі әсерін шерменделер бірден сезген...

Алғашқы хабар Омбыдан келген-ди: соның іргесіндегі «Қаржас ауылында» бой тасалап жүрген Әбікей Зейінұлы ел жаққа әзірше қайтпауға бекініпті; осы шәрдегі орыс мектебіне мұғалім бол орналасқан... Соның артынша Павлодардан да қуанышты лебіз жетті, Кәрім де, Бекеш тө қамаудан босап, ауылға аман-есен қайтыпты. Екеуі де шаруа қамына кіріскең, сот шешімімен тәркіге түскен малдын үштен бірін қайтарып алыпты (Ғалымның дербес архивінде сақталған дерек бойынша, Имантай мен оның баласы Фазиз Сәтбаевтан 1928 жылдың жазында 100—150 бас ұсақ мал, 40—50 жылқы және 12 ірі қара тәркіленгендігі айтылған).

Құ жанын қоярга жер таппай, трест кеңесінде қағаз мұжып отырған инженер-геолог да Қазақстанға баруға рұқсат кешіккен жоқ, тіпті жеделхатпен хабарланған. 28 шілдеде Қызылордаға жазғы демалыстан қайтып оралған Таисияға жолдаған хатында ол: «...Келесі аптада барлаудың жай-күйін тексеру үшін Түрланға жүремін, одан әрі — Қарсақбайға... Жүрерімде жеделхат саламын, күт, жаным!..»— депті.

**Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА**, Москва, 4 тамыз, 1928 ж.

... Көңіл күйім соңғы күндері біржола түзелді деуге болады. Жұмыста да олжа көп: Жезқазғандағы барлау мен нұсқаған қолаттан қуаты үш жарым метр, мыстың орташа құнары 6,5 процент кен қабатына жолығыпты; пештің монтажы біткен, яки, 15—20 қыр-

күйек аралығында зауытты жүргізуге мүмкіндік туған; менің өндірістерге сапарым шешілген мәселе!.. Тұрландағы партия би-ылғы барлау маусымын жобаланған мерзімнен біржарым ай кешігіп бастады. Демек, қалған уақытты пайдаланып, бүкіл жұмысты қысқа мерзімде орындан шығу қажет. Әлгінде ғана комбинаттың басшыларынан Тұрландағы партияның Түркістанға қарай шығатын бағыттан, ...небәрі төрт жарым шақырым жерден жаңа кенорның тапқанын естідім. Не қылған кенорны? Бара көреміз. Өспен партиясы әзірше үнсіз жатыр... Білмеймін, өзің өтінгендей Қызылордада бірер күн аялдауға мүмкіндік бола ма, болмай ма, белгісіз. Турасын айтқанда, ешқандай жұмыс болмаса Қызылордада тіпті бір күнге де тоқтағым келмейді. Шығарымда телеграф пен хабар беремін. Қалай болғанда да мениң қарсы аласың... Денсаулығым қазір жақсы, сен ойлағандай «сіріңкедей» шілтиіп жүдегеннен де аманмын...»

#### 4

Перзенттік парызын етеуді ойласа ең алдымен туған ауылына барғаны абзал-ды. Өзінө де, ағайын-туғанға да асқар таудай сүйеніш болған, күні кеше бүкіл Ақкелін елінің көшбасшысы, қадірменді біи атанған әкесінің басына барып тағым етуге тиісті. Сағынып отырған бала-шағасына, ауыл-аймағына жүзін көрсетіп, мауқын басу — адамшылық борышы емес пе?.. Бірақ адудын мына заман оның шалғайды Баянауылға бұрылып, жеке басының парыз-міндетін өтеп жүргенін көтере ме, әмбе жаздың санаулы күні қалғанда? Жоқ! Азаматтық ары оқыған жігіттен нақ ол күнде басқа әрекет тілеген-ді.

Сондықтан да Москвадан аттанған күннен кейінгі екінші апта-да біз оны түстіктең барлау алаңынан көреміз. «Бүгін таңертең Түркістанға келдім, директорымды да осында көрдім,— деп жа-зады ол 19 тамыздағы хатында,— Тұрланның жағдайы мүшкіл: бұрғылау әлі басталмапты; дайындық жұмыстарына кешігіп кірісken; амал не, қолайлы уақытты өткізіп алышты. Директор екеуміз бүгін сол жаққа жүрмекпіз. Мазаланып біттім. Сірә, бұл жақта ұзағырақ болармын, бұрғылауды тездедіп бастауға қалай-да бірдене істеуім керек... Директорымыз — жаңа адам, бұл жақ-тағы жұмыстың жай-жапсарын әлі білінкіремейді. Сондықтан да жұмысқа қолайлы кезеңді өткізіп алған. Бүгін де жолға шыққысы келмей кегежін тартып, ертең жүрсек қайтеді деп үгіттеп бақты. Ал бізге мұнда қаларлық ешқандай желеу жоқ. Жұмысты бастат-қан соң қайтарда қаланы аралап, көне ғимараттарын көріп, кеңседегі қағаздарды ақтарудың жөні басқа... Бәлкім, 25-іне та-ман көрі оралармыз... Насыбайы тәуір екен, тәуір-ақ алдым, сен оған енді әуреленбе... Өзіңнің К. С...»

Қарсақбайға ол тамыздың 29 күні келеді. Әрине, келе сала құрылымын аландарын аралап, барлау жүріп жатқан кен төбелерін кезген.

Ұлытау алқабының дүбірлі күндерді басынан кешкен айшықты кезі еді бұл: зауыт құрылышы санаулы күндерде аяқталмақ — ауыр жабдықтардың бәрі де орнатылып болған; қалашық едөүір үлкейіп қалыпты; шахтылар көктемнен бері қайыра ашылып, кен тасын тонналап шығара бастапты; Байқоңыр мен Қарсақбай, Қарсақбай мен Жезқазған аралығындағы тар табанды темір жол да пайдалануға берілген; байыту фабрикасының құрылышы ғана кешігетін тәрізді, басқарма мүшелері дереу бас қосып, ақпанға дейін қорытуды құнарлы кеммен бастауға шешім қабылдады... Мұның бәрі біткен істің, ертеңгі зор игіліктің нышандары. Анығында көптеген айлар бойы мыңдаған адамдардың жол меҳнатымен, даланың ұлыған боран, сұығымен, баспана, азық-тұлік тапшылығымен күресе жүріп, іргесін көтерген зор әрекет құшімен келіп отыр. Файыптан тіл біте қалса, Қарсақбайда соңғы үш жылда пайда болған әрбір тұрғын үй, зауыттың әрбір қадау темірі осынау қыыр далаңың төскейіне қандай бейнет, ауыр еңбекпен келгенін ұзакты құн әнгімелеп берер еді. Іздеу салып қарар болсан, сол күндердің әрбір іс қағазы, жеделхат ақлары осы жайында сыр шертпек. «18 желтоқсаннан беріде Қарсақбайдың сырт өмірмен байланысы мүлдем үзіліп қалды. Нан, азық-тұлік, құрал-жабдық тасу тоқтап тұр,— деп куәлік етеді комбинаттан Москваға жолданған жеделхатта.— Жосалыда отырған басқарма терағасы Бронзос жолдас жұз түйемен керуен үйымдастырып, Қарсақбайға жөнелткен еді. Бір мың үш жұз центнер үн тиеген бұл керуен көк тайғақ мұз басқан даланы кешіп жолда келеді. Қарлы боран тоқтаған жоқ, аяз да қатайып барады. Керуенді карсы алуға комбинаттан қырық түйемен кісілер женелттік. Бронзос жабдықтаған керуен Қарсақбайға 18 қантардан беріде жете алмайды. Ал біздегі наның қоры тек 15 қантарға дейін ғана жетеді. Құннің сұқыттығы бүгін отыз үш градусқа жетті. Байқоңырдағы қазақ жұмыскерлерінің тамақ жоқтығынан жұмысқа шыға алмай үйде отырғанына бірнеше құн болды...»

Қарсақбай комбинаты кешкен ауыртпалық бір ғана қатаң табигат, іә жолы шалғайлышы ғана емес-ті, қыншылық көп еді.

Әйтсе де үлкен ниет, бір тілекпен жұмылған көп жігері соның бәрін де жеңді. 1928 жылғы 16 қыркүйекте бірінші шарпу пешіне от қойылды. Ақ түйенің қарны жарылды дерлік ұлан-асыр қуаныш онан әрі кешіккен жоқ.

Бір айдан соң, дәлірек айтқанда, 19 қазан күні, жергілікті уақыт бойынша тұнгі сағат он бір шамасында Қарсақбай зауытының конверторынан тұнғыш рет мыс бұлағы ағызыла бастады. Кеңес әкіметі салған тұнғыш мыс ендірісінің енімі, тұнғыш кеңес мысы дүниеге келді!

«Жұмысшылар мен әкімшілік-техникалық қызметшілердің әрекше жігер, қуатының арқасында Қарсақбай комбинатының Үлкен мыс зауыты үкімет белгілеген мерзімде өнім бере бастады,— деп хабарлайды Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің терағасы М. И. Калинин жолдасқа жолдаған жеделхатында осы оқиғаға арналған салтанатқа қатысушылар.—... Қарсақбай кеншілері өте-

мете ауыр жағдайда жұмыс істөді, темір жолдан жырақта, қазактың Бетпақдаласында жанқиярлықпен еңбек етіп, ақыры барлық қыыншылықты жеңіп шықты. Уш мың жұмысшылар мен әкімшілік қызметтің колективи Сіз арқылы ВЦИК-тің сессиясына пролетарлық сәлем жолдайды. Және үкімет тапсырмасын әрқашанда мұлтіксіз орындауға әзірміз деп сендіреді».

Қуанышта, тегінде, егіздеп туындаиды. Сәті түсті екен, уақыт талғамай оңнан да, солдан да орайласа қалады. «...Жезқазғандағы барлау өте-мөте сәтті жүріпті. Биылдың өзінде, сірә, 25-30 мың тоннаға кен қорын өсірсек керек. Электробарлаудың нәтижесі де көңілдегідей!— деп шаттана сыр шертеді Қаныш Имантайұлы Қарсақбайдан қырқүектің 3-күні Таисияға жолдаған хатында.— Иә, бұл жақтағы барлау жұмыстарының көлемі ұлан-асыр, соның бәріне тек қаржымыз жетсе? Шұблөмін... Бұған бірақ аса қайғырып отырғаным жоқ, ең бастысы іздеуге тұрарлық кен бар!»

Ден қойып үңілсен, иә, қазақ даласында кен бар. Екі жылдық шағын барлауда Жезқазған қоры қаншаға өсті?! Биылдың езінде Спастағы барлау мыс көлемін екі миллион пүттән асырып отыр. Ал Өспендергі барлаушылар алтын тауыпты. Қайракты мен Тұрландағы олжалар ше?! «Русаковтан ресми емес алған бір хабарыма қарағанда, Балқаш төңірегінен жалпы көлемі бір миллиард пүт шамасында (?) мыс кенін тауыпты. Тек шындық болғай, онда бұл — дүниежүзілік алып!— деп масаттанады жас геолог келіншегіне жолдаған тағы бір хатында.— Тек біздің далаға деген сенимсіз көзқарас езгерсе екен. Жері қашық, су жоқ... деп күн бұрын бай-балам салған, дұрысын айтқанда, шалғайлығынан зәре-құты қашқан сақтандымпаз мамандардың теріс пиғылынан аман болсақ десенші!...»

Қарсақбай зауыты жүріп, барлаудың едел-жедел шараларын қарастырып бір жайлы еткен соң, перзенттік парзызын өтеуге де мүмкіндік туды. Барап жері тым алыс, тұра қатынас атымен жоқ. Амал қанша, алыс болса да айналма жолды таңдады. Шортанды станциясына дейін темір жолмен келіп, сол жерден Ақмолаға аппаратын жолаушылар автобусын күтіп отыр, ал одан әрі Қарағандыға жетсе, ауылына салт атпен түсуі қыын емес; «Автобус тіпті кішкентай деседі... небәрі он екі кісі алады. Әрі биылғы ең соңғы сапары. Ал жүрмек болып сайланып отырған жолаушы — он төрт. Демек, оған екі адам сыймай қалады. Мениң жағдайым бәрінен тәуір. Біріншіден, қызмет бабымен журмін. Екіншіден, кезекке бірінші болып жазылдым...» (16 қазан, 1928 ж., Шортанды станциясынан Т. Кошкинаға жолданған хаттан).

Ауылында бір ай болып, келген жолымен кері қайтқан-ды. Нұрым шёшесі ақсақалының сонынан опат болғандықтан, бастапқы айтқан мезгілден сәл үзағырақ жатуға тұра келіпті. Әзге туғандары дін аман екен. Бекеш ағатайы ауылға қайтып оралыпты, денсаулығы да түзеле бастапты. Тәркіленген мұліктерін қайтарыпты, тек алынған мал басы түгел емес. Кінәсін мойнына қоя алмағандықтан өзге малды да (жырма шақты жылқы мен 50 қой) жа-

қында жинап бермек болыпты. Қысқасы, қырдағы ағайын үшін әзірше аландамайтын тоқ көңілде қайтып келеді...

«**Қымбатты Тусен!** Ақмолаға жіберген ақшанды (екі мәрте) және бір хатынды алды, көп рақмет. Әзірше дін аманмын, денсаулығын онды, тек жол азабын өте кеп тарттым,— депті Қаныш Имантайұлы Ташкенттен келетін үшінші поезды тосып отырып, Сызрань қаласынан қарашаның 24-жаңасында Қызылордаға жолдаған хатында.— Спас зауытынан Шортандыға дейін, бүл енді 500 шақырымдай жер, салт атпен жүріп өттік, ал Шортандыдан бері төрт тәулік ұдайы поезден изенdedік. Шаршағанымды сұрама, Москвадағы пәтеріме жетіп, төсегіме қаннен-қаперсіз құлауды ғана тілеп отырмын, соны арман еткеннен өзге ой басыма тіпті оралар емес. **Сәулем**, сені де ерекше сағындым. Егер Москвада тағы бірдеме сопаң ете түспесе, барысымен шақыру жібертемін, сен енді, **жаным**, ешқандай кедергісіз және бүлданбай бірден келесің. Бұдан әрі екеуміздің де бұғылмақ ойнап, жеке-жеке тұрғанымыз жүйкемізді жұқартты, бұл сөзге, сірә, дау айтпассың... Фалымтай тағы да бірге келеді. Оқудан кешігіп қалса да, менен айырылғысы келмедин, тапқазір сорлы балақан үстелге басын сүйеп үйіктап отыр. Мектебіне қайткенде алғызатын амал ойластырудың керек... Маған күштірек насыбай ала келуді ұмытпа, кем де-генде 5 шиша. Өзінің К...»

Москваға қайтып келісімен бәз-баяғы барлау ұдесінде болады: өткен жазда төрт-бес жерде бұрғылау жүрген; негізгі олжа, бірақ екі жерден оралған... Бірі оның Тұрлан кенинде. Рас, былтырғыдай мол қазынаға жолықкан жоқ, оның басты себебі іздеуші партияның жұмысты кеш бастағандығында. Сол жерде ірге кете-ре бастаған өндіріс те қаз тұрып, өрістей алмады. Сірә, трестің ынта-жігері, назары Қарсақбай зауытында болып, соны қайткенде биыл жүргізуге тырысып, күш салудан... Қалайда Тұрланнан күткен үміті ақталған жоқ.

(Қазірде Ашысай, ал дұрысы Ашасай немесе Тұрлан атанған бұл кенорны осы күнде жұртқа Кентау атымен мәлім қаланың солтүстік-шығыс іргесінде орналасқан полиметалл кені. Негізгі қазынасы тік құлайтын желі боп, яғни тұрба сынды тікқабат түзегендіктен оның қорғасынға бай, мырышы одан да мол қисапсыз кен қорын бастапқы іздеушілер бірден кере алмаған. Бұл кенорнының бағы 1934 жылдары, Шымкентте алып қорғасын зауыты салынған кезде ашылды. Оның мырыш кені күні бүгінге дейін қазылуда.)

Ал Жезқазған қолатында Геолком партиясы екі станокпен небәрі 28 скважина бұрғылаған, барлығы 1570 метр жер тескен, бұрғының жеткен орташа тереңдігі 56 метр. Соның езінде тағы үш жерден кен езегі табылған... Әрине, бұл өзі күткен нәтижеден, Жезқазған көмбесінен барламақ болған межеден шалғай жатқан көлем. Дарияға қосылған бұлақтай ғана аз олжа. Сондықтан да барлау нәтижелерін саралап, картаға түсіріп, толғанып отырып, берік тоқтамға келген байламы: шағын күш-құралды әр жерге шашып, жалпылама барлаудан тыйылып, негізгі назарды, ынта-

жігерді Жезқазғанда ұстау; сол үшін Геолкоммен тағы да келіссөзге шығып, шамасы келсе ырқына көндіріп, 1929 жылдың барлауында оған ең кемі терт станок шығару. Олардың жұмыс істейтін орындарын да белгілеп алды: бірі — Раймунд Қолатында, екіншісі — Петропавлов, үшіншісі — Никольск мен Анненский шахтыларының\* шығыс бөктерінде бұрғылау жасайды. Ал төртінші станок бұрын-соңды бұрғы түспеген Жартас төңірегінде барлау жүргізеді...

Екі жылдан бергі ізденисте жас қазақ геологы да біршама тәжірибе жинақтап, іс үстінде, тынымсыз жүрісте ысылып, салиқалы болжам, пікір айтқандай дәрежеге көтерілген. Жезқазғанға бұрынғыдан да зор сеніммен қарай бастаған. Мұның айғағын геологияның «Народное хозяйство Казахстана» журналының 1928 жылғы бірінші санында жариялаған «Қарсақбай ауданы және оның мүмкіндіктері» деген мақаласынан аңғарамыз. Сәтбаевтың ойынша, Жезқазғанды енді жай ғана мыс кенорны деп атау жараспайды. Оның қуатына, зор болашағына дүниежүзілік мәні бар қазына провинциясы дегендей шалқар теңеу, кең атау лайық болмак. Демек, күні кеше Қарсақбайда ірге көтерген жаңа өндіріс — көңілге хош керініп, қаншалықты үлкен сияқтанғанымен, Жезқазғанның жерасты қазынасын жүз, екі жүз жылда да тауса алмайды, тіпті оның жұлдызына келмейді. Оған тегінде қуатына лайық шынайы алып зауыт, үлкен комбинат керек. Зауыт қана емес, сырт өмірмен тікелей байланыс — даңғыл тас жол, кең табанды темір жол, айдыны шалқар көл-бөгет, ондаған мың адам күші қажет. Әрине, мұның бәрін жүзеге асыру үшін қыруар қаражат керек. Ең бастысы оған зор сенім қажет. Тоқетерін айтқанда, Ұлытау қойнындағы қисапсыз мол қазынаны халық иғлігіне тезірек жаратамыз десек, оны игеруді алғашқы бесжылдық жоспарға енгізіп, одақтық алып құрылыс деп жариялау қажеттігі туындаиды.

Амал қанша, өлкелік журналда жарияланған бұл мақалаға үкімет, иә жоспарлаушы-жобалаушы мекемелерден де ешкім мән бермеген. Демек, мемлекеттік мәнді іс-ау деп көніл бөлмеген. Главцветмет пен Геолкомның қазақстандық геологияның пікір-ойымен санаспағаны белгілі. Қаныш Имантайұлы бірақ ұстаған бетінен қайтпай, қайткен күнде өз ұсынысын жеріне жеткізбек мақсатпен жоғарыда аталған басқармаларға, тіпті одақтық Халық шаруашылығы Кенесіне ресми хат жолдайды. Алайда ешқандай жауап ала алмайды.

Бұл мәселенің неліктен оңды шешілмегендігі хақында қазақ геологының әріптесі М. П. Русаков мынандай түсінік айттыпты: «Өкінішті жайт,.. Қ. И. Сәтбаевтың Жезқазғанның қоры орасан мол мыс ошағы екендігін, оның мүмкіндігі Одақтағы барлық мыс кеніштерінен әлденеше ессе артықтығын әйгілеген пікірін бұрынғы Түсті металл басқармасы мен оның жергілікті өкілдері дұрыс бағалаған жоқ... Бұлардың Жезқазған үшін қиялы жетіп болжаған

\* Бұлардың барлығы «Ушаков және К°», ағылшын кәсіпшілерінің атавы бойынша және техникалық құжаттарға сай беріліп отыр.

мөлшері бірер жұз мың тонна мыс болатын, тіпті соның өзі табылса, іә ала алсақ деп шүбәланған-ды. Ал Қаныш Имантайұлы 1927 жылдың аяғында олардың тұжырымын қате, Жезқазған қыртысында бірер жұз мың емес, миллиондаған тонна мыс жасырынып жақандығын батыл түрде жария еткен-ди...»

(Әділін айтсақ, іс басындағы әріптестерін соншама жазғырып, қара тақтаға аяусыз шегелеп отырған қадірменді Русаков та бұл тұжырымын со күнде емес, 1949 жылы (Қазақ КСР ФА-ның «Хабаршысы», № 4) жазған-ды. Ал біз сөз қылып отырған кезде ол өзі тапқан Қонырат кенінің дүниежүзілік алыптығын дәлелдеп баққан-ды. Ақыра аяғында Сарыарқа білгірінің жолы болды: бесжылдық жоспарға алып зауытты Жезқазғанда емес, Балқаш көлінің жағасында Қонырат кенінің мол қорына негіздеп салуға шешім қабылданды... Қонырраттың мыс қазынасы Жезқазғандай алыптың жұлығына келмейтіндігі, амал не, елуінші жылдарда, тіпті соғыс кезінде-ақ мәлім болды).

## ТҮЙЕДЕН МАШИНАҒА

### 1

Жезқазғанның тақиядай екі-үш тәбесіне бүрнағы жылы бірден 15-20 бүрғылау қондырғысын қоймақ болып қияли жобамен келген қазақстандық геолог был Геолком мамандарының таң қалдырыған «сыпайылық» танытты. Небәрі тәрт-ақ станок сұрай келіпті. Біреуі тек терен бүрғылау жасауға тиіс... Сондықтан да сұрағанын дау-дамайсыз түгел алды. Тіпті қуаты күштірек станоктың біреуін және беретін болды. Тек тереңге бүрғылау жүргізе алатын шеберді өзі табады...

Ал бұл шара Жезқазған қолатын жан-жақты және терен қабаттарға зерттеуге жобалаған Сәтбаев жоспарының мәнді тармағы еді: кен жатқан жердің аумағын шектеу қажет-ті, әмбे оның тереңде қанша жұз метрге созылатынын білмей қалайша барлау жүргізбексің? Амал не, қазақ маманына деген сенімсіздік тағы да алдынан шықты, бірақ үміт-тілеуін шорт кеспегеніне де тәүбе!

Іле-ақ Қаныш Имантайұлы 1929 жылдың маусымдық барлауының қамына кіріскең-ді. «Әлгінде ғана Свердловқа келдім... Мейманханасы үшеу екен, бірінен де орын таппадым. Тіпті түнеп шығар бұрыш та тимеді. Амал қанша, «Жәрмеңке» үйіне барып, жалынып-жалпайып тұрып, бір тұнгеге тәсек алдым, оның өзін таңғы тоғызда босатуға қолхат беріп... Қысқасы, мұнда келген шаруамды тезірек тындырып тайып тұруға мүдделімін» деп шағынады геолог Таисияға наурыздың жиырма екісінде жолдаған хатында. Ал шаруасы соншама тез тындырғандай онай да емес-ті, бірақ жолы болып, іздеген кісісін бірден тапты.

«Оралгорконторамен» шартқа отырып, Апшерон түбегінде терең бұрғылауға маманданған әйгілі шебер Александротовты бригадасымен бір жазға жалдайтын болып келісіп қайтты.

Бұл қыста ерлі-зайыптылар Москвада бірге тұрған-ды. Таисия трест басқармасына тұрақты жұмысқа аудықтан. Бірақ жарытып істей алмады... Ері барлау топтарын жасақтап, солардың сонынан өзі де көктем шуағымен таласа Ұлытауға аттанып кеткенде, Таисия астанада қалуға мәжбүр болды. Күткен қуаныштарына жастар жадыраңқы жаздың аяғында жолықты. Келіншегі ат үстар ұл тауып, әкесінің қалауы бойынша, Арысұлан атанды.

Ұлытау өнірі бұл қарсанда еңбек дабылын мейлінше дүрілдеткен зор қымылға көшкен. Зауыт қалыпты жүріп кетті. Жобалық қуатына жете қойған жок, бірақ межелі шекке жақын. Шикізаттан тапшылық керген емес, тек қорыта біл. Жезқазғанда әзірше екі-ақ шахты істейді, ал кен өндіруге өзір тұрғандары қаншама! Тұрғын үйлер құрылсызы Қарсақбайда ғана емес, Байқоңыр мен Жезқазғанда да кең өрістеп отыр. Барлаушы геологтарға да жыл сайын көшіп, әр жерге шеру болғанды дөғарып, ездеріне тұрақты мекен-жай тұрғызып алғаны жөн-ақ. Сәтбаевтың ойынша Жезқазғанда, Покро мен Крестовоздвиженка шахтыларының аралығындағы Тасқұдық қолатында «Барлау үйін» салу қажет. Оны айнала көрн қоймасы, жөндеу шеберханасы, станоктар тұратын парк, құрал-жабдықтар базасы, ат-түйелерге де жеке қорғанжай, олардың шөп, жем қорасы тұрғызылуға тиіс. Қалашықтың бір шетінен техниктер, геологтар, бұрғылаушылар, барлау жұмыскерлері тұратын басспана әзірлеу лайық. Қысқасы, бұл мекен — уақытша емес, ондаған жылдар Жезқазған мұддесіне қызмет етер іргелі, кең келемді, әмбе берік құрылыш болуға тиіс...

Көктем шығып, жер беті дегдіген кездे-ақ Тасқұдық, Милықұдық пен Сорқұдық үстінде мосы сияқтанған айбақ-сайбақ бақандар құрылыш, солардың іргесінен дамылсыз тарсылдаған мазасыз дүңкіл естіле бастаған. Станок мотормен жүреді. Ал мотордың жүруіне жағар май керек. Жерді ұнғыған снаряд бегеусіз зырылдасын десең — скважинаға кеңірдегінен шүпілдеген су қажет. Кейде оны арнаулы саз қосып, жер жарықшағын сылай беру керек. Суды да, майды да, лайлық сазды да таситын жергілікті қазақтар. Май Жосалыдан келеді, көбіне машиналар қорабымен, кейде атан түйелер парлап жегілген ырдуан арбалармен. Су болса жақын мандағы езен үзіктерінен алынады. Жезқазғанның өзінде су тапшы, ауыз суды мұндағы тұрғын ел бірлі-жарым шыңырау құдықтар мен кейбір шахтылардан сорылатын жыламық көздерден алады. Кейде солар да құрып қалып, екі шелек су үшін таңнан барып, кезекке тұру керек... Демек, сушыларға станок үшін алты қыр асып, екі-үш бөшке суды азаппен әкелуге тұра келген. Сондықтан ба, бұл жұмысқа көлігі нашар, күш-қайраты шамалы кем-кетіктер жалданады. Әлді жігіттер алыс болса да пайдасы көбірек кіре тартуға сұранып, Жосалы мен Қарсақбай арасында жүріп тұруды тиімді көреді... Тегінде, жергілікті қазақтар жұмысы өнімсіз, сырды жұмбақ станокқа жолағысы келмейтін. Бұрғылауда

істейтіндер — алыстан келгендер, көбіне олар Свердловтан, Украинадан, Ленинград, Москва іргесінен жалданады. Бұрғылаушы мастер, моторист, немесе аға жұмыскер және бірнеше станокқа жауапкер бұрғылау технигі — бәрі де орыстар. Суышыларға, лай, май тасуышыларға қарағанда табысты бірнеше есе артық алғанымен, бұлар да мезі тірліктеріне разы емес: жаз бойы табаға салып шыжғырғандай аяусыз күйдіретін күнді қарғайды; Бетпақдаладан күн-түн есken аптапты сыйап, әрі үnsіz меніреудей тымырайған құ медиенді өгейсіп, өздері үйренгентабиғи саясы мол, сулы, нұлы туған өлкесін жоқтаумен болады. Бірақ көнбеске шарасы жоқ. Қыстың күні, жыл басында шартқа отырып, несие алып қойған. Онда пәлен ай, пәленше күн осы қырыда жұмыс істеп, пәленше мың метр жер үнғымын деп міндеттенген. Қазіргі азабы соның өтеуі, амал-сыздың әрекеті. Құн санап ынтасыз істеген соң жұмыстары да енімсіз, жүрдім-бардым. Трест технигі нұсқаған төбеле құралын сүйреп барып, бұрғылау жүргізеді. Ол жерде кен бар ма, жоқ па? Оны ойлап бас қатыруға көnlі жоқ, ейткені кен тапса да қосымша көк тиын алмайды. Еңбекақы бұрғы үшы еткен әрбір метрге ғана төленеді... Ал күн сұтып, қар үшкіндай бастады-ак, бұрғылаушы атаулы жұмысын ықшамдап, жол сандығын әзірлеуге кіріседі. Себебі жазы қапырық шөл даланың қысы мейірімсіз қатал да қаһарлы болатынын жақсы біледі. Білгендіктен де «Контракт бітті, қош бол енді, Жезқазған қыры!» деп тайып тұрады. Ұлытау жонында бір жаз жұмыс істеген келімсек бұрғылаушы, тегінде, екінші мәрте қайтып оралмайды. Сондықтан да бұрғылаушылар бригадасы жыл сайын жаңадан жасақталады. Әрине, трест агенттерімен күн ілгері жасалған келісім шартта бұл өнірдің күйдіргі аттабы мен құрдым шөл даласы туралы ешқандай сез болмайды. Сейтіп, көпшілік жұрт жұмыстың қөлемі мен қолына тиер соманың молдығына қызығып алданып қалушы еді де, кейіннен сол күнгі ашықауыздығы үшін өкінумен болатын...

Осы жайды Қаныш Имантайұлы үш жыл ұдайы бақылап келеді. Үш жылда Жезқазған барлауының өзі қабылдаған деңгейден ең кемі үш жұз қадам алға өрістегені анық. Қаншама кен қабаттары тыңнан ашылды. Міне, биылғы 1929 жылдың жазғы маусымында 44 скважина бұрғыланып, жалпы қөлемі 2557 метр жер тесіліпті. Бұрынғы қорға тағы да үш өзек (залежь) қосылып және терең бұрғылау жүрген қолаттан тұтаса жатқан аумақты кен қабатына кезікті. Барланған кеннің қөлемі тағы да бірнеше миллион пүтқа өсті. Соның бәрі бірақ қаншама күш-қайратпен орындалды? Қаншама бейнет жұмсал, тер текті?!

Бұдан құтылуудың жолы біреу ғана: барлау құралдарына да, буровойда істейтін жұмыскерге де өзің ие бол. Сонда ғана барлауды өзің нұсқаған жерде, қалаған мерзімде, ойлаған қөлемде жүргізесін.

Бұл ойына жетуге тек қолайлы мезгіл күткен. Сол сәт биыл тұғандай көрінді...

1929 жылдың күзінде Кеңес үкіметі тұсті металға ділгірлікті ескеріп, соларды өндіретін азын-аулақ өндірістерді жедел

әркендету шараларын белгілеген, бұл саладағы кәсіпорындарға қомақты қаржы, қажет қор да бөлген, демек, құрал-жабдық сатып алуға мүмкіндік туған-ды. Соған ілесе басқарма әкімшілігін Москвада ұстаған Атбасар түсті металдар тресі таратылып, оның орнына дербес үш комбинат — Қарсақбай, Спас және Тұрлан (кейіннен Ащысай атанған) комбинаттары үйымдасты. Әрине, оларды басқаратын дирекция да енді кен шығарылатын, иә металл қорытылатын негізгі өндіріс алаңына көшірілген. Москванды өртеден бауыр басқан қызметкерлердің дені, жетекші инженерлердердің біразы қыыр шетке барудан қашқақтап, әр қылыш сылтаулар айтып астанадан жайлы орын тауып алысты. Қаныш Имантайұлына да ысылған маман, әрі ауқымы үлкенірек инженер деген жөнмен екі түрлі қызмет үсінген: бірі — Москвадағы Бурцевтмет басқармасының бас маманы болу; екіншісі — Алматыға ауысып, жаңадан құрылған Қазақмыс тресін басқару... Бірақ ол екі астанадағы лауазымды жұмыстардың біріне де келіспей, шалғайдағы Ұлытау өңірін қалайды. Оның да басқарма әкімшілігі емес, өндірістік қызметтін — геология бөліміне жетекшілік етуді. Бірден-ақ кішкентай Арысұлан мен Таисияны Қарсақбайға іле-шала апарып та салған-ды. Дер кезінде кешіпті: жатақтан емес, мамандарға салынған жаңа үйден бақандай екі белмелі дербес пәтер тиді.

**Қ. И. СӘТБАЕВ**, Москва — Қарсақбай, **Т. А. КОШКИНАҒА**,  
25 желтоқсан 1929 ж.

### «Қымбатты Туся!»

Хатынды бүгін алдым. Арысұланды ойлап аландал жүр едім, көнілім енді жайланды. Мен кетерде басталған аяз үйді мұздатып, балаға сүктип қалды ма деген қауіп қой баяғы. Аязға оның мәү демегеніне қуаныштымын. Демек, нағыз жігіт! Инженер Поповпен сәлем-сауқыт жібергеннен кейін де хат жазғамын, ал кеше балалар ауруының профессорында болдым. Оның маған айтқаны мынау: Арысұландықі «диспенсия» деген ауру. Тегінде, бұл... баланың қоректі тым көп алып, соны ұлтабарының қорытып үлгере алмауынан пайда болады-мыс. Сен оны тым жи өмізесің, бәлкім, сүтің өте қою...»

Мен мұнда өзіңе мәлім жұмыстардың соңындамын. Әзірше пәлендей дерлік шешім жоқ... Ал сен өзіңе ешқандай тапсырма, міндеп жүктеп әуре болма... Мен саған Арысұланнан өзге ешбір шаруа тапсырмаймын, тіпті шүғылдануыңа тыйым саламын!»

Москваға қайтып келгендегі шаруасы — жаңадан үйымдасты бәлімге инженер-техниктер шақыру еді. Бұған көп қиналған жоқ, сәтті шешті деуге болады: «Бекейхановты (Сергей Элиханұлы, жоғары білімді барлаушы маман — М.С.) Қарсақбайға баруға біржола көндірген сияқтымын,— деп хабарлайды ол жоғарыдағы хатында,— М.М. Пригородскийді көрдім... Бурцевтмет жазға салым Қарағандыдағы барлауға жібермек болып отыр екен, айтудынша,

одан өзге тиянақты кісі таппапты. Ал мен Бурцевтің тағы бір маусым Қарсақбайда керек болатынын дәлелдеп бақтым. Сірә, бұған Ленинградта келісетін шығармыз біржола. Сен оған айт: Қарсақбайға мен қантардың 10-15 аралығында қайтамын, менімен кездескеннен соң ешбір бөгетсіз демалуға босатамын, мұндағы үйжайы тегіс аман... Бұрғылау станоктарын табу қызындау болып тұр, сірә, табылған күнде де мамырдың бастапқы күндерінен беріде ештеңе тие қоймас. Басқа тапсырыстар да сөзбүйідаға түскен, тағы да жүйкені құрттар іске айнала ма деп қорқамын...»

Бір тәуірі коллектор, техник, кәнігі бұрғылау мамандары табылды. Сөйтіп, онда-мұнда жүгіріп ерте қамданғанының арқасында, алғашқы айда-ақ жаңа бөлімнің негізі қарайып та қалды...

Енді екінші мәселеге кірісуге болады. Бұл болса астанада жұмысқа қалмай, қыыр далаға құштарланғандағы түпкі мақсаты: барлау құралдарын қолына алып, Жезқазған қойындағы қазынаны тездетіп іздеу... Бұл үшін Главметалл (бұрынғы Главцветмет) басқармасының рұқсаты, көмегі керек. Ең алдымен қомақты қаржы, тиісті фонды қажет. Әмбес соның бәрі барлау бөліміне дербес берілуге тиіс. Былайша айтқанда, геология бөлімі жеке шаруашылық есептегі мекеме болып есептелсін.

Бұл шаруаның бүге-шігесін комбинат дирекциясымен келіскең, солардың мақұлдауымен жасап отыр. Тіпті есеп-қисабын әзірлеп, карта-схемасы толық арнаулы жоба түрінде ұсынған. Әрине, Үлкен Жезқазғаның келешегіне лайықталып, зор қөлемге жасалған: биылғы жаздың өзінде онда он бес станок жүргуге тиіс; мұның қак жартысы қыста да істейді; екі, иә үш станок терен барлаумен шүғылданады... Өйткені Жезқазған қыртысының тәменгі қабатында не бар, не жоғы — осы күнге дейін ешкім көрмеген, білмеген, тіпті білуге талап қылмаған жұмбак. Геологтар басқарған шағын отрядтар жұз-жұз елу шақырым маңайды да тегіс барлауға тиіс. Себебі Жезқазғаның кен тәбелерін ертелі-кеш шыр айналып шұқылай беру барлаудың өрсін ұзартпайды. Ұлытау өнірі, Сәтбаевтың шамалауынша, мыстан да өзге кен байлығынан құр алақан емес. Сайып келгенде, белімнің таяу жылдарға нысана етер мақсаты — бастапқы қарқынды ешбір тәмендетпей, Ұлытау атырауында жылына ең кемі 25—30 станок тұрақты жұмыс істеуіне жету...

Әрбір қадамы, зерттеу көлемі, тіпті шығыс-кірісіне дейін есептеген, орындалуы бірнеше жылға жоспарланған бұл жоба Главметалл тарапынан дереу қолдау тауып, кідіріссіз макұлданса керек-ті. Бірақ олай болмады. Сәтбаев жобасын қараған шикізат белімі бірер күннен соң: «Геолком сарапшыларына апарып келіңіз, ақылдастып шешкеннен сізге де, бізге де зиян болмас...» дегенге сайды. Амал қанша, ежелгі барлау нояндарына жүгініске аттанды. Олар болса асығар емес, «Жезқазған барланбаса да жер айналысын тоқтатпайды, өмір алға жылжи бередіге» салып, шыдамдылықпен күтүге кеңес берді. Не істейді, күтпеске шарасы қанша?! Ұлытауға қайтып, тездетіп барлау тобын ұйымдастырып, жұмысқа кірісудің орнына Ленинград мен Москва аралығында

әуре-сарсаңға түсіп жүрді де қойды... Ақыры бір күні Сәтбаев жобасына пікір де айтпай, ейткені ол «пікір айтуға тұрмайтын қисынсыз, әмбे өндіріс мүмкіндігінен алшақ жасалған жоспар» деп есептелген, «Жезқазған кенорның жан-жақты барлаудың бесжылдық жобасы» аталған қомақты өңбек Главметалл басқармасына келіп түсті. Геолком мамандары әзірлеген жобамен мұқият танысып, барынша әділ төрелік айту енді Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімінің менгерушісі инженер Сәтбаевтың өзіне жүктелді.

Өзіне қасақана білдірілген сенімсіздік пен қиянатқа ашуын ішінде бүге тұрып, мейлінше әділ болуға тырысып, шұқшия үңілседе одан көргені – бұрыннан таныс, немқұрайды, бойкүйез ойдың шақтап, барынша сақтақпен там-тұмдап жасаған әншайін жоба болып шықты. Ұстанған ғылыми концепциясы да бұрынғы меже: Жезқазған қатардағы кенорны, қоры да улken шығынды қөтермейді, демек, оны біртіндеп және асықпай зерттеу қажет... Ең шатағы – жоба иелері комбинаттың барлау тобына сенімсіздік көрсетіпті, айтуларынша, өндірістік бөлім шамасы келмейтін шаруаға үмтүлмай, кеннің геологиялық жүйемен дұрыс қазылуын, Қарсақбай зауытының шикізатпен күн сайын жеткілікті қамтамасыз етілуін қадағалауға тиіс, ал кен іздеу – осы жұмысқа бірыңғай машиқтанған барлау мекемелерінің үлесі...

Ақыры бұл дау шырқау шегіне жетіп, екі жағы да ымыраға келмес түйіқта тірелген соң, Главметалл басқармасы арнаулы комиссия тағайындалды. Геолкомнан бұған И. С. Яговкин басқарған бір топ геологтар кіреді. Қарсақбай комбинатынан – Қ. И. Сәтбаев пен өнеркәсіп директоры Р. А. Дрейман. Бас экспер特, яғни дауға төрелік айтушы – басқарманың жауапты қызметкері геолог В. П. Симонов. Ақырғы шешімді олар кенорнында, Жезқазғанның өзінде айтуға тиіс. Қаңтардың екінші аптасында комиссия Ұлытауға аттанады.

АЗ-кем деректермен танысадан соң комиссия өз тұжырымының естіртті: бұрынғы қорытынды өзгермейді, Геолкомның пікірі дұрыс!.. Бас сарапшы В. П. Симоновтың жазып қалдырған пайымдауы тіпті шатақ: «Геолог Қ. И. Сәтбаевтың әрекеті – бос әурешілік, кең келемді барлау – Жезқазғанның бүгінгі жағдайында ешқашанда орындалмайтын, болмайтын іс!» Геолком мамандары да қазақстандық дауқес әріптесін біржола тұнілдіргісі келгендей, ез ойларын дерекі түрде жариялаудан қымсынған жоқты: «Құректен өзге темір көрмеген сайын далада өскен сауатсыз көшпеліге сеніп, бір жазда он бес станок жүргізуге талап қылу, келер жылдарда оны екі есе кебейтпек болу – тек қана қияли адамның арманы, әмбे жалған патриотизм, жершілдік салқыны. Мұндай жеңіл де теріс пигыл Кеңес мектебінде тәрбие алған Сәтбаевтай салуатты инженерге жараспайды... Мұндағы барлаудың шырқау биігі – мықтағанда терт станок, тіпті алтаудың өзін ауызға алуға болмайды! Әмбे оны Геолкомның кәсіби мамандары жүргізуғе тиіс...»

Ақыр аяғында бүл дауға терелік айту ВСНХ-ның кен-металлургия секторына жүктеледі. Әрине, сектордың шақырған мәжілісіне екі жақ та айғақ, дәлелдерін сайлап келген.

— Бұғынгі талас Ұлытау алқабында мыс кенінің бар-жоғы хақында емес. Оның жөнін келешектегі барлау шешеді... Сәтбаев жолдаспен біздің келіспеушілігіміз барлаудың қолемі мен қарқыны тұрасында. Жезқазған мысының жаратылышы әзірше түсініксіз, жан-жақты зерттелмеген. Сондықтан да біз оны асықпай барлау керек дейміз. Бұл болса мемлекет қаржысын тиімді, әрі шақтап жұмсауға мүмкіндік береді. Әмбес барлау мамандары жетімсіз қыыр дала жағдайында бұл бірден-бірі дұрыс шешім болмақ. Ал Қарсақбай геологтары, керісінше, барлауды үрдіс қарқынмен және кең қолемде жүргізгісі келеді. Сәтбаевтың ойынша, Жезқазған — Кенес Одағындағы ең алып, ең сүбелі мыс кені. Алыпқа, демек, аршын қадаммен жедел өсу керек! Соған лайық назар, сенім, мол қаражат керек. Сол үшін де ол шектен тыс қияли жоба ұсынады... Ешкіммен келіспей, ешқандай ғылыми талқылаусыз «Ұлken Жезқазған» деген дабыра терминді ойлап тауып, қанатты сөздерге әуес журналистердің көмегімен оны республикалық газет-журналдарға сан қайтара әйгілеп жазуы — осының айғағы. Ең қыны — осынау әсіре патриоттық ұранмен ол ресми мекемелерді, мемлекет қайраткерлерін иландырығысы келеді. Сондағы дәлелі: «Кенді Алтай», «Алып Қоңырат» табылып отырған далада неліктен «Ұлken Жезқазған» болмауға тиіс?» Бұл бізге ертеден таныс дерт: геолог атаулы жасаң кезінде жаппай ауыратын — «алып кенорның тауып — атақта ілігу» мұның аты, яғни «гигантомания...» Ал шындығында Жезқазғанның үлкен-кішілігін әлі дәлелдеу керек. Бұл — бір. Екінші, өзі жобалаған қолемді барлауды ол қандай күшпен, қандай мамандармен жүзеге асырмақ? Артық кетсек, ғапу өтінеміз. Шөл далада осы күнге дейін көшіп-қонып жүрген малшы қазактардың көмегімен, солардың жершіл рухымен, былайша айтқанда, кешегі түйешіге станок құлағын ұстасып, бір-ак жазда шебер бұрғылаушы тәрбиелемек. Осы да қисынды іс пе? Ашығын айтсақ, мұның аты — үкімет қаржысын желге шашу, жауапсыз авантюра!

— Бұған нө дейсіз, жолдас Сәтбаев?

— Ең алдымен геолог әріптеріме алғыс айтуды жөн көріп тұрмын. Себебі бұдан екі-үш жыл бұрын тап осы жолдастар Жезқазғанда мардымды ештеңе жоқ, бұрғылауға жұмсаған қаражат өзін актамайды деп дәлелдеген-ди. Сөйтсек бірдеңе бар сияқты, тек оны асықпай, жата-жастана іздеу керек екен...

— Сіз, жолдас, негізгі мәселеден ауытқымаңыз.

— Кейбір нәрсelerді менің де бұкпесіз, өз атымен айтқым келеді, жолдастар. Біздің далаға менсінбей, көпе-көрінеу селқос кезқараспен қараудан қашан арыласыздар? Кенорның ешқашанда көрмеген кейбір мамандар ешбір қымсынбастан ондай қырыда осынша мыс болуы мүмкін емес деп пайымдайды. Енді бір сарапшылар Жезқазғанда бар-жоғы бірер апта болып, даланың сузызы, нұсызы, сұрықсыз жүдеу келбетінен шошиды да: «Мұндай

шөлде кен барлау қыын болады» деп байбалам салып, шу көтереді. Осы да мемлекет қаржысына жанашырлық ниет пе? Жоқ! Әділін айтсақ, ертеңгі жауапкершіліктен өз басын араша-лау. Біздің ұзын ырғақ шексіз дауымыздың түп себебі де осы, жолдастар, қарақан бастың қамы: «Болжанған кен болмай шықса, кім жауап береді?»— барлаушы Сәтбаев па, әлде соған ресми актімен рұқсат еткен лауазым иөлөрі ме!.. Қарсақбай комби-натының геологиялық барлау бөлімі иелігіндегі кенді толық және комплексті түрде зерттеуге әзір; талап етсөніздер, кімнің алдын-да болса да күні ертең жауап беруге де дайынбыз! Бізге тек түзу ниетпен қарап, сенім білдіріңіздер; құрал мен тиісті қаражат беріңіздер!

— Сурал тұрғаныңыз жұз, иә екі мың емес, миллиондаған сом екенін түсінетін шығарсыз?

— Өлбетте. Бізге биыл неше миллион сом қаржы босатсаңыз, бірер жылдан соң оны он, жұз есе өсіріп, мыс көмбесі түрінде қайтып аларыңыз хақ!

— Барлаушы мамандар мәселесін қалай шешпексіз?

— Менің алдында сөйлеген жолдас түйесін жетектеп жер бүрғылауға келген шошақ тымақты қазақ туралы сайқымазақ анекdot айтып, сіздерді әлгінде құлкіге қарық қылды. Меніңше, бұл — құлеттің жайт емес, қуаныштан қол соғып, шексіз қошемет білдіретін игі жаңалық! Иә, жана заман, тек қана социалды құрылыш тудырған қуаныш бұл! Ойланыздаршы, туып-өскен өлкесінде шаңырақ көтерген ұлы өзгерістерге дала тұрғындары шын жүрек-тен қуанып, жалғыз түйесін жегіп кіре тартады, пеш аузына келіп мыс ағызуды үйренуге, станок құлағында тұрып бүрғылаушы кәсібін игеруге де талаптанған ниеті үшін... қулкі етудің жән-жосығын мен білмеймін, жолдастар. Әрине, оларды бұл енерге үйрету керек, бір жылда кәнігі шеберлерді ауыстыра алмасы түсінікті. Қысқасы, Қарсақбайда, дирекция мәжілісінде бұл жөнінде біз көп ойландық... Инженер-техниктер мен қажетті жабдықтан көмек берсөніздер, бүрғылаушы талап етіп ешкімді мазаламауға үәде етейін.

Жеме-жемге келгенде кен-металлургия секторы да табан тірерлік нақтылы шешім жасай алмады. Амал қанша, тағы да ізденіп, Қазақстан өкілдігінің көмегімен ақыры бір күні КСРО Жоспарлау комитетінің тәрағасы, академик Г. М. Кржижановскийдің кабинетіне тап болды.

— Глеб Максимилианович, сіз бір ғана жайға көңіл аударыңыз: Жөзқазған тәрізді шөл даланың қыыр түкпірінде орналасқан мыс көмбесін Ленинградтан жүрдім-бардым қатынап, төрт-бес айға жалданған бүрғылаушылардың құшімен тиіп-қашып барлаған тиімді ме; әлде сол жерде үйымдасқан геологиялық ұжымның қолына беріп, қатаң табиғаттың сырын жақсы біletін, оның әр түрлі құбылысына, ыстық-суығына көнбіс жергілікті тұрғындардан маман жұмыскер тәрбиелеп, қысы-жазы бірдей тұрақты барлау жүргізген сенімді ме?— деген-ді ол өнеркәсіптің кілтипаның жете біletін инженер-энергетик, ғалым, мемлекет қайраткерінің алды-

на әкелген барлық дәлел-айғақтарын жайып салып.— Бізге республика үкіметі сенім білдіріп отыр, өзімізге етene таныс жергілікті халыққа біз де шексіз сенеміз. Ал қазақ елінің революциялық рухы кем деуге ешкімнің де қақысы жоқ! Қысқасы, түйе мінген қазақтың бүгінгі заманның машина, техникасын толық менгере алатынына сенім зор! Тек осыған қор мен қаражат белетін әкімшілік иелерін сендіре алмай әуреге түскен жайымыз бар...

Әр сөзін орнықты дәлелмен сөйлеп, аз жылғы ізденисте өзі тапқан мыс көмбесін көлденен тартып, бәрінен де сенген ісіне жаны ауырған салауатты маманың салиқалы ойын танытып, кен мен ел тағдырына мемлекеттік тұрғыдан қарауды өтініп отырған қазақ барлаушысының келелі әнгімесін Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы зейінмен тыңдал, бірнеше сұрақ қойған соң ақырында біржола иланды. Женсіз дауды тоқтатып, кен барлауын жезқазғандықтардың езіне жүктеуге нұсқау етті. Ақырғы кесікті барлау нәтижесі шешсін деді.

Осыдан соң-ак Қаныш Имантайұлы кешіккен жоқ, оны-мұны шаруасын тездетіп бітірді де Ұлытауға аттанды. Қарсыластарын бір жолға жығып қана емес, кездеп келген барлау қаражатына, құрал-техникаға қолы жетіп қайтты. Мерейі де есіп, туған дала-сында өзін күтулі сан алуан ізденис, зерттеуге құлшылып, сергек оймен неше алуан қияға ұмтылып, тіпті ерекше қайраттанып та келіп еді...

## 2

Москвадан оралса қысқы барлауға қойып кеткен үш «Крелиус» та тоқтап тұр: комбинаттың жабдықтау бөлімі қалқа жасайтын ағаш бермеген... Бергісі келмегендіктен емес, қолдарында еште-не болмаған. Темір станок түгілі, тебесі жабылмай, едені салынбай, есік-терезелері қаңырайып тұрған үйлер қаншама! Ал баспа-на күтіптар барактарда бастасып-аяқтасып жатқан жұмыскерлерде есеп жоқ. Соның бәрі де жетпегендіктен. Бұл өңірдегі судан кейінгі қат дүние — ағаш. Анығында ағаш жоқ емес, бар. Жосалы-дағы аралық қоймада тау болып үйліп жатыр. Гәп соны жеткізуде. Жеткізер еді — егер күш-көліктің басқа жүктен мойны босап үлгे-рер болса...

Ашығын айтқанда, бұл да «ине жіпті сүйрейді, жіп жыртықты бүтіндейдінің» кері. Бір жоқ бір жоқты шығарып, барлығы қосылып кедейлікті танытқан жетімсіздіктің салдары. Ағаш болмаған соң станоктарға дер көзінде жылы қалқа жасалынбаған. Онсыз мотор жүрмейді, сұық күшейіп, аяз қысқан кезде майы қатып тоқтай берген. Нан жегізіп отырған мотордың үні өшкен соң жұмыс-кер шыдай ма, кейбірі қоржының арқалап ауылдарына қайтып кетіпти.

Қыста істетпек болған небәрі үш «Крелиуспен» Жезқазғанның келешек тағдырын шеше алмасын Қаныш Имантайұлы жақсы білген-ді, бірақ бұларға артқан үміті өзгерек еді: үшеуін кәдуілгі

үйрену мектебі жасап, жазда жүргізбек он бес станоктың адамдарын жаңа өнерге бауымак болған... Амал қанша, Жезқазғандағы партияға ие етіп кеткен жігіті Сайд Сейфуллин комбинатқа келіп сыйпайы шағым айтқаннан өзге ештеңе бітіре алмапты. Бөлімдегі езінен кейінгі екінші басшы, аудандық геолог Сергей (Угедей) Әлиханұлы Бекейханов та «Ағаш жоқ!» деп қолын қусырып қарап отыр. Комбинаттан қайырым күтсө жаз шығады. Ал жылу үстар қалқасыз станокты жүргізе алмайсың. Не істеу керек?

Қаныш Имантайұлы әрі ойлап, бері ойлап, қазақтың көшпелі тіршілігі баяғыда ойлап тапқан ежелгі құрым баспанасы — киіз үйін әжетіне жаратуға бел байлады.

Ғалымның дербес архивінде сол кезде қолданған амалдың — киіз үйден жамылғы үстап, бұрғылау жүргізіп жатқан станоктың фотосуреті сақтаулы: қар басқан аппак дала; төбе басында шошак ұшы қалқып екі станок тұр; бірі — әріде, көз ұшында; жақындағысы — киіз жаппаның астында. Үй әдеттегіден сөл жатаған тігілген. Төбесінен ағаш мосының ұш-бұты түсіп тұр. Мосының қосылған басына шығыр-блок орнатылған. Оған ілінген екі болат арқан киіз үйдің ішіне енген. Шанырақ үстінен сорайған түрбаның түқылбасы қарандайды. Станоктың бір бұтында байлаулы ат. Киіз есіктің алдында женіл шана, үстінде темір бөшке, оның қасында ықшам киінген, шошак тымақты қазақ жігіті. Тымағының бауын тарта байлан алғанына қарағанда күн үскірік аяз тәрізді. Аты да желге сыртын беріп бұрсіп тұр...

Қаншама дәрменсіз, тұрпайы сияқтанғанымен, бұл амалдың езінше артықшылығы бар-ды: кешіруге оңай; ағаш қоршаудай бірер мәрте емес, қашан тозып, сүйегі қирап біткеншесан қайтара тігуге болады; ал киізін ауыстыру тіпті женіл — қыр тесінде әзірше қат дүние емес; іргесін көміп, қоғадан тоқылған жамылғыш үстап, темір пешке көмір, тіпті баялыш салып қойсаң — іші де жып-жылы. Барлаушыларға бұл амалдың ұнағаны соншалық — келер жылдарда да, қоршау материалға ділгірлік туған сайын қолданатын болды. Сол үшін комбинаттың жабдықтау бөлімі оншақты киіз үй сатып алып, қоймаға салып қойды.

Геологиялық бөлімнің, әрине, ту бастан мықтап тиянақтаған шаруасы барлаушылар қосын еті тірі жұмыскермен толықтыру болған. Ең алдымен олар кешегі сушки, лайши, майшыларды жинаған. Манайдағы ауылдарға барып, қол күші әлуettі, еті тірі азаттарды шақырып. Кейде тіпті сол үшін өндіріске ертерек орнықан жігіттерді елге жұмсап. Бұл кезде дала тұрғындары да баяны тұрақсыз кәсіпке айналған, шындығын айтқанда, қолдарында күнкеріске қалған санаулы малдың соңынан ертелі-кеш салпақтаудан жеріп, әсілі, соған деген сенімі құрып, өнеркәсіп ашылып жатқан жерлерді сағалай бастаған-ды...

**С.Н. СЕЙФУЛЛИННІҢ** (Қазақ КСР ғылым академиясының кореспондент-мүшесі) әңгімесінен: «Менің туған жерім Ұлытаудан

қашық емес, Атбасардағы татар қоныстары. 1924 жылы Қазанға барып, университеттің рабфагында оқыдым. Одан соң Москва-дағы Кенакадемиясына түстім. Бұл 1926 жыл. Үшінші курстан соң практикаға шықтық. Журкін деген студент досым Жезқазғанда істейтін. Соның шақыруымен жиырма тоғызыншы жылдың май айында Байқоңырға келіп, Геолком партиясына коллектор болып орналастым. Партияның бастығы Дмитрий Назарович Бурцев деген инженер екен.

Бір күні жертөледе чертеж сыйып отыр едім, күн жексенбі болатын, басында геологтардың формалы фуражкасы бар бейтаңыс қазақ жігіті үстіме кіріп келді. Өуелі орысша амандастық. Сонын бетімі үңіле қарап тұрды да, әлгі кісі:

— Бәрекелді, син туған татар малайымысың? — деді екі тілді араластыра сейлем.

Сөйтсем Сәтбаев екен. Сырттай естігенім бар-ды. Сәлден соң ескі таныстай шүйіркелесе кеттік. Жексенбі күні жұмыс істеп отырғаным ұнады-ау деймін.

— Шәкірт екенсіз, аға коллектор етіп тағайында деп Бурцевке ескертермін. Қарсы болмаңыз, шәкіртке вить ақшаның ауырлығы жоқ,— деді қоштасарда.

Күзде практика мерзімі бітіп, оқуға қайтатын мезгіл таяды.

— Сайд, сізге үлкен тілегім бар,— деді бір күні Қанекең маған,— Жезқазғандағы партияның жағдайы қын болайын деп тұр. Геолкомның жұмыскерлері қанша үгіттесек те қысқы бұрғылауға қалатын емес. Туып-өсken жеріңіз ғой, бір жылышызды Жезқазған үшін қисаңыз қайтеді? Оқу орныңызben өзім келісейін...

Сөйтіп 1929 жылдың күзінен Жезқазғандағы бұрғылау бастығының міндетін уақытша атқарушы, әмбе аға коллектор болып еңбек жолын бастадым...»

**ХАЛЫҚ ТЕМІРБАЕВТЫҢ** (бұрғылаушы) әңгімесінен: «Біз мына Қенгір бойында азын-аулак мал бағып, жазда қыстаудан екі жұз шақырым ұзап барып, егін салып, піскенше соны балашаға құзеттіріп жан асыраған шаруақор ауыл едік. Жиырма тоғызыншы жылы салған егініміз көктемей жатып күйіп кетті. Малды одан бұрын қазынаға бергенбіз... Құнкөрістен үміт қалмаған соң, күзге салым Жезқазғанға қарай жосыдық. Сорқұдық басында ағаш мосымен жер тескен орыстарға барып жұмыс сұрап сенделіп жүргенімізде, орысша киінген, құнқағары жалтыраған қазақ жігітіне кез болдық. Жөнімізді айтып едік, ойлаңып тұрды да:

— Кіші жұмыскер етіп алғызайын,— дегені.

Қанышпен осылай таныстым. Достығымыз, бір-бірімізге ықылас, сыйластығымыз сондай — мені Қаныш «Хал-аға» десе, мен оны «Қан-аға» деуші едім. Қында табысып, қуанышта айырылған жанбыз...

Мен келгендеге бурабайда (буровой — M. C.) он шақты қазақ жігіті істейді екен. Біздің ауылдан қосылғандармен қарамыз едәүір көбейді. Кездескен сайын Қаныш тоқтап, ешкімге жаттығы жок жан еді ғой, хал-жайымды, бала-шағаның амандығын сұрайды. Шақшасын сурып насыбай ұсынады, не өзімізден сұрап атады. Біз соған да мәзбіз. Кейде жынысып тұрады да:

— Жігіттер, бір күзге жалданым деп ойламаңдар. Бурабайдан енді құтылмайсыңдар, өңінді ескіртпей бұл әрекеттен бірінді босатпаймын. Жұмыстың қыыншылығына қенбей, оңайына жете алмайсың, — дейтін.

Бір күні өлденеге тұнегеріп келді. Барлық кіші жұмыскерді жинап алып:

— Анау ішкі жақтан келген кәнігі жұмыскерлердің қимылынан көз жазбай қарап жүріңдер. Олар не істесе, сендер де соны қайталай беріңдер. Тегінде, бұлар үйіне қайтқанда, станокқа өздерің ие боласыңдар,— деп ақыл айтып, бізді біраз ширатып кетті.

Сабазың сейтсек біліп жүр екен. Қар тұскен соң-ақ алыстан келгендер кete бастады. Станоктың құлағына енді өзіміз тұрдық. А дегенде қыын-ақ болды. Орыстардан көргенімізді қайталап бағамыз. Бірақ ісіміз өнбейді. Сыну көп, тұру көп. Дайын скважинаны бұлдіріп, снарядты төменге түсіріп алып, неше құнгі бейнетті бір-ақ сафатта зая етіп, қайтадан бастапта жүрдік. Қанекен мені шу дегеннен бір станоктың мастері етіп тағайындаған. Қайбір жетіскеннен қойды дейсің. Кісінің жоқтығы да. Метр ағаштың сызығын айыра алмаймын. Тескен жерімді өлшегенде, пләнке ағашты шегемен сызып белгілеп қоямын да, өзімді ауыстыратын кісіге көрсетіп, картаға түсіртем, Кілттерді де өзім қойған аттармен атаймын. Разводной кілтті «кіркаділ» деуші едім...

Жұмысты бірақ жақсы істедік. Уақытпен санаспай, ертелі-кеш демей жүре беруші едік. Содан ба, Қан-ағаң бізді туған баурындей жақсы көріп, өмір бақи сыйлаумен өтті. Үйрене келе сұрасақ, «өңінді ескіртпей» дегені — пенсияға шығатын кезімізді нұсқағаны екен...»

**Т.А. ЗВЕРИНЦЕВТІҢ** (бұрғылаушы) әңгімесінен: «Біздің өулетіміз қазақ жеріне алғашқы көшпелілермен бірге келіпти. Мен өзім Ақмола төңірегінде естім. 1926 жылы Атбасар тресі Қарсақбайға жұмыскер шақырып, газеттерге хабарлама берді. Сол бойынша әкем, үлкен ағам және мен — үшеуміз бес жылға шарт жасасып, Қорғалжынмен қоштасып, Жезқазғанға келдік. Әкем мен ағай осы күні барлаушылар конторы тұрған дөңнің түбіндегі 1-шахтаға тірөүші болып жұмысқа енді, ал мен жер астына түсуге жасым толмағандықтан комбинаттың шаруашылық бөліміне жалданым. Міндетім — ат күту.

Қаныш Имантаевичпен де сол кезде таныстым. Таныстым деу бекер сөз, ол кісімен жақын жүріп, мәжілісінде болу қайда, тіпті құртақандай жас кезім. Сөйтсе де елгезектігіммен көзіне түссем көрек, бір күні ат қораға келіп:

— Тимоша, қашанғы ат бағасың. Барлау беліміне жергілікті адамдардан жұмысшы алып жатырмыз. Бізге аудыс, өмірлік азық болатын өнерге үйретемін,— деді.

Ойланарлық сөз ғой, қолқ ете түстім. Өкем де: «Сәтбаев сөзінде тұратын жігіт, оның кезіне түскенің — бағыңың жанғаны, екі айтқызба, бар!» деп кеңес берді. Сонымен ГРП-ға \* аудыстым. Еңбек кітапшамда бұл күн 1930 жылдың 25 мамыры деп нақты керсетілген...

Алғашқыда кіші жұмыскер болып түскен едім, екі аптадан соң аға жұмыскерге жоғарыладым. Сөйтсем, Қаныш Имантаевич жұмысымды бақылап жүреді екен, қызықты қараңыз, тағы да екі аптадан кейін ауылдан келген он шақты қазақ жігітін қасыма қосып: «Александровтың бұрғылау тәжірибесін үйренесін, өзің де, өзгелерді десоған үйретесің» деп шегеледі. Келіспеске шара жок. Тегінде, мен Қаныш Имантаевичке бір адамның сол күнде де, кейіннен де «Жок, олай емес» деп қарсы сөйлегенін білмеймін, естіген емеспін. Айтқаның өзі сұрағандай етіп, ақырып, иә алдамай-ақ орындаатын қасиеті болатын ол кісінің. Александровтың үйрету мектебіндегі біз бір жаз болдық. Өнері ерекше, терен бұрғылаудың қас шебері атанған әлей маман кісі еді... Қазақ жұмыскерлерін маған қосқан себебі, ол кезде мен қазақшаға бүгіннен де судай жүйрік едім. Әмбес бес-алтын класс мектеп көрген сауатым болатын... Сонымен, не керек, әмбес бұрғылаушы кәсіпке үйреніп, әмбес жолдастарыма тілмәш болып, Жезқазған хикаясын бастадық...»

Атағы аудызға ілініп, дүрілдеп тұрған Қарсақбайға ат тұяғы же-тер жердегі Ұлытау, Атбасар, Ақмола, Жосалы ғана емес; сонау Қазалы, Қызылорда, Түркістан, Ташкент, Өзалиеата, Шымкент, тіпті шеткергі Қызылжардан да (Петропавловск) жұмыс іздеген жұрт топ-тобымен ағылып, қайсыбірі үй ішімен келіп жапа-тармай сабыла бастаған дүрбелен кез. Бәрінің де ойлап келгені күнкөріс қамы. Солардың ішінен ауыреңбекке көнбіс, темір-тер-секпен бұрын да айналысқан ептілерін таңдал алуға болатын, кей жағдайда солай да еткен. Бірақ 30-шы жылдың басында қара көбейтер қарабайыр ересектерден гері, геологиялық бөлімнің бастығы қатты қайырымға әзірше жарамайтын, оның есесіне аз-кем сауаты бар, орысша да нан сұрап жерлік түйсігі озық жастарға ілтипат жасаған. Оларды ұлтқа бөлмей, ұл-қыз демей, руын, шыққан тегін сұрамай-ақ, тек білім дәрежесіне ғана көңіл ауда-рып, ГРП-ға топ-тобымен қабылдаған.... Мұның сырьы көп үзамай белгілі болды: алпыс жас еспірімді ересек басшы қосып, дереу Ленинградқа аттандырды... Жастар онда бес ай оқып, арнаулы курстан өтеді; сөйтіп алдағы жазда-ақ Ұлытау өңіріне коллектор, лаборант, моторист, токарь, слесарь болып оралады. Айтуынша, барлау ұжымының арқа сүйер мықты кадрлары, тегінде, осылардан шықпак...

\* Геологиялық барлау партиясы.

**Т.А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «Барлаушылар иелігіндегі механикалық шеберхана мен гараждың тұңғыш үйімдастырушысы Иван Григорьевич Черехович деген кексе кісі еді, ескі заманың кейбір оғаш қылыштарынан арыла қоймаған, бірақ ез ісін тамаша билетін маман. Машина жұргізушилер курсында ол көшеде дұрыс жүру тәртібін жете білуді талап етіп, мысалы, трамвай мен автобус қатар келіп қалса, қайсысын бұрын өткізу керек деген сықылды керегар сұрақтар қойып, шала сауатты шәкірттердің есін шығаратын. Түйеден өзге көлік көрмеген жасеспірім трамвайды қайдан біледі?.. Алайда Череховичті ешқандай желеумен, иә бүйрық миына баяғыда сіңген қатан ережеден ауытқыта алмайсың, айтары: «Жұргізуши әр түрлі жағдайға дайын болуы керек!..»

Бір күн Иван Григорьевич Жезқазғанға қайта алмай қалды да, біздің үйде қонуға мәжбүр болды. Қаныш Имантайұлы шай ішіп отырғанда, шоферлыққа үйретіп жатқан кіслерініздің арасында қазақтар неге жок деп құлаққағыс жасап еді.

— Пәлі, сіз білмейді екенсіз ғой. Бұл халықтың бір қолы бір қолынан қысқа жаратылған, ал машинаның рулін қолы кемтар кісі үстай алмайды,— дегені қонағымыздың ешбір ойланбастан.

Қаныш Имантайұлы екі қолын алға созып теңестірді де:

— Иван Григорьевич, менің қолым неге бірдей, міне, қараңыз!— деді жұлып алғандай кіді үнмен.

Иван Григорьевич қызыраңдап, іле-шала кешірім сұрай бастады.

— Жо-жоқ, сізде ондай кемшілік... турасын айтқанда, иә, сіз ондай кемтарлықтан адасыз. Айтпақшы, сіздің үлтүнің?.. Қысқасы, кешіріңіз, менің түсінігім қате екен...

— Олай болса, кешіруді де, Иван Григорьевич, өзіңіз күпір оймен жасаған саяси қателікті түзеткен кезге дейін қалдыра тұраптық. Есінізде болсын, қазақ шоферлары бізге өте керек, өйткені әрбір жұргізушиге өзіңізге қосқандай бір-бір тілмәш ертуге мүмкіндігіміз жоқ. Күні ертең олар айдаланы көзіп жұмыс істемек... Қалай, келістік пе?— деп Қаныш Имантайұлы жайдарыланып, қонаққа қолын ұсынды».

Қарсақбай мен Жезқазғаннан әлденеше дайындық курсаты ашылған-ды. Ең алдымен оларда «Саужой» (Сауатсыздық жойылсын) ұраны бойынша ашылған қысқа мерзімді мектеп) сабағы жүреді, сонынан тыңдаушылардың қалауы бойынша барлау мамандықтарына үйрету басталады. Бұлардан негізінен бүрғылаушылар, моторист, автомобиль жұргізушилер дайындалды.

Бір жылдан кейін (1931) шыға бастаған Қарсақбай аудандық көп тиражды шағын газеттер «За медь» пен «Қызыл кеншінің» беттерінде жиі жарияланған ұрандар мен шақырулар, әр түрлі насиҳат, үгіт мақалаларының айтары да осы, барлау аландарында жүріп жатқан қарбалас тірліктің тынысы мен көлемін көпке мансұқ ету: «Сауатсыз жұмыскер бурабайда істей алмайды. Бурабай —

құрықпен қайыратын өрістегі мал емес, қазақ жұмыскері! Ол — білімдіге ғана бағынатын күрделі техника»; «Сауатсыз адам — соқырдан да сорлы, көзінді аш, қазақ кедей!»; «Ормантай Елжасұлы сауатын ашып еді, мастер болып жоғарылады. Жалақысы екі есе есті. Ормантай Елжасұлынан үлгі алындар!»; «Түйе мінген қазақтың машинаға аяқ артатын заманы туды, үйкетап қалма, оян, қазақ елі!»; «Бурабайға жазылу әлі де жүріп жатыр. Бүгін келсөн — кешікпейсің».

Комбинаттың жабдықтаушы агенттері жыл басында-ақ орталық қалаларды кезіп, бұрғылау техникасымен таныс мамандарды жұмысқа шақырып, екіден бес жылға дейін мерзімге шарт жасасқан. Кеп емес, он шақты адам тауып келді. Әрине, жазғы маусымға ғана жалданатын ескі бұрғылаушылардың көмегін де жылдағыдай пайдалануға тұра келді. Биыл олар бұрынғыдан екі есе, үш есе көп керек-ті. Өйткені Геолком мамандары «қияли жоба» атандырған межеден, 1930 жылғы маусымда он бес станокты қатар істету жоспарынан барлау бөлімі бастартқан жокты.

Сол үшін де кәнігі бұрғылаушылармен жасалған келісім шартқа биыл тағы бір тармақ қосылған: әрбір маман өз енеріне бірден үшке дейін жұмыскер үйретуге міндетті; бұл үшін оған қосымша қаражат төленеді және оның көлемі үйреткен кісінің саны мен мерзіміне орай есіп отырады...

Аяздың зәрі сынып, «түске дейін — мүйіз, түстен кейін — киіз» болған наурыздың орта шенінде Жезқазған төбелерінде жеті станок күні-түні тарсыладай бастады. Көктем шыға Украина мен Москва іргесінен шақырылған бұрғылаушылар да келіп қалды. Жер tessken станоктың саны онға жетті. Сонымен-ақ бұл өнір бұрын-соңды көрмеген, естімеген кең көлемді барлауға шеру басталған-ды: қайда қарасаң да тұrbасы шошайған бұрғылау мосыларын; солардың арасында ертелі-кеш шұбырған аттылы-жаяу; су, лай, май тасыған түйе жеккен арбалы көп; кей мезгіл бурабайды жағалай аралап, бірінде көбірек, қайсыбірінде азырақ аялдап, геологтардың жел-құйын «Фордик» автомобилі келе жатады; оның бірақ жиірек тоқтайтын жері — Бірінші шахтаның жанындағы барлаушылардың жаңа қонысы. Онда да жаз шыға зор қарбалас басталған: керн сақтайтын қойма, шеберхана, геологтар үйі, лаборатория корпусы, тұрғын барактар мен меншік үйлер құрылышы қызу қарқынмен үрдіс жүріп жатыр.

**АХМЕДИЯ ТӨЛЕКБАЕВТЫҢ** (бұрғылаушы) әңгімесінен: «...Бурабайға түскен жылым. Кіші жұмыскер болып сақалды бір орыстың қасына ергенмін. Бір күні, шығырдың құлағы маған тиген кез еді, жердің оппасына кезіктім-ау деймін, штанганы үзіп алдым. Сақалды ұстазым мені де, темірді де мейлінше сыйап біраз бақырды да, ГРП-ға кетіп қалды. Қазынаның керек темірін құрттым, сottалатын boldым деп менде зәре жок. Қой, түрмеде шірігенше қырда жүре тұрайын деп, миғұла кезіміз ғой, ауылға жәнеп берейін. Сорыма қарай бірер бел асқаным сол еді, қарсы

алдымнан бастықтың жел құйын машинасы шыға келді... Айдалада қайда жасырынасың, құдайға жазып, ұсталдым да қалдым. Қанекен, жарықтық, кең кісі еді ғой! Жайымды ежіктең білген соң ішөк-сілесі қатып күлді де, «Бәрекелді, жігітім, қара темір үшін қайғырма, сендей азаматтың ол бір тырнағына тұрмайды!»— деп машинасына мінгізіп, бурабайға қайтадан алып келді. Соңан, не керек, отыз жылға табан аудартпастай етіп, біржола бекітіп кетті».

Жазды орталай барлау қарқыны бұрынғыдан да үдеді. Ленинградқа кеткен жастар қайтып оралып, әмбे Главметалл басқармасы қосымша бөлген жаңа агрегаттар әкелініп, тағы да бес станок жұмысқа қосылды. Сөйтіп алғашқы жылдың сегізінші айында-ақ Жезқазған тыңында он бес станок күні-түні жер үнғып, үдемелі барлауға кіріскең-ді.

### 3

Барлау тобын жаңадан құрып, қызу енбекке жұмылдыру — биылғы жылғы жұмыстың басы еді, бұл шаруаның сара жолға түскеніне күмән жоқ. Енді алды-артына қарап, келешек ізденістің жай-жапсарын ертерек қамдауға кеңшілік туды: ең бастысы, кен шығып жатқан екі-үш төбені шұқылағанға мәз болмай, барлау алаңын кеңіту қажет; теренде не бар, не жоқ — ағылшын геологтарының, И. С. Яговкиннің зерттеуі анықтағандай, Жезқазған кені тек қана 3-5 қабатқа (горизонт) орналаспағанына қазірдің өзінде шүбәлі; өйткені өз қолында сол болжамды теріске шығаратын дәлелдер аз емес; ал сонда ол неше қабат, қаншама теренде?.. Бұл болса бүгінгіғанда емес, ертеңгі, алдағы ондаған жылдардың барлауының жөн-нұсқасы. Қателессең — қыруар жұмысты, миллиондаған қарқыны желге шашқаның. Алтап бүгінде, өзінің кәсіби өнері, «бірдеме білетіндігі» беделділер алдында сынға түсіп тұрғанда, қателесуге тіпті де қақысы жоқ. Демек, геология білгірлерінің әлдеқалай біреуі келіп, Жезқазған тыңын барлауға сілтеме теориялық нұсқа жасап береді деп күтіп отырмай, ез беттерінше қарманғаны жөн емес пе? Әрине, бұл бірер жылдың жұмысы емес... Ал адудын өмірдің күнбе-күн, сағат сайын өзінің араласуын қажет еткен міндеттері қаншама? Міне, комбинат басшылары Қарсақбай төңірегінен тездетіп ауыз су іздеуді жүктеп отыр. Өндіріс жүргелі тұрғын халқының қарамы едәуір ескен жұмысшы поселкасына ішерлік су жетпейтін болған. Амал жоқ, Байқоңырдағы бір станокты комбинатқа жеткізіп, су іздеуге қойды. Қысқы сапарында Москвандың ғылыми бір институтымен Ұлытау төңірегін түгелдей топографиялық, геологиялық съемка жасауға шартқа отырған. Геолкоммен де бірнеше мын шаршы метр ауданды электробарлаумен тексеруге келіскең. Кектем шыға топографтар келді, онан соң геофизиктер де жетті. Бәрі де машина сұрайды, кісі сұрайды. Ең болмағанда бастап жүретін жолбасшы талап етеді...

Әткен жылы Болаттам кенорның біраз шарлап, оның пиритке (темір рудасы) бай лигниттерін (жыныс аты) керіп қайтқан. Ленинградтағы орталық химлабораторияда тексерілген кен үлгілері ете жақсы нәтиже берді. Қарсақбай зауытына қажет пирит қыырдағы Оралдан зор бейнетпен жеткізіледі. Ал оны жұз сексен шақырым іргеде тұрған Болаттамнан тасу бірнеше есе арзанға түсері сезсіз. Қоры тек өндіріс ашқандай мол болса?.. Демек, жеделдетіп барлау қажет. Жезді мен Найзатастан табылған флюстік шикізаттың қорын анықтау да — бөлімнің таяу уақыттағы міндеті. Железнов деген көпестің ертеде шағын зауыт салып, өндіріс ашқан Қорғасын кенин (қазіргі Ақтөбе облысының жерінде) зерттеуге құлшынып-ақ жүр, әттен, соған әр сафаты, әр бұрауы есептеулі санаулы техниканы жұмысайды мүмкіндік тапса?!..

Байқоңыр көмірінің дудемал жайы да Қарсақбай геологтарының көңілінен бір сәт шыққан емес. Боқаты көп жарамсыз отын. Оның үстіне әткен жылдардағы барлау нәтижелі болмады, әмбे ездері ойлағандай көлемде, қажет терендікте жүрген жоқ. Сондықтан кеништің қоры еспей отыр, тыңнан мардымды жылғалар табылмаса — бұл жақтағы құллі өндіріс халі бес-он жылдан соң мүшкілге айналады. Кемірді де қияннан тасуға тұра келеді, оған да қисапсыз көп қаржы керек. Сол себепті былтырдан бері ат тұяғы жеткен төңіректен Қаныш Имантайұлы қосымша отын көзін іздең. Ақыры жолы болып, Қияқты деген жерден жаңа кемір жылғасына кезікті. Жобалауынша, келешекте Байқоңырды ауыстыруға жарайтын сүбелі кен. Оны да мүқият барлау қажет. Иә, Қияқты тыңын биыл-ақ айнала қаумалап бұрғылатар еді, әттен, қолы қысқа, Жезқазғандағы станоктардың бірде-бірін әзірше оған ауыстыра алмайды. Бұл өлкенің бақыты да, болашағы да — бұрғылау мосылары жыптыраған тарғыл төбелердің астындағы мыс көмбесінің көлеміне байланысты екенін барлаушы жақсы билетін. Ендеше, бәрін қамтудан, бәріне үлгерем деуден әзірше тыйыла тұрып, бұрғылау қарқыны үдеген мына жылдың нәтижесін күткені жөн болар...

Шынында да, сөйткені дұрысқа шықты. Қыраулы қыс түсіп, аяз күшеген қарсанда алыстан келген мамандарды үйлеріне қайтады, қалған жұмыскерді қайыра бір ірікте, он станокты қысқы барлауға көшірді де (жұмыс қарқының осыдан-ақ шамалаңыз!), бүкіл белім болып биылғы барлаудың нәтижесін есептеуге отырды: 1930 жылдың барлау жоспары артығымен орындалыпты; 126 скважина, бұрғы ұшы жеткен орташа терендік — 82 метр!.. Геолком мамандарының күшімен жүргізген алғашқы ұш жылдық бұрғылауда тек қана арман еткен меже! Соның әр жылынан биыл екі-ұш есе асып түсken! Ал барланған жер көлемі, жаңадан табылған кен қарамы ше!.. Ең бастысы осының қақ жартысына кешегі малши, кірешілердің қайрат-күшімен жетті! Биылдың өзінде олар әлдепеше станокқа дербес ие болды, келер жылдарда алыстан келетін мамандардың қымбат қызметінен біржола бастартуға мүмкіндік туды. Сонымен, Жезқазған тыңын бұрғылауға, барлауға қажет ділгір мәселе біржола шешілді деуге болады. Үлкен женіс, дәлірек айтқанда, ертеңгі ұшан-теңіз табыстардың сенімді кепілі!

Барлаушылардың шаруашылық базасы да ірге көтерді. Камералка (барлау материалдары сақталып, зерттелетін орын) екі жerde — Қарсақбайда да, Жезқазғанда да еңселі, кең жайларға орналасқан. Бөлімде ғылыми-зерттеу секторы пайдада болды, оның негізгі экспонаттары — әр түрлі минерал үлгілері, керн қималары Тасқұдықтағы жаңа қалашиқта (сайып келгенде, бұл Орталық Қазақстандағы тұнғыш минералогиялық мұражайға айналмақ)... Барлаушылардың химлабораториясы да жап-жақсы жабдықталған. Оның тұнғыш меңгеруші Сергеи Рожков алғашқы топтың қатарында Ленинградқа барып, лабораторияда жұмыс істеуге үйреніп келген ізденімпаз жас, комсомол мүшесі, минералог-петрограф болып істейтін Таисия Алексеевнаның басшылығымен өз жұмысын тез-ақ менгеріп кетті. Шлихтер дайындастын шеберхана жұмыс істейді. Соның арқасында жыныс үлгілерін петрографиялық-минералогиялық зерттеу Қарсақбайдың өзінде жүргізілетін болды. Бұдан соң қандай да бір күрделі анализді Ленинградқа апарып (ал бұл үшін ту қыырға қаншама жәшік жыныс үлгілерін жеткізу керек-ті), соның нәтижесін айлап тосудың қажеті болмай қалды, әмбे сол қаншама қаржы үнемдеді.

Биылғы жылдың барлауын корытындылау Жезқазған барлаушысын күтпеген тұжырымға тап етсін, бекерге шубәланбапты, Жезқазғандағы кен қабаттары бұрынғы зерттеушілер топшылағандай үш іә бес горизонт емес, бақандай тоғыз екен (мұның екеуін К. И. Сәтбаев «Подгоризонт» деп кішірейтіп атаған); кеннің қуаты да (бұл жерде қалыңдығы деген мағынада) алғашқы зерттеушілер нұсқаған 300—360 метрден екі есе өсіп, 650—700 метр терендеген-ді... Басты олжа — **Жезқазған қорының бір жылда жұздеген миллион пүт мысқа өсуі**. Шынтуайтын айтқанда, оны енді пүттап мөлшерлеу қате! Ұлытау қойнындағы қазына бұдан былай қазактың пүт, қадағына көнбейді, көпе-көрінеу кемсіту болады. Оған миллиондаған тонна дерлік зор өлшем, алып қуатына лайық үстеме тенеу қажет! Қазірдің өзінде ол Кенес Одағындағы ең ірі, алып мыс кендерінің алдыңғы легіне шығып отыр. Ал болашақта?..

Мұны біржола дәлелдеу үшін Жезқазған барлауын биылғыдан да өсіру қажет. Он бес станок оған, сірә, шектеулі меже емес!..

Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімі 1931 жылғы бүрғылау жоспарын сол себепті былтырғыдан екі есе өсіріп, кең көлемге жасаған-ды. Әрине, барлау шығыны да сонша есе өспек.

Сөйтіп, 1931 жылдың жазғы барлауына олар 27 станокпен кіріскең. Мұның жетеуі Байқоңыр мен Қияқтыда істейді. Главметталл қосымша сұралған станоктардың бәрін де дер кезінде тауып берді, тескіш бытырасы мен шетелден алғынатын алмаз тескіштерді де. Бас басқарманың биылғы мырзалығы тіпті біржосын болып, отандық автомобиль өндірісінің тұнғышы екі АМО машинасын жезқазғандықтарға дербес бөлгөн-ді. Соның бірі барлаушылар кеңсесінің алдына күн шыға келіп, бөлімнен аттанатын геологты күтіп тұратын... (Таңданарлық жайт, сірә, мұны Қаныш Имантайұ-

лының өзіне бап, күй талғамайтын кішіпейілдігінің асқан үлгісі десек те болады: бүкіл Ұлытау атырабындағы кен барлауға жаупты, дербес есептегі геологиялық үлкен ұжымның сол күндегі кеңесі – комбинаттың бас механигі отыратын тар кабинеттің бір бұрышына орналасқан екі үстел еді. Оған белімнің штатындағы үш геолог кезектесіп иемденетін, әдетте, бұрын келгені емес, қайсының орын керегірек болғаны. Ұшеудің бірі көбіне далада, барлау алаңында жүретін-ді.)

**Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «... Қарсақбайдары өміріміздің екінші жылында бізге кеңірек үй тиді, еңселі үш бөлме. Поселканың жел кебірек соғатын шетінде еді, содан ба, қанша жақсан да жылынбайды. Оның үстіне қар түтеген боран да сол қыста әлей болып, Байқоңырмен қатынасты жиі-жиі үзіп, тоқтата берді. Кеңедегі жұрт, қосалқы жұмыстардағы көпшілік түгелдей темір жол бойында, қар тазалауда... Боран үдей соққан түндері есік-тереземізді қар басып қалады. Кершілеріміздің бірі келіп аршып алғанша сыртқа шыға алмай, сұқттан жаурап, еріксіз қамалып қалған күндеріміз де жиіленді. Бір күні отын тақа таусылып, тіпті шай қоятын ештеңе таппай, біржола отырып қалдық. Байқоңырдағы барлау партиясының жас бастығы инженер Журкин сол қарсанда кенорнының қорын есептеуге келіп, біздің үйге қонып жүрген. Үй шаруасына бейім Владимир Михайлович менің ыңғайсызданған жайымды көрген соң сыртқа шығып кетті де, біраздан кейін бір құшақ ескі тақтай сүйреп келді. Поселканың ту шетінен, әлдекандай бір сарайдан бұзып әкепті... Мұнымен де қойған жоқ, Қаныш Имантайұлын да қалған тақтайды жеткізіп алуға көндіріп, екеуі іле түнгі жорыққа аттанған. Өлден соң бірақ сөлбірейіп қайтып келді, бұлар барғанша сарайдың қалдығын басқа жұрт тыптыптыл бұзып әкетіпті. Журкин әкелген тақтаймен ас пісіріп, шайға қанып, ас үйді тіпті біршама жылытып алдық. Менің тәрбиемдегі қызымыз Ханиса ауырып жүрген, екеуміз сол түні ас үйге түнеп шықтық.

Келесі күні кеште пешке салар тағы да ештеңе таппай дағдарып қалдық. Не істеу керек? Қарсымыздағы үйде ағылшын инженері, Қарсақбайға контракт бойынша жұмыс істеуге жалданып келген американ инженері Вильсон мырза тұратын-ды. Оның пәтеріне құн сайын зауыттың қоймасынан бір тәшке көмір әкелінеді. Мен соған да, шетелдіктиң есігінің алдында шоқынып жататын көмір үймесіне қызғана қарайтынмын. Пенделешілікті қойсанызышы!..

Пысық қонағымыз Владимир Михайлович тыптырышып отыра алмай әрлі-берлі жүрді де, Қаныш Имантайұлын қараңғы түскен кезде Вильсонның үлесінен екі шелек көмір әкелуге үгіттей бастады... Ерімнің ондай жымысқылыққа баспасын жақсы білемін. Сейтсе де балалардың (Бұл қарсанда Қаныш Имантайұлының Қарсақбайдары отбасында үлкен қызы Ханиса – құзде ол бірінші сыныпқа оқуға барған, Арысұлан және сол жылы дүниеге келген Мейіз бар-ды) жаураған халі, менің де солардың жайын ойлап

мазам кеткен дамылсыз қыңқылым әсер етті ме, ақыры қонақ екеуі киініп сыртқа шықты. Терезеден қарап тұрмын, бұлардың әрекеті немен тынар екен деген ынтығым да жоқ емес. Қарсы үйдің алдына жетпей-ақ екеуі кібірткітеген аяңға көшті, әлденеге таласқан-дай, ерім бері сүйреп, қонағымыз әрі тартып, ақыры шелектерін арттарына тығып тұрып қалды. Жылағым келіп кетті. Ақжүрек ерімнің ұрлау түгілі, екі шелек көмір сұрауға батылы бармай, сыпайыгершілігі ұстап тұрганына ызам да баяғы... Сол кезде үйден Вильсонның қызметші әйелі Стюра жүгіріп шықты (біздің үйге жіңі келіп, оны-мұныға қолғабыс етіп жүретін қайырымды жан еді), еректердің қолындағы шелектерді алып, көмір салып берді.

...Көкөністің жоқтығы ақыры мені де шырмады, діңгенемен (цинга) ауырып қалдым. Комбинатта істейтін инженер-техниктердің біразы сол қарсаңда тұрмысқа ауыр, табиғаты «құдай қарғаған» Ұлытаудан зытып жатқан-ды. Дирекция соларды қайткенде тежеу мақсатымен екі жылға келісім шартқа отырып, бұған келіскеңдерге қосымша ақы телеуді ойлап тапқан. Қарсақбайдың «кереметіне» мейлінше тойып, қыншылықтардың тұртұрین бастан кешкен, өзім ғана емес, балаларды да сан мәрте ауыртып бейнетке белшеден батқан мен де, төзімім жұқарып, әлде бастапқы патриоттық сезім, шалқыған көңіліме қаяу түсті ме, әйтеуір, комбинат басшылары ұсынған шартқа қол қоюдан бастарттым. Қаныш Имантайұлы бұл кезде Москваға, жабдық сұрауға кеткен-ди.

Қайтып келген соң мен оған түнілген жағдайымды айтып, келесі қысқа мұнда ешқандай шартпен қалмаймыз деген байламымды естірттім.

Қаныш Имантайұлы зейінмен тыңдалп, кәдуілгі жайдары шырайда бетіме тесіле қарады да:

— Дұрыс істегенсің, Тася, келісім шартқа қол қоймағаның тіпті жөн болған, бізге оның керегі қанша! — деді ақырын ғана.— Екеуміз бұл еңірге бап іздел, иә шат тұрмыс тілеп келгеміз жоқ, солай емес пе? Баянды барлау жасау үшін келдік. Көрдің бе, бір жылда қаншама олжаға қолымыздың жеткенін?! Енді соның бәрін тастап, қаншама елді дүрліктіріп жұмысқа тартып, жоғары жақты да мадақ қазынаға еліктіріп қойып, аяқ астынан тайып бергеніміз қалай болады?.. Жо-жоқ, бұл туралы сен ойлама да, өзінді босқа қажытпа. Биылғы қыншылық келер қыста болмайды. Үйді жылытамыз, көкөністі өзіміз өсіреміз, тасыпта әкелеміз. Алайда солардың орнына ауыртпалықтың өзге бір түрі кездесуі ықтимал. Оны да, сірә, жеңеміз, соларға тек әрқашанда дайын болу керек, тұла бойындағы қайрат, жігерінді қайрап дегендей... Ал Ұлытаудан мен сені, білесің бе, «Жезқазған — Москва» поэзының жұмсақ вагонымен әкетемін. Тек күте біл, әй, білмеймін, сол кезде сен тағы да жылап, бұл жақтан ешқайда кетпеймін деп жүрмесен!

(Расында да солай болды: араға он жыл салып бұл жақтан біржола кешкенде мен көзімнен ақкан тарам-тарам ыстық жасты тоқтата алсаншы, Ұлытау еңіріне бауыр басқаным соншалық!..)

Кейбір әріптестерінің еріме «қиялшыл геолог» деп әжүа атақ байлаپ жүретінін білетінмін. Шарасыз күйіме налыған мен де оның әлгі сөздерін естігенде еріксіз мырс етіп, «Қайран, мениң қиялшылым, мұның «Мың бір тұннің» қай өртегісінен?» деп күлдім де қойдым. Ал шындығында жеті-сегіз жыл өткен жоқ, Жезқазған станциясынан Москваға тұра жүретін жайлы вагонға отырып, талай мәрте сапар шектік... Бір ғана ашы ексік ойдан кетпейді: Қаныш Имантайұлы екеуміздің тұнғышымыз ер бала еді, бейкүнә сәби дер кезінде дәрігерлік жәрдем ала алмай, дифтериядан опат болды» (қолжазбаның 87—90-беттері).

1931 жылдың барлауы Жезқазған тарихына ерекше сәтті жыл болып енді: барлау көлемі шырқау шегіне жетіп, жыл аяғында отыз екі станок жұмыс істеді; бұлардың үштен бірі теренге бұрғылау жүргізді; ең бастысы геолог Сәтбаевтың өткен қыста жария еткен гипотезасы — кен тоғыз горизонтқа шоғырланған, әмбे оның қуаты алты-жеті жұз метр деген болжамы тереңге бойлаған ондаған скважиналармен айғақталды. Алдағы барлаудың мұраты — осы болжамды одан әрі нақтыладап, бүкіл кенорнының аумағын анықтау. Шынтуайтын айтқанда, бұл — Жезқазғанды барлаудың ғылыми жаңа теориясы болатын. Бес жыл бойы бел жазбай жүрген тынымсыз ізденістің нәтижесі еді. Жас қазақ геологының тез ширап, жасамыс әріптестерінің қатарына шығып, білім мен тәжірибесі өскендігінің нышаны... Алайда жаңа концепцияның иесі өзі туралы мұншама күпір де мадақ ой толғап, құрғак қиялға шомудан аулақ.

Барлау көлемін бұрынғыдан да өсіру шарт. Ендігі мақсат бұрғылау агрегаттарын қаптатып шексіз молайту емес, олардың өнімділігін арттыру. Жөнсіз тоқтауды тыйып, әрбір бұрғылаушының өнімді жұмыс істеуіне жетіп, шеберлік шындау. Бұл үшін жаздың әрбір күні тиімді пайдаланылсын. Бұрғылау қыста да тоқтамайды. Қыстай жүрген бұлтырғы он станок қанағат тұтар меже емес. Биылғы мұрат — ең кемі он бес агрегат! Одан соң жиырма!..

Әрине, мұның бәрі кептеген қажыр-қайрат талап еткен. Бөлім қызметкерлерінің қайсысының болсын барлау аландарында жүріп жатқан қарбалас қимылды жіті бақыладап, дер кезінде қолғабыс беріп, түрлі-түрлі үйімдастыру шараларын жасауын міндеттеген. Әлбетте, бәрінің де басы-қасында бөлімнің жас жетекшісі жүрге тиіс. Таисия Алексеевнаның куәлігіне жүгінсек: «Жазғы барлау маусымы кезінде Қаныш Имантайұлының салмағы бақандай 16 киләға кеміп кететін, ал сырыйтай бойы бұрынғыдан да серейіп ұзарып көрінүші еді. Қас-қабағы кідіп, ашаң өні аурудан түргандай жүдеу тартып, ұрт еті үнірейіп қалатын...» (қолжазбаның 84-б.).

Барлау кадрлары бұл қарсаңда біржолата қалыптасып, келуші болмаса — кетушісі жоқ тұрақты да берік ұжымға айналған. Күні кеше темірдің бір басын ұстағанына мәз, су мен май тасығанына ризалық білдірген, жұмысқа сылбыр, аңқау тобыр емес — әрбірі

дербес станокқа ие, өзара смена, бригадаға үйымдаған кәніңі бұрғылаушылар. Қажет жабдығын тауып беріп, жұмыс орнын нұсқасаң болды — станоктың құлағында ойнаған еңбекшіл жандар...

Келе-келе олардың ішінен енер иелері, бұрғылау озаттары шыға бастады. Солардың бірі — Егізек Байсалбаев. Бурабайға ауысканға дейін ауылда ұста болған өнерлі жігіт. Содан ба, станоктың бүге-шігесін көп тұрғыласынан тезірек менгерді. Терен бұрғылау шебері Александровтың тәжіриbesін үйренген алғашқылардың бірі де осы Егізек еді... 1931 жылы Қаныш Имантайұлы оны Ащысай кенішіне жұмысады. Байсалбаев онда екі ай болып, оңтүстікегі өндіріске сонау Америкадан келген шетелдік шеберден алмаз кескіштерді қайта ұштауды үйреніп қайтады. Келе-ак орталық шеберханада «алмазшылар мектебін» ашады. Келесі жылы Егізек езіндей озат бұрғылаушы Бекенесовпен бірге қырыдағы Бакуғе аттанады. Әрине, жер көріп, ел қызырып қайту үшін емес, азербайжан мұнайшыларынан терен бұрғылау техникасында жұмыс істеуді үйрену үшін...

**АХМЕДИЯ ТӨЛЕКБАЕВТЫҢ** әңгімесінен: «Қанекенің ғажап бір қасиеті, меніңше жерасты сырын ғана емес, адам мінезінің түрлі астарларын жақсы біліп, жұмысқа жаратып білуінде... Бір күні ол, қасында қаба сақал, шегір көз, жатағандау орыс шалы бар, бурабайға келіп:

— Жігіттер, мына кісіні өкендей сыйландар. Өзгеше өнерлі адам! Геннадий Ильичті барлық станоктардың прорабы, былайша айтқанда, «сырқатын» тауып, емдеп жазатын дәрігері етіп тағайындағы, — деді.

Жігер, қайратымыз мол болғанмен, қабілетіміз шамалы, бурабайдың жұмысына әлі кендікпеген мақау кезіміз. Макұл десіп қуанып қалдық... Бабаилов ағылшын тұсында да біздің елде істепті. Шәлдірек қазақшасы бар ескі жұмыскер-ді, Қарсақбайдың дүбірі гәзиттер арқылы сонау Смолен шәріне де жеткен ғой, жастық шағы өткен Ұлытауда өндіріс ашылып жатқанын естіген байғұсың шыдамаған, сайман жәшігін қамдал алған да жетіп келген. Оның пайдасы, тегінде, бізге тиді... Жер тесуге отыз жыл өмірімді сарп өткен ғұмырымда өз басым Бабаиловтай қолы шебер, жұмысқа адаптациян ерді; тәрт-бес сағат, кейде тәулік бойы шұқылап отырып, ақыры бүлінген тетікті түзеп береді... Александров керден кісі еді, өнерін бұлдан өткізетін. Ал Бабаиловтың қайырымдылығында шек жоқ. Жарықтықтың мінезі де қызық болатын; сөзді білмейді, мылқау кісі сияқты. Былай жасау керек деп ештеңе түсіндірмейді, тым-тырыс жүріп істейтін. Жұмыскерге сөздің керегі қанша? Көрсетсе болды... Ал кейде... тілі шығып, кезіне

көрінгенді балағаттай беретін. Және ол кісі ме, темір ме — есеп емес...

Бір күні қызық болды. Сейітқазы Қарсақбаев деген ер мінезді жас жігітіміз болатын. Қанекен оны да туған інісіндей жақсы көріп, қадірлеп ұстады. Әсіресе турашыл мінезін ұнататын, сондай бір өліп кетсе де әділін айтып қарап тұратын сабаз адамдар болады ғой. Иә, сол Сейітқазы марқұм, ішіміздегі бір нағылеттің нақақ жаласына күйіп сабаз 37-жылы «Халық жауы» бол жер жастанды, тіпті «жау» дейтін кінәсі жоқ еді, соцжарыстың алдын бермейтін «стахановшы» болатын, сірә, шайпау тілінен тартты-ау деймін, айтпақшы оны Қарсақбай байдың тұқымы десетін, анығын білмеймін... Е, сол өжет, ұстараның жүзіндегі турашыл Сейітқазының бурабайға кірген кезі, бейпіл ауыз Бабайлотовтың балағат сезін кетере алмай, бір келгенде: «Мына шалға бізді қашанғы боқтатасыз?»— деп Қанекене арыз айтты. Шағым емес, қүйінгені де. «Долана деген жемісті білесін бе, Сейітқазы?» дегені Қанекенің. «Білемін, ағашы тікенекті болады, ал жемісі өте тәтті. Оны неге сұрадыңыз?» деп бұрғылаушы жігітіміз бастыққа таңдаңыс білдіріп аңтарыла қарап еді, «Сұрағаным,— деді Қанекен жы-мия сөйлеп,— Геннадий Ильич те сол доланадай жемісі өте тәтті, жүрегі адап адам. Ал тікенегі — әредік ішіп қоятын одағай қылышы. Ондай кезде тілі шұбарланып қалады. Бірақ зілі жоқ, қайтымы тез. Сондықтан, жігіттер, бұл кісінің артық-кем сезін елемей, кешірімді болындар. Мұндай өнерлі адамдарсыз бізге өлі қатар-ға қосылу қын!..»

Шынында да Бабайлор, Александров сияқты орыс шеберлерінсіз біз не істер едік, ата-бабамыз көрмеген, білмеген кәсіпке қайтып үйренер едік? Жезқазған барлауына олардың сіңірген еңбегі елшеусіз, мұны ұмытуға болмайды!..»

## ШЫРҒАЛАҢДА

1

1932-нің бас кезінде өткен жылдың қорытындысы шығарылды. Кеңестер Одағының шартарабынан түскен геологиялық барлау ұжымдары жолдаған ақпарды алдарына салып салыстыра қарағанда, Главцветмет басқармасының (Главметалл бұл қарсанда тағы да өзгеріп, бұрынғы атауына ие болған-ды) есептеу-жобалау бөлімінің қызметкерлері таң қалып, таңдайларын қағысты: шөл дала, қу медиенде еңбек өткен Қарсақбай комбинатының барлау бөлімі бәрінің алдына шығып кетіпти; бір жылда олар жиырма мыңнан астам погонметр жер бұрғылапты; бұл болса Геолкомның осы еңірге күні кеше жобалаған «бесжылдық бұрғылау жоспарын» бірақ жылда, әрі бірнеше есе асырып орындаған тамаша нәтиже; көзге ұрып тұрған ақиқатты мойындар, басқарма кеңесі Одақ бойынша бірінші орынды мол сыйлығы мен алғыс, түрлі марапат-

мактау қағаздарын аямай, қазақ инженері басқарып отырған жас ұжымға беруіне тұра келді...

Отыз екінің қантары қақаған аязбен басталды, қарда сол жылы үсті-үстіне жауып, оның аяғы әрдайым тынбай соққан боранға ұласып отырған-ды. Ақпанда да ауа райы оңдыра қойған жоқ. Соның салдарынан мотордың майы таусылып, қордағы азын-аулак сақтаманы шығындауға мәжбүр болған. Жосалы станциясындағы майды ғана емес, азық-тұлікті жеткізуіндін өзі қынға айналды. Комбинаттың автомобиль паркі күні-түні істесе де, аздаған машиналарын керуен жолында шашып алып, солардың өзін елді мекенге жеткізу азапқа айналды.

Бұдан төрт-бес жыл бұрын зауыт жүгін тасыған үш мың түйенің қазір оннан бірі де қалмаған: дені оның «ортактасу» науқанына түсіп, ізсіз жоғалған; амалын тауып қолда қалғандарының біразы былтырдан бері иелерінің жұтқын кемейлерінен өтіп кеткен-ді; сөйтіс де комбинат жабдықтаушылары одан-бұдан құрап, екі-үш жүздей жегін түйені кіре тартуға шығарды...

Бұргылаушылар жұмысты тоқтатқан жоқ, қалайда ретін тауып, Жезқазғанның кен төбелерін ертелі-кеш ұңғумен болды. Бірақ азық-тұлікпен жұмыскерді, ал олар комбинат бойынша неше мың адам болатын, жабдықтау мәселесі күн сайын қындалап, үлестірілетін мелшері де құлдырап кетіп еді. Бар пәлені жұмысшы қауымы ту баста ауа райының төтенше құбылысы мен жабдықтаушылардың оралымсыздығынан көрген. Жол қатынас түзелген соң да қойма бірақ тола қоймады, Жосалыдағы базаның да қаңырайып бос тұрғаны белгілі болды. Қаншама амалдан үнемдеп баққанмен, тамақ жетімсіздігі сыр бере бастады, оны енді тасымалдың қындығымен түсіндірген басшылардың уәжіне ешкім де, әлбетте, сенген жоқ. Гәп, әрине, басқада еді...

\* \* \*

Былтырғы қоңыр құзден Ұлытаудағы үш өндіріс ошағына — Байқоңыр, Қарсақбай мен Жезқазғанға түс-түстан ағылған, кебіне жаяу-жалпылап жеткен босқындар легі бір сәт толастаған жоқты. Солардың бәрі де Есіл, Шу, тіпті Сыр бойындағы, бұрын жайылымы шүйгін таулы, сулы жерлерді мекендеп жүрген шашыранды қазақ ауылдарынан. Бәрінің де аяғы жеткен кеңселердің болсағасында телміріп отырып сұрайтындары — аш езектеріне талғажау етерлік ас, жұмыс, баспана... Уақыт қара құзге ауғанда босқындар саны бұрынғыдан да кебейе түскен-ді. Бәлкім, біршама саябырлап толастағаны — қантардың ортасынан былай, қыс күшіне әбден еніп, жаяу-жалпы түгілі, түйелі керуендердің өзі әрен ілбіп, кейде бекеттерде апталап тоқтап қалған күндерде. Оның дасыры сәл кейін, қар кетіп, жер қарайған кездे сай-сайда, жол жыраларында іріп-шіріп бықып жатқан шерменделердің мүрделерін жүздейп, мыңдақ кергенде ғана ашылмақ. Әлдекайдан қаптап кеткен қара қарғалар мен құзғындардың солардың үстінде шыр айнала үйіріліп, өздерінше «қарқылдастып мейрам жасаған» у-шулы қал-

пын көргенде жаңың түршігеді. Бейшаралардың аштықтан бұрапалып келіп құлаған шұңқырлардан қозықөш жер аулақтап, зәре-күтің қалмай қашқан кезде мән-жайға түсінесің...

Өсілі, шексіз кесепаты мен зардабы женинен қазақ халқы бұдан екі ғасыр бұрын басынан кешкен, ел тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама» болып таңбаланған ұмытылmas зобалаңнанда асып түскен бұл қасіреттің шынайы сыры мен себебі алпыс жылдан кейін, тәуелсіздікке қолы жеткен ғасырдың аяқ шенінде ғана жарияланды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің арнаулы комиссиясы мәлімдеген тұжырымдарына қарағанда («Қазақстан тарихы», хрестоматия, А., «Атамұра» 1994, 190-б.), қазақ халқы осы нәубетте 2 миллион 200 мың адамынан, яғни барлық жаңының 49 процентінен айырылыпты... Осы біздің үлт ұшыраған геноцид саясаттың дем берушілері, ұйымдастыруышылары және соны орындаушылар түстеп аталған. Мысалы, Кремльде отырып, «құш-жігерді аямай, құрбандықтарға қарамай қимылдау керек!» деп жойқын һұсқау берген И. Сталин, Қазақстанда соны жұз (бәлкім, мың да) проценттен асырып орындаған қанішер Ф. Голощекин, сондай-ақ соның айтқанына «Ләппай, тақсыр!..» десіп құлдық ұрып, үлттың мұддесін, құллі тірі пендесін бір күндік онғақ мәнсапқа сатқан, «Аша-түқ қалмасын, көгенде — қозы, желіде — құлын!..» деп, туған халқын келімсектермен бірге жусатқан сол күндегі республика үкіметінің басшылары мен партия «қайраткерлері»...

Жоғарғы Кеңес комиссиясы (терағасы Өзбекәлі Жәнібеков) жариялаған әшкере деректерді, тегінде, көз жүгірте окудың өзі жаңынды түршіктіреді: пәрменді қарқынмен жүргізілген байларды тәркілеу, одан соң орташаны, яғни байшыкеш-құлақтарды таретінде жою науқандары, іле-шала басталған азық-түлік дайындау әмиссарларының қылбұрау-қысасы, ұш жылға жобаланған ортақтасу шараларын бір жыlda жұз елу процент орындау және отырықшы елге айналу... соңында, яғни біз сөз етіп отырған 1932 жылдың қаңтарына қазақ елі бұрынғы («Кіши Октябрь» басталған қарсаңдағы) қолында бар 6509 мың ірі қарадан — 965 мың, 18566 мың қойдан — 1386 мың, 3516 мың жылқыдан — 316 мың, 1042 мың түйеден — небәрі 50-60 мындаі баспен шығыпты; егіншіліктің оқынде әлі үйреншікті кәсіпке айналмаған кезі... Геноцидті тікелей орындаушы — ОГПУ жendetтері тек қана 1928—1929 жылдары ауыл-село тұрғындарынан 34 121 адамды соттап, 152 саяси «қылмыскерді» үкім бойынша атқан. Науқанның алғашқы жылында небәрі 696 ірі байлар ауыл-аймағымен тәркіленсе, екі жылдан соң солардың құйыршығы деген қаралаумен және 6765 адам ата-қонысынан жер аударылған, 33345 жан ортақтасуға қарсы тұрғаны үшін жауапқа тартылған. Кейіннен соңғы топқа 5551 «бұлік ұйымдастыруыш» қосылып, олардың ішінен 883 жанкешті сотсыз атылған... Ашаршылық жайлайған екі жылда 1130 мың адам туған жерін тастап, шалғай елдерге (Сібірдің қырына, Алтай өлкесіне, Еділ бойына, Өзбекстан, Түркіменстан, қырғыз жеріне, Қытай мен Ауғанстанға) жаяу-жалпы тентіреуге мәжбүр болған, бұлардың 454 мыңы ғана үш-төрт жылдан кейін Қазақстанға қайтып оралған.

Тоқетерін айтқанда, 1926 жылғы санақта 3963 мың болған (өткен ғасырдың аяғында жалпы саны 6 миллионға тақаған) халқымыз 14 жылдан кейін жүрген есепте өсуі жоқ, өлуі кеп сормаңдай үлтқа айналып, қалған жаны 3100 мыңға әрекетті...

Сірә, бұл нәубетте зардап шекпеген ауыл, иә етжақын жұрағатынан айырылмаған қазақ баласы кемде-кем. Болса да ондайлар бірлі-жарым ғана.

**ТӘРМІЗИ ИМАНТАЕВ** ақсақалдың өңгімесінен: «1931 жылдың күзіне таман, мал-мұлік ортаға түсіп, ауылда «Ортақ қазан» заманы басталған кезде Бекеш ағай үлкен атамызға (Сәтбай қажы — M. C.) қарасты екі ауылдағы естияр ағайынға: «Енді артқа қарайлайтын ештеңе жоқ, бас аман тұрғанда ендірісі бар бір жерге жетейік, екі қолымыз аман болса — өлмеспіз...» — деген... Кіндік кескен жерін қимаған біздің шалдар бірақ «Колхоздан қашты» деген пәлелеге қаламыз деп, лып етіп қозғала қоймапты. Ал Бекен алған бетінен қайтпайтын өжет кісі-ді, бір түнде өзінің отбасы мен Қаныш ағайдың ауылдағы бала-шағасын (келіні Шәрипа, үлкен ұлы Малыбай мен бір жастан енді ғана асқан Шәмшиябану) арбаға салып алып жүрген де кеткен. Со бетінде Омбының іргесіндегі ежелгі «Қаржас ауылынан» бір-ақ шыққан. Ерте қамданғаны оңға шығып, бір топ жанды аман алып қалды.

Ауылда қалғандар, әрине, оңған жоқ, опық жеді: 32-нің ақпана дейін қамбада қалған, етханада сақталған оны-мұнымен талғажау жасап, ақырында ашыға бастады; төніректегі ауылдардан қайырым болмаған, бәрі де «ортақ қазанның» қатықсыз су көжесіне телмірген; қатары да сирей берген... Кектем шыға көп ауылдың тұтіні біржола сөніп, күресінге талғажау іздел шыққан сорлы үйіне қайта жете алмай, сыртта қалған жағдайлар болған...

— Біздің ауылдың да халі сондай, үмітіміз сөнуге айналған бір түнде, қою қара бұлт арасынан жылтырай көрінген ай құсан, Қаныш ағай кіріп келді. Тура ғайыптан шыға келгендей болды. Ит арқасы қияндағы Ұлытаудан машинамен шығып, еш жерге тоқтамай жүріп отырып, жан ұшырып жеткені осы екен. Айтуынша, бір әлей жаман түс көріп, елге келгенде өзі құсқа салатын Қарашаңырақ атанған қыран қаршыға әке-шешелерінің көмусіз қалған мұрделерінің үстіне қонып, қара қарғалар құсан, көзін шұқып отырады білем. Бір пәленің болғанын жүрегі сезген ол машинасын дайындал, қардың іргесі сөгілуін күтіпті. Сөйтіп жүргенде Омбыдан тілгірәм алған: «Қарашаңырақ құсың қыстауда қалды, бізден дәрмен жоқ, өзің күтқар...» деген сияқты жұмбак сөздері бар және қол қойған «Сәтбай атаң» десе керек. Сірә, Бекеш ағасының ой-лап тапқан амалы. Осыдан кейін Қаныш ағайда дегбір қалмаған, дереу аттанып кеткен... Бірден-ақ ол: «Үлкендерінді әкете алмаймын, ал жүрге жарайтын балалардың бірін қалдырмаймын...» — деді де, тез қамдануды ескертті. Іріктей келе он шақты бала болды, әкесінің қара шаңырағында отырған мені де үй-ішіммен түгел әкететін болды. Жолға қамдап шыққан азығы бар екен, жармы-

сын ауылда қалатындарға үлестірді, сол түнде аттанып кеттік. Керегаста отырған Шорманның кіші ауылына соғып, Қазиза әпкесінің үйіне мені жұмсады. Әпкеміз о дүниелік болты, екі баласы тірі екен, жүріп-тұруға тек халдері жоқтау... Сол жаманатты айтып қайта келгенімде, ағай қөзінен аққан тарам-тарам жасты тыя алмай: «Апырай, неткен қаталзаман еді. «Ақырғы байдың тұбі аштан өледі» деген осы екенғой. Жылқысын жаярға жер жетпеген Шорман бидің тұқымы бір шайнам ас таба алмай аштан өлгенін де көрдік-ау...— деп, қатты назаланып тұрды да:— Қой, Тәкен, тастап кетсек, әпкемнің аруағының қарғысына қалармыз, қайта бар да, екі жиенді алып кел!»— деді. «Ойбай, оларда әл жоқ жүретін, жолда қалады»— деп едім, «Әй, жалғыз әпкемнің көзі ғой олар, әке-шешем баладан зарығып жүргенде құдайдан жалбарынып сұрап алған. Қалайша тастап кетеміз? Арқаласаң да жеткіз!»— деп зекіді, өзі баруға дәті шыдамады білем, қасыма шопырын қосып берді. Шіркіндердің көрер жарығы таусылмаған екен, жұдырықтай Рәшатты мен, одан ересектеу Кемелді орыс шопыр арқалап әкеп мінгіздік, өздерінде қымылдарлық хал қалмапты. Неше тәулік жүргенімізді білмеймін, қорада үйіліп жатқан құрым киізді молғып алғызыған, сонымен асты-устімізді қымтаптастады. Өредік бетімізді ашып, жарық дүниені керсетіп су ішкізеді, қатқан бірдемелерді қажатып алады да, өңкей бір елсізben ешқайда тоқтамай үрдіс жүрдік. Жолшыбай бір баланы шетінеттік, әпіл-тәпіл жүре бастаған біздің сәби еді. Содан әбден діңкелеген бір мезетте Қарсақбайға іліктік...»

Осы бір шерлі сапардың жалғасын біз аттай елу жылдан соң, яки 1982 жылдың жайма-шуақ жазында, алматылық зейнеткер Мария Алексеевна Кошкинадан естіген едік: «Таңсәріден кенет шақыртқанына зәрем ұшып, әпкемнің пәтеріне жүгіріп келсем — ауызғы бөлме толған бала, түрлери адам шошырлық, азғаны сонша — бет-ауыздары күп болып ісіп кеткен, киімдері де шоқпыт. Шошынғаным әлей, сілейіп босағада тұрып қалыппын... Жездем Қаныш Имантайұлы бұрыштағы орындықта төмен қарап қалғып отыр, Тася пеш түбінде теріс айналып жылап тұр, сірә, екеуі жүз шайысып қалған.

— Марияша!— деді жездем, мені ол осылайша еркелетіп атайдын-ды. — Бұл балақандар — менің етene туыстарым. Үлкендерімді жеткізе алмадым, ал мыналарды адам санатына қосу, сірә, сендердің жәрдемінмен менің пешенеме жазылса керек.

Не айтып тұрғанын үқсам да, жалаңаш жер еденде көздері жылтырап, бір-біріне мысықтың күшігіндей жабыса түсіп, өлі-тірісі белгісіз қымылсыз жатқан мұләйім сорлылардың ұсқынсыз сұрқына жаутаңдай қарап, біржосын зәрезап күй кештім. Жездемді қайырымдылығы, кісілігі үшін ете қатты сыйлайтын едім, мені шақыртқанына қарағанда, шынында да көмек, қолдау күткен; бір жағынан басына осыншама ауыр жүк топ ете түскен Таисияны да аяймын — қолында әлі бір жасқа толмаған қызы Мейіз-ка бар, оған қоса былтырғы күзден тәрбиесіне Қаныш Имантайұлының тұңғы-

шы Ханиса мен Әбікей ағасының қызы Ханен келген. Солардың үстінен енді бірді-екілі емес, тіпті санаң та үлгермегендім... мына бей-бақтардың ауыр тауқыметін көтеруі қажет; сірә, мұндай сынға әйелдің дүлдүлі ғана төзбек...

Осы сәтте асүйге жапсарлас белмеден шешеміз жарықтықтың тау сүндай гүрлдеген зор даусы санқ етті.

— Әй, қыздарым менің, сендерге не болған?!— деп, есіктен бері аттай бере дүрсे қоя берді. Аның, жаңы жанатқа кіргір, Фелициата Васильевна қайратты да адуын жан еді, үміт күтіп отырған жалғыз ұлы былтыр күзде кенеттен опат болған соң, сонау Алтайдан Қарсақбайға көшіріп әкелгенбіз.— Неменеге естерің шығып кетті? Әлде уайым-қайғы кермеп пе едіңдер?.. Шиеттей төрт ба-ламен жесір қалғанда да өлгем жоқ, жерді еміп, тырбанып жүріп, құдайға шүкір, бәрінді де оқытып, жұрт қатарына қостым... Жә, көздерінді сүртіңдер, Қаныштың амандығын тілейік, не істейді бул енді? Туыстарын тоқшылықта ғана іздеп, жоқшылықта безіне ме?.. Бұл балақандарға қазір жылы мейір керек, ең алдымен ас пен күтім. Марияша, біздің тұрма, қолыңа қайшы мен ұстара алып, түп-түгел шаштарын сыпты, соңсоң моншаны жак, үстеріндегі киімді де түк қоймай өртеу керек!.. Ал, сен, Тася, еңсенді көтер, қазақ жігітіне тұрмысқа шығарда қүйеумен бірге бір ауыл туысқа да ие болатынды ойлауың керек-ті, ендігің кеш!.. Бекерге қамықпай, қазанынды көтер және ең үлкенін!.. Қүйеужан, сен де қозғал, тездетіп қайдан болсын бір тай мата жеткіз, тіпті дабы, кенеп тапсан да!.. Құдай қолдасын деңдер, әлі-ақ бұл шіркіндерді жұрт қатарына қосамыз, ал тұрмандар!..

...Сайып келгенде шешеміз айтқандай болды. Бірер ай үйде бағып бойларын көтерген соң денін қазыналық пансионатқа беріп, онда да бас-көз болып қарап жүрдік. Екеуді Қарсақбайда оқып орта мектеп бітірді, кейіннен жоғары дәрежелі білім алды. Рәшат мұғалім, ал оның ағасы Кемел Ақышұлын сіз танисыз, тегінде, оны құллі Қазақстан біледі — үлken ғалым-археолог атанды. Ал ана пансионатта тәрбиеленгендер де ел қатарлы адам болып шықты, біразы соғыстан қайтпады, өкініш сол!..»

1910 жылғы губерниялық санақ дерегі бойынша 26 қыстау үйге әрен сыйып отырған, жалпы қарамы 69 жан болған Сәтбай қажының бір өзінен тараған мол әулеттің (арада өткен 22 жылда оның қаншалықты өскенін мелшерлеу қын емес, басы өспей жүрген Имантай бидің екі ұлынан сол кезде он бала өрбіген!..) аштық жылы кешкен теперішінің көзі кергендер жадында сақталған бірер елесі ғана бұл. Қаншама сақтанғанмен, алдын ала қамданғанмен, әрі Бекеш, Қаныш сүнды естияр азаматтары қал-қадерінше аралас-қанмен, біздің ауызекі сұрау арқылы жүргізген есебімізше, бұл әulet те 32-жылғы нәүбетте үштен бір шамасында жаңын жоғалт-қан!..

Шынтуайтын айтқанда, көзі ашық оқыған, тоқыған азаматтары бола тұра, олардың да даланың ежелгі тұрғындарын құртып,

қазақ жұртының қайрат-күшін біржола сарқұға бағытталған жоспарлы кесепатқа ашық түрде қарсы шығуға шама-шарқы жетпеген. Өздерінің отбасы мен біраз ғана ағайын-тумаларын ажалдан арашалап қалудан тегінде аса алмаған.

(Ескерту парыз: 1928 жылдан Омбының орыс мектебінде және жұмысшы жастар факультетінде сабак беріп жүрген Ә. З. Сәтбаев 1931 жылдың жазында, әсілі, Ф. Голощекиннің қазақтың үлттық сана-сезімі ертерек оянған 90 зиялдысын түрмеге қаматып, саяси жаңа қылымыстар «жаматып» жатқанынан сескеніп, Қырғызстанның астанасына жылжып кетіп, сондағы мұғалімдер институтына оқытуши болып орналасқан-ды. Сол себептен де Әбікей Зейінұлы қыр елін сол жылдың қысында жалмаған шерлі оқиғалардың зардабын тым кеш білген. Білсе де қайрат жасауға дәрменсіз болған анық).

**ГҮЛНАР МІРЖАҚЫПҚЫЗЫ ДУЛАТОВАНЫҢ естелігінен:** «1931 жылы 9 жылдық орта мектепті тәмамдадым. Арманым — жоғары дәрежелі білім алу, бірақ «халық жауының қызы» деген таңбамен бас сұғатын орын таппадым. Жан әкем Москванды Бұтыркасында қамауда, ескі достарынан қалғаны санаулы — түгел түрмеде, ал бостандықта жүрген таныстарымыз бізben аманда-судан да безіп жүрген уақ... Бір күні кеште есік қағылып, Қаныш ағай кіріп келді. Жайланаң отырған соң шешем менің дәрменсіз жағдайымды айтты да, бетіне қарап: «Ал, қайнам, бізге нендей ақыл бересің?»— деді... «Гүлнаржанның оқуы керек, Том қаласына барсын, сондағы дәрігер институтына,— деді бірден-ақ Қаныш ағай.— Сібірдегілер емір теперішін көп тартқан қыншылыққа көнгерімді жүрт. Аса қайырымды, ұсақ-түйекке мән бермейтін ірілігі де бар. Олар сениң кімнің қызы екенінді, шықкан тегінді тергемейді, тек оқуынды жақсы үлгерсөң болды.

Тұп-тұра солай істедім: Том шәріне барып, ешбір қындықсыз дәрігерлік оқуға түстім... «Жақсыдан — шарапат!..» дегенді біздің халық тегінде осындаидан айтқан ғой. Қаныш ағай бертінде, атакты ғалым атанған кезінде де маған: «Гүлнаржан, жай-күйінді білем. Жақаңың аруағын риза қылу үшін сен... мінсіз көп еңбек жасауың керек!..»— деп маңдайымнан сүйіп, арқамнан қағып демеуден ешқашанда жаңылған жоқ...» («Огни Алатау» газеті, 1992, 20 мамыр, «Возвращение»).

Ашаршылық зардабынан 1932 жылдың қысы мен көктемінде Жезқазғанға сұлдерін жеткізген көптің ішінен де Қаныш Имантайұлы бірталай адамды жұмысқа алған. Бейшаралардың дені бірақ қатты қайырымға келмей, көбіне су таситын, иә асхана маңындағы жеңіл-желлі жұмыстарға қосқан. Ақырында жазға салым кен іздеушілер қарамы жеті жүздей жұмыскерге жеткен-ди.

Түсті металл басқармасы нақ сол жылы дес бергенде қаржының көбірек босатып, бөлімді комбинат қарамағынан босатып, дербес есептегі геологиялық барлау мекемесі (контора, қысқартып айтқанда, ГРК) етіп қайта құрған еді. Бұл болса оның әрбір тынды қайда жұмысрудың есебін білетін іскер басшысына күш-көлігін жүре түзеп, жұмыс көлемін әлденеше есе арттырып, «барлаушылар бесжылдығын» зорайтып жасауға мүмкіндік ашқан. Ең бастысы, барлау аймағын кеңейтіп, төніректі мықтап шолу еді...

«Маршрут бойынша саяхатқа шыққанда Қаныш Имантайұлының геологиялық зерттеуге жан-тәнімен берілетіндігі сонша — алдындағы жер бедерінен өзге дүниен ұмытып кететін,— деп күелік етеді Таисия Алексеевна естелік жазбаларында.— Жыныста ашылған кенорнына келгенде, иә өзі жасақтаған барлау тобының жұмысын тексеруге шыққанда, егер күн барда жете қалса — ең алдымен барлау шурфтарын, қазылған жыраларды көретін... Ертеңінде ол күн шықпай тұрып, жорта жөтеліп, иә тамағын кенеп, серіктеріне өзінің оянғандығын сездіреді. Әрине, бұдан кейін ешкім де керіліп-созылып жатпайды. Таңғы асты оласықпай баппен ішетін. Әсіресе кесеге жүққандай қызыл құрен шайды. Бұдан соң алдына картаны жайып, шұқшия қарап біраз отырады... Қаныш Имантайұлы барлау орнынан қазылған жыраларды қарағанда ешқашан асықпайтын. Шыңырау шурфтардың сыз түбінде сағаттар бойы тапжылмай отыру — ол үшін түк емес. Мезгіл-мезгіл дала дәптеріне әлдеқандай бір белгілер тұртеді де, тағы да үңіледі. Қөнілін елең еткізген мәнді бірдеме көрді ме, әлдебір дала әуенін ұзак ыңылдалап, кейде даусын көтере шырқапта алады. Мұндай кезде қасындағы серіктері бір-біріне жымындар қарап, бірақ оның шат-шадыман күйін бұзуға дәттері бармай, үнсіз қалыпта үздіге тыңдалып тұрады...

Геологиялық саяхат кезінде ол қас қарайып, төніректі түн көрпесі түмшалағанша дала кезетін. Қайсыбір күндері ондаған шақырым жер шолуға тұра келеді. Серіктерінің сұлдері құрып, аяқтарын санап басып ілбіп келе жатқанда, Қаныш Имантайұлы алдындағы жер бедерінен назарын бір уақ босатпай, сапарға жаңа шыққан кісідей-ақ жіті адымдай беретін.

Далада жүргенде ол бір жұтый су ішпейді. Серіктеріне де ішкізбейді. Ал кеште, қосымыз тігілген бұлақ басына қайтып оралған кезде, «Шіркін, адамзатқа шай ішкізуді үйреткен кісі неткен данышпан!» деп әзілдеп отырып, мосыда тұрған қара шәугімді жалғыз өзі тауысып қоятын.

Жер шолу кезінде күдікті жыра, әлдеқандай жар, иә тауға кезіксе, машинаны тоқтатып, әрқашанда жаяу баратын. Оның аңғарымпаздығы, қасындағы серіктерінен кергіштігі де, тегінде, осындағы ізденисте танылатын. Өсуі белек, түсі өзгеше дала шебі; сұыр інінен шығып қалған әлдебір тас түйіршігі; тіпті жер бедерінің шұғыл өзгерісі — геолог үшін жаратылыс құпиясының сырын ашуға жаралған кілті тәрізді, дереу тоқтап, сол төніректі шұқшия қарауға себеп. Фосфорит кендері табылған Қарағайлы, Досмағанбет көмбелерін ол осылайша жол-жөнекей ашқан-ды. Шолу үстінде

көргендерін жол дәптеріне жазып отыруға да ол әрқашанда ыжадағатпен қарайтын. Былай қарағанда даланы басып жатқан шексіз құм жалдары мен бықыған тастың жалпылама сипаттамасы кімге керек?.. Жоқ, геолог Сәтбаев далалық геология жұмысына мұндай жүрдім-бардың женіл көзқарасты кешірмейтін, ондай жауапсыз маманнан тезірек құтылуға тырысатын қатаң тәртіптің адамы.

Бір жылы Қарсақбайдарғы бу қазандықтарына су тазалағыш сұзгілік табиғи шикізатқа ділгірлік туып қалды. Керек болар-ау деп дер кезінде қамданбағанның салдары. Сасқалақтаған жабдықтаушылар геологтарға жүгіреді... «Қаныш Имантайұлы біздің адамдардың өтінішін естіген соң, сейфтең жол дәптерлерін сұрады,— деп есіне алады комбинаттың кен байыту фабрикасының сол кездегі бас инженері (бертінде көп жылдар КСРО түсті металлургия министрінің орынбасары болған) И. А. Стригин.— Жолдарың болды, тіпті бейнетсіз таптық!» деп жымыған геологтар жетекшісі тамаша сұзгі — глауконит құмдары кездескен бірнеше жерді сол сәтте-ақ атап берсін...»

Бір ғажабы, дала көзген геологиялық саяхаттан Қаныш Имантайұлы біржосын тынығып қайтатын-ды: у-шудан қашықта, өндірістің тынымсыз қарбаласы жоқ, бурабайдың дамылсыз тарсылын да естімейсің... Шынында да, жусан иісі аңқыған көделі беткейдің дару самалына бетінді тесеп, шырылдаған торғай әнін тыңдал, іә көктемде қылтиып шыққан алғашқы қызғалдақты тамашалап, болмаса жалқыяяқтанып батқан күннің кешкүримғы сұлу шапағын көрү, тебеде жымындаған аспан шырактарын санап, бозарып атқан таңды қарсы алу, марғау даланың үйқыдан оянған таңғажайып мезгілін бақылау... Сонын бәрі арманшыл, кеудесі романтикалық сарынға толы барлаушы жігітті ерекше күйге бөлеп, жанжүйесін елжіретіп, әсерлендіре түсетін. Шекіз қуанышқа кенелтіп, шаршағаның ұмыттырып, жаңа ізденістерге бастар еді... Бірақ...»

Естелік иесінің сипаттауына қарағанда, Қаныш Имантайұлы 32-ші жылдың жазында Жезқазғанның кен төбелеріндегі негізгі барлаудан гері қыырдаға кебірек аттанып және апталап «жоғалып» кететін болған. Таисия Алексеевна оның түп себебін қазбалап көрсетпейді, ашаршылықтың өзін «уақытша қыншылықтар», іә «азық-түлік тапшылығы» деген жалпылама сөздермен ғана сездіреді...

Дегенмен өмірдің аумалы-тәкпелі толқын, кедергі-тоспалары на қарамастан, тіршліктің ұлы заңы өз білгенін істеп, қаһарлы 1932 жыл да Жезқазғанның қайта түлеу шежіресіне аса сәтті жыл болып енген-ди.

Сірә, соның ең сүбелі жаңалығы және мәндісі — кен барлаудың Сорқұдық пен Милықұдық тенірегінен жаңа бағытқа ауысуы еді: электрмен барлау дүдәмал болжам көрсетсе де, белім геологтары отыз бірінші жылғы ізденістерінде бірер станокты Тасқұдық қолатына көшірген; алғашқы скважиналар дәмелі ештеңе көрсеткен жоқ; біраң қаржы текке шығын болды... Алайда келер жылдың басында барлау жетекшісі Тасқұдыққа тағы да шүйіліп, тіпті оны үш станокпен және тереңге барлауға нұсқау берген...

Геологиялық жөнінен ғана емес, қарапайым өмір қысынымен қарағанда да инженер Сәтбаевтың бүл қадамы, әсіресе іргелес түрған төбелердің астынан бұрығы үшін скважина сайын кен қабатын кесіп өтіп, олжала шаш етектен кенелтіп отырғанда, барлауды мүлдем тың жерге бағыттауы ешқандай ойға, есепке сыймайтын іс. Жұмысының сәтін ойласа, кен бар жерді түбегейлей барлад, қоржынды әуелі қазынаға толтырып алған соң барлау бір сәрі, ал тап сол, бұрығылау техникасына қолы толық жеткен алғашқы жылғысы? Неге, нендей себептен? Қандай айғақпен?..

Әмбе бүл жерде барлаушылардың өндіріс базасы мен түрғын жайлары орналасқан. Күткен қазынасы молдап шыға қалса, соның бәрін басқа жаққа көшіру керек. Бүл да шатақ іс: кім-кім, бұрнағы жылы тап өзі осы құрылышты Тасқұдықта салуға жоба берген, демек, қателескенін мойындауы шарт...

Қысқасы, қалай десек те, 32-жылдың жазында Қаныш Имантайұлы бұған дейін жиган-терген беделін қатерге тігіп, тәуекелге бел буған. Әлдеқандай бір сезім, іә сезік күшімен үш-төрт жұз, кейбірі одан да әрі тереңде көз жұмып құлаш үрған. Бүл істі кейіннен геолог әріптестері зор ерлікке, керемет көрегендікке баламақ. 60-жылдарда москвалық орыс ғалымдары бұғанғылыми дәл атау іздеп, ақырында «Феномен Сатпаева» деп таңдана жазбак.

Тасқұдық хикаясы жайында, жалпы Жезқазған кенінің қайтадан ашылу тарихын түбегейлі зерттеген геология-минералогияғылымдарының докторы, профессор Н.А. Фогельман одақтық «Знание — сила» журналының 1973 жылғы 2-санындағы «Академик» очеркінде (қосалқы авторы — А. Гангнус) біз ежіктеп отырған кекейкесті мәселені, біздіңше, өте-мете үтимдү түсіндіре келіп, былай дейді: «Жезқазған кенінің гидротермальдық тегіне қалтқысыз сенген Сәтбаев бұрығылау скважиналарын кебіне теориялық қысынға келмейтін, тіпті кен жоқ деп үзілді-кесілді тұжырымдалған тың қабаттарға, құрдым тереңдерге бағыттайды. Таң қаларлық жайт: геологтың жолы болып, бұрығы үшін әрдайым құнарлы кен өзектерін жолықтырып отырған... Тегінде, мұны Сәтбаевтың ерекше көреген қабілетінің (интуиция) нәтижесі деп қана түсіндіруге болмайды...»

Қаныш Сәтбаевтың көрегендік құпиясы неде? Осы кенорның барлауды бастаған кездे-ақ талантты да такуа ағылшын мамандары көрмей кеткен көмбені ол қалайша біле қойды? Он екі жылдық барлаудың әр жылында кен қорын есіргендей тамаша жетістікке, тіпті оған оң кезben қараған әріптестерін де таңғалдырған сәттілікке ол қалайша жетті? Мұны, әсілі, «жолы болғыш» иә «бағы жанған» деген тәрізді қарапайым түйсіктермен түсіндіре алмайсың.

Өрине, жақсы теориялық негізге сүйенген болжаудың септігі тиген. Сәтбаев соған сүйеніп, іздегенін бірден «көрген»: тектоникалық құбылыстардың бірнеше дәуірде қабаттасып, Жезқазған қыртысында кен түзген заңдылықтарды ту бастан жете үққан да, мыс ертінділері құйылған жарықшақ сызаттарын қолмен ұстағандай жаңылыссыз нұсқап отырған...»

Сірә, соның арқасында Тасқұдықтағы тың барлау біршама сәтсіздіктерден соң ақыр аяғында аса жолды болды. Тың барлау басталған жазда-ақ құрдымға бойлаған бір скважина күткен кен қабатын теренде кесіп өтеді, іле екінші, үшіншілер... Қысқасы, күзге дейін тоқтаусыз жер үнғып, өндіріс ошағы орналасқан қырат пен тұрақ үйлердің ара-арасы қаптаған оқланға айналады. Солардың бәрі де тек қана кен қабатымен жүрген, әмбे өте тереңге бойлаған. «Сабакты ине сәтімен» деген, сәтті жүрген барлаудың нәтижесінде жыл аяғындағы есептеуде Жезқазған кенорнының жалпы қоры былтырығы қарағанда тағы да екі есе өсіп, көнілді көркейткен. Ал бұл, тегінде, Тасқұдықтың бір-ақ жылдық барлауда бергені, келешекте олосы жердің ең сүбелі, қорлы кен тәбесіне айналмақ. (Соған байланысты бертінде, 80-жылдардың орта шенінде, яғни күш пен мүмкіндік тұған шакта елу жылдан астам уақыт ірге теуіп, құтты мекен болған Тасқұдық үстіндегі барлаушылар қалашуы, өндіріс ошағы түгелдей көшіріліп, осы күнгі Жезқазған үшү айлағының маңына қоныс аударады да, кентебенің астындағы мол кенді қазу басталған).

Сол жылдың аяқ шенінде Қаныш Имантайұлына Москваға сапар шегуге тұра келді. Жалғыз емес, қасына бір топ геолог-техник серіктерін ертіп. Сапарлары сәтті болды. Астанада ұзақ жатып, бес жылда Ұлытау атырабынан барланған пайдалы қазбаны ВСНХ-ның Орталық қор комиссиясының (ЦКЗ) алдында қорғап шықты. Комиссия Жезқазған барлаушылары әкелген деректерге шүқшия үніліп, ақыры түгелдей бекітіп, арнаулы мемлекеттік актімен заңдап берді.

ЦКЗ-ның макұлдауымен «Цветметиздат» баспасы инженер Қ. И. Сәтбаевтың «Жезқазған ауданының мыс кені және оның минералдық ресурстары» деген зерттеу енбегін сол жылы-ақ жеке кітапша етіп басып шығарған-ды. Автордың тұжырымдауынша, «Жезқазғанмен қоры женинен тен түсер Одақ көлемінде тап қазір бірде-бір мыс кені жоқ; әмбे ол игеруге аса тиімді және өзі типтес өзге кендерде кездеспейтін экономикалық, техникалық сипаттарға ие; сонымен қатар Жезқазған ауданы мыс қана емес, темір, марганец, күкірт колчеданы, көмір, қорғасын, асбест, отқа төзімді саз, фарфор, фосфорит, шыны, барит тәрізді құнды қазба байлықтарға, құрылыс материалдарына ете бай. Демек, оның зор мүмкіндіктерін халық шаруашылығының қажетіне тезірек пайдалану үшін мынандай шараларды жүзеге асыру қажет: а) Жезқазғанды Атасу темір кендері арқылы сенімді отын ошағы — Қарағанды көмір бассейніне темір жолмен жалғастыру; б) Үлкен Жезқазған комбинатын салуға жедел кірісу; в) бұл аудандағы геологиялық барлау жұмыстарын онан әрі комплексті түрде дамыта беру — оның қазба байлықтарын әлі де көптеп ашуға себепші болмақ; г) екінші бесжылдықтың перспективалық жоспарында Жезқазғанда қара металл және ферро-марганец өндіретін ірі комбинаттар салуды жобалау...»

Жергілікті тұрғын халықтың өз ішінен барлау мамандарын да-ярлау да жемісті болды. Соңғы екі жылда Жезқазған барлаушы-

лары Главцветмет жүйесінде соцжарыстың жұлдегері атанаип, бірінші орынды жеңіп алды. Бір ғана отыз екінші жылда жиырма мың метрден астам жер бұрғылаған.

Ұлытау қойнындағы мыс кембенің дақпырты ақыры жоспарлаушы мекемелердің назарына ілінген-ді. Жезқазғанда Үлкен мыс зауытын салу туралы ВСНХ қарары да сол қарсанды жарық көрген. Тіпті бірнеше жобалау, зерттеу институттарының жетекші ірі мамандары Қарсақбайға келіп, айлап жатып, ізденіс, дайындық шараларына жедел кіріскең-ді.

Қаныш Имантайұлының ойынша енді бір ғана жайт күмәнді. Ол — бұл елкедегі су тапшылығы. Оған ділгірлік қазірдің өзінде сезілуде. Ал күні ертең ендіріс іргесі кеңейіп, дүниежүзілік алып комбинат салына бастағанда, соған орай түрғын халық саны есептеп өсіп, Ұлытау өніріне жүз мындаған адам жиналғанда жағдай не болмақ? Тұптің түбінде осы жайт басты кедергіге айналып, өте сәтті шешіліп түрған мәселені тоқтатып жүрмесін...

Жер астынан су іздеуді Қарсақбай геологтары ерте-ақ ойластырған-ды, бұл үшін қаржы да, техника да аяп көрген жоқ. Бірақ жоққа жетер жүйрік бар ма? Төрт-бес жылдан бергі дамылсыз ізденісте көнілтыншығандай су қорына жолыға алмады. Әйтсе де берекелі Жезқазған қыртысына сенім, өсіресе оның жарықшақты қатпарлары, тақта тастан түзілген небір қойнау-оппалары барлау жетекшісінің жатса-тұрса ойынан кетпей мазалай беретін. Бұлардың қайсыбірінде өндіріске жарамды су қоры сақталуға тиіс, қаржанбырмен келетін су келемін ертелі-кеш есептеу де осы ойды бекіткендей... Ендеши, іздей алмай жүрміз, тәжірибе, біліміміз жетпеді, сірә, теріс бағытқа лағып кеттік. Бәлкім, күш-қуатымыз кем болды? Ал су сақталған оппа қойнауды қайткен күнде табу керек!..

Осы мақсатпен Қаныш Имантайұлы Орта Азияда жер асты суларын іздеуге маманданған аса ірі гидрогеолог Моргуненковты 1929 жылы Ұлытауға шақырған. Ол келген соң бұл саладағы ізденіс ғылыми жүйеге түсіп, әр қырат, әрбір күмәнді ойпан жоспарлы түрде тексеріле бастады. «Көктемгі қар суы мен жаңбырға сеніп, үлкен өндірісті бастауға болмайды,— деген-ді Моргуненков алғашқы ізденіс жылында-ақ.— Бұл атыраптың жер жынысында әктастынан түзілген қабаттар аз емес. Олардың кейбірінде су сақтайтын зор оппалар болуы мүмкін...»

Жезқазғанның жоқтаушылары бұл жoramалды бетке үстап, гидрогеологиялық іздеу партияларымен келісімге отырып, үмітті аудеген ойпандардың бәрінен де су іздетті. Алайда билір маман жобалаған жерасты қоймасына жолыға алмады... Ақыр аяғында сол жылдардағы сәтсіздіктің салдарынан «Ұлытау өнірінің жерастында ешқандай да су көзі жоқ!..» деген ғылыми тұжырым еріс алып, бұл саладағы зерттеуді ондаған жылдарға тежеді...

Шындығын айтқанда, нақ осы жағдаят Жезқазған-Ұлытау аймағын кең көлемде дамыту жобасын екінші бесжылдықта-ақ бастауға кеселін тигізді. Ф. П. Моргуненков болжаған жерастындағы шалқар көл, өмірдің «қырысық заңы» бойынша, бір кездे шұқылап

іздеген жерден, яки Қарсақбай мен Жезқазған аралығындағы Жанай шоқыларынан бертінде, 60-жылдарда төрөнгө барлаудың нәтижесінде табылды. Оның су қорының молдығы осы күнгі Жезқазған қаласының іргесін көтеру үшін ғана емес, алып байыту фабрикасын салып, жаңа мыс зауытын жобалауға да мүмкіндік берді. Мол су кезінің ашылғандығы туралы хабар айтып келген, әрі бір шиша су жеткізген гидрогеологқа Қанекен: «Апрай, мынаның дәмі зәмзәммен\* бірдей ғой, тұра тас бұлақтың сұндар меп-мөлдір екен. Жезқазғанның шөліркеген халқының мейірі қана-тын болды, бұған да тәүбе!..»— депті-міс дәмін татып отырып...

Гидрогеологтарға сеніп, мол сумен күндердің күнінде жарыл-қайды деп қол құсырып отыруға бола ма? Әмбे айғақсыз желеу-мен жобалаушыларды малдандыра алмайсың. Оларға нақтылы су көзі және молы керек! Сондықтан да Қарсақбай геологтарының жетекшісі Москваға барған бір сапарында атақты су маманы, ака-демик Б. Е. Веденеевке жолығып, күні ертең өздері шұғылдануға мәжбүр болатын мәселені бүкпесіз әңгімелеп, кемек сұраған. «Бізді қазір бір ғана жайт қатты аландатып отыр, Борис Евгенье-вич,— деген ол,— Үлкен Жезқазған қажетіне жылма-жылғы қар суы жете ме, жетпей ме? Мамандар бұл жайында әр түрлі жорамал айтады. Иә, жорамал ғана. Бірақ нақтылы зерттеу жүргізіп, Ұлы-тауға жыл сайын түсетін ылғал қөлемін есептеген бір жан жоқ. Осы мәселеге ғылыми төрелік айтуыңызды етінеміз!..»

Салауатты маман бұл тілекке нақтылы кемек көрсетті. Өндіріс орындарын сумен жабдықтауға маманданған Москвандың Водо-каналпроект институты бұл мәселе мен арнайы шұғылданатын болды.

Отыз бірінші жылдың көктемінде-ақ институт мамандары Ұлы-тауға келіп, Кенгір өзенінің тасыған адудын қалпын бақылаған. Зер-ттеу жаз бойы, күзде де тоқтаған жоқ. ...Әлдеқалай іздеген кісі Қаныш Имантайұлын да сол жылдары, әсіресе жадыраған жаз күндері Кенгірдің жағасынан, болмаса Ұлытаудың бір арналы бұлақ, өзенінің суы молырақ жиналған жарқабағы үстінен кездестірер еді. Былай қарағанда суға шомылып, күнге қыздырынып дем алып жүрген сықылды. Қасындағы белуардан жалаңаш, бірақ мойындарына айбак-сайбак өлшеуіш аспаптар асынған сақалды орыстар да бірер аптаға көкке шығып, әл жиған, жер аралап жүрген қыдырымпаздарға ұқсайды... Анығында бұлар қай жерден қандай тоспа салу керек, оның қөлемі қандай болады, онда қанша су сақталады, бұл жұмыс қазынаға қанша қаржыға түседі, жердің оппасы бар ма, топырақтың ылғал ұстамдылығы қалай... деген мәселе лермен шұғылданып, дамылсыз жұмыс істеп жүрген, келешек қала қамын ойлаған зерттеушілер болатын.

Қай мәселе ге қоян-қолтық араласудан бұрын оның ертеңін, ондаған жылдар ілгергі келешегін түбебегейлі ойлауға дағдыланған

\* Қажылыққа барған тәуеу етушінің Меккеден әкелетін қасиетті бұлақтың суы, оны жүрт шай қасықпен аузын тиеді. Қанекен бұл жерде Ұлытау жүртінің мол суға зарығып жеткенін бейнелеп айтқан сыйды.

Қаныш Имантайұлы бүл жолы да ежелгі әдетінен айныған жок. Айталақ, күні ертең Қеңірдің Наушабай дейтін аяқ саласында тоспа тұрғызылып, Жаңа Жезқазған қаласының іргесі қаланды дейік. Үлкен зауыт та сол жерге жобаланады. Демек, онда жұз мынданап кісі тұрады. Қала салу, озық технологияға негізделген ендіріс тұрғызы — қын емес, түтеп келгенде, бүл — жобалаушы, құрылышты мамандардың төл міндеті. Ау, сонда жұз мың, екі жұз мың кісінің қандай тіршілікте үстаймыз? Оларға көкөніс керек, аурухана, балалар бақшасы, мектеп, басқадай да білім орындары қажет. Қала болған соң бау-бақшасыз бола ма? Көшелер, орталық алаң, тіпті қала бағы жалаңаш тұра ма? Жоқ! Бүл қалада жайқалған ағаш болсын, тұрғын жұрт жапа-тармағай бау-бақша өсірсін! Бірақ қалай? Наушабайдың құлғін реңді, құнарсыз топырағы (серый мергель) біз ойлаған соншама көк желекті, кекөністі, тіпті гүл бағын өсіруге жарай ма, жарамай ма?.. «Жоқ, жолдастар, бүйтіп жұз мың сұрақ қойып бас қатырғаннан да, дереу тәжірибеге кірісіп, қала тұрғызылғанын күтпей-ақ соларды өсіре бастау керек. Топырақтың жарамды-жарамсыздығы да сонда ашылады...» КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы жезқазғандықтар ұсынысын қолдап, Алматыдағы ботаника бағын бүліспен шұғылдануға міндеттеп берді. Сөйтіп, отыз екінші жылдың көктемінен беріде Қеңірдің жағасынан шағын тәжірибе участогы ашылған-ды. Төрт-бес жыл өткен жоқ, құнарсыз деп жүрген құлғін түсті құмайт топырақты Төртқұл жазығында ағаштың, жемістің, бау-бақшаның, көкөністің небір шөлдалаға төзімді тұрларі жақсы есептіндігі мәлім болды. Ал екі-үш маман, санаулы жұмыскерден құралған шағын участок болса, сайып келгенде, іргелі ғылыми жұмыс жүргізерлік, Жезқазған төнірегін жасыл желекпен кемкеруде, ғүлдендіруде тамаша нәтижелерге жеткен үлгілі тәжірибе станциясына айналды...

Барлау алаңындағы жұмыс бүл қарсанда бұрынғыдан да қызу, бұрынғыдан да көлемді қарқынмен сәтті жүріп жатқан-ды.

Иә, бәрі де көңілдегідей болатын. Жезқазған қазынасы ешкімнің тежеп қақпайлауына көнбейтін, ешқандай кедергі-қарсылыққа тәзбейтін кең еріс, төр жайлауға шықкан-ды. Біржола танылып, шынайы нарқы мен парқы жария болған. Ал оның бас жоқтаушысы геолог Сәтбаев нақ сол кезде Главцветмет, Геолком мамандарының тағы да таң қалдырған ғылыми жаңа концепция жария еткен: «Жезқазғанның қоры мыс барлау көлемі ұлғайған сайын көбейе береді. Оның қоры Америкадағы Жоғарғы Көл, Африкадағы Катанга, Терістік Родезия тәрізді дүние жүзіне мәлім атақты мыс провинцияларынан ешқандай олқы емес, кейіріп ерекшеліктері жөнінен артық та...»

Алайда... Иә, амал қанша, құрбандық тілеп, кенестік құрылышқа қанды қақпан құрған пиғылы жаттың зиянкестік әрекеті, әлде Главцветметтің солақай, іә солқылдақ басшыларының осалдығы ма, қалайда сол бір келеңсіз істің бүге-шігесін, түп себебін кейінгі зерттеушілер түгілі, Қаныш Имантайұлының өзі де ешқашанда түсіндіре алмаған, осы күнде де адам нанғысыз болып құлақقا

жайсыз естілер Жезқазған хикаясының ең қайғылы күндері жылнама санауына енгені анық.

### 3

Бұл жаманат Қарсақбайға 1933 жылғы ақпан айының орта шенінде жеткен-ді.

**МЫРЗАБЕК ТҮҢҒЫШБАЕВТЫҢ (Теректі станциясының тұрғыны, бұрғылаушы) ӘҢГІМЕСІНЕН:**

«Ақпанның ақ ықпа аязы түтеп тұрған күндердің бірінде Қарсақбайға жедел шақырылдық. Бурабайдан ешкім қалмасын, жұмыскер атаулы түгел келсін деген әлей бұйрық. Қанекең, тегінде, мәжілісқұмар кісі еместүғын, жұмыс адамын бүйтіп ма-зalamайтын. Аға мастерлер ғана әредік kontorға барып тұрады, онда да есеп беруге, иә жұмыскерлердің жалақысын әкелуге...

Бір пәлеге ұшырағанымызды жүрек сезеді, ойда күдік көп, көңіл күпті. Тайлы-таяғымыз қалмай, темір жолдың кішкене вагондарына тиеліп, Қарсақбайға жеттік. Біз ғана емес, Байқоңыр мен Қияқтыдағы жұрт та қотарыла келіпті. ГРК-ның жұмыскері түгел десем, сірә, әтірік болмас, жалпы қарамы алты-жеті жұз кісі жиналыптыз. Мыс зауыттың сол жылы біткен жаңа клубына сыймадық, орындық жетпегеніміз еденге, есік-терезенің алдына ін тіресе жайғасып, тымақтың құлағын түреік. Биік сахнадағы қызыл үстелдің басына зауыттың басшылары, kontордың инженерлері жайғасты. Әншейінде көп алдына жайрандап күле шығатын маңғаз Қанекеңде өң жок, жауар бұлттай тұнерген қалпымен мінбеге келді.

— Несіне жасырайық, ағайындар, жағдайымыз қыны!— деп бастады сезін.— Биылғы барлауға босатқан қаржыны Bas басқарма бермейтін болды. Бізге қалдырғаны бұрынғы алып келгеніміздің... бір-ақ процентті. Қысқасы, Жезқазған барлауын доғаруға бұйрық келді. Сіздердің барлықтарыңыз да бүгіннен бастап есеп аласыздар... Неге бұлай болды? Оның себебін өз басым білмеймін. Тіпті солай екен деп түсіндіре алмаймын. Тек көпе-көрінеу жаңсақ бұйрық екеніне шубәм жок. Өйткені Ұлытау қойнауындағы алып қазына қазір ешбір бұркеу, ие зорлыққа көнбейтін жария кезеңге шыққаны өздерінізге мәлім...

Қазақ қысы боранды болып, малы қырылған жылды жұт дейді. Бізге жұт борансыз ашық күнде келді. Желіге байлар тұяғы жок тақыр кедей, күні-түні баққаны — бурабай болған жұмыскер нан жегізіп отырған станогынан қағылған соң жұтамай қайтеді?.. Қара жерге отырып қалғанымызды бір-ақ білдік. Эй, несін айтасың, ақпанның ашық күнінде найзағай ойнаса бүйтіп есекіртпес, сапсай миымызға біреу суық су құйып жібергендей мәңгү болдық та қалдық. Залдың тұс-тұсынан әредік дәрменсіз қарсылық білдірген сылбыр үндер естіледі. Біреулер «Зиянкестік бұл» деп міңгірлесе, екіншілері «Сталин жолдасқа хат жазу керек!» деп даурығады. Шынтуайтын айтқанда, бәріміздің де қапелімде ойлағанымыз

құрсақ қамы. Өйткені кешегі отыз екінің көз керген зауалы жаңымызды түршіктіріп кеткен. Жезқазғанның өндірісіне жете алмай, жетсе де жұмысқа жарамай әр жерде шоңқысып қалған бейбактарды қалайша ұмытарсың?! Ақыры, әрлі-берлі шуласып, Қаныштың өзіне жабыстық.

— Не білгенің бар, жарқыным? Мына жағдаяттан шығар жолды өзің көрсетпесең, бізден не ақыл сұрайсың,— дедік.

Азаматтың арыстаны еді ғой, шіркін ол! Жұмысшыдан жасырын сыры, сырдаң құлығы болмайтын. Қандай алапат болсын, әділін айтатын.

— Тұптін тұбінде шындық жеңеді, барлау да қайтадан жүреді, ағайын. Бірақ соған қашан жетеміз, оның жөн маған мәлімсіз. Өз басым Жезқазғанды тастап, басқа жерден бақыт, абырой іздемеймін. Ақы-пұлсыз істеуге дайынмын, қысқасы, осы өлкенің жерасты қазынасын ақырына дәйін ақтарғанша ешқайда кетпеймін!— деп сабазың ағынан жарылды.

Москваға барып ізденбек екен, оны да жасырған жок.

— Ізденемін, әділетті қуамын!— деді бізге Қанекен.— Маған сенгенің, Жезқазғанның асыл қазынасына сенгенің — ешқайда да кетпендер, біраз құнға шыдаңдар!.. Әлбетте, бұрынғыдай ай сайын қолына ұстар Каражат бола қоймас. Бірақ, көппен көтерген жұқ жеңіл деген, не ішсек те — беліп ішеміз, не көрсек те — бұдан былай бірге көреміз, ағайын! Осыған шыдағандарың өл-өлгенше, ақтық демім кеудемнен шыққанша менімен біргесіндер. Ал кетемін дегенге ешқандай өкпе жок, реніш те айтпаймын. Балалы-шағалы жансындар, олардың да құнкөрісін ойланадар!

Сол кеште ешқандай мәмлеке келе алмай текке шулаумен тарадық. Қарсақбайдағы жекжат-тансыстың үйлеріне барып жантайғанмен, әй, солтүні үйкітағанымыз шамалы: қайдағы-жайдағы еске түсіп, мазаланған көңіл әр саққа жүгіреді... Азаматтың сағын сыйныштырып, қыын-қыстау кезеңге келгенде, қарақан басты қорғалап, тастап кетуге дәт бармайды. Тәуекел дейін десен, үйдегі шиеттей қызыл қарын жас балалардың жайы не болады деп жаңың түршігеді. Ал оларға нан керек!.. Таңды үхілеумен атырып, «Ау, жарапдар, не істейміз?» деп жолдастармен ақылдассам, неше түрлі қияметті айтЫп, ашыған миды онан арман шатастырыды. Не керек, мастерлерден ерлік көрсеткен Бабайлор болды. Ол сабаз ертеңінде-ақ конторға барып, «Менің тағдырым Жезқазғанмен әлдеқашан тоғысқан, Қанеке, қасында болуға бел байладым!» депті. Онан сон тағы естідік: Халық Теміrbайұлы да бригадасымен қалатын болыпты. Сол хабар әсер етті-ау деймін, маған да толқу кірді: қыын қунде Қанекеннен жақсылық көріп, соның шапағатымен кешегі мақау кезімізде ел санатына қосылдық; өнерге баулып, станоктың құлағын ұстаратқан қарызын қалайша ұмытамын?.. Ақыры олай ойлап, былай ойлап, оны қыып кете алмасымды үқтym. Соны айттайын деп кешкілікте үйіне барсам, жол жүрмек болып, қағаздарын реттеп отыр екен. «Қанеке, не көрсек те қасында болуға бекіндім! Алыс жолға осы тілегімді арқалап аттанғайсың!» дегенімде, мінезін жасыруды білмейтін аңқылдаған

жан еді ғой, жарықтық, құшақтай алып, қолымды құшырлана қысты. Бетіне қарасам, көзінен ақсан жас омырауына тамшылап түр. Шыдау қайда, менің де жүйкем босап кетті...»

Жезқазған хикаясының сол бір қыын-қыстау күндерінде ез тағдырын онан бөлек қарап, жан сауғалауды төрік еткен бір ғана Г. И. Бабайлар, іә М. Тұнғышбаев емес-ті. Егізек Байсалбаев, Александр Рожнов, Жағыпар Сейілов, А. Әлмағанбетов, Дүзен Үншебаев, Павел Прокопьев, Сейітқазы Қарсақбаев, Тимофей Зверинцев, Ахмедия Төлеқбаев, Есілбай Бекенесов, Өтепберген Битабаров, Халық Темірбаев, инженер Үгедей (Сергей) Бекейханов, бұрғылау жұмыстарының бастығы А. Д. Никитин, инженер-геолог И. Н. Богданчиков, Д. Н. Бурцев, әрине, Қанекенің қосағы Т. А. Кошкина тәрізді едәүір қарамды топ болатын. Ат төбеліндей ғана емес, қомақты да әлуettі 72 адам. Архивтегі қаттаулы құжаттар тарих үшін солардың барлығының да ардақты есімдерін сактаған. Ғажаптығы өз алдына, өнеге-ұлағаты ұмытылmas ерлік!

Сонымен нақ сол күннен Жезқазған әпопеясының қаһармандық һәм ең қыын, азапқа толы кезеңі басталған.

Қыыншылықтар көп күттірген жоқ. Главцветметтің «Мырзалық» жасап, Жезқазған барлауына қалдыған мазақ қаржысы (былтырғы ұстағанның небәрі бір проценті, яки уш жұз мыңдай сом) біржола кеткен жұмысшылармен есеп айырысуға ғана жетті. Ал бұрғылауды өз бетімен жүргізуге келіскең жұмыскер қайтіп күн көрмек? Станоктардың майы мен бытырасын қайдан және немен алады? Бұл болса жұзделен мың сом. Мұнша қаржыны кім береді?..

«Гараж, шеберхана, химия лабораториясын комбинаттың меншігіне кешірдік; станоктардың да санын азайтуға тұра келді; әрине, басқа жерден күнкөріс іздеген адамдарды да ұстағамыз жоқ... Бірақ барлау техникасын менгерген маман жұмысшыларды қайткен күнде Жезқазғанда ұстап қалу қажет-ті,— деп куәлік етеді Жезқазған әпопеясының сол бір қыын да қаһарман күндерін ерімен біргө басынан кешірген Таисия Алексеевна естелігінде.—... Біз оларға қимайтындығымызды айттық, олар да бізді тастап ешқайда кетпейтінін бірінен соң бірі келіп білдіре бастады. Ә деңгендеге есеп алғандардың да қайсыбірі артынан қайта оралып: «Суши болсақ та бурабайда істегіміз келеді!»— деп көnlімізді өсіргені ғой. Үй ішінің ұсақ құйбені, менің де қыыншылықтан түңілген кездे кейде белең беретін наразылықтарым жайына қалды. Бәрін де бір мүддемен өзара ынтымақтасқан шағын топтың тірлік-тағдыры жеңді. Белді бекем буып, өзіміз көтерген өндірістің тіршілік отын сөндірмей, қайта маздату үшін ұзақ айларға созылған күрес бастадық. Барлаушылардың қалған тобын іріктеп, қолда бар азғана жабдық, қорды үнемдеп жұмсаудың шараларын қамдаған соң, Қаныш Имантайұлы Жосалыға жүріп кетті. Бұл сапардан оны сол кезде толассызы ұлыған боран да, даланың сақылдаған сары аязы да тоқтата алмады. Тіпті машина жолының уақытша тоқтап тұрғанына да қарамай, кезекті түйе керуеніне әлді ат-пен ілесіп, тәуекел деп кете барған-ды. Қарсақбайда туған

қішкентай қызымыз Мейіз де сол кезде аяқ астынан ауырып, қатты жығылған. Кекесі бұған да аялдаған жоқ. Сүлесоқ жатқан сәбиді маңдайынан бір іскеді де, аттанып кетті... Ал бұл кезде біз бір шаңырақтың астында қарамы едәүір жан болатынбыз: менің қартайған шешем, тәрбиемізге ауылдан алған қыздарымыз Ханиса мен Ханен, өзіміздің кішкентайымыз Мейіз, Қаныш Имантайұлының жиендері Кемел мен Рәшат — бақандай бес бала және бәрі де ақылын жимаған жасөспірімдер, ересектеріміз — үшеу, жиыны сөгіз адам. Солардың да тағдыры біздің амандығымыз ғана емес, жұмысымыздың сәттілігіне байланған...»

## ҒҰЛАМАЛАР АЛДЫНДА

1

Бұл сапарда Қаныш Имантайұлы Москвада ұзақ жатты, тіпті кектем ұзағанша болуға тұра келді. Талай-талай еңсели есіктің алдында телміріп отырып, қабылдау күтті. Бірінен сағы сынып, қайта келмestей болып шықса, екіншісіне барады. Әзірше тындырғаны шамалы. Главцветмет те, ВСНХ-ның геологиялық Бас басқармасы (Бұрынғы Геолком) да Жезқазған жоқтаушысының қысынды арызын, құшақ-құшақ дәлелін жүре тыңдал, кебіне тыңдамай дінкелетті. Бірінен де жанына батқаны сол болды. Қандай да ірі басшы, келелі маманмен тілге келсе, еститіні: «Дұрыс айтасыз, Жезқазғанда мыс көп, тіпті қисапсыз көп, бұған ешқандай да шубәміз жоқ!» дейді, бірақ іле-шала өзін «Ақылға кенініз, жарқыным, керегар іспен уақытымызды текке алмаңыз» деп үгіттей бастайды. Сондағы айтар дәлелі —«Сіздің тапқан орасан көп мысыңыз қыыр шетте, жолсыз, қу медиен шөл далада. Оны игеру үшін пәленбай жұз шақырым темір жол тарту керек — бұл жүзденген миллион сомға түседі; ал су болса мүлдем жоқ, демек, іргелі үлкен өндіріс тұрғыза алмайсың. Ұлытаудың топырағы да құнарсыз. Кекеніс еспеген соң мындаған халықты онда қалай ұстаймыз? Жарайды, апардық дейік, діңгенеден қайтіп сақтаймыз?.. Иә, сіз, жоғары білімді мамансыз, өзіңіз айтыңызши, алакандай Қазақстаннан екі бірдей мыс алыбын — Балқаш пен Жезқазғанда бір мезгілде, қаз-қатар тұрғызуға бола ма? Қарсақбайдығы зауытты шағын деп тым асқақтамаңыз, қымбаттым, оның үлесі біздің жүйеде кеп-көрім. Мақтаулы Жезқазғаның әуелі соған-ақ қызмет етіп байқасын!.. Қазірде біз бірнеше жерден түсті металл өндірістерін салып жатырмыз. Бәрі де тиімді технологияға негізделген. Оның бәріне көп қаражат, күш керек. Құрал-жабдық, мамандар керек. Ал сіз: «Солардың бәрінен де алып, бәрінен де тиімді — Жезқазған!» деп көкірек кересіз. Русаковты алайықшы, ол кісі де білгір маман, өзі ашқан Қоңырат мысы туралы тұра со-лай дейді. Алмалықтан (Өзбекстан жерінде) да ол сондай олжамен оралды... Қоңыратқа негізделеп Балқаш көлінің жағасынан үл-

кен өндіріс бастадық. Өйткені онда су мол, темір жол барған Қарағанды көміріне де үрынтал орналасқан. Ал сіздің Жезқазғанға?.. Білмеймін, жолдас Сәтбаев, таяу арадағы қырық-елу жылда Ұлытау атырабында іргелі құрылыш бастаймыз деп сізді сендіре алмаймын... Демек, барлауды да өзірше тоқтата тұру қажет, ең аз дегенде жиyrма жыл шамасы. Сіздің де ендігі міндеттіңіз кен барлау емес, Қарсақбай зауытын құнарлы мыс кеңімен жабдықтау, ұқтыңыз ба, геологиялық бөлімді де сол үшін сақтап қалдық. Қысқасы, Қаныш Имантаевич, шама-шарқынызды біліп, турасын айтқанда, бойыңызға шақ жұмыспен шүғылданыңыз!.. Бізге де, шырағым, мемлекеттің әрбір тынын үнемдеп үстап, әмбे соны тез қайтарым беретін жерге жұмысай міндетті жүктелгенін ұмытпаңыз. Ал бұл, білген кісіге, өте жауапты міндет! Сіз мұны түсінуге тиіссіз!..»

Сәтбаев та бірақ бұл қарсаңда біршама өмір теперішін көрген, жасы сол көктемде отыз төртке шығып, өндіріс тұтінін «иіскеп», «ақыл» тісі әлдеқашан түскен сақа инженер-ді. Ең бастысы, сол күнде оны ешқандай дәлел, күш көрсетіп, Жезқазғанның мыс көмбесінен бездіру мүмкін емес-ті.

Сонсоң да астанада айлап жатып, ізденуден жалықпайды. Сәуірдің бас кезінде Қазақ АКСР-інің үкіметі және республикалық жоспарлау комитетінің жәрдемімен бастапқыда қалдырылған болмашы қаржыны екі есе өсіруге рұқсат алады (былтырғы берілген ақшаның екі проценті). Бұл болса тоқтауға шақ түрған шағын барлауды мейлінше үнемдеп жұмысағанда, екі-үш айға ғана жетпек. Сол себепті қазақ геологы көмектің басқа көздерін іздейді.

Соның бірі —«Золоторазведка» тресі. Тресте қаржы мол, тек оны алтын іздеуге жұмысай керек. Бір тәуірі, олар алыс-жақын деп жер талғамайды. Қаныш Имантайұлы ойланбай-ақ алтын іздеушілермен шарт жасасады: Жезқазғандағы геологиялық партия пәленше жұз мың сом қараждат алады; оның телеуі — алтыны бар кен көздерін тауып беру... Ұлытау өнірінің мұндар қымбаттардан құр алақан емесіне соңғы жылдардағы геологиялық саяхаттар кезінде геолог Сәтбаевтың көзі жеткен. Бірнеше жерден алтын желісі шашыраған кварциттер (жыныс аты, қазақтың байырғы тілінде — актас) тауып, картаға түсіріп, арнайы қаққан қазық-белгісі бар-ды. Ендеше, соны бүгінгідей қысталанаң кезде пұлдап, Ұлытау қажеті үшін неге пайдаланбасқа?!

Ол көмір институтымен де «Қияқты көмір кенін зерттеу үшін» деп шарт жасасып, қаржы алады. Рас, бұл да ыңғайсыздау «сауда». Себебі Жезқазғаннан өзге жерге бір сом қаржы жұмысамасы өзіне аян. Көмір институты бірақ ешқандай зиян шекпейді. Берген қаржысының өтеуін артығымен алады. Екі жылдан бері үш-төрт станок Қияқтыда не себепті жұмыс істеді? Жезқазған геологтары сол бір шеткөрі өнірге шұқия үніліп, не үшін барлау жүргізді? Үйге қайтқан соң инженер Бурцевті бірер ай кабинетке онаша отырғызыады да, бұрынғы барлау деректерін жинақтап, институтқа жаңа барлау нәтижесі етіп келденең тартады. Әрине, келенсіз

шаруа. Жаяу базардағы дедалдың қарекеті. Алайда сейтпеске амалы жоқ. Іскер жандар айтпақшы, «Тұпкі мақсат — жол таңдатпайды», не деп бопсаласаң да ашығып отырған жұмысқеріне нан алатын қаржы тауып беруі керек, станок та тоқтамасын. Сайып келгенде, ол сол күнгі амалын оң іә теріс деп талғауды қажет кермен-ді. «Сыйға — сый, сыраға — бал» дерлік гей-гейге кешкен еді...

«Лакокрассырье» тресі де көкжасыл бояу ендіру үшін ярь-медианка іздел, Одақтың қай түкпіріне барлаушы топ жіберуді білмей қиналып отыр екен. «Tau Мұхамбетке бара ма, әлде Мұхамбет тауға бара ма?» деп кергіп отырар жігітің — Сәтбаев емес. Бұл туралы бір танысынан ести сала ол бояушылар тресіне жетіп барады. Медянканың тұр-тұрін Ұлытау даласынан мұқият іздесе, табуға болатынын айтады. Орталық Қазақстанды шарлаған кезінде өзі сондай үмітті жерлердің талайын көрген. «Сіздің қарауыңызға барлаушы топ жіберелік?», «Жо-жоқ, алыс ауданға отряд жіберіп қайтесіз, дала сырын білетін жақсы мамандар болса бір сәрі. Одан да Жезқазған геологтарымен шартқа отырыңыздар. Кісіміз онша көп емес. Бірақ сіздердің ділгірліктеріңізді ескеріп, бұл жұмысқа бірер станок, жырыма-отызы жұмысқер бөлуге болады. Бәлкім, бірдеме тауып қалар. Рас, бұл сіздерге біраз сомаға түседі... Жоқ, аразанға келісе алмаймыз. Өйткені өзіңіз де естіген боларсыз. Қуанұн дала, елсіз, сусыз шөлде жұмыс істеуге тұра келеді. Сондықтан сметаны құндан жасаймыз...»

Бірер кездесуден кейін бұл треспен де шартқа қол қойылады. Мұның да ынғайсыз келісім, «ашық күнде тонау» екені өзіне аян. Өйткені ешқандай да барлау тобын көкжасыл бояу шикізатын іздетіп, «елсіз далаға» аттандырмак емес. Бірақ «Лакокрассырье» тресі бұдан ешбір зиян шекпейді. Іздеген шикізаты тонналап тиесе де әзір, тіпті ертең-ақ қазып алуына болады. Жезқазғанда то-тықсан мыс кені мыңдаған тонна, ескі барлау жыраларында тау-тау болып үйіліп жатыр. Бояушылардың іздел отырғаны сол. Ал олардың барлауға шығарған қомакты қаржысы, жағармай мен станоктың бытыра фонды — жезқазғандықтар үшін тап бүгінде өте-мете қажет, ең аз дегендеге бірнеше айға талғажау болмақ.

(Шынында да, солай болды. Бояушылар мекемесі жыл сайын Жезқазған барлаушыларына бір миллион сомнан қаржы беріп тұрды. Ал «Лакокрассырье» тресі олар көрсеткен кеннің әр тоннасынан он мың сомның бояуын өндіріп отырған. Демек, миллиондаған сом пайда түсірген. Бұл «сауданың» трест үшін тиімді болғаны соншалық — 1934—1940 жылдар аралығында, яғни Жезқазғанға темір жол келгенге дейін олар бояу шикізатын Ұлытаудан тек қана жүк ұшақтарымен тасыған.)

Бірер жұмыс сомды КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы белгенді: Қаныш Имантайұлы олармен де Жезқазғанның жалпы геологиялық құрылышын зерттеуге міндеттеніп, шартқа отырады.

Сейтіп, «түйе сұрап келіп, бие де ала алмай», бірақ жыл аяғына дейін демеу болғандай қаржы жинап, мамыр айының аяғында Ұлытауға қайтады.

Келе-ак қызу жұмысқа кіріседі. Қарамы селдіреген тістей си-  
реп қалған шағын топқа бұдан үш жыл бұрын өзі ұсынған бесжыл-  
дық барлау жоспарын қайткен күнде орындашып шығуды міндеп  
етеді. Қандай құштермен?.. Өткен жылда отыз екі станок барлау  
жүргізді, қазір оның тен жартысы істемейді. Сейтсе дегеті-сегіз  
станок скважина бүрғылауы қажет. Демек, әрбір станок үшеудің  
жұмысын атқаруға тиіс. Әрбір бүрғылаушы да үш жұмыскердің  
жұмысын істеуге міндепті. Өйтпейінше мұрат еткен барлау жос-  
пары орындалмайды. Ешқандай да аварияға жол жоқ, скважина-  
ны бұлдіру — зиянкестікке саналады. Мотордың әрбір грамм майы  
қатаң есепке алынын. Себебі қыруар ақшаға келіп жатыр. Алмаз  
сынығының әрбір караты әжетке жаратылсын, қымбат бытыраның  
да әрбір килограмы үнеммен ұсталсын!..

Жезқазған әзопеясының сол бір қаһармандық қыны кезеңін  
бастан еткізген кісілердің куәліктеріне жүгінелік:

**МЫРЗАБЕК ТҰҢҒЫШБАЕВ:** «Айтып-айтпай не керек, бүгінгі  
жастар ертектей көріп, айтсан сенбейтін ауыр жағдайда өмір  
кештік. Алты-жеті ай қатарынан қолымызға көк тыын алмай, асханың  
екеуін көк кежесін құрсақта талғажау еткен күндер де өтті басы-  
мыздан. Ай сайын жан басына елу грамм май аламыз, күндікке  
тиетіні — екі жұз грамм қара нан. Мотор майсыз қалып, қол стано-  
ғымен де жер тескен күніміз болды. Бірақ не көрсек те сыр  
бергеніміз жоқ, шыдап бақтық».

**ХАЛЫҚ ТЕМІРБАЕВ:** «Бір жолы Тасқұдық басындағы скважи-  
наны бұлдіріп алдық. Снаряд жер астында кептеліп тұрып қалды,  
не амал істесек те суыра алмадық. Бабайлор келіп, бірақ ештеңе  
шығармады. Амалсыз Қан-ағаңа хабар бердік. Ол кісі де дайын  
отыр екен, іле жетіп, скважинаны қөрген соң бәрімізді кеңсеге  
шақырды. Киім тозған, өңіміз жүдеу. Қырсыққандай сол күні тағы  
бір станоктың пәтшіпнігі ағып түсіпти. Ол азтай кіші жұмыскердің  
бірі мастердің үстінен арыз айтты. Қысқасы, жиналыстың қыбы  
келмей, ә дегеннен берекесі кете бастады... Бір сәтте Қан-ағаң  
орынан атып тұрып: «Мен ертең үкімет пен партияның бетін қалай  
көремін, біздің мұddenі барынша қолдап отырған Қазақстанның  
басшыларына не деймін, мыналарың не?!»— деп үстелді жұдыры-  
ғымен сарт еткізіп қойып қалсын. Үні де жан шошырлық боп үрейлі  
естілді. Үстел үстіндегі сия дәуіт жерге ұшып тұсті... Қан-ағаң-  
мен мен он екі жыл ГРК-да бірге істеген адаммын, кейіннен де  
аралық үзілген жоқ. Оны қоссам, сірә, ұзын ырғасы отыз жыл еркін  
болар... Иә, айтайын дегенім — отыз жылда қатты ашуланғаныны  
кергенім сол жолы. Жұзіне қарасам — өңі құп-қу, керемет жүдеу,  
көзі шүңгірейіп, ішіне қарай опырыла енген, жақ сүйектері оды-  
райып, қомақты кең иғығы да қушиып кеткен... Сірә, кейінгі айлар-  
дың көп мехнаты бұл кісіні де титықтатып, жүйкесін өбден тоз-  
дырған екен деп ойладық. Бір адам ләм-мим деген жоқ. Үнсіз  
мелшидік те қалдық... Сәлден соң сабаз сабасына тұсті. Не істеу  
керектігін ақылмен айта бастады. «Кешіріңіздер, сіздерге үрсай-  
ын деген жоқпышын, қапылыста ашуға жендеріріп алдым», — деді тәмен  
қарап... Былай шыққан соң Ахмедия айтты: «Халық-ай, сағанғана

емес, әлгі үрысқаны бөрімізгө тиді. Сабаз шын қысылып жүр екен. Талай жылдан көрсетпеген мінезін бүгін көрсетті! Үят болды. Өлсек те енді бурабайдың басында елейік. Азаматтың сағы сынбасын, біз деп жанын жалдап жүрген ер емес пе!?», — деді. Жігіттерім сайдың тасында жайсаң еді, не керек, солайдың жоспарын өлермендік жасап орындал шықтық».

П. В. ПРОКОПЬЕВ: «Сол кездегі біздің жігіттердің төзімдігіне мен осы күнге дейін қайран қаламын. Күніне 15—16 сағат жұмыс істейміз, тіпті жатаққа қайтпай, бурабай басында түнейтін кезіміз де жи болып тұрады. Сондағы алатын еңбегіміз қанша десеніш?.. Менің бойдақ кезім. Аға коллектордың міндетін атқарып, кіші жұмыскердің еңбегін аламын. Кейде солда тимей қалаады. Бірақ сыр бермей, көппен бірге шыдап бақтым. Ал балалы шағалы жұмыскерлер қалай тәзді соған? Осы күнде бұған кім көнеді? Әй, білмеймін... Қаныш Имантаіұлында, әрине, маза жоқ. Сол күндерде ол кісі Жезқазғаннан гөрі Москвада көбірек болатын еді. Бурабайға келсе бірімізге темекі, бірімізге насыбай сыйлап, жайымызды сұрап, жұмысымызды тәптіштеп көреді. Сонсоң «Шыдаңдар, жігіттер!» деп көnlімізді дауалап, біраз күн қасымызда жүреді де, тағы да арыздануға аттанады. Кейде Қонырат, Аңысай сияқты өндірістерге барып, солардан қалған-құтқан жабдықтар сұрап әкеледі. Біздің шеберлер де құрал жоқ деп қарап отырмай, ескіні құрап, кейде жоқты қолдан жасап, тырмысып бағады. Сондағымыз — барлауды тоқтатпаудың амалы, қайткен күнде Жезқазғанды елге таныту!..»

## 2

Ертелі-кеш тырбанған тірлікпен 1933 жылда өтті. Барлау тоқтаған жоқ. Бірақ былтырғымен салыстырғанда қарқыны құлдилап кетті теменге. Былтыр бір ғана Жезқазғанда 196 скважина бүрғыланып еді, кәзіргі соның үштен біріне де жете алмады (небәрі 59 скважина). Ал жаңа жылда? Бар үміт «Биылғы қаржы бөлініп кетті, келесі жылы болмаса...» деп сырғытпа жауап білдірген мекемелерде еді. Олардан қайыр болмасына жыл басында-ақ көзі жетті. Главцветмет былтырғы болмашы қаржыны беруден де үзілді-кесілді бастартты. Былтыр әр қылы сылтау айтып, көніл алдарқатқан, сірә, жоғары жақтағы үлкен бастықтарға шағым айтып, мазасын алмасын деп амал жасаған. Биыл олардан мұндай емеурін шықпады. Сұрампаз жезқазғандықтың үмітін біржола үзіп, тауанын қайтаруға бекінгендей қатыгездік аңғартты.

Барлау конторы құзде-ақ әр жерден тірнектеп жинаған қаржыларды пайдаланып, жұмыскердің бес-алты айдан бергі еңбегін төлеп, тіпті кейбір қосалқы цехтарды комбинаттан қайтарып алып, біршама бас кетергендей болған. Жетіспейтін жабдық, тетіктерін түгендеп, станоктар паркін өз әлінше толықтырған. Соның бәрі енді бекерге шықты. Қосалқы шаруашылықтар комбинатқа қайта

өткізілді. Бес-алты станокқа лайықтап кісі алып қалып, бірталай жұмыскерге тағы да есеп берілді.

Жазған құлда шаршau жoқ, Қаныш Имантайұлы тaғы да онда-мұнда жүгіріп, былтырғы кәсібіне қайта кірісті.

«Золоторазведка» Жeзқазған барлаушыларына разы екен: «Мық пен Обалыдан алынған үлгілердің анализі теріс болмапты... Демек, сіздің жігітермен кампан болуға қарсы емесспіз!»— деп алтын іздеушілер оны қуана қарсы алған. «Ал, сіздерге біздің де әзірлеген сыйлығымыз бар. Мәселен, Әжім мен Ақшоқыда барлау жыраларын қаза бастадық. Оны енді тездетіп колонкалы бұрығылауға қою керек» деген жeзқазғандықтардың ұсынысына елең еткен трест басшылары: «Бәлкім, Сәтбаев жолдас мысты қойып, алтын өндірісіне аудысар. Қaражатты аяマイмыз, бүкіл Қазақстан даласын шарлаймын десеңіз де еркіңіз, бірадам қолыңызды қaқпайды»,— деп күтпеген ұсыныс жасаған. Ұлытау атыра-бының келешек бақыты — алтын емес, күміс те емес, мыспен бай-ланысты екенін Қаныш Имантайұлы жaқсы билетін. Сондықтан да бұл ұсынысқа келіскең жoқ. Былтырғыдан да қомақты қаржy алып, соған лайық барлау жасауға міндеттеніп, шартқa отырды.

Көміr институтымен де оңай келісті: «Ұлытау ауданындағы кеміr ошақтарының келешегін дәллірек анықтап, қорын біржола есептейтін үaқыт жетті. Қомақты қаржy берсеңіздер, біздің адам-дар бұл жұмысты биыл-ақ тындырып тaстар еді...»,— деген. Ойлы сезін ұтымды істерімен бекітіп отырған маманғa кім қарсы болады?..

Ал бояушылар тресі сөзге де келген жoқ, ярь-медянка іздеуге тaғы да қаржy босатты.

Сонымен бұл жылда да біршама қaражат тaуып Жeзқазғанғa қaйтқан. Бұлар, әрине, барлаушылар тірлігін едәуір демеуге дәнекер болды. Сөйтсе де... Бұл сергелден қашанғa дейіn созылмақ? Бас басқармада кірмеген есігі жoқ, астанада өзі бармаған лауа-зымды кеңсе кемде-кем. Жospарлау комитеті, Қазақ АКСР-інің өкілдігі, наркоматтың шiкізатпен жабдықтау белімі... Солардың бәр-бәрін әбден мезі етіп болды. Өзі де қажыды. Бұл да біr сәрі-ау, анау қиыр далада бейнет кешкен адамдарды айтсаншы!.. Қашанғa дейіn күйзелмек?.. Олардың тәзімдері қара тас емес, қашанғa дейіn шыдамақ?

Жыл басында би1еуші партияның XVII съезі шaқырылған. Жeзқазғандағы көптің назары, әрине, «жеңімпаздар съезі» атанған коммунистер құрылтайының газеттерде жарияланған материалдарына ауған-ды: «Жeзқазғанның қоры күмәнсіз дәл анықталған,— депті Қазақстан делегаты, автономиялық республиканың Халық шаруашылығы комиссариатының төрағасы Ораз Исаев үлкен жи-ынның мінберінен.—...Алдағы уaқытта осынау кенорның шeлдала-да, тасымалы қиын деген әншейін желеулермен кейінгে ысыру талабына қатаң тыйым салып, оның қымбат қазынасын тezірек игеруге дайындық жасауымыз қажет. Сөйтіп, осы бесжылдықтың аяғында-ақ Жeзқазғанда мыс қорыту комбинатын салуғa кіріскеңіміз жeң». Ал БКП(б) Орталық Комитетінің есебінен «Түсті

металлургиядағы жолсыздықтарды жедел реттеу» қажеттігін ес-керткен жолдарды оқығанда, Жезқазған барлаушылары соңғы жылдары ездері кешкен бейнеттің түп себебін үққандай болып, езгеше ризалық сезімге беленген.

Бірақ зарыға күткен өзгерістеріне бұл жылда да жете алмады. Съезд мінбесінен айтылған сынға, сірә, жауап қатқаны болар, жаз ортасында Главцветмет Жезқазған барлауына қаржы бөлді, бірақ бердік деген аты ғана — былтырғы қалдырыған болмашы сома... Оны да бұдан соң соқыр тиын берілмейтінін сан мәрте ескертіп, соңғы рет береміз деген пысықтаумен...

Кепе-көрінеу жасалып отырған қиянат, әмбе зиянды көзқарас Қаныш Имантайұлын да ашындырып, белсенді әрекеттер жасауға итермелеген. Бастанқы ойы БКП(б) Орталық Комитетіне хат жолдау, іә Политбюро мүшесі, «темір нарком» Г. К. Орджоникидзенің қабылдауына сұрану еді. Москваға келген бір сапарында әлдеқалай шаруамен астанада жүрген ұстазы Усовпен ақылдасқан. Михаил Антонович сүйікті шәкіртінің барлаушылық ғұмырының сәтті басталғанын, оның Ұлытау атырабындағы тынымсыз ізденісі жайында толық хабардар болатын.

Екі-үш күннен соң Усов оны Тұсті металдар институтының профессоры, ауыр өнеркәсіп наркоматының тұсті металлургия жөніндегі ғылыми кеңесші һәм сарапшысы В. А. Ванюковке ертіп апарды.

— Сіздің үлкен әкімге шағынданбақ ниетіңіз, қымбаттым, негізінен дұрыс, құптаймын. Бұл мәселенің жай-жапсарын аздал білемін, тамыры тым терендеп кеткен, өте көп адамдар қатысты болған құрделі шаруа. Мұны, сірә, тек қана Серго жолдас, іә темір нарком Орджоникидзе ғана шеше алады,— деген-ді профессор Ванюков.— Сізге, Сәтбаев шырак, тегінде, Жезқазғанның тағдырын бұдан әрі тәлкекке салмайтындей беделді, мықты шешім керек. Солай емес пе? Бұл үшін Серго жолдасты өзіңіз зерттеп жүрген кеннің қисапсыз қазынасына шубасіз иландыру керек. Бәлкім, оны ғана емес, Политбюро мушелерін де. Ал Политбюро қаулы алатын болса?..

— Григорий Константиновичтің алдына жете алсам сөзсіз сөндірер едім. Айғақ жеткілікті, барлау материалы толық. Өттең!..

— Жоқ, қымбаттым, толық деп отырған деректерім әлі де шики деп есептеңіз. Көніліңізге келмесін, оны әлі пісіру керек. Айталақ, үлкен бір беделді мекеменің ғылыми кеңесінде. Иә, иә, оны осылайша пысықтап, біздің тілмен айтқанда, ғылыми апробация жасап алып: «Міне, Серго жолдас, мен ғана емес, осындаң жердің ғылыми кеңесі бізді жақтап отыр!» десеңіз — сөзіңіз де, өзіңіз де өтімді боласыз... Ал наркомға кіру жөнінде қам жеменіз. Сіз үшін, қадірлі Михаил Антонович өтініш еткен соң бола ма, Григорий Константиновичке бір ауыз сөз айтуда мен әрқашанда әзірмін.

Жезқазғандық геолог бұл ақылға ойланып қалды да, біраздан соң:

— Бұл шаруаға өзіміз де ойланып жүр едік. Ал егер ЦКЗ-ның экспертер сарабына тағы бір мәрте жүгінсек,— деп күмілжіп тоқтаған.

— Меніңшे, ЦКЗ емес, академияның өзінен бір-ак шығу керек. Сенің туған жұртыңың бүл жайында тамаша мақалы бар,— деп күлді Усов.—«Жығылсаң — нардан жығыл» деуші ме едіңдер?.. Главцветмет пен Геологиялық Бас басқарманың ғылыми кенестерінен, сірә, өте алмайсың. Өйткені екеуі де Үлкен Жезқазған идеясына өзірше қарсы мекемелер. Ал Орталық қор комиссиясы олқы соғады, меніңше. Онда сені қорғай ма, қорғамай ма, кім білсін... Сондықтан бәрінен де беделі басым академияның сессиясына тусу керек. Ал академияда қазір түбегейлі өзгеріс жүріп жатыр, өндіріске шұғыл бетбұрыс жасап. Соңғы жылдары оның құрамы білгір инженерлермен толықты. Демек, өндіріс орнында туған жақсы ой мен ұсынысты олар қуана қуаттайды. Бүл бір деңіз. Екіншіден, академияның арнаулы сессиясы Үлкен Жезқазған идеясын жақтап шықса, оның қаулысын теріске шығарар Одақта бірде-бір мекеме болмайды...

— Академия бізбен сөйлессе, тым үлкен орын... Ал біздің бірде-біреуімізде ғылыми дәреже, тіпті атақ-беделіміз жок,— деп күмілжіді Сәтбаев кексе ғалымдарға жаутаңдай қарап.

— Ал сөйлесе қалса, сөзіңдің өтеріне сенімдісіз, ә?!— деп қарқылдай күлді Ванюков.

— Асылыққа жорымаңыз, мен бұған қалайда сенімдімін. Бар деректі жайып салып ағымыздан жарылсақ, ойлаймын, шынайы ғылым иелері бүл даудың ақиқатын айтуға тиіс және ол біздің пайдамызыда болады!— деді Қаныш Имантайұлы кенет бір түрлі сенімді үнмен.

— Бәрекелді, мына шәкіртіңіз, алысқа баратын жігіт, қадірлі Михаил Антонович!— Ванюков сыпайыгершілікті қойып, қазақ геологының арқасынан қақты.— Мені біржола сендірдіңіз, қымбаттым. Қысқасы, сессия қарағандай болса, Үлкен Жезқазғанның мыс кенін қорыту мүмкіндіктері хақында, несі бар, зерттең жүрген мәселе, ғылыми баяндама жасап беруге мен әзірмін!

— Былай болсын,— деді ақырында Михаил Антонович,— Мен сіздерге бүл әңгіменің тоқ етерін айтайын... Академияның сессиясында талқылау жайында мен өзімнің ұстазым қадірлі Владимир Афанасьевич Обручевпен ақылдастым. Бүл мәселеге ол кісі қарсы емес, тек Жезқазғанды жалғыз салмай, Кенді Алтай регионын бірге қарастау керек дейді. Әмбे мұны академияның Қазақстандағы базасы қөтеру керек. Ал оның ресми өкілетті төрағасы академик Андрей Дмитриевич Архангельский. Қысқасы, Қаныш Имантаевич, сен екеуміз осы аптада сол кісіге барамыз. Ойлаймын, академик Архангельский бұған қарсы болмайды, ол өзі ерекше елгезек, жаңалыққа құмар адам! Әрине, жергілікті өкімет қайраткерлерінен де кемек сұрау керек. Айталақ, съезде Жезқазғанның шашбауын қөтерген Қазақ АКСР Совнаркомының төрағасынан. Бүл енді, шырағым, өзіңдің міндеттіңіз... Келістік пе? Сейтіп онда сіз, мұнда біз болып, жан-жақтан қаумалап көрсек — Үлкен Жезқазғанды ғылыми талқылаудан академия басшылығы бас тарта алмайды. Ал онда, ғылым арыстандарының алдында ойыңыздың өтімді болуы өзіңізге, тек қана өзіңізге байланысты,

қымбатты Қаныш. Демек, тыңғылықты дайындалу керек, бағыңыз емес, Жезқазғаныңдың кен кембесін мәнді етіп көрсете білуіңіз шешеді!.. Ал біздің кемек те, міндет те үлкендік жолмен — сіздің мұдделі шаруаны сөзбүйдаға салғызбай, қайткен күнде биыл талқылату!..

Ақыры солай болды.

### 3

Отыз төртінші жылдың жазы мен күзі сейтіп қызу әзірлікте өткен-ді: кенорнының тағдыры, Ұлытау геологтарының кеп жылғы ізденісі түңғыш рет салауатты талқыға түспек. Және қандай? Басқарманың техникалық кеңесі, іә жоспарлау комитетінің әлдебір секциясындағы мамандар талқылауы да емес, Ғылым академиясының арнаулы ғылыми сессиясында, есімдері өлемге әйгілі академиктердің, геология білгірлерінің алдында. Бұл да бір сәріау, безбен табағына Жезқазғаның келешегі тартылғалы отыр, жалғыз келешек қана ма? Өздеріне имандай сеніп, екі жылдан бері адам төзбес қынышылықтар көріп, жанқиярлықпен еңбек етіп келе жатқан ерлердің үміті мен сенімі де...

Сол үшін де Қарсақбайдағы аядай кеңседе бас қосқан ат төбеліндей жанкешті іздеушілер тобы күні-түні, айлар бойы тынымсыз жұмыс істеп, баяндамалар әзірлеген. Әзір болғандарын әлденеше мәрте тексеріп, өзара талқылап, бірін-бірі аяусыз сыйнап, неше алуан керегар сұрақтар қойып пысықтап, жан-жақты дайындықтар жасаған.

Бұларға қоса Қаныш Имантайұлының өзі үлкен-кіші, орталық, іә жергілікті деп талғамай, өресі жеткен баспасөз атаулының бәріне Ұлытау қойнындағы қисапсыз мол, тенденсі жоқ ерекше мыс көмбесі және басқадай да қазба байлықтар туралы мақалалар мен сұхбаттар нәпірін тоғытып бақсан. Жаңалық пен дақылртты іс атаулыға жаны құмар газет тілшілері де Жезқазған қыртысындағы алуантүрлі қазыналар қоры жайында тілдің майын тамызған суреттеме, жолжазба, сипаттама очерктерді қардай боратып берсін. Бәрінің де шекесіне иә жуан ортасына «Үлкен Жезқазғанға — даңғылжол!», «Үлкен Жезқазғанның ғажап қазынасы мақтаулы Американың, қапастағы Африканың әйгілі мыс кендерін қанжығасына байлап кетеді!», «Ел қазынасы — Отан ігілігіне!» деген тәрізді айшықты, ұранды сөздер үлкен әріптермен берілген-ді әмбе беттің ең көрнекті тұсына. Әрине, мұның бәрі Қ. Сәтбаевтың ойлағанындағы болып шықты: баспасөз беттерін пайдаланудың да туп мақсаты — Ұлытау қойнындағы мол қазынаға жұртшылықтың назарын аудару емес пе, кім-кім, Қаныш Имантайұлы атой-лаған жарнаманың иғі әсерін жақсы білетін...

Сайып келгенде, бұл қарекет те ертеңгі ғылыми талқылауда сөзсіз жеңіп, өз дегендеріне жетудің қамы! Жеңсөн — талай жылғы мұдделі барлауға ерік аласын, құласаң — өзінің ғана емес, туған жұрттыңың да сені қостап, білгір де білімді азаматым деп

отырған үмітін жерге тығасың, ең қыны — іргелі өндіріс ошағын тұрғызар тамаша істі кеп жыл кейінге шегертеңің. Демек, қайткен күнде жену үшін арыстанша алсыу керек!..

Әрине, ең қызу әзірлік барлау аландарында жүріп жатқан-ды. Ең үмітті деген участоктарда барлау жасаған санаулы станоктар геологтар ұстанған ғылыми концепцияға сәйкес келетін айғақтар іздеп, талай-талай қолатты қайыра тексерген. Бір ғажабы, әр түрлі кедергі, жетімсіздіктерге қарамастан сол жаздағы барлау аса сөтті жүріп, Жезқазған жоқтаушыларының қоржының ерекше құнды деректермен толықтырудан жаңылған жоқ-ты. Әсіреле соңғы екі-үш айда!

Құзғатаман Ұлытау геологтары көнорнының осы уақытқа дейін барланған қорына тағы бір қайыра жинақ есеп жасап, ЦКЗ-ның қарауына табыс еткен. Бұрынғы есептеудерден бұл жолғының ерекшелігі — көн құрамындағы қорғасын, мырыш, күміс және си-рек металдар қоры дараланып жеке-жеке керсетілуі. Мұның да түп себебі белгілі: Жезқазғанның мысқа ғана емес, басқа да түсті металдарға бай екендігін таныту. Есеппен бірге дәйекті жазылған геологиялық түсініктеме даярланды. Анығында бұл — күні ертең ғылыми сессияда жасалатын баяндамалардың негізгі нұсқалары еді...

Жезқазғанның мыс пен қорғасынға құнарлы кен қабаттары аса үзақ та күрделі жолдармен түзілген. Оның күмбез сипатты дөңгелене біткен структурасы терең қабаттағы магма құсқан ортадан, яғни көпіршіген, әрі сұйық ертіндіден тұнудан пайда болғандығы сөзсіз. Олар жоғарыға қарай өрлемеген жолында үстіңгі қабаттағы кеуек құмдауық белдеуде өз бойындағы металл «жүктен» сүзілген тәрізді, басқа көнорнында кездеспейтін, тек қана Жезқазғанда, байқалған бұл ерекшеліктің мәні зор. Әлгі «жүктер» ауыр металдардың сыйбағалы салмағының әсерімен өзара байланып, яғни қабат-қабат «құлшеге» айналған. Оларды біз кені құнарлы қабаттар дейміз.

Кен қабаттары қоюланып, металл «жүктері» шоғырланып бола берген кезде, жыныс қатпарлары өзара қозғалысқа үшірап, зоналары бойынша түрліше тектоникалық бүлінуге тускен, арааларында терең жарықшактар, оппалар пайда болып, соның бәрі ақыр аяғында бастапқы тұнбалардың әлгі қуыстарға тарауына әкеп соққан сынды...

Геологиялық түсініктемеде де, әзірленіп жатқан ғылыми баяндамадан да және бір тұжырым жасауға болатын-ды: нақтылы кен іздеумен шүғылданып келе жатқан барлаушы геолог өз емірінде тұңғыш рет теоретик ретінде көрініп отыр; бұл талабы онды ма, онсыз ба — ол енді ертеңгі ғылыми талқылау үстінде белгілі болады; ал қазір, «шешінген судан тайынбас» дәп, бастаған соң ақыры қалай шығадыға салып тайсақтаудың жөні жоқ; өзі құзыр-мәзір боп тіленген ғылыми топтың алдында сегіз жылдан бері көрген-білгенін, ойна түйгенін, шубесіз сеніп барлауда ұстанған айғақ-дәлелін ашып айтуда тиіс; қорғанып сөйлесен — ойыңның таяздығы, астамшылықта салсаң — білімінің шалағайлышы, ал өзінді

ҒЫЛЫМ НОЯНДАРЫМЕН ТЕҢ ҰСТАСАҢ — АРҚА ТІРЕР АЙҒАҒЫҢНЫҢ МЫҚТЫЛЫФЫ; ОЛ БОЛСА — ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЗЫНАСЫ!..

Сондықтан да Қаныш Имантайұлы белді бекемге буып, баяндағасының теориялық «жүгін» қалыңдата түскен, дәлелін де үстартастып бақсан.

Жезқазғандықтардың жауаптылықпен қарап, аса зор ырждағатпен жасап шықкан түсінкітеме есептері қор комиссиясында өте жоғары бағаланды. ЦКЗ-ның осы кенорнына тағайындаған бас эксперти геолог М. П. Русаков бұл жайында айрықша пікір білдіріп: «Жезқазғанның сұңғыла білгірі К. И. Сәтбаевтың басшылығымен жасалған барлық есеп өзінің жүйелігімен және барлау материалдарын өте жоғары талаппен сұрыптауымен ерекше көзге түседі...» деп жазған-ды. Сондықтан да шығар, ВСНХ комиссиясы барлаушылар ұсынған корды ешқандай өзгеріссіз бекітті. ЦКЗ қарарының соңында мынандай дәйектеме де бар еді: «Жезқазғанның есептелген қоры, оған қоса берілген геологиялық түсінкітеме, сондай-ақ комбинациярауындағы... барлау бөлімі орындаған зерттеу жұмыстары мен іздеу методикасы ешқандай күмән туғызбайды, өйткені мұның барлығы жан-жақты және өте тиянақты жүргізілген...»

\* \* \*

Қазақстанның геология қауымы, ал олар сол күнде саусақпен санаарлық дегендегей тым аз топ еді, шыдамсыздана күткен академия сессиясы қараша айының (1934 ж.) оныншы жұлдызына шақырылған-ды. Тәрағалық етуші академик А. Н. Самойлович КСРО Ғылым академиясының кезекті үшінші құрылтайын ашық деп жариялады да, талқылауға өзекті екі мәселе түсетіндігін хабарлады: «Үлкен Жезқазғанның және Үлкен Алтайдың өндірігіш күштері...»

Сессияға арнайы шақырылған адамдардың жалпы қарамы төрт жүзден астам, ғылыми құрамы да көңіл толғандай: Одақтағы барлық геология, тау-кен жұмыстарымен шүғылданатын, оның ішінде Қазақстанға қатысы бар ғылыми, өндірістік, жобалау және қоғамдық 57 мекеменің маңдайалды өкілдері келіпті; мәжіліс залында еңбектөрі дүйім елге мәшһүр атақты ғалым-геологтар, көрнекті инженерлер, салауатты геологтар отыр. Академиктерден А. Д. Архангельский, А. А. Байков, Н. С. Курнаков, А. Е. Ферсман, Б. Е. Веденеев, В. П. Волгин, Д. Н. Прянишников. Бұлардың бәрі де Жер және оның қазба байлықтары, табиғи қорлары жайындағы ілімнің асқан білгілері. Бір ғана академик Владимир Афанасьевич Обручевтің өзі үлкен институттың ғылыми кеңесіне төң түсер ғұлама. Үлкен Алтай мәселе сессияға түсүіне мұрындық болған осы кісі екен. Профессор М. А. Усовтың айтуынша, «Жезқазған деген жағрафиялық атау маған әзірше ештеңе білдірмейді, әмбебе оның үлкен, іә кіші екенін де тексеру керек. Оны зерттеушіні де, бас баяндаған жасауышы есімін де мен білмеймін. Яки басқалар да. Тіпті ешқандай ғылыми атағы жоқ. Ал оны ондаған академик-

тер, ұлағатты ғылым иелері тыңдауға тиіс. Мұнай іздеуші білгір Иван Михайлович Губкин, Днепрогэсті салушы су маманы Борис Евгеньевич Веденеев, Хибин апатитін ашуши Александр Евгеньевич Ферсман... Жоқ, қымбаттым, Михаил Антонович, сүйікті шәкіртім деп Сәтбаевты мақтағаныңмен мұншама ұлылардың алдына «Ұлкен Жезқазған» деп дабырайта атап, мәселені бұлайша бірден қоюға болмайды... Владимир Клементьевич Котульскийдің де, бізді жек көрсе де әділін айтайын, зор еңбегіне құрметпен қарап, «Ұлкен Алтай» мәселесін бірге көтеру керек. «Ұлкен Алтай» және «Ұлкен Жезқазған»?! Андайсың ба, Михаил Антонович, салыстыра жазудың өзінде қаншама мән тұр. Өйткені Ұлкен Алтайды жүрттың бәрі біледі. Сондықтан, қымбаттым, Санкт-Петербургтің қағаз кеміргіш кәртаң білгіштерін де қозғандар, ең құрғанда екі-үш баяндама жасап берсін...»— депті-міс.

Талқыланатын мәселелер мен жұмыс тәртібін келісіп алған соң, академик А. Н. Самойлович алғашқы тақырып бойынша негізгі баяндамаларды жасаушы Жезқазған геологын ортаға шақырды.

Мінбеге ұзын бойлы, ат жақты, көмірдей жылтыр қара шашы кейін қарай толқындана жығылып табиғи бүйраланған, ұлкен кезді, сұлу да аққұба өнді қазақ жігіті көтерілді. Келбеті тым жасаң. Білмеген адам нұрлы шырайына қарап, отыз беске келген сақа геолог деп ойлауы екіталай. Өлдө үяң, әлде жаратылысы солай — өзіне телміре қадалып, тым-тырыс тына қалған залдағы қөпке жасқана көз тастады. Сонсоң болар-болмас күлімсіреп тамағын кенеді. Қобалжып тұрғаны анық, даусы дірілдеп шықты. Ә дегенде алдындағы қағазға көз салған жоқ, жатқа сөйледі.

— Қадірлі жолдастар! Ғылым иелері және геолог әріптестер! Жезқазған кенинің қоры мен келешегі туралы дау бүгін туып отырған жоқ. Бұл жөнінен ол сақал-шашы ұзарып өскен ескі дау, кеніштің өзі де жүртты әбден мезі қылған бақытсыз кен!— деп залға барлай қараған-ды, әзілін қабылдаған тәрізді, бірталай жүрт езу тартып қозғалақтап қалды. Сол да демеу болғандай, одан әрі бөгелмей, салмақты шырайда, маңғаз қалыппен сөзін жалғады.— Жезқазған қыртысында әр түрлі уақытта көтеген геолог барлау жүргізген; оның жыныс үлгісін талай білімпаз ту алысқа жәшіктеп тасып, қызыға қараған; тіпті шет жүрттардан келіп, мухиттың аргы бетіне алып өткендер де болған... Алайда тап бүгінге дейін Жезқазған аймағы келелі талқы, түпкілікті кесік естімей, қиыр даланың қалтарыс бір түкпірінде елеусіз жатқан, геологиялық жөнінен табиғаты мәлімсіз, жаратылысы-тегі жұмбақ кениш болып танылмай келді. Ал бүгін Обручев, Архангельский, Байков, Самойлович тәрізді қадірлі академиктеріміздің тікелей жәрдемімен, ынта қойып демеуімен тұнғыш рет беделді зор жынын алдында ғылыми талдауға түскелі отыр. Бұл талдаудың қандай қорытындымен бітеріне сәуегейлік жасағым келмейді, оған әлі ерте, әмбे менің тарапымнан әбес қылық болмақ. Сейтсе де біз, бүгін осы залда отырған бір топ Жезқазған мамандары, кен іздеу жұмысында жүрген қарапайым геологтар, негізгі әңгімеге көшпес бұрын, сіздерге, қадірлі ғылым иелеріне және жер-жерден келіп, қымбат уақытын сарп ет-

кен өндіріс екілдеріне, барлаушы әріптерімізге біздің көкейкесті мәселе мізді талқылап, бағдар-бағыт беру үшін басқосуға келіскендерінізге шын жүректен шексіз алғыс білдіреміз!..

Бұдан әрі бас баяндамашы ізет білдірген артық-ауыс сезді қойып, залға жиналған ғылыми қауымның кепшілігі түнғыш естіп отырған Жезқазған-Ұлытау өңірінің таң қаларлық қазба байлықтары, оның қазіргі күнге дейін барланған кен қоры мен ғажап мүмкіндіктері туралы егжей-тегжей әңгіме бастаған-ды.

—...Кенорнының геологиялық жай-жапсары толық түрде анықталды деуге болмайды, ейткені зерттеу әлі де жүріп жатыр. Сейтсе де оның генезисі — жарапалу, түзілу тегі хақында өзімше пайымдаған пікірім бар. Бұған басқа мыс кендерімен Жезқазған геологиясын салыстыру және зерттеу нәтижесінде, бірталай жыл байқаудан соң келдім. Менің пікірімше, мұндағы кен белдеменің түзілуін жер жыныстарының ішінара, пласт бойынша теренде журген аса құрделі тектоникалық құбылыстармен тікелей байланыстыра қаруа керек. Тегінде, сол байланысты қатесіз дәл анықтау — кен қабаттарының ҚАЙДА, ҚАШАН, ҚАНДАЙ ТЕРЕНДІКТЕ орналасқанына тура бастар сүрлеу-соқпақ болмақ... Тағы бір көңіл бөлерлік жайт: кен белдемінің кейбір зерттеушілер айтып жүргендей бір мезгілде емес, бірнеше кезеңде түзілгендей. Бұл қазірде даусыз ақиқат. Теренге жүрген скважиналардың тік қимасын көрген адам бұған шүбесіз иланады. Шынында да, кен қабаттарының орналасу жүргесі шөгінді жыныстардың дестесін (пласты) қайталап отырады. Жезқазған структурасының бүл басты ерекшелігі. Соған қарап бүл жердегі кен қабаттары көне заман теңіздерінен тұнған шөгінділермен бір дәуірде, яғни мыс еріген қанық ертінділерден түзілді деп еріксіз ойлайсың. Сондықтан да бізден бұрынғы зерттеушілер Жезқазған генезисін тұнба текті (осадочный) деп жорамалдады. Ал біз бұған мұлдем қарама-қарсы пікірді жақтаймыз. Иә, структуралық жоғарыдағыдай мойын бұрғызбас айғағын кере тұра. Баяндамашының өзі және оның жезқазғандық әріптері бүл кеңнің генезисін тұнба емес, гидротермальдық (яғни жыныс жарықшағына көтерілген минерал ертінділерден түзілген — M. C.) текте түзілген деп есептейді. Неге? Біздің ойымызша, кен түзеуге миллион жылдар кеші ғана емес, әр қылы замандарда болған құрделі тектоникалық процестер де әсер еткен. Бұған дәлел: мысқа қанық көне теңіздің шегінді тұнбаларынан ірі амфибиялар (құрылышқта да, суда да өмір суре алатын қосмекенді жәндіктер, иә өсімдіктер — M. C.) қалдықтарының табылуы... Демек, кен желілері теңіз шөккен кезде ғана емес, құрлық түзілген мезгілде де пайда болған. Кенорнының генезисін қайта қарап, ғылыми жаңа концепцияға көшу бізді бұрынғы зерттеушілер аңғармай кеткен олжаға жолықтырды. Қысқасы, біз тұнба текті теория бойынша ешқашанда болжауға болмайтын «бос» қабаттардан әрқашан кен желілеріне кездесіп отырдық. Жезқазған қыртысындағы кен қорының соңғы жылдарда керемет өсіп, дүниежүзілік аренага шығуының сырты осында. Гидротермальдық тектің пайдасына осының өзі-ақ жеткілікті айғақ емес пе?..

Сейлекен сайын даусы саңқылдап естіледі. Жұзі албырап аса бір нұрлы шыраймен жадырай түскен. Бастапқы кідірісі, үніндегі діріл, әлсін-әлсін тамағын кенеп қобалжуы ұмыт болған. Барын асырмай, жоғын жасырмай, қалтқысыз жүректен досжар аудиторияда жан сырын, ойындағы дұдемал құдіктерін армансыз актарып тұр...

Қарашаның он бесінө дейін созылған сессияда Қаныш Сәтбаев бес мәрте мінбеге көтерілген-ді. Жалпы мәжілістерде, қайсыбірі секцияларда тыңдалған баяндамаларының тақырыптары: «Жезқазған мыс кені ауданының жалпы геологиялық сипаттамасы және оның металлогениясы; кенорнының генезисі, құрамы және қоры», «Жезқазған төңірегіндегі полиметалл кендері», «Жезқазған-Ұлытау ауданындағы кеніштік алтын», «Жезқазғандағы көмір ошақтары» және «Ұлкен Жезқазғандағы отқа төзімді, флюстік, құрылыштық материалдар»... Тоқетерін айтқанда, мұның бәрі де бір ғана сауалға жауап беретін: «Бұл ауданың шикізат қоры орасан мол және сан алуан, ал мыс қоры жөнінен ол — дүниежүзілік алып провинция». Бұлардан шығар тұжырым да біреу-ақ: «...Жезқазғанға деген енжар кезқарасты шүғыл өзгертіп, оған жедел өркендетуді тілейтін қазбалы кен ошағы деп қарау керек!»

Қаныш Имантайұлынан кейін ғұламалар алдына Қарсақбай комбинатының аймақтық геологы С. Ә. Бекейханов шыққан-ды.

Бір өзі бірнеше есімге (Ақтай, Үкітай, Өктай... деушілердің бәрі де марқұмды лақапатымен атап жүргенін ескерту парызы) ие, шындығында анасы Елена Яковлевна (тұрмысқа шыққанға дейін Севостьянова, Омбыға жер аударылған орыс ақсүйегінің қызы) — Сергей деп, ал құллі қазақ қауымына мәшһүр, белгілі қоғам қайраткері әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлы Үгедей (тұп бабасы Шыңғыс ханың бел баласына ұқсасын деген оймен, сірә) атаған инженер-геолог Бекейханов 1905 жылы Омбы қаласында туған (М. Жаксалиев. «Асылдан қалған сындықтар». «Құғын» газеті, 19 қантар 1990). Сірә, бастапқы орта білімді Омбы қаласында алып, ал 1923 жылдан былай әкесінің саяси сенімсіз адам ретінде Қазақстаннан жыраққа аласталып, Москвада ғана тұруға және рұқсатсыз ешқайда шықпайтын жазаға душар болғандықтан, Сергей де білімін сонда жалғастырған. Біздіңше, ол Москвандың тау-кен академиясын 1929 жылы тәмамдаған. Қаныш Имантайұлының сол жылдың желтоқсан айының 25-күні астанадан өз қосағына жолдаған хатындағы: «Инженер Бекейхановты Қарсақбайға баруға көндірген сияқтымын...» деген лебізіне қарағанда, ол Ұлытау аты-рабына 1930 жылдың басында келген.

Сәтбаев сынды іскер де қайратты өрі туған жерінің қазба байлығын ел игілігіне тезірек жаратуға асыққан геологтың басшылығымен іздеушілік қадамын бастаған, әмбे орталықтағы іргелі оқу орнында жан-жақты білім алған Үгедей Бекейханов Ұлытау аты-рабында еңбек еткен бес жылда кәсіби өнерінің әр қырын көп-керім менгергендігі даусыз. Әр нәрсеге білімдарлығы, техникалық мол сауаты, әсіресе шетелдік геологиялық әдебиеттерді еркін

оқып, есеп-қисапқа, жазу ісіне жүйріктігі жөнінен ол бөлімдегі инженерлердің көбінен көш ілгері болған. Сондықтан да Қанекен оны бірден-ақ аймақтық геолог етіп тағайындал, яки бөлімнің езінен кейінгі екінші бастығы міндетін жүктеген...

Үгедей Әлиханұлы Бекейхановтың ғылыми сессияға ұсынған баяндамасы — «Жезқазғанның кендік және структуралық аймақтары» деп аталатын-ды. Құдай дес бергенде оның есебі де көпшіліктің көңілінен шықты. Кен іздеуші геолог білімдарлық салынып, теория бопсалап, шетелдік басылымдардан теріп алған тіл сындыраар ауыр терминдерді онды-солды бүркыратып, күрделі болжам-гипотезаларды шұбыртып тұрган жоқ, назарға ұсынылып отырған кенорнының кен жатқан ауданы мен оның структуралық құрылымын ғұламалар алдына өзі дайындаған карталар мен түрлі схемалар бойынша нұсқап тұрып, жарым сағаттай уақытта тақтұқ айтып шықты.

Академия залына жиналған ғылым иелерін тағы да бас шайқатып, таң қалдырған үшінші баяндамашы мінбеге сессияның тәртінші күні кетерілген-ди...

Біздіңше, бұл да Москва мен Ленинградтың маңдайлалды ғалымдарын ерекше сүйсінген жайт — аты да, заты да әзірше мәлім емес шалғайдағы кен көмбесі жайында жан-жақты зерттеу жасаумен бірге, соны зиялғы қауымға тәптіштей өйгілеп, терен мәнді ғылыми баяндама жасаушылардың бірде-бірі орталықта тұрмасы, ең ғажабы — шеткегі провинция деп жүрген аймақтың, қазақ даласының өз тумалары және сол жердегі өндірісте пісіп-қатқан қарапайым мамандар екендігі. Әмбे солар күні кеше ата-бабасының мал бақынан, ездерінің де сол бір көшпелі ортадан шыққанын елең қылмай, құдды бір геология жыңғылы өмір бақи шұғылданған етене көсібі болғандай-ақ еркін сілтейді һәм орыс тілін де тұа үйренгендей-ақ қысылып-қынтырылмай жосыла сөйлейді. Жаңа заманың шеткегі елкелерге, бұрынғы бодан жүрттарға әкелген ғажап құбылышы демеске шараң жоқ!..

Білімдар қауымды бұл жолы сүйсінген жан «Жезқазған кенін байытудың ерекшеліктері» деген тақырыпта келелі сез бастаған қарсақпайлық инженер Жармағанбет (Жармак) Төленов болатын...

Жармағанбет Төленұлы бертінде Семей ядролық полигонына айналған Абыралы ауданының тумасы, солаттас болыстың екінші ауылында 1901 жылы дүниеге келіпти. Өкесі Төлен байғұс тұрмыс тауқыметінен терп ұлын асырай алмай, 1909 жылы бала-шағасын жаяу шұбыртып, Оңтүстік Алтайдың Змеиногор қаласының маңына кәсіп іздел барып, бір жылдан кейін өзі де, бәйбішесі де сол жerde жер жастаныпты. Ағайындылардың кішісі Жармак, сейтіп, тоғыз жасында тұлжетім бол қалған. Оның бұдан кейінгі он бес жыл бойы кергенін, сірә, М. Горькийдің «Өмір университеттерімен» салыстырған жән: Камышинка деревнясында бақташи, Алтай темір жолын тесеушілерге қолбала, Ертіс айдынында жүзген кемелердің от жағушысы, Кузбастың Анжердегі шахтыларында кемір шабушы, сонда жүріп аяғын жарақаттап алған соң Семейге қайтып келіп, осында етікшілер артелін үйымдастырған ағалары-

на көмекші болады; педтехникум оқытушыларының етігін тегін жамап беріп, соның ақысына сауатын ашып, ақыры осы оқу орнына қабылданады, оны 1925 жылы бітіреді. Алдағы ғұмыр-тіршілігі білімін кетеруге байланысты екендігін үққан жігіт тәуекелге бел буып, Москвадағы Жоғарғы техникалық училищенің (МВТУ) жұмысшы факультетіне түседі, оны да екі жылдан кейін бітіріп, мақтаулы осы оқу орнының химия факультетіне қабылданады.

— Менің ғұмыр жолыма ағалы-інілі Сәтбаевтардың екеуі де араласып, игі әсер етті. Әбікей Зейінұлы мүгедектігім мен ер талабымды ескеріп, шала сауатты қалпында өзі басқаратын техникумға қабылдады, үш жылдан соң «Ал, қарағым, жақсы оқығаның үшін қуәлікті тездетіп алдың, құдай жолында онғарсын!» деп батасын берді. Ал інісі Қаныш Имантайұлы 1928 жылы МВТУ-да сәтті оқып жүргенімде, кездесік кездесіп қалып, мен онымен 1918 жылдан таныс болатынын, оқуым жайында білген соң: «Пәлі, Жәке, сен әбден шатасыпсың, жиyrма-отыз жылдан беріде Қазақстанда химия өндірісі салынбайды, оған жағдай да жок. Демек, сениң игермек кәсібіңнен туған жұртыңа пайда болмайды, оның игілігін басқалар көреді. Қалайша бұған ойланбағансың?!» деп меселімді қайтарып тастасын... Қанекеңнің бізден артықшылығы, Медеу шырак, әмір тынысын дұрыс аңдал, алдағы тіршілікті оймен болжай білетіндігінде еді,— деп сыр шерткен-ді Жармақ ағай маған 1971 жылы Қарашанды қаласында, соңғы тұрағында кездескен көктемде.— Қанекеңнің жаныма тиғен мәнді сөзі ойымнан шықпай діңкемді құртты да, ақыры арызданып жүріп, Москванды тағы бір беделді оқу орнына — Тау-кен академиясының түсті металдар факультетінің екінші курсына ауысып, оны кен байыту мамандығы бойынша 1932 жылы тәмамдал, Жезқазғанға келдім. Мұндағы фабриканың инженер-техниктері оңды болмай, алыстан келгендері Ұлытауды жерсінбей қаша беріпті, қысқасы, жағдайы мәз емес екен. Комбинат директоры маған осы жайты ашық айтЫп, бірден-ак соған техникалық жетекші болуды ұсынды. Мен тәжірибесіздігімді, жастығымды айтЫп бас тарттым. Директор бірақ әkkі жан екен, әңгімеге Қанекеңді шақырды. Онысы енді қазақты қазаққа салғаны. Қаныш Имантайұлының сол сәтте маған айтқан сөзі бүгінге дейін есімде: «Е, Жәке, тағы да шатастың. Отызды алған сендей сақа жігітіміз өзін жаспын десе, біздің қазаққа әлі де бірер ғасыр мал бағып, иен дала да әрлі-берлі көшіп жүргеніміз жөн болар. Мынауың не сез, ойландың ба, сірә?..» Тегінде бізді, шырағым, құртатын да, құттайтатын да намыс! Қысқасы, кен байыту фабрикасының тауқыметін мойныма арқалап жұмысқа кірістім...

Ғылыми сессияға өзі істейтін саланың кен байыту тәжірибесін қорытындылап, әрі сол шаруаны үлкен көлемде зорайту мүмкіндіктері туралы соны ұсыныс, тиімді ойларымен келген байытуши инженер Ж. Төленов те сүрінген жок. Рухани басшы Қанекен, жазуы мен сөзін пысықтаушы қайрыымды Таисия Алексеев на күткен деңгейден көрінді.

(Бұл сөздің астары жайында Жармағанбет Төленұлы маған 1971 жылдың 30 қаңтар күні жолдаған хатында: «Мен өзім мархабат мейірім аса мол, әйелдер арасынан шыққан алтыуристка сынды Таисия Алексеевнаны бұрын да, қазір де ерекше құрметтеймін. Маған ол кісі кен тастары мен минералдарды бір-бірінен қатесіз ажыратуды үйретіп қана қойған жок, ғылыми-техникалық еңбекке материалдарды қалайша сұрыптап жиынтықтай жазуды, айтпақ ойынды қағаз бетіне түсінікті түрде өрнектеп, сөзді де мінбеден ықшамдап сөйлеуге үйретті... Жалғыз маған ғана емес, Таисия Алексеевна ері Қанышқа да көмекші ғана емес, катаң редактор, тіпті цензор бола білген тақуа жан!»— деп ағынан жарыла куәлік етіпті...)

Сонымен, алғашқы екі-үш күнде тыңдалған баяндамалардың өзі-ақ жиналған көпті Жезқазған кенорнының жай-жапсары жайында бірталай мағлұматқа көнігі етті. Сондықтан да сессияны басқарушы әзірленген өзге еңбектердің басты тұжырымдарын секцияларда талқылау кезінде танысуға ұсыныс жасаған-ды, кепшілік бұған ризалық білдірісті. Сөйтіп, жезқазғандық инженер-петрограф Т. А. Кошкинаның «Жезқазған мыс кеңін минералологиялық зерттеу», Қарсақбай мыс зауытының бас инженері И. А. Стригиннің осы кенді пеште қорыту тәжіриbesі туралы, тағы соңдай мәні екінші кезектегі қосымша баяндамалар секциялық мәжілістерге аудықтан. (Бұлардың бәрі де келесі жылы жарық көрген «Үлкен Жезқазған» атты қомақты жинақта жарияланған, мұнда секциялық талдаудың мәжіліс хаттамалары да берілген. Осы тарауда пайдаланылған бірқанша деректерді сол жинақтан алғанымызды ескерту парыз.)

Соның есесіне ғылыми сессия Академия төралқасы сарапшы-эксперт ретінде арнайы шақырған, Сарыарқа қыртысын жақсы біледі деген дабыра атақтары бар, сол күннің көрнекті мамандары профессорлар В. А. Ванюков, А. А. Гапеев және И. К. Либина-ны тыңдауға ықылас білдірген. Артынша негізгі және осы кіслер жасаған баяндамалар бойынша жарыссөз басталған. Бір қызығы, бұларға уақыт жөнінен ешқандай шек қойылмаған сынды. Алты тәүлікке созылған айтыс-тартыста, яғни жалпылама мәжіліс пен секциялардағы талқылауға үзын саны 250 шешен қатысыпты: Москва, Ленинград университеттері, Главцетмет, Гипроцвет, Главзото, Главредмет, Орталық геология және минералология институты, Украинаның ғылыми академиясы, Водоканалпроект... жиыны елуден астам түрлі-түрлі зерттеу, әлеуметтік, иә мемлекеттік мемелер, одақтар, басқарма, институттардың ғылыми-техникалық кеңестерінің мүшелері, әр қылы дәрежедегі лауазым иелері қазақ даласының қыры шетіндегі мыс көмбесінің тағдырын түпкілікті шешу жайында өз пікірлерін ортаға салыпты...

«Үлкен Жезқазған» жинағында тұжырымдалған түрде берілген мәжіліс хаттамаларын түйіндей айтсақ, Ұлытау қырындағы кен қорының зор келеміне ешкім де шәк келтірмеген, қайта соны тездептіп игеріп, Отан иглігіне жаратуды құптаған.

Сессияның соңғы күні қабылдаған тұжырымды қаулысы көпшілік пікірінің бір жерге тоғысқан жиынтық ойы деуге сыйғандай. Міне, соның кейбір тармақтары: «...Жезқазған кенінің орасан мол қорын игеруге Қарсақбай зауыты мүлдем жарамсыз деп есептесін – бұл аудандағы құнарлы байлықты тұпкілікті игеруге оның кедергі болары шуббасіз. Сол себепті, КСРО Ғылыми академиясының... сессиясы еліміздің мысқа ділгірлігін тез арада қанағаттандыру үшін үшінші бесжылдықта Үлкен Жезқазған мыс қорыту комбинатын тындан салу қажет деп есептейді...» Қаулыда Жезқазғанның озық орны, яғни Одақтағы ең ірі мыс кені екендігі (демек, ол енді шынында да **Үлкен Жезқазған**) ресми жарияланған: «...оның минералды ресурстарын жедел зерттеп, халық иғілігіне жарату қажет; бұл өлкедегі кен қорының зор және әр алуан екенинде ешқандай күмән жок; әмбे ол барлау көлемі мен қарқыны ұлғайған сайын еселеп өсе бермек...» Осынау аса мәнді тарихи құжатта Жезқазған келешегін алаңсыз шешүге арналған нақты ұсыныста бар-ды: «Бұл ауданды тезірек игеру үшін,— деп көрсетілген-ді онда,— **Жезқазған—Балқаш—Қарағанды темір жолын салу керек.** Бұл үшін академияның үшінші сессиясы КСРО Жоспарлау комитеті, Главцветмет, Қатынас жолдары наркоматы және басқадай да мұдделі мекемелерден болашақ болат жолдың трассасын жеделдетіп іздел, қажетті барлау жұмыстарын бастауды өтінеді...»

Айтып-айтпай не керек, бәр-бәрі жезқазғандықтар ойлағаннан да артық болып шықты.

**ЖАРМАҒАНБЕТ ТӨЛЕНОВТІҢ естелік өңгімесінен:** «Сессия аяқталған күннің кешінде Академияның Қазақстандағы базасының жетекшілері республиканың Москвадағы өкілдігінің жәрдемімен қабылдау кешін өткізді. Шағын залға бірталай адамдар жиналдық. Қонақтарымыздың дені академиктер, жобалаушы, зерттеуші институттардың басшылары. Базаның ресми терағасы академик А. Д. Архангельский асаба міндеттін атқарды. Күні бүгінге дейін есімде: Андрей Дмитриевич дастарқан басындағы мәжілісті ашып:

— Аса сәтті өткен үшінші сессияның тел перзенті — Үлкен Жезқазған үшін! — деп тост кетерген сәтте, оның қасында отырған Сібір геологтарының қарт тарланы Владимир Афанасьевич Обручев әріптесінің сөзін бөліп, зілсіз әзіл айтты.

— О, достар, тым асыра сілтемендер, тегінде! Үлкендік жөнінен алғашқы кезек кәрі Алтайда емес пе? — дегені.

Ғұлама кісілердің сезден ұтылып қысылғаны қызық болады екен, Архангельский сасып қалып, құлағының ұшына дейін қызырып, жан-жағына алақтай қарады.

Мерейіміз тасып ерекше қуанышта жүрген біз, жезқазғандықтар, шеткегі үстелде отырғанбыз. Кенет шырпыдай тұтанып, лып етіп орнынан атып тұрған жас басшымыз Қаныш Имантайұлы үлкендердің үстеліне жақындей беріп:

— Владимир Афанасьевич, сіз әділ адамсыз, шындыққа жүгінелік: Кенді Алтай, дауымыз жоқ, кәрі алып!.. Ал Жезқазған

оған қарағанда бесіктегі жас бала, бірақ ертегі батырларынша минут санап өсетін! Сондықтан да алғашқы кезек баяғыда танылған Кенді Алтайдан да гөрі бесіктегі жас алып Үлкен Жезқазғандікі емес пе,— деп жауап бергенде, бүкіл зал қол соғып, «Браво, браво, жас қазақ!» десіл біздің жігітімізге қошемет білдірген-ді.

Ұтымды сөзге тоқтаған Обручев те қолын шапалақтап, бокалын көтерді. Біз болсақ, табысқа мастанған жасаң кезіміз ғой, бұл тәжікеден де жеңіп шыққанымызға мәз болып, әлде өз ісіміздің ғылыми қауым қалтқысызы мойындаған дабысына қуанып, бар даусымызben «Үлкен Жезқазған үшін!» деп даурығып, залды басымызға көтеріп едік...»

Ертеңінде Қаныш Имантайұлына «Правда» газетінің тілшісі Д. Заславский келіп жолықты. «Савой» қонақ үйінің (осы күнгі «Берлин») кең бөлмесінде онаша отырып, тілшіге ол қыыр далада қалған жұмыскер достары, арқа сүйеп барлау жүргізген жанқүйер көмекшілері, өзі жұмыс істеген өнірдегі кен көмбесі жайында келкесір әңгіме айтып берді...

## НАРКОММЕН СҰХБАТ

1

Жезқазған шырғалаңы осымен аяқталған сияқты еді. Ғылыми сессияның қаулысы оның тағдырын біржола шешкендей көрінген... Қараша айы өтті. Желтоқсан да жылнама есебінен шығуға айналды. Барлаушылар жайы бірақ бәз-баяғы қалпында. Барлауға ауадай қажет қаржы жайында ешқандай сөз жоқ. Ізденбесе келесі жылды да әр жерге тіленумен бастағандай...

Қаныш Имантайұлы соған алаңдап елге қайтпай, Москвада қалып қойған. Ақыры профессор Ванюковқа барып, көктемдегі уәдесін есіне салуға мәжбүр болды.

Серго жолдасқа кіру де о күнде оп-онай шаруа емес-ті. Бүкіл Кеңес Одағының сан-салалы, сан тараулы ауыр өнеркәсібінің тамырын қолында ұстап, соның тірлік-тынысына күнбе-күн араласып, тікелей жетекшілік жасап отырған бірегей басшы. Тәртіппі сүйіп, талап ете білетін іскер қабілеті үшін «Темір нарком» атанған мемлекет қайраткері, Саяси бюро мүшесі. Әрине, ол кісінің әрбір сағаты ғана емес, минуты да есептеулі. Қыырдағы Қазақстаннан келіп, жеке қабылдау сұраған геологты наркомның ескі жылдың (1934) соңғы күніне, онда да кешкі сағат сегізге шақырғаны да, сірә, сондықтан.

Бұдан бір жыл бұрын Серго жолдасқа ауыр операция жасалған. Соナン бері дәрігерлер оған күні-түні тынымсыз жұмыс істеуге тыйым салып, мерзімді демалыс уақытын бұзбай, күн сайын, түс кезінде бірер сағат мызғып алууды міндеп еткен. Алайда дәрігерлер тағайындаған кестеге нарком езінше өзгеріс енгізіп, таңертенгілікте ұзағырақ ұйықтауға әдettengen еді. Жұмысқа ол

күндізгі сағат он екі кезінде келіп, наркоматтың күнделікті кезек күттірмес тығыз-таяң жұмыстарымен шұғылданатын. Ал түстен кейінгі уақыт көбіне өндірістік кеңестерде, иә Саяси бюро мәжілісінде өтеді. Сол себепті жеке кездесулерге кешкі сағаттар тиетін.

Наркомат кеңесі Ногин алаңындағы тәңкерістен бұрын әр түрлі акционерлік қоғамдар мен фирмалардың әкімшілік басқармалары қоныс тепкен, бүкіл Москваға «Деловой двор» деген жағия атпен мәлім болған, кең алаңынан үстінен парасатпен қарап, үлкен терезелері жыптырапту жоғарыдан қаздып тұратын еңселі үйде. Әлдекалай кешігіп қалмас үшін Қаныш Имантайұлы қонақ үйден ертерек шыққан-ды. Бүгінгі кездесуге мұқият әзірленген, өзіне сенімді-ак, сөйтсе де бойында қобалжу бар. Қалай қобалжымасын! Бүгін ол Серго жолдасты көреді... Сегіз жылдан бері сергелденге түсіп, жан-тәнімен беріле істеп, тайталас күреспен атқарып келе жатқан жұмысы бүгін өрге шығады, не жарға құлап, көп жылдарға жабулы қалады. Қоңілінің алабұртып тынышсызданды содан. Әсіреле таң атқалы. Қыстың айналуға келмес қысқа күні де бүгін алабөтен ұзарып кеткендей батпай қойған...

Наркомның үстіңгі қабаттағы қабылдау бөлмесіне ол жүрексініп қобалжи кірді. Мұнда оны дембелше келген, жасы жер орталап қалған ер адам орнынан тұрып, ізетпен қарсы алды.

— Семушкин.

— Сәтбаев, қазақстандық геологын.

Наркомның көмекшісі жайыңызға қанықпын деген кісішіе жылы шыраймен басын изеді.

— Ә, Қаныш Эмантаевич? Профессор Ванюков сүйсіне мақтаған геолог сіз екенсіз ғой. Қош келіпсіз! Ал қане, жайланаңып отырыңыз.

Терден болар-болмас зың еткен қоңырау үні естілді. Семушкин қонағына бұрылып, ғапу өтінгендей басын иді де, тергі есікке беттеді. Кабинетте Сәтбаев жалғыз қалды. Шағын ғана төрт таған бөлме. Үлкен жазу үстелі, шынылы шкаф. Босаға жақта аспалы киім ілгіш. Жаңа байқады: үлгілері өзгешелеу екі-үш қалпақ, сырт киімдер ілулі түр. Демек, өзі ертелеу келген, наркомда кісі бар... Қоңілі қоңылтақсып зеріге бастады, манағы бей-жай күйі бойын тағы да шырмады. Қабырғадағы үлкен сағаттың бірқалыпты тықылы зорая түскендей, дүңқ-дүңқ тарсылдап түр. Құдды төбен-нен үрғандай беймаза үн.

Көмекші кешікті. Ол кідірген сайын Қаныштың тағаты таусылып, қоңілі әр саққа ауытқып мазасыздана бастады.

Уақыт шіркін біржола тоқтап қалғандай, тіпті жылжыр емес. Алабұртқан көңілін ауламақ болып, наркомға айтпақ арызын іштей қайталап шықты.

«Қымбатты Григорий Константинович, Жезқазған жайында аз-кем естіген боларсыз. Бір кезде оны орыс алпауыттары иемден-ген, онан соң кәсіпшіл де әккі ағылшындар. Ағылшындарды, өзініз білесіз, революция қып таstadtы...»

— Амансың ба, жолdas!

Қаныш Имантайұлы оқыс дауысқа селк етіп, жалт қараған: әлденеге шексіз көңілді, соны жайрандаған жүздерімен де, да-бырлаған үндерімен де сездіріп, еңгезердей-енгезердей мол денелі, келбеттері де бірыңғай мойыл қара, кілең кавказ реңдес үш-төрт адам қасында тұр.

— Сәлеметсіздер ме?

— Сергоға келіп отырсың ба?.. Қазір, қазір кіресін, қымбаттым,— деп мұртты қара өзін тіпті штартып иемдене сөйледі.

— Сен онан именбе, батыл сөйлес. Жалпаңдаған сөзінді тың-дамайды... Ол сондай адам!— деп тағы бірі қамқорлық білдіріп жатыр.

— Рақмет, жолдастар!

— Григорий Константинович босады, жүріңіз.

Бейтаныс кавказдықтармен танысып та ұлгермеді, тәргі кабинеттің есігін айқара ашқан Семушкинге өріп тәрге беттеді.

## 2

Наркомның кабинеті даладай кең, әрі сәнді болар деп ойлаған. Кеңдігі шынында да бірталай бар, терезелері даңғарадай үлкен, еңселі. Мұнан да зор кабинеттерді көрген, оларға қарағанда — мынау шағын сияқты. Ал сәнді деуге, сірә, аузы бармас.

Терде кенсе үстелі үстінде қалың шыны. Оның артында, белек тағанда бірнеше телефон аппараттары тұр. Терезе жақта тағы бір ұзынша үстел, оны жағалай арқалы орындықтар қойылған. Бұрышта, биік түмба үстінде домна пешінің макеті тұр. Оның алдында жаңа зауыттардың алғашқы өнімі болу керек — шойын, болат құймалары жатыр.

— Сәлеметсіз бе, Григорий Константинович.

Жіті адымдап алдына тақап қалған бүйра шашты, қалың қабақ бет-жүзі келбетті бейтаныс қазақстандыққа нарком таңырқағандай аңыра көз тастап орнынан тұрды да, үстелін айналып келіп қолын ұсынды. Қаныш Имантайұлы фамилиясын атады.

— Білемін,— деді нарком үстелдің алдындағы былғары креслоның біріне келушіні отырғызып, екіншісіне өзі жайғасқан соң. Қайда тоқтағанын, қалай орналасқанын тәптіштей сұрады. Жауабына қанағаттанды білем, кенет қолын созып, «Правда» газетін алып:

— Мынада сізді Қаныш Эмантаевич депті, ал маған жолдаған хатыңызда басқаша көрсетілген, қайсысы дұрыс?— деп сұрады.

Наркомның айтып отырғаны — «Правданың» 18 қараша күнгі санында (1934) жарияланған «Тұсті металдар елі» деген мақала. Сергоның қызыл қарындаши соның өзі туралы жазылған тұсын баттита қоршап қойыпты: «Ғалым-геолог Қаныш Эмантаевич Сәтбаев Жезқазған жайында тебірөне сыр шертеді. Жезқазған — Алтайдан оқшаша өнір... Оны әзірше көп жүрт білмейді, бірақ жуық арада бүл өлкенің атағы Қарағанды сияқты керемет дүрілдейтін болады. Мұнда қоры орасан мол мыс кеніштері бар, тек олар шел далада орналасқан, онда бұрын қазақтар көшіп жүрген...» Газет-

пен бірге сұрыптың қағаздарды да танып отыр. Осыдан бірнеше күн бұрын наркоматқа өзі жолдаған материалдар. Оның да әр беті қызылданып қалыпты, жуан-жуан сұрақ белгілері кейбір жерде жылырлап тұр... Геолог тіпті сескеніп қалды.

— Дұрысы — Қаныш Имантаевич,— деді ол әр сөзін нықтай сейлеп.— Газет тілшісі бір әріпті жаңсақ жазып жіберген...

Қаншама сабырлы болғысы келгенімен қобалжып отырғанын сездіріп алды. Соны нарком да аңғарған тәрізді.

— Оқасы жоқ, кейде солай болады,— деп Орджоникидзе жайдары жүзбен құлімсірет қарады. Қаныш басын кетеріп, Сергоның жүзіне барлай көз жүгіртті: суретінен таныс бейне... Портретінде бірақ жасырақ, кескіні сұлуырак аңғарылатын. Кең маңдайы, қою мұрты, жоталы мұрны, мол төгілген бүйра шашына дейін қайталанбас көрікпен дараланып тұратын. Ал мына, қарсы алдында, қол созымдай жақында, өзіне қадала қарап құлімсіреп отырған алпамса кісі — суреттегі таныс кейпіне үқсағанмен, соның әкесі сияқты, әлдеқайда кексе, көз алды ісіп, маңдайын ирек-ирек сыйқтар шалған, жүзінде шаршаулы жаның белгілері мен мұндалап баттыып тұр. Бадырайған қара көзі ішінде қарай терендеп кеткен. Кавказдықтарға тән қараторы өні де сұрланып, жүдеу де сырқат күйінен хабар бергендей. Мол денесі, еңселі бойы ғана әлі де мығым тәрізді. «Қайдан жұдемесін — осынша жұмыс, бір сәт дамыл жоқ!..» деп тебіренді геолог.

— Қайда тудың? Сірә, даланың ез түлегі боларсың?

— Иә, дәл айтасыз, Григорий Константинович. Далада көшіп-конып күнелткен ежелгі қазақтың бел баласымын.

— Демек, шөл дала сырын жақсы білемін десеңізші.

Білемін деп бірден қолқ ете түсуге геологтың дәті бармады. Профессор Ванюковтың: «Наркомның сенінен емес, сізінен сақтан. Өңгімелесіп отырған кісісін ұнатпаса, «сіз» деп кенеттен сыйзыла қалатын қырсығы бар. Кебіне оны жорта істейді...» деген ескертпесі есіне түсті де:

— Көрген-бақынам дала болған соң, жолдас нарком, оның жай-жапсарын білмеймін деп қалайша танамын,— деді ол шының айтып.— Аз-кем қанықпын дала сырына...

— Қайда оқыдың?

— Бастауыш білімді ауылда, орыс-қазақ мектебінде алдым. Мамандығым бойынша Сібірде, Том технология институтында оқыдым. Оны 1926 жылы бітірдім. Сонан бері Ұлытау — Жезқазған ауданында барлау жұмысында істеп келемін.

— Демек, ендіріс жайына да қанықсың... Тісі шыққан геологын десейші,— Серго қазақстандыққа еңкейе беріп, әдеті ме — саусағымен креслоның арқасын сыртылдатып бірер мәрте үрфылап қойды.

— Иә, бұған да сегіз жыл!— деп еріксіз курсінді Сәтбаев.

Кабинет иесінің назарынан бұл да қақас қалған жоқ, іле мырс етіп:

— Сонсоң да сегіз жыл бойы Главцветметтің білгіштерімен шайқасып келемін де. Мықтысың!— деп салды.

Қаныш Имантайұлы үндеген жоқ. Бадырайтып көзге айтып түрған шындыққа не десін?.. Орджоникидзе орнынан тұрып, үстелді айналып барып, Сәтбаевтың арызын қолына алды.

— Главцветметте әсіре білгіштер, әрине, аз емес,— деді нарком орнына қайтып келген соң, арызды қайта бір шолып шығып.— Бірақ солардың бәрін тұк білмейді деп бекерге жазғыруға болмайды. Онда, тәубе деу керек, нелер ірі, жайсаң мамандар жұмыс істейді. Өз жұмыстарын жақсы біледі, біз де ондай кадрларға сенеміз!— Сәлден соң ойын өзгеше сұрақпен түйді:— Жезқазғанды түбебейлі зерттеуге мұндағы жұрттың соншама қарсы болуының себебі не? Мұны қалай түсіндірмексіз?

Өлде өзін сынап отыр, әлде мәселенің мән-жайын кеңірек білгісі келеді? Геолог та енді жалтақтамай, өз ойын бұкпесіз айтуға бекінді.

— Басқарма мамандарының өз жұмыстарын өте жақсы білетініне менің ешқандай шұбәм жоқ. Бірақ әңгіме онда емес, Григорий Константинович, басқада. Мұндағы мамандар Жезқазғанның кен қорынан да гөрі жағрафиялық орнынан, яғни тым шеткері түрғандығынан қорқып отыр. Құні ертең күткен қор шықпай қалса, жауапкершілігіне біз қаламыз деп сақтанады. Ал кенорны шынында шалғайда, шөлейт дала, су тапшы, жол атымен жоқ... Мен өзім солай ойлаймын, жолдас нарком.

— Қисынды сез,— Серго ойланып қалды, кең маңдайы қусырылып, әжімдері білеуленіп шыға келді. Кенет ол Сәтбаевқа еңкейе түсіп,— Сонда сен өзің, қымбаттым, бұл шаруаның бір жыл емес, ондаған жылдарға кетер, жүздеген миллион сомға түсер күрделі іс екенін түсінесің бе? Бұл үшін, бауырым, сенім ғана емес, үлкен кепілдік керек!

Қаныш Имантайұлы бұдан әрі именуді қойып, тебірене сөйлеп кетті.

— Сеніңіз, туған жерімнің сырын, әсіреле осы кенішті мен бір кісідей білемін! Сол үшін тіпті, керек болса, басымды тігуге бармын, Григорий Константинович... Үлкен Жезқазғанды тездетіп игеру — біздің дала үшін де, бүкіл Одак үшін де тиімді шаруа. Сузыз, нұсыз қырдағы түкпірге жаңа өмір келеді! Иә, иә, бұл игліктің сондай да өзгешелігі бар!.. Ал Жезқазғанның мыс көмбесіне сенбесем, сегіз жыл бойы сергелденгे түсіп, өмірімнің ең қымбат, қызық шағын сор бейнетпен өткізіп не қақым бар?!

Қазақстандық барлаушының жігерлі үні, өзіне деген сенімі, әсіреле іс мүддесін жаңын сала қорғауға құлшынысы Серго жолдасқа да әсер еткен сияқты, биязы жымыып:

— Мұныңды құптаймын, бірақ, қымбаттым, бір ғана сенің сенімің аз ғой. Басқа жұртты да соған өзіндей сендіре білу керек,— деді ақырын ғана.

— Жезқазғандағы барлаушылар тобы бұған әлдеқашан сенген! Сізге нақты айғак керек пе? Өзіңіз ойланызышы, былтырдан бері қаншама қыншылық, жоқшылық көріп жүдесе де, олар бет-бетімен тарап кеткен жоқ, құні бүгінге дейін шөл дала төсінде, құс үшпас құла дүзде барлау жүргізіп отыр. Бұдан артық сенім

бала ма?! Ал Главцветмет мамандарына, әлбетте, жігерлі жігіттердің ерлігін айтып, Үлкен Жезқазған үшін қаһармандық күресін көлденең тартып сендері алмайсың. Сендеру қайда?! Олар үшін жеті жұз кісінің тағдыры, аш құрсақ болып жүдеп-жадағаны түк емес. Өздері аман жүріп, жайлыш орындарынан айрылып қалмаса — дүниесі түгел!..— Геолог өзін үстай алмай қалды. Сүп-сүр болған аққұба жұзі, тіпті қату естілген үні де сол бір кектенген, ашынған қалпын мәлім еткендей. Нарком бірақ сыр берген жоқ — байсалды кейіпте, басын сәл еңкейте әлденеге назаланғандай, әлде ынталанғандай шырайда зейінмен тыңдады.— Иә, маманның аты — маман, оларға бұлтартаңас айғақтар керек, жалаң ұранмен иландыра алмайсың...

— Дұрыс айтасың, айғақтар керек!— деп нарком басын көтерді.

— Қаржыдан қағылсақ та қарап отырғанымыз жоқ! Оның нәтижесін таяуда Академияның сессиясы қарады, қаулысы алдыңызда жатыр!..

Серго қолындағы қарындашты әрлі-бөрлі дәңгелентіп үн-түнсіз отыр. Ойланып қалғандай. Кенет геологқа назарын тіктеп:

— Алмалық кені туралы не айтасыз? Оның да мысы едәуір мол деседі. Мысалы, оны өзініздің Жезқазғанмен салыстырып қарағанда?— деп тетенше сауал қойды.— Сіз маған, қымбаттым, мәселенің әділін естіртіңіз. Мыс кендерін барлаушы геолог, әрі сол саланы жақсы білетін көнігі маман ретінде...

«Наркомды арзан сөзбен малдандырамын деп әуре болма, шырағым. Серго жолдас әлдебір көлденең жайтты сұраса, шыныңды айт білсең де, білмесең де. Ал егер бұлан құрыққа салып, мәнсіз бірдемені жобалап ойша соға бастасаң — құрығаның, бірден сезеді де тыңдамай қояды...» деп ескерткен-ді Ванюков.

— Алмалықты тым жақсы білемін деп айта алмаймын, оның барлау деректерімен таныстырым қағаз жүзінде ғана... Тегінде бізде, Григорий Константинович, тәжірибе алмасу жағы жетімсіз. Әркім өзі іздел тапқан, не тағдыр айдал тап болған кенді жылдар бойы шұқылаумен күн еткізеді. Ал барлаушы геологқа көбірек жүріп, көбірек көргені теріс болмас еді.. Әйтсе де маман ретінде Алмалықты Жезқазғанмен салыстыруға болмайды дегім келеді. Алмалық қана емес, Жезқазғанмен тең түсер бүкіл Одақта бірде-бір мыс кені жоқ! Ол сондай уникум...

Орджоникидзе таңырқағандай оқыс үнмен:

— Қалайша? Мұныңызды қалай түсінуге болады?— деп қалды.

Қалың қабағы дүрдіиң, жұзі де сұстанып, көңілі сұзып, мейірімді бадана көзінде реніш үялап, құдды бір: «Е, маманым, сенің де жайың белгілі болды, мақтанам деп қайда лағып кеттің!» дегендей налу жайлағаның Қаныш Имантайұлы кеш аңғарған-ды. Жуыпшаюға болмайды, айтылған сөз — атылған оқ, оны енді қалайша қайырып аласың?.. Не болса да бүйірғанын кереді. Әмбес көп жылдан бері кеңілін алаңдатып, тұн үйқысын төрт бөліп жүрген жан сырын тап бүгін қорғаншақтап бүгіп те қалғысы келмеді.

— Әйткені Жезқазған — табиғаты ерекше жаратылған кен қоймасы! Ондай кенорны, Григорий Константинович, жер қыртысын-

да ете сирек кездеседі! Өзініз ойланызышы, айналасы ат шапты-рым аумақта қалыңдығы ондаған, кейде алпыс-жетпіс метр кен белдеулері қабат-қабат сіресіп жатыр. Және қандай құнармен!.. Мәселен, оны Американың дүние жүзіне әйгілі Жоғарғы Кел мыс кеңімен салыстырып көрініз. Біздегі құнар екі есе артық! Түсінесіз бе, екі есе!.. Ал қоры женинен ол Жезқазғанның жұлығына да келмейді.

— Дәлірек айтқанда?

— Дәл айту үшін, жолдас нарком, барлау жұмысын барынша өрістету қажет. Менің айтып отырғаным — сегіз жылдағы шағын барлаудың нәтижесі. Соның өзінде Жезқазған Кенес Одағының барлық мыс кендерінің алдына шықты. Сондықтан да мен оны барынша жауаптылықпен біздегі кеңіштермен салыстыруға болмайды, Жезқазған байлығы дүние жүзіндегі ең ірі мыс өлкелерімен қатар аталуға лайық кенорны деймін!.. Бұл қөмбенің тимділігін мынадан байқаңыз: бірінші, кенді алу үшін ешқандай тіреу қойып, қосымша бекітудің қажеті жоқ — аралық жынысының беріктілігі сондай; екінші, кен желілерінің қабат-қабат болып дестелене орналасуы оны бір шахтыдан тілеген көлемде, қалаған бағыттан алуға мүмкіндік береді; кен қабатына жетіп ал да, бір шетінен құлата бер, қашама үнем! Кейбір желілер жер бетіне өте жақын орналасқан, демек, оны ашық қазаншүңқыр әдісімен алуға болады. Әмбे бұлар кен құнары аса бай қабаттар. Үшеу ме?.. Төртінші, жер астында су атымен жоқ, яғни шахтыдан су соратын құрылыш, арнаулы техника өзірлеу керек емес. Тағы да үнем! Бесінші, жыныс қурамындағы кремний қосылыстары қазу кезінде ешқашанда өрт болмайтындығына сенімді кепіл... Бұған қосымша, Григорий Константинович, мыспен бірге қазылатын қорғасын мен мырыш, күміс пен молибден, тағы басқа сирек жөне бағалы металдар ешқандай қосымша шығын, бейнетсіз өзі келіп қолға түсетін тегін байлық. Және қандай көлемде десенізші!..

Наркомның қату жүзі қайта жадырап, көнілді шырайға ауысты.

— ...Жезқазған кеңін байыту технологиясы әлдеқашан сынаудан өткен. Ал оナン шыққан концентратты қорыту,— деп Сәтбаев сөзін жалғады,— Қарсақбай зауытында алты жылдан бері сәтті жүргізіліп келеді. Демек, бұған да ешқандай күмән жоқ. Тек бірағана осалжеріміз, Григорий Константинович, қиян шетте тұрамыз. Темір жолсыз құніміз қараң, бізге онсыз жұрт қатарына қосылу, әй, білмеймін, қын шаруа!..

Алдында отырған қазақ маманының өзі атқарып жүрген сүйекті жұмысы жайлы әсерлі әңгімесін нарком қызықтаған шыраймен он қолын жағына сүйеп, креслоға шалқая түсіп ынтыға тыңдаған-ды. Бөгде қозғалыс жасап, манағыдан соң тіпті ләм-мим деп сезін бөлген жоқ. Қаныш Имантайұлы да күн ілгері ойлап келген сезін үмітшіп, ырқынан тыс, көкейіне нақ сол мезгілде құйылған, «Мені айт, мені айт» деп мазалаған жан сырын әңгімелеп отырғанын аңғарар емес. Сегіз жылғы сергелденде жүргегінде үялаған құдігі мен өкінішін, кешкен бейнеті мен зейнетін, ту алыстағы жұмыскер

жәрдемшілерінің сенімін, осындағы барша тілектерінің демеуі мен тілегін, тіпті Геолком сарапшыларының әр кездегі өзіне жасаған қиянаты мен өктемдіктері жайында да жасырмай, қысқа ғана айтып өтіп:

— Григорий Константинович, сіз мына жайтқа көңіл аударыңыз,— деп қайта шалқысын,— бір тонна мыс алу үшін Қоңырат рудасынан Балқашта 110 тонна, Дегтяркада 74 тонна, Бозшакелде 156 тонна, Алмалықта 130 тонна мыс тасын қорыту керек. Ал Жезқазған кенинен небәрі 68 тонна керек. Өзгені айтпайын, басқарма сарапшылары осыны неге көрмейді, неге ескермейді? Оларға бұдан артық қандай дәлел керек?

Орджоникидзе кенет қарқылдай құлді.

— Өзің тіпті қу екенсің,— деді геологқа сүйсіне қарап.— Жезқазғанның шашбауын көтергенде, «Салыстыруға болмайды, ол — уникум, дүниеде тенденсі жоқ кен орны!» деп жер-кекке сыйғызбайсың. Ал қолайына жағымды екен, қарай гәр, цифрларды тақылдатып, шотқа қаққандай жатқа соғып отырғанын! Жә, жә, құптарлық талап, жігітсің!..

Геолог қызыараңдап тәмен қарады. Наркоммен әнгіме өзі үшін жайлы сарынға кешкенін бірақ сезіп отыр. Сергоның келесі сұрағы да сол ойын айғақтағандай тосын boldы.

— Әлбетте, мұндай айғақтарға дау айта алмайсын,— деген-ді ол.— Жә, сен енді маған, жарқыным, Жезқазғанды дүниежүзілік мыс провинцияларымен салыстыратын себебінді үғындыры. Тек, ескертемін!— деп нарком саусағын шошайтты.— Тек қана шындық, шындық!

— Оның мәні бар, Григорий Константинович,— деді Сәтбаев әр сезін бағдарлай, ойланғанда айтып,— Америкадағы Жоғарғы Көл, немесе Африкадағы Терістік Родезия мыс кендері — талай жылдардан бері қазылып, абырой-атағы құллі жұртқа жария болған орасан үлкен қазына кембелері. Демек, сондай жария кендермен салыстыру Жезқазғанның бағасын бірден көтереді. Жасырып қайтейін, жұртшылық назарын аудару үшін өзімше жасаған амалымыз бұл.

— Ау, сонда, кен іздеуші геологтың базарға пұл шығарған саудагерлерге үқсал, ез ісіне мадақ жарнама жасағаны қалай?

Қаныш үндеген жоқ, қызыараңдап тәмен қарады. Не десін? Шындық, бұл да шындық. Амалсыздан жасаған шарасы...

— Жарайды, Қаныш Имантаевич, мен сізге сезідің тұрасын естіртейін. Мұның тіпті жөн болған,— деді нарком іле-шала.— Қара көбейтер қатардағы инженер болу аз, жараспайды бүгінде... Жақсы инженер болу керек! Сонымен бірге өзің атқарып журген істі мақтан етіп, дүйім жұртқа таныта білу керек. Әйтпейінше социалистік құрылыштың шынайы командирі болу қыын.

— Реклама дейсіз, соны біз еріккендіктен жасап жүрген жоқпыш, жолдас нарком,— деп күрсінді Сәтбаев бәсек үнмен.— Бұған да еріксіз бардық, өмірдің үйреткен сабағы! Қайтейік, солай істеуге тұра келді. Қарауындағы жұмыскер алты ай, жеті ай бойы соқыр тиын еңбек ақы алмай ісіп-кеуіп жүдеп жүрсе, ал үйінде оның

Қызыл қарын жас балалары нан сұрап шулап отырса — әсіре жарнамағана емес, онан да масқара әрекетке барады екенсін! Жасыратыны жок, Григорий Константинович, саудамен де шұғылдандық. Иә, соңғы екі жылда көрмегеніміз жок, не істемедік?.. Главцветмет соңғы үмітімізді үзіп, барлау қаражатын біржола сыпрып алған соң, амал қанша, басқа трестерден күнкөріс іздеген де күндер болды...— Геолог әлденеге қымсынғандай мырс етіп, сезін сабактады.— Әділін айтқанда, біз Главзолото, көмір институты, иә бояу трестеріне ештеңе де іздеген жоқпыз. Олардың ақшасын Жезқазған барлауына жұмсадық. Сөкпеңіз бұл үшін, жеке басыма содан бір тыын пайда көргем жок, бәрі-бәрі Үлкен Жезқазған жолына құрбан болды. Әлбетте, бізben шартқа отырған трестер бұдан зиян шеккен жок, үпайлары түгел!..

— Жөн-ақ! Әбден қатырыпсың!

— Осының бәрі жағдайымыз түзелгенше бұрғылаушы, барлаушы шеберлерімізді жоғалтып алмаудың амалы еді. Өзіңіз ойлаңыз, біздің дала жағдайында ондай мамандарды табу оңай емес. Алыстан әкеле алмайсың. Қымбатқа түседі, әмбе тұрақтауы қыын. Келгендері шөл даланың қытымыр табиғатына тәзбей кетіп қала берді. Сол себепті жиырма тоғызыншы жылдан бастап, кешегі кіреші, малшы қазақтардың өз ішінен аз-кем сауатты жігіттерді таңдалап, барлау өнөріне баулып, мамандар әзірлеп алғанбыз. Со-лардан енді бес жылдан соң біржола айрылып қалсақ, орны толмас өкініш болар еді.

— Дұрыс еткенсіндер, онды болған! — деп басын изеді Серго.— Түсіндім жайынды. Жә, тағы не айтасың? Іркілме, түгел айт!

— Өтініш біреу-ақ, Григорий Константинович. Қашшама мықты дегенмен бұдан арғы мәлімсіз сергелденге кісілерім тәзбей ме деп қорқамын. Қашанға дейін сынаймыз? Олардың жігер-тезімінің де үзілетін шегі бар. Біржола кетіп қалса, жағдай қыын... Қысқасы, жолдас нарком, өзіңізден бір көмек болмаса, білмеймін енді... Мұнда мениң кірмеген есігім, сұранбаған кеңсем кемде-кем.

Орджоникидзе орнынан жайлап тұрып, кабинеттің ішінде ерсілі-карсылы жүре бастады. Қолы артында, әлденеге ойланғандай. Жүзі тұнжыр. Қаныш Имантайұлы да қыбыр еткен жок, үнсіз тосулы.

Бір сәтте нарком қасына тоқтады да, иығына қолын салып:

— Ивановты білесің бе? Балқашстройдың бастығын? — деді.

— Танимын, еткен жылы Қарсақбайға келіп қайтқан. Өте қабілетті адам. Ондай іскер басшының қарауында жұмыс істеу кімге болсын бақыт дер едім!

— Қабілетті деу аз. Алтын адам! — деп Серго да қостай сөйледі. — Иванов барғанша мұндағы жүрт: «Қазақстанда жерасты қазынасын өндіру тиімсіз, сорақы қымбат», — деп зарлап бақты. Ал Иванов жолдас бұл пиғылды бірден теріске шығарды. Және қалай дейсің ғой?..

Геолог басын изеді. Бұл туралы ол хабардар болатын.

— Еділ жағасынан трактор алыбын тұргызарда да ол солай істеп еді. Иә, басқалардай «Қыыр шет, шел дала» деп байбалам салған

жоқ. Ондағы қыншылықпен білегін сыйбанып, қойын-қолтық айқасқа шықты. Қазір Балқашта жолда, су да, кадр да бар. Ең алдымен ол адамдарға қажет жағдай туғызды. Нагыз ендіріс командири, міне, осылай істеу керек, жұмысқа бел буып Ивановша кірісу қажет!

— Василий Иванович Қарсақбай комбинатында отырса, сіз беріңдің әңгімеміз, Григорий Константинович, мүлдем басқа мәселе жайында болар еді, әттен, амал қанша! — деп Қаныш Имантайұлы биязы түрде әлденеге емеуірін білдірген.

— Ehe-e! Дәмесін қара! — деп мырс етті Орджоникидзе, іле Сәтбаевты арқасынан қағып. — Бұл туралы аузынды ашпа, Ивановты Жезқазғанға бермейміз. Ал сендерге, менің түсініумше, іскер басшыдан гөрі тап қазір ақша керек. Солай емес пе?

— Иә. Аз емес, едәуір. Алдыңыздағы бесжылдық сметада оның мөлшері толық көрсетілген.

Орджоникидзе орнына барып, стол үстінде жатқан Сәтбаевтың мәлімдемесін қолына алды.

— Жарайды, Қаныш Имантаевич. Сендердің мені далаңың мыс қазынасына! — деді нарком жымын. — Жезқазғанның тағдыры қаражатқа карап тұрса — береміз, табамыз қанша болса да!

Қаныш Имантайұлы орнынан атып тұрды. Қапелімде бірақ не айтарын білмей, қатты тебіреніп, әрі сасқалақтаған үнмен:

— Жолдас Серго!.. Григорий Константинович! Шексіз рақмет! Сіздің сеніміңді біз еселі еңбекпен ақтайдыз! — деді аптыға сәйлеп. — Ұлытау қойынан үкімет миллиондаған тонна, ойлаңыз, пүт емес, тонналаған мыс және басқа қазына алады. Бұл тарихи ұлы іс, тарих та біздің онымызды ақтайды!..

— Жарап, болды, аптықпа. Рақметінді де соңынан айтарсын, — деді нарком, бірер адым алға жүре түсті де кенет бұрылып келіп, сезін сабактады. — Тап бүгін қалтаңа салып берер менің соқыр тиынның жоқ, құрғақ уәдеғана. Бұған әуелі главканың бастықтарын көндіруім керек. Көнер деп ойлаймын. Иә, Жезқазған үшін олардың қор қалтасын биылға біраз қағып берейін. Оナン арғысын өзің табасын, есінде болсын, өз күшіңмен!.. Байқаймын, бір жығып алсан, өзің де олардың қыр соңынан қала қоймассын, сыңайынды аңдадым. — Серго рақаттана күліп, геологқа мейірмен қаралды. Соңсоң әлдене ойына түскендей сақтандыра, — Бірақ, Қаныш Имантаевич, байқа, басқарма мамандары халық қаражатын тектен-текке шашпайтын жандар, оларды даурықпа ұранмен ала алмайсын, — деді.

— Біз де білеміз, әр тиынның қымбат екенін, жолдас нарком, түсінеміз қадірін. Ал кепілдеме десе Академияның Үлкен Жезқазған туралы қаулысынан артық дәлел бола ма?.. Бүкіл Академия, ғалымдар қауымы — менің сүйенішім!

— Оқыдым оны, — деді Орджоникидзе алдындағы қағаздарды нұсқап. — Бұл мықты тірек! Тек соны әжетке дұрыстап жаратсақ деймін. Иә, басқаша пайдаланып?.. Мәселен, осы мәселені ең жоғары кеңседен бірақ шығарсақ? Айтальық, Орталық Комитетке Үлкен Жезқазғанды жоспарлы түрде салу туралы хат жолдасақ, ә?..

— Әрине, ең алдымен темір жол құрылышын бастау керек. Кеніштің құрылышын бастауға әзірлік шаралары... Иә... иә... Көп қаражат керек, аз дегенде бес жүз миллион сом! Бірақ соның бәрін Жезқазған мысы ақтауға тиіс. Әлбетте, ол Одактағы ең үлкен мыс өндірісі болады. Қашшама мол мүмкіндік, зор игілік! Балқаштан біз жылына жүз мың тонна мыс аламыз деп жоспарлап отырмыз, ал сіз барлаған кеннен одан да кеп...

— Оған гәп жоқ, Жезқазған комбинатының қуаты кем дегенде Балқаштан екі, иә үш есе асып түседі!— деді Сәтбаев та шыдамай сөз қосып қалды.

— Жә, бұл туралы Иванов жолдастан пікір сұрасақ қайтеді?

— Меніңше, Василий Иванович сөз айтпай келіседі. Жезқазғанды ол кісі жақсы біледі. Нағыз большевик адам әділін айтуға тиіс.

— Онда былай болсын,— деп нарком столды тықылдатты.— Мына қағаздарың әзірше менде қалсын. Жетімсіз болса тағы сұраймыз. Өзің де Москвада екі-үш күн аялдай тұр, тіпті бір апта, қысқасы, түсті металдар басқармасымен келісеміз. Үқтың ба, Политбюроға ұсыныс әзірлейміз. Жалғызбын деп ең, көрдің бе, екеуміз енді. Ал келістік қой осыған?

— Келіспегенде, Григорий Константинович!

— Олай болса, демалайық. Бүйтіп отырып Жаңа жылды өткізіп алармыз! Иә, уақыт жені солай болды, сен енді бұған ғапу ет...

— О не дегеніңіз! Мұншама сыйлық алып тұрғанда...

— Барлаушыларына сәлем айт,— деп нарком Қаныштың сөзін бөлді.— Көбіне шыдаған екен, төзімдерін әлі де аз күнге ширата тұрсын. Сірә, бұдан былай тарықтыра қоймаспаз!

Жезқазғандық геологты Серго жолдас есікке дейін шығарып салды. Етті, салалы сом саусақтарымен оның қолын қатты қысып тұрып:

— Өмірде, қымбаттым, әр түрлі қыыншылықтар кезігеді. Жан қинайтын нағыз кедергілер, картондай ұсақ-түйек кедергілер де ұшырасуы мүмкін. Әңгіме соларды жеңе білуде, сүрінбей өте білуде! Солай, Сәтбаев жолдас! Жаңа жылды жақсы қарсы алыныз. Өмірде де, еңбекте де табысты, қуанышы мол жыл болсын!— деді.

— Кеп рақмет, Григорий Константинович! Өзінізге де сондай қуаныштар тілеймін! Сау болыңыз.

### 3

Ауыр өнеркәсіп наркомымен болған сұхбаттың жалпылама сұлбасы Т. А. Сәтбаеваның естелігінде біршама толық баяндалып, ғалымның өзінің де өмірбаяндық кейбір жазбаларында қабылдау күні мен уақыты дәл айтылғанымен (жезқазғандық ескі геологтар И. Богданчиков, С. Сейфуллин және Ж. Төленовтердің жадында бұл оқиғаның жай-жапсары жақсы сақталған, ал олар әңгімені Қаныш Имантайұлының өзінен естіген), біз үшін соны қан-

дай да бір ресми құжатпен айғақтау қажетті. Сол мақсатпен 1969 жылдың басында Москваға барып, бірталай әуреге түсіп, ақырында КСРО Жазушылар одағы басқармасы хатшысының кепілдігімен Политбюро мүшелерінің Марксизм-ленинизм институтындағы «жеті құлыш» астында сакталатын Орталық партия архивінің жабық фондын (Г. К. Орджоникидзенің дербес фонды, 85-тіркеме, 29-іс) қаруға рұқсат алғанбыз.

Бір аптаға созылған ұзак ізденістен соң жолымыз болып, Серго жолдастың 1935 жылы қолы қойылған қағаздардың арасынан жоғарыда біз тәптіштей баяндаған әңгімениң жалғасын таптық. Небәрі үш-ақ бет ресми хат, үлкен әріптермен бадырайтып басылған алғашқы жолына «Жезқазған мис кенін игеруді жеделде-ту шаралары туралы» деген сездер дараланып жазылыпты. Құжатта баса айтылған кейір жайттарды ілгеріде сез еткендіктен, оларды қайталаамай, едәуір ықшамдап көлтіреміз...

### **«БКП(б) Орталық Комитеті**

#### **И. Сталинге**

...кантар 1935 жыл

...Еліміздің мис қажетін отандық өндірістер өнімімен толық өтеу үшін үшінші бесжылдықта салынып жатқан мис зауыттарының құрылышын барынша жеделдетіп, ал жұмыс істеп тұрғанда-рын қайта құрумен біргетынан үлкен екі мис комбинатын салу-ды бастау керек. Олар — Жезқазған мен Алмалық. Бұлардың құрылышын ерте бастайтын себебіміз: екеуі де орасан үлкен қуатқа жобаланбақ және орталықтан қашық аудандарда орналасқан.

Жезқазған кенорнының орташа мис құнары 1,92 процент, барлық барлау категориялары бойынша, ол — дүние жүзіндегі алып мис кендерінің бірі, Одақтағы ең ірі кенорны да, тегінде, сол болмақ. Соғы үш жылдағы нақтылы барлау нәтижелері Жезқазған өндірісін ешқандай күмәнсіз және сауатты жобалауға мүмкіндік жасап отыр.

Жезқазған қоры тоғыз жүздей скважиналар мен мыңдан астам барлау жыраларына негізделіп есептелген. Кен өндіру және байыту технологиясы өндірістік сынаудан толық өткен... Егер бұл мәселе сәтті шешілетін болса, қазірдің өзінде Жезқазғанстрой тресін үйимдастыру қажет деп санаймын. Бұл құрылышты 1936 жылы бастағанымыз аbzal, демек, дайындық жұмыстарын жүргізу үшін биылдың өзінде оған үш миллион сом қаржы босату керек.

Жезқазған кенін игерудің бірден-бір қыыншылығы — сырт өмірмен темір жол байланысының жоқтығы. Сол себепті дайындық жұмыстарына кірісмен бірге, 1935 жылы ұзындығы 414 шақырым «Өспен руднігі — Жезқазған» темір жолын салуды бастаған тиімді болмак, бұл жол Қарағанды көмір бассейнін Жезқазғанмен байланыстырады. Темір жолсыз Жезқазған құрылышын бастау, оның орасан мол мис көмбесін жедел игеру мүмкін емес. Ал зауыт пен рудникті кенорнының қуатына лайықтап кең көлемде, әмбे еліміздің мис өндіру мүмкіндігін жедел арттыру жоспары-

мен үйлестіре салғанымыз тиімді болмақ. Темір жолды қоса есептегенде, бұл құрылыштың жалпы құны 500 миллион сом шамасында...

С. Орджоникидзе».

(Ескерту: біздің оқығанымыз хаттың екінші данасы, сондыктан ба, әлде кемекшілердің шалағайлығы, нақтылы күн қойылмаған, тіркелген саны да көрсетілмепті.)

БК(б)П Орталық Комитетіне жолданған наркомның осынау хатымен бірге Главцветметтің сол кездегі бастығы А. С. Шахмурадов пен Балқашқұрылыс тресінің менгерушісі В. И. Ивановтың жеке-жеке жазған мәлімдеме пікірлерінің екінші даналары да қоса тіркеліпті. Әрқайсының қолемі 4—5 бет парап, екеуінде де Жезқазған көнінің маңызы мен қоры, оны пайдалану тиімділігі нақтылы айғақтармен дәлелденген. Осыған қарап Сәтбаев өтінішінің ауыр өнеркәсіп штабы тарапынан қандайлық жәрдем, нақтылы қолдау тапқанын шамалау қыын емес: екі жылдан бері қаржыдан қағып, Жезқазған құрылышын ғана емес, барлау жұмысын да төжеп келген басқарма жетекшісі кенет бұрынғы пікірінен шұғыл айынп, Қаныш Имантайұлының ұсынысын құптауға мәжбүр болған; құптап қана емес, өзі де енді Жезқазған сияқты алып кенді екінші қайтара ашқан геологтың жанқиярлық енбегіне көніл аударып, қыыр даладағы мысты ауданды тезірек игеруге субелі қаржы бөлу қажеттігін өтініп отыр...

Сонымен, Үлкен Жезқазған төңірегіндегі ұзак сонар хикая бірақ күнде басқа арнаға ауып, мемлекеттік маңызы бар мұдделі шаруаға айналды. Әрине, Серго Орджоникидзенің тікелей араласуымен...

ВЦИК-тің кезекті сессиясында (наурыз, 1935) ол: «...Жуық арада біз Үлкен Жезқазған комбинатының құрылышын бастаймыз. Онда қуаты орасан зор мыс көмбелері бар. Бұл кендер Орталық Қазақстанның қиян шетінде, темір жолдан шалғай орналасқан. Сондыктан да Қарағандыдан Жезқазғанға тартылатын темір жол құрылышын барынша жеделдетіп жүргізу қажет...» деген-ді.

Анығында сол жылдың көктемінде-ақ Қатынас жолдары Халық Комиссариатының мамандары Ұлытауға келіп, болат трасса жүретін өнірде ізденис-жобалау жұмыстарына кіріскең-ді.

Демек, біз жоғарыда келтірген С. Орджоникидзенің Орталық Комитетке, оның бірегей басшысы И. Сталинге жолдаған ресми хаты сол күнде өзін «құдай» көріп отырған декейдің тұра өзіне жетіп, ойлаймыз, «Мысқа ділгірлікten құтылудың басқадай жолы жоқ болса, бастау керек!» деген сыңайлы әмірмен парапар лебізін өстіп, партиялық бюрократия мен үкіметтің жалтаңбай шенеуніктері, солардың пәрменді дығырымен ауыр өнеркәсібі наркоматының Главцветмет бастаған ірі басқармалары да, жауапты қызметкерлері де Ұлытау қырындағы Қазақстан жүртшылығы құткен іргелі істің доңғалағын едел-жедел айналдыра бастаған.

Ірі шайқастың тағдырын сансыз көп әскердің басымдылығынан да ғері көбіне қолбасшының кеменгерлігі шешетіндігі сияқты, кенжелеп өркендереген қазақ елінің индустріалды мемлекетке айналуына ерекше үлес қосқан Жезқазған сыйнды өндіріс алыбының

бағы ашылып, даңғыл жолға тұсуіне, біздіңше, зор жігер мен қайрат иесі Қаныш Имантайұлының «темір нарком» алдында, 1934 жылдың 31 желтоқсан күні туған жерінің асыл қазынасы үшін арыстанша алысып, саяси ірі қайраткерді өзіне жақтас ете білуі женіске жеткізген. Шынтуайтын айтқанда, нақ сол күннен байлай Жезқазғанның қаһармандық әпопеясының жаңа кезеңі басталған...

## XIV ФАСЫРДАН ХАТ

1

Хижраның 793-інде\*, қой жылы, осыған дейін женіліс көрмей, жиырма бес жыл ұдайы ат үстінде жорықта болып, жүріп өткен жерін қанға бектіріп оттай жалмап келе жатқан атақты Темір Кереген екі жұз мың әскермен Самарқанданнан аттанған.

Темірдің бұл ат тұғыры жеткен төңіректі жаппай бағындырып, Азияның Ақсақ Барысы атанған шағы.

Ақсақ Барыстың қанды шеңгел тырнағы бұл жолы Алтын Ордаға ауған-ды. Алтын Орданың сол күндегі билеушісі жаужүрек Тоқтамыс батыр еді.

Айбарына ақылы жарасқан, айласынан кеменгерлігі асқан Темір Керегенге, тегінде, қолбасшылық қабілет шексіз дарыған. Соның енөгөсін осы жолы да көрсетеді. Сейхунды\*\* кесіп өтіп тұра көтерілсе, Еділдің төменгі саласында тұрған Тоқтамыстың ордасы – Сарай-Беркеге ай жарымда-ақ жетіп барар еді. Бірақ ол жауына күтпеген бүйірден және тұтқылдан келуді қалаған. Бәлкім, табаны тимеген терістік шығыстағы жаңа жерлерді көріп, өз иелігін кенеңте тұсуді ойлады ма?.. Әйтеуір, қаһарлық қолбасшының Сейхунды бойлай жүріп, сәуір айының екісі күні\*\*\*

Сарыезенге\*\*\*\* құлағаны анық.

Оның алдында енді жусанға беккен, бетегесі белден келген, шетсіз-шексіз құлазыған, құба жон, құлама белді ежелгі қыпшақ даласы жатқан-ды.

Монгол шапқыншылығынан бергі екі жұз жылда мұнша көп қосын көрмей, ту тыныштықта тузырап жатқан қыпшақ жері тағы да мың сан ат тұғынына таптауырын болып, топырағы шығып бей-берекет тұтеуге түседі. Кекжиекті шаң қабады. Күн көзін Ақсақ Барыстың ызыбары жабады. Кектем келгенмен кегеріп шыққан көгі болмай, кегінде қалықтап ұшқан құсы көлдерге қона алмай, кешеғана думан салып шуылдап жатқан ту сахара аз күнде құлазып, адамы босып, аңдары жосып, тағы да жұтауға ұшырайды.

\* 1391 жыл.

\*\* Осы күнгі Сырдария.

\*\*\* Бұл күндер және осы тарауда аталатын басқа да тарихи деректер Қ. И. Сәтбаевтың «Таңдамалы өңбектерінің» 5-томында жарияланған «Жезқазған ауданының тарихи ескерткіштері» деген мақаласынан алынды.

\*\*\*\* Осы күнгі Сарысу.

Неше күн шеруде кезіне тұғыр ілінбей, қарауыл салар жалғыз биік көрінбей ішкүсада келе жатқан Әмір Темір шексіз даланың тылсым үнсіздігінөн әбден жалығып, беймаза күй кешкен бір күні алдыңғы шолғыншыдан хабар келеді: «Кекжиектің терістік қырының көз салсаң — күншілік жерден көкірегін бұлт тіреген биік тауды көруің қак; оның баурайынан он сан бұлак, сан тарау өзен құлайды; көлігіңе — ен жайлау, жер қайысқан әскериңе жайлыштың соның саясынан табылады...»

Бұлтау Сарыарқаның кіндік жонында осы күнде де дара тұрған биігі — Ұлытау еді.

Ақсақ Әмірдің екі жұз қосынға бөлінген қалың қолы сәуірдің 28 күні Ұлытауға жетеді де, бас-аяғы ат шаптырым ұзын сайлар мен өркайсысы бір-бір бұлак, өзен құлатқан кең қолтық бұйраттарға жайыла қонады.

Ұлытауда олар үш күн, үш түн шеру болады. Көлік тынықты. Неше күн бойы шаң қаптырған шел даланың азабы да ұмытылады. Алда — ұлы жорық, жана асулар!..

Төртінші күннің ертеңгілік мәзглінде Әмір Темір қасына қолбасшы, үәзір-кеңесшілерін алып, Кермене ақын және бар, өзінің қыл құйрық байланған, қара туы қадалған биік төбенің үстінде төңірегін шолып тұрады. Әміршінің кішкене мысық көзі ешқайдада тоқтамай, от шаша аласұрады. Төңіректің көз тұндырған көкжасыл көркін емес, көлемін өлшеп тұрған сықылды. Анау қарауылға шыққан құлжадай оқшау дараланған биік тау да, соның саялы, салқын баурайы да, мына ту сыртындағы сағым ойнап, шеті кекжиекпен шептескен жалпақ жазық та Азияның азулы Барысының қысық көзіне тар болып қомсынып тұрғандай. Әлден уақытта ол қатты дауыстап:

— Эй, Кермене! Табаным тиіп тұрған мына төбеге қандай сый лайық? Бұл енді менің иелігімдегі жер ғой,— дейді кесірлене сөйлеп.

Кермене ақын сөзден жаңылған ба, жалт қарап:

— О, Әміршім! Сенің сыйыңа лайық шекесімен бұлт тіреген Ұлытаудың асқар шыңы емес пе. Әттең, соған жете алмай қүйінгендіктен жаза тартқызып тұрсың-ау!— десе керек.

Әмір Темір сонда мырс етіп:

— Жоқ, қателестің, ақының. Кім көрінген шыға алмайтын, ат тұяғы ешқашанда баспайтын, асуы қыын, асқақ шыңың керегі қанша? Маған мынау аттылы-жаяудың бәріне таптауырын болар қарауыл шоқы үнайды. Үнаған соң сыйым да осыған арналады,— дейді.

— Олай десен, Әміршім, табаның тиген бұл төбеден терең ор қазып, мәңгі өлмес есімің жазылған алтын табақ көмейік,— деп ақыл қосады үәзірлердің бірі.

— Ақымақ, алтындей асылдың ешқашанда жерде жатпайтының білмеуши мі едің. Ертең-ақ сен сықылды бір сүмпайы қазып әкетсін деп қалдырам ба оны?

— Бәрекелді, жән сез, ақылы бәрімізден озық, әмбе тәңірдей биік Әміршім,—дейді сонда Кермене ақын Керегеннің сөзін бөліп.—

Осы тауда тастан кеп қазына көрмедім. Соның біріне атынды жазып қалдыр. Сен қонған ұлы жүртқа сондай мәңгі өшпес белгі лайық!

Әмір Темір ақынның бүл кеңесіне дән риза болып:

— Кермене, ақын болсаң да, ақылды сөз сейлеп тұрың. Сен енді мына ақымақтарға жайғана қара тастың алтын табақтан неге артық екенін түсіндіріп бер,— деп бүйірады.

Кермене ақын қосын соңында дәйім еріп жүретін шеберлерді жұмсап, Ұлытау қойынан ұлкендігі кебежедей қарабұжыр тас алдырады да, қылышын қынабынан суырып, қасында тұрған батыр нојандарға:

— Ал қане, шамаң келгендерің осы тасқа тырнақтай сыйат салып көріңдерші,— деп шаттана құлсे керек.

Шамның<sup>\*</sup> атақты шарболаты да, Бағдатта соғылған болат сұнгі де, Самарқандың әлденеше батпан сом балғасы да сандық тасқа иненің жасуындаі сыйат түсіре алмапты.

— Міне, көрдіңдер ме, мұның алтыннан артықшылығы да осында,— дейді Кермене ақын масаттана сейлеп.— Мұның асылдығы — беріктігінде. Оның бетіне түскен ұлы әміршінің есімі мың жылдан соң да өшпей, жел-судан өшпей, қаз-қалпында мәңгі сақталады...

Мұнан арғы оқиға Темірдің жорық шежірешісі Шараф ад-Дин Әли Йаздидың «Зафар-наме» кітабында былайша суреттеліпті: «Әмірші Ұлытаудың басына шығып, алдында кесіліп жатқан ұшықырысыз иендаланың көкжасыл ренін тамашалап ұзақ тұрды. Соң соң әскеріне тас тасыттырып, биік оба тұрғызуды бүйірді. Шеберлер текше тасқа осынау бақытты оқиғаның болған мерзімін әйгілеп жазып, оның есімін ұзақ жылдарға сақтайдын мәңгілік белгі етіп қалдырды...»

## 2

1935 доңыз жыларының тамыз айы. Сонау бір дүрбелең күнде Темір Керегеннің жер қайысқан қолы шаңдатып өткен ежелгі қыпшақ даласы. Сағым ойнап, бәз-баяғыдай бедірейген қалпында. Бетегелі боз қырқалар, көк торғын мұнар тұмшалаған биік таулар, шексіз жазықтар, тіпті түпсіз мөлдіреген аспан да ешқандай ғасырлар көшін, замандар легін көрмеген, кешпеген сияқты... Жок, бүл алғашқы әсер. Өне, боз қырқа үстінен қою шаң көрінді. Соңында арқан сүйреткендей ақшулан бүлт, ал шаңның алдындағы қарайған теп-тез зорайып, құйындаі зымырап келеді...

Бүлар Қарсақбай комбинатына қарасты геологиялық барлау конторының бір топбарлаушылары болатын. Көліктері — солкүннің жүрдек фордигі. Жүргізуіші — Григорий Мироненко, жолаушылардың өз сөзімен айтқанда, «осы топтың шофері ғана емес, асыраушы аспазы!». Өйткені күні бойы ашық далада, күн көзінде қақталып жүріп жер қарап, кешке қарай жатар орынға титықтап

\* Осы құнгі Дамаск қаласы.

әрең жететін серіктегіне ол дуадақ, кейде киік атып, күн ара болса да ыстық сорпа ішкізіп отырады. Гришаның жерошаққа, тұтін иісін сіңіре пісіретін көжесінің дәмі қандай десеңізші...

Барлаушылар жетекшісінің ынтасымен жер шола шыққан жолаушылардың бұл жолғы қарамы шағын, небері алты-ақ адам болатын. Шақырайған өтімді күнге «осалы»— геолог-минералог Таисия Алексеевна. Кебіне ол Жагорддың қасында, кабинада отырады. Кораптың үстінде жайғасқан төртеудің үлкені Қаныш Имантайұлы. Оның қасында қос коллектор, біреуі әйел адам. Ушінші сөріктегі — жасаң жұмыскер Шәріп (Қанекен, 1932 жылғы ашаршылықта өз аулынан әкелген балалардың бірі).

Керекті құрал-жабдығын, жағар май, азық-түлік, қазан-ошағына дейін сайлап шыққан жолаушылар осы сапарда бірталай жерді аралаған: Қарсақбайдан шыққан бетінде Байқоңыр, Қияқты өзендерін бойлап, терістіктерігі Дұлығалы-Жыланшық пен Үлкен Жыланшықтың жағасын асықпай сүзіп отырып, Ақсай, Болаттамға дейін барып, Ұлытауға батыс жағынан орағытып келеді. Жолға шыққандарына екі апта.

Біз сөз етіп отырған күні барлаушылар фордигі Жетіқызы өзенінің жағасына келіп тоқтаған. Қонатын жерге, әдетте, жарықта жетеп, қырдың коныр салқын кешін от жағып қарсы алатын. Кеше бұлар қапыда қалды. Оған да кінәлі бастықтың өзі: ұзакты күн, Жетіқызы өзенінің саласына ілінгеннен-ақ ол машинаны әлсін-әлсін тоқтатып, жер шолуды бұрынғыдан да жиелете бастаған; әсіресе қарсы алдынан бүйрарат, тәбе кезіксе... бұрылып барып, басына шығады; тіпті оба көрсө де қарал шықпай алға жүргізбейді.

Сейтіп жүріп кешкі қоныстарына жолаушылар кешігіп жетті. Қараңғыда жер таңдауға мұршалары келмеді, күндегідей жерошақ қазып, қазан да кетермеді. Жәшіктегі құрғақ асты қажалап, қара торсықтың түбінде қалған сусынды бөліп ішті де, сипалап жүріп жол шатырын қалқытып алып, үйықтауға сұлаған.

Қаныш Имантайұлының бұл — жігіт ағасы атанып, абырой-атағының толысқан кемел шағы. Үлкен Жезқазған қазынасын жария ету жолындағы кешкен бейнеті мен сергелденең былтырғы қыста, Москвада үлкен женіспентынды. Сұраған қаражатына қолы жетті. Содан бері зерттеу, барлау бағытын Жезқазған төбелерінен ұзатып, осындај жырақ жатқан қияндарға ауыстыра бастаған.

...Мазасыз жетекшінің бүгінде ерте тұрып, дала кезіп кеткенін серіктегі оянғанда бір-ақ білді. Бәрі де, сірә, күнқақты болып, әрі кешегі ұзақ жүрістен қажып, тұяқ серіппей тым қатты үйықтаса керек. Күн құрық бойы көтеріліп қалған. Бүгін де аяусыз күйдіріп мейлінше шыжғыратын төрізді. Аспан ашық. Тұндегі дару самалдың лебі білінбейді, ыстық аптағаппен ауысқан.

Шәріп шелек алып өзенге кеткендеге, Рожнов тас жыып, қазандық қалай бастады. Мироненко ежелгі кәсібіне, шай қамдауға кірісті.

Талай күннен бері жолдас болып бір «кемеде» келе жатқан бұлардың күндегі тірлігі осы: екі әйел, бір жігіт — үш геолог шыққан күнмен таласа тұрып, жер шолып кетеді; олар талай белді кезіп,

жол дорбаларын үлгі жынысқа толтырып қайта оралғанша, қоста қалған үшеу ас қамдап, шай өзірлеп отырады...

Қара шәүгім от үстінде быжылдан «ән салғалы» қашан. Біраз жерді шолып, өзенге жуынып, Таисия Алексеевна мен Катя Круглова да оралды. Қай шаруаға болмасын шыдамсыз Сергей Рожнов дастарқан жайылғанын тосқан жоқ, екі құлақ шайды түрегеп тұрып апыл-ғұпты ішті де, коллекторлық міндетіне кірісті.

Ал бас шайқор Қаныш Имантайұлы болса ұшты-қүйлі жоқ...

Бұл кезде ол Жетіқыздың терістік жағасында, алыстан түйенің еркешіндегі шошайған қос шоқының қыыр шеткісін қарап болып төмен түсіп келе жатқан-ды. Геолог бұған да үмітпен шыққан. Етегіндегі тырбыып өскен теріскенге қызығып, езен жарындағы топырақ түсінен де үміттеніп, әдейі көтеріліп еді. Шоқының арғыбергі бетін бірталай кезді. Бірақ қара тастан езге қазынасы жоқ жұтақ тебе екен, жол қапшығына жалғыз түйір минерал салмай, ақыры, міне, бос қайтты.

Сейтсе де қос жақ шетте үримтал түрған екінші шоқыға да соға жүрмек болды.

Батыс шеті шымқай тақтатас, әрі тік жарланып қатпарлана біткен биік шоқыға геолог екі-ұш демалып ентігіп шықты.

Бірден таңданғаны — ту алыстан шоқтығы одырайып тік шаншылған биіктің үстінің шағын ауыл қонғандай жайдақтығы болды; соңан соң шоқының аласа бүйрараттарды астына басып, тым көтерінкі түрған асқақ та құздиган түрпаты еді... Шынында да, төбенің үстінін іліне-ақ ол өзін Ұлытаудың ұшар басына шығып бара жатқандай сезінген-ди. Көз жетер төңірек алақанға салғандай табан астында сұлап жатыр: терістікте Ханшапқан жазығы бұлдырайды; ту алыста кеше өздері басып өткен қос тебелі Сарлық; оның ар жағында мен мұндалап Ұлытаудың ұлы шыны Едіге тұр; алыстағы Кенгір саласы да осы жердің биіктігіне бас игендей мұнарланып көрінеді.

Шоқының мына кереметіне таңданған геолог: «Бұл қандай биік, алысты жақындаған қандай шоқы, жаным-ау?..» дегендегі оймен планшетіне қараған.

Күткені — биік, ұзын, иә қарауыл сипатты, тек қана биіктік өлшеміне лайық тұлғалы сөздер еді. Бұл тебе соның бірін де місе кермей, өзіне ең қымбат, ең зор атауды иемденіпти... Алтыншоқы!.. Неге алтын, несімен алтын?.. Жер-суға ат қойғыш қазақ елі тегінде мұндаидай жөннен көп адаспаушы еді. Қолымен көмгендей-ақ көп асылды қатесіз нұсқап жіберетіні болушы еді. Мынау да соның бірі болмағай?

Көнілінде жылт еткен бір үміт, бір сенім қат-қабат жарысып, дегбірін билеп кетті. Әсіресе шоқының құнбатысқа құлар жонында теңкіп жатқан қорым тасты көрген соң шелдегенін ұмытып, аяғын тіпті асыға басқарап.

Қорым тастың бұрын-сонды Арқа тауларынан өзі көрген оба, үймелерге ұқсамайтының Қаныш Имантайұлы бірден сезді. Құрамы да, қаланған жігі де басқарап. Аумағы он екі қанат қазақы үйге орын болғандай кен.

Үйменің қаланған жігін қуалай қарап тұрып ол тағы бір өзгешелікте аңғарды: қорым тас іш жағына дестеленіп, қуыс тузың қаланған; демек, бұл — кәдуілгі қорған емес... Тас үйменің опырыла құлаған қисыны да оның өзгеше құрылыш екенін аңғартқандай...

Қаныш Имантайұлы еңкейіп, төмениң екі-үш кесек тас алды. Іле-шала көргеніне таңданғаны соңшалық: жалма-жан тізерлеп отыра қалып, қуыстың тубінен тағы да екі-үш тас суырып алды.

Қолында бір жақ беті магма жынысына ұқсаған, от қақтап, күшті жалын шарпыған тас кесектері тұрғанына ол енді титтей де шүбәланған жоқ. Ұлкейткіш шынымен зер сала үңіліп еді, тас бетінен көп замандар бұрын жабысып қалған ағаш кемірінің қалдықтарын көрді. Демек, алдындағы үйме — пеш, кәдімгі дала пеші! Дөң келбеуін тұтін тартуға пайдаланып, мұржасын биік төбелердің ту басынан шығарған ескі пештердің құлаған орнын ол Ұлытау өңірінен жіе көретін. Мынау да соның бірі. Тек не үшін, қандай ділгірлік себеп болып осы жерге қаланған? Металл қорытса, оған тасылған кен көзі қашықта емес. Сондай бір зәру қымбатқа болмаса, жайғана қазандық үшін осынша қорым тас жиып әуреге түсудің қажеті қанша?..

Ол мезгіл мөлшерін, қосқа қайтуды да ұмытып кетті. Серіктерінің өзін мазасыздана тосып отырғанын да қапелімде есіне алған жоқ. Есіл-дерті айдаладағы жабайы пештің жұмбақ қызметі болып, қорым тасты әрлі-берлі актаруға ауды. Ақтарған сайын әлгі жорамалын растағандай айғақтар тауып, сенімі соған бекі түссін. Әзірше шүбесіз анықтағаны: пеш аузы төмениректе болған; тұтін тартар қуыс жерастымен көлбей қаланып, осы, өзі тұрған оппада біткен; қорытқаны да — металл емес, басқа зат. Әйткені қаншама актарса да бір түйір металл қорытпасын, иә кен тасын таба алмады. Ендеше?.. Сірә, әлденені ұсақ қыздырған? Әйттеір, мұның ас пісіретін әншайінгі қазандық емесі анық. Сонда не?..

Күн сәскеге ауып, көлеңке теңелуге айналды. Пеш орнында едәуір уақыт отырып қалған ба, таңдайы тобарсып сусын тілегенін аңғарды. Машина өзі тұрған шоқының теріскей жақ түбінде. Тура жүрсе бір сағатта-ақ жетіп барады. Бірақ ол «бір жерді екі баспауда іздешілгі геологке жоралғы» дейтін әдетімен шоқының оңтүстік жағын орағыта қайтуды жөн көрді.

Кейін, сан жылдардан соң да ризалықпен, мол қуанышпен есіне алатын сәтті оқиға оған осы арада, шоқыны алыстан айнала жүрген жолында кезікті...

Оқырман, әрине, Қаныш Имантайұлының қандай қымбат ол-жаға ие болғанын сезіп отыр. Иә, барлаушы геолог Алтыншоқының оңтүстік бетінен сонау қым-куыт заманда, хижраның 793, яғни қой жылында Азияның айбарлы билеушісі Темір Қөреген қалдырып кеткен тарихи белгі тасқа — әскери жорығының көне ескерткішіне кезіккен-ді. Ол әлгінде шұқшағы үңіліп мұқият зерттеген дала пеші де осы тастың бетіне таңба, мәнгі өшпес жазу қалдыру үшін көне заман шеберлері қалаған қазандық орны еді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, Ұлытау өңіріне алғаш тап болған кезінде ол осы елдің кенекез, шежіреші ақсақалы Өмекенен әңгіме үстіндемәнді бір сөз естіген: «Қайда, жасырақ кезім, Ұлытаудың арғы бетіндегі кеп бүйрattардың бірінен жоғалған мал қарап жүріп, таңбалы тас кердім, құдауанда, соның келбеті біржосын өзгеше еді» деп тамсана әңгімелеген-ді қарт. Бірақ тасты көруді тілек еткенде: «Көп жыл өтті ғой, қарағым, мелшерлеп болмаса, жатқан жерін деп басып көрсете алмаспын» деген. Адастырmas белгісіне тек Жетіқызы өзенін атаған.

Геологтың кешелі-бұғінде, Жетіқызы танабына іліккен кезден-ақ мазасызданып, тебешік босатпай, оба кезгені де сол еді. Кәрі құлақ Өмекен кердім деген таңбалы тасты қайткен күнде іздел табуға құмар болған-ды. Міне, енді солтас қарсы алдында теңқиіп жатыр. Тас бетіндегі белгі тек өзі күткендей ру таңбалары емес, кәдімгі арап өріптері. Жазулары өшпеген, мәнерлі әріптермен әдемі шабылған. Өзіне жасынан таныс араб, парсы, шағатай тілдерінен есінде қалған сездерге бұрып, мәнін ежіктеп көріп еді, бірден шығара алмады. Бастапқы бір-ақ қатарын әрен ажыратты. Кәдімгі мұсылман жұртының ежелгі жазу рәсімі бойынша, әрбір сәлем хат, реcми деректің алдында қосақтала жүретін «бис-смилла, ракыман-ракым» деп басталатын дүға сездері. Одан әрі айыра алмады, сірә, бұл заманның қарапайым оқушысының тісі батпас көне араб сездері тәрізді.

Қос басында қара шәүгімді қайната-қайната тосудан шаршап, іздеуге шыққан серіктері оны осы кезде, тас бетіндегі жұмбак жолдарды ежіктеп отырған сәтте тапқан-ды...

Мұнан арғы әңгімені сол оқиғаның күегері, байырғы жезқазғандық Сергеj Александрович Рожнов жалғастырысын: «...Шәріп екеуміз іздел барсақ, Қаныш Имантайұлы таңбалы тастың іргесінде келеңкелеп отыр. Аса көңілді, бізге жайрандай қарап: «Қане, жастар, мынаны қозғап керелік. Алтыншоқыдан алтынға бергісіз қазына таптық білем. Мениңше, өте қымбат дүние, тым көне уақыттың белгісі», — деп түсінік бергені есімде. Қымбаттығы рас болу керек. Геологтың берік болаттан құйылатын балғасымен ту сыртын біраз тәмпештеп керіп едік, сызат түсіре алмадық. Енді Шәріп, мен және Қанекен үшеуміз жабылып орнынан қозғай алсақшы. Зілмауырлығы сондай! Соңсоң қосқа келіп, шай ішіп, біраз дем алған соң қайта бардық. Мен «Фотокормен» бетіндегі таңбасын суретке түсірдім. Жазудың анық көрінуін ойлад, суретке түсірерден бұрын кәдімгі тіс ысатын үntақпен әрбір әріп, таңбаны мұқият ағартып шыққамды. Бұл тас туралы әр жерде жарияланып жүрген еңбектермен қоса берілетін сурет дүниеге осылайша келді...»

Карсақбайға қайтқан соң, белгі тастың фотосуретін Қаныш Имантайұлы Москваға, КСРО Ғылым академиясына жолдаған. Бірнеше айдан соң Академияның хабаршы журналында «Ұлытау тасы» туралы хабар жарияланды. Белгілі Шығыс зерттеушісі, профессор Поппә тас бетіндегі жазуды ажыратып оқып, оның әмірші Темір жорығының белгісі екендігін, жазылған жылын анықтайды. Ескерткіштің мәтінін де жария еткен.

Бертінде қазақ ғалымы Ә. Х. Марғұлан оны қайыра зерттеп, былай деп түпнұсқаға жақындана тәржіма жасаған: «Тәңірі нісбет (несіп) бергей. Тарих йсты юз тоқсан екіде қой іл, йазаның ара айы. Тұраның Сұлтаны Темірбек юз мың черік біла... Тоқтамыш хан біла санычмақта йүчді. Бұй өнерден етіп, белгү болсын деп бұ обаны қобарды. Іншалла, тәңірі бұл кішіге рахмат қылғай, бізін дүға біле йат қылғай».

...1936 жылдың күзінде Қарсақбайға, Сәтбаевтың атына Ленинградтан хат келеді. Хатты Эрмитаждың сол кездегі директоры, академик И. А. Орбели жолдапты: Академияның Ұлытауға арнаулы ғылыми экспедиция жіберуге шешім алғанын, Темірдің жорық жолында қалдырып кеткен тас белгісі бұдан былай Эрмитажда сақталатындығы жайлы керкемдік кеңестің қаулысы болғанын хабарлай келіп, экспедиция мүшелеріне таңбалы тас жатқан Алтыншоқыны көрсетуді етініпті...

Сейтіп, XIV ғасырдың көне белгісі нақ сол кезде-ақ осы күнгі орнына, әлем асылдарының ұлы ордасы — Эрмитаждың оныншы залына, екі терезе аралығындағы бірінші тағанға қойылыпты. (1969 жылдың ақпан айында Геолкомның ескі архивін қарауға барған сапарымда мен оны нақ осы жерден керіп, сонау XIV ғасырдың тылсым қойнауына сұнгігендей сезім кешіп, тарихи тас ескерткіш алдында ұзак тұрған едім. Кекейімде қызықты қайнаған бір өкісік: «Апырай, бұл тастың орны ту баста қойылған дала төрі, иә Қазақстанның мемлекеттік мұражайының залы емес пе? Көне мұрала-рымызды қашаңғы шет жұрттарға шүлленсіп сыйлаудан тыйыла-мыз?!..»— дегендегі ой ішінді тырнап өкінішпен кеткем-ді... Сірә, осы жайтты тұзеудің уақыты туған сияқты.)

### 3

Есілі, Әмір Темірдің жорық жолында қалдырған белгі тасының алты ғасырға жуық уақыт Ұлытаудың әйдік бір тебесі Алтыншоқының үстінде ешкімге керегі болмай елеусіз жатып, тек 1935 жылы геологиялық мақсатпен жер шола шыққан қазақ геологының ел аузындағы лақапқа сеніп жалықтай қарауында, ақырында іздел табуында, одан әрі оның ғылыми да, тарихи да құнды ескерткіш екенін бірден аңғарып, көне мәдениет білгілеріне хат жолдауы кездейсоқ ынтызарлық емес-ті. Ғалымның өз сезіне жүргінсек: «Сот болған кезімде (1920—1921), ... студенттік практикада жүргенімде (1922—1924) халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларын ерекше құмарлықпен жинадым. Едіге жайындағы азыздың кейбір нұсқаларын алғаш рет сол кездеде жазып алған едім,— депті Қаныш Имантайұлы Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовке 1951 жылы жолдаған түсініктемесінде.— ... Том мемлекеттік университетінің Сібірдегі ең ескі және ерекше бай кітапханасынан мен туған жұрттының фольклорлық шығармаларының небір асыл нұсқаларын таптыйм, кейбірін соның жұртшылыққа жария етуге талап та жасадым... Солардың ішінде мени

әдеби тілінің шұрайлышы, кестелі жырының сонылығы, тарихи-этнографиялық деректерінің молдығы жөнінен Едіге туралы жыр қатты қызықтырды. Әмбे оны Ш. Үәлиханов жазып алыпты да, кейіннен профессор П. М. Мелиоранский жарияладты. Мен болсам, шындығын айтқанда, солардың істеп кеткенін қайталадым... Бар болғаны дайын түрған нұсқаны қазіргі қазақ емлесіне түсіріп, өз атынан алғысөз жазып, соның бәрін 1924—1925 жылдар ара-лығында бітіріп, Москвадағы КСРО халықтарының Орталық бас-пасына жібердім. Жеке кітапша болып ол жинақ 1927 жылы жарық көрді...»

Осы ретте ескерттер бір жайт: бұл түсінікті Қаныш Имантайұлы жоғарылауазым иесіне басына бұлт үйірліп, қын күндер туғанда жазған; сондықтан да ол «Ер Едіге» жырының тек қана көшірушісі болдым деп өз еңбегін елеусіздеп сипаттаған. Шындығында оның шәкірт кезінде-ақ нағыз зерттеушілік һәм зерделік аңғартып, ауыз әдебиетінің асыл нұсқасын профессор Мелиоранский жариялаған (1905 ж.) басылымы ұшыраған бүрмалаушылықтан арылып, ту бастапқы қалпына келтіргенін қасақана айтпай қалған. Мұны ұғы үшін, әлбетте, жинаққа Қ. И. Сәтбаев жазған «Сөзбасын» үңіле оку қажет...

«Мелиоранскийдің бастырған «Едігесінің» аты қазақша болса да, заты ноғайшаға жуықтаңқыраған түрі бар. Мұның үстіне әңгіме ішінде келетін түрлі толғаулардың да аяқ алысы тасырқаған малдың тұяғынша, сандыраққа айналыңқырағаны көрінеді. Бұған айыпты, әрине, Шоқан да, Мелиоранский да емес. Әңгімені бірінші рет аққа көшірген Ахмет дейтін ноғай мен өткен ғасырдағы қазақ жақсыларының... «кітапша жазу», «ноғайша сөйлеуді» сән керетін әдеті... — дей келіп «Ер Едігені» бастыруши мынандай уәж айтады. —... «Аймақ тану» ұйымдарының қазақ ішіндегі істейтін нысаналы жұмыстарының ең алды елдің ауыз әдебиетін жинап алуудың шаралары болуы керек. Әйтпесе қазақ жұрты да қазіргі татарлар сияқты, енді біраздан кейін әдебиетінің деректерін «орхон жазуларынан» іздей жүруі мүмкін. Шоқан бастап жиған осы Едіге батырдың әңгімесін де тарих, тіл, әдебиет жақтарынан қарағанда, қазақ ескі сөздерінің ішінде маңызды орын алуға ылайық деп білетіндігім үшін, оның жыр уәзіндері мен толғауларын тізіп, жазу түрін қазақшаландыруды дұрыс деп таптым (Бұған Баянауыл аймағындағы қаржас руынан шыққан Қопабай дейтін шалдың аузында жүрген Едігенің бір сорабы кемекші болып отырды)...»

Жырды шығаруши одан әрі дастанда аталған сом тұлға Сатемірдің шындығында Ақсақ Темір аталған әмірші екенін дәлелдеп, оның да, қарсыласы Тоқтамыстың да кім болғанын тәптіштей қазады. Сөз соңында: «Тоқтамыс сынды» өзі қойған текешігінің көрсеткен мұндай қоқаңын көтере алмай, ашуына мінген Ақсақ Темір 1391 жылы жер қайысқан қолымен Алтын Ордаға жөнеледі...»— дегенде, ол, әрине, сегіз жылдан соң кім-кім, тап өзі сол жорықтың ізімен жүріп, Темірлан көрегендікпен қалдырып кеткен белгіге жолығарын білмеген. Бірақ жырды талдаудағы ғы-

лыми нақтылық зерттеушіні адастырмаған, ақырында ол өзі болжаяулап айтқан әскери жорықтың тас белгісін тапқан...

«Сөзбасында» ол жырда аталатын көптеген тарихи есімдерді талдап, солардың көшілігі Едіге батыр (1352—1419) заманынан әлдеқайда кейін туған тарихи тұлғалар екенін қысынды айғақтармен дәлелдейді, мысалы: Саназардың қазақ ханы Ақназар, Орманбеттің ұлығы Мұхамбет... екенін, Тоқтамыстың қорғаушы серіктері деп аталған он батырға — Қарақыпшақ Қобыланды, арғын Қарақожа, т.б. түстеп, ер Едігенің өзін «түріктің Қоңырат руынан шыққан, Тоқтамыс байтағының сол қанаттағы ұлыстарын билеген әмірлерінің бірі болған» дей келіп, екеуінің арасындағы қақтығысты тарихи нақтылы деректермен талдауы дастанды қайра шығарушының көп ізденіп, шынайы білгірлікке жеткенінеттәні етеді.

Әсілі, кітапты бастыруши жырдың бас қаһарманы Едігенің сипатын беруге қазақ сөзінің небір әрлі, нәрлі, бейнелі тенеулерін сарқа пайдаланған. Айтальық, «...ақылы терен, зейні еткір, қиядан көргіш қырағы, қара қылды қақ жааралық арыны бар» деген сияқты. Қаныш Имантайұлы «Сөзбасын» аяқтарда: «Бірақ батыр деген Ақбарақ ит — екінің бірі табады, би деген ақ шариғат, елуден бірөу шығады» дейді ел мәтелі. Едігенің бойында асылында батырлықтан гөрі билікке арнаулы сипаттар күштірек болған. Сондықтан ел сыны да бір ауыздан: «Ел билеген Едігем» деп әлпештеп, «Қазақ ерінің әуелгісі де Едіге, ақыры да Едіге» деп хан кетеріп отыр...»— дегенді, сірә, текке жазбаған.

Әлбетте, «Ер Едіге» жайындағы зерттеуі, оны жария еткен еңбегі — халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау саласындағы көп ізденісінің нәтижесі, әрі үлгілісі. Әрине, мұндай шеберлікке ол жиырма жасынан әуей болып, іздеушілік құмарына берілуден соң жеткені сөзсіз.

Сірә, бұл салада оның ең алғашқы жариялаған еңбегі «Обаған» «Қазақ тілі» газетінің 1923 жылғы 13 желтоқсан күнгі санында жарық көрғен, «Байшуақ» деген лақап есіммен аяғына қол қойған, «Оқшаша сөз» сынды қосымша анықтамасы және бар. Жас қалам иесі «Обаған» әнінің шығу тарихын, оны өзіне айтушы кәртаң әйел мен тыңдаушы жұрттың әсерін тендіре, тамылжыта суреттеуді лайық көрғен: «...дауыс мың түрге құбылады, құлпырады, бытырайды. Көз алдыңа Сарыарқа, сайран жер, нұлы ел, сары қымыз, саф ауа, сан еркіндіктің ұшқындары елестейді. «Қызықты қайран дәурендер, өттің-кеттің, қайрылар күнің болар ма?» деген сияқты жүрекке бір түрлі тәтті уайым, майда сағыныш түскендей, жіңішке нәзік дауыс бір мезгілде тіпті солқылдай зарлайды.

«Жарың биік Обаған, сұың тәтті,  
Ушбу қасірет жаныма жаман батты.  
Тобыл етіп Обаған көлгенимде,  
Алшаңқер мен Аяғөз арам қатты...»—

деп тұрып өксиді, күніренеді. Көз алдыңа жаһан далада жүргегін кернеген шерді қайда көмерін білмей, сандалып жүрген жалғыз

адам елестегендей... Шыдай алмай, «Бұл ән кімдікі?» дег сұраймын...»

Бұдан әрі әнді салушы әйел мен ауыл иесі ақсақал екеуі қосылып, «Обаған» хикаятының тарихын керкем тілмен төндіре баяндаиды: Обаған өзен аты екен, соның кең саласын жайлайтын Осып мырзаның Ақиық есімді сұлу қызына Жантөрин деген әпесер (офицер) оқыған жігіт ғашық болады; ал қыз байғұс Шыңғыс төрениң Сұлтанмахмұт деген баласымен баяғыда атастырылған; Жантөрин ғашығына қолы жетпей, Орынборға кетеді, мұндық қыз төрениң ауылына; алайда, ол жақта көңілінің басқада екені ашылған соң сыймай төркініне қайтып оралады; ғашығы болса Орынборда «ашық қеуде, сырлы бет, құбылмалы қала әйелдерімен қыдырып» Ақиықты біржола үмітады; жаны жаралы, көңілі қапалы сұлу сүйгінің жүргегін оятпақ болып, жігітінің атынан осы әнді шығарған-мыс...

1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылордада мемлекеттік ұлт театры шымылдығын ашты. Оған мұрындық болған Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Смағұл Сәдуақасов екен, тұңғыш директоры Әлихан, Міржақып, Ахандардың ізбасары — Дінше Әділұлы болыпты. Қойылған шығарма Қошке Кеменгерұлының «Алтын сақинасы» (Дихан Қамзабекұлы, «ҚӘ» газеті, 20 қаңтар 1998), қоюшы режиссері — Жұмат Шанин болса керек. Қаныш Имантайұлы бұл кезде Том қаласында, диплом жұмысын жазып жүрген шағы. Алайда күзге таман, қыс айларында Қарсақбай мен Москва аралығында жұмыс бабымен жүріп, әредік Қызылордаға да соғып, театр сауықтарын тамашалаған сынды. Соның бірі, сірә, театрдың бір жылдық мерекесіне арнап, 13 қаңтар күні қойған қорытынды ойын-сауығы — күлдіргі шығарма «Малқамбай», сонынан екі бөлімді концертті қызықтаған. Кештен алған әсерін жас инженер ішінде сақтап қалмай, «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 24 қаңтар күнгі санында «Қазақстанның ұлт театры турағы» атты көлемді мақалада ашық баяндаған.

Біздіңше, Қаныш Имантайұлының өз ұлтының әншілік қабілетін, ән-күй, би байлығын, ойын-сауыққа деген құштарлығын қалай бағалап, терең түсінетіндігін, талапты қүшейтсе бұл салада қандай биікке көтерілер мүмкіндігін осы мақаласында дәп басып, тамыршы тәуіппей айқын көрсеткен. Бірер үзінді оқып керелік...

«Әміре (Қарқаралы дуанына қарасты Дегелен болысының ту масы, Парижде (1925), Москвадағы этнографиялық сауықта және Майндағы Франкфурт қаласында (1927) ән салған Ә. Қашаубаевты айтып отыр — M. C.) бұл жолы назарын «Қанапия», «Жанбота» сияқты шырқалып, шалқып салынатын қазақтың ескі, ескекті әндеріне молырак көңілін бөлгендігін көрсетті. Бұл, әрине, сүйсінерлік нәрсе. Мұнан былай да Әміре сияқты әншілер осы бағыттан таймауы дұрыс болар еді. Өйткені «Қанапия», «Жанбота», «Сырымбет», «Алтыбасар», «Топайкөк», «Шама» сияқты ескі әндер — казақ елінің саф ауа, сайын дала, сары қымызға емін-еркін өрістеп жүрген дәүіріндегі шығарған сарындары. Сондықтан олардың нақысында еркіншілік, еркелік, өжеттік сезімдер күшті. Бұл

жөнінде көрсетерлік аз кемшілік — Әміренің «Қанапияның» аяғын тым шолағырақ қайыратындығы,— дей келіп, сын семсерін тереңірек жайтқа бұрады.— ... Концерт бөліміндегі нашар шықкан Құрманбектің хоры. Ол шынында хор емес. Өйткені шын хор — тенор, альт, бас сияқты әр дауыстың үндестігінен құралуы керек. Құрманбектің хорына келсек, олай емес, бір-ақ дауыстан құралған (унисон). Бұған шынында Құрманбек кінәлі емес, Қазақстанның қазіргі мәдениеті, театр құштерінің лебіз жүйесіндегі жалпы жастығы кінәлі... Қалибектің мысқылдары мен Мұхамедидің би айрықша көз салып, көңіл бөлерлік нәрселер, өткір, орынды, улы мысқыл — көпшіліктің міндерін түзеу жолында ең күшті құралдың бірі екендігі даусыз. Өйткені жабайы сөздер тек сүйектен өтетін болса, улы мысқыл оның аржағында бүйректен де тесіп өтуі мүмкін...»

Мақала иесі соңында үш түрлі ұсыныс айтқан: «1. Театр — ел өмірінің түзу айнасы. 2. Театр — ел міндерінің құрулы төзі, төреши ұстазы. 3. Театр — қазақтың салт-сана, күйі, сарындары сияқты мәдениет өнер көндерінің терең ошағы, үйтқысы. Бұл негіздерді жүзеге асыру жолында үлт театрына әлі де болса келешекте кеп қайрат, қажыр, қазына керек болады...»

Тегінде, жаңа өнердің табысын көтермелеп, кемшілігін тізіп, әрі соны мәдениеттің кәсіби тілімен, ділімен, көрермендік білгірлікпен айтып беру — сахна шеберлерінің өзіне де оңай емес. Кен іздеуші инженердің бұл міндетті де жеріне жеткізе көрсеткенін аңғарамыз. Сірә, бұған оның ән әуеніне әуегейлігі сеп болған...

Қазақтың ән мұрасын жинауға шыққан хас зерттеуші А. В. Затевичке Сәтбай әuletінен екі әнші әуен жаздырған: оның бірі Газали Мағазұлы (Жәмін Сәтбайұлының немересі), зерттеушінің «500 қазак әндері мен күйлері» жинағының (М., 1931) 322, 323-ретінде ол Ақан серінің «Құлагер» (IV түрі) және «Үрия-ай» әндерін айтып беріпті; ағасы Қаныш Имантайұлының қосқан үлесі молырақ...

«Қаныш Сәтбаев — жас қазақ инженері, Том технология институтында білім алған,— депті Александр Викторович соғы жинағының 267-түсінігінде.— Баянауыл әндерін ол өте көп біледі және келістіре орынайды. Мына жинақ ушін ол көптеген әндер мен әуендерді айтумен бірге, солар туралы өте құнды деректер қосып, әмбे әндер мәтінін орыс тіліне мұқият аударып та берді...» Оның айтуымен жинаққа 324—348 ретте кірген әндер мыналар: «**Мақпал**» (V түрі), «**Башқұлбай**», «**Обаған**» (К. И. бұған «Семей өніріне Қостанай уезінен келген ән» деп түсінік берген), «**Ажардың сарыны**» («Үш жасынан зағип бол қалған, Қарқаралы уезінде «Соқыр Ажар» атымен мәлім енерпаздың қайғылы әні» делінген), «**Жарылғаптың сарыны**» (IV түрі), «**Іңкәр**» («Аққұмның бір түрі»), «**Арғы жағы Ертістің**», «**Қожабек сал**», «**Шахиданың әні**» («Ақмола губерниясына қарайтын Қекшетау уезінде туып, Баянауылда түрған зағип әнші, шерін әнмен берген»), «**Мекшениң әні**», «**Әмірдің әні**», «**Құла Жекей**» («Бәйгенің алдын бермей дара

келетін атқа шығарылған ән»), «Құла жорға», «Қоғалы көл», «Базарбек» («Оң жақта отырып бала тапқан әйелдің мұны»), «Шәженің сарыны» (VI түрі), «Зілғараның әні» («90 жасында жас қызыға үйленіп, зорығудан ақылынан шатасқан кісінің шығарған құлдіргі әуені» деген түсінік жазыпты), «Талыпжанның әні» («Сүйгеніне тұрмысқа шыға алмай, күйеуін жатсынған келіншектің бұрынғы нақсұйерінен тапқан бөбекін жұбатқан бесік әні» делініпті), «Әлди бөпем», «Бибігүл», «Хорлан» (V түрі), «Ал шіркін», «Сұңқарым-ай»...

Ескерттер бір жайт: алтыны бар жерді белден қазатын кеншілерге ұқсаған, әншісі бар елді шыр айнала кезуден жалықпаған А. В. Затаевич бірде-бір ән айтушыдан, ал олардың ішінде Әміре Қашаубаев, Майра Үәлиқызы, Қали Байжанов, Ғаббас Айтпаев, Жұмат Шанин, Жұсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров сияқты неше алуан әуен дүлдүлдері мен білгірлері бар, нақ Қаныш Сәтбаевтай өте кеп (25!) ән жаза алмаған. Соған қараганда, инженер қазақтың репертуары, айту мәнері ерекше бай болған, әрі жол-жөнекей емес, асықпай отырып жұмыс істеген тәрізді. Біздіңше, олар 1926—1929 жылдар аралығында Москвада, ән жинаушының пәтер үйінде кездескен. Қалайда Қаныш Имантайұлы туған жұртының орасан мол ән мұрасын ерінбей жинап, болашаққа жоғалтпай сақтау үшін өлшеусіз зор һәм жанқиярлық ерлік жасап жүрген қадіменді, ізгі жүректі Александр Викторовичті ерекше құрмет тұтып, оның іздеуашілік және баспагерлік жұмысына барынша қолғабыс еткен. Бұл туралы бірталай деректер бар, соның біразы ғалымның дербес архивінде сакталған.

(Әсілі, зерттеушінің ұлан-ғайыр еңбегіне ізет-құрметті Қанекен бергі жылдарда да жасаған және олар сан алуан: Новодеви чье зиратындағы (Москва) моласына Қазақстан атынан құлпытас қоюға атсалысқан; басына жіңі барып, мінәжат етуден де айнымаған; 1958 жылы Алматыда жарық көрген «А. В. Затаевич. Зерттеулер, естеліктер, хаттар және құжаттар» атты академиялық үлкен монографияның жариялануына мұрындық болған; музыка білгірінің дербес архивінен Жаяу Мұса және басқа да қазақ сазгерлерінің мұраларын Қазақстанға қайтаруға қолғабыс еткен; біздіңше, көрнекті фольклористің аруағына деген (1920—1935 жылдар аралығында А. В. Затаевич біздің халықтың жалпы қарамы 2300-дей ән-күй мұрасын жинағаны, солардың 1500-ін екі мөрте үлкен жинақ етіп жариялағаны белгілі — әсірелеусіз айтқанда, бұл зерттеуші институттың ондаған жылдар атқаратын жұмысы) ең соңғы ізетті ғалым 1959 жылы аңғартқан. Сол жылдың сәуір айында ол Қазақстан үкіметі мен РКФСР-дың қамсыздандыру министрінің атына ресми хат жолдап, әйгілі зерттеушінің бүкіл архивін сақтап, ғылыми сұрыптап, әрі қазақ әуендерін жинау саласында әкесінің жұмысын ғұмыр бойы сәтті жалғастырып келе жатқан, бұл салада «Қазақстанның ән-әуен мәдениеті» атты монография жариялаған Ольга Александровна Затаевичке ғұмырлық дербес зейнетакы тағайындау туралы етініш білдіріпті...)

Шынтуайтын айтқанда, білуге, көруге, жүргүгө ынтызарлық Ұлытау атырабының жерасты қазынасын барлаумен қоса геолог Сәтбаевты әрдайым жаңа ізденистерге құмар етіп, соны іздерге жолықтырып отырған. Кен барлаушының жол дәптерлерінде жер жынысын сипаттаумен бірге жүрген сапарларында өзіне кездескен тарихи түрлі белгі, таңбаларды да аттап етпей, суретін салып, керген-білгенін жазып отырғаны анық. Айталық, Бұлаңты өзенінің оң жағынан, тақтатасты жыныстардан (сланец) тұратын құма жартас бетінен ол көптеген хайуанаттар суретін табады; нақ осындай тас бейнелерді ол Тамды, Жетіқызы өзендерінің бойынан да көрген; ал Ұлытаудың ұлы шыны Едіге үстіндегі, Бала Жезді мен Сарысу өзендерінің жағаларындағы адам мұсіндері ше; немесе Алашахан, Жошы, Домбауыл кесенелерінің көне құрылыштық, сәулет өнерінің үлгісі ретіндегі сипаты...

Мұның бәрі де Қаныш Имантайұлын қатты қызықтыратын. Қиялын қозғап, әр қылы ойға салатын. Ең бастысы, соның бәріне ол ерінбей, жалықпай көңіл бөліп, ынтыға қараушы еді. «Бұл мақала Жезқазған ауданындағы кептеген тарихи көне дүние ескерткіштерін толық және жүйелі түрде баяндауды мақсат етпейді,— деп аяқтапты ғалым 1941 жылы «Народное хозяйство Казахстана» журналының № 1 санында жарияланған «Жезқазған ауданындағы тарихи және көне ескерткіштер» деген ғылыми енбекін.— Керісінше, археологтар мен өлкे зерттеушілерге осы ауданда қаншама қызық та, сан-салалы материал зерттеусіз жатқандығын ескерту үшін жазып отырмыз...»

Зерттеу үшін. Білу үшін. Керу үшін. Тұған жерінің кен тасынғана емес, соның ой-қырына түскен әрбір із, таңбаны, бір кезде болып еткен ескілі-жаңалы тарихты, мәнді оқиғаны жақсы біліп, халық жадында ұстау үшін. Ғылым керегіне, ел кәдесіне жарату үшін. Соны жас үрпак, кейінгі толқын кекейіне сеуіп, биік мұраттарға, ілгері мәдениетке жетелеу үшін .. Оның жаратылышы сол—іздену, әрқашанда іздену!..

## **ЖАРҚЫРАП КӨЛДІҢ АЙДЫНЫ, ОРНАЙДЫ ҚАЛА ӘЙГІЛІ**

### 1

1936 жылдың шілде айы. Шаңқай тұс. Кеңгірдің Наушабай атаплатын төменгі саласында жайлауда отырған Бекболат ауылының үлкен-кішісі үй сыртынан естілген автомобиль гүрліне елеңдеп есік алдына жүгіріп шыққан: кішкене фордигін зыр қақтырып тағы да келіп қалған Сәтбаев екен; жалғыз емес, қасында бір топ кісілері бар.

Машина ауылдан аулак жерге тоқтады да, қораптан түскен жолаушылар үсті-басын Төртқұлдің майда шаң-тозаңынан тазар-

тып әбден сілкіп болған соң ғана Әбдірахман ақсақалдың ортадағы киіз үйіне қарай жүрді.

- Ассалау мағалейкүм, ақсақал!
- Әлік сәлем, Қанышжан!
- Зздравствуйте, хозяин!
- Үздрасты, қонақ, жоғары шығындар!
- Есен-сау жүрмісің, азamatым? Жол болсын?
- Сіздің ауылдың қымызы ұнаған соң тағы келдік, Әбе!
- Бәрекелді, келгенің жақсы! Құдай тағала келгеннен айырмасын!

— Балалар, түнлікті еңкейтіп, іргені көтеріңдер. Таңертеңнен бері күн өтінде болғансындар-ау, сірә, тұтіккен түрлеріңнен көріп тұрмын... Бәйбіше, сусынды тездет!— деп Әбдірахман ақсақал қонақтарын үйге бастады.

Бұлар жеті тұтін еді: Әбдірахман, Сәмет, Әлім, Балғымбай, Байсымақ, Жанділдә және Өубәкір үйлері. Жетеуі де осы төңіректі ежелден мекендейтін бағаналы найманның Бекболат деген бұтағынан тараитын. Тұрмыстары қораш, кедей ауыл болғанымен — көңілдері жомарт, қолдары ашық, шетінен мырза жандар. Мінездері момын, еңбегімен жер емген, азын-аулақ мал өсіріп, соның несібесімен күн керген еңбекшіл ауыл. Қыстаулары да бұл арадан қашық емес. Кенгірдің жоғарғы бойында.

— Қаныш шырағым, сен өзі кейінгі кезде біздің Наушабайға келуді жиілетіп баrasың. Күн құрғатпай десем етірік болар, әйтеуір биыл сағындырмай соғып жүрсің. Немене, мұның да астынан бірдене таптың ба?— деп сұрады Әбдірахман қарт тегене толы қымызды алдына ала беріп.

— Мұның кереметі астында емес, үстінде болайын деп түр, Әбе. Шынымен білгіз келсе, ауыл адамдарын шақыртыныз. Наушабайда енді бірер жылда қандай езгеріс болатынын айтып берейін. Мына кісілер соның жобасын жасауға келген мамандар, Москвальк жігіттер,— деп Қаныш Имантайұлы қасындағы серіктерін талыстырыды.

Қонақтар бірер аяқ қымыз ішкенше жұртты шақыра кеткен бала қайтып оралды. Іле-шала алты қанат қоңырша үй кісіге лық толды. Ересек балалар мен әйелдер де қалмаған, жапа-тармағай туғел келіпті.

— Бұл жердің Наушабай деген ескі аты сақтала ма, сақталмай ма — ол арасын білмеймін,— деді Сәтбаев көпке қарап.— Менің анық білетінім — нақ осы дөңеске, сіздің ауыл қонып отырған биік жарқабақтың үстінен үлкен қала салынады.

— Қала дейді?! Оның керегі қанша?

— Қандай қала? Қарсақбайдай үлкен бола ма? Әлде ана Жезқазғандағы Уредник қалашығындағыдай жертөлесі мен барагы жыптыраған кіп-кішкентай бірдеме ме?

— Жә, тыныш отырып тыңдаңдар! Сөз бөлгені несі, түге!— деп Әбен жекіп таstadtы.

Жұрт тынышталған соң, Қаныш Имантайұлы әңгімесін қайта жалғады.

— Жок, бұл арадан салынатын қала олардың біріне де үқсамайды. Мұның көшелері оқтай тұзу, үйлері биік те сәнді, көрген жан келбетіне таң қалғандай сұлу қала болады. Әр үйдің алдында жайқалып гүл, мәуелеп ағаш өседі. Бұл қалада қазіргі он Қарсақбай, Жезқазғандағы жұз поселканың тұрғыны түгел сыйғандай көп кісі тұрмак. Онда кәдүилгі жолаушылар поезы тоқтатын үлкен вокзал, аэроплан қонағын тамаша айлақ салынады. Қаламен бірге бұл жерде, ағайын, Кеңес Одағындағы, бәлкім, дүние жүзіндегі ең үлкен зауытта орнайды. Иә, оның алыстығы Қарсақбайдағы кішкене зауыттан жұз есе, бәлкім, одан да зорырақ болады. Сондай үлкен өндіріске қоса Наушабайда кен тасын ұнтақтап, байытатын бірнеше ірі фабрикалар ірге көтереді. Яғни Жезқазғандағы кеніштерден шығарылған кен тастары осы араға кең табанды поезден әкелініп, жаңағы байыту, сұрыптау ісінен өткен соң алып зауытта қорытуға түспек. Сол себепті бұл қаланың негізгі тұрғындары құрылыштылар мен байытушылар, кен қорытушы металлургтер болады. Сол кезде осы күнгі сіздер білетін Рудник поселкасы жаңа қаланың қоңссызы сияқты кішірейіп қалмақ. Өйткені онда кен өндіретін рудниктер ғана болады. Ал кеншілер шахтыларға осы арадан қатынап тұрады...

— Ойбай-ау, салт атпен түсте шыққанда, жұлдыз жамыратып әрен жетіп жүрміз сол жерге. Бұл арадан баратын болсақ, жұмысты қай уақытта істейміз?— деп күңкілдеген еді біреу есік жақтан.

Қаныш Имантайұлы оған күле жауап берді.

— Бұған да амал ойладық, отағасы. Рудник пен қаланың арасында жүйрік электропоезд жүріп тұрады. Немесе елу, жұз кісілік үлкен автобустар. Былайша айтқанда, женгейдің самаурыны қайнағанша сіз рудникте боласыз.

— Жә, қарағым Қаныш, сен айтқан соң сенбеуге болмайды. Ал сенейік десек, мынауың ертегілерде айтылатын дию-перілердің бір-ақ түнде тұрғыза қоятын қияли шаһарларына үқсайды. Есімізден танбай тұрғанда, бәрін қойып, осы айтып отырған қала қашан салынады? Соны естіртші, жаным! Біз кереміз бе соны?— деп сөзге киілкіті ақырында Әбдірахман қарттың өзі де.

— Кересіз,— деді Қаныш Имантайұлы сабырлы шырайда,— сөзсіз көресіз, Әбе! Келесі жылы сіздің ауылдың малы жайылып жүрген жазыққа темір жол тәселең, поезд келеді. Онан арғысы әрі дегендегене бес-алты жыл...

— Айтқаның келсін, жарқынам! Аузыңа — май, астыңа — тай! Сонымен келесі жылы бізге бұл араға қонба, жаңа қалаға орын бер демексің ғой?

— Жайлауыңызды ғана емес, сіздерге, тегінде, қыстауларыныңды да беруге тұра келеді. Өйткені бүкіл Досмырза моласының айналасы, Кеңгірдің осы жарқабақтан отыз шақырымға дейінгі жоғарғы бойы түгелдей шалқыған айдын көл болады.

— Ә, не дейді?!

— Қойши, қарағым, қайдағы жоқты сөйлемей...

— Сонша су қайдан келеді, қызық екен, аспаннан жауа ма?

— Аспаннан емес, жерден аламыз. Қеңгірдің алдын бөгейміз. Қарсақбайдың іргесінен Құмоланы тоқтатқандай, мұнан да бегет түрғызамыз. Бірақ ол Қарсақбайдағы тоспадан жұз есе үлкен болады. Жаңа қала суды сонан алады. Салынбақ, фабрика мен зауытқа да көп су керек. Әлгінде мен айтқан бау-бақша, мәуелі ағаштар, қызыл-жасыл гүлдер де сонымен өседі.

- Бәрекелді, сез-ақ!
- Шынында да, мұны керер ме екенбіз? Қап, кешірек тумай!..
- Кермей елуге болмайды екен, бәйбіше, естідің бе?
- Ау, сонда біз қайтеміз? Бекболаттың жеті үйі қайда көшеді?
- Оған қайғырманың, отағасы. Жаңа қаладан жетеуіңіз де пәтер аласыздар. Өйткені қарап отырасыздар ма, өздеріңіз-ақ сол қала-ның іргесін көтересіздер... Ал мына отырган кішкене балақандар болса, осы жerde салынған зәулім мектепте, техникум, институтта оқып, мамандық алып шығады. Түбінде мыс зауытын билейтін, алып шахтыларды жүргізетін дей инженерлер де осылар болады, көресіздер, бұлар әлі-ақ сейтіп көсегелеріңізді кегертеді!..

Сәтбаев тостағандағы қалған қымызының сарқып ішті де, үй иесіне рақмет айтып, шегініп отырды. Ешкім ләм-мим деген жоқ. Сірә, көбі әлгінде естігеніне нанар нанбасын білмей дағдарып қалғандай. Бір сәтте ауыл ақсақалы Қаныш Имантайұлына қарап:

— Апыр-ай, осының бәрін бір өзің ойлап таптың ба? Шарадай басыңа қалай сыйған, жарқыным? — деді таңдайын қағып.

Геолог биязы жымыып:

— Ақсақал, мұндай үлкен шаруаны бір кісі жападан-жалғыз істей алмайды. Көп инженер, маман адамдар бас қосып, талай уақыт зерттеп, онан соң әлденеше мәрте талқыға салып, өзара ақылда-сып шешеді. Қазақ айтпаушы ма еді: «Кеңесіп пішken тон келте болмайды» деп... Бұл шаруаны да біз солай істедік, — деді әлде-неге ойланғандай есіктен көрінген мәлдір аспанның тұңғиығына қадала қарап...

## 2

Кеңгір су қоймасы мен Жаңа Жезқазған қаласының орнын белгілеу мәселесі мамандар сарабына әлденеше қайтара түскен. Соның бірі Москвада, Академияның үшінші ғылыми сессиясы кезінде, 1934 жылдың 13 қараша күні су қорлары секциясының мәжілісінде болған-ды. (Онда сейленген сөздер мен ғылыми айтыс деректері «Үлкен Жезқазған»\* жинағынан алынғаны, тек соны әдеби жүйелеп, ұғымға женіл түрге келтіріп, әрі ықшамдал баян-дағанымызды ескертеміз.)

«Үлкен Жезқазғанды сумен қамтамасыз ету мәселелері» деген тақырыпта жүрген талқы Москванды «Водоканалпроект» ин-

\* Большой Джезказган. Сборник материалов по проблеме комплексного изучения и освоения природных ресурсов Джезказгано-Улутавского района Центрального Казахстана. Академиздат, Москва—Ленинград, 1935, 533—597-б.

ститутының жетекші мамандары И. Е. Суров, М. А. Стекольников және М. А. Руффель жасаған ғылыми баяндамаларды тындаудан соң басталған.

— Ұлытау ауданының картасына бір сәт кез тоқтатып қараңыз-даршы,— деген-ді бірінші сөйлеген шешен қабырғада ілулі түрған жағрафиялық карта мен қызылды-жасылды әр түрлі схемаларды нұсқап,— карта бетінде айқыш-ұйқыш тартылған ирек сыйықтар аз емес. Бұлардың бәрі де өзендерді кескіндейді...

«Онысы рас,— деп ойлаған-ды Сәтбаев та геологиялық саяхаттары кезінде өзі әр жерде кешіп өткен Ұлытау өзендерін есіне алып: Қара Қенгір, Сары Қенгір, Қарағанды, Жыланды, Үлкен Жезді, Бала Жезді қосылып ақыры Қенгір атанады да Сарысуға құяды — бұл онтүстікке ағатын сулар; терістікке Қыпшак, Терісаққан, Қара Торғай, Сары Торғай, Кері Торғай, Сөрелі, Жетіқызы, Сарлық, Есқұла, Қайынды, Бозай, Арғанаты шығады; құнбатысқа құлайтын арналы өзендер — Үлкен Жыланшық пен Дұлығалы Жыланшық; онтүстік-батыста — Байқоңыр, Қияқты, Қарғалы, Қайдагәл, Түйемойнак, Үйтас-Айдос, Қостеңбіл, Дүйсенбай, Құмола, Белеуті, Қалмаққырған өзендері; картаға түспегенмен көктемде ағыл-тегіл тасып, анау-мынау көлікке өткел бермейтін жыра, өзекше, бұлактар аз ба?.. Иә, көктемде келсөн — Ұлытау алқабында өзен көп, тіпті жер бетін тегіс су алып кеткендей көрінеді...»

— Біздің институт екі жыл бойы Ұлытау ауданында зерттеу жүргізді. Соның нәтижесінде Жезқазған төңірегінде ешқандай жерасты сұы жоқ екендігіне көзіміз кәміл жетті. Демек, Үлкен Жезқазған комбинатының құрылышын бастайтын болсақ, бір ғана үміт — жергілікті өзендердің көктемгі сұын шама келгенше кебірек ұстап қалу. Бұл үшін сегіз, бәлкім он жерден су қоймасын салу керек. Атап айтқанда, Қара Қенгір, Сары Торғай, Байқоңыр, Қияқты, Үлкен Жезқазған тоспаларын және Құмола өзенінің бойынан үш бөгет. Осы тоспалардан кеншілер қаласы секунд сайын екі жарым мың литр су алатын болады. Өндіріс қажетін бұл көлем артығымен өтейді. Біздің есебімізше, аталған қоймалар Ұлытау алқабында бау-бақша өсіріп, өсіреле көкөніс егіп, егін шаруашылығымен де кең түрде шұғылдануға жағдай туғызады. Өздеріңізге мәлім, кешелі-бүгінгі мәжілістердің бәрінде де бұл өлкенің топырақ құрамы егін салуға қолайсыз, қоректік заттары тым жұтаң деп бағаланды. Біздің институт ұсынып отырған тоспалар жүйесі, мениңше, бұл көзқарасты бүтіндей теріске шығармақ...

Өлдене сұрамақ болып Сәтбаев қолын көтеріп еді, мәжілісті басқарып отырған академик Веденеев басын изеді.

— Жолдас Суров, Ұлытау алқабы үшін тап бүгінде қай сала маңызды деп ойлайсыз? Өндіріс қажеті ме, жоқ әлде ауыл шаруашылығы өнімін кептеп өндіру ме?

— Жоспарлы өндіріс жүйесі социалистік шаруашылықты «Мынау мәнді, мынау мәнсіз» деп ішінара жіктел, салаға бөлмейді. Ал коммунизм құрылышының түпкі мақсаты — дала мен қаланы тенеу!.. Мұны, сіз, қадірлі Сәтбаев жолдас, жақсы білесіз. Біле түрліп керегар сұрақ қойғаныңыз маған мұлдем түсініксіз. Сейтсе де

ұғындырып көрейін: бұл өлкеде бір емес, сонша көп қойма жасауды ұсынғанда біз екі саланың да қаз-катар өрістеуін ескердік. Ал Ұлытау ауданы, тұра сөзіме ғапу етіңіз, қымбаттым, өндіріс қана емес, ауыл шаруашылығынан да кенже қалып отырған ете жұтан өлке...

Б. Е. Веденеев қарындашының тықылдатып:

— Жолдастар, талқылауға қойылған мәселе бойынша пікір айтударыңызды өтінемін. Әңгіме сусыз қаңсып жатқан шөл даланы суландыру турасында болып отырғаны туңінкті шығар,— деп ес-керту жасады.

Залдағы жүрт біразға дейін сыр бермей жайбақат отырып қалды. Әр түстан тек баяндамашыны құптаған үндер естіледі. «Батыл шешім», «Жоқтан бар жасаған жоба», «Жарайсың, Водоканалпроект!..» Сәтбаевтың құткені болмады. Мәжіліске қатысуышы білгір гидротехниктер нақтылы пікір айтып, жобаның қиял дерлік, көпе-көрінеу көреғар негізін ашып берер деп үміттенген. Бұл жайында тіпті ешқайсысы сез қозғар емес. Бір сәт оған «Водоканалпроект» жобасы талқылаусызы-ақ қабылданатын тәрізденді. Амал жоқ, сез сұрауға тұра келді.

— Суров жолдастың бізге жария еткен ұсынысының қажеттігін мойындей тұрып, бір жайтты ашық айтуды парызым деп білемін,— деді ол мінбеке шыққан соң.— Мениңше, бұл жобада дербес екі мәселе бір-бірімен мимырт араласып кеткен: оның бірі — Ұлытау алқабында мыс өндірісін ашу; екіншісі, ауыл шаруашылығын тыңнан көтеру, яғни әлгі тоспалардағы суды егіншілік пен бау-бақшаға пайдалану... Жолдастар, сіздер бұғін не үшін жиналып отырсыздар? Қайталап тұрсам, ғапу етерсіздер, Үлкен Жезқазған комбинатын сумен жабдықтау мәселеңін кенесу үшін! Ендеши, бұғынға әңгіме де соның тәңірегінде болуға тиіс... «Водоканалпроект» жобалаушыларымен біз Жезқазғандың бұл жайында талай мәрте әңгімелескенбіз. Демек, жергілікті мамандардың пікірі Суров жолдасқа мәлім. Сейтсе де біз бұғін өндіріс мұддесінен алшак, жасалған, тіпті қиғаш кеткен фантастикалық жоба көріп отырмыз. Неге? Ауыл шаруашылық өнімдерін Жезқазғанға әзірше поезден де әкелуге болады. Жол мәселеңі шешілетін әңгіме... Ал Жезқазған мысыны «су жоқ» деп миллиардтаған тонна бос жыныспен қосып алысқа тасу — мүлдем тиімсіз, ақылға сыймайтын тірлік. Біздіңше, Ұлытау ауданына барлық керекті өзі өндіретін сан салалы шаруашылық деп қарау қате көзқарас және қажет емес. Біз ортағасырдың натуралдық шаруашылығы дәурен сүрген заманда емес, социалистік құрылымың дәүірінде енбек етіп отырмыз, жолдастар...

Соңғы қатардан бір-екі кісі қатты құліп, қол соқты. Алдыңғы орындыққа жайғасқан академиктердің бірі қасындағы жас инженерге бұрылып, өлдене деп жынысып езу тартты.

— Құрметті Қаныш Имантаевич, Үлкен Жезқазған қоймасы секундіне екі текшеметрден аса су беретініне шұбәланбайтын боларсыз?— деп сұрады жобалаушы инженер Руффель.

— Жоқ, бұған таласым жоқ. Оны толтыратын Кеңгір — Ұлытаудан бас алатын өзендердің ең суы мол арналысы.

— Бұл тоспада екі жұз отыз жеті миллион текшеметр су болады. Өндіріс қажетіне соның алтыдан бірі ғана шығындалады. Қалған суды егінге пайдаланбасақ, буға айналып бәрібір ұшып кетеді. Одан бізге қанша пайда бар? Сіздің мұна позицияңызға мен де таңмын,— деді Руффель.

Тағы бірер маман сөзге шығып пікірлерін білдірді. Бірақ Суровта, Сәтбаев та бір-біріне есе бермеуге бекінгендей-ақ ез ойларынан танбады.

Мәжілісті басқарушы Борис Евгеньевич алдындағы графинді тықылдатты, айтысушылар бұған да тоқтамаған соң орнынан көтеріліп:

— Мен сіздерді мұлдем түсіне алмай тұрмын,— деді тыжырынып,— Сәтбаев жолдас бұлауданда егін шаруашылығын еркенде-туге қарсы. Әрине, керек болса, азық-түлікті алыстан тасуға да болады. Бірақ өндіріс басында шоғырланатын халықтың қамын неге ойламасқа? Оларды қекөніссіз шөлдалада қалай ұстаймыз?..

Жезқазған барлаушысы тағы да мінбеге шықты.

— Менің ойымды, шынында да, жете түсінбеген екенсіздер, жолдастар. Астық егудің пайдалы іс екенін мен өте жақсы білемін. Құдай біледі дейін, бақша жемісіне де, қекөніске де тәбетім жаман емес. Ал Ұлытау алқабының жан-жақты ғұлденеу — мениң ежелгі арманым!.. Бірақ мен, тап бүгін, қиялдан гері нақты іспен шұғылдануды жөн көремін. Бір ауданнан сегіз, іә он су қоймасын салу, әрине, жаман емес. Оларды өзара жалғастыратын құбырлар жүйесін қоса есептегендегі, бұл кем дегенде жұз миллион сомға түседі. Солай емес пе? Жә, сонша қаржыны бізге кім береді? Мәселенің бұл ең қыны. Бір деңіз... Екінші, бүгін таңда бізге Жезқазғаннан не қажеттірек: мыс, әлде картоп? Меніңше, мыс! Кеңір бөгетін салу үшін де өдәуір қаражат керек. Үкімет бұл қаржыны бізге сөзсіз береді. Не үшін? Ғапу етіңіздер. Тағы да қайталаїын: тек қана жерастындағы мыс кембесін алу үшін! Ендеше, салынатын су тоспасы өндіріс қажетіне ғана қызмет етуге тиіс. Руффель жолдас, сіз әлгінде өндіріс пен қала қажетіне Кеңір қоймасындағы су қорының алтыдан бірі ғана шығындалады дедініз. Оныңыз дұрыс емес, көзге көрініп тұрған баданадай шындықты қысынсыз бұрмалау. Неге дейсіз бе?.. Өз жобаларыңызды сіздер кенорнының таяу арадағы бес-он жылдық өсу мүмкіндігін ескеріп жасағансыздар. Бүгін таңда Қарсақбай, Байқоңыр және Жезқазғанда отыз мындаі халық қоныстанып отыр. Жобага сіздер осыны негіздел, іә екі-үш есе көбейтіп алғансыздар, айталақ, жұз мың шамасы халық болады деп. Ал мен, Суров жолдастың әлгінде маған үйреткен саяси сабағын еске алып, яғни Жезқазған болашағына социалистік жоспарлы құрылыш деп қарап: «Ұлытау алқабында алдағы жиырма-отыз жылда ең кемі үш жұз мың кісі тұрады; онда орасан зор алып кеңіштер, карьерлер, фабрикалар, зауыттар жұмыс істейді; олардың әрқайсында мындаған жұмысшылар еңбек етеді демекпін. Демек, «Суы қажет мөлшерден әлденеше есе артық» деп отырған қойманың өндіріс пен қала шығынын толық өтей алмай қалуы да ғажап емес. Бұдан шығатын қорытын-

ды: тоспаның сүйн жер суландыруға жобалауға болмайды! Бұлай етсек, жолдастар, өзін-өзі ақтамайтын артық шығынға ұрынамыз. Себебі, біздің зерттеуімізше, Ұлытаудың онтүстік баурайы, яғни жоғарыда аталған алты-жеті тоспалар салынатын төңіректің топырағы егіншілікке аса қолайлы емес. Ал егін салу үшін шұрайлы, топырағы құнарлы жер іздесек — оны бұл өлкенің терістік өнірінен қарау керек. Бірақ, амал қанша, бұл маңай өлі қүнге дейін бірде-бір агроном, иә гидротехник зерттеушінің, жобалаушының назарына ілікken емес...

— Сіз Жезқазған қыртысында жерасты сүй жоқ деген тұжырымға да қарсы көрінесіз? — деп сез қосты академик Веденеев.

— Біздің Сәтбаев жолдаспен келіспейтін де бір тұсымыз осы, — деп беделді ғалым-сұшының демеуін іле жөнелді Суров орнынан атып тұрып.— Нақтылы айғаққа жүгінелік, коллега!.. Ұлытау аты-рабына жыл сайын жауатын қар мен жаңбырдың су келемі жазда буға айналып аспанда қайта көтерілетін ылғалдың оннан біріндейғана. Бұл өлкедегі ғажап ыстықтың, күннің күйдіргіш құдіреті сондай! Қайталап айтамын: оннан бірі!.. Қаныш Имантаевич, сіз есепке жүйрік адамсыз, өзіңіз айтыңызшы, астаудағы он шелек сұдың тоғызы қайта буланып жатса — жерастына су қайдан барады? Құдай тағаланың құдіретімен болмаса, білмеймін...

Залдағы жұрт мынадай мойын бұрғызбас ұтымды желеуге же-зқазғандық инженер не айтар екен дегендей, іштентынып, мінбеге сұстия қарасты. Қаныш Имантайұлы қысылған жоқ.

— Сіз бұғінгі айғаққа жүгінсеніз, мен ертедегі деректерге мойын ұсынамын, Иван Егорович,— деді ол байсалды үнмен.— Он алтыншы ғасырда Москвада жарық көрген «Үлкен сыйза» кітабында: «Ұлытаудан ұш өзен шығады, оның бірі Сарысуға құяды, өкеуі Сырдарияға қосылады» делінген. Сарысуға құятын өзен — Кеңір. Ал Сырға баратын өзендер қайда? Бұларды қазір ешкім де білмейді. Демек, Ұлытау алқабы бұғінгі қуан күйіне бірден емес, біртіндеп көшкен. Оның көне жотасында құпиясы әзірше бізге мәлімсіз жұмбак құбылыстар болған. Сол себептен де мен сіздің, ғапу етіңіз, «Түскен ылғал буға айналып, әуге қайта ұшатын ылғалдың оннан бірі...» деген жорамал есебінізге шубәлімін. Өйткені көктемде ағыл-тегіл тасыған өзендердің сүй жерастының жарық-шакты, әктасты қабаттарына сіңіп кетеді деп неге ойламасқа? Шынында да, көктемде күннің қызыуы онша емес, еріген қар сүй буға айналып үлгермейді. Олай болса, сіздің буға берген тоғыз шелек сұнызыға да мен сенбеймін. Меніңше, оның қақ жартысы астаудан тесік тауып жерге сіңіп кетті. Ал сіз сынақты су құрып кеткен кезде, ми қайнатқан шілдеде жасап отырсыз... Қысқасы, жолдастар, Жезқазған төңірегінен жерасты сүйн мұқият іздеу қажет. Менің бұл пікірімді өздерінізге сәтті еңбектерімен мәлім «Гидроэлектропроект» инженері Ф. П. Моргуненков жолдас та қуаттайды. Ол кісі де бұғін осында отыр, Ұлытау алқабын «Водоканалпроект» жобалаушыларынан гөрі көбірек әрі түбегейлі зерттеген гидротехник өз тұжырымын бүкпей ашық естірткенін қалар едім...

...Әңгімеге ақырында «Гидроэлектропроект» институтынан шақырылған сарапшы маман, профессор А. А. Предтеченский арапасты.

— Сәтбаев жолдас ойланатын сөз қозғады,— деп бастады ол.— Нәк қазірде бізге мәселенің әділін айту керек: талқылауға ұсынылған су балансы толық зерттелмеген, бірер жылғы болмашы деректерге сүйенген... Соның өзінен-ақ Жезқазған өндірістері қуатын жедел өсірген кезде ауыл шаруашылығына пайдалануға су қалмайтынын көріп отырмыз. Демек, жер үстіндегі суды жинап, тоспада ұстая жан-жақты зерттеу ғана емес, артезиан қоймаларын іздеуге де күш салу керек!..

Мәжілісті академик Веденеев қорытты.

— Бүгін біз не көріп отырмыз? Көп-көрім жоба тартылды алдымызға. Сейтсек, ол осы жақта ойша жасалған дүмбіlez дүниe екен. Институт жобалаушыларының бұл іске жауапсыз қарағаны, өткен жазда жасалған бірер айғы бақылауға сүйеніп, тіпті бұл өнірде жүргізілген бұрын-соңды зерттеулер мен жергілікті мамандардың ой-пікірлерін ескермей, нақтылы жер жағдайына үйлесімі аз, шикілі-післі жоба ұсынғаны талқылау үстінде мәлім болды. Топырақ құрамы толық зерттелмеген, әмбे құнарсыз қыртысты ауданда суармалы егіншілік кәсібін ұйымдастыруды ұсыну — осының айғағы. Су балансы есебінде де дүдемал жайлар кеп. Ал біз бүгін болашақ мыс өндірісін сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге жиналышп отырмыз... Сол себепті назарларыңызға мынадай қаулы жобасын ұсынамын: «...Жобалану кезеңіндегі Үлкен Жезқазған мыс комбинаты өзіне қажет техникалық және коммуналдық суды Кеңгір өзенінен алуға тиіс; суармалы егін шаруашылығын ұйымдастыру өте шағын зерттеу материалдары негізінде әзірленгендейдігін атай отырып, жобаға пайдаланылған кейір деректердің қайыра тексерілуін, бұл ауданнан жерасты суларын іздең, оның қорын дәлірек анықтау қажеттігін де ескерту шарт».

Бұл өлкені сумен жабдықтау шаралары мұнан кейін де әлде-қанша рет мамандар сарабына түскен-ді.

Ақыр аяғында ұзын ырғасы жеті жылдай уақыт зерттеліп, мамандар ұсынған түрлі нұсқалар егжей-тегжей тексерілуден кейін, ту баста инженер-гидротехник Ф. П. Моргуненков ұсынған жерде, яғни 1928—1931 жылдар аралығында геологтар Гривнев пен Зайцев тоспа табанының гидрогеологиялық құрылымына жарамды деген тұжырым жасаған Досмұрза моласы тұрған деңесте (жобада «Тос-мурза» деп аталды) бертиңде бұл бөген «Кеңгір су қоймасы» деп аталды) негізгі су тоспасын тұрғызуға мәмлекеттік келісті. Оның техникалық жобасын жасау осы өнірде 1933 жылдан беріде зерттеу бастап, жан-жақты деректер жинаушы «Водоканалпроект» институтына тапсырылды...

1936 жылдың жазында дайын болып, жергілікті мамандар на зарына ұсынылған жоба бойынша, Кеңгір бойында тұрғызылмақ (қазіргі Жезқазған қаласын шыр айнала түзілген су айдыны) тас бөгеттің ұзындығы 622, биіктігі 26 метр еді, одан ұзын тұрқы отыз жеті жарым, көлдененең бір шақырымдай жасанды көл түзілмек-ті.

Сонымен, Жезқазған жайындағы ұзақ сонар сөз бер айтыс нақты әуенге көшіп, жобалаушы институттардың сарабына түскенді. 1936 жылдың 25 наурыз күні ауыр енеркесіп наркомы Г. К. Орджоникидзе Жезқазған мыс корыту комбинатының құрылышын бастау жөніндегі бүйірlyқ қол қойған: бұл үшін «Жезқазғанқұрылыш» басқармасы құрылып, оның үйімдасу жұмыстарына ғана екі миллионнан астам сом қаржы босатылған. Келесі жылға бұл сома жиырма бес миллионға өсіп, ал 1940 жылдың аяғына дейін Жезқазған құрылышшылары бұл өнірдегі әр түрлі қурделі жұмыстарға жарты миллиард сом шамасында қаржы игеруге тиіс-ті.

Софан орай Қеңгір өзенінің көне жағасында алып құрылышқа жан-жақты әзірлік басталған.

Бұл күндер байырғы жезқазғандық Жапак Алдабергеновтың сол жылдары қойын дәптеріне түрте жүрген естелік жазбаларында\* біршама нақтылы суреттелген:

**1937 жыл, 20 тамыз:** «Жұмыскер қаласы Қарсақбай. Жолаушылардың бекет үйіне орналастым. Москвадан келген «Водоканалпроект» өкілі Иван Владимирович Нечаевпен келісіп, жұмысқа түстім. Шаруашылық женіндегі агентімін, былайша айтқанда, жабдықтаушы...»

**26 тамыз:** «Нечаев екеуміз Қеңгірдің жағасына аттандық. Нашабайға сағат бескे таман әрен җетіп, ауа райын зерттейтін мекеменің бақылаушысы тұратын тас үйдің іргесіне палатка тігіп қойдық».

**27 тамыз:** «Төрткүл жаққа шығып жер көрдік. Жолшыбай қалың, баялыш кезікті. Ту қияннан көмір тасимын дейсін, нағыз отын осы!» дедім Нечаевқа. Бастығым бұған бірден келісіп: «Дайында қысқа!» деп нұсқау жасады. Оны шабатын, таситын кісі керек. Жұмыскер табу да — менің міндетім. Бұған қоса кеңсенің үйін, біздің кіслер тұратын баспана мен қоймалар салғызууды басқаруым керек».

**28 тамыз:** «Іргемізде тұрган «Талап» колхозына барып, басқарма Бекен Тыныбекұлымен келісіп қайттым. Жұмыскер бөлетін болды. Уақытша болса да киіз үй, түйе де берді. Көрші қақысы деген осы емес пе».

**1 қыркүйек:** «Бес үй тігіп қойдық. Он жұмыскеріміз бар. Арбасымен екі түйе тағы алдық. Тас алатын қазаншұңқырды ашып, тасуға кірістік».

**10 қыркүйек:** «Москвадан бір топ мамандар келді. Инженер, техник, геодезис, топограф дей ме... барлығы жиырма кісі. Оларды колхоздан жалға алған киіз үйлерге орналастырды, өзім жатып жүрген палатка асханаға айналды.

Таңертең Рудникке барып, наубайханадан 200 килә нан алып қайтып келе жатқанымда, арбам сынып, қыыр далада отырып қалдым. Поселкадан сегіз-ақ шақырым бері шыққам, амал не, бес

\* «Жезқазған жұмысшысы» газеті, 1969 ж., 29 шілде, С. Бұқіров жариялаған естелік.

сағаттан астам уақыт күнгө қақталып текке отырдым. Бір мезгілде артымнан шаң көрінді. Геологтар екен, тілеуің бергір Қаныш Сәтбаев машинасына мінгізіп, Наушабайға жеткізіп салды».

17 қыркүйек: «Екі тас барактың құрылышын бітірдік. Кііз үйдегі москваляқтар баракқа қуана көшті. Дүкен ашылды. Жарасбай Ұстабайұлы қысқа жетерлік баялыш дайындаған, оны түп-түгел тасып алдық».

12 қараша: «Оңтүстік Қазақстандағы Ашысай кенішіне кетіп барамын. Құрал-сайман, жұмыскерге киім, асхана үшін сарымсақ әкелмекпін».

...Сәуір, 1937 жыл: «Біздің үш палаткамыз тұрған жерге темір жол станциясы салынады екен. Бұл күнде таңданудан қалдық, қайда қонсақ та үлкен бір құрылыштың орнында тұрған болып шығамыз. Жол салушы жұмыскерлер Петр Колесников, Барақбай Бүкірұлы, Нұрмағанбет Қырғызбайұлы бастаған бір топ жігіт Кенгір жағасына барып тал кесті. Сол талдан қоршау тоқып, «Дүкен» ашпақпыз».

7 мамыр: «Дүкеніміз дайын болды. Соның қасында кірпіштен салынған екі-үш үй бар-тын, темір жол салушылар сонда тұрады...»

7 қараша: «Қазан төңкерісінің жиырма жылдық мерекесі қарсаңында темір жол Шегенді деген жерге жетті. Яғни 396 шақырым жерге рельс төсөлген. Бізге дейін небәрі 32 шақырым жер қалған!.. Мереке күнді думандатып өткіздік. Үлкен жынын болып тамашаға кенелдік. Сәтбаев жолдас көптің алдына шығып, сез сөйлемді. Шешен кісі екен, тұңғыш естуім, өзім сөйлегендей-ақ шексіз риза болдым...»

\* \* \*

Жезқазған әпопеясының шежіре беттері жаңа оқиғалармен күн сайын байи берген. Әмбे бұлар дүбірлі заман ағысына лайық пәрменді, әрқайсысы бір-бір дастан болғандай айтулы оқиғалар еді...

1937 жылдың қараша айы. Нілді мен Жезқазғанның арасы кең табанды темір жолмен қосылған. Жол жедел қарқынмен салынған, сол себепті көптеген станциялар мен разъезддер толық жабдықталмаған қалпында асығыс тапсырылған-ды. Поездар жолшыбай көп кідіріп әрі сирек қатынайды. Бірақ соның өзінде үлкен өмірге тікелей жалғасқан Ұлытау өнірі кең тыныс алғандай, құлашын жаңа жазғандай қауырт құмылға көшкен. Жыл аяғында жаңа жолды Қарағанды – Балқаш сорабына қосып, Арқадағы үш алыпты өзара байланыстыру жайында үкімет шешімі шықты. Бұл үшін Жарық станциясынан жаңа жол танабын тарту қажет...

Отыз алтыншы жылдың қысына таман Гипроцветмет жобалау-шылары Үлкен Жезқазған комплексінің жобасын дайын етті. Жоба әуелі Қарсақбайда талқыланды, сонынан наркоматқа бекуғе жолданған: өнеркәсіп саласы – кең өндіретін рудниктер мен байыту фабрикасынан, жаңа мыс қорыту зауытынан тұрады; бұлардың барлығы, жұмысшы қалашықтары электр қуатын жасанды қөлдің

жағасынан салынатын үлкен ТЭЦ орталығынан алады; бұған қоса Жезқазғанды механикалық жөндеу зауыты, флюстер өндіретін қазаншұңқыры, құрылыс материалдарын дайындастырын ұсақ өндірістер торабы, зор қуатты транспорт паркі, қала іргесіне жақын орналасатын бау-бақша, жеміс шаруашылығы және тұрғын үйлер қалашығы салынуға тиіс...

Жобалаушылар Балқаш қаласын салуда жіберген қателікті ескеріп, құрылыстың бірінші кезеңінде тұрғын үйлер тұрғызыуды белгілеген. Және бұл — алғашқы бесжылдықтар кезіндегідей сұрықсыз барактар жүйесі емес, іә ұсқынсыз үйлері жыпырлаған жұмысшы мекендері де емес, мұлдем жаңа үлгідегі, нағыз социалистік типтегі жаңа қала. Жоба бойынша, ірі ендіріс орталықтары шеткергі түсқа онаша салынып, ал қаланың өзі дербес аланда, өзіне қызмет ететін тұрмыс шаруашылықтарымен, жасанды көлі және су торабымен, бақ, бақша, мектеп, кеншілер сарайы, спорт комплексі, стадиондарымен жеке орналаспақ.

Сөйтіп, инженер Сәтбаевтың бұдан он жыл бұрын «Народное хозяйство Казахстана» журналында сәуегейлікпен жария еткен бағдарламасы қиял болудан қалып, қаз-қалпында жүзеге аса бастаған...

#### 4

Жұмыс көлемі қайтадан ұлғайған соң геологтарға Қарсақбайдан жеке үй (Қ. И. Сәтбаевтың Қарсақбайдағы мұражайының оң жақ белегі) тиген. Бұрын бір отбасы тұрған кең, екі бөлме, ас үйді қоссан — кабинеттің саны үшеу. Қалайда бас механиктің кабинетіндегі бұрынғы екі үстелге қарағанда бұл — «хан сарайында» кең жай!..

Бөлменің ең үлкені — камералка деп аталатын, бұған коллекторлар мен чертеж сыйзушилар ие. Ортада бет тақтайы тәрт шаршы метр даңғарадай сыйзу үстелі орналасқан. Оны жүрт кезектесіп иемденеді: кімге қанша қажет, қанша уақытқа, қандай схема, іә картаны жедел сыйзу керек, болмаса әлдебір скважина қимасын асығыс дайындауға тұра келеді? Сол үшін кейде тұнде де жұмыс істейсің, амал қанша?.. Қабырғаға жабысып, бұрыштарға сыйылысып коллекторлар мен геолог-техниктердің тағандары орын тепкен. Бұл бөлмеде, тегінде, сегіз-тоғыз кісі жұмыс істейтін-ді. Үстелдердің жиі қойылғандығы сонша, кірген-шықкан кісі солардың ара-арасымен қырындал әрен ететін. Бірақ мұндағы жүрт таршылықта үйренген жандар. «Кабинетіміз тар болғанымен одан өретін ісіміз зор!» дейтін әзілдері барды. Камералканың бірден-бір «қожайыны» аға коллектор Руфа Казанцева еді.

Төрдегі шағын бөлмеде үш үстел тұратын. Оны жүрт кабинет деп айтатын-ды. Өйткені онда барлаушылар мекемесінің бастығы Қаныш Имантайұлының өзі отырады. Кіре берістегі екі таған геологтар мен прорабтардың еншісінде, әрине, қайсысына керегірек болғанына.

Бұрынғы ас үйде контордың есеп-қисабын жасайтындар, байлайша айтқанда, арифометр құлағын айналдырып, шот қағушылар отыратын. Кеңседегі ең шулы, мазасыз бөлме де осы.

Қысқасы, геологтардың жұпымын кеңсесінде бір мезгілде 18–20 адам жұмыс істеп, Ұлытау атырабының асты-үстіндегі асыл қазынаны «таразыға» тартып, картада түсіріп, оның келешек тағдырына өріс берумен шұғылданатын.

Отыз бесінші жылдың барлауы кең көлемге жоспарланған-ды. Қаныш Имантайұлының ойынша, соңғы екі жылда келеңсіз тежеуге түсіп біршама кешеуілдеп қалған барлау үлесін таяу мерзімде еселең қайтарту қажет. Бұл үшін отыз екі станок қысы-жазы бірдей істейтін тұрақты жұмысқа көшіріледі, ал жазда ең кемі елу станок бұрғылау жүргізсін. Геологтар басқарған, тіпті техниктер жетекшілік ететін жеңіл отрядтар Ұлытаудың арғы-бергі төңірегін шарлап, пайдалы қазбаларға барлау жасайды.

Қияқты көмірін барлау қайтадан басталды. Онда бес станок жұмыс істейді. Қыста да бұрғылау жүргізуге дайындық жасалып, жұмысшылар тұратын баспана салынып жатыр. Арғанаты тауының етегінен мыс кендерінің шұқанақ белгілері байқалған, әмбे онда алтын жұрнақтары шашыраған ақтас желілері бар. Келес Железнов иемденген Қорғасын кеңін түпкілікті зерттеуге «Цветметразведка» басқармасы аздал қаржы бөлген. Соны енді Қорғасынғана емес, ұрымтал тұрған Арғанаты бойына да жұмсап, ұтымды пайдалану керек... Бүйректегі Атасу мен Қарсақбайдың өз басындағы темір, марганец кендерін де шола қарағанды қойып, дербес барлау партиясын үйімдастырып, кендік қорын, көлемін таяу жылдарда анықтау міндеп. Нәқ осындағы назар Ақши мен Ағадырға да керек, бәрінен де бұрын Теректі, Әулиетас, Терісакқан, Жаманайбат, Атбасар төңірегінен табылған мыс белгілеріне шұқшия үңілген теріс болмас еді-ау. Таңданарлық құбылыс: осының бәрі соңғы үш-төрт жылғы барлауда мәлім болды, әмбे әркімнен қарызданып жүріп атусті қараған ізденісте, ал егер соларды түбебейлі зерттейтін болса?!

Қарсақбай ГРК-ының жетекшісі сол күндерде-ақ көңілін алабұртқан бір сауалды жиірек ойлап мазасы кететін-ди: осыншама мыс пен басқа кең көмбелерінің Ұлытау атырабына шоғырлануы неліктен?.. Мұнда да табиғаттың жұмбақ, заңдылығы жатқаны сөзсіз. Тек кім соны анықтайдын? Бұл үшін кеп уақыт, жылдар керек. Ал қазір?.. Ізденісті барынша қүшеттіп, әмбे жан-жақты өрістету шарт. Тегінде, Ұлытау қыртысының қазына байлығы, олардың өзара жақын орналасқандығы — шағын зауыт үшін шикізат қорын іздейтін қарапайым геологтар шешетін жұмбақ емес, үлкен ғылымның, геология институттарының жұмысы. Бірер жыл да емес, әлденеше жылдың... Болаттамдағы пиритке (темір рудасы) бай лигнит жыныстарын зерттеу тамаша нәтиже берді. Оның шығыс белдемінен, Торғай иініне қарай мыс кендерінің қанық белгілері табылып отыр. Бұлда көңіл белерлік нәрсө!.. Ал түстікте темір кварциттері мен гипс желілері кезікті. Құм жалдарынан өзге ештеңесі жоқ деп жүрген іргедегі Бетпақтың шөлі де құр алақан

емес екен: Тасқора деген жерден мысқа бай құмайтты кендердің үшырасуын не дейміз?.. Өзгені қойып, Жезқазғаның төрістік іргесінен, небәрі жиырма бес шақырым тұрған Айранбай қыстауының алдынан ағатын жыламық өзен Жыландаңының жағасынан құнарлы мыс өзекшелерінің табылуын айтсаңшы!..

(80-жылдардан беріде темір жол тартылып, құнарлы кені миллион тонналап алына бастаған «Северный» кеніші, оны алғаш ашуышы К. И. Сәтбаев «Жыландаң» деп атаған. Тағы да ғажап көрегендік һәм білгілік демеске шара жоқ: 1933 жылдың 24 тамыз күні, яки ізденіске қараждат қарастырып, баспасөз беттерінде дабыл қағып шарқ ұрып қиналып жүрген кезінде «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген «Жезқазғанды танитын мезгіл жетті» деген мақаласында ол «Улken Жезқазған туралы біз жеткілікті білеміз, ал білмегіміз әлі де кеп,— дей келіп, баянын мынандай тұжырыммен түйіндепті:— Қарсақбай комбинаты қазірде барланған кенді 400 жыл бойы қорытса тауса алмайды!..» Екі жылдан кейін мерейі асып, мол қараждатқа қолы жаңа жете бастаған шағында тағы да сол газетте (1935-тің 4-маусым) жарық көрген «Жезқазғанға — данғыл жол» мақаласында ол үкімет шешімімен салынбақ темір жолдың «Өспен кеніші — Жезқазған» тармағы туралы сөз қозғап отырып: «Жезқазған ешқашанда түпкі станса болып қалмайды, тораптық үлкен жолдың орталық ірі мекені атануы сөзсіз» деп сәуегейлік жасапты. Шындығында солай болды. 50-жылдарда-ақ одан жан-жаққа тарам-тарам жолдар шыға бастады...)

Қысқасы, барлау өрісі Жезқазғандағы кен тебелерден екі, тіпті үш жұз шақырым қашыққа ұзап, әмбे сол жаңа кен көздерін ашуға жеткізген соң-ақ Қарсақбайдарғы геологиялық контора мамандары соларды түбегейлі барлау арқылы баға-нарқын, нақтылы қорын анықтау қамына кіріскен-ді. Түпкі мақсат — Улken Жезқазғаның бір ғана мыс кеніне бай емес, ат шаптырым айналасы түрлі түсті қазынасы қисапсыз мол аймақ екенін дәлелдеу, сонда ғана ол көп жұрт қоныстайтын құт-мекенге айналмақ!..

Қаныш Имантайұлының өзі де, сыннан өткен айнымас серіктері — Иосиф Богданчиков, Саид Сейфуллин, Аркадий Кузнецов, Таисия Кошкина, бертінде бұларға жас геолог Василий Штифанов қосылған, бәр-бәрі осы мақсат үшін күнді түнге жалғап енбек етушілер. Бір ғана өкініш: бір топ техниктер мен жұмыскерлердің өрескел қылышына тезе алмай айтқан шағымынан соң Үгедей Бекейхановпен 1935 жылдың кектемінде қоштасуға тұра келді...

Жаз шыға жан-жаққа аттанып кеткен отрядтардың жұмысын тексеріп, кейде өзі де он-он бес күндік саяхаттарға шығып, жер көріп, аққұба өні күнге күйіп қоңырқай тартып, жаңы сергіп, жаңа ізденістерге құлышынып оралатын Қаныш Имантайұлы келгенде барлаушылар кенсесінде езгеше өуен салтанат құратын: бастықтың келуін құтіп тұрған жұмыстар оп-онай шешімін тауып; есепшілер белмесінде дамылсыз тарсылдар да саябырлап толастағандай; камералкадағы техник қыздар бойларын түзеп, жұмысқа тіпті су жаңа көйлектерін киіп сыланғандай әбігерге тү-

сер еді... Жұрттың бәрі кенет ширап, міндет-парыздарына жауаптырақ қараған, алдындағы жұмысты төзірек бітіріп тастауға тырысқан нышандары байқалатын.

Қаныш Имантайұлының езі де кеңседе болған құндерінде ертекеш демей, кешті таңға жалғап, қайсыбір кезде он бес сағат талмай отырып өндірे істеуші еді.

Мұндай қарбалас құндерде ол кабинетіне таңғы сағат алтыда келетін-ді, екі сағаттан соң құймалас қабырғадағы үйіне барып, үйқыдан оянған бала-шағасымен бірге отырып ертеңгілік ас ішетін, бұл оның қазакы шайға да рақаттана бас қоятын мезгілі. Одан соң түскі үзіліске дейін үстелден бас алмай жұмыс істейді. Түскі тاماқтан кейін жарым сағат көз шырымын алу да бұлжымас ғадеті (мұны ол Алматыға ауысқан соң да өзгертулған). Жазып отырған есебін бітірмесе геолог түннің бір уағына дейін жұмыс орнынан кетпейтін, тек жүйкесі қажыған сәттерде ғана қабырғаны тықылдатып шартты белгімен үйінен шай алдырады, иә кешкі асты ішіп келеді де, қайта кіріседі.

Өулиедей құрмет тұтатын барлау бастығы осылайша құнді түнге жалғап беріле істейтінін керген соң қарбалас сәттерде қаруындағы қызметкерлер де уақытпен есептеспей еңбек етуші еді. Ешкімге сонда «Сен сейте ғой» деген әмір берілмейтін, әркім өз жағдайына қарай икемделіп, қалайда тапсырылған жұмысты уақытында істеп тастауға құлшынып тұратын-ды.

Бұқіл кеңсе сондай қарбалас та шабытты еңбекке жұмылған сәтте кенет төргі бөлмеден Қаныш Имантайұлының «Руфочка!» деген жайдары үні саңқ ете қалатын. Бұл болса әлденеге қажет еткен әншайінгі шақыру. Руфа Казанцева орнынан лып етіп тұрып, кабинетке еркін кіреді... Ал кейде «Руфина Константиновна, бері келіңізші!» деді ме, камералкадағы жұрт тым-тырыс тына қалып, тергі белмеге жалтаңдай қарап, тіпті жұмыстарын тыйып құлак тұреді. Шақыру Казанцеваның тікелей өзіне қатысты шаруа болса, бастықтың даусы қатты шықпайды, әредік қана «Мұныңыз қалай, сізден мұны күтпеп едім?» деген тәрізді ескертудің үзіктерін ғана естисін. Ал қателік қызметкерлердің бірінен болды ма, Қаныш Имантайұлының үні саңқылдап жетіп, «Мынаны қараңызшы, қаруыңыздағы қызметкердің не істеп қойғанын көрдіңіз бе? Сіз өзіңіз неге көрмегенсіз? Жок, мұндай жұмысқа қол қоя алмаймын, қайтадан жасатыңыз!..» деп сыпайы сөйлеп отырып-ақ әлденеге ширатып жатқанын үғасың.

Құлағына дейін қызарған Руфина Казанцева әлден уақытта кабинеттен сүмірейіп шығады да, тымырайған қалыпта жұмысның кіріседі. Бұл шақта одан ештеңе сұрауға болмайды, сұрасаң да жауап ала алмайсың. Ал Қаныш Имантайұлы сыртқа шығып кеткенде?.. Руфаға да тіл бітіп, жұмысын үқыпсыз орындаған қызметкерді жүнше тұтуге кіріседі. Бұл кезде қорғанып та, ақталағып та ештеңе айта алмайсың. Абзалы үндемей тыныш тұру. Ең дұрысы — қателігінді төзірек түзеу.

Бір ғажабы, «моншаға» түсіп, иә «сілікпе» көргендердің бірде-бірі кек сақтап, болмаса өкпе айтуды білмейтін. Әділ сынға кім

наразы? Қателеспейтін жан, сүрінбейтін түяқ бола ма? Қаныш Имантайұлының өзі де кейде камералкаға бас сұғып, дүйім жүрттың қозінше: «Мына чертежді қайтадан жасасаңыз қайтеді. Кінәлі мен өзім, кейбір деректерін кейін көрдім. Тек ренжімен!..»— деп қызылып тұрғанда, не дейсің? Тегінде, бұл ұжымның ұйымшылдығы осындай ашық сын, өзара ауызбірлікten қалыптасқан. Ағайынды екі кісі «Жұмыста — жат, үйде — бауырмұз» десіп еңбек еткен соң әрқашанда солай болмак.

Үлкен Жезқазғаның аты көпшілікке мәлім болғалы, әсіресе 1934 жылғы ғылыми сессиядан соң орталық зерттеу институттадынан, жобалау мекемелерінен, түрлі басқарма, трестерден әр қылыш өкілдер, ірі мамандар, тіпті есімі жүртқа әйгілі үлкен ғалымдар да көптеп келетін: Н. Г. Кассин, М. П. Русаков, И. С. Яговкин, В. Н. Крестовников, Ф. В. Чухров, Е. А. Кузнецов, профессор М. М. Пригородский, соғызы кезде КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (кейінірек академик) И. Ф. Григорьев сықылды ұлағатты жандар. Олардың Қарсақбайға келуі, Жезқазғанды, басқадай да кенорындарын аралауы — практикалық барлауда жүрген геологтарға, техниктерге әрқашанда ұмытылmas әсерлі оқиға, білімпаздардың нақтылық көмегі, дер кезінде айтқан ақыл-кеңесі қонақтар қайтқан соң да жыл бойы аңыз ғып жырлап жүретін ұзақ та қызықты әңгіме. Бір қазаннан ас ішіп, бір палаткада жатып, далалық партияның адамдары нендей бейнет шексе бәрінде қоса керіп, саяхат тауқыметін бірге белісетін нағыз инабатты, кішіпейіл де еңбекшілер жандар.

Мәселен, Иван Степанович Яговкин соғызы бір келгенінде Қарсақбай геологтарын жинап сұхбат жасаған. Әрине, бастапқы әңгіме Жезқазған кеңін онан әрі зерттеу жайында болған. «... Қымбатты әріптестер, көп уақыт Жезқазған туралы жаңсақ пікірде болып, бұлken орнын мезгілінде барлауға едәуір зиян келтіргенімді мойындағым келеді. Ақырында сіздер жендіңіздер, шындық женде! Сондықтан да, мен, қымбатты Қаныш Имантаевич, сіздің табанды қүресіңізге шексіз ризалық білдіріп, Жезқазған қазынасын барлауға менен әлдеқайда алысты қөрген, тереңдегі қисапсыз кендеңі болжай білген ғажап дарыныңызға басымды иемін!» дегендеге, тыңдаушы жүрт шын сүйсініп, ду қол соғып, шындыққа жүгініп, өзі үшін ауыр мойындау жасап тұрған ибалы маманға қошемет білдірген-ди.

Сол күнгі кездесуді есіне алушылардың айтуынша, жүректі тебіренткен мұндай мойындауға жезқазғандық әріптесі де беттарап қала алмай, көnlі босағанына титтей де қымсынбастан егде әріптесін құшақтап ризалық білдіріпти...

Жезқазған қырына геолог-академиктерден ең алғаш ықылас білдіргендер А. Н. Заварицкий мен А. Д. Архангельский еді. Андрей Дмитриевич Ұлытауға әлденеше мәрте келіп, сол жылдары ол КСРО Ғылым академиясының геология институтын басқаратын, кен жүлгелеріне шүқшия үнілген.

Сапары сәтті болды. 1936 жылы ол Қ. И. Сәтбаевқа арнайы хат (айы, күні қойылмаған) жазады: «Сізге мен бұл хатты алдын ала

жолдап отырмын. Өйткені Ұлытау-Жезқазған аймағындағы келешек ізденістің бағытын және оның жалпы көлемін жете білу — қазірде бізге ете қажет, ал мұны институт адамдары Сіздің кемегінzsiz ойдағыдан орындаі алмайды... Тағы да есіңгізге салғым келеді: бұл жұмыстарда Сіз — тек қана жетекші боласыз, біздің қызметкерлер — Сізге тек қана көмекші!» Демек, орыс ғылыми науқарлықтардың көзінде ақынның атасынан шынайы түрлі мәдениеттердегі ғылыми қабілеттің көре де, бағалай да білген...

Қаныш Имантайұлын іздейтін көптің енді бір тобы далаңың өзінен келетін. «Жеті қат жердің сырын білетін» Сәтбаевқа бір көрсету үшін порымы, түр-түрі өзге тас кесектерін бейнетпен жинап, небір қияннан соны арқалап келіп, кездестіре алмай қалса, Қарсақбайда қона жатып жалықпай тоасатын да солар — дала кезбелері. Әрине, мұндай кіслермен сұхбат құруға, тастан өзге де дүниелер жайында неше алуан әңгіме шертуге Қаныш Имантайұлының өзі де кет әрі емес. Олардың жеткізген минерал үлгілерінің қайсыбірі, шынында да, мәнді болып шығады. Кейбір отрядтар солардың ізімен сапарға аттанады. Ту қияннан бос жыныс арқалап келгендер де бірақ аз болмайды. Солардың бәрінің қоржының қайтар кезде дүкенге ертіп апарып, сәлем-сауқатқа толтырып, шай мен қант, іә кездеме пұлға сықап жіберу — Қаныш Имантайұлының бұлжымас әдеті.

Ғалым-геологтың жол дәптерінде қыыр далаға шыққан кезінде өзіне көмек берген, кен белгілері ашық, керініп жатқан жерлерді һүсқаған көптеген ауыл тұрғындарының есімдері аталған. Олардың бәрін, қырық жылға тақау ізденіс сапарларында қасына ерткен жолбасшы серіктерін, ал бұлар Сарыарқаның Кеңес дәүірінде он облыс болған шалқар атырабында, Шу, Сарысу өзендерінің ұзын саласында, Қаратая бектерінде, тіпті қыыр шалғайдағы Атырау мен Маңғыстау түбегінде ондаған, тіпті жұз қаралы адам, тустанеп атап шығу біз үшін қыын іс. Сөйттес де барлаушымен 1929—1937 жылдар аралығында Бетпақтың шөлін, Шу, Сарысу бойын, Арганаты бектерін бірге көзген Бекмағанбет Сұлтанғазиев туралы бірер сөз айта кетуді жөн көрдік...

Құдай тағала бұл кісіге табиғаттың тылсым тілін өзгелерден гері теренірек түсініп, жүргімен сезіну қабілетін артығырақ жаратқан сынды. Аңшылық кәсіпті ол кен тасын іздеу ісімен жалғастырған. 1937 жылдың 9 желтоқсан күні Қазақстанның Халық шарапашылығы комиссарлар кеңесі оған мыс, никель жәнө кобальтқа бай кенорның ашқаны үшін (жердің аты көрсетілмеген) 2 мың сом мөлшерінде ақшалай сыйлық беріпти. 1945 жылдың қыркүйек айында Жамбыл облыстық атқару комитетіне ресми жолдаған хатында Қаныш Имантайұлы: «Б. Сұлтанғазиев — Қазақстанның же-расты байлығын жалықпай іздеуашілердің бірі, өз бетімен үйреніп геолог кәсібін меңгерген талантты барлаушы. Ізденіс жолында ол бірнеше кен көздерін ашты. Бұл кісіге әрдайым қолғабыс етіп, көмек жасап отырған жөн болар еді...»— деген лебізді бекерге жазбаған...

Геологтың жанкүйер достары, тілеуқор адамдары әр ауылда барды. «Бір жолы кеңседегі дүйім жұрт таңғалған оқиғаға күә болдық,— деп сүйсіне жазады Федор Пастухов 1974 жылы өзі бейдауа дертпен ауырып жүріп аяқтап, Жезқазған кен-металлургия комбинатының тарихи-өндірістік мұражайына тапсырған, көлемі 91 бет, ұзақ та аса қызығылтықты һәм құнды, К. И. Сәтбаев туралы естелігінде.— Ертеңгілік мезгілде ақ сақалды кісінің тердегі кабинетке еніп бара жатқанын көргенбіз. Өлден соң әлгі қартымыз жыртық күпісін қолтығына қысып, үстіне Қаныш Имантайұлының шолақ қара тонын киіп шықты... Бізде үн жоқ: бір тоның бір жылқылық қат кезі; оның үстіне далада қақаған қыс; Қанекеңнің қеудесінің дімкестігі барын да білеміз; әрі дамылсыз жүрістің адамы... Қысқасы, таңдануымыздан гөрі жанымыздың ашуы базым еді. Біраздан соң кеңсеге Таисия Алексеевна келді. «Тася, үй жаққа барсан, менің күпайкемді ала келші!» деген дауыс естілді төрден. Мән-жайды білген соң реніш білдірген жұбайына Қаныш Имантайұлының түсіндірмесі мынау болды: «Қайтейін, үлкен кісі екен, үсті-басы жүдеп кетіпти. Кіргеннен-ақ менің тонымнан көз алмай қарай берді, соңсоң жаным ашып кетті...»

Жақсылықты, тегінде, ол кімге болсын, бір пайда көремін де-ген есеппен жасамайтын. Өйткені бақал есеп — бойына жат құбылыс. Әрине, қарапайым халық та оған нақ сондай көл-көсір қошаметпен қарап, ауылына келе қалса, өрістегі малға шауып, үйіндегі бар асын алдына тосып бәйек болып, қайткен күнде көңілінен шығуға құлшынып тұратын.

Соның бірі Терісакқан өзенінің жоғарғы саласында болған оқиға: Қөпқазған маңын (Атбасарға қарай шығатын жолда) аралап жүріп, Сәтбаевтың тобы бейтаныс бір ауылға соғып, жол сұраған. Бұдан әрі бармақ жері — терістік беткей, құм жалдары басқан елсіз қыры Ащылы маңы. Ауыл адамдары геологтарды алыстағы құдасы келгендей-ақ шын пейілмен күтеді, құрмет көрсетеді. Бірақ сұрап отырған жеріңе жете алмайсың, оның жолын білетін кісіміз — дүкендегі ұстамыз еді, кеше кеште ол байғұс бармағын теске жаншып алып жаракаттанып қалды деседі. Жол сұрамақ болып Қанекең ұстага барады. Науқастың халі, шынында да, ауыр сияқты, қолын қүйдірген киізбен орап алған, тәсек тартып жатыр. Мән-жайды естіген соң ұста кине бастайды. «Шынымен Қаныш болсан, ен далаға қалайша қаңғытып жіберемін? Сендей ел азаматына бір бармақ түгілі, жан пидай!» деп, әуелі Қарсақбайға қайтып дәрігерге көрсетейік деген ақылға да көнбей, өмірінде тұнғыш көріп тұрған геологтарды ауылынан екі жұз шақырым шел далаға бастап кete барған...

## ТАҒЫ ДА ШЫҚТЫ АЙҚАСҚА

еткізген Қарсақбай геология конторы 1937 жылдың басында ке-нет тағы да төжеуге түсіп, төтенше жағдайға тап болсын.

Сол жылдың 18 ақпаны күні Серго жолдас кенеттөн қайтыс болған. Елудің беліне енді ғана шыққан арыстан тұлғаның кенеттөн қайтыс болуы кеп жүрттү, әсіресе өнеркәсіп адамдарын қатты қайыстырған оқиға болғаны анық. Солардың бірі — Қаныш Имантайұлы. Қайғылы хабарды радиодан естіген сәтте-ақ ол көзіне жас алып: «Серго жолдастың арамыздан мезгілсіз кеткенін әлі-ак сезінеміз, сірә. Асқар тауымыз ғана емес, пана боп отырған қорғаушымыз құлады. Біз үшін бұл, шынында да, ешқашанда орны толмас қаза!»— деген-ди.

(Әрине, Г. К. Орджоникидзенің небәрі 51 жасында кенеттөн опат болуын қыырдағы Қарсақбай геологы сол күнде білмеген, бірақ соның салдарын жүргімен анық сезінген. Қайғылы оқиғаның түп сырын ол партияның XX съезінің жабық мәжілісінде, Н. С. Хрущевтің аузынан өз құлағымен көп жылдар өткен соң естімек.)

Арада он күн өткен жоқ, Главцветметтөн қаһарлы жеделхат келді: «Биылғы барлау қаржысы елу процентке кемиді. Ешқайда арызданып, қаржы сұрамауыңызды қатаң ескертеміз!..»

Күні-түні жер тесіп, Жезқазған ғана емес, Қияқты мен Байқоңырда, Атасу мен Атбасарда, Қорғасын кенінде, Жезді мен Найзатаста, Қарсақбайдың өз басында өнімді жұмыс істеп тұрған елу шақты станокты барлаудан қалай тыясың? Алдағы жазға жоспарланған барлауды қайтпек? Елу процент қаржы мың қаралы адамның қақ жартысын қысқартып, ез жөнінді тап деп қаңғытып жіберу!..

Жоқ! Жезқазған барлаушылары мұнан да зор құқайды керген, келенсіз қиянатқа қазір де көне алмас! Орджоникидзе жолдас жоқ болғанмен, мемлекет мүддесін қорғай біletін, бұл өңірдегі барлаудың пайда-залалын айыра білер бір қайраткер кесем орнына келетін болар? Қалайда ізденбей тоқтамайды!

Москвада ол ен алдымен бас басқармаға барған-ды.

«Сіз, Сәтбаев жолдас, бізді әбден басынып алғансыз, кімнің арқасы екенін білеміз,— болды Главцветметтөн естіген тоқетер жауабы.— Солай, жезқазғандық жолдас, бекерге арызданғанды доғарып, Қазақстанға қайтыңыз... Қарамағыңызға жарым-жартылай қаржы қалдырғанымызға да тәубе деңіз. Анығында қаржыға сонша ділгір бүгінгі ауыр жағдайымызда сіздің он жылдан бері іздел тапқан қисапсыз мысыңызды қазып алсақ та жаман болмас деймін. Ең әуелі темір жолды жеткізіп алайық, сонан соң комбинатты салып... Ал барлау соナン кейін де өрістейді. Жезқазғанда қорлы мыс барын білеміз. Демек, барлауды біршама тежей тұрсақ та ештеңе бүлінбейді. Түсінікті ме, жолдас? Сондықтан біздің де, өзініздің де қымбат уақытыңызды зая етпей, ұтымды ақылға құлак асып іле қайтып кетіңіз!..»

Шынында да, жоққа жеткен жүйрік бар ма? Бүкіл ел құрылыш алаңына айналған дүбірлі кезен. Бір ғана Главцветмет оншақты жерде мыс өндірістерін тұрғызып жатыр. Солардың үшеуі — Қазак-

станда, Балқаш — Одактағы ең үлкені, Жезқазғандағы одан да зор алып, әмбे Ертіс бойында және бір мыс зауыты салынбақ. Өзбекстандағы Алмалық кенін игеруге де әзірлік басталды. Оралдағы Кыштым, Блява өндірістерінде қайта жабдықтау керек, Кавказдағы ескі зауыттар да сондай өзгеріске мұқтаж-ақ. Соның бәрі социалистік үрандаумен емес, қыруар қаржымен жүзеге асуда. Барлығына қойылатын ауыр жабдық шетелден алтынға алынған. Солардың бәрінің үлесінен жырып, сыбағамызды толықтап қаржы бер деп өзімшілдік жасағаны жөн бе? Рас, Жезқазған солардың бәрін қанжығасына бектөріп көтетін, тіпті шотқа қағар болсан, бір өзі Одактағы он зауыттың мыс өнімін беретін алып. Сөйтсе де?..

Әлде арызданудан бүл жолы ештеңе өнбейтінін үкты. Әлде басқарма басшыларының әлденені ескертіп әрі етінгендей болған сөзіне құлак асууды жөн көрді? Әмбे «Мешкей деген жақсы ат емес» дегендей, үнемі жанжал шығарып, соның бәрі өндіріс, яғни мемлекет мұддесі үшін болса да, даукас атануы да жарасымды емес. Қалайда бүл жолы ол Москвада көп журмей, ескі таныстары «Золоторазведка» тресінен соғып шартқа отырып, қаржы дорбаларын біршама қақты да, жайма-шуақ жаз күндерін тиімді пайдалануды ойлап, Жезқазғанға қайтып кетті.

**ФЕДОР ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:** «...Көктемнің алғашқы күндерінің бірінде Қаныш Имантайұлы мені Жезқазғанның теріскейінен 45 шақырымдай қашықтағы Шайтантас деген таулы жерге өртіп келіп, актас (кварцит) қатпарлары ағараңдаған жотаны нұсқады да:

— Федя, жаз бойы осында істейсің. Көп кісі бере алмаймын, бірақ шурф, жыра қазатын біраз жұмыскер қосамын. Бүл жерден алтын іздейсің,— деп жолшыбай алған ақтасты ұсақтап сындырып, үлкейткіш шынымен шашыраған алтын түйіршіктерін көрсетті,— коллектор достарың Вася Соловьевников пен Павел Прокопьевке де осындей міндет жүктемекпін, олар да алтын іздейді. Жазға жететін қаржымыз бар, ал құзгі тірлігіміз — үшеуіңнің салымдарыңа байланысты, үктың ба? Сондықтан, бірдеме табуға тырысып бағындар!..

— Қаныш Имантаевич, осының бәрі зиянкестік емес пе?— деп көкейімді тескен күдік ойымды аңғартып едім.

— Мұның бәрі, жаңым, уақытша кедергі. Тубінде біз жеңеміз. Ал сен, өзіңе пайдасы жоқ оны-мұныны сұрағанды қойып, тапсырылған жұмысты тыңғылықты орындауды біл!— деп тұртқинектеген сауалымды ұнатпай қабағын түйді. Сірә, қатты қамығып, қиналышып та жүрсе керек. Уақыт 37-жыл екенин үмітпалақ...

Осынша жауапты, әрі мәнді тапсырма алған соң елгезек Пастуховта ес қала ма?! Қасыма он шақты ғана кісі алып, керек-жарагымды түгендеп, Қаныш Имантайұлы көрсеткен тауға келіп жұмыс бастадым. Барлауымыз сәтті болды, ә дегеннен-ақ алтын

желілері молырақ кезіккен жылғаны қуып, терең жыра, әлденеше жерден шурфтар қазып, жұмысты ендіріп таstadtық.

Маусымның орта кезінде Қаныш Имантайұлы бізді тексерे келді. Жыраларды ұзак қараудан соң, сірә көнілденді білем, бір мезгілде: «Федя, күн ыстық екен, жұр, өзенге түсіп қайтайды!» десін. «Жоқ, әуелі палаткаға кіріп шығайық!» дегенімде, Қаныш Имантайұлы бетіме таңдана қарап: «Әй, әй, Федюша, менен бірдеме тілеп тұрсың ғой, көзіңің құйрығы тым жымқырылып кеткен екен, жұр» деп соңыма ерді. Палаткаға кірген соң, мен есіктегі брезент жаппаны қытап жаптым да, төңкерулі қара қазанды нұсқадым. «Ау, мұның не?» Шыдамсызданған Қаныш Имантайұлы қазанға жақындей түскен, мен: «Ойбай, бұл жаққа баспаңыз! Жарылғыш заттарды сонда сақтап жұрмін!» деп кесе-көлденең тұра қалып, қазанды өзім аудардым. «Сениң мынауың барып тұрған қылмыс!» «Қылмыс дейсіз, жарылғыш аммоналды сонда қайда ұстаям керек, қойма салғызуға кісі берген жоқсыз. Ал детонаторды басқа жерде, құлыптаулы темір жәшікте сақтаймын» деп әрі қылмысымнан ақталып, әрі құпиямды көрсетуге асырып, дабырлай сөйлеп, ақыры аммонал қораптарының астында, жерде көмүлі тұрған шыны құтыны сурылып алайын. Қанекенің көзі шарадай болды. «Әй, мынауың!..» деп құтыға шап берді де, есікке жақындалап, жарыққа қарасын... Құтының қақ жартысы дерлік шайылған алтын түйіршіктері еди!..

«Жарадың, Федюша! Құдай-ау, мынауың көп қазына ғой,— деп Қаныш Имантайұлы мені кенет құшақтай алды.— Жарадың, сен! Қанша олжаға қарық қылғаныңды білесің бе?! Мынаны алтын тресіндегілер көрсө, биыл ғана емес, бізді келесі жылы да асырайтын қаржыны бірден лақтырып таstadtы. Көр де тұр, нақ осылай болады!.. Ал мен бірер айдан соң жұмыскердің қақ жартысын қысқартуға ойланып жұр едім...»

Қаныш Имантайұлының әлденеге шаттанған кезіне талай күе болдым. Сол жолғы қуанғаны күні бүгінгідей есімде. Өзенге кетіп бара жатқанда да, суға түсіп шомылып жүргенімізде де ол мені мадақтап, өзінің сүйікті әндерін даусын көтере шырқаудан танған жоқ...»

Иә, жұмыстың небір ауырына төзіп, ертелі-кеш мөхнат кешуге әзір жан балаша мәз болып, ағыл-тегіл қуана да билетін. Отыз жетінші жыл болса, оның жан азабына түсіп, мансұқ ісі тағы да себепсіз тежеу көріп, соның зардабынан әр түрлі қиянатқа ұшырап қиналып жүрген шағы. Жеке адамға табынудың салқыны барлаушылар қауымын да шырмап, барлаудың алғашқы үйрену, өнерге шындалу дәуірін басынан өткізген, қыын-қыстау қундерде жарты сықпаны бөліп жескен небір жайсан жігіттері жазықсыз жалаға үрынған. Қайсыбіріне ол ара түсіп құтқармақ та болған-ды. Әсіреле өзі ерекше жақсы көріп, туған інісіндей болып кеткен, Одақтағы озат стахановшы-бұрғылаушы Сейітқазы Қарсақбаевтың тағдырына...

**Жезқазған тұрғыны ГРИГОРИЙ МИРОНЕНКОНЫң әңгімесінен:** «Жезқазғанға кеш түсे аттандық. Бұл кезде барлаушыларға дербес әмқа автомобилі тиген, жүргізушісі — мен. Дала жолымен екі-үш сағат изендел, кешкі сағат он шамасында Рудникке келдік. Геологтардың үйінің алдына тоқтағанымыз сол еді, тұра аңдып тұрғандай бір бұрыштан былғары тужуркалы екі кісі шыға келді де, дөрекі түрде «Сәтбаев сенсің, бе?» деп дүрсे қоя берді. Серігім абыржып, құмілжіген үнмен кідіре жауап берді. «Сәтбаев сен болсан — машинаға отыр!» Қаныш Имантайұлы алдыңғы есікті аша беріп еді, екеудің мосқалы, қара мұртты кісі бастығымның қолын қағып, «Жоқ, артқа!» деп қеудесінен итеріп жіберді. Амал қанша, мұртты қазақ менің қатарыма, екіншісі біздің кісіні түпкі орынға айдал тастан, артқы креслоға жайғасты. Менде тіл жоқ, есім шығып, мәңгү боп қалдым. Ойымда бір-ак нәрсе: «Бітті әңгіме. Өзіміз құдайдай көріп, үкіметтің де сенімді өкілі деп жүрген азаматымызға да кезек келді. Сірә, мені де қамайтын шығар...», «Әй, дәрақ, сенде өзі құлақ бар ма, әлде жүргің, келмей ме? Қарсақбайға тарт дедім ғой саған!» деген жекуден селк етіп, кілтті от алғышқа қосайын. Қарсақбай ол күнде Жезқазғаның үстінен қарайды, дүрілдеп тұрған өнеркәсіпті ұлken ауданың орталығы... Тағы да үш сағат изендел, тұн жарымда Қарсақбайға келдік. Поселканың ішіне келгенде, «Қайда?» деймін қасымдағы мұрттыға жасқана қарал. «Тоқта! Біз келдік» деп екеуі де машинадан секіріп түсіп, үзай берді. Қаныш Имантайұлы шыдамады білем, «Әй, жігіттер, бұларың не қысас? Жай сұрасаңдар да жеткізіп салатын едік қой?» деді реніш білдіріп. Мұртты декей қайырылып келіп: «Сен, Сәтбаев, шыққан тегінді үмытпаған боларсың? Байқап арыздан, тегінде, жоғарыға, «Халық жауы бол шыққан ағаларыңың қасына қосып жіберу бізге қиын емес, артынды қысып жүргенің жен болар, байдың сілімтігі!..»— деп, тағы бірденелерді орысша, қазақша бықыртып, дәңайбат керсетіп сөйледі де жөндеріне кетті. Сөйтсек мақсаттары — Қарсақбайға жетіп алу екен, әлде біздің кісіге өрелері жетпей жүрген соң, естіп қоқан-лоқы жасап қоюды қажет деп білген бе, кім білсін?..

Тым-тырыс сілейіп отырмыз. Сағат тұнгі бірдің шамасы. Тұнгі жұмыстағылардан басқаның бәрі шырт үйқыда. Әлден соң Қаныш Имантайұлы қалш-қалш еткен бой дірлін әрен басып, төзімге бай кісі еді-ау, білегімнен қаттырақ қысты да: «Жора, үйықтап жатқан үй-ішімізді бекерге дүрліктіріп шошытпайық, бензин жетсе — Жезқазғанға жетіп алайық,»— деді.

Поселкадан ұзаған соң: «Әнеугүні мен сізге шоферлықтан босатыңыз деп неге арыз бердім, ештеңе сездіңіз бе?»— дедім. «Білемін, бұлар сені де айналдырып жүр, содан қорыққан соң менин қашып құтылғың келді ғой, солай ма?»— дейді бастығым. «Апрай, дәл үстінен түстіңіз. Маған тыңшы бол дейді, сіз баяғы оңашада не сөйлейді, кімдермен кездеседі, қайда боламыз... бәрбәрін мен оларға хабарлап отыруға тиістімін. Мен, әрине, бас тар-

ттым. Ақадал кісіге қара күйе жаға алмаймын деп тұрасын айттым,— деп іштегі бүкпес сырымды ағыттым. «Жора, мен саған туған інімдей сенемін, сен де сөйт,— деді Қаныш Имантайұлы.— Қыспаққа алып сұрайтын болса, әңгіменің шынын айт, жаныңдан ештеңе қоспа. Олар менен де жауап алып жүр, қайда барып, не істейтіндігім женінде, әр сапарға шығарда жөнімді айтып кетемін, келгенде де сөйтемін. Сол себепті сөзімізден айырма шықпасын. Бұл, сірә, уақытша нәрсе... Бізден кеткенде қайда барасың. Жә, бұл әңгімені осымен доғарайық. Мен қалғып алайын, ертеңге жұмыс көп, ал сен шыда!..» Жезқазғанға құн шыға әрен жеттік...»

Атышулы 37-жылдың зобалаңы Сәтбай әулетіне де ерекше қатты тиген-ди. Екі-үш айдың жүзінде ұш бірдей бас көтерер азаматынан айрылып, соларға қарап отырған топты бала-шага мен құллі ағайын-жұрт есінен танғандай боп аңырап қалған-ды.

Ең алдымен есімі қазақ қауымына әйгілі, Алаш қозғалысының қайраткерлері санатында болған Әбікей Зейнұлын Қырғызстанда шалды.

Екінші кезекте зор өнер иесі — әнші, скрипкашы, сұлу Әбдікәрім Жәмінұлы тұтқындалды. Ол тіпті немере ағасы Әбекендей үлттық құреске қатыспаған, ән-әуен өнерін әуей көріп, сонымен бала-шагасын аңырап, әрі ләzzat алып жүрген бейкүнә жан еді. Амал қанша, оны көрсетуші белсенділер Сәтбай қажының негізгі мал-мұлкіне ие болған Жәмін байдың тұқымы екендігін, әрі Ақмоланың қалталы жуаны (С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романында ататын) Мәтжанның сұлу қызы Үминаға үйленгендігін (бұл қосағынан ол Тілеубек, Үкібай есімді балалар көрген) бетке ұстап, «ақ әскеріне жол көрсеткен» құнәсін қайыра жаңғыртқан.

«Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев 1937 жылы дәрігерге көзін көрсетуге барған жерде ұсталған.. Сол кеткеннен Фазиз аға еш хабарсыз кетеді. Түрмеде, немесе айдауда қайтыс болғаны, қайда жерленгені белгісіз...— деп жазады Шәмшиябану Қанышқызы жеті жасында көзі көрген сүмдүкты есіне алып естелік кітабының 37-бетінде.— Біз, балалар, не болғанын, түсініп жатқан жоқпыз, әйтеуір түстері сүйк, ұстерінде сұр китель, галифе шалбар, жылтыр етік киген қатығез адамдарға тітіркене қараймыз... НКВД қызметкерлері үйді тінтіп, ойран салып, кітапханың бірсыпира кітаптарын, қағаздар салған папкаларын ұш жәшікке толтырып, үй жиһаздарын, сәнді шкафтағы ерте кездегі әдемі сервиздерді, күміс аққұмандар мен вазаларды сандыққа салып, тағы басқа бұйымдарды алып кетті...»

Кім-кім, Фазиз (Бекеш) Имантайұлы Кеңес үкіметін жылы шыраймен қарсы алып, қыр елінде оның пәрменді шаралар істеуіне белсене қатысып, ауылкеңес ағасы болып, сонынан кооператив қозғалысына тұңғыш серіктестік ашумен хал-қадерінше еңбек еткен, сол үшін жергілікті әкімет басшыларынан мадақ-мақтау естіген әлеуметшіл жан еді. Аштық жылында ерікіз қоныс аударған Омбы іргесіндегі колхозға еніп, есеп-қисап жұмысын басқа-рып, еті тірілігі арқасында өзіне қарасты екі шаңырақтың бала-

шағасын ғана емес, «Қаржас ауылындағы» үлкен қауым ағайындарына жөн айтып, арқасүйер боп отырғаның әлдекімдер кеп көрді, әділін айтқанда, кере алмады. Әрине, оны да көрсеткен жау алыстан келген жоқ, Ресейдің Омбыдағы шенеуніктері де нақ осыны құрт деп нұсқамағаны анық. Сонау 27-жылды, Әбікей ағасына қосақтап қудалаған соғындылардың «кегі» қайтпай қалған сынды, солардың өзі, әлде сарқытын ішкендер «бұлда бай тұқымы, Қеңес үкіметіне қарсы үгіт айтты...» деген сияқты бірдемелерді бопсаллаған да, тиісті жерге сыйырлай қойған. Ғазизге қарап отырған оншақты бала-шағаны, олардың обал-сауабын ойламаған, «Жапон тыңшысын» қолдан жасап, жер жастандырып тынған...

(Соңғы жылдарда жарияланған деректерге қарағанда, бір ғана қазақтан 105 мың азды-көпті сауаты бар, (әлбетте, ілгерірек оқығандар алғашқы кезекте) зиялыш қауым құғын-сүргінге үшіншілік, солардың ішінде 22 мың адам атылған екен. Соңғы топтың жуан ортасында біз жоғарыда түстеп атаған үш Сәтбаев та бар: олардың үлкені Әбікей Зейінұлы сол кезде — 56 жаста, Ғазиз Имантайұлы — 43, ал Әбдікәрім (Кәрім) Жәмінұлы — небәрі 40 жасқа жаңа шыққан, былайша айтқанда, үшешінің де нағыз дер шағы, ақыл-білімі кемеліне жетіп, халқы үшін қайрат-іс қылар кезінде кек желкеден қызып түскен...)

Тертінші кезекте, бәлкім Әбікей ағасымен бір мезгілде НКВД-ның шалмасы Сәтбай қажының тұқымының ең көрнектісі һәм озық оқығаны Қаныш Имантайұлына түссе керек-ті. Бірақ, ол жергілікті қанқұмар топтың, соны облыс, республика деңгейінде бағыттаушылардың құрық, арқаны жетінкіремейтін биікке шығып кеткен өндіріс қайраткері. Жетер еді, республика басшылығында отырған Л. И. Мирзоян, Н. Нұрмақов, О. Исаев сынды дәкейлерді де «Халық жауы» етіп, жазалау диірменінің тас доңғалағына салып, ұнтаққа айналдырып жатқандарға не шара дерсін?! Әлде құдай дес берді, одан да гөрі кіши Сәтбаевтың күллі Одаққа мәлім есімі, Серго, Каганович сияқты Политбюро мүшелері, ауыр өнеркәсіп наркомдары әр кезде демеп, қанатының астына алып отырғаны олардың арам ниетін тежеп, сірә, қолдарын қаққан. Мұның бүгегшігесін бүгінде дөп басып айту қыын.

**Жазушы ҒАБИТ МУСІРЕПОВТЫҢ әңгімесінен:** «1936 жылы, ол кезде «Социалистік Қазақстанға» уақытша редактор боп қол қойып жүрген кезім, дәлді ай-күні есімде жоқ, бір кеште ертеңгі номерге қол қойып, үйге қайтуға жиналып жатқанымда жедел хабар түсті: «Орден туралы указдан Қаныш Сәтбаевтың есімі сызып тасталсын!» деген. Қанекенді аса білмейтін кезім, бірақ мықты инженер деген дақылтына қанықпын, қазақстандықтардың алдыңғы легінде Еңбек Қызыл Ту орденін алатын болғанына соны өзім кеудеме таққандай қуанып, ішім жақсы көріп қалған. Енді міне?.. Қөніл сенінкіремей Левон Исаевичке телефон шалдым, тұнгі бір-екінің шамасы еді, ояу екен: «Жолдас хатшы, газеттің жарымжарты тиражы басылып кетті, машинаны қалай тоқтатамын, соншама шығын...»— деп бірдемелерді бопсалап едім. Мирзоян ұзақ

сөзге жоқ кісі еді: «Ғабит, түгел басып қойсан да, газетті таратпа, указда айтылғандай етіп түзет,— деп шолақ кайырды. Менін соған құлықты болмай тұрғанымды сезді-ау деймін, сәл үнсіздіктен соң, сөзін байлай жалғады:— Ішінді «Неге, не себептен?» деген сауал тесіп тұрса, газеттің түзетілген нұсқасын алып маған соқ, сірә, таңға дейін үйқыттай қоймаспын...»

Екі сағат шамасында түзетуді жасап, үйі өзімнің пәтеріме ұрымтал еді, Қазақстанды жұтатып кеткен бір Исаевичтің (Голошекинді айтып отыр — M. C.) орнына келіп, көтерем халден қаз тұрғыза бастаған екінші Исаевичтің есігін қақтым. Ерекше жаратылған ірі қайраткер, әрі кішіпейіл де кісі еді, өзі ашты. Кабинетіндегі крес-лоға жайғасқан соң газетті бір қарап шықты да, тым-тырыс қалыпта түсінік тілеп отырған маған қадала қарап: «Сендер, қазақтар, сірә, бір-бірінді аяқтарыңнан шалып жүрмесендер — жолдарың болмайды!— деді дерекі сөйлеп, қатты кектеніп отырғанын ұқтым да үнсіз тыңдадым.— Екі жұмыскер қазақ сонау Қарсақбайдан Москваға барыпты. Мұртты дәкейдің өзіне шағым жасап, «Байдың тұқымын орденге ұсынғандардың өздері де солардың сарқытын ішкендер», — депті. Бұгін кеште Сталин жолдастың өзі маған соны айтып, қырағылық сендерде әлсіз екен деп ескеरту жасады. Мен енді Сәтбаевты орденге ұсынғандарды жазалауым керек, ұқтың ба?..» «Левон Исаевич, Сәтбаевтың тамаша еңбегі арқасында Жезқазғанға темір жол тартып жатырмыз, қаншама қыруар істің басын қайырдық, мұны да ескеरу керек емес пе?..»— дегендей желеу айта бастап едім, бірінші хатшы әлі де түлданған қалпын баса алмай, басын шайқап, ренжи сейледі: «Мениң таң болғаным — анау екі жұмысшы қазақтар Сәтбаевты орденге ұсынғанымызды қайдан білген, демек, соларды айтқатап салған нағыләттер өз қасымызда отыр. Жә, солардың доносын Кремльге, дәкейдің алдына кім өткізген?..»

Бұл жайтқа мен ойланбаған едім. Енді бөрі де түсінікті болды, Мирзоян ежікте айтпаса да, мәселенің төркіні Ежовтың, иә, сол кездегі НКВД-ның құдайының Қазақстандағы құйыршықтары қозғағанын ұқтым. Оның салдары, сірә, Қанышты ғана емес, соның шашбауын көтерушілерді де шалмақ...

Сен, Медеу, осынау сөзге де сұрау сала жүргін. Ұмытпасам, Москваға шағымданып барған екеудің бірінің әкесінің аты Омар сияқты еді, екіншісін ұмыттым...»

Бұл оқиғаның жай-жапсарын Жезқазғанның байырғы бүрғыла-ушылары біледі екен. Менін сауалыма Мырзабек Тұңғышбаев та, Халық Төмірбаев та: «Е, ол Әбілқасым соғынды ғой, Қанекен оны солжылы жұмыстан шығарып жіберген, жанжал көтергіш, жүрттың бөріне тиіскіш мінезсіз адам еді, аздаған сауаты да бар-ды...»— десіп, Ғабен айтқан жұмбақ әңгіменің біраз кілтін ашып берген-ді. Екінші арызқойдың да есімін білгенбіз, ол туралы да зейнет-кер барлаушылар: «Момын кісі еді, үнде mestер қорқытқан соң қара көбейтіп, белсенді Омарұлына еріксіз ерген ғой...» дегендей сипаттама айтқан-ды.

Әсілі, келенсіз бұл хикаяттың занды жалғасын, дәлірек айтқанда, әсіре белсенділік, жалақорлық һәм біреуге қиянат жасаудың опа бермей, қандай күйге душар ететінін байырғы жезқазғандық Григорий Петрович Мироненкомен болған үзак сұхбатта естігенбіз: «Қазір заман түзелді. Басымыздан кешкен әділетсіздікті ашық айтатын болдық... Соған бір ғана мысал: ал-пышыншы жылдардың басында маған Омаров деген ескі жұмыскер Ақмоланың бір жерінен келіп, «Еңбек стажым жетпей жүр, отызыншы жылдарда ГРК-да жұмыс істегініме күә бол» деп өтініш жасады. Мен ойланып отырдым да: «Қанекене бардың ба?» дедім. «Бардым,— деді О... төмен қарап.— Ол кісі сізді жете білмеймін, сірә, тиіп-қашып істеген боларсыз...» деп сендерге жұмсады». Қаныш Имантайұлының бір көрген кісісін әстілі ұмытпайтынын, қырық жыл өтсе де есімін атап беретінін жақсы білемін. Өмбө қарауында істеген жұмыскер кісігө бұлай демесе керек еді... Соған құдіктендім бе, қонағыма: «Ау, менен басқа да барлаушылар Рудникте толып отыр ғой, Ахмедия, Халыққа неге бармайсың?» деп қазбалап едім. Байғұс көзіне жас алып: «Мен бір тобынан адасқан сыңар қанат қаз сияқты шатасқан адаммын, қартайғанда, міне, сендер алып отырған зейнетақыға да жете алмай, жүртта қалдым. Қайтейін, сонау ауыр жылдағы белсенділігімнің кесірі. Ахмедияларға қарағанда сауатым ілгері болып, біраз уақыт құтырдым емес пе... Қысқасы, маған олар: «Күәлік бере алмаймыз, сенің мойныңда Сейітқазы сияқты жайсан әзаматтардың қаны бар, бала-шабасының зар жылаған көз-жасын қалайша ұмытамыз!?” деді. Солай, Жора, орыс халқы — ете әділ, әмбे сен кекшіл емессің. Бар үмітім — сенде!» деп қылсын.

Менің де кіслігім үстады. «Жоқ, отағасы, мен де сені кешіре алмаймын!» деп үйімнен шай беріп, бірақ күәлік жасауға үзілдікесілді қарсы болып, құрқол шығарып салдым. Меніңше, дұрыс істедім. Адаладамдарға жасалған қияннан ешқашанда кешіруге де, ұмытуға да болмайды. Қайта жас үрпакқа айтып, ондай қанын пезер қылықтан безіндіру керек!»

Тоқетерін естіртсек, есімі Одаққа мәлім, Москваниң өзінде сөзі өтімді, беделі зор деп жүрген Қаныш Имантайұлының да екі қолы «байлаулы», аяғы «тұсаулы»— алды-артында андуши еріп, қайда, не үшін, қанша уақытқа барғаны жайында есеп беріп, қай күні әкетедімен әр таңды елегіze атырған қиналыста болатын. Сол себептен де олана жылғыдай етжақын ағаларына ара түсіп ешкімге шағым айта алмаған, сірә, бұл жолғы зобалаңың тамыры тым терек екенін түсінген де, дәрменсіз болған.

Сөйтсе де Әбікей ағасының Фрунзеде зар жылап қабырғасы сөгіліп отырған отбасын (ол кісіден алты перзент қалған, ең улкені Райхан Тәшкенттегі дәрігерлер институтын бітіріп, Алматыда ординатура өтіп жүрген-ді, ал екінші қызы Раушан Орта Азия медицина институтында оқытын-ды, өзгелері әлі мектеп жасындағы балалар-ды.) Көрімнің Қарағандыда қалған екі ұлын, немесе жан дегенде жалғыз көкесі Бекештен туған бауырларын қалайша панасыз қалдырып (екінші жеңгесі Мәруда сол жылы кенеттен опат

болған, ағасының алғашқы қосағы Мұхтарима 31-жылы дүниеден көшкен-ді), зар еніретіп қояды? Оларды тұл жетім деп, соғыға уақытта кебірек керіп жүргеніндей, балалар үйіне тапсыртып жіберсе — сүйекке таңба ғана емес, езіне өмір бақи кешірмес ауыр күнә артар еді, одан соң, сірә, жер басып жүрудің де қажеті болмас...

Бұлардың үстіне және бір міндет қосылды. Таисиямен көnlіл жарасып тұтін түтеткен соң, өз ауылның үлкендері болған іске көнгерлікпен қарап, жүрек қалауына ризалық бере отырып, әне бір жылы бұлжымас шешім естірткен: Шәрипадан біржола кетпейсің, арадағы жіптің үзілмес амалы — Малыбай мен Шәмшиябануды шешесінен айырмау; көлденең көккіттыға кеңтүрткі қылмас үшін олар және қарашаңырақта, Бекештің қолында болады; бала-шағанды жат қылмай аракідік қатынап тұру мойныңда, әмбे балаларың екі шешеге бірдей тел болып тәрбие алуы шарт... Өз перзенті Ханиса мен Бекештің Ханенің жұптарын жазбай, 1931 жылы Таисияның тәрбиесіне берілуінде сондай гәп болатын. Тағдыр жазуымен бір жылдан соң өз үйіндегі бүлдіршіндерге аштықта опат болған Фазиза әпкесінің қос қарғасы қосылды. Бұл болса — әкесі Имантайдың он бір немересінің тауқыметі енді бір езіне жүктелді деген сөз, ал тұрақты жұмыс істеп, мал табатын — Таисия екеуі ғана. Бекеш ұсталып кеткен соң бұған дейін еңбек қылып шөп басын сындырып көрмеген Шәрипаның қолына жастары бәлиғатқа жетпеген шиеттей бес бала қарап қалды, Фрунзедегі жеңгесі Қамилаға — бес бала, оның біреуі ғана жұмыста, Қарағандыдағы Үмина жеңгесінде — екі жасөспірім... Бұларға да бас-кез болуы керек! Осынша тірі жетімдерді қалайша асырап, ержеткіземін деп қамыққан жок, ауыр болса да бір жөнін табатынына сенген, қиналғаны — сүйікті әкелерінен ажырап, жылауда отырған шағында қастарында болып жұбата алмаған дәрменсіздігіне күйінген, амал қанша, жіпсіз байланған жағдайда...

Дәтке қуат бір қуанышы — өзі Томфа да, Москваға да ерте жүріп білім соқпағына салған Фалымтай інісі (Бекештің үлкені) 31-жылы Тәшкенттегі Орта Азия геологиялық барлау институтына оқуға ілінген, бірақ бір жылдан кейін әлдекімнің түртпектеуімен бай баласы ретінде одан шығып қалған соң, орталыққа жиі қатынап жүрген сапарларының бірінде Ленинградтағы кен академиясына орналастырған. Әке-шешесінен де гері өзіне кебірек үйір болған, әрі үнемі жетегіндегі Фалымтай Фазизұлы ойлаған үдесінен шықты: 37-жылдың жазында ол іздеуіш геолог дипломын алғып, түстіктегі Ащысай (баяғы өзі зерттеуге қызығатын Түрлан) комбинатына жұмысқа түсті, әзірше соқа басы... Жағдайды түсіндіріп, сірә, хат жазуға сактанған, Ханенді соған жөнелтті: айтқаны — тетелес қарындастырынды қасында ұстайсың, әрі Фрунзеге жедел барып, Әбікей ағасының үй-ішнің жағдайын біл, шама-шарқынша қолқабыс ет!.. Бірер айдан соң Фалымтай хабар берді: Ағатайының әмірін асыра орындалты, алыстан арбалаганнан гөрі жақыннан дорбалаганды құп көріп, жұмыс орнын Қырғызстанға ауыстырыпты, алтын іздейтін треске геолог бол орналасқан (бұл жұмыста ол

1939 жылға дейін, яғни КСРО-Финляндия арасындағы соғысқа алынғанша еңбек еткен, сірә, ізденісі де сәтті болып, бір-екі алтын кеніштерін ашқандығы жайында куәлік алған. Сол себептен де көрші һәм туыс елдің қазірде зор қарқынмен өрістеп отырған алтынөндірісіне кіші Сәтбаевтың лайықты үлесі болған демекпіз)...

Қарағанды облыстық құрылтайының мәжілісіне (1936—1939 жылдар аралығында Қарсақбай еңбекшілерінің депутаты болатын) барған сапарында Кәрім ағасының да үй-ішінің жай-күйіне қанып, көнілі тыштыды: Үмина жеңгесін Тілеубегімен төркін жұрты қамқорлығына алыпты; ал кішің Үкібайды ауылдағы Өкімтай Жәмінұлы ағасы еншілеп елге әкетіпти...

Омбы іргесіндегі ресми Азов ауданы, 4-ауылatalатын колхозды мекеннен Бекештің жаманат хабары құлағына жеткенде-ақ Қарсақбайда есепшілік қызмет атқаратын інісі Тәрмізи Имантаевты елеусіздеп сол жаққа аттандырған. Өз бетінше құлшынысы аз болғанмен, тапсырылған іске тиянақты, әмбे аузы сырға берік Тәрмізи «Қаржас ауылында» бірер апта жатып, апарған қаражатын Шәрипаның қолына табысталап, ондағы туыстарының аса үрейлі, жүдеу-жадау құйсіз халын айтып келді... Содан соң-ақ Қаныштан маза кетіп үйқысы қаша бастады. Іштегі өксігін, заркүйіншін басарға Таисиядан езге жан таппай және қиналсын!

Ақыры, сәті түсіп, Москвада өткен XVII Халықаралық геологиялық конгреске шақыру алсын. Соны сылтауратып ертерек шығып кетті де, жолшыбай поезд ауыстырып, түнделетіп Омбыға жетті. Шәрипа шешеміздің бертінде бізге естірткен сырына қарағанда, кеш қаранғылығында терезені ақырын тықылдатып, қайғы жұтып мәңгү боп елермен халде отырған өздеріне Қаныштың кіріп келуі, қалын бүлттың арасынан жарқ еткен күндей әсерлі болған. Бірер күн сыртқа шықпай үйде жатып, ағайын-жүрттың, бала-шағасының кеңілін жұбатып, сөнген үміттерін қайта тұтатып, қаражатпен де кемектесіп, алдағы тірліктің жай-жапсарына ақыл беріп, бұдан аргы қарым-қатынасты Тәрмізи арқылы жасайтынын ескертіп, үлken астанаға аттанған.

Осыдан соң ғана мазасызданған көнілі біршама жайлланғандай болып, қызметтік парыз-міндетіне кіріскен, тіпті бұрынғыдан да молырақ тыңдырып тастауға құлшынғандай қайратпен. Әлдекімге кектенгендей, әлденеге құптенгендей, соны да тынымсыз жұмыспен үмітқысы келгендей жігермен. Жүйкесі де жұқарып, жайдалы мінез-құлқында да ақаулық молая тұсқен деседі тек...

Қаныш Имантайұлының тәзімі жарым жылға ғана жетті. Сайып келгенде, өмірін мансұқ етіп жүрген ісі — Үлкен Жезқазған мұддесін тоғышар шенеуніктердің ойына келгенін жасап, еріктерінше бопсалдауына беріп қойып, тыныш жүре алмасын түсінген. Әмбे солар геологтар конгресіне барған сапарында жыл басындағы үәделерінен жата танып, келер жылға қаржыны биыл-

ғыдан да аз беретінін, тіпті дербес конторды таратып, бәз-баяғы Қарсақбай комбинатының геологиялық бөлімі етіп қалдыратының ашық айтқан-ды. Жезқазғанда басталған үлкен комбинат құрылсында да самарқау енжарлық сезіле бастаған. Қентерілі, бәлкім, ойлағаннан да жедел қарқын Өспен-Жезқазған темір жолының құрылсындаға сакталған. Сондықтан бұрнағы жылғыдай дабыл қағып, тағы да ең жоғарғы деңгейде әңгіме көтеруге белбайлаған: Қарсақбай комбинатының кезекті жаңа директорын (ал олар аяқ киім аудиосканнан да жиірек өзгеріп жатқан-ды, мыс зауыты жылдан-жылға тағайындалған жоспарды орындаған емес, соған орай комбинат басшылары да жұлдызып қала беретін, тізе қосып қимылдау ойына иландыра алмады, мениң міндегі 30 мың тонна мыс беру дегеннен жаңылмады...).

Бұл енді НКВД жандайшаптарының үстінен шағым айтқаннан гөрі бөлегірек шаруа, мемлекет мүддесі, әмбеб Үлкен Жезқазған үшін айқастың заңды жалғасы. Содан да шығар жаңа жыл туысымен-ақ Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жуықта сайланған бірінші хатшысы Н. А. Скворцов пен КСРО ауыр өнеркәсіп наркоматының жаңа басшысы Л. М. Кагановичтің атына ашық хат жолдап, Жезқазған комбинатын тездегі салу жөніндегі екі жыл бұрынғы бүйректың ете сылбыр жүзеге асып, елімізге стратегиялық мәні зор металл беретін алып кенорнының мүмкіндігі әлі күнге дейін жете пайдаланылмай келе жатқанын ашына жазған-ды. Әрине, кен іздеушілердің тап болған төзгісіз халін де жасырған жоқ-ты, осы мәселеге мемлекеттік тұрғыдан назар бөлуді өтінген...

Наркоматтың бұл хатқа жауабы Алматыдан да жедел болды. Ақпанның бас кезінде Қарсақбай зауытының директоры мен Сәтбаев Москваға жедел жетсін деген пәрмен түсті. Қазақстан Халық Шаруашылығы Комисариаты кеңесінің басшылары, КСРО Жоспарлау комитетінің жетекшілері, әрине, Главцветмет пен құрылыш басқармаларының бастықтары да Ногин алаңындағы үлкен үйге түгел шақырылған.

Ақпанның 13-ші жұлдызына қараған тұнде оларды ауыр өнеркәсіп наркомы қабылдады. Қаныш Имантайұлына бұл Серго жолдасқа барғаннан танымал кабинет. Бәлкім, содан да шығар, әлде өз ісіне сенімінің мықтылығы, жаңа нарком Кагановичтің (сол қарсанда ол темір жол наркоматын да қоса басқарытын) шектен тыс қаталдығы, ешкімді ұзақ сөзбүйдаға жібермейтін төзімсіздігі туралы түрліше қауесет естісе де аса қаймығып, тіпті бет қаратпайтын сүйк айбынын түңғыш көріп отырса да сескенген жоқ, еркін отырды. Мәжілістің тек төтенше жағдайда шақырылғандығы фана алаңдатқан: біріншіден, кабинетке бәрі түнгі сағат бірдің шамасында кірді; екіншіден, Лазар Моисеевич ешкімге амандасқан жоқ, ұзын үстелдің басына келіп жайғасты да, көзілдірігін алып, қарсы алдында монтиып тым-тырыс отырған жүртқа түйіле бір қарап, әлдекімнің фамилиясын атады; сөйтіп, әрқайсысын өзі жауап беретін сала бойынша Үлкен Жезқазған комбинатының құрылсын бастау жөніндегі бүйректы алғаннан бері не істеп, не бітіргені жайында тұрғызып қойып есеп сұрады; сөйлеуші жалпылама сезге

түсіп бара жатса — қарындашымен үстелді тықылдатады, не «Отыр!» деп күнк етеді...

Ең алдымен москваляқтарды тыңдады. Наркомның Жезқазған жайына бүйрекі бұратының сезген олар өздеріне дейін бүл істі қадағалауға тиіс адамдардың саяси көрегендігі жетпегендіктен, әмбे зиянкестік жасап, құрылыш жұмыстары өрістей алмағандығын айтып, мемлекеттік маңызы зор ірі өндірісті жедел жүргізуге барлық мүмкіндікті қарастыратындықтарын мәлім етісті. Әңгіме сейтіп, ту бастан сызыра ақталу мен жалпылама уәде беруге ұласқандай еді. Темір жол құрылышын жүргізуі басқарма жетекшісі ғана рельс теселген нақтылы шақырымдарды атап, егер қажет қаржы уақытында тиетін болса — бірінші поезы Жезқазған стансасы мен Балқаш аралығына үкімет белгілеген күннен бұрын әкеletінін мәлімдесін. Қазсовнаркомның басшысы да қазақстандықтар тарапынан жіберілген олқылықтарды мойындалап, зиянкестік әуеніне түсе бастағанда, нарком қолындағы қарындашты үстелге атып үрүп:

— Жетеді! Зиянкестер өшкөреленген, жазаларын тартты! Ал сіз оларға тас лақтырғанды доғарып, Жезқазғанда не істелгенін, не керегін айтыңыз — тек соларды білетін болсаныз! — деп ескертү жасады.

Сескеніп қалған қазақстандық әкім жоспарлаушы, жобалаушы басқармалардың бүл іске салғырт қарап, ал қаржы наркоматының тиісті үлестен қағып отырғандығын біраз сынады да, ақырында өзінің осы қызметке жуықта ғана тағайындалып, нақтылы жағдайды жеткілікті білмейтіндігін мойындалап, сөз сыңайын қарсақбайлықтарға аударумен тынды.

Жағдай түсінікті болды: кінәлілерді іздеумен кенорнында қалыптасқан төзгісіз енжарлықты түзете алмайсың; бұрынғылар Жезқазғанға жүрдім-бардым көңілмен қараған, оларды ауыстырғандар не істейтінін әлі ойластырмаған; мәжіліске де сол себептен әзірліксіз келген...

Каганович көзілдірігін тағы да қолына алып, үстелдің қыыр шетінде отырған қарсақбайлық екеуге түйіле қарады: «Қане, қайсың сөйлейсің?» дегендей. Қаныш Имантайұлы зауыт директорына қозғау салып, тізесінен қақты. Заты жуастау адам еді, «Өткен жылдың қара мысттан берешегін қашан толтырасың?» деген сұрақ туса — не айтарын білмей зәресі ұшып отырса керек, қаһар наркомға тұра қарай алмай бүкжиді де қалды, тіпті мүлгіп кеткендей...

Қаныш Имантайұлы кенет наркомның аузынан өз фамилиясын естіді. Көзілдірігін пісте мұрнының үстіне қондырған Лазар Моисеевич қолына екі-ұш парак қағаз алыпты, соны шола сүзіп өтті де, қарындашымен өзін нұсқап:

— Мынада жазғаныңызды қайталаудың керегі жок, не істеу керегін айтыңыз! — деді.

Кабинетте отырғандардың барлығы да осынау түнгі мәжілістің жезқазғандық инженердің шағым хаты бойынша шақырылғандығын білетін. Сонсоң ба, Үлкен Жезқазғанның дабыра атағын

әйгілеуші геолог орнынан тұрғанда, мұдделі ісін тежеуші, иә қажетті қолғабыс етпеген, қайта өзін тәлеккеп салған лауазым иелерін түстеп атап, әрқайсысын және нақты айғақтармен әшкереlep, түгімізді қоймай сыйқырта қаралайды деп ойлаған-ды. Үйімізге бүгін аман-есен қайтамыз ба, әлде айдаушы сақшының алдына бейтендеп түсіп, торкезді бір жерден шығамыз ба... деп те зәрелері үшқан.

— Түсті металдар бас басқармасының қазірде тап болған қын жағдайын мен ете жақсы түсінемін, жолдас нарком,— деп бастады Сәтбаев сезін.—«Не ексең — соны орасын» дегендей болды да шықты: оншақты жерде бірдей түсті металл ендірістері түрғызылып жатыр, иә қайта женделуде; бәріне де миллиондаған сом қаржы керек, ол болса мұлдем жетімсіз, ал сол зауыттардың қайтармытым аз... Сондықтан да біздің мұндағы басшылар ешкімнің қолын қаққысы келмеген кеңілшек бикештер сияқты, иелігіндегі ортақ қазаннан қасықтап болса да анда-санда бірдеме жалатып, тек қарап отырманцар, бүйірганын талғажау ете тұрындар... десіп бізді де, өздерін де тым қоңыртақы құнкөріске душар етіп отыр. Жезқазғанның да бүгін талқыға түскен тәзгісіз жай-күйінің тұп себебі — осы, бәріңе бірдей деген тенгермешілік саясаттың салдары...— Қазақстандық геолог сәл тыныстап, үстел басындағы өндіріс жетекшілеріне қараған-ды: наркоматтың жетекші нояндары бастарын тәмен сап түкіп қалыпты, қасындағы қарсақбайлық әріптесі ғана бетің дұрыс дегендей бүйірінен бірер мәрте һығарлай тұртті.— Жұмыс басында жүрген маманның пікірін білгіңіз келсе, жолдас нарком, біз, жезқазғандықтар, мұнданай кеңіл жықпас ағайыншылық пифылды біржола тастанап, нағыз қожайынның «Береген қолым алаған!..» дейтін іскерлік саясатына жедел көшу керекті. Ойымды мысалмен нақтылап түсіндірейін: бүкіл Одақ көлемінде Кенді Алтай, Алмалық, Норильск, біздің Орталық Қазақстанда және Қоңырат пен Жезқазған кенорындары бар; нақ осыларда Кеңестер елінің құллі өндіріс қажетін адактайтын қорғасын, мыс, мырыш, никель және басқадай да түсті металдардың тоқсан процент қоры әзірше игерілмей жатыр; оның үстіне үлар әскери күш-куатымызды арттыруға қажет шикізаттар, демек, оларды стратегиялық аса мәнді аудандар деп қараша керек... Түсті металдар басқармасы да мәселенің тұп мәнін осылай түсініп, қолындағы қаржы мен қорды осы аудандарға көбірек тегіп, ондағы басталған құрылышты жедел қарқынмен жүргізуға тиіс еді. Алайда, іс жүзінде олай болған жоқ... Жә, сонда, Оралдағы, Кавказдағы, Орта Азиядағы құні санаулы зауытсымақтардан, тіпті жөндеуден өткізіп, қайта жабдықтаған ұсақ ендірістерден не алып отырсыздар? Қуаты екі есе өсірілген біздің Қарсақбайдан, немесе Блява зауытынан?..

— Әділдіктен аумаңыз, жолдас. Балқашта біз жұз мың тонна мыс беретін зауыт құрылышын жүргізіп жатырмыз,— деп қалды Главцветметтің жана бастығы (Шахмурадов ұсталып кеткен-ді, «Балқашқұрылыштың» мақтаулы жетекшісі Иванов та сондай нақақ жазаға ұшыраған-ды), сірә, қазақстандық әріптесін біршама тегеп қоюға бекінген сияқты.

— Сезді бөлменіз! Бұл кісі сендердің өрелерін жетпеген мәселені айтып тұр,— деп Каганович үстелді тықылдатты.

Қаныш Имантайұлы желпініп, бұдан әрі тартынбай, өз ойын түйе сейледі.

— Ескі өндірістердің қуатын жаңалап екі-үш есе арттырып, соған әмбе он жыл жұмсақ жүргізуден мысқа ділгірліктің ең көп деңгендеги жиырма-отыз проценті ғана өтелді. Соның жетпегенін үкімет қазірде таза алтын беріп шетелден сатып алғып отыр. Ал егер, ту баста жобалағандай, Үлкен Жезқазған құрылышын 31-жылы бастаған болсаңыздар, асылық деменіздер, тап қазір біз шетелден алмақ мыстың қақ жартысын, бәлкім, үштен екі белегін өзімізде өндірер едік... Сондықтан мен, жолдас нарком, Тұсті металдар басқармасы ғана емес, жоспарлаушы мекемелер, ауыр өнеркәсіп наркоматы да Кенді Алтай, Алмалық, Норильск, Балқаш және Жезқазғандағы ірі өндірістерді жедел іске қосудың шараларын қарастыруға тиіс, ең бастысы қаржымен керегінше жабдықтау ісін.. Шынтуайтын айтқанда, Жезқазған құрылышының бүгінгі дәрменсіз күйінің тұп себебі осында — назар мен кемектің жеткіліккіздігінде. Бұл көзқарас түзелмейінше, қымбатты Лазар Моисеевич, Жезқазғанның көкейкесті ісі сіздің алдыңыздан шыға береді, сездің шындығын естіртсем, күн сайын шұғылданар мезі шаруаға айналады...

— Сонда қалай, Сәтбаев жолдас, құрылыш алаңында не істелген? Сіз маған тұрасын айтыңыз! — деп үстелді тықылдатып.

Қын жағдайда өтіп отырған талқылауды ауырлатпас үшін Жезқазған барлаушысы бұл мәселені қозғамай, жалпылама ғана айтып өтіп еді, енді шегіншектеуге жол қалмады да, шындықты естіртті.

— Су бөгеті тұрғызылмақ Кенгірдің жағасында бірер трактор тұр, ал онда трактордан ғері шемішті экскаватор керегірек. Зауыт тұрғызылмақ аланға қазықтар қағылды, жұмыскерлер уақытша тұратын бірнеше үйлер салынды. Бар болғаны сол... — деп.

— Ал, мына анықтамада жұмыстың 15 проценті істелді делінген. Кімге сенеміз, кімнің сөзінде шындық бар?!

— Тастан қаланған, тебесі қамыспен жабылған төрт үйді, иә өзеннің жағасындағы болмашы үймені неше процентке жатқызуға болатынын мен білмеймін, жолдас нарком.

— Түсінікті, отырыңыз.

Жұрт күткендей қатыбас нарком ешкімге сөгіс жариялад, иә ейтемін-бұйтемін деп жұдырығымен үстелді де үрғылаған жоқ. Алдыңдағы папканың ішінен бір парап қағаз алды да, ол алдын-ала дайындалған бүйректикаң жобасы екен, соны дауыстап, әр тармағына өз пікірін айта отырып оқып шықты да:

— Ертең кеште мен осыған қол қоямын. Оған дейін мұны әлгінде ескертілгендей қайта жазу керек. Сәтбаев жолдас, сіз де қатысасыз бұған. Түсінікті ме?.. Түсінікті болса — демалыңыздар, ертеңге дейін!.. — деп үстел басынан өзі алдымен тұрған еді. Басқалар да бір жолға аман құтылдық дегендей, іштерінен «Ух!» десіп жапа-тармағай көтерілген-ді.

«Күштінің демі диірмен тасын айналдырады» дегендей болып шықты, келесі күні Жезқазған кенін игеру туралы ауыр өнеркәсіп наркомы жаңа бүйрыққа қол қойды, оның әр тармағы Ұлытау аты-рабындағы қалың ел көптен құптепе күткен игіліктің орындалу мерзімдерін қадау-қадау атап берген еді: темір жолдың пайдалануға қашан берілетін, комбинаттың, үлкен жылу және қуат орталығының, жаңа қала құрылышының, оның алғашқы кезектегі шаруашылық салаларының, су бөгетінің қай жылы, тіпті айы-күніне дейін... Ақпан айының аяғында Главцветмет Ұлкен Жезқазған кен-металлургия комбинатын толық қуатында іске қосу үшін қанша қаржы керек болатындығы жайында арнағы экономикалық анықтама әзірлеп, наркоматқа табыс еткен-ді, оның тұтас бір тармағы кенорның жан-жақты, түбегейлі барлауға тиіс геологиялық контораның сыйбаға-ұлесін көрсетуге арналған еді. Бір ғажабы, осы анықтаманың шетінде контораның жетекшісі К. И. Сәтбаевтың бадырайтып жазған «Келисемін» деген қолтаңбасы бар-ды. Демек, одан әлде наркомның өзі талап еткен, әлде басқарма басшылары Жезқазған білгірімен бұдан әрі тәжікеге түсуді қойып, келісе отырып ынтымақпен жұмыс істеуді жөн көрген деп шамалауға болады. (Әділін айту керек, сол жылдан байлай Ұлытау аймағындағы кен барлау ісі басқарма тарапынан ешқандай кедергі, тежеуге үшшырамаған.)

Нақ сол 1938 жылдың мамыр айында қазақстандықтар тағы да Москваға шақырылып, геологтардың бүкілодақтық жиынының соңында ауыр өнеркәсіп наркомының кабинетінде Жезқазған комбинаты құрылышының жай-жапсары екінші мәрте талқыға түскен. Соңғы мәжілісте Л. М. Кагановичтің аузынан шыққан лебіз: «Сталин жолдастың өзі бұл құрылышқа ерекше мәнмен қарап отыр!..» дегені мәжіліске жиналғандарға ғана әсер етпей, қазақ даласындағы алып өндірістің бұрынғыдан әлдеқайда зор қарқынмен, әрі кең көлемде ерістегіне жол ашқаны анық.

Сол жолғы сапарда ауыр өнеркәсіп наркоматының лауазымды қызметкери Сәтбаевты оңаша сұхбатқа шақырып, жыл аяғына та-ман ауыр өндіріс саласында құрылымдық өзгерістер болатынын, түсті металдар наркоматы құрылып, оның құрамында мыс ендірумен шұғылданатын дербес басқарма (Главмедь) жұмыс істейтіндігін ескертіп, өзін ірі мыс білгірі ретінде осы қызметке ұсынсақ қалай қарайсыз дегендей емеурін танытқан. Қаныш Имантайұлы рақмет айттып, бірден бас тартты. «Мысқа ділгірлік әлі де жойылмайды, қымбаттым. Тіпті өссе түседі, әмбе бұл стратегиялық мәні аса зор металл!.. Бұл хақындағы сіздің пікіріңіз бізге жақсы мәлім. Сөйті тұра Главканы басқарудан бастартуыңыз мені таңғалдырып отыр!..» деп наркоматтың кадрлар басқармасының жетекшісі тізеге салуға айналғанда, Қанекен: «Мен осы ділгірлікті Жезқазғаннан молдап мыс кенін тауып беріп өтесем деймін. Онда мен үшін әлі де шаруа көп!..»— деп құтылғысы келген екен, лауазымды шенеунік отаншылдық сезіміне тиісіп, әрі «Қажет десек, сізден сұрамаймыз, бірден-ақ бүйрық жазамыз!»— деп күшке басады. Мақсат-мұраты туған даласында еңбек етіп, соны көркей-

ту екенін, әрине, Қаныш Имантайұлы айта алмайды. Бірақ қатты қадалған дәкейді біржола түңілдіруді ойлап, өзінің партияға мүше еместігін көлденең тартады. «Түзетеміз, аупарткомға тапсырма береміз!» деп анау да шүйіле түседі. «Жақсы-ақ болар еді, бірақ менің шыққан тегім кедей емес, оны қалай жасырамын?— деп геолог та соңғы желеуін естіртеді. «Солай ма?! Апрай!..»— деп кеңсешіл шенеунік басын шайқапты... (Білікті жерден шыққанымның... пайдасы тиіп, әрен құтылды. Әйтпесе, Жезқазғаннан қашықтап кетер ме едім, кім білсін» дейді екен ғалым бертінде, сирімінез достарына осы жайтты әңгімелегендеге.)

Қаржы тапшылығынан құтылған соң-ақ Жезқазған барлаушылары жаз бойы ерекше қажыр-қайрат пен асқан шеберлік көрсетіп, қарқынды еңбек үлгісін танытқан. Өсіресе бұрғылау станоктарының өнімділігін арттыру саласында. Снарядқа бытыраны қөптеп салып, тездетіп бұрғылау әдісін ең алдымен Егізек Байсалбаевтың бригадасы менгерген еді, сонынан бұған ондаған смена үйреніп, қызыры озық әдіс бүкіл көшшілікке тарасын. Бұрғылау станоктарының жалпы қарамы да бұл қарсанды едәүір болатын. Олардан алынған кен Жезқазғанның өзінде зерттеледі. Тасқұдық басындағы барлаушылар қалашығы қарамады мекенжайға айналған. Онда химиялық лаборатория ғана емес, ғылыми-зерттеу секторы да жұмыс істейді. Лабораторияның өзі де сантаратынға бөлінген: пробиркалыш, минералогиялық, петрографиялық, шлихтық анализдер жасайтын кабинеттері бар, құрылымыс материалдарын сынайтын, фото және микрофотолық бөлімдер өз алдына... Минералогиялық мұражай болса түрлі түсті тас жыныстары ғана емес, күні ертең жаңа қаланың елкетану, іә тарихи жайларына керек боларлық алуан мұрағаттарға да аса бай.

1939 жылы Ұлытау геологтары Жезқазған кенінің көлеміне жиынтық есеп жасаған. Қор комиссиясы олардың ұсынған есебін кедергісіз бекітті. Бекітіп қана қойған жоқ: «... Бір ұжымда он бес жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, Отан ігілігіне орасан мол пайдалы қазбалар тауып берген геолог Қ. И. Сәтбаевтың үлгілі еңбегін ерекше атап өтуді ЦКЗ парызы деп біледі... Бұл жылдарда ол барлау жүргізген кенорнының қоры 457 есе өсті. Ал бұл жайт біздің геологиялық қызметімізде теңдесі жоқ тамаша іс!.. Сондықтан да Жезқазған ГРК-сының, оның қабілетті басшысы инженер-геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қыыр дала жағдайында, зор қыншылықтармен құресе жүріп жеткен тамаша нәтижесін лайықты бағалап, айрықша мән беріп, ол басқарған озат ұжымның тәжірибесін Цветметразведка жүйесі ғана емес, бүкіл геология қызметкерлері арасында кең таратылуға тиіс» деп наркомат кеңесіне ұсыныс түсіріпті (Алайда, бұл ұсыныс лайықты қолдау таппаған, «Екі айлық еңбекақысы мелшерінде сыйлық берілсін!» деген бүйрықты айтпасақ... Оның түп себебі, сірә, Қаныш Имантайұлының Москваға қызметке ауысадан бас тартқан «қыңырлығын» кадр басқармасындағы лауазымды шенеуніктің есінде үстап, өзінше жаза тартқызыған «тәрбиесінде» болса керек).

Өмір болса әлдекімдердің қырысымынен, иә кедергісімен тоқтаған жоқ, сағат тықылында дамылсыз тыныспен алға жылжи берді. Төрткул жазығындағы Досмырза моласының айналасынан басталған Жаңа Жезқазған (осы өлкеде жаңа облыс іргесі көтерілгенше ол Қенгір деп те аталған-ды) қаласы мен алып зауыттың, байыту фабрикасы және үлкен жылу-қуат орталығының іргесі көтерілер айшықты сағаттар да күн санап, ай санап жақындаі түскен-ді...

**ФЕДОР ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:** «...«Дальний» деген участокта, бұл осы құнгі рудник поселкасынан жеті шақырым жер, құрылыштық материалға барлау жасап, шурфтар, жыралар қаздырып жүргенімде жеңіл машинамен Қаныш Имантайұлы келе қалды. Маусым айының бас кезінде отрядыма бір топ студенттер қосылған. Бәрі де төртінші курсты бітіргендер.

Қарсақбайдағы ФЗУ мен қысқа мерзімді геология курсын бітірген маған қарағанда олар көш ілгері мамандар, бірақ бізде қалыптасқан тәртіп бойынша, мен оларды жер қазуға қойғанмын. Бұлда Сәтбаевтың өнегесі: күні ертең жұмысшыға нұқсау бермек жас маман қара жұмыстың, әсіресе шыжыған күн астында жүріп жыра қазудың нендей азап екенін көруге тиіс; сондағана ол қарауындағы адамдардың ауыр еңбегін бағалай біледі-міс...

Қаныш Имантайұлы жұмысынмың жай-жапсарын сұрады, дайын болған графикалық материалдарды қарап шықты, бірақ бұрынғыдай барлау жыраларын арағаған жоқ. «Көрмейсіз бе?» деп тыңқатап едім, қасымызға жиналып қалған студенттерге естірте:

— Мен саған, Федюша, өзімдей сенемін. Саған және Павел Прокопьевке, екеуін де тапсырған істі тиянақты орындаисындар... Мына жұмысынан да соны көріп тұрмын, дипломды геологтардың қолынан шыққандай тұра!— деп беделімді көтере сөйледі де, қостың іргесінде саз сұрыптаپ отырған студент екі қызға келіп:— Жұғымды саз сияқты, улғіні көбірек алыңдаршы, қайтарда ала кетіп, отқа төзімділігін сынатаїын,— деді. Соңсоң студенттердің барлығын қасына шақырып маған қарады да:— Федя, сен де менімен жүрестін,— десін, әлдеқайда асығып тұрганын сондағана білдік.— Мына студент жастардың қайсысы бұл участеде техниктің міндетін атқара алады? Есінде болсын, ертеңгі үлкен құрылышқа аса қажет шикізат базасын зерттеу ойыншық емес, сондықтан әділін айт.

Мен Вася Штифанды атадым. Жұмысты тиянақты істейді, басқаларға тілін алғыза біледі деген мінездемені және қосып.

— Қалай, Штифандайтың немересі, бұл отрядтың тауқыметін көтере аласың ба?— деп сұрады Қаныш Имантайұлы.

— Байқап көрейін,— деді Штифанды та лып етіп қазақша жауап беріп.

...Жолсыз даламен жарым сағаттай изендей Қенгірдің жағасына келсек, бір топ адам күтіп тұр екен. Қарсақбай зауытының басшыларынан өзгелерін танымадым, бәрі де бір-бір папка

құшақтаған дәй мамандар. Өйткені сөз етіп түрған әңгімелері бөлек: «Жок, өндірісті бұл жерден тіпті әрірек қою керек, суға түс келген жұрт тұтінге шашалып, газға тұншыққан сайын бізді балағаттап отырғанын мен қаламаймын», немесе «Бұл төбеге темір жол вокзалын әкелейік, ал қала алысырақ орналассын, паровоз айғайын минут сайын естіп жатқан адамда үйқы бола ма?» десіп, қызыл кеңірдек болған дауларын тыңдай түскім келіп, өрі өзімнің қатысым жоқ шаруаға құлак тұруден қысылып үнсіз тұрмын. Қаныш Имантайұлы да олардың таласына біразға дейін араласқан жоқ. Тек Кенгірдің арнасы тарылып, екі жағалауы да биік жарланып біткен дәңестеу жерге келгенде, қонақтарды тоқтатып, келелі сөз бастады.

— Сіздердің айтып түрғандарынызға мен дән ризамын. Себебі жаңа қаланың өрбір үйін, оның тыныс-тіршілігін ту бастан дұрыс белгілеудің қаншалықты мәнді іс екенін түсінемін. Әмбे бұл бесон жыл емес, жұздеген жылға кететін, жұздеген мың адам, ондаған үрпақ ауысып баянды өмір сүретін тіршілік қамы емес пе!.. Біз де бұған көп ойландық. Жергілікті түрғын болғандықтан соңғы жеті-сегіз жыл бойы осы жерді сан мәрте шолып, қайта-қайта келіп дегендей. Сондықтан да көп толғаныстан туған топшылауымызды білдіруге рұқсат етіңдер... Анау қарсы жағадағы топырақ-пен кемілген ағаш қаданы біздің адамдар қаққан. Біздің шамаладуымызша, тоспа-бөгеттің табаны осы жерден түседі... Енді оң жаққа қараңыздар, қарсы алдымызды мидай кең жазық жатыр. Мыс зауытының шеткі қоршауы осы жерге түрғызылса деймін. Ал қаланы... бұл жерден қолмен нұсқап түсіндіру қын, картаға жақындаңыздар, міне, мына арадан...

Ақыры, бірер сағат әуре болып, даланың әр жеріне топырақтан үйме жасап, оның үстіне белгі қазықтар қағып, тақтайшаға «Мыс зауыты», «Вокзал», «Аэроплан айлағы», «Қалалық бақ», «Фабрика», «Ленин көшесі», «Сталин көшесі», Қарсақбай зауытының бас инженері И. А. Стригиннің ұсынысы бойынша, биіктеу бір қыраттың ортасына «Кенгір мейрамханасы»... дәп жазып, құдды бір Жаңа Жезқазғанның іргесін түгел көтеріп шыққандай-ақ бір-бірімізге құттықтау айтып тарқастық.

Бір мезетте қарасам, Қаныш Имантайұлы екеуміз иен жазықта оңаша қалыппыз. Батуға айналған күн Қарсақбай жақ иыққа шығып алып, алтын шапағын қиғаштай төгіп тұр. Сағым ойнаған кең дала табиғаттың осы бір кеңпейіл, ыстығы біршама кеміген мазалы мезгіліне бас игендей дамылдал, тым-тырыс мүлгіген тыныштыққа ауған. Қала орнайды деген қыраттың жусаны бұрқыраған бір тұсина келгенде Қаныш Имантайұлы жерге сұлай кетті де, маған да «Асықпа, дем ал» дегендей ишарат білдірді.

Екі кісі жусанды далаға бауырымызға төсеп жатып, былайғы жұрт өстісе құлқісі келер қызық әңгіме шерттік.

— Солай, Федюша, қияли іс деуші едіңдер, міне көрдің бе, бәрі де әп-сәтте шындыққа айналды! Күні ертең осы жерге экскаватор келеді де, қаланың іргесін қопара бастайды. Онан соң зәулім биік үйлер сап түзейді. Нақ осы екеуміз аунап жатқан қыраттың

ортасында фонтан атып, саялы бақ өседі! Жұмыстан қайтып келе жатып, Федя, осы арада, жоқ, сен өйтіп құлме, мен саған ертегі емес, шындықты айтып отырмын... Ие, жұмыстан қайтып келе жатып, осы арада бір-біріне су шашып асыр салған балақандарды қызықтаймыз әлі-ақ!..

— Соған дейін оқып алсам жарап еді. Сіз мадақтағанмен көп нәрсені мен түсінбеймін, көбіне ойша қорытып, солай болғаны жөн-ау деп долбарлап жасаймын... Шыным осы, Қаныш Имантайұлы, оқығым келеді, үй болған соң, білесіз,— деп әңгімені ішімді деп жүрген арманыма бұрамын.

— Оның дұрыс, Федюша, оқу керек. Сенің геологияға деген ынтаң бөлек, өте байқампазсың,— деді Қаныш Имантайұлы да бұл ойымды құптал,— бірақ сен биылша тоқтай тұр, сезесің бе, қанша жұмыс құтіп тұрғанын?.. Қысқасы, ертеннен бастап осы жерге көшесің, не керек — бәрін бергіземін, сөйтіп екі-үш ай жұмыс істеп, қала мен өндіріс салынатын аландардың іргесін тексересің. Ал бұл өте-мете жауапты жұмыс, күні ертен оқуына кетіп қалатын студенттерді мұндай аса мәнді іске қоя алмаймын. Үқтың ба, сені мұнда неге ертіп келгенімді? Болашақ Жезқазған қаласының іргесіне геологиялық құжат әзірлейсің...

Үш күннен соң қос жасақтап, үш станок, онда жұмыс істейтін кісілерді толықтап алып, су таситын машинамен Кеңгір жағасына қайтып оралдым. Қүннің аяусыз шыжғырған ыстығына қарамай өнімді жұмыс істедік. Өйткені бұл жолғы жұмысымыздың нәтижесін Қарсақбайдағы жобалаушылар құтіп отырғанын билетінбіз. Тамыздың орта шенінде Қаныш Имантайұлы жұмысымызды тексерे келгенде құрылыш алаңынан біз жұз қаралы скважина бұрғылап үлгерген едік. Олардың тік қимасын да сыйып, калькаға түсіріп қойғанмын.

Қаныш Имантайұлы әрбір скважинаны асықпай керіп, бұрғылаудан шыққан кендерді түгел қарап өткен соң:

— Жарадың, Федюша! — деді сүйсіне қолымды қысып.— Жұмысың онды екен, зауыт пен қаланың орнын дұрыс белгілеппіз. Бұған енді ешқандай шубә жоқ. Үстінде борпылдақ, жарықшағы көп сијактанған қыртыстың теренде жалпақ тасқа айналғаны — үлкен олжа! Демек, Жана Жезқазған қандай да жер сілкіну, тіпті небір дүмпү-қопарылыш қозғалта алмайтын берік іргетасқа тұрғызылады...

Жұмыс алаңындағы қалқима қосқа келген соң:

— Ал мен сіз үрса ма деп қатты қауіптеніп едім,— дедім терімді сүртіп, бәсек үнмен.— Байқадының ба, скважинаның терендіктері бірдей емес. Кебінің қуаты он бес метр шамасында. Ал сіз маған жиырма бестен кем болмасын дегенсіз.

— Жоқ, үріспаймын, тас қабатына үш метр сұңғығен соң бұрғыны тоқтатып отырғансың, заңғар тасты бостан-босқа үнғудың қажеті қанша. Жоқ, сен, бауырым, бұл жұмысты жөнімен істеп және өз бетінше ойланып зердемен қарағансың... Сол себепті алғыс жариялап, бір айлық еңбекақың мелшерінде сыйлық беремін,— деп арқамнан қақты да, барлық шаруаны тезірек бітіруді пысықтап, іле-шала қайтып кетті...»

...Жұмыс деп жүріп ерлі-зайыпты геологтар бұл жылдары жан күйттеуді ойлаған емес-ті. Соны ойлауға, шынтуайтын айтқанда, мұршалары да болмалы: әуелі бастары қосылмай, Москва мен Қарсақбайдың, Қызылорда мен Жосалының арасында салпақтап жүріп біраз жылды өткізді; одан соң Үлкен Жезқазған жолындағы сергелден басталды да, өмір соқпақтарының әр қылы ауыр кезендерін бастарынан өткізуге тұра келді... Сөйтіп жүріп талай жыл артта қалған. Таисия ғана балаларды қасына алып, қайсыбір жаз күндерінде жайлауға шығып, Ұлытау баурайындағы қонақжай дос-жарандардың ауылында, онаша тігілген киіз үйде көкке шығып әредік демалыпты. Ал өзі? Кен қарап, жер шолған ұзақ-ұзақ саяхаттарды ғана шаршаған жаңына сая, ғұмыр жолындағы түрлі айтыс-тартыстардан қажыған жүйкесіне дауа көрген. Ана бір жылғыдай ауылына барып, жас күнінде жұмыртқа терген көлдерге қаршыға салып, туған елкесінде аунап-қунаудан айырылған соң Баянула жағына ат ізін салған емес. Соған да, міне, оншақты жыл болыпты... (Аштық жылғы шерлі сапарын есепке алмаған, тіпті сол жайында есіне алып, жақын кіслеріне де әңгімеледі жаңы сүймеген.)

Бір күні өзінің отбасында «қалыпты адам құсап өмірінде бір мәрте демалу» жайында «қырғи қабақ» жойқын әңгіме туып қалды да, ақыры өзін кінәлі деп толық мойындауға тұра келді. Іле-ақ алысырақ бір жерге жолдама сұрап, кәсіподак үйымина арзы жазды. Тәрбиесіндегі балаларды арбаға тиеп, енесі Фелицата Васильевна Жезді өзенінің тоғайлы нұ аңғарына, геологтардың отбасылары үшін тігілген жазғы жайға женелді, ал өздері Қырымның түстік жағалауындағы Ялтадағы сауықтыру орнына аттанды. Бұл 1939 жылдың жазы болатын. «Үй болып шаңырақ көтергеннен беріде екеуміздің демалысқа тұңғыш рет бірге шығып, Қырымда екі ай болдық. Шаршағанымызды сонда, Қара теңіздің саялы жағасында, шуағы мол, құмдауық жағажайда рақаттанып жатып, шексіз ләззатқа бөленген шағымызда бір-ақ білдік... Иә, мұнан соң мен оны Алматыға, «Ақсай» демалыс үйіне ертіп апарып, тағы бір мәрте тыныс алғыздым. Мінө, осы күні ойлап отырсам, Қарсақбайда он екі жыл табан аудармай тұрғанда көрген рақатымыз» деп есіне алған Таисия Алексеевна естелігінде.

Әрине, геологтың емірі бір ғана барлау, ертеден кешке дейін созылған жұмыс болмағаны түсінікті: жексенбі күндері балаларды ертіп Қарсақбай ашасының айналасын қыдыру; қыс күндері соларға сырғанақ үйимдастырып, өзі де қосыла теуіп бой сергіту; немесе ауылына бір барғанында ала келген ескі домбыраны кеудесіне қойып, диванға жатып, неше алуан дала саздарын шертү... Кейде өзі де қосылып кетеді. Әдette, бұл ескі сарынды мұнды әндер болатын, бірақ бірте-бірте даусы көтеріліп, әуезді шат саздарға ауысады. Бұл да күйбең тіршіліктің әр қылы құбылысына қамыққанда алаң қөнілін жұбатуға сеп, сөйтіп отырып-ақ бойы сергіп, ертеңгі ауыр жұмысқа жігерленіп, кәдуілгідей-ақ тынығып қалар еді...

«Арғанаты өзенінің жағасынан ескі чудь қазбаларын қарап жүргенбіз. Вася Соловьев из күнделікті маршрутты аяқтап қосқа келсек, Таисия Алексеевна мен Қаныш Имантаіұлы өзеннің биік жарқабағында балық аулап отыр. Жас кезіміз, біз де балық аулауға елігіп, шаршағанымызды лезде ұмытып кеттік,— деп геологтардың демалыс сағатын сүйсіне есіне алады Ф. Пастухов естелігінде.— Сол мезетте Таисия Алексеевна бізді қасына шақырып: «Мениң қармағыма түк түспейді, ал Қаныш Имантаевич шелекті толтыруға айналды, немене, балық та кісі таңдай ма?»— деп реніш білдірді. «Неменемен аулап отырсыз?» «Кирилл Сергеевич (Бабенко — кен технігі — М. С.) қамыр илеп берген, қамырым да бітті, қабады да кетіп қалады, түк ұстагам жоқ!..» Жұбайының шағымына Қаныш Имантаіұлы қарқылдалап құлді де: «Таисия, оның есесіне сен масаны қырып салдың, сондықтан есеп тепе-тең!» деп әзіл айтты. Вася пышағын алып, шелектегі шабактың бірінің құйрығынан ет кесіп, Таисия Алексеевнаның қармағына шашып берді. Соңсоң құліп тұрып: «Таисия Алексеевна, сіз қазір-ақ бұл жердегі шортаның патшасын ұстайсыз, тек қармақты бірден тартпаңыз»,— деп жорамал айтқан-ды. Бес минут өткен жоқ, Таисия Алексеевнаның «Ой-ой, құлап барам!» деген айғайы естілсін. Жүгіріп келсек — Қаныш Имантаіұлының ішек-сілесі қатып рақаттана құліп тұр, жұбайы баж-баж етіп жағаға енбектеп жүр... Балықшылардың айғайына палаткада демалып жатқан Бабенко да жүгіріп келді. Ақыры, бәріміз жабылып кем дегенде ұзын тұрқы екі қарыс шортанды суырып алайық... Бұл оқиға бізге бір жаз әңгіме болып, әмбे айтқан сайын шортан да үлкейіп бара-бара тіпті екеу-ұшеуге кебейіп жүрді».

Жақсылық та, тегінде, егіздеп тумак. 1938 жылғы наркомат шешімі Жезқазған үшін шындығында егіз ғана емес, сегіз болып, бәлкім, одан да көп игіліктермен ұласқан-ды.

Келесі жылдың басында Жезқазғанды Жарық станциясымен жалғастырған темір жол салынып бітті. Қарағанды — Жезқазған жолының бойындағы аралық станса, поезд тоқтайтын кішігірім мекендердің аландары мен тұрғын үйлері де толық аяқталып, мемлекеттік комиссияның қабылдауынан етті. Сейтіп Сарыарқа жонындағы үш бірдей өндіріс албыры өзара болат жолмен қосылып, бұдан былай бір-біріне иық тіреі өнім шығармақ-ты: Қарағандының отынды ошағы сапалы кемір береді; Жезқазған мыс шикізатын; ал іске қосылған Балқаштың металлургия пештері екеуін де толассыз көмейлеп (Қоңыраттың құнары кедейлеу кені оны салған күннен қамтамасыз ете алмаған), мыс бұлағын ағызбақ... (Жезқазғандағы алып мыс зауытының іргесін тұрғызуға кірісken шақта Ұлы Отан соғысы басталып, жобаланған өндіріс еріксіз тоқтап қалған, оны салып, жүргізуідің сәті тек 1974 жылы ғана тусти.)

Сейтіп үш алыпты өзара темір жолмен жалғау туралы ой туғызушылардың асқан көрегендігін дарқан өмір көп уақытқа созбай, әлі-ақ, екі жылдан соң, Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде,

сұрапыл майдан миллиардтаған оқ пен жez гильзаларын сұраған кезде айқын сезілмек. Арқаның үш албы бір-біріне иық сүйеп, майдан үшін ең қажетті қару шығаратын стратегиялық орталықтарға айналмақ. Бұл әлі алда. Ал әзір ше?..

1940 жылдың қантар айында Қенгір су қоймасының құрылышы басталған. Кектемгі қар суын үстап қалу үшін сәуірге дейін бөгеттің алғашқы кезегін қайткен күнде бітіру қажетті. Өйткені Терткүл жазығының шетінде қанат жайған Жаңа Жезқазған қаласының құрылышы орасан мол су қорын талап еткен: бұған дейін арбамен, машинамен Қенгірден тасылып жүрген су тұс-тұстан ірге көтере бастаған алуан құрылышқа жұғын болмасы анық. Сол себепті алдағы барлық жұмыстың тағдыры су бөгетінің жобаланған мерзімде ірге көтеруіне байланған...

Құрылыш алаңына көшірілген жылжымалы үш бу станциясы тоқтаусыз жұмыс істейді. Бірақ жер қазуға қойылған ауыр техниканы қамтамасыз ете алмайды. Оған енді жүздеген жұмыскер білегі қосылады. Тоспа басындағы жұмыс үш мәрте ауысумен күні-тұні бірдей жүреді.

Солжылғы ауа райы да шелдалаға шабуыл жасаушыларға ере-гескендей адудын қылыш танытады. Күн ерте жылып, қар жылдағы мерзімінен бір ай бұрын ери бастайды. Тоспа басындағылар үшін нағыз қысылтаяң кезең туады. Қарсақбай аудандық партия комитеті: «Барлығың да — бөгет құрылышына!» деп ұран көтереді. Қенгір жағасына үй салушылар, кеншілер, жолшылар, металлургтер, кеңсе қызыметкерлері келеді. Мұғалімдер ғана емес, жоғарғы сыйыптың окушылары да сабакты бірер аптаға доғара тұрып, төшкемен, қапшықпен, жәшікпен үстіге топырақ тасиды, жер қазады...

Бәрі де биылғы қар суынан айрылып қалса, Үлкен Жезқазған құрылышы артық-кемі жоқ тұра бір жылға кешігетінін айқын түсінген. Ешкім де уақытпен санаспай, танды күнге, күнді таңға жалғап, бегет табанында жан ұшыра жұмыс істейді. Мындаған адамның дүлей табиғатпен айқасы тұнде де, күшті проJECTорлар жарығымен жалғаса береді.

18 наурыз күні кенет тасыған өзен лақ етіп бөгет табанына жеңкіледі. Құрылышылар үшін нағыз қауіпті, сыни кезең енді туады: сағат сайын, минут сайын айдыны кеңейген жасанды кел жөнді бекімеген тоспа іргесін соғып, топырақ үймені ұрғылай бастайды; жан ұшырган жезқазғандықтар бөгетті қосымша бекітумен шұғылданып, әлденеше тәулік бойы су дөңгейін күзетеді... Олардың жанқиярлық енбегі ақыры жеңіспен аяқталды. Тасыған өзеннің солығы басылып сабасына түскен кезде, бөгет құрылышының бірінші кезегінің әзір екендігі мәлім болады.

Бірінші мамыр күні Қенгір су қоймасы (жобада «Досмырза бөгеті» делинген) жобаланған межеге жетеді.

Дербес республика атанғанына жиырма жыл толған 1940 жылдың қазақ елі жер-жердегі зор жиын, думанды мерекелер жасап, салтанатпен еткізген. Мереке мәресі қазан айында Алматыда тойланған, ал қарашада Мокваға жеткен-ді...

Соған орай ғылым академиясының тералқасы мерекелік жиын еткізуға шешім қабылдаған. Астанада, ғылым ордасында «Қазақ тілінің даму кезеңдері», «Қазақ халқының азаттық жолындағы күрес тарихынан», «Қазақ әдебиетінің өсу жолдары» атты бірнеше ғылыми баяндамалар тыңдалуға тиіс; ал негізгі және бірінші кезекте тыңдалмақ баяндама — «Қазақстан ғылымының жиырма жылдағы жетістіктері». Бұл тақырып бойынша баяндамашы тағайындалған жоқ-ты, астаналық білгір қауымға республикадағы ғылым өрісін жан-жақты айтып беретін ғұлама ғалымды таңдауды академия басшылары Қазақстан үкіметінен өтінген-ді...

КСРО ғылым академиясының филиалдар мен базалар кеңесінің ғылыми хатшысы В. А. Ульяновская\* естелігінде: «...1940 жылдың бірінші қараша күнгі тымырық кешін кеп уақытқа дейін үмітта алмай жүрдім. Себебі сол күні мен алыстағы Қазақстаннан келе жатқан негізгі баяндамашыны дегбірсіздене тосып қатты қобалжыған едім. Академияның конференц-залына ол кешкі мәжіліс басталуға бірнеше минут қалғанда ғана келді, сөйтсем поездан түскені сол екен. Қ. И. Сәтбаевпен мен тұнғыш рет осындай жағдайда таныстым.— деп куәлік етіпти.

— Мен геологпын, туған жерімнің табиғи байлықтары және оны халық илгілігіне жарарту мүмкіндіктері турасында сөйлемекпін,— деді Қаныш Имантаевич.

— Баяндамаңызың тезистері әзір ме?— деп сыр тарттым карталарды ілуге кемектесіп жүріп.— Сірә, оқып берерсіз. Цифрларды көп айтпасаңыз жарап еді. Бәлкім, проценттермен ғана шектелерсіз?

Маған ол қолтығындағы қомақты папканы нұсқап, баяндамасы әзір екендігін айтты. Көнілім жайланаңып, тілті қуанып қалдым.

Сөлден соң академиктер келе бастады. Алдыңғы қатарға геология ғұламалары, қарт тарландарымыз жайғасты.

Залдағы жүрттың күні бойғы ауыр жұмыстан шаршап шыққаны жүздерінен көрініп тұр. Баяндама қызықсыз болып құрғақ сөзге құрылса, кірпияз тыңдаушыларымызың аяғын тоспай тарап кетері маған аян. Көніліме тағы да қобалжу кірді, мазаланып отырмын...»

— Сөз басында кеңестік озат ғылымның бас штабы — Академияның тералқасына, қайта туып, бақытқа кенелген қазақ халқының туысқандық жалынды сәлемін жеткізууді парызым деп

\* Қазақ КСР ғылым академиясының хабаршысы, 1949, № 4.

білемін!— деп бастады Қаныш Имантайұлы, сәл тыныстап, алдындағы қағазға бір қарап өтті.— Қазақ халқы талай жылдар аяусыз қанау кешіп, жапа шекті. Құні кеше ол патшалы Ресей бұратана атаңдырған езгі жүрттардың бірі еді. Ал қазір, езінің жиырма жылдық мерекесіне большевиктер бастаған коммунистік партияның дана басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының туысқандық жәрдемімен Кеңес Социалистік Республикалар Одағының алдыңғы қатарлы іргелі елі атанаپ, зор табыстармен келіп отыр...

Жаттанды ғана емес, әрбір сейлеушінің міндет-парызындай боп кеткен құрғақ та ресми лебізді ұзақ созбай тұжырымдал естіртті де, мінбеден жайлаптүсіп, картаның алдына жақындағы.

Ғылым ордасының әлемге әйгілі конференц-залы лық толы. В. А. Ульяновская әлгінде: «Ғылыми қызыметкерлер түгел болады, әсіресе ғалым-геологтар мен географтар, байқаңыз, ұялып қалмайық»,— деп ескерткен. Бұрыннан жұстаныс бірнеше әйгілі ғалымдарды көріп тұр: алдыңғы қатардан академик Обручев, Комаров, Курнаковты таныды; тағы бір қарағанда Веденеев пен Бардинді байқады; ленинградтық достары Кассин мен Русаковты жиналыс басталардан бұрын керген. Екеуі де қолын қысып: «Өте жақсы болды, Қаныш Имантаевич, мынандай салтанатқа баянда ма жасау — үлкен сенім. Парасатты ғылыми ортаға шығатын мезгілің жетті, қымбаттым... Біз, әрине, сен үшін — жанқүйерміз! Қысылма, еркін сөйле. Сейтіп, бізді бір қуант!»— деп қызу ниет білдіріп, көнілін марқайтып қойған.

— Тағы да қайталайын,— деп даусын кетере сейледі геолог,— шежіреге өткен жиырма жылда қазақ, елі артта қалған жүдеулі елкеден, құн сайын еркендеп, жедел өрістеп алға қадам басқан индустриалды-аграрлы, социалистік республикаға айналды. Мына бір деректерге назар аударыңыздаршы: 1912 жылы Қазақстанда небәрі екі мың шақырым темір жол бар еді — оның қазір ұзындығы жеті мың шақырымнан асты; төңкеріске дейін бізде бірде-бір жоғары оқу орны болған жоқ — Қазақстандағы ондай оқу үясының саны биыл он тоғызға жетті... Оларда сегіз мыңнан астам шәкірт оқиды. Ал жалпылама білім беретін мектепке бір жарым миллион бала қамтылған. 1917 жылға дейінгі қазақ халқының сауат дәрежесі жиырма шақты процент қана болса, 1939 жылғы есеп бойынша, бұл 76,3 процентке көтерілген!..

Тәс қалтасынан тілдей қағаз алып, өредік соған көз сала тұрып, тағы бірнеше деректерді түйдек-түйдегімен атап өтті. Сәл тыныстап, осы кіслерді жалықтырып алмадым ба дегендей залға барлай көз тастап, қолына жінішке шыбық алды да, картаға қарап қойып шабыттана сейлеп кетті.

— Біздің бірінші байлығымыз — ұлан-байтақ жеріміз. Жер көлемі женинен Одақта екінші орындамыз, ал халық саны тұрасынан — бесінші. Осы байлығымыздың кеңдігін салғастыру арқылы айтсам, Еуропа құрлығындағы ең ірі төрт мемлекет — Германия, Франция, Италия және Англия иелігіндегі күллі жер-суы біздің Қазақстанға түгелімен сыйып кетеді...— деп сәл лепірте айтып өтті де, осы да жетер дегендей залға қарады.— Енді қазақ жерінің түр-келбетіне

қараңыздаршы. О, мынау ескірген карта екен, порымы көрілген барыс терісіне ұқсаған қазақ жері... жұлым-жұлым болып, тым жүдеу, тым жұпның бейнеленіпті.

Мына картада қазақ даласы ұшы-қырысыз жерден өзге байлығы жоқ, сусыз, нусыз қуан өнір. Қазбалы қазынадан жұрдай — жалаңаш өлкे сияқтанып кескінделген... Әдейі мұқату мұратым емес, картадағы кезге ұрып тұрған жұтаңдықтың, неге бұлайша бейнеленген себебін түсіндіру үшін ғана айтпақлың: орыс ғылыминың мақтанышы Петр Петрович Семенов-Тяньшанский сыйылды айтулы саяхатшысы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында қазақ жерін «тұзға бай, пайдалы қазбаға сараң елке» деп сипаттап жазып кеткені осы залда отырған геолог, географ жолдастарға жақсы мәлім. Ал кен ғылыминың негізін салушылардың бірі, орыс тіліндегі ең алғашқы «Кен қазбалары» оқулығының авторы, мына картаның дүниеге келуіне себепкер болған профессор К. И. Богдановичтің: «Қазақстанда ешқандай тәмір рудасы жоқ», — деп үзілді-кесілді кесіп айтқаның да сіздер білесіздер...

Залдағы жұрт өзара күбірлесіп, әлденеге тынышсызданып қалды. Сірә, бір-біріне: «Мына инженердің айтып тұрғанын қарай гөр!» — десіп, тамсанып жатқандай.

— Қазақстан үшін бұл карта, асырып айтты деменіздер, тап бүгінде ескіріп қалды. Қазақ даласы үшін енді жаңа карта әзірлеуге тұра келді. Оны бірақ бұрынғыдай сіздерге жүктемейміз, тіпті қолғабыс та тілемейміз. Өйткені бұл жұмыстық қазірде Қазақстанның өзі де атқара алады. Оның бүгінгі ғылыми мен ғылыми қызыметкерлерінің күші мен білімі өз жеріндегі қазба байлықтар картасын жасауға толық жетеді! Солай, жолдастар, мұны да есейгендігіміздің белгісі, соңғы жиырма жылдың жемісі демекпіз.

Қолындағы шыбығын көлденен үстап, Қаныш Имантайұлы залдағы көпшілікке бірер қадам жақындалп келіп, кенет даусын кенеп:

— Сіздер таң қалып, бәлкім, сенбеулеріңіз де мүмкін. Сөйтсе де мен республика геологтарының атынан аса маңызды бір тұжырым есіртуді қажет көріп тұрмын,— деп картаға қарады.— Осынау ұшы-қырысыз кең аймақта Менделеев кестесінде бейнеленген химиялық барлық элементтерді табуға болатынына сіздер сенер ме едініздер?..

Әлгіндегі күбір-сыйыр пышақпен кескендей тыбылып, залтымтырыс тына қалды.

— Иә, бұл да — мениң осы залда сөйлеп тұрғанымдай шындық! Бір ғажабы,— деп қайталады Сәтбаев,— сол элементтердің бәрі дерлік кездейсік, иә шашыранды күйінде емес, өндірістік мәні бар, өзара топтасқан түрде табылып отыр. Осыдан соң «тұздан өзге байлығы жоқ, пайдалы қазбаға сараң» өлкенің қойында қаншама зор қуат-күштер, ғажап мүмкіндіктер жасырынып жатқаның өздеріңіз байқаңыздар... Қеміртектері, халық шаруашылығы тілімен айтқанда, өндірістің наны — тасқомір негізінен Орталық Қазақстан алқабында. Оның ең зор кембесі — Одақта қазірде үшінші отын қоймасы атансып жүрген Қарағанды өншісінде. Соңғы он жылда шағын ғана ескі елді мекеннен бұл енір іргелі, кеп қабатты үйлері самсаған көшелі тамаша қалаға айналды, ірі облыстың

орталығы. Әлбетте, бұл біздегі бірден-бір қоры қисапсыз мол отын қоймасы емес: игеру кезегін күтіп терістікте — Тәңіз-Қоржынкөл, Екібастұз; шығыста — Кендірлік, Ұлытауда — Қияқты, батыста — Каспий бойы, Ембі кендері тұр; Доссор мен Мақаттың сүйік отынның бай қоймасы екені бұрыннан мәлім еді, барлаушылар жуықтағана Гурьев (қазірде Атырау — *M. C.*) төңірегінен мұнай мен газдың, жанғыш тақтатастың құнарлы қөздерін тапты; ал Жайық-Ембі аймағының сүйік отын жөніндегі мүмкіндіктері қаншама!..

Одан әрі шешен Жезқазған мен Қоңыраттың мысқа құнарлы же-расты қазыналары туралы, Кенді Алтайдың қорғасын, мырыш кембелері, інжү-алқа атанған неше алуан асылдары жайында, Қалбаниң вольфрамы, алтыны мен күмісі, Атасу мен Қарсақбай төңірегінде, Қарқаралы іргесіндегі Кент кеңішінде жер бетіне ете жақын жатқан құнарлы, берекелі темір кендері қақында, Қаратай бөктерінен соңғы жылдары табылған жер нәрі — Қаратай фосфориттерін пайдалану мүмкіндіктерін егжей-тегжей әңгімелеп берген-ді.

Жүргі сезіп тұр: әңгімесі залға үнады; алда отырған қадірлі үлкендер де, соңғы қатарға ін тіресе жайғасып, өзінің аузына қараған, әрбір қымыл-қозғалысын бақсан жанқүйер тілектестер мен бейтаныс тыңдаушылар да бір сөзін қақас жібермей, сүйісіне құлақ қойған. Қаныш Имантайұлының өзі де сол шақта осындай кең әуенде аудитория, зерек те сирек ғұламалар қауымын сағындып қауышқан кісідей ерекше әсерленіп, асқан зор мереімен құшырлана сөйлеген.

—...Әрине, мұнша байлықты, үшқан құстың қанаты талып, жүгірген тұлпардың тұяғы қүйетін шексіз кең аймақтың табиғи қазынасын сөз болып отырған жиырма жылда, тарихи өлшемдермен шамалағанда айтуға тұрмас қас қағым мерзімде, жан-жақты зерттеп, қолға ұстағандай толық барлау мүмкін емес.— Баяндамашы бұл қарсаңда картаны тастанап, мінбеге қайта келген-ді.— Біздің жер байлығын іздеудегі табыстарымыз ұлы орыс халқының қунбе-құнгі жәрдемімен, оның білімпаз перзенттерінің, қайсыбірі бүгін осы залда отырған ондаған ғалымдардың, геологтардың, түстепайтқанда, академиктер Обручев, марқұм Усовтың (1939 жылы Алтайдағы Белокуриха сауықтыру орнында кенеттен қайтыс болған — *M. C.*), геологтар Кассин, Русаков, Яговкин, Нехорошев, Гапеев, Григорьев, Тиме сияқты ондаған талантты іздеуші-барлаушылардың шексіз көмегі, зор еңбегі мен жанқиярлық ерлігі арқасында мәлім болды. Қазақ халқы бүгінгідей торқалы той үстінде, осынау ізгі жанды, еңбекшіл де білімпаздар қауымына шын жүрекten туысқандық сәлем жолдап, шексіз алғыс білдіреді!— деп мінбеден түскен-ді.

Көптеген адам жапа-тармағай көтеріліп, ішінде өзі танитын, тіпті бейтаныс ғалымдар да бар, Сәтбаевтың қолын қысты. Бәрі де қызықты әңгімесіне сүйісінген жайларын айтып ризалық білдіруде. Бір мезгілде, көп қошеметінен оңашаланған шақ еді, оның қасына Кассин мен Русаков келді.

— Жезқазғандай шалғай түкпірде он бес жыл жүріп, провинциал болып кенжелеп қалуың да мүмкін еді-ау. Бірақ, сен, Қаныш Имантаевич, әлгі сөзіңе қарағанда, осы түкпірдің өзін Қазақстан-

ның геологиялық, әмбебұлымы астанасы етіп алғаннан саумысың? Құттықтаймын, қымбаттым! Әңгімең өте әсерлі шықты!— деп Ру-саков қолын қысып тұрып қарқылдай құлғенде, әлгіндегі шабыт-ты қызу күйінен сұйымаған Қаныш Имантайұлы іле жауап қатып:

— Михаил Петрович, сіз өйтіп құлменіз. Жезқазған, шынында да, Қазақстанның географиялық кіндік ортасы. Нанбасаңыз, картадан қараңыз,— деген-ді.

Жасаң әріптесінің ұтымды әзіліне кексе екі геолог қосыла құлді. Әлден уақытта Николай Григорьевич Кассин:

— Алайда, Қаныш Имантаевич, бұдан әрі тартынуның женсіз. Гео-логиялық орталық мәселесін де осы жолы шешіп кету керек,— деген.

Ескі достарының ескертіп тұрғаны Қаныш Имантайұлына мереke алдында ұсынылған жаңа қызмет жайы еди.

Солжылы КСРО ғылым академиясының Қазақстандағы филиалы жаңынан геологиялық ғылымдар институты ашылған. Республика үкіметі оған қазақ даласының сырын жетік білетін, ғылыми әзірлігі мол, тәжірибелі геологты жетекші етуді лайық көрген. Ақыры, біраз мамандарды іріктеп, жан-жақты саралаудан кейін (институттың алғашқы директоры Бозшакөл мыс-молибден кенин ашуши ірі гео-лог Р. А. Борукаевтың бұл міндепті ойдағыдай атқара алмайтын-дығы алғашқы айларда-ақ мәлім болған) Москваға инженер Сәтбаевтың есімі аталды. Алайда оның ешқандай ғылыми атағы жоқ-ты, ізденіс жұмысында тәжірибе жинаған қаралайым геолог-ты. Ал тыңнан шаңырақ көтермек геологиялық ғылымдар институтында әлденеше ғылым кандидаты, тіпті ғылым докторлары зерттеу жүргізбек. Филиал басшылары ғылыми қауымның Сәтбаев деген ғалымды білмейтіндігін желеу етіп, мәселені шешуді созып келе жатқан-ды... Академия шақырған мерекелік жиналысқа Қаныш Имантайұлының бас баяндамашы болып белгіленуі де, түтпеп кел-генде, жоғарыдағы желеу-күдікті біржолата тарқату ниетінен ту-ған. Баяндама да, баяндамашы да ойлаған жерден шықты. Сыпайы жазылған анкеталық мінездемелерді қаттап келіп, ресми танысу-дан гері Москва ғалымдарының алдына жауапты, әрі құрметті есеп-пен шығуы тіпті жарасымды болды. Ғұлама академиктер, көреген де міншіл ғылыми қауым оның сөзін әлденеше мәрте қол соғып, зор ыждағатпен тыңдады: терең біліміне, шешендік қабілетіне таң-данып, ғылыми ой-өрісін таныды... Танығаны шығар, Қаныш Иман-тайұлы Академия тәралқасынан сол сапарда-ақ жаңа институттың директоры болып, Алматыға біржола ауысуға ұсыныс естіген-ді.

Қуаныш бұл жолы да егіз болып, мерекеге байланысты КСРО Жоғарғы Кеңесінің тәралқасы республиканың бір топ өңбек озат-тарын, зиялы қауым өкілдері мен басшы қайраткерлерін орден, медальдармен, түрлі құрмет атақтарымен марапаттаған. Барлық газеттердің бірінші бетінде, көрнекті орында жарияланған тізімнің алдыңғы легінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да есімі атальған: Ұлытау-Жезқазған атырабындағы он бес жылдық жанқияр-лық ұлы еңбегі — шөлейт еңірді ірі индустрія ошағына айналдырған көшелі ісі бұл жолы жоғары бағаланып, Отаның ең ардақты, мәртебелі мадағы — Ленин орденінің иегері болды...

Жасы қырықтың беліне шықты. Жер ортаға келдім деп артына қайырылып, алған асуларын, жүрген жолында қаланған ігілік тау-ларын шолып таразыға тартар кезі емес; қайта білікті атанып, білімі қорланып, құш-қайраты тасыған; алымды да адудын, нағыз шабытты да дер шағы. Сейтсе дебір мезгіл өткен күндеріне үңгіліп, басынан кешкен жайтарды есіне алып екшеу де теріс емес-ау? Көңілін үшін, алдағы өмірің үшін де...

Шынында да, ойлап қараса, көзі қөрген, көңілін түңілткен бейнеті, жеке басының қайғы-қасіреті де аз болмапты, жол жолда бірақ қолы жеткен зейнеті қаншама! 1926 жылдың күздінде, өзі алғаш қөрген Жезқазған — ағаш мосылары әр жерде қанқайған, қыш үйлері ментар барактары әр жерде жапырайған, кен төбелері де таз қарындай тап-тақыр, жөнен ғана мекен-жай еді. Енді, міне, бойшаң үйлері кәдімгідей көше түзеп тұс-тұстан жыптырлаған, кениш шатырлары да өзара бой жарыстырып ту алыстан андызыдаған, қыруар халық қоныстанған жаңа қалашиққа айналды. Артында қалып бара жатқан барлау мекемесі де бұдан он екі жыл бұрын геолком партиясынан қабылдап алған екі-үш станок, жалғыз ғана техник-барлаушысы бар шағын топ емес — бүгінде ол, мыңнан аса жұмыс адамының басын құраған іргелі ұжым! Бүкіл бір институтқа тен қемелденген барлау экспедициясы десен де раяу.

Жезқазған қылған кетер жері емес. Амал не, үкімет пен партия талап етіп отырған соң еріксіз кетіп барады. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н. А. Скворцов Алматыға арнайы шақырып, ғылыми жұмысқа ауысады бұдан әрі созбауын жүзуқта реесми ескертті...

Өзінің орнына Василий Иванович Штифановты қалдырмак. Жас маман. Рас, жасы ғана емес, барлаушылық тәжірибесі де мұндағы ересек геологтардан әлдекайда олқы жатыр. Жасы жөнінен де, тәжірибе-көрғендігі турасынан да барлау конторын басқаруға көп жыл өзіне орынбасар (яки бас инженер) бол жүрген Сайд Шагимарданұлы (Нағымұлы атанған да кезі болған) Сейфуллин лайық еді, бірақ онда білгірлік нышан аз, ең қыныңы — ез бетінше ынта білдіріп ештеңе істемейді, тек қана айтқанды орындаушы. Иосиф Николаевич Богданчиков кәнігі маман, өте сауатты, жақсы-ақ іздемпаз, бірақ сөзі көpteу, әрі басқару ісіне қыбы жоқ кісі... 1938 жылдың жазында Алматыдағы кен-металлургия институтының тұңғыш дипломанттарына мемлекеттік комиссияның тәрағасы болып барғанында Вася Штифанов алдында тұрып, Жезқазған барлауының өзекті бір мәселесі жайында диплом жұмысын қорғаған. Алдында осында практикада болған. Біршама біледі, үш жылдан бері қарауында істеп келеді. Жок, Штифанов — жас болғанымен алымды жігіт. Мінезі адудын, қадалған жерінен қан алғандай қайсарлығы да жеткілікті. Ең бастысы жұмысқа ынтасы, адалдығы, сол үшін күн-түн жүруден жалықпас еңбек сүйгіштігі ұнайды.

Аттанардың алдында геолог әріптестерін кеңсеге жинап, В. И. Штифановты орнына отырғызып, алдағы барлау ерісі жайындағы ой-пікірін бүкпесіз естірткен...

— Жезқазған төңірегі бұрынғыша жедел қарқынмен, кең көлемде зерттеле береді,— деген-ді Қаныш Имантайұлы.— Менің пайымдауымша, мұндағы кен шоғырланған жердің ауданы ондаған шаршы шақырым. Он бес жылдық іздеуде соның үштен бірі ғана барланды. Кеп тұста тереңдей алған жоқпзы. Әсілі, бұрынғы барланған жерлерді терең скважиналармен қайыра тексеру керек. Кен аймағының батыс жағы мен орталығы біршама тексеріліп, шекара-шеті анықталды. Ал оңтүстік пен оңтүстік-шығыс тың күйінде қалып барады... Сейтсе де өзі теріскей бағытты, өсіресе Жыланды тобына жататын кендерге тереңірек бойлап, көбірек зерттеуге кеңес бермек. Кен қоры барлау ұлғайған сайын кебейе түспек...

— Металл қорытуда біздің республика қазірде бір-ак бағытта, тұсті металлургия саласында ғана өнімді жұмыс істеп, өндіріс ашып отыр. Бұған ең алдымен біздер, геологтар, кінәліміз. Соңғы жылдарда біз өте-мөте көбірек көңіл беліп, темір кендерінің құнарлы көзін табуға барлау жасадық. Соның нәтижесінде, достар, сіздерге міндет-парыз ретінде Қарсақбай ашасы мен Атасу езенінің, жағасындағы өте құнарлы, қоры да мол темір кендерін қалдырып отырмын. Осы кендерді қауырт та жан-жақты қарқынмен зерттеуді таяу жылдарда аяқтап, ірі өндіріс ашуға әзірленіп, жобалау мекемелеріне тиісті ұсыныс жасау керек... Қарағанды көміріне, әйтекеір, өйтіп-бүйтіп қолымыз жетті, темір жол салынды. Алайда ол бізден едәуір қашықта, сонсон да көмір тасу қымбатқа түсіп отыр. Ал Жаңа Жезқазған қаласы шындал керкейіп, өндіріс базасы қарыштап ұлғайған кездे қайтеміз? Яғни бүгінгіден де тасылмақ, көмір көлемі ұлғая түседі. Меніңше, бұдан құтылар бірден-бір жол — Қияқтының қоңыр көмірін зерттеуді жеделдету. Қияқтыда көмір бар және аз емес! Қыыншылық темір жолдан қиян шет, шалғай бүйректе жатқандығында. Бұдан бізді бір-ак амал құтқарады: ол — Жезқазған-Арал теңізі темір жолын салу; Ұлытауды Ташкент — Орынбор жолына қосып, орталық «жақынданату»— менің ежелгі арманым!.. Мұндай құрылышты бастау үшін, әлбетте, қуатты шикізат базасы қажет. Ендеше, келешекте сіздер шұғылданар жұмыстың бірі осы салада болсын... Жездідегі марганецті барлау жөнінде кешелі-бүгін айтқанмын, тегінде, ол аса мәнді кен, демек, барлау қарқының үдетьу керек!..

— Ең соңында айтарым,— деді байырғы барлаушы Штифанды пен Сейфуллинге қадала қарап,— қолдарыңа алтын адамдарды алып отырсындар. Мен жұмысқа қабылдағанда бұрғылаушылардың барлығы дерлік хат танымайтын, мал бағып, зорман аулаумен күнкөріп жүрген бейнеткор жандар еді. Өздерінің табиғи ыждағаты мен ынтасты арқасында, біздің де көп уақыт еңбек жұмсап, ертелі-кеш ерінбей үретуімізден соң, олардың бәрі де барлау өнерін жатсынбай, жақсы менгеріп кетті. Солардың жанқиярлық еңбегімен, өздерің білесіндер, қазірде біз Одактағы ең озық, бірінші барлау ұжымы деген құрметті атаққа ие болып отырмыз. Социалистік жарыстың сан мәрте жұлдегері атандық. Бұл адамдар менің қыын құндерде табысып, жарты сықланы бөліп жеген еңбектес достарым, өмірдегі ең жақын жанашырларым. Оларға

менің «Өнінді ескіртпей, зейнетақыға қолыңды жеткізбей – ешқайда жібермеймін, ешқашанда қағажу көрсетпеймін» деген үәдем бар. Сол үәдені енді екеуіне аманат етемін. Ескі жұмысқерді ренжітпей, мұн-мұқтаждарын әрдайым ескеріп, нендей ауыртпалық кездесспесін, солардың өздерімен ақылдасып жұмыс істендер. Естерінде болсын: оларды ренжіткендерің – мені ренжіткендерің!..

Енді аттануға да болады. Жезқазғандағы барлық жұмысын реттеп, алаңсыз кету үшін Алматыдағы филиал басшыларынан сұрап алған мерзімі де бітті.

— Жоқ, бұған келіспейміз, Қанеке,— дейді оған барлаушылар тобындағылар.— Сені бүйтіп оп-онай жібере алмаймыз. Бір күнінді бізге ки. Жұмыс істеуге емес, демалуға!..

### 3

Жексенбі күні ертеңгіліктे бірнеше жұқ машинасына, автобусқа мінген барлаушылар тобы Жездінің тау арасына еніп бұраландағы ағатын кен арналы, шалғынды, тоғайлы жағасына (осы күнгі Жезді қалашығына ұрымтал жер) қарай ағылған. Күн де шайдай ашық, жайма-шуақ жаздың есте қалғысыз желсіз, жауынсыз тамылжыған тамаша сәтінің бірі еді.

Қарабұлактағы барлаушылардың қосалқы шаруашылығынан әкелінбек ас-су қамын міндеттіне алған Халық, Ахмедия, Мырзабектер ерте-ақ қимылдапты, көпшілік келгенше бірнеше жерден қазан кетеріп қойыпты. Әлденеше қос, палатка, киіз үйлер тігілген оларға жақын мандағы бірнеше колхоздан ез бетімен келген екі-үш шаңырақ, қымыз, асымен қосылған. Шақырайған күн өтімді болған соң бірер үй емшекте сәбилері бар әйелдерге, кейбірі ересек балаларға дербес берілді. Үлкендер көгал үстінде, ашық жерде бірге отыруды қалады. (Жезді аңғарындағы барлау отрядының бастығы Федор Пастуховтың естелігінде жиынның шағын митингі-жиналыс түрінде басталып, бірнеше кісінің – аудан басшылары, колхоз өкілдерінің, Қарсақбай зауытының директорының Қаныш Имантайұлының өзіне, Таисия Алексеевнаға адад да жемісті еңбектері үшін жұрт атынан рақмет айтып, жаңа қызметімен құттықтағаны айтылған.)

Түске жақын дастарқан жайылып, табақ-табақ ет тартылған. Саба-саба қымыз да, шарап пен шампан да құйыла бастаған. Қуандала қоршаған қырырда арал құсан су мен нұға тұнған оңаша алан, жайқалған кек жанын семіртіп, иә бірден сергітті ме, көпшілік жұрт лезде-ақ көңілденіп мәре-сәре қүйге көшті. Алаң шырқалған ән мен қүйге бөлінеді. Қазақшаға татарша жалғасса, бір сәт орыстың қүйқылжыған сазды әндері бүлтсыз, мөлдір көкте қалықтай қалады... Енді бір уақ тұнған ауаны, тамылжыған табиғатты таң қалдырғандай дара кетеріліп, кең дауысты әншілер шығады сұрырылып. Ниет сөздер де бөгеттен құлаған ағын суға үқсан түйдек-түйдек айтылып жатыр...

Бір мезгілде жұрт гүлі шырқау шегіне жетіп, қымыз бен шампан қызызы басқа теуіп, жұрт көңілі мейлінше алабұртқан шақ еді

бұл, дастарқан төрінде отырған түйеші Сарымолда қарт домбырасын қағып-қағып жіберіп:

— Уа-ай, жамағат, ағайын!— деп қалыптан тыс зор үнмен қаттырақ дауыстап қалған. Шуылдаған жұрт сілтідей тынып, қарт түйешіге ынтыға қарасты.

Алыс-жақын бауырлар!  
Қаныштай ер, арысым,  
Ет жақыным, танысым  
Ортамнан ұзап шығарда,  
Алты кыр асып шырқарда  
Айтатуын сырым бар,  
Сезіме құлақ салындар!..

Жезқазғанға Сарымолда Болманов отыз екінші жылдың тапшылығында келген. Алғашқыда ГРК-да кіші жұмыскер болып жүрді. Онан соң бұрғылау станогына шықты. Кейіннен шаруасы аз-кем түзеліп, қоң біткен соң Қаныш Имантайұлының рұқсатымен барлаушылардың қосалқы шаруашылығына түйе бағуға аудысқан-ды. Жасаң кезінде Ұлытау өнірі ғана емес, күллі қазақ даласына атағы мәшһүр Қалмағанбеттің Тайжаны (1878—1938, «Қызыл қырғынның» құрбаны), Жылқыайдардың Иманжаны (1882—1973) сынды жыр дүлдүлдері, ірі ақын һәм сазгерлердің қасына еріп, солардың өнерлерін үйренуге талпынған. Бірақ тұрмыс тауқыметі биледі де, күнкеріс қамын көбірек ойлауға тұра келді...

Мына отырысқа жұмыскер ақын әзірленіп келген тәрізді. Әдetteгісінен ұзақ жырлады, бұл жолы сезі де бұрынғыдан бытыраңқы емес, жинақы, ойға құрылған.

— Қарағым Қаныш, қыраным! Айтамын саған аманат, тілеуқор мына жұртыңдан: қайда жүрсөң, шырағым, мықты болғай тұрағың; және тағы сұрапым, жер астының асылын — алтын, көмір, жасылын; қажымай іздеп таба бер; зор біліммен пайда бер, артыңдан ерген балаға, өзінді сүйген халқыңа — айшықты мынау шағында!..— деп ұзақ термелеп келіп, сәлтынысталп, терін асықпай сүртіп, қымыз ішіп сусындалған соң түйеші қарт жырын былайша тұжырымдаған-ды:

Ұлытаудай ұлы жұрттан  
Алатаяға аттанған  
Жезқазғанның асылын  
Армансызың-ақ ақтарған —  
Қаныш едін зор тұлға!..  
Ен даланы сырласы,  
Жеті қат жердің мұндасы —  
Халқым туған ер ұлға!  
Елін сүйіп, еңбегін арнаған,  
Кендерін ашып, іздеуден тынбаған  
Өнері озған ғаламат.  
Ей, Қаныш, арыстандай азамат!  
Ғұмырлы болып, тұғырда тұру —  
Біздерден саған аманат!..

Онсыз да қызара бертіп, көңілі тасып, дуылдап отырған көпке мына сөз өзгеше әсер етті: бәрінің де көкейіндегі сырды тауып

айтқандай; әрқайсысының жүргөнен жарып шықкан шын тілек, қоштасу лебізі жұмыскер қарттың езінше қыстырыған термесі арқылы жолданғаны анық.

— Жарады, Сары ағаң. Бір сезінде қателік болсайшы!

— Қанекемінің қадірін дәл айтты. Сезің шын!

Өз атына таңертенген бері ағыл-тегіл айтылып жатқан қошемет лебіздерді сыпайы ғана езу тартумен үнсіз қабылдап, іштей тебіреніп отырған Қаныш Имантайұлы да шыдамады. Шампан толы бокалды қолына алып орнынан тұрды.

— Да, достар! Қадірменді барлаушы ағайындарым менің! — деп, әлденеге жүргі қобалжып, толқудан үні шықпай сәл аялдады. — Біздің қазақта «Құс құйрығымен ұшып, қанатымен қонады» деген нақылсөз бар, сол сөзге жүгінsem, ұшатында, қонатында құйрық-қанатым менің — мына сіздер; Жезқазған болса — ұшы-қырысыз қазақ даласының жел қыдырған сайын түкпірі еді күні кеше... Бақталайма кездескен алғашқы барлау елкесі осы болды да, аз ба, көп пе — біраз жыл еңбек еттім. Аянғаным жоқ. Барымды бердім. Осы күні геологтар қауымы мені «бақытты жігіт», «Жолды барлаушы!» деп мадақтайды. Жолды болғаным — Сіздерден... Бақытты еkenім де рас! Иә, менің бақытым — Жезқазған кеніне емес, сіздерге кездесуімде шығар деп ойлаймын... Жиырма тоғызыныш жылы геолком партиясы тарап кеткенде, мен осынау қырда санаулы адаммен қалдым. Сол күнде бір ауыз сезімді сыйлап, сіздер кемекке келмесеніздер, — жалғыз өзім не істер едім!.. Отыз үшінші жылы барлау қысқарып, қаражатсыз қара жерге отырып қалғанда да осы отырған жүртттың дені: «Сені жалғыз тастап ешқайда кетпейміз!» — деп қолтығымнан демеді. Иә, солкүні, онан кейінгі жоқшылық көрген қыын-қыстау айларда сіздер болмасаныздар — бір топ инженер-геологтар не бітірер едік? Жоқ, ағайын, достар! Әлгінде Сары ағаң айтқандай: «Жезқазғанның сырын ашып, бір өзі құпияның кілтін басып» десеніздер — қателескендерің. Мен сіздермен күшті болдым, сіздерге арқа сүйегендіктен де өмір тартысында женіп шықтым. Сол себепті, мен бүгін: «Қанатым да, қорғаным да менің — сіздер, жұмыскер қауымы!» деймін...

Қаныш Имантайұлы сөйлей бастағанда-ақ қамкөңіл кейбіреулер көзіне жас алып осалдық байқатқан. Біраздан соң қоштасуши жүртттың дені соларды қостағысы келгендей ыңғай танытты. Әлгі бір өзірдегі кеңілді, шырайлы күйдің ізі де қалған жоқ. Жыладың деп сөгуге болмайтын, босандық көрсеттің деуге ешбір келмейтін — қимас сәт еді бұл...

Геолог та соны сезгендей, кенет даусын кетеріп:

— Ей, достар! Біздің осы достығымыз, бір кісінің баласындағы болып, терт-бес ұлттың өкілдері өзара бауырласып кеткен туыстығымыз да, біле-білсөндер, бір Жезқазғанның арқасы! Сол себепті, мен қоштасу шарабын Жезқазғанның қасиетті топырағы үшін; Ұлытаудай ұлы жүртты ғасырлар бойы мекендереп келе жатқан еңбек сүйгіш, бейнетке төзімпаз, ер кеңілді, мейірбан халқым үшін; жұлдызы жарқырап, бүгінде бүкіл ел таныған Үлкен Жезқазған үшін; сол жолда жан қиярлықпен еңбек еткен сергек кеңіл қым-

батты барлаушылар қауымы — сіздер үшін... көтеремін!— деп жағалай жүріп, бірімен құшақтасып, бірімен бокалтүйістіріп, бірімен сүйісіп шықты. Соңсоң бокалынан бірер тамшы шампанды жерге тамызып, қалғанын түгел сіміріп салды.

— Па, шіркін! Тұғаның-ай! Білімі таудай, ақылың бай. Сендей перзент тапқан халқыма ризамын жай!...— деп тақпақтады Сары ағаң.

... Барлаушылар тобы Қарсақбайға әндептіп, гармоньдатып қас қарай оралған. Бірақ бірден тараған жоқ, Таисия Алексеевнаның өтініші бойынша, инженер-техниктердің қарамады тобы Сәтбаевтардың үйіне бет алды. Мәжіліс енді Қан-ағаңның өз дастарқанында жалғаспак. Бұлар келгенде Таисия Алексеевнаның қарт анасы есік алдында, шарбаққа сүйеніп кемсендеп жылап түр еді. Кезіңіп кеткен, әлденеге қатты қобалжулы. Үйге шам да жақпапты.

— Жайшылық па, шешей?

— Сендер, немене, ештеңе естіген жоқсындар ма?— кіді үнмен жауап қатқан енесі Қанышқа бажырая қарады.— Қасірет келді, қандай қасірет десендерші!.. Керман нәлет бізге соғыс ашқан. Соғыс!..

**ТАИСИЯ АЛЕКСЕЕВНА** естелігінде: «...Қоштасудың ақырғы сағаты сөйтіп қайғылы хабарға үласып, алабұртқан көnlімізді әлем-таптырық етті. Ұлы Отан соғысының алғашқы күні басталыпты, жеке бастың қам-күйі жайына қалып, мұлдем өзге дүниелерді ойлауға тұра келді.

Бірер күннен соң Жезқазғанмен біржола қоштасып, баяғыда келген ізімізben Жосалы стансасына жүк машинкасымен аттанып кеттік. Көңіл әлем-жәлем...

Қимас Жезқазған, қасиетті Ұлытау — бізге жайлы мекен болған алтынүя, қадірлі өлкे артта қалып барады. «Қош бол, қазыналы кең дала! Қош болындар, бірге туған туыстай бауырласып кеткен қадірлі кенші, барлаушы достар, мейірбан ел!— дейміз қимас көnlімен артымызыға егіле қарап.— Біз сенен сағат сайын қашықтап барамыз. Саған енді сағыныш, шаруа қамымен ғана келетін боламыз!»

Бір кезде осы өнірден тезірек кетпек болған ниетім, сол күнде ерімнің мені жұбатып, «Сен әлі бұл жермен жылап қоштасасың!» деген сөздері есіме түсіп, көзімнен мелт-мөлт тегілген жасқа ие бола алмай егіліп отырмын. Көз үшінда бұлдыраған Ұлытау жастасына әлсін-әлсін қыла да қимай қараймын...

Сөйтіп, қатерлі 1941 жылдың жазынан былай Қаныш Имантай-ұлының геологиялық ізденістермен қоса Қазақстан ғылымының ұлы ордасын биік етіп құру жолындағы ұлан-ғайыр игі істері басталған-ды. Шынтуайтын айтқанда, жұлдыздай ашық та айшықты ғұмырының жаңа кезеңі еді бұл. Әлбette, біз сонда бір тәулікке тақаған ұзак та соктықпалы шиыр жолмен изендереп келе жатып, соның ете қын да қызықты, неше алуан тамаша, кейде шерлі де оқиғаларға толы болатынын болжаған жоқпыз. Көnlіде соғыс ала-патына байланысты кірбен де, қынжылыс та көп болғанмен, жұмыс орнына тезірек жетіп, тау қопарғандай қажырмен атқаруға құлшыныс мол еді».

# АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА

«Бұғінгі күннің биігінен қарағанда менің көзім шүбәсіз иланатын шындық: Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды. Әйткені оны құру ісімен Сәтбаев айналысты. Жазмыш оған алыс келешекті көру қасиетін берген-ді және оның ақниеттілігі мен шексіз тазалығы кез келген іспен емін-еркін шүғылданып, ойдағыдай шешілуіне жол аштын. Тарихтың шүғыл өзгеріске душар ететін елеулі бір кезеңдерінде қоғам оқиғалардың алдыңғы шебіне аса көрнекті қайраткер адамдарды шығарады, ал олар Отанның тағдыр-талайы хақындағы құллі жауапкершілікті толығымен өз қолына алады. Тәңірім ез уақытынан көп жылдар ілгеріге озып жүруді мандайына жазған Қаныш Имантайұлы тап осындай аяулы жан еді...»

Шекіұлы Ш., академик, Халық Қаһарманы.

## «Бәрі де майдан үшін»

1

Сәтбаевтер көші Алматыға шілденің біріне қараған түнде жетті. Жол тауқыметін де біраз шекті. Өсіреле жолшыбай көргендері көңілдерін түршіктіріп, жандарына қатты батқан: дүйім ел жаппай көтеріліп, әлдекайда ауып бара жатқандай ерсілі-қарсылы шұбырыған жұрттан стансаларда ине шашар орын жоқ; вагон ішінде де аяғының ұшымен тік тұрып иін тірескен халық; поездар кестесі шым-шытырық шатасып кеткен...

Келген күннің ертеңінде-ақ Қаныш Имантайұлын Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің хатшысы Фабдолла Бұзыраев шақырды.

— Геология институты ғана емес, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының жетекшілігін де қолға аласыз,— деген-ді бірден ол.— Иә, иә, бұған таңданбаңыз. Жағдай солай. Ресми бастығыныз — академик Григорьев. Иосиф Федорович Москва-да тұрады, филиалдың бұл жақтағы жұмысына ол кісі, тегінде, көп араласпайды, ұлken астанадағы шаруаларды қозғаушы ғана... Демек, барлық жауапкершілік, басшылық та енді сізге жүктеледі. Жұмыстың жай-жапсары таныс (К. И. Сәтбаев 1938 жылдан филиалдың ғылыми кеңесінің мүшесі болатын — М. С.)... Бұрын да осылайша істегенбіз, амал қанша, көнесіз. Ал қазіргі жағдай бұрынғыдан да қыннадады. Солай, Қанеке, бұғыннен бастап Қаз-ФАН-ның тәрағасына орынбасармын деп есептөніз де, іске кірісіңіз!..

Бәлкім, өзге уақытта Қаныш Имантайұлы бұл қызметтен үзілдікесілді бас тартар ма еді, кім білсін? Алайда мынадай дүрбелен шақта «жоқ» деуге аузы бармады. Осы уәжді айттып отырған хатшының өзі кеше ғана филиалдың тәрағасының орынбасары болатын. Бұрынғы хатшы өткен түнде майданға жүріп кетіпті, ал Бұзыраевқа соның міндегі жүктелген. Жаңа хатшы айтқандай, бір адамның екеу үшін, қажет болса төртеудің де жұмысын атқаратын қын кез...

Осыдан бір жыл бұрын филиал жұмысын академияның тәралқасы мен Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің біріккен комиссиясы тексеріп, қанағаттанғысыз деген тұжырымға келген: негізгі зерттеу тақырыптары бойынша жоспар орындалмаған; өнеркәсіп, ауыл шаруашылық орындарымен байланыс мүлдем әлсіз; ұлттық ғылыми кадрларды тәрбиелеуге қамқорлық мүлдем жасалмаған,

мәселен, аспирантурада оқитын жиырма екі адамның екеуі ғана қазақ; қысқасы, филиал республикадағы ғылыми ойдың жетекші орталығы бола алмай отыр... Геология секторының жұмысы да мәз емес. Зерттеу жоспары тақырып бойынша елу-ақ процент жүзеге асыпты. Бұлар тіпті тақтатастарды (жанғыш сланец) отынға пайдалануды зерттеуді бастадық деп жалған мәлімет берген. Шындығында, бұл жұмыс әлі күнге дейін қолға алынбаған, сол үшін сатып алған жабдықтар қар астында шіріп қалған...

Комиссия нәтижесін республика Кеңаркомы арнағы мәжілісінде қараған-ды.

«Қ. И. Сәтбаевты мен тұңғыш рет 1940 жылы, филиал басшыларының есебі талқыланған күні кердім,— деп еске алады бұл оқиғаны қазақстандық академик Н. В. Павлов көп жылдан соң».

— Филиалдың тералқасының бастыры... академик А. Д. Архангельский 1939 жылы кенеттен қайтыс болған соң біздің жағдайымыз түзелмей-ақ қойды. Зиялы жетекшіге жарымаған қырсықта ұшырадық. КСРО ғылым академиясынан филиал жұмысын тексереп келген комиссияларда есеп жок, соның бәрі де мардымсыз тірлігімізді көреді де, кері қайтады...

Катардағы қызметкерлер суға батуға айналған дәрменсіз кемеден қашқан жолаушылардай жан-жаққа тарай бастаған-ды. Үкімет шұғыл шара қолданбаса, жағдайымыз, шындында да, мүшкіл болатын. Филиалдың тағы бір дәрменсіз ғылыми хатшысының жұмыс жайын мейлінше жақсы етіп көрсетуге тырысқан ұзақ сонар баяндамасынан соң қосымша есеп жасау үшін сез Қ. И. Сәтбаевқа берілді. Санқылдаған ашық дауыспен ол филиалда етек алған тәртіпсіздіктер мен самарқаулық жайында айта бастады. Сыны аяусыз қатты болды, бірақ әділ еді: ҚазФАН-ның залда отырған қызметкерлери өздерінің бақталастық етек алғып, есекаяң қеулеген жағдайда жұмыс істегеніне, соған ұзақ мезгіл тезгеніне үялғандай темен қарасты; Сәтбаевтың сыни сезі үнсіз тынған мәжіліс залына өзгеше самал желпіп, тымырсық ауаны жаңалағандай әсер етті; жұрт сергіп, тіпті кеңілдене бастады... Қосымша баяндамашы филалдың қажет екендігін, оның Қазақстан ғылымының жетекші орталығы болу міндетін ескерте келіп: «Бірақ бұл үшін,— деді ол,— сіздерге іскер де зиялы басшылар керек. Филиалды білікті кадрлармен қүшейтіп, нақтылы ұйымдастыру шараларын жасау қажет...»

Қазақ КСР Кеңаркомы сол күні-ақ филиал басшыларын туғел жаңалаған: тәралқа бастығының орынбасары болып тарих ғылымдарының кандидаты, бұған дейін Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің идеология хатшысына көмекші қызметін атқарған F. O. Бұзырбаев тағайындалған-ды; ал жанама сарапшы ретінде тексеруші комиссияға қатысқан инженер Сәтбаев филиалдың ғылыми кеңесіне мүше болып қайтадан сайланған...

\* Н. В. Павловтың және алдағы беттерде көлтірілген ғалымдар естелігі Қазақ КСР ғылым академиясының хабаршысы журналының 1949 жылғы 4-кітабында жарияланған.

Енді міне, арада бір жыл да еткен жоқ, күні кеше аяусыз сыйнап, жұмысты тез арада түзеуді талап еткен қосымша баянда-машыға филиал жетекшілігі жүктеліп отыр. Рас, былтырдан бері біраз жұмыстардың басы қарайыпты. Кейбіріне өзінің де қатысы болды. Бірақ басқаруши кенестің жаңа құрамының әлі де көп іске жеткілікті араласып, кенілдегідей нәтижеге жетпегені анық. Ғылыми жұмысты қайыра үйымдастыру, қайсыбірін тыңдан бастау — қашанда құрделі іс. Шынтуайтын айтқанда, бұған бір жылдан гөрі көбірек уақыт, қисапсыз қажыр-қайрат пен еңбек керек! Ал қазір бәрін де қайтадан бастап, иә, соғыс тауқыметіне байланысты бүкіл жұмысты майдан талабына орай шұғыл өзгерту қажет. Ең бастысы, ғылыми зерттеулердің ұтымдысын іріктең, олардың тез орындалуына жағдай жасау.

Зерттеуге ұзақ уақыт тілейтін кейбір ізденістерді тоқтата тұрып, қажет болса таза ғылымның теориялық жұмыстарымен шүғылдануды да бейбіт құндерге ысырып, ақыл-ойды, қайрат-жігерді майданға қолғабыс ететін іске жұмсау шарт. «Мысалы, ботаника секторы іргелі зерттеулерін өзірше азайтып, іә тежеп, дәрі-дәрмек жасайтын ізденіске көніл аударса, болмаса Отан қорғау ісіне қажет өсімдік түрлерін қарасын,— деген-ді Қаныш Имантайұлы алғашқы мәжілісті қортындылағанда.— Агротехниктер республика жерінің топырақ картасын тездетіп жасауы шарт. Өйткені келесі кектемде астық егілетін жер көлемі үлғаяды. Ал зоологтар таяу құндерде үкіметке терісі қымбат аңдарды, немесе тамаққа жарамды дүз тағыларын аулайтын жерлерді нақтылы көрсеткен ұсыныс әзірлеуге тиіс...»

«Қаныш Имантайұлына мен кездейсоқ жағдайда жолықтым,— деп әңгімелейді тағы бір қазақстандық академик И. Г. Галузо— екеуміз азық-түлік дүкенінде кезіктік. Кезекте түр едім, соңымнан орын алған бейтаныс қазақ кенет менен бір нәрсе туралы түсінік сұрады. Не жайында екені есімде жоқ, бұл жердің адамы емесін бірден аңғардым. Екеуміздің әнгіме бастауымызға, сірә, сол тұртқі болды. Бейтаныс кісі геолог екен. Алматыға келгеніне бірнеше күн болыпты. ...Зоолог екенімді білген соң ол ерекше ілтипат білдіріп: «Бәрекелді, мұныңыз тіпті жақсы болды!..» деп жымиды. Сонсоң зоология саласынан әлденеше сұрап қойсын: Қазақстан жеріндегі аңынқ қандай түрі кәсіпке пайдалы, олар қалай бағаланады, дүниежүзілік жәрменкеге шығарарлық қымбат аңдар бар ма, балық кәсіпшілігі қандай күйде?.. Геологтың өз кәсібіне қажеті шамалы ілімге осыншама ден қойып ықылас білдіргенінә таңданғаным сонша, келесі күні білімдар бір кен барлаушыға кездейсоқ кезіккенім жайында әріптестеріме сүйсіне әңгімелеп едім, бір жолдас: «Сірә, ол кісініз — біздің филалды басқаруға шақырылған геолог Сәтбаев болар» дегені...

Бірнеше күннен соң филиалдың жаңа жетекшісінің кабинетіне... ресми шақырылдым. Бұл жолы ұзақ әңгімелестік. Қаныш Имантайұлы зоология ғылымдарының түрлі саласына ынтызарлық білдіріп, көп жайдан мағлұмат сұрады. Паразитолог екенімді

\* Академик Қ. И. Сәтбаев, А., «Ғылым», 1965.

білген соң әңгімеміз бұрынғыдан да қыза түссін... Бірнеше күннен соң ол ҚазФАН-да жұмыс істейтін зоолог, ботаниктердің үлкен бір тобымен қайыра кездесті. Қаныш Имантайұлы өрбірімізben жеке дара әңгімелесіп отырып, шұғылданып жүрген ілім саласында кептеген сұрақтар қойды, ақырында өзі қажет деп білген ақыл-кеңесін айтты. Қазақ даласының жан-жануар дүниесін түрлендіру, олардың есіп-өнүіне жағдай туғызу жайындағы ойлары бізге сонылығымен өсер етті, қалайда бұл туралы ол қызыға да, бізді қызықтыра да әңгіме шерткен-ді... Еліміздің азықтулік қорынан да соғысқа байланысты тапшылық көріп түрған кезең. Филиал жетекшісі бізден балықты көптеп аулау мүмкіндіктерін ойластырып, Қазақстан жеріндегі омыртқалы дүз жануарларын қажетке пайдалану жолдарын қарастыруды да талап етті. Тағы бір әңгімелесу үстінде республика фаунасын түрлендіріп, өсімтал андарды есіру, сондай-ақ өзен-көлдерге кәсіптік балық тұқымдарын жіберу турасында да пікір алыстық. Қ. И. Сәтбаевқа зоология секторының қойдың жаңа түрі – арқар-меринос тұқымын шығару жөніндегі жұмысы өте-мөтө ұнады. Қаныш Имантайұлы филиалға келген кезде бұл жұмыста үміт күттірғендей нәтижелер көріне бастаған. Эксперименттің жай-жапсарымен жете танысқан соң, ол бұл зерттеуді тікелей өз бақылауына алды.

Арқар-мериностың алғашқы отары өрген Құрмекті базасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынысымен құрылды, сол жerde қойдың жаңа түрін шығару сынағы тамаша нәтижеге жетті».

Қаныш Имантайұлының кабинетіне ихтиологтар да жиі келетін.

— Менің әулетімде балықшы атанаып, қолына қармақ ұстаған кісі болмаған. Құдай басқа салған соң, амал не, балық кәсіпшілігі үшін де ұсыныстар әзірлеп, ғылыми кеңесші болуға тура келіп отыр,— деген әзілмен мәжілісті ашқан филиал жетекшісі жиынның негізгі мәселесін тиянақтап, балық дүниесін зерттеуші білгілерді ашық пікірлесуге шақыратын.

Әңгіме кейде бірнеше сағатқа ссызлады. Өйткені филиал жетекшісі өзінен көмек сұрап келген зерттеу ісі жайында толығырақ білгісі келетінін ескерткен. Өз ойын тықпалап, қайтсем де еткізем, орындарам деген емөүірінді кабинет иесі әстілі аңғартпайды. Жасалып жатқан жұмыстың емірлік маңызын бірақ қазымырлап сұрап; аса тиімді, қажет-ау дегеніне кебірек қадалып, пайдалы істі жадында ұстал қалатын әдеті тағы бар...

Сол жазда Іле бойына, Балқаш көлінің жағалауына бара жатқан зоологтар экспедициясы филиал жетекшісіне шақырылып, езгеше тапсырма алып шықты.

— Сол өңірге су тышқанын (ондатра — M. C.) жіберсек қалай болады? Ойланып көріңіздерші... Мениңше, аса пайдалы жұмыс!— деген-ді ол.

Зоологтар бірден келіскең жоқ, зерттеуге уағда етті... Кейіннен бұл жылына әлденеше миллион сом таза кіріс әкелген игі шаруаға айналды. Бірер жылдан соң су тышқандары Балқаш, Іле алқабын ежелгі мекеніндей-ақ жайлап алды. (Амал қанша, осынау өте

пайдалы іс Іленің Қапшағай тұсында бөгеліп, өзен алқабында суармалы шаруашылықтардың женсіз көбеюіне байланысты сексенінші жылдары зиянды құлдырауға үшырады).

Бір күні оған химбиологтар келді. Жергілікті бір есімдіктің тамырынан тері илейтін реагент жасап, арнаулы өндіріс ашуға мүмкіндік бар екен. Тек соны тері еңдейтін комбинаттардың біріндегі тезірек сынау керек...

Осылайша күн түнге ұласып, ай жылға жалғасып жатыр. Таң ата басталған қызмет (күн шыға түру — Қаныш Имантайұлының өмір бойғы әдеті) кешке дейін бітпейді. Астана кеңселерінің, әсіресе жауапты қызметкерлердің түнде де қызмет істеуі — үйреншікті машық. Жұртпен бірге сапқа тұрып, әскери жаттығу да барады. Противогаз, винтовка асынып, мезгіл-мезгіл әлденеше шақырымдық шеруге де шығып қояды. Өйткені әскери жаттығу, өзінді қунбек-қунгі дайындықта ұстау — барлық дені сау азаттың қасиетті борышы деп жарияланған...

## 2

Қаныш Имантайұлының басты назары, әрине, геологиялық ғылымдар институтында (ҚазИГН) болған.

Институт теңкерістен бұрын архиерейдің (епископ) кеңесі болған шағын үйде, филиалдың секторлары да осында орналасқан. Орын өте тар, тіпті ғылыми жұмыс түгілі, тізе бүгіп отыратын жер жоқ... Институт аталғанымен ИГН-да сол кездे небәрі жиырма бес ғылыми қызметкер бар-ды, оның төртеуі ғана ғылым кандидаты. Төрт сектор — геология, металдар, бейруд, гидрогеология белімдері және аналитикалық химия лабораториясы жұмыс істейді. Бұған дейін құрамында мың қаралы кісі бар барлаушылар ұжымына жетекші болған іскер басшыға бұл сөз бе екен, ойнап отырып басқаратын мекеме. Бірақ олай болмады. Жұмысты мұнда да Жезқазғандағы сияқты түгелдей қайтадан, тіпті тыңдан бастауға тұра келді — кадр әзірлеуден ғылыми жұмыс жүргізетін орын іздеуге шекті. Ең қыны институтты басқаруға үмітті болған кейбір ғылыми адамдармен тіл табысу жүйкесін жүқартты: «Сіздің мына жұмысыңыздың өмірлік пайдасы қандай?» десе-ақ, намысы қозған ана байғұс: «Бұл мәселені сіз жете түсінбейсіз» немесе кейбірі қеудесін соғып: «Қарапайым геологқа мұны бағдарлау, иә теориялық негізін үзу өте қыын...» деп ғалымдық атағы жоқтығын ешбір қымсынбай бетіне айтады. Қарсылықтың астырытын түрлери де шыға бастады. Қысқасы, бұл қызметке қатардағы далалық барлау орнынан келсе де, тісі шыққан, әмбеба жұмысты талап ететін қатаң басшы екендігін көрсетуге тұра келді...

Бір жолы институттың химия лабораториясының жұмыстытым сылбыр істейтіндігі, көптеген анализдердің апталар бойы орындалмай кешігіп жататындығы сөз болды. Директордың кабинетінә шақырылған лаборатория менгерушісі «Анау жоқ, мынау жоқ!» дегеннен өзге жартымды жауап айта алмады.

— Сіздің айтып тұрғаныңыз — жұмысқа жауап бермеудің айласы! Алматы сыйылды үлкен қалада отырып, мұнша жоқты тілге тиек ету үят емес пе?— деп Қаныш Имантайұлы Қарсақбай комбинатының химия лабораториясының іс-тәжірибесін әңгімелеп берген-ді.— Бір жылы қыста бүкіл Қарсақбайда анализ жасайтын бір грамм да спирт табылмады, жабдықтаушылар дер кезінде жеткізе алмай қалған. Лаборатория менгерушісі Иосиф Израилевич Гехт сіз құсан, «Жоққа не істеймін!» деп қол қусырып қарап отырған жоқ, комбинаттың қоймасын ақтарып, бірер жәшік техникалық лак тауып келді. Ақыры, бізге керек зәру спиртті солардан қайта ағызып берді... Міне, көрдіңіз бе, қымбаттым, жұмысқа ынталасы бар адамдар өрдайым осылай істейді. Ал сіз, маған бір емес, осымен үшінші мәрте: «Пәленше реактив жоқ, түгенше жоқ! Егер тапқызып берсеңіз...» деп тұрсыз.

— Олай болса лабораторияны өзінің мақтаған Гехтка басқартыңыз, ал мен ғылымда атақ-абыройы бар ғалыммын, сізге қолбала болып, жабдықтаушы-агент, әрі химанализ жасаушы міндетін қосақтап атқара алмаймын. Әмбеб ақадемия деңгейімен мұныңыз мүлдем келіспейтін талап — өндірісте болмаса!— деп менгеруші есікті қаттырақ жауып шығып кетеді.

Институттағы бір қолдың саусағына жетпейтін ғылым кандидаттарының және біреуіне қош деуге тұра келді: химлаборатория менгерушісінің орнына, шынында да, сонау шалғай шеттегі Қарсақбайдан қарапайым химик И. И. Гехт шақырылды; бұл кісі келісімен институт лабораториясының химиялық анализ жасау деңгейі шынайы ақадемиялық дәрежеге көтеріліп, кейбір барлау трестері мен басқалардың тексерме жұмыстары сонда атқарлатын болды; соғыстан кейін Иосиф Израилевич диссертация қорғап, химия ілімінің кандидаты атағын алды...

...Қазақ даласын геологиялық зерттеу 1920 жылға дейін түрлі-түрлі ғылыми экспедициялар жасақтау арқылы жүргізілген-ді. Олар едәуір қазба байлық, ірі жаңалықтар ашты. Бірақ бірде-бір үші-қырысyz сайын даланың ой-қырын, өзен-көлін, жер қыртысын жан-жақты сипаттап, барлаушыларға нұсқа болғандай геологиялық карта сызып берген жоқ.

Жиырмасыншы жылдан беріде даланы жоспарлы түрде зерттеу басталды. Съемкалар жасалады. Яғни әрбір аудан, облысты шаруашылық, экономикалық қажетіне қарай кезекке қойып, он шақырымдық масштаб бойынша картага түсіру жүзеге асқан. Мұны Геолком аткарды. Олардың таңдаулы ғалым-геологтары Қазақстан қырына барлау партияларын бастап шықты. Қуаң далада олар бұрынғы экспедициялар сияқты бірер жаз емес, әлдеше жылдар бойы жұмыс істеді. Кен іздеді, су көздерін қарады, геологиялық зерттеулер жүргізді... Соның нәтижесінде Қарағанды отын ошағының орасан зор қуаты мәлім болды. Тынымсыз іздеуші геолог М. П. Русаковтың Сарыарқа жонын көп жыл шарлауынан соң «қайтала мақаралама кварциттер» құпиясы ашылып, нақ солардың тінінде мыс кені шоғырланып, корунд, отқа төзімді шикізаттар жасырынып жататындығы анықталды. Өзі сомдаған

теория бағдарымен ол Қоңырат кеңін тауып, Балқаш мұс зауытын салуға жол ашты. Нәк осы жөнмен ізденіс жасаған Р. А. Борукаев (1899—1967) та 1930 жылы Бозшакөл мұс кеңін тапты. Басқа да іздеушілердің жолы болып, қазына кембелерін көтеп ашты...

«Қарағандыкемір», «Алтайполиметалл», «Ембімұнай», Арқада «Атбасцветмет» трестері тәрізді ірі-ірі ендіріс орындарының салынып, өнім бере бастау тұрақты жұмыс істейтін геологиялық қызметтер құруға тұрткі болған-ды. Геолкомның Қазақстандағы бөлімшесі де осы қарсаңда үйымдасқан: ту баста ол Қызылордаға ірге көтерген-ді, онан соң Қазақтың геологиялық басқармасы атанып Семейге кешті... Бұл жылдары оны Ленинградта оқыған, кейіннен Қазақстан барлаушыларының ақсақалы атанған Рамазан Асланбекұлы Борукаев басқарды. Геология басқарма-сында Г. Ц. Медоев, А. Г. Гакоев, Б. И. Вейц тәрізді білімпаз барлаушылар жұмыс істеді. 1931 жылы Алматыда Қазақ геологиялық барлау тресі үйымдасты. Семейдегі басқарма 1939 жылы Алматыға көшірілді...

Осы шаралардың бәрі, сайып келгенде, қазақ даласындағы түрлі-түрлі қызметтерін бір орталыққа шоғырлад, геологиялық зерттеуді үздіксіз және жоспарлы жүргізетін жүйелі іске айналдыруды көздеғен. Ұлы Отан соғысы басталар қарсаңда бұл жұмыспен Қазақ геология басқармасынан өзге Казцветметразведка, Алтайцветметразведка, Казуглеразведка, Казнефтеразведка тәрізді ірі-ірі зерттеу трестері және барлық кен ендіруші комбинаттарда тұрақты ізденіс жасайтын геология бөлімдері мен барлау конторлары шүғылданатын. Олардың жалпы құрамы отыз сегіз. Бәріндегі де тәжірибелі, білікті мамандар жұмыс істейді. Олардың қарамы да жүздеген, мыңдаған адам. Қысқасы, Кеңес Одағындағы ең ірі барлау тобы Қазақстанда жұмыс істейтін. Барлаушылық қабілеті жөнінен де бұлар ешкімге есе бермейтін іргелі топ. Кен көздері бірінен соң бірі қат-қабат табылып жатыр және әр алуан. Әмбे көніл белгендей кеп те қорлы қазыналар.

Бұл болса орталық қалаларда ертеден шоғырланған геологиялық ғылыми ойдың жетекшілік рөлін әлсіретіп, керісінше жер-жердегі барлау орындарының күшеюіне қолайлы жағдай туғызыды. Құнбе-құнгі нақтылы ізденісте жылдар бойы шындала жүріп тәжірибесі молайған өндіріс мамандары шынында да көп мәселелер женінде зерттеу орнынан қашықта, тыныш лаборатория, жайлы кабинеттерде отырып, жалаң теорияға сүйеніп пікір айтудылардың беделінен кеп қынбайтын, жадағай да жалпылама ақыл-кеңесіне сынни көзбен қарайтын білгірлікке жеткен-ді. Табысқа тоқмейілсу емес-ті бұл! Басқарма мамандары қаншама төрөн, білімді, кереген болғанымен қашықтағы Қазақстан қыртысын шала-шарпы біледі. Жазғы сапарында аз-маз кергеніне сүйеніп кесік айтуды — оларды кейде жаңсақ болжамдар жасауға жолықтыратын. Мұның соңы көбіне кенорның барлаушы геологтар мен оған төрелік айтуда тағайындалған сарапшы экспертерді бітіспес дауға душар етеді (Жезқазған жайындағы ұзақ жылғы сергелденді

еске алыңыз). Сөйтіп, аса мәнді кенді игеру кейде әлденеше жылдарға жөнсіз кешеуілдеп басталады, болмаса жаңсақ ұсыныс беріліп, мүлдем теріс бағытта. Оның залалды әсерін, әдетте, табиғат шегеді немесе сол жерді тұрақты мекен еткен адамдар...

Республикадағы барлық барлау топтарына теориялық бағыт-бағдар жасап, ізденистеріне нұсқа-жол ашып отыратын ғылыми орталықты Алматыда құру ойы осындан игі талаптан туған-ды...

1940 жылы құрылған Геологиялық ғылымдар институты тәжірибелі геолог Р. А. Борукаевтың басшылығымен бірталай жұмыстар істепті, әсіресе тақырыптық зерттеу топтарын үйимдастырып, ұзақ іздениске бағыт-бағдар белгілеу жөнінде. Зерттеуші мамандар да жоқ емес: И. И. Бок, Г. Ц. Медоев, И. П. Новохатский, Е. Д. Шлыгин, Г. Л. Кушевтің есімдері республиканың геологтар қауымына жақсы таныс; бұлардың көшілігі Ленинград пен Оралдың геология мектебінен шыққан білімпаз жандар. Бәрі дерлік Қазақстанда практикалық дала барлауымен шұғылданған көнігі мамандар. Алайда олар ғылыми жұмысқа енді ғана ауысып отыр. Сондықтан да, әлде институт директоры іргелі міндет қойып талап ете алмаған ба, Қаныш Имантайұлы келген кезде жас зерттеу ошағының шағын тобы нақтылы не істерін білмегендей, біздің теориялық іздеуіміз тап қазір кімге керек дегендей енжар ойда екен. Көшілігі «Отан үшін жан пида!» дегенге сайып, қанқұйлы жауға тойтарыс беру міндеттіміз десіп, майданға аттануға құлшынып арыз бере бастапты. Қаныш Имантайұлының өзі де тұтқылдан тап болған жағдайдың алғашқы күндерінде жоғары жақтан нұсқау, ақыл күткендей бей-жай күйде еді...

Шілденің 3-жұлдызында радио арқылы И. В. Сталин сейлеп, ел ортасындағы алуан жұмыстарды нақтылап атап, жауға тойтарыс беретін басты шараларға түсінік жасады. Ұға білгенге бірталай ой, жігер құйып, қаһармандық істерге шақырған-ды...

Қаныш Имантайұлы да институт қызметкерлерін жиып, өздері шұғылданар жұмыстардың бағыт-бағдарын жария еткен: батыс шекарада жүріп жатқан алапат соғыс геолог-зерттеушілердің алдына төтенше міндеттер жүктеп отыр... Институт директорының ойынша, зұлым жауға ұлы Отанның барлық өндірісі, шикізат қуаты, әрбір қазына тасы қарсы тұрып, оқ, снаряд, танкі, ұшақтар болып атылуға тиіс! Батыс шептегі өндіріс қуаттары уақытша іsten шықты, іә жедел эвакуацияланып қыыр өлкелерге көшіп жатыр. Таяу айларда олар ешқандай енім бермейді, соғыс қажеті үшін жұмыс іstemейді. Демек, бар салмақ бейбіт аудандарға түседі. Яғни Орал, Сібір, Қыыр Шығыс, Орта Азия және Қазақстан бүл жүкті жабыла көтеріп, қажет шикізатты жоқтатпауға міндетті. Бәлкім, көптеген өндірістерді жаңадан ашуға тұра келер. Институт мамандары да өз міндеттеріне осы тұрғыдан қарайтын болсын: бейбіт күндерге жоспарланған зерттеулерді тоқтатып, бүгін таңда майданға аса қажет шикізат көздерін іздеуге, тез арада аяқтауға болатын жедел барлаумен шұғылдану шарт!.. Қыын міндет, бірақ басқа шара жоқ. Өйткені таразыға — ел тірлігі,

Отан тағдыры түсіп отыр... Ал майданға тіленген патриоттық ұмтылыс танытқан мамандарға рақмет, бірақ үкімет өзірше геология институтынан бірде-бір қызметкерді қозғамауға нұсқау беріп отыр, сірә, бұл жайт геологиялық экспедицияларға да тарайды. Қысқасы, біздің міндег кәсіби жұмысымызды тыңғыштықты әрі жедел атқару, біз үшін алдыңғы шеп, нағыз майдан — барлау алаңы!..

Айналасы бір аптаның ішінде институттың іс жоспары қайта қаралып, пайдасы шамалы теориялық зерттеулер тоқтатылып, олардың орнына стратегиялық маңызы зор шикізат қазбаларын іздеуге септігі тиетін тақырыптар енгізілді.

Мұнда да кедергісіз болған жоқ. «Жүйелі жұмысты бұлдіріп, барды жоқ ету оңай! Ал соның орнына не бересің?» деушілер де табылды. Сірә, бәз-баяғы «Сен кім, біз кім?..» дейтін кегежін ойдышың салқыны... Институт директорының бұған жауабы — он төрт-он бес сағатқа созылған тынымсыз жұмыс. Түс кезінде ғана үйіне келіп, ас ішкен соң жарым сағат тыным алады, одан өзге уақыт — күн шыққаннан түннің бір уағына дейінгі мезгіл институтта, филиалда өтеді (бір тәуірі, филиалдың әкімшілік кеңесі де архиерейдің үйінде). «Сол күндерде ол үйге өте-мете шаршап оралатын. Әсіресе қарауындағы ұжымның өзі жария өткен тың міндеттерді құп көрмей, орындауға аса құлшынбай, тіпті жігерсіз кіріскеніне ол қатты құйзелген-ді,— деп есіне алады Таисия Алексеевна сол күндерді. — Қарсақбайда тұрғанымызда шай үстінде, иә демалып отырып ұзак-ұзак әңгімелесетін кештеріміз де ұмыт болды. Тек таңертеңгілікті үйден ертерек шығатын едік те, қазіргі М. Төлебаев атындағы көшениң саялы аллеясында ширек сағат таза ауа жұтып, тауға қарап тамашалап отырып, кешегі күннің тауқыметін еске алатынбыз...»

Қаныш Имантайұлының сұрауы бойынша институттың жаңа жоспары Қазақ КСР Қен наркомында қаралды да түгелдей макұлданды. Оларды тіпті тездетіп жұзеге асыру міндеттелді, септігін тигізер шаралар да белгіленді. Бұл болса жаңа директордың мәнді мәселені жоғары орындарға қоя білетіндігін, үкімет адамдары онымен есептесетіндігін дәлелдеп берді: яки өздері шүғылданбақ зерттеудің мемлекеттік маңызы зор екендігіне иландырған. Ең бастысы, көптеген ұжымдарда еңбек етушілер топтап қысқарып жатқанда, ҚазИГН жетекшісі институт қызметкерлерінің қатарын екі есеге жуық қөбейтті: кепшілік қызметкерді өндіріс орындарынан шақырды және олардың ғылыми атағының бар-жоғына қараған жоқ; оның есесінен өз жұмысына енжарлығы аңғарылғандар ұжымнан аласталды; жаңадан қабылданғандар жатақханалардан бөлме алды; кепшілігіне арнаулы үкімет дүкенінен азық-түлік босатылатын болды; академия филиалына Киров көшесінен (қазіргі Бегенбай батыр) екі қабат жаңа кеңсе берілді де, архиерейдің бұрынғы жайын ҚазИГН дербес иемденді... Осы істердің бәрі жаңа директордың жай ғана жайдары жүзді кішіпейілдігімен қоса, қажет жағдайда қажыр-қайрат аңғартып, пәрменді қимылдан да бастартпайтын іскер кісі екендігін таныт-

ты. Оған танауын шүйіре қарап, «Е, ғылыми зиялы ортандың тегеуіріне қанша шыдайды дейсін?!

Әлі-ақ сүйікті ендірісіне қызып тастармыз...» дескен сүйрік ауыздылар жым болып, жан сақтаудың қамына кірісті.

Дер кезінде жасалған үйімдастыру шаралары сәтті нәтижеге жеткізсе керек-ті. Тұсті және сирек металдар металлургиясы, көмір және тыңайтқыш заттар химиясы, минералогия лабораториялары ашылып, шлихтар әзірлейтін шеберхана, спектральдық анализдер жүргізетін физика кабинеті тәрізді жаңа бөлімдер, секторлар жұмыс істей бастады. Геологиялық ізденістер жағрафиясы мұлдем кеңейіп зерттеу өрсі де ұзара түскен-ді. Эрине, майдан талабынан туған үкімет тапсырмасы да күннен-күнге зорая берген...

...Бір күні ғылыми қызметкер В. А. Соколовты институт директоры кабинетіне шақырып:

— Ванадий кенин табу керек, Владимир Алексеевич,— деді,— Үкімет тапсырмасы деп білініз. Және жедел іздел, әмбे темір жолға жақын жерде, алуға оңтайлы болса тіпті жақсы. Қаржы, адамдар женінде қам жеменіз. Тек уақыттан ғана қысамыз!..

Отызыншы жылдардан беріде даланың бірталай ой-қырын аралап, әсіресе оның орталығы мен тұстік өлкесін көп шарлаған байырғы геолог жедел тапсырманың стратегиялық мән-мақсатын бірден түсінген... Сондықтан да экспедиция жасақтап, жан-жаққа дереу аттандырудан гөрі көбірек ойланып, қайда барып және қалай іздеудің бағыт-бағдарын анықтап алуды жөн керді. Қөнілін бұрған бірнеше ауданың геологиялық картасын алдына жайып қойып, ванадиймен ағайында металл белгілері табылған қыртыстарға талай күн шүқия үңілді. Солаудандарда бұрын-сонды болған барлау партияларының есептерін тексерді. Ақыры, институт директорына келіп:

— Қаныш Имантаевич, коллектордан басқа көмекші сұрамаймын, бір жұмаға рұқсат етіңіз,— деген-ді.—Оңтүстік жақты шолып қайтуға. Алыс емес, Алатауды бектерлеп Таласқа дейін көтерілеміз...

Келесі күні жолға шыққан қос барлаушы Шымкент пен Жамбыл аралығындағы Шақпақ разъезінде поездан тұсті де, бағыттарын компаспен түзеп алып журіп кетті. Кездеп келе жатқан төбелерін олар сол күні-ақ темір жолдан небәрі бірнөше шақырым жерден тапты... Үшінші шурфқа кісі бойы терендеген кезде барлаушылардың құрегі алғашқы кен белгісіне жолықсын.

— Карнотит! Ванадий жайылған минералдың құнарлысы! Мынада кем дегенде оның жиырма проценті бар! Олжалы болдық, өте-мете сәтті сапар!..

Геологтар одан әрі қазған жоқ, кері қайтып, бірден институт директорына кірді.

— Тапсырмаңыздың орындалғанын мәлімдеуге рұқсат етіңіз. Шақпақ разъезіне экспедиция жіберуге болады.

(Геологтың болжамы қайыра тексеруде толықданықталды. Талас Алатауының бектерінде соғыс қажетін өтегендей ванадий

кенінің сүбелі қоры жасырынып жатыр еken. Ғалым-геолог Владимир Алексеевич Соколовтың бұл еңбегіне келесі жылы Сталиндік сыйлық берілді.)

— Барлауға ой жүгіртіп, ғылыми көзбен қарау деген осы! Көптеген кенорның барлауға шықпай-ақ, бұрынғы зерттеу деректерін шолып отырып та ашуға болады,— деп тұжырымдаған-ды Сәтбаев әріптесінің жаңалығын институт қызметкерлеріне жария еткендे.— Шынтуайтын айтқанда, Владимир Алексеевич ванадий шикізатын кабинетте отырып ашты... Бұдан шығатын қорытынды: ғалым атанып, геологиялық ғылымдар институтына келдің еken — бағынды барлауда сынаудан бұрын ғылыми болжаумен шұғылдан!..

Зерттеушілердің қайсыбірі орталық қалалардан келген-ді, тағдыр айдал әвакуациямен Алматыға тап болған кернекті ғалымдар да жаңа институтқа көтеп тартылған.

Солардың бірі — Орталық Қазақстанның білгірі Н. Г. Кассин. 1941 жылдың жазын Сарыарқа жонында өткізген ғалым-геолог Ленинградқа дер кезінде қайта алмай, Қарағандыда аялдап қалған-ды. Осы хабарды естіген Қаныш Имантайұлы Кассинді іздеу салып дереу жеделхат жолдап, ғалымды Алматыға шақыртты. Сейтіп, бір күні ескі танысы һәм езіне тілекtes әріптесі Николай Григорьевич ҚазИГН директорының кабинетіне тап болсын. Көңіл хошы онша емес, өзі жұмыс деп омарлып жүргендеге жұбайы Ленинградтан шыға алмай қалған, ал ол жақ түгелдей жау қоршауында. Қысқасы, не істерін білмей алаң қүйде еken. «Сіздің міндеге Георгий Царевич Медоевпен бірігіп, Қазақстанның структура картасын жасауға жедел кірісу. Бұл бізге қазір аудай қажет! Сіздің де зұлым жауға атар кек оғыңыз осы болады!.. Ал қосағыңыз женинде?.. Тілегізді республика үкіметінің назарына жеткізейін. Сәті түссе, кім білсін...» дейді институт директоры білімпаз геологты бірден күрделі зерттеу жұмысына жегіп. Онсыз да көңілі жүдеу кексе маманның тұрмыс тауқыметінен тарықпауын ойлап тиісті жағдай да туғызады. Тұс-тұстан ағылған келуші мындалап кебейген соғыс күндерінде бұл да онай шаруа емес-ті: сейтсе де бұрыннан тұрып жатқан қызметкерлерді өзара ығыстырып, мұның да орайын келтірді. Структуралық карта жасау Николай Григорьевичке танымал іс-ті. Ежелден үйреншікті кәсіп, әсіресе соның тығыз-таяндығы ғалымның көңілін аулап, ішін жеген уайымды біршама ұмытып, жұмысты құні-тұні өндіре істеуге тұрткі болды... Уәде қылған соң Сәтбаев та қарап жүрмелті, үкіметтен тапсырма алған Қазақстанның Москвадағы өкілдігінің қызметкерлері қалайда бір жолын тауып, ғалымның жұбайын Ленинград қоршауынан санаулы адамдар қатарында алып шығудың орайын келтірген: ақырында Прасковья Степановна Алматыға аман-есен жетті. Бұл болса Н. Г. Кассиннің көңіл хошын бірден түзеп, әрі өзін Қазақстан үкіметіне, мейірманды Қаныш Имантайұлына қарыздар санап, уақытпен санаспай жұмысты бұрынғыдан да еселеген

жігермен атқаруға қозғаушы күш болған сынды. Анығында бұл қарсанда ол структуралық карта жасаумен ғана емес, институттың жасаң ұжымының барлық зерттеу-ізденісіне қоян-қолтық арасынан, оған қоса аспирантурада оқитын жастарға басшылық ету ісін де қолына алған-ды.

### **ТАИСИЯ АЛЕКСЕЕВНАНЫҢ естелігінен:**

«...Николай Григорьевич кісімен өте тез жақындастын аса үйірсек жан еді. Мінезі қарапайым, сен-мені жоқ, ақжарқындығы сондай — үлкен де, кіші де оған үйір болатын. Қызмет дәреженемен де санарапайды, бастық та, оның жүргізушісі де бірдей.

Сонымен бірге түрлі геологиялық мәжілістерде, ғылыми кеңес, иә диссертациялар қорғалған сәттерде ол ойындағы сезді бетің бар, жүзің бар демей тұра айтатын және езінің қулай сенген геологиялық қағидаларын, ойлары мен түйсігін қорғарда ешкімге көнбейтін, қажет деп білсе іilmес дау-шарға түсуден тайынбайтын.

Бір жолы әлдеқандай келелі ғылыми мәжіліс үстінде Орталық Қазақстанның геологиялық даулы мәселеі жайында Қаныш Имантайұлы мен Николай Григорьевич пікір таластырып, ақырында екеуі дебір-біріне есе жібермей ауыр сездер айттыпты. Келесі күні Николай Григорьевич маған келіп, тұні бойы ұйықтай алмай дәңбекшіп шыққанын, артынан ойланса өзінің қате пікірде болғанын, бірақ дауға түскенде тым қызыбаланып, ашуға жендеріп қатты сездер айттып қалғандығын, енді сіз мені осы бір ыңғайсыз жағдайдан құтқарып, Қаныш Имантайұлымен татуластырсаңыз еken... деп тілек білдірді. Мен күлдім де: «Сіз бұған қайғырып босқа қиналмаңыз, өйткені Қаныш Имантайұлы жұмыс жөніндегі талас үшін ешкімге кек сақтамайды. Келесі күні әлдебір шаруаны сылтауратып кабинетіне барыңыз да, тұқ айтпаған кісі құсан сөз бастаңыз. Менің ақылымға сонда өзіңіз иланасыз...»— дедім. Бірнеше күннен соң Николай Григорьевичті аулада кездестіріп, әнеуқүнгі шекісулерінің немен аяқталғанын сұрап едім, кексе геолог жайрандай құліп:

— О, Қаныш Имантаевич маған тіпті де ренжіменті. Келесі күні ертерек келіп, есік алдында тосып отырғанмын, Қаныш Имантаевич өте беріп мені көрді де, бұрылып келіп, бір қолымен қасыра құшып, жайрандаған қалпы: «Николай Григорьевич, ашуыңызды бассаңыз, кешегі дауды жайланаңып отырып аяқтайық!»— деп мені қолтықтаған күйде кабинетіне алып барды... Мұндай кешірімді кісінің қол астында жұмыс істеу де бақыт!»— десін.

Ленинградтың қоршауда қалуы тағы бір геология білгірін үйіне жете алмай, Оралда тоқтауға мәжбүр еткен. Бұл жолы ынта Михаил Петрович Русаковтың езінен туған-ды, оның Қазақстанда жұмыс істегісі келетінін білдірген хатын алысымен-ақ, Қаныш Имантайұлы дереу шақыру үйымдастырып, Алматыға алдырған-ды.

(Айта кететін бір жайт: институттың тез өсіп, ғылыми өрісінің ұлғаюына зор еңбек сіңірген бұл екі ғалым-геолог соғыстан кейінде туып-өсken мекеніне қайтпай, өмірінің актық сафатына дейін Алматыны бауыр басып, ҚазИГН-де жемісті еңбек еткен. Олар тек қыста ғана, онда да екі-ақ айға демалыс алғып, «туған Ленинградының ауасын жұтып, Нева даңғылын көріп қайтуға» барып жүрген...)

### 3

Жеделғабыл басталған ізденістер алғашқы айларда-ақ сұбелі нәтижелер берді.

Бұл жайында ҚазИГН архивінде неше алуан анықтамалар сақтаулы. Солардың бірі —«Алтайдың полиметалл кендері» тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеу: алты айға толар-толмас мерзімде институт мамандары тоқсаннан астам кен көздерін тексереді (кейіннен бұлар Өскемен қорғасын-мырыш комбинатын салуға негіз болады)... «Қазақстанда мыс өндіруді арттыру жолдары» және «Жергілікті өнеркәсіп жүйесінде мыс қорыту мүмкіндіктері» тақырыптарына сәйкес жеті жүзден астам ірілі-ұсақты кен көздерін қарап шығып, ендіріс орындары үшін нақтылы ұсыныс өзірлеуге тұра келді. Мұның ең қомақтылары, сірә, Ертіс мыс зауытына құнарлы концентраттар бөруді үлғайту, Жезқазғаның ең бай кен қабаттарын таңдал қазып, Балқаш комбинатында қорыту ұсыныстары. Жыл аяғында темір және марганец ендірістерін Қазақстанда тыңнанашу жөнінде де мәселе көтөруге мүмкіндік туады...

Алдағы уақытта зерттеу жұмыстары бұдан әрі өрістеп, тоқтасыз жүре бермек. Ең бастысы, зерттеу тобы тыңнан үйімдасып, бейбіт жағдайда ұзақ ырғалып, кейде жылдар жұмсал біртінде қаз тұратын ғылыми институт бас-аяғы алты айда ізденіс тақырыптары жүйеленген, жан-жақты зерттеу бағдарламасы бар, соны орындар ғалымдары да толық іргелі топқа айналды. Мұның жемісі биылдың өзінде-ақ мәлім болды, алдағы жылдарда осынау табыс еселеп өсіп, жан-жақты кеңейе бермек.

(Осы ретте бір ғана ҚазИГН ұжымынан соғыс күркіреген төрт жыlda жұз алпыс ғылыми экспедиция жасақталып, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің (ГКО), иә түрлі наркоматтардың жедел тапсырмасы бойынша Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан жеріндегі әр қылы кен көздерін іздегенін, қайсыбір кен орындарына ғылыми кеңесші болғанын ескерту lazым. Соның кейбірі стратегиялық мәні зор әлденеше кендерді тыңнан ашумен аяқталған. Ал енді бірі ескі кеніштердің ғұмырын ұзартқан. Көптеген экспедициялар болашақта ірі шикізат қоймасына айналған жаңалықтармен оралады.)

КСРО Ғылым академиясының геология-география бөлімінің 5 қазан 1943 жылғы бюро қаулысында бұл хақында: «...1) Қазақстан-

дағы геология ғылымдары институтының Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы жемісті жұмысы, әсіресө өте маңызды стратегиялық металдар шикізатын көтеп тауып және оны қорғаныс өндірістеріне тапсыру саласындағы зор еңбегі атап өтілсін; 2) Қысқа мерзімде орындалған ғылыми-зерттеу ізденістерінің көлемі және әр түрлі салада жүргізілуі жөнінен, сондай-ақ ғылыми мамандармен толығуы турасында ҚазИГН-нің... филиалдар жүйесіндегі ең озық та үлгілі ғылыми мекеме екендігі даусыз...» деген тұжырым жасалыпты.

Теориялық зерттеулердің тежеліп, нақтылы кен барлау, олардың бұрыннан мәлімдерін қайтадан тексеру 1942 жылы-ақ институт қызметкерлерінің қатарын тағы да көбейтуге мүмкіндік берген. Жаңадан ғылыми секторлар мен лабораториялар ашылған, аспирантурада оқытын жастар қатары да молая түседі.

«Қаныш Имантайұлын мен тұнғыш рет 1942 жылы көрдім,— деп жазады геология-минералогия ілімінің докторы Пәтшайым Тәжібаев «Академик Қ. И. Сәтбаев» кітабында жарияланған естелігінде.— Орта Азия индустримальдық институты кен факультетінің аспирантурасында оқып жүрген кезім-ді, Алматыға жол тұскен соң ИГН-нің директорының тарлау кабинетіне келіп, жөнімді айтуға тұра келді. Ұзын бойлы, нұрлы көзі адамға парасатпен қарап, мейірім төгіп тұрған аса келбетті адам еken. Менің ҚазФАН-дағы аспирантураға ауысқым келетінін білген соң... бірден-ақ оны құптаап, сәтті шешуге қолма-қол шара жасады...»

## Жезді хикаясы

1

Қатерлі қырық бірінші жылдың тамыз айының алғашқы күндерінде Украинаның оңтүстігіне шоғырланған 11-неміс армиясы сегіз дивизия жаяу әскер және оларды сүйемелдеуші танк, авиация құштерімен шабуылға шықты. Кескілескен шайқас бірнеше күнге созылды. Ұрыс шебі тағы да өзгерді... Оңтүстік майданың әскерлеріне енді Херсон мен Никополь аралығында, Днепр үшін шайқасуға тұра келді. Бұл ұрыс 19 тамызда басталған. Алтыншы тәуліктің соңында марганец кенінің Кенес Одағындағы ең ірі және негізгі қоймасы — Никополь жауқолына көшті.

Бұл оқиға Шығыс майдандағы әрбір сәтті ұрысты барынша әсірелеп, дәріптеуге машықтанған Германияның насиҳат министрі Иозеф Геббельстің радио арқылы арнайы сөз сөйлеуіне себеп болған деседі.

— Фюрердің ер жүрек солдаттары, офицер мен мырзалар!— деп лепірген-ді ол,— Никопольдің марганец кені бүгіннен бастап

ұлы неміс ұлттының иелігіне көшті. Кеңес өндірістері қымбат шикізаттан біржола айырылды. Демек, біздің айбынды әскерлерге енді ең соңғы құрыш сауытпен қапталған орыс танктерін тезірек құрту ғана қалды. Сол үшін де фюрер сендерге: «Тезірек алға басындар, коммунистер танктерін көтеп құртындар!» деп бұйырады. Біз сөзсіз жеңеміз! Фюрердің кеменгер ойы бізді женіске жеткізеді!..»

Насихат министрінің бұл сөзінің де бұрын-соңды барлық даурықпалары сияқты әншейін сандырақ болып шыққаны тарихтан мәлім. Алайда шындық үшін, Кеңес Одағының марганец қоры жөніндегі оның болжамы накты деректерге сүйенген қысынды тұжырым екенін мойындау лазымен: марганец шикізаты негізінен Никополь мен Чиатура кендерінде өндірілетін; Орталық санақ басқармасының бертінде жарияланған 1940 жылға арналған дерегі Кеңестер Одағының қара metallurgia зауыттары пайдаланатын барлықферромарганецтің (шикізаттың техникалық атауы) 91,6 процентін тек қана осынау екі кенорнынан алғанына күәлік еткен...

Құзге салым неміс әскерлері Ростов-Донды басып алып, Қара теңіз жағасына шығатын темір жолдан қып тастады. Бұдан соң Кавказдағы Чиатурадан ферромарганец тасу да ұзак мерзімге тоқтап қалды. Ал күн сайын зардабы зорайып келе жатқан ала-пат соғыс миллиондаған тонна броньдық прокат, құрышқа шымыр қасиет беретін арнаулы қоспаларды керек еткен. Бұл үшін тек қана марганец қажет. Не істеу керек? Жау қолына көшкен стратегиялық қымбат шикізаттың орнын қалай толтыруға болады?

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1941 жылдың 29 тамыз күнгі төтенше мәжілісі (Никополь ұрысынан соң бес күннен кейін) осы мәселеге арналған-ды. Қабылданған қарап қысқа да барынша тұжырымы: «Шығыс аудандардан марганец шикізатын өндіруді жедел арттыру керек: бұл үшін қажетінше адам күші, мамандар мен техника бөлінсін: сонымен бірге еліміздегі барлық үлкенді-кішілі геология мекемелері өндірістік мәні бар марганец кендерін таяу құндерде темір жолға ұрымтал жерлерден іздел табуға міндеттелсін!..»

Қара metallurgia наркоматы бұл қарсаңда соғыстың алдында ғана Свердлов облысында барланған Полуночное кенінен шикізат алуға әрекет жасап жатқан-ды. «...Рудник және темір жол құрылышын жүргізуілер тәулігіне он сегіз-жыырма сафаттан жұмыс істеп, жанқиярлықпен еңбек етті. Ақыры 1941 жылдың соңғы қундерінде еліміздің metallurgia өндірістеріне қымбат шикізат жөнелте бастады» деп күәлік етеді «Ұлы Отан соғысының тарихы» («Воениздат», М., 1961, II том, 153-б.) бұл тұралы.

Бірақ Полуночное мен бұрыннан өнім беріп келе жатқан Оралдағы Аққарға кендері – Никополь емес-ті, Чиатураның да ширегіне жетпейтін. Демек, қырық екінші жылға еліміздің қара metallurgia алыптары мardымсыз қоспа қорымен енген. Оған деген зәрулік сол себепті бұрынғыдан да зорая түскен. Марганецтің қадірі, бейнелеп айтқанда, нанға теңелген.

Күзден бері, Кеннаркомның төтенше жарлығы үкімет жеделхатымен келген күннен бастап Орал мен Сібірде, Қазақстан мен Орта Азия республикаларында жүздеген геологтар, ондаған барлау топтары соғыс қажеті үшін басқа да стратегиялық шикізаттармен бірге марганец кендерін іздеумен де шұғылданған. Кеп үзамай-ақ қара металлургия наркоматына жер-жерден шифрланған мәтінмен жеделхаттар, ресми мәлімдемелер түсे бастайды.

Соның бірі Қарсақбай геологиялық барлау конторының үш геологы қол қойған құпия мәлімдеме еді...

\* \* \*

Соғыс басталған кезде жезқазғандық геолог И. Н. Богданчиков Кривой Рогта болатын. Сәуірдің аяқ шенінде Қаныш Имантайұлы оны Кішітауда кен іздел жатқан топтан шақырып алды:

— Иосиф Николаевич, сізді әрі алыс, әрі қызықты сапарға аттандыруды ойлап отырмын. Және бақандай екі айға!.. Кривой Рог пен Никопольдің атақты темір, марганец кеніштерін көріп келсөніз, асықпай жүріп бүге-шігесін түгел зерттеп... Ұлытау төңірегіндегі темір кендерімен мықтап шұғылдансақ деймін. Жезқазғанның кектасы бізге қашанға дейін азық болмақ,— деген-ді.

Соғыс дүңкілін Иосиф Николаевич осылайша үйінен мыңдаған шақырым шалғайда, Днепрдің арғы жағасында жүргенде естіді. Жасы сол жылы қырыққа шыққан, Ұлытаудың өзінде аттай жетісегіз жыл жұмыс істеген тәжірибесі бар, сақа геолог Богданчиковтың ойда жоқта тап болған соғыс алапатынан үрейі ұшып, есінен танар жөні жоқ-ты. Әйтсе де алғашқы сәтте ол не істерін білмей ойланып қалып еді: келген жұмысы әлі біткен жоқ, әлде іссапарын үзіп, Жезқазғанға жедел оралғаны жен бе?..

Сәтбаевтың сүйт жеделхаты оған нақ сол қарсаңда, ойы сан саққа ауып, екі ұдай болып қысылған кезінде келді: «Маусымның 26 күні Жосалы станциясында кездеселік. Кешікпеугеттырысыңыз, ете маңызды әңгіме бар» депті. Богданчиков енді Қазақстанға жетуғе асықты. Бір поездан бір поезға ауысып, тағайындалған күні кеште әүпірімдеп Жосалыға іліккен. Көшіп келе жатқан Сәтбаевтар да нақ сол күні стансаға жеткен-ді.

Екі геолог Қарсақбай комбинатының жолаушылар тоқтайтын үйінде кездеседі.

— Үлгергеніңіз жақсы болды, Иосиф Николаевич, әңгіме мынадай. Жақсылап тыңдап алыңыз,— деп Қаныш Имантайұлы планшетін ашып, Богданчиковтың алдына Қарсақбай ауданының картасын жайып салды. Геологтың қолындағы қарындаш әуелі Қарсақбай ашасын нұсқады. Сонсоң солтүстікке қарай сырғи түсті де, Сарысады құлдилап барып, Үлкен Жезді өзенінің бүйрарат-бүйрарат таулар қоршауына еніп ирелендей ағатын тұсынан бір-ак шықты. Бергі, күн батыс жағынан Бала Жезді құйып, екі өзен езара қосылатын кен аңғар нұсқап отырғаны.

— Мына бір қысан жоталардың арасынан Нарсай деген бұлак шығады...

Богданчиков сезіп отыр: күткені бірақ — бұл жер емес, онан гөрі ілгерірек, күншығыста тұрған Найзатас шоқысы еді... Соңғы жылдары бұл таудың бектерінде бірқыдыру барлау жүрген, бұрғылау станоктары да сонда. Ал мына жер — тың орын. Былтырдан бері Федор Пастуховтың шағын тобы барлау жыраларын қазып, бірдеме шұқылап жүргенін билетін. Ал өзі отыз алтыншы жылдан бері бұл маңайға ат ізін салған емес. Өйткені одан та-былған төмір кенінің құнары тым мәрдымсыз болды, флюстік қосымшаға жарамады. Өлденеше жылдан соң сол жерге қайтып оралып және мынадай қыын-қыстау кезеңде мәрдымсыз кенсімақты қайыра барлаудың қажеті қанша?

— Сізді осы үшін шақырдым,— деді Сәтбаев.— Немене, таңда-нып отырысыз ба?.. Иә, Найзатас күте тұрады. Балбырауынға да, Қарсақбайға да, Кішітауға да әзірше соқпайсыз. Иә, нақ солай, бұл жерлердегі темір кендерін барлауды уақытша тоқтатып, өз кісілеріңмен осы аңғарға көшесіз. Пастухов тобы да сізге қосылады. Нарсайдан енді іздегеніңіз де темір емес, марганец болады. Солай, Иосиф Николаевич. Марганецке барлау жүргізесіз. Никопольдің кен жұлгелерін біршама көрген шығарсызы?..

— Әлбетте. Бірақ түсінікті болу үшін?..

— Сабыр етіңіз, мен әлі айтып болғам жоқ,— деді Қаныш Имантайұлы қабағын шытып. Богданчиковтың тызетпе дегірсіз қылығын кейде естіп тежеп отыратын.— Бұл жолғы барлауды аса жеделдетіп жүргізесіз. Сол себепті бұған бара сала кірісіңіз. Қазір күй талғайтын, тынығуға демалыс сұрайтын мезгіл емес. Василий Ивановичке бұл мәселені егжей-тегжей айттым. Жезді аңғарындағы барлаудан еш нәрсе аямауға үәде етті. Қыскасы, қолында барын түгел береді. Әңгіме түсінікті ме? Ұялмаңыз, кейін кеш болады, түсініксіз жайтты сұрап алыңыз.

— Қажетімді түгел алатын болсам, талантты жас бастығымыз, сіз үшін сүйікті Штифанд болақан қырсық қымайтын болса.— Марқа геолог жаңа жетекшісін де аямай сыйқыртып өтті.— Оған сіз ескертсөніз — бұл хақында сұрағым жоқ,— деді Богданчиков.— Ал енді анау... барлау түспек алаң туралы ықыласпен қуана тыңдар едім.

— Жездідегі марганец белгілерін мен алғаш рет 1928 жылы көргенмін,— деді Сәтбаев. Шақшасын алып, ернінің астына насыбай салды да, жолаушылар үйінің ескі еденін сыйқырлатып ерсілі-қарсылы жүре бастады.— Қарсақбай зауыты үшін флюстік шикізат іздел жүргенімде кездестім оған. Бірақ, амал қанша, отыз алтыншы жылға дейін бұл араға бұрғы салуға бізде қаражат болмады. Жезқазғанның мысынан аса алмадық. Ал отыз алтыншы жылы, иә, мұны өзіңіз де білесіз, екі Жездінің жағасында бір жаз барлау отрядын ұстадық; жеті скважина, он шактys жыралар қазылды. Бұлардың құжаттарын Қарсақбайдағы архивтен табасыз. Пастуховтың не бітіргенін өзінен естисіз, ол да құр алақан емес... Менің шамалауымша, нақ осы, екі Жезді түйісетін тар аңғарда марганецтің сүбелі қоры жасырынып жатыр. Және ол мы-

надай соғыс алапаты күшейіп тұрған күндерде стратегиялық мәні ерекше зор шикізат!.. Кім білсін, Жезқазғанның қадір-қасиетін бұрынғыдан да арттыратын, әмбеба жаңа қырынан ашатын кенорны болуы да... Нені меңзеп отырғанымды сезесіз бе, Иосиф Николаевич?

Богданчиков басын изеді.

— Айтқаным айтқан: кісіні де, техниканы да керегінше аласыз. Бұл бір. Екінші, Жездінің қыртысы Жезқазғаннан бөлек... Оған станоктың тәуірін, бұрғылаушылардың таңдаулысын салу керек. Үшінші, Жездіде әзірше дайын тұрған баспанан жоқ. Демек, биылғы барлауды қар түскенге дейін аяқтау қажет.

— Түсінікті, Қаныш Имантайұлы. Тырысып көрейін.

— Тырысу аз, Иоске!— деді геолог Богданчиковтың иығына қолын салып, одан әрі аға геолог бір түрлі өтінген шыраймен қыла сейледі. — Бұл жерден қайткен күнде өндіріс ашуға жарайтында қор табу керек! Және тез арада!

— Қалай десем екен?..— Богданчиков қипақтап жан-жағына қарады. Ұзақ жолдан әбден титықтап, жүк машинасының үстінде ұзақты күн изендей келген балалар ұйықтап қалған-ды. Таисия Алксеевна жол қамымен сыртта жүрген. Бөлмеде екеуі ғана.

— Айта бер, неге бөгелдін?

— Біраз жыл серік болып қасыңызға ердім. Көп үлгі-өнеге көрдім. Жастық желеңмен, иә үшқалақ мінезім кеселінен ренжіткен кезім болса, даттап еске алмағайсыз, Қаныш Имантаевич,— деді Богданчиков жүйесі босап.— Ал мына тапсырмаңызды... өзініздей көріңіз, аянбаспын. Қолдан келгеннің бәрін де жасаймын! Күні-түні Жездіде тұнеуге дайынмын!..

— Рақмет, Иосиф Николаевич! Сол үшін де бұл жұмысты тісқақты өзіңе жүктеп отырмын. Әсіресе жұмысқа ықтияттылығыңа сенемін. Сенде өтірік болмайды, ақжүректігінді білемін. Тек бұрынғы сылбырлықтан тезірек арылу керек, достым, қазір соғыс кезі, көп ырғалғанды уақыт көтермейді!— деп Сәтбаев қоштаспақ болып қолын ұсына берді де, кенет көңілі босап, геолог әріптесін қапсыра құшты.

\* \* \*

Жедел үйімдасқан Жезді тобы өзен жағасында тұрған «Қызыл Октябрь» колхозының жалғыз үйлі жөндем қыстағының іргесіне шілденің алғашқы күндерінде келген-ди.

Станоктарды көшіріп, уақытша баспанан сайлап, оны-мұны шаруамен біраз күн кешеуілдеп, ақыры барлауға кірісken. Қаныш Имантайұлының бұларды асқыттырған сәлемі де сол қарсанда келді: «...Жездіні барлаудың келісім қағаздарын алған шығарсындар,— деп жазыпты ол 19 шілдеде<sup>\*</sup> контордың бас инженері С. Н. Сейфуллинге Алматыдан жолдаған хатында.— Менің қосымша айттарым: а) биыл қайткен күнде одан бір жарым миллион тонна кен табу

\* Академик Қ. И. Сәтбаевтың дербес архиві, хаттар буласынан.

керек; б) жаздың жайма-шуақ күндерін мейлінше пайдаланындар, ал қысқа қалсандар — ештеңе бітіре алмайсындар; в) басы артық станоктың, кісінің де барлығын Жездіге салындар... Естерінде болсын: қосымша анализге жіберетін материалдарынды тек қана біздің институтқа жолдау керек! Оларды тездетіп бітіру жөнін... өзім шешемін».

Байырғы геологтың әнеуқунгі ескертпесі де дәл шықты: Жезді қыртысы әлей қатты екен, бұрғылаушылар асықан сайын ерегескендей-ақ ырыққа ешбір көнер емес. Жұмыс өнбеді. Жезқазғанда стахановшы атанып соцжарыстың алдын бермейтін шебер бұрғылаушы Халық Темірбаев бұрынғы дүрілдеген күндерін енді түсінде ғана көретін болды. Керн толық алынбайды. Брауниттің (марганец минералының техникалық аты) қалың қабатына кірісімен-ақ болат бұрғы үлгі беруден айнып, қайыра кетергенде бордай үгітіліп, кейде жартыкештеніп бүлініп шыққан керніді бірақ көресің. Богданчиков та тілін тістеп, не істерін білмей дал болды. Бірнеше жерден саз әкеп, скважинаны түрліше сылап та көрді... Ақыры, бір күні зықысы шыққан кәнігі бұрғылаушы: «Әй, Иоске шырақ, бүл күйбенді қоялық. Мәшине тап. Қан-ағаның бізден жасырған құпиясы бар ма? Кеңір бойын сүзіп келейін» деген-ді. Жезқазғанға салт атпен іңірде кеткен Иосиф Николаевич, таң ата бір жарым тонналық автомобиль мініп оралды. Екі тәулік әлдеқайда жоғалып кеткен Хал-ағаң олжалақ қайтты: қорапты толтыра сарғыш саз ала келіпті, иі қанған қамырдай бір түрлі созылмалы екен... Кернің шығымы бұдан соң біршама түзелді. Бірақ қатты жыныстың «қарсылығы» керемет — тәулік бойы да мылсыз түйгіштегенде екі-үш метр ғана жер өтесін. Кексе шебер бұған да амал тапты: екі станокпен қатар бұрғылайтын болды. Ондағы ойы — қарқыннан ұтылған есесін көлемнен қайтару! Амал қаша, күн талғап, баптанатын кез емес: соғыс анау жер-көкті қақыратып өртеніп тұрған; Жезқазған мен Қарсақбайдың небір жайсан жастары, қимас азаматтар қан майданға топ-тобымен аттанып жатыр; солармен қош айттысып, жол болсын деуге де мұрша жоқ...

Марганец кендерінің жаңа көздерін тез арада іздеп, өндіріске қосу жөніндегі КСРО Кеңаркомының төтенше қарары Жезқазған барлау конторының басшыларына қыркүйектің орта шенінде мәлім болған. Ұстазының кеменгерлігіне, көрегендігіне тағы да таң қалысты. Қалайша күн ілгері болжап сезген десенші?! Қайтадақайта хат жазып, келісім шарт та жолдап (Жездідегі барлау ешқандай жобасыз, яки қаржысыз басқа ізденістердің есебінен басталған-ды), апшыларын қуырып асықтырған-ақ, еді сабазың. Қаншама барлаушыны майданға кеткелі тұрғанда бронь бергізіп, жұмысқа алып қалды!.. Сөйтсе ауыртпалық жағдайдағы осыған әкелетінін қалысыз аңдаған. Соның арқасында бірталай шаруа-ның басын қайырып тастанады, біршама уақыт, әттең, жайбарақат ырғалумен еткен. Тезірек қимылдағанда қаншама жұмыс өндіріп алуға болатын еді!.. Дегенмен әлі де кеш емес, қар жауғанға дейін бірер ай үрдіс істеу қажет. Жезді жағасына тағы да үш станок

жеткізіледі, оларға қосымша жұмыс қолы керек. Сандаулы кісінің қайдан аласың? Жезқазғандағы бүрғылаушылар қатарын біршама сиретуге тұра келді...

Жұмыс қарқыны сейтіп көлем есебінен біршама қыза түскен. Темірбаев та қарап жүрмей, есте қаларлық ұсыныс жасады:

— Тәулігіне екі мәрте шығып, алты сағаттан жұмыс істейміз. Майданда жүрген азаматтар жиырма төрт сағат кез ілмей жаумен атысып жан берісіп жатқанда, біздің он екі сағатқа шыдама-ұмызы үят,— деген-ді Халық жігіттеріне.

Жезді жағасындағы барлау ақыр аяғында бас барлаушы Сәтбаев күткендей көлем, қарқынға түсіп, үрдіс жүре бастаған-ды.

Бір күні, қазан айының соңғы аптасы еді, Қаныш Имантайұлы тағы да хат жолдапты: «...Жездіге барлау жүргеніне үш айдан асты. Нәтижесі теріс емес сияқты, тіпті үміт күттірғендей. Бірнеше кен қабаттары ашылған. Демек, қазірдің өзінде ол қатардағы барлау орны болудан асып, үмітті кен көздерінің санатына енген... Мәлім болған қабаттардың қорын жедел есептеу қажет. Алдың ала есептеу егер екі жұз мың тоннадан асып жығылса, одан арғыға тәуекел деп көз жұму керек. Қысқасы, менің кеңесім: **барлаудың толық аяқталуын күтпей-ақ, кен қорының болжаулы мәлшерін өндіріс ашуға тұрғандай келемге дейін ойша есіріп, тиісті жерге дереу мәлімдеме жолдаңдар**. Біріншіден, бұл алдағы қырық екінші жылда Жездіде өндіріс ашылуын қазірден бастап жобалауға мұрындық болады. Екіншіден, кенорның келесі жылы одан әрі терендей барлауға қажет қаражат алуға септігін тигізеді. Ушіншіден, бұл ең бастысы — Отан ендірістері Жезді марганецін дер кезінде кәдеге жаратып, уақытша зәрулікten күтылады және бұл мықты қөзір!...»

Контордың қос бастығы Штифанов пен Сейфуллин дереу Жездіге келіп, Богданчиковты ортаға алып, барланған кен қорын есептеуге отырады. Бар, жоқты екшеп көрсе, шынында да бірталай қазынаның иесі болып қалыпты.

— Ал, жолдастар, не дейміз бұған?— деген-ді Штифанов алдындағы қорытынды санға шубәланған қарап.

— Қанекең тапсырған соң жазбауға болмас. Жаздыртпай ол кісі де, сірә, тынбас,— деді Сейфуллин.

— Оныңыз рас, Саид Нагимович. Бірақ мәлімдемені жазатын да, сол үшін жауап беретін де, тегінде, біз боламыз... Мұны да ойлау керек.— Штифановтың сақтанып отырғаны мәлім болды.— Ал Қаныш Имантаевичке Алматыда отырып нұсқау беру, әрине, оңай.

— Сонымен, қандай қор атایмыз?

Богданчиков контор бастықтарына осы сендер кімнен қорқып отырысндар дегендей ожырая қарап:

— Қандайларың не, мына есеп не десе — соны жазу керек!— деп төтесінен бір-ақ түсті.

— Иосиф Николаевич, бұл — нақтылы есеп емес, болжам қор,— деп Сейфуллин күмілжіді.

— Аталған қордан кем шықса, бас кетеді. Асып жатса, ешкім де қателестің деп сөкпейді,— деді мекеме бастығы басын сипап.

— Әй, сендер, жолдас бастықтар, тым қорқақтап, мына кенді басталмай жатып құртқалы отырысндар. Мына сөздерінді Қанекен өстісе, тебелерінді ояды. Соншама былжыратып не көрінді, Жездінің қаратасы, қара да тұрындар, бізді әлі даңққа белейді!.. Қысқасы, менің Қаныш Имантаевичке берген үәдем бар: кенорнын мәлімдеуден қорықсандар — мен өзім жеке жазамын, тіктім баста!..

— Олай болса, Жездінің қоры таза марганецке шаққанда бір миллион тонна дейміз. Мұның алпыс проценті — өндіріске байтысyz-ақ жарамды, ондағы металдың орташа құнары отыз бес процент деп көрсетсек, Қанекен де бізге үұрыса қоймас,— деп Сейфуллин екеуіне ортақ төрелік айтты.

Геологтар ақыры осыған келісті.

Қара металургия наркоматына Жезқазғаннан жолданған құпия мәлімдеменің алғашқы нұсқасы осылай, Жезді жағасындағы киіз үйде жазылып еді...

\* \* \*

Бұл мәлімдемеге жауап Москвадан да емес, Магнитогор қаласынан келді. Хат, іә қосымша сұрау да емес, комбинаттың бас технологы бастаған бір топ инженер Жезді қайдасың деп сау ете түссін. Мамандар барлау жыраларын аралады; бірнеше жәрден броунит кесектерін теріп, жол қапшықтарын сықап алды; кен та-былған тәбе мен Жезқазған стансасының аралығын да өлшеп шықты — артық-кемі жоқ қырық бес шақырым!.. Қонақтар сол күні аттанып кетті. Ешқандай кесік, тұжырым естірткен жоқ.

Алайда тиісті сөзін металлургтер мүдделі орындарға тұздықтап жеткізсе керек, арада он бес күн өткен жоқ, Жездіге тағы бір комиссия келді. Бұл жолғы тіпті бірлі-жарым кісі емес, құрамында бірталай ірі мамандар бар үлкен топ: қара металургия наркомы И. Ф. Тевоянның тікелей бүйрүғымен Жезді марганецінің тағдырын жедел шешу үшін терелік айтуға белгіленген сарапшылары; солардың бірі — марганец кендерінің кернекті білгірі профессор Покровский.

Қазақстаннан комиссия құрамына Қ. И. Сәтбаев кірген-ді. Бірақ Алматыдан аттанатын күні ол ауырып қалды. Қол-аяғын бүрістіріп кенеттеп жабықсан біржосын дерт. Амал қанша, қазақ геология басқармасына ауруханадан телефон соғып, беделді бір маманды комиссияға қосып жіберуді өтінді...

Бірнеше күннен соң наркомат комиссиясы Алматыға қайтып оралды. Айтып келгендері, тұжырым ретінде жазып бергендері — алды-артына сақтана қараған тайғақ байлам, жарым-жартылай шешім, не бар деген, не кен жоқ деген сөз айтылмаған: «Жездіде браунит бар сияқты, бірақ әлі де іздей тұсу керек. Ал мәлімденген қор жеткілікіз барлау дерегімен, көбіне ойжотаға негізделіп жасалған, күмәнді жайттары көп...»

Әңгіме сөйтіп Сәтбаев ойлағандай оп-оңай шешілмеді. Мұндай екі ұшты тұжырымға ешкім де өндіріс ашылсын деп жарлық бермейді. Сап-сау жүріп, нақ сол қарсанда ауырып қалғанын айтсаңшы. Өзі барғанда сарапшылар пікірін, бәлкім, кеннің пайдасына шешер ме еді?.. Жезді барлаушылары да, сіре, артын ойлап, солқылдақ тұжырым айтқан; әйтпесе жер бетіне жақын жатқан асыл қазынаны пұлдап өткізу қын болып па?! «Әй, шектен тыс сақтық-ай осы, кейде өстіп қояннан бетер қорқақ қылып қоясың-ау талай-талай жайсаң азаматты? Дардай үш геологтың, Жезқазған қырында от пен судан өткен тісқақты мамандардың өз сөзін комиссияға құндал өткізе алмауы үят емес пе? Масқара!..» Өкінгеннен енді пайда жоқ. Болар іс болды. Комиссия үкіметтің өндіріс наркоматтары үақытша орналасқан Свердлов шәріне аттанып кетті. Ал өзі: «Қолымнан келгенін жасадым, кен көзін нұсқадым, арым — таза, одан арғысында — шаруам қанша?» деп тыныш жата бермек пе? Сау да емес, ауруханада жатыр... Жоқ, Жезді үшін де бір кездегі Жезқазған сияқты тәуекелге бел буып шайқасуға тұра келеді!

Дәрігерлер біраз күн айналдырып, ішін түйнеген мазасыз сирқаттың себебін анықтады: ішек туберкулезіне ұқсайды; оған қоса ішінде әлдеқандай бір ісік бар; екеуі бірден асқынып, қол-аяғын бүрістіріп қозғалтпай қойған... Консилиумның шешімі: «Ұзағырақ емделуге тұра келеді...», «Жұмысты қайтеміз?», «Жұмыс күте тұрады, адамға бәрінен де денсаулық қымбат!», «Жоқ, бүгінгі таңда онан да қымбаттырақ дүниелер бар, доктор. Мәселен, Отан мұддесі,— деп ойлаған-ды ол.— Ұлы Отан басына қатер төніп, ұрыс майданы күн сайын, сағат сайын броньдық құрышқа қоспа — марганец шикізатын сұрап дігірлеп тұрғанда?! Жездіде ол қат-қабат сіресіп жатыр. Тек сендіре біл соған тайғанақ ойлы, өздерінше ақжүрек, мемлекет мұддесін «қорғаушы» маман-сарапшыларды. Өзі соған сенеді. Ендеше, бүкіл дүние қарсы тұрып, «Жоқ, жоқ!» деп айқайлады да марганецтің сенімді қоры Жездіде жасырынып жатқанын дәлелдеп, тынымсыз күрес ашуға ол әзір! Кіріптар болып, ауруханада жатқаны да бұған бөгет емес...»

Сол шешімге келген күні-ақ Сейфуллиннің Алматыға тездетіп жетуін талап етіп, Қарсақбайға пәрменді жеделхат жолдаған.

Өз ынтасты сылбыр болғанмен тапсырма орындауға ықтияты Сайд Шағимарданұлы кешіккен жоқ. Жалғыз да емес, камералық барлау деректерін арқалап, Жезді отрядына бір жылдай бастық, соңынан аға коллектор болған Қанекенің сүйікті шәкірті Федор Пастуховты да ерте келіпті. Амандаса келген жезқазғандықтардан Қаныш Имантайұлы барлау есебін палатаға жеткізіп беруді талап етті. Екі күннен соң Жезді барлаушылары қайыра шақырылады. Бұл жолы ескі достарын сұық қабылдаған Сәтбаев басын шайқап:

— Өзім де солай ойлап едім, жігіттер, тым сақ болып кетіпсіңдер, мыналарың не?— деді қатты ренжіп.— Сендерге бекер-ақ сеніппін... Ау, тап қазір қаракан бастың қамын ойлап, жан сақтайтын үақыт па? Жау жағамыздан алып жатқанда өздеріңше

көлеңке сағалап, бірдемеге ілігіп кетеміз деп қауіп ойлап... Жә, ақталмаңдар! Жайларыңды түсіндім. Штифандов жас болсын, ал Федяға кінә қоюға болмайды, білімі шорқақ, небәрі техник-геолог... Ал, Сайд, сенікі не? «Өспейтін елдің баласы қырқында да езін жаспын...» дейдінің кері мынауың? Көпе-көрінеу қорқақтық жасағансың, әлде не істеп қойғаныңды білмей отырысың ба?.. Жә, жә, бекерге ақталма, тыңдамаймын... (Ф. П. Пастуховтың естелігінде бұдан да ауыр сездер айтқандығы жазылған, 61-б.)— Екі жезқазғандықта үн жоқ, әлден соң Қаныш Имантайұлы бұларға осы ұрысқаным да жетер дегендей сәл тыныстап, жайбараЬат сөйледі.— Қысқасы, қорды есептеулерің дұрыс емес... Бүгежектеп отырып ең тиімсіз есептеу әдісін қолданғансыңдар. Скважина сирек жүрген аландауды мүлдем ескермегенсіңдер. Жездінің қоры кем дегендे екі есе, үш есе кеміп шыққан. Әй, қайтейін сендерді?!.. Бәрін де қайтадан жасаңдар. Және Алматыда отырып, сендерге енді сірә да сенбеймін!.. Есептеуді бітірмей ешқайды кетпейсіңдер, үқтыңдар ма?

ИГН-ның бір белмесінен (директордың жұмыс кабинеті) дербес екі үстел алған Жезді барлаушылары «Болдық, біттік, құтылдық» деп жүрген есеп-қисапқа қайтадан отырады...

Бірер аптадан соң науқас үйге шықты. Емдеу сәтті жүрді (анығында диагноз қате қойылған, сырқаттың шын сыры жазға салым білінбек), қалайда қол-аяғын бүрістірген дерт біршама тарқағандай болды, бірақ жай-куйі жүріп-тұрғандай халде емес. Институтта түнеп жүрген жезқазғандықтарды ол енді өз қасына алдырады. Өйткені Жезді кенін есептеу ешбір тоқтаусыз тез жасалуы шарт. Үргалып-жыргалғанды қатаң үақыт көтермейді!

Қай күнде болмасын өздеріне айрықша бап, өзгеше жағдай тілемейтін Сәтбаевтар Алматыда да коммунальдық жұпымын үйде тұратын: Калинин (Қабанбай батыр) мен Желтоқсан көшелерінің қызылысындағы биікше үйдің астыңғы қабатындағы үш бөлмесі; ал тұрғындары — бір қауым жұрт, үлкені Ханиса осындағы дәрігерлер институтының екінші курсында, Мейіз бен жиені Кемел мектепте оқиды (оның інісі Рәшат Омбыдағы үй-ішіне қолғабыс етуге кеткен-ди), Алматыға келген соң туған кенже қызы Мәриям емшекте; өзі мен Таисия, енесі Фелицата Васильевна... бәрі жиналып отыра қалса, дастарқан басына сыймайды. (Кемел геолог нағашысына еліктеп кен барлаушы болуды армандайтын. Бірақ оның сәті келмеді. Келесі жазда өзі тіленіп майданға аттанған жасеспірім ауыр жарапанып, 1944 жылы Алматыға қайтып оралды. Геологиямен біржола қоштасып, денсаулығына орайлы гуманитарлық мамандық таңдауға тұра келді.)

Онсыз да тар үйге екі қонак қосылған соң, енесі ас бөлмеге шықты. Қаныш Имантайұлы өзірше өз бетімен жүре алмайды. Оның тесегі таңертең ортаңғы бөлмедегі диванға ауыстырылады. Үақытша орналасқан жатақтарына қайтуға тым кеш қалса, жезқазғандықтар да осында қисая кетеді.

Таң ата үш геолог жұмыс бастайды. Барлау материалдары ортадағы дөңгелек үстел ғана емес, кресло, орындықтар үстіне,

тіпті еденге дейін қат-қабат тізіледі: скважиналар паспорты; барлау жыраларының деректері; геологиялық карталар мен әр түрлі схемалар; соңғы анализ нәтижелері де институт лабораториясынан үрдіс келіп жатыр... Өзіне тиесілі есептеуді үй иесі диванда жатып, қағазды тізесіне қойып қарындашпен жасайды. Тазалап кешіріп, жинақтар кезде ғана оған Пастухов көмектеседі.

Осылайша әлденеше тәулік үшеуі тізе қосып, сарыла отырып жұмыс істеді. Қос арифометрдің құлағы толассыз сартылдап, шоттастары үздіксіз тарсылдаған мазасыз сағаттар таңың атысы, күннің батысы демей әлденеше күнгө созылған. Терезе алдындағы репродуктор майдан хабарларын айта бастағанда ғана үш барлаушы қағаздан басын көтеріп, тыңдай қалады. Сонсоң ақырын ғана күрсініп, жұмыстарына қайта кіріседі. Әлдекімге ерегескендегі бірер сағатқа дейін үнсіз отырып, өндіре істейді...

Оншақты күннен соң, Қаныш Имантайұлы қызметіне шықты. Құлантаза айыға қойған жоқ, қынн-қыстау күндерде бірақ жаңын күйттеп, үйінде жата беруге жалығып, асығыс тұрып кеткен-ди.

Екінші айды орталаған мезгілде Жездінің жаңа есебі дайын болды. Өндірістік қорының өзі бірнеше миллион шамасында...

Қаныш Имантайұлы бірақ бұған қанағаттанған жоқ.

— Жезді үшін түк емес, тым аз! — деген-ді есептеу жинақталған күні-ақ күдік білдіріп.

— Барлау жеткіліксіз болды. Келер жылдары тағы да қосамыз.

— Енде, Саид шырак, геологиялық сипаттамаға солай деп көрсет. «Барлау ұлғайған сайын кен қоры молая береді» деп бадырайтып жазып қой. Ұқтың ба?

— Қанеке, мұнсыз да қорды кетердік... Қор комиссиясының қорқақ сарапшылары бәрібір өткізбейді,— деп күмілжіген әріптесіне үстазы қүле қарайды.

— Бесі не, оны не, Саид, бәрібір емес пе. Бес миллион тона кен шықпаса да сотқа барамыз, тек қорықпай жаз! Қорғаушың қасыңда отырғанда кімнен сескенесін...

Жергілікті қор комиссиясына (ТКЗ) берілген түсіндірмеге, шынында да, солай көрсетілді. Сөйткене қырық екінші жыл да босағадан енді. Тіпті бірнеше күні өтті. ТКЗ сарапшылары асығар емес. Біреуі бірнеше күн, қайсыбірі апта бойы үстап, есеп пен жазбаның әр бетіне күдіктеңе шұқышып кешіктіріп бақты...

Жезқазған геологтары шыдай алған жоқ, міндеттеріндегі жұмыс бір ғана Жезді емес, соғыс басталғалы қадір-нарқы бұрынғыдан да артып, Ұлытаудың мысына деген зәрулік күшейген, мойындарында өзге де барлау алаңдары бар, бір аптадай тосты да үйлеріне аттанып кетті.

Бұл шаруаның да ақырғы тауқыметі сөйтіп Қаныш Имантайұлында қалған-ды. Бедел-қадірі, қызмет дәрежесі бірталай деп жүрген геологқа бұл едәуір жұқ болған тәрізді. Жезді архивінде сақталған кейбір деректер сол жайында сыр шертеді...

**«КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы Геология комитетінің бастығы И. И. Малышев жолдасқа**

...Жезді материалы біз үшін мұлдем түсініксіз және ұшы-қыры жоқ дауға душар болып отыр. Алматыда, тіпті Қазгеология басқармасының өзінде әлденеше ірі, беделді геологтар қызмет істейтіндігіне қарамастан, бұл есеп бір кезде Атасу төңірегінде сәтсіз барлаумен масқара болған, сөйте тұра көкірек керуден тайынбайтын әпербақан геолог Е...ге (хатта геологтың есімі то-лық көрсетілген — M. С.) экспертизаға берілген. Басқа сарапшылар да геологияда өзіндік пікірі жоқ, беделі жөнен мамандар... Ақыры, Жезді материалы 1942 жылдың ақпан айының 23 күні ТКЗ мәжілісінде қаралады. Мәжіліске Алматыда тұратын бірде-бір беделді геолог шақырылмаған. Жасырын өткен «бұқпа» мәжілістің шешімі де таңырқарлық: қорды есептеу әдісі дұрыс емес, ол басқа жолмен қайта жасалуы керек...»

Көлемі тоғыз парап ғана үшін қажет болмас. Бір ғана ескертіріміз: сарапшылар шүбәланған бес нәрсеге хат жолдаушы жан-жақты және нанымды айғақтармен жауап беріп қана қоймай, жаңа кенорның еріксіз танытқандай нақтылы байлам ұсынуы. Таң боларлық жәйт: Бүкілодақтың геология қызметінің басында отырған, лауазымы наркомға тен үлкен әкімге жолдаған хаттың жазылу мөнери... Демек, Қаныш Имантайұлы да әбден ашынған, сыпайлық сақтап, ізет білдіріп жазуға, сірә, құлқы соқпаған. Төмөндегі үзінді бұған дәлел:

«...Әлбетте, мұндай тантық беллетристкамен қолы бос, еріккен адамдар ғана шұғылдануы мүмкін. Әйтпесе қыын-қыстау құндерде қыыннан жол тауып, көп нәрсені үнемдеумен жасалған жедел барлауға соншама шұқшиып, кенниң қорын есептеу де әдеттегідей әлденеше ай емес, өте қысқа мерзімде орындалғанын ескермей, тіпті соның өзінен тілге—тиек, сыныққа — сылтау іздеп, қайткен құнде құлатуға тырысу — ар-ұяттан біржола безген... жауапкершіліктен, жұмыс үшін жаны ауырудан мұлдем кеткен бейшара қуыс кеуделердің тірлігі демекпін... Сіз мына сорақылыққа назар аударыңыз: кенниң қуаты 7–8 сантиметр көтерінкі көрсетілген деп, әрине, геолог Е... сияқты «білгір» мамандар, анығын айтқанда, солакай да сорлы кәсіпшілер ғана жаза алады. Сол себепті біз ТКЗ-ның қасаң қағидаға сүйеніп... шектен тыс сақтық ойлаудан туған шығарып салма, сүйкеме тұжырымы тек қана жалға формализм, жауапкершіліктен қашу деп білеміз. Мұның шынайы аты — өмірдің құнбе-құнгі талабын түсінбеу!..»

Хат Жезді материалын Алматыдан алдырып, Орталық қор комиссиясында жедел қаралуын талап етумен аяқталған.

жарияланған «Күні кешегідей есімде» атанған естелігінде былай деп күәлік етеді: «1942 жылдың басы болатын. Бір күні Орталық Комитеттің сол кездегі бірінші хатшысы Н. А. Скворцов шақырып, «Жаңа ғана И. В. Сталин қол қойған шұғыл жеделхат алдым. Барлық республикалар мен облыстарға, өлкелерге жолданыпты. Қысқасы, марганецке бай кенорның іздестіріп таппасақ, хал өте мүшкіл, жауды тойтаратын жойқын қарулар, әсіреле танкілер шығару тоқтауы мүмкін. Сонымен, не істеуіміз керек?»— деп сұрады. Ғалымдарсыз, геологтарсыз бұл сауалға қалай жауап берерсін? Алдымен солармен ақылдасайық... дегендей жауап қайтардым. «Ендеше, жедел кіріс!»— деді хатшы. Сол күнгі кешке Алматыдағы барлық геолог, металлург мамандарын, ғалымдарды Орталық Комитетке шақырдым. Бір сағатқа жеткен жоқ, шақырылғандар түгел жиналды. Жөппелдемеде қойылған қын ұраққа бірден жауап беру, әрине, оңай емес. Біраз үнсіздіктен кейін ...Михаил Петрович Русаков орнынан көтеріліп: «Бізге бір тұн мұрсат беріңіздер... архивтерімізді актартып, ойланып келіп айтайық»— деген ұсыныс жасады. Ертеңінде таңертен сағат сегізде қайта бас қостық... Қатысуышылар осы тұста марганец болуы ықтимал-ау деген жорамал-болжамдарын айтты. Бірақ дәл мына жерде деп кесіп айтқан ешкайсысы болмады...»

Бұдан әрі естелік иесі көnlі алан болып, өзі білгілігіне құдайдай сенетін Қаныш Имантайұлына ғайыптан жарқ етер құтқару-шыдай үмітпен қарағанын, Қанекеңнің орнынан жайлап тұрып, сейтсе басқа әріп тестерінің алдына тұспеуді жен көріп, жол беріп үндеңіп отырған екен, Жездідегі марганец кенінің ашылу тарихын, барлану жайын, ең ақырында істін шешімі нақ осы Алматыда, геология бақармасы мен ТКЗ-да тежеуге түсіп, түсініксіз қырсыққа шалынғанын, Қазақстан үкіметі осы мәселеге оң көзбен қарап, жәрдем берсе — Жезқазған іргесіндегі қаратас қоймасын әрі дегенде екі-үш айда эшелондал және қанша керек болса да жөнелтуге болатынын, өзінің бұған басын тігіп кімді болсын сендеріне алатынын мәлімдегенін тәлтіштей жазыпты... «Қаныш Имантайұлы сол кенорның қоры шамамен қанша екенін, жерасты әдісімен қанша бөлігін, ашық әдіспен қаншасын ендіруге болатынын, тіпті өндірілетін руданың өзіндік құны қаншага түсетініне дейін болжам-есеп жасағанын айтқанда, мәжіліске қатысуышылардың арасында ғажап ерлікке парапар бұл еңбекке, ашқан жаңа-лығына таң қалмағаны, риза болмағаны жоқ шығар. Солардың осы сүйсінісін Русаковтың Қанышты құшақтап тұрып: «Сенің шын мәніндегі керемет ұлылығың осында емес пе?!»— деп ризалық білдіргені әлі есімде. Содан бірінші хатшыға бұл жайды баяндаң бердім. Сол күні Москваға, Мемлекеттік Қорғаныс комитеттің тәрағасының атына жеделхат жолдаپ, онда кенорның тезірек игеру үшін алғашқы кездे қанша күш-қаражат керек екендігін қоса мәлімдедік. Екі күннен кейін қара металлургия халық комиссары И. Ф. Тевосяннан хабар алдық...»

Сірә, Орталық Комитеттен қылбұрау көрген болса керек, Қазақ геология басқармасы мен ТКЗ басшылары дереу бас қосып,

ездерінің 23 ақпан күнгі қабылдаған теріс-қағыс шешімін қайта қарап, кенді барлаушыларға болжам санды езгертіп, «тік қима әдісі» бойынша қайтадан есептеуді міндеттеп, Жезді қорын бекітуге қарар қабылдайды. Яғни бұдан қор көлемі бірнеше есе кемуге тиісті, әмбे сарапшылардың да бірдеме білетіндігіне илан-дышу қажет болған. Алайда марганец шикізатына деген ділгірлік үстел басында отырып шахмат комбинациясын жүргізген бейшара мамандардың «ойынын» мүлдем керек етпей, өзгеше әлпette шешкен...

Бұған ферромарганецтің қара metallurgия өндірістерінде сақталған мемлекеттік қорының («НЗ») күрт кемуі себеп болған-ды. 1942 жылдың бірінші тоқсанында-ақ бірер зауыт броньдық құйманың тапсырмасын орындаі алмады; олардың өндігі тыныс-тірлігі сол күндерде «мұрнынан шанышыла» жұмыс істеп жатқан, шамашарқы шамалы марганец кеніштеріне қарап қалған-ды...

Сондықтан да Мемлекеттік Қорғаныс комитеті кезекті бір мәжілісінде Қара metallurgия наркомы И. Ф. Тевоянның Орал өндірістерін ферромарганецпен жабдықтау туралы есебін тыңдауға мәжбүр болған-ды.

— Магнитогорск пештерін тап болған қыншылықтан құтқарап бірден-бір шара — Жезді кенін тез арада игеру,— деп мәлімдейді нарком.

— Қоры қанша? — деп сұрайды ГКО төрағасы.

— Аса көп емес. Бірақ құнары өте жақсы.

— Басқадай амал жоқ па?

— Әзірше болмай түр, жолдас Сталин.

— Болмаса мылжың сөздің қажеті қанша. Марганецсіз берік құрыш құйылмайды. Жедел кірісу керек!

Бас қолбасшының БІР АУЫЗ СӨЗІ Жезді кенінің бағын ашты. Сөүірдің алғашқы күндерінде-ақ өзеннің тастақты жағасында наркоматтың жобалаушы, кен өндіруші мамандары бас қосты. Қос жездінің мұзы түсіп, сай-сайдан толқыған қалың қардың жаппай сөгіліп, өткел бермес көксөқтаға айналған аласалыран шағы. Алайда ГКО-ның қарары қаһарлы табиғаттың «жаны елжіреген» жайсыз мезгілімен санастан аршып қана қоймай, Орал өндірістеріне ЗӘРУ ШИКІЗАТТЫ ҮРДІС ЖӨНЕЛТУДІ міндет етті!

Өзен жағасында, барлаушылардың жер үйінде өткен тұңғыш кеңес бұл шаруаға қысқа да тұжырымды кесік айтқан-ды:

— Жезді кенін біз төрт сортқа беліп алууды ұсынамыз, — дегенді Богданчиков былтырдан бергі жедел барлауда өз тобы анықтаған браунит қазынасын нұсқап тұрып. — Бірінші, марганеці отыз бестен қырық екі процентке дейінгі кендер; екінші сорт — құрамында отыз екіден отыз бес процентке шекті құнары бар аралық кен... Бұл екі сорт жер бетіне ете жақын орналасқан, шамалы ғана аршу жасап, ашық қазаншұңқыр әдісімен алуға болады.

— Бұлардың әрқайсының ара салмағы қаншадан? — деп геологтың сөзін бөлді шыдамсызданған мамандардың бірі.

— Кем дегенде екі жұз, уш жұз мың тонна. Оларды тек төрт-бес төбеден алу керек.— Бұл мәлімдемеге таңданыс білдіріп бас шайқаған мамандарда Иосиф Николаевичтің жұмысы болған жок, сөзін одан әрі жалғады.— Үшінші сорт — марганецтің шығымы жиырма сегіз бен отыз екінің аралығындағы кендер. Бұлар негізінен төменде және кенниң негізгі қоры. Тегінде, оны рудник салып, шахты әдісімен алған тиімді. Қымбат болғанмен басқа шара жок... Төртінші сорт — жиырма сегіз проценттен төменгі «кедей» кендер, олар да аз емес, біздің қазіргі жорамалымыз бойынша, ондаған миллион тонна. Бірақ оны әлі де барлауымыз керек, тек соған қара metallurgия наркоматы қаражат беретін болса...

— Оралда біздің қандай құнармен әуре болып жүргенімізді сіз білесіз бе?— деп тағы да сезге араласты әлгі маман, сол қылышымен-ақ Жезді қазынасына қатты қызығып тұрғанын сездіріп алды.

— Жок, біздің билетініміз — Жездінің қаратасы ғана!— деді барлаушылар бастығы Штифандов.

— Білмесеңіз, бері қараңыз!— Магнитогор металлургі жайраңдай құліп геологтарға жақындай тұсті.— Біздің комбинат соғысқа дейін де марганеці он жеті проценттен жоғары қоспа алып көрген емес, ал қазір Аққарға кенішінің он екі проценттік шала рудасын беріп, шынтуайтын айтқанда, марганец шыланған топырақпен жемдеп, пештердің отқа төзімді қаптауын құртуға шаққалып діңкелеп жүрміз. Ал сіздер мұнда жиырма сегіз проценттен теменгінің бәрі «кедей» деп, ғапу етіңіздер, танауларыңызды шүйіріп, иә, тертінші сортқа шығарып, тіпті керексіз етіп тұрыздар. О, жок, қадірлі жолдастар, бізге қаншалықты қымбат қазына сыйлап тұрғандарыңызды сіздер әлі түсінбейді екенсіздер. Жездінің қоспасын бердік пе, біздің пештер бірден дүниежүзілік рекорд қояды!.. Мениң ұсынысым: бұл жердің кенін Магнитогорге тезірек жеткізу және оны сортқа бөлгенді қойып, түп-түгел тақырлап алу!

— Жезді браунитінің күкірт пен фосфордан таза екенін білесіз бе?— деп геологтар да металлургі тақымдай тұсті.

— Оны естідім. Пештерге майдай жағады деп тұрғаным да сол емес пе. Фосфор — футеровканың (отқа төзімді қаптау) соры, ал күкірт процесті тежейді. Жок, жолдастар, мұндай ғажап байлықты дау-шарға салып, жер астында тығып ұстағысы келген мамандарды мен түсінбеймін...

...Жер жағдайымен танысып, кен төбелерді көріп, барлаушы мамандар пікірін жан-жақты саралаудан соң наркомат комиссиясы Жезді қазынасын алушы екі кезеңге бөліп жүзеге асыруға жоба әзірледі: ең алдымен жер бетіне жақын жатқан кенді ашық қазаншұңқыр әдісімен алу — бұған ертеңен бастап кірісу қажет; шикізат одан әрі автомобиль транспортымен Жезқазған стансанына жеткізілуге тиіс... Екінші кезекте төменгі қабаттағы кенді шахты салып, іргелі құрылым жүргізу арқылы қазу, бұған да жедел кірісіп, үрдіс қарқынмен істеледі; сонымен бірге қырық бес шақырымдық темір жол тарту да... Кен женелту ГКО белгілелеген қырық күнде басталады, ал іргелі құрылыштарды алты ай мерзімде аяқтау шарт!

Мамырдың төртінші жаңасында Жезді жағасына құрылышылардың алғашқы легі келді: олардың дені — Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан Еңбек армиясына шакырылған жергілікті тұрғындар болатын; екі лагерь әскери тұтқындар; олардың біреуі — украин ұлтшылдарының нөміс-фашист басқыншыларына сатылған-мыс деген атағы бар «бендеровшылдар» еді; ұсақ-түйек қылмысы үшін міндепті еңбекке кесілгендер де бар-ды — олар құзетсіз жүріп-тұрып, шаруашылық және тасымал жұмыстарын атқарған; Кривой Рог пен Липец кеніштерінде темір, марганец кендерін қазған көнігі кеншілер, техниктер және бір топ инженерлер де жедеғабыл жеткізіліп, дереу іске кірісken...

Қысқасы, уақыт енді Жезді үшін жұмыс істей бастаған. Қара металлургия наркоматы да, Қазақстан үкіметі де, Қарағанды облысының, Жезқазған қала шығының, Қарсақбай ауданының партия-кеңес қызметкерлері езге жұмыстарын қоя тұрып, барлық ынта-жігерін, құш-қуатын айдаладағы асы құрылышқа жұмсаған. Бөр-бөрінің ту сыртында, әрине, Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің өкілетті бақылаушысы дікілдеп отырған.

Кен басқармасының директорлығына бұрын Никопольде істеген инженер Н. Ф. Михайллов тағайындалды.

Сейтіп, жатаған жоталар қоршауында санғасыр үнсіз мүлгіген шағын аңғар бір-ақ күнде ара ұсындаған құжынаған қарбаласқа тап болған: күн-түн тарсылдаған бұрғылау станоктарының дұрсілінде дамыл жок; қазу бірнеше тәбеде қат-қабат жүруде — солардан бос жыныс тасыған машиналардың гүжілі құлақ тұндырғандай; кей мезгіл соның бәрі жым-жырттына қалады да, табан астың зор жарылыс дүмпүінен солқ етіп, іле-шала у-шу, ығы-ығы жанталас қайта басталады... Апандарды жыныстан аршу күндіз ғана емес, түнде де тоқтамайды — ай жарығымен, көбіне автомобилдер фарымен жүреді. Электр нұры әлі жете қойған жок, бірақ станса үйінің іргесі қаланып жатыр. Тау-кен жұмыстарымен қатар Үлкен Жезді жағасында, Нарсайда тұрғын жай құрылыштары басталған. Жезқазғандағыдай кең толғап жобамен салған іргелі үйлер емес, уақытша баспана — бәрі де жер барактар, кепшілігі тікенек сыммен қоршалған...

Мамырдың орта шенінде ГКО-ның фондымен берілген екі жұз жүк машинасы келген-ди, соңынан тағы бір жұз. Оларды күні-түні жүргізу үшін кем дегенде алты жұз шофер керек. Және өртең иә бір айдан соң емес — тап бүгін! Ұлытау елі Жезді үшін қажет десе мұнан да көп адам шығара алады. Бірақ үш жұз автомобильдің рулін ұстауға?.. Бүкіл ауданнан қолға қалам алып тізімдегендеге, жиырма шакты ғана кәсіби жүргізуші табылды. Отыз қаралы жүргізушіні Қарағанды мен Балқаш жіберді.

Не істеу керек? Кен тасын стансаға қалайша тасымалдайды? Қарсақбай аудандық партия комитеті шартарапқа «Барлықтарың да — марганец казуға!», «Отан бізге Жезді қазынасын тездептіп алуды міндеп қылды!», «Майданда жүрген ерлеріңді, әкелеріңді, үлдарыңды оқ етпейтін құрыш сауыт қорғасын десендер — ав-

томобиль жүргізуді үйреніндер!», «Жезді кенінсіз танк жасалмайды!» деген ұран тастайды. Мектеп мұғалімдері, жоғарғы сыныпта оқитын ересек жасеспірімдер (қыздар да) окуын, колхозшылар мен үй шаруасындағы әйелдер қауырт жұмыстарын тастап, Жезді жағасына келеді. Қысқасы, жүк автомобильдерінің рулін ұстауға қарымы жеткені, тормозды басуға аяғы ілінген үлкен-кішінің бәрі де екі-үш күнде машина жүргізуге машықтанып жұмысқа шығады, техника кілтипланын үйренуге уақыт жоқ!.. Он-он бес автомобильден бір колонна үйымдасады, оның бастиры — тәжірибелі жүргізуі, көш басында өзі жүреді; сонында — көмекшісі. Күнделікті жөндеу, машинаның күтімі, жағар май, су құю, әр қылыш қолғабыс — осы екеуінің мойнында. Әрине, жетіскеннен ойлап тапқан амал емес, төтенше қыншылықтан қиялап шығудың жолы.

Маусымның бастапқы күндерінде кеңіш дирекциясы тағы да көмек сұрап жар салуға мәжбүр болды: ГКО белгілеген мерзімге санаулы уақыт қалды, ал қазашшұңқырлар кен беруге дайын емес.

Темір жол салушылар, барак қалауда жүргендер, балташылар, үсталар өз жұмысын, тіпті бүкіл аудан кеңсе қызметін уақытша тоқтатып, жар басына келеді. Ешкімнің де бас тартуға хаяқысы жоқ: таң қараңғылығынан күн батқанға дейін, сұлдері құрып құлағанша тас тиеге, апанды бос жыныстан аршуға тұрады; үйқыға — тәрт сағат, ас ішүге — жарым сағат; өзге уақыттың бәрі Жезді аңғарында өтуге тиіс... Күн — түнге, түн күнге ұласып, уақыт есебінен жұрт жаппай жаңылған қарбалас кезең еді бұл! Барлығының да жатса-тұрса ойлайтыны, тілеуі, күтетіні, түсінде көретіні — кен тәбелер астындағы зәру қазынаға жететін сәт сағаты. Бұл жайында жергілікті бір ақын сол күндерде:

Марганец деп тас құшып,  
Марганец деп ас ішіп —  
Тау қоларған біздің ел,  
Сауыт құйған біздің жер!—

деп жыр да шығарған, жұрт оны әуені екпінді әнге қосып, ауыр жұмыстан жан дегдіп, тыныс алған сағаттарда айтып та жүрген.

1942 жылдың маусым айының он екінші жаңасында, құрылыс басталғаннан бергі отыз сегізінші күнде Жезді Ферромарганецінің ең алғашқы ондаған, бірер аптадан соң жүзденген тоннасы Оралға жөнелтіле бастайды. Әлбетте, бастапқы кезде эшелон, ауыр құрама туралы сез етуге болмаған. Бірақ бір айдан соң оның да кезегі келген...

Қазылған кен алғашында Жезқазғанның Рудник поселкасындағы жүк стансасына автомобильмен жеткізілген. Бұл жерде екінші мәрте вагонға тиеліп, одан әрі әскери литер белгісі қойылып, яки куръерлік (жолаушылар поэзының жеделдетілген түрі) жылдамдықпен Магнитогор және Күшва қалаларындағы қара metallurgия алыптарына аттанады. Әрбір вагонның мерзімінде женелтілуін қадағалап станса басында наркоматтың лауазымды өкілі отыр. Оған Қорғаның комитетінің төтенше құқығы берілген...

Бір айдан соң жедел қарқынмен салынып жатқан Жезқазған-Жезді темір жолының әрбір бес-он шақырымы рельс төсөлген

сағаттан бастап пайдалануға берілетін қатаң тәртіп енгізілді: бұл болса кен тасыған автомобильдердің жолын қысқартып, уақыт қана емес, тонналап жағар май үнемдеуге (бұл да қатаң шекпен берілетін) жағдай жасады.

Ұлы Қазан революциясының жиырма бес жылдық мерекесі қарсаңында Жезді тұрғындары тау аңғарын басына көтере жар салған паровоз даусын естіді...

КСРО-ның құрметті теміржолшысы, еңбек ардагері, 110-санды яки Жезқазған-Жезді темір жолы құрылышының сол қаһарлы құндегі бастығы Петр Корнеевич Жуковскийдің куәлігіне қарағанда (В. Могильницкий, «На земле Сатпаева», Қарағанды, 1992, 51-б.), «Жезді стансасынан Рудникке тәулік сайын ә дегенде жарты вагон, бірер аптадан соң үш вагон, сонынан 15 вагон браунит жөнелтіліп отырған. Әр күн сайын Жезді кенішінің бастығы Николай Федорович Михайлов тұнгі сағат жиырмада жедел жының өткізіп, оған міндетті турде темір жол құрылышының бастығымен қоса байланыс бөлімшесінің жетекшісі Костяков және кеніштің бас инженері Айзик Абрамович Портнов шақырылады екен... Тұнгі сағат 21-де Михайловты Москва сұрап, жедел жынында отырғандар жым-жырт боп іштен тына қалғанда, естітіндері – Бас қолбасшы И. Сталиннің «Жолдас Михайлов, неше тонна жөнелттің?» деген сауалы. Кеніш директоры нақтылы тоннажды атайды. Қанағаттанған болса Қорғаныс комитетінің терағасы: «Менің алғысымды қарауыңыздағы адамдарға жеткізіңіз!» дейді, ал әлдақалай себеппен браунит мөлшері кеміп қалса: «Кім кінәлі, шара қолданыңыз...» деп сөзді кілт үзеді. Арғы мәселе айтпаса да түсінікті: кабинетте отырған наркомат өкілі олқылыққа кінәліні іздей бастайды...»

Металлургия өкілінің Жезді жағасында естірткен жорамалы расқа шықты: сапалы ферромарганецке қол жеткен соң-ақ Магнитогор комбинатының алып пештері прокат құюды күрт арттырып, рекордтық өнімге көшті. «Сайып келгенде бұл ҮЛКЕН ҰРЫСТА ЖЕҢІП ШЫҚҚАНҒА ТЕҢ зор табыс (даралап жазған біз – M. C.) болды. Сапалы прокат ендіруді жедел арттыруға жағдай туды. Мәселен, бір ғана Магнитогор комбинатын Жезді ферромарганецімен дер кезінде жабдықтау броньдық прокат беруді ҮШ ЕСЕ өсірді...» деп куәлік етеді, «Ұлы Отан соғысының тарихы» бұл жайында. Шынтуайтын айтқанда, Жеңіс күнін жақындағы түскен салмақты үлес емес пе бұл?! Бәлкім, жұз мындаған, миллиондаған кеңес жауынгерлерінің өмірін сақтап қалуға себепші болған ерлік?! (Мына бір статистикалық деректерге көніл ауда-рыңызы: Шығыс аудандардың марганец шикізатын өндірудегі үлесі 13,7 проценттен соғыс жылдарында 84,6 процентке дейін өскен. Мұның 70,9 процентін ТЕК ҚАНА ЖЕЗДІ КЕҢІШІ берген! Былайша айтқанда, Ұлытау қойынан алынған браунит кенінің көлемі Германияның Крупп зауыттарына Венгрия, Чехословакия, Румыния жеріндегі барлық марганец кеніштері сол жылдарда женелткен өнім мөлшерімен тең түскен... Тек қана 1993 жылы құпиялық шектелуден ада болған, сол себепті жарияланған Ресейдің Қор-

ғаныс министрлігінің анықтамасында 1941—1945 жылдар аралығында Көнеш Армиясы 109 100 танк және САУ (өзі жүретін зеңбірек кондышаралықтар) алғанын (тиісінше Германияға қараған өнеркәсіп 43500) нақты көрсетіпті, демек, осынау жойқын қарудың кем дегенде үштен екі бөлігін құрыш сауытпен қаптауға Жездінің қасиетті қаратасы қатысқан демекпіз...)

«Жезді деген кенсімакты тауыпты, нағылелтер!» деп Адольф Гитлердің тілін шайнаған кезі де сол. Тілін шайнамай қайтсін, орыстардың металлургия зауыттарын марганец кенінен біржола айырдым, топырақ қаптырдым, болат бронын картон еттім деп марайрап отырғанда, Орал металлургтері құрыш сауытты танктер мен «соғыс құдайы» зеңбіректер үшін арнаулы прокат шығаруды еселеп артырып жатса! Тағы да бір дерек (көпірте жазған он беттен, әдетте, бір ғана жанды дерек әсерлі болмақ!): 1942 жылы отандық өндірістер танк шығаруды екі жарым есе өсірген: демек, әрбір ОН ТАНКТІҢ ЖЕТЕУІНІҢ құрыш сауыты Жезді брау-нитінің көмегімен құйылған!..

Өнімділігі үш есе артқан металлургия пәштері ферромарганецті, әрине, былтырғыдан әлдеқайда көп сұраған. Бұл болса Жездіге бастапқыда тағайындалған 1943 жылдың жоспарын терт есе өсірген-ді. Былайша айтқанда, терт жұз мың тонна кен қағаз жүзінде ғана қазаншұңқыр деп аталған, ал шындығында асығыс казылған кәдімгі қазанауыз апан-шұңқырлардан жиырма-отыз метр жоғарыға шығару керек. Қандай техникамен? Соңсоң оны вагондарға жеткізу қажет. Бұл да қол күшімен атқарылатын өнімсіз де азапты жұмыс!.. Кен қазу бір емес, он шақты тәбеде бір мезгілде жүргізіледі. Кен тасын тиеуге құрылған бункер-эстакада біреу-ак, оның өзі алғашқы ашылған Батыс кеніштің іргесіне орнатылған. Саныулы да қуаты шағын транспортер ленталары оған жетпейді. Оның үстіне ашық далада, аяз өтінде жұмыс істеуге жарамсыз ленталар сағат сайын үзіледі, оларды шегелеп, жамап-жасқау да сор бейнет. Мұның бәрі бір сәрі, уақыт үзап, жұмыс көлемі зорайған сайын кентебелердің құнар, қуаты сүйильп барады. Демек, тәмендегі мол кенге тездетіп жету керек. Ондағы құнар геологтар кесеткендей жоғары болса жақсы. Ал сүйильп шықса?.. Байыту фабрикасын салуға тұра келеді. Бұл да зор машақат!..

Кеншілер едел-жедел салынған жер үй, шым барактарда тұрады. Баспаға аталғанымен бұлар кісі тұрғандай жайлы мекен емес тар, сыз, әрі қорадай сұық. Сол себептен де кісі өлімі кеп, әсіресе тұтқындар арасынан... Тамақ орталық асханадан беріледі. Оның да күш-қуаты, мөлшері шамалы — орта құрсақ, жүрек жалғаудың амалы... Соған қарамастан Жезді кеншілері тәуілігіне он-он екі сағат жұмыс істейді. Ал инженер-техниктерге, кеніш басшыларына кесулі мерзім жоқ. Уақыт мөлшерін олар кен алаңынан жөнелтілген вагондар есебімен жүргізеді: тәуіліктік норманы орындаудың екен жұмыс басындағы жерүйде бірер сағат демалуға

· Н. Фогельман, А. Гангнус. «Академик». «Знание — сила» журналы, 1973, № 2.

еріктісін, ал вагондар сап түзеп қарап тұрды ма — үйқы, дәмалыс, тамақ туралы ойлауға да хақың жоқ! Жиырма төрт сағат, кейде қырық сегіз сағат тынымсыз жүріп жұмыс істейсін. Иә, Жезді қойнынан алынып жатқан қаратастың Орал пештерінің жалынатқан тар көмейіне жеткенге дейінгі ұзак жолы осындай адам төзгісіз ауыр бейнет, шексіз тауқыметпен басталатын. Тегінде, бұған қаратастың болат прокатқа дарытатын беріктік қасиетіндей құрыш жігер, төзімі темірдей жанкешті адамдарғана шыдамақ...

Қырық екінші жылы осылай болды. Жезді хикаясына қатысқан әрбір инженер-техник, әрбір кенші оның азап-тауқыметін иғымен көтеріп, қаншама қын болса да шыдап бақты. Отан үшін не кешпейсін?!.. Қырық үшінші жылы да солай болмак, тіпті көрешек бейнетің төрт есе үлғаятын тәрізді. Бұған кім шыдайды, қалай төзеді! Жоспар сөзсіз орындалу үшін беріледі. Ал алда-жалда орынданай алмаса?..

Қысқасы, жаңа жылдың жоспары мәлім болған соң-ақ кеніш басшылары өзгеше әңгіме бастайды: «Бұл кеніш түү баста алты жүз тонна сапалы ферромарганец береді деп жобалаған-ды. Оның шерігін былтыр алдық, қалғанын осы жылдың алғашқы жартысында жөнелтеміз. Демек, онан арғы — бос бейнет болмақ, тырбанғанда аларымыз — көп еңбек тілейтін, өнімсіз де шашыранды кендер...» Бұдан шығатын тұжырым: Қырық үшінші жылдың жоспары нақтылы кенге емес, барлаушылардың қиялынан туған болжаулы қорға негізделген, сол себепті оны екі есе кеміту керек!.. Жезді материалдарын ТКЗ және ЦКЗ-ның бір емес, екі мәрте қарап, Алматыға емес, Свердловста да толық бекітпеуде кен басқарма-сының басты тірек, қарсы айттар айғағына айналады. Иә, сақ сарапшылар екінші жолы да барлау деректері жеткіліксіз деген же-леумен Жезді қорын қабылдамай қойған. Бұл аздай, осы кенде барлаушы геолог И. Н. Богданчиков алғашқы жылғы шағын барлауда қателесіп, асығыс қорытынды жасағанын мойындал отыр: оның пікірінше, кен қабатының негізгі қоры — өзен арнасының астында, яғни шығыс қанатта екен. Ал бір жыл бұрын ол қарсы бағытты, батыс қолатты нұсқаған. Қазатын техника мен тиесу жабдықтары, қатынас жолдары сол жерде, тіпті үлкен бункер-эстакада да батыс кеніште орнаған. Соларды енді өнім бере жүріп шығыс қанатқа ауыстыру қажет. Оп-оңай орындалмайтын, қыруар күш, уақыт тілейтін азапты жұмыс. Кеніш дирекциясы мұны да желеу еткен: «Бұл не тәлкек? Бір жылдан соң тағы бір білгіштің, кен жүлгесі теріскейде екен, қателестім демесіне кім кепіл? Барлауы шала кен неге қабылданған?...»

Ақпанның басында Жезді кенішінің бас геологы С. А. Горланов басқарма мүшелерінің тапсырмасымен Москваға аттанады. Оның портфелінде кен құнарының кенет сұйылғандығын дәлелдейтін «мықты» деректер бар: әлденеше апаннан марганецке «кедей» браунит кесектері теріп алынған; әрине, бұл — жоспар кеміту амалына сөзсіз иландыратын «жанды» айғақтар...

Жезді тағдыры сөйтіп тағы да дау-шарға душар болады. Мәлімденген кен онда бар ма, жоқ па? Бар болса, қанша? Жыл

өтпей жатып кеншілер кен қорының таусылғандығы жайында неліктен мәселе көтеріп отыр?

Кімге болсын бұл қолайлы әңгіме емес-ті. Әсіресе зәру шикізатқа енді ғана қолы жетіп, өнімді еңбекке құлшына кіріскен Магнитогор металлургтері үшін. Олар, әрине, сенімді шикізат базасын талап еткен. Ал Жезқазған барлаушылары үшін бұл — сот алдында бас қорғау ғана емес, абырой мен ар мәселесі!..

Әңгіме насырға шауып, ақыр аяғында Сәтбаевты табады. Кім-кім, мыс барлап жайымен жүрген геологтарды осы іске зорлап жеккен, бар беделін салып, жоғары орындарды сендірген де — сол. Ендеше, жауап бере біл!

Наурыздың орта шенінде кенорның түбегейлеп зерттеуші Богданчиковты Алматыға шақыртады: ең жөні Жездіге өзі барып, кен жүлгелерін кезімен көріп, дұдамал қабаттарды қайыра тексертіп, шындалп шүқшиғаны жақсы-ак еді, оған бір басындағы ондаған міндет, құн сайын туындалп жатқан қыруар істер мүмкіндік бермеген...

Өйткені оңға шықты. Жұмыс кабинетінің төріндегі оңаша бөлмеге емін-еркін жайғасқан Жезді геологы бақылауында отырып, екі айға жуық мөлшерде кенорның есебін дайын қылды. Ақылшысы дұрыс болса, мінезінің қыбын тауып жұмсай білсе — Богданчиков қамшы салдырмайтын іскер адам, тек бағыт-бағдарын ондалп отыр, геологияның небір шытырман жыңғылынан да ол жол тауып шығуға қиналмайды... Бұл жолы да солай болды, сонау қатерлі 41-жылдың жазынан бері жүрген тынымсыз барлаудың нәтижесін қортындылап, барды екшеп, бұргы ұшы жетпеген теренжді болжамдап отырып жүйелі есеп-қисап жүргізді. Былтырғы сапарда Сейфуллин пен Пастухов осы кабинетте отырып, оймен долбарлаған кен қорын кем дегенде төрт есе өсірді. Екі жылдық асығыс барлау үшін бұл тамаша нәтиже.

Ақыры есеп біткен күні екі геолог барлау материалдарын алдарына жайып қойып, өзара ой түйген-ди.

— Меніңше, Иоске, мұндай іргелі кенорны үшін кіммен болса тайсалмай айтысуға болады. Рақмет, достым! Өте-мөтө көп жұмыс бітіріпсің, барлауды үрдіс қана емес, сауатты жүргізгенсің. Тіпті түү баста назарды батысқа аударып қателескеніңді де заңды құбылыс деп білемін... Қысқасы, Жезді қойында қисапсыз қазына жатыр. Барлау қарқының таяудағы бес-он жылда бір мысқал кемітүге болмайды, мұның берері, тегінде, әлі алда. Қорытынды белікке тұра солай деп жазу керек! — деген-ді нәтижеге сүйсінген Қаныш Имантайұлы.— Иә, иә, шынайы сырын кенорны енді-енді аша бастаған. Көрдің бе, теренге барлауды терістік-шығыс қанатқа, өзеннің табан астына көлбей батыл түрде өрістету керек. Тек қана теренге, көрерсің ол жерден біз әлі ондаған миллион тонна қаратас табамыз!..

Богданчиков әдеттегідей сөз жарыстырып ұстазының мақтасына еліккен жоқ, тек жымың-жымың етіп біржосын арқаланып отырды.

Оқиғаның бұдан арғы өрістегін Қ. И. Сәтбаевтың Қарсақбай-ға 1943 жылдың 12 мамыр күні С. Ш. Сейфуллин мен В. И. Штифа-

новқа жолдаған хатынан да («Жажда познать Джезказган не ослабевает», Сәтбаевтар отбасының хаттары, Жезқазған облыстық архивінің жариялаған басылымы, 1990, 13-б.) аңғарамыз: «...И. Богданчиков Жездінің материалдарын ВКЗ-ға дайындал болды. Кенінің қоры көңілдегідей қомақты — барлық категориялар бойынша 4 миллион тонна шамасында, әсіреле терістік-шығыс қанатқа көшкен кен қабаты ете жақсы нәтиже керсетті. ВКЗ-ның өкілдері әлі Алматыға келген жоқ, егер кешігетіндей болса И. Н.-ты өздеріңе қайтарамын... Материалдың дайындалуы өте жақсы...»

...Бүкілодактық қор комиссиясының Жезді қазынасын қарастыра арналған төтенше мәжілісі Алматыда 1943 жылдың 15 маусым күні өткен. Оны өткізуге комиссияның сол кездегі тәрағасы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор П. М. Татарниковтың өзі келген-ді. Бұл жолғы талқыға Алматының маңдай алды ғалым-геологтарымен бірге жер-жерден арнайы шақырылған марганец кендерінің ірі мамандары — геолог-ғалым П. М. Каниболовцкий, профессор А. Г. Бетехтин сияқты білімпаздар, барлығы отыз төрт адам қатысқан.

Талқылауға екі түрлі есептеме түскен-ді.

Оның бірін Қазақ геология басқармасы орындаған. Бұл туралы инженер Е. А. Немов баяндайды. Әмбебол Жезді кен басқармасының мүддесін қорғаушы.

Екінші есептемені «Казцветметразведка» тресіне қарайтын Жезқазған барлау конторасы өзірлеген. Баяндамашы — геолог И. Н. Богданчиков. Ал Жездін алғаш мәлімдеген геолог Қ. И. Сәтбаев — аралық төрешілердің бірі...

Комиссия талқысына екі түрлі әдіспен жасалған қор есебі ұсынылған. Бір ғажабы, екеуі де Богданчиков тобы жүргізген деректерге негізделген. Яғни ойдан қосып, иә жоқтан бар жасады деуге келмейді. Бірак есептеу нәтижелері — екі түрлі және бір-бірінен жер мен көктей алшак. Бірі бойынша, Жездіде брауниттің талай жыл қазсан да азаймас қоры бар. Екіншісі бойынша, сол қор келесі айларда таусылады...

Баяндамашылар бірін-бірі аяр емес, шартта-шұрт дауға түсіп, өз тұжырымдарының ғылыми дәйекті екендігін әрқайсысы өзінше дәлелдеп бақсан. Ұмыра төрелікке ешқайсы да көнбейді. Бірінән жоқ, екіншісіне бар деу қажет.

Екі қүнге созылған талқыдан соң, ВКЗ мәжілісі Жезқазған геологтары ұсынған есепті бекітті. Рас, кейбір фактілер дүдәмал санаудың, есептелген қордың бірер миллион тоннасы екінші, үшінші категориялық кенге ауысты. Соның өзінде кеншілердің қазуына ұсынылған өндірістік қор — уш миллион тоннадан астам. Ең бастысы, Богданчиков тобы алдағы жылдарда да бұл жерде түбегейлі барлау жүргізуге рұқсат алды. Сарапшылар актісінде бұл жайында: «...барлау қарқыны молайған сайын кен көлемі үлғая береді» дедінген.

Осымен Жезді дауы біткен сияқты еді. Бірақ олай болмады. Әр айдың өндірістік тапсырмасын әупірімдеп әрен-әрен орындаған келе жатқан кениш дирекциясы «құнары сүйылған Жезді» жайын-

дағы қорғаныш лақаптан бас тартқан жоқ. Сондағы мақсаты — келесі тоқсанның, ең құрғанда келер жылдың жоспарын қайткен күнде кемірек алу. Әмбे Чиатура марганеціне жол ашылып, Украинаның оңтүстігінің жаудан босауына жағдай туды. Демек, құрышты сауытқа айналдыратын қоспаға ділгірлік бұрынғыдай қат болудан қалған жағдайда... Алайда үкімет басындағылар мұлдем басқа пікірде болған, әрине, олар ешкімнің көңіл-күйтімен, же леу-себебімен санаспаған, браунитке сұранысты бір мысқал да кемітпей, қайта былтырғыдан да ұлғайтуды ойлаған...

1943 жылы, күзге салым Қ. И. Сәтбаевты қара metallurgия наркомы Москваға шақырады.

— Қалай ойлайсыз, Жезді кеніші келесі жылы да биылғыдай мөлшерде ферромарганец бере ала ма? Ештеңеден қауіптенбей маған мәселеңің анығын айтыңыз,— дейді Тевосян бірден тұра сөзге көшіп.— Бұл кенорның сіздің адамдардың асығыс барлағының білеміз. Қателесті деп кінә қоюға болмайды...

— Бұл сұрағыңызға бүкпесіз жауап беру үшін бұдан бір жыл бұрын ойлануға мұрсат сұрап едім. Ал қазір, жолдас нарком, сұрағыңызға сұрақпен жауап берейін. Келесі жылы сізге Жездіден қанша шикізат керек? Екі, әлде үш миллион тонна?.. Бәлкім, бес миллион? Қысқасы, қанша керек болса, сонша аласыз!

— Қаныш Имантаевич, мұныңыз ғажап болды, шексіз рақмет! Демек, Орал ғана емес, Кузнецк комбинатына да Жездіден кен беруге болады десеңізші... Иә, иә, олар да қазір сапалы марганецке аса ділгір. Сонымен, шұбасіз сену керек пе?

— Иван Федорович, сеніңіз! Тіпті басымды тігіп айтайын: Жездінің қоры сіз бен менің ғұмырыма толық жетеді! Одан арғысын барлау көрсетеді...

— Бәрекелді, сөз-ак! Мен сізге сенемін. Сөйтсе де ондағы жүрттың, іә оның ішінде кенші-геолог әріптерінің де бар, бұл кенорны туралы әрқылы өсек таратып, дүрлігіп жүргені неліктен?

— Ең алдымен геолог әріптерім жайлы бірер сөз,— деді Сәтбаев темен қарап.— Жасырып керегі не, кейбір жолдастардың Жезді құпиясының байыбына баруға ой-ерісі қысқа, тым келте ойлады, сөйтеп тұра білгішсініп бағады... Ежелгі қулық — кәсіби шорқақтығын, ақыл-ой жұтандығын неше алуан формула, теориялармен бүркемелеп, тіпті кеп алдында байбалам салып, мемлекет мұддесін ойлаушы, іскер маман болып көрінү...

— Олар да адам емес пе, аясаңыз етті,— деп мырс етті нарком.

— Иә, иә, дұрыс айтасыз, Иван Федорович, олар да адам. Және атақ-беделі бар, лауазымды адамдар. Соңсоң да, өздерін құдай көрген ондай мамандармен айтысу біз сықылды шалғайда жүрген геологияларға өте-мөте қымбатқа түседі. Жүйкемізді құртып, қаншама уақыт, күш-қуат сарп етеміз!.. Ал Жезді кеншілерінің арызданатын себебіне келсем?.. Оларға ренжіп, тіпті өкпе айтудың өзі қыын. Қуаң далаға кездейсоқ тап болып, адам тәзгісіз қыын жағдайда жұмыс істеп жүр. Жұмыскер қолы жетіспейді, техника жоқтың қасы, тұрмыс жайын, демалыс туралы ойлауға мұрша жоқ... Өндіріс болса — өл-тіріл, шикізат бер деп дікілдеп тұр! Сон-

соң не істейсің? Суға батқан тал қармайды дегендей, әртүрлі өсек-аяңға елігіп, сәтсіздігіне желеу іздеу керек... Оның устіне алғашқы жылмен салыстырғанда, Жездінің кені қазір қынға түсетін болды. Устіндегі қаймақ кен — бай қабаттар таусылды, оны енді ту тереңнен, кеп еңбек жұмсап, тер төгіп алуға тура келеді.

— Сонымен, не істе дейсіз?

— Кол ұшын беріп, ас-суын оңдап, техникамен, адамдармен қамтамасыз ету қажет. Мениңше, Жездіге беделді мамандардан арнайы бригада жіберіп, кеңіш басшыларын ғана емес, бүкіл кеншілер ұжымын өздері атқарып отырған істің мән-жайына түсіндіріп, тапсырманың нақтылы жоспар екеніне кәміл сендеру керек. Әрине, бұл жақтан ресми бүйрық жаудырып, қатаң жазалап та жоспар орындауға болады. Бірақ соны, жолдас нарком, ақылмен түсіндіріп, кеншілердің өз еркіне жүгініп жасаған да жөн-ау...

— Мұныңыз ойланатын сөз, Қаныш Имантаевич, тегінде, біз солай істерміз.

### 3

Главрудада басқармасының орынбасары С. П. Бирман бастаған наркомат бригадасы Жездіге осы әңгімeden соң келген-ді. Қазақстаннан оған Сәтбаев пен Штифандов қатысады.

Ұлытау алқабының қыраулы қыс құшағына енген кезі. Мұлгінен ақ дала, таптауырын жолдан бір қадам сыртқары шықсан, қар омбылайсын. Жаз күндерінде шұбырған машиналар легінен, жер қазған халық нөпірінен базар алаңына ұқсаған кен төбелері де алып үйқыға енгендей салғырт күйге ауысқан. Шындығында, бұл алдамшы керініс-ті, қызу еңбек жер астына, құрдым тереңге ойысқан.

Наркомат бригадасы Жездіде бірнеше күн болады. Кеңіш дирекциясының, оның геологиялық белімнің барлық талап-тілектерін зейінмен тындалап, тіпті солар ұқсаған участоктарда қосымша тексерулер жасайды. Богданчиков тобының соңғы барлау нәтижелері де назарларынан қақас қалған жок... Ақыры, кеншілер мен геологтар қортынды мәжіліске шақырылған-ды...

Жезді архивінде сол күнгі техникалық мәжілістің келемді стеноGRAMMASы сақталған. Міне, соның тұжырымдаған пікірі: «...бұдан былай Жездіде кеннің бар-жоғы жайында ешқандай күмән тұмасын, бұл — сәтті барлаумен біржола шешілген іс; мұндағы марганец қоры осы қарқынмен жұмыс істегендеге ондаған жылға сөз айтпайды; кеннің негізгі көлемі — тереңде және барлаушы геологтар кейіннен ұқсаған терістік-шығыс қанатта; таяу күндердің басты мақсаты — браунитті көтеп алуға дайындық жасау; себебі 1944 жылы жоспар тағы да өседі; Кузнецк комбинаты да марганец шикізатын осы жерден алады; соған орай Жезді кенішіне қосымша берілетін техника жабдықтары және жұмысшы

күші бірнеше есе артады; ең соңында,— деп атап көрсетілген-ді бүгінде архив құжаты бол қалған, жол арасына саңылау қалдырымай жиі басылған, көлемі 22 бет ескі хаттамада,— кен ендіруді большөвикше ұтымды ұйымдастырып, кеншілер ұжымын қарқынды еңбекке жұмылдыру орнына дәлелсіз желеу іздеп, өнбес дау ұйымдастырған кениш басшылары Михайлов, Горланов, Курсанцев, Писанко... жолдастардың әрекеті... ешқандай ақтауға болмайтын жарамсыз қылыш! Бұл жолдастар өз кінәларын толық мойыннадады. Олардан енді жемісті еңбек құтеміз. Ал өз сөздерінде тұрмаған жағдайда... майдан талабына сай қатаң шара қолданындығы ескертіледі».

(Әділін айту керек, «Еркектің шалбарын киіп жүргөн соң ереккеше еңбек ету қажет! (К. И. Сәтбаевтың сөзі, мәжіліс хаттамасынан алынды — М. С.) Кривой Рог мамандары сөздерінде тұрды. Туған жері жау қолынан босағанша Жездіде еңбек жасап, Отан ендірістерін қымбат шикізатпен қажетінше қамтамасыз етті. Тек бір ғана маман, кеніштің бас геологы С. А. Горланов қана өзінің моральдық күйрегеніне, сірә, тезе алмаған, дегреу майданға сұранып арыз берген.)

Сол күнгі мәжіліске Жезді кенішінің участок бастығы, жас инженер Әбдірахман Тоқтыбаев та қатысқан-ды. Мәжіліс бітіп, жүрттарай бастағанда, Қаныш Имантайұлы кенші инженерді қасына шақырады да:

— Әбе,— дейді Сәтбаев езінен үлкенді ғана емес, кішілерді де естіп сыпайы атайтын ежелгі әдетімен Тоқтыбаевқа қадала қарап,— Жездінің келешек тағдырынан хабардар бола жүрсін деп сізді мәжіліске шақыртқан мен едім. Әлденеше сағат қырық пышак болған дауымызға қатыспай, артқы орындықта тып-тыныш отырғаныңыз қалай? Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, сол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Мұныңыз не?

Табиғатында момын, қақ-соқпен жұмысы жоқ Әбдірахман қызарактап тәмен қарайды. Кінәсін біліп, қапелімде не айтарын білмей үялғып тұрғаны анық.

— Жә, бұл әңгімeden ештеңе аңғара алдыңыз ба?— деп В. И. Штифанов та сөз қосты.

— Москвалық мамандар болмаса, әсіресе Бирман пен профессор Каниболовский жолдастар қатыспаса, білмеймін, Жездінің жаназасын шығара жаздадық білем...

— Иә, кениш басшылары біздің даланың сырын білмейді, оларға кінә жоқ, ал осында туып-өскен сендердікі не?— деді Қаныш Имантайұлы ойланып отырып.— Жә, сізге осының бәрін не үшін айтып отырмын. Әңгіменің түп теркінін сездіңіз бе, Әбе?..

— Сезгенде қандай! Бірақ соған тәжірибе жетпей, ойлаған жерінізден шыға алмай қалсам — үят болады-ғой...

Қазак кен-металлургия институтын Әбдірахман Тоқтыбаев соғыс басталған жылы тәмамдаған. Бұған дейн Қарсақбайдың ФЗУ-ын бітіріп, бірер жыл шахтыда істеп, ақыры Қанекеңнің ақылымен институтқа жолдама алып, Алматыға аттанған. Ин-

ститутты бітірген соң екі жылдай Қырғызстанда, сирек металл шикізатын өндіретін шағын кеңіштө инженер болып істеді. Биыл күзде ол Қаныш Имантайұлынан хат алған: туған жерінде марганаң кең ашылғанын, тілесе сол жерде де еңбек етуге болатынын есіне салыпты... Енді, міне, емірге жол нұқсауыш ұстазым деп жүрген қадірменді кісі келешекті мензеп келөлі сез бастап отыр. Салған жерден не дейді?

— Басшылық тәжірибелі кемдеу екені рас. Бірақ емірден көрген-білгенінді ескерсөн, Әбе, жас та емессің. Тегінде, сендей сақа жігіттерге кішірейе берген де жараспайды. Солай ма, жолдастар?— деп Сәтбаев қасында үнсіз тұрған жезқазғандық геологтарға құле қарады.— Қысқасы, Әбе, бұл кеңнің билігін қолыңа біржола алуға әзірленгенің жөн. Жезді — сенің туған жерің. Туған жердің қаратасын мақтан ете білмеген азамат, бөгде жердің алтын тасын да малта демек. Ал мынау — браунит кеңі, көріп отырың, алтыннан да қымбат қазына болып тұр бүгінде. Демек, оның тағдырына сендей атпал азаматтар ие болу керек!..

\* \* \*

... 1967 жылдың 12 маусым күні Жезді кеңіші өнім бере бастағанына ширек ғасыр толған мерекесін атап өтті. Салтанатты жынының алғашқы сезін кең басқармасының байырғы директоры Әбдірахман Тоқтыбаев бастаған:

— Өзінің жыныма бес жасқа шыққан мүшел тойына Жезді кеңіші ондаған миллион тонна сапалы ферромарганец өндірумен келіп отыр. Қайталап айтамын, жолдастар, ондаған миллион тонна! Біздің үжым үшін бұл — соңғы шек емес, алдағы жылдарда шұғылданар өндірістік кең көлемді жұмыстарымыздың бастамасы ғана... Бүгінгі мерейлі кеште мен Жезді тағдырына тікелей қатысты болған екі адамның есімін ерекше атағым келеді: олар — Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Иван Федорович Тевосян!.. Ұлы Отан тағдыры ұрыс майданындағы аумалы-төкпелі шайқастарда шешіліп жатқан қатерлі құндерде бұл екі адам қазақ даласының түу қырындағы елеусіз қазынаны көп маманнан бұрынның және көрегендікпен болжап білді. Білді де, қауіпке бастарын тігіп, стратегиялық қымбат кеңнің тұсауын кесті. Міне, соның дәлелі: іргелі де үлken Жезді ауданында орталығымыз, сән-салтанаты өзіне жарасқан көп-көрім қаламыз бар, темір жолы, машина жолы, байыту фабрикасы, кең қоймасы, жер астында шахтысы сай аумақты өндіріске иеміз... Бір кезде маған Қаныш Имантайұлы: «Әбе, бұл кеңіште ата сақалың аузыңа түсіп шал болғанша еңбек етесің!..» деген еді. Шынында да солай болды: сақал-мұрты ағарған кексе атандық, немере сүйіп ата болды; ал кеңіште Жезді тұрғындарының екінші үрпағы жұмыс істей бастады...

Содан беріде зымырап тағы да отыз жылдан астам уақыт өтті. Өздерін білгір санаған сарапшылар мен шеттеп келген кеңіші маңандар бірер жылда тақа бітеді дескен Жездінің қаратасын жергілікті жүрттyn төртінші, бесінші үрпағы қазып, өмірлік кәсіп жасап отыр. Соған да, міне, аттай алпыс жыл болды...

Осы ретте Қаныш Имантайұлы айтты дейтін, Ұлытау тұрғындары жиі қайталайтын нақыл сөз еске түседі: «Бұл жаққа тап болған адам алғашқы кезде шеткергі қиянға келіп қалған соң қалай, қайтіп кетемін, бір жыл істейін деп ойлады; екінші жылда қой тағы бір жылға қалайын дейді, ал үшінші жылы — жоқ, енді бұл өнірден қусаң да кетпеймін деген шешімін өзі айтады...»

Жездінің жерасты қазынасын ақтаруға шақырған мамандары да солай істеген сынды. Әбдірахман Тоқтыбаев осында отыз жылдан астам кен басқармасына жетекшілік өтіп, зейнеттік демалысқа шықса; бала күнінде батасын беріп, оқуға түсүіне шапағаты тиген кен инженері Әшім Сарынов нақ осы кеніште көп жыл инженер, бас инженер болып істеп, соңынан ұзак жылдар Әбенди ауыстырған; ал кеңіш қазынасын түбебейлі зерттеуші геолог И. Н. Богданчиков геология белімінде табан аудармай қырық бес жыл еңбек жасап, жасы сексенге тақағанда ғана Жезқазғанға кешкен...

Қысқасы, бұл жөнінен де Қанекен қателеспеген, ұлылығын танытқан деуге сыйды.

## АЛДЫҢҒЫЛАРДЫҢ ІЗІМЕН

### 1

Қазақстан атырабындағы ең алғашқы ғылыми мекемелер негізі Ресейдің императорлық география қоғамының бөлім іә бөлімшелері түрінде өткен ғасырдың 90-жылдарында Омбы, Орынбор, Семей, Ташкент, соңынан Верный (қазіргі Алматы) қалаларында шаңырақ көтерген. Қызметкерлері шағын болғандығына қарамастан олар қазақ даласының табиғаты мен тарихын зерттеуде жүйелі ізденістер атқарыпты, кейбірі журнал, жылдық есептері жинақталған кітаптар шығарыпты.

Әсілі, қазақ иелігіндегі ұлан-ғайыр жерді зерттеу бұларға дейін де әр жылдарда орталықтан аттандырылған ғылыми экспедициялар арқылы жүргізілгендігін ескерту қажет. Даланың шеткергі шебі болғандықтан ертерек салынып, әкімшілік орталық ретінде іргесін мықтап бекіткен Орынбор, Омбы қалалары экспедициялар жабдықталатын, нұсқау-бағдар алатын негізгі тұраққа айналған. Зерттеу нәтижелер де осында шығарылған. Соларды пайдаланып дала мен оны мекендеуші жүртты билеп-төстеуге арналған әкімшілік реформалар — 1822 жылғы «Сібір қазақтарын басқару Уставы» және 1868 жылғы облыстар мен уездер құру жөніндегі жаңа ережелердің негізі де осында жасалған. Сірә, біздің далаға шықкан ғылыми экспедициялардың ең қомақтысы және сегіз жыл үдайы жұмыс істеп, 13 том ғылыми еңбек қалдырығаны статистикалы Ф. А. Щербина басқарған үлкен топ болса керек. Өткен ғасырдың аяқ шенінде жұмыс істеген бұл экспедиция қазіргі Қазақстанның он облысы орналасқан Сарыарқа қырын қоныстанған

даланың жер-сүйн, малы мен жанын, олардың рулық-этникалық құрамын, егістікке, жайылымға жарамды жерлерін, қоныстану тарихын, шаруашылық жүйесін, тіпті ауыл-аймағын, қора-қопсы, қыстау үйі мен құдығына дейін түк қоймай санап, тарих үшін ұланасыр зор еңбек жасаған. Алайда оның да түп мақсаты, өздерінің ғылыми бағдарында ашық жазғандай, «... на возможность изъятия земельных излишков под переселенческие поселки» болып, бодан халықтың ең шұрайлы жер-сүйн тартып алып, оған Орталық Ресейден миллиондаған мұжықты қоныстандыру жүзеге асқаны тарихтан мәлім...

Рас, кейбір ғылыми ізденістер әдебиет нұсқаларын, фольклор мен этнографиялық мұрағаттар жинауға, археологиялық қазбалар жасауға, тіл зерттеу мәселелеріне арналған. Бастапқы экспедициялардай олар жүйелі жүргмесе де, ескі мәдениет үлгілерін жинап сақтауда едәуір көлемді, сүбелі істер атқарған.

Қазақ даласын геологиялық зерттеу тек қана XX ғасырда өрістеп, әсіресе 20-жылдан беріде ондаған есе үлғайып, әмбे жер-жерде жүрген. Нәк осы қарсанда Қазақстан өлкесін жанжақты зерттемек қоғам құрылып, оның физикалық, дәрігерлік және ағартушы-мәдени бөлімдері Орал, Орда, Қызылжар және Көкшетау қалаларында ашылып, олардың 112 мүшесі өздері мекендеген жерлердің табиғатын, жағрафиясын, этнографиялық ерекшелігі мен тарихын жүйелеуге кіріседі. Семейдегі географиялық қоғамның бұрынғы бөлімшесі де 1924 жылдан жұмыстық қайта бастап, оған ағайынды Н.Н. және А.Н. Белостводтар, Н.Я. Коншин және дін қызметкері Б. Герасимов мұрындық болып, қазақ зиялышарынан М.О. Өуезов, Ә.З. Сәтбаев, Ж.Шанин... сынды бір топ оқығандар белсene қатысқан. Бірақ солардың бәрінен де Орынборда орнықан Халық ағарту комиссариатының қарауындағы Академиялық орталықтың өте-мөте тындырымды, игі істер атқарғандығы даусыз: бұлар негізі жер-жерде көптеп ашылған қазақ мектептері үшін барлық пәндер бойынша оқулықтар жазуды үйімдастырып, ұлттық әліппе мен жазу жүйесін реттеуді қолға алған... Ғылыми мәні ерекше зор және барлық ілім салаларының өрістеуіне бастау бұлак, түп негіз сынды әсері болған бұл істің басы-қасында қазақтың сол күнде абырай-ары, бетке үстар ағартушысы атанған Ахмет Байтұрсынов, оның ізбасар серігі Міржақып Дулатов тұрғандығын, ал қолғанат көмекшілері ретінде Жүсінбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Әлімхан Ермеков... сияқты біртуар ұлы арыстары — дүлдүл акын, қаламы жүйрік жазушы, әдебиетшілері һәм кешбасшы ғалым-зиялышары жүргендігін қазірге ғана айта бастадық... Өлкенің жер-жерде қаз тұрған өндіріс ошақтары, қарам-көлемі едәуір өсken қалалары мен оқу орындары, ұлан-ғайыр шексіз даласы, жан-жануарлар дүниесі қисапсыз мол және әр алуан таулары, өзен-көлдері, қорықтық жерлері, ең аяғында әр түстен молдап ашылып жатқан қазба байлықтары, соларды жүйелі һәм тубегейлі зерттейтін ғылыми орталықты талап еткен. Тұрасын айтқанда, өмір жаңалықтары алға озып кетіп, ғылыми ізденіс солардан көш

кейін қалып қойған. Бұл жайт КСРО Ғылым академиясының 1932 жылғы ақпан айында еткен сессиясында айырықша сез болған.

Іле-ақ наурыздың 8-жүлдөзында Одақтық академияның Қазақстандағы базасы құрылады. Алғашқы екі-үш жылда онда небері екі бөлім — зоология және ботаника секторлары болған. Ботаниктер зерттеуді осы күнгі Алматы бағына көшет отырғызудан, зоологтар қазақ даласының жан-жануарлар дүниесін есепке алып, кітапқа тіркеуден бастайды.

Үш жылдан соң базаға тағы да екі бөлім — тарих пен геология секторлары қосылады. 1936 жылы қазақ тілі және Жамбыл Жабаев атындағы әдебиет пен халық шығармашылығы бөлімдері ашылып, ғылыми ізденіске деңгейде қояды.

Тегінде, ол сол жылы-ақ үлттүк мәдениетті зерттейтін Қазақстан ғылыми-зерттеу институты деп аталған...

Өсілі, біздегі ғылымның іргелі негіздері ауыл шаруашылығы және биология ілімдері саласында көбірек дамыған. Мысалы, Алматыда жеміс-жидек стансасы (1919), өсімдіктерді қорғаудың өлкелік ошағы (1924), Семей мен Оралда тыңайтқыштар мен то-пырақтың агротехникасы институттары (1926). Бұларға кейіннен Алматы, Балқаш және Риддер ботаника бақтары қосылған. 1933 жылы — мал шаруашылығы, келесі жылы дәнді дақылдар, ал тағы бір жылдан кейін Вильямс атындағы жер кәсібі, ветеринария және ауыл шаруашылығының экономикасы институттары шаңырақ көтерген. Олармен қатарлас республиканың әр жерінде Қарабалық, Орал, Шортанды және Жетісу сыңды ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары жұмыс істеген. Бұлардың бәрі ғылыми деңгейі жөнінен тез көтеріліп, 1940 жылы В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы Ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалын ашуға мүмкіндік туғызған.

Медицина ілімі жөнінен де Қазақстан өзі деңгейлес республикалардан кенже қала қойған жоқ-ты. Бұл саланың үрдіс көтерілуіне 1931 жылы Алматыда ашылған дәрігерлер институты ерекше дәнекер болғаны даусыз. 1932—1960 жылдар аралығында Қазақстанда әр түрлі дерпттерді емдел, себеп-салдарын зерттейтін 11 кәсіби институт ашылыпты, ал 1966 жылы республикада дәрігер мамандарын даярлайтын бақандай бес оқу орны жұмыс істеген...

Әлбетте, ғылыми сан-салалы ізденістердің үйтқысы, үйымдастырушысы һәм бас штабы болуға тиіс академияның қазақстандық базасы құрылғаннан беріде бірталай жұмыстардың басын қайырған. Ең бастысы ғылыми қызметкерлердің қарамы, олардың зерттеушілік деңгейі де алғашқы жылдарға қарағанда едәуір өсken. Тегінде, бұл өсу тіпті де жоғары, әрі сайдың тасындағы іріктелген, тәжірибе, таным, біліктілік деңгейі дараланған парасатты да сақа зерттеушілермен айрықша толықсан болар еді — егер өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. И. Голощекиннің тікелей нұсқауымен, оның устіндегі И. Сталин сынды «көсемдердің» солақай саясатының нәтижесінде 30-жылдардың басында қазақ оқығандарының ең таңдаулы, ең қайраткер

де айтулы білімпаздары түгелдей дерлік қамауға алышып, кейбірі атылып, дені туған елінен шалғай жерлерге аласталмаса?!. Шерменделердің алдыңғы легінде «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» тәрізді оқулықтар жазған, есімі қалың қазаққа мәшінр Жұсіпбек Аймауытов атылса, күллі халқымыздың сауатын ашқан ғұлама Ахмет Байтұрсынов, ез ұлтын үйқыдан оятқан ақын, әрі ұстаз Міржақып Дулатов, заңгер Жақып Ақбаев, т.б. ондаған, жүзденген саңлақтар Ақ теңіз жағасына жер аударылып, жаңа ғана қаз тұрып қанаттана бастаған ғылым ошақтарын, оқу орындарын жетімсірептіп, жарықта ұмтылған халқын да білім шырағынан ойсыратып, еркінен айрылып кете барған.

Әйтсе де құнарлы топыраққа түскен дәндей олар үрпағына қалдырып кеткен өнеге-ұлағат аз жылда өнім беріп, қайтадан қаулап есе бастағанды... атышулы 37-жылдың нәубеті келді. Жоғары математика оқулығын жазған профессор Ә. Ә. Ермеков, «Қазақ тарихын» тұнғыш рет ғылыми жүйелеген кәсіби дәрігер-профессор С. Аспандияров, мәдениет қайраткері Т. Жүргенов, Москвада 1923 жылдан бері «үй тұтқыны» бопандуда отырған Ә.Н. Бекейханов, шежіреші һәм теміржолшы, «Тұркситбі» салушы инженер М. Тынышбаев, Ақ теңізден кешіріммен оралған А. Байтұрсынов пен М. Жұмабаев, Текелі кенішін ашушы инженер-геолог М. Қадылбеков, небір «Жұзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» дерлік әдебиетші, тарихшы, ақын, өнер дүлдүлдері (айталық, Қ. Жұбанов, Ж. Шанин, С. Сейфуллин), ұлтымыздың мәдениетті зерттеушілерінің ішінде ғылыми-зерттеу институтында «жаяу» атанбаған қызыметкер қалмай, институттың өзі зерттеуші болмағандықтан жабылып, қайтадан секторға айналған. Мұндай жағдайды біздің жұрт ертеден-ақ жүген-құрығын қолына ұстап, жаяу қалған әлей жүтқа теңеген...

Алайда дарқан өмір женді. Жоспармен дамитын, ұжымдық шаруашылық жүйесіне кешіп, әрі индустримальды-экономикалық ара салмағы құрт өсken, шынтуайтын айтқанда, сол кездің өзінде Ресейдің сүбелі шикізат қоймасына айналған шалқар жері, қисапсыз қазына байлығы бар республикада жеңіл-желпі база ұстау қыыспайтын іске айналды. Әмбес шаруашылықтың, өндірістің түрлі саласын ашуға, дамытуға, тиімді жолмен жүргізуға қажет ғылыми ұснының зәрулік туды... Біздіңше, нақ осы жайт академия тәралқасын мұндағы тұрақты базаны филиал етіп (ҚазФАН), 1938 жылы қайта құруға себепші болған. Сол жылы оған тағы да екі бөлім – топырақ зерттейтін және география секторлары қосылған. Қарағандыда ботаникалық төртінші бақтың негізі қаланған.

Қ. И. Сәтбаев директорлықта шақырылған геологиялық ғылымдар институты ҚазФАН жүйесіндегі дербес отау тіккен тұнғыш зерттеу ошағы еді. Тарих, тіл және әдебиет ілімдері негізінде ізденіс жүргізбек екінші институт та сол жылы (1940) қайтадан ашылған-ды.

Филиалдың бұдан әрі есуі Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына Ұлы Отан соғысы қауырт жүктеген ерекше талап пен міндетке сай өрбіген. Қырық бірінші жылдың екінші жартысында тағы да екі институт үйімдасады; оның бірі — химия-металлургия, екіншісі — астрономия-физика институттары. Яғни соғыс басталған жылы ҚазФАН-да төрт ғылыми-зерттеу институты және алты сектор болған. Оларда үш ғылым докторы (оның біреуі қазақ), он төрт ғылым кандидаты (үшесінің жергілікті ұлттың екілі) және жұз қаралы ғылыми қызметкерлер жұмыс істеген... Былайша айтқанда, ғылыми ойдың орталығы деген дабыра атағы ғана, зер салып үңілсең — олқылығы көп, зерттеумен қамти алмай отырған өмір саласы, жете алмай жүрген ой-өрісі мол, шағын ғана ат төбеліндей іздеушілер тобы... Мұның да алдыңғы он жыл көлемінде жылан жалағандай етіп, екі мәрте сыптырған жойқын тазалаудың, яки жазалаудың салдары деп біліңіз. Яғни жаппай өртеңнің орнына сирек шыққан қадау кектей десек те рая! Демек, құлышына еңбектенуді тілеген іскер басшыға мұнда шұғылданар жұмыс аз емес-ті...

**Академик В. Г. Фесенковтың естелігінен\***: «...1941 жылдың 21 қыркүйегінде болған Құннің толық тұтылуын бақылау үшін Алматыға келген кеңес астрономдары ойда жоқта эвакуация дүрмегіне түсіп, бұрынғы жұмыс орындарына қайта алмай қалды. ҚазФилиалдың жігерлі жетекшілерінің, әсіресе Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қамқорлығының арқасында біз тап болған жағдайымыздың ауырлығын сезінгеніміз жоқ... Ақыры, осында басталған ғылыми жұмысты тоқтатпау ниетімен ҚазФАН жанынан астрономия және физика институтын ашуға ұсыныс жасадық. Бұл ойды Қ. И. Сәтбаев бірден қолдады. Қазақ КСР Қеннаркомы да оның ұсынысын мақұлдалап, қысқасы, ... қазан айында-ақ біздің институтты үйімдастыруға қаржы беруге қарап қабылдады. Іле-шала астрономиялық обсерватория ашып, онда жұмыс істейтін мамандарға тұрмыстық жағдай туғызу қамына кірістік. Институт басшылығына ҚазФилиалдың кеңесінен бір-ақ бөлме тиді, алайда ғылыми жұмысты көнілдегідей жүргізуге орын тарлығы бөгет болған жоқ. Әрбір жұма сайын ғылыми қызметкерлеріміз сол бөлмеде бас қосып, өз жұмыстары жайында есеп беретін, солардың қайсы бірін тыңдауға Қаныш Имантайұлы да келіп жүрді».

Фалым-геологтардың соғыс қажеті үшін зерттеу жүргізіп, стратегиялық мәні зор шикізат қорын іздедітіні кімге болсын түсінікті. Ал астрофизиктер не бітірмек? Аспан шырақтарын Алатау шоқтығынан бақылаудың ту альстағы әскерге қажеті қанша?..

Архив деректері жаңа институттың лабораториясында барлау экспедицияларынан көптеп түскен кен үлгілерінің радиометрилік анализден өткенін, олардың заттық құрамын спектрлерге ажыратып жедел анықтайтын пайдалы зерттеу жүргізілгеніне күәлік етеді. Негізінде бұл — физиктердің жұмысы делік. Ал астрономдар ше? Ботаниктермен ізденіс жүргізген институт ғалымдары

\*Академик Қ.И. Сәтбаев. А., «Ғылым», 1965.

өсімдік тамырларымен тәжірибе жасап, түрлі түсті сұзгілер өзірлейді, бұл болса әуе шабуылынан қорғайтын әскер бөлімдерін түнде де «көретін» жаңа аспаптармен қаруландырған... Осы жұмыс үстінде табысқан екі ілім достығы акыр аяғында күтпеген нәтижемен тынады: бұған дейін ешбір елде болмаған, зиялы қауым бұрын-соңды естімеген жаңа ілім — астроботаника (қазірде астробиология) дүниеге келеді. Оның кіндік атасы — КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Г. А. Тихов болатын.

(Аспан шырақтарын бақылау мүмкіндігі жөнінен өте-мөте қолайлы, Алатаудың биік төрінде орналасқан Алматы обсерваториясы үшін соғыстан кейінгі жылдарда Ленинград мамандары Максудов телескобын жасап берген-ді. Бұл өте-мөте қымбатқа түсken, бірақ дүние жүзінде тенденсі жоқ «көргіш» жабдық еді. Осы істін де жүзеге асуына Қаныш Имантайұлы қол ұшын беріпті, тіпті астрономиялық мәлшердегі қаржының да көзін тапқан. Нәтижесінде қазақстандық астрономдар ашқан ғылыми жаңалықтар кезінде дүние жүзін таңғалдырып, риясyz танып-білуге мұрындық болған...)

Химия-металлургия институты, әрине, зерттеу тақырыбынан «кедейшілік» көрген жоқ, сол жылдарда өріс алған жаңа өндірістер металлургтер кемегін өте-мөте керек еткен-ді: Балқаштың мыс алыбында Жезқазғанның құнарлы кен концентраты Қоңыраттың кедей кенімен араластырып қорытуға сынақ жасалады; сайып келгенде, бұл шарпу пештерінің өnімділігін күрт арттырады; институт зерттеушілері Шымкент пен Лениногор қорғасын зауыттары үшін байыту фабрикаларының қалдықтарынан сирек элементтер айыру технологиясын жасап шығады; мұржа арқылы аспанға кетіп жатқан күкіртті газды сүзіп, одан «Жер наны» — тыңайтқыш жасауға керек күкірт қышқылын өндіру де нақ сол жылдары өмірге келген...

Химиктер де металлургтерден кейін қалған жоқ: сүйық шыны алу; отпен металл дәнекерлеуде аса қажет кальций карбидін өндіру; каустикалық сода, бентонит тәрізді аluan-aluан химия өнімдерін тездетіп шығару; солардың технологиясын реттей... Соның бәрінен де сүбелі іс, Қазақстанның ауыл шаруашылығына нақтылы жәрдемін тигізген игілік, сірә, минерал тыңайтқыштардың жаңа қоймасы — Қаратай фосфориттерін пайдалануды өндіріске енгізу болса керек.

Нақ осындай қарбалас ізденістер филиалдың алты секторында бірдей жүріп жатыр. Ботаниктер, зоологтар, топырақ зерттеушілер, физиологтар, биохимиктер ғана емес, әдебиетшілер мен тарихшылар, тіл мамандары да соғыс қажетіне еңбек етуде: Қарім Мыңбаевтың Қаратай тау сағызының каучук тұқымдас өсімдік екенін дәлелдеуі бүкіл автомобиль өндірісін ондаған мың доңғалақтармен қосымша жабдықтауға себеп болды; топырақ зерттеушілер соғыстың алғашқы айларында-ақ Қазақстанның барлық облыстарының агротехникалық картасын жасап шыққанды, бұл болса 1942 жылдың көктемінде дәнді дақылдар егісін әлденеше есе арттыруға мүмкіндік берді; сектордың жұмысы ға-

лым-зерттеуші Өмірбек Оспанов басқарғаннан кейін тіпті жанда-на түсіп, кейіннен дербес институт болып шаңырақ көтерген-ді; ал ол Докучаев атындағы топырак тану институтының аспиранту-расын бітірген соң, алты жыл бойы Жезқазғантәжірибе станция-сын құрып, бақ өсірген жұмысымен қыыр шөл далада ысылған көнігі маман еді... Былай қарағанда әскер талабынан қашық тұрған ілім — қазак тілінің Отан қорғау ісіне қаншалықты көмегі болмак? Жоқ, оның да пайдасы бар екен. Тіл мамандары жұмыла қимылдан, бірер айдың жүзінде әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігін жасап берді. Санаулы күнде шағын кітапша болып баспаҳанадан шыққан сөздік қазақ жауынгерлерінің қалта-сынан түспейтін көмекші құралға айналды. Ал тарихшылар алғашқы құндерден-ақ Ұлы Отан соғысының материалдарын жинақ-тауға кіріскең-ді...

Филиалдың құрамы 1941—1943 жылдар аралығында 576 адам-ға үлғаяды. Бұлардың 230-ы ғылыми қызметкерлер, олардың қата-рында 2 академик, 4 корреспондент-мүше бар, 26 ғылым док-торлары мен профессорлар, 76 ғылым кандидаттары және аға ғылыми қызметкерлер жұмыс істейді, 65 адам аспирантурада оқиды. Осы уақытта филиал қызметкерлерінен 72 экспедициялық топ (оның 39-ы ИГН институтынан) жасақталып, Отан қорғау ісіне хал-қадерінше қызмет еткен.

Ғылыми қызметкерлер қабылдау негізінен үш бағытта жүрген: **біріншісі**, өндірісте жемісті еңбек етіп жүрген білікті мамандарды шақырып, ғылыми атағы болмаса да оларға бірден жауапты міндет жүктеп, батыл есіру; **екіншісі**, соғыс жағдайына байланысты батыс қалалардан эвакуациямен тап болған ғылыми мекемелердің белді қызметкерлерін пайдалану...

### **В. А. Ульяновскаяның естелігінен:**

«...Тұтқылдан басталған алапат соғыс бұрын үш үйіктасаң түсіңе кірмейтін әрқылы шаруаларды құн тәртібіне қойды. Бір күні академия қызметкерлерінің балаларын қайда жіберерімізді білмей сасқалақтап қалдық. Тेңізде әр түрлі ой туып, кептеген қалалар аталды. Қазақ достарымның қонаққа барын беріп, шын көңілден қуанатын игі дәстүрлері көз алдымға кес-кестеп, көңілімді бұра береді... Ақыры, Қазақстанға телеграмма жолда-дық.

Екі күн өткен жок, Қазақстанның Москвадағы өкілдігінен бір жолдас телефон соғып:

— Жолдас Ульяновская, Ондасыновтың (Қазақ КСР Қеннарко-мының сол кездегі тәрағасы — *M. C.*) тапсырмасы бойынша сөйлесіп тұрмын,— деді.— Ол кісі маған балаларды ғана емес, көшуге тиіс барлық академиктерді қабылдауға қазақ елінің әзір екендігін білдір деп еді, Қазақстанның қай жеріне барғыларының келеді?..

— Балаларды Бурабай көліне жіберуге болмас па екен?— деп сұрадым мен.— Бұл үшін төленетін ақшаны қайда жібереміз?

— Мен сізге Ондасынов жолдастың сөлемін жеткізіп тұрмын,— деп қайталады өкілдікten сөйлескен жолдас.— Балаларды қайда

жіберуді өздеріңіз таңдаңыздар. Бурабайды қаласаңыз, мейлі, солай-ақ болсын. Оларды Кеңес Одағының туысқан бір республикасы қабылдағалы отыр. Ал ақша туралы?.. Ақша туралы тап қазір сөз қозғаудың қажеті қанша?»

Кеп ұзамай егде академиктер ғана емес, ғылым ордасының тералқа құрамы түгелдей дерлік, тарих, экономика, география институттары да Алматыға уақытша көшіп келді. Орыс ғылыминың әлемдік мақтаныш жұлдыздары болған академиктер — металлург А. А. Байков пен И. П. Бардин, ғұлама геолог В. А. Обручев, энергетик Г. М. Кржижановский (соңғы екеуі және бір топ тым егде ғалымдар Бурабайда болған), кенші Л. Д. Шевяков пен А. А. Скочинский, химик Э. В. Брицке, агрономия білгірлері Д. Н. Прянишников пен Н. В. Цицин, атақты жолшы В. Н. Образцов, топырақ зерттеушісі Л. И. Прасолов және ондаған саңлақ білімпаздар Алатау баурайындағы табигаты жұмсақ, басын ақ қар, етегін бақша-бау ораған, жеміс-жидегі мол Алматыда бас қосып, жайлана жатып ежелгі жұмыстарын жалғастырған-ды.

Жас зерттеушілер үшін бұл ізденес таптырмас жағдай: тілеген көмекті үйінен ұзамай-ақ аласын; ұзақ хаттар жазып іә ақыл-кеңес естімін деп алыс сапарға аттанудың да қажеті жоқ... Филиал басшысы да (К. И. Сәтбаев филиал тәралқасының жетекшісі болып 1943 жылы ресми бекіген-ди) бұл жайында : «Іздегенге сұраған деген осы,— дер еді әзіл-шыны аралас,— уақытша сәтсіздік бұл кісілерді қолымызға берген екен — оны пайдаланбау ақымақтық болмақ!..»

Бірақ ең алдымен қонақ ғалымдарды қамқорлыққа алу керек. Тұрмысы келіспеген кісі ғылыми жұмыспен алаңсыз шүғылдана алмайды. Тұтқыл соғыс бұл кісілерді туған үйінен, бауыр басқан қаласынан, өмір бақи үйренген ортасынан айырып, көшпенді жағдайға кіріптар етті. Кепшілігі егде кісілер. Оларды бәріненде ерекше құту керек! Алматының пәтер жағдайы мәз емес, бірақ қысылып-қытмұрылсақ, әрбір қызметкердің үйінен қонақтар үшін жеке бөлме, ең құрығанда жатын орын табылады... Ал академиктерге Медеу шатқалындағы демалыс үйлерінен тұрақты орын бөлінді.

— Жағдайыңыз қалай, отырыңыз. Қалай орналастыңыз, бізден нендей көмек тілейсіз? Қысылмай айта беріңіз, сіздерден аярымыз жоқ. Барын қонаққа ұсыну — қазақ халқының ежелгі дәстүрі. Мұны бұзсақ — елдіктен кеткеніміз де!.. Күні өртең ұялып жүрмейік, тегінде сіз соны ойлаңыз!..

Әлдеқалай бір шаруамен келген мейман ғалым Қаныш Имантайұлының мына сөздерінен соң мұлдем жайдарыланып, шексіз алғыс білдіре отырып, бұйымтайын айта бастайды. Онысы көбіне әлдеқандай ғылыми әдебиетті алыстан алдыру, іә алдағы зерттеу жайында. Кейбірі кабинет иесінің әлгіндегі пейілін арқаланып, әлдебір ұсақ-түйөкті қайдан табарын білмей жүргенін айтып, ақыл сұрайды... Бір ғажабы, ҚазФАН тәрағасы мұндай тұрмыс тауқыметіне байланысты тілектерді де аяқасты етпейді. Әлдекімді шақырып, тауып беруге қолма-қол тапсырма береді. Филиал қызметкерлерінің қайсыбірі бастыққа оңашада реніш білдіріп:

«Қанеке, осы кісілерге қағаз, қарындаш, темекі, иә қолшатыр ізден, қолбала болып қашанғы жүгіреміз?» десе, Қаныш Имантайұлы миығынан құліп, ойын-шыны аралас: «Әй, жігіттер, қызықсыңдар сендер! Үлкен кісіге қызмет көрсеткеннен бұзылып кеткен қазақты көрген емеспін. Мұндай кері кеткеннің сезін қойындар, ақыл білсендер, академиктердің ақ батасын ала беріңдер!» деп жымияды да, тағы жұмсайды.

Алматы, Қ. И. Сәтбаевқа — Ленинград,  
И. И. Мещаниновтан, 30.XI.1958 ж.

### «Қымбатты Қаныш Имантайұлы!

Эвакуацияның ауыр жылдарында мен Қазақстанға тап болдым. Шақырусыз келген мейман болғаныммен, ешбір жұдеушілік көргем жоқ. Ұғысып орын бердіңіздер. Алматының ең таңдаулы ғылыми қауымымен тізе қосып жұмыс істедік. Солармен бірге мен де естім, ой-өрісім кеңіді. Бұл үшін мен Сізге көп қарыздармын, қысқасы, сол кездегі қалтқысыз көмегіңізді ешқашанда ұмытпаймын.

... Қазақтың ғылыми қауымының жетекшісі болғандықтан Сіз арқылы барша алматылық әріптестеріме... маған жолдаған өте жылы, шын жүректен жазған тамаша лебіздері үшін зор рақмет айтуға рұқсат етіңіз. Ең алдымен бұл Сіздің өзінізге жолданған алғыс!»

(Әрине, әрбір қарым-қатынасқа тиімді ме деген талғаммен, мәнмен қарайтын бүгінгі нарық заманының іскер адамдары Кіші Азияның құрып кеткен халқының өлі ескерткіші урарту тілінің білгірі, археолог-академик И.И. Мещаниновтың ғалым-геолог Қ. И. Сәтбаевпен ұзақ жылдарға созылған достық байланысына, бір-біріне соншама сүйіспеншілік білдіріп хат жазысуына жымия қарауы сөзсіз... Бірақ ғұлама жандардың табиғаты солай: олар мына кісі күні ертең керек болады-ау деген бақал есепті білмейді — жүрек қалауымен хат жазысады, дос болады...)

### Қазақстандық академик Н. П. Павловтың естелігінен:

«... 1942 жылдың мамыр айында, кектем шуағы молығып, Алматы бақтары сәукеле киген қыздардай ақ гүлге оранып, мейлінше жайқалған тамаша шақта бізге әйелімен және бірқатар көмекші қызметкерлерімен... академияның президенті В. Л. Комаров келе қалды. Қонақтарды Қ. И. Сәтбаев екеуміз вокзал базында қарсы алдық та, қала іргесіндегі ең тәуір демалыс үйіне орналастырық. Әрине, кексе қонақтың бабы тілеген жағдайдың бәрі жасалды. Бәлкім, сол жайт, жақсы күтім әсер етті ме, В. Л. Комаров Свердловтағыдан гөрі өзін тәуір сезініп, іле-ак қауырт жұмыстармен шүғылдана бастады... Қаныш Имантайұлы да сол күндерде президентке жиі келіп, бірталай шаруаларды шешіп жүрді. Менінше, сондай сұхбаттарда екеуі ете-мөте жақындастып кетті. В. Л. Комаров оны ерекше бағалап, менімен әңгімелескенде:

«Қазақстанда Қаныш Имантайұлындағы елгезек жан болмаса, біз не істер едік? Мұндай іскер де тамаша басшысы бар қазақ филиалын тек қана мадақтау керек!» деп сүйсіне қайталаушы еді. Шынында да, В. Л. Комаров пен Қ. И. Сәтбаев арасында туған берік қарым-қатынас, бір-біріне деген ыстық ілтипат пен құрмет, қарапайым да жаасты сүйіспеншілік сол жылдарда олар басшылық еткен барлық жұмыстардың тезірек жүзеге асып, баянды болуына әсерін тигізді».

Филиал институттары сейтіп ғылымның Алматыға тағдыры айданап тап болған ғұлама зиялышарының шапағат жәрдемімен, ұстаздық аясында тез өсіп жетіле берді. Олардың қайсы бірі жергілікті зерттеу институттарына, оку орныдарына ауысқан-ды. Қазақстандай келешегі зор, табиғи қазынасы мол және әр алуан, жері бай республикада еңбек ету кімді болсын еліктіретін. Алматыдай табиғаты әсем, ауа райы жайлы да жылы қалада тұру да қызықтыратын...

**Қазақстандағы ғылым орталығын жедел нығайтудың үшінші және негізгі бағыты** — 1942 жылдан беріде филиал қаражатымен жұмыс істейтін аспирантураға қабілетті жастарды көтептартып, ғылыми ізденіске баулу болған-ды. Олардың жалпы қаралы 1943 жылы тағы да өсті, ұзын саны жүз жиырма адам, дені — жергілікті үлт өкілдері...

1942 жылдың соңғы айында филиал тәралқасы республикада ресми ғылыми орталық құрылғанына он жыл толуын қорытындылап, осы оқиғаны мерекелік сессия шақырумен атап өтуді қажет деп білген. Сол кезде қалыптасқан дәстүрге орай оны және Ұлы Қазан төңкерісінің ширек ғасырлық мерекесіне бағыштап өткізген-ди.

—... Кеңес үкіметі дәурен сүрген 25 жылда республика картасында ғасырға тең өзгерістер пайда болды. Қарағанды, Кенді Алтай, Жезқазған, Ақтөбе, Балқаш-Қоңырат, Ембі-Гурьев өнеркәсіп алқаптары Одақтық ғана емес, дүниежүзілік ірі ендіріс ошақтары. Қазақстаннан қазір мыс, қорғасын, хром, тағы басқа металдар өндіруден Одақтас республикалардың алдына шықты. Бізде қазір мындаған мектеп пен кәсіби училищелер, ондаған техники-күмдар мен жоғары білім беретін институттар жұмыс істейді. Бұлардың бәрінде де ғылым негіздері, кәсіптік білім ғана емес, бүгінгі заманның озық ілімдерінің барлық түрлері оқытылады. Ресpublikada KCPO Ғылым академиясының филиалы, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясының белімшесі, С. М. Киров атындағы (қазірде Әл-Фараби атындағы — M. С.) Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақ кен-металлургия институты тәрізді өте ірі ғылым, білім ошақтары бар. Ширек ғасырда қазақ қауымында дәрігер, биолог, химик, агроном, педагог, инженер тәрізді кәсіп иелері, мәдениет пен өнер саласында жемісті жұмыс істеп келе жатқан зиялышар өкілдері өсіп шықты. Олардың ішінде дарынды мамандар, ғалымдар, жазушылар, ком-

позиторлар, суретшілер, актерлер, енер қайраткерлері бар,— дей келіп, мерекелік сессияда жасаған есебінің соңында Қаныш Имантайұлы республика ғылымының алдына үш түрлі міндеп жүктеген,— бірінші, бұрыннан жүргізіліп келе жатқан іргелі зерттеулерді сәтті жалғастыру; екінші, соғыс қажетіне байланысты белгіленген тың ізденістерді қалыптастан қарқыннан төмендетпей сөзсіз орындауға жету; үшінші «Ондай болмақ қайда?» деген саяз үғымнан тезірек ада болып, шынайы академиялық деңгейде жұмыс істеп, ғылымның шырқау биігіне апаратын көлемді де ірі зерттеуге кірісу... Сайып келгенде, бұл **Филиалдан дербес академия құруға жеткізетін тұра жол** және қоғам үшін де, өзіміз үшін де, қазак қауымы үшін де — бірден-бір дұрыс та пайдалы іс болмақ! деп сезін аяқтаған-ды.

Тұрасын айту керек, филиал жетекшісінің аузынан 1942 жылдың шыға берісінде естілген бұл сөздер кімді болсын қатты сүйсінтекен, сейте тұра әрқылы сенімсіздік те туғызып: «Небәрі тәрт институт, алты секторға сүйеніп дербес ғылым ордасы жайында ой қозғау — тым асығыс, қиялға жақын мәлімдеме емес пе?» дегенде керағар пікірлерге жеңсік берген-ді. Бірақ ҚазФАН терағасы алды-артына қарайлаған жоқ, мерекелік құрылтайдың мінбесінен, жынын төрінде үкімет мүшелері ғана емес, одактық академияның білгілері, ғылымның көшбасшылары толып отырған салтанатты кеште, бүкіл Қазақстан зиялышарының алдында қасқайып тұрып, бүгінгі қызметінің мақсат-мұратын, ертеңгі бағдарын ағынан жарыла жайып салды. «Айтылған сөз — атылған оқ!» Оны енді кері қайтарып ала алмайсың! Айттың екен — орында, өміріце — нәр, жүрер жолына — нысанана өт!

**Академик Ш.Ш. Шекиннің «Өмірдің тәрт мезгілі»\*** кітабынан: «...Академия тіпті қағаз бетіне түспей тұрған күннің өзінде Қаныш Имантайұлы Қазақстанда бірден тоғыз ғылыми-зерттеу институтын (анығында 11 ғылым ошағы, бұл туралы энергетик-ғалым «Путь национальной АН» кітабында\*\* түзету жасаған, қараңыз — 16-б.— М. С.) ашу мәселесін даярлау ісімен шұғылданды. Тоғыз FЗИ — Сәтбаевтың даңғойлығы да, қысыр қиялы да емес екенін басшылардың көбі түсінбейтін. Осынша институтты ашуға негіз бар ма, жоқ па — филиал терағасының серіктеп арасында да... біржакты пікір болмаған-ды. Бүгінгі күннің биігінен қарағанда менің көзім шуббасіз иланатын шындық: Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды. Өйткені оны құру ісімен Сәтбаев айналысты. Жазмыш оған алыс келешекті көру қасиетін берген-ді және оның ақниеттілігі мен шексіз тазалығы кез келген іспен емін-еркін шұғылданып, ойдағыдай шешуіне жол ашатын. Тарихтың шұғыл өзгеріске душар ететін елеулі бір кезеңдерінде қоғам оқиғалардың алдыңғы шебіне аса көрнекті қайраткер адамдарды шығарады, ал олар Отанның тағдыр-талайы хақындағы күллі

\* Шекин Ш. Өмірдің тәрт мезгілі. А., «Шобдар», 1996.

\*\* Чокин Ш. Путь национальной АН. А., «Ғылым», 1996.

жауап-кершілікті толығынан өз қолына алды. Тәңірім өз уақытынан кеп жылдар ілгеріге озып жүруді маңдайына жазған Қаныш Имантайұлы тап осындағы аяулы жан еді...» (136-б.)

## 2

Қаныш Имантайұлы Алматыға аудиосканға дейін де бірталай ғылыми еңбектер жариялаған. Олардың жалпы қарамы — қырық төрт. Дені геологиялық барлау, кен зерттеу жайында. Бәрі де ғылыми атақ алу үшін емес, зерттеліп отырған кеннің өмірге қажеттілік мәнін көпшілікке жария етуді көздел, иә даулы мәселелерге ғалымдар назарын аудару ниетімен жазылған-ды. Аспирантура, докторантура тәрізді жоғары мектептерде оқуға мұршасы келмеді. Оқуға ынталығана емес, ерекше құштар еді... Амал қанша, тұтқындан тап болған оқиғалар мен Ұлытаудағы мәнді ізденістер алды-артына қаратқан жоқ, тіпті ойлантпады. Енді, міне, дарқан өмірдің қыны да қызық, әрі сонша ұзақ «аспирантуррасында» білімін тереңдетіп, ауыр жұмыс үстінде шындалды. Тағдыр жазып ғылыми-зерттеу институтында істейді, оған қоса ғылым ордасының келелі тармағы ҚазФАН басшылығына тағайындалды. Қарауында ондаған ғалымдар бар, кейбіреулері — ғылым докторлары, профессорлар, академик, корреспондент-мүшелер. Оларға кейде әкімшілік жолмен жөн нұсқауға тұра келмек. Қайсыбірі бетіне ашық айтпаса да ішінен: «Осыны ескертіп тұрған қарапайым инженер емес пе?» деп күмәндануы анық. Демек, ғылыми атақ туралы да ойлану мұрат...

1942 жылы Қ. И. Сәтбаев екі монография жария еткен-ді.

Оның алғашқысы —«Кеңес Одағындағы мысқа құнарлы құмдауық кендер». Бұл еңбекті жазуға Қаныш Имантайұлы он бес жыл әзірленді. Ұлытау өңіріндегі барлаушылық қызметінің жиынтық қорытындысы десе де артық емес және ол — бір ғана Жезқазған ауданы емес, бүкіл Одак көлеміндегі құмдауық мыс кендерін түгел қамтыған іргелі зерттеу.

Екінші монография —«Қазақстанда қара металлургия өндірісін ашудың мүмкіндіктері». Қазақ даласында бұрын-соңды табылған темір кендеріне ғылыми шолу жасап, олардың өндірістік көлем-қуатын саралап, ең сүбелі де үміттісін даралап көрсеткен зерттеу еңбек. Оның тұп мақсаты — атында тұр, республикада қара металлургия комбинатын салуға ғылыми дәйектеме беру.

Бұл да қазақ геологының сонау 1928 жылдан, Ұлытау-Жезқазған алқабының жерасты қазынасын жан-жақты ақтарған кезінен беріде әр түрлі басылымдарда жария еткен ғылыми еңбектерінде, мақалаларында айтып келе жатқан зәру мәселе. Қазір ол бұл іске көптеген аудандарды қамтып кең тұрғыдан келіп отыр: Атасу мен Қарсақбайдың, Жезді мен Кентебе, Төрткөл, Тоғай (Қарқаралы маңы), Абаил (Оңтүстік Қазақстанда) кендеріндегі темір мен марганец қорларын негізге алып, үлкен ендіріс ашуды сөз еткен... Бұл мәселені ол 1937 жылы да көтерген-ді. Бірақ онда қолдау

кермеді. Ал қазір? Батыс шекарадағы қара metallurgия алыптары (Оңтүстік Украина, Кривой Рог) жау қолына уақытша көшіп, отандық ауыр ендірістер сапалы құрышқа ділгірлік сезініп отырған қысылтаяң кезенде өз еңбегінің назарға түсіп, жобалаушы мекемелерді қызықтыратынына ол шубәланған жоқ-ты. Бұл ойын геолог республика үкіметіне мәлімдеген. Үкімет адамдары оны қара metallurgия наркомы И. Ф. Тевосянның назарына жеткізеді. Тынымсыз Сәтбаев үшін бұл да аз, «Ұсыныс енгіздім, міндеттен құтылдым!» деп қол кусырып қарап отыруға бола ма?.. Монографиясын қосып, Қазақстанда қара metallurgия комбинатын салу мүмкіндігін нақтылы айғақтармен дәлелдеген қысқаша мәлімдеме жазып, КСРО Ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғи қорларын қорғаныс қажетіне пайдаланумен шүғылданатын комиссиясына табыс етеді.

«Қалауын білсен қар да жанады» дейтін мәтел, тегінде, осындағы өнегеден айтылса керек-ау... Геологтың ұсынысы бұл жолы бірден мақұлданды. Сәтбаев мәлімдемесі бойынша жедөл тексеру жүрді де, небәрі төрт айдан соң, яғни 1942 жылдың 25 сәуір күні Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстанда қара темірді құрышқа айналдырып қайта қорытатын зауыт салу, оның негізінде болашақта үлкен metallurgия комбинатын тұрғызу туралы қарар қабылдады. Оның құрылышы биыл басталуға тиіс және қысқа мерзімде салынып, соғыс қажеті үшін өнім беруі шарт!..

Сол кектемде-ақ үкімет комиссиясы Қарағандыда бас қосады. Темірді қорыту көмірсіз журмейді. Әмбे оған анау-мынау емес, жоғары сапалы коксталген көмір керек. Сол себептен де болашақ болат албының орны – Отанымыздың үшінші отын қоймасы Қарағандының маңы болсын деп келісілген-ді. Құрыш құятын өндірістің екінші қажеті – су, ол да аз емес, мол болуы шарт. Орталық Қазақстаннан, әсіресе Қарағанды төңірегінен ондай дария көзін таба алмайсың... Ескі әдісті, Қарсақбай мен Жезқазғанда қолданған амалдарды еске түсіруге тұра келді. ҚазФАН ғалымдары әзірлеген үш түрлі ұсыныстан комиссия ақыры Нұраның Самарқан көліне құятын, Қарағанды ГРЭС-іне салынған тоспаның жағасындағы қырatty таңдады. Тоспа түзген айна көлдің желкесінде тұрған биік шоқы Теміртау болашақ комбинаттың атына тіркелді. Бұдан соң комиссия жаңа комбинатқа шикізат беретін кенорындарын аралауға аттанбақ.

Қаныш Имантайұлы тағы да аяқ-қолы бүрісіп, ауырып қалды. Бұл жолы тіпті қатты жығылды. Арнаулы самолет оны Алматыға алып ұшты. Дәрігерлер консилиумы тез жиналып, ішек ісігі жайлары былтырғы лақапты тағы да қайталаған... Көрер жарығы бірақ әлі де мол екен, сол күндерде Алматыда жүрген ішкі аурулардың москвалық бір білгірі науқасты қарап: «Ешқандай құдіксіз айтайын, кәдімгі соқыр ішектің созылмалы түрі... Тездетіп операция столына!» деген-ді. Шынында да, солай болып шықты. Асқынған дерпт ішегін шірітуге айналған...

Соғыс басталар қарсанда Қ.И. Сәтбаевтың «Жезқазған ауданының кен қазбалары» атты ғылыми еңбегі жарық көрген. Мұның негізі 1927–1928 жылдарда «Жаңа мектеп», «Народное хозяйство

Казахстана» журналдарында жарияланған шағын мақалалар. Соңан бергі кеп жылдық ізденісте зерттеу енбек үлғая түсіп, осы өлкенің пайдалы қазба байлықтарын терең талдап, жан-жақты көрсеткен үлкен монографияға айналды.

Осы еңбегі үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1942 жылы екінші дәрежелі Сталиндік, кейіннен КСРО-ның Мемлекеттік марапаты атанған мерейлі сыйлыққа ие болды.

(Дәрежесі екінші деңгейде болғанмен, сыйлықтың дипломымен қоса берілетін ақшалай қаржысы да едәуір еді. Қаныш Имантайұлы үй-ішімен ақылдаса отырып, оның қақ жармысын Отан қорғау фондына табыс етеді; қалған бөлегін Омбы іргесінде өзінің де, Фазиз қайнағасының да жетім қалған балаларына ие болып отырған қосағы Шәрипаға жөнелтеді; көңілін өксіткен һәм орны ешқашанда толmas бір өкініш — нақ сол жылы есеп пәніне жүйріктігі танылып, табиғи дарынымен өз қатарынан оза бастаған перзенті Малыбай (Мәлеш атанған) белгісіз сырқаттан опат болған-ды...)

Соғыстың ауыр жылдарында шынайы қадірі танылған Отанның солкүнде жоғары сыйлығымен бағаланған ғылыми енбек иесінің абырай-атағы, әрине, шырқау биікке шығандап үрдіс көтерілген: «Қазақстан түсті металлургиясын өркендетуде ерекше енбек сінірген Сталиндік сыйлықтың лауреаты Сәтбаев жолдастан үлгі алындар!...» деп шақырған-ды Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті, республиканың Кен наркомы мен Жоғарғы Кенесінің тәралқасы 1942 жылдың Бірінші май мерекесі қарсаңында бүкіл енбекшілерге жолдаған үндеу хатында. Есте қалар бір жайт: сол үндеуде Қаныш Имантайұлының есімінің Москва түбінде тенденсі жоқ қаһармандық көрсеткен жиырма сегіз батыр қазақстандықтармен бірге аталуы...

**«Правда» 17 шілде, 1942 жыл, «Ғылым жарагы» очеркінен:** «...Қ. Сәтбаевтың негізгі мамандығы — геолог, бір адамның басына бүл жарап тұрған өнер. Алайда ол тек қана геолог болуды аз деп біледі. Сәтбаев — мемлекет қайраткері: ол кен қараумен қатар барлау жүргізген ауданнан болашақ зауыттың іргесін көтерер, оның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етер керек-жарактың бәрін де күн ілгері іздеді... Қысқасы, Қазақстанда алып мәтальургия комбинатын салу үшін не қажет болса — соның бәрін де іздептапты... Бірақ ол алдынтарға малданып, жол-жөнекей кезіккен ұсақ-түйек кендерді «көрмей» кеткен барлаушы емес. Оның нақ осы, нағыз ғалымға және мемлекет қайраткеріне тән көрөндік, сан қырлы, болжампаз қабілеті тап ғүрінде, соғыс тауқыметі талап еткен сансыз көп шикізаттарға ділгір болған уақытта кәдеге асты».

Ғалым өмірінің айшықты жылы тағы бір мерейлі оқиғамен жалғасты: 17 тамызда Жоғарғы аттестациялау комиссиясы (ВАК) геолог Қ. И. Сәтбаевқа ғылыми енбектерін ескеріп, ешқандай қорғаусызы-ақ, геология-минералогия ғылымдарының докторы деген атақ беру туралы шешім қабылдады. Бұл да ұзақ жылғы тынымсыз енбектің, ізденістің жемісі, көп шаршаудың, өзі айтқандай

«бойындағы күш-жігерін сарқа жұмсаудың» өтемі. Анығында қазақ білімпазының ғылыми кабілетін танудың бастапқы жорасы...

Ғылым академиясы 1942 жылы құрған Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғи қорларын қорғаның ісіне пайдаланумен шұғылданатын комиссияда одақтың ірі ғалымдары И. П. Бардин, В. А. Обручев А. А. Скочинский, И. И. Мещанинов, А. Д. Шевяков, Э. В. Брицке, И. Ф. Григорьев тәрізді ұлағаты ғұламалар жұмыс істейді. Қ. И. Сәтбаев болса бұл міндепті республикалық жоспарлау комитетінің ғылыми-техникалық қеңесінің төргасының орынбасары қызметімен үштастыра атқарады. (Геолком да оны өзінің байырғы кадры деп есептеп, қазба байлықтар қорын қабылдайтын бүкілодақтық комиссияға енгізген, бұл жұмысты ол өмірінің соңғы жылына дейін ыржадағатпен атқарады.)

1943 жыл да ғалым өміріне шуақты қуаныштар әкелді. Соның ен кернектісі КСРО Ғылым академиясының жазда өткен кезекті сайлауы. Осы жында геология-география бөлімшесі арқылы жасырын дауысқа түсken Қаныш Имантайұлы корреспондент-мүше болып сайланады. Ол енді үлкен ғылым ордасының мүшесі!...

Атақ-беделінің өсуі Қаныш Имантайұлына жаңа міндет, асыл борыштар жүктеген: ҚазФАН басшылығы ғана емес, өзі жетекшілік ететін институт болса бір сәрі, оған енді бүкіл қазақ зиялыштарының атынан сөйлеп, кейде тіпті туған халқының мүдделі сөзін ұстап, қайсы бірде бүкіл Орта Азия және Қазақстан республикаларының өкілі ретінде де әлеуметтік жұмыстармен шұғылдануға тұра келген.

«Әзбек, тәжік, түркмен, қырғыз және қазақ бауырлар! Ұлы Отан соғысының ұрысы даласында бүкіл прогрессіл адамзат ұрпағының тағдыры шешіліп жатқан осынау қаһарлық күндерде...» деп бастаған-ды Қ. И. Сәтбаев 1943 жылғы 31 қаңтарда Ташкентте өткен антифашистік митингіде сейлекен жалынды сөзін. «Мен бүгін қазақ халқының зұлым жауға деген жан ашуын білдіріп тұрмын!» деп аяқтаған-ды ғалым тәжік еліндегі кезекті сөзін.

### Қазақстандық академик Қ. Жұмалиевтің «Өнегелі өмір»\* атты баянынан:

«1943 жыл. Қыс айы... Алматы қаласына уақытша тұрақтаған «Мосфильм», «Ленфильмдердің» Қазақстан жазушы-әдебиетшілерімен біріккен мәжілісі болады деп, қазіргі 8-март көшесіндегі «Қазақфильм» үйіне әдебиет-искусство жүртшылығы жинала бастады.

...Сөзді «Ленфильмнің» бас режиссері Ф. М. Эрмлер бастады.

— Жолдастар, біз соғыс қырсығынан Қазақстанға, сіздерге қонақ болып отырмыз. Қазақстан үкіметіне де, қазақ халқына да кино ұжымы қатты риза... «Жақсылыққа — жақсылық», осыған бір орай жасауға біздер әзір екенімізді білдіріп, Қазақстан ірі өндірістері туралы кинофильм жасамақшы едік. Біз мұнда жаңа тұрғындармыз. Қазақ әдебиеті, искусствосында өндіріс жайлы не

\* «Жайсан жандар», А., «Жазушы», 1969, 234—238-б.

бар, не жоғын білмейміз. ... Бүгінгі біріккен мәжілістің мақсаты — осы жайлар пікір алдысу,— деп Эрмлер сөзін аяқтады...

Мұндай алқалы топ және даңқ пен бедел, шешендер мен шешендіктің түйіскен жерінде кесемсу кімге де болса қыын. Мәселе қанық, нысана айқын болса да, жастар үлкендерге, үлкендер жастарға қарасты. Жұрт дағдарып қалды. Тап осы кезде, Қаныш Имантайұлы тамағын бірер кенеп алды да, Эрмлерге қайырылып, күле сөйлеп:

— Жазушы, әдебиет мамандары кейін сөйлер, оқушылар атынан бір-екі ауыз сөз айтуда рұқсат етіңіз,— деді.

Жазып келген еш нәрсесі жоқ екен. Әйтсе де ол қысылған да, қымтырылған да жоқ. Таныс аудиторияға лекция өкүйінде көнігі профессорларша жай сөйледі. Қаныш Имантайұлы сөйлеген сайын жұрт үйіп тыңдады. Оның орысша тілінің тазалығына, логикасының мықтылығына, ойының терең, әр сөзінің мағыналылығына сүктана қарасты. Үлкен зал үнсіз. Шыбынның үшқаны естілгендей...

— Қазақтың асқар Алатауы, бүйра құмы, кең-байтақ жазығы — алтын мен құміс, жез берін мыс, көмір мен қорғасын. Бір кезде Бетпақтың шөлі атанған, «Құстың қанаты талып, аттың тұяғы қүйетін» құлазыған қу дала, қазір сарқылмас кен қазынасы. Бүкіл Одақ көлеміндегі сандаған ірі ендірістердің қазығы мен алдыбы болып отыр. Ел тағдыры таразыға түсіп, герман фашистері «айдарлымызды құл, тұлымдымызды тұл етпек» болып, елімізді оққа байладап, жерімізді отқа қақтап жатқан сұрапыл кезеңде Қазақстанның кен байлығы — ел тынысы, майдан жеңісі... Кешегі көшпелі ел, шөл Қазақстан, бүгін ол — кен, ол — сан алыптар ірге телken ірі өндіріс, қайнаған еңбек, мың-мыңдаған жұмысшылар бар, жаңа өмірдің ордасы... ұлы Отанымыздың мығым тіректерінің бірі. Бүгінгі қойылып отырған мәселеге біздер осы тұрғыдан келсек, толғағы жеткен, халықтың ғасырлар бойы аңсаған ұлы арманы мен бүгінгі ерен ерлігін, қызықты келешегін экранда көрсетуде, қазақ өмірі, Қазақстанның ірі өндірістері мен онда істейтін сан мыңдаған еңбек ерлері адам баласы тарихында бірінші рет кездесіп отырған... үздік құбылыс.— ...Әрі ойлы, әрі мейірімді көзі, рақымды жүзі, кең маңдайы — бәрінде де ерекше бір жылышық бар. Өсіреке, сонау қылау шалған әдемі қарабұйра шашы ...айрықша көз тартады.—... Қазақ, жалпы шығыс фольклорында, әдебиетінде тіпті сонау ескі замандардан үзілмей келе жатқан өзек, үлкен бір оптимистік идея бар. Ол табиғаттың мылқау күштерінің сырын білу, оларды өз күштеріне бағындыру. Мысалы, үнді халқының эпосы «Махабхаратаның» бас қаһарманы Рамаяна — жер жаннаты Цейлон аралын жайлап алып, адам баласын аштық апатына ұшыратушы жын патшасына қарсы күрес ашуши..; жер жүзіндегі жауыз күштерді түгел адақтап, көк тәңірлеріне майдан ашатын «Осетин-нарт» аңызының денесі құрыштан жаралған геройы — Батрадә; жеті жыл жер астында болып, ен байлық, асыл қазынаға кездесетін... теңіз тубінен алтын қазанды атына өңгеріп шыға-

тын қазақ аңызының бас образы — Ер Тестік; мәңгі суды өзі ішіп, тірі қалудың орнына ол сүмен елін, жерін көгертіп, дүние салған башқұрт аңызы «Орал батыр» — бәрі де халық арманының сәүлесі... Орал батырдың сүйегі асыл тас, алтынға, қаны мұнайға айналады. Қандай тамаша мендеу!.. Өндіріс — қазақ ақын-жазушылары үшін жаңа емір, жаңа тақырып. Оның да өзіне тән ерекшеліктері бар... Кинофильм жасауға негіз боларлық оқиғасы қызық, ендіріс өмірінің кейбір жақтарын жақсы бейнелейтін, жаңа адам, жаңа ой-сезімді көрсетіп, ескі мен жаңаның күресін, психологиялық жайттарға құрган повесть, романдар да бар...

Трибунада, көпшілік алдында тұрса да өзінің дағдылы мінезін зәредей де өзгерктен жоқ... Үлкен адам ежелгі әдеті — кішіпейіл қалпында қала берді... талай ұлы еңбектерді өз қолымен істеп, ендіріске де, ғылымға да үлкен-үлкен үлестер қосса да, «мен», не «менің басқаруыммен» деу былай тұрсын, «қатысуымен» деген сез кісінің аузынан шықпады. Қазақстанның кен байлығын, өндірістерін ол өте бір жақсы билетін көлденен адам қатарында сөйлемеді...»

### 3

Бір күні оны Алматының Фрунзе аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы шақырды.

— Қаныш Имантаевич, мен бір нәрсеге таңданып жүрмін. Соның себебін үят та болса өзіңізден білгім келіп, әдейі шақырдым, — деген-ді аупартком жетекшісі салған жерден.— Зор мәнді мемлекеттік жұмыстар атқарып жүрсіз. Қызмет дәрежеңіз де осал емес. Бірақ партияға мүше болу туралы ойланар емессіз. Мұныңыз қалай?

— Сізге не десем екен?— Кезекті шаруа жайы болар деп қамсыз келген Сәтбаев құмілжіп қалды.— Әлі де жұмыс істеп, іс үстінде танылғаным женғой. Алматыға ауысқаным жуырдағана, алжұмыс — сонша көп, әмбे мен үшін тың шаруа...

— О не дегеніңіз. Меніңше, қазірдің өзінде сіз нағыз большевиктерше жұмыс істеп жүрсіз. Кішіпейіл болу жарасымды қылыш дегенімізben, жолдас Сәтбаев, бұл жолы өзіңізді тым кішірейтіп тұрысыз.

— Сейтсе де саяси өзірлігім әлі де аз деп білемін. Партия мүшесі болу — зор абырай, әрі жауапты қадам!

— Fapу етіңіз, Қаныш Имантаевич, сіздің не айтып отырғаныңызды тіпті түсінгем жоқ.

Хатшының шын көңілден сұраған сыры Қаныш Имантайұлының көкірегіндегі ескі жараның аузын тырнағандай болды. Бұл кісі, әрине, өзінің өмірбаянын толық білмегендіктен қажап отыр. Коммунистер партиясының мүшесі болуға ол Жезқазғанда жүрген кезінде-ақ ойланған. Тіпті бір жолы сондағы аупартком хатшысымен кенескен де. Бірақ әкесінің ертеректе би болып сайланғанын, кейбір ағайын-тумаларының ауқатты тұрмыс кешкенін ашық

айтуы мұн екен, әлгінде ғана өзімен емін-еркін әңгімелесіп отырған аудан басшысы «Ойбай, онда әуре болмай-ақ қой. Мұндай жуаннан шыққан тегіңмен партияға кіре алмайсың!..» деп бірден сырт берген-ді. Шыққан тегіне қарап ақ-қарасын айырып журген дүрбелен кез... Сонан беріде ол бұл жайында ешкімге айтқан емес, қайыра ойланған да жоқ. Абзалы, жан аямай, адап қызмет етіп, бойындағы барынды, өнер-қайратынды Отан мұддесі үшін жұмсауды ғана білген-ді... Бүгінгі әңгіме жүрек түкпірінде бұғынып жатқан ескі сырды есіне түсірді. Сұрап отырған сон, амал қанша, бүгіл қала алмады. Қарсақбайда болған әңгімені бастан-аяқ айтып берді.

Аупартком хатшысы әлденеге ойланғандай біршама уақыт үнсіз отырды да, әлден соң ғалымға тұра қарап:

— Меніңше, партияға мүше болғысы келген сіз сияқты адап адамдарға жасанды тосқауыл қойған солақай кезең енді қайталаңбас деймін... Сөйтсе де, көnlінізге кіді алмаңыз. Орталық Комитеттегі жолдастармен ақылдасайын. Менің білетінім: сіз осы қунге дейін нағыз большевикше еңбек етіп келдіңіз, соның өзі-ақ қандайда қарсылық, кедергін жеңуге тиіс. Қысқасы, Коммунистік партияның мүшесі болуға хақыныз бар!— деді.— Ендігі хабарды өзімнен тосыңыз...

Біздіңше, аупартком хатшысы бұл мәселеге мұрындық болғанымен, Қаныш Имантайұлының партиялығы туралы әңгіме жоғарғы жақтың өзінде туғанға үқсайды. Оның сырт жұртқа беймәлім сырын ғалыммен бір бастауыш үйымда болған, әрі нақ сол жылы филиал коммунистері үйымының бюро мүшесі, парткомның екінші хатшысы міндеттін қоса атқарған Шапық Шекин «Ұлттық FA-ныңғұмыр жолы» кітабының 14-бетінде біршама ашыпты: «Ол қунде Компартия мүшесі болмасаң, басшылық қызметке қоймайтын-ды, әмбे КСРО FA-ның, филиалының тәрағасы сияқты өте үлкен мәнсапқа. Және партия мүшесі болмасаң — саған сенімсіз кезбен күмәндانا қарайтын-ды, тиісті кемек те бермейтін, ал үстіңнен қарайтын партия шенеуніктерінің көзқарасынан әрдайым тәкап-парлық ызбар сезілетін еді. Мұндай көңілге дық салған мемменшіл мінезді Қанекен де жиі көріп журген-ді, сол себептен де 1944 жылы Компартияға мүшелікке өту жайында сез қозғалғанда ол қуана ынта білдірген. Ақыр аяғында бұл жайт оның жолын ашып, филиал жұмысын сәттірек жүргізуге мүмкіндік туғызды...»

Ғылымдағы кешбасшылық тұлғасы күмәнсіз айқындалып, өз тұрғыластарынан дара шыққан қайраткер ғалымға, әрине, кез келген партия мүшесі кепілдеме беруге әзір болатын. Бірақ бұл жерде Қазақстан КП(б) Орталық Комитеттің басшылары, сірә, мәселенің артық-ауыс сез, әлдеқандай бір кедергіге үшырамауын ойлаған сияқты. Қысқасы, Қанышты Баянауылдан білетін ескі коммунист, сол кезде филиалда қызмет істейтін Сүлеймен Ержанов және Орталық Комитеттің салауатты еki хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов пен Тихон Иванович Абабков кепілдеме жасаған...

(Осы жерде тағы бір жайтқа түсінік бере кету қажеттігі туындаиды: тиісті өмірбаяндық құжаттарды толтырғанда Қаныш Иман-

тайұлы ата-тегінің кімдер болғандығын, саяси қаралаумен сотты болған ағаларын да жасырмай ашық жазған; он сегіз жылдан бері бір шаңырақтың астында бірге өмір сүріп, үш перзент көрген Таисия Алексеевнамен де нақ сол қарсанда ресми некеге тұрып (женгеміз содан былай Сәтбаева деген фамилияға көшкен), отбасының түйткілді мәселесін де көлденен қөздердің ыбыр-жыбыры өсегінен ада етіп заңдал қойған...

Бәлкім, бүгінгі заманың адамдары үшін бұл әрекет — артық жұмыс, қажетсіз сақтық көріну мүмкін. Десек те, тұрасын айтайық, ғалымның бұл шаруадағы тақуалығы, адалдығы һәм тереңнен ойлаған ұқыптылығы арада бес-алты жыл өтпей-ақ алдынан шықты, басына үйіп-төгілген пәле-жаладан актальына айғақ болған.

### **ФЕДОР ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:**

«... 1944 жылдың күзінде мен біршама уақыт Қаныш Имантайұлының үйінде тұрдым. Сол кісінің көмегімен кен-металлургия институтының үшінші курсына қабылданып, оқуға кірікем, бірақ мейірбанды кісілер ғой, жата бер деп жатақханаға жібермей қойған. Бір күні Қаныш Имантайұлы қызыметтөн өте көңілді келді, жұмыс үстелінің басында екеуміз әңгімелесіп отырғанда, көнет қалтасынан қызыл билет суырып:

— Федюша, мынаны көрдің бе?— деді балаша қуанған шыраймен партбилетті жүргегіне басып.— Мен де енді Коммунистік партияның мүшесімін! Бұл маған ұлken сенім!..

Қаныш Имантайұлын қуана құттықтадым.

Ұмытпасам, сол күні-ау деймін, түннің бір уағында оянып кетіп көзімді ашсам, ас үйдің есігінің саңылауынан жарық түсіп тұр. Әлдекімдердің күбір-күбір үні естіледі. Ақырын басып барып сыйғаласам — Таисия Алексеевна мен Қаныш Имантайұлы жұмыс істеп отыр, ал мезгілтаңғы сағат төрт жарым... Одан әрі жарытып үйкетаған жоқпын. Ал таңертең шай үстінде:

— Қаныш Имантаевич, сіздің жұмыс істейтін бөлменізді бұдан былай бір сағат та иемдене алмаймын, — дедім. — Бүгіннен бастап жатақханаға шығамын...»

## **ҒЫЛЫМ ОРДАСЫН КӨТЕРЕРДЕ**

1

«Қаныш Имантайұлы шамасы 1944 жылдың екінші тоқсанынан бастап филиалды республикалық Ғылым академиясына айналдыру ісіне біржолата ден қойып, сол үшін пәрменді әзірліктер жүргізді... Алматыда уақытша тұрып жатқан белді ғалымдармен ақылдасып, солардың қоштауымен Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті мен үкіметіне жаңадан 11 ғылыми-зерттеу институттарын үйлемдестіру туралы ұсыныс жолдады,— дегіті академик Ш. Ш. Шөкін «Ұлттық FA-ның ғұмыр жолы» кітабының 16-бетінде.—

Қазақстан басшылары Сәтбаевтың бұл ойын нақтылы жағдайдан алшак кеткен қияли жоба деп есептеді. Алайда Қаныш Имантайұлы мұрат еткен ісінен бас тартпай, билік басында отырғандарды ез ойна иландыру үшін қажет деп білген өрекеттердің бәрін де жасап бақты, соған тіпті КСРО FA-ның беделді академиктерін де пайдаланды... Ақырында жоба Алматыда толық мақұлданып, оған енді одақтық FA-сы мен БК(б)П Орталық Комитеттің келісімін алып, тиісті шешім шығарту қажеттігі туды. Оған да Қ. И. Сәтбаевтың өзі аттанды, Москваға аттанарда ол көмекке мені шақырды....»

Шынтуайтын айтқанда, мосвадағылар да бастапқыда Алматыдағы сияқты қисынды уәж айтып, «бұларың қиялмен шектес ұсыныс қой» дегендей қарсылық аңғартады. Әсіресе базалар мен филиалдар Кеңесі бір жылда тыңナン 11 институт ашу ешқашанда орындалмайтын іс санап, қазақстандықтар жобасына түзету жасап, жыл сайын екі іә үш институт ұйымдастырып, академия мәселесіне содан кейін оралуға кенес береді. Қанекең бірақ жасаң серігін ертіп алып, Шапық Шекіұлы бұл кезде Қазақ филиалының энергетика секторын басқаратын-ды, Орталық Комитеттің жауапты қызметкері Б. Н. Митрейкинге барады. Ол да салған жерден белгілі уәжді қайталайды. Сөйтсе де соңынан сынып, ғылым істерін басқаратын Ю. А. Ждановқа жолықтырады. Кімді болсын өзі құлай сенген іске иландыра білетін, ондай кезде тілмарлықтан гөрі ұтымды ой, мықты айғақты пайдаланатын ғалым жасаң қайраткер Юрий Андреевичті (А. А. Ждановтың бел баласы, И. В. Сталиннің күйеу баласы — қызы Светланаға үйленген) өз жобасына еліктіріп, сұхбат соңында ол «Ұсынысыңызға қарсы емеспін, тек соған FA-ның президенті В. Л. Комаровтың жазбаша келісімін алып келіңіз» деген орындалуы өте қын шарт қояды...

«Келесі күні Қазақстан өкілдігінің нұсқаушысы М. М. Рутман, Қанекең және мен үшеуіміз президент тұратын қала іргесіндегі оңаша жайға аттандық,— деп сыр шертеді Шекин ақсақал сол күні көрген-білгені жайында жарым ғасырдан соң.— Владимир Леонтьевичпен әңгіме біз үшін қолайсыздау сарында жүрді. Президент бірден-ақ «Он екіде бір нұсқаларың жоқ қанша құрал-жабдық, тексеру, өлшеу аспаптары керек. Жарайды, үкімет соншама институтқа үй-жай тауып берсін-ақ, қазіргі Алматы жағдайында бұған да мениң шүбәм бар...» дей келіп, қарсылығының аяғында «Осы мәселенұ үкімет алдына қойып отырған өздеріңнің естерін дұрыс па?» дегендей сыңайға ойысты...»

Әрине, мынандай ойлы да, иланымды уәжден соң Қанекеңнің қасындағы серіктері бұл істен ұтылғанын сезіп, үнжырғалары түсіп қамыға бастаған сәтте, филиал басшысының алыстан орағытып, сылап-сипап отырып, саяжай иесінің көңіл үдесінен шыға сөйлемен жайма-шуақ үнін естиді...

— Жо-жок, рақым етіңіз, осынша институтты бірден ашу туралы етініш жасауға бола ма екен өзі?!..— деді Комаров қатты абыржып.

— Владимир Леонтьевич,— дейді биязы жыミған Қанекен,— бұл іске төрелікті екі жаққа да бейтарап кісі, әмбे мұндай шаруаның қыбын жақсы сезінетін әйел заты айтса деймін...— Қазақ ғалымы өздеріне шай құйып отырған президенттің зайдына үмсана қарап, сөзін қарапайым сауламен түйеді.— Айтыңызшы, қымбатты қожайым, қалқайған бір баспана үй болмаса — отбасына керекті түрлі бұйым, иә жинаудың қажеті қанша?

— Әрине, әуелі үй салу керектігі ақымаққа да түсінікті!— деп Комаровтың зайды төтесінен бір-ақ түсті.

— Міне, зайдыңыз әділін айтты. Шынында да, Владимир Леонтьевич, институттың өзі болмаған соң оған күн ілгері жабдық, иә ғылыми қызметкер жинаудың қажеті қанша? Жұмысты, сірә, үйдің іргесін қоюдан бастаған жөн болар...

Сәтбаевтың қапелімде төндіре айтқан дәлелінен бас тарта алмаған президент қыбыжықтап бізге алма-кезек қарады да... кенет қолын сілтеп «Жобаңыз қайда?..» деді де, әзірленген құжаттың жоғарғы бұрышына қолын көсілте сүйкей салды...»— деп күәлік етіпті Шапық асқақал «Өмірдің төрт мезгілі» атты естелік ғұмырнамасының 138-бетінде.

Келесі күні екі қазак Орталық Комитеттегі Б. Н. Митрейкинге қайыра барады. «Сізбен дауласуға болмайды, қалайда өз дегеніңізге иліктіріп аласыз, женіс сіздікті, Қаныш Имантаевич!— дейді нұсқауши.— Әңгіме енді басқаша сарында жүреді. Сұраған институттарыңызға рұқсат та, сіздерде академия құру ісі де сәтті шешілер деп ойлаймын...»

Шынында да солай болды.

## 2

1943 жыл филиалға топырақ зерттеу және ботаника секторлары негізінде бесінші институт қосылған.

Бір жылдан соң зоология және тропикалық аурулар институты ашылды. Өлкелік патология институтының іргесі қалануы да сол жыл. Ал ҚазФАН басшылығына тікелей бағынатын секторлар саны бұл қарсанды тоғызға жеткен-ді...

Іле-шала Қ. И. Сәтбаев пен Ш. Ш. Шекиннің Москвада ұзақ жүріп тындырған ұлар-ғайыр ісі де жеміс тергізе бастады. Мәселенің тарқауы Орталық Комитеттің өзінде онды бағытқа түсken соң-ақ, ту баста қарсы болған FA-ның базалар мен филиалдар Кеңесі бұл шаруаны Москвада басты қозғаушы, ашылмақ институт құрылымдарын реттеуаш негізгі қосқа айналды. Істің сәтін енді Қазақстан үкіметі мен ондағы филиал қызметкерлерінің іскерлігі шешетін болды.

Қаныш Имантайұлының архивінде КСРО FA-ның президенті В. Л. Комаровтың Алматыға жолдаған хатының түпнұсқасы сақталған: «...Қазақ филиалының даму қарқыны, зерттеулерінің соңғы үш жылда өріс алған көлемі мен сапасы, сондай-ақ ҚазКСР Халқом Кеңесі мен ҚазФАН тәралқасы бүгін таңда жұмыс істеп отыр-

ған ғылыми мекемелердің ізденісін одан әрі күшейтіп және нығайтуға жасаған нақтылы шаралары,— депті ол 1944 жылы республика үкіметіне жолдаған ресми хатында,— академияның тера-лқасы Сіздердегі филиалды 1945 жылы Қазақ КСР-ының ғылым академиясы етіп құру туралы мәселе қоюға мүмкіндік туғызып отыр».

Осы хат келген соң-ақ іле-шала, тамыздың 18-күні Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті ғылым академиясын құруға әзірлік туралы мәселе қарап, шаралар белгілейді.

Филиалдың бұдан былайғы жұмысы, тегінде, осы қаулыға сәйкес жүргізіледі: Москва мен Алматы арасындағы ғылыми байланыс қүшейіп қана қойған жок, мұлдем жаңа кезеңге бет бұрды... Соның ең бастысы — қаулыда есімдері аталған жиырма төрт докторанттың үкімет белгілеген мерзімде диссертацияларын қорғауы. Өйткені барлығы да — ертең шаңырақ кетермек жас ғылым ордасының «ұғығын шашшушылар», қазақ елінің сол жылдары ілім көгіне таңдап шығарған үміткер ұл-қыздары. Олардың көвшілігі Алматының жоғары оқу орындарында, филиал институттарында еңбек ететін. Ғылыми жұмыстарын тезірек бітіру үшін республика үкіметі оларды негізгі міндеттерінен босатып, арнаулы стипендия тағайындаған. Бәрі де Москвада, өздері шүғылданатын ілім бойынша ізденіс қамында, ғылыми жетекшілерінің қасында... (Олардың дені бірер жылдан соң Алматыға ғылым докторы болып оралды. Бірақ үкімет жасаған кеңшілікті қыдырумен өткізіп, «құлап» келгендер де жоқ емес... Бұлар жайында Қаныш Имантайұлы ешқандай кешірім жасамай, қатаң принцип ұстанған: «Өйткені қазақтың жас ғылымы қайнар бұлак, таза кезден бас алуы керек!»)

Жан-жақты әзірлік Алматыда да жүріп жатыр. Филиалдың аспирантурасы бұл қарсаңда нағыз ғылыми мектепке айналған. Екі-үш жылдан берігі әзірліктің жеміс берер, төл төгер кезі. Дайын диссертациялар дереу қорғалуға тиіс. Дайын болуға жақындары жұмыстарын тездетіп, алды-артын жинақтасын, көмек тілейтіндері не керегін айтып мәлімдеме берсін. Ғылыми кеңес оларға жәрдем етуге әрқашанда әзір. Тек бір ғана талап қоюға болмайды: мәнсіз жұмыспен, нәтижесі дүдәмал диссертациямен қорғауға сұранба, науқан қызыуымен өтіп кетемін деп ойлама. Ғылым — базардағы делдалдар саудасы емес!...

Өндірістен келгендермен жұмыс өзгешелеу талапта жүргізілген-ди: Олардың дені «қағазbastылыққа», әсірсөе жүзденген бет диссертация жазуға мұлдем дағылаңбаған; бірақ ашқан жаңалығы өндіріске баяғыда еніп, жуз мындаған сом кіріс беріп түрғандары да бар; соны тек диссертацияға айналдырып, ғылыми жүйеге келтіріп, ресми қорғау ғана керек; ал қайсы бірін бірден-ақ ВАК-қа ұсынып бекітуді сұрау қажет...

Мәселен, Қазақстандағы ірі геологиярдың бірі Е. Д. Шлыгиннің геология ілімін терен белетіндігі жайында ешкімнің таласы жоқ. Оның Солтүстік Қазақстан аймағын ұзақ жылғы зерттеулері, геологиялық саяхаттары кандидаттық диссертация қорғауға негіз

болды. Евгений Дмитриевич көптен бері ғылым докторының міндетін атқарып келеді, кен-металлургия институтының жалпы геология кафедрасын сәтті басқарып, жұздеген геологтар тәрбиеlep шығаруы бүған айғақ. Алайда докторлық диссертациясын жазып, ресми қорғауға уақыты жоқ, бәлкім, үқыптылығы жетпейді. Филиал жетекшісі осы жайында сез бастаса-ак, Е. Д. Шлыгин әр түрлі себеп айтып, тәулігіне он бес сағат жұмыс істейтінін дәлелдеп, тіпті сабак кестесін көрсетеді. Шынында солай. Сөйтсе де геолог әріптесіне қаттырақ ескертуге тұра келді. Евгений Дмитриевич сол жолы да: «Қаныш Имантаевич, менің қолыма бір қауым үйелмен қарап отыр... Тап қазір маған ертеңің қамын ойлаудан гөрі соларға бір қап бүршақ тауып бергенім тиімдірек!» деп тұрмыс тауқыметін айтып құтылып кетті. Бұл да шындық. Соғыс күндерінің уақытша тапшылығы, ғылым иесін сол үшін қалайша кінәлайсың?.. Арада екі-үш күн өткен жоқ, филиал жетекшісінің жүргізушісі Шлыгиннің пәтеріне бір қап жасымық (чечевица) алғып келді... Амал бар ма, жалтаруға жолы тарылған, әрі ізетті Евгений Дмитриевич үйқы сағаттары есебінен жұмыс істеп, диссертациясын әзірлеуге отырды да, бір жылдан соң геология-минералология ғылымдарының докторы деген аттақа ие болды (бертінде ол республикалық академияға толық мүше болып сайланды).

Алматының ғылыми қауымы арасында сол кезде тараған қауесеттің шындығы осы, Е.Д. Шлыгиннің достарына қуле әңгімелеген: «Доктор болайын деген ойымда жоқ еді, амал қанша, Сәтбаевқа бір қап жасымыққа қара басып сатылып қалдым!» деген әзілінен туған-ды...

1944 жылдың қараша айында республикалық Халком Кеңесі дайындық тобының ұсыныстарын талқылап, ҚазФАН-ның алдағы жылдағы құралымы 16 ғылыми-зерттеу институтынан түзелсін деген жобаны бекітіп, соған орай қаржы босатқан-ды. Аспиранттар саны да 237 адам болып, филиал институттарында енді мың қаралы қызметкер (оның тең жартысы ғылыми жұмыстармен нақтылы шүғылданушы) енбек етуге тиіс-ті. Сөйтіп, бұдан екі жыл бұрын, 1942 жылдың қаңарлы, аязды қысында Қаныш Имантайұлы ғылыми сессияға қатысушылар алдында сәуегейлікпен жария еткен дүдәмал іс қол созым жерде тұрған айқын нысананаға айналған еді. Бұл шаруаға аз-кем қатысы бар жүрттың бәрі де енді «Көрінген таудың алыстығы жоқтығына...» сеніп, тапсырылған істі құлшына атқаруға кіріскең-ді.

Соған орай даңқты 1945 жыл да жаңа ғылым ордасының шаңырағын көтеруге қызу әзірленіп жатқан филиал жетекшілеріне көптеген әбігершілік әкелген-ді. Әсіресе Қаныш Имантайұлы үшін. Сол күндерде ол Алматыдан да гөрі Москвауда көбірек болатын. Жалғыз филиал тәрағасы ғана емес, үкіметтің жауапты қызметкерлері де. Қаншама қауырт шараларды жүзеге асыру шарт, жаңадан құрылған ғылыми институттардың күн сайынғы зәру қажеттері – білгір қызметкермен кемектесуден бастап зерттеу жабдықтарын табуға шекті... Бір тәуірі, академияның президенті В. Л. Комаров қазақстандықтардың мұн-мұқтажын

жақсы біледі. Оларды кезексіз қабылдайды және әрбір кездесу де: «Біз сендерге соғыс жылдарында қарызданып қалдық, әсіресе қонақжай ізеттеріңіз үшін. Міне, енді соның есесін қайыратын кезен туды!» деп әзілдеп отырып-ақ талай-талай күрделі мәселені оп-онай шешіп береді...

Сейтіп әбігер жұмыстар сонында сабылып жүргенде көктемде келіп жетті. Төрт жылдан бері бүкіл халқы, прогресшіл адамзат аңсаған, зарыға күткен Женіс күні туды...

Қазақ елінің Женіс мейрамын қуаныштаған дүбірі басылмай-ақ тағы бір мерекенің хабары келіп қалды.

КСРО Ұылым академиясы өзінің 220 жылдығын салтанатты түрде атап өтпек. Кім-кім, қазақстандықтар бұл мерекеге қатысуға толық хақылы. Сондықтан да үкімет пен партия филиал құрамында жұмыс істейтін 50 ғалымды түрлі дәрежелі ордендермен, 25 кіші ғылыми қызметкерлер мен лаборанттарды медальдармен марапаттауы — Қазақстанның тым жас ғылыминың соғыс жылдарындағы ересен еңбегін аса жоғары бағалау, ал филиал жетекшісі бұл топтан даралып және ФАНЫҢ әйгілі ғұламалары қатарында аталаған, өмірінде екінші мәрте Ленин орденіне ие болған-ды... (Шындығын айтқанда, Қ. И. Сәтбаевтың бұл сол жылы екінші қайтара құрметке бөленүі: Қазақстан үкіметінің ұсынысымен ол соғыс жылдарындағы үздік те жаңқиярлық еңбегі үшін Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі мадақ орденімен марапатталған.)

Қазақстандықтар делегациясын Москваға Қаныш Имантайұлы бастап барған. Оның міндеті — мерекеге қатысу ғана емес, Москва мен Ленинградтың ғылыми мекемелерінің жұмысымен, олардың құрамымен жете танысып, тағылым-тәжірибе үйреніп қайту. Бұл да ертеңгі ұлан-асыр жұмыстың қамы...

**Т. А. Сәтбаевының естелігінен:** «...Академияның мерекелік мәжілісі маусымның орта кезінде, Ұлken театрда өтті. Қаныш Имантайұлы маған да шақыру билет әкеп берді және жақсы орынға: үшінші ярустың бірінші қатары, президиумға ұрымтал түрған бүйір балкон. Орныма отыра беріп көршіме қарасам — Михаил Калинкиевич Коровин, Том технология институтында өзімді оқытқан профессор, арада еткен жиырма жыл ешқандай өзгертулған. Ізет білдіре амандасып, шәкірті екенімді есіне салып едім, профессор бетімे үңіле қарады да: «Сіз Таня, әлде Тася? Айыра алмай тұрмын», — деді. Сірә, уақыт көші мені кебірек есейткен, ал Таня деп отырғаны — жан құрбым болатын.

Партерге келе бастаған шетелдіктерді түстеп отырмыз. Көпшілігі атластан жамылғы (тори), түрлі түсті кіимдер киген, бастарында төрт қырлы қалпақшалары бар. Михаил Калинкиевич танитындарын маған көрсетіп қояды. Бір мезетте шашы аптақ қудай кексе әйелұзын бойлы, ашаң жүзді еркекті қолтықтап келіп, бірінші қатарға жайғасты. Сейтсем, бұл екеуі есімдері дүние жүзіне әйгілі Ирен мен Фредерик Жолио-Кюрилер екен.

Салтанатты мәжіліс басталған соң құрметті төрде отырғандарды түстеуге көштік. Оның екінші қатарынан мен тағы бір ұстазым — Социалистік Еңбек Ері, академик Владимир Дмитриевич Кузнецовты таныдым. Ол кісі физикалық лабораторияда бізben практика жүргізген-ди. Қасында өзінің шәкірті Қаныш Имантайұлы отыр. Коровин маған оны да саусағымен нұсқап: «Әне бір батыр тұлғалы, маңдайы қасқа, жүзі парасатты кісіні танисың ба? Ол — атақты қазақ ғалымы, менің сүйікті шәкіртім! Ұстазынан шәкірті басып озды деген осы, бұл жайсан туралы естісің әлі!...»— десін біржосын мактандырып сезіммен және ерекше шаттана лепіріп... Мен ештеңе деместен жыミдым да, жыныға шақыру билетімді көрсеттім: ал онда «...Т. А. Сәтбаева» деп жазылған-ды...»

Қазақстандықтар үшін дайындықтың ең қыын да қызу кезеңі туды. Жобада аталған институттар негізінен шаңырақ көтергенді. Бәрі де дерлік басшы қызметкерлерін белгілеп алғып жұмысқа кірісті. Алайда көпшілігінің аты болғанмен, заты жоқ-ты: қайда тізе бүгіп отырып жұмыс істерін білмейді; институт директорының барлық іс қағазы көбіне қолтығындағы портфелінде жүреді; ақша құжаттарына басатын мөрі — есепшінің қалтасында... Тап болған тығырық жағдайдан жол қарастырып, филиал жетекшілері үкімет үйіне барады, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетіндегі лауазым иелерін де жиі-жиі мазалайды.

Шынтуайтын айтқанда, олардың қалтарыста ұстап отырған үй-жайы жоқ-ты. Соғыс қарсаңындағы Алматының ұсқын-келбетін еске түсіріп керініз: өңкей бір қиғаш көшелерде сап түзеген тоқал үйлер; көпшілігі екі қабатты түрғын жайлар; ал кеңсеге лайық ғимараттар саусақпен санағандай-ак; бұлардың жібі түзулеріне үкімет кеңсесі мен түрлі наркоматтар орналасқан; олардың қайсысын қыып шығасың... Қысқасы, ірге көтерген 11 институтқа ең кемі төрт-бес ғимарат табу керек-ти. Амал қанша, кейбір жайларға бес-алты ғылым ошактарын тықпалауға тұра келген. Анығында кейбір институттар соғыс кезіндегідей бір ғана кабинет алғып, оның өзі директорға тиіп, қалған қызметкерлер соның алды-артына сыйылысып тұрып (отыруға орын жоқ-ты), тиісті нұсқау, тапсырма естіген соң қағаздарын құшақтап үйіне жәнелетін. Жиі мазалаудың ақыры кейде басшылар тарапынан реніш те туғызған: «Осының бәрі қияли Сәтбаевтың нақтылы мүмкіндікпен санаспай, тежеусіз ойынан туған машақат! Бірер жыл алды-артты жинап, ең әуелі үй-жай, ғимараттар салып алғып ашсақ та, академия қайда кететін еді бізден...» дегендей.

Қанша тырысып, іс-әрекетті қүшейтіп жанталасқанмен, Қазақстанның 25 жылдық мерекесіне орай ғылым ордасын ашудың ауылы қашық екендігі мәлім болды. Ал бір жылға шегініс сұрап Москваға хат жазуға үкімет басындағылардың құлқы жоқ, ол кезде мұндан рәсім сот алдында жауап бергенмен бірдей-ди...

Алайда құдай тағала дес беріп, не істерін білмей сасқалақтаған республика басшыларын қысталана жағдайдан Москвадағы әлей үкіметтің өзі құтқарды: КСРО Халком Кеңесінің төрағасы,

әмбе Сыртқы істер халкомы В. М. Молотов Потсдамдағы халықаралық конференцияда айлап жүріп Одақтағы қыруар шаруаларға мойын бұра алмауына байланысты, Қазақ КСР ғА-сын ашу жөніндегі үкімет қаулысына қол қоймаған; оның қолын ауыстыруға болмайды екен — бұл да сол бір қатандықтың ешкім бұзбайтын қатыбас рәсімі... Сол себепті біздің ел республика болғанына ширек ғасыр толған тойын ғылым академиясының өткізді. Әрине, оған қатты қиналып ренжіген жан болған жок, қайта өз-өзінен дайындыққа бір жылдай кеңшілік алған зиялыштар тобы уә десіп еркін тыныстаған-ды.

Қара құзде В. М. Молотов та Германиядағы ұзақ сапарынан оралып, Қазақстандағы шынайы ахуалмен танысып, мән-жайға қанған соң, КСРО Халком Қеңесінің кеңейтілген мәжілісін шақырып, ақыры 1945 жылдың 26 қазан күні «Қазақ КСР-ының ғылым академиясын құру туралы» тарихи қаулы қабылдауға мұрындық болған-ды. Онда ділгір-ау деген ең басты шаралар қадау-қадау аталып, республика үкіметі мен КСРО ғА-ның тәралқасына барлық жобаланған істерді тездетіп бітіріп, жаңа ғылым ордасының шаңырағын алдағы жылдың 1 маусым күні көтеру міндеті жүктелген-ди...

Кеңшілікке берілген жеті айда, үкіметте, филиал басшылары да, әсіресе «айтқанынан қайтпайтын, өзі өтірік айтпайтын, өтірік айтқанды жақтырмайтын, біртілді һәм қолында құш-қуат бар» жігерлі басшы Н. Д. Оңдасынов та, «қандайда бір істін қыбын таба білетін, үлкен-кішіге бірдей қадірлі!» Қ. И. Сәтбаев та былайғы жүрт «мүмкін емес, шарасыз іске не жасаймыз?» десіп қолын сермеген көп шаруалардың басын қарайтып, кей жағдайда жоқтан бар жасаған. Қалайда үлттық мерей үшін сол күнде өздері аса мұдделі болған ұлы істің енді кешікпеуіне қажетті игліліктің бәрін де үйимдастырған.

**Ш. Ш. Шөкіннің «Ұлттық ғА-ның ғұмыр жолы» кітабынан:**  
«...1946 жылдың наурыз айында үкімет филиал қарауына Госпиталь (қазірде Жамбыл атындағы) және Ұйғыр (бертінде А. Байтұрсынов аталған) көшелерінің қылысына салынған 36-мектептің ғимаратын босаттырып берді, бұған дейін онда әскери емхана болыпты. Әрине, үйдің қаңқасы ғана сақталған, сау-тамтығы қалмай бүлінген күйде қабылдадық. Басшылардың нұсқауымен осы ғимаратты тез арада жөндей, әжетке жарату міндеті маған жүктелді, қарауыма құрылыш мекемесі берілді.

Жұмысты екі сменамен атқардық. Бояушы, сылақшылардың жалпы қарасы 220 адам, ал құрылышшылардың саны — 300. Тәуліктің жырма төрт сағатын сонда өткіzetін boldым, диванда жатып дамылдаған тұндерді бастан кештім, ас-суды үйден әкеліп беретін күндер жиі қайталана бастады.

Республика басшылары да күн құргатпай келіп тексеріп қояды. Сөүірдің екінші жартысына ауған күндердің бірінде сол жылы Қазақстан партия үйимына бірінші хатшы бол сайланған Жұмабай Шаяхметов (партияның көрнекті қайраткері, Қазақстанның

көркеюі үшін өте иғі істер жасаған жан еді, қазірде соны елеп-ескеруші жоқ, мұлдем ұмытып кеткеніміз әділдікке жатпайды) келді. Жөндеу жұмыстарын көрген сон, риза болды білем: «Ертеде бір шал кемпірінен дамбалды тігіп болдың ба деп сұрапты, бәйбішесі сонда «біттім, тек бауы мен ауы қалды» десе керек... Сендерде де солай екен,»— дей тұрып, қасында еріп жүрген құрылыш басшыларына қалған жұмыстарды аяқтаудың мерзімін атап, қосымша тапсырмалар жүктеді. Олар да хатшының сезін бұзбай, айтылған жұмыстарды уақытында тындырып таставады.

Қаныш Имантайұлы да күн сайын дерлік келіптүрді. Жөндеуді біз 1 Май мерекесі қарсаңында бітірдік. Бұл ғимаратқа филиалдың бақандай алты институтты орнықты: химия, энергетика, зоология, сынақшы биология, өлкелік патология мен ботаника және микробиология секторы...» (20-б.)

1946 жылдың көктемі туды. Қарамы молайған ғылыми-зерттеу институттары мен республиканың жоғары оқу орындары тұңғыш сайлайтын академиктер мен корреспондент-мүшелердің есімдерін атай бастады...

Салтанатты сәтке екі аптадай мерзім қалғанда Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті мен республика үкіметі шақырылмақ құрметті қонақтардың филиал тәралқасы жан-жақты ойластырып ұсынған тізімін бекітті: оның құрамы сан алуан және әр қаладан, тізімнің ту басында — КСРО ғА-ның сол жылы сайланған жаңа президенті Сергей Иванович Вавилов (В. Л. Комаров өзі бастаушы болған иғі істің туу сәтіне жете алмай дүниеден озған-ды)...

Бұл тізім жә деlíнген күні-ақ филиал жетекшісінің көмекшісі Сұлтан Оспанов Москваға үшқан. Оған айтылған үәж: қазақ халқының құрметтеу рәсіміне сай әрбір шақыру қағазы құрметті қонақтардың өз қолына тапсырылуға тиіс!.. Қағылез көмекші бұл міндетті сәтті орындаған сынды...

### 3

Академияның ашылу салтанатына шақырылған құрметті қонақтар Алматыға 24–25 мамыр күндері келген-ді.

КСРО ғылым академиясы делегациясының өзі он тоғыз адам, оның құрамында вице-президент И.П. Бардин бастаған кеңес ғылыминың сол күндегі таңдаулы, бетке ұстар жарық жүлдзыздары, орыс ғылыминың мақтанышы аталған саңлақ өкілдері бар, бұларды, анығында, академияның тәралқасы ресми жөн-жобамен атаған. Алайда аяқ астынан ауырып қалғандықтан, президенттің өзі келе алмапты, ауруханада жатып, шын жүректен құттықтап көл-көсір жеделхат жолдауға мәжбүр болған. Қазақстандықтар өз тарапынан да бір топғалымдарды және Москва, Ленинград және бірнеше ірі қалалардың, республикалардың қайсы бір ғылыми-зерттеу институттарының жетекші қызметкерлерін шақырған. Бұлардың көпшілігі республикадағы алғашқы

блім ошақтарын ашуға қолғабыс еткен, енді бірі — Қазақстанда ұзақ қызмет істеп ұлт кадрларын тәрбиелеуге, ғылымға баулуда еңбек сінген қадірменді мамандар, ал қайсы бірі — күні бүгінге дейін аспирантураға жіберілген қазақстандықтарды оқытып, ұстаңдық етіп келе жатқан ұлағатты жандар, түрлі-түрлі ғылым иелері.

Тау баурайындағы алма бағының гүл атып мейлінше жасанған жайдары кезі. Күн әлі қызбаған шақ. Қала да ақ бас Алатай шыңдары көмкерген сұлу табиғаттың мейірлі құшағында, жасыл орманның қоршауында тұнып, ерекше жасанып, бар көркімен құлпырып, құшақ жайып түрғандай...

Ежелден қонақжай қазақ елі туған жерінің кіндік қаласында ғылым ордасының шаңырағын кетеріп, уық шаншуға келе жатқан қадірлі меймандарын қуана қарсы алған. Поездан түскен сәтте ақ олардың қолына гүл шоқтарын ұстасып, дос құшақтарын айқара ашып, қалтқысыз ашық көнілмен құшып, сөз бер жырдан шашу шашып, әр түрлі ізет-жоралғылар жасап құрмет білдірген. Тау баурайындағы ең жақсы демалыс үйлеріне орналастырып, шын жүректен пейіл білдіре күткен-ди.

Сол қарсанды филиалда он жеті ғылыми-зерттеу институты мен он бір сектор жұмыс істейтін. Оларда бір мың алты жүздей адам еңбек етеді. Бұлардың тоғызы жүзден астамы ғылыми қызметкерлер. Ірі өндіріс орталықтарында жеті ғылыми база үйимдасқан. Барлық институттар мен секторларда өздерінің өсу жолын, зерттеу тақырыбын, оның нәтижесін бейнелеген көрсеткіш тақталар, әр қылыш диаграммалар, фотоальбомдар, арнаулы көмелер үйимдастырылған. Ал геологиялық ғылымдар институтында минералогия мұражайы ашылған. Оның тас мұрағаттары Одақтағана емес, дүниежүзілік кене геология көмелерінің қайсысымен болсын таласқа түскендей бай да көрнекті және қазақ даласының табиғи минералдар қорын бейнелейді. Қаланың қақ ортасындағы Шевченко мен Артиллериya (қазіргі Құрманғазы атындағы) көшелерінің аралығындағы кең алаң уақытша дуалмен қоршалып, академияның әкімшілік үйі түрғызылғатын орын деп жарияланған.

### **В. А. УЛЬЯНОВСКАЯНЫҢ естелігінен:**

«1939 жылы осы жаққа тұнғыш келгенімде көргеніммән салыстырсам — өзгерістер, шынында да, таң қаларлық. Рас-аяу, сол кезде маған біреу алты жылдан соң филиал осындай түбебейлі өзгеріске ұшырайды, керемет өседі десе — ешбір сенбеуім хак...

Үш доктордың орнына жетпіс сегіз ғылым докторы мен профессор! Он адамның ғана кіші ғылыми атағы бар еді, ғылым кандидаттарының өзі енді жүзден астам. Олардың дені ұлт мамандары. Архиерейдің кеңесесіндегі жұпның үйде филиалдың барлық секторлары емін-еркін сыйып отыратын еді, онда енді бір ғана ИГН қалыпты. Ал өзге институттар үлкен-үлкен ғимараттарға орналасқан. Және солардың бәрі — уақытша қоныс!... 1939 жылы елу

процент қана орындалған зерттеу жоспары да ғылымның түрлі саласына жіктеліп, терен де пәрменді іздеулермен ұштасқан. Кеңес Одағын шет жүрттары «Таңғажайып оқиғалар ел!» деседі. Соның бірін мен Қазақстандағы ғылым өрісінен көріп отырымын. Бұл «ғажапты» қарапайым біздің адамдар жасады, ез жұмысын шебер үйімдастыра білген үлкен ұжымның тамаша жемісі. Осының бәрінің басы-қасынан Қазақ республикасының зерек те алғыры, аса ізетті басшыларын көремін. Әрине, соның бәрінен де бұрын тыным білмейтін, бірақ соншама парасатты Қаныш Имантаіユлының жарқын да келбетті, жігерлі тұлғасын танимын...»

1946 жылдың бірінші маусымы, ертеңгілік мезгіл. Қазақстан зиялышарының таңдаулы өкілдері — ғалымдар мен әдебиет, көркем өнер қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары мен жетекші мамандары — Қарағанды мен Жезқазғанның, Ембі мен Кенді Алтайдың, Балқаштың жұмысшы делегациялары, Алматыдағы жоғары оку орындарының оқытушылары, жауапты партия қызметкерлері, Москва мен Ленинградтан, Орта Азия республикаларынан келген ресми қонақтар Абай атындағы академиялық опера және балет театрының залына лық толған. Жұрт мереke күніндегі кинден. Шынында да, бұл — қазақ елінің рухани өмірінде бұрын-соңды болмаған мәдени ұлы оқиға! Қандайда зор мерекеден асып түскендей тарихи елеулі кезең!

Құрметті төрде республиканың үкімет пен партия басшылары, есімдері дүние жүзіне, Одаққа әйгілі қонақ академиктер, ҚазФАН-ның жетекші алқасы...

— Қымбатты жолдастар! Біз бұгін тарихи мәні аса зор, бәрімізді бірдей тебіренткен ұлы оқиғаға куә болып отырымыз. Біз бұгін Қазақ Кеңес Социалистік республикасы ғылым академиясының шаңырағын көтеруге жиналдық,— деп бастаған-ды салтанаатты мәжілісті үкіметтің әзірлік тобының тәрағасы Н.Д. Ондағынов.

Беташар лебізінің сонында ол Қазақстан КП(б) Оралық Комитеті, Министрлер Кеңесі мен Жоғарғы Кеңесі Тәралқасының Қазақ КСР ғылым академиясын құру туралы тарихи қаулысын жариялау үшін сөз кезегін Орталық Комитеттің хатшысы Мұхаммеджан Әбдіхалықовты мінберге шақырды. Одан соң Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары Исағали Шәріпов жүрт алдына шығып, тұңғыш ғылым ордасының алғашқы толық мүшелері мен корреспонденттерінің үкімет бекіткен құрамын жариялады.

Қазақ КСР ғылым академиясының толық мүшесі болып астро-физика ілімі саласында дүние жүзіне есімдері мәлім ғалымдар — В. Г. Фесенков пен Г. А. Тихов аталды. Геология ілімдері бойынша бүкіл өмірін Қазақстан геологиясын зерттеуге сарп етіп келе жатқан білімпаздар — Н. Г. Кассин мен М. П. Русаков, соларға ілесе шыққан бұл ілімнің екінші толқын ізбасарлары — Қ. И. Сәтбаев, тарихшы С. В. Юшков, паразитолог И. Г. Галузо, биохимик һәм техника ғылымдарының докторы М. И. Горяев сайланды.

Топырақ тану ілімінен — А. И. Безсонов, ботаникадан — жүрттың бәріне танымал, ізгі жан Н. В. Павлов, химиядан — Қазақстанда осы ғылымның негізін салушы, республикағы тұнғыш университеттің химия кафедрасын ұйымдастырушы Ә. Б. Бектұров; әдебиеттен — қазақ елінің кемеңгер жазушысы атана бастаған бірегей дарын иесі М. О. Өуезов пен филолог Н. Т. Сауранбаев; тіл білімінен — С. Қ. Кеңесбаев; өнертану саласынан — музыка зерттеуші, композитор А. Қ. Жұбанов; корреспондент мүшелікке биологтар К. М. Мыңбаев пен Н. О. Базанова, ботаник А. М. Фаббасов, археолог-тариҳшы Ә. Х. Марғұлан, филолог Қ. Ж. Жұмалиев, геологтар Р. А. Борукаев, А. М. Машанов, түсті металлургия білгірлері, Алматыдағы тау-кен институтының профессорлары Х. К. Аветисян мен В. И. Смирнов, кенші-ғалым А. В. Бричкин, химиктер Г. Н. Удинцев пен М. И. Усанович, физиолог А. П. Полосухин, қолы шипалы дәрігер-хирург А. Н. Сызганов, физик С. Н. Боголюбский... жыны 30 ғалым аталды.

Осыдан кейін Қазақстан үкіметінің басшысы республика ғылыминың даму тарихы мен алдағы міндеттері жайында баяндама жасау үшін сөз кезегін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа берді.

—... Өзінің ғасырлар бойғы ұзақ тарихында қазақ халқы қылы замандарды басынан кешірді. Бағзы бір уақытта ол ғүлденген мәдениеті, сәулетті шаһары, сан қылы кәсібі бар, Батыс пен Шығыс аралығындағы сауда-саттық, алыс-беріс дәнекері атанған іргелі ел болатын. Қалалары жүзіктің көзінен өткендегі әдемі, аттары да өзгеше еді: Тараз, Алматы, Отыrap, Сығанак, Шаш... Оларда әр алуан білім ошақтары өркен жайды; ғылым сарайлары құрмет-қадірде ұсталды. Амал не, жолындағының бәрін өрттей жалмап келе жатқан монгол шапқыншылығы қазақтың даласын ғана емес, қаласын да аяған жоқ; көкорай шалғынды жайылымдар түл болды; ғүл бағы жайқалған қалалар құл болды; Отырападай дүниеге әйгілі қаласы, Әл-Фарабидей ұлы ғұламасы бар қазақ елі мешеу тіршілікке жолығып құл болды... Сонан бергі ұзақ замандарда ол атағы көмескі, мәдениеті мешеу, егіншілік кәсіптен, демек, отырышы өмірден хабары аз, ертелі-кеш мал бағып, үйір-үйір жылқы өсіріп күнелткен көшпелі-номад ел атанды. Оның жиырмасыншы ғасырға дейінгі тірлік-тынысы, негізінен, үйқылы-ояу дерлік жүрдім-бардым күй кешті. Патшалы Ресей қазақ халқының сауат деңгейін көтеріп, дала кіндігінен ілім мен білім ордаларын тұрғызуға мүдделі болған жоқ. Әзбетімен оқып, бірлі-жарым жарып шыққан оқығандарына қысым көрсетіп түрмеге салды, қиян шеттерге жер аударды... Сөйтіп жүргенде Қазан төңкерісі болып, біздің жүртты қараңғылық құрсауынан жарық дүниеге алып шықты. Міне, сонан беріде небәрі ширек ғасыр мерзім өтті. Керікті мәдениеті мен көркейген ғылымы бар, әдебиеті мен енері қайта ғүлденген, кәсібі мен тірлігі сан сала бойынша өрбіген қазақ елі бүгін бағзы бір дәуірлерде біржола құрып кеткен, жер астында топырақ жамылып қалған ілім сарайларының үстінен ғылым ордасының биік шаңырағын қайта көтеріп отыр...

Әлбетте, алқалы топ алдында айтары мол, мәнді ойын нақты айғақ, келелі іс, биік мұраттармен, қажет жағдайда асқақ қиялмен де ернектеп, тыңдаушы жүрттың құлақ құрышын қандыра білетін қазақ ғалымы, тіл енерін ежелден үкілеп аспанға көтерген үлттымыздың бұл замандағы шешен перзенттерінің, бірі бұл жолы да елі күткен биіктен көрінді. Уш-төрт жылдан беріде жатса-тұрса ойынан кетпей, құнді тұнгә жалғап, жарғақ құлағы жастықта ти-мей тынымсыз қам-қарапетке түскен арман ісі жайында, оның бүгінгі тынысы мен ертеңгі өрісі хақында, ту алыстағы көкжиек пен қол созым берідегі міндеттерін ғылымның сан-салалы жүйелері бойынша даралапта, саралапта айтып берсін. Осы жолда шеккен көп бейнетінің төлеуіндей тап бүгінде зор құрметке бөленіп, туған халқының құллі оқымысты қауымының, қала берді ескен елінің атынан сөйлеп, шырқау көңілі ерекше өрлеген айшықты бақыт сәтін кешіп тұрса да, ежелгі кішіпейіл де ешбір мен демейтін қалпынан өзгерген жоқ, байсалды да парасатты қүйінде қалды. Неше алуан келелі іске үлкен үлес, іскерлік қайрат қылса да, бәр-бәрін партияның ісі, үкімет қамқорлығы етіп тұлғалап көрсетті.

Әрине, айтары өлі де көп болса да баяндамасын бір сағат деңгейінде бітіріп, өзіне қол соғып қошамет білдіргендеге иіле ізет жасап, тәралқа қатарындағы орнына бет алды. Дәмді сөздің тәттілігі мен сезімді қозғаған әсер-қуаты әлсіремей тұрғанда, дер кезінде бітіргені де жарасымды болды...

Бұдан кейін құттықтау сөзге шыққан құрметті қонақтардың қысқа да тұжырымды лебіздөрі мерекелі салтанатқа жиналған зиялы қауымның жан жүйесін одан әрі тебірентсін: КСРО FA-ның бірінші вице-президенті, әйгілі металлург-ғалым И. П. Бардин, Ленинградтан келген академик И. И. Мещанинов, москвалық академиктер А. Н. Заварицкий, В. И. Скрябин, М. М. Завадовский, К. А. Григорьев, Өзбекстанның FA-ның президенті Т. Н. Қарыниязов, КСРО FA-ның Түрікмен филиалының төрағасы Б. А. Қаррыев, Тәжік филиалының өкілі А. Д. Жалелов... Қонақтардың қайқайсысы болсын қазақ елінің шаңырақ көтерген жас ғылым ордасына игі тілек, шынайы қуаныштар білдіріп, жүрт көңілін өсіре түскен-ді.

Жаңға жайлы шуағы мол маусым айының 3--7 күндері аралығында үкімет үйінің мәжіліс залында жаңа академияның ең алғашқы жалпы жиналысы, соңынан тұнғыш ғылыми сессиясы өткен-ді.

Бұл жолғы мәжілісті де үкімет басшысы Н. Д. Ондасынов басқарып, ә дегеннен-ақ жүрт көңілінен шыққан ұсыныс жасаған-ды: қазақтың ғылым академиясының жарық дүниеге келуіне шапағаты тиген, жан-жақты зерттеу-ізденістер бастаудың айтарлықтай қолғабыс еткен орыс ілімінің С. И. Вавилов, И. П. Бардин, В. А. Обручев пен И. И. Мещанинов сынды салауатты өкілдеріне шексіз ризалық білдіре отырып, оларды өз құрамына құрметті мүше етіп сайлауды қажет деп біледі... Жиналысты жүргізушінің ұсынысы

бірауыздан макұлданып, ду қол соққан ғалымдар тік түрегеп, есімдері аталған ғұламаларға қошамет білдірісті...

Осы рәсім орындалған соң жиналысты басқарушы Нұртас Дәндібайұлы қазақы бір өзіл айтып, сөзінің аяғын «Ау, жолдастар, өңкей ғұламалар алдында тұрып, орталау дәрежелі біліммен менің екі күн ұдайы сіздерге төбе би болғаным қолайсыз іс емес пе?»— деп, бұдан әрі мәжілісті басқару тізгінің қазақстандық ең кексе академик Габриил Адианович Тиховқа ұсынған-ды.

Салтанатты жиынға жиналған зиялғы қауым кешелі-бүгін күпті боп күткен, құллі республика жұртшылығы да радио хабарына құлағын тіккен айшықты сәт туды. Соны сезген, әрі жүргегі толқып тебіренген Г. А. Тихов та сәл көмекілеу үнмен:

— Қымбатты жолдастар, академиямыздың тұңғыш президентін сайлауымыз керек. Кімде қандай ұсыныс бар?— деп залға маңқия қарады.

Залдың ортағы тұсынан биология ғылымдарының докторы, профессор, бүрнағы құні тұңғыштардың қатарында жас академияға толық мүше боп сайланған Илларион Григорьевич Галузо жайлап тұрып, төрдегі мінберге келді де:

— Қымбатты қазақстандықтар, әріптестер, КСРО ғылым академиясының тәралқасының ұсынуы бойынша, әрі кеше ғана сайланған бір топ академиктердің атынан Қазақ ғылым академиясының тұңғыш президентіне бәрімізге тым жақсы таныс, қадірменді әріптесіміз, ғылыми ақыл-ойының тереңдігі мен ерекше сонылығы бізді әрдайым таңғалдырып, әрі сүйсінтіп жүрген замандасымыз, КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, коммунист Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты ұсынамын,— дегенде залдағы көпшілік біршама уақыт дүркірей қол соғып қуаныш білдірсін.— Сәтбаев жолдас — геология-минералогия ғылымдарының докторы, жұзге тарта ғылыми еңбектері жарияланған, бір ғажабы, бұлардың көпшілігінің өндірістік мәні зор немесе ірі зауыттар салуға негіз болған, ол жуықта ғана Сталиндік сыйлықтың иегері атанды. Бұларға қоса ол Қазақстан ғылымына өнбебігі сіңген қажырлы қайраткер...— деп, өзі ұсынып тұрған үміткердің өмірбаяндық деректері мен ғылыми жолын екшей бағындал берген-ді.

Биологтан кейін мінбеке тілші, әдебиетші, тарихшылар мен қоғамдық ілімдер екілдерінің атынан академик М.О. Әуезов шығып, ол да Семейдің мұғалімдер семинариясында оқыған кезінен өзіне етene таныс, ұзенгілес інісі һәм бір ниеттес білімпаз тұрғыласын бейнелі теңеулермен бипаздап, сылап-сипап, небір қанатты сөздермен үкілеп тұрып, ақырында: «Кім-кім, дәл бүгінде Қазақстан ғылымын Қаныш Имантайұлынан асырып, ілімнің бар саласын өз ділінде танып-білер әрі жете түсінер, демек, сәтті басшылық жасар үздік ғалымды өз басым білмеймін... Сондықтан, жолдастар, осындаидара кісінің өз ортамыздан шыққанына тәубе дей тұрып, бір адамдай дауыс беруге шақырамын!»— дегенді. Одан соң осы ұсынысты қолдан жер ілімдерімен шүғылданатын ғалымдар атынан Н. Г. Кассин және Н. В. Павлов сөйлемеді. Бұра

тартқан бөгде пікір туған жоқ, езгедей үміткерлер де аталған жоқ. (Ондай көрсекұзылар кейіннен ғалым басына қара бұлт үйрілген кезде тіл беземек.) Сол себептен де залдыры жүрт тұс-тұстан дауысқа салайық десіп ынта білдірген-ди.

Сайлаудың нәтижесі жүрт күткендей болды. Қарсы болған, қалыс қалған да бір жан жоқ. Жамырай қол көтерудің аяғы тағы да дүркіреген қол соғуға ұласты. Жиналысты басқарушы Габриил Адрианович қос қолын бірдей көтеріп, өрепкіген көптің дабырын әрен ғасып, жас қазақ академиясының тұнғыш президентін бірауыздан сайлануымен құттықтады, мінбеге шақырды.

Қаншама байсалды, парасатты дегенмен жүрек шіркін сыр беріп, жан-дүниесі тебіреніп, көңіл шарқ ұрған айтулы сәт еді, бәсендедеу үнмен «Ым-ымдап» бастап, тамағын кенеп алды да, ең әуелі өзіне зор сенім, құрмет көрсетіп, ауыр міндет артқан ғылыми әріптестеріне рақмет айтты, ел үмітін ақтау жолында бойындағы күш-куатын аямай сарқа жұмыстайтынына иландыра сейледі. Бірте-бірте ғалымның үні ширап, тілмәр шешен машығына түсіп, сөреге жақындаған сайын суырыла шыққан бәйге атындағанда даралып, ой сенгірін төпеді.

— Кеңес халқының алдына қойылып отырған ұлы міндеттер ғылым иелерінен орасан зор жігер-қайрат, қыруар еңбек, жарқын ерліктер талап етеді... Біз әрқашанда емір талабына сай ізденіс жасауға тиістіміз. Халық шаруашылығының өркендеу жоспарының орындалуына, оның аршын адыммен алға басуына өнеркәсіп ұжымдарымен бірге біз де жауаптымыз!... Сонымен бірге әрбір ғылым саласы күнбе-күнгі құйбің тіршілік тауқыметі төңірегінде қалып қоймай, түбекейлі зерттеулермен, ілімнің алдыңғы шебіне шығаратын теориялық іргелі жұмыстармен де шұғылдану мұрат! Тұтеп келгенде, бұл Қазақстан ғылымының өрісін кеңейтеді... Ғылымға тек аспирантура, докторантуралық арқылы келу — бірден-бір тете жол болып қалыптасқан дәстүрге айналды. Бұл негізінен дұрыс та, бірақ диссертация қорғап, мұдделі атакқа жету — ғылым үшін үнемі пайдалы деуге болмайды. Нағыз ғылым жолы — ел кәдесіне жааралық жаңалық ашып, оның шаруашылыққа тигізер әсерін күштейту, ілімді алға сүйреу болмақ. Ғылым жалған мадақты сүймейді, ғылымның биік сарайына біреуді жақсы көріп, іә жалпақтап жүріп кіре алмайсың. Ғылым ымырашылдықты, бос мақтан даурықпалықты, өтірік мәлімет, есек-аяңды, көрсекұзыларлықты да көтермейді. Оған тұзу ниет, таза жүрекпен бару керек. Ұлы Абай айтқандай: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз!» Бұлай істесек — өзімізді ғана емес, ел сенімін алдап, ертеңгі шығар тауымызды аласа еткеніміз, асыл ниетті қорлап жермен-жексөн аяқасты еткеніміз. Ғалым әріптестерімді мен кішіпейіл болуға, табысқа бас айналмай, бос мақтан, жел сөзге елікпей әлеумет үшін зор жұмыстар істеуге, ел есінде қалатын тарихи ұлы игіліктөр тұрғызуға шақырамын!..

Сол жылғы көктемде Қаныш Имантайұлының жасы қырық жетіге толған-ды. Ел ағасы атанған, ақыл-оый кеменгерлікке ауған шабытты көзі. Ғылымдағы салмағы да ерекше сараланып

шынайы ғұлама деп танылған, өнер-дарыны туған халқын сүйсінтек айшақты жылы. Жұлдызы биіктеп барынша жарқырап шыққан шақ!

Жыл басында (ақпан, 1946) өткен бүкілхалықтық сайлауда КСРО Жоғарғы Кенесіне депутат болып сайланған. Сегіз айдан соң, 30 қарашада болған кезекті жиында мерейі тағы да үстем шығып, КСРО Ғылым академиясына толық мүшелікке жетті. Бұл да нұр үстіне нұр болған игі іс, Қ. И. Сәтбаевқа дейін бірде-бір Шығыс перзенті жетпеген жетістік, шықпаған ғылым шыңы еді.

\*\*\*

Күркіреген соғыс жеңіспен бітіп бүкіл ел кең тыныс алып, жан мен жер жарасын емдеуге, түзеуге кіріскең 1945 жылдың күздінде Жеңізғаннан демалыс алып, Алматыға келе қалған Тәрмізи інісіне тиісті қаражат ұстасып, бұрынғыша Омбы іргесіндегі Азов ауданында тұрып жатқан өзінің алғашқы қосағын және Фазиз ағасының балаларын көшіріп әкелуді тапсырған. Інісі оны бұлжытпай орындалды. Бір топ жетімдерге бас-көз боп отырған Шәрипа содан былай Имантайдың қара шаңырағына ие болушы һәм үлкен ауылдың жұртындағы бәйбішесі атанып, Алматыда табан аудармай қырық жыл тұрды. Сәтбай әuletінін құллі бертіңгі үрпағына қадірлі ана болды, ерінің өз сөзімен айтқанда, «шаңырағының құтберекесі» атанды. Ақсақалы да оны осы қасиеті үшін ардақ тұтып, пәни дүниеден өткенше қадірлеп өткен...

## ТҰМАНДЫ АЛЬБИОН ЕЛІНДЕ

1

Елден шыққалы айдан асты. Ақ бас Алатау да, алмалы Алматы да алыста. Ұзак сапарға шығуы бір бұл емес, Кавказ бен Қырымға асып кететін, Ленинград, Свердлов, Сібір мен Украина-ның қалаларын да талай аралаған. Москвада айлап жатып, қыстап қалған жылдары даболған. Бірақ сонын бірінде де туған жерін дәл осы жолғыдай аңсаған жоқ-ты. Әлде тұманы еңсені басқан бұлыңғыр көктемнің әсері, қөңілі құлазып, беймаза күймен ел жаққа қайта-қайта қарайлауының себебі не? Бәлкім, бөгде елді бөтенсүден шығар?..

Әрі-сәрі күйде жатып тағы да қиял жетегіне еріп кетті: дала кезіп жұрген сияқты, сахараның дару самалың құмарлана жұтқандай; шыңы сұстіған тау басынан, әлдеқандай бір биік шоқыдан шартарарака рақаттана қарағандай... Таң қылаң бере оянған. Отельдің онаша бөлмесі тылсым тыныштықта мүлгіп тұр. Күлгін түсті қағаз жапсырылған күңгірт қабырғалар да қалғи бер деп қабағын еріксіз жапқандай. Бірақ үйықтай алмады. Дөңбекшіп, әрлі-берлі аунап біраз жатты да, тұрып кетті.

Ағылшын жұртының атақты астанасы бүгін де кіреуке тұмандың кілегейдегі қою тұмшалауына түсіп тұнжырап тұр. Алыпқашпа жүйрік қиял ғалымның көnlін алабұртып, көз алдына Ленинградтың ақ түндерін елестетті. Онда да нақосылай, терезе алдында, сүттей ақ түнге телміре қарап ұзақ тұруышы еді. Онда бірақ табиғат құбылысына сүйсіне қарайтын. Ал қазір танырқаудан гөрі жабырқауы басым.

Ойына енді Сарыарқаның ақ жаңбыры оралды. Кәдімгі бір жауса күні-тұні толастамай сіркіреп тұратын даланың ақ жауыны. Құдды соның астында тұрғандай елес тұла бойын кенет шарпып өтсін. Желкесінен саулаған жаңбыр тамшылары арқа жонын аралап бара жатқандай, мұрнына жусан ісі келгендегі, көnlідегі іңкәр тілек те «Құйшы бір осылай, жауып өтші аянбай!» деп тілегендей. Сезімтал мейманның не жаумай, не тарқамай, неше күннен бері кіреукелеп тұрған тұманды Альбион елінің тұнжыр аспанына білдірген өтініш назы еді бұл.

Лондонмен танысады қонақтар В. И. Ленин тұрған жұпымы үйді керуден бастаған-ды. Оナン соң К. Маркстің бейтіне барып гүл қойды. Ағылшын жұртының ілтипатымен көргендегі де аз емес: корольдер резиденциясы — Тауэр замогы; оның Ақ мұнарасындағы ортағасырдың ызыцарыларының сауыт-сайманы. Генрих VIII-нің екінші әйелі Анна Болейн өлтірілген (Болашақ королева Елизаветаңың аны) тарихи бөлме; әулие Павел соборы, оның қасындағы фашистер бомбаладымен күлтталқан шыққан парламент үйінің қалдығы...

Күллі дүние жүзінің мәдениеті мен ұлы өнерінің небір асыл мұралары сақталатын Британия мұражайын көру де депутат қонақтарды риза етті. Әсіресе өткен тарихына мұқият және өзгеше ықдағатпен қарайтын ағылшын халқының ұлттық дәстүрге беріктігі, тарихи ескерткіштерге, ұлы адамдарының мұрасына деген ілтираты ерекше сүйсіндірген: 1912 жылы Оңтүстік полюске жетіп, қайтар жолда мерт болған капитан Скоттың мұражайына қойылған жолжазбасының соңғы бетіне ержүрек саяхатшы «Осы күнделігімді әйеліме тапсыруды өтінемін» деп жазыпты да, ақырыңы сезді сыйып, «жесірім» деп түзетіпті; немесе адмирал Нельсонның Трафальгар ұрысында мерт болған «Виктория» кемесінің Портсмут портында мұлтіксіз сақталуы; тіпті корабльді күтімде үстайтын матростардың Наполеон Бонапарт заманын еске түсіргендегі көне үлгіде киинуі... Делегацияның ғалымдар тобы Оксфорд пен Кембридж университеттеріне барып қайтқан-ды. Мұнда да әскез ағылшындар ескі ғұрыпқа беріктігінен айнымалты: Ньютоның лабораториясы иесі қалдырған соңғы күннен титтей де өзгермен...

Британия мұражайын аралаған күні Қаныш Имантайұлы өзі көптен бері іздеп жүрген ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның 1858 жылы Лондонда басылған жолжазба кітабын көрген-ди. Қазақ даласынан көрген-білгенін, оның тұрғындарының тұрмысы мен әдет-ғұрпын, көшпелі тірлігін, табиғаты мен табиғи байлығын тәптіштей жазып кеткен жиһангер саяхатшының күнделігі

түрлі түсті литографиялық суреттермен бозеніп тамаша басылған екен, сақталуы да ғажап. Қаншама қызыққанымен кітаптың екінші данасы табылмады. (Бірақ елге келген соң Ленинградтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапхананың сирек кітаптар қорынан тауып, көшірмесін Алматыға алдыртты.)

Ірі өндіріс орталықтары Ньюкасл мен Шеффильд қалаларын көрү, әсіресе соңғы шәрдің болат құюшы шеберлерінің өнерімен танысадың соңы кабинеттегі қабылдауға ұласты. Қала мәрі әрбір қонаққа Шеффильд ұсталары соққан, сабына әрқайсының есімдері жазылған қалам ұштайтын әдемі кездік сыйлады. Ғалымдар тобы кene Уэльске барып, орта ғасырдан бері көмір шығарып келе жатқан Кардив қазанауыз шүнқырларын да көріп қайтты.

Қалайда бір айда аралаған жерлері аз емес: Лондонның ішісүрті — Гайд-парк, Ұлттық галерея, Сити мен Пикадилидің көрікті жайлары, Вестминстер аббаттығы; Эдинбург пен Стратфордтың атақты орындары, Вальтер Скоттың ескерткіші, Шотландиядағы Стерлинг замогы, Мария-Стоарт түрған сарайлар, Айрширдегі Роберт Бернс ақынның сабан шатырлы үйі, әйгілі Ковент-Гарди театры, оның корольдер ғана тыңдайтын операсы, Пайнвудтағы киностудия... Бері де Кеңестер Одағының делегациясына айшықты қақпаларапын айқара ашып, ескілі-жаңалы тарихтарын, аныз-ертеңілерін жырдай таңғалдыра шертіп, ізет көрсеткен. Қысқасы, әрбір сағаты, минутына дейін есептеулі, бар уақыт кестеге тізуі күндер мен түндер бір-біріне жалғасып жатқан...

Танертеңгі ас үстінде делегация мүшелеріне күндізгі бағдарлама жария етілді. Темза бойымен серуен жоспарланған екен. Ал қайсы бір қонақтарға дербес саяхат ұсынылады...

— Мистер Сатпаеф, сіздің тілегіңізді компания қош көрген. Қашан баруды қалайсыз? — деп сұрады үкімет чиновниги.

«Жер шарының қақ жартысына жуығына талай заман иелік еткен, тіпті қанды шенгелтүрнағын қыырдағы қазақ даласына дейін батырған Британия Корольдігінде қонақта болып, оның минералдар көрмесін көрмей, таныспай кетуім жөн бе?» деп ойлаған ғалым-геолог, өздеріне жолбасшы болып жүрген үкімет адамына бұрнағы күні тілек білдірген. Сонда-ақ ол: «Оқу орындарындағы болмашы минерал үлгілері сізді, сірә, қызықтырmas. Ал кен ендіруге кәсіптенген компаниялардың бірімен тілдесіп көрейін» деген-ді. Соның жауабын бүгін айтып тұр...

Қисыны келіп түрған шаруаны қазақ ғалымы кейінге қалдырығысы келмеді. Бүгін-ақ баруға әзір екендігін қуана білдірді.

Оны қабылдауға келісken «Бритиш Саут Африка компания» деп аталағын (Британияның Оңтүстік Африка компаниясы) кәсіпшілер қоғамы өді. Шетелдік қонақты ізетпен қарсы алған директорлардың бірі компанияның елу-алпыс жылдық тарихы мен бүгінгі халжайын қысқа ғана айтып берді де:

— Кен үлгілерінің қайсы бірін табиғи қалпында сақтайтынымыз рас. Бірақ оны минералогия музейі деуге болмайды. Компания мамандары, тегінде, ғылым үшін емес, акционерлерге көбірек пайда түсіругө қызмет етеді. Өйтпесек шығында қаламыз,— деді

биязы езу тартып. Біздегі азын-аулақ минерал қорына ілтипат білдіргенізге рақмет, Сатпаев мырза. Мистер Билли сізге оның бәрін де көрсетеді.

Кабинеттегі әңгіменің бас-аяғы осымен бітті де, компания қызметкеріне еріп, тас ғимараттың теменгі қабатына түсті. Кен үлгілері еңсөлі де жарық, кең мәжіліс залына ұқсаған ұзынша зал-бөлмеге орналасыпты, терп қабырға түгел — шынылы шкафтар, ортада — жарыстыра қойылған ашық-жабық тағандар. Бәрі де неше алуан жыныс үлгілеріне толып тұр: бағасына пұлжетпес небір асылдар; қадір-қасиетін айтып тауыспас қымбаттар да сап түзеген; тұр-тұстері қанша мол болса — жаралу тектері, шыққан жерлері де соншама езгеше; әрқайсысы өзінше дара, кескін-келбеті бірі-біріне ұқсамаған ғажаптар...

Ғалым дән риза болды. Тасқөмір мен болмашы темір кендерінен езге қазба байлыққа жұтан аралда, әрі қуыктай тар жерде мың жылдан астам уақыт қоныстал, ақырында ортағасыр заманынан беріде рухани күрт көтеріліп, халқы да керемет өсіп-өнген тарихын жас құнінен білетін, кейбірін соның осы жаққа жүрерде қайыра пысықтады. Ағылшын жұрттының өнеркәсіп тарихы да өзіне таныс, әсіресе жұтқынына қанша қөмейлесе де қанағаты жоқ жыртқыш арыстанның адудын бейнесін мемлекеттік гербіне таңдаған Британия елінің комағай пиғылы жұртқа әйгілі; мына компания болса — сол арыстанның әкесінен айнымай туған ұябасар күшігі тәрізді, өресі жеткен жердің небір асылдың талғамай тар-тып ала берген бе дерсің... Байырғы геологтың қәнігі кезі залда тұрған минерал үлгілері сапынан Африка ғана емес, Азия мен Европаның, тіпті Америка құрлығының да небір асылдарын ұшырастырды. Өзіне бұрыннан таныс үлгілердің белгілеме жазуын оқымай-ақ айырып, қызыға қарап келеді. Қайсы бірінің алдына көбірек тоқтайды, қайсы біріне шүқшия қарап, түсінік сұрайды. Енді бір мезгіл тастармен ғана тілдесіп, солармен ғана сырласқандай әллpet танытып, тым-тырыс тамашалайды. Компания қызметкері де қонақтың сол күйін ұққандай, аса білгішсініп қазымырлық танытпады, түсінігін шақтап сөйлейді...

Содан бір уақытта ортағы ашық тағандағы ат басындей та-биғи тұнба мыстың (самородок) қасына келген сәт еді бұл, қағілез мейман қалт тұрып қалды. Билли мырза оның кідірісін өзінше түсініп, алдындағы керме залының қымбат минералы — қызығылтым хреозолит екенін, ал соның қасындағы аппақ, аршын тес мұрагат — Амазонка агаты деп түсіндіре бастаған. Екі тас та жаңа аққан қандай алқызыл нұр шашып көз тартады.

— Ал мына кесек мыс — Трансваальдан әкелінген табиғи мыс...

Сонда ғана ғалым «Сіз не айтып тұрыз?» дегендей бастаушы серігіне жалт қараған-ды.

— Иә, бұл — Трансвааль мысы,— деп қайталады жолбасшы.

Сәтбаев басын шайқады, мұны да еркінен тыс, әлденеге қарсылық білдіргендей кілт тіксінген шыраймен жасады да, табиғи мыстың түбінде жатқан этикеткаға енкейді. Ағылшын тілінде орысшадай жетік сейлемесе де, техникалық әдебиетті өз бетінше

оқитындаі сауаты болатын, әмбесі осы елге жүрер алдында ағылшын тілінің мұғалімінен бірер ай қосымша сабак алған... Қағаздағы жазу да жолбасшының сезін растанады. Бірақ әлденеге шұбәланды ма, ат басындаі кесек мұрағаттан көзін аудара алсайшы: табиғи мыстың қарамы едәүір болғанмен бітімі тұтас емес, әсіреле үстіңгі беті шырша шашақтанып сирей жаралған, қызметкер ұсынған лупамен үңілгенде ғана аңғарды; самородоктың әр тұсына құнарлы халькозині (мыс минералы) мол құмдауық сұртас қырышықтары жабысқан екен. Қонақтың құдігін сол тарқатты: басқа жердің кенінде нақ осындаі табиғи түсте кезікпейтін, өзіне ежелден таңыс, мысқа қанық сүр құмдауықта ғана болатын белгі де осы...

— Мистер Билли, мына үлгінің құжатына менің шубәм бар,— деді сыпайы езу тартып, әр сезін бірақ, ойланы, нықтай сейлеп.— Бұл кесек мыс — қазақ даласының қазынасы.

Осы мезетке дейін әдепті кісі сияқтанып, тек қана ізет білдіріп келе жатқан қызметкер шаншу тигендей тыжырынып, мейманнның сезін шам көргендегі қылышқан танытты.

— Мистер Сатпаеф білгір геолог, тіпті бұл ілімнің докторы, академигі деп естіген едім. Байқаусызыда дәрежесінөтип тұрсаң, ғапу өтінемін,— деді әр сезінің дәл аударылуын қалағандай, ол да асықпай тіл қатып,— бекер құдіктеніп тұрсыз, бұл — Трансвааль мысы!

Соңғы күндерде көңілі әлденеге мазаланып жүрген ғалым, әлгінде, туған даласының ат басындаі қазынасын көргенде, біржосын мереіленіп қалған-ды. Көзтаныс мыс кесегін кептен кезікпеген досына ұқсатып, жан-дүниесі елжіреп кетіп еді. Соны мына, текті де тәқаппар қылышқан ағылшын инженері бекер деп, әмбесі өзінің ғылыми танымын қасақана әжуалап тұрғанда, төзе алмады.

— Мен де артық айтсам, Билли мырзадан ғапу өтінемін. Солай деп тұра аударыңызшы,— деп тілмәшқа бұрылды.— Бұл самородок қазақ даласында жаралған. Алынған мекенін де айтайын... «Джезь-Козған» дейтін-ди бұрын. Ағылшын кәсіпшілері Жезқазғанды өте жақсы білген. Лондонның «Атбасар джоин-сток компания оғ копи» есімді акционерлер қоғамы онда осы ғасыр басында бірнеше жыл кен қазған...

Компания қызметкөрі одан әрі дауласқан жоқ. Соны тезірек ұмытқысы келгендей ыңғай байқатып, қазымыр қылышқан танытқан қонағын келесі тағанға жетеледі. Ал онда Қаныш Имантайұлы бұрын кермеген, бірақ көргісі келген, тіпті осы көрмеге сұранған себебі десе де болғандай, өзгеше минералдар тобы көздің жауын алып тізіліп тұрған-ды: Н'Чанга кенінің сарғыш нәлді халькопириті, Роан-Антелби кеніндегі ұсақ құмдауықпен қоса түзілген жез таңбалы халькозин, Терістік Родезияда ғана кездесетін бірнеше мыс минералдарының шоғыры — бәрі де Орталық және Оңтүстік Африканың жер қазынасы... Бұлар жайында қазақ геологы ағылшын, Бельгия әдебиеттерінен ертеректе көп оқыған, бірақ қолына ұстап көрген емес. Ал тегі жөнінен олар

Жезқазған көндерінде кездесетін мыс минералдарымен өте үқсасты, тіпті геологиялық бір дәуірде жаралған деген пікір де айтылып жүрген.

— Fapу етіңіз, бұл минералдарды көруге мен кептен бері қызыстып жүр едім,— деп соңғы тағанда ұзак тұрғанына қымсынды ма, ғалым шынын айтты.

Билли мырза бастапқы ізеттілігіне қайта түсіп, кеңес академигі тәптіштей сұраған минерал аттарын блокнотына жазып алды...

## 2

Парламент делегациясын келесі күні Уинстон Черчилль қабылдады. Ресми емес, ағылшын ақсүйегінің қарапайым ізеті деп шақырған. Бұлай дейтін себебі бар: премьеरліктен босап, оппозицияға шыққан кезі... Қабылдау ресми болған соң оған делегацияның барлық мүшесі емес, бір топ ғалымдар мен әдебиетшілер және делегация басшысы ғана барған-ды. Танысқан сәтте-ақ дипломатияның ежелгі сырттаны ақ жарқын шыраймен:

«Еш нәрседен қымсынбай, ресмілікті ұмытып, еркін болыңыздар. Ас пен вискиге де орыстардың шабуыл кезіндегі ежелгі екпінімен кірісіңдер!» деп әзіл айтқан. Бірак бұрынғы премьеरдің кеңкілдеген күлкісінің астарында аяр құлық тұрғаны анық. Сонау жылдары күні үшін дос болып, ортақ жауды құртуға ат салысқан сәрдің кеше ғана Фултонда бүкіл капитал әріптестерін «қызылдар тасқынын» тоқтатуға шақырып, «қырғи қабак» соғыс жария еткені мәлім... Содан ба, әңгімелері жараса қоймады. Үй иесі қонақтарын құттықтап лебіз білдірді. Кеңес делегациясы атынан Микола Бажан жауап сөз айтып, екінші дүниежүзілік соғыста одактастарының женуіне әлеуметтік белсенді жұмыстарымен лайықты үлес қосқан, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Мэри Черчилльді құттықтап, дастарқан иесіне денсаулық пен бақыт тіледі. Қалайда екі жақтың да бір-біріне ықыласы осымен тәмам болып, іштей тәжікелескен өуенге көшкен. Қабылдау дәстүрі солай ма, ортада үстел, тіпті орындықтар да жоқ-ты. Қабырғаны жағалай креслолар қойылған, даяши әкелген подностан әркім өзіне керегін алады да, көңілі қош көрген кісімен сұхбат құрып тұра береді...

Қаныш Имантайұлы делегация құрамындағы үш ақынды (Константин Симонов, Самед Вургун және Микола Бажан) «Кеңес поэзиясының үш киті» деп атайды. Мінездері аңқылдақ үшеуіне де іштартып жақындау жүретін, өзара жарасымды әзілдері де болатын. Қазір де ол залдың бір бұрышына оңашалаған үш ақынға қосылып, әңгімелесіп тұрған. Үй иесі бұлардың тобына осы кезде жақындағы да, бәрін емес, бет-пішіні, сымбат-тұлғасы қасындағы кісілерден езгешелеу — монғол өнді, сырт тұрпаты да ерте заманның батыры сияқтанған бейтандыс қонағына қадала қараған-ды.

— Черчилль мырза сіздің ұлтыңызды айыра алмай тұр,— деп қымсына үн қатты тілмәш.

— Қазақ деңіз.

— Қазақ?.. Қазақтардың келбеті сіздей ме еді?! Таңмын, тіпті де таңмын.

— Ғапу етініз, сәр. Сіз мені казак-орыстарға балап тұрсыз. Ал мен көшпелілердің ұрпағының, қазірде Қазақстан атанатын,— деп жауап қатты Қаныш Имантайұлы, өзінің туған халқы мен оның мекендерінде отырған жері, тілі мен тұрмыс-тірлігі туралы қысқаша мағлұмат берे сөйлем.

— Солай ма?!— Черчилль көшпелі далалықпрын деп тұрған, бірақ киім үлгісі, болмыс-парасаты түрік тілдес азиялықтан гөрі еуропалыққа бейім алып денелі қонағына көзінің астымен тағы да барлай қарады, сірә, сыңайын аңдағысы келді білем:— Сонда барлық қазақтар нақ сіздей алып тұлғалы, әрі бойшаң жаралған ба?— деді кенет.

Үй иесінің сауалының артында бір қитұрқы барлығы аңғарылды.

— О, жоқ, Черчилль мырза, халқым менен әлдекәйда биік!

Черчилльге далалық қонақтың әзіл қарымтасы ұнаған болу керек, кеңк-кеңк күлді де:

— Таңмын!.. Сейтсе де,— деп күлкісін тыбып, сөзін қайта сабактады.— Отандастарым мені Ресейдің білгірі деп ойлады, ал мен, керіп тұрсыз, жер ауданы біздің Альбион елінің аумағын, өзінің айтқандай, он бір мәрте орап алатын халық жайында еш нәрсе білмейтін болып шықтым. Демек, ағылшындар жер шарын түгел жайлайды деген сөз де бекер!..

Қаныш Имантайұлы бұл сөзге де лайықты жауап бергенді құп көрді.

— Черчилль мырзаның сөзіне түзету жасауға мәжбүрмін,— деді болар-болмас езу тартып.— Сіздің отандастарыңызда қазақ жерін тым жақсы білгендер болған және аз емес...

— Солай ма?— Үй иесі жақындей түсіп, тілмешқа шыдамсыздана қарады.

— Иә, сәр. Лондонда құрылған акционерлөр қоғамы «Атбасар джоин-сток компани оғ копи» біздің далада революцияға дейін талай жыл мыс қазып, табысқа шаш етектен кенелген,— деп қожайынның жерлестерінің Қарағанды, Ақбұйрат, Спас, Екібастұз, Кенді Алтайдағы ұзак жылғы сәтті көсіпкерлік ізденістері жайында айтып берді.

— Демек, ағылшын капиталы сіздің сахараға да жеткен болдығой!.. Ғажап, тіпті қиял жетпес қияндарға шыққанбыз! Тегінде, бізден бұрынғы ұрпақ ақылдырақ та алымды болған ба деймін!?

Бұған да айттар қарымта жауабы кемейінде тұрса да, Қаныш Имантайұлы қонақ рәсімін сақтап, егес сөзге бармады. Сөйткені жен болған тәрізді... Сол кеште делегация басшысы В. В. Кузнецов ертеңгі күннің бағдарын жария еткен, соның бірі —«BBC» («Би-Би-Си») радиокомпаниясы өткізетін пресс-конференция. Айтуынша, әдебиетшілер түгел барады, өзі де.

— Әлбетте, Британия дипломатиясының көрі көкжалымен сұхбатта үткімді сөзге үстелік қана емес, үлкен парасат та аңғартқан майталман сайыскер, әрі шешеніміз Қаныш Имантаевичті де шақырамыз,— деген-ді делегация жетекшісі әзілдей сөйлеп.— Шетелдік тілшілермен андал сейлесуге тура келеді, жолдастар. Қысқасы, неше алуан қитұрқы сұрақтарға әзір болыңыздар.

### 3

Пресс-конференция «Дорчестер» отелінің мәжіліс залында етті. Сәтті болған тәрізді, ейткені кеңес депутаттарының өздеріне қойылған сұрақтарға қайтарған үстамды жауабын Лондондағы көптеңен баспасез агенттіктері шартарапқа таратқан.

Сол күннің ертеңінде отель қызметшісі Қаныш Имантайұлына тілдей конверт әкеліп берді. Ашып қараса, визит карточкасы салынған және орыс тілінде жазылған шағын хат. Фалым бейтаныс хат иесінің өзін қабылдауға өтінген тілегінен де гөрі «Бұрынғы жезқазғандық» деп қол қойғанына қайран қалды.

— Хат иесі төменде тұр, мистер Сатпаев. Не айтасыз?— деді отель қызметшісі.

Мұндай кездейсоқ кездесулердің түрліше арандатумен аяқталағындыры жайында ескеरтулер естіген-ді. Бірақ хат сонындағы сөз оған сақтық жайында ойлатпады.

— Шақырыңыз. Женілас жібертсөніз де жақсы болар еді,— деді көңілі алабұртсып.

— Виски де керек болар?

— Виски керек емес,— деп жымыды ғалым.

Қызметші шығып кеткен соң ғана ойына қауіп кіріп, өзімен керші қатарда тұратын ғалым әріптесі, математик-академик Мусхелишвилиге телефон соғып:

— Коля ағай,— деді бұрынғы әдетімен өзінен жеті-сегіз жас үлкен, сол күнде алпысты алқымдаш қалған грузин әріптесіне,— маған бір жиенсімақ ағылшын келгелі жатыр... Әңгімемізге қатыссаңыз қайтеді?

— Келісіп қойдың ба?

— Иә, тап қазір келмек.

— Бекер-ақ келіскенсің!..

— Николай Иванович, Автандил\* мен Алламыс батырдың үрпапы кімнен қорқады?! Төуекел делік, күтемін.

Дес бергенде ең алдымен отандасы Мусхелишвили келді. Іле-шала есік тағы да қағылды.

— Ком ин\*\*. Ортаңғы бөлмеге шашы аппақ қудай, мұрт, қабағына дейін ағарып кеткен, бірақ жүріс-тұрысы ширақ, жасы алпысты әлдеқашан алқымдаған тेरбақ ағылшын кірді.

\* Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының қаһарманы.

\*\* Кіріңіз (ағылшынша).

— Ғапу етініздер, инженер Клайд Ангов. Бұрынғы жезқазғандықтың, дәлірек айтқанда, сонда жұмыс істеген инженер-концессионер.

Бөлмегелер де өз есімдерін атады. Бір тәуірі, тілмәш шақырудың қажеті болған жоқ, қонақ орыс тіліне көп-көрім жетік екен.

— Төрлетіңіз, мистер Ангов. Қайдағы жезқазғандық десем... мән-жайыңызға енді қандым. Шаруаңызды айта отырыңыз,— деді Қаныш Имантайұлы әңгімеге бірден кірісуге ынғай танытып.

— Сіз туралы мен кеше білдім, мистер Сатпаев. Иә, газеттегі сұхбаттан... Киргиз екеніңізді, Джезъ-Козган кенін бізден кейін қайта ашқаныңызды...

— Академик Сатпаев — қырғыз емес, қазақ халқының перзенті. Революциядан кейін ежелгі қазақ халқын біз өзінің шынайы атымен атایтын болғанбыз,— деді Мұсхелишвили қабағын тыжырып.

— Ә, солай ма, ғапу етіңіз,— деп қонақ күмілжіп қалды да, сезін жалғады,— Мен сіздерде болған кездө... Иә, мен тек қана Корсак-Пайда бес жыл тұрған ағылшынымын.

Отель қызыметшісі келіп дастарқан жасай бастады.

— Мистер Ангов, ішімдікті қалай көресіз?— деп ағылшын қонақтың сезін бөлді Қаныш Имантайұлы үй иесінің ізетін білдіріп.

Ангов биязы жымиды да:

— Сіздің елдің дәстүрінде қонақтан не ішесін деп сұрамаушы еді. Немен сыйлайсыз, соған разымын,— десін.

— Мына кісі, шынында да, жиенің болып шықты!— Қарқылдай құлғен Мұсхелишвили қолын соқты.

— Біздің елді жақсы билетініңізге біржола сендірдіңіз!— деп шынайы ризалық білдірген бөлме иесі дастарқанға бір шөлмек орыс арағын әкеleiп қойды.

— О, мистер Сатпаев, мұныңыз — күтпеген сыйлыш! Ресейден кеткелі мен мұны татқан емеспін.

Шөлмектің тығыны алынып, бокалдарға құйылған соң ағылшын инженері орнынан тұрып:

— Мырзалар, Ресейде мен он бес жылдай жұмыс істедім. Оның соңғы он жылы, мистер Сатпаев, сіздің далада өтті. Жерініңдің үстін мақтай алмаймын; табиғаты өте қатан жер! Ал жер астындағы байлығы! Ғажап!.. Міне, сол үшін, депутат мырзалар!— деп ойын үздік-создық білдірді де, бокалын кетерді.

Сәл үнсіздіктен соң әңгіме қайыра жалғасқан.

— Газеттен сіз жайында оқыған соң киргиз даласында, ғапу етіңіз, тағы да қателестім, әдет!.. Иә, қазақ даласында өткен жылдарым есімे түсті де, тілдесіп қалуға ынтық болдым. Сіздерге тұрасын айтайын: дала халқы мен көргенде қандай еді?.. Түгел дерлік қаранғы, өндірістен мешеу, жол деген атымен жоқ. Ал сіздің айтуыңызға қарағанда, бір ғана Джезъ-Козганда үш жерден қала салынған, оған темір жол барады, самолеттер қонады, су да табылған, онда біздің Шеффильдке тең халық тұрады. Ал Шеффильдтің іргесі қаланғанына қанша жыл болғанын білесіздер ме?.. О, бақандай бес ғасыр! Ал сіздер небәрі жиырма бес жылда?!.. Жоқ, тіпті сену қыын. Бірақ сенбеуге ешқандай қақым жоқ.

Әйткені сізді көріп отырмын. Кешегі қараңғы, көшпелі халықтың үрпағы — академик, біздің Альбион елінің құрметті қонағы, парламент мүшесі!.. Бізде бұл ешқашанда мүмкін емес! Жоқ! Мен өмір бойы қарапайым еңбегімен күн көріп жүрген қатардағы ағылшынынмын, Тіпті коммунист те, коммерсант та емеспін... Алайда Қеңес елінің аз жылдағы ғажап өзгерісіне сүйсінгендіктен, әсіресе мына соғыста Гитлердің қабырғасын өз қотанында құйреткен соң... Сіздердің табыстарыңызды мойындаамау — мендей инженер, дөрекке ғана сенетін өскез өндіріс маманына... Ғапу етіңіздер, жоқ, бұл тек қана керсоқыр адамдардың әрекеті болмак!.. Қысқасы, сіздер үшін, қадірлі меймандар!

Өңгіменің соңында Қаныш Имантайұлы Анговқа қарап:

- Бір жайға түсінік сұрасам ренжімес пе екенсіз? — деген.
- Сұраңыз. Сізге қызмет етуге жарасам — өзімді қуанышты сезінер едім.

— «Бритиш Саут Африка компания» қоғамы жайында естіген боларсыз?

Ангов жымың етіп қағылездік байқатты.

— Менің өмір бақи жиған-терген тыын-тебенім, тіпті өзімнің соңғы жылдардағы еңбегім осы компанияның гүлденуіне жұмсалып, акциясында тұрса — қалайша білмеймін! Сұраңыз, не тілесеніз де...

Қаныш Имантайұлы бұрнағы күні өзінің компания кеңесінде болғанын, тәменгі қабаттағы минерал көрмесін кергенін, бірақ сонда тұрған Трансвааль мысы туралы шүбәда кеткенін сыр ғып шертті. Ангов басын шайқады. Біразға дейін тіл қатпай тым-тырыс отырды да, кенет қобалжыған үнмен:

— Сізге, сірә, көрменің бар қазынасын керсетпеген,— деді құмілжіп,— иә, иә, сіз дұрыс айтасыз, Джезъ-Козган мысы онда болған... Әрине, әрине!.. Болған-ды бір кезде... Ал қазір?.. Маган сеніңіз, бұл жайды анықтап, хабарын берейін...

Қоштасарда Қаныш Имантайұлы қонағының қолын алып тұрып:

— Сіз де мені дұрыс түсінгейсіз, мистер Ангов, — дегенді. — Тұған жерімнің бір кезде олжаланып кеткен ат басындаі мысын қайта даулау ойымда жоқ, оның маған керегі де жоқ, бірақ... Иә, өзіңіз айтқандай, шындыққа ғана мойын ұсынатын тарихқа жүгінсек, әрбір мұрағат үлгінің қайда болмасын, шыққан жері, жаралған тегі дұрыс жазылып, ешқандай бұрмалауға түспей, жария жағдайда тұруға тиіс. Бұл да, түтеп келгенде, шынайы ғылым талабы! Сондықтан да менікі — әділет тілеген көңілден туған ниет!..

Ағылшын инженері кеткен сон, Мусхелишвили былай деді:

— Қаныш Имантаевич, осылар соны сізді сынау үшін әдей үйымдастырmasын?.. Әлгі қонағымызың, байқадыңыз ба, ағынан жарылып отырып, мыс кесегі туралы сөз бастағаныңызда түсінің кенет құбыла қалғанын. Бәрін де біліп, тіпті зығырданы қайнап ыза болып отыр. Әйткені адад адам! Бірақ біздің жүрт құсап, ащи шындықты бірден мойындауға қанындағы тәкаппарлығы жіберер емес...

— Мен де күдіктімін соған, иә, ту бастан. Бірақ мені сынаудың қажеті қанша? Британия иелгінен кен іздеуге тіпті де құлқым жоқ!

— Кім білген соларды... Бәлкім, мына келгені шын геолог па екен, әлде басқа біреу ме деп тексергісі келген шығар? Бұлардан ондай да зымияндық шығады,— деген-ді грузин әріптесі басын шайқап.— Егер өзіңе сенімді болсаң — айғайшыл газеттердің біріне хат жолдайық, ертең-ак шу ете түссін.

Бірақ келесі күні-ак бұл мәселе оп-оңай шешіліп қалды.

Ертеңгілікте отель қызметшісі Қаныш Имантайұлына тағы бір хат әкеп берген: ана жолғы болмашы келенсіздік үшін компания басқармасы қонақтан кешірім өтініпті, түсіндіруіне қарағанда, қызметкерлердің бірі үлгілердің орнын ауыстырып алған, соны үйдағатпен түзеткен мейманға сыйайы түрде рақмет айтуды да үмытпаған...

Әлде өтірік, әлде шын? Бірақ соның шындығына қалай жетпексің? Бүгінгідей ресми сапар үстінде сол қажет пе? Сірә, мерейінің үстем шығып, туған жерінің асыл қазынасының ағылшын астанасында, көрнекті орында тұрганына риза болады да!..

Тағы да терезе алдына келіп, тұманды Альбион елінің бұлт құрсаған тұңжыр аспанына мұнай қарап тұрганын аңғарар емес. Әлгінде оқыған тілдей хаттан туған қуаныш бойын билеп, кеудесінде күмбірлекен кек шымшық шырқата ән салып, ойын алғыс қияндарға жетелегендей; ұшқыр қиялы самғай үшып, тұмандағы Лондонның, шексіз мұхиттың ар жағына — тағы да шексіз далаға, қыр сахараасына алып кетті: Ұлытау ма, Баянаула ма, Қаратау, әлде Алатау — әйттеір заңғар биіктердің бірі, дара шынның басына шығарып, мерейін аспандатқан шалқар сезімге бөлеп жаңын тербеткендей...

\* \* \*

«Білу үшін — көру керек, көру үшін — жүру керек» дейтін нақылды Қаныш Имантайұлы жиі айтатын. Көбіне ғылыми шындыққа көзін жеткізу үшін, ойын жаңа дерекпен байыту үшін... Ал шетелге сапарды? Тұрасын айтсак, мундай сапарларға ол аса құмар емес-ті. Ғылымға, шаруаға нақтылы пайдасы жоқ, көбіне қызықтау үшін ғана қажет, ресми кездесуі, дырдуы көп, сырдаң сөз, жорта сыйайыгершілігі мол, демек, уақыттың дені зия кететін артық жүріс деп есептейтін. (Бәлкім, бұл жаңсак түсінік? Дауымыз жоқ, бірақ әділдік үшін қырқыншы, елуінші жылдардың саяси әуенін, сол кезде емір сүрген адамдар психологиясын да ескеру шарт.) Сондықтан да академик Сәтбаев шетелге сапарға бару жөніндегі ұсыныстардың көбінен бас тартатын, әрине, иланымды себептер айтып... Сол себептен де ғұлама ғалым атанип, ел көгіне шыққан соңғы ширек ғасырлық ғұмырында ол небәрі екі-ақ рет шетелде болған-ды: алғашқысы — Англияға сапары, соңғысы — 1957 жылғы Қытай Халық республикасына саяхаты. Бұл жолы ол сол елді бір ай аралап, металлогениялық карта жасаудың әдістемесі жайында Пекинде Қытай геологтарына дәріс өкіп

қайтқан-ды... Ал үшінші сапарға ғалым өте-мәте құмар болып, Индияда, Делиде өтпек халықаралық геология конгресінде баян-дама жасауға кептеген айлар тыңғылықты әзірленген-ди: амал қанша, оның сәті келмеді, бірталай уақыт сарыла әзірлеген ба-яндама тезистері ғалымның жазу үстелінде бітпей қалған ең соң-ғы ғылыми еңбекі атанды...

Англияға сапардың да геология ғылымы үшін пайдалы нәти-жемен аяқталғанын айту лазым. Алматыға қайтқан соң бірер ай-дан кейін ғылым академиясының атына Лондоннан бір жәшік сый-лық келді: әрбірі үлгілдек мақтамен мүқият оралған кен үлгілері екен; сол елде Қаныш Имантайұлы қызыға көрген Терістік Афри-ка кендерінің тау жыныстары. Геологиялық ғылымдар институты-ның ғалымдары оны Жезқазған кеңінен әкелінген минералдармен салыстыра зерттеп, ез ілімдерін тың деректермен байытуға пай-даланды. Осынау кен үлгілері қазірде де ИГН-ның минералология мұражайында сақтаулы.

## ЕЛ ҚҰРМЕТИНДЕ

1

Ғылым академиясының қатарының тез толығып, зерттеу ерісінің ұзаруы, кімге болсын, занды құбылыс сияқты көрінетін. Институттар бастаған алуан ізденістердің көлемі, тақырыбы ғана емес, өмірдің өзекті саласын қамтуы жөнінен де кең қанат жай-ып, даму жолына шыққаны. Зерттеу тереңдеп, ғылыми қызмет-керлер деңгейі жетіле түскені де...

Академиямен бірге оның президентінің бақ-беделі де биіктеп өсken.

Жұлдызының биіктеуі бірақ Қаныш Имантайұлының жараты-лышынан кішіпейіл мінез-құлығын титігей де өзгертуken жоқ. Президентке кез келген уақытта кіруге болады, тіпті ұзағырақ сұхбат-тасуды қаласаң кешке бар (ол кезде жауапты қызметкерлер кешкі мезгілде де жұмыс істейтін). Оның аузынан ешқашанда «Бос емеспін» іә «Кейін келсін» деген сөз естімейсіз. Қабылдады екен, қарсысындағы креслоға отырғызады да, өзі де жақындау жайғасып, шақшасын сұырады...

(Насыбай — оның жігіт кезінен машық болған ермегі: тым ерте үйреніп кетті де жирене алмай қалды; бірақ кәнігі насыбайшылар құсан, шынысын құшақтай жүріп, шырт-шырт түкіріп отыру әдетінде жоқ; насыбайды астыңғы ерніне толтыра салады да, мейірі қанғанша ұстап отырып, әлден соң орнынан тұрып барып алып тастайды; насыбайы нағыз кекбүйра ашының өзі; тегінде, бұл ғалымның ең пәс қылышы. Оның кеңілін аулау үшін иә бір нәрсе жайында ұзағырақ кеңескің келсе — әңгімені шақшанды ұсыну-дан баста. В. И. Штифанов және кейбір Жезқазған геологтары-ның насыбайшыл болуы — осылан дәлел... Секет іс сияқтанған-

мен бұл да – шындық, жаба тоқып, жуып-шайғанның қажеті қанша, Қаныш Имантайұлы да басы жұмыр пенде, оған да, демек, адам баласына тән мінез-қылыштың бәрі де сыйымды. Ұзақ жылдар онымен бірге істеген геологтар Орта Азияға, түстік жаққа жолға шыққанда шақша ала келетін, болмаса дайын насыбай; бұл жайында өртестері арасында тіпті неше алуан аңыздар тараған; соның бірі – Қ. И. Сәтбаевқа сыйланған агат шақшасы жөніндегі лақап әңгімелер. Фалымның Баянауылдағы мұражайында тұрған тығынсыз жалғыз шақшаны «Мен сыйлап едім» деушілерден біз, мысалы, алты адамның есімін білеміз...

Әсілі, насыбай жасайтын темекі жапырағын Алматының Кекбазынан бір ғана жерден, Есік ауылында өсіретін қартаң сатушыдан алатын-ды, қарағанды да сол кісі буылған қүйінде жеткізіп тұрған. Оны өртеп құлін алу, ұсақтап үгу, одан соң саптыаяққа салып, насыбайды дайындау жұмыстарын үй-ішінде ешкімге міндеттемейді, бәрін де бәйбішесі ас пісіретін оттық алдында отырып, жексенбі күндері өзі жасайды. Бұл тіпті үйде құлшынып атқаратын ермек машиқтарының ең тұрақтысы. Кейіннен оттығы жоқ жаңа пәтерге көшкенде жасаң күнінен машиқ ісін егейсіп, ақырында соны саяжайға барғанда атқаратын бол, соған тіпті балаша қуанған.)

Оның алдына барған кісі, тіпті шаруасын ойдағыдай шеше алмай кетсе де, әрқашанда риза болып шығатын. Өйткені президент өзің жасап жүрген зерттеу жайында мағлұмат алды, жадында ұстап жүріп, қажет кезінде көмек береді. Уәде еткен ісінен ол ешқашанда айнымайды. Және бір адамға «Қоя тұрыңыз», немесе «Ойланайық» деп шығарып салма жауап қайтармайды. Қолында тұрса – бірден шешіп береді; шамасы келмесе – тұрасын айтады; ең құрығанда, кімге барып, иә қашан келудің жөнін түсіндіріп жігерлендіріп жібереді. Әрине, бос сөзben өлшеулі уақытын зяя ететін қыдырмашылар да бар, әйтпесе болмашы іспен көзіне жи түскісі келетіндер де ретін тауып, кабинетке тап болады, мұндай кезде ол: «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деген сөз, тегінде, осындағы кісілерге айтылған деп ренжіп қалар еді...

Жұмысқа олерте келетін: келе-ак әлдебір институттың жетекші мамандарын, басшыларын шақырып әңгіме бастаса; бірер сағаттан соң «Академқұрылыс» басқармасының инженер, прорабтарының ғылым ордасының, институттар құрылышының барысы жайындағы есебін, талаптарын тыңдал отырады; түстен кейін өзі директор міндеттін қоса атқарған ИГН-ға барып, күнбе-күнгі шаруалармен шұғылданады; оның арасында қаншама комиссия, техкенес, иә алқа мәжілісіне қатысуы шарт... Әрине, өзіне салса, институттың оңаша бөлмесін дербес иемденіп, қызу жұмысқа кірісер еді. Геологияның зерттелмеген құпиясы қаншама, әсіресе Қазақстандай шалқар өлкенің, байлығы сан алуан жер қыртысының. Айталық, металлогения ілімін өрістету? Соның бір тармағы – болжамдау қарталарын жасау идеясы? Тіпті зерттеушілер тобын бастан, далаға тартып кетсе!..

Бәріне де уақыт керек. Тәулік — жиырмат төрт емес, қырық сегіз сағатқа созылса? Жұмысқа ынталы кісігө, сірө, бұл да жетпес... Бірақ уақытының денін шексіз жиналыстар, толассыз қабылдау мен ұшы-қырысыз қағаздар қарауға жұмсайтын кеңсешіл де мәжіліскүмар әкім Қаныш Имантайұлы емес. Үнемі болмаса да аптаның екі, иә үш күнін геолог-ғалымдар арасында өткізеді. Жыл сайын кем дегенде бір, иә екі мәрте өз институтының лаборатория, бөлім секторларын аралап және үлкен-кіші демей, әрбір қызметкермен негізгі жұмыс орнында сөйлеседі: зертте отырған тақырыбы жайында ғана емес, үй ішінің жағдайын, тұрмысын, ділгір қажетін сұрап біледі; тілек-өтінішін тыңдайды; сөйтіп тұрып бірталай шаруаларды шешіп, тілдескен адамның ой-өрісін, ғылыми танымын да бағдарлап кетеді. (Бұл кездесуді институт қызметкерлері жыл бойы асыға тосатын, директордың аралайтын уақыты хабарланғанда — жұмыс орнын өзірлеп, айтар ұсыныс, ойларын пысықтап, мереке күндегідей әбігерге түсуші еді...) Жаз айларында академик ғылыми экспедилярды бастап шығып, көбіне өзінен әлденеше ай бұрын аттанып кеткен зерттеушілерді қуа барып, талай құнді далада өткізетін. Ежелгі барлаушы үшін бұл — ең сәтті, мерейлі де қуанышты құндер!..

«Қазақстанның барлық түкпірін егжей-тегжей зерттеу жайында бекем ойға Қаныш Имантайұлы келген соң-ақ жедеғабыл өзірлікке кірісті. Бұл мақсатын ол әр аймаққа ғылыми экспедициялар аттандыру жолымен жүзеге асырмак болды. Және тәжірибелі нәтижесі мен жинақталуына сәйкес, зерттелуге алынған аудандарға қайта оралып, бұрынғы мәліметтерді жаңғыртып отыру көзделді. Түпкілікті мұрат — сол аймақты жан-жақты түрде дамытуға нақтылы ұсыныстар өзірлеу...»— депті академик Ш. Ш. Шекіұлы «Әмірдің төрт мезгілі» кітабының 406-бетінде.

Бұл істің алғашқы нышаны ғылым академиясы шаңырақ көтерген жылдың қоңыр күзінде-ақ белен берген. Президенттің өзі бастаған кешенді ірі экспедиция Кенді Алтайға аттанған. Мақсат — шикізат қоры сан алуан өлкениң өндіргіш күштерін нақты болжамдап, оны зерттеу және игеру бағыттарын белгілеу. Кешенді атанған себебі — аймақтың байлығын таңдал-талғап емес, жаппай игеру жолдарын іздестіру... Сонсоң да бұл экспедицияға геолог-ғалымдар ғана емес, су мамандары, энергетиктер, химиктер мен металургтер, кенші зерттеушілөр де шақырылған. Ал Қаныш Имантайұлының өзі бұл өлкеге тұнғыш рет қадам басып отыр. Бірақ Алтайдың таңғажайып табиғи байлығы туралы ол бұрыннан хабардар. Ғылыми әдебиеттер арқылы ғана емес, сол өлкеде ұзақ жылдар ізденіс жүргізген геолог әріптестерінің тамсана жыр еткен әңгімелерінен, әсіресе өз үйіндегі «Алтайдың жанкүйері», сол өлкениң қазыналы бір «қуысы»— Зырянов өңірінде туған Таисияның нұлы, сулы жерін сағынып әредік үйілеуінен де жақсы қанық. Міне, енді елуге еңкейген шағында көптен ынтық болған қазыналы елкеге тап болып, Өскемен мен Лениногорды, Глубокое селосындағы Ертіс мис зауытын, Зырянов пен Белоусов, тағы бірнеше кенді аудандарды, »суы шалқыған, балығы бықыған» Зай-

сан көлін, оның арғы бетіндегі әлденеше мұдделі кен орындарын аралайды. Екі-үш аптаға созылған осынау саяхаттың егжей-тегжейін, кейде инелік тәрізді кішкентай ұшақпен, моторлы қайықпен, көбіне автомобиль және кемемен жүріп армансыз шарлаған күндерін, шаршаған кезде Қанекенің: «Мың мәртә естігеннен бір рет көрген артық!» деп жігерлендіре отырып, тағы да алға жетелеген қажымас қайратын Шапық Шекіұлы ез кітабында тәптіштей әңгімелеген: «... Келесі күні ертедетіп Кендірлік сланец кенорнына жүріп кеттік. Елу шақырымдай жер жүргесін жолдың азабы басталды — ой-шұңқырлар, таусылмайтын көп бұрылыштар... Кенорнына болдырып әрең жеттік. Шаршағанына қарамастан Сәтбаев бірден шурфтарға қарай бетtedі. Тунемелікке осында қалдық. Қайтарда атпен Зайсанға төтелей тарттық. Көбіміз атқа міну дағдысынан айырылып қалыптыз, беліміз ауырып, бұтымыз қажалып... дегендей біраз машақат шектік. Экспедициямыздың соңғы аялдамасы — Тепелеу мүйісіндегі айлақ еди. Біз үшін сол араға Өскеменнен кеме жіберіліпті...» (412-б.)

«Жүрген аяққа жәргем ілінеді» деген мәтелде, тегінде, өмірлік тәжірибеден алынған өнеге. Бұл жолы да солай болды. Ұзак саяхаттың, жолшыбай кешкен бейнеттің төлеуі, шындығында, осы өлкеде ғұмыр баки тұрып келе жатқан аңшылар, малышылар, балықшы, кенші қауымның қарапайым өкілдерімен кездесу, жергілікті басшылармен болған сұхбаттар экспедицияға қатысуышыларды, өсіреке оның басшысын қайран қалдырды. Қаныш Имантайұлы тіпті Кенді Алтайға содан былай ерекше құштар болып қайтты. Қаншама байлық көзі шоғырланған: тұтасқан ну жынысы, күзге дейін сарқылу түгілі арыны басылмайтын арналы тау өзендері, неше түрлі жан-жануарлар дүниесі — аң, балық, мыңғырған малы, оның өнімдерінің сапасы мен қадір-қасиеті де еш жерде қайталанбас ерекшеліктерге ие.. Сондықтан да шығар, 1917 жылға дейін Дания кәсіпшілерінің Семейде арнаулы кәсіпшілік ұстап, Батыс Еуропаға Ертіс бойынан тонналап сары май мен бал алғызып отырғаны! Ал жер астындағы байлығы?.. Зырянов пен Риддер кенинің қазыла бастағанына екі ғасыр болыпты, қазынасы таусылмақ түгілі, бір мұрты да сынбаған және бір ғана қорғасын емес, неше түрлі асылдың — алтын мен құміс, платина мен мыс, мырыш пен кадмий, кептеген сирек металдардың інжу-алқасы шылқыған түп коймасы. Демек, Өскеменде соғыс жылдарында асығыс түрғызылып өнім берген, қазірде қайтадан кеңейтіліп жатқан қорғасын-мырыш комбинаты қырық-елу жылға шикізаттан кенде болмайды, әмбе ол кен тасымен қоса келетін оннан астам түрлі түсті металдар, одан да өзге қажет заттар шығаратын алыпқа айналуға тиіс (бұл комбинат, шынында да 70-жылдары 26 түрлі өнім шығаруға жеткен). Лениногор қаласындағы ескі зауыт қайтадан жабдықталып, қорғасын мен қара мыс ендіруді күрт арттыrsa! Әр жерде сирек металдар беруге жобаланған комбинаттар да! Риддердің, Белоусовканың, Березовканың, Зыряновтың кеништері, демек, кен шығаруды жедел өсіруі шарт. Ал бұл үшін...

«Алтайдың мол қазынасын тез және тиімді жолмен игеруге бүгін таңда бірінші кезектегі мемлекеттік жұмыс деп қарастақ!— деген-ді депутат Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946 жылғы сессиясында сейлекен сезінде.— Өлкенің қазба байлықтарын менгеруде салынып жатқан Өскемен ГЭС-і — негізгі энергия көзі. Алайда оның құрылышы 1939 жылы басталса да әлі біткен жок. Өткен жеті жылда істелмек жұмыс көлемінің тек қана жиырма проценті орындалған. Электр станциялар министрлігі таяу уақытта бұл құрылыш үшін бүгінгіден үш-төрт есе көп қаржы және қажетті құрал-жабдықтар бөлмесе, Алтай өндірісінің көптеген жылдарға кешеуілдеп игерілдері сезсіз...»

Алғашқы экспедиция анықтауға алған мәселелер қыс бойы жан-жақты, түрліше қырынан зерттеуден өтті де, ақыры 1947 жылдың маусым айында Өскеменде шақырылған ғылыми сессияға үласты. Академияның оған бірнеше институты қатысқан-ды: ИГН өлкенің геологиялық құрылымы, қазыналар қоймасының қоры мен құрамы турасында баяндамалар әзірлесе; кен зерттеушілер сол байлықты тиімді жолмен қазу жайында ұсыныстар әкелгенді; металлургия және кен байыту институты зауыттар технологиясы қақында; химиктер Алтайда күкірт қышқылын қосымша ендіру мүмкіндіктері туралы; ал энергетиктер Алтай өзендерінің күш-куатын тиімді пайдалану жайында келелі ұсыныстар дайындалап, мамандар талқысына салған. Жергілікті инженерлер, тіпті облыстық партия комитеті де бұл талқылауға бірнеше баяндама әзірлеп, өз пікірлерін білдірген. Сессияға Одақтық министрліктердің, Жоспарлау комитетінің және жобалау мекемелерінің қатысуы әзірленген ұсыныстардың кедергісіз қолдау керіп, жедеғабыл жүзеге аса бастауына жол ашқан.

Тағы да осы істің басы-қасында болып, көніліне кеп нәрсені түйе білген тісқақты Шапық Шекіұлының естелігіне жүгінуге мәжбүрміз: «Экспедиция материалдары... Сәтбаевтың Өскеменде... көшпелі сессияда жасаған кен баяндамасына негіз болды. Қаныш Имантайұлы Кенді Алтайдың алуан түрлі байлығын қайтадан ақыл-оймен безбендеп, Шығыс Қазақстан өнеркәсіп орындарының мүмкіндіктеріне талдау жасады, сейтіп өлке өндіріс күштерін дамытудың болашағын дәлме-дәланықтап берді. Оның назарынан ештең де тыс қалмады. Ертіс еңірі түрғындарымен кездесудегі уақ жайттарды баяндамасының бедерлі де дәлелді болуы мақсатына пайдаланды. Бұдан мен ол кісінің өз білімінің тұтқыны болып қала бермейтінін анғардым. Әрбір зерттеуші белгілі бір ғлімді терең білуге үмтүлады, бірақ сонысы көбіне ғалымның ой-пікірін тұсаулап... уақыты еткен түсініктеге соны көзбен қарауына кедергі жасайды...» Шапық ақсақалдың тұжырымдауынша, Қаныш Имантайұлы жер-су мен кен байлығы ерте мәлім болса да игерілмей жатқан Кенді Алтайдың орасан зор күш-куатына жұртшылықтың назарын аударып, үкіметтің сол үшін қыруар қаржы бөлуіне мұрындық болған, өлкенің қарышты қадаммен өркендеуіне дер кезінде қозғау салған...

Сонымен бірге көшпелі алғашқы сессияны бір жылдан астам уақыт өзірлеп, кешенді түрде өткізуге жұмсалған қыруар еңбек нәтижелі болған: ен алдымен, ол академияның жас институттарын һәм оның жасаң қызметкерлерін емірдің, өндірістің ділгір талаптарына қойын-қолтық араласып, ғылыми ізденістерін нақтылы өмірлік жұмыстармен үштастыра жүргізуге баулыған мектеп болды; екінші, жас академияның өзіне де ертеңгі шүғылданар келелі зерттеулерінің бағыт-бағдарын белгілеп, бетін түзеп алуға көмектесті; үшінші, солжылы-ақталқыға түсken баяндамалар, әр түрлі ғылыми енбектердің, тіпті сессия кезінде айтылған сез, пікірлердің дербес жинақ түрінде жариялануы жобалаушыларға, зерттеушілердің өзіне келешекте септігін тигізді. Болашақта бұл тәжірибе әрбір жиын өткен сайын қайталана бермек...

Сондықтан да алдағы жылдарда көшпелі сессиялар өткізуғе күн ілгері дайындық жасап, белсене қатысу – зерттеу институттары үшін ғылыми жетесі, танымы сыналатын мүдделі жұмысқа айналмақ. Академик К. И. Сәтбаевтың тікелей ынтастымен, жетекшілігімен өткен ұлағатты жиындардың кейбірін атай кетелік: Батыс Қазақстанның ендіргіш құштерін, әсіресе мұнай ендіру мен іздеу шараларын сарапап, жүйелі зерттеуге арналған Гурьев сессиясы (ақпан, 1949), Орталық Қазақстанның жерасты қазынасын одан әрі жан-жақты барлау және игеру жолдарын талқылаған Қарағанды жиыны (бұл да сол жылы, маусым айында өткен), бертінде Қостанайда шақырылған, Жезқазғанда екі мәрте, Өскемен мен Қарағанды қалаларында қайыра өткізілген ғылыми сессиялар.

Ескертер бір жайт: кейбір ғылыми мәслихаттардың қайыра өтуіне Қаныш Имантайұлы ерекше мән берген. Бұл болса, ең алдымен алғашқы кеңесте қабылданған ғылыми ұсыныстардың дұрыс-бұрыстығын, орындалуын тексереді; қайсыбірін бұрынғыдан да кеңейтіп қарауға, қажет етсең жол-жөнекей түзеуге мүмкіндік жасайды; сайып келгенде, бұдан зерттеуші мамандардың ғылыми танымы еседі...

Айтальық, 1954 жылы Өскеменде өткен екінші сессия оған қатысқан институттар мен алыстан шақырылған мамандар құрамы алғашқыдан өзгерген жоқ; ал Кенді Алтай мәселесі күрделеніп, бұдан жеті жыл бұрын талқыланған қалпынан өлдекәйда өсіп, ғалымдар сарабынан тағы бір мәрте өткізуі тілеген-ди... Әрине, Ертіс жағасында бас қосқан мамандарға дарқан өмірдің өзі-ақ екі сессия аралығында осы өңірде жүзеге асқан таңғажайып езгерістерді бүкпесіз жайып салып, қөңілдерін өсірген: 1947 жылы жарбиған үйлері тау жоталарына жабысып, Ертіс пен Үлбі езендерінің жарқабағында, қасаң аландарда шашырап сыйылыша орналасқан шағын қала еңсесін көтеріп, әсем де түлғалы жаңа орамдармен ауысқан; сабаудай ұзын сигарға ұқсаған зауыт мұржалары да өскелең мекен тірлігінің тірлік-тынысын сұратпай-ақ танытқандай; алғашқы сессия жергілікті театрдың жөнен залында өтіп еді, енді түсті металлургия алыбы салған мәдениет сарайының үлкен де еңселі тамаша залында бас қости;

әлбette,

қазыналы өлкенің өндірісі үлғайған өзге қалалары да осындағы ұлы өзгерістерге ұшыраған: темір жол тартылып, автомобиль жүретін «Шығыс шенбері» салынып, жұмыс істей бастаған Өскемен ГЭС-і толық қуатына жеткен; Бұқтырма ГЭС-інің құрылышы жедел басталған... Бұл жолы да ғалымдар жиыны әлденеше күн алқа-қотан отырып, Кенді Алтайдың алдағы он, жиырма жылына өсу, өркендеу бағдарламасын белгілеп тарқасқан-ды.

1949 жылы Қарағандыда өткен сессиядан соң КСРО Ғылым академиясының вице-президенті И. П. Бардинмен Қазақстанның темір кендері шоғырланған кен орындарын аралады.

Академик И. П. Бардин, ерекше мәнді болуы себепті, сессияның күн тәртібіне алдымен қойылған Қазақстанда қара metallurgия өндірісін салу жайындағы ғылыми талқылауға басшылық ету үшін шақырылған-ды. Иван Павлович — қара metallurgия өндірісінің асқан білгірі; Кузнецск, Магнитогор комбинаттарын тұрғызған ұжымның бас инженері міндеттін атқарып жүргенде академик болып сайланған (1932); ал 1942 жылдан беріде академияның бірінші вице-президенті; аса үздік инженерлік және ғылыми жұмыстары үшін жеті мәрте Ленин орденімен марапатталған, 1945 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған ұлағатты ғалым!.. Осындағы білікті адамның өздері жыл бойы дайындаған ғылыми жиынға қатысып, metallurgия секциясына басшылық етуі, Сәтбевтың ойынша, әлі күнгө дейін шешілмей, созбұйдада келе жатқан мәселені тындырып, Қарағанды іргесіндегі шағын өндірісті қара metallurgия комбинатына айналдыруға көмектесуге тиіс. Ақыры, солай болды, сессия Теміртауда жаңа алып тұрғызууды жақтап қаулы алды. Мына сапар да Сарыарқа жонында дүниеге келмек болашақ комбинатқа шикізат берер темір кендерінің қоймалары молда сенімді екеніне вице-президентті біржола иландырып, көзін жеткізу мақсатынан туған-ды...

Сапарды олар Теміртауға келіп, жұмыс істеп жатқан зауытты, оның іргесіндегі Самарқан көлін көруден бастайды. Одан соң темір-марганец кендерінің көмбесі Атасуға түсіп, осы кенде түпкілікті зерттеуши, өздерімен бірге жүрген геолог-ғалым Б. С. Батищев-Тарасовтың (кейіннен Қазақ КСРО ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланған) қызықты есебін тындаған. Келесі күн Жезқазғанға жетіп, атақты мыс қоймасын аралаған. Ертеңінде олар Қарсақбайға келіп, оның іргесіндегі Балбырауын темір кендерін көрді. Онан соң соғыс күндерінде даңқы шыққан, бұл кезде көп-керім қалашық салып алғып, жан-жақты өсу кезеңіне көшкен Жезді кенишіне тартты. Жезді марганеці туралы академик Бардингетүсінік берудің кажеті шамалы: 1942 жылдың өзінде-ақ ол қара metallurgия наркомы И. Ф. Тевоянға: «Магнитогор комбинатын тетенше ауыртпалықтан құтқаратын — тек қана Жезді кені. Мұндай кен қоймаларын, тегінде, ертерек барлап, қорда ұстau жөн...» деп ресми хат жазған адам. Міне, сол кеніш. Жеті жылдан соң, жетпіске таянған кек-се шағында көруге тұра келді...

Қаныш Имантайұлының барлауши достары Жездінің жоғарғы саласына киіз үй тігіп қойыпты. Сол жерде ардақты Қанекеңнің елуге келген мерей тойын өткізеді, москвалық мейманға да қазақ халқының рәсім-дәстүрі бойынша жасалатын құрмет, ізеттің, жолжобасы көрсетіледі. Жезді кенін барлауши еңбек ардагерлері Халық Темірбаев пен Мырзабек Тұңғышбаев құрметті қонақтың иығына қазактың ұлттық зерлі шапанын жауып тұрып:

— Ардақты Иван Павлович, Жездінің кіндігі кесілген қыын күндерде сіздің оған білдірген сеніміңіз әлбette бір емес, мың шапанға тұрарлық! Мынау соның алғашқысы болсын,— деген-ді.

Бірер күн Ұлытау еңірінде демалып, кенші, барлауши қауымның сый-сияптың керіп, көңілдері өскен ғалымдар тобы енді Қостанай облысына аттанады. Онда олар Аят пен Лисаков кенорындарын арағаған. Осы жерде саяхатшыларды Магнитогор комбинатының директоры Н. Г. Носов қарсы алған-ды...

**Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «И. П. Бардин мен Н. Г. Носов бізді Магнитогор комбинатын көре кетуге шақырды. Қазақстандықтар оны қуана қарсы алдық... Орал өзенінің жағасына орналасқан тамаша қала, оның қолдан өсірілген жасыл бағы, сәулетті мәдениет сарайы, кітапханалары, гимнастика залдары бізге таңғажайып бір ертегі шәріне тап болғандай әсер етті. Бұл жерде бізге Иван Павловичтің өзі жолбасшы болған-ды...

— Сіздерге біз өте-мөте қарыздармыз!— деген-ді комбинат директоры дастарқан басындағы меймандостық қабылдауда. Сейтсек, комбинат өздеріне қажет ферромарганецті осы күнге дейін біздің Жездіден алады екен.

— Олай болса, қарыздарыңыздан құтылатын сәтті кезең туды,— деп әзілмен жауап берді Қаныш Имантайұлы ниет білдіру кезегі келгенде.— Өздеріңізге серік болатын Теміртау комбинатын салуға жәрдем беріңіздер! Орталық Қазақстанның темір мен марганец қорлары екі алыпқа да молынан жетеді...

Бұрыннан да жақсы қарым-қатынаста өрбіп келе жатқан Иван Павлович пен Қаныш Имантайұлының арасындағы достық осы сапарда ерекше бекіп, өзгеше сипатқа бет бүрғандығын ескертеп кеткім келеді. Өмірге қадамын өндірістен бастаған, ғылымға практикалық жұмыстардан соң келген осынау екі адам сол жолы бір-бірін айрықша танып, өте-мөте жақындастып, тіпті сүйіп қоштасқан-ды. Мен мұны жасы үлкен жайсан аға мен ізетті інінің бауырмал достығына балар едім... Қысқасы, И. П. Бардин осы сапардан соң Қаныш Имантайұлының барлық ынта-бастамаларына бұрынғыдан да зор жігермен қол ұшын беріп, жанын сала көмектесетін болды. Бұл достықтың Теміртау ғана емес, Аят, Лисаков, Соколов-Сарыбай, Қашар кен комбинаттарының салынуына, Үлкен Торғайдағы темір-магнетит кендерін пайдалануға илі әсерін тигізгені анық. Сондай-ақ ол Өскеменде Алтай кен-металлургия, Қарағандыда химия металлургия институттарының ашылуын бірден қолдап, зор көмек көрсетті...

Қарағандыға қайтып келген соң Қаныш Имантайұлы сәтті ба-  
сталған сапарын онан әрі жалғастырғысы келді. Бұл жолы ол Са-  
рыарқаның өзі сирек болған терістік-шығысын көре кетуді құп  
керген-ди. Бұған Н. Г. Кассин де қуанып, «Жасаң кезімде арала-  
ған Шыңғыстауды тағы бір мәрте көріп қайтайдын!» деп бірге жү-  
руге тілек білдірсін. Сейтіп, біз осы еңірдегі полиметалл кендерін  
аралауға аттандық...»

Бұл сапарда олар Гүлшат, Қарқаралы, Саяқ, Жорғаны шарлап  
келіп, Шыңғыстаудың оңтүстік беткейіндегі Ақбастау, Құсмұрын,  
Мейізек (алтыны молырак) мыс кендеріне соққан-ды. Бұдан соң  
Қалбаны шолып, Ақжал мен Бекенің өткен ғасырдан беріде қазы-  
лып келе жатқан ескі жылғаларын, Бақыршықтағы барлау жыра-  
ларын (үшеуінде де алтын кені болатын, соңғы кениш бертінде  
дүние жүзілік деңгейдегі қорлы кенорны боп шықты) шүқшия ара-  
лап, соңынан Ертіс жағасына ат басын бұрды. Ағысы адудын һем  
арналы өзеннің Ескі Шұлбі елді мекенінің тұсындағы оқшаша жара-  
тылған биік жарқабағынан қарсы беттегі ну қарағай орманын та-  
машалап көп тұрып, оның да тұп себебі кейінірек ашылмақ, сол  
жерден жетпіс шақырым иек астында тұрған Семейге жетіп қон-  
ған-ды.

Келесі күні екі академик облыс орталығынан жолбасшылар  
ертіп, баяғы «Қарқаралы-Майлышқара-Семей» поча жолының ескі  
сүрлеуіне түсіп, Ертіс арнасынан екі жұз шақырымдай күнбаты-  
ска тұра тартып, жолшыбай Дегелен, Мыржық тауларының қой-  
ны-қонышын шола көріп, Тұнлік өзенінің жағасына келіп түнейді.  
Сарыарқа білгірлерінің бұлайша қыыс жүрулерінің мәні — қазы-  
налы Мыржық тауы болатын: ғасырдың бас кезінде нақ осы өнірде  
ағылшын кәсіпкерлері тіміскі ізденістер жүргізіп, екі жерден шах-  
ты қазыпты; 30-жылдарда жарық көрген «Весь Казахстан» анық-  
тамалығында 25 жерден мыс кенинің айрықша белгілері табылған-  
дығы да айтылған; соғыс жылдарында жергілікті геологтар нақ  
осы таудың түстік қолатынан марганец кенинің жер бетіне өте  
жақын жатқан қорын тапқан-ды, тек күре жолдан қашық орнала-  
суы себепті өндіріс ашылмаған; бұл аттыраптан бертінде тез жан-  
ғыш тасқөмірдің мол қоймасы да табылған, ал Майлышқара  
іргесінен жергілікті қазактар ерте заманнан арба білігіне жаға-  
тын қарамай алып жүрген шұңқырларды бойлап мұнай іздеуге де  
ойлары бар-ды...

Сірә, кос ғұламаның дара біткен көргіш қабілеті, одан да гері  
кеңірктеріндегі болжампаздық қасиет сол жолы-ақ көп жайты  
аңғара білген сынды. Келе-ақ тиісті мекемелерге ресми хат  
түсіріп, Мыржық қойның түбебейлі зерттеу үшін арнаулы экспе-  
диция жасақтауды ұсынған. Амал қанша, бұл еңірдің қасіретті  
тағдыры сол жылы-ак басқаша шешіліп қойған еді: Мыржық, Де-  
гелен, Майлышқара (қазірде ол Қаражыра аталады, көмір шыға-  
ратын алып қазаншұңқыр) тауларының өздері ғана емес, айнала-  
сындағы атшаптырым кең дала әскерилерге беріліп, онда ядро-  
лық сынақ жасайтын полигон ұйымдастыру қамына едел-жедел  
кіріскең-ди...

Түңлік езенін жайлап отырған колхозды ауылдан аттанған күннің кешіндегі қос ғұлама жолсыз даламен туралай жүріп отырып, Май ауданы арқылы Павлодарға, келер күні Екібастұзға келген-ді. Бұлайша кең шиырлап әрлі-берлі орағыта жүрудің сиро кейінрек мәлім болмақ (ол жайында біз ілгеріде, «Қырға шыққан дария» тарауында сөз етеміз)...

## 2

Қаныш Имантайұлының кісіге қайырымдылығы туралы әріптестері неше алуан хикая шертеді. Оның бәрінен де біз дарқ-ан мінезді азamat тұлғасын танимыз. Он екі жыл бойы президент кеңесінде хатшы болған Антонина Сидоровна Додонованың бізге әңгімелеген хикаяларының біреуін толық келтірелік: «Кеңсеге қартаң кісілер де жиі келетін. Әдette олар еркіндеу кіреді де, бірден «Қаныш қайда?» дейді. «Бос емес» десен одырая қарайды да, шеткергі орындықта жайғасады. Кетпейтінін сезген соң, «Қаныш Имантаевичті қайтесіз?» деп сөзге тартамын. «Поезда билет ала алмай қойым. Қанышжан көмектеспесе, сірә, кете алмаспын, оған енді шіретсіз береді ғой!» «Ақсақал, біздің кенседе касса болмайды»—«Білемін, Қанышжан мен үшін қайдан болса да алғызып береді». «Билетке ақшаңыз бар ма?»— «Бар, ақшасыз кісі жолға шыға ма, мінекей!» деп қалтасын ақтара бастайды. Билетін алдырып беріп оңай құтылмақ болып, көмекшінің кабинетіне барып, Бөлекан Байбалановичті ертіп қайтып келсем, қартым орнында жоқ... Өлден соң тергі кабинеттен шақыру естімін. Сөйтсем, жоғалтқан қартым президенттің алдында сайрап отыр, маған қымсына қарайды. Қаныш Имантайұлы қолыма тілдей қағаз ұстатаады. Онда не жазылғанын оқымай-ақ, біліп тұрмын: «Менің жалақым есебінен Антонина Сидоровнаға бір жұз сом беріңіз» деген қолхат. «Осы айда бұл нешінші мәрте?» деймін ішімнен.

Қаныш Имантайұлының жаратылышы осы!.. Есепшилерден қолхатта көрсетілген соманы алып келіп, конвертке салып, президентке ұсынамын. Қаныш Имантайұлы оны қартқа береді, алмаймын деген еркіне қоймaston кейде зорлап ұсынады. Сондағы желеуі — «Бала-шағаңызға сәлем-сауқат ала қайтыңыз!» Бұл аздай: «Келесі жолы бірден үйге келіңіз!» деп пысықтайтының қайтесіз. Қабылдау бөлмесіне шыққан соң шаруашылық бөліміне телефон соғып, ақсақалды поезда отырғызып жіберуді ықтияттаймын. Қасымда бүгежендең тұрған қарт: «Қызыым, сен маған ренжіме. Алматыға келіп, бесіктеге тербеткен Қанышжанды бір көрмей қалай кетемін? Ақша емес, аяулы жанның ағалаған бір ауыз сөзін сағынуп келдім!..» дейді, өзінің оғаш қылышына кешірім сурал.

Тегінде, Қаныш Имантайұлына бүйтіп еркелей кіретіндер — Баянауыл тұрғындары, бала күннен таныстары, жамағайын-жұрататы; әрине, жезқазғандықтар да оқта-текте соғып тұрады; баяғыдай, Қарсақбайда тұрған кезіндегідей қоржын басы тас арқалап, соны қайткен күнде «Жер құпиясының білгірі ғұлама Сәтбаев-

вқа» көрсетпек болып, ту алыстан іздең келетіндер де бар. Ондай бейнетқорларды қайтіп кіргізбейсің? Жок, мұндай «Сәлем берушілерді» хатшы да, көмекші де ешқашанда тоқтатпайды; президент орнында жоқ болса, келетін уақытын айтып, иә телефонмен хабарласып, қайткен күнде кездестіруге тырысады. Әсілі, президенттің өзі тағайындаған және емір бақи бұлжытпай сақтаған рәсім бойынша, өндірістерден келген адамдарды ол бірінші кезекте, тіпті күттірмей қабылдаған. Бұл ретте, әрине, жезқазғандықтар ерекше құрметте болған...

Қайырымдылықтың, әдетте, шегі болмайды, оны аз-көп деп таразыға тартудың да жені жоқ. Қайырымдылық қасиет адамға және түа біtedі. Қаныш Имантайұлының жомарттығы, ізгілігі де сондай әкесі Имантайдан, одан да арғы ата-бабасынан ауысқан. Соның бір мысалын академик Ш. Шөкін «Өмірдің төрт мезгілі» кітабында келтіріпті: 1965 жылы Шапық Шекіұлы КСРО Жоғарғы Кеңесі делегациясының құрамында Канадаға барған сапарында кенет парламент мүшелерінің бүкіл дүниежүзілік құрылтайна жиналған өкілдер ортасынан өзінің есімін орысша бұзып дауыстаған үнді естиді... «Бұрылып артыма қарадым. Үстінде мінсіз тігілген смокингі бар, қазақтан айнымайтын бір кісі маған қарай үмтүлды. Құлімсіреп мені құшақтап тұрып, бірсыпыра сездерді былдырлап айтып таstadtы, оның мағынасын мен мұдіріп барып түсіндім: «Шөкін мырза, сіз мені танымай тұрсыз ба?— дейді.— Мен Қазақ академиясы құрылсында жұмыс істеген жапондық-пyn...» Кісі ақылына сыймайтын жайт! О тоба, мынау тәқаппар Оттаваның орталығында, осыдан жиырма жыл бұрын алыстағы Қазақстанда тағдыр тәлкегіне үн-тұңсіз кенген жапон тұтқындары бригадирін мынадай дәулетті мырза, парламент депутаты дәрежесінде көремін деп ойлаптын ба?— дейді Шәкен естелік кітабында.— Бұрынғы тұтқын ең әуелі Сәтбаев мырзаның денсаулығын сұрады. Оның қайтыс болғанын білгенде, қатты қамығып көзіне жас алды, «Сәтбаев-санның қандай тамаша, қайырымды адам болғандығын айтты, бүкіл тұтқындар ол кісіні өздеріне жаңашыр ниетпен қамқорлық жасағандығы үшін құрмет тұтыпты, мысалы, араларында ауырғандар пайда болғанда дәрігерлік жәрдем көрсетуге ерекше ыждағат танытыпты» (тырнақшамен дараланған сездерді ғалым «Ұлттық FA-ның жолы» кітабында қосқан, 28-б.). Қаныш Имантайұлының қазасы жөніндегі сезіме оның қатты қынжылғанына іші-бауырым елжіреп кетті...» (419–420 б.)

ИГН-ның фондылар белімінде, ғалымның дербес архивінде «Қымбатты Қанеке!» деп басталатын жүздеген, мындаған хаттар дербес бумаларда сақтаулы. Бәрі де пәленшекен жерден кен белгілөрін көргенін хабарлаған. Болмаса арыз айтып шер-муңын шағып, кейде ақыл-кеңес сұрап, иә жәрдем тілеген хаттар. Әйткені хат жазсаң — қайырымды Қаныш Сәтбаевтың жауап берерін, қалайда бір көмек жасарын жұрт жақсы біледі. Сол себепті, оқушыға осы кітаптың екінші белімінен таныс жезқазғандық ескі жұмыскер ақын Сарымолла Болманов көнілі жабырқаған күні ешбір қысылып-қымтырылмай-ақ сүйікті Қанышына өлең-

мен хат жолдайды. Сондағы сұрайтыны — «Есен-сая жүріп жатыр балаларым, шебі жоқ, қорада түр қара нарым...» Қаныш Имантайұлы бұған жауабын В. И. Штифандовқа ашық хат (открытка) жазып: «Ескі жұмыскерді ренжіткенің жарамаған, Сары-ағаң үйіне бір лау шөп жеткізіп бер!» деп сәлем жолдаумен қайтарады. Немесе Байқоңыр жұмыскері, карт шахтер Әбдірахман Жақыпұлының хатын оқып керелік: «Сәтбаев, сізге жаздым хат, жүрмісіз аман сәлемат!.. Қырық жыл қазған шахтыдан көмек жоқ, көрдім сондай қиянат! Ақылы кен, шырағым, бұл назым — саған аманат!..» Бұл хаттың да жауапсыз қалмағаны түсінікті... Жезқазған өнірінен өзіне көбірек жолданатын арыз, хаттардан көкейіне түйген ойпікірін ғалым, осы жаққа келген бір сапарында мәжіліс мінбесінен де бүкпесіз жария еткен: «Жолдастар, жергілікті өкімет басындағы азаматтар!— деген-ді академик сөзіне әлеуметтік мән бере сейлеп,— Жезқазғанның ескі кадрларына, әсіресе жасы келген кексе жұмыскерлерге қамқорлық және лайықты құрмет көрсету жөнінде ескерткім келеді... Ескі жұмыскерлердің біразы кешелі-бүгінде маған арыз айтты, кейбірі Алматыға да хат жазып тұрады. Бәлкім, солардың қайсыбірі менімен таныстырын арқаланатын шығар... Сейтседе, жолдастар, бір мезгіл «Осы адамдар бізге неге келмейді, ұсақ-түйек шаруаларды неліктен алыстағы кісілерге айтады?» деп ой жүгіртіп көріңіздерші. Иә, өздеріңізге осындай бір саудалар қойып. Мениңше, сіздерге олар сенбейді, әлде кабинеттерің алдында ұзақ тосып мезі болған, немесе ден қойып тыңдамай безіндіріп қойғансыздар... Сондықтан да олар маған арызданады, иә жоғарғы мекемелерге. Ал арыз иелері — базарда жүрген қайыршы, иә жол аузындағы тіленшілер де емес. Жезқазғанды жүдеу кезінде жанқиярлық енбегімен алға сүйрекен, жаяу-жалпы, күрек-қайлаларын арқалап жүріп осы құнгі қуатына жеткізген қадірменді адамдар. Бұларды арызқой еткендерің ұят, жолдастар!..»

Қаныш Имантайұлы депутат болып Қазақстанның кенді Алтайдан Атырауға дейінгі жалпақ қырынан түгелдей дерлік (Лениногордан екі мәрте, Гурьев, Жезқазған, Қарағанды қаласы және ауылдық аймақтардан) сайланған. Анығында әрбір сайлау сыйын академия президентіне дауыс беретін аймақ езгеріп отыратын, бұл да себепсіз емес, іскер де беделді мемлекет қайраткеріне экономикасын жедел көтеруді, іргелі шаралар жүргізуі тілейтін аудандар жүктелуге тиіс; былайша айтқанда, ел тілеуіндегі ат-пал азаматқа — нардың жүгі артылатын; бұған қоса академик Сәтбаев республикалық қана емес, КСРО Жоғарғы Кеңесіне де төрт мәрте депутат болған. Бұл да ғалымға жолданатын сайлаушылар аманатының, түрлі тапсырма-міндеттердің, ұсыныс-хаттардың, шағым-арыздардың жағрафиясын кеңейте түскен... Мұндай хаттар ғалымның дербес архивінде әлдененеше мың. Солардың ішінен тағдырын аяғына дейін анықтауға мүмкін болған бірнешеуін оқып керелік:

«Аса қадірлі Михаил Маркович! (Рутман — Қазақстанның Москвадағы өкілдігінің қызыметкері — М. С.) Ерлі-зайыпты геологтар

И...дің Кенді Алтайдың жерасты байлығын барлаудағы еңбегі ерекше зор. Бір ғана өкінішті жайт, осынау жарасты отбасының үлкен бақытсызыдышқа душар болып отырғаны шымбайым атады: олардың үлкен баласы Валерий тымаумен сырқаттанып жүріп мүлдем естімейтін болып қалыпты. Алты жыл үздіксіз емделуден соң байғұс бала логопед арқылы оқуға үйренген, кәдімгі мектепке бірақ қатынай алмайды... Сізге мен Павел Викторовичтің баласын Москвадағы саңырау балалар интернатына орналастыратын бір амал жасайды деп қатты сенемін!..»

Ғалымның архивінде ерлі-зайыпты геологтардың Ұлы Қазан, 1-Мамыр мерекелерімен құттықтап, әмбे Валераның Москва интернатында өте жақсы оқып жүргенін, оның да академик атасына шексіз алғыспен сәлем жолдайтынын хабарлаған ашық хаттары сақтаулы.

Ұста Баймен Алтыаяқұлының тағдырына Қ. И. Сәтбаевтың өзі араласқан, оны біз әр кезде жолданған екі хаттан аңғарамыз. Оның алғашқысы Ұлытауға 1944 жылдың 24 маусым күні жазылған: «...1916 жылғы көтеріліс кезінде Аманкелді батыр мен оның сарбаздарына қару соққан тамаша еңбегініз, қадірлі Бәйке, халық бақыты үшін болған ұлы құреске сіздің белсене қатысқаныңызды дәлелдеумен бірге... сол кезде қолданған қарулар түрінен тарихи мағлұмат береді және бұл келер үрпақ үшін өте бағалы ескерткіш!» десе, алты жылдан соң, яғни 1950 жылдың 25 наурыз күні Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне ресми жолдаған екінші хатында депутат Сәтбаев қарт жұмыскер, азаттық жолындағы құрескер Б. Алтыаяқұлына тиісті пенсия тағайындауды талап еткен...

«Депутатқа хаттар» деп бөлектенген шкафтың сөрелерінде қаттаулы түрған әрбір пакеттен неше алуан адамдар тағдырын аңғаруға болады. Солардың қайсыбірі Одақтың түрлі түкпірлерінен жолданған: Том технология институтының профессоры Н. С. Пенн бұрынғы шәкіртіне дербес пенсия ала алмай жүргенін ескертсе; нақ сондай үміт артқан зор тілекпен Қарағанды кемір ошағының бүкілодақтық қорға ие екендігін тұңғыш дәлелдеуші ірі маман А. А. Гапеев те өзекжарды хат жазыпты; осы тарауда есімі аталған Атасу темір кенін (қазіргі Қаражал) түбегейлеп барлаушы Б. С. Батищев-Тарасовтың жұбайы сырқаттанып қалған ерін Москвандың арнаулы емханасына жатқызуға көмек сұраған...

1992 жылғы 11-санында «Мысль» журналы ғалым фондынан алынған бірнеше хаттарды (жариялаушы F. Батыrbеков) қаз-қалпында көшіріп басты. Солардың бірі – Татар АКСР-інің Ар қала-шығынан, 1950 жылдың 14 желтоқсанында жолданған хат: «...Сәлем жолдауши өзініздің кездейсоқ тілемсегініз, Отан соғысының 1-дәрежелі мүгедегі Осин В. И. Сіз жіберген 100 сомды алдым, шексіз алғыс жолдаумен бірге, бұл тілектің ішінде кішкентай ұлым мен оның жас шешесі де бар, осы ақшаның 66

сомына біз Юрикке пима мен жылы күртеше сатып әпергенімізді хабарлауды жөн көрдік. Қаныш Имантайұлы, Сізге және отабасыңызға денсаулық, бақыт тілейміз!...», «Сізден көмек сұрауға мәжбүрмін. Үш жылдан бері Алматыға барып, электротехникумға оқуға қолым жете алмай жүр. Әкем — неміс үлтynан, шешем — орыс қызы. Әке-шешемді 1941 жылы Куйбышев қаласынан Қазақстанға жер аударған... Арманым — техникалық мамандық алу, сол үшін 8 сынып бітірген құжатымды 1947 жылы электротехникумға жібергендік, шақыру қағаз да алдым, бірақ Жездідегі специмен-датура Алматыға баруға рұқсат бермейді,— деп қыла өтініпте Михаил Раймондович Оберт 1950 жылдың ақпаның 20-жүлдызында жолдаған хатында. Қазақ КСР Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Екешов сол жылдың маусым айының 12-күні М. Р. Обертке Алматыға баруға рұқсат берілгендейгін Қ. И. Сәтбаевқа хабарлапты...

1946 жылдың 17 қарашасында КСРО Жорғарғы Кеңесінің депутаты Қ. И. Сәтбаевқа Қарағанды облысындағы Жанаарқа стансасының түрғыны Е. Ф. Ветцельден мынадай арыз жолданған: «Мен — Украинадан жер аударылған немістердің бірімін. Қүйеүім Харьков қаласындағы еңбек армиясында, қолымда 7 балам бар, ең үлкені 17 жаста, кішісі — үште. Пәтер ала алмадым, жалдаған үйімнен шығарғалы жатыр. Балаларымда киім жоқ — тұттай жалаңаш, бәрі жалаңаяқ, нан алатын кәртішке де бермеді, көмір де тимеді. Көмек сұрап бармаған жерім жоқ, бірақ ешкім көмектескісі келмейді. Балаларымның нан сұрап жылағанын, олардың сүйек пен аштықтан кез алдында өлуін мен, туған анасы, қалай көтермекпін? Әкелерінің неміс болғанына балаларымның кінәсі жоқ қой, айтыңызшы құдай үшін, Кеңестер Одағында олар қаңғыбас иттей қалайша тентіреуге тиіс? Сіз, қымбатты депутат, менің осы кіріптар жағдайыма бірдеме жасаңыз, ең құрғанда балаларымның жармысын жетімдер үйіне қабылдасын немесе адам болғандай жағдай туғызысын...»

Әлбетте, бұл хат иесіне де жәрдем көрсетілген. Тіпті көмектің зандағы да тұрақты жөні табылыпты: жеті бала тауып тәрбиелеген Е. Ф. Ветцельге III дәрежелі «Ана даңқы» ордені беріліп, соған орай тиісті жәрдемақы тағайындалыпты; қомақты көмек те жасалған.

Бұл хаттар Қаныш Имантайұлының ғылыми және мемлекеттік зор шаруалармен қатар, дарқан емір күн сайын алдына тартқан түрліше үсақ істермен жалықпай ықтиятты айналысқанына куәлік етеді...

Әділін айтқанда, президенттің алдына келген хаттың барлығы да әлеуметтік мән-мағынаға ие болып, маңызды іске айналатын. Өйткені Қаныш Имантайұлының кәміл сенген ойынша, әрбір арыздың соңында адам бар; ал әрбір адам — қоғам мүшесі, демек, оған мемлекеттік түрғыдан қарау керек; ал депутатқа жолданған шағымның мәні тіпті де езге болуға тиісті, себебі ол — үкімет мүшесі...

**М. О. ӨУЕЗОВТІҚ «Қазақ халқының зор ғалымы» очеркінен\***: «Санғылымның басы қосылған күрделі еңбек үстінде есіп келе жатқан академияның ісін ғылымдық жолдармен, сан саламен өрбітіп, гүлдендіре білу — кімге де болсын оңай жұмыс емес. Аса жауапты жұмыс болуының үстіне, сан сала білімнен көп дерегі, білімі бар адам болуы керек. Қаныштың бір ерекшелігі — ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылыми тіліндеге сөйле-се біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, үғыса біледі. Және ол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ісшілдік те бар. Өз басының білімін есіруде жан-жақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ, ізденуші Қаныш, Қазақстан ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық үстаз, үлгі боларлық білгіш...»

Сол білгіразамат елуге келді. Ел ағасы атанып, егделікке аяқ басқан. Жезқазғанда жүргенде ол өзін асау үйреткен жасаң жігіттей сезінетін: көп ісі алда тұрғандай, бергенінен бөрмөгі, өнерінің де ту биігі, Ұлытаудың Едіге шыңындағы асқары ілгеріде сияқтанатын...

Қаныш Имантайұлының өзі мерейтойын бұлайша дабыралап өткізуіді қалаған жоқ-ты: ошағының басында бала-шағасын, досжарандарын жинап сауық-сайранды кеш жасауды лайық көрген; иә, одан кейін екі-үш күнге уақыт тауып, Баянауылға барып қайтуды... Бірақ шартараптан келіп жатқан құттықтау хаттар мен жеделхаттар тасқыны, газет-журналдарда жарияланған аткепір мақала, естелік, очерктер (шындығында, осынау мол да әр түрлі деректер ғалымның өмірбаянын зерттеушилерге кейіннен өлшеусіз зор қызмет етпек) еркінен тыс басталып кетті де, ақыр аяғында зор салтанатқа ұласты...

**КСРО ғА-ның президенті С. И. ВАВИЛОВ, бас ғылыми хатшысы А. В. ТОПЧИЕВ-тың жеделхатынан:** «... КСРО ғалым академиясы Сізді Қазақстанның кен байлығын түбегейлі зерттеуші кеңестік ірі ғалым деп біледі. Республиказыздың жерасты қазынасын ашу жолындағы Сіздің орасан зор табыстарының бен ғылыми тамаша еңбектеріңіз — қазақ халқының ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының мактандыши».

**И. Ф. ТЕВОСЯН КСРО Қара металлургия министрі:** «... Сіздің Жезқазған ауданынан орасан зор мыс кенін ғана емес, ұлы Отан соғысының қатерлі күндерінде құнарлы марганец қоймасын тауып бергеніңізді Орал металлургтері ешқашанда ұмытпайды. Бұл ерліктің шынайы бағасын ұрыс майданына шайқасқа шыққан құрыш сауытты кеңес танктері кезінде айқын дәлелдеген болатын».

\* «Социалистік Қазақстан», 25 ақпан, 1949 жыл.

**В. А. ОБРУЧЕВ, академик:** «...Мені жүрт Сібір геологтары мектебінің негізін салушы деп атап жүр. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болса — осы мектептен білім алған барлаушы. Мұндай қабілетті шәкірттің ғылым кеңістігіне қанат қағып, зор табыстармен көрінуі, мен үшін, ерекше зор мақтаныш!...» (Геология ілімінің атақты ғұламасы, жасы сол күнде тоқсанға жақындаған академик, мереке иесінің барлық ғылыми еңбектерін, өмір жолын, ашқан ірі жаңалықтарын саралап мақала да жазып, Алматыға жолдаған. В. А. Обручевтің бұл еңбегі Қазақ КСР РА-ның «Хабаршы» журналының 1949 жылғы 4-санында жарияланған.)

Мұндай ыстық ықыласты, шуағы мол лебіздер Қазақстанның түлкір-түкпіріндегі — ірі өндірістерінен, ауыл-селидарынан, облыстық, аудандық аупартком мен атқару комитеттерінен ондап, жүзден түскен. Кеңес Одағының әр жерінен келген құттықтаулардың өзі жүзден астам. Жағрафиялық ендіктермен шолсақ — Москва, Ленинград, Киев, Ташкент, Фрунзе, Нұкіс, Баку, Ереван, Тбилиси, Ашғабад, Сталинабад (Душанбе), Том, Магнитогор, Свердлов... Бәрі де жайсаң азамат, сүйікті де тамаша жан, ғылыми зердесін бүкіл ел таныған ғұлама ғалым К. И. Сәтбаевқа зор еңбектерін үшін шексіз алғыс айтып, оны шын жүректен мақтан ететіндіктерін тебіренерлік жылы сездермен білдіріп, құттықтау хат иә жеделхаттар жолдаған. Таңданарлық құбылыс: солардың ешқайсысы да өзара келіспесе де Қаныш Имантайұлын құттықтай отырып, бір ауыздан Қазақ КСР ғылым академиясының аз жылдағы зор табыстарын сүйсіне атап өткен; былайша айтқанда, академик Сәтбаевтың мерейтойы академияның ержеткен, есейген, кемелденген мерекесі деп бағалаған; бұдан туатын қорытынды және айдай шындық, барлық құттықтаулардың жалынды сәлем жолдап, ыстық ұлтипат білдірумен айтқан ой-пікірі де осы — К. И. Сәтбаев пен Қазақстанның ұлттық академиясы ажырамас бір үғым дегенге сайған!

Ғалымның өз басы ешқашанда күтпеген, алайда көңілін өсіріп шексіз риза еткен, өткен өмірін шолуға, жұмысқа алғаш шыққан кезін еске алуға тұртқі болған жеделхаттар да аз емес-ті: «...Сіздің шынайы өмір талабына орай туған ғылыми еңбектеріңізге ерекше сүйсінімін!»— деп тұжырымдалты қарт академик-энергетик, белгілі мемлекет қайраткері Г. М. Кржижановский. Қаныш Имантайұлы жеделхатты қолына алған сәтте-ақ 1930 жылы Геолком мен Главметал басқармаларының әсіре білгіш сарапшылары өзіне сенімсіздік жариялад шетқақпай көрсеткендеге, әділдік сұрап сол күндегі Жоспарлау Комитетінің терағасына барған сәтті, Глеб Максимилиановичтің ешкімге мәлімсіз, дабыра атағы да жоқ, қазақ инженеріне сенім білдіріп, Жезқазғанды түбегейлі барлауға алғаш рет қаржы белгізгенін есіне алған-ды. Біле білгенге бұл да қайраткерліктиң салдары, әмбे үлкен ізгіліктің нышаны. «Домна Ефимовна және... өзімнен большевиктік жалынды сәлем қабылда, қадірлі дос! Елуге келіпсін, бірақ сен маған әлі де бәз-баяғы, өзіміз алғаш кездескен жылдағы жас жігіт сияқтысың!— деп жазыпты Атбасцветмет тресінің бүрынғы басқарма терағасы, дер-

бес зейнеткер, карт күрескөр К. Бронзос.— Сүйген халқының сүйікті ұлы болу қандай бақыт! Ал сен бір ғана қазақ емес, кеңбайтақ Ұлы Отаның сүйікті перзентің. Әйткені Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының гүлдене беруі үшін жан аямай еңбек етіп келесің...», «Гүлдену жолындағы күн сәулеlei Қазақстанға Сіздей перзенттер аса қажет,— деп қуантқан-ды Ленинградтан, КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н. Г. Келль.— Әйткені Сіз ез еңбегіңізben дүние жүзіне қазақ халқының кім екенін, КСРО халықтарының ұлы достығы қандай жемістер беріп отырғанын танытып келесіз. Сол үшін де қазақ халқының елуге келген даңқты перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа бас иіп, қол соғамыз. Бұл сөзді бір топ орыс достарың жан-тәнімен Сені сүйетін және өздерінің сүйіспеншілігін ешқандай асылға айырбастамайтын (әйткені саған біржола берілген, өзінді де солай деп ойлайтын) әріптестерің шын жүректен жолдап отыр».

Ғалымның елу жылдық тойы 1949 жылдың 14 мамыр күні Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында өткен-ді. Залда қоғамдық ұйымдардың екілдері, ғалымдар, әдебиетшілер, геологтар, ғылыми қызыметкерлер, Қарағандының, Жезқазганның, Өскеменнің жұмысқер делегациялары... Қазақстан геологтарының ақсақалы, академик Н. Г. Кассин той иесінің өмір жолы, инженерлік және ғылыми қызыметі туралы жасаған тамаша баяндамасынан соң мінбеге Москвадан (академик В. Г. Фесенков пен корреспондент-мүше И. П. Герасимов), Өзбекстаннан (академик А. С. Садыков), Әзіrbайжаннан (геология докторы К. А. Әли-Заде), Белоруссиядан (академик Н. Ф. Ермоленко), Қыргызстаннан (профессор Г. Н. Виноградов) арнайы келген құрметті қонақтар көтеріліп, Қаныш Имантайұлына, сол арқылы Қазақстан ғылым иелеріне деген ілтират сөздерін естірткен. «Партия мен үкімет өзіңізге сеніп тапсырған Қазақ КСР ғылым академиясының басшысы міндеттін Сіз әрбір Кеңес ғалымына тән жігер-қуатпен сәтті атқарып келесіз, республиканың барлық еңбекшілерінің қадір тұтар сүйікті азаматы болып отырсыз. Бүкіл әлеумет бүгін кең атап отырған Сіздің ғылыми және мемлекеттік қызыметің Қазақстандағы озық ғылым мен мәдениеттің гүлденуімен тікелей байланысты...» деп жазған-ды Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы той иесіне жолдаған құттықтау хатында.

Салтанатты жиынның соңында Қаныш Имантайұлы тебіреніп тұрып, жүргегінен жарып шыққан алғыс сөзін\* естірткен: «...Өмірімнің әр түрлі кезеңдерінде атқарған азды-көпті жұмыстарды бүгін сейлекен жолдастар едәуір атап өтті, асыра мақтағандары да бар, мерекелі күні ондай сөздердің басымырақ айтылатыны анық. Оларға бір ғана тұзету жасағым келеді: нендей жұмыста болмайын, қандай міндет атқармайын, білімімді мен Отаның барлық халықтары бірігіп құрып жатқан бақыт жолындағы жаңа құрылышқа арнадым; соның бір кірпішін болса да берік, орнын

\* Қ. И. Сәтбаев. Таңдамалы еңбектері, 5-том, 217-бет.

тауып қалауға тырыстым. Осы залда менің азды-көпті еңбегімді құрметтеуге бас қосып отырған барлық достарым мен жақында-рымыңың, замандастарымның қайсысы болсын, тұла бойындағы өнерін Отан үшін аяусыз жұмсап келе жатқаны шындық. Тегінде, бұл әрбір кеңес адамының табиғи ниет-пиғылы екеніне менің күмәнім жоқ. Сол себептен де өз еңбегімді олардан ешқандай артық, іә өзгеше дей алмаймын. Ал бүгінгі құттықтауларда менің атыма айтылған барлық мадақтауларды негізгі иесіне — барлық жеңістеріміздің үйымдастырушысы және дем берушісі — Ленин-Сталин партиясына арнаймын. Әрине, алдағы өмірімде, қызметімде халқым мен партия мүддесі жолына барлық күш-куатымды, қабілет-жігерімді аямай сарқа жұмсап, еңбек ете бермекпін!»

**Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «... Меніңше, әрбір саналы адамың жүргінде мәңгі үялап қалатын... өзіне жер жаннаты сияқтанып көрінетін өте ыстық, әрі қымбат жері болады. Қаныш Имантайұлы үшін мұндай жер — Баянауыл, оның батыс төңірегіндегі кішкентай Айырық ауылы еді! Кейінгі жылдары ол туған жерін жиі-жій есіне алып, кейде түсінде керіп, «Ақкелін бүйрараттарында саят құрып жүр екемін, қолымда жан ағатайым Бекештің Қарашаңырақ атты қыран қаршығасы бар» деп айта беретін. Оның атамекеніне ат ізін салмағанына жиyrма шақты жыл болған-ды... Ақыры, 1949 жылғы жазғы саяхаттың соңында, Екібастұзға тұнеп шыққан тұннің ертеңінде, қасындағы геолог серіктеріне осы жерден туған ауылына барып қайтуға көнілі ауғанын, биылғы демалысының үш күнін сонда өткізетінін мәлімдеді.

... Аудан орталығы болғалы қалалық келбетке енген бұрынғы станицада көп аялдаған жоқпыш. Еңбекшілермен жүздесіп, қонақасы ішken соң Қаныш Имантайұлының туған атақонысы, сол кунде «Тендер» колхозы (бертінде Қ. И. Сәтбаев есімі берілген үлкен шаруашылық — М. С.) атанатын елді мекенге аттанып кеттік.

Телефон байланысы жоқ уақыт болса да, сірә, «ұзын құлақтан» хабар алса керек, жерлестеріміз бізді арбаға тиеліп, салт атпен де топтанып шығып, әлденеше шақырым жерден қарсы алды. Атақты ауылдасының арнайы іздеп келе жатқанына ерекше қуанған сынды, қалайда мәре-сәре болысты, біз де балалық шағымызға қайтып оралғандай біржосын шат-шадыман күй кештік...

Әсіресе жан-дүниесі күрт езгерген ерім. Тіпті сәби қалпына түссін. Үлкен ауылдың алдындағы шалғынға аунап, жыламық өзенінің қалдық сүйена шомылды, соナン кейін ғана әкесінің қыстауына бардық. Ескі қыстау мейлінше тозып, қораның әр жері құлап қалған. Бір кезде осынау жұпны мекеннің еңсөлі сарай сияқтанып, бала көнілін бійкке діттегеніне қайран қаласың, көрмесен, тіпті сенбейсің... Қаныш Имантайұлы қасына екі құрдасын ертіп, өздері асық ойнаған жертасты, шана тепкен Қарамұрын дөңін арапап шықты. Ақырында бастауыш мектеп болған бұрынғы Шорман

ауылына, кейіннен Тендік делінген ауылға келдік... Әрине, біздің келуіміз туысқандарымыздың улан-асыр тойына ұласты. Қарсылығымызды тыңдаған ешкім жоқ. Бәрінің айтатыны — сүйікті Қанекенің ақ жүзін, жайсан қылығын, жарасты құлкісін, құлақ құрышын қандырып салатын әнін сағындық!..

Екі күннен соң, біз Қарағанды облысының Осакаров ауданына жүріп кеттік. КСРО Жоғарғы Кеңесінің өткен сайлауында ол осы төңіректегі селолық округтен дауысқа түскен. Ұрымтал жерге келген соң сайлаушыларымен кездесіп, есеп бере кетуді мақұл көрген-ді...»

#### 4

Қазак КСР ғылым академиясының үйі тұрғызылмақ алаң соғыс аяқталған жылы қоршалғанымен, тұрлі жетіспеушілік пен кедергілер себеп болып, құрылышы кешігіп басталған. Белгісіз фотограф бұл оқиғаның болған күнін 26 сәуір 1951 жыл деп көрсетіп, ғылым ғимаратының іргесіне Қаныш Имантайұлының тұңғыш бетон құйып жатқан кезін бейнелеген деректі сурет қалдырған...

Қазірде бұл үй — Алматының ең әсем, айшықты өрнекпен мүсінделген, бітім-тұлғасы дара, сырт келбетіне ішкі безенуі, кеңдігі, сыңғырлаған үлкенді-кішілі залдары, еңсели холл, неше тұрлі кабинеттері жарасты ансамбль тұзеген тамаша ғимараты. Оның тұрган орны да сирек кездесетін сұлу табигат көрінісімен шебер қысықан: алды — бұлақ сылдырап, фонтандар шашыған кең алаң: ал ту сыртында — көгерген нұжынысы, құдірейген заңғар тау жоталары өркештеніп, басында мәңгі қар жатқан ақбас шың; сол бір ғажап сүреттің етегінде алтын шапақты күн нұрына шомылғандай ақ сары реңде тұлғаланып еңсели де парасатты, таңғажайып сәулелті ғылым сарайы андыздал тұрады. Сол жараптық аллеялар кең көшемен темендерген сайын зорайып, екі жақтан қатарласа сап тұзеген академия институттарының біркелкі тұлғалы үйлерімен ұлғая түседі. Қысқасы, бұл маңаттағы барлық құрылыш сымбаты шебер сәулетшінің қиял тербеген ойынан туған.

Әділдікке жүгінсек, бұл да Қаныш Имантайұлының ынтастымен сонау бір айшықты жылдары өмірге келген мансұқ ісі. Ғылым үйінің жобасын жасауға белгілі сәулетші, академик А. В. Щусевті (ал ол В. И. Ленин Мавзолейі ғана емес, «Москва» мейманханасын, Москвадағы Қазан вокзалын қайта салып, Ташкенттегі Ә. Науай атындағы опера және балет театры сынды ұлы құрылыштарды тудырған жаңа дәүірдің аса көрнекті архитекторы болатын) соңынан қалмай жүріп, езінің де, москвалық зиялы достарының да беделін салып әрең көндіруден бастап, осынау зор да мәңгілік тамаша ғимараттың ең соңғы сылағын, есік-терезесінің ою-өрнегін, қабырғалардың мәрмар бетін жымдастырып, еден-

дегі паркетін қиуластыруға дейінгі жұмыстардың басы-қасында болды. Иә, маймөнкелеудің қажеті қанша, бұл үшін де сындарлы ғалым қайраткерлік жасап, қаншама ұсақ кедергілерден өтіп, талай-талай қажеттерді іздел, тіпті жылдар керуенін өткеріп, көптеген қымбат уақытын сарп еткен.

Тарихи дәлділіктен мұлт баспас үшін осы құрылыштың өмірге келуіне тікелей қатысқан, иә, кеп жайтты ғалыммен қоса жүріп басынан кешірген екі куәгердің естелігін ықшамдап береміз...

**Академик Ш. Ш. ШЕҚИННИҢ «Өмірдің төрт мезгілі» кітабынан:** «... Республика FA-сын үйімдастыру жөніндегі қаулы шығысымен Сәтбаев оған арнап үй салдыру қамына ойға шомып кеп толғанды. Оның пікіріншө, тералқа үйінің фасады мен интерьери табиғатты түсініп, соның жанды бөлшегіндей кірігудің шыңын, әрі адам ойының асқақтығын бейнелеуге тиіс. Бас ғимарат өзін қоршаған сәулет үйлерінің үстінен қарап, айқындал тұрсын. Бірақ ол кездे астанада архитектуралық айнала деген үғым әлі қалыптасқан жоқ-ты: кісі бойындей қурай мен алаболалар арасынан қисайма тоқал тамдар мен қақыралар жыптырап тұратын; үш қабат кірпіш үйлердің өзі саусақпен санараптыған. Жобалау ісіне Щусевтей айбынды сәулетшіні тарту үшін, ұлттық астананың түү альыстағы жетпісінші, сексенінші жылдардағы келбетін көзбен көргендегі елестету керек еді... Москваға бір барғанында ол мені де Алексей Викторовичтің шеберханасына ала барды. Сәулетші көмекшілерімен бірге жоба эскиздерін талқылағаннан кейін... мен даңғайыр шеберден: «Сіз академия сәулетін қалай көрсетпексіз?»— деп сұрадым. Щусев: «Жас жігіт, академия үйінің ұлылығын біз оның кіреберісі, вестибюлі және қабылдау белмесі арқылы беруді ойладық: кен аумақты, тәбесі зәулім биік вестибюль ғылым ғимаратына келген кісіні бірден бойын жинап алуға міндеттейді; ал даңғарадай қабылдау белмесі келушілерге президент айналысып отырған істі құрметтеу көректігін сездіреді...»— деп әр сөзін нығарлай жауап берді.

Қаныш Имантайұлы академия кешенін Үлкен Алматы езені бойына (орыстар «Весновка» атандырған. — М. С.), қазіргі Қазақ Ұлттық университеті қалашығының орнына тұрғызбак болған-ды. Тауға дейін қуалап өскен кен шалғынды жазық дала академик сәулетшінің қиялын шалықтатып жіберді. Шұғылалы күн, таза ауа, түү желкеде ақbastы Алатау. Солардың түү ортасында айдында жүзген ақ кемедей қалықтаған ғылым ғимараты мен еңселі тұрғын үйлер... Алайда үкімет орталықта оңды бір үй жоқ дөген желеуді көлденең тартып, бастапқы жобаны қаланың ішіне қарай икемдеді...

Бірақ дайын жобаны талқылаудың өзі әрең жылжып қол бөгеді. Сиықсыз сұрғылт Алматы үшін бұл жоба тым сәнді, салтанатты көрінді, тіпті артық әлеміш саналды: Щусевтің жобасы бойынша, ғимараттар кешені төменде — Красин көшесін қуалап, 28 гвардияшы-панфиловшылар бауына дейін, жоғарғы жағы Абай даңғы-

лына шекті созылуы керек-ті, Артиллерия (қазіргі Құрманғазы) көшесінің бойында Фалымдар үйі орналасуға тиістүғын. Қырық сегізінші жылы құйрық-жала күзелген жоба бекіп, құрылышқа кірісу туралы қаулы қабылданды. Құрылыс бірақ өгіз аяңмен жүрді. Босатылған қаржы мен материал жіі-жіе басқа жаққа жөнелтіліп, тіпті осындағы жұмысшылар да өзге құрылыштарға жегілетін-ді...» (417—418 б.).

«Қаныш Имантайұлының жоғарғы жаққа өтімділігі, КСРО ФА-сы, Жоспарлау комитеті мен Қаржы министрлігіне беделі біздің академия үйі мен өзге құрылыштарды бастап, солардың материалдық-техникалық жабдықтарын қамтамасыз етуге тиісті жағдай туғызыды,— дейді «Вечерний Алматы» газетінде (10 сәуір 1998) жарияланған естелігінде ҰҒА-ның іс басқарушысы боп істеген Г. В. Нечитайлодар.— Осы мәселелер үшін президентке де, маған да Москваға жылына 4—5 рет баруға тұра келетін-ді. Олжаңта мен кейір кабинеттерге тезірек кіру үшін «Сәтбаевтың екілімін» деуши едім...»

«Арнайы құрылған «Академқұрылыш» басқармасы бірақ істі мандытпады, ғимараттардың қабырғасы біктей қоймады...— деп түсіндіреді Ш. Шекіұлы деректі кітабында.— Алаңдағы үрдіс қымыл республика басшылығына П. К. Пономаренко мен Л. И. Брежнев келген соң басталды, Қаныш Имантайұлы академияға қайтадан оралған соң-ақ... осыған дейін жүрдім-бардым жағдайда салынып жатқан алып кешенге дем салып, жан бітіре білді...— дей келіп, баянының 28-бетінде күәлігін былайша түйіндейді:— ...ғылым академиясының бас ғимараты 1956 жылы тәмам болды. Тегінде, бұл іргелі, өзгеше кешен ғана емес, архитектуралық сымбаты жөнінен ерекше әдемі де қайталанбас көркем дүние! Мұндай ғимарат кешегі Одақтың бірде-бір республикасында жоқ! Сондықтан да мен оны марқұм Сәтбаев пен академик А. В. Щусевтің асқақ қиялды мен шабыты өзара тіл табысып, асқан ой-өнерінен туған қымбат қазына, тарихи ескерткіш деп есептеймін. Екеуінің де бұл іске қосқан үлесі орасан зор. Сол үшін де олардың есімін Бас ғимараттың іргесіне мәнгі өшпөстей етіп жазып қойған жөн болар еді, амал қанша, бұл жайында өзір ешкім ойланған емес».

**Н. А. ПРОСТАКОВ, құрылышты жүргізуші Бас сәулетші, қолжазба:** «...Алматыдағы ең іргелі де көркемдігі жөнінен ең сәулетті ғимарат болуға тиіс деген мұратты берік үстанғандықтан шығар деп ойлаймын, барлық уақыты әрқашан алдын-ала минутына дейін бөлініп, ғылыми тығыз-таяң жұмыстардан босамай отырса да, құрылыштың барысы туралы Сәтбаев менімен әңгімелесуге мүмкіндік табатын-ды.

Қаныш Имантайұлы кешкі мезгілде, жүрттың бәрі үйіне қайтып кеткен бейуақта шақыратын еді... Мен кабинетке кіргенде, ол қаптаған қағаздың қоршауында, дәңгелек шойын табанды көнетоз шамның жарығымен жұмыс істеп отырады. Шақыруымен келсем де, жұмыстан өзге дүниені ұмытып, алдындағы қағазға ден

қоя шүқшиған қалпын бұзуға дәтім бармай, есік жақта кідіріп қала-  
мын. Әлден соң ол мені көріп:

— Ә, Николай Александрович? Қашан кіргенсіз?— деп қуана үн  
қатады да, орнынан жайлап тұрып, қолымды қысады.

... Әкелген чертеждерімді жайып, бас корпустың тағы бір қана-  
тының ішкі безенуін, оған қолданатын бояу, сылақ пен мәрмәр  
түсін, нендей материалдар пайдаланатынымды айта бастаймын.  
Қаныш Имантайұлы сөзімді белмейді, көбіне басын изеумен мақ-  
ұлдаپ отырады. Келіспейтін де кезі бар. Немесе осыдан жарты  
жыл бұрын екеуміздің арамызда болған әңгімені есіме салып, таң-  
ғалдыратыны да ғажап... Оның кабинеттерді bezendіру турасын-  
дағы ойларын еске алсам, осы күні де қайран боламын:  
«Кабинеттегі ең басты нәрсе — оның әдемілігі, иә кеңдігі емес,  
сонда отырған адамның іскерлік парасаты, білімі, мәдениеті емес  
пе?— дейтін-ді ол.— Иә, кабинеттің сән-салтанаты келушіні таң-  
ғалдырып, мысын ешбір баспайтын болсын. Өйткені ол жансыз  
қабырғаларды тамашалау үшін емес, соның иесімен тілдесуге  
келеді...» Президенттің кабинеті жөнінде де біз кептеген сағат  
әңгіме-дүкен құрдық. Тегінде, бұл емірде ұмытпас, осы жолдар-  
ды жазып отырғанда да тебірене еске алатын ең бақытты  
жүздесулерім! Кейде Қаныш Имантайұлы мен әкелген ватмандар-  
ды қарап шықсан соң:

— Николай Александрович, құрылыш алаңына барып қайтсақ,  
қайтеді?— дейді.

Бір жолғы серуенімізді, сірә, өл-өлгенше ұмытпаспын. Үлкен  
мәжіліс залының күмбезделіп шығарылған және сол кезде бетон  
жұмыстары жүріп жатқан тебесіне жету онай емес-ті, әмбे  
әжептәүір қауіпті де болатын. Амал қанша, президентті ниетінен  
айныта алмаған соң жол бастауға мәжбүр болдым. Неше түрлі  
сықырлауық сатылармен, кейде жыландай шыр ірілетін уақыт-  
ша басқыштармен үстіге шығып, құрылышылар пайдаланатын  
тақтай көпіршелерді солқылдата басып келеміз. Кей жерлерде  
әткелдер сыммен бұралған, көбінде бұл да жоқ. Зәре-құтый қал-  
май әрен басамын аяғымды. Табан астынан тақтай сынықтары,  
тас қырышықтары, кейде бетон қалдықтары тәменге зымырай  
жөнеледі, ал онда әлі тас едені жоқ мәжіліс залының алып шұнқы-  
ры, жазатайым тайып кетсөң...

Қаныш Имантайұлы менен қалған жоқ, ауыр денесін, енгезер-  
дегі бойын тіпті елер емес, тар да тым аласа жасалған әткелдер-  
ден, жарығы күңгірт жерлерден де ептілікпен аман-сау өтіп, сірә,  
тау-тасты қияндарда көп жүрген машығы септігін тигізген болар  
даймін, ең жоғарғы нұктеге жеттік-ау бір көзде. Табан астының  
да мәжіліс залының темірбетон күмбезі. Президент ентігін басып,  
мандайын сипап тұрды да жайдары қалыpta:

— Міне, көрдіңіз бе, Жер-ананың төсінде тұрғандаймыз. Биіктігі  
ғажап!— деп жан-жағына масаттана қарады.— Қандай әдемі керік!  
Бұ жерге көтерілмесек, осыны сезінеміз бе?! Қараңызыш!..

Шынында да көз алдымызда Іле Алатауының кімді болсын таң-  
ғалдыратын жасыл көркі, тау қойнына сұғына кіріп жатқан қала

жарығы тұс-тұстап жамырап, оған басын қар шалған шың еркештері шептесіп тамаша сәүлет түзеп тұр еді. Біз бірқанша уақыт осы керікке ғашық кезбен қарап, тым-тырыс тұрып қалдық. Қаныш Имантайұлы селт етер емес, тауды да, табан астындағы қаланы да жана көргендей, нұрлы кезі, жарқыраған ашық маңдайы, тіпті бұйра шашы да сол сәүледен ажарлана түскендей, әлде бір қиял құшағына беріліп кеткенін сездім де, үнсіз күттім.

Кенет ол кілт сергіп, инығымнан қақты да:

— Ал бастаңыз, бұғін бөрін де керіп шығайық. Мың мәрте естігеннен бір рет керген жақсы деген осы... Өз кезіңмен көрмесен мұндағы жағдайды басқа жүртқа сендіре алмайсың,— деді...

\* \* \*

Қазақ КСР ғылым академиясының құрылғанына бес жыл ҚазФАН атанған кезінде-ақ өмірдің талай өткелегінен еткен, есеку дәүірі соғыс жылдарына дәп келіп, тез жетілген ғылым ордасының бірден-ақ келелі ізденістерге кіріскең ақырат. Бұдан үш жыл бұрын (1948) КСРО ғылым академиясының тералқасы оның жұмысын талқылаған-ды. Мәжілісті қорытқанда академияның президенті С. И. Вавилов: «Қазақ академиясының алғашқы қадамы тұрасында жан-жақты әңгіме еткен академик Сәтбаевтың баяндамасы, меніңше, ете жақсы әсер туғызды. Өндіріске тапсырылған екі жүзден астам ғылыми ұсыныстың өзі-ақ бұл ұжымның республика экономикасын көтеруге қолғабыс жасап отырғандығына айғақ. Үйлестіру кеңесі Қазақ КСР ғылым академиясының өз жұмысын қарымды адыммен және комплексті көлемде бастағанын атап өтуге қақылы» дей келіп, республика ғылымының биология және физика-математика саласында ғана кенжелеу өрістеп келе жатқанын ескерткен.

Содан беріде қаншама игі шаралар жүзеге асты. 1951 жылы Қазақстан ғылым ордасында терп бөлімше, жиырма ғылыми-зерттеу институты және дербес жұмыс істейтін он екі сектор, әлденеше филиал, база, түрлі ізденіс ошақтарын қосқанда қырық жеті ғылыми мекеме болатын. Оларда әлденеше мың адам еңбек ететін.

Әрине, бұл қарсаңда ғылыми қызыметкерлердің құрамы, олардың танымы, ой-зердесі, тәжірибесі едәуір ескен. Сондықтан да ВАК тералқасы бірталай институттардың ғылыми кеңестерін докторлық диссертациялар қабылдауға рұқсат еткен. Солардың бірі — академия президенті басқарып отырған геологиялық ғылымдар институты.

Әрбір институт үшін өндіріс ошақтарымен байланыс міндет қана емес, алдағы тірлік-тынысын, өсуін, табысын анықтар өмірлік ділгірлік. Әйткені кейбір зерттеулер ірі комбинаттардың, ауыл шаруашылығының, министрліктердің талабына сәйкес өзара шарт жасау арқылы, яғни солардан түсетін қосымша қаржылармен орындалады. Бұл болса, институт басшыларын өмірдің сол күндері талап-тілегіне құлағын түрік үстап, әрі өзі басқарып отыр-

ған ұжымның тірлігін ойлауға мәжбүр еткен... Сайып келгенде, осының бөрі республикадағы ғылым ошағының үрдіс кетерілуіне, жүртты таңғалдырып, ерекше сүйсінтендей дәрежеге жетуіне жол ашқан...

Қазақстан коммунистерінің төртінші съезінде (1949) академик Сәтбаев республика ғылымының өрісі жайында қосымша баяндама жасаған-ды. ҚКП(б) Орталық Комитеттіне мүше болып тұнғыш сайлануы да солжолы. О күнде бұл үлкен сенім ғана емес, зор дәреже еді, кейбіреулер тіпті бақ санаған. Бұкілодактық жоғарғы аттестациялау комиссиясы бір жылдан соң оған геология профессоры атағын бекітті. Сол жылдың бас шенінде КСРО Жоғарғы Кенесінің, бір жылдан кейін Қазақ КСР-і Жоғарғы Кенесінің сайлауы өтті. Екеуіне де Қаныш Имантайұлы депутат болып сайланды. КСРО ҒА-ның төралқасы президент С. И. Вавиловтың ұсынысымен, сірә, бұл саладағы айрықша беделі мен еңбегін ескерген болар, Одақтық және Өзбекстанның ғылым академиялары бірігіп әзірлемек Орта Азиядағы кен орындарының геологиясы жөніндегі ғылыми сессияның үйімдастыру бюросына мүше етіп тағайындаған. Бұған қоса тап сол жылы еліміздегі гидроэлектростанция салу және Бас түркімен каналын, оның жер суландыру жүйелерін жүргізуге қолғабыс ететін Мемлекеттік комитетке де мүше боп сайланған.

Анығында, бұл академиктің бір басына жүктелген ондаған және бәр-бәрі ұланғайыр істердің бастылары ғана. Соған орай қазақ ғалымының ғұламалық, қайраткерлік дабысы да өсіп, жыл өткен сайын зорая түскең-ді. Академик Қ. Жұмалиевтің біз ілгеріде сез еткен «Өнегелі өмір» баянындағы сипаттамасымен айтсак, «Әр адам өз халқының бір кішкентай бөлшегіне үқсас... Менің қиялымда Қаныш аға қазақ халқының кеңпейілдік, жомарттық, ақжарқын аңғалдық, сабыр салмақтылық, бір нәрсеге берілсе — құлай берушілік, еңбек сүйгіштік сықылды жақсы қасиеттерін түгел қамтып, орыс, батыс, шығыс мәдениеттеріне де емірене барып етегі толып қайтқан, олардың да тек жақсы жақтарын ез бойына сіңірген және осы қасиеттерін... халық иғілігіне жұмсауға өзін-өзі іштей серт етіп, іске бел буған ұлы адамның бейнесін көзге елестетті» дер едік...

1951 жылдың алғашқы тоқсанында Қаныш Имантайұлы КСРО ҒА-ның тапсырмасымен Тәжікстанның ғылым академиясын құру жұмыстарына белсене қатысады. Жаңа ғылым ордасының шаңырақ, көтеру салтанатында ол осы академияға құрметті мүше болып сайланған. Шынтуайтын айтқанда, Сталинабадқа (кейіннен Душанбе атын қайыра алған) сапар және ондағы құрмет қазақ ғалымының Орта Азия республикаларында ғылыми ойдың қайта шарықтап өсүіне, әсіреле тәжіктің геология, гидрогеология ғалымдарын тәрбиелеу ісіндегі айрықша қемегін, үлгілік ұлағатын бағалаудың өтеуі болатын.

Бүгінгі күннің алыс кекжиегінен сол бір мадақ-марапатқа толы, әрі аса даңқты шеруге ғалым өмірінің небәрі алты-жеті жылдық

Қысқа һәм салтанаты мол кезеңіне зердемен ой жүгіртсек, бәрі де занғы, ересен еңбегіне орай елшеусіз марапат пен құрмет деген тоқтамға келесіз. Алайда, мұны да мойында масқа амал жоқ, елу жасқа толған мерейтойын құллі Кеңес Одағы кең түрде атап еткеннен артық-кемі жоқ екі жылдан соң, оның ғұмыры жолына қара топан құйындағы бол тұтқылдан соққан шөрлі оқиғалар біз жоғарыда қатарлап, әдейі топтай тізген кел-көсір атақтар мен мадақтаудың берін де әншейін етіп, шындығын айтқанда, жоққа шығарды. Әсілі, осы күннен беріде ғалымның ғылымдағы жолды аталған сәтті кезеңі аяқталып, бейнетке толы жаңа асулар басталғанды...

## ТАЙҒАҚ КЕШУДЕ

1

Ұлттық ғылым академиясы мен оның тұңғыш басшысы академик Қ. И. Сәтбаевтың басына үйірілген қара бұлт, нақты айтсақ, ғылым ордасы шаңырақ көтерген жылы-ақ белен өзінде берген. Сену қынын, бірақ тарихи айғақтар бұны еріксіз мойындалады...

1946 жылдың қара күзінде, яғни академия құрылғаннан алтыжеті айдан кейін Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінен қарамады комиссия жасақталып, Тіл және әдебиет институтының жұмысын, FA-ның оған басшылығын ай бойы тексерген-ди. Оның нәтижесі келесі жылдың 21 қаңтар күні Орталық Комитеттің бюросында талқыланып, «Қазақ КСР ғылым академиясының, Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрекшел қателіктер туралы» деген, айбарының өзі адамды шошытатын қаһарлық қаулы қабылданып, әдебиетші-тілші ғалымдардың ескілікпен шырмалған әуенін сауықтыру шаралары Алматының идеология қызметкерлері мен академияның гуманитарлық білім саласындағы ғалымдары шақырылған үлкен жиынның талқысына түсken.

Уақытта «Енді кімді соғайық!» дерлік адудын еді, кең дүниені тарылтып, көрші отырған тату екі кісіні бір-біріне аңдытып қойған қыын кезең-ди. БКП(б) Орталық Комитетінің 1944 жылғы «Татар обкомның идеологиялық жұмысы туралы» әйгілі қаулысы «Едіге батыр», «Шора батыр» дастандарын соғысқұмарлықты, ел тонаушылықты дәріптейтін көртартпа шығарма етіп жариялад қана қойған жоқ, түркі тілдес ағайын халықтардың құллі батырлық дастан-эпостарын таптық тұрғыдан қайтадан сүзуге мәжбур еткен. Политбюро мүшесі А. А. Ждановтың «Көрегендігімен» «Звезда», «Ленинград» журналдарын талқандау, А. Ахматова, М. Зощенко сияқты әдебиетшілер шығармаларынан өмірден түнілу мен жатты аңсау сарындарын іздеу, сәл кейініректе «В. Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» сазгерлер шығармашылығын бақылауға алған және бір қаһарлық қаулы...

Әрине, Москвандың, Ленинградтың, татар ағайындардың өз орталарынан жат пиғылдыларды іздел табудағы көрнекті «үлгісі»

қазақстандықтарға да жүқпалы сары аурудай жабысып, алдын-ала мүқият әзірленген ақпан айындағы әдеби талқы, Орталық Комитет күткендей, зор белсенділікпен өткен.

Одақ бойынша жүріп жатқан құллі ғылыми, шығармашылық үжымдардан космополиттер (шетелшілдер) мен буржуазиялық-үлтшылдықта ұрынған жау элементтерін іздеу науқанына үн қосу мақсатымен Қазақстанның орталық партия үйімі 1948 жылы тағы бір «Қазақ қенес әдебиетінің жағдайы және онан өрі дамуы тура-лы» қаулы қабылдаған-ды. Соған байланысты әдеби оқулықтар, зерттеулер мен жарияланған ескі шығармалар қайыра тексеруге түсken. Нәтижесінде Базар, Мұрын жыраулар, Шортанбай, Шәңгерей, Мәшһүр Жүсіп сынды дүлдүл ақындар, С. Торайғыров, О. Қарашев сияқты бертиңгі әдебиет өкілдеріне қазақтың сайын заманын көксеуші, әмбе үлтшыл айдары тағылып, «Ер Едіге», «Шора батыр», «Ер Сайын», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», «Қазтуған батыр» дастандарын оқуға, таратуға тыйым салынды. Екі жастың арасындағы сүйіспеншілкі паш ететін халықтық лиро-эпостар хандар мен бай-шонжарлардың салтанатты емір салтын дәріптейтін зиянды шығармалар деп танылды. Қазақтың талай ғасырдан бергі рухани қазынасы бол, мұң-шерін, құйқылжыған көңіл құйін шертіп келген әндерінің мәтіндері де сынға түсіп, кепшілігі жадағай, мәнсіз сездермен езгертілді, не-месе айтуға тыйым салынды...

Осынау біржақты сарында және жыл сайын қайыра жүргізілген талқылауларда, дәлін айтқанда, үstemелеп тиген соққылауларда кімдердің таяқ жегенін түстер болсақ, олар — ең алдыңғы лекте бірегей дарындар М. Өуезов пен Ә. Марғұлан; екінші лекте — Е. Үсмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев; бұларға иек сүйеушілер — Ә. Қоңыратбаев, М. Балақаев, Н. Сауранбаев, С. Кенесбаев, А. Үсқақов, Ә. Мәметова, Т. Нұртазин, М. Фабдуллин және басқалары.

Бір фана тәубе дерлік жайт: «кінәлілердің» жойқын және жала сыннан көнілі қарайғанмен, 37-жылдың нәубеті әзірше қайталанған жоқ-ты; былайша айтқанда, «бастан құлақ садаға» десіп, жіберген «қателіктерін» мойындал, келешекте адал еңбек, тың зерттеулерімен түзейтіндігі жайында үәде берумен тынған...

1947 жылғы қаулы бойынша, «Буржуазияшыл-үлтшылдық рұхты институт жұмысына және өзінің зерттеулеріне жүйелі түрде енгізіп, әмбе саяси бағыты теріс, әлеуметтік-таптық көзтапнымы жат пиғылды адамдарды қызметке талғамсыз қабылдағаны үшін...» Тіл және әдебиет институтының директоры, талантты ғалым-филолог Есмағанбет Үсмайылов қана орнынан алынған, кейір ғалымдардың қызмет-мәнсабы темендетілген. Әлбette, «тәрбие таяқтың» екінші басы Қаныш Имантайұлына тиген, осы қаулыдағы: «...академияның тәралқасы қоластындағы институттың кеңестік қоғамға жат пиғылға шырмалғаның көрмеген әрі қызметкерлерді іріктеудің большевиктік қатаң талабын тәркі еткен» деген айыптау, сайып келгенде, президентке тасталған шалма еді. Әмбе ол —«Ер Едіге» дастаның әсіре мадақ сөзben 1927 жылы толықтап түңғыш жариялаушы...

Әдебиетшілерді шырмаған «төңкерісшіл рух» кейіннен тілші ғалымдарға жұқты. И. В. Стalinнің «Марксизм және тіл білімінің мәселелері» атты туындысын талқылау науқанында олар да бүрын ездері кекке көтеріп жүрген Н. Я. Марр мектебінің, үстаз тұтқан академик И. И. Мещаниновтың, ескі қағидалары түрпайы теориясымақ десіп, бүрынғы еңбектерінен жаппай бас тарта бастасын. Бұл болса «Қазақ тілі» оқулықтарын қайта қарауға мәжбүр етті.

Бұдан да жойқын тартыстар кезегі 1948 жылы жаратылыста нушыларға ойысты. Сол жылдың тамыз айында өткен ВАСХНИЛ-дің кезекті сессиясында академик Т. Д. Лысенко ежелгі генетика ілімінің негіздерін жоққа шығарып, оның орнына өзі ойлап тапқан «Мичуриндік биология ілімін» ұсынды...

Үлттық академияның, биология-медицина ілімдері бөлімшесін Николай Васильевич Павлов басқаратын-ды: ғылым докторы, профессор атақтарын жасы қырықта толмай иеленген, тек қана қазақ даласынан өсімдіктің ғылымға белгісіз 130 жаңа түрін тауып, Қазақстанның барлық таулы аймақтарын ғана емес, Монголия, Тибет, Камчатка қырыларын да жаяу саяхатпен адақтаған тынымсыз іздеуші, сол жылы «Қазақстанның майлы өсімдіктері» монографиясы үшін Stalinндік сыйлықтың иегері атанған, республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері... Бір күні кеште (архивте сақталған нұсқасында 1948 жылдың қыркүйегінің 25-і деп нақты көрсетілген) Николай Васильевич президенттің кабинетіне сұраусыз кіріп, ешнәрсе түсіндірмesten етектей арыз ұсынды. Жастары шамалас ботаник әріптесіне Қаныш Имантайұлы ерекше ілтипатпен қарайтын: ешкімнің бедел, мәнсабымен санаспай, көкейіндегісін бетіне тұра айтатын еркін мінездің адамы; өзі оны ҚазФАН тералқасына мұше болған соғыс алдындағы жылдардан біледі; сыйластық бертінде үлкен достыққа ұласты; ең бастысы, ол — Одақ көлеміндегі аса ірі ботаниктердің бірі; сондықтан да жас академияның қарамды тармағын басқаруды жүктеп, көнілі бұл салаға сенімді болатын. Сейткен Н. В. Павлов та жүйкесі жүқарғантәрізді, қандай қысталан жағдайда әріптестерін әзілмен құлдіріп, кейде өзі туралы да ойнақы мысқыл таратып және соны президентке естірте айтудан тайынбайтын ақжарқын қылықты кексе ғалым, міне, жауар бүлттай түнеріп кірді де, тізесін де бүкпестен іле шығып кетті. Сірә, тілдесуге зауқы жоқ, демек, қатты түніліп келген...

«...Әзі еңбектерімді вейсманизм негіздеріне сүйеніп жазғанымды қателік деп мойындағаным, яғни өмірімдің сарп еткен ғылыми жұмысымды жоққа шығармағаным тұра қып-қызыл пәле болды, қазірде маған жабыла тас лактыру науқаны жүріп жатыр... Ғылыми ортада сенімнен біржола айырылыптын, мұндай масқарата тап болған жерде бұдан әрі қалудың қажеті жоғын түсінемін. Сол себепті мені тәралқа құрамындағы міндетімнен босатуды өтінемін...»— деп жазыпты ғалым арызында (А. Брагин. «Первый академик», «Каз. правда», 4.04.1989).

Не істейсін, Павлов сияқты көрнекті биологты жоғалту ғылым академиясының іргелі қанатын көп уақытқа құлатуға тен, сорақы жағдайға душар етер еді. Оған арналған соққыны өзіне қабыл-

дап, академикті де арызын қайтарып алуға әрең көндірді. Кімкім, бұдан Қазақстанның ғылыми үтті: салауатты ботаниктің ыждаһатты басшылығымен бертінде республика флорасының 9 томы жарық керді; ал тынымсыз Николай Васильевич қазақ дасының есімдік дүниесін зерттеуді өмірінің ақтық сағатына шекті (1971) жүргізудентанбай, сонына іргелі ботаниктер мектебін қалдырып кетті...

Қазақ КСР ҒА-ның филиалдар кеңесінің жауапты хатшысы, 1948 жылғы шерлі оқығалар кезінде президенттің ақылымен Атырауға ғылыми жұмысқа ауысқан И. К. Фортунатов өз естелігінде мынадай сыр шерткен:

«...Лысенконың іліміне даңғыл жол ашылған жылдың аяғында Москваға іссапармен келгенмін. Қаныш Имантайұлымен уағда бойынша «Москва» мейманханасындағы оңаша бөлмесіне іздел бардым. Президент маған биологиялық зерттеулерді мичуриндік жаңа арнаға бүрудың қындығын, ал партия органдары жағдаймен санаспай, өзінен нақтылы өзгерістер талап ететіндігін қынжыла әңгімеледі... «Мысалы, сіз, Игорь Константинович, мичуриндік жолды жақтаймын деп талай рет уәде бердіңіз, күнделікті ісінізде бірақ Тимирязевтің сара ілімінен ауамайсыз. Мен сізді тап бүгін шұғыл өзгеріңіз деп зорламаймын. Сөйтсе де жаңа бағытты да қолдайтын бірдеме жасау керек қой...»— деп, бетіме қыла қарады. Мені түлен тұртіп, Қазақстанның жеміс-жидек есімдіктерін И. В. Мичурин әдісімен жақсарту жөнінде ғылыми еңбек бастағанымды айтып едім... Қаныш Имантайұлы оны қуана құптал, 30 желтоқсанға дейін тездетіп аяқтап, осы бөлмеге өкеп беруімді тиянақтады. Шегінерге жол қалмаған соң өзге жұмыстарды қоя тұрып, қолжазбаны тәмамдауға мәжбур болдым... «И. В. Мичурин — табиғатты жаңғыртушы» деген айдармен бұл кітапша келесі жылдың басында орыс және қазақ тілдерінде жаңық керді...»

Ғылыми негізін «тұп тамырымен жұлып, теңкерістік жолмен жаңғырудан» тегінде геология ілімі ғана аман болатын. Тілі мірдің оғындаі сайқымазақ Н. В. Павловтың бір отырыста «Саспаңдар, сендерге де кезек жетеді!» дегені, амал не, расқа шықты. Және ол академия президентін бұрынғы науқандардай сұққылап қана өткен жок, зардал-залалы ауыр болып жаңын көбірек күйзелтті.

1949 жылдың 31 мамыр күні МҚК қызметкерлері 1936 жылдан ғылым докторы һәм профессор, Еңбек Қызыл Ту және Отан соғысының I дәрежелі ордендерінің иегері, Сарыарқада Семізбұғы, Қарағайлы, Кентөбе, Тоғай, Қайрақты кен орындарын, дүние-жүзілік деңгейдегі Қоңырат пен Алмалықтың тұнғыш ашқан асқан білгір М. П. Русаковты Ленинградқа барған сәтінде тұтқынға алған.

Қаныш Имантайұлына болған жағдайды ғалымның тоқсан жастағы анасы хатпен хабарлаған, әрине, тезірек наққа жаладан құтқара керіңіз деген жан ұшырган өтінішпен. Академияның президенті ретінде ол сол кезде саусақпен санарлық тым аз академиктердің жоғын жоқтауға тиіс еді, әмбे бұл арада Қазақ-

стан үшін ширек ғасырдан астам уақыт сөтті ізденіс жүргізген, республикадағы геологиялық ілімнің іргетасын бірге қаласқан ғұлама ғалымның, әрі ұстаз һәм жан досының тағдыры тәлкекке түсіп отыр. Қосалқы бір шаруаны сылтауратып Москваға аттанды, беделім жүреді деген бірқанша әсікті ашты. 37-жылдан бері үстемдік жүргізіп отырған жазалау жүйесі ешкімнің атақ-құдіретімен, жанқиярлық ерен еңбегімен де санаспай, құрығына ілінгенді құртпай тынбайтын қаһарлы қалпында екен... Ештеңе бітіре алмады, өрісі жетпес биікке қол созғанына мойып Алматыға қайтты...

Нақ осындай нақақ қаралауға —«кен көмбесін қасақана таппаған» деген жалаға іле-шала академик И. Ф. Григорьев те ұшырады. Ол да Қаныш Имантайұлымен ертеден араласқан, әрі ҚазФАН-ның тәрағасы болған кезінде қазақ ғылымына басшылық еткен жан-ды. Пәле іздеушілер тілімен айтсақ, «халық жауы» бол шыққан зиянкес қос ғалымның досы ғана емес, ымы-жымы бір сыйайласы... Қысқасы, жергілікті белсенділердің тұртпектеуімен, әлде Русаковты құтқармақ болып москвалық әкімдерге барғаны үшін жаза тартқызууды қөздеген, қалайда 1949 жылдың күзінде Одактық Гостехнадзордан (Мемлекеттік техникалық бақылау қызметі) комиссия келіп, Геологиялық ғылымдар институты жүргізген барлау жұмысын, артынша геолог Сәтбаевтың Ұлытау атырабындағы соңғы ізденістерін ай бойы тексереді.

**Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «Бір күні кеште, қараңғылық қоюланған шақта... біздің үйге Н. Г. Кассин келді, қатты абыржығаны бейуакта жүргенінен ғана емес, түнерген түрінен де көрініп тұр. Айтуынша, әлдекімдердің сілтеуімен Гостехнадзордың комиссиясы өзін тексеруге тартыпты. «Оларға не керегін бүгін білдім: Қаныш Имантаевич, сіздің Қарсақбай мен Атасу темір кендерін барлауды қасақана «кешеуілдетіп» зиянкестік жасағаныңызды дәлелдемек. Мені де сол мақсатпен, яғни иланымды ғылыми айғақ тауып беруге шақырыпты. Таппасам баяғы патриот емеспін...— деді ол бізге шошына қарап.— Ал менің мұндай пасық іске қатысқым келмейді! Жас кезімде айтпаған өтірікке кек-се шағымда қалайша барамын? Сізді талантты ғана емес, құдай жаратқан данышпан іздеуші деп білемін. Бұл ойымнан мені ешкім де ешқашанда айныта алмайды!..— деді ол.

Ашудан қалш-қалш еткен шынайы досымыз, жаны кіршіксіз таза Николай Григорьевичті біз шайға отырғызып, кеңілін жайлауға тырыстық. Өйткені оның да қан қысымы жоғары екенін билетінбіз...

Комиссияда одан әрі не жайында сөз болғанын білмеймін, бірақ қадірменді Николай Григорьевичті қатерлі кризге (кан қысымының кенет көтерілетін сәті — M. C.) ұшыратып, ауруханадан бірақ шығарды. Сейтіп, тамаша ғалым, Қазақстан жер қыртысының геологиялық тұңғыш картасын жасаушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н. Г. Кассин сол жолы құлағаннан айық-қан жок, ауруханада дүниеден қайтты».

Қысқасы, пәле іздеуші айбарлы комиссия мүддесіне жетті: көздел келген кісісін емес, бірақ оның есесіне отандық ірі ғалым, Қазақстанның геология ілімінің негізін қалаушылардың бірін жер жастандырды... Алайда осы істі тұртпектеушілер бұл құрмалдықты азсынса керек, келесі жылдың басында «Отаншыл жүрекпен және большевиктік ниетпен...» деп басталған «домалақ арыздағын» Москваға қайыра аттандырған. Комиссия қайта оралады...

ИГН-нің жұмысы қайыра тексерілді, бұл жолы олар былтырғадай кен барлау саласына ғана емес, құллі зерттеу істеріне, сол үшін жұмсалған шығындар көлеміне шұқшиды. Тіпті директордың зайдибы жұмысқа тұске дейін келеді, ал еңбекақыны толық құнгемен алады деген сыйысқа да қадалды. Таисия Алексеевна, шынында да, үйде зерігіп бос отырмас үшін институтқа келіп, екі-үш сағат Жезқазған көндерін минералогиялық зерттеумен шұғылданатынды, бірақ соңғы төрт-бес жылда бұл үшін соқыр тиын еңбекақы алмайтын...

Қаншама шұқшиғанмен комиссия Қаныш Имантайұлының геологиялық ізденісінен ешқандай ілгешек таба алмады. Жезқазған сынды алыпты ел иғілігіне жаратуға мұрындық болған, Жездіні ашқан, Атасу мен Қарсақбай көндерін де жетімсіз қаржымен ондаған жылдар бойы зерттеп, Қара металлургия комбинатын толық жемдеуге сенімді шикізат қоры екендігін 40-шы жылы-ақ толық дәлелдеген іздеушінің тиянақты барлауынан нендей олқылық іә зиянкестік табасын?

Сонымен, екі жылға созылған тексеруден ештеңе өнбеді. Геолог Сәтбаев негізгі мамандығын атқару жөнінен сүттен де ақ болып шықты, шынайы қайраткер қалыбын танытты...

Осы науқандардың баршасын жылнамаға бөліп, зерделеп қарасаңыз — жас ғылым ордасының барлық дүрмектен құр қалмай, жөн-жосықсыз тексеріліп, ғылымға берері шамалы, оның есесіне ұжым ішінде алауыздық, өзара өшпендейтілік туғызатын келенсіз айтыс-тартысқа түскенін аңғару қыын емес. Ғылыми зерттеуді сонда ілім иелері қай уақытта атқарған деп қайран қала-саз?..

## 2

Орталық қалалардан соғыс ауыртпалығына байланысты уақытша қоныс аударған көрнекті орыс тарихшылары қазақ елінде ездеріне жасалған қамқорлықта қарымта ретінде «Қазақстан тарихын» шығаруға басшылық етуге 1943 жылы ынта білдірген-ді. Бұл іске жас ғалым Е. Бекмаханов та тартылып, оған кітаптың «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық күресі» тарауы тапсырылған. Ұлт тарихының күрделі кезеңі болғанмен, бұл тақырып оған етene таныс, кандидаттық диссертациясын осы қозғалыстар қорғаған... «Қазақ КСР-ның тарихы» баспадан шыққан жылы-ақ елеулі еңбек ретінде Сталиндік сыйлыққа ұсынылады, негізгі авторларының бірі қатарында жас тарихшы да. Біздіңше,

кейбіреулердің тұн үйқысын бұзған пендешілік әрекет осыдан соң өздерінен.

Үміткерлер тізіміне қосылмаған ғылым кандидаттары, кейбірінің жасы едәүір ілгерірек қандас ағалары дереу шу кетеріп, Е. Бекмаханов жазған тарауды жойқын сынға алғып, таптық көзқараспен сарапталмағанын, яғни лениндік-сталиндік қағидаларға сүйенбегендігін әшкөрелеп бағады. Әрине, мұндай қаралаудан соң еңбек иелері мәртебелі сыйлықтан қағылған, ең бастысы өздерінен қапылыста озып кете жаздаған жас тарихшының жолы кесілген...

Бұл жайт Ермұхан Бекмаханұлын келешек қадамына сақтандырса керек-ті. Алайда ол зерттеуге алған тақырыбынан айнымайды. Қаныш Имантайұлы филиал төралқасымен ақылдасып, үкімет қарапымен зандал, Москваға докторантураса жіберген 24 үміткердің жуан ортасында жүріп, 1946 жылы 31 жасында ғылым докторы атағын қорғайды. Бір жылдан кейін кеңейтілген диссертация «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» деген айдармен үлкен кітап болып жарияланады. Қысқасы, дарынды һәм жас ғалым тағы да аға әріптестерінің алдына шығып кетеді...

Шындығында, тап сол күнде бізде мынадай сүбелі еңбек жазбақ түгілі, есімін ауызға алғанда толымды тарихшы жоқ еді. Болса да оларды 37-жылдың нәубеті тып-типыл ғып құртып кеткен, академияның алғашқы құрамына қазақтан бірде-бір тарихшы сайланбау (ғылым кандидаттары ұсынылмайтын-ды) себебі де осыдан. Енді, міне, құйрықты жүлдүздей жарқ етіп, қазак ортасынан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы шықты. Оны аз десеніз, Ермұхан Бекмаханұлын Москва ғалымдары ауызекі әңгімеде тым ерте сенген Шоқан Уәлихановпен салыстырып; «Қазақ аспанында өз тарихын жазатын тарихшы қайта туды!» десіп сүйсіне мадақтайтын...

Сірә, осы жайт та атақ-даңқы зорайып бара жатқан жолды жігітті ретін тауып, қауым ортасынан аластау шараларын қарастыруға тұрткі болған. Өздерін асқан білгір әрі саяси қырағы саңайтын қызғаншақ пендeler үшін бұл, тегінде, сыннан өткен әдісті: «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылғы 29 қыркүйектегі санында М. Ақынжанов, С. Әбішев, К. Әбдірахманов, И. Сариеv, З. Бұлақбаев және М. Мұхамеджановтар (Марксизм-ленинизм институтының Алматыдағы бөлімшесінің студенттері) өздерінің ұстазы профессор Санжар Аспандияровтың жүртқа әйгілі «Қазақ тарихын» әшкөрелеген «Тарихшы рөліндегі жапон агенті» деген айдармен бұзық хатын жариялад, ал онда «жалған тарихшының» дәріс үстінде «...дінбұзар Алтынсарин мен патша жендеті Уәлихановты дәріптеп, халықты қанаушы хандар, сұлтан-білерді түрікшілдік рухпен сипаттайтындығы» әшкөреленген-ді (Ильяс Козыбаев, «Тридцать седьмой», «Каз. правда», 8.09.1988)... Академияның Тарих институтында істейтін әрі университетте ұстаздық ететін тарихшы Мұсатай Ақынжанов бұл жолы да үйреншікті машиғына жармасты, оған бір ниеттес ғылыми әріптестері Т. Шойынбаев, Х. Айдарова қосылды. Қысқасы, Е. Бекмахановтың жүрт

назарына ілінген кітабы «буржуазияшыл-ұлтшылдық сарындағы біржакты еңбек, кешегі күні өткен хандықты аңсау...» деген саяси қаралаумен аяусыз сыналып, Қазақстан ғана емес, орталық баспасөз беттерінде де «әшкерелене» бастайды. Әрине, мұндай қырағылыққа о күнде ерекше мән берілген. Сондықтан да дай туғызған еңбекті талқылауға 1948 жылы екі мәрте ғылыми жыны шақырылған: алғашқысы Москвада, КСРО FA-ның Тарих институтында академик Б. Д. Грековтың басқаруымен өтіп, екіншісі Алматыда бақандай бес күнге созылған (соңғысының қағазға түсірілген хаттамасының көлемі — 552 парап)... Айтыс материалын сараптап пайымдаушы білгірлер М. Қозыбаев пен К. Нұрпейісовтің Павлодар облыстық «Қызылтү» газетінің 1998 жылғы 7 ақпан күнгі санында жарияланған «Тағдыры құрделі талант» атты мақаласында айтқан пікірінше, Москва ғалымдары кітаптың ғылыми талдауын құптап, қазақ тарихшыларын өзара ынтымақташа шақырса, екінші жынында сын семсерін сайлап келген қарамады топ монографиядан тек қана ұлтшылдық, ескішілдік сарын іздеген. Алайда жас тарихшыны біржола күйретуді тілегендер Е. Бекмahanовтың басты қолдаушылары Б. Д. Греков, А. М. Панкратова, москвалық профессорлар А. Кучин, М. Рожков және басқаларының шалғайына жармасып, «Бұл еңбекті белсене мақтаушы Москва тарихшылары... автордың ұлтшылдық пифылға ауытқуын заңды құбылысқа айналдырығысы келеді...» десіп, яғни олардың әрекетін біржола тыюға қам жасайды. Әлбетте, ол жақтан да сындарына ниеттестер табады.

«Читали ли Вы в «Вопросах истории» рецензию товарища Кима? На мой взгляд, она свидетельствует о том, что среди ряда историков существует непременное стремление ухудшить историю казахского народа вопреки исторической правде,— деп жазыпты КСРО FA-ның корреспондент-мүшесі (кейіннен академигі), әйгілі тарихшы А. М. Панкратова Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің хатшысы И. Омаровқа 1949 жылдың қазан айында жолдаған хатында.— Я совершенно не понимаю, почему грузинские цари или узбекские ханы могут считаться при аналогичных исторических условиях прогрессивными деятелями, а казахи должны чернить Аблая или Кенесары Касымова? Я ни в коем случае не могу стать на антиисторический путь оценки этих виднейших деятелей казахской истории...»

1950 жылдың 26 желтоқсан күні «Правда» газеті Т. Шойынбаев, Х. Айдарова және А. Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік түрғыдан баяндайық» деген мақаласын жариялады. Біздіңші, тарихшылар ғана емес, ұлттымыздың мәндайларды ақын-жазушылары, драматургтері, тілші-әдебиетші ғалымдары, сазгерлері мен енер зерттеушілері үшін нақ сол күннен қаралы жылдар басталған. Оның зардабы мен залалын қазақ мәдениеті үшін атышулы 37-жылдың жойқын қырғынымен ғана салғастыруға болады...

1981 жылдың жайма-шуақ жаз күндерінің бірінде, «Сәтбаев» ғұмырнамасының Москвада жарияланғанына бес-алты ай болғанды, Геологиялық ғылымдар институтының қызметкери Роза Бөлебайқызы Әубәкірова маған: «Көкеммен кездескініз келе ме?...»— деп жымия қарады. Бұл енді іздегенге сұраған дерлік жағдай: Бөлебай Исабеков жоғарыда біз баяндаған шерлі оқиғалар кезінде Орталық Комитетте насиҳат-үгіт белімінің менгерушісінің орынбасары болған кісі... «Кездесуге ерекше құштармын, әkenіз бірақ соны тілей ме еken?— дедім бірден.— Тарихымыздың өте ауыр кезеңі туралы естелік сұраймын...» «Мениңше, сол оқиғаларды сізге айтып, шер тарқатқысы келіп отыр»,— деп жыміған зейнеткердің қызы әкесімен телефон арқылы тілдесіп, мениң баратын уақытымды келісті...»

—«Правда» газетінің әйгілі мақаласын жарияланардан көп бұрын қолыма ұстап шұқшаған оқыдым десем, сенесіз бе?— Жасы сол күнде жетпісті еркін еңсерген, еңсегей бойлы, тығыршық еті қайтпаған, үнінде ғана аз-кем селкеу кідіріс бар егде зейнеткердің мәлімдемесі мені таңғалдырыған-ды. «Ау, бұл қалай, Беке?» дегенімде, үй иесі қолын шошайты.— Кексе кісінің жады, шырағым, тұбі шүрк-шүрк тесілген шелек сықылды болады. Әзірше маған сауал қойманыз, ойымдағы әңгіменің арнасынан шықпауымды тіленіз!.. Қанекең жайындағы кітапыңызда 50—52 жылдардағы шерлі оқиғалар жайында біршама айтыпсыз, бірақ тісініз батпай, иә редакторлар кескілеген бе, кей тұсы тым күңгірт. Ал мен солардың барлығына кезінде араласқан кісімін. Заман әлі де өзгереді, тұрақты ешнәрсе де жоқ, күндердің күнінде әжетінізге жарап. Бүгін мен сізге бұған дейін аузымнан шықпаған, ішімде шор бол қатқан сирымды ашамын...

Таныстығымыздың алғашқы сәтінде айтылған мәнді кіріспеден соң әзірлеп келген сұрақтарымды жауып қойып, зейнеткердің ұзақ-сонар әңгімесіне құлақ түрдім.

— Мениң тікелей бастығым Храмков Иван Петрович деген кісі еді, яки ЦК-ның насиҳат және үгіт белімінің менгерушісі, Хрущевтің кезінде Қостанай обкомына бес жылдай бірінші хатшы болып, сол облысты орыстармен толтырыған белсенді шовинист. Еңбек жолын слесарлықтан бастағанын, сырттай оқып үш ВУЗ бітіргенін мақтандырып көретін-ді, шындығында доклад жазарлық сауаты жоқ, тиісті қағазды Ісләм Жарылғапов пен мен жазатынбыз... Кавказдағы әпербақан идеолог-әріптестерінің Шәміл имамды реакционер әрі ағылшын империалистерінің шпионы етіп жариялады, күллі Одаққа танылғаны Храмковке асыл үлгі болып көрінсе керек, одан да әлденеше есе асқан кең көлемді құғынды Қазақстанда қайталауды күні-түні ойластырығаны кейінірек мәлім болды. Түпкі мақсаты — ЦК-ның идеология хатшысы Илияс Омаровты тайдыру, бәлкім, Жұмекенің ығында жүретін борбастау екінші хатшы Кругловтың орнын басу болыпты... Тоқетерін айтқанда, жергілікті тарихшылардың соғыс жылдарынан беріде тола-

стамай жүрген өзара тартысына от үрлеп қойып, ақыры соны бір ғана Бекмаханов емес, күллі қазақ зиялышарының іске татырын ұлтшыл деп жарияладап, қауым ортасынан аластап, Одақ идеологтарын сілейте таңдандыруды жобалаған. Одан арғы онай, БКП(б) Орталық Комитетіндегілер мұндай белсенділігінді бағалай біледі...

— Бір күні кеште бастығым мені кабинетіне шақырды,— деп жалғады Бекең сәл үнсіздіктен соң әңгімесін.— Оншақты беттей материалды алдыма сырғытты да, «Осы жерде оқып шық!» деп ықтияttады. Оқи бастағаннан-ақ төбе шашым тік тұрды. Өзіме бұрыннан таныс тарихшылардың кегежіні, бірақ солар жаңа сипат алған, Бекмахановтың «қателігінің» түп негізі тереңдетілген, яғни ұлтшылдық зиянкестікке аударылған. Ең қыны, оны бірден аңғардым, кавказдық Шәміл мен Кенесары арасына ортақ желі тартылған. Соған орай көптеген тарихи оқиғаларға жаңа концепция ұсынылған, есімде қалғаны — Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы... Бір мәрте оқып шығып, не айтарымды білмей, қайтадан парақтай бастағанымда: «Ал, не айтасың?»— деді бастығым, көз алмай қарап отыр екен. «Бұл кімге керек? Дайындаған кім?» десем, Храмков қабағын тұкситіп: «Тайсақтамай сұраққа жауап берсөнші!» деп шүйілді. Мен де қырсығып, әрі бетін қайтарғым келіп: «Фактілер көп бұрмалаған, илану қын, айтальық, мына оқиғалар,— деп екі-үш бетке сұрау белгісін қойдым да, материалды өзіне қайтардым.— Иван Петрович, Орталық Комитетке осының керегі қанша, тарихшылардың дау-дамайына терелік айтып абырой алмаспзыз...», «Жарайды, жүре бер» болды бастықтың жауабы.

Ол найсаптың түпкі мақсатын білмедім, құдай маған сездірmedі. Сезсем, Ілиясқа ескерттер едім. О кездे субординация деген тәртіп болатын, яки бастықтанасып ой айтпайсың, онаша барып сыйырлауға да жол жок...— ауыр құрсінген Белебай Исабеков басын шайқап қойып, сұхбатын соза түсті.— Арада біршама уақыт еткен соң, мен тіпті ол материал туралы ұмыта бастағанмын, бірінші хатшы шақырды. Тұн мезгілі, Жұмекен жалғыз отыр екен. «Мынаны оқыдың ба?»— деп он бес беттей қағазды алдыма итерді. Ашып қарасам — баяғы материал, тек толықтап қайта жазылған... «Оқыдым, не үшін сұрадыңыз, Жұмеке?», «Немене, сениң де қолың тиген бе бұған? Не істеп жүргенінді білсең етті! Бүгежектемей тұрасын айт!...»— деп Шаяхметов кілт шытынады. Басымды шайқап, тілдей қағазға Храмковтың фамилиясын жазып бердім. Өккі адам ғой, Жұмекен бірден үқты. «Не үшін жазылғаның білесің бе?»— деді сонсоң, бетіме сұстия қарап. «Одан хабарым жок, Жұмеке, сениңіз. Ал қаулы түрінде жарыққа шықса, зардабы орасан зор болатынын бастығыма ескерткеннін. Шатақ нәрсе!...»— деп шынымды айттым. Бірінші хатшы сонда ғана адалдығыма сенді білем, басын шайқап отырып, қағазға бірдемелерді жазды да, алдыма тастанып кейде осылай, қағаз арқылы сөйлесетінбіз. «Үлкен газеттің екі тілшісі осында жүр, мынаны

солар дайындаған, маған автор болыңыз дейді! Не істей керек?»— депті. Алдындағы қағаздарды қолыма алып: «Онда қайта оқынын ертеңге дейін мұрсат берініз,»— десем,— «Жоқ, төргі белмеге барып қазір оқы. Таң әлі қашық...»— деп түсін сұтынды. Оқысам, бұрынғыдан едәуір езгертіпті, айғақтар қайыра сұрыпталған, сыйнның сұғы таптық өуенге ауып, марксизм-ленинизм тұрғысынан тұжырымдар жасалған. Және қосылғаны — соның бәріне саяси қайраткерлердің мезгіл-мезгіл баспасөзде жариялад жүрген теориялық бағыт-бағдар беретін ақылгөйсіген еңбектеріне үқсатылғандыры. Ал негізгі соққы бұрынғыдай тарихты, әдеби тәл шығармаларды қайта қарау сарыны тіпті күштіледі түскен...

Пікірімді қағазға қысқа жаздым да, «Сізге автор болудың керегі жоқ. Халықтың наразылығына ұшырайсыз. Бір жол тауып бастартыңыз» дегендег сөздермен аяқтап, хатшының алдына қайта келдім. Жұмекен оқыды да басын шайқады. Сонсоң қынжылып отырып: «Анау шақырусыз келген қонақтардан қалай құтыламыз? Кімді зорлаймыз менің орныма?»— деді ақырынған. «Бәлкім, менің хатшым...» деп Ілиясты атап едім, күйреп отыр екен, ыршып түсті: «Тапқан екенсің ақымақты, ол, сірә да көнбейді. Тарихшылардың өздеріне итере салсақ қайтеді?...» Заманың сүсы сондай еді, шырақ. Тағы да қағазбен сөйлестік: «Ең дұрысы Храмковты тоқтату, сол неменің жұмысын қазып қаңғытып жіберу қыын ба? Шындалап іздетсеңіз — бізде олқылық көп...» деген жолдауыма, хатшы мырс етіп: «Әй, сен қолың көтере алмас шоқпарды беліңе қыстырма дегенді естіп пе едің?»— деп мысқылдады. «Тілшілерді ойланайын... деп қайтарып жіберіңіз, сонсоң мұндағылардың құлағын бұрау керек!». Жұмекен тағы да басын шайқады. Ақылың азып, жаңың тозып отырғанда қайбір ой туады. Бір мезетте көнілде жылт еткен желеуді естірттім: «Софыстың қыын күндерінде қазақ жауынгерлерін ерлікке шақырып, Кенесары мен Наурызбай батырлардың рухы жебесін!...» деп үндеу жолдағансыз. Сылтау сол. Бес жылдан соң өзіме-өзім қалайша қарсы шығамын деңіз!...» Бірінші хатшыға бұлғұнады: «О, мұның тапқан ақыл! Тура солай деймін. Бітті әңгіме...»— деп, бас бармағын шошайтты. Мен де оның кеңілденген сәтін арқаланып: «Жұмеке, мұны мен, сірә, бітпейді. Мынаны осы жерден сыртқа шығармай жауып тастау керек. Өйтпейінше бәріміз тұтыламыз»,— деп, манағы сөзді қайта бастап едім, хатшы шаршаған білем, ашу шақырып қолын бір-ақ сермеді...

Бөлебай ақсақал асуýге барып, сусын ішіп тамағын жібітіп келді де, біршама уақыт тым-тырыс отырды. Мен де үн демедім. Үй иесі алдындағы бір парақ қағазды алып шолып шықты. Сірә, өзі үшін жасап алған жобасы сияқты. Әредік көз салып отырғанды.

— Қазірде ойласам, шырақ, сол күнде мықты, Сталиннің алдында беделі күшті деп жүрген бірінші хатшымыз да қарақан басын арашалапты. Храмковтың пасық ниетін әшкерелеу қыын ба еді немесе «Правда» газетінің редакция алқасына тежеу болатын бір шара жасау? Тіпті өлермендік істеп жүрген пәлеңкор тарихшылардың өзінің соңына бірдемелерді байлап зықысын шығару?

Әдебиетші, тілші ғалымдар айтысқанмен, түрмеге салғызуға барған жоқ қой. Ең болмағанда Ермұхан Бекмахановқа мыналардың ерепкүі басылғанша Москва іә Ташкент жаққа бара тұр... деп жылжытып жіберу?..

Жоқ, шырак, Жұмекеңнің кінөсі – ту бастаң либералдық саясат ұстап, екі жаққа да тежеу жасамағандығында. Тізгінді бос ұстады, адудында Илиясқа да, Омаровты айтамын, өрік бермеді. Тарихшылардың 48-жылғы екі мәрте айтыс-тартысына қорытынды шығару соған тапсырылған-ды. Ілекен де оны аяқсытып, сірә, өз-өзінен ұмыт болады десе керек, сөзбүйдаға салды. Анығында Москвандың ірі ғалымдарының қолдауын пайдаланып, біздегі өлемендерді дүрелеп алу керек-ті... Көрдің бе, бұлардың либералдығы ақырында Храмков сияқты ұсак адамдардың пайдасына шықты. Оның енді не істегенін нақтылы білмеймін, дайындалған сын материалға ана үшеуін тауып берген де, қол қоюға кендірген де сол болар деп ойлаймын. Ал олардың автор болмасқа шарасы да жоқ-ты: айтысты бастаушылар да солар, мақалалы ту бастаң әзірлеуге қатысып, неше қайтара түзеткен де солар...

### 3

Уақыт көші 1951 жылға аяқ басар шақта Алматыға келген «Правданың» айтулы саны, әрине, қолдан-қолға көшкен. Оқиғаның шындығына жүгінсек, соны сүйсіне оқығандардан гөрі, «Апрай, мұның арты неге соғар екен?» десіп, бас шайқап күрсіне қынжылғандар әлдеқайда көп болған сынды.

Газеттің жойқын сыны жыл басталғаннан-ақ кең талқыға тұсті. Әлбетте, ең әуелі Ұлттық Ғылым академияның Тарих институтында. «Қазақ КСР тарихының» аяусыз сыналған тарауыға ғана емес, бүкіл еңбектің бұрын мадақталып жүрген кезеңдері түгел дерлік, бұрынғыдай жай ғана олқылық іздеу емес, қандай ниетпен (ескіні көксеу емес пе?) және көзқараспен (ұлтшылдық жоқ па?) жазылғандығын анықтау мақсатымен талқыланды. Академияның институттарымен жарыса талқыға университет пен Алматыдағы педагогика институты, солардың үлгісімен іле-шала барлық облыстардағы мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындары, одан соң техникумдар, училищелер мен қазақ мектептерінің ұжымдары қосылған. Әрине, әңгіме бұлай кең арнаға түскен соң барлық жерде де бұрын-соңды жарияланған тарихи кітаптардан, әдеби шығармалардан, оқулықтардан дүдәмал ой, солақай пікір айтқандарды оп-онай тауып, олардың түп пиғылы қоғамға жат екендігі әшкерелене бастады. Бұл жайында тіл безегендердің бәрінің де «ұлтшылдық сарындар» іздегені анық. Республикалық, облыстық газет-журналдар талқыға етектей орындар беріп, қыза келе «жау элементтерін» бірлеп емес, ондап «тапқан» соцжарыс үйымдастырысын. Бір өзі ондаған тарихшы мен әдебиетшіні әшкерелеген пысықтар да кебейген...

Ең сорақысы күшті науқанға айналған талқының обкомдар мен аупарткомдардың бақылауымен, дәлірек айтқанда, тиісті арнаға салып бағыттауымен жүргендігі. Соның ту басында көп дауысты хорды басқарған хормейстер құсап, жаза таяғын әрлі-берлі бүлғап, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің насихат және үгіт белімі түрған...

Жыл басында мәреге шыққан айтыс, көктемгі тасқында сатыр-күтір жеңкіліп іле-ақ екпіні басылатын өзендерге ұқсамады, жаз шықса да сөреге жете алмай қойды, тіпті солықтар шегі көрінбеді. Уақыт ұзаған сайын айқай-шу молая түсті. Ең қыны жер-жерде қауіпсіздік органдары «әшкереленгендерді» қамауға алғаны естіліп жатты. Айтыстың қатерлі шекке жеткені демек.

Мезгіл қоңыр күзге ауған мезет еді, Ғылым академиясының президентін Орталық Комитеттің бірінші хатшысы оңаша сұхбатқа шақырды.

— Қанеке, Хан-еке... дегенге сен өзінді, сірә, хан дәрежесінә жеттім деп жүрсөң керек, біздің кіслердің нұсқауына құлақ асу-ды қойыпсың, ал олар — Орталық Комитеттің қызметкерлері, байқа!.. Сені тау басына шығарған — Коммунистік партия, қажет деп білсе — етегіне қарай домалата салуы да оп-оңай. Білдің бе? «Аяз би әлінді біл..» деген ескі нақылды ұмытпаған шығарсың?..

Хатшылық биік орынғана емес, кіслік қадір-қасиетінде ерек-ше сыйлайтын Жұмабай Шаяхметовке бірден дүрсө қоя беріп, дau айтпады. Себепсіз шақырмағанын сезген-ді, қасақана тиісе сейлекеніне ғана таңғалды. Сірә, бұл кісі шаршаған-ау деп ойла-ды...

— Ау, сен, неге үндемейсің? Мен саған тарих пен әдебиетте нең бар? Ғылымның президент араласар саласы аз ба? Өңкей сылдыр сөз құғандардың дау-дамайына қатыспай, білгішсініп төрелік жасамай жайыңа жүрмейсің бе? Білдей академик орынбасарың бар, сал соны қып-қызыл өрттің ортасына!— Нендей қияс сөз айтса да шыбын шаққан ғұрлы көрмей, парасатты маңғаз қалпынан аумай, өзіне әрі таңданып, әрі мысқылдағандай шырай-да көзінің астымен барлай қарап отырған академикке хатшы енді түңіле сұстиып, басын шайқады.— Әй, сен өзі, кімдерді қызғыш құстай қорғап жүргенінді білсен етті ең құрғанда!..

— Жұмеке, қарауымдағы ғалымдарды кім көрінген жүндей түтіп, әке-бабасынан түк қоймай сыбап жатқанда, академияның басшысы емеспін бе, қалайша соған кез жұмып, түк естімеген кісі құсан қарап отырамын?!

— Жә, жә, басқа бірдеме айт!— деп, бірінші хатшы тыңдағысы келмейтінін аңғартып, терезе жаққа қарады.

— Жолдас хатшы, бұл даңғазаны тоқтату керек, жұртқа қара-уға бет жоқ. Көп-көрім атак-данқы бар, қазақ түгілі, құллі Одаққа есімі мәлім қадірлі ғалым, жазушыларымыздың абыройынан түк қалмады. Бала-шаға десем әншейін сөз, білместігіне саяр едім, ал қазір неше түрлі қағылған-соғылғандар үріп жатыр. Бұлар және жай қапса жөн-ау, талап жемей тынбайды, сірә... Тоқтатпасақ, Жұмеке, халықтың да, тарихтың да өшпес қарғысына қаламыз!

Ал маған, адалын айтайын сізге, бүйтіп бұғып отырып, ездікпен сақтап қалған қызметтің керегі жоқ!..

— Сен, сен өзі, ақыл-зердесі сұңғыла терең кісі ме деп малдаңып жүрсем... ештеңеге өлі мән беріп түсінбепсің ғой. Ең құрғанда желдің қайдан соққанын аңғарсаң етті, саяси майданға мұнша-ма жадағай кеше болармысың, тоқтал, жетеді!— деп, кабинет иесі үстелді жұдышығымен тоқылдатты.

— Сіз де тыйылыңыз, жілікше шағатын мен сізге көмекшіңіз Жілікбаев емеспін, жасымның үлкендігі өз алдына!..— деп, Қаныш Имантайұлы да бұдан әрі басынан сөз асырмауға бекінгенін аңғартты. Үні де қаттырақ шығып еді.

Дес бергенде бұл қылышы өрекпіп отырған хатшыға дарудай әсер етті. Қозілдірігін үстелге лақтырып, саусағымен алдындағы шыныны әрлі-берлі сипалап үнсіз отырып қалды. Өлден соң ғана терең құрсінді де, кенет сізге кеше сейледі.

— Қанеке, енбейтін керісті қоялық, құр айқаймен бұл іс бітпейді, «Ойбайымнан үйбайым артық еді» деп байынан таяқ жеген қатынның тез жуасығанын естіп пе едіңіз?..— Жортас күлді, онысы бірақ жылағандай әсерсіз шықты.— Тұрасын айтқанда, Қанеке, бізге сіздің амандығыңыз керек, халықта да!.. Сынның сұғы тиіп жатқандарды бекерге қорғауды қойыңыз, оныңыздан бәріріп ештеңе өнбейді. Қысқасы, академияны пифылы терістерден тездетіп тазарту керек!..

— Қалайша, не дейсіз?! Жолдас Шаяхметов, мұның арты қазақтың бетке үстар арыстарын көгендеп үстап беру емес пе, не істе деп отырсыз маған?!— Академияның президенті, шынында да, манадан бергі тәжікeden ештеңе үқпаған сыңай танытты. Тіпті үққысы келмеген қыңырлық аңғартсын. Үні де еркінен тыс ашы әрі үкім оқып тұрғандай қатқыл естілді.— Бекмаханов кімнің егініне түскен? Бек Сүлейменов кімнің несібесін тартып алған? Соларды оқытуға, ғылыми атакқа жеткізуге мемлекеттің қаншама қаржысын шығындағы?.. Жұмыстан қу деп отырған ғалымдардың кепшілігі академияға филиал атанған кезінде келген. Ұсмайылов, Марғұлан, Кеңесбаев, Жұмалиев...— ғылым жолына кеше ғана түскен зиялыштар емес, академияның іргетасын бірге қаласқан мәндайалды саңлақтарымыз. Апырай, Жұмеке, өзіңіз айтыңыз-шы, Мұханұлы, мақтан тұтар ардағымыз Әуезовті, бұрнағы жылы ғана Сталиндік сыйлық алған дарабозымызды немесе өз қатарынан қара үзіп шыққан Ахмет Жұбановты қалайша дәтім барып, ғылыми ортадан аластауға бұйрық жазамын? Қателессін дейік, қателіктен да ғылым туындауды. Ал партияның саясаты адасқанды жолға салып тәрбиелеу емес пе, жолдас Шаяхметов. Мен сізді түсінуден азып тұрмын... Қысқасы, мені зорламаңыз, жо-жок, мен мұндай тазартуға жан-тәніммен қарсымын! Қарсымын, Жұмеке!..

— Қарсы тұрам деп өзіңін, тазартуға түсіп қалмауынды ойла, жолдас Сәтбаев!— деді де, бірінші хатшы бұдан әрі өрепкіген әрілтесін тындауды қажет деп білмеген ыңғай танытып, орнынан тұрып кетті.— Айтқанға көнбесең — басқаның ғұзырымен істейміз...

Академияның президенті де енді аяңған жок. Бұл кісінің алдында соңғы рет келіп тұрғанын сезгендей-ақ, неше айдан бері миын жеп, жүргегін тырналап, үйқысын бұзып жүрген ашы өксікті тежеусіз ағытып, әмбे соны қай жерде, кімнің бетіне естіртіп тұрғанын да ұмытып, сөз нөпірін аяусыз төлеген-ді...

Мәртебелі кабинеттің иесі терезе алдында теріс қарап тұр. Кімге сейлеп тұрсың деп те ескерту жасаған жок, тіпті бұрылмады. Ұнатпаған сөзге жауап қатпай, бедірейген қалыпта үнсіз отырып алатының бұрыннан білетін-ді. Мынасы бұрынғыдан асқан қияпастың қылышы. Сәтбаевтың да жаңағы кектенген ауыр сездерден соң жорта кішірейіп сылайыгершілік жасағысы келмеді, ғылыми мәнсабының да құрмеуін өз қолымен байлад бергенін жүргегі сезген-ді, масаты кілем төсөлген еденді тұрп-тырп басып, қош деместен тікірейген қалпы шығып кетті.

Қаншама тығыз-таяң әрі іргелі жұмыстар күтіп тұрса да, Қаныш Имантайұлы сол күні де, ертеңінде де кеңсеге барған жок, тіпті академия маңына қадам басуға дәті жетпеген-ді. Өз-өзінен қуысташып, әлдекімнен сескенгендей, әлденеден безгендей бір беймәлім күй кешкен. Өмірінде тұңғыш рет жұмыстан себепсіз қалып, үйінде жатып алуы, сірә, сол жолы шығар-ау?..

Анығында үйқысыз өткізген солтүннің ертеңінде-ақ қан қысымы көтеріліп, жан-дуниесін бей-жай дерлік бір енжарлық билеп, қос шекесін сыйымдаған дерттен айыға алмай қойған-ды. Министрлер Кеңесінің емханасынан шақырылған емдеуші дәрігері А. В. Владимирова бірден-ақ қатерлі жағдайды ашық айтып, ауруханаға алып кетпек болған еді, бірақ ғалым қөнбеді. Ақырында дәрігер күн сайын екі мезгіл өзі келіп, медбикелерді де жіберіп тұрып, ем-домды үйден жасайтын болды.

Дер кезінде жасалған көмек қан қысымын үш-төрт күнде-ақ қалпына келтірді. Бірақ үйқысын бұзған іштегі жегі ойды тарқата алған жок, солайша шала дегдіген, шала-шарпы емделген қалпы сұлдерін сүйретіп жұмысына шықты...

## ЖАР ЖАҒАСЫНДА

### 1

Кеңседегі жұмыс ғалым үшін енді бұрынғы мәнді сипатынан айырылып, құдды біреу өзін тонап кеткендей көңілі құлазып, енжар қалыпта өтіп жатты. Есіл-дерті далаға, алыс бір қиянға геологиялық саяхатқа кетіп қалуға ауады да тұрады... Алайда жемежемге келгенде ешқайда кете алмады. Шындығын айтқанда, тағдыры жар жағасында тұрған ғылыми әріптестерін емін-еркін талауға беріп жылжып кетуге дәті бармады...

Орталық Комитетке тағы да шақырылды. Академияның ғылыми азуенін жаңарту туралы әнгіме екінші хатшы С. И. Кругловтың алдында қайыра жалғасты.

— Менің жауабым өзгермейді, Сергей Иванович,— деді Сәтбаев.— Ғылыми қызыметкерлерді келенсіз қудалау — партия жолымен қысыптастын шара. Талқыға тұскендердің ішінде саңлақ академиктер, ғылым докторлары, дарынды жастар бар. Солардың бәрін үлтшыл деп қаралаша кімге керек болғандығын мен түсінбеймін. Қысқасы, мен президент болып отырғанда бұл қияннан жасай алмайсыздар...

Осыдан соң-ақ оқиға қауырт өрбіп, Сәтбаевты тұс-тұстан сыйнау күшейіп әрі әлдекімдердің бағыттауымен жүйелі әуенге көшті.

«Ер Едіге» туралы бүрнағы жылғы сын қайта қозып, оны қайта жариялаушының түпкі мақсатын сұрау женинде әңгіме өрбісін.

Фалым бірақ мойынады, қарсы дау көтерді: «...Насихат және үгіт белімі әзірлеген Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің хатшылары және басқалар қол қойған «Қазақ халқының қазақстандық майдангерлерге үндеуінде» Едіге батыры «Халық қаһарманы» деп дара аталған тұлға. Демек, ол туралы реакциялық әпосты үңғыш насиҳаттауышы мен емес...» (Президенттің И. Сталинге жолдаған арызынан.)

Бұл айыптың бетін әрі қараттым ба дегенше, әсірө белсенді тарихшылардың бірі оңтайлы үақыт қүтіп, құлыш астында үстап жүрген «жаңалығын», сірә, соған мүдделі лауазым иелерінің түртпектеуіне елігіп, сопаң еткізіп жариялай қойсын: Семейде шыққан «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 9 қарашадағы санында «Алашорда» қозғалысына іштартқан жас қайрат үгітшілердің қатарында К. Сәтбаев та аталыпты; демек, үлтшылдық пифылға президенттіңіз жас кезінен шырмалған; бүгінгі үлтшылдарды қанатының астына алуы сол бетінен әлі қайтпағандығының белгісі...

«Газеттің хабарын мен түңғыш рет 1951 жылдың күзінде көрдім. Тілші айтып отырған үақытта кеуде дертіне ұшырап, ауруханада жатқанмын, артынша емделу үшін ауылға кеткенмін. Сол кезде мен 18-ге жаңа толған жасөспірім едім, насиҳатшы атанбақ түгілі, мұқым саясат женинде ешқандай ойға келмеген де, толыспаған да шағым. Алашордашылардың газетіне фамилиямның не себептен және қалайша жазылғаны маған қазір де мәлімсіз... Газеттің хабарын нақты құжаттармен дәлелдеуді талап етемін!» (бұл да жоғарыда аталған арыздан — M. C.)— деп ағынан жарыла, тиісті жерге түсінік жазуға мәжбүр болды.

Геология ғылымдары институтының есеп-қисабы тағы да тексерілді және бір жылда өкі мәрте. Алайда институт директоры «сүттен ақ, судан таза» болып шықты. Қандайда бір кемшілік, иә қылымыс таба алмай дәрменсіздік аңғартқан комиссияның құрамы дереу «әсіре көргіштермен» жаңартылды. Академия жұмысына шүйілген жаңа топтың тексерісі ақыры сәтті болды: 1947—1950 жылдар аралығында 196 мың сом заңсыз шығындалыпты; мұның 183 мыңы бірақ ғылым ордасы шаңырақ көтергенше үсталған және бұл үшін жазықты адамдар лайықты айып тартқан; демек, терт жылдағы жолсыздық 13 мың сом, яки президенттің бір айлық жалақысы мөлшеріндегі ғана сома... Амал қанша, бұл жайында да түсінік жазып ақталуға тұра келді. (Солардың бірі — 1952 жылдың

1 наурыз күні Ж. Шаяхметов пен БКП(б) Орталық Комитетінің ғылым және жоғары оқу орындары белгімінің менгерушісі Ю. А. Ждановқа жолдаған арызы. Бұл жайында біз «Құғындалған «Сәтбаев» атты деректі кітабымызда толығырақ айтқанбыз. «Димекене ашық хат» тарауын қараңыз...»

Академия президентіне ауырырақ тиген «кінәнің» бірі ғылыми ортаға сенімсіз және үлтшыл адамдарды тартқаны жениндегі қаралау еді. Жоғарыда аталған И. Стalinге жолдаған хатында Қаныш Имантайұлы бұл мәселе жайында: «...Қазақ КСР ғылым академиясы ғүйнде мықты ұжым, оның құрамында 60 ғылым докторы мен 300-ге жуық ғылым кандидаттары мәнді зерттеулермен шүғылдануда... Өзіме тағылған «үлтшылдарды қанатының астына алды» деген айыпты үзілді-кесліді мойында маймын... оны жоғарыда көлтірілген бұлтартпас деректер негізінде дәлелденбекен және түгелдей әділетсіз жала деп есептеймін...» (арыздың 3, б-тармақтары).

Осы қарсанда қалалық және аудандық партия комитеттері комиссия шығарып, академияның кадрлар басқармасындағы бас жұмыстарды сүзіп, ақырында FA-ның жүйесінде Баянауыл ауданынан 33 адам жұмыс істейтінін, бұлардың 17-і ғылыми қызметкерлер екенін (демек, 1785 қызметкердің бір проценті ғана) анықтаған. Бұл айғаққа ерекше мән беріліп, бұрын-соңды ұғыымда жоқ «баянаулизм» атавы пайда болып, Қаныш Имантайұлының ғылым ордасына өзінің жерлестерін, туыстарын топтап тартқан әрі басшы қызметтерге көтерген... деп айыптауға негіз болған...

Мұның түп негізі президентті құлату іә мұқатудан туғандығы, бәлкім, жершілдік рухымен уланған кейбіреулердің қызғаныштан туған қарымтасы екендігі анық. Демек, бұл айыптан Қанекеңді адақтап түсінік берудің қажеті де шамалы. Сейтсе де екі нәрсеге оқырман көңілін аударуды жөн деп білдік...

Бірінші, ғылыми ортаны құраған ғалымдар сол жылдарда, негізінен, Қазақстанның Семей, Баянаула, Қарқаралы, Ақтөбе, Орал, Ақмола (бұл топқа Омбы қазақтарын қосу тарихи үйлесімді болмақ), Орда мен Астрахан маңы, Қапал және Верный (қазіргі Алматы) төңірегінен кептеп шыққаны, оның түп себебі, нақ осы өнірлерде жаңаша оқу жүйелері ертерек қалыптасқаны жүртшлиққа мәлім. Жоғарыдағы комиссия осы өнірлерді салғастыра тексерсе — әділ, ғылыми мәнді тұжырым жасауға әкелер еді, амал қанша?!

Екінші, Қанекеңе айып бол тіркелген баянауылдықтардың бізге мәлім шағын тобын түстейік: академиктер Ә. Х. Марғұлан, Ә. Б. Бектұров, Ш. Ш. Шекин, басынан таяқ кетпеген Е. Б. Бекмаханов, Ж. Досқараев пен оның баласы Х. Жұматов... Осылардың кай-қайсысы болын өздері шүғылданған ілім саласында өшпес із қалдырыған, кейбірінің дербес ғылыми мектебі бар, алдында Қаныш сынды алып тұлға тұрмаса аудан, облыс түгілі, құллі Қазақстанға бетке үстар беделге ие әрі мақтаныш боларлық көрнекті ғалымдар екендігіне ғүйнде, сірә, ешкім де дау айта алмаса көрек.

Ғалымдың кінәлі еткен және бір айып — партия қатарына өтерде ата-тегін жасырды деген сөз еді. Бұл жөнінде де коммунист Сәтбаевтың адалдығын, шыққан тегін аупартком мен Орталық Комитет хатшыларына ашық мәлімдегенін, тіпті арызында жазбаша атап көрсеткені туралы ақталуына ешкімнің ден қоймағаны танғаларлық жеткірлік...

Оның да түп себебі түсінікті: қалай ақталсан да мейлің — адалдығынды, еңбегінді білеміз, бірақ олар сені қазір жазадан құтқармайды; ең дұрысы — айтқанға көніп, айдағанға жүру... деген тоғашыр әкімнің бәз-баяғы қиянқы зорлығы... Бүгінге дейін түсініксіз жайт: жылбайы тергеліп, тексеріп, пәле-жала үйіп-тегіп қараған Қ. И. Сәтбаевтың академияның қыркүйек айында еткен кезекті сайлауында президент болып қайтадан сайлануы; соған қарағанда Қазақстан Компартиясының басшылары бір қолымен пәлеқорларға еріп беріп, екінші қолымен қайраткер ғалымды қорғауға тырысқан ба... деп еріксіз ойлайсың; әмбे бүгін бір түрлі тұжырым жасап, ертеңінде соданайып, әлдекімнің қолында ойын добы құсап қақпақылға түскені даусыз.

Бұған айғақ — сайлау еткен соң-ақ Ғылым академиясының президентін сынау бұрынғыдан да құштірек ызбармен тежеусіз жүргендігі. Осынау келеңсіздік жайында Ш. Ш. Шекин «ҰҒА-ның ғұмыр жолы» кітабының 33-бетінде: «Сәтбаевтың тиісті құжаттарды қөлденең тартып, езіне тағылған ауыр айыптардан ақтығын дәлелдеген сөзіне ешкім құлақ асқан жоқ, қудалау бұрынғыша жалғаса берді. Мысалы, Алматы обкомның пленумы мен қалалық партия комитетінің активі жиналышында оған сөз бермей, берсе де жүрт айқай-шу көтеріп, мінбеден күп түсіргені — менің жадымда мәңгі сақталып қалған әділетсіздік», — деп сыр шертіпти. Бұл сөздерді сол күндерде академияның партия комитетінің хатшысының орынбасары һәм бюро мүшесі есіне алып отырғанын айтсақ, сірә, Қаныштай арысымыздың 1951 жылдың жаз бен күз айларында қандай қорлауға, тілін буған зорлыққа түскенін шамалау қыын емес. Ғалымның дербес архивінде сақтаулы жазбалардың бірінде сол мезгіл туралы: «Ойдан шығарылған түрліше жалған айыптарды, құнделікті жұмыста кезіккен болмашы кемшиліктерді басыма үйіп-төгіп, ерекше жеткірлікпен ұйымдастырылған арандатулар көрдім десенші, қаншама қияли жалалар естідім. Тинәмдай олқылықтар зорая келіп мені табады... 1948 берен 1951 жылдың аралығында пайдалы еңбектен шабыттана шұғылданудың орнына уақытымның денін түрліше түсініктер мен анықтамалар жазуға шығын еттім. Қаншама үлкенді-кішілі арызқойлардың жаласынан ақталып, мені қалайда сүріндірмек болған шәлдір-шатпақтарға (Қанекең жазуында: «по большим и малым инсиуациям») жауап қайтарудан зықым шықты...»— деп сол кезедегі жан азабын қағазға төгіпти (А. Брагин. «Первый президент». А., «Қазақстан», 1989, 161-б).

Бұл жазбаларда іә ғалым туралы сол кезеңді сипаттаған естеліктерде оның денсаулығы туралы ешқандай сөз жоқ. Анығында әрбір айқай-шұлы жиналыш сонынан кеңседе отырып

емдеуші дәрігерін шақыртатын немесе үйіне жете құлап «Жедел жәрдем» көмегін пайдаланатын сәттер жиіледі, тіпті ғадетке айналды. Үйқысы да қашып, кебіне-көп түн ортасында оянып алыш, төбеле қарал бедірейіп ұзақ жататын беймаза дерктеке ұшырады...

Емдеуші дәрігер А. В. Владимированың естелігінде:

«Қаныш Имантайұлына мен он жылдай уақыт (1951—1961) емдеуші дәрігер болды. Алдыма алғаш тап болған кездің өзінде ол түрліше сырқаты мол ауршаң адам еді. Соның ең бастысы — екінші кезеңдегі гипертония болатын, қан қысымы кейде сынап бағанасы бойынша екі жұз миллиметрге дейін көтеріліп, басы зеңіп, құлағы ызыңдалап, көруі де темендер кететін... Ал 1951 жылы, әсіресе соңғы жартысында ол жиі-жіи кризге ұшырап жатып қала-тын қатерлі шекке жақыннады. Сондай бір ауыр күндерде мен оған тезірек Алматыдан кетуге кеңес беріп, үзілді-кесілді талап қойдым...» — деген күәлік айтылған.

— Қымбатты Анна Васильевна, маған әзірше Алматыдан ешқайда кетуге болмайды... Сіз одан да күштірек дәрі-дәрмек беріп, қалыпты жағдайға келтіруге қайла жасаңыз,— дер еді ғалым жайдары шырайға түскісі келіп зорлана жимиып.— Ал әрі дегенде бір айдан соң мен сіздің акылыңызға ден қоямын...

Академияның кезекті сайлауы өткен соң-ақ ол демалысқа кетуге қамдана бастаған-ды, бірақ жіпсіз байланып қалды. Орталық Комитет тәралқа есебін тыңдамақ болды, тым ұзаққа созылып бара жатқан дау-дамайға төрелік айтуға да ықылас аңғартқан. Бірақ сол сәт тақаған сайын, неге екені белгісіз, жалақорлар шабуылы бұрынғыдан да күшейіп әрі ұсақ-түйекті қоздыруға кешкен...

Президенттің тықпалауымен Тарих институтында тек қана Орталық Қазақстанның қазақтары жұмыс істейді екен-міс... деген дақпырт тарады. Ал жедел тексеру ондағы 18 ғылыми қызметкердің бір емес, 14 облыстың тумалары екендігін анықтады...

Тағы бір ақпаршы (әрине, «домалақ хат» ретінде) Москваға барған сайын Сәтбаевтың банкет үйімдастырып, кейір лауазымды ғалымдарға қымбат сыйлықтар тарататындығын, тіпті кейбіреулерінің үйіне дорбалап алма жіберетіндігін хабарлапты. «Бұл ақпарда аздаған шындық бар, тек кейір айғақтарды қақас естіп шатастырып алған, тегінде өсек айтуға да дарын керек,— депті академия президенті аупарткомға жазған түсінігінде (кейіннен бұл туралы Ж. Шаяхметовтың өзіне жолдаған хатында да толығырақ айтыпты), сірә, пәлеқорды біршама әжуалап алушы құп көрген сияқты.— Ғұмырымда бір-ақ рет «Москва» мейманханасында 30 кісіге банкет үйімдастырыдым, Қазақстанның картасы шегілген, қазына байлығы бейнеленген өте қымбат гобелен-кілем де сыйладым. Мұны біз 1945 жылы, КСРО FA-ның 220 жылдық мерекесіне барғанда, Н. Ондасынов жолдас екеуміз республика халқының атынан академияның тералқасына кексе ғалымдардың көзінше тарту еттік. Шығынды қөтерген — Қазақстан үкіметі... Ал алма таситындығым жөнінде... мойындеймын, шын-

дықты жазған. Өзімнің қымбатты ұстаздарым Усов пен Комаровтың жесірлеріне, қазіргі қызметіме зәредей де қатысы жоқ ескі достарыма күзгі сапарларымда базардан өз ақшама сатып алып, бірер тор Алматы апортын ала баратыным рас. Мұны мен кіслік ізетке санаушы едім, сол үшін де партия органдарына түсінік жазарымды іә рүқсат сұраудың қажеттігін білмеппін, келешекте хабарлап отыруды ұмытпаспын...»

Дүрмекке ад қосып большевиктік белсенділігін танытудың, әлде жалақорлармен бірігіп өз басын қоргаудың амалы ма, кім білсін, сол бір сыни да қатерлі кезенде Сәтбаевты жамандап кезге түсу неліктен кейбір ғалымдарға мансұқ іске айналғанын бүгінде де түсіну қызын. Десек те, нақ сондай пасық қылықтардың өмірде болғаны анық. Ш. Шәкиннің естелік кітабы мен А. Брагиннің «Алғашқы президент» деп атаған деректі хикаятында солардың бірнешеуі нақтылы баяндалған...

Тағы бір жалған ақлар өткен жылдың аяғында Москваға барған іссапарын өз бетімен үш тәулікке үзартып, «прогул жасап, әрі мемлекеттің қаржысын артық шығындал, серілікке жұмысағандығы» жөнінде еді. Сеніңіз, сенбеніз — бұл да шындық. Сол үшін тіпті партия шенеунігі емес, республика прокуроры А. А. Набатов шақырды. «О, тоба!» демеске шара жоқ, ғалым прокурорға кәдімгідей жауап берді.

— Жолдас прокурор, сіз бен біз шұғылданар жұмыс па осы? Мені ғайбаттауға басқа бірдеме іздегендеріңіз жен-ау,— деп, кірген бетте-ақ бұрыннан езіне көзтаныс заң бақылаушысына реніш білдірген-ді академия президенті.

— Үш күн жұмыстан қалу аз қылмыс емес, жарты сағатқа кешіккен токарьға сот үш жыл түрме жазасын ойланбай кеседі, жолдас Сәтбаев! Заң жұмыскер үшін де, президент үшін де бірдей!.. Ақталуды ойлаңыз, болмаса мен үстіңізден іс қозғау жөнінде жарлық беремін...

— Күніне мен он төрт сағат жұмыс істеймін, жолдас прокурор, соғыс кезінде одан да көбірек жүрдік. Сол үшінде бір статья тапсаныз деймін. Айна төрт мәрте келетін жексенбінің кем дегенде үшеуін кеңседе өткіземін... Осылардың төлеуі менің Москва-да үш күн артық болғаныма қарынтаға жарамағаны ма?.. Әлде сіз де заңың әрпін бағып, сол үшін мені қылмысқа тартпақсыз ба? Таңмын, сізден мұны күткен жоқ едім...

Қаһарлы Набатов академиктің кектенген үнмен естірткен сөзін құлағына ілген жоқ. Тартпадан бір жапырақ қағаз суырды да:

— Түсінік жазыңыз. Не үшін кешіктіңіз? Үш күнге артық алған тәуліктік соманы да академия кассасына қайтаратыныңызды мойында,— деді сүстіған қалпы.

Талай жерде, қаншама әріпшіл шенеуніктердің алдында жаңын жеп отырып, қысынсыз шәлдір-шатпак ақпарларға жауап қайтарып, түсініктер жазып жүргенде дәл осынтай қорланбаған еді. Ұсақтарға еріп ұсақтанбайын деп өзін еріксіз жегетін-ді. Бұл жолы сол мықтылығынан айнып қалды, сірә, жүйкесі әбден жүқарса керек, әмбе қос шекесі солқылдап, қан қысымы кетеріліп келе жатқанын сезген.

— Ал, жазбасам ше?— деді Қаныш Имантайұлы сәл-пәл дірілдеген үнімен.

— Жазасыз, жаздыртамыз! Тілесеніз статья да табамыз!

Басына кілт шапшыған қан қапелімде ештеңе ойлантпады. Москвада кешіккен себебі көкейінде сайрап тұрған-ды: ғылыми жұмыстарды үйлестіру кеңесінің мәжілісі екі күнге шегеріліп, ал 23 жетекшісінде FA-сының тералқа мәжілісі өткен-ди... Соны жайлап түсіндіріп, қажет десе үлкен ақадемиядан тиісті анықтама алдырып беретінін айтса — әңгіме осы кабинетте бітер еді. Алайда, қасақана жасалып отырған дәрекілікті сезген соң, соған қарымта қайырудан өзге ешнәрсе ойына келмеді. Әмбес есіл-дерпті құлап қалмай тұрғанда кабинеттен тезірек кету болды да:

— Жазбадым, ендеше! Қолыңыздан келсе қырып алыңыз!— деп, заңгер ұсынған ақ қағазды қак айырып, бетіне лақтырып жіберді де, қайта отырмaston шыға женелді.

Есік алдында тұрған машинаға жете-ақ сұлқ құлаған-ды: көз алды қарауытып, құлағы тарс бітіп қалды; жүргізуісінің ақылы жетіп бірден ауруханаға тартқаны жаңын сақтаған; іле жасалған ем инсультке жеткізбей қан қысымын төмendetкен; жүгіріп келген емдеуші дәрігері бірақ үйіне қайтармай қойды; екі-үш апта ем-дом алып, ес жиуға тұра келді...

\* \* \*

Үйқысы түзеліп, аяқ-қолына құш-қуат қайта оралып, алып денесі де ширақ қалпына түсे бастаған шақ еді, бір күні «тыныштық сафатының» аяқталар шенінде президент жатқан онаша палатаға Орталық Комитеттің хатшысы Ілияс Омаров пен насихат бөлімі менгерушісінің орынбасары Бөлебай Исабеков дауыстай сәлем беріп кіріп келді. Қаузай келген шайлары бар екен, соны өздері де қоса ішіп, оны-мұныдан әңгіме қозғады. Сейтсе де сұхбаттың шырайы жарасқан жоқ, араларында көрінбей тұрған мешеу қабырға іспепті бөгет екі жақтың да тілін байладап, емін-еркін сейлесуге тежеу болғаны анық...

Қаныш Имантайұлы екеуін де жақсы билетін: білімді, саясатқа жүйрік жігіттер, адамгершілік қасиеттеріне де қанық; әсіресе соғыс жылдарында Сауда халкомы болған Ілиасты атажүрттарынан қапелімде көшіп, азық-түлік пен тұрмыс қажеттеріне ділгір бол қалған кексе ғалымдарға қолғабыс етуге өзі кеп жұмсап, қажыр-қайратын таныған; кейінгі жұмыстарына да іштей разы бол қуанып жүретін-ди; Шығыс Қазақстан облысының бірінші хатшысына сайланған кезінде тізе қоса қимылдан, қаншама қыруар істер атқарды сол өлкенің ендірісін көтеру саласында...

— Көнілімді аулай келгендеріңе тәнір жарылқасын, көп-көрім сергіп қалдым. Енді шаруаларынды айттыңдар, жігіттер, жайдан-жай жүрмелен боларсыңдар,— деді ғалым екеуіне жымия қарап.— Бізді талқылаудың беті қалай, сірә, тездектендерің жөн шығар, мәлімсіз күтуден де адам шаршайды...

— Оның қаптаған қағаздарын мына ініңіз әзірлеп қойған, бастығы бірақ қайта жазып жатыр... Сіздің сауығып жұмысқа шыққаныңызды күтеміз, тегінде,— деді хатшы ойындағы сөзін бірден бастай алмай қыбыжықтап, есікке әлсін-әлсін қарал отырды да.— Хатшылық жөнмен емес, інілік ізетпен бір ұсыныс айтсам, Қанеке, мына Ілиясқа не болған деп үрыспайсыз ба? Ауырлау сөз бірак...

Науқас басын шайқады. Сонсоң зорлана жымыып:

— Айта бер, жаңа қөрген құқай ма,— деп қолын сермеді.

— Бөлебай, ауыз үйді байқай түршы, келушілер болса тежеп дегендей...— Сөрігі алдыңғы палатаға шығып кеткен соң, Ілияс Омарұлы сезін қайта жалғады.— Мәселе қынданап кетті, Қанеке, сеніңіз маған, қасақана қынданатып жүргендер де бар... Бұрын сіз президенттің көл-кесір міндет-парзы геологияға қаратпай жүр, қаншама ғылыми жұмыстар ақсап жатыр... деуши едіңіз. Енді, міне, сырқаттанып қалдыңыз... Осы екеуін бетке үстап, академия басшылығынан босату жөнінде арыз жолдауға қалай қарайсыз? Бюро мүшелерін көндіруді маған жүктеніз...

— Ілеke, бұл ақылды өзіңіз ойлап таптыңыз ба?

— Өзім, Қанеке. Рас, бірінші хатшыдан сыр тартып едім, қарсы емес,— деп күмілжіді Ілияс Омарұлы.

— Сонда қалай?.. Мен ез еркіммен арыз жазып тайып беремін, ал жалақорлар академияны бетке үстар ғалымдардан емін-еркін тазартады, солай ма? Бұдан соң менің азамат атанып, жер басып жүруімнің жай-жапсарын ойладың ба, Ілеke?

Хатшы ләм-мим демеді. Осы уәжге құлықсыз-ақ көніп еді, неден қауіптенсе — соған жолықты. Екі оттың ортасында қалды деген осы болар-ау, сірө, Қанекенде іліктіре алмады, Жұмекене мұны түсіндіру тіпті қын...

— Қанеке, бізге сіздің амандығының қымбат! Нақтылы жағдайды толық білмегендіктен айтып отырсыз... Сайып келгенде, бұл сізді қорғаудың амалы!— деген-ді тағы бір мәрте ескертуді құп көріп.

Президент дәрі алып тіліне басты да, өзіне қырындей отырған Орталық Комитеттің хатшысына назарын қадап:

— Жоқ, жақсы інім, оның бекер. Бұл мені емес — өздеріңің қарақан бастарынды, бір күн болса да мадақ мәнсаптарынды сактаудың шарасы! Сізді мен, Ілеke, арлы азамат санаймын, сондықтан өзіңе де, сізді жұмсап отырған анау үлкен ағана да айтарым бір сөз: дәл мынадай қатерлі жағдайда менен ешқандай етініш күтпендер!.. Мен үшін және отқа құймей-ақ қойындар, үкімет пен партияға әлі де керек адаммын, жеме-жемге келгенде қанатының астына алады. Мен басқадан қорқамын!..— деп сәл тыныстап, ойындағы сөзін салмақтады.— Ілеke, сіздер бұл мәселені шулатпай басып тастайтын уақытты өткізіп алдыңдар, енді, міне, кім көрінген бастарыңа шығып алып, ойна келгенін істеп отыр. Иә, иә, биліктен айырылып қалған сияқтысыздар... Сонсоң да не істерлерінді білмей естерің шығып, шындықты мойындау керек, сасқан үйрек артымен сұнгиді деп... Құрмалдыққа

бермек еркек тоқтыларың байғұс Ермұханнан кейін мен болдым. Бізден соң тағы кімдерге шалма түспегі және белгілі... Апрай, қазақтың бетке ұстар зиялышарын көгендең қойып дүрелеуден тынылатын уақыт қашан туар екен?! Ондай жарық құнді көреміз бе, көрмейміз бе?..

— Ауыз жаққа кісілер келген сияқты,— деп хатшы қыбыжықтап еді, Қаныш Имантайұлы есікке барып қарады да, нығарлап қайтадан жауып қойды.

— Жә, аяқтасақ та болады,— деді ақырын ғана.— Ең соңында құрық өздерің түседі, қызыметтерінді беріп құтылсандарап тәубе дер едім, иә, иә, мына дүрмектің беталысы солай... Ұлайым, аман болындар, бұл сөүегейлігім теріске шықсын!.. Мен болдым, Ілеке, өзіңізде айттар бар ма?..

— Қисынсыз жерге пышақ үрғанымды үқтырыдыңыз, Қанеке, амалым болмай, еріксіз келгенімді түсініп, кешіріммен қараныз!..— деп Ілияс Омарұлы орнынан тұрды.— Рұқсат етсеңіз, қайтайық... .

— Сіз де менің күйзеліп жатқанда аузынан шыққан артық-кем сөзге кектенбей, мәніне ой салып қараңыз. Жасы үлкен ағаның жақсы көретін інсіне білдірген базынасы деп үқсаныз, ұтылмайсыз, Ілеке.

Қанекең қонағын ауызғы үйге дейін шығарып салды. Үй-іші келіп тосып тұр екен, оларды төрге өткізіп жіберіп, қоштасар сәтте Бөлебай мен Ілиясқа алма-кезек қарап:

— Екеуіңе де ағалық жолменайтар бір тілегім, жігіттер!— деді.— Менің қамынды жеген күш-қайраттарыңды Мұхаңа, иә, Мұхтар ағаларың жолына жұмындарап тәубе дер едім. Асыл Мұхаңың жігерін мұқалтып иә қапылыста жоғалтып алсақ халық мұны бізге кешірмейді! Мұхаңың халқымызға керегірек екенін естерінде үстандар, інілерім!..

— Өзіңіздей көріңіз, жақсы аға!

— Жақсы күнде көрісейік!— десті екеуі де...

Қандай оймен, иә құдікпен қам жасағанын, кім білсін, сол күннің өртөнінде газет-журнал әкелген кемекшісінің қолына екі парастақ қағаз ұстартты да, дереу жөнелтуге тапсырма берді. Бірі И. Сталинге, екіншісі КСРО Ғылым академиясының жуықта сайланған жаңа президенті А. Н. Несмеяновтың атына жолданған жеделхаттар еді. Екеуінің де мазмұны бір сарында болса керек. Біз соңың алғашқысымен ғана таныса алдық. Алматыдан 1951 жылдың қараша айының 5 күні жіберілген жеделхат: «...Будучи морально растерзанным, я обращаюсь к Вам с убедительной просьбой дать указания о том, чтобы затребовать материалы обо мне в Москву для рассмотрения их с должной объективностью. Преданный Вам академик Сатпаев»,— деген сөздермен аяқталған. Сондай-ақ келесі жылдың 20-қаңтар күні И. Сталинге жолданған көлемді арызының үстінгі ашық жеріне БКП(б) Орталық Комитетінің Бас хатшысы секретариатының төрт қырлы штемпелі басылып, соның үстінен: «И. Тевөсяну, разобраться!» деген бұрыштама қойылған (ешикмінің қолтаңбасы жоқ, сірә, ауызша айтылған, әлде

көмекшілердің ынтасы) құжатты КСРО Халық шаруашылығы Орталық архивінде сақтаулы материалдардан кезіктіргенбіз; И. Ф. Тевосян бұл кезде КСРО Министрлер Кенесі тәрағасының, яки И. Стalinнің өнеркәсіп және ғылым саласына жаупаты орынбасары болатын; кім-кім, академик Сәтбаевтың Одақ индустриясын көтеруге қаншалықты зор еңбек сіңіргенін жақсы билетін; сондықтан да қазак ғалымының әділеттік сұрап, жаны қысылғанда жолдаған жеделхатына қандайда бір қажыр-қайрат көрсеткен болар-ау деп ойлауға қақылымыз...

Бірак Алматыда үйымдастқан әсіре қызылшылдар тобын да осал деуге болмайды, президент женелткен жеделхаттың әсерін залалсыздандыру үшін олар ізінше қарсы әрекет үйымдастырығаны бертінде ғана мәлім болды.

## 2

«Правданың» атышулы мақаласын оқыған сәтте-ақ Ермұхан Бекмаханұлы ғылыми айтыстың тоқталып, ендігі сез өзінің қарақан басын қорғау жайына ауғанын бірден түсінген. Сондықтан да өнбес дауды дереу тоқтатып, кілт шегінуге мойынсұнған. Бұған айғақ — ғалымның 1950 жылдың 30 желтоқсанында, яғни газет мақаласы жарияланғаннан кейін төртінші күні Шымкентте өткен насиҳатшылар жиналысында арнайы баяндама жасап, орталық партия органдарының сынын толық мойындал, Кенесары қозғалысын жаңа концепциядан түсіндіретін еңбек беруге үәде етуі. Келесі жылдың ақпан айында ол осы сарында тағы да үш түрлі әрекет жасайды: оның алғашқысы Ж. Шаяхметовке жолдаған арызы; екіншісі «Правда» газетінің редакциясына барып, қателескенін мойындаған осы сарында хат табыс етуі; үшіншісі Қоғамдық ғылымдар академиясының КСРО халықтарының тарихы кафедрасында академик Б. Грековтың басшылығымен өткен талқылауда, БКП(б) Орталық Комитетінің ғылым бөлімінің қызметкерлері қатысқан үлкен мәжілісте жан сырын актара сез сейлеп, саяси танымының жетіспеушілігінен жіберілген «қателікті» тез арада жана еңбекпен түзейтіндігіне сендіруі...

Жазмышқа шара қанша, 1951 жылдың мамыр айында өткөн Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы «Правда» сынын талқылауды қасақана бес айға созып келіп (Б. Исабековтың айтуынша, «бұқаралық айыптауды қүшешту үшін И. Храмковтың арнайы жасаған әрекеті»), ақырында кеңейтілген мәжіліс шақырып, «қателігін» мойындал отырған тарихшыны аяусыз дүрлеу үйымдастырады. Алдын ала әзірленген жән-жоба бойынша Е. Бекмаханов бұл жиында өз кінәсін толық мойындал, тағдырын бюро мүшелерінің қолына беруге тиіс еді. «Күнәшар» екенін ғалым даусыз мойындейды, бірақ қорытынды сөзінде: «...ешқашан үлтшыл болған емеспін, бұл жолға мені ешкім де күшпен итермелеп кіргізе алмайды!»— деуі хатшылардың, әсіресе Қазақ КСР Мемлекеттік Қауіпсіздік министрінің ашу-ызасын қоздырады. Ғылыми «жаңсақтықтан» қайткен күнде үлтшылдық туғызып, «Ха-

лық жауы» жасағысы келіп отырған қанқұйлы топ бұдан әрі ойдағы арам ниетіне алаңсыз кіріседі. Нәтижесінде компартия қатарында он жылдай болған, оның қақ жармасын Орталық Комитеттің өзінде жауапты қызмет атқарған тарихшы партия мүшелігінен аласталады. Қаулының салдары тіпті сорақы: іле-шала тарих ғылымдарының докторы, профессор атақтарынан сыпрылып, ғылым академиясындағы, Қазақ университетіндегі жұмыстарынан шығарылады да, Жамбыл облысының Шу ауданындағы орыс мектебінің 5–10-сыныптарына тарих пәнінен сабак беруге сот үкімінсіз жер аударылады...

\* \* \*

### **Белебай Исабековтың әңгімесінің жалғасы:**

«...Қаныш Имантайұлының Ілияс екеумізге ескерткен жорамалы расқа шықты. Тұрасын айтайын сізге, тарихымыздың даулы мәселеңіне «Правданың» жойқын сыны шыққан соң-ақ Жұмекен биліктен айырылып қалды, есі шығып сасқаны сонша, Храмковтың айтқанын бұлжытпай орындағының жігерсіздікке үрінди. Омаровты бұл арада пәлендей кінелау қыын: 1948 жылы екінші мәрте түзетіліп қайта басылған «Қазақ КСР тарихына» ол жауапты редактор болған-ды; екінші серігі А. М. Панкратова еді, бірақ ол кісінің мәселе «Правда» бетіне шыққан соң дүшпаны көбейіп, қайрат қыларлық шама қалмады. Қысқасы, Ілеңек ғалымдарға ара түсіп қорғай бастаса-ақ, менің бастығым ере түрегеліп: «Сіз әуелі өзіңіздің кінәңізден арылып алыңыз, жолдас хатшы. Тарихтың жаңа басылымда Кенесары тарауын үлтшыл Бекмахановқа қайта жаздыртқан сіз емей, мен бе?...»— десе-ақ, Омаров қызыраңдап сөзден тыйылады...»

1951 жылдың күзінә таман жағдай тіпті ауырлай түсті. Оқығандарымыздың бірталайы жоғары оқу орындарынан аласталып жақан, орта мектептердің оқулықтары түгелдей дерлік ревизияға түсіп, солардың авторлары да тазарту дүрмегіне іліккен кез. Апрай десенші, сол кезде жазғыштарымыз да көбейіп кетті. Бір мектепте пән сағатына таласқан екі мұғалім бірінің устінен бірі жазады. Сондағы айтатындары пәленше сабағында Кенесарыны мақтады иә Дулат жыраудан үзінді оқыды дейді; институттың студенттері де пәлеқор бол алды, әрине, өздері емес, бұларды арандататын дәріс беріп жүрген оқытушылары. «Түгеншени «Едіге батыр» жырының көркемдігін мақтап мысалға алды деп жаза ғой» десе болды, Орталық Комитетке күн сайын ондай «домалақ хат» ондап келеді. Иван Петрович, бастығымды айтамын, миығынан құліп, бізге: «Міне, көрдіңдер ме, қазақтар, тегінде, белсенді халық, тек бұрын сауаты ашылмай қор бол жүрген..»— деп ашықтан-ашық әжуалап сөйлейді.

Храмков бірақ қанды қармағына интеллигенцияның ортақолды өкілдері іліккенін міссе түтпады, оларды майшабақ көріп, айдын көлдің шортандарын шалуды, Бекмахановтан кейін Әуезов,

Сәтбаев, Жұбанов сияқты ірілерді үстауды көздеген арандату әрекетін күшайте түсті.

Москвадан, Орталық Комитеттен оған көмекке нұсқаушы Шиқин деген соғынды басқарған, құрамында өңкей бір пәле іздеушілері бар лауазымды комиссия келіп, бір ай тексеріп, әңқітәңкімізді шығарды. Қай саланы тексерсе де шығаратын тұжырымдары: «Жеткіліксіз жазаланған, ағайыншылық, жершілдік етек алған, большевиктік тіліп түсер өткірлік жоқ!...»

Шиқин комиссиясының қорытындысы сол жылдың қазан айының бас кезінде шақырылған республикалық партия активінде шығарылды. «Правда» газетінің сыйынан туатын мәселелер де сонда түйінделді. Бас баяндамашы Ілияс Омаров болатын. Баяндамасын әзірлеу үстінде Ісләм екеумізді қатыстырып, көп жайтқа ақылдасқан. Негізінен идеология саласындағы орын алған олқылықтарды сызыра түгендеп, соның көпшілігіне өзінің де кінәлі екендігін мойындау сарынында құрылған-ды. Оны біз де жөн көрдік. Бір күні докладты толықтырып отырғанымызда, Ілекең аяқ астынан шала бүлініп: «Жігіттер, қу жанды қидалай беріп қайтеміз? Менің хатшылықтан түсетінімді Шиқиннің комиссиясы шешіп кеткен, ол енді санаулы айдың шаруасы, тек партия қатарында қалар-қалмасым ғана екіталай іс...»— деп ағынан жарылды. Мен қойыңыз күйректікті деп жұбату айтып едім, ожарлау қылықты Ісләм тұз жалағандай боп күйініп: «Ілеке, кек тұтпасан, мен бір жаман ақыл айтайын сізге...— деп төтесінен кетті.— Әйтеуір опа таппайды екенсің, қазақтың «Жастығынды ала жығыл!» дегенін жасап, мына қызылкөз Храмковты бірдей кінәліміз деп ала кет! Халықта, тарих та түбінде сізді ақтайды, ер атандырады...» Ілияс келіспей басын шайқады. «Міне, мына жерге... ез кінәңізді мойындайтын тұсқа қосыңыз да, әкесін танытып сойып салыңыз. Фактілерін тауып, тұрмастай етіп тіпті жазып та берейін!»— деп Ісләм байғұс қайта тықақтады. Бұл ой маған да ұнап, «Тіпті бізді де қосыңыз сынға. Ел ардақтылары үшін жан пида!» деп ерленіп едім, амал не, хатшыны қөндіре алмадық. Шындығында сейту керек еді, кеп жылдан соң Ілекең маған: «Сендердің айтқандарынды істеген жөн еді, партиялық этиканы сақтаймын деп босқа шатылдым...» дегендей өкініш білдірді...

Актив Храмков жобалаған сценариимен өтті. Соның сыйнаға әзірлеген иттері жайсандарамызыға жабысып, кезекпе-кезек соққыға алсын: «Үлтшылдығы баяғыдан белгілі Сәтбаев осы күнге дейін академияның президенті бол шалжып отыр, ал Орталық Комитет қырағылықты ұмытып, оны қызығыш құстай қорғап келеді» деп А. Т... деген әсірө белсенді бастаған қаңқу сөз, «Әуезов неге бостандықта жүр, үлтшылдықтың рухани басшысы сол емес пе?» деген сойқанды жеку... бәр-бәрі тоғысып, солардың қорғаушысы Омаров пен Шаяхметовты тауып жатты. Ақырында бұлар да ез бастарын ақтап, тұжырым сезінде кінәларын мойындал, большевиктік сыйнан тез арада қорытынды шығаратынын айтып уәде берді...

Менің білуімше, Медеу шырақ, Қанекенді ту бастаң орнынан босатуға ой болмаған-ды. Жұмекең өйтем-бүтім деп ашу шақырганмен, кекшіл кісі емес-ті, қайтымы тез болатын. Қыркүйекте президенттікке қайта сайлап, қарашада орнынан босату жөніндегі бюро қаулысының сыры — басқада... Оғаш шешімнің күрмеуі әлгінде жай-жапсарын айтқан активте байланып, Москвадан Шикиннің қайта-қайта телефон шалып, Шаяхметовтың өзіне: «Ұлтшыл Сәтбаевты қашан қуасын?» деп дікілдеуінен болды деп ойлаймын. Ал оның үлкен ЦК-да кімге барып, келісімін алып қойғанын білмеймін. Бұл жайтты Қанекең білмеді. «Москва мені бермейді, қорғайды» деген сенімге қатты беріліп, айтқанынан қайтпай қойды. Ілияс екеуміздің ауруханаға барған сапарымыз да сәтсіз аяқталды. Ойлаймын, өз бетімен арыз беріп босағанда, бәлкім, жазаны кемдеу алатын еді...»

(Осы бір қыын кезең туралы Шапық Шөкіұлы «Өмірдің терт мезгілі» естелік кітабының орысша екінші басылымының (А., «Білім», 1998) 119-бетінде былай депті: «Қазақстан Компартиясының хатшылары Ж. Шаяхметов пен I. Омаров естері шығып, жетекшілік міндеттерін қожыратып алды, тіпті республикадағы саяси-идеологиялық ахуалды бақылаудан айырылып қалды. Әлдебір бұзық жандар мен пиғылы теріс пысықтар саясаттан өз есептерін түгендеп, мәнсабын түзеп, жүртты дүрліктірген даңғаза шу жасап, әлеуметтік жағдайды қынданатып жіберді. Нәтижесінде 1936—1938 жылдардағы Қазақстан зиялы қауымының тандаулы өкілдері сыпыра құртылған сойқанды науқан қайыра басталды...»).

### 3

«Қазақ КСР РА-ның президенті, комунист Сәтбаевтың жеке басының ісі» деп аталған мәселені талқылау Орталық Комитеттің бюросында қараша айының 23 күні (1951) қаралған. Бір жыл бойы әуре-сарсаңға салып жөн-жосықсыз тексеріп, неше түрлі пәлевежаланы жинап, соның өзімен-ак ғалымның жүйкесін жүқартып, дертін де күштейтіп, соншама жеткірлікпен әзірленген талқының қандай жөн-жүлгіде өткендігін бүгінде тәптіштей әңгімеледің қажеті шамалы. Сол күннің өзінде ұлттымыздың көш бастар серкесі, зиялы қауымның бетке ұстар жампозы атанған (бұған дарабоз ғалымның үш бірдей ғылым академиясының мүшесі, лауреат, неше мәрте депутат, құллі Одаққа еңбегі мәшһүр ғұлама қадірін, ең жоғарғы ордендердің иегері дабысын қосының) біртуар перзентіне сол күні жасалған қасақана қияннаттың, көсемсіген белсенділердің аузына келгенін көкіп, нендей ауыр сәздер айтқанын қайталаудың өзі ауыр... Ғалымның өзі бұл жайында есіне алып, аса бір сенген іә сырлас дос-жарандарына болмаса, қайыра әңгіме етуді артық көрген. Сірә, жандуниесі сөгіліп, қатты күйінген сол бір сәтті жадынан біржола ұмытуды тілеген. Бірақ ұмыта алмаған... Ғалымның ізбасар серігі Шапық Шөкіұлы

«ҰҒА-ның ғұмыр жолы» кітабының 33-бетіндегі: «...ұш айдан соң Москвада кездескенде, Қаныш Имантайұлы кенет... Орталық Комитеттің бюросындағы талқылауды ренішпен есіне алды: ақталған сөзіне ешкім құлық қоймапты; әр лебізіне айғаймен жауап қатып, керегар сұраптарды жаудыра беріпті; бір адам қорғау түгілі, «Ау, жолдастар, бұл кісінің жақсы жақтары да бар ғой» демепті...»— деп жазады...

Орталық Комитеттің жабық бюросы коммунист Сәтбаевты нақтылы ұш мәселе бойынша «кінәлі» деген шешімге келген: бірінші, партия қатарына кірерде шыққан тегінің бай болғандығын жасырған; екінші, «Ер Едіге» дастаның жарықта шығарып қана қоймай, сол әрекетінің саяси қателік екенін мойындаған; үшінші, Ғылым академиясына пиғылы жат адамдарды қабылдап, әмбे оның қатарын жерлес қызметкерлермен былықтырған...

Соған орай қабылданған қаулы да өрестекел қатаң: «...ОК бюросы жолдас Сәтбаевты бұдан әрі академияның президенті және ИГН-ның директорлығы міндетінде қалдыруды лайықсыз деп санайды, бұл қызметтерден босатуды Ғылым академиясының жалпы жиналысында шешуді ұсынады...»

Соншалықты ұзақ қудалаудың соны жар жағасына әкелетінін Қаныш Имантайұлы ту бастан сезген-ді. Міне, енді нені күтсе соған жолықты. Мәртебелі қызметтерінен босап, зымияндықпен әрекет қылған жалақорлардан запы шеккеніне қүйінсе де, жанжүйесі езіліп қүйректенген жок. Қызмет пен мадақтың қолдың кірі сияқты онғақ іс екенін жаңа біліп пе? Жүректі ауыртқан азы өкініш, жаңын тілгілеген қүйініш басқа еді, өзіне — сүйеніш, ісіне сеп те тірек болған еңкей бір жайсаң азаматтардың, небір тұлғалы ғалымдардың тұrlаусыз тағдыры... Нақақ жазаның басы өзіне түсті, тұтылса да сегіспен құтылды, жоғалтқан мәнсабы — басынан садаға! Ал ана жайсандар?.. Өзіне кеше аш қандаладай жабысқан әпербақан топ оларды аямасын іші сезеді. Соларды бермеске, маңдайынан шерткізбеске аянған жок, ақырғы мүмкіндікке дейін алысты. Ал қазіргі өзі тап болған жағдайда?..

**Қазақ КСР ҒА-ның іс басқарушысы Г. В. Нечитайлоның естелігінен:** «...Қаныш Имантайұлы кабинетіме кіріп келгенде шошып кеттім: өңі боп-боз, ұнжырғасы сонша түскен; амандасты да келімді-кетімділер отыратын креслоға жайғасқан соң, маған тесірейе қарап: «Григорий Васильевич, мен енді президент емеспін, бір сағат бұрын босатты...— деді ол көмескі үнмен.— Сіз ақылды адамсыз, не істеуім керек мына жағдайда?..» Құдай дес бергенде маған бір ой келді де: «Ертеңнен қалмай Москваға кету керек Таисия Алексеевнамен бірге! Депутаттық куәлігінізді беріңіз, ертеңгі поезға билет алдырып қояйын»,— дедім жалма-жан...»

Сірә, дер кезінде қимылдаппыз, сол күні кеште Қауіпсіздік комитеттің академияны қадағалайтын таныс майоры маған құпиялап «Сәтбаевты тұтқындаимыз, тек қашан екенін білмеймін»

дегенді (бәлкім ғалымға іштартып әдейі ескерткен шығар, ондай да арлы адамдардың бүл жүйеде еңбек еткені мәлім — M. C.), бүл хабарды мен есімнен тана жаздал тыңдал, келесі күні таңертең станса басына сүлесоқ күйде бардым... Вагонға отырушылардың кезегінде тұрған ерлі-зайыпты Сәтбаевтарды көргенімде жүрегім орнына түсіп мұнша қуанбаспын, ту сырттарынан жетіп бардым да, қампиган екі чемоданды жерден жұлып алып ала женилдім. Шығарып салған бір жан жоқ, таңдансан да бұған іштей және қуандым. Қаныш Имантайұлы купеде маған ожырая қарап, тіл қатпаған күі екі иығымнан қапсыра құшып ұзак тұрды, көзінен тарам-тарам сорғалаған жасын тіпті тия алсайши, соны жасырығысы да келмеген сынды. Сірө, мені де шығарып салуға келмес деп ойласа керек... Ал мен оны Москваға жым-жырт және сәтімен аттандырып жібергеніме шексіз қуанышты едім...» («Знаете, каким он человеком был», жариялаушы — Р. Жасынова, «Вечерний Алматы», 10 сәуір 1998).

Әрине, алғашқы сағатта қиянат жазаға жаны күйреп, біршамаabdырап қалғанымен, мұны, тегінде, ұлы Абай айтқандай «ет пен сүйектен жаралған» пенделік нышаны деп біліціз, келесі таңнан ақ әділдік үшін күресті бәз-баяғыша жалғастыра беруге бел байлаған сынды.

Төмендегі баяндалмақ хикаят Қаныш Имантайұлының ойына алған бүл әрекетті іске асыруға едел-жедел кіріскеніне айғақ және сол мақсатына жету үшін құрал мен бап талғамай, тіпті күрестің астыртын жолдарынан да бастартпағанын керсетеді...

Ерлі-зайыпты Сәтбаевтар отырған поезд Қызылордаға жеткенде, олардың вагонына келбетті, маңдайы жырта қарыс, қайсарлығы мен маңғаздығы сүйк жүзінен, отты көзінен танылғандай, жас мөлшері қырықтың арғы-бергі шамасындағы тұлғалы азамат келіп сәлем берген-ди.

— Хабар тимей, кездесе алмай қаламыз ба деп қауіптеніп келе жатыр едім, келгенің жақсы болды, Нәке!— деді Қаныш Имантайұлы, езінің ақылымен бұдан біраз уақыт бұрын Қызылорданың су тресіне жұмысқа ауысқан Наташ Әзімханұлы Кенесаринге.— Келесі стансаға дейін бізді шығарып сал, айттар әңгіме бар...

Екі кісілік жұмсақ күпеге оңаша жайғасқан үлкенді-кішілі екі ғалым Таисия Алексеевнаға жайған дастарқаннан дәм ала отырып, өткен-кеткен өмірлерін шолды, ақырында:

— Сенің обалыңа қалдым білем, Нәке, мұндай солақайлықта шырайтынымызды кім болжапты?— деді Қанекең төмен қарап,— Москвадан сені қозғамауым керек еді, жұмысың, үйің қандай жайлы еді!.. Бірақ гидрогеология саласы бізде кеш өркендереп әрі онымен шұғылданып жүрген мамандардың зердесіне риза болмадым да, саған қолқа салдым. Тұған жерің үшін, халқың үшін қызмет ет деп на мысыңа тиіп, көшпеген еркіңе қоймадым. Енді, міне, сен де, мен де аруақты аталарымыз үшін зардап шегіп, қиянат жалаға кез болды...

Осы әңгіме басталғанда-ақ түсі бұрынғыдан да қарауытып, сүйк шырайға кешкен Натай қолын сермен:

— Қанеке, оны қойыңыз, сізге менің титтей де өкпем жоқ. Қайта елден жырақта, жат бауыр бол жүрген бір ұлын халқымен, жерімен табыстырып, өлшеусіз жақсылық жасадыңыз. Сіз болмасаңыз, мен Қазақстанға қайтар ма едім?!— деді.— Неге шақырдыңыз, сірө, мұны айту үшін ғана емес болар?

— Оның рас, Нәке... Өз жағдайымның не боларын әзір білмеймін,— деді Қанекең Натайға тұра қарап.— Ал сен туралы түрікмен ағайындармен келістім. Ашхабад университетінен әуелі доценттің, сонынан профессордың орнын беретін болды... Сірө, бұл жақта сен шырмалап қалма, заман қынданап тұр, тезірек аттанып кеткенің жөн болар.

Поезд келесі стансаға жетіп, қоشتасарда:

— Қанеке, қамқорлығыңызға шексіз рақмет!— деді Натай Кенесарин.— Алдағы жұмыс жөнін өзімнің қолайыма қарап шешсем — мұнысы несі деп секпеніз, түрікмен ағайындардың шақыруын, тегінде, есімде үстармын.

Вагонның тамбурында қолын бұлғап төбіреніп түрған Қанекең, қасындағы жұбайына бұрылып:

— Міне, нағыз жолбарыс жүректі азамат!— деген-ді сүйсінген сезімін бүге алмай.— Қандай құқай керсе де мойымайды, қасқайып тұрысын қарашы, небір әлей дауыл соқса да ықпалтын, бетін желге төсеп, қарсы жүретін мықтылар осындаі болады! Ғылымды да осындаі атпал азаматтар алға сүйрейді!..

(Шынында да, солай болды: соғыстан бұрын-ақ, тіпті жас инженер кезінде Москванды В. И. Ленин атындағы метрополитен құрылышын жобалауда жерасты суларының жиынтық картасын әзірлеуге қатысып, ірі еңбек берген Н. Ә. Кенесарин 1952 жылы Ташкентке келіп, осындағы ауыл шаруашылық институтына профессор болып орналасқан-ды; кейіннен ол Өзбек КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесіне сайланды; Өзбек гидрогеология институтының іргетасын қалап, ұзак жылдар директоры болды; бүкіл Орта Азия гидрогоеологтары мектебін үйімдастырушы, өзбек, түрікмен су мамандарының ұстазы деген құрметті атақта жетті. Дарынды гидрогоеологтың дарқан білімі Құйғанар, Мырзашөл далаларын, Бұхар шұратын, Сырдария және Амудария алаптарын сумен жабдықтау, Үлкен Түрікмен, Солтүстік Фергана каналдарын жобалау жұмыстарында ерекше танылған...)

Сол күнде көш алдына шыққан зиялды қауым үшін, әсіресе Ғылым академиясы төңірегінде шоғырланған ат төбеліндей білімпаздар тобына айрықша зауал бол індеттей тиген құдалау жалғаса берді. Оның таңдаулыларды сыпыра жусатқан зардабы академия президентін тұғырынан құлатқан соң тіпті де күшіе түскен-ді. Әсіресе қан тілеген пәлеқорлар мен оларды қолдаушы

органның әпербақан қызметкерлерінің бұрынғыдан да еркінрек кимылдауына үлгі-нұсқа көрсеткендегі даңғыл жол ашып еді...

Қазақстан партия үйімінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов V съезде жасаған (1951 жылдың 15–18 желтоқсан күндері) баяндамасында халық әндегі негізінде жазылған, оншақты жылдан астам уақыт сәтті қойылып, сыннан өткен «Қызы Жібек», «Ер Тарғыны» операларына, ескі заман оқиғаларына өрілген драмалық шығармалардың да біразын іске алғысыз етіп, солардың бәрбәрінен үлтшылдық сарын, ауытқулар тауып, қайта өңдеу қажеттігін қатаң ескерткен-ді. Сөзінің сұғы әсіресе ән-музыка, өнер зерттеуі саласындағы үздік дарын, академик-сазгер Ахмет Қуанұлы Жұбановқа бағытталып, оның Л. Хамидимен бірге дүниеге келтірген (1944) «Абай» операсы және басқа шығармаларынан, ғылыми еңбектерінен қофамға жат пигыл, зиянды сарын ізделеп, тіпті қыза келе құрылтай мінберінен жән-жосықсыз ағы сөздер естірткен-ді. Хатшының үлдайша көсліуі тегін емес-ті: соның алдындаған астананың Сталин аупарткомының бюросы сазгерді партия мүшелігінен аластаған; консерваторияның директоры Қызметінен де босаған; ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтындағы өнер секторын басқарудан да қылған; сірә, оны да басты «ұлтшыл қайраткер» ретінде қазақ қауымының ортасынан алыс жаққа аттандыру мәселесі де бүгін бе, ертең бе... дерлік шекке жақындаған-ды...

Тұған ағасы, тіл ілімінің асқан білгірі деп танылған Құдайберген Қуанұлынан 1938 жылы айрылып, осы күнге дейін өлі-тірісінен хабарсыз жүрген күпті көңілді, содан да саққұлақ бол өскен сұнғыла Ахан, әрине, «Мені қашан әкетесен?» деп күтіп отырмады. Москвада оқытын ұлы Болат (химик, бертінде академик) пен қызы Ғазизаны (кейіннен дүлдүл сазгер) біліп келейінші... деген сұлтаумен жылыштап кетіп, сол жақтан жөненә жұмыс тауып алған. Сеніңіз, сенбеніз — бұл да академик, профессор сазгерді мұқатып һәм қорлау жолындағы айла-шарғының салдары...

Әрине, «Бас күнәһар», былтырдан бері жаңа ғылыми еңбек бастап, қарақан басын қорғап қалуды тілеген Е. Бекмаханов та дүшпандары әзірлеген ауыр айыптан құралақан қалмаған.

Тағылған айып: қылмыс кодексінің атышулы 58-статьясының 2-тармағы, яғни кеңес үкіметінің саясатына қарсы үгіт... Мойның қоюылған айғақ: «Кенесары Қасымовтың реакциялық қозғалысын насиҳаттаудағы белсенді әрекеті үшін...» Хан Кенені Қазақстан тарихында насиҳаттау 20-жылдарда, яки қылмысты Е. Бекмаханов «әлі үстел астында еңбектеп жүрген кездे басталғаны» (тарихшының сотта өзін ақтап сөйлеген сөзінен), оны маралаттауға қазактың үлкенді-кішілі зиялды қауымы, солармен бірге қазіргі партия басшылары түгел қатысқанын, москвалық ірі ғалымдардың да бұл хақында әлденеше еңбектер жазғаны, ал өзінің сол көптің бірі екендігін дәлелдеген уәжі, әрине, ескерілмейді. Сірә, қазан айының 21-күні басталған сот мәжілісінде прокурор Құрапов қаралауға ештеңе таппағандықтан болар, «қылмысқер Бекмахановты 25 жылға соттасақ, күллі қазақ интеллигентиясы бұл

істен жақсы үлгі алып, он жолға тәрбиеленеді...» дегенді аузы-мұрны қисаймай, бәтірің қасқайып тұрып талап еткен. (Тегінде, бұл сөзді «білімпаз атаулының зәресін ұшырып, айтқанымызға жүргіземіз» дегенге сайған жөн шығар.) Ақыры, солай болды. 1952 жылдың 4 желтоқсан күні жарияланған сот үкімі бойынша, 37 жасар тарихшы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, күншіл әріптестері тілеген қайта оралмайтын алыс сапарға кете барды...

Біз небір атақтыларды ғана дарарай әңгімелеп отырған шерлі оқиғалар ҰҒА-ның басқарушысы Г. В. Нечитайлоның ілгеріде аталған естелігінде: «...Ж. Шаяхметовтен тікелей нұсқау алған академияның біріккен парткомының хатшысы Сергей Яковлевич Ефимов тәралқа аппаратында, іс басқармасында және құллі ғылыми мекемелерде қызмет істейтін, ниет-піғызы жат атанған адамдардың (тегінде, оларды «элементтер» деп атайдын-ды — М. С.) жүзге тарта тізімін жасады: Ұлы Отан соғысында тұтқынға тускендер; 30-жылдарда мал-мұлқі тәркіленген бай-құлактардың бала-лары; «Халық жауы» боп сотталып кеткендердің туыстары мен достары; патша заманында, Ұқытша үкімет билігі тұсында шенеунік болғандардың үрпақтары: тағы сондай түрліше сенімсіздер...— дей келіп, әңгімесін былай түйеді.— Партия комитеті менен осы тізімге енгендердің, бәрін де жұмыстан шығаруды талап етті. Бірақ мен солардың бірде-бірін қызметінен аластаған бұйрық жазбай созып бақтым. Жағдайдың өте күрделі екенін түсіну үшін, сірә, нақ сол қарсанды Қазақ КСР Ғылым ака-демиясына мүше кернекті 7 ғалымның алды 25, соны 10 жылға кесіліп, айдалып кеткенін айтсам жеткілікті болар...»

Шерменделердің, бәрін тізу бүгінде қын әрі қажет те емес. Сейтсе де Е. Үсмайылов, Қ. Жұмалиев, Қ. Мұхаметханов, Бұркіт Үсқақов сияқты әдебиетшілер, халық ақындары Н. Баймұратов, Т. Әміренов, Ш. Әбенов, тарихшы Бек Сүлейменов осы топтың ішінде.

Академик Ш. Шөкіннің ҰҒА тарихын баяндайтын кітабында 1948—1952 жылдарда Сәтбаевтың жақтастары және көзқарасы тұрлаусыз деген кінәмен ғылым ордасы жүйесінен артық-кемі жоқ 200-дей ғалымның аласталғаны айтылған: «Ғылымның бірқанша саласы жұтқа ұшырағандай боп орны біржола үңірейіп қалды...»— дейді ғалым (қараныз: кітаптың 32-б.). 1952 жылдың наурыз айының 1 күні партия қайраткерлеріне (Ж. Шаяхметов және Ю. А. Жданов) жолдаған хатында Қ. И. Сәтбаев ғылым академиясының 289 жергілікті үлт өкілі зерттеумен шүғылданатынын жазыпты. Демек, көзі қарасты үлт зиялышарының сол қарсандығы жетпіс процентті нақақ қуындалған. Енді бұл тізімгө облыстардан тұртпектеп жүріп маңдайға шерткендей сұрыпталып ұсталған 200 шамалы оқығандарды қосынцы!... Бір ғажабы — осынау жолсыздықтың «сауықтыру шаралары» аталғандығы...

Қазан айының 5—14 күндері (1952) еткен КОКП-тың XIX съезіне әзірлік, одан соң оның тарихи қаулыларын үйрену, басшылыққа алу һәм жүзеге асыру жолындағы қауырт жұмыстар партия қызметкерлерінің ой-назарын біршама уақытқа бөліп, қазак-

қауымынан «ұлтшылдарды іздеу» ісі алты-жеті ай бойы ұмытылғандай болған. Күпті жағдайда жүрген кейбір әдебиетшілер мен ғалымдар үгі десіп тыныш ұйықтай бастаған-ды.

Амал қанша, олардың үміттері ақталмады. 1953 жылдың көктеміне қарай тазарту науқанының ең соңғы және масқара кезеңі басталды.

Бұл жолы нысананаға ұлт қайраткерлерінің ең көрнектісі, әдеби еңбектері Одаққа қана емес, шетелге де жақсы мәлім (22 тілге аударылған), сол себептен де бүгінгедейн «суға батпайтын тұлға» («непотопляемая личность») бол жүрген Мұхтар Омарханұлы Әуезов алынған-ды. Сондықтан да Орталық Комитеттің идеологтары бұл жолы бұрынғыдан да тыңғылықты әзірлік жасаған. Мысалы, жаңа науқанға мұрындық болмақ мақаланы орысшаға аудартып, саяси мән-бағытын тереңдетіп, еткірлігін ұштап сан мәрте түзеттірген. Тіпті соны қайда, қай уақытта жариялау жөнін де ұзақ кеңесіп, ақырында өздері һүсқаған.

«...XIX съезд призвал, неустанно развертывая критику и самокритику, вести непримиримую борьбу со всякого рода политическими ошибками и извращениями, с протаскиванием чуждых взглядов в советскую науку» деген сау кісіні ауру еткендей жойқын сөздермен, әрі «Абай мұрасын зерттеудегі буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықты түбірімен құрталық» (түпнұсқасында «До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая») деп аталған филология ғылыминың кандидаты С. Нұрышевтың сыны «Қазақ КСР РА-ның Хабаршысы» журналының 1953 жылғы 4-санында жарық көрген-ді.

Билемші партияның қазақстандық жандайшап белсендерділері қолшоқпар етіп Гималай тақылеттес занғар дарын иесі Мұхтар Әуезовті құртуға шығарған сыншысы кім еді деген сұрап туары сөзсіз. Сәбит Нұрышев өзін абайтануға үлес қосқан, әсіресе оны таптық қөзқараспен жіктеп үйренуге жаңа таным енгізген ірі ғалым санайды білем, Әди Шәріповтың куәлігіне қарағанда, «Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызыметкери Нұрышев жиналыстарда мінбеге шығып, М. Әуезовті, К. Жұмалиевті, тағы басқа ғалымдарды ұлтшыл-кеертартпа ақындарды мадақтаған адамдар деп сынаудан жалықтайтын... («Жұлдыз», №7, 1992, «Сойқанды жылдар»).

Жетімсіз уақыттың салдары, әлде солақай басшылардың жасаған сайқымазағы — Тіл және әдебиет институтының сол кездегі аядай тар кеңесінен алып тұлғалы Мұхан мен бойы бәкене, кішкентай Сәбитке пайдалануға ортақ бір үстел тиіпті. Көбіне соны жұмысқа жүрттың алдымен келетін Нұрышев иемденген сијакты. Ондай тақуалығы жоқ, тұрмыс күйтіне бейтаратап әрі институтқа тұс ауа келетін Әуезовке ол: «Сіз отырыңыз» деп түрегеп кетпейді екен. Әрлі-берлі қарап қипақтап тұрады да, академик жазушы басқа бір қызыметкердің үстеліне жайғасып, тіпті болмаса қағаздарын құшақтап кітапханаға кететін сијакты. Институт қызыметкерлері бұл жайында да: «Кіші Сәбиттің (ұлкен деп Сәбит Мұқановты атаған) күні-түні арманы — Мұханның үстеліне біржола

иемдену!.. »— десіп әзіл-әжұа айтысқан. Астарында, әрине, бат-пандай зіл бар-ды...

Ақыры солай болды.

Демеушілері мұқтЫ болып, не десен, де жолашық деп отырған соң Кіші Сәбит аяңған жоқ: Абайдың күллі әрекет-өмірін, әдеби мұрасын халықтық деп жариялады да, ақынның ұлылығын, кеменгерлігін, асқан шеберлігін әлемге паш еткен Әуезов оның алып тұлғасын өзінің ұлтшылдық арам пиғылымен былғап, ойттүсігін қасақана бұрмалап түсіндірген болып шықты; тоқ етерін айтқанда, асыл Мұхаңың әбайтану іліміндегі қырық жылдық заң-ғар еңбегі түгелдей залалды, демек, іске алғысыз іс бол әрі ұлтшылдық сарында жазылған-мыс...

Әңгіме сөйтіп насырға шапты. Республикалық, облыстық газеттер қазақтың маңдайына біткен заңғар қаламгерін ғайбаттап, «ұлтшыл» етіп жариялау үшін күллі шығармаларын қайыра сүзген сыни мақалаларды қаптатып, «халық пікірін» дайындағы бастады...

Суреткердің шымбайына қатты батқан жайт: өзінен университет залдарында дәріс тыңдал жүрген шәкірттері арасынан да жас белсенділердің шығуы еді; олар да жыныдарда: «Лекция оқи алмайды немесе ұлтшылыққа үгіттеген үағыз айтады...» десіп, көнігі жалақорлар үйреткен, Қауіпсіздік комитетінің жаттатқан лас сездерді топандай қаптатты. «Не істеу керек? Қайда, кімге ба-рып әділет іздейді?..»

Осы сауал қаламгерді күні-түні шырмап, әсіресе университеттегі жұмысынан аласталған соң (көрнекті филолог Бейсенбай Кенжебаев екеуі наурыз айында, бір күнде шығарылған) ойынан кетпей үйқысын бұза берген-ді. Жаз шыға басына үйірілген бұлт сейілмейді, қаралаушылар қатары кебейіп қана емес, жөткірлене түсті. Әдебиет институтындағы үстелін шынында да да Кіші Сәбитке біржола беруге тұра келді. Бұдан әрі алды-артына қарайлап, тағдырың җазғанын көрдім деп, өзіне сонша жауықкан ниеті бұзық қауымнан жақсылық күтіп, әрекетсіз отыруға тәзімі жетпеді...

Ұлы қаламгердің 1997 жылы ЮНЕСКО деңгейінде мерекеленген 100 жылдық тойы қарсаңында «Мұханды Москваға жасырын аттандырып түрмеден құтқардық...» дескен бес түрлі лақап естелік жария болды, әрине, әрқайсысы өзін басты қаһарман етіп көрсеткен және бірдө-бірі нақтылы айғақ келтірмеген, еңражабы бірін-бірі жоққа шығарған. Соларға терелік айтып, сөз таластыру мұрат емес, сейтсе де сол күндегі өкінішті оқиғаның бүгінде тірі күөгері, дәлірек айтқанда, бейтарап қатысуышы болған Шапық Шөкіұлының ҰҒА тарихынан сыр шерткен деректі кітабының 31–32-беттерінен шағын үзінді оқып көрелік...

«1953 жылдың шілдесінде М. О. Әуезовті тұтқындау жөнінде нұсқау беріліпті. Бұл жайында оған жақын достарының бірі сол күні-ақ кешке таман, көшеде серуендеп жүрген кезінде елеусіздеу хабарлапты. Мұхтар Омарханұлы қатты сасады, өзінің маған әңгімелегуіне қарағанда, есі шығып абыржығаны сонша, үйіне соғуға мұршасы келмей, үстіндегі жөненә киіммен айлаққа жетеді.

Кездейсоқтан сәті түсіп билет табыла кетіп, кешкі ұшаққа ілігеді,— дейді академик.— Нәқ сол қарсаңда мен докторлық диссертация қорғау мақсатымен Москвада жүр едім. Мұханұды астанаға келген күні К. Маркс ескерткішінің іргесінен кездейсоқ кездестірдім. Алқам-салқам үсті-басына таңдана қарағаным есімде, тіпті оны зиялыштырып үшкінші мәрте өмірге келдім!— деді де, басынан кешкен ахуалды айтып берді... Ұшақтан түсken бетінде КСРО-ның Мәдениет министрі П. К. Пономаренконың қабылдау бөлмесіне барыпты, министр оны бірден қабылдап, мән-жайға түсінген соң, МГУ-дың профессоры етіп тағайындаған бүйіркүй (жоғары оқу орындары оқундегі осы министрлікке қарайтын) қолма-қолқолына ұстасыпты. Мұхтар-аға сол бүйіркүй қалтасынан суырып маған мақтана көрсетті... Мұндай сәтте үнсіз қалуға бола ма, «Москва» мейманханасының үшінші қабатындағы мейрамханаға кіріп, қуанышты тойладық. Кешке таман «Москва» дүкеніне барып, асықпай таңдалап, Мұхаңа көп-көрім сәнді костюм сатып алдық...»

## «АҚИҚАТ ӘРҚАШАНДА ЖЕҢЕДІ»

1

Ерлі-зайыпты Сәтбаевтар отырған «Алматы — Москва» поеззы үлкен астанаға қараша айының (1951) соңғы күні, ертенгіліктегі келген-ді. Қазан вокзалының перронына шыққанда-ақ ерлі-зайыптылар өздерін қарсы алып тұрған қазақстандардың қарамды тобын (әмбे солардың дені Үлттық академияның осы жақта ғылыми жұмыстармен жүрген қызметкерлері еді), кейбірінің қолындағы сүйктан көлегейлеп ұстап тұрған гүл шоқтарын көріп ғалым: «Пәлі, аналарды қара, ту, қанша кісі келген. Жарайсындар, әріптестерім! Ризамын!..»— деген-ді...

«Қаныш Имантайұлының қызметінен босаған хабарынан Москваға біз бұрын жетіппіз, жедегабыл аттанып кеткеніміздің салдары, сірә. Әлдекімнен демалысқа келе жатқанымызды естіген соң бір-біріне хабар беріп, қарамды топ болып қарсы алып, қошемет білдіруге шыққан сияқты. Біз оларға рақмет айтып, тап болған күрделі жағдайымызды естірттік. Ғажапты қараңыз, кейбіреулер машина күтетін жерге жеткенше қоштаспастан зытып берді... Бақыттымызға қарай, шынайы достарымыз екінішті іске реніш білдіріп, уақытша сәтсіздік десіп, көнілімізді аулауға тырысты,— деп сыр шертіпти Таисия Алексеевна естелігінде өмірлерінің сол бір аумалы-тәкпелі ауыр кезеңі туралы.— ... Қызметіне табынып жүргендер бірден-ақ безіп кетті де, басымызға үйірлген бақытсыздықты өткінші, әрі әділетсіз жала деп ойла-

ғандар қасымызда қалды. Москвадан да нақ сондай ала-құла мінез көрдік: ақыл айтқаннан өзге кемегі тимесе де адад достарымыз жақсылыққа сендеріп, көңілімізді ауап, жиі-жиі келіп жүрді...» (Қолжазбаның 240-беті).

Ақиқат ізден келген үлкен астانا бірақ жәбір-жапа шеккен ғалымға құшағын аша қоймаған сияқты. Келген бетінде-ақ КСРО Ғылым академиясының тералқасына барған, президенттің езіне жете алмады, сәлем бере кіріп, сыр тартқан лауазымды ескі достарының бәрі де «Әуелі демалып, денсаулығынды түзеп келсөнші, оған дейін бір амалын жасармыз...» дегеннен аспады. Нақ сондай қашыртқы кеңесті КСРО Министрлер Кеңесі терағасының орынбасары И. Ф. Тевосян да айтыпты, әмбе кемекшісі арқылы. Нендей жауап естісе де бүл мәселені бір жағына шығарғысы келіп, қайыра сұранғанда естігені «біраз күн күте тұрсын» болды. Біразы бірақ бірер аптаға созылды. Өзін бір кісідей-ақ жақсы білетін, соғыстың сонау ауыр жылдарынан бірін-бірі жете танып өмір сыйынан өткен, әмбе ақжүректігі, турашылдығы жүртқа мәлім Иван Федорович солай деп сөзбүйдаға салып қойған соң, Қаныш Имантаіұлы да ақыл-ойы қажып, «Апырай, қадірім атым бәйгеден келіп тұрғандаға екен-ау...» дегендегі күйректікке жеңдіруге шақ жүрген-ді...

Сондай қаһарлы құндерінің бірінде Ғылым академиясының бірінші вице-президенті И. П. Бардинге барды. Бертінде танысса да, бірін-бірі жақсы түсініп, ескі достардай өте жақындастып кеткен металлург -ғалымға ішіндегі мұнды жасырған жоқ, ашық мәлімдеді.

— Кімге барсам да, Иван Павлович, демалып келсөнші дейді. Ертеңгі күнің күңгірт тұман бол тұрғанда демалыстан не қадір? Ал менің тыныш үйіктағаным жылдан асты... Не істеуім керек, сіз де демалып кел дейсіз бе?..

Бұрын ақжарқын жағдайда керетін, істі де ересен қажыр-қайратпен тыңдыратын тынымсыз әріптесінің мына сөзіне Бардин таңданғандай бетіне ожырая қарады да, үкімет мүшелерімен тікелей жалғастыратын телефонның трубкасын кетерді.

— Иван Федорович!— деді кіділеу үнмен. Өзінен қылыш жас кіші Тевосянды «Ваня» деп партиялық лақап атымен атайдының, әрі металлург кезінен қалыптасқан дағдысымен өктемдеу сөйлейтінін Қаныш Имантаіұлы бұрыннан білетін, бүл жолы бірақ ресми тілге көшкеніне таң болды.— Менің қасымда академик Сәтбаев отыр... Иә, иә, қадірменді Қаныш Имантаевич.. Жоқ, тұра тұр, әуелі мені тыңдағын. Бүл кісінің маған не дегенін айтайын: «Жақсы заманға аман-сау жеттік, сіздерге енді керегім болмас!..» дейді... Ваня, жетпіске келгенде еститін сөзім бе еді бүл?!.. Жә, жә, акталма, тыңдауға зауқым жоқ. Одан да екеумізді қашан қабылдайсың, соны естірт, шын адап болсан...

Трубканы тегершікке қойған соң сәл еңкіш тартқан, бірақ әлі де алпамсадай мол денесімен қазақ ғалымына жымия қарап:

— Кексе кісінің артық-ауыс сөзіне мән берме, Қаныш Имантаевич. Иванға мұны айтпасам да болар еді, бірақ тәубеге келтіріп

алғанды жен көрдім, ғапу ет... Жә, келістік, кешкі сағат онда сонда болайық...— деді вице-президент.

— Рақмет, Иван Павлович! Өзім барсам да болмай ма?

— Жоқ, менің барғаным — құллі академия сені қолдайды деген жоралғы. Соңсоң жетпістегі кексені жақсылық жасау қуанышынан да айырма, мен үшін бұл — парыз, достым!..

Ақыры солай істеді. Ұағдаласқан мерзімде қос академик Тевосянның кабинетінен табылды.

— Сіз мені, Қаныш Имантаевич, кешіріңіз! Қабылдауды созғаным уақыттың жоқтығынан иә сізben сұхбаттасуға құлқымның болмағандығынан емес. Сіз бен біз кездейсоқ таныстар емеспіз, құдайға шүкір, кеңестік индустріяның іргетасын бірге көтеріспі, хал-қадерімізше еңбек жасап келе жатқан замандастармыз. Қысқасы, мен сіз туралы ешкімнен де пікір сұрамаймын, жеткілікті білемін,— деді кабинет иесі кешкі қонақтарын үзын үстелдің жоғарғы жағына шығарып, өзі солардың қарсы бетіне жайғасқан соң-ак бірден көкейтесті сөзге көшіп.— Сөйтсе де сіз тап болған мына жағдаятқа не айтарымды білмедім, сенсөніз, дәл қазір де... Өзініздің геологияның иә металлургияның курделі бір мәселесімен келсөніз, рақым етіңіз, сол сағатта-ақ қабылдар едім. Ал мына шаруада, кешіріңіз, Қаныш Имантаевич, бұл енді өздерініздің ауыл-үйдегі ұсақ тайталас. Оған мен Москвада отырып қалайша терелік айтамын?

Сәтбаев тілі байланғандай марғау күйге түсіп, тым-тырыс отыр. Көкейінде сайрап тұрған сөздерін үмітшып қалғандай құдды. Шынында да, тұра сөздің адамы Иван Федорович өзі үшін өте жайсыз әңгіменің жанды жерінен ұстап, денесіндегі жараның қанын шығара тырнағандай етіп сөйлегені шымбайына қатты батқан-ды.

— Егерде сіз менен қызмет сұрап келсөніз, рақым етіңіз, қазір-ақ шешүге дайынмын. Өзіңіз қалаған министрлікте геологиялық іздеу жөніндегі орынбасарлығына жібере аламын. Өсілі, біз Геология министрлігінде түбекейлі өзгерістер жасауға да ойланып, түрлі ұсыныс-жобалар әзірлеп журміз. Бұл мәселе әрі дегенде келер жылдың аяғына дейін жүзеге асады. Мен сізді, қымбатты Қаныш Имантаевич, кім не айтса да, министрге бірінші кандидат ретінде үкіметке ұсынуға әзірмін,— деді Тевосян құр жұбатудан нақтылы ұсынысқа көшіп.— Тек келісемін осыған десеніз болды...

— О, жоқ, Иван, сен ендірістің олқылығын академиктермен он-даймын деген ниеттен тегінде тыйыл, бұл жақсы үлгі емес,— деп Бардин де сөзге араласты кенет.— Бұл мәселе жөнінде мен бүгін президент Несмеяновпен сейлестім. Александр Николаевич бұл істе табанды принцип ұстаймыз деді: «Академик Сәтбаев Қазақстанға керек болмаса — өздері білсін, ал Одақ академиясына ол бұрынғы еңбегімен де, алда берерімен де қадірлі ғалым. Соны және нақты әрекетпен бекіту керек» деді де, президент маған Қаныш Имантаевичке осы жақтан лайықты қызмет қарастыруды міндетtedі... Сондықтан, Иван Федорович, қамқорлығына рақмет, біз саған басқа мәселе жайында келіп отырмыз: қателеспейтін

пенде жок, әсіресе жас күнінде; бұдан ширек ғасыр бұрын елікпе көнілмен жариялаған тарих жөніндегі болмашы еңбегі үшін жазалау деген не сүмдік?.. Сен бізге, үкімет адамысың, осынау бұрмалаушылықты түзетуге көмектес! Тілек сол, Вания...

Үкімет тәрағасының орынбасары дәрменсіздігін аңғартып қолын жайды да, қонақтарына аңтарыла қарады.

— Гапу етіңіздер, сіздер мені бір шама қақас түсінген сияқтысыздар,— деді Сәтбаев қинала сөйлеп.— Иван Федорович, мен сізге қызметке орналасу үшін сұранған жоқпын. Мен үшін бұл аса ділгір шаруа емес, далалық экспедициялардың біріне барып та ел қатарлы жұмыс істей алатынымды білесіз... Қазақстанның зиялы, әсіресе ғылыми қауымын ұйымдастыру түрде жоюға, ел ортасынан аластауға бағытталған науқан жүргелі екі-үш жыл болды. Ал биыл сол әрекет ерекше қызу түрде етек алды. Нәтижесінде сонау соғыс күндерінде бронь бергізіп, тіпті майданнан да кері қайтарып алып мәпелеп өсірген мандайалды ғалым адамдарынан түгелге дерлік айырылдық. Бір фана академия жүйесінде жалпы қарамы екі жұз шамасы, бұған және оқу-тәрбие саласында істейтін соншама зиялы топты қосыңыз. Осының бәрі зиянкес, буржуазияшыл-ұлтшылдеген ортақ қінәмен жасалуда. Солардың бірі және ең бастысы һәм қорғаушысы — мына мен, алдарыңызда отырған жұмыссыз пақыр!..— Қаныш Имантайұлы сөзінің әсерін жұмсартқысы келгендей зорлана күлген, онысы бірақ ежелгі жайдарлығынан ада әжュー бірдеме боп шықты.— Құдайшылығын айттыңыздаршы, менің тұл бойымнан иә бір мінез-қылышынан көп жылдан бері таныстықта сондай жағымсыз нәрсе көрдіңіздер ме?

— Жә, жә, о не дегениң!— деп академик Бардин қолын сермен, реніш білдірді. Тевосян басын шайқап томсырайып отыр, сыр берген жок.

— Осының бәрі, сіздерге шынымды айтайын,— деді қазақ ғалымы оң қолын жүрек түсіна тесеп,— ат тәбеліндей арам ниет жандардың мансабын өсіруді иә ерекше мадақ алуды тілеген ұсақ адамдардың ұйымдастырған әрекеті. Бізде жүріп жатқан науқаның тұп себебі сол. Менің осы сөзімді ұмытпаңыздар, қанша жылға созыларынайта алмаймын, бірақ әлі-ак ақиқат женіп, арам пигылдардың жауыздық әрекеті жүртқа әшкере болады... Алайда соған дейін Қазақ академиясының алтын қоры дерлік ғалымдарымызды неліктен қинауға тиіспіз, аман-есен орала ма солар?!. Мені қинайтын іс осы, жолдастар. Қазақстан ғылымына басшы болған соң мұны үкімет пен партияға мен айтпай, кім айтуға тиіс?

— Орталық Комитеттерің, Шаяхметов жолдас ысылған, іскер қайраткер емес пе? Қалайша бұған жол берген?— деді Иван Павлович, сірә, орталық газеттер хабарлап жүрген ақпарлардан өзгерек жайтқа көзі ашылған сон, кекейіндегі сұрақты тежегісі келмеген сынды.

— Оны енді өзінен сұраныздар, менің пікірімді ол кісі біледі...

— Жә, менен не тілейсіз? Саяси мәселе менің ауқымынан тысқары шаруа екенін білесіз, Қаныш Имантаевич,— деді кабинет иесі.— Сейтсе де айттыңыз...

— Иосиф Виссарионовичке барлық жағдайды егжей-тегжей баяндахат жазсам деп едім. Ал Маленков жолдастың қабылдауына сұранбақпын, осы істө маған қолғабыс етсеңіз, Иван Федорович. Өзгедей тілегім жоқ...

Тевосян томсырайып үнсіз отырды да, сәлден кейін:

— Ойыңыз дұрыс, көңілге қонады,— деді нықтай сөйлеп.— Георгий Максимилиановичке де хат жазыңыз, тек өте қысқа, Сталин жолдасқа жолданбақ хаттың тұжырымдамасы ретінде. Екеуін де Орталық Комитеттің хат белімі арқылы ресми табыстыныз. Кешірмесін маған көрсетіңіз... Тек мен бір ай шамасы Москвада болмаймын, сірә, келер айдың орта шенінде оралып қалармын, демалысқа барып келіңіз дегенім сол еді. Қолымнан келгенін аямаспын, бұған сеніңіз, қымбатты Қаныш Имантаевич, өмірдің көбін еткеріп азы қалғанда, сіздей отаншыл адап азаматқа жок деуге бола ма?!

— Міне, бұл еркектің сөзі, мен білетін нағыз Иванның!— деп ризалығын Сәтбаевтан да бұрын қағылез кексе Бардин естіртті.

Сөзді осыған түйген соң үшеуі бір-біріне «Қайырлы тұн!» десіп, орындарынан тұрды. Уақыт та тұнгі он екіге жуықтап қалып еді...

## 2

Осы сұхбаттан соң-ақ Қаныш Имантайұлының байыз таппай жүрген көңіл-күйі оңдалуға бет алып, үйқысы да тыныш, бәз-баяғыдай болмаса да іскерлік қалпына біршама қайтып оралды. Ғылым академиясының ғалымдары емдеу беліміне барып Кисловодтағы М. Горький атындағы сауықтыру орнына жолдамаға тапсырыс жасады, бірер емес, бақандай бесеуге... Екеуі Жезқазғаннан келмек ерлі-зайыпты геологтарға. Бірталай дос-жарандары құбылмалы ауа райындай бұзылып өздерінен сырттап жатқанда, Зоя мен Василий Штифановтар мейманханаға күн сайын телефон шалып, бірге баруға сұранған. Сондай тілекті Алматыдан Әлкей Марғұлан да білдірген. Айтпаса да ойлары түсінкті: сүйікті жаның, басына бұлт үйріліп, көңілі қамыққан күндерде қасында болып, бірге жұруді қажет деп білген...

Үш серіктесі жеткенше мейманханадан шықпай сарыла отырып, Орталық Комитеттің хатшыларына жолдамақ хатын әзірледі. Алғашқысына, И. В. Сталиннің атына жазылған нұсқаға көп қиналды, жан сырын ел билігін қолында ұстап отырған көсемге ақтаруға тұра келген соң ықшамдап иә тұспалдап айтуға бола ма — өз ғұмырын да, Қазақстан академиясының өсу жолын да толығырақ баяндахат қағазға текті. Машинкада қотарғанда онысы бақандай 55 парақ болды. Оның есесіне Г. М. Маленковке жолдаған мұнын небәрі бес бетке сыйғызды. (Осы хатта ғалым өзі қатыспаған Қазақстан коммунистерінің V съезінде Орталық Комитеттің на-сихат белімінің менгерушісі Храмковтың ешқандай дәлелсіз

«Ұлтшылдардың қорғаушысы» деп мінбеден жүртқа жариялад, нақақтан қаралағанын ашына жазыпты.)

Бұл шаруаларды реттегенше қазақстандық серіктөрі де жетті. Іле-ақ поезға билет алдырып, қарамды топ болып аттанып кетті.

Кисловодтағы сауықтыру жайы ерлі-зайыпты Сәтбаевтарға соғыстан бергі жылдардан беріде танымал үйіндей боп кеткен үйреншікті орын болатын. Емдеуші дәрігер, медбике, езге де қызметшілері де атақты қазақ ғалымы, жаны жайсан, әсіресе кейбір лауазым иелеріндегі меммендігі жоқ, кішіпейіл, оның устіне жи үйымдастырылатын сауық кештерінде биден де, әннен де алдына жан салмай беріле қуаныштайтын жампоз демалушыны ерекше сыйлап күтуші еді. Былда қуана қарсы алысты, әмбе ол ұшыраған қиянат жайында естіген тәрізді, қайсысы болсын академиктің көңілін табуға тырысып, жанын сала қызмет еткенді. Қысқасы, сауықтыру орнына келген алғашқы аптада-ақ қан қысымын қалыпты жайға келтіріп, Қаныш Имантайұлы тынымсыз жүрдек Василий Штифанды өртіп алып, терренкурдың (демалушылар қыдышратын жаяу соқпак) ең алыс — Қызылтас, одан да әрірек Кектас деп аталатын аялдамаларына дейін қыдышратын болды. Соңғы күндерде тіпті жаяу соқпактарды тастап, Кавказдың көкшіл шыңы мұнартқан тау етегіне де барып қайтып жүрді.

Әрине, оқта-текте болмаса, Алматыдағы жағдайды сөз етпейтін-ді, қасындағы Әлкей Хақанұлы да, Василий Иванович те бұл жайында әңгіме бастамасқа өзара келіскендей-ақ сірәда баспай, көбіне әзге тақырыптардан көл-кесір әңгіме шертетін: «Басы толған тарих» Әлкей (Қаныш Имантайұлының сипаттамасы) ерте дүние оқиғаларын бүгін болғандай тәндіре айтқан кезде оны тоқтату қыын, селқос тыңдау да мүмкін емес; ал Василий Ивановичтың дағдылы машиғы — Ұлытау даласының хикаяттары, әсіресе әлі де барланбай жатқан қазына көмбелерін іздеудің меңненніттіктері...

Қанша қашқақтағанмен, Қазақстандағы ахуал да әредік тілге тиек болып қалады. Кебіне оны бастайтындар сол жақтан демалуға келгендер, сәлем берудің соңы ел жаңалықтарына ұласары сөзсіз. Олардың айтарты және пәленшеші орнынан босатты, түгеншеші алып кетіпти... Фалым ондай хабардырай бермей үнсіз тыңдайды, көресіні бірақ түнге қарай үйықтай алмай дөңбекшігендегі көреді.

Кисловодтың ауасы да, емі де жандарына жағып, шипалы әсерін («Құдды біздің Баянаула сияқты бойынды сергітіп, ішпей-жемей тойғызып қояды»— ғалымның сипаттамасы) сезген соң-ақ, Москвамен бір мәрте хабарласып алып, ерлі-зайыпты Сәтбаевтар екінші маусымға жолдама сұратты. Әлбетте, бірге келген серіктөрі кесулі мерзім біткен соң, Қанекеңнен рұқсат алып, елге қайтқан.

Өздерімен-өзі оңаша қалғаны алғашқыда мейрам сияқты көрінген-ді, бірақ бір жеті өтпей-ақ зеріге бастады: бұрынғыдай көл-кесір әңгіме жоқ; ем алудан босаған соң-ақ не істерін білмей, қатар қойылған қос кереуетте мелшиіп жатады...

Сәтбаевтар Москваға ақпанның үшінші аптасында қайтты. Бұл жолы үйреншікті «Москва» мейманханасына емес, астана іргесіндегі Абрамцево селосының қасынан академиктер үшін арналы тұрғызылған саяжайлар қалашығына тоқтаған-ды. Заман доңғалағын үршықша үйіріп, миллиондаған адамды диірменнің тас дөңбегінде жаншудан тайынбаған И. Сталин көnlі түскен шақта көлдей шалқып, қажет-ау деген кісілерін құрметтей де білетін. Соның бірі КСРО ФА-ның мүшелеріне сый еткен осы қалашық еді. Қаныш Имантайұлына да содан дербес үй тиген-ди: бақандай алты бөлмелі, іші жиһазға толы, әмбе өмір-бақи мұрагерлік құқықпен пайдалануға...

Екі жылдан бері сол белмелер қожайының күтіп бос тұрғанды. МГУ-дің филология факультетінің аспирантурасында оқитын қызы Шәмшиябану ғана сенбі күндөрі достарын ертіп келіп, әредік қонып жүргені болмаса, құллі Сәтбай әулетінен бұл жаққа аяқ басқан кісі жоқ-ты. Енді, міне, сыйға алған баспанасына қонуға да уақыт таппай, жұмыс үшін күні-түні сарсылған ғалым апталар бойы не істерін білмей тыныш жататын жағдайға тап болды.

Келген кезде Тевоянның көмекшісіне телефон шалып, өзінің Москваға қайтып оралғанын білдірген. «Хабар өзімнен болады, асықпай құтсін!..» депті бастығы. Бұдан кейін биік лауазым иесін мазалауға болмайды, демек, шыдау керек...

Наурыздың алғашқы жаңасында академия тәралқасынан хабар жетті: академик Несмеянов сұхбатқа шақырыпты; тегі бұл, іші сезген, мархабатты Иван Павлович Бардиннің ындағатымен туған іс.

— Жеке басыңыз туралы, қадірлі Қаныш Имантаевич, тералқа пікірі бұрынғыдай және езгермейді. Сол себептен де сізге екі түрлі қызмет ұсынамыз, таңдау өзіңізден,— деді президент бірден-ак тұра сөзге көшіп.— Бірінші, академияның Орал бөлімшесін басқаруды алыңыз, Свердловтағы геология институтына да директор боласыз. Өзіңізге танымал кәрі Оралдың арғы-бергі атырабындағы ғылыми ізденіске жетекшілік етесіз. Дәрежесі жөнінен бұл, тегінде, республика академиясының президентімен деңгейлес қызмет... Екінші, Москвада тұрғыңыз келсе, академияның геология-география ілімдері бөлімінің төрағасы, академик Д. И. Щербаковке орынбасар болыңыз. Шынтуайтын айтқанда, биік беделінізді тәмемдетпес үшін бұл қызметті жаңадан ойлап таптық. Ұстазыңыз Дмитрий Иванович бұған қарсы емес, тіпті төрағалықты беруге де дайын...

Қаныш Имантайұлы президенттің сонша мазаланып, езіне жасап отырған қамқорлығына ракмет айтты. Екі қызметтің де көnlі үдесінен шыққанын естіртті де, Қазақстанның ғылыми ахуалын сауықтыру туралы Орталық Комитетке хат жазғанын, сол мәселені бір жайлы еткен соң өз шешімін айтуға рұқсат сұрады.

— Мейліңіз, біз сізді асықтырмаймыз,— деді Александр Николаевич.

Сүйсінерлік айғақ десек те болады. Нақ сол күндерде атақдабысы жұртқа жария қазақ ғалымының ойда жоқта тап болған мүшкіл жағдайын түзеуге қол ұшын берген зиялыштар қатары кебейе түсken. Соның бірін Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» кітабының 81-бетінде баяндайды: «Бірде (1952) КСРО ФАның мүшелері Үлкен театрға шақырылды. Қекеме еріп менде бардым. Орнымыз партердің алдыңғы қатарында екен, М. В. Ломоносов атындағы университеттің ректоры, математик, академик И. Г. Петровскиймен қатарлас болып шықты. Біз жақындей бергенде Иван Георгиевич әйелі екеуі орнынан тұрып, бізден жылы амандасты. Әкем мені таныстыруды да, ректорға: «Сіздің университеттің аспиранткасы» деп еді, Иван Георгиевич: «Е, анындағы әңгімемізге қызыңыз дәнекер болғай, яки бір балаңыз бізде оқыса, сіз де университетке біржола аудысуға шешінсеніз керекті», — деді. Әкем жынышп, сөзді басқа мәселеге аударып жіберді...»

Орталық Комитеттен дегбірсіздене күткен хабары бірақ болар емес. Ерекше үміт артқан Иван Федорович те үнсіз жатыр. Үнсіздік үмітін үзбесе де, күнбе-күн шұғылданар іс-әрекеті болмаған соң жатса-тұрса көңілін алаңдатып, неше түрлі шәлкемшалыс ойларға жетелейді. Өзі үшін біржола тарс жабылған қақпаңы қағып, «Апырау, мен осы елуді еңсерген шағымда есімнен адасып жүрген жоқпын ба?» дегендей де күпірлікке беріледі... Сірә, сондай жегі ойдың әсері болар, наурыздың бір күні (ғалымның дербес архивінде сакталған нұсқада «...март, 1952» деп жазылған) БКП(б) Орталық Комитетінің ғылым және жоғары оқу орындары бөлімінің менгерушісі Ю. А. Ждановқа және бір хат жолдаған. «Менің мәселеңді қараған кезде керегі болар деп қосымша материал ретінде ұсынуды жөн көрдім,— деген ескертпемен басталған 8 парақ хатта ғалым соңғы жиырма алты жылдағы ғылыми еңбектеріне шолу жасаған. Хаттың соңғы 12-тармағына мынандай тұжырым беріліпті.—«Большевиктер сөйлеген сездері мен ауызша айтқан мәлімдемелері бойынша емес, нақтылы істерімен тексеріледі» деп үйретеді жолдас Сталин. Жоғарыда мен нақ осы қағидаға сәйкес келетін нақты істерімді баяндап өттім, соның бәрі де 26 жыл бойы менің большевиктер партиясының, Кеңес үкіметінің, Сталин жолдастың кеменгерлік сара жолынан титтей де аумай, тек қана иғі істер жасаумен шұғылданғанымды көрсетеді...»

Бұл хаттың нақтылы нендей себептермен жазылғанын біз білмейміз. Бұрынғы екі хатында айтылған негізгі тұжырымдарды қайталауына қарағанда, шарасыздықтан іә өзінің жауап күтіп зарығып жатқанын тағы бір мәрте еске салу үшін жолданған сияқты.

Орман іші мазасыз дырдудан қашық дегенмен, Абрамцеводады саяжайда ұзак тұра алмады. Үнемі кепшілік қоршауында әмір сүрген Сәтбаевтар отбасы, тегінде, мұндан оңаша жайға үйренбegen еді. Оның үстіне Алматыдан аттанғалы терт ай болды, балашағаны ғана емес, күн сайын көріп, әңгіме-дүкен құратын доста-

рын да әлей сағынды. Ақыры, жан күйттеген саялы жерді тастап, қалаға қайтып келген-ди.

**Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:** «Бір күні, «Москва» мейманханасында жатқанбыз, Қаныш Имантайұлы әлденеге қамығып отырып, президент А. Н. Несмєяновтың ресми жасаған ұсыныстары туралы қайыра сез қозғады да:

— Не дейміз бұған? Жорта жұбатпай тек шынынды айт!— деді.

— Әй, білмеймін, сірә, сен шалғай шетте ұзақ тұра алмайсың. Туған далаңды сағынып, бір нәрсе жоғалтқандай болып мазалана берген соң жұмыс өне ме? Жас еңкейгенде туған жерден жырақ жүру, тегінде, оқай емес!.. Алматыдан жұмыс бермесе қойсын, қыырдағы экспедициялардың біріне-ақ барамыз, өндірістен қорқатын біз бе?— дедім ақырында.— Жә, мұның бәрін маған не менеге айтқызып тұрсың?

Қаныш Имантайұлы күлді де:

— Қайтер еken деп сұрағаным ғой, енді күмәнім жок, ойынды білдім. Бір жөні болар, бекерге қапаланба,— деді.— Ойланайық...»

Қызыметінен қыып тастағаннан бергі төрт айда ресми жолданған бір ауыз сез естімей, өң күрғанда қандай жерде еңбек еткініз келеді деуге де жарамай жатқан туған жұрты (анығында, Қазақстанды басқарушы әкімдерден) бірақ ғалымның жүрек түкпірінен бір сәт ұмытылмай, уақыт ұзаган сайын тұн үйқысы қайта бұзылып, қамқөңіл ойын сан сақта құбылтатын... Кейде әлдеқандай кездесу соқ кездесулер, пендешілік жасаған таныстары-ның оғаш қылыштары да жанын жарапал, құйзелтіп кететін-ди.

(Бұл туралы ғалымның жұбайы естелігінде бірнеше айғақтар келтірген. Қазақстандық бір академиктің мейманхананың баспалдағында өздеріне қарсы келе жатып, амандасудың орнына көрмегенсіп өте шыққаны ерін ерекше қамықтырыпты. «Оның есесіне Москванның билікті қауымы бізге өзгеше ілтипат білдіруден жаңылмады,— дейді Таисия Алексеевна одан әрі.— Бір жолы геологияның қарт тарланы В. А. Обручев: «Қаныш Имантаевич, бекерге қамықпа, қазірде сені ұмытып, Жезқазған кеңінің тұнба текке жататынын жанталаса дәлелдеп жатқандар, күні ертең жұлдызың қайта жарқыраған кезінде қасыңа қайтып оралып, мұнайдың да жарапу тегі гидротермальды екенін әйгілеп бағады...» — деп әлдекімдерді әжуалап, бізді жұбата сейлеген-ди...»)

«Москваға іссапармен барған кезімде мейманханаға іздең келгенім Сәтбаевтарды қатты қуантты. Ұзақ әңгімелестік, академияның өткен тарихын, қазіргі ахуалын сөз еттік... Сол күнгі сұхбаттың сонында Қанекен маған КСРО Ғылым академиясының президенті өзіне ұсынған ... қызыметтерді атап, не істерімізді білмей ойда жүрміз, сен не дейсін, бұған деді. Сірә, қимағандықтан айттым-ау деймін, «Сізге соның бірінің де керегі жок, Қазақстанға қайтыңыз, Жезқазғанның езінде-ақ істейсіз... Басқа жаққа кетіп қалғаныңызды халқыңыз түсінбейді, «бүгін бар, ертең жоқ

басшыларға өкпелеп, туған жерінен безгени несі?!..» деп реніш айтады», — дедім... — Бұл естелікті біз академик Шапық Шәкіұлының «ҰҒА-ның ғұмыр жолы» кітабынан (33-б.) келтіріп отырмыз. Әңгіме мынандай түйінмен аяқталған.— Бұл уәжіме ерлі-зайыптылар өзегеше ризалық білдірді. Қаныш аға жайрандап: «Туся, мұндай кекейге қонымды сезге бірдеме ішу керек қой. Тура солай істейміз, Жезқазғанға-ақ қайтып барамыз!..»— деп, масаттана қолын соқты. Конъяқ ашып, соңынан шай іштік...»

\* \* \*

Наурыздың алғашқы аптасының соңы, кешкі мезгіл еді, Тевосянның көмекшісі телефон шалып: «Ұйқыға жатып қалмасаңыз, кіріп шығуға қалайсыз?»— деген-ді. Үш айдан бері зарыға күтіп жүрген лауазым иесі көргісі келіп отырғанда, қайдағы үйқы. Іле-шала киіне бастады.

Иван Федорович көңілді екен, қолын қатты қысып, тіпті құшағына тартып құшты да, кабинеттің төріндегі демалыс бөлмесіне бастады. Шағын дәңгелек үстелдің үстінде армян конъяғы тұр, вазада алма, бір шөлмекте жартылай ашылған сусын. Қаныш Имантайұлының іші жылып сала берді: «Иә, сәт! Сірә, бұл жақсылыққа, қуанышты хабарға!...»— деп үміттенген-ді алып-ұшқан көnlі.

— Тым ұзақ күттіргеніме кешірім сұраймын, Қаныш Имантаевич, жағдай солай болды. Сталин жолдастың тікелей орынбасарының да қолма-қол шеше алмайтын мәселелері болады...— КСРО-ның Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары конъякты ашып, шұңғылдау екі рюмкеге шүпілдете құйды, бокалдарға су толтырды.— Кешіктірген айыбыма мынаны алып қойсақ қайтеді?

Қазақ ғалымы үндерген жоқ, рюмкелердің бірін алып, кабинет иесімен түйістірді де, жартылай ішіп орнына қойды

— Шаруаңызды жарым-жартылай ғана шештім. «Неге?» деп қазымырлап сұрамаңыз. Сіз көтерген мәселелерді түбіне жеткізу үшін жүртқа жария болған көп жайтты қайта қарау керек екенін, бәлкім, кейбір жолдастарға қатаңырақ шара қолданып... Ұқтыңыз ба әңгіменің қиындығын? Ұқсаңыз, бұл жайында сөзді созбайық, осымен бітсін. Шағымыңызды қуып ол жаққа бармай-ақ қойыңыз, менің айтқанымды — жауап алдым, қанағаттаным... деп есептеңіз!

Тевосян әлденеге іштей ширығып отырған тәрізді, әлгіндегі кеңілділігі де әншнейін болды, бос рюмкесін қайыра толтырғанымен, өзі де ішпеді, қонағына да алыңыз демеді. Қаныш Имантайұлы сарғая күтіп жүрген кекейтесті ісінен ұтылғанын сезіп, бұдан әрі барап жері, басар тауы қалмағанын да аңдаған соң, жан дүниесі мәлімсіз оппаға құлағандай бол қоңылтақси бастаған. Қағылездігіне сұңғыла ақылы сай Иван Федорович те соны бірден ұқты. Өзі билетін көп жайтты ашық айта алмай бүгіп қалғанына да налып, әрі ардақ тұтатын қадірменді жанның үмітін ақтай алмағанына да қамығып отыр. Бірақ істерге шарасы жоқ.

— Ал өз басыңыздың мүдделі ісі жөнінде... Бүгін менде Шаяхметов жолдас болды, біршама тәжікелесіп, ақырында ұғыстық. Мениңше, сіз үшін жап-жақсы тұжырымға келдік. Оның жай-жасарын өзі айтады. Тұнделетіп іздеткенім сол, ғапу етіңіз, ертеңге шақыра қалса, сіз ойланып-толғанып барсын деп... Қысқасы, Қаныш Имантаевич, өтінемін, аса қамықлайық, сіз екеуміз бұдан да қын құндерде тығырықтан жол тауып, іс тыңдырғанбыз. Жақсылықты алдан күтейік! Сол үшін де ішпейсіз бе?— деп, кабинет иесі бокалын көтерді.

— Ішайік, неге ішпеске!— деді Сәтбаев та рюмкесін қолына алды.— Сіз үшін, қымбатты Иван Федорович! Жақсылық жасауға ынтызар бауырмал жүргегіз үшін!..

Бұл жолы екеуі де тауыса ішті. Соңсоң бір сәт бір-біріне тесіле қарап тым-тырыс отырып қалған-ды.

— Бұл жақтан ұсынылған жұмыстарға таңдау естіртпей неге созып жүргенізді сеземін, сейтсе де, Қаныш Имантаевич, менің айтқанымға құлық қойсаңыз — осында қалған жөн сияқты. Әнеугүнгі Геология министрлігі туралы ескерту есіңізде болар, бұл шаруа биыл шешіледі, сірә, XIX өзіндік съезден кейін іле-шала... Сол себепті бұған да ойланыңыз және мықтап! Одақтық министр болу, әмбене сүйікті кәсібінің геология саласында, меніңше, президент міндетінен тәмен емес. Еркім өзімде болса, металлургияның бір алabyны иемденіп баяғыда кетер едім, әттең, не керек!..— деді Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары қоштасарда тұнғы қонағының қолын құшырлана қысып.

— Рақмет, Иван Федорович! Мұны енді өзіңіз келіскең хатшы не дейді, содан кейін айтармын... Сау болыңыз!

\* \* \*

**Қ. И. СӘТБАЕВ — З. И. және В. И. ШТИФАНОВТАРҒА,**  
Москва, 27 наурыз 1952 ж.

«...Мені бұл жақта жіпсіз байлагап қойған шаруа КСРО Жоғарғы Кеңесінің наурыз сессиясынан кейін, Шаяхметовтың Москваға келуіне байланысты біржолата шешілді.

14 наурыз күні Шаяхметов жолдаспен кездесіп, ұзақ сейлестік. Тұжырымдап айтқанда, ол кісі менің мәселе менің жүртқа дабыра болып, әмбене орталық газеттерде теріс-қағыс жазылған ауыр сындардан соң тап қазір президент міндетінде қалдыра алмайтынын айттып, бірақ Қазақстанға қайтып оралуымның қажеттігін ерекше етінді, Геология институтының директоры жұмысын немесе өзім қалаған басқадай да мәртебелі қызмет береміз деді. Партияның сеніміндесіз, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің басшылары да сізге бұрынғыдай зор құрметпен қарауды дегендеге уәж естіртті. Партиялық сөгісімді де қайтадан қарауға уәде қылды. Қалайда, өзімнің сүйікті ісім геологиялық ізденісте, кен геологиясы мәселелеріне байланысты шаруаларда менімен ақылдастып, барлық ұсыныс, ынта-жігерімен қолдау көрсететінін және айтты. Шаяхметов жолдаспен әңгімeden кейін партияның тапсырмасы

ретінде қабылдап, Қазақстанға қайтып оралуға бел байладым және жоғары мәнсап іздемей, Геология институтындағы бұрынғы қызметімі. Әмбे сол күннен бастап жұмысқа кірістім.

... Қазірде Ленин кітапханасының фондын ақтарудамын, өзге де (хатта бұлар нақтылы атапған — *M. C.*) ...геологиялық архивтерді армансыз қарап жүрмін. Қайда барсам да мені зор ықыласымен қабылдап, ізденісімеге беретсіз қолғабыс ететіні жүрттың көnlімді өсіріп, жаңымды сүйсінеді. Қысқасы, Геология институтының ғылыми өрісін кеңейтіп, Қазақстандағы геологиялық ізденістерді жаңа белеске көтеру қамындағы бұрыннан ойлап жүрген шаруаларға енді қызу кірістім. Шынтуайтын айтқанда, достар, бұларды мен көптен бері армандап, бастауға бірақ уақыт таба алмай жүргем-ді. Ақыр аяғында соған соңғы айларда ездерің білетін соққылардың азабын өткеріп барып қолым жетті. Бұған да тәубе деп, енді сүйікті ісіме құлшына кіріскең жайдамын.

... Президенттің ауыр міндеттінен босағаным, сірә, сендерге онды бола қоймас-ау, Вася, сені, Сайдты және Иосифті (жезқазғандық геологтар Сейфуллин мен Богданчиков — *M. C.*), жастарың «асып» кетсе де, ғылыми жұмысқа жегіп, дәрежелі атақ алуға мәжбүр етпек ойдамын. Иосифтің тақырыбы бұрынғы. Ал Сайдқа Жезқазғанның кен қорын түбебейлі (генеральный) есептеу мәселесін береміз. Саған да Василий Иванович, тың тақырып тауып қойдым (бұдан әрі соның жай-жапсары баяндалған — *M. C.*)...

Алматыға мен сәуірдің 17–20 аралығында қайтамын, сірә, академияның жаңа президенттің (Қонаев жолдас) сайлауы еткен соң... Сол қарсаңда Сайд екеулерінің бірің Алматыға келгендерің жән болар еді, ИГН сендердің қор есебін жинақтауға нақтылы көмек береді, естерінде болсын!..» («Сәтбаевтың хаттары», Жезқазған облархивінің басылымы, 1990, 37–38-б.)

«Москва» мейманханасының алтыншы қабатындағы Ж. Шахметов тоқтаған кең люксте тұннің бір уағына дейін созылған ұзак та ауыр сұхбатта Қазақстан КП Орталық комитеттің хатшысы бірден-ақ бастарынан кешкен өкінішті жағдаяттар үшін кешірім сұрап, соны кек тұттай, ғалымның елге қайтып оралуын ықтияттап отырып, сөзінің соңында Қанекене өзгеше бір тілек білдірген-ді: сәуірдің 16–17 күндерінде етпек академияның жалпы жиналышына қатысып, президент міндеттінен босатуға (жарғы бойынша ресми түрде) иланымды дәлелдер келтіріп өтініш жасап, әмбे орнына ұсынылмақ адамға да барынша қолдау көрсетуді сұраған.

Әккі саясаткердің әлде өзін іә бюро мүшелерін адақтап, әмбे Орталық Комитеттің ықпалымен өріс алған кешегі шерлі оқиғалардың залал-салдарын бүркемелеу үшін бұрынғы президентті сейлетіп, көпшілік алдында абыройын сақтап қалуды ойлап отырғанын ғалым бірден үққан-ды. Сейтсе де өзіне жорта болса да ізет көрсетіп кішірейе сейлеген бірінші хатшыға ол: «Жоқ, бара алмаймын!» демеді, жиналышқа қатысуға үәде қылды. Алайда

арада он үш күн өткен соң, жезқазғандық достарына жолдаған хатынан оның күрт өзгеріп, бірінші хатшы соншама мән беріп пысықтаған істі орындауға оншама құлықты болмағанын кереміз. Демек, айбынды хатшының өтінішін елеусіз қалдыруға мәнді себеп туған...

Қаныш Имантайұлының осы жағдайға байланысты Ленинградтан 9-сәуір күні Алматыға, Орталық Комитеттің ғылым бөлімінің менгерушісі Н. Жанділдинге (ресми хат, әдетте, хатшыға жолданса керек-ті, ғалым бұл жолы ол рәсімді қасақана тәркі еткені тегін емес) жазған үш парақ хатынан шағын үзінді келтірелік: «15 наурыздан бері, яки жұмысымның бағыты белгілі болған соң-ақ Қазақстан Компартиясы V съезінің қарапын жүзеге асыру мақсатында жаңа іс бастап, кен орындарын алдын ала болжамдау картасын жасауды үш жылда аяқтап шығу үшін ерекше мәнді тың зерттеулерге дең қойдым...»— деп басталған хат, одан әрі мамандығы философ Жанділдин үға қоймайтын геологиялық аса курделі мәселелерді үзақ баяндауға түсіп, ақырында мынадай уәжбен аяқталған: «3-сәуірден бері Ленинградтамын. Мұндағы маңызды ізденістерді кейінге қалдыруға болмайтындықтан, әрі Москвада да бітіре қайтар жұмыстар көбейіп тұр... Қысқасы, мен Алматыға 20–21-інен беріде жете алмасым анық. Сол себепті «Қазақ КСР FA-ның мүшелеріне жолдаған хатымды» Сізге жіберіп отырмын. Менің жалпы жиналысқа қатыса алмайтынды Орталық Комитетке мәлімдеп, жолдастар құп көрсе, оны жиналысты ашқан кезде оқып беруді өтінемін...»

\* \* \*

К. И. СӘТБАЕВТЫҢ FA-ның жалпы жиналысына хаты: «Қазақ КСР-і FA-ның өрісі мен алға даму ісінің қыындығын ескеріп, **кек-се тартқан жасымды** (даралаған біз, бұл кезде ол небәрі 53 жаста — M. C.), әмбे денсаулығымның тәмендеп жүргенін ойлап, мен бұған дейін де жоғарғы орындарға... президент міндетінен босату туралы тілек білдіргем-ді.

...Осы жағдайларды еске алып, Қазақ КСР FA-ның жалпы жиналысынан мені президент міндетінен босатып, геологиялық іліммен алаңсыз шұғылдануға мүмкіндік туғызылуын сұраймын.

Өз тарапынан президент міндетін атқаруға ұсынылып отырған Димаш Ахметұлы Қонаев жолдастың кандидатурасын қолдап, бұл қызметті ол сәтті атқара алады деп сенім білдіремін. Ол — кен қазу ісін жетік білетін ірі маман, Қазақстанның ауыр өндірісін дамыту мәселесін терең түсінеді, оның мемлекеттік және ғылыми-өндірістік жұмыстарды атқарудағы тәжірибесі, мықты денсаулығы мен жігер-қайраты, әсіресе жалындаған жастығы... академияның сан салалы ісі мен биік мұратына табанды тұрдеге өріс беріп, жаңа биіктеге көтереріне кепіл болады деп сенемін...

Академик Қ. И. Сәтбаев. 9 сәуір 1952 жыл. Ленинград.

Шынында да солай істеді, өзін президент міндетінен босататын жиынға келген жоқ. Демек, әншайін желеуді сылтау етіп,

жеме-жемге келгенде академия сайлауына қатысудан тайқып қасақана кешіккен. Не себептен?

Оның сырты, сірә, Д. А. Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітабының (А., «Санат», 1994) 131-бетіндегі: «Сессияның бірінші күні Қазақ КСР ғА-ның толық мүшелері М. П. Рұсаковтың және А.Қ. Жұбановтың, сондай-ақ... корреспондент мүше К. Жұмалиевтің ғылыми атақтарынан айыру мәселесін қаралды», — деген күөлігінде тұр. Димекенің жазуынша, бұларға «КСР Одағына қарсы бағытталған зиянды әрекеттері» және «ғА-дан байланысын үзгени себепті» дегендей... жалған айыптар тағылған. Үшеуін де жиынға шақырмай, сырттай қараған... Бастапқы жоба бойынша, академик М. О. Өуезовтің де тағдыры осы жиында шешілмек еken, бірақ әлдеқандай себептермен кейінге қалдырылған.

Осы жайында Алматыдан қатынасқан таныстары иә басқадай байланыс арналары арқылы хабар алған соң-ақ, Қаныш Имантайұлы: «Жоқ, өзімді жығынды ететін әрі саңлақ әріптестерімді ағаш атқа теріс мінгізетін масқара жиынға қатыспаймын. Барған күнде де үнсіз бұғып қалмасым анық... Шаяхметов менімен әңгімеде бұл туралы айтқан жоқ-ты, демек, әдейі үндемеген», — деп шалқасынан түскен. Райынан қайтармақ болғандарға тапқызбас үшін Ленинградқа кетіп қалғаны да содан еді...

Ақыр аяғында сол қылышы — кім-кім, бірінші хатшының тілегін аяқасты еткені, Орталық Комитеттегілердің ғалымға көрсетпек болған жылымық пікірлерін күрт сұтып, әлеуметтік ортадан біраз жылға шеттетіліп, тіпті мерекелік жиналыстарға да шақырмай, оқшau да қағажу қалдыруға әкеп соққан. Іргетасын өзі кетерген академияның тेңралқа мүшелігіне, оның ғылыми кеңесіне де сайланбауы да соның салдары. Нақ сол жиында бас баяндамашы болған, еткен күзде ғана езінің ынтасымен мүшелікке сайланып өрге шықкан химик Д. В. Сокольскийдің «Сәтбаев президент кезінде тेңралқа мүшелерімен ақылласпай, ұлтшылдық саясатты пәрменді жүргізгенін...» баса айтып, өтірікті шындей етіп тіл безегені де партия шенеуніктерінің нұсқауымен жүзеге асқаны түсінікті.

Ең өкінішті жайт: жаңа президентті сайлауға қатыспағанына ізбасар әріптесінің кек тұтып, жасы шынында кекселеніп алпысты алқымдаған шағында мәнгі елмес еңбектерін лайықты биік атақтармен марапаттауға қарсы әрекет үйімдастырып, тіпті содан нәубез қалуына себепші болғандығы; мұндай қастандықтан ол академик дүниеден өткен соң да тыйылмағаны жүртшылыққа және мәлім; бұл қақында біз «Құғындалған Сәтбаев» кітабында нақтылыс сөз еткенбіз...

Кектем шуағы молайып, алма бақтары гүлін түсіріп дән салған мерейлі қундердің бірінде ғалым Алматыға қайтып оралып, көп жылдан бері арман етіп, бастауға бірақ уақыты жетпей жүрген ғылыми зерттеуге кіріседі. Шынтуайтын айтқанда, бұл жолы да орыс халқының «Бақытсызызық келмесе, бақытты күнге қалай жетпексің?» дейтін мәнді нақылышың кері болды. Есімін геология

ілімінде мәңгі қалдырған, кейіннен академик Сәтбаевтың өлмес енбегі атанған, қысқа ғұмырында ғылымға қосқан ең ұлы жаңалығын да ол, осы, басына бұлт үйірліп, соның тарқауы үш-төрт жылға кешіккен бейmezgіl аралықта жасады!..

Илья Эренбург мемуарлық жазбаларында Фредерик Жолио-Кюри туралы «Оны жүрт жаптай сыйлады деу аз, жантәнімен шексіз сүйетін-ді. Ал халық сүйіспеншілігіне ие болу — қандайда құрметті атақ, зор сыйлық іә академиктің қалпағын күп (француз академиясының дәстүрі — M. C.) немесе алаңға қойылатын тас ескерткіште тұрғаннан гөрі қынырақ!» деген ойлы пікір қалдырған. Академик Қ. И. Сәтбаевтың да нақ сондай халық сүйіспеншілігіне көзі тірісінде-ақ беленгенін шубәсіз аңғартатын бір жайтты еске түсірелік...

Бұл оқиға бір топ геологтар далалық саяхатта жүргенде, 1952 жылы болған. Саяқты көріп, Майқайың алтын кеніне аттанған жолда олардың машинасын бір топ адам токтатады. Топтың алдында — басына қардай ақ кимешек киген еңселі бәйбіше, екі жағынан оны алпамсадай екі ерекк сүйеп тұр. Геологтар оларды жай жүрген жолаушылар екен деп ойлады.

— Қаныш қайсың? — дейді бәйбіше машинадан түсіп, өзіне сәлем берген жолаушыларға қарап. Іздеп тұрған Қанышын көрген соң қарт ана оған қайтадан амандастып, маңдайынан иіскейді.— Осы елдің кәрісінің алдымын, қарағым, жасым жүзге еңкейді, екі жағымдағы егделер — кіші балаларым. Сені тосып тұрмын, Қаныш шырағым. Ауылымыз деңнің астында, үйге жүріп, дәм іш!

Қаныш Имантайұлы асығыс екенін айттып, қарт ананың ықыласына алғыс білдіреді. Шаруасы болса осы жерде естіртуін өтінеді.

— Осы маңаттан өтетінінді біліп, жолынды тосқанда айтарым, қарағым: «Қайда жүрсөң де жолдастың қызыр болсын, алдыңнан нұр жаусын!» деген бір ауыз ниет! — дейді сонда қарт ана.— Басыңа пәле-жала үйірліп, қиянат көріп жүргенінді естідім. Ер жігіт ғұмырында не кешпейді?.. Сен оған мәйыма! Халқың сені жанындағы сүйеді, мактан етер перзентім деп аялайды. Соны біл де жұмыс қыл! Осы өді айтпағым!..

Көз көргендердің айтудынша, нақ осы оқиға Қаныш Имантайұлын ерекше сүйсініп (естіген сәттө көзінеге тіпті жас алған), қамық-қан кеңіліне әл-қуат беріп, алдағы жұмысын алаңсыз атқаруға рухани сүйеу болған...

### 3

Мұны енді Қаныш Имантайұлы бастаған қазак зиялышарының нақақтан қудаланған қарамды тобының бағы, көрер жарығы мен қуанышының әлі молдығы дейміз бе, әлде тарих көшінің күллі Одак халқы үшін үрдіс қозғалып, жаңа кезенғе ауысар мезгілінің жеткендігі ме, қалайда олардың үнсіз тынып, шерменде бол ішкүсада жүруі көп уақытқа созылған жоқ. Бұған да тәубеделік!..

1953 жылдың наурыз айының 5-жүлдөзүндө И. В. Сталин қайтыс болды. Күллі Кеңес халқы қабырғасы сөгіле аза тұтқан, жасылып керегі не, ұзак жылдар бойы тынымсыз жүрген насиҳаттың нәтижесінде жарық Құнмен тәңелген «Көсемнің» көзі жұмылған жылдың өзінде-ақ оған деген бұрынғы сенім, шексіз берілгендікке сызат түсіп, уақыт озған сайын адамзат тарихындағы ең қанішер тиранның зұлым істері мәлім бола бастаған-ды.

Қазақстан жүртшылығын жаппай елең еткізіп, құншуағы мол көктем келе жатқанын хабарлаушы жыл құсындан қуантқан жаңалық — тарихшы Ермұхан Бекмахановтың КСРО Жоғарғы сотының 1954 жылғы 16 ақпан күнгі үкімімен біржола ақталып елге қайтуы еді.

(Бұл үшін, тегінде, қазақ қауымы Москвандың әйгілі тарихшы-ғалымдары, академиктер А. М. Панкратова, Б. Д. Грековтерге алғыс айтуда туиіс. Олар КОКП-ның бірінші хатшысы Н. С. Хрущевке хат жазған-ды, онда: «Біз, кеңес тарихшылары, Бекмахановтың адап екеніне кепілміз, ол — жалақорлықтың құрбаны!..» деген сынды ауыр сөздер бар-ды... Нәтижесінде зәбір-жапа шегіп айдауда жүрген қазақ ғалымы Москваға жеткізіліп, қылмыстық ісі қайта қаралған. Саяси ағарғанмен, бірақ ғылыми атақтары қайтарылмаған. Түрмеден өкпе сырқатын мендетіп қайтқан бейнетқор тарихшы жарыққа шығаруға үлгермей кеткен жана монографиясын Москвада жарияладап, докторлық атағын қайыра қорғайды. Алматыдағы мемлекеттік университеттегі үстаздық жұмысына да қайтып оралып, ғұмырының соңғы кезеңінде ҰҒА-ның корреспондент-мүшелігіне сайланады. Жасаң шағында жобалаған ғылыми еңбектерін жазуға кіріседі. Десек те, зор өкінішпен мойындауға туиспіз: қанаты сынған қырандай ұшарлық мүмкіндігі қырқылған, бойындағы ауыр дерпт пен өксік-күйініш те күш-жігерін мұқалтқан қайран ер, қайсар талант иесі елу бір жасында, 1966 жылы опат болған.)

Әсілі, сәті түскенде жақсылық та егіздел, тіпті сегіздел туындауы өмір заны. Рухани емірде жылымық саясат жүргізіле бастағанын шалғайдағы республика жүртшылығынан гөрі ертерек аңдаған Москва, Ленинград зиялышлары (академик-геолог Д. В. Наливкин және басқалары) бастап, оларға Алматыдан Қ. И. Сәтбаев қосылып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің сол кездегі тәралқа бастығы К. Е. Ворошиловқа шынайы отанышыл, ірі ғалым-геолог М. П. Русаковты Краснояр өлкесінде етеп жүрген жазықсыз айдаудан құтқару женинде 1954 жылдың басында хат жолдаған. Бұл өтініште дереу қаралып, Сарыарқа қыртысының асқан білгірі әскери сот алқасының 20 наурыз күнгі үкімі бойынша, сүйк өлкеде бес жыл бойы тартқан азабынан құтылып, 62 жасында бостандықта шығады.

«Бір күні кеште, үйқыға жатар кезде әлдекім есік қоңырауын безілдettі. Ашқан мен едім,— дейді Мейіз Қанышқызы (В. Могильницкий, «Это было великое чувство», «Казправда», 25 сәуір, 1992).— Күмістей аппақ қою сақалы беліне түскен, бұкшиген денесі доғадай иіліп кеткен, үсті-басы шоқпыт, иығына ескі дорба ілген,

бет-аузы шүмшиген ерекше жүдеу кісі: «Мендей кезбе шалдың  
үйлерінде қондырасындар ма?»— деп өзіме шұқия қарады. Са-  
дақа сұрап жүретін қайыршылардың бірі екен деп қалдым әуелі.  
Бірақ күтындаған кезінен жарқ өткен отты нұрдан жазбай танып,  
үйге шақырудың орнына төрге жүгіріп, «Кеке, Русаков қайтып  
келді!» деп айқай салыптын. Әке-шешем дабырладесікке жүгірді.  
Айқасқан құшақтар, көкем тіпті шешіндірместен төрге сүйреп,  
тізесінде бүктірмей: «Нағыз керек уақытта қайтқаның көрім бол-  
ды, Михаил. Балқаштықтар кені бітті деп сенің Қоңыратынды  
жапқалы жатыр. Әрине, әншейін сез. Қоңырат үшін алсыса қалай-  
сың?»— деп еді, ғажапты қараңыз, әлгінде құлауға шақ қалып  
бүкжіп түрған шал жасарып кетті десем, етірік емес, көкемді  
иыққа қағып: «Саспа, желбуаз даурықпалардың әкесін танытамыз!»— деді. Неше жылғы азаптан азып келген кексе досына  
әкемнің жанын сергітер сез бастап, бірден-ақ сүйкіті ісіне құлшын-  
тканына мен кейіннен туисіндім...»

Қалайда күллі Кенес Одағында басталған ұланғайры езгерістер қазақ даласын да қиыстап өтпей, түрліше жаңалықтарға кенелтіп жатқан-ды. Соның ең бастысы — 1954 жылдың ақпан айында Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюро құрамы түгелдей жаңартылып, бірінші хатшы бол П. К. Пономаренко, екінші хатшылыққа Л. И. Брежnevтің сайлануы еді.

Тұрасын айту қажет, республика басшыларының ауысызы қазақ қауымын сарғая күткен рухани езгеріске бастады, әрине, біржола сілкінудің кезеңі әлі өрте болатын. Сөйтсе де соңғы алты-жеті жылда ұлт зиялыштарының өңсесін көтертпей ақыл-санасын тұқырытып, тіпті қызын тағдырларын сөз етуден қорықкан тарих, тіл-әдебиет, ән-әнер қайраткерлерін туған ортасына қайтаруға жол ашылды.

Казак даласының тың жерлерін егінжайға айналдыру міндепті жүктелген қос басшы КОКП Орталық Комитетінің (әлбетте, оның әйдік хатшысы Н. С. Хрущевтің шовинистік арам піфылын да) тапсырымасын мұлтқысіз орындаумен бірге, ездері дәм айдап тап болған елдің рухани тірлігін де жандандыруды қоса ойластырғанын сүйсінерлік ігің іс деуге тиіспіз.

Бұл жөнінде әсіреле Пантелеимон Кондратьевич Пономаренконың іс-әрекеті ерекше пәрменді болған. Бірінші хатшымен сол жылдарда аз-кем қарым-қатынаста жақын жүріп іә бірге қызмет істеген қазақ қайраткерлерінің куәлігіне қарағанда, ол кісі келген күннен-ақ көрнекті ақын-жазушыларды, мәдениет қайраткерлерін, ғылым иелерінде кабинетіне жи шақырып, келелі сұхбаттар құрған. Өзі де әдеби, тарихи әдебиеттерді шүқшия оқитын білімдар жан болған сынды. (КСРО-ның Мәдениет министрі болып тұрған кезде туған елінен бас сауфалап келген М. Өуезовке ешбір кергу, тексерусіз жедеғабыл бүйрек жазғызып, МГУ-ге профессор етіп тағайындағанын еске алыңыз!) Сондай кісілік қасиетінің салдары, әлде орталықта жүріп жатқан ұлы өзгерістердің әсері ме, қалайда республиканың зиялышы мен партия активі алдында, одан соң ақын-жазушылардың II

сөзінде сөйлеген сезінде ол Қазақстанның партия үйімінің, бұрынғы жетекшілерін қатты сынға алып: «Сіздер Өуезов, Сәтбаев, Жұбанов... сынды ұлт зияллыарының аса дарынды тобын қамқорлыққа бөлеп, әрдайым көмек көрсетіп, еңбекшілерді тәрбие-леу жұмысына пайдаланудың орнына олардың соңына шам алып түсіп, өз ортасынан безуге мәжбур еткенсіздер. Осыдан соң сіздерден қандай жақсылық құтуге болады?!»— деп, дүйім жүрт іштен тынып айта алмай жүрген аңы шындықты естіртуі де ізгі сымбатының, ірі тұлғасының белгісі дер едік.

Іле-шала М. Өуезов пен А. Жұбанов елге оралды. Ғылыми атақтарын қайтарып алып, өздері қалаған ұжымда ежелгі жұмыстарына қайыра кіріскен.

«Бірде әкемді Үкімет үйіне шақыртады,— деп есіне алады Мейіз Қанышқызы 1954 жылдың саяси аяу-райы жақсарып, көңіл кірбенін сейілте бастаған жылымық кезі туралы.— Әңгімелесуге шақырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы екен... Ә дегенде қекем өзін салғырт ұсталты, сонау 51-жылдың қараша айындағы атышулы бюродан соң мәртебесі аса жоғары бүл кеңсенің есігін ашпаған, әмбे бұрын кездеспеген бейтандыс қайраткерге соңғы жылдарда басынан кешкен шерлі оқиғаларды айтуды ынғайсыз санаған. Хатшының сөзге тартып сұраған жайттарына жауап бере отырып, соңғы екі жылда Геология институты шүғылданып жатқан басты зерттеулер, әсіресе болжам картасын жасау мүмкіндігі және оның қаншалықты пайдалы ізденіс екендігі туралы толығырақ та әрі шабыттана әңгімелейді. Хатшы болса бүл әңгімеге қатты елігіп қызығушылық байқатады, тіпті қосымша сұрақтар қояды. «Қандай көмек керек, қысылмай айтыңыз, Орталық Комитет бүл істен тысқары қалмауға тиіс!.. Мұндай картаны тезірек бітіргендеріңіз өндіріс үшін пайдалы және ол Қазақстанға үлкен мәртебе болар еді»,— деп те айтып қалады. Соның артынша қекемді айтқысы келмеген екіншіті оқиғалар сұрлеуіне бұрып қайыра сұрайды. Қекем де содан соң қымсынғанды қойып, ішіндегі ексікті түгел ақтарып салады. Сірә, нақақ қудалаудың себеп-салдарын, қалайша үйымдасқанын, өзінің де не үшін жазықты болғанын жасырмай түгел айтса керек...

— Оны да түзейміз, жеке басыңызға тағылған айыптарды қайтадан қарайық,— дейді Пономаренко,— тек бізге осы айтқанда-рыңызды жазып беріңіз...

— Менен де гөрі, Пантелеимон Кондратьевич, ғылыми ортадан аласталып, түрме азабын тартып жатқан оқымыстылар тағдырын тездетіп қарасаңыздар, тіпті жақсы болар еді.

— Бұл қияннатты да түзетеміз, хатыңызда осы туралы да жазыңыз,— дейді Орталық Комитеттің хатшысы.

Қекем сол күні кеште үй-ішін түгел шақыртып алып, үкімет үйінде болған сұхбатты бастан-аяқ айтып берді. Жас болсақ та біз оның ерекше нұрланған алқызыл жүзінен көп жылдан бері кермеген қуанышты айқын сезіндік. Күллі әuletімізге ерекше нұр құйған көнілді кешті бастан кешкенбіз, сөйтіп...

Шынында да, біршама уақыттан соң Орталық Комитеттің бюросы оның жеке басының жұмысын қайта қарап, бұрынғы айыптардың бәрін негізсіз деп тауып, сегісті де алып таstadtы...»

Әсілі, «ұлтшылдық» жөніндегі қаралаудың нақақтығын басқа зияллылар да (М. Әуезов, А. Жұбанов және басқалары), әсіреле сол күнде Қазақстан басшылығында жүрген қазақ азаматтары да батыл қайталаса керек, қалайда 1954 жылдың қара күзіне қарай, ең соңы келесі жылдың басында айдалып кеткен оқымыстылардың барлығы да бұрынғы қызмет орындарына қайтып оралады. Пәле-жаламен басқа қалаларға қоныс аударғандар да Алматыға қайтады. Оны дүйім жүрт, әсіреле зиялды қауым «Бір әүпіріммен өйтіп-бұйтіп әйтеуіраман қалды!..» десіп қуаныштап, шама-шарқынша той жасап, мәре-сәре болған. 37-жылдың жойқын қырғынынан зэтте болып, үрейлері үшқан мұсәпір күйдегі елдің мына науқанда екі-үш жылғы азаппен «оңай» құтылғанына солай демей, не десін?! Шынында нағыз әділдіктің ауылы әзірше қашық болатын...

«Республиканың жаңа басшылары әділдікті қалпына келтірмекші болды. Елу бесінші жылдың жазында Сәтбаев, Павлов, Пальгов, Әуезов, Тәжібаев (Төлеген — М. С.) және мен Қазақстан КП Орталық Комитеттің шақырылдық. Бірінші хатшының кең кабинетінде бізді Пономаренко мен Брежнев қабылдады,— деп куәлік етеді академик Ш. Шөкін «Өмірдің төрт мезгілі» атты кітабының 156-бетінде.—...Пантелеимон Кондратьевич бізге Қонаевтың Министрлер Кеңесіне ауысуына байланысты академия президенті міндеттін кімге жүктеуге болатынын ақылдасқымыз келіп еді дегенді айтты... Сәтбаевтың өзінен басқа кісілер түгелдей Қанекенді атады. Ал Қаныш Имантайұлының өзі ауырып жүргенін, Геология институтындағы күрделі жұмыстан әзірше қолы босамайтындығын айттып, үзілді-кесілді бас тартты. Сұхбат соңында Пономаренко мен Брежнев дәрігерлермен кеңесетінін, содан кейін бір шешімге келетінін білдірді...» «Арада бірнеше апта өткеннен кейін академик Сәтбаевты олар Орталық Комитетке оңаша шақырып, екеуелеп ортаға алып отырып келісімін алыпты. 1955 жылдың қыркүйек айында Қаныш Имантайұлы Қазақстан Ғылым академиясының басшысы қызметтің қайтып оралды,— деп нақтылай жазыпты Шапық Шекіұлы бұл оқиғаны «ҰҒА-ның ғұмыры жолы» атты екінші кітабының 35-бетінде.— Сейтіп, бір кезде өзі іргесін қалап, шаңырағын көтерген ғылым ордасының сан-салалы жұмысына бұрынғыдан да зор жігер-қайратпен құлшына кіріспі, оның ғылыми деңгейін, мәртебесін есіру жолындағы игі ісін қайтадан бастады...»

Тоқ етерінайтқанда, ғалымның қыын-қыстау күндерде өзін де, жапа шеккен әріптестерін де рухани демеп, сан мәрте қайталаған уәжи: «Ақықат әрқашан да женеді!» дегені тағы да расқа шықты.

(Ескерттер бір жайт: «Сәтбаевтың» Москвауда жарық көрген алғашқа басылымында Қаныш Имантайұлының отбасындағы жүрекжарды әңгімесі Л. И. Брежневпен болған деп көрсетілген-ді; мұның мәнісі — ғұмырнама редакторының «Тайғақ кешуде» тара-

уын о күнде қайшысы қайраулы цензордың қырқуынан сақтау үшін қасақана езгертуінде; шынтуайтын айтқанда, автор да бұл амалға шарасыз келісіп, «бұзық амалды биік мұрат ақтайдыға...» сайған-ды) .

## Болжаулы барлау

### 1

Архив деректері геологиялық ғылымдар институтының бұл жұмысқа 1952 жылды нақты кіріскеніне күәлік етеді. Шындығында, зерттеу одан да ертерек басталған. Өйткені «Металлогениялық болжам карталарын жасау» тақырыбы институттың зерттеу жоспарына бірнеше жылдан бері енгізіліп, бірақ ерістей алмай келе жатқан-ды. Бұл жайында академик Қ. И. Сәтбаевтың өзі де «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталары» атты үлкен монографиясында арнайы ескерткен. Бір жайт даусыз анық: институт ғалымдары зерттеуді Қаныш Имантайұлы президент міндетінен босап, бірыңғай геологиялық жұмыспен қалған кезде бастаған, яғни былтырығы қарашадан сәуірдің аяғына дейін созылған сергелден аяқталып, ғалым-геолог ИГН-дағы директорлық қызметіне бірінші мамыр мерекесі өтісімен қайыра кіріскен кезде...

Геология институтында сегіз адамнан кеңесші топ құрады. Олар карта жасау женіндегі ғылыми штабтың адамдары, бейнелеп айтқанда, әріптестері өзара әзілдегендей «ақылдылар алқасы». Олардың міндеті — көлемді сынаққа қатысатын жүздеген мамандардың, түрлі геологиялық ұжымдардың жеке-дара ізденістерін бір жүйеге бағыттап, теориялық басшылық ету. Тыңға боразда тартқан сегіздің есімдерін атасақ — Қ. И. Сәтбаев, Р. А. Борукаев, И. И. Бок, Г. Ц. Медоев, Г. Н. Щерба, Д. Н. Казанли, И. П. Новохатский және Г. Б. Жилинский. Бәрі де Қазақстанда сан алуан кен көздерін ашқан, далалық барлауда тістері шыққан байыры геологтар, әмбे көрнекті ғылым иелері — көпшілігі сол кездің өзінде республикадағы ғылым ордасына академик, корреспондент-мүше. Былайша айтқанда, теориялық жұмыстар ғана емес, практикалық барлауда да кімге болсын ақыл-кеңес бергендей салиқалы ірі мамандар.

Алғашқы сынақ үшін зерттеу аймағын таңдарға келгенде академик Сәтбаев Орталық Қазақстан аумағын ұсынады. Неге? Кеңбайтақ қазақ даласында болжаулы барлауға алаң болғандай қазыналы өлкелер аз ба? Неліктен Кенді Алтай, Атырау іә Жетісу емес, кең көсліген телегей аймақ — Сарыарқа қыртысы?

Орталық Қазақстан батыста Торғай даласымен шектеседі. Терістікте Батыс Сібір ойпатымен, шығысында көгілдір Ертіс айдынымен көмкөріліп, түстікте Шу-Балқаш-Алакел құламаларына дейін кесіледі. Жер келемі сегіз жұз мың шаршы шақырым, бы-

лайша айтқанда, бүкіл Қазақстанның үштен бірі немесе үш Англия іә Кавказдағы барлық одақтар республикалар түгел сыйып кететін орасан зор аймақты алып жатқан шалқар өлке.

Геологиялық сипаты жөнінен бұл регион нағыз классикалық кең плацдарм. Қандай зор сынаққа болсын жетіп жатыр. Оның жынысы да Орал мен Кавказдың бір текті құрылымындағы емес, әлдеқайда күрделі және езгеше процестерге ұшыраған; сол себептен де Сарыарқада тау мен жазық аралас жараптан; қарапайымдан айтқанда, құрылышы қолдан құралған мозаика тәрізді түрлі-түсті, қазба байлығы да әрқылуы және айрықша мол.

Олай болса, бұл өлке — қызықты да мұдделі зерттеу алаңы. Геологтар қауымы үшін бұл құпия жайт емес-ті. Ал барлаушылық қадамын Орталық Қазақстанда бастаған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев үшін ол — жаңындағы жақын да ыстық туған елкесі, әрбір табесі, тау-тасы таныс аймақ. Ендеше, өміріндегі ең езекті, өрелі эксперимент үшін неге пайдаланбасқа?!

Сол қарсаңда, дәлірек айтқанда, алматылықтардан бір жыл бұрын Ленинградтың ВСЕГЕИ (Бүкілодақтық геология институты) ұжымы да Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасауға кіріскең-ді... Ал ол — Одақтағы ең ірі және академияның сонау императорлық атанған кезінен дәурен сүріп келе жатқан көне зерттеу ошағы. Бұл жұмысты онда ете күшті мамандар тобы қолға алған; ленинградтықтар металлогениялық болжаммен ерте күннен, әмбे жүйелі түрде шұғылданатын; сондықтан да зерттеуді кең көлемге қойып, таяу жылдары Кеңес Одағының барлық аумағын қамтыған болжам карталарын жасап шығуды өздеріне міндет еткен; мынау болса — сол, көлемді жұмыстың бір тармағы...

Сонымен, басқа ұжымдарды қоспағанның өзінде Одақтың үлкен екі институты геологияның осы заманғы ең күрделі де мәнді проблемасын шешуге кіріскең. Бір ғажабы, алғашқы кең көлемді сынаққа екеуі де Сарыарқаның ұлан-байтақ сары жонын алып отыр.

Осы жерде «Екі институт құшін өзара біріктіріп, көздеңген картаны ортақ зерттеумен жабыла жасауға болмас па?» деген сұрақ көкейге еріксіз оралады. Қисындығана емес, занды сауал. Мемлекет үшін де тиімді шаруа! Бірақ екі топтың ғылыми жетекшілері зерттеуге екі түрлі жол, екі басқа бағыт, тіпті бір-біріне қарама-қарсы теория ұстанып отырса — бірігүй жөні қалай болмақ?..

Жә, болжам карталар, болжаулы барлау деген не нәрсе? Болжамдау проблемасын геология ілімі осы уақытқа дейін не себепті шеше алмай келген? Сондай-ақ болжам карталарын жасау әдістемесін ғылыми даралаған шамшырақ теорияның болмау себебі неліктен? Немесе мына сұрақтардың жауабы қандай болмақ: ҚАШАН, ҚАЛАЙ, ҚАЙДА, НЕМЕНЕ?.. (Ескерте кету лазыым: соңғы терп сауалдардың бірге тізіп, даралап жазған біз емес, академик Сәтбаев). Бұл сауалдар оның жоғарыда аталған әйгілі монографиясында курсивпен бөлініп, әлденеше рет қайталанған? Не себепті, бұл сөздердің мәні не?..

Ең алдымен мына жайтың, бетін ашып алайық: геологтар жұмысты қалай істейді? Окүшыға, әрине, ондаған, жұздеген шақырым ессіз даланы, тау-тасты жаяу шарлап, ыстықта күйіп, сүйкә тоңып жүріп кен белгілерін іздеген хас романтик кезебелер жайындағы әңгіме-хикаялар жақсы таныс. Иә, ілгергі жылдарда олар кенді солай іздейтін, бертінде де осы рәсімнің өзгергені шамалы. Геологтың сапары кейде олжалы аяқталады: бір, иә бірнеше жерден кен көзін тауып, үйіне қуанып қайтады! Бірақ ренжіп те оралатын кезі көп; алты ай жаз тыным көрмей сапарда болды, жұздеген шақырым жер шолды; қашама жыра, шыңырау құдық-шурфтар қазды; ондағанмың сом қаржы жұмсал, кеп адаммен жабыла іздесе де ештеңе тапқан жоқ. Мұндай сәтсіздік кейде бір емес, бірнеше жылға созылады. Амал жоқ, жолыңың болмағаны...

Сол себепті, өткен ғасырдың Попов, Деров тәрізді кәсіпқой кепестері қаржыны желге шашып, бағын бекерге сынамас үшін неше түрлі айла қолданған. Соның бірі — кен белгілерін көрсеткен адамдарға «шаш етектен» көтерме сыйлық төлеу. Бұл болса аяқ астынан оңай олжа тауып, «құдай жаратқан» кекжасыл тастарды іздеуге көп жұртты құмар еткен. «Бейнетсіз» олжаға қарық болу үшін кейбір пысықтар жан баспаған қияндарға, қыран құс үя салған қияларға, құлан жортқан ту қашықтарға жол шегіп, жер шолған, суыр індерін ақтарып, су шайған жыраларды, өзендер табанын сүзген. Кейбірінің аузы салымды болып, қоржының түрлі түсті кен тастарына толтырып қайтады.

Дала кезбелері көрсеткен қияндарға енді барлаушы мамандар аттанады. Табылған кен мәнді болса, айлап жатып іздеу жүргізеді. Екіbastұз бен Қарағандының көмірі, Сарыарқаның көптеген түсті металл кен орындары геологтарға осылайша, іздемпаз да бейнетқор дала шолғыншыларының нұсқаумен, азы терімен мәлім болған.

Кен барлаудың ежелгі тәсілі заман жаңарып, уақыт XX ғасырдың екінші жартысына ауса да өзгере қойған жоқ-ты. Рас, барлау техникасы керемет өзгерістерге ұшырады. Бұрғылау станоктарының өнімділігі ондаған, жұздеген есе артып, геологтар бұрын арман ете алмаған құрдым терендерге бойлайтын болды. Қол станоктары, қайла, мосы соқпалар келмеске кетті. Геофизикалық барлау дүниеге келді: жердің терендегі қабатына жіберілген электр толқындары жұздеген метр төменде жасырынып жатқан кендер туралы шартты хабар беретін болды. Кейбір кен орындарын мамандар ұшақпен иә тікұшақпен айнала ұшып жүріп, арнаулы аспаптар кемегімен ашты (қайсыбы руда белдемдерін осы күні ғарыштан де болжауға болады).

Мұның бәрі де бірақ барлау тәсілі емес, соны орындаитын техниканың, геологиялық іздеу жарагының өзгергендігінің, ескен-дігінің айғағы. Ой жүгіртіп қарасаңыз: кен атаулы бұрын да, қазір

де жер бетіне білінген танымал белгілері бойынша табылған... Ал жиырмасыншы ғасырда жер үстінде адам аяғы баспаған түкпірлер некен-саяқ қалған-ды. Бірлі-жарым минерал белгісіне, жылт еткен болмашы көзге қарап кен табу мүмкіндігі мұлдем азайып, тіпті біржола сарқылған. Сол себепті, осы заман геологтары «Жабық кендер» немесе «Соқыр жылғалар» деген жаңа терминдерді ойладап тапқан. Оның мәнісі — іздеген кеніншің өте тереңде бұғынып жататындығы. Оларды бұрынғыдай шолғыншы саяхатпен он қайтара жүріп етсөн де таба алмайсын, арнаулы партия жасақтап, барлаудың сан қылы әдістерін аралас қолданып, әлденеше жыл жан-жақты іздеу қажет!

Ал сонда геология партиясын ҚАЙДА, НЕМЕНЕ іздеуге аттандыру керек? Мойындарасқа шара жоқ, барлауға жүріп бара жатқан геолог бұл сауалдардың жауабын білмейді, тәжірибесі мен бағына сеніп ізденіске аттанады.

— Қашанға дейін бұған төземіз? — деп ашына сөйлеген-ді академик Сәтбаев геологтардың Бүкілодактық кезекті бір кеңесінде.— Геология ілімі орасан зор жетістіктерге жетті. Бір ғана Кеңес Одағында сексен қаралы ғылыми-зерттеу мекемелері жұмыс істейді, білімпаз мамандарымыз да он мындаған! Осынша күш, қыруар мүмкіндіктеге ие бола отырып, мұны айтпасақ — тағы да үят, қашанға дейін кен барлауға көз жұмып, бақ сынау үшін шығамыз? Әлі де қанша уақыт «Соқыр барлаумен» шұғылданамыз? Издеудің сәтін көбінесе барлаушының болжаушыл сезігі шешеді, ал ғылымның көмегін, нақты болжамын қай жылда, қай күні өзімізге сенімді серік етпекпіз? Осы жайтқа ойланатын уақыт жеткен сияқты, әсіресе геолог барлаушыларды болжам картала-рымен қаруландыратын мезгіл?!!.

Бұл сөздер үлкен кеңесте жүрттЫ таң қалдыру үшін айтылған әсіре қызыл лебіз емес-ті. Ондай қылыш Қаныш Имантайұлының табиғатына жат. Ал ғылыми болжаулы барлау хақында сөз бастап, соның «шытырман жыңғылына» енуге ойланып жүргендеге геология әлемінде Сәтбаевқа дейін де болған, талай білгір ғұламалар арман еткен іс...

Металлогениялық болжау карталарын жасау қажеттігін кеңестік геологияда ең алғаш рет академик В. А. Обручев көтерген-ді. 1932 жылы ол былай деп жазған-ды: «Қандайда бір аймақтың жер қыртысын және геологиялық құрылышын жете зерттеу, оның даму тарихы мен қазіргі ахуалын дәл білу — сол төңіректен тағы қандай пайдалы қазбалар іздеуге болатынын күн ілгері жорамалдауға жолнұсқа...» Алайда «орыс геологиясының ақылгейі» атанған ғұлама, бұл үшін металлогениялық топтау (обобщение) әдісін пайдалануды ұсынумен ғана тынған. Сірә, одан әрі тереңдеуге сол күндегі ілім деңгейі мүмкіндік бермеген...

Бертінде геологиялық болжау идеясын дамытумен көрнекті кеңес ғалымдары А. Д. Архангельский, Д. И. Щербаков, В. И. Смирнов, Ю. А. Билибин және басқалар да түбегейлі шұғылданады. Әрине, әрбірінің өзінше ашқан жаңалығы бар, геология ілімін олар жаңа теорияларымен байытты. Бірақ нақтылы барлауға жа-

рамды картаның болмауы, жарамды болжаудың жасалмауы бүл ізденистерді өміршеш ете алмады.

Қысқасы, кен орындарының жасырынған «тұрақ-мекенін» анықтауға талап әр кезде болған. Фалым-геологтар бұл проблеманы ешқашанда ойынан шығарған емес. Қайта жыл асқан сайын онымен әуестенушілер қатары көбейе түскен. Әрі небір таңдаулы мамандар айналысқан.

Ленинград металлогенистірі өз карталарына негіз етіп, Чукоткадағы алтын аймағын ашқан атақты геолог, ВСЕГЕИ-де 1934 жылдан беріде еңбек еткен, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ю. А. Билибиннің (1901—1952) геосинклинальдың (жер қыртысының терен өйпаңында түзілетін күрделі қатпарлы белдеулері) сатылап даму теориясын қолданған. Қаралайымдал түсіндірсек, оның тоқ етері мынау: кен қабаттары жер қыртысын түзген басты элементтер — платформа мен геосинклинальдың зоналарда шоғырланады; платформалар — кенге кедейлеу де, геосинклиналь зоналары — байырақ; демек, МЕТАЛЛ ШОҒЫРЛАНҒАН ҚАБАТТАРДЫ ТЕК ҚАНА ГЕОСИНКЛИНАЛЬДАН ІЗДЕУ КЕРЕК!..

Әңгіменің түйіні сөйтіп геосинклинальға тірелді. Былай қаранды, күрделі ештеңе де жоқ: геосинклиналь зонасын іздел тауып, соның үмітті нүктелеріне бұрғы сал!.. Бірақ?..

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, москвалық ғалым Н. А. Фогельманнның Қ. И. Сәтбаевқа арнаған «Академик» очеркіндегі\* (екінші авторы журналист А. Гангнус) былай дейді:

«...Біздің заманымыздан алты жүз миллион жыл бұрынғы дәүір. Палеозойдың бастапқы кезеңі. Орталық Қазақстанның осы күнгі орнында таяз теңіз. Тек оның кейбір жерінде терістік-батысқа қарай жантайған доға тәріздес аралдар қылтияды... Құрлықтардың шет-шеті кей уақ түтінденіп, қоқыс, газ бен лава құсып қояды, олар сөйтіп өлгі аралдар сілемін молайта бастаған. Ал аралдар мен құрлық арасы қайсы бір тұста жіңішкере түскен, теңіз де мұлдем таязданып, әр түрлі шегінділер мен жанартаулық жыныстарға толуда. Яғни геосинклиналь дегеніміздің өзі де осы. Теңізді біржола ығыстырып, үстіңгі қабаты құрғак жермен қосылған геосинклиналь қатпарлары кенет онан әрі кеңейіп, бойындағы жыныстарды сыға бастайды; былайша айтқанда, жаңа қатпарлар түзеді; алғашқы аралдар тік шанышла көтеріліп, шегінділер кен аңғарларға айналады; мұның ақыры осы осы күнгі таулы аймақтардың жаралуымен аяқталды... Орталық Қазақстанда ерекше биік таулар бүгінде кездеспейді, анығында олар жер қабатынан тарай рет есіп шықкан, бірақ миллион жылғы эрозия тау шоқыларын әрдайым құмға айналдырып мұжіп отырған. Оның есесінә жеті қат төменде металға бай қабаттар көбейе түскен.

Геосинклиналь теориясы — осы заманғы ғылымның ұлы жеңісі, оны дүниеге келтірген адамдар да аса көрнекті ғалымдар. Амал қанша, кейде былай да болады, геосинклинальдық процестің

\* «Знание — сила» журналы, 1973, № 2.

рөліне зор мән беріп, тамаша теорияны әрі қарай дамытуда кейбір геологтарымыз киял жетегіне еріп кетті: металдардың бұрыннан мәлім және кейіннен табылған көптеген кен орындарының түзілуін геосинклинальдың даму сатыларына ғана байланыстыратын болдық. Ал нақты барлау нәтижелерінің бұл теорияға қарама-қарсы дерек беріп отырғанында шаруаымыз болған жоқ. ИЗДЕГЕН МЕТАЛ КЕНОРНЫ БОЛЖАМ КАРТАСЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН ЖЕРДЕН ТАБЫЛМАДЫ. Керісінше, ФАЛЫМДАР БОЛЖАМАҒАН НҮКТЕЛЕРДЕН, «Соқыр барлау» кезінде КЕЗДЕЙСОҚ ҰШЫРАСАТЫН БОЛДЫ (даралап жазған біз — М. С.). Мұны қалай түсіну керек?..»

Бұл жұмбаққа академик Сәтбаев басшылық еткен Қазақстан металлогенистері қалай қараған?

«Орталық Қазақстан үшін металлогениялық болжам карталарын жасау идеясы КазИГН қабырғасында 1942 жылы туды,— деп жазады Қаныш Имантайұлы өзінің монографиясында.— Бұл кезде біз осы аймақтың геологиялық-структуралық картасын жасаумен шұғылданып жүргенбіз. Оны біз әуел бастан-ақ металлогениялық және болжам карталарының геологиялық негізі болады деп ойлаған едік...»

Демек, болжам карталарын жасау идеясы ҚазИГН-де кездесіп себептен және кенеттеп пайда болмаған. Он жылдан соң басталған жұмыс сол идеяның әбден пісіп-толысқан, шегіне жеткен шағы. Әлбетте, Алматығалымдары әйгілі геосинклиналь теориясы туралы, Билибин шәкірттері жүргізіп жатқан келелі зерттеулері хақында толық хабардар болатын. Жетекші штабтағы ғалымдар Ленинград қана емес, сол күндерде жолды болып жүрген әр түрлі теориялар, методикалық ұсыныстар мен қағидаларды да ой елегінен әлденеше қайтара өткізген. «Қайсыбір зерттеушілер (А. Н. Заварицкий және басқалары) болжамдау негізіне сол өлкенің геологиялық және пайдалы қазбалар картасын қолдануды ұсынса, екіншілері (А. Д. Архангельский және оның шәкірттері) бұл мақсат үшін палеографиялық тұжырымдар мен карталарды пайдалану дұрыс деп есептеген, үшінші зерттеушілер (Д. И. Щербаков тобы) кен орындары көрсетілген геологиялық картаны генетикалық типтер бойынша жіктең, төртіншілері (Ю. А. Билибин мектебі) қуатты геосинклинальдың зоналардың тарихи-геологиялық даму кезіндегі өзгерістерін талдау арқылы, ал бесіншілері (Н. С. Шатскийді жақтаушылар) болжамдау қазығына «формациялық тәсілді», бірақ соны пайдалану жолдарын нақтылық көрсетпей, тек творчестволықпен қолдануды ұсынған еді...» деп тұжырымдаған академик Қ. И. Сәтбаев өз тобы жүйелеп зерттеген теорияларға нақты әрі толық анықтама беріп.

Иә, әдістеме қағидалар аз емес-ті. Әрқайсысы өзінше мықты, болжамдауға қажет қандайда бір элементке ие. Бірақ солардың бірде-бірінің, түтпеп келгенде, сынаққа түскен аймақтың табиғи мүмкіндігін толық қамти алмауы неліктен? Бұрынғы зерттеу осыны дәлелдеді. Барлау кезінде оларды өзің күн ілгері долбарлаған схемаға, қалыпқа салып, еріксіз «иліктіре» бастайсын, ал бұған иен жаратылыс, сайын табиғат көне ме?.. Қазақстан металлоге-

нистері бұл қайшылықты бірден түсінген. «Олай болса жаратылыстың шынайы келбетін барынша толық та қисынды бейнелеген, Орталық Қазақстанның геологиясы мен металлогениясы жайында жинақталған бұрын-соңды білімді сарқа пайдаланудан туған нақтылы болжам карталарын жасауға тырысу керек» деп түйеді өз ойын Қазақстан металлогенистерінің бас теоретигі.

Сәтбаев тобының «Билибиннің универсальдық теориясы» деп жарияланған үлгісін өздері жасап жатқан картаға қолданбауының тағы бір себебі бар-ды... Қаныш Имантайұлы — Сібір геологтары мектебінің дәстүрін теориялық зерттеулермен байытқан академик М. А. Усовтың шәкірті. Ал Михаил Антонович отызыншы жылдардың басында-ақ: «Геосинклинальмен аса әуестенуге болмайды, кен түзілу жұмбағы мұнан да құрделірек процестердің тасасында жасырынып жатыр», — деп сақтандырған-ды. Академик Қ. И. Сәтбаев та солай топшылаған: «Билибин схемасы барлық аймақта қолдануға жарамайды, барлау кезінде теория нұсқаған орындардан іздеген кенниң табылмауы — бұған кепіл; демек, оның универсальдығы жаңсақ түсінік, барша региондар үшін тиімді емес...»

Сонда не істеу керек?

«Планета өзінің даму тарихында көптеген физикалық әсерлерге ұшырады деп ойлады ол, мәселен, неше алуан толқындар, тербелістер мен иірімдер Жерді дамылсыз соққылады, — деп түсіндіреді Сәтбаев ілімін жоғарыда аталған очеркінде Н. А. Фогельман.— Солардың ең күштілері баяу жүріп жатқан геосинклинальдық процестерге әсер еткен... Мұның ақыры жер қыртысының ішінара кеңеюіне әкелді. Онан соң жер қабатында қысу, сыйғу процестері жүрді. Осының бәрі біздің планетаның орасан зор жылжымалы белдеулерінде мындаған сыват, жарықшақ, терең оппалар түзіп, ақырында сол жыныс қатпарларының алғашқы қалпынан біршама езгеріп орналасуына жағдай жасады деп шамалауға болады. Терендейтін ұшуға бейім, жеңіл, сұйық, балқыма және өте ыстық заттардың жоғарыға көтерілуіне жол ашылды. Бұл «жолды», тегінде, әлдеқандай бір химия зауытының реактор-колонналарымен салыстыруға болар еді: жоғарыға жылжыған «сапарында» жаңағы сұйық масса салмақ күші мен температура өзгерістерінің өсерінен жеке-жеке қабаттарға, элементтерге бөлінді; яғни қазба байлықтардың жаңа қабаттарын түзеді; ал сол жолда ескі кен орындары кездессе, оларды бұрынғыдан да құнارландырып байыта түсті; әрине, бүкіл балқыма мен су, сұйық ерітінді, бейнелеп айтқанда, «гранит кәшісі» жер қыртысына емінеркін сіңө берген... Құрлықтарда ғана болатын гранит қабаттары осылай жарапған. Металл шоғырланған кендер құрлықтарда немесе солардың геосинклинальдық жиектерінде иә теңіз жағалауларында ғана ұшырасу себептері де осы. Мұхит табанындағы қабаттардан осы заманғы геологиялық барлауда қазба байлықтар таппаған және іздемеуіне дәлел де сол... Кеңею кезеңінен кейін жер қыртысы тағы да сыйғуға түсті. Тау жыныстарының қат-

парлары бүрғынғыдан бетер дестеленіп, кен қабаттары дамылсыз өзгере келе осы құнгі формасын түзеді деуге болады».

Сейтіп, академик Сәтбаев та кен қабаттарын геосинклинальдық зоналардан іздеуге қарсы емес. Бұл ретте ол Билибин теориясымен толық келіседі. Бірақ жылжымалы зоналардың бертінгі даму тарихында өте күшті физикалық өзгерістерге үшырағанын ұмытпау қажет дейді ол. Кенді бір ғана химиялық ортаға түзген жоқ. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «Химиялық ортаның кен түзілуіне әсері болған рас, бірақ ол негізгі себеп емес. Кеннің шоғырлануына әсер етуші басты фактор — ол орналасқан жыныстардың физикалық және химиялық қасиеті...» Геосинклиналь белгілері бойынша іздегенде бір жерден болжанған кеннің табылып, екінші жерден табылмау сырты да осында. Академик Усов сақтандырған күрделі процестер құпиясы да осы... **Демек, металлогения ілімі бұрынғы зерттеулерде кен және оны қоршаған жыныстардың өзара байланысы жөнінде жаңсақ бағыт ұстанған.**

Сәтбаевтың ойынша, металлогениялық зерттеулерде кен орындарының жер қыртысындағы орналасу мекенін геологиялық дәүірге қарап, жыныстың құрылышы және заттық құрамы бойынша жинақталған нақты материалдарды талдау арқылы анықтау шарт... Геологтар тіліне аударсақ, бұл —«Кен орындарын металлогениялық жөнмен талдап және болжамдаудың формациялық кешенді тәсілі». Сейтіп, әрбір кен шоғыры, Сәтбаев ілімімен түсіндірсек, кенеттен, әмбебездейсоқ емес, «үзілісті әрі үзліссіз» процесте, яғни сатылап дамыған түрлі мезгілде түзілген...

(Шынын айтқанда, металл көздерінің пайдасы болуы және оның жер қыртысында орналасу заңдылықтарын зерттейтін ілім — металлогениялық теорияның жаңа да түбебейлі тарауы ғана емес, Қаныш Имантайұлына дейін ешкім баспаған, ашпаған тың бағыты еді бұл. Геология білімпаздары сол үшінде академик **Қ. И. Сәтбаевты металлогения ілімінің негізін қалаушы, геологтардың қазақстандық мектебінің кешбастаушы ұстазы атандырмады; ал бұл теория туған Қазақстан металлогения ілімінің жаңа Отаны делінбек.**

«Бұл салада Қ. И. Сәтбаевтың өзіне өнеге етер үлгісі де, бетке ұстар ұстазы да болған жоқ. Өзіне дейінгілердің жасап кеткен жөнdem ісін алдына жайып қойып, оны әрі қарай жетілдірді, тыңнан ой қосып биікке көтерді дерлік жағдай емес-ти. Қысқасы, осы зерттеуде ол шын мәнінде пионер болды һәм өзіне жолды тыңнан салды...»— деген баға беріліпті болжамдау картасы жөніндегі ғылыми монографиясының ғалым дүниеден өткеннен кейін қайыра жарияланған басылымының редакциялық кіріспесінде...)

Жұмысты бастаған кезде-ақ академик Сәтбаев болжам карталарын жасау жөніндегі езінің басшылықта ұстар әдістеме қағидаларын жария еткен. Ғалымның пікірінше, олардың қысқаша сипаттамасы мынандай: 1) мәселені кешенді зерттеу; 2) нақтылы мағериялдарды толық жинау; 3) оларды түбебейлі зерттеп, жүйелеу және өзара күрделі байланысын талдау; 4) жұмысты бір ұжым

болып бірге атқару; 5) оның нәтижесін жұмыс үстінде және аяқталған кезде қайыра талқылау; 6) ғылыми зерттеулерге негізделіп жүргізілген геологиялық барлауды қадағалап және талдап отыру; 7) ғылымның жаңалықтарын, нақтылы барлауда сыйнау нәтижелерін, болжамдау тәсілдерін одан әрі жетілдіруге пайдалану.

Бұл нұсқаулар қалайша жүзеге асқан?

Бір жайт анық. Анығында мұны Қ. И. Сәтбаев сыйнды майталман барлаушы әрі іскер басшының үйімдастырушылық шеберлігі десек те рауа. Шынында да, таң қаларлық іс: директивалық орындардың міндеттеуімен екі мыңдан астам маман-ғалымдар, геологтар, техник, лаборанттардың екі-үш жыл тапжылмай отырып, бір кісідей жұмыла жұмыс істеуі; олар және бір жерде де емес, республиканың түрлі трест, барлау басқармалары, экспедициялары, әрқылы геологиялық мекемелердө еңбек ететін-ди; тұрақтары да Алматы ғана емес, Сарыарқаның ірілі-ұсақты қала, елді мекенінде. Ал сөйті тұрып оларға өздеріне дейін ешкім, тіпті геология ілімі жасап көрмеген, білмеген күрделі жұмысты тыңнан атқаруға тұра келген. Шынтуайтын айтқанда, ИГН-дағы аттөбеліндегі ғалымдар тобы мен сектор қызметкерлерінен өзгесі жүктеліп отырған зерттеу жайында жарытып ештеңе білмейді. Сондықтан да Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасау жөніндегі ведомствоаралық редакциялық Бас кенес жұмысты әдістеме нұсқау, әр қылыш анықтама, түсініктемелер жазудан бастаған. Ал бас қосып талқылауды қажет еткен кейбір мәселелер жер-жерден қажет мамандарды шақырумен, институттың өзінде, кенейтілген ғылыми кенесте шешіліп отырған.

Сүйікті жұмысымен Қаныш Имантайұлы талайдан бері нақосылай құлышына шұғылданбаған еді, аңсап келді де өзі ғана емес, әріптерін де соған еліктіріп, жұрттың бәрін асықтыра үрдіс қимылдады. Оның сол күндегі қауырт әрекетіне кеп жылдан бері билетін достары да таң болған: қаншама күш-қуат жұмсады, іскерлік қабілет танытты, қаншама жігер мен қайрат көрсетті! Институт мамандары редакциялық Бас кенестен құшақ-құшақ тапсырмалар алып жер-жерге аттанаңып жатыр; қалтаған деректер, карталар, барлау материалдарын арқалап экспедициялардан келіп жүргендер де аз емес.

**Барлау технигі Ф. ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:** «... 1953 жылдың жазында Қаныш Имантайұлы Жезқазғанға келді. Дала-лық ұзақ саяхатқа шықпақ екен, сол үшін қорабы брезентпен қапталған жүк машинасы дайындалды. Кімді ертер екен деп күпті бол жүргенімде, экспедицияның бастығы В. И. Штифановтың кабинетіне шақырылдым. «Менімен бірге алыс сапарға журуге қалайсын, Федюша. Тек ескертемін, екі айдай уақыт есіз далада боламыз. Алғашқы сапар терістікке, Атбасардан арғы жерлерге, екінші бағыт — оңтүстікке, Қарақұмның ішіне. Екеуі де даңғыл жолы жоқ қын жерлер. Жауабынды қазір айт!..»— деп Қаныш

Имантайұлы маған қарады. Мен бірден лып етіп: «Сізбен бірге жердің түбіне баруға әзірмін, қанша уақытқа болса да!..»— деп едім, ғалым құлді де, «Дайындықты онда езің қадағала, бір күнен соң жүреміз» деді.

Бұл сапарға жасаң жүргізуші Володя Панин тағайындалған екен. Соған жәрдемдесіп, ұзак та ауыр жолға керек болар-ау деген жабдықтың бәрін де, тіпті милап қалсак доңғалақтың астына төсейтін тақтайдың дейін, азық-тұлік, жағармай... түгел қамдап алғып, бастық белгілеген күні сапарға аттандық...

Саяхаттың мақсаты — ертеректе кен қазылған жерлерді, іә барлау жүріп аяқтамай тастан кеткен мұдделі орындарды тексеру екен. Әсіресе солардан не қазылғанын білу... Қаныш Имантайұлының планшетінде бармақ жеріміздің жалпылама картасы бар, кабинада отырып, ғалым сол бойынша жолды өзі айтып отырады. Кейде сол міндettі маған жүктеп орнын береді де, өзі үстіге шығады.

Алғашқы күні Ұлытау ауданының орталығына қондық. Әрине, ғалымның көптен бері кермеген ежелгі таныстары дереу жиналып, қонақасы әзірлеп әбігер болып қалды... Ұш-тәрт күнге дейін өңкей елді мекендермен жүріп, барлығында да сыбағалы дәм ішіп, қысқасы, жолбөгөу көп болды. Ақырында аудан орталығынан сексен шақырымдай терістікке ұзаған соң, жолын шөп басқан бір сүрлеуге түсіп... ұзак жүрдік те, әлдебір тау қойнауындағы ескі қазындыға жеттік. Мезгіл кешкі уақыт еді. Жолбасшымыз: «Келдік ақыры. Палатканы тігіңдер, бұл жерді ұзак қараймыз» деді. «Палатканы әлгінде кесіп еткен өзеннің жағасына тігейік, құс атып, балық аулауға қолайлы. Ал мына жерге машинамен келіп тұрамыз» деп едім, Қаныш Имантайұлы: «Жок, Федюша. Той тарқады, қонақ болып төрде отыру да енді бітті. Таңнан жұмысқа кірісеміз»,— деп, сапардағы негізгі міндettімнің не екенін есіме салып қойды. Амал қанша, солай істедік... Володя ас әзірлейді, біз, Қаныш Имантайұлы екеуміз таңнан тұрып тау-тас кеземіз, ескі қазындының түбін ақтарамыз, мен және съемка жасаймын. Осылайша, бірнеше күн тынбай жұмыс істедік...

Бір күні шаршап келіп көбірек ұйықтап қалсақ керек, кенет жақын жерден тарс еткен мылтық даусынан шошып ояндық. Сейтсек, ерте тұрып кеткен жүргізушіміз екен, ұшып бара жатқан үйрек шоғырынан бір-екеуін алып қалыпты. Қаныш Имантайұлы бұған балаша қуанды, бізді тезек теруге жұмсал, өзі үйректердің жүнін сипыра бастады. Соларды әскездеп пісіріп алдымызға қойған кезде ғалым: «Мыналарың, жігіттер, көптен ішпеген таңсық ас болды! Сірә, қосымша бір нәрсе жетпейтін тәрізді...»— деп жыымиды. Өз бетімізбен ұсынуға ұялып отыргамыз, Володя Панин атып тұрып, жасырын қоймамыздан жартылых арақ әкеп қойды...

Ұмытпасам, сол күні кешке таман жүрт ауыстырып, жиырма шақырымдай терістікке тағы бойлап, екінші бір ескі қазындыны тексеруге кірістік... Осылайша оншақты кен орындарын айдан аса уақыт сипыра шолып шығып, ақырында Ақан тауларын бойлай

жүріп, Атбасарға жетіп, онда екі күндей тынықтық та, Есілді бойлап және қанша жерді қарап етіп, Жезқазғанға екінші жағынан қайтып оралдық.

Келесі күні кеңсеге келіп Володя екеуміз аулада жатқан берененің үстінде әңгімелесіп отыр едік, Қаныш Имантайұлы экспедицияның бастығымен бірге келе жатып бізге бұрылды. Амандақсан соң қасымызға жайғасып: «Ал, қалай, жігіттер, ауыр жолдан шаршаған жоқсындар ма?» деп сұрасын, біз шаршасақ та: «Жоқ, сізден екі-үш есе жас бола тұрып олай деуге қақымыз жоқ!»— деп едік, Қаныш Имантайұлы мәз болып: «Міне, естідің бе, Василий Иванович, сен маған Қарақұмның атжал құмынан өте алмайсыз, ол жаққа бару қауіпті деп қорқытасың. Мұндай пысық та алғыр жастармен мен қияндағы Айдың айғызы бетіне саяхатқа шығуға әзірмін. Қысқасы, үш күннен соң аттанамыз. Тақтайды көбірек тиендер, жолдың дені құм дала...»— деді.

Айтқан күні аттандық. Бұл жолы түстік жаққа. Шықкан күні Сарықенгір өзенін кесіп өтіп, далаға қондық. Бірақ ертеңгіліктегі бір колхозшы жігіт ғалымды танып, бастығына хабар беріпти, амалсыз ауылына бардық... Тегінде, қайда болсын оны құшақ жайып қарсы алады, бір қойды қазанға салса, біреуін тұздап, тұтінге шалып жолға салып береді. Халықтың оған деген ықыласы ғажап, әсіресе соңғы жылдары басынан кешкен қияннан білген соң, сірә, көнілін кетеру үшін әдейі асыра қошамет білдіретін сияқты. Және сонда жанын жарагалап ештеңе сұрамайды. Ал маған қаһар Штифанов ә дегендеге-ақ «Ол мәселе жайында сұраушы болма!» деп қатты ескерткен. Сөйтсে де бір күні сезді әріден қозғап: «Қаныш Имантаевич, сіз өзі далаға геологиялық саяхат жасауды тіпті сағынып қалыпсыз ғой, мінө, неше күн болды, ұзақты құн дамыл қөрмей жаяу жүріп жершоласыз. Тіпті шаршамайсыз, ал мен сізден үялғаннан ғана әрен ілесіп жүрмін»,— дедім. «Оның рас, Федюша. Бұл менің сүйгеніме ғашық болғандай жас күнімнен мансұқ ісім ғой. Алматыда жұмыс істеу өте қыын, әсіресе академияның сан-салалы білімдарларына басшылық жасау. Әрқайсының өз бабы бар, әрбірі өзінше мәнді іспен шүғылданамын деп ойлады... Ал мұнда? Ештеңе ойламайсың, табан астынан басқа көрерің жоқ. Есіл-дертің сонда ғана, көніліңе түйгөн бір жоқты іздейсің де жүре бересің, жүре бересің. Ал шаршамаудың сирь — бұл іске жан-тәніңмен берілуде. Әлдебір кен көзін кесуге аңсарың ауып сабылып келе жатасың да, кеш батқанын бірақ білесің... Алматыдан шыққанда дәрігерім маған күн өтінде көп жүрмеңіз, режімді бұзбақыз, гипертонияның қауіпті деген-ді. Өзің, айтшы, он екі сағат тапжылмай күн астында жүргенде бір күн ауырдым ба, қан қысымым көтеріліп басым зенді ме? Жоқ, қайта сауығып кеттім. Дала кезу, кен жұлгесін қарau, Федюша — менің дертімнің шипасы!..»— деп, аға серікtesім ағынан жарылды.

Қарақұмның шебіне ілінер тұста бір барлау экспедициясына кезіктік. Өңкей жастар екен, кешке сауық кешін үйімдастырыды. Қаныш Имантайұлы Сарыарқаның жер қыртысының даму тарихы туралы дәріс айтып берді, сонсоң жастарға қосылып жерошақты

жағалай отырып ән шырқады. Ертеңінде солардың ұшағын алып, екі тәуілік бойы аспаннан жер шолды. Ұшқышы бір қартан қазақ екен, ғалым дән риза болып, молдап сыйлық берді. Айтуынша, көп жерді төмөн ұшып мүқият керсетіпті. «Көрі көкжал! Өз көсібін мықты игерген!...» деп мақтады әмбе оны...

Сапарымыздың аяқ шенінде, бұл енді дауыл үйірген құм ат-жалдарын жаяу аралап, көбіне машинамызды өзіміз тесеген тақтаймен сүйреп, ондай кезде Қаныш Имантайұлы да қолғабыс ететін-ді, ақыры соның бір қойнауында шурф қазып бірер күн бейнет тартқан шақ еді, ұстазымыз дауыстап бізді қасына шашқыртып: «Жігіттер, еңбегіміз жанды, мынаны қараңдар!— деп бір қызығылтам тасты көрсетті.— Бұл — өте қымбат нәрсе, әмбе си-рек ұшырайтын уран рудасы! Қазан көтеріндер, бүгін демалайық!...»

Бұл жерде біз қоржынымыз әлгі тасқа толғанша жаттық!...»

(Марқұм Ф. Пастуховтың 1953 жылғы саяхат туралы қарамы 40 бет шамалы естелігін әр жерінен шола аударғанымызды ескертеміз — M. C.)

Институт директорының тыңғылықты үйымдастыру шараларына, әріптестерін асықтырған талабына орындаушы мамандардың ынтымақты жұмысы қосылған соң қоя ма, алғашқы жылдың өзінде-ақ қажет деген деректердің барлығы да сұрыпталып, редакциялық кеңестің алдына түсті: әр кездегі геофизикалық іздеу нәтижелері, металлогениялық және шлихтар бойынша жүрген зерттеу материалдары, осы аймақта бұрын-соңды түсірілген ірі масштабты геологиялық карталар, барлау есептері мен оларға жазылған түсініктемелер, түрлі съемкалар, региондардағы жерасты суларының табиғаты мен қозғалысы туралы деректер, гидрохимиялық талдаудың мәлімдемелері, ең аяғы осы уақытқа дейін аумақта ашылған үлкенді-кішілі кен орындары туралы мағлұматтар... Соларды жинау үшін геологиялық фондылар ғана емес, әр түрлі архивтерді қазуға тұра келген, тіпті ішкі істер министрлігінде сақтаулы тұрған бұрынғы полиция ведомствоның сарғайған ескі қағаздарынан алты жұзден астам кен көздері туралы мәлімдемелер де ірікте алынды. Зерттеушілер алдында сөйтіп жер-жерден жиналған **жалпы қарамы бес мынданай деректер** жатыр. Олардың әрбірін ғылыми талдап, әрқайсысына паспорт жазып, арнайы кадастр жасау керек...

1953 жылдың басында-ақ металлогенистер тобы бұл міндетті ойдағыдай орындал шықты. Енді болжам карталардың жоба макетін сзызуға болады.

Өз теориясының алғашқы қағидаларын жария еткен кезде-ақ, Қаныш Имантайұлы қателесіп, іә дұрыс істеп отырғанын білмесе де, батыл байламға келіп, Орталық Қазақстан аумағынан бірнеше жаңа кенорның болжаған. Таңданарлық жайт: олар түгелдей ешкім ойламаған, тіпті кен болуға тиіс деп күтпеген аудандар еді әрі геосинклиналь зоналар ғана емес, тау жыныстарының езара қатпарланған жүлгелерінен; Ленинград геологтары ештеңе жок

деген геотектоникалық сыйзат-жарықшалар бойынан таңдалғанды... Ғылыми бәсекеге түсіп, тәуекелге бел бұған соң несіне аянсын, өз теориясы нұсқаған болжамға сенді де, картаның алғашқы макетіне түсіртті!.. Шексіз батылдық, әлде өз болжамына сену? Жоқ, бәрінен де бұрын бұл — ғылыми концепциясының дұрыс-бұрыстығын тексеру. Кімнің болжалы дұрыс?.. Бұған кесікті, тегінде, ғылым емес, геологтардың барлауы айтады!

Ту баста келіскендей болжам картасының негізіне докембрийден осы заманға дейінгі даму тарихы нақты көрсетілген Орталық Қазақстанның геологиялық структуралық картасы алынған-ды. Бұл карта құрлық боп қалыптасу тарихында аймақтың алты түрлі кезеңнен өткенін шамалаған. «Регионның сатылап ескені рас болса,— деп топшылаған-ды Қаныш Имантайұлы,— картаны жасауышылар (Н. Г. Кассин, Г. Ц. Медоев) анықтаған геотехникалық алты кезеңді өздері мансұқ өткен ғылыми жаңа концепцияға сәйкес жеке-жеке талдау керек....» Оның ойынша, әрбір кезең аяқталар қарсанды Сарыарқа қыртысы құрделі езгерістерге ұшырап отырған. Демек, алты кезеңнің әрқайсысы, не кейбірі кен шоғырланған ірі кешендерге ие болуы ықтимал... Сол себепті «Жұмыстың бұл кезеңінде талдау жан-жақты жүргуге тиіс, енді асығуға болмайды (ту баста, материал жинар кезде жүрттың бәрін еркіне қоймай асықтырғанын еске алыңыз!— M. C.),— деп ескертеді ғалым.— Өйткені әр кезеңнің табиғатын танытқандай басты белгілерін дәл анықтау шарт, оларды қатпарлық құрылышы бойынша, магмалық жөнінен де, шегінді-жанартаулық жаратылышына қарай жікте, мүқият зертейміз, ал бұл, тоқ етерін айтқанда, бірнеше жұз кісінің әлдененеше ай тапжылмай отырып, жүзделген қосымша карталар сыйзуын талап өткен... Бірақ бас теоретик сол күндерде көмекшілерін тағы да таң қалдырған табандылық көрсетіп, орындаушы топтың ете тыңғылықты істеуін қадағалайды.

Жұмыстың екінші жылында-ақ болжам карталарының алғашқы макеті әзір болған-ды. Алайда, бұл картаның нағыз өзі емес, оның кейбір табақтары жетіспейді, дүдемал жайлар да барышылық, оларды қайыра тексеру қажет. Себебі, ол ешкім күдіктенбейтін, әлдекім соңынан олқылық тауып, «Мынауың не?» демейтін, пайдаланар болса орта жолда сүрінбейтін сенімді еңбек болуға тиіс. Қатаң талап! Соңсона да, редакциялық Бас кеңес картаны онан әрі жетілдіріп, жан-жақты тексеруге 1953 жылдың күзі мен қысын түгелдей дерлік шығын өткен. Ақыры, 1954 жылдың қантар айында толық әзір болған жұмыс көктем бойы тағы да пысықтаудан өтеді.

Карта 280 табақ, оған қоса әр түрлі геологиялық және геология-металлогениялық жеке паракттар бар. Олардың әрқайсысы бойынша дербес түсіндірмелер жазылған. Оның жалпы көлемі қалындығы кере қарыс 36 том. Түсіндірмелер әрбір кенді ауданың геологиялық құрылышын, онда кездесетін металл шоғырларын, құрамындағы пайдалы элементтерді, кен көздерінің генетикалық түрін, оның зерттелу тарихы мен осы күнге есептелген қоры, тіпті сол аудандағы құрылыш материалдары мен су мөлшеріне

дейін, егер бұрыннан мәлім кенорны сол табаққа дәл келсе — оның да ашылу хикаясы мен барлану дәрежесі, ең аяғы бұл туралы қандай әдебиеттер, деректер оқуға болатынына шекті... егжей-тегжей баяндап береді.

Картаның ең басты артықшылығы — Орталық Қазақстанның қай түкпірінен темір мен марганец, мыс пен қорғасын, мырыш, молибден, вольфрам, бағалы және сирек металдар, басқадай да полиметалл кендерін іздеуге нақты нұсқау беруінде. **Бұрын мәлімсіз жерлерден ірі-ірі қырық түрлі кен шоғырын болжауында.** Ғажап жайт: солардан қандай металл тауып және оны қай қабаттан іздеу женинің дәл көрсетілуі!

Мысалы, темір кендері Сарыарқа жонында терт түрлі геологиялық дәуірде орналасқан. Алайда оның өндірістік қорын тек қана темір кварциттері кездесетін қыртыстардан барлау қажет. Марганец те геологиялық терт дәуірде ұшырасуы мүмкін, оны бірақ алғашқы варис шөгінділері жатқан қабаттардан іздеу тиімді болмақ. Мыс болса Орталық Қазақстанда ең көп тараған, өте қорлы кен. Олда негізінен төрт дәуірде шоғырланған. Ал полиметалл кендерін екі ғана дәуірден ізdegен дұрыс. Сирек металдарды кварц, грейзен формациялары ұшырасатын жыныстардан қарая керек...

Болжамдау теориясының негізгі кілті де, нақтылы пайдасы да осы. Сапарға енді ҚАЙДА, НЕМЕНЕ іздемін деп көз жұмып шықпайсың. ҚАЙ жерде НЕ жатқаның күні бұрын шамалап, біліп аттанасың. Оның ҚАЛАЙ жатқаны, ҚАШАН жарапғаны да көз алдыңда жазулы түр. Тек ерінбей оқи біл!

Картаны жасаушылар болжамдау үстінде теориялық нұсқаумен шектелмеген, тезірек жүзеге асыру мақсатымен өз топшылауларын одан әрі терендептіп, барлаушылар қолына нақты ұсыныстар жасап береді. Орталық Қазақстанның барлануға тиіс аймағын олар шартты түрде үш кезеңге бөледі: алғашқысы — өндірістік маңызы зор, ірі кен орындары сезсіз табылатын аудандар; екіншісі — өндірістік мәні айқын деуге болатын үмітті аудандар, бұларды алғашқыдан кейін, екінші кезекте міндетті түрде барлау қажет; үшіншісі — өндірістік белгілері аз, бірақ жоспарлы түрде тексеріліп, көбірек барлауды қажет ететін мұдделі аудандар...

Сонымен, барлық жұмбақ шешілген сияқты. Картада жасалды, жұмыс бітті. Барлаушылар қолына бер де, нәтижесін күт! Бірақ Қаныш Имантайұлы, ғылыми жетекшісі бір ауыздан қолдаған институт ұжымы қолдарындағы картаның өндірістік мәнін, өмірлік маңызын түсіне тұра, оны бірден пайдалануға беруге асықпаған. Қайта әр түрлі кеңестерге салып, ғалымдар сарабына беріп, тіпті бұл үшін өздерінің қарсыластарының аяусыз сынның тыңдаудан да бас тартпаған. Сол үшін де соңғы екі жылда Алматыда екі қайтала ғылыми конференция шақырылады. Оған республиканың таңдаулы мамандары, ғалым-геологтар қатысқан. Москвадан, Ленинградтан, еліміздің басқадай да геологиялық орталықтарынан неше алуан білімпаздар келеді. Қысқасы, академик Сәтбаев жа-

рия еткен жаңа теорияның жақтастары мен қарсыластары тізе қосып қатар отырып, емін-еркін пікір айтуға мүмкіндік жасалады. Екі жиын да, әрине, қызу айтыспен өтеді, жуып-шаудың керегі қанша, көңілді бұзған сында, жүректі толқытқан мақтау да айтылады. Әлбетте, мамандар айтқан бағалы ұсыныстар, ойлы пікірлер іле-шала әжетке асты. Әйтсе де ең негізгі мәселе, болжамдаудың өзі ашқан принциптерін қорғауда ғалым ешкімге де еңкеймей, кеп жылғы еңбекпен табылған сара ғылыми жолды берік үстанған.

### 3

Осы қарсаңда Ленинград металлогенистері де зерттеуді бітіріп, геология жүртшылығының назарына «Орталық Қазақстан-ның металлогениялық болжам карталарының» екінші нұсқасын ұсынады.

Сөйтіп жол басында, осы жұмысқа кірісер алдында бетпе-бет келген ғылыми екі мектеп — ВСЕГЕИ мен ҚазИГН зерттеушілері ізденіс соңында қайыра кезіккен...

Барлаушы алдында Сарыарқаның бір емес, екі бірдей болжам картасы жатыр. Екеуі де Одақтағы аса ірі, беделді зерттеу институттарының ғылыми кеңестерінде бекіген, екеуіне де әлденеше ғылым докторлары, академиктер, аты әйгілі ғалым-геологтар қол қойған. Екеуі де өкілетті кеңестерде талқыға түсіп, өндірістік барлауда қолдануға кепілдік алған. Қысқасы, қолайыңа жаққаның қолыңа ал да, барлауға аттан! Бірак...

Іә, қолайсыз жайтқа осы арада кезігесіз, екі картаның да геолог-барлаушыны таңдандырған бір гәбі бар: әр карта бір аймақ үшін екі түрлі болжам айтқан; демек, түрлі ия болашақ мензеген; тіпті бір кеннің көлемі мен мәні, түрі мен тегі, қоры, хақында да бір-бірінен алшақ жатқан тұжырымдар берілген; ал кейбір кенді аудандардың болжами мүлдем қысынсыз. Қысқасы, бұл карталарды басшылыққа алып барлауға аттанған партия бір кенді екі жерден іздеуге мәжбүр болмак. Немесе бір карта бойынша оны іздеуге тиіс те, екіншісіне сенсе — әуре болудың қажеті шамалы...

Барлаушы, әрине, аң-таң. Қай картаға сену керек? Қайсының пір тұтып жолға шыққаны жөн? Екеуінің де қосымша түсініктерін оқысаң — осалы жоқ. Өте-мете сенімді жазылған. Қай бетін ашсаң да көкейге қонып түр. Бірін қате деп, екіншісін дұрыс көріп таңдау үшін де, сірә, бірталай білім, сұңғыла ақыл керек сияқты. Әмбебі мүндай шатағы мол картаның пайдасы бола ма? Геологқа, тегінде, бұлталақсыз нұсқа қажет.

Ал карта жасаушылар бұл кездे ашық ғылыми айтысқа шыққан-ды, тіпті бір-біріне есе берер емес: геологиялық баспалар бетінде, арнайы шақырылған ғылыми кеңестерде әр мектеп өз топшылауларын қорғап, баяндамаларын оқып, еңбектер жария еткен; бас-аяғы екі жылда Ленинград пен Алматыда осы хақында бірнеше мәжілістер өтті. Екі жақтан да оған көптеген ғалымдар

қатысты. Бұлар ғана емес, езге институттардың, геология министрлігі мен КСРО Ғылым академиясының әр түрлі сарапшы комиссиялары бұл айтысқа бірнеше қайтара оралып, пікір білдірді. Кей мезгіл геология қауымы осы мәселе төңірегінде екіге жарылып, бітіспес дауға түскендей қын сәттер де туып қалып жүрді...

Шындығында, бұған әділ төрелік айту да бірден оңай емес-ті. Себебі біріне «жоқ», екіншісіне «бар» деге керек. Өзге төрелікке екі жақ та көнбейді. Ақыры, бұл дау екі жылға созылып келіп, 1956 жылы Москвада әткен металлогениялық кеңес екі ұжымды да риза еткен қаулы қабылдайды: «Екі карта да өмірде, нақтылы іздеумен тексерілсін; қымбатқа түссе де кен болжанған барлық нұктелерде тексерме барлау жүргізу қажет; екі теорияның да дұрыс-бұрыстығын шынайы деректер ғана шешеді...»

\* \* \*

Бұл айтыстың ақырғы қорытындысы 1958 жылы, Алматыда мәлім болған-ды.

Металлогенистердің Бүкілодактық бірінші кеңесіне еліміздегі геологиялық 120 ғылыми және өндіріс мекемелерінің сегіз жүзден астам әкілдері қатысқан. Талқылауда пікір білдірген академиктер мен ғылым докторларының өзі қырық шамалы. Одақтағы геологиялық қызыметтің министр бастаған лауазымды жетекшілері, КСРО Ғылым академиясының геология-география бөлімшесінің басқарушы құрамы да осында. Барлық одақтас республикалардан президенттері иә жетекші геолог-ғалымдары бастаған мамандар делегациясы келген. Шетелден де есімі танымал әлденеше ғалымдар бар-ды.

Кеңестің басты мақсаты — сол күнде геологияның басты проблемасына айналған металлогениялық болжам карталарын жасауға ортақ нұсқау, әдістемелік қағидалар белгілеу. Сол үшін де бұл мәселе кеңінен қойылып, талқылауға әр түрлі ғылыми ұжымдарда туған жиырмаға тарта болжам карталары ұсынылған. Олардың әрбірі түрлі-түрлі аудандар үшін жасалған. Демек, өмірлік аса мәнді зерттеуге ВСЕГЕИ мен ҚазИГН-нен өзге ғылыми ұжымдар да шындал бет бүрган.

Қазақстан металлогенистері Бірінші кеңестің талқысына жеті баяндама әзірлеген-ді, оның екеуін академик Қ. И. Сәтбаев жасайды. Алғашқысы —«Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық болжам карталары» деп аталағын.

ВСЕГЕИ ұжымы төрт баяндама әкеліпті.

Алматы кеңесі алты күнге созылады. Алты күн ұдайы (баянда-малардың көпшілігі тыңдаушыларға алдын ала таратылған) геологияның әр саласында еңбек етіп жүрген мамандар, неше алуан білімпаздар өз пікірлерін ортаға салады.

Негізгі талқы, әрине, жүрт күткендей ВСЕГЕИ мен ҚазИГН ұсынған карталар төңірегінде болған-ды.

Шынында да, екі картаның өндіріске берілгеніне бес жылға жуық мерзім өтті. Содан бері болжам карталары нұсқаған аудандарда әлденеше барлау партиялары, геологиялық экспедициялар салыстырма іздеу жүргізді. Қыруар қаржы шығын boldы. Аз күшпен емес, ірі топ, ондаған барлау топтарын үйымдастырып. Ал барлау нәтижелері геология жүртшылығын есінен тандыргандай: сынақ жүрген жылдарда Орталық Қазақстан аумағынан табылған 358 кен көзінің оннан тоғызы (дәлірек айтсақ — 331 жерде) ҚазИГН металлогенистері күні бүрін нұсқаған аудандардан ашылған! Есеп тіліне аударсақ нысанана атылған он оқтың тоғызы дәл тиген. Демек, барлаушылар іздеуге шыққан сапарының тоғызында олжалы оралған! Ал Ленинград геологтарының картасы бойынша жүргізлген барлау қаншалықты ауыр, өкінішті дегенмен, шындықты жасыруға хақымыз жоқ. ВСЕГЕИ ұжымы әзірлеген карта далалық барлауда өзін ақтай алмады. Олар нұсқаған кендер табылмаған, ал табылғандары кебіне Сәтбаев теориясы болған жерлерден ашылған. Жалпылама қағидаларға, универсал схемаға сүйеніп жасалған еңбек қаншама шебер, ықтиятты әзірленгенімен, өмір сынында Қазақстан металлогенистерінің картасымен бәсекеге түсе алмады. Сәтсіздік сырты — олар пайдаланған теорияның олқылығы. Демек, ол — геология қауымы ертеден айтып жүргендей барлық аудандар үшін жаппай тиімді, универсал емес. Оның өзінше дұрыс келетін, сәтті болатын аймағы бар. Бірақ ол — күрделі құрылышты Сарыарқа қыртысы емес!..

Алматы кеңесінде жарыс сөзге шыққан көптеген мамандар пікірі осыған саяды.

Ц. М. ФИШМАН, Орталық Қазақстан геология басқармасы: «Зерттеушілік деңгейі өте жоғары деп саналатын ВСЕГЕИ институты және Москва университетінің геолог-ғалымдарының ішінара қатысуымен жасалған масштабы екі жұмың шақырымдық геологиялық карта пайдалы қазбаларды іздеуде бізге ешқандай мәнді көмек көрсеткен жоқ... Алматылықтар картасы туралы олай дей алмаймыз...»

Х. М. АБДУЛЛАЕВ, Өзбек КСРО Ғылым академиясының президенті: «Өзімізге карта жасарда біз Қазақстан геологтарының тәжірибесін пайдаландық, солардың картасын үлгі еттік. Сол себепті өзімізді қазақстандық мектептің шәкіртіміз деп санаймыз...»

Г. А. СОКОЛОВ, КСРО Ғылым академиясының геология институты: «Қазақстанға қарағанда, Орал — ең көне, кен көздері ертеден мәлім ескі аймақ, оның қазба байлықтары да ешбір регионнан олқы емес. Бірақ бұл өнірдегі металлогениялық зерттеулердің деңгейі Қазақстаннан кейін қалып қойған... Мәселен, Орал бойынша жасалған ВСЕГЕИ картасы (авторы В. М. Сергиевский) сәтті шыққан жоқ, тұрасын айтқанда, барлаушылар үшін ықыласпен қолданғандай үлгі-нұсқа бола алмады. Неге?...»

Біздіңше, бұл сауалдың қисынды жауабын, бір мектептің ғылыми өсідегі екінші мектептен неліктен кейінде қалатын себебінде КСРО Ғылым академиясының геология-география бөлімшесінде

сінің сол кездегі тәрағасы академик Д. И. Щербаков Алматы кеңесін қорытындылаған сөзінде өте дәл және әділ айтқан: «Геология ғылымының даму ерекшелігіне тоқтала кеткім келеді,— де-ген-ді ол.— Одақтың бірталай түкпірлерін соңғы жылдары аралау кезінде мен ғылыми ойдың бұрынғы орталықтардан шет аймактарға ойысқаның көріп жүрмін. Москва мен Ленинград бүлжөнінде бұрынғы басымдығын енді көрсете алмайды... Әсіреле соңғы он жылда жер-жердегі ғылыми ой мен өндіріс мектептері көремет есті. Оларды есірген — өмірге жақындық, нақты барлаумен шүғылдану! Осы жаймен шындағы есептеспесек, мықтап қателесеміз. Орталықтан келіп, болымсыз бірдемелерді ірі жаңалық деп болсалап еткізетін заман келмеске кетті, жолдастар... Меніңше, орталықтағы ғылыми-зерттеу институттары өмірдің осы бір сүйкімді шындығынан тиісті қорытынды шығаруға тиіс».

Металлогениялық Бірінші кеңестің Алматыда өтуінің өзі Қазақстан геолог ғалымдарының бұл салада алдына жан салмай, барлық әріптестерінен көш ілгері озық келе жатқандығының айғағы, тұрасын айтқанда, соны мойындау болатын. Бұл шындық кеңестің бір ауыздан қабылдаған қаулысында да атап көрсетілген: «...пайдалы қазбалар қоймаларының жер қыртысында орналасу заңдылықтарына тым жалпылама қарап, кей ретте соларды қатаң схемаға айналдыру қаупі зорайып барады. Мұны бұлжымас қағида деп қабылдауға болмайтындығын Қазақстан металлогенистерінің сәтті жұмысы дәлелдеп берді».

Кеңес ҚазИГН-да жасалған картаның өміршеш дүние ғана емес, үлгілі іс екенін де бүкіл геология қауымына жария еткен-ді. «Сәтбаев картасы,— деп жазған-ды «Известия» газеті бұл кеңес туралы есебінде,— геологтардың мәнгі және өздері үшін аса маңызды өмірлік сұрақтарына дәл де жан-жақты жауап береді. Ол сұрақтар — НЕ ІЗДЕУ және оны ҚАЙДАН іздеу...» Бұл сұрақтарға академик К. И. Сәтбаев өзінің атақты монографиясында нақты жауап бере отырып, пікірін былайша қорытқан-ды: «Сонымен біздің жұмысымыздың құпиясы — **жан-жақты** зерттеп (бұл сөздерді даралап жазған — К. И. Сәтбаев), алғашқы бақылау мен деректерді **толық** жинап, талдауды **нақты** жүргізіп, тұжырымдаған кезде **әділдікке** жүргіну, ең ақырында, творчестволық еңбекте **ұжым болып** жұмыс істеу... Міне, біздің іздеу тәсіліміз, тұжырымдап айтқанда, мұны металлогенияның кешенді жаңа әдісі деп атауға болады».

Бұл жолы да өмір шындығы, ақиқат женді. Академик Сәтбаев негізін қалап, кеп еңбек, қыншылықпен туған болжамдау теориясы өзіне жолды бұлтартпас айғақтармен, нақтылы барлау нәтижесімен ашты. Оның өміршендігі де, езгерлерге үлгі болар себебі де осында. Бүгінде ол, ғалымның өз сезімен айтқанда, «Болжам теориясы — металлогениялық ілімнің түп қазығы болса, болжам карталары — оның асқар шыңы... Сонымен бірге ғылымның кезекті бір туындысы, жемісі ғана емес, ең алдымен ол — мындаған барлаушы геологты жер қойнының құпиясын ашуға құлшындырған үлгі-нұсқа».

Сол жылы-ақ Орталық Қазақстанның болжам карталарын жасауға қатысқан жетекші топқа, осы тараудың ту басында есімдері аталған сегіз ғалымға Кеңес Одағының, сол күндегі ең жоғарғы, ардақты сыйы — Лениндік сыйлық берілген-ді. Қазақстан металлогенистерінің жабыла жұмылып көп жылдар бойы табандылықпен атқарған ерен еңбегін танып, ғылыми ерліктеріне берілген зор марапат-баға еді бұл! Әмбे Қаныш Сәтбаев сынды ғұламаның геология ғылымын ерекше байытып, оның жаңа да күрделі тармағы — МЕТАЛЛОГЕНИЯ ілімінің негізін бекемдеп, жаңа жағалауға шығарып қана қоймай, нақтылы барлауға тиімділігін іс жүзінде, карта сзызып беру арқылы дәлелдеп, әмірлік өрісін кеңейткен еді.

Сайып келгенде, бұл — тұңғыш болжам картасының жасалуы, оның сәттілігі, металлогениялық үлкен жиынның академик Сәтбаев іргесін қалаған геология мектебі жұмыс істеп отырған Алматыда өтуі қазақ ғалымының атақ-дабысын сол күнде социалистік елдер шоғыры атанған бір қауым жұрт қана емес (Алматы кеңесіне Болгария Халық республикасы FA-ның президенті И. Иовчев бастаған бірқанша ғалым-геологтар қатысқан-ды), мұндай ірі де ауқымды жаңалыққа әрқашан құлағы түрік дүние жүзінің геологтар әлемі елең етіп ерекше назар аударуына себеп-түрткі болған-ды. Англия, Франция, Америка, Бельгия, Қытай мен Индияның атақты университеттері қазақ ғалымына арнайы шақырулар жолдап, болжамдау негіздері, металлогениялық ілім қағидалары туралы өздерінің ең үлкен, дәстүрлі залдарында дәріс оқуды өтінген. Егерде соған Қаныш Имантайулының өзі құлшының білдіріп, үкімет те тиісінше ыждағат пен ынта көрсетсе, кім білсін, зиялых өрені, ғылыми танымы биік шетелдік әріптестері академик Сәтбаевтың геология ілімін шексіз байытып, әмбे жаңа қырынан ашқан жаңалығын жете танып, құрметті атақ, сыйлықтармен марапаттауы көдік еді...

Амал қанша, күллі Кеңес ғылымының идеологиялық тар қыс-пақ құрсауында болуы, үкімет басындағы қайраткерлердің білім-танымының таяздығы, әмбे өз ортамыздан шыққан қызғаншақ пифыл мен ұсақ пендешілік қазақ ғалымының ұлы еңбегін, жер жүзінің мың-мыңдаған геологтары жете алмай, тек қана арман еткен шырқау биікке көтерген ерлігін де сол күнде жеткілікті бағалай алмады.

**Г. В. НЕЧИТАЙЛО-НЫҢ естелігінен:** «...Қаныш Имантайулын Қазақстан ғана емес, ұлы еліміздің барлық түкпірі, тіпті шетелдіктер де жақсы білетін-ді. Алматыға келген сапарларының бірінде (сірә, 1957 жылдың күзі — M. C.) Н. С. Хрущев Қ. И. Сәтбаевты әңгімеге шақырып, еткен жылы Н. А. Булганин (КСРО Министрлер Кеңесінің тәрағасы — M. C.) екеуі Англияды ресми қонақ болғанда, сол елдің премьер-министрі Антони Иден көп ұлттар қауымдастыры жайында сез қозғай отырып, Ұлы Корольдіктің үкімет басшысы өздерінде аз ұлттан шыққан көрнекті адамдар жоқ екендігін, ал **Кеңес Одағында Қаныш Сетбаев әлемдік**

**тұлға боп танылғандығын мысалға** (даралаған біз — *M. C.*)  
келтіріпті... «Ал, біз, Николай Александрович екеуміз,—депті Хрущев Сәтбаевқа,— **Сіз туралы ештеңе білмегендіктен әңгімені ербіте алмадық.** Иден Сіздің есіміңізді құрметпен атап, нендей жұмыс істейтініңді, қайда тұратыныңызды тәптіштеп сұрағанда, мен Булганинге, ол маған қарап, өтірік-шыны аралас бірдемені ойдан құрап (түпнұсқада «стали bekать и мекать»), ақыры, Сіз жайындағы сөзден жалтарып құтылдық...»

«Ал қазір,— депті Хрущев.— Сізben танысу үшін шақырттым. Жай-куйіңізді білгім келеді, жұмысыңыз сәтті болсын, жақсы денсаулық та тілеймін Сізге!..»

Осы сұхбат жайында мен Қаныш Имантайұлының өз аузынан естіген едім. Сірә, менен басқа кісіге айтласа керек. Көнілі марқайып шыққан кезіне көзіктім білем. Тегінде, мен ол кісі туралы жақсы лебізге құлағымды түрік үстап, естігенімді жадымда берік сақтайтынмын. Жұмысты біз зор ынтымақпен істедік. Қандайда зор лауазым иелерімен ғалым тең сейлесіп, сұрағанын әрдайым алып шығатын. Сонда ол құлай сөйлеп тіленбейді, ойна сендеріп, мерейі үстем болады...»

## ЖАҢА БИІКТЕРГЕ

1

Президент бол қайта сайланғаннан беріде ғалымның жұмысы тағы да ұлан-асыр кебейіп кеткен... Ғылым ордасы да бүл кезде сан-салалы, ірі орталық. Зерттеу институттарының өзі отыз қаралы. Оларда он мыңдай қызметкер істейді. Іздениң өрісі жан-жақты есіп терендей түскен, ғылымның әр түрлі саласын қамтиды. Бәрін болмаса да, ең бағыларын президент білуге тиіс. Одан өзге кісі шеше алмайтын құрделі жұмыстар қаншама!

Президент басқарған мәжілістер әрқашанда қысқа өтетін және іскерлік сипатымен дараланып, әрі ерекшелігімен есте қалатын: біріншіден, талқыланған мәселелеге қатысы бар адамдар ғана шақырылады; екіншіден, сөйлеушілер әңгіменің тоқетерін мәлім-деуге тиіс — жалпылама есеп, жұтан, ой, даурықпа ақпаратмен құтылып кетем деп ойлама; үшіншіден, нақты ұсыныспен сөйле...

Әрине, барлық мәжілістер ойдағыдай ете бермейді. Талқылау кезінде түрлі жағдайлар болып қалады. Кейде тіпті ыңғайсыз да құлқілі жайттар...

Кекселеу бір қызметкердің дербес есебі төралқада тыңдалған. Шешен әзірленіп келіпті, сөзі ширақ, айтып түрған көрсеткіштері қарамды, зерттеуін сәтті аяқтау үшін қаржы мен көмек сұрауы да тыңдаушыларға қисынды талап сияқтанған. Екі-үш адам пікір айтты: мәнді зерттеу, әрине, теренцірек те ықтиятты жүргізу керек дегендей сырғақ сипаттама беріп...

Президент кенет ежелгі әдетімен «ЫМ-М!» деп тамағын кенеді. Кабинетті үнсіздік жайлап, жұрт әлдене құткендей тым-тырыс, қайсы бір жайттарды ежіктеп сұрайтын, болмаса есеп берушінің қобалжуын жетектеме әңгіменін іп-лезде тарқатып жіберетін әдетін Қанекен, бұл жолы қайталаған жоқ, содан-ақ әлденені жаратпай отырғаны сезілген-ди.

— Соңғы үш жылда не істегенізді нақты айтып бөріңіші,— деді президент кенет үнсіздікті бұзып.

— Әлгінде айттым ғой, ғапу етіңіз, аңғармай қалсаңыз — қайталарап шығайын.

— Қайталаудың қажеті жоқ. Сізді осымен екі мәрте тыңдадым,— деп Қаныш Имантайұлы да кексе қызметкерге таңырқай қарады.

— Екі мәрте? Түсінсем бұйырмасын!

— Түсіндірмей-ақ қойыңыз. Бір есепті екі рет оқып бердіңіз. Әлде қателесіп әкелгендісіз, әлде бізді аңғармайды деп...

— Қаныш Имантаевич, мен сіздің нені айтып отырғаныңызды әлі де түсінбей тұрмын.

— Ә, түсінбей тұрсыз ба? Олай болса, турасын айтайын, ақсақал,— деді президент қабағын түйіп.— Жасыңызды сыйлап... сөзіңізді бөлген жоқ едім, маған енді өкпелеменіз.— Қемекшісін шақырды да, бұдан үш жыл бұрынғы мәжілістің хаттамасын жедел жеткізіп беруді тапсырды. Сұраған папка әкелінген соң көп тіркеменің ішінен қажет парактарды тауып алды да, дауыстап оқи жөнелді. Ең әуелі ту бастан, кіріспе бөлімін, одан соң қорытынды жасалған соңғы сейлемдерді түйдек-түйдек оқып шықты. Манағыдай емес, үнжырғасы түсіп, сөлбірейіп тұрған кексеге ақырында тіксіне қарап;

— Ал, не дейсіз, әлі де дәлелдеу керек пе? Әлде жете ме? Кейір көрсеткіштерді жаңалағансыз, оның езін де тәжірибеден емес, сірә, тәбеге қарап отырып, ойдан алғансыз... Бізді де аяныз, ақсақал, бір сізге қаншама уақыт жұмсап отырмыз, шындығында, бұл тақырыпты түү бастан менгере алмағансыз, солай емес пе?— деді.

Анау кісі қызараңдап, төмен қарап:

— Мен шатасып... ауырып жүр едім, ескі баяндамамды алып-пын,— деп міңгірледі.— Әрине, кездейсок. Рұқсат болса, алып келейін.

— Әкеліңіз.

Қызметкер сұлдерін сүйретіп кабинеттен шыққан соң президент орнынан тұрып:

— Бұл қалай, жолдастар?— деді зілмен.— Ол кісіні енді құтпейміз. Ғылымның да ондай дәрменсіз бейшарадан қүтері жоқ!.. Шынымды айтсам, К...ге жаным ашып тұрған жоқ, осынау келеңсіз оқиғаның бізде болып отырғанына қаным күйіп тұр. Бұла-рың ұят, жолдастар!.. Мемлекеттің қанша қаржысын шығын еттік, қаншама қымбат уақыт зая болды?! Ал К... аспаннан тұскен жоқ, сол ұжымда көптен бері жұмыс істеп келе жатқан адам. Қасында жүрген қызметкерлер не қараған, институт жетекшілері ше?.. Жә, жә, не деп ақталатындарынды білемін: «Үлкен кісі, қолына бір топ

отбасы қарап отыр, бұрын көп-көрім еңбектер берген, атак-абыройы бар!..» Шындығында, бұл тақырыпты баяғыда қысқартып, немесе шамасы келетін басқа қызметкерге беру керек-ті. Ана жолы талқылағанда-ак осы жайт мәлім болған-ды, сонда-ақ шындықты ашық айту керек еді. Ал сіздер оның қытымыр мінезінен сақтанып, дауқестігін ойлаг, иә, иә, жоғары жаққа арызданып, зықымызды алады деп қорғаншақтап, жалған зерттеуін жаба тоқып, өтірік мақұлдаған болып жаман үйреткеніздер. Онда да осылай қасақана жақтаған болып, өтірігі шыға қалса — өздерін емес, біздің араласуымызben, академия төралқасының қаулысымен даугер қарттан құтылғыларың келді. Мұның аты — принципіздік, ғылымға жан ашу емес!.. Бұған біз де кінәліміз... Бірақ институт басшыларының кінәсі бізден де ауыр. Сондықтан ғылыми жұмысқа бейтарап көзқарасы, әмбе алқа мәжілісіне тексерусіз баяндама ұсынған жауапсыздығы үшін институт директорына қатаң сөгіс жариялауды ұсынамын. Ал әлгінде есеп берушіні жақтап, жалған баяндаманы біле тұрып қасақана қолдаған жолдастардың қылышын, ғылымға жасаған қиянатын институтта талқылау қажет... Мәжілістің хаттамасын академияның барлық институттарына таратсақ деймін...

Тағы бір мәжілісті еске түсірейік. Мұнан да Қаныш Имантайұлының жұмыс істеу мәнерін, талқыланып отырған мәселеге қарым-қатынасын, кәміл сенген іс болса — қатысушыларды күштемей-ақ соған иландыра білетін «еліктіргіш қабілетін»; қысқасы, өзіндік дара қолтаңбасын танимыз...

— Бұл әңгіме елуінші жылдардың бас кезінде болған-ды,— деп сыр шерткен-ді бізге Қ. И. Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының бас инженері (қазірде зейнеткер) Да-лабай Оспанұлы Ешпанов.— Бір күні бізді, 44-шахтының бастығы Темеш Сәдуақасов екеумізді, мен ол кезде осы шахтының бас инженері едім, комбинат директорына мәжіліске шақырды... Кабинетте бір топ инженерлер отыр, негізінен комбинаттың өндіріс-техникалық қызметінің жетекші мамандары, төрде — Қаныш Имантайұлы. Біз келген соң жұрттың бәрі үстел басына жақындағы да, комбинат директоры Виктор Васильевич Гурба мәжілісті ашып, сөз кезегін Қаныш Имантайұлына берді.

— Сіздер, осы, Жезқазған кенін қалайша қазып келесіздер?— деген сұрақпен бастады президент.— Өүелгіде кәдүілгі қайламен, қүрекпен. Одан кейін перфораторға көштіңіздер, қүректі сүйретпе скреперлер ауыстырды. Тәшкелердің орнына вагонеткалар келді. Әжептәуір өнімді әдіске көштіңіздер. Солай емес пе? Ал шындығында арқалап келе жатқан жүгінді атан түйеге ауыстырғандай амал ғана.

Инженерлердің қайсыбірі мырс етіп, академиктің тосын теңеуіне таңданғандай қозғалыс білдірді.

— Сіздер күлсеніздер, менің жылағым келіп тұр,— деді Қаныш Имантайұлы кенет түсін сұтып.— Бұғінде бұл — төзуге болмайтын дәрменсіздік! Кен қазылатын осы заманғы жабдық жасау туралы неге ойланбаймыз, айталақ, өнімділігі жоғары қуатты ма-

шиналар қолдануды армандап?!.. Техникалық ой қазірде алға озып кетті. Шетелде тіпті керемет деседі. Біздің ғалымдар да бұған «Жасауға болады!» деп жауап береді. Солардың бірі, әне, орталарыңызда отыр.

Президент үстелдің шеткегі түкпірінде монтиып отырған Уахит Шәріпұлы Шәріповты нұсқады, Қазақ КСР Ғылым академиясының кен институтында ол сынақ лабораториясын басқаратын. О күнде жасаң инженерлер Ешпанов пен Сәдуақасов та сол қатарда отырған. Қаныш Имантайұлы бұдан арғы сөзін осы ұшеуінен кезін алмай тұра қарап тұрып айтты: бұл мәселе сендердегі жігерлі де білімді жастардың еншісі емес пе дегендей...

— Ал Шәріпов жолдас — осында отырған мамандардың жуас та ең кішіпейілі, сондықтан да оның неше жылдан бері зар қақсан жүрген арман ісін, атап айтқанда, «Тау-кен ісінде төңкеріс жасайтын, кен қазуды ондаған, жүзденген есе арттыратын жаңа техника жасайық!» деген ұсынысын ешқайсыларың естігіңіз келмейді. Қане, өндіріс мамандары, шындарыңызды айтыңыздаршы, Уахит Шәріпұлына нендей көмек бердіңіздер? Ақыл-кеңес қосып, кісі беріп, сынақ өткізетін участок, шеберханадан орын сайладап?.. Үәке, мына кісілердің мазасын алып, Жезқазған шахтыларын жағалай адақтап жүргеніңзге неше жыл болды?

— Жақында алты жыл болады,— деді Шәріпов әлденеге кінәлі адамдай қызыараңдал.

— Онда кенші ағайындардан да ұят болған екен!— Сәтбаев мырс етіп, келер сөзін де мысқылмен жалғады.— Білемін өндірістегі азаматтардың көкейінде не тұратынын... Жоспар, тек қана жоспар! Негілсан да күні-түні тырбанып жүріп кен беру! Ғылыми сынақпен шүғылданбадың деп ешкім де сіздерді орындарыңнан алмайды, солай емес пе? Ал сынақ — ғалымдардың міндепті, ғылыми институттардың сыйбағасы. Сондықтан да Шәріповпен жүрдім-бардым сөйлесесіздер, онда да біреу-міреу өздерінді мешеу қалған көртартпа демесін деп... Өйткені бұл кісі қозғап жүрген тың істен бірдеме шығады деп сенбейсіздер. Әрине, сену де қын. Бұл үшін қиялы асқақ фантазер болу керек: осы құнгі кісі бойында алласа забойда алып экскаватор істейді, вагонеткалар орнынан кенді жер астында қырық тонналық автомобилдер тасиды, ал перфораторларды автоматты бұрғылау қондырығылары ауыстырады дегенге, шынында да, қалайша сенуге болады? Нағыз қиял! Сенбеген соң да Уахит Шәріпұлын осы заманның Дон-Кихоты, жетесіз қияли деп күлесіздер. Құлу емес пе ол жасаған қондырығыны «Шәріповтың арбасы» деп, сыртынан әжүа ету...

44-шахтының басшылары ғалымға тұра қарай алмай, назарларын аударып әкетті.

— Жезқазғанның келешегі, жастар, сіздерде емес пе?! Бұғінгі барға мәз болмай, келешекті қиялдау жастардың үлесі болса керек-ті. Ал сіздер бәз баяғыша әкелеріңен қалған ескі скрепер-күрекшені даңғырлатып сүйрете бергілерің келеді. Сонымен-ақ жоспар бергенге мәзсіздер. Жоспарларың сонда айтуда тұрған-

дай зор болса?.. Бұғиннің өзінде біз оны аз деп отырмыз, ал ертең? Жезқазғанның арзан да тиімді мысы күні ертең көбірек көрек болмақ, осы жерде тұрғызылып жатқан алып зауыт біткен кезде жоспар ондаған есе еседі. Сонда қайтпексіздер? Шахты салыны молайтып, кен беретін участоктарды көбірек ашып құтылмақсыздар ма? Қазылған кеңнің өзіндік құнын еселеп өсіріп пе?.. Жоқ, жолдастар, бұл жердегі кенді тиімді әдіспен, айталық, алып шахтылар салып алуға болады. Әрине, бұл үшін осы күнгі перфоратор, иә бұрғылау станоктары жарамайды, мұлдем жаңа техника қажет! Сол себептен де, қымбатты жолдастар, тілесен де, тілемесен де кен қазатын алып техника туралы ойлануға тұра келеді. Мәселең, он жылдан соң, жиырма жылдан соң кенді қалай қазамыз, немен тасимыз деп... Ал оны ойламай, осының бәрін бір ғана Уахит Шәріпұлы мен оның зерттеуші әріптестерінің мойнына жүктеп қойсаңыздар, тұрасын айтайын, бұл істен ештеңе де өнбейді. Кен қазу технологиясына да таяу мерзімде ешқандай тәңкөріске тән өзгеріс жүрмейді. Мұндай келелі іс бір іә бір топ маманның қолымен жасалмайды, бұған көп адамның кемегі көрек, қаражат, уақыт, сынақ жүргізетін орын, шеберхана, ең бастысы, осыдан бірдеме шығады деген шексіз сенім, жұмыс істеуге ынта қажет! Әлбетте, қажет болса, мұны ресми орындар арқылы міндет қылуға да бармыз, оған да амал табамыз. Ал, бірақ біз мұны сіздердің өздеріңіздің еріктегіңізге салып тұрмыз. Өйткені жаңа идеяға құлай сенген мамандар ғана өзгерту жасайтынын мен жақсы білемін...

Директордың кең кабинетінде шыбынның ызыны естілгендей тыныштық жайлап, біразға дейін ешкім үн қатпай, тым-тырыс отырғып қалды. Не айтарын білмегендіктен бұйырып отырған жоқ, әрине. «Жарайды, мойнымызға аламыз!» дедің екен — сезінде тұр; Сәтбаевты мұнда отырғандардың бірде-бірі алдай алмайды; президентті анау-мынау шығарып салма сөзben аттандырып жіберуге тағы болмайды. Абзалы, шыныңды айт та бірден құтыл. Болмаса тәуекел деп белінді бу...

— Қаныш Имантайұлы сіздің алдыңызға кінәлі екенімізді білеміз, — деп бастаған-ды сезін Темеш Сәдуақасов.

— Менің емес, Уахит Шәріпұлының.

— Эксперимент агрегаттың 44-шахтыда сыналуына қарсылығымыз жоқ. Қемектесуге әзірміз, — деді Ешпанов.

— Міне, бұл басқа әңгіме, — деп бірден келісті президент.— Сіздерге сәтті жұмыс тілеймін!

(Он бес жылдан соң, бұл кезде бірақ Сәтбаев та, Шәріпов та өмірден аттанып кеткен еді, сол күні директордың кабинетінде бас қосқан инженерлердің жетеуі кен қазу технологиясына қуатты жабдықтар жасап, өндіріске сәтті енгізген үздік еңбектері үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды. Жезқазғанның алып шахтылары қазірде дүние жүзіне әйгілі. Оларда өзі жүретін автоматты бұрғылау қондырылары ғана емес (бір кезде «Шәріпов арбасы» атанған), алып экскаваторлар мен кен таситын қуатты автомобилдер жұмыс істейді. Бұл алыптардың әрқайсы-

сы бүгінде бұрынғы Жезқазғанның он, жиырма шахтыларының өнімін беруден жаңылған емес...

### **Т. А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:**

«Физика-математика ілімдерінің Қазақстанда тым баяу ерістеп келе жатқан олқылығын түзету мақсатымен ядролық физика институтының құрылышы басталған... Бірақ бұл құрылыш ту бастан өте сылбыр жүрді: академияның мамандары мен республика басшылары тарарапынан да оған енжарлық көзқарас етек алып, тіпті «Шамамыз келмейтін құрделі іс, ғылымның мұндай қын саласына қол созудың керегі қанша?» дегендегей бейтараптылық та танытты.

Қысқасы, Москваға барған бір сапарында ол сол кезде КСРО Министрлер Кеңесі тәрағасының бірінші орынбасары һәм Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің басшысы А. Н. Косягинге телефон шалып, ядролық институттың құрылышына байланысты өзін қабылдауға сұранады. Алексей Николаевич бұл іспен жеткілікті таныс екенін, институт құрылышын тоқтатуға қорытынды берген сарапшылар тұжырымымен өзінің де толық келісетінін, сол себепті ғапу өтініп, бұл мәселе жайында уақытты шығындаудың қажеті болмас... дегендегей үәж естіртеді. Қаныш Имантайұлы мемлекет қайраткерін ибамен тыңдаудан соң:

— Алексей Николаевич, сіздің үстеліңіздө тұрған қағаздарда Қазақстан академиясының пікірі жоқ қой. Сол себептен де мені аз уақытқа қабылдаңыз, өте-мете өтінемін! — дейді.

— Олай десеңіз, тұра қазір-ақ келіңіз...»

(Ол кісінің Қаныш Имантайұлына бұлай деуінің себебі бар-ды: жазықсыз кінәлі болып жүрген жылдары К. И. Сәтбаев нақ осылай күтпеген сэтте телефон соғып, қабылдауын өтінген; А. Н. Косягин келісімін береді де, бұрыннан танымал ғалымның басына үйірлген ауыртпалық туралы шағымын естуге әзірленеді; Қаныш Имантайұлы бірақ өзіне жасалған әділетсіздік жайында жүмған аузын ашпайды; сұрап келген ісі — сол күнде өзі басқаратын ИГН-нің аса ділгір шаруасы екен... Осы жайтты мемлекет қайраткері Қазақстанға келген бір сапарында сүйсіне есіне алып: «Өз мұддесінен де гөрі мемлекет шаруасын көбірек ойлайтын адам әрдайым осылай істейді. Қаныш Имантайұлының тамаша сипатына мен сол күннен тәнтімін!» — деп алқалы бір жында сыр шертіпті...)

Міне енді, сол, өзі сүйсіне айтып, көпке үлгі еткен академик Сәтбаев алдына келіп отыр.

Екі қайраткердің әнгімесі ұзаққа созылған жоқ.

— Қаныш Имантаевич, менің сізге сенбеуге ешбір хақым жоқ. Ал мыналарда жазылған... мүлдем басқа жайт, таңмын! — деді де телефон трубкасын кетеріп, министр Е. П. Славскиймен сейлесті. Алексей Николаевич сәлден соң орнынан тұрып, Қазақ КСР Ғылым академиясының президентінің қолын қысты.— Ефим Павловичті де көндіріп қойғансыз, ә? Сәтбаевтың іскерлігін тағы да танып

тұрмын, иә өзіңіз сенген мәселеге нақ осылай кірісү керек, құптаїмын! Қысқасы, институттың құрылышын бітіреміз, қаражатты — біз, қажет жабдықты Славский береді...

Сейтіп, бұған дейін неше жыл сезбүйдаға түсіп келе жатқан шаруаны жарым сағатта-ақ тындырып шығады. Алматы түбінде бірер жылдан соң ірге көтерген ядролық физика институты дүниеге осылай келген-ді... Институттың жас мамандарына кеңесші болуға академик И. В. Курчатовпен де келіскең-ді. Бұған атақты физиктің кенеттен қайтыс болуы оның бұл ойын жүзеге асыртпады...

Қаныш Имантайұлының тікелей қатысуымен туған мұндай іігіліктерді ондап санауға болады. Соның бәрі де Қазақстан ғылыминың ерісінің ұзаруына, өнеркәсібінің ұлғаюына арналған. Партияның XXII съезінен келген соң ғалым «Қазақстан ғылыминың даму өрістері» деген мақала жазады. Бұл мақаланы, тегінде, болашақты мензеген ұшқыр қиялдың самғауы деу қажет. Мысалы, ол «1980 жылы Қазақстан академиясында қырықтан астам институт болады, оның филиалдары Орталық Қазақстанда, Алтайды және Батыс Қазақстан да ашылады» деп жазған-ды. Өзіне жақсы таныс кен өндіру, металлургия, химия өндірістерінің, олармен шүғылданатын ғылым өрістерін болжауы да таңданарлық: кен байыту процесі жетіліп, барлық пайдалы элементтерді қорытпаға шығаратын, одан өрі өрбірі жеке өндірілетін технологияға жету; бұл үшін байытуға ультра дыбыс, гидрохимия және иондық ауысу тәсілдерін енгізу; ал металлургияда циклондық қорыту өдісі қолданылады, оны жедел өрістету үшін Украинадағы академик Е. О. Патон үйімдастырған электрмен пісіру институты сияқты дербес зерттеу ошағын үйімдастыру; химия саласы көп болғандықтан Алматыда ғана емес, республиканың бірнеше қалаларында сол аймақтың химия өнеркәсібіне бейімделген түрлі бағыттағы институттар ашу; Қазақстанның құрғақшылық табиғатын және әр аймақтағы құмдауыт, жартылай шелейт жерлердің көптігін ескеріп, арнаулы зерттеу жүргізетін Шөл институтын құру...

Бұл болжамдардың кепшілігі кезінде жүзеге асты. Өз кезегін күтіп иә кейінгі өзгерістерге байланысты айрықша мән берілмей, кейінге ысырылып келе жатқандары қаншама!..

## 2

Әрине, қайда жүрмесін, қандай жұмыспен шүғылданбасын, ғалымның көкейінде сүйікті геологиясы дара тұратын. Сондықтан да экспедициялардан келген геологтармен кездесу, Алматыда ірге тепкен сан түрлі геологиялық қызмет мамандарымен сұхбат құру — Қаныш Имантайұлы үшін әрқашанда мереілі қуаныш, тіпті өзге шаруалардан бір мезгіл сергу сафаты. Таисия Алексеевнаның айтудынша, «Әлденеге ренжіп, қатты ашуланған кезде ол ИГН-ге келіп, көкейтесті әлде бір зерттеумен шүғылдантын, бірер сағаттан соң-ақ қалыбына түсіп, ақжарқын шырай-

ға енетін...» Таңқаларлық жайт: Жезқазған өңіріне жылyna бір ба-  
рып қайтпаса — ғалым әлдене жоғалтқандай алаң бола бастаушы  
еді. Кейде соның реті келмейді... Етепе бол кеткен өлкені сағын-  
ған кезде институттың теменгі қабатындағы минералогия мұра-  
жайына түсіп, Ұлытау қойнынан әкелінген жыныс үлгілерін тама-  
шалап, кейбірін қолына алып ұзақ тұрады. Бұлда Қанекенің әлде-  
неге қамықкан жаңына тыным беретін дәрі іспетті, Кеңір жаға-  
сын шарлап, дару самал жұтып қайтқандай ләззаты өзгеше сәт!  
Тек сол кезде оны-мұны сұрап мазасын алмау керек. Ең абзалы,  
оңаша қалдыр...

Геологиялық ғылымдар институты Калинин (қазіргі Қабанбай  
батыр атындағы) кешесіндегі осы құнғі мекен-жайына қоныс төп-  
кен. Институт директоры үшін бұл да жүйке тоздырып, қан қысы-  
мын шапшытқан әуремен келген иглік; құрылыш басталмақ жерді  
қала әкімдері басқа бір мекемеге беріп қойыпты, бұған институт  
ұжымы ерекше дүрлігіп, наразылық білдіреді; Қаныш Имантайұ-  
лының академия билігінен босаған шағы еді бұл... Сейтсе де өзін  
сыйлайтын бірер әкімге барып, академик А. В. Щусев жобалаған  
«Ғылым алаңын» әүпірімдеп сақтап қалды («Өзім білемге» ұрын-  
ған тағы бір басшының ғұзыры жолды болған заманда, амал қан-  
ша, Қанекен дүниеден өткен соң тамаша жоба тағы да дәрекі  
бұзылып, әлгі алаңқайда сәүлетші кескіндеген институттардың  
үшеуі ғана салынып, өзгелерінің орнына айшығы жөнен, сырты  
сүркай, әмбे бой тұрпаты да үзынды-қысқалы тұрғын үйлер са-  
лынды. Бұл пікірге илану үшін Шоқан Ұәлиханов ескерткіші тұрған  
көшемен тәменірек үш-төрт жұз қадам жүріп көріңіз!...)

ИГН — бұл қарсаңда қырыққа тақау секторлар мен бөлімдері,  
лабораториялары бар іргелі зерттеу ошағы. Жер-жердегі барлау  
мекемелері, барша геологтар оған зор ілтиратпен қарап, өнегесін  
үйренип, ғылымның алғы шебін танып, тағылым алуға тұрарлық  
ұлағатты үя деп санайды; оның іс-тәжірибесін менгеруге Одак  
қана емес, шетелдер де — Чехословакия, Польша, Болгария,  
Қытай, Индия, Албаниядан маңдайалды ғалым-геологтар келіп,  
металлогениялық болжам карталарын жасау әдістерімен таныс-  
қан.

Институт жетекшісі К. И. Сәтбаевтың атақ-дабысы да бұл кез-  
де кең қыырларға тараған. Одақтас республикалардың геология  
институттары оны өздері әзірлеген ғылыми кеңестерге жиі ша-  
қыратын, әсіресе өзі білім алған Сібір геологтарының мектебі,  
Украина мен Орал, ал Орта Азиядағы металлогениялық жындар-  
дың бірде-бірі оның қатысуының өткен емес. Өйткені академик  
Сәтбаевтың қатысуы қандайда кеңеске ерекше өріс пен сипат  
беріп, маңызды мәселе көтеріп отырғанына айғақ-ты. Солардың  
бәрінде де ғалым өзі негізін қалаған металлогения ілімінің мәнді  
жаңалықтары жайында дәріс оқиды. Қытай Халық республика-  
сына сапары да осындай ұлағатпен, Пекинде өткен геологтар  
құрылтайында ғылыми баяндама жасаумен (делегация басшысы  
— КСРО Геология министрі П. Я. Антропов, құрамында өзбек ға-  
лымы Х. М. Абдуллаев және К. И. Сәтбаев) аяқталған-ды. 1957

жылы Жер жүзінің металлогениялық картасын жасау жөніндегі халықаралық комиссия құрамына енгені, Одақ геологтарының Үлттық комитетінің тәрағасының орынбасары, «Кеңес геологиясы» журналының ғылыми алқасына мүше болғаны да осы кез. Иә, бұл да бақ-жұлдызының шырқау биікке әуелеген шағы еді: КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің неше мәрте депутаты; Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі; КСРО Ғылым академиясының және Лениндік сыйлықтар комитетінің тералқа мүшесі (1961—1964), КСРО Жоғарғы және арнаулы орта білім министрлігінің Жоғарғы аттестациялау комиссиясының (ВАК) алқа мүшесі (1946—1964); бұдан да езге қашшама әлеуметтік қызметтер, әрқылы ғылыми-өндірістік кеңестер мен комиссиялардың құрамындағы ұлан-асыр міндеттері...

Мұның бәрі де ғалымды дандайсytқан жоқ: қандайда көлкесір атак-даңқтың оңғақ, өткінші несердей өте шығатының жақсы билетін-ді; ал шабытты еңбек — күн сайынғы тынымсыз жұмыс, ғылым жолындағы қажырлы ізденіс, соның бас ғимаратына «орны табылып қаланған» әрбір кірпіш ешқашанда тозбақ емес, ал оны берік негізге қойсаң — өзің кеткен соң да ұзақ жылдар (бәлкім, мәңгі!) сым-сымбатын, мән-мағынасын жоғалтпай алыстан тұлғаланып тұра бермек...

Сондықтан да Қазақстан геологтары мектебінің жетекшісі мектелар тегі жайындағы теориясының іргесін практикалық жаңа жұмыстармен бекітуді көздел, жаңа зерттеулер бастаған. Солардың ең бастылары — Кенді Алтай мен Оңтүстік Қазақстан региондары үшін металлогениялық, болжам карталарын жасау. Бұл үшін ең алдымен зерттелмек аймақты жан-жақты шолып, осы күнге дейін мәлім болған кен ошақтарын ез кезімен көру қажет. Ғалымның Қаратая бойы мен Қырғыз жотасын аралап, ванадий, мыс кендерін, фосфорит табылған жаңа көздерді көрү (1955), одан Ертіс бойын, Алтайдың қойнауларын шарлауы (1956—1957) осы мақсаттан туған. Тағы бір жылы ол Орталық Қазақстанға шығып, Атасу бойындағы, баяғы Өспен кеңіштерін одан Қарағайлы, Алайғыр, Саяқ, Ақбастауға келеді. Соңғы сапардың нәтижесі үш жылдан соң, яғни 1959 жылы ИГН-да «Өспен тектоникалық зонасының геологиясы мен металлогениясы» деп аталған зерттеуші топтың құрылуына үласты. (Осы тақырыпты жүргізген жетекши мамандар ширек ғасыр өткен соң КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.)

\* \* \*

Көпшілікке таныс емес түйткілді бір істі Маңғыстау облысының партия үйімін көп жылдар басқарған, қазірде дербес зейнеткер-Саламат Мұқашев «Өткенді оймен шолғанда» (А., «Өлке», 1996) атты естелік кітабының 139-бетінде әңгімелепті: «...Е. П. Славскийдің (КСРО-ның Орташа салмақты машиналар жасау министрі, шындығында атом бомбалары, атом станцияларын және

сондай құпия жабдықтар шығаратын министрлік, Социалистік Еңбек Ері мәртебесіне үш мәрте ие болған қайраткер — М. С.) болашақты болжау қабілеті зор, жауапкершіліктен қашпайтын басшы екендігі, әсіресе Мақат-Ақтау темір жолын тұрғызуда сезілді. 1956 жылы темір жол салу ісіне кірісті. Азғантай уран қосындысын алу үшін қыруар шығын шығарып, 900 шақырымдық темір жол салудың тиімділігіне күмән туып, тергеулер жүргізіліп, министрдің жауапкершілігін қарамақшы болған-ды. «Маңғыстаудан мұнай көзі ашылғанда мен Мұнай министрінен кем қуанғаным жоқ. Темір жол мұнай өндірісінің тағдырын шешсе, мұнай мені жазадан құтқарады», — деген-ді. Шынында да бұл шешімге қалайша батылыңыз барды? — деген сұраққа ол былай жауап берген-ді: «Оған себепші болған, дем берген академик К. И. Сәтбаев...»

Нақ осы жайында одақтық министр 1981 жылдың күзінде өзі жарыққа шығуына нақты көмек керсеткен «Сәтбаевтың» (М., «Молодая гвардия», ЖЗЛ сериясы, 1980) бір данасын сыйлап әрі ракмет айта барғанымда, маған нұрлы көзімен шүқшия қарап отырып егжей-тегжей әңгіме шертіп, сөзін былай түйген-ді: «Сіздер, қазақстандықтар, кеңіліңізге келмесін, турасын айтайын, қандай ұлы адамды жоғалтқандарыңызды әлі де сезінбей жүрсіздер. Қаныш Имантаевичтің шынайы қадір-құрметін бұл ғасырда біліп, терең үққандар санаулы десем артық емес. Сірә, оған лайық та әділ баға XXI ғасырда берілер, бәлкім, соның бас кезінде. — Ефим Павлович қынжыла басын шайқап біршама уақыт үнсіз отырды. — Бұлай деуіме, қымбаттым, толық қақым бар, оны да тынданың, сізден жасырғым келмейді... Мынау омырауымдағы үш жүлдіздың біреуін мен сіздің Маңғыстау түбегінде тыңнан өндіріс ашып, аймақ экономикасын өркендеткен еңбегім үшін алдым, — деген-ді министр. — Шындығында бұл жүлдіздың шынайы иесі — академик Сәтбаев! Ол мені осы іске жекпесе, ондағы ғажап қазына көздерін болжаумен біліп сендірмесе — тарихи жазбаларда «Өлі қолтық», кейде «Барсакелмес аралы» атанған, құдай қарғаған дерлік сусыз, нусыз, жері тұзды, қылтанақсыз тап-тақыр кү мәдиенге темір жол тартып нем бар?! Өндіріске қажет жабдықты төңіз арқылы жеткізіп, дайын өнімді ұшақпен-ақ әкетер едік қой. Бірақ Қаныш Имантаевич бұл шаруаға біздің бәрімізден де тереңірек мән беріп, өзгеше пиғылмен қарады да, өзінің айтқанына көндіріп, ақыр аяғында түбектің жер астындағы мол қазынасының тезірек ашылуына себепкер болды. Кезекті Алтын жүлдізды аларда мен тиісті адамдарға осылай дедім, тіпті үкімет атына ресми хат та жаздым. Амал не, мен осы күнге дейін түсінбейтін бір пасықтық әрекеттер араласты да, туған Қазақстанын пәле-жалаңы үйіп төккен қағаздар келіп түсті. Сейтіп, отаншыл перзент, елі үшін осындей асқаралы істер істеп кеткен К. И. Сәтбаев бұл жүлдіздың біреуін де кеудесіне тақпай-ақ емірден кетті...»

Ғылыми дәлдік үшін мұншама дәп болжаған көрегендікке ғалымның ерекше сезгіш іә тосын сәуегейлікпен емес, бұл өлкені

бірталай жыл сенімді мамандарға зерттетіп, қолына нақтылы барлау деректерін үстап отырып тұжырым жасағанын айтуға тиіспіз. Мәселең, ол 1949 жылы-ақ Гурьевте (қазір Атырау) Қазақстан ФАның көшпелі сессиясын еткізіп, соңынан академияның базасын ашып әрі геологиялық экспедициялар қатарын көбейткізіп, соларға молдал қосымша қаржы да бөлгізіп, тыңғылықты ізденис жасауға мұрындық болғаны және бар.

Бұлар да, сірә, аз болып, көнілін кеншітпеген сынды. 1952 жылдың қоныр күзінде академик К. И. Сәтбаев арнайы жасакталған экспедицияны өзі бастап шығып, Маңғыстаудың үмітті кенорындарын түгелдей актап, ең аяғында марганецтің субелі қоры жатқан терен қолтығына дейін жетеді. Әрине, білгір барлаушының басты назары «сүйік алтынға» мүдделі орындарда болғаны анық.

Асқар таудың биіктігі етегінде тұрғанда аса сезілмей, содан ондаған шақырым үзап барып қайыра қарағанда ғана байқалатыны сияқты, Қаныш Имантайұлының сол бір жылдардағы тынымсыз қам-қараеті қазірде, жарым ғасырға жуық уақыт өткен соң, айқынырақ танылғандай: бүгінде «Ғасыр жобасы» атанып, күллі әлем жүртшылығын таңғалдырып әрі қызықтырып отырган ұланғайыр ұлы істі ол тубек қойынан алғашқы мұнай фонтаны атқылаған жетпісінші жылдардан кем дегенде 15–20 жыл бұрын болжап, сол байлықтың ел көдесіне тезірек асуына жол ашып кеткен!..

Ғажайып іс десек те рауа: ғалым жарық дүниемен қоштасардан бір күн бұрын 1964 жылдың 30-қаңтарының түскे жақын мезгілі еken, сырқаты мендеп әлсіреп жатқан сәтінде дел-сал көнілін аз уақытқа селт еткізген қуанышты хабар да осы жайында болыпты!.. Бұл туралы бізге академиктің сол күні қасында болған өз перзенті Мейіз Қанышқызы былайша сыр шерткен-ді: «Көнілін сұрауға геолог шәкірті Сәкен Шақабаев келген-ді. Дәрігерлер бірақ оны палатаға жібермеди. Мұңайған Сәкен Ержанұлы: «Қаныш-ага жатқан шаңырактың астында бола тұрайыншы...» деп бірден қайтып кетпей, сірә, үстазын көре кетуден үмітін үзбесе керек, бізден рұқсат сұрап, ауыздағы дәлізде отырып қалды. Қекемнің жан қиналысын ұмыттырғым келді ме, білмеймін, бір мезетте Сәкен туралы айтып едім, ол: «Неге күттірдіңдер, тезірек ертіп келіндер!..» деп жасаң әріптесін көргенше асықты... Сүйікті шәкіртінің ауруханаға іздеп келгеніне қатты қуанды, әсіресе Сәкен Ержанұлы Маңғыстау түбегінің мұнай қорын ВКЗ-да сәтті қорғап шыққанын айтқанда, оны бауырына басып, мейірлене үзақ құшып, жұзі жайнап: «Міне, нағыз азамат! Ел қамын, туған жердің тағдырын ойлаған жігіттер осылай істейді! Біздің сүренсіз қын жер деп жүрген Маңғыстаудың шырқау күні жақын еken, әлі-ақ олда Жезқазған сияқты дүрілдеп, атақ-дабысы жер жарған, ел үшін зор игіліктер жасайтын ғажайып өлкеге айналады!..»— деп, шалғай қыырдағы түбектің қазынасын дабырайта мақтап ерекше көнілденді. Сол қарсанда көнілін сұрай көлген министр достары Е. П. Славский мен П. Я. Антроповқа шәкіртін таныстырып, Форт-Шевченкодағы (қазір қайтадан

Ақтау атанған қала — *M. С.*) түрғын жұрттың ауыз судан тарығып отырғанын ескертіп, Орта салмақты машиналар жасау министрлігі сонда салмақшы теңіз сүйн тұщылайтын атомдық қондырғының құрылышын тездетуді қайыра пысықтап бәйек те болды...»

\* \* \*

Академик Сәтбаевтың халықтар достығының жаршысы болғаны жүртшылықта аян. Бұған оның бүкіл ғұмыры, атқарған ісі мен еңбектері, болмысы, Одақтың қызыр түкпірлерінен алған иә өзі жазған хаттары, жер-жердегі түрлі ұлт өкілдерінен тапқан қимас достары күә. Геолог *B. Г. Третьяков* ғалым туралы жазып кеткен естелігінде: «Қаныш Имантайұлының мейлінше интернационалист болғаны, оның аузынан ешқашаңда әлдебір халықты қорлайтын сез, әзіл-анекdot естімегенін» сүйсіне жазады. Әлбетте, «Халықтар достығын нығайтайық!» деп сез жүзінде, алқалы жиында, не-мессе баспасөз бетінде шақыру бір белек те, соны құнделікті ісімен дәлелдеп, сан ұлтты үлкен ұжымды баянды еске жұмылдырып еңбек ету езгеше ғибрат болса керек.

Теменде біз ғалым өмірінен екі түрлі қоғаны еске алмақпзыз. Бұлар бір-бірінен шамасы он жыл алшақ жатқан мерзімде болған, ғылыми мәні дे әр түрлі. Бірақ екеуінде де Қаныш Сәтбаевтың парасатты биік тұлғасы айқын көрінеді, өзі араласқан істе оның ешкімді де үлкен-кішіге, иә ұлтқа бөлмей және бұл кісі күні ертең керек болар-ау, бір септігі тиіп қалар дегендей бақал есепке ұрынбай, тек қана ғылым мұддесін, адамгершілік жолды мұрат еткенін аңғарамыз...

Өзінен он үш жас кіші, геологиялық қызметте отыз бесінші жылдары келген, талантты өзбек ғалымы *Хабиб Мухамедұлы Абдуллаевты* ол ерекше жақсы көріп, кездескен сайын «О, Хабиб-жан!» деп құшақтап көріскең. Тұрасын айту керек: онымен жақындығы, тегінде, «Әзбек — ез ағайымның» әсері иә қаны бір түрлі перзенті болғандықтан ғана емес, геология іліміндегі мұdde мен ниет бірлігі... Сондықтан болар, өзбек ғалымының 1950 жылы, Та什кентте жарияланған «Кен түзілуінің гранитті интрузиялармен (баяу суындан соң пайда болған силикат құрамдық магмалық жыныстар — *M. С.*) генетикалық байланысы» атты монографиясын жолдаған. 1950 жылғы 22 тамыздағы хатында: «Бұл мәселе мен мен алдағы уақытта да шұғылданбақпын. Сондықтан Сіз си-яқты үлкен кісілердің ақыл-кеңесі маған ете-мәтеп пайдалы болар еді... Бұл еңбекте менің сез еткен мәселелерім, өзіңізге жақсы мәлім, қазіргі таңда ете күрделі және кен түзілу теориясы үшін мәні зор тұжырымдар, сірө, әжептәуір талас туғызады деген ой-дамын... Қысқасы, зерттеуімді жария еттім, көз қорқақ, кол ба-тыр деп тәуекелге бел буған жайдамын. Бірталай жетекші мамандардан таяқ жеуім анық. Ал Сізден мен, егер уақытыңыз болса, еңбегімді мұқият қарап, ескертпелеріңізді ашық айтуыңызды өтінемін...»— деп жазған.

Әзбек ғалымы бекерге құдіктенген жоқ-ты. Осы еңбегімен кімдердің «бақшасына» түсіп отырғанын жақсы білген. Ол күткен

дискуссия іле-ақ басталып кетті, бірақ Абдуллаев ойлағандай «ғылыми шындықты» анықтау үшін емес, мұлдем басқа жөнде өрбіді. Ең алғашқы соққыны ғалым өзі тұратын Ташкентте, сол күзде-ақ алған-ды; монографиясы «зиянды» деп танылды; авторға тағылған басты айып: «зерттеу негізіне Америка ғалымдары Эммонс пен Линдгреннің реакционерлік идеялары пайдаланылған; демек Абдуллаев — кеңестік озық геология ілімінен жириеніп, шетелге табынған космополит...» Өз идеясына сенімі берік ғалым-геолог мұндай сыңаржақ тұжырыммен, әрине, келіспейді. Төрелік айтуды тілеп орталық институттардың біріне шығады. 1951 жылдың басында өткен талқылауға академик Сәтбаев та қатысқан-ды.

— Жолдастар, мен бір жайға түсінбеймін, — деген-ді ол сол жыында жас әріптесін қорғай сөйлеп.— Бізден басқа ғалым атаулы реакционер деген қағиданы кім шығарған? Ғылым жер, ел талғай ма? Шынайы ғылым үшін шекара бола ма? Шетелдік деп Ньютон мен Дарвиннен іә Кюрилер әулеті ашқан ұлы жаңалықтардан безсек — жағдайымыз не болар еді, ғылым қайтіп өріstemек? Мәселенің бүл бір жағы... Екінші, өзбек ғалымы бүкіл Орта Азия регионында ондаған жылдар бойы үстем болып келген кен орындарының түзілуі жөніндегі теория, болжамдарды, демек барлауда үстанған жетекші бағытты теріске шығарып отыр. Жас білімпаз үшін тым батыл қадам! Бірақ сіздер мына жағдайға көніл аударыңыздар: бұрынғы теорияны теріс деумен бірге ол жаңа концепция, кен іздеуге тың ой ұсынады... Ташкентте оның идеясының қолдау көрмей, геология қауымы арасында зор қарсылық туғызғаны да сондықтан. Осында да бүгін өте дәрекі және аяусыз сындар айтылды. Бәрі де түсінікті: ескі бағытты жақтаушылар оп-онай жеңілгісі келмейді, әмбे бүл — өзің ондаған жылдар мадақ тұтып, бүкіл өміріңе, зерттеуіңе, кен орындарын ашуға түп қазық еткен идея... Меніңше, бүл таластың ең дұрыс шешімі, әділ төрелік — жаңа теорияны барлаушы геологтардың қолына беру. Ал егер он жылдан соң Абдуллаевтың болжамы рас болып шықса, оны «таяқтауға» қатысқан ғалымдар өзінің бүгінгі оғаш қылышын қалайша түсіндірмек? Кім осыған «Біздікі — дұрыс, оның айтып жүргені — қате» деп кепіл бола алады?..

Амал қанша, ғылыми шындыққа жүгінуге қаншама шақырғанмен, академик Сәтбаев өзбек әріптесін сол күнгі жөнсіз бұрмалаудан қорғай алмады. Қайыра сөйлеушілер оның өзіне жабысып, «Сәтбаев та гидротермальдық теориясын жақтайтын идея ұсынғаны үшін бұрмалап сөйлеп тұр, бүл болса — өзара ниеттестердің ауыз біріктірғен байбаламы» деген тәрізді ауыр сездер естірткенді.

Ғалымның архивінде тағы бір таңғаларлық, әсіресе үлттық құрамы жөнінен өте мәнді дерек сақтаулы. БКП(б) Орталық Комитетінің ғылым мен жоғарғы оқу орындары бөлімінің сұрауына жауап бере отырып, 1951 жылдың 3 шілде күні, яғни жоғарыдағы айтыстан кейін үш айдан соң жолдаған ресми хатында Қ. И. Сәтбаев Хабиб Абдуллаевтың есімін төртінші кезекте атайды: оған «геология-минералогия ғылымдарының докторы, Өзбек КСР

Ғылым академиясының толық мүшесі, Орта Азиядағы түсті металл көндерінің геологиясы мен петрографиясы бойынша ете ірі білімпаз» деп сипаттама береді де, одақтық ғылым ордасының құрамына сайлауға лайық кандидаттар тізіміне ұсынады... Айта кететін бір жайт: осы хатында атаған жеті кандидаттың біреуі ғана қазақстандық (Е. Д. Шлыгин), қалған алтауы — бес ұлттың өкілі, олардың тұрақтары да түрліше қалалардан, әрине бәрі де геология іліміне ірі жаңалықтар қосқан ұлағатты мамандар...

(Үш жылдан соң Х. М. Абдуллаев монографиясы турали айтыс қайта жалғасты да, Москва ғалымдары оның еңбегін орталық баспада көп тиражben басып шығарып, барлауда сынауға рұқсат берді. Сол жылдарда ерекше құлшыныспен өнімді жұмыс істеген өзбек ғалымы бірнеше ғылыми еңбектерді үрдіс жария етеді. Бәрі де алғашқы гипотезасын қорғап, кеңейтуге, жаңа теорияны тереңдетуге арналған. Ақыр аяғында Қаныш Имантайұлы ескерткен ғылыми шындық женді. Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан барлаушылары Абдуллаев тұжырымдамасын бағытқа ұстап, Орта Азия регионынан түсті металдардың (вольфрам мен қалайдының, қорғасын мен мырыштың, сирек және бағалы металдардың) құнарлы қорларын талты. Солардың ішінде қазірде әлемдік қорлы алтын көндерінің ең алдыңғы легінде аталаған жүрген, тәуелсіздік алған Өзбекстан мемлекетінің бүгінгі ең басты һәм сүбелі табыс көзі болып отырған Мұрынтаудың қымбат қазынасын іздел табуда Хабиб Мұхамедұлының көрсегендікпен жасаған болжамы адастырмас жүлдіздай жетекші рөл атқарған. Теориялық үздік еңбектері үшін 1959 жылы Х. М. Абдуллаевқа Лениндік сыйлық берілді, келесі жылы КСРО Ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланды. Амал не, құншілдер мен тоғышарлардың пасық әрекеттерінен арылып, бой жазып, сүйікті ісіне енді-енді белсене кіріскең шағында, ғұмыр жасы тіпті елуғе де ілікпей ауыр науқастан опат болды. Аса дарынды ғалым-геолог өмірінің соңғы тәрт жылында (1958—1962) Өзбекстан Ғылым академиясының президенті болып еңбек еткен-ді.)

Екінші оқиғаның мән-бағдары, ғылыми өріс-денгейі алғашқыдан ауқымдырақ. Әмбे ол Одак көлемінде ғана емес, шетелде ерекше марапатталып, жолды болып жүрген есімі әйгілі белділердің дүйім жүрт қабылдаған теориялық топшылауларына сын айтып, ғылыми айтыс туғызумен байланысты. Сондықтан да қазақ ғалымы үшін бұл көп уақытын алып, беделден де гөрі білімі мен білгірлігін танытып және бірнеше жыл бойы қажымай шүғылданған ар һәм намыс ісіне айналған...

Бұл айтыс ту баста Қаныш Имантайұлының сүйікті ұстазы академик М. А. Усовтың ғылыми мұрасын шетел ғалымының жәнжосықсыз иемденгеніне байланысты өрбіген. Кезінде ғалым бұл хақында «Кеңестік геология» журналында арнаулы мақала жариялаған-ды. Біз соның Алматыда, «Ғылым» баспасында 1960 жылы жарық қөрген «М. А. Усовтың геологиядағы негізгі идеялары» кітабына алғысөз ретінде енген көлемді еңбегінен шағын үзінді келтіреміз...

**Қ. И. СӘТБАЕВ, И. И. БОК:** «Линдгрен-Эммонс жариялаған... жіктедің орнына 1933—1935 жылдарда М. А. Усов... кен орында-ры үшін мұлдем жаңа топтау ұсынды... Бұл оның «Кен орындары» оқулығында жарияланған. Осы топтауды геология ілімі бүгіндегі бірауыздан қабылдап отыр. Нәк осы тұжырымды көп жылдан соң ешқандай өзгертусіз неміс ғалымы Г. Шнейдерхен де ұсынды. Бірақ ол оқулығында Усовтың есімін атаған жоқ. Сырапайласпайтқанда, «ұмытып» кетті. Сонымен, қазірде жолды болып жүрген көптеген шетелдік оқулықтар мен ғылыми еңбектерде бұл топтау Шнейдерхеннің есімімен аталады. Бір ғажабы, осынау әділетсіздік біздің елде де өзгеріссіз қайталанып жүр. «Кен орындары курсының» авторлары және неміс ғалымының еңбектерін орыс тіліне аударған (оның редакциясын академик В. И. Смирнов басқарған), геологтардың талғамсыздығына, шетелдік ғалымның мұрасына ерекше ықтияттылығына таңданбасқа шарамыз жоқ...»

Кеңес Одағының Компартиясы мен үкіметінде Н. С. Хрущев үстемдік құрған дәүірдің орта шенінде халық шаруашылығын же-деғабыл еркендетуге түрліше өзгөріс, жобалар жасалып, соны тездеп жүзеге асыру үшін пәрменді шаралар жүргізілгені мәлім. Соның бірі партияның XXI съезінде бірауыздан қабылданған жетіжүлдік (1959—1965) жаңа жоспар еді. Соны сәтті орындау үшін геологтарға жаңа кен көздерін көптеп ашып, әсірөсө үрдіс еркендеуге тиіс химия өнеркәсібіне шикізат қорларын тез арада іздел табу міндеп жүктелген. Бұл болса болжам карталарының мәнін арттыра түсken. Онымен енді барлық геологиялық ғылымдар институттары, еліміздегі ірі-ірі барлау мекемелері жаппай шұғылдана бастайды. Сейтіп металлогения ілімі геологтар қауымының ден қойып зерттейтін әуес ісіне айналады. Жаппай әуестену, әрине, ғылым үшін бекер өткен жоқ: соны жаңалықтар ашып, сәтті карталарды дүниеге келтірді; сонымен бірге қысқа соқпақтарға ауытқуларға жолықтырды; өзгеден де гөрі құрделі ілімнің асу-белдерін бірден, оп-оңай игермек болған барлаушы геологтарды... Жұрттың бәрін Қазақстан металлогенистерінің алғашқы картаны тым қысқа мерзімде (оның алдындағы он жылғы дайындықты ешкім де есепке алмаған) сәтті жасап шыққаны қатты қызықтыратын, оның аяғы пендешілікке сайып, «Біздің олардан неміз кем?» дегізіп, дереу карта сыйзуға асықтырған. Ал қайсыбір топтар академик Сәтбаев ұсынған теориялық нұсқаны, Бірінші металлогениялық кеңестің бұл жайындағы қаулысын мойындағысы келмей, соған қарсы айғақ ретінде шетелдік зерттеушілердің осы проблеманы сөз өткен (мұның артында академик Сәтбаевтың бұл істегі көшбасшылығы әншнейін, шетелдегілер мұны баяғыда шешкен... деген сұнды бақас есеп жатқандығы және бар) еңбектерін көптеп аударып, ғылыми баспалар арқылы насиҳаттауға тырысқан. Өзгеше жолды болған шетелдіктердің бірі, «Европа металлогенистерінің әкесі» атанған неміс ғалымы «Г. Шнейдерхен еді.

Қысқасы, бұл дау әр түрлі деңгейде өрбіп келіп, ақыры «Советская геология» журналының бетінде жүрген ғылыми айтисқа

ұласады. Талай білімпаздар онда өз топшылауларын жария етті. Жұрт күткендей негізгі тәжіке тағы да ВСЕГЕИ мен ҚазИГН металлогенистері арасында өтеді... Арнаулы білімсіз түсіну қының ғылыми таластың бүге-шігесін әңгімелдеудің қажеті болмас. Бірақ академик Сәтбаев пен оның жақтастарының осынау тәжікеде қаншалықты ізет сақтап, сөйте тұра теориялық қарсыластарына ешқандай есе бермегеніне теменде атальмақ ғылыми мақала нақты айғак...

**Қ. И. Сәтбаев, И. И. БОК, Г. Б. ЖИЛИНСКИЙ** («Советская геология» журналы, 1960, № 9): «Әр қылыш кезеңдерде түрліше ағымдардың жолды болғаны мәлім. Солардың бәрі де артында ешбір белгі қалдырмай жоқ болды, анығында оларды өмір шындығы ұмыттырды. Кен орындарының тұнба тегі туралы соңғы жылдары жолды болған жаңсақ теориялардың баянсыз тағдырын еске алайық. Бұл да металлогениялық зерттеулер деректерін ескермей, өмірден қашық, абстракциялы болжамдауға жалан, еліктеудің салдары...

Ю. А. Билибин — еліміздің геология ғылымының жедел ерістеп, шикізат қорының еселеп өсуіне елеулі еңбек сіңірген зиялды маман. Алайда оның геосинклинальды жүйелердің металлогениялық дамуы жөніндегі қағидаларын барлық аймаққа бірдей қолдануға болмайтындығы бүгінде айдай анық. Біз оны сол үшін сынадық. Аса дарынды, қадірменді Ю. А. Билибин тірі болса, тап бүгінде өзінің кейір шәкірттері құсап, даусыз айғақтарды көрмегенсіп, жаңсақ идеяны көп жыл өзөуреп жақтамаған болар еді. Біздіңше, дарынды ғалымның қадірлі есімін әрлі-берлі қыстырып, барлық айтысқа тықпалай берудің қажеті қанша, әмбебінде мұны біз риясыз әрекет деп білеміз...»

Бұдан әрі қазақстандық авторлар алуан түрлі ғылыми айғақтар, кеңес және шетел зерттеушілерінің еңбектерінен дәлелдер келтіре отырып, қайсыбір ғалымдардың талғамсыз кезқараспен «Металлогенияның кіндік әкесі» деп жарияланған неміс білімпазының бір жақты ілімінің қолдауға келмейтін жаңсақ тұжырымдарын талдайды: «Г. Шнейдерхен және оның тілектестерінің қыңырая жақтап, геологиялық практика мен теорияға енгізууді тілеп отырған идеясының тоқетері мынадай: әрбір ірі кен аймағы тек бір ғана кен түзу кезеңінен тұрады; бұл аймақтың одан езге геологиялық дамуы алғашқы кезеңмен салыстырғанда мәнді емес. Демек, Шнейдерхеннің түсінігінше, келесі кезеңдерде тек қана екінші, әндогендік кен түзу процестері жүрген...

КСРО-ның кеңді аймақтарын металлогениялық зерттеу бұлардың бір емес, көп кезеңді дамудан өткенін дәлелдей отыр. Олай болса, Г. Шнейдерхеннің «металлогениялық кезең жалғыз!» деген схемасы өмірден емес, ойдан шығарылған. Ал екінші әндогендік кен түзу процестері туралы тұжырымы — жарапу уақыты жөнінен тіпті де дәлелденбейтін жаңсақ пікір. Сейтіп, іздеу, болжамдау иә бағалау жөнінен қарағанда бұл теорияның бізге ешқандай да пайдасы жоқ. Шынында да геологиялық практика үшін нақ осындағы жалан схемалардың бітіспес дау туғызып,

мамандарды сырдаң теориялардың жыңғылына қамап, бас қатырғаннан басқа қандай көмегі болмақ? Бұл теориялардың ғылымнан тысқары жатқаны сонша, кейде солардың қайсысына сенерінді білмей, есің шығады... Демек осы сияқты шым-шытырық «теориялардың» біздің елде кең тарап, жолды болуын ақтау тіпті дұрыс емес. Г. Шнейдерхеннің ойдан шығарған, ешқандай да дәлелі жоқ тұжырымдарын академик В. И. Смирновтың жақтауы бізді қатты таңғалдырады. Бұл кісі соңғы жылдарға дейін Шнейдерхенге қарсы бағытта болған еді ғой, бұған оның кезінде жариялаған монографиялары күә. Біздіңше, Владимир Иванович неміс ғалымының көптеген еңбектерін кеңес баспасөзінде талғасуыз басып, кешірілмес қателік жасап отыр».

Таңданарлық жайт: бұл айтыста Қазақстан металлогенистлері бәсекелестерін бірден жығатын басты аргументті әжетіне жаратпаған. Қажет деп білсе, олар Шнейдерхеннің қатардағы неміс ғалымы емес, метафизикалық көзқарасты ұстанған жайғана шетел білгірі де емес, адамзаттың қас жауы Адольф Гитлердің ете жақын ғылыми кеңесшілерінің бірі болғандығын айттар еді. Сірә, ғылыми айтыста басты тереші – ақиқат пен шыншыл идея деп білген ғалымдар, әріптестерін тұқырта жену ушін мұндай солақай желеуді көзір етуді лайық көрмеген.

Бұл айтыстың қорытындысын 1960 жылы Киевте өткен Екінші металлогениялық кеңес шығарған.

Кievте ұлағатты жиынға ВСЕГЕИ ұжымы КСРО жерінің металлогениялық болжам картасын (бес миллион шақырымдық масштабта орындалған) әкелген-ді. Алғашқы танысу үстінде-ақ Қазақстан металлогенисттері әріптестерінің бұрынғы теориялық жаңсақ қағидаларынан бас тартпағанын, бұл жолы да соның дұрыстығын дәлелдеуге тырысатының анғарады. Шынында да солай болды. Картаны талқылау Билибин шәкірттерінің «геологиялық ғылыми ойға қазақстандықтардың үстемдік жасап», өздеріне тілекtes геологтардың «практикалық ізденістегі табыстарын теория жеңісі деп жариялад жүргендігін» мәлімдеуімен басталады. Амал қанша, тағы да тәжікеге түсіп, тойтарыс беруге тұра келді. Бірақ бұл жолы олардан гері украин ғалымы, академик Н. П. Семененко, москвалықтар Е. А. Радкевич, Н. А. Фогельман, өзбек металлогенисі Х. М. Абдуллаев, Қыыр Шығыс (И. Н. Томсон) пен Сібір өлкелерінен келген бірталай ірі геолог-ғалымдар, әсіресе КСРО-ның Геология және жер қыртысын қорғау министрі П. Я. Антропов және басқалары өктемірек сөйлеп, талқылауға ұсынылған картаның нақтылы барлау үшін мүлдем жарамсыз екенін жария етті. Сейтіп Киев кеңесі де академик Сәтбаев мектебі ұсынған теориялық қағидаларды болжамдауға батыл қолдануды ұсынған қаулы қабылдайды. (Шынын айтқанда, бұл дау әлі де аяқталған жоқ, әредік қайта өрбіп, ғалымдар назарында келеді. Бірақ дарқан өмір оған төрелікті «Кімнің болжамы кен табуға жеткізсе – сонықі дұрыс!» деп баяғыда-ақ айтқан-ды...)

Көп жылдар салтанат құрған кеңестік идеологияның зиянды әсері дейміз бе, әлде басқа ғәп бар ма, қалайда зиялды қауымның

рухани құлдырап, солардың кейбірі ар-инабатты ұмытып, өзінің қолайына жақсан қандайда бір жымысқы әрекеттен бас тартпағаны бүгінде де екіншіпен еске алар жайт...

«Қаныш Имантайұлының, көп жыл жүйкесін тоздырып, геологиялық ғылым өуенінде әрдайым қарсы шығып салғыласқан адамының бірі академик В. И. Смирнов еді. Екеуінің ту баста не үшін райласпағанын білмеймін, алайда олар өзара айтыста, баспасөз жүзінде де бір-бірін аямаушы еді...— депті еңбегі мен қызметі «Болжаулы барлау» тарауында аталған ғалым-геолог Г. Б. Жилинский маған Магадан қаласынан 1981 жылдың 12 қыркүйегінде жолдаған ұзақ хатында.— Смирнов академик Сәтбаев қайтыс болған соң, да оған деген қаскөйлігін тоқтатпады. Ең ғажабы және сойқандысы, соғы қезде жазған еңбектерінде дүниеде Қ. И... сынды ғалым ешқашанда болмағандай, өзі онымен өмір бойы айтыспағандай әллеть танытып, тіпті сынап та атауды қойды. Мысалы, оның КСРО-ның елу жылдық мерекесіне орай жазған металлогения ілімінің табыстары туралы мақаласында Қ. И. Сәтбаевтың есімін атауды «ұмытып» кеткен. Ал бұл ілімде Сәтбаевтың еңбегі негізгі арқау деп есептеледі. Ең қыны, тіпті сорақылық десек те раяу: өз қолымен сомдаған ұжымнан да нақ сондай «ақкөт торғайлар» шығып, оның рухын бір күндік мадаққа сатып, Смирновтың металлогения негізін тұнба текке бүрган «теориясын» жақтаушылар шықты. Солардың бірі бізben бірге жетеудің қатарында Лениндік сыйлық алған академик әріптесіміз (хатта бұл кісінің есімі толық аталған, бертінде ол Сәтбаев ілімін қайыра жақтаушы болғандықтан жазбай отырмыз — М. С.)... Өмірдің осындай оңғақ та өткінші құбылыстарына өкініш білдіргеннен өзге не дейміз?!..»

### 3

1956 жылдың ақпанында КОКП-ның XX съезі шақырылған. Партия форумына академик Қ. И. Сәтбаев әлденеше мың Қазақстан ғалымдарының, өкілетті мандатымен қатысқан-ды.

Бүкілодақтық тарихи жыныға делегат болып тұнғыш қатысқаны өз алдына, бүкіл Кеңес халқының ой-санасына рухани өзгерістер әкелген партия съезінен алған ғибраты, әсіресе өзінің басынан кешкен кейбір шырғаландарды түсініп, қорытынды шығару жөнінен де бұл Қаныш Имантайұлының өміріндегі елеулі оқиға болды.

**ХАНИСА ҚАНЫШҚЫЗЫ СӘТБАЕВАНЫҢ** (медицина ғылымдарының докторы, профессор) өңгімесінен: «1956 жылдың бас кезінде кекем мен екінші шешеме еріп Москваға бардым, бізге сінілім Мейіздің геолог күйеуі де қосылды. Әкеміз XX съездің делегаты, «Москва» мейманханасынан оған ете үлкен люкс тиді де, маған соның бір бөлмесіне төсек қойғызып еншілеп берді.

Бір күні кекем, съездің бұл аяқталуға жақындаған кезі еді, кешкі мәжілістен ерекше шаршап келді, түнерген жүзі тіпті адам шошырылық. Қан қысымын өлшесем сүмдық жоғары, Таисия Алексеевна шешем еркіне қоймай дәрігер шақыртты. Укол салғызып, қысымның тәмендеуін күтіп отырғанда, медбике ме, дәрігер ме — біреуі тыныш отыра алмай, «Делегаттардың бәріне бүгін бірдеме болған сияқты, түгелдей сұлап жатыр...» деп қалды. Көкем үндеген жок. Дәрігер кеткен соң да тіс жарып сөйлемепті. Бірақ ас ішуге отырғанда үстелге шынтағын тіреп, оң қолымен басын сүйеп үйілеген қалпынан аумады, тамаққа қол салған жок, шайғана ішті. Соңсоң әлде бір брошюраларды папкасынан алды да, үйіктайтын бөлмесіне кетіп қалды. Жасан кезіміз, не болғанын білгіміз келіп-ақ отыр, бірақ кенсе жұмысын үйде сез етпеуге дағдыланғанбыз. Оңаша қалдырығанды жөн көріп сыртқа шығып кеттік. Мейіздің күйеуін метроға шығарып салып, қайтып келсем, әке-шешем әлі жатпапты, әңгімелесіп отыр. Маған үйіктай бер деді. Өздері бірақ таңға дейін үйіқтаған жок.

Әкемнің жан-жүйесіне қатты әсер еткен істің жөн-жосығын біз келесі күні-ақ басқа адамдардың әңгімесінен естідік. Сөйтсек, ол сол кеште Н. С. Хрущевтің «И. Сталиннің жеке басына табыну жайындағы» құпия баяндамасын тыңдал келіпті...

Көкем коммунистік партия ісіне ерекше адал, шынайы берілген адам еді. Ал оның кесемдерін ерекше жаратылған кісілер санайтын-ды. Үш бірдей ағасынан бір-ақ жылда айырылып, өзі де сан мәрте қиянат көргенмен, ту жоғарыдағы кесемдерге шаң жуытпайтын, мұның бәрі орта жолдағы ұсақ шенеуніктердің жұмысқы қараеті, ал үлкендер оны білмейді... деп ойлайтын-ды. Әсілі, бүкіл кенес халқы сондай ойда болды емес пе... Сондықтан да әкем алғашқы кездे Сталинді сықырта жамандаған сөздерге аса елікпей, ерік те бермей, кейде актап: «Ол жарықтықтың қылмысынан гөрі жақсы ісі кебірек!...»— деп оңаша әңгімеде қорғап та жүрді. Алайда сол кезде жария болған күйіншті айғақтар көбейген сайын, әсіресе Г. М. Маленковтың, Л. Берияның масқара істері әшкереленген соң пікірін өзгертіп, кей жайттарды бізге өзі айтатын болды. «Бірғана Қазақстаннан жұз мың жапон, неміс шпионы шықты дегенге қалайша сенуге болады? Біздің Әбікей аға, Бекеш пен Қарімдер тірі жанға қастығы жок ақпейіл адамдар еді, оларды құртқан қасында жүргендердің іштарлығы, әрине, заманда сөйтіңдер деп құтырып тұрған соң не сорын?!...— деп бірде үй ішінде әңгіме айттып отырды да, кенет өз жайына ауысты.— Аптарай, ана жылы әділдік іздел, Орталық Комитеттің есігін қағып жүргенде қандай аңғал болғанмын? Соның бәрі бос әуре екенғой... Тевосянның мені дер кезінде тоқтатқан сырын да енді үқтym, сөйтсем сабазын бәрі-бәрін іштен біліп, амалсыз тұншығып жүр екен... Сендер, жастар, бақытты жансындар, нақақ жазалау тыйылды. Міне, көрдіңдер ме, үкімет саясатын, басшыларды да емін-еркін сынап отырмыз. Кекейіндегі пікірінді ешкімнен қорықпай ашақ айтатын заманда өмір сүрудің өзі — шексіз бақыт!..»

Өзі түнғыш қатысқан мәртебелі партия құрылтайынан алған әсөрі мен тағылымы турасында Қаныш Имантайұлы Москвадан оралысымен-ақ академия ғалымдарының жалпы жиынында, Алматыдағы жоғарғы оку орындарының оқытушыларымен кездесу-де әңгіме шерткен.

Әрине, бұлда съезд қабылдаған алтыншы бесжылдық жоспарды сәтті орындау жолдарын, Қазақстанның табиғи қорларының, өндіріс ошактарының қашшалықты үлес қоса алатынын жан-жақты және нақтылы мысалдармен қызықтыра баяндауға ұласады.

Тың көтерген облыстарда сол қарсаңда қазақ даласы бұрын-соңды көрмеген, естімеген ұланғайыр айқас жүріп жатқан-ды. Республиканың ғылыми штабы бұл іске де лайықты үлес қосқан: бас-аяғы екі-үш жылда құрамында түрлі мамандар бар алпыс тоғыз ғылыми экспедиция аттанып, олар тың көтерген 178 ауданының жерін зерттеп, егістік үшін жиырма үш миллион гектар аймакты айналымға қосуға қолғабыс етеді; жаңа кеңшарлар қоныстанатын мекендерді сумен, құрылыш шикізатымен жабдықтауға жәрдем береді; Тың өлкесінің топырак құрамы қайтадан анықталып, картасы жасалады; микробиологтар онда азоттық бактерилярдың таралу құбылысын зерттесе, селекционерлер жоғары өнімді дақылдардың жаңа түқымдарын таратады... Қысқасы, бүкілхалықтық қозғалысқа академияның биологтары, агрономдары, зоологтары ғана емес, гидротехниктері мен химиктері де, тіпті тыңайтыш қорларын молайтуға металлургтері де айтарлықтай еңбек сіңіреді.

Осы шараларды жүзеге асырудағы ұланасыр еңбектері үшін Қазақстан ғылымының кептеген екілдері Одақ үкіметінің үлкенді-кішілі сый-сияпатына ие болды. Академик Сәтбаев та сол топтың ту алдында аталағы, ғұмырында үшінші мәрте Ленин орденімен (1957) марапатталған-ды.

Қаныш Имантайұлының елуінші жылдары белсене араласып, сәтті шешілүіне айтарлықтай үлес қосқан бір ісі — геологиялық қызметті қайта құрып, барлау жүйесін заман талабына сай жандандыру саласында. КСРО Геология министрлігінде болған кезекті бір керістен соң, әрине, бұл да әріпшіл шенеунікке толы аппараттың жергілікті барлау тобының қажетін қолма-қол шешудің орнына түрліше нұсқау, анықтама талап еткен кезекті созбұйдасынан кейін туған. Академик Сәтбаев КОКП Орталық Комитетіне ресми хат жолдайды: «...Негізгі күшті мәнді емес кептеген ұсақ объектілерге шашырату, жұмысқа ынтастыз қарау, барлаудың техника-экономикалық көрсеткіштерінің төмөндігі, өзара тәжірибе алмасу және кен ошағын кешенді зерттеудің жоқтығы, геология қауымынан өздерін оқшау ұстау, сыннан қорған-шактау және тағы басқа ірі олқылықтар қазірде бұрынғыдан да молайып, жұмысты одан әрі өрістетуге кеселін тигізіп отыр,— деп жазған-ды ол сол хатында.— Геология министрлігін аталаған тоқыраудан тездетіп шығару үшін — оның басшылығына өндірісте көп жыл еңбек еткен, ірі жаңалықтар ашқан, әмбे іске мемлекеттік

көзқараспен жаны ауырып қарайтын геологтарды тағайындал (министрдің қазіргі орынбасарлары геологиялық білімдері жок мамандар), жедел нығайту қажеттігін ескертуді партиялық және азаматтық парызын деп білемін».

Аңтышында өздерінде ауыр сыйекені даусыз. Осы хат, бәлкім, геологиялық қызметтің «қағаз басшылықпен» ауысқан дәрменсіз халіне жаны ауырған басқа да қайраткерлердің наразылық пікірлері себеп болып, көп ұзамайтын үкімет геология министрлігінің жұмысын қайта құру жөнінде қарар қабылдайды.

Әлбетте, академик Сәтбаевты өзінің туған республикасындағы геологиялық қызметтің жай-куйі де қатты толғандырған. Қазақстанның пайдалы қазбаларын іздеуді одақтық министрлікten әлдеп неше басқармалары жүргізетін. Атап айтқанда, Қазақ басқармасы, Қарағанды, Орал, Оңтүстік Орал, Өзбек және Батыс Сібір... Бұлардың соңғы төртеуі үш түрлі дербес треске бағынады, ал олардың басшылығы республикадан тыс жерлерде. Бұлардан өзге республиканың өзінде ондаған аэрогеология, геофизика, гидро-геология қызметтері жұмыс істейді. Әрбір трестің, әрбір экспедиция иә басқарманың орталық қалаларда қаншама бөлімше, контора, түрліше қызметтері бар?! Оларда мындаған мамандар, жұмысшылар істейді, қаншама құрал-жабдыққа ие...

Бұлардың бірде-бірі қол қосырып қарап отырған жоқ, әрқайсысы өз әлінше кен іздел, иә соған қолғабысы тиетін зерттеулер жасауда. Бірақ соның бәріне жән-нұсқа беретін, басын құрап мәнді іздеулерді бірігіп жүргізетін, барлау үйымдастыратын басқаруыш орталықтың болмауы келелі іске қаншама зиян келтіруде. Қаныш Имантайұлы сынды байырғы геолог мұнданай берекесіздік пен шашырандылыққа бақылаушы болыптып-тыныш жүре алмайды. Республика үкіметінің алдында ол арнайы мәлімдеме жазып, өзі ғана емес, бұл іске бүкіл геология қауымын жұмылдырады. Соның нәтижесінде 1956 жылы құрылған Қазақ КСР-інің Геология және жер қыртысын қорғау министрлігі көп жылдар бойы өзгертуіз жұмыс істеп, талай-талай игі жаңалықтарға мұрындық болды...

Бірақ Одақтық Геология министрлігін нығайту шаралары пәрменді болған жоқ. Оның үстіне сол жылдарда жолды болған, халық шаруашылығын қайта құрып, шұғыл өзгерістер жасаумен әуестенушілік (КСРО Геология министрлігі бұл қарсанда ведомстволық комитет болыптышамдалып қайта құрылған-ды) еліміздің геология қызметі үшін де аса ұтымды шешім болмады.

«Түрлі министрліктердің барлау экспедицияларының әлдеқандағы бұлақтың басына таласа қонып, бір ізben жылдан шұбырағын рәсімі қашан тыйылады? Олардың бірі көмір іздейді, екіншісі – мұнай, үшіншісі – темір кенін, тәртіншісі – түсті металл... Осының бәрін бір қолға беріп, мүдделі жерге бір-ақ, экспедиция жіберіп, жер қойындағы бар керекті топтап және біржола іздейтін күн қашан туады»\* деп ашына сөйлеген-ді, толғағы жеткен сол бір

\* «Академик Қ. И. Сәтбаев» кітабынан, 99-б.

көкейтесті мәселе туралы бүкілодақтық геологиялық кеңестердің бірінде К. И. Сәтбаев.

Шынында да, бұл жолсыз рәсім-ді: неше министрлік болса — сонша геологиялық қызмет... Айтальық, Қара металлургия министрлігі өзіне дербес бағынатын барлаушылар басқармасын тұракты ұстауды қажет деп біледі. Химия өнеркәсібі министрлігі де солай ойлайды: сан-салалы, технологиясы алуан түрлі өндірістерге кептеген шикізат түрі қажет, демек жер қойнынан оны маманданған барлаушылар іздесін. Кемір өнеркәсібі де тек қана көмір іздеуге дағдыланған көнігі геологтармен істес болуды тиімді санайды. Мұнай өнеркәсібінің талабы бұдан да қын — сұйық отын барлық жерден табыла бермейді, геолог біткен оны таба да білмейді, олай болса... Бұл талаптың әуес дүниеге айналғаны соншалық құндердің күнінде құрылым материалдары министрлігі де өзіне дербес геологиялық трест құруды талап етсін...

Министрліктер сұрап қана қойған жоқ-ты, тиісті орындардан жолын тауып, ондаған басқармалар, трест, экспедициялар үйымдастырған. Ал олар бір-бірімен ешқашанда барлау бағытын, баратын жерін келіспейді, келісу мүмкін де емес, сондықтан да бір таудың бауырында иә бір бұлақтың басында кейде үш не төрт министрліктің геологтар қосы тоқайласып қалатын. Қаншама шығын, қаншалықты уақыт зая кетеді. Қаншама адам бос бейнетпен шұғылданып, текстен-текке арамтер болады!..

Сайып келгенде, бұл геологиялық қызметтердің жер-жерде шексіз есіп, қаржы үнемдеу ниетімен таратылған министрліктің бұрынғы шығының бірнеше есе өсірген. Ал соны төлеп отырған үкімет «қалтасы»— біреу-ак. Тығырықтан алып шығар жол қайда? Ол үшін өзгеріскүмар кейбір әуесқойлар геология комитетін біржола жоуды, барлау ісін әрбір министрліктің өзіне мұлдем беруді ұсынады.

Геологиялық қызметтің басына тәнген қатер, ал ол сонау 1882 жылы Кен департаменті құрған Геолкомнан басталған іргелі жүйе болатын, еліміздің көптеген ірі геологтарын, ғалымдарын қатты толғандырып, тіпті абыржуға ұшыратқан. Әлбette, наразылығыңды ниеттес әріптестерін арасында, иә дастарқан басында ренішпен білдіру бар да, сол үшін белінді бекем буып, бар беделінді салып, ашық күреске шығу бір бөлек!.. Сондай батырлардың бірі — коммунист Сәтбаев. Ол КСРО Министрлер Кеңесіне хат жазып: «...түрлі ведомстволарға тарап кеткен геология күштерін бір орталыққа қайтадан жинақтап, жер қазынасын іздеуді тиімді де пәрменді жолмен, кешенді әдіспен топтап барлауды» ұсынады. Тынымсыз Қаныш Имантайұлына бұл да аз.

Құндердің күнінде ол КОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысының қабылдауына тап болады. Мәртебелі басшымен сұхбаттың қанша мерзімге созылғаны, оның бүге-шігесі бізге беймәлім. (Тегінде, Қаныш Имантайұлы мұндай лауазымды қабылдау туралы әлдекімдер құсан мақтана әңгімеледі жаратпаған кісі. Сондықтан да шығар, ғалымның осы тәрізді қабылдау жайында ешқандай естелік, тіпті жазбалар қалдырмағаны...)

«Шынын айтқанда,— деп есіне алған-ды осы сұхбатты 1978 жылы бізben жүздескенде, сол күнде КСРО орта машина жасау министрінің орынбасары болып еңбек ететін П. Я. Антропов,— Қаныш Имантайұлының кездескен адамды бірден үйріп алатын жарқын келбеті, қандай да маманды өз пікіріне тілдесер болса еліктіріп, тіпті ниеттес етер ерекше қабілеті, әрине, мықты логикалық дәлелдермен партия мен үкімет басшысын сендіре сейлекені **одақтық геология қызметін біржола тараудан аман сақтап қалды**». Бұл ойын марқұм Петр Яковлевич Антропов ғалым туралы 1965 жылы жарияланған «Академик Қ. И. Сәтбаев» кітабында да: «Бұл істе ол бәрімізден де ғөрі табандылық көрсетті!— деп сүйсіне жазған.

Геологиялық қызмет ғана емес, оның ғылымы да шүғыл үйимдестіру шараларын тілеген-ді. «Бұрынғыдай кен белгілері жер бетіне шығып жатқан пайдалы қазбалар енді жоқ. Олай болса, бұған дейін көзіне көрінгенмен ізденіс бастауға дағдыланған геолог, алдағы уақытта ештеге көрмей-ақ кен қоймаларын барлауға тиіс. Былайша айтқанда, оған енді практикадан ғері теориямен көбірек қарулану шарт!» деген-ді КСРО Геология және жер қыртысын қорғау минстрі П. Я. Антропов Бірінші металлогениялық, кеңесте сейлекен сезінде (Алматы, 1958). Бірақ теория мәселелі де сол күнде қарапайым барлаушы геолог түгілі, ғылым иелерінің өздері әрең түсінгендей шым-шытырық халде болатын. Оны нақтылы барлауға жақындану үшін бірталай өзгерістер жасау қажет-ті...

**П. Я. АНТРОПОВТЫҢ естелігінен:** «Мынандай бір мәслихат еске түседі: КСРО Ғылым академиясының сол кездегі президенті академик А. Н. Несмєяновпен хабарластым да, геология ілімінің жайын талқылау үшін бір топ ғалым-геологтарды қабылдауын өтіндім... А. И. Вернадский атындағы геохимия және аналитикалық химия институты академияның химия белімшесіне қарайтын; ал қазба байлықтарды геофизикалық тәсілдермен іздеу — физика-математика белімшесінің қарауында; палеонтология болса биология ғылымдары белімшесіне бағынатын; соның кеселінен геология ілімі табан тірептін, ең негізгі саласын ерістету түгілі, бағыт-бағдар беру мүмкіндігінен айрылып қалған-ды... Бұл сұхбатқа академиктерден Қ. И. Сәтбаев, Н. С. Шатский, Н. М. Страхов және Д. И. Щербаков қатысты. Әңгіме үстінде Қаныш Имантайұлы бұл келенсіздіктің ете қолайсыз және қисынсыз екенін айтудан тайсалған жоқ. Өз пікірін ол нанымды айғақтармен дәлелдеп, геология ілімінің түрлі саласын бір басшылыққа бағындырып, яғни геология-география белімшесіне беру қажеттігін, сейтіп шикізат іздеудің кешендік тәсілін геологиялық қызметке ғана емес, оның іліміне де енгізууді талап етті.

— Осынау үйлесімсіздікті тездөтіп түзетпесек — бүкіл геология ілімін тығырыққа әкеп тіреуіміз анық. Қазірдің езінде ол ведомство аралық ұсақ тайталастың астында тұншырып, еңсесін көтере алмайтын халге жетті,— деген-ді ол ақырында...»

«Жер мен оған әсер етуші құбылыстарды зерттейтін ғылым салаларының өзара қарым-қатынасы... академияғалымдары арасында бір жылға тақау уақыт талқыланды, әр түрлі ұсынысы, пікірлер айтылды. Кешенді іздеу нәтижелеріне сүйенген Қ. И. Сәтбаев ез идеясын табандылықпен қорғап, әрбір мүмкіндікті пайдаланып қайталаумен болды. Ақыр аяғында оның ұсынысы КСРО ғылым академиясының төралқасында талқыланып, геологияның барлық тармақтарын Жер туралы ілімдер бөлімшесі етіп қайта құрумен аяқталды» деп күәлік етеді Д. И. Щербаков «Академик Қ. И. Сәтбаев» кітабында.

Ғылым академиясының ұйымдық өзгерісі 1963 жылы жүзеге асқан-ды. Ал Қаныш Имантайұлы президент болып отырған Қазақ КСР ғылым академиясының өзінде ше?

«...Космос әлемін зерттеудегі соңғы жылдардағы ірі табыстар геология мен астрофизика ілімдерінің бір-бірінә жақсы қолғанат болып, теориялық ғылыми бағытты өзара қүшетуге әсерін тигізді. Қазірдің өзінде біз геологияның жаңа тармағы — планеталық геология ілімі туғанын айта аламыз,— деген-ді Сәтбаев 1963 жылдың шілде айында еткен республика ғылым ошағының жалпы жиналышында жасаған баяндамасында.— Астрофизика мен геологияның творчестволық ынтымағы сөйтіп Жер бетіндегі ірі сызаттар мен қатпарлы құрлықтардың пайда болу заңдылықтарын қайта қарап, тағы басқа... құбылыстарды дұрыс түсінуге жәрдем беруде. Демек, бұл екі ілімді ғылым академиясының бір бөлімшесіне бағындыру ешқандай талас тудырmasa керек. Ол бөлімшени біз «**ӘЛЕМ және ЖЕР** (даралап жазған біз — М. С.) ғылымдары» деп атауды ұсынамыз».

Шындыққа жүгінсек, Сәтбаев ұсынған жаңа атауды бес жылдан соң сәл өзгертіп, КСРО ғылым академиясы да қабылдады. Бұл атау қазірде үйреншікті терминге айналды, тіпті тауып қойылған нақты да байырғы сөз болып кетті.

1963 жылы академик Қ. И. Сәтбаев төртінші мәрте Ленин орденімен марапатталады. Бұл жолғы жарлықтың мәтінінде «Қазақстан қыртысындағы қазба байлықтарды зерттеу және Одақтық геология ілімін дамытудағы үздік еңбектері үшін» деген анықтама бар-ды. Шынтуайтын айтқанда, кәсіби мамандығы бойынша Кеңес Одағының жоғарғы ордені оған төртінші рет берілгенін еске алсақ, оны кен барлаушылық һәм геология ілімі саласында қазақ перзентінің орасан зор сәтті еңбегін, дара тұлға екендігін мойындау деп үқсан жән сияқты...

1962 жылғы сайлауда КСРО Жоғарғы Кеңесіне Қаныш Имантайұлы төртінші мәрте депутаттыққа кандидат болып ұсынылып, парламенттің алғашқы сессиясында Одақ Кеңесі терағасының орынбасары мәртебесіне сайланған-ды.

Содан бір жыл бұрын (1961) қоңыр күзде еткен КОКП-ның XXII съезіне де ғалым шешуші дауыспен делегат болып қатысқан.

Қалайда бақ жүлдзызының аса биіктеп, қажыр-қайратының да мұқалмай, нағыз бабында, жаңа асуладарды алу үшін еңбек ете беруге құлшынған шабытты шағы еді...

## ҚЫРГА ШЫҚҚАН ДАРИЯ

1

Орталық Қазақстанның ірге кетерген ірі өндіріс ошақтарын сүмен қамтамасыз ету мәселесімен Қаныш Имантайұлы алғаш рет Ұлытауға келген жылдарында шұғылданған-ды. Тұрасын айтқанда, соған тіпті өзі де, жобалаушылар да «басын ауыртып» қиналған жоқ, ағылшындардан қалған жобаны әжетке жаратты: Құмода өзені бөгелді де, Қарсақбай зауытының іргесінен шағын бөгет тұрғызылды; көлемі азғана өндірісті, кішкене қалашықты бұл тоспа елуінші жылдарға дейін толық қамтамасыз етті. Үлкен Жезқазған құрылышы басталғанда, Кеңгір су қоймасы салынды. Соның арқасында алғашқы он бес жылда бұл өнір судан тапшылық көрген жоқ. Бірақ қала іргесі көтеріліп, алып шахтылар мен үлкен зауыттың, фабрикалар құрылышы жүрген кезде бөгеттегі судың жетпейтіндігі мәлім болды. Мамандар мұның да амалын жергілікті су қорын пайдалану арқылы шешті: Жанай шоқыларынан бұрғыланған терең ұңғымалар өзінің бір кезде «Бұл өнірде жерасты сұлары болуға тиіс» деген жорамалын расқа шығарып, Үлкен Жезқазғанның су қажетін он шақты жылға қамтамасыз етті... Алайда жетпісінші жылдары бұл қалада екі жұз мың, одан әрірөкті үш жұз мың халық тұрмак, өндірістері де еселең өспек. Демек, суга ділгірлігі де сонша есек кебейді, дәлірек айтқанда, бір ғана Жезқазған қаласына сексенінші жылдары қырық миллион текше метрдей су жетпейді. Оны қайдан алу керек?

Қарағанды өндіріс торабын сүмен жабдықтау қыншылығымен ғалым бетпе-бет 1942 жылы ұшырасқан-ды. Осы өнірде салынбақ қара металл өндірісіне орын белгілеуге келген үкімет комиссиясының сарабына жобалаушылар үш түрлі ұсыныс әзірлепті: бірі — Шерубай-Нұра өзенінің бойындағы Жартас маңы; екіншісі — Нұра бойы, үшіншісі — Самарқан бөгетінің тұсы; зауытқа секундына 2,2 текше метр су керек екен... Соңғы ұсынысты таңдауға Самарқан көлінің сенімді қоры тұрткі болды.

Он жылдан соң Қарағанды өндіріс торабына қосылатын тұрғындардың саны екі есеге жуық өсті. Соран, Шахан, Ақтас, Абай, Топар, Шахты, Теміртау сияқты серіктес қалалар пайда болды. 1965 жылы бұл төңіректе бір миллиондай кісі болмақ. Келешекте мұндағы халық саны тағы да өседі, өндірістер көлемі де. Ал бәрінің пайдаланатын сұы — шағын көлдер мен жергілікті ұсақ өзендердің көктемде еріген қардан жиналатын қор. Бұл да қажет келемнің үштен бірі ғана. Жетпейтін екі бөлікті қайдан алу керек?

Сарыарқа жонында өткен ғасырда алыптығы мәлім болған мол қазынаның ғажап қоймасы — Екібастұз көмір кениші. Кеңес геологияры Ұлы Отан соғысына дейін, одан кейін де біршама ізденіс жасап, оның құллі Одақ көлемінде ең арзан қазылатын әрі қоры орасан зор отын қоймасы екенін шүбәсіз анықтады.

(ХХ ғасырдың аяқ шенінде «Богатырь», «Шығыс», «Солтүстік» және «Майкөбен» аталатын терт кеніштен алынатын арзан да сапалы отын республикада өндірілетін барлық кемірдің алпыс процентін, ал соны қазандығына жақсан стансалар электр қуатының қақ жармысын беруге жеткен-ді. Ұзындығы алты, көлдененең екі-үш шақырымға тақау, терендігі 220 метр алып қазаншұқыр жылына 35 миллион тонна тұтасып жатқан көмірді шеміштеп куреп, қажет болса 50 миллион тонна да жөнелте алатын қуатқа ие еді. Сол себептен де ол шахтерлердің дуалы аузымен «Баһадүр» атанған.

1977 жылы КСРО Министрлер Кеңесі «Екібастұз отын-қуаттық кешенін салып және кернеуі 1500 киловольт Екібастұз-Орталық электр жүйесін тарту жөнінде» арнайы қарар қабылдаған. Бұл құрлыстың ересен алыптығын мына деректер айғақтаса керек: мұндағы көмір кеніштерінің жылдық қуаты 170 миллион тоннаға есіп, соның негізінде Екібастұздың іргесінен 5 жылу стансасы салынып, олар 20 миллион киловатт электр энергиясын бермек, оны жоғарғы кернеумен тұрақты ток түрінде тасымалдау үшін 2415 (айналмалы ток жүйелері – 5316 шақырым) шақырымға сым тартылады. (Америкадағы Тэннеси энергетика кешенінің 31 стансасының жалпы қуаты 13 миллион киловатт екенін және оның дүние жүзіндегі ең алып болып есептелетіндігін есте ұстадық.) Әрине, осыншама қыруар жұмысты атқаратын қалада ғасыр аяғында 300 мыңдай тұрғын халық тұрады деп жобаланып, соған орай сәулетті Екібастұз шәрі салынбақ-ты.)

Қуат-күші осындей көмір ошағын игеру үшін де мол су керек. Гидрогеологтар бұл төңіректі қанша жыл шарлады, ақыры Қалқаман темір жол (ол да 1949 жылы дүниеге келген-ді) стансасының іргесінен жерасты сұнының жақсы қорын тапты. Едел-жедел басталған Қалқаман-Екібастұз су құбырының құрылышы 1957 жылы бітіп, жылына ол бес миллион текшеметр су қотара бастады. Алайда ол Қазақстанның орталық және теріскей өнірін, Сібір мен Орал бойындағы барлық іргелі өндірістерді ең арзан электр қуатымен жарылқауға тиіс Екібастұздың жедел салынған алғашқы стансасына жұғын болмайтындығы мәлім болды.

(Мысалы, Екібастұз ГРЭС-інің бірінші стансасының қуатты конденсаторларын сұыту үшін секундына 118, ал жылына 4 миллиард текшеметр көлемде су керек екен.)

Не істеу керек?

Шідерті өзенінің бойынан бөгет тұрғызуға қаншама жобалар жасалды. Оның сұы бірак ашы. Ақыры, еңістегі Ертістен үлкен су құбырын жүргізу жобаланды. Есепке отырған мамандар он жылдан соң еселеп есетін Екібастұз қуаттарына ешқандай алып құбырдың су айдал үлгере алмайтынын, өте қымбатқа түсетінін жария етті. Оның болашағы да, демек қуатты су көзін табуға тірелген...

Қарағанды өндіріс торабына ол кезде Жезқазған, Екібастұздан өзге Теміртау, Қаражал, Балқаш, Ақшатау және Қарағайлы кен аудандары енетін. Бұлардың біреуі ғана суды «кеңірдегінен» кел-

генше алады, ол — Балқаш көлінің жағасындағы мыс алыбы. Өзгелерінің жағдайы — «ракымы мол» аспанға байланысты, яғни қар сүйн жинау... Мамандар бұл аудандардың өндірісіне 1975—1980 жылдары қанша су жетпейтінін есептеп шығарады, ал жиырмасыншы ғасырдың сонында бүкіл Қарағанды-Жезқазған экономикалық өндіріс торабына екі миллиард текше метр мөлшерінде су керек екен. Мұнша суды қайдан аласың?

## 2

Бұл өлкені суландыруға мамандар екі түрлі жоба ұсынған; алғашқысы — жерасты көздерін пайдалану, екіншісі — Ертісті бұрып, жарма қазу.

Жарма қазу қымбатқа түспек. Әңгіме бірнеше жұз шақырым жер қазып, иә алып су құбырын салу туралы болып отырған жоқ. Гәп су сұраған өндіріс ошақтарының түгелдей Ертіс арнасынан әлденеше жұз метр биікті, қырат-тәскейде тұрғанында. Яғни еңістегі суды ылдига емес, ерге қотару керек. Құрылыштың ете қымбатқа түсетіні өз алдына, күні-түні жұмыс істеуге тиіс сусорғыш стансалар үшін де аса қуатты энергия көзі қажет!..

Сол үшін де мамандардың көшпілігі жарма нұсқасын құп кермеген, мұндай ірі де тұрақты шығынға үкімет келіспейді деп есептеген. Амал қанша, екінші жолды ыңғайлы көріп, Орталық Қазақстан атырабынан гидрогеологтар жерасты көздерін іздеуге көп жылды сарп еткен. Ақыр аяғында олардың енбегі жанды. Ондаған жерден мол су көздері табылды.

Екі ұсыныс та көптеген мәжіліс, ғылыми конференциялардың талқысына түседі. Қайсысы дұрыс, қайсысы тиімді? Ғалымдар таласы бірер жылға созылды. Жарманың бір емес, ондаған нұсқасы жасалды. Жер астындағы су көздері туралы да сан алуан пікір бар, оның ішінде бірін-бірі теріске шығаратын кереғарларды да жетерлік. Осының бәрін талқылап, жан-жақты сарапқа салып, бір тұжырымға келетін мезгіл жетті.

Қаныш Имантайұлы бұл мәселені академияның 1958 жылы Қарағандыда шақырылмақ көшпелі сессиясында қарauғa ұсынады. Қуатты регионның өндірігіш күштерін ғылыми саралап, тағы бір мәрте талқылап, тиісті бағыт-бағдар беру қажет-ті. Соның ең бастысы — су мәселесі... Осыдан бір жыл бұрын академияның тेңралқасы республика энергетиктері Ш. Шекин, В. Китенко, С. Майзель, З. Берікқалиев, П. Калачев және бір топ мамандардың нақтылы ұсынысын талқылаудан соң «Ертіс-Қарағанды» жармасын жобалауға Москванды С. Я. Жук атындағы Гидроғоба институтына тапсырыс жасалған-ды. Қарағанды сессиясында осы мекеменің бас инженерінің орынбасары И. С. Семенов жаңа арна жайында баяндама жасайды. Қосымша айғақтармен жобаны қолдап Ш. Шекин де келелі сөз бастайды...

Жарманың ұзындығы 514 шақырым болмақ. Ертіс сүйкетерілетін ең биік нүктө — 475 метр. Ол шығыстағы еңістен ба-

тысқа қарай тік тартылып, Екібастұз көмір ошағын жанамалай өтеді де, Шілдерті езеніне құяды. Бұл болса солтүстік-шығысқа қарай ағатын өзен. Ал жарма суын кері бағытқа ағызы қажет, яғни ылдидан өрге қарай. Бұл міндепті қуатты сусорғыш стансалары және су тоспалары атқарады. Терт жұз оныншы шақырымнан кейін Ертіс суы ең жоғарғы тескейге кетеріледі. Одан әрі сыпыра ылди, дария өз ағынымен құлайды. Қарағандыға барған соң өте кең диаметрлі (бейнелеп айтсак, үш ат жеккен пәуеске еркін шауып өткендегі) темірбетон тұрбалар бойымен ең соңғы кен ошағы Жезқазғанға жеткізіледі...

Гидротехника өнері бұрын-соңды естіп-білмеген, бұл өнірде ешқашанда жүрмеген керемет алып құрылыш еді бұл. Оның бірінші кезегін салу үшін құрылышылар жетпіс миллион текшеметр то-пырақ аударып, он бір миллион текшеметр тас қашауға тиіс-ті. Ал сусорғыш стансаларын, ондаған су қоймаларын салу үшін қаншама құрылыш жұмыстарын атқарып, елді мекендер тұрғызыу шарт?.. Миллиардтаған сом қаржы!

Алайда қаншама ауыр да қымбат болғанымен, сусыз шара жоқ. Қарағанды сессиясы жарма жобасын мақұлдаған шешім қабылдайды.

Сессия қаулысы канал құрылышын бастауға берілген бұйрық емес. Тек қана ғылыми ұсыныс. Оны жүзеге асыру үшін бір емес, әлденеше жоспарлаушы, жобалаушы және құрылыш мекемелерінің талқы, тұжырымы керек. Одан әрі үкіметтің арнаулы қарары!..

Айтыс та осы қарсанда өрбіген. Москвадағы «Водоканалпроект» институты 1949 жылы жер астындағы су көздерін пайдалануға негізделген жоба ұсынған-ды. Сол ұжым Ертісті Арқаға бұру ісіне мұлдем қарсы екендігін мәлімдейді. Оларға бір топ алматылық гидрогеолог-ғалымдар қосылады. Бұлар тіпті ымыраға келмейтіндігін ашық сездіруді ойлап, өз пікірлерін баспаса з бетінде жария етеді. «Казахстанская правда» газетінде (21 шілде. 1959) жарияланған «Жерасты сулары» атты мақаланың бұл мәселе леге мемлекеттік сипат бериу үшін әдейі жазылғанын аңғару қыны емес: «Қазақстанда бірнеше жерасты теңіздері бар. Олардың үстінен бұрғыланған әрбір скважина тәулігіне бес жұзден бес мың текшеметрге дейін, ал кейбірі сегіз-он мың текше метр су бере алады. Бұлардың ең «кедейі» деп есептелетін «Қарағанды теңізі» секундына 25 текшеметр су бермек...» Тағы бір басылым «Жерасты теңіздері» деп аталған-ды: «...Қазак даласындағы жерасты суының молдығы соншалық, оның барлық қорын қосып есептесек, жиырма үш мың миллиард текшеметрге жетеді. Бұл Арап теңізінен он сегіз есе артық көлем, яғни Балтық теңізінің су қорымен парапар. Соның ішінде жер қыртысының ауырталық күшінің әсерінен үстіге өзі шашып шығатын су қоры екі мың миллиард текше метр шамасы. Бұл да Балқаш көлінен он бес есе, Күйбышев жасанды теңізінен отыз бес есе артық су...» деп жазған-ды академик У. М. Ахмедсафин «Білім және Еңбек» журналында сол жылы басылған екінші мақаласында.

Канал қазуға қарсы тұрған мамандар ез пікірлерінің дәлеліне мұнан да өзге нағымды айғақтар келтірген. АҚШ-тағы барлық қалалардың сексен проценті жерасты сүйн пайдаланады еken — өндіріс қажетіне, ішуге ғана емес, бүкіл егісінің жиырма жеті проценттін суғаруға да; ал Қазақстаннан он есе кіші аядай Жана Зеландия аралы жер астынан күн сайын екі жұз жетпіс мың текшеметр су шығарып отыр; оны аз десеніз, техникалық күш-қуаты біздің шерігімізге келмес Индия елі де бұл істе кеп жұртқа үлгі болғандай енеге көрсетуде. Осындай озық үлгі, бай мүмкіндікті неге пайдаланбаймыз?

Рас-ау, бәрі де ойланатын гәп, еріксіз мойындақтандай нағымды дәлелдер! Сонау қырыда, түү еңіste жатқан Ертісті шынында да өрге айдал, теріске ағызып азап не? Табан астында миллиардтаған текшеметр су қоры, алып теніздер әжетке аспай текке жатқанда?! Жер-жерден ұңғып бүрғы сал, құрдым тереңге бойла да, артезиан сүйн үстігетарт. Құбырлар құрып, әлдебір көлдің табанына, іә қолдан соққан тоспаға жина! Бітті шаруа! Ешқандай жарманың, алып құрылыс жүргізуің қажеті жоқ. Қандай тамаша, нақты ұсыныс!

Оп-оңай сияқтанған әрі қарапайым ұсыныстың нақ сол күндерде біраз жұрттың ойын бөліп, көңілін алабұртқаны анық. Өсіресе бейнелі теңеуге өүес тілшілер қауымын, үлкенді-кішілі газеттерді. Шын-ау, «Жерасты теніздері» деген сиқыр сөздің былайғы жұртты керемет қызықтырғаны сонша, жарма қазу мәселесін қайта талқылау қажеттігін және оны «жершілдік» пиғылмен өзінің туып-әскен өлкесі Сарыарқаға бұрмай, шынайы мемлекеттік кезқараспен қарau жөнінде сыпсың сез қозып, тіпті жерасты сұларын пайдалану хақында газеттерде бас мақалалар жазылсын...

1959 жылдың 26 маусым күні академик Қ. И. Сәтбаевтың ынтасымен шақырылған Геологиялық ғылымдар институтының ілім кеңесінің төтенше мәжілісі осы мәселені талқылауға арналады. Оған республиканың су, энергетика, гидрогеология мекемелерінің жетекші ғалымдары, білгір мамандары қатысқан.

Сол жылдың № 9, көлемі 5 парақ хаттамасынан ықшамдалған үзінді келтіреміз:

\* \* \*

**«Қ. И. СӘТБАЕВ:** Ертіс-Қарағанды жармасының құрылысын бастауға бірқанша ірі шаралар жасалуда. Алайда, «Водоканалпроект» бұған қарсы екендігін мәлімдеді. Олардың керегар ойын қызу жақтаған пікірлер өз ішімізден де шығып отыр. Осының бәрі жарма тағдырын таяу арада шешүгे керегар әсер етуі мүмкін. Сол себепті, біз бүгін қайыра талқылап, осынау аса маңызды және дәйекті шаруа қақында нақтылы пікірге келсек жен болар еді...

**У. М. АХМЕДСАФИН:** Соңғы жылдарда көптеген ұжымдардың зерттеуі нәтижесінде жинақталған гидрогеологиялық материалдарды талдау Орталық Қазақстанды сүмен жабдықтау про-

блемасын жер астындағы мол кездер арқылы шешуге бізді иландырып отыр. Бұл үшін тек гидрогеологиялық зерттеуді онан әрі кенейтіп, жер астындағы суды барынша пайдалану қажет деп есептеймін. 1965 жылдың өзінде бұл өнірдегі артезиан құдықтары секундына 3,5—4,0 текшеметр су беретініне ешқандай күмән жоқ.

**Ж. А. АЙТАЛИЕВ:** ...Алайда артезиан құдықтары осы жетіжылдықта канал жеткізгендей су қорын бере алмайтыны айқын емес пе.

**Қ. И. СӘТБАЕВ:** Қарағанды өндіріс торабының 1965 жылғы сү қажеті секундына 25 текшеметр болатынын ұмытпаңыздар.

**А. Я. АВРОВ:** Соңғы жылдарда менің қатысуыммен Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Кекшетау облыстарының тың кетерген және тыңайған жері бар аудандарында жұз шамалы ұнғыма бұрғыланды. Солардың біреуінде, яки Ақтөбе облысында ғана жергілікті қажетті өтейтін жерасты сулары табылды, қалғандарының бергені мардымсыз... Қарағанды сынды алып өндіріс ошағын Ертістен тартылатын жарма ғана өтей алады.

**В. В. ГАЛИЦКИЙ:** Жерасты суларын ділгірлікті өтейтіндігін ең алдымен экономикалқы есеппен дәлелдеу керек.

**И. П. НОВОХАТСКИЙ:** Жарма құрылышына жерастындағы суды тарту мәселесін қарсы қоюға болмайды. У. М. Ахмедсафин жерасты сүйн пайдаланумен қоса жарма құрылышы қажет екендігін түсіндіріп, баспасөз бетінде мақала жарияласа деймін.

**С. К. КАЛУГИН:** Жарма туралы мәселе көптен бөрі айтылып келеді және оны дұрыс шешім деп білемін. Оның құрылышын жер астындағы суды пайдалану мәселесіне байланыстырмау керек. Жарманы салу сезіз қажет.

**А. А. ФЛЕРОВ:** Қазақстанның жер астындағы су қоры, әрине, аз емес. Оны жер-жерде, керегінше ғана қажетке жарату керек.

**М. П. РУСАКОВ:** У. М. Ахмедсафинның қатесі – жерасты сүй тараған аймақты «теніздер» деп атаяу. Өлбетте бұл – теріс атаяу. Ертіс-Қарағанды жармасын салу керек. Сонымен бірге жер астындағы суды тиімді пайдалану жолдарын да зерттеу қажет.

**А. А. ФЛЕРОВ:** Жер астынан секундына төрт текшеметр суды үстіге көтеріп, оны бір жерге жинау да, меніңше, күрделі инженерлік құрылыш.

**С. К. КАЛУГИН:** Өлбетте, мұнша суды жоғарыға көтеру үшін тереңге ең кемі 150—200 ұнғыма бұрғылау қажет. Бұл да қанша ма қаржы!

**И. Ф. КОЛОТИЛИН:** Айтып-айтпай не керек, жармасыз болмайды. Оған жұмсалған шығын езін ақтайды.

**Г. Ц. МЕДОЕВ:** «Жер астындағы теңіздер» деген сөз, әрине, дұрыс емес, «Жер астындағы су» терминін оп-оңай бұрмалап, ғылымға ешқандай қатысы жоқ берекесіз айтыспен шүғылдануға да тыйым салу керек. Ертіс-Қарағанды жармасының құрылышы ешқандай құдікісіз басталуға тиіс. Бұл болса Қарағанды мен Екібастұз ғана емес, жолшыбайғы Бозшакөл, Бөрлі, Қожан-Шат және өзге де өндіріс ошақтарын игеруге жол ашады...

**У. М. АХМЕДСАФИН:** Әлбетте, Қарғанды өндіріс торабына секундына 25 текшеметр су керек болса, жерасты сулары мұндай көлемді бере алмасы түсінікті. Сол себептен жарма тартудың қажеттігі айқын. Менің ұсынысым ауыл шаруашылығының қажетін етеуге арналған...

**С. М. МҰХАМЕДЖАНОВ:** Ахмедсафин жарма құрылышына қарсы болған жоқ. Мәселені дабырайтып, жұртшылықты лақпа сөзге елірткен, сірә, газет тілшілері болу керек. Жарма салу мәселе тездету қажет...»

\* \* \*

Дау бірақ тоқтаған жоқ. Қайсысы тиімді: жарма құрылышы, әлде жер астындағы суды көтеру?.. Мамандар пікірі сан алуан. Бәрі де өз ойларын ашық айтып, кекейіндегі күмән-күдігімен бөліскең. Қаныш Имантайұлының бұл мәселе жайындағы ойы мейлінше айқын болатын...

«Түптеп келгенде мәселе — жер астындағы судың Қарағанды өндіріс торабының қажетін толық өтей алмайтындығында емес,— деген ғалым.— Әңгіме сол суды орнынан қозғауға болмайтындығында!.. Әрине, жұртшылық көңілін еліктіргендей елеулі деректерді сұрыптаپ алып, түсінік-түйсігі жадағай, маман емес газетшілерді қызықтыру оп-онай. Бірақ не үшін, қандай мақсат-пен?!.. Немесе Орталық Қазақстанның құрғақ та қатал табиғатын біле тұра, оны мұлдем басқа құрлықта, геологиялық дәүірі де өзгеше мезгілде жаралған Америкамен, Жаңа Зеландия иә Индиямен салыстыру кімге пайда — жерге, елге, әлде өндіріске ме?.. Түсінбеймін! Жұртты дүрліктіретін мадақ пікір туғызу демеске амалым жоқ... Тіпті басқа факторлардыбылай қойғанда, бұл өлкеге жыл сайын түсетін жауын-шашынның көлемін есептеп көрініздерші. Иә, иә, салыстырған соң мұндай деректерден де бас тартпау керек. Әлгінде атаптап елдерге қанша жауады, Орталық Қазақстанға қанша?.. Қызыларай, Кент, Қарқаралы, Ұлытау сияқты таулы аймақтарға жылына 350—400 мм, ал онтүстіктергі құрғақшылық аудандарға небәрі 150 мм. Демек, шетелдердесәтті пайдаланады еken деп, кең-байтақ даламызға аз да болса өң-келбет, тірлік беріп отырған бұлақ көздері мен өзен-көлдерінің терендейтін табиғи қорын — тұщы сулы артезиан бассейндерін бей-берекет үстіге қотарып және оны өндіріс тораптары қажет еткендей зор көлемде шығара бастасақ тұған жердің келешек тағдыры не болады, соны төбіреніп ойлаған маман бар ма еken, сірә?!. Жер астындағы су кездерін алуға ежелден кәсіптенген елдердің табиғаты мұлдем бөлек, олардағы шығыс пен кіріс бірін-бірі теңгеріп отырады. Ал бізде?.. Шынымды айтсам, менің бұған күмәнім бар. Артезиан бассейндері өте баяу қалпына келеді, оларды қайта толтыру үшін ондаған жылдар қажет. Ал біз сол бассейндерді өндірістік көлемде, қауырт пайдалану жайында ұсыныс бермекпіз. Жә, жер астында тек жатқан «төңіздерді», шынымды айтсам, солардың су қорының көлеміне де менің күмәнім кеп:

теңіз бе ол, жоқ, әлде әншейін бір көлшік пе — оны да әлі зерттеу керек! Ал қоймалардың сүйн ала бастадық дейік. Бірер жылда оның түбіне жетеміз. Босаған кеңістікті жылма жыл толтырап қар иә жаңбыр сүйнің дәрмені шамалы. Сөйтіп, тілейік-тілемейік, ту теренде, ең тәменгі қабаттарда қозғасыз жатқан тұзды су көздерінің үстіндегі босаған кеңістікке кетерілуіне жол ашамыз. Мұны мен ойдан шығарып тұрғам жоқ, табиғаттың ез заны. Кеп жылдар тұщы су беріп тұрған артезиан құдықтардың кенет тұз қосып қойғандай ашы болып кететінін көріп жүрміз... Өндіріс қажетін өтей алмаймыз. Ең қыны, онсыз да тұзы бетіне шығып жатқан қағы кеп жер қыртысын онан әрі тұздаймыз, ал бұл менің ойымша, туған жердің келбетіне жүздеген жылдар бойы түзелмес, бәлкім, мұлдем түзеуге болмайтын жарақат салу!.. Осы қастандығымыз үшін келешек үрпак бізге ракмет айтар ма екен? Әлде лағынет естіміз бе? Бұған да ойланыңздар. Неліктен біз жер қойында жатқан барлық байлығымызды, бұған мен су қорын да қосамын, алды-артымызға қарамай, еш нәрсеге ойланбай, тыптипыл етіп құрта беруіміз керек? Жоқ, біз оларды көздің қарашығында сақтауға міндеттіміз! Өзімізді өмір баки асырап отырған табиғатты қорғау, жер астындағы қазба, су байлықтарымызды шақтап пайдалану — бұл, жолдастар, болашак үрпақ алдындағы қасиетті борышымыз!.. Әлбетте, мен Сарыарқа қойындағы жерасты сүйнің ауыл шаруашылық қажеті үшін пайдалануға, айталық, жан-жануарды суғарып, өгін, қекөніс өсіруге, елді мекендердің әжетін өтеуге жұмысалуына ешқандай қарсы емеспін. Тіпті ол кішігірім өндірістін, шағын стансалардың қажетін шығарсын. Жылма-жылғы қар мен жаңбыр сүйнің шығынды әрқашанда толтырып отырады. Жерге одан келер зиян жоқ... Ал жарма құрылышын ешқандай дау-дамайсыз жақтағанымыз жөн болар. Мен өзім Орталық Қазақстанды, оның қуатты өндірістерін мол сумен жабдықтаудың мұнан өзге жолын әзірше көрмей тұрмын. Сондықтан да бұл өлкеге Ертіс сүйн аудайд қажет демекпін!..»

Мәжілісте екі ұсынысты да жан-жақты әрі экономикалық тұрғыдан зерттейтін сарапшы мамандар тобы құрылған-ды. Қазақ КСР Ғылым академиясының энергетика институтының директоры академик Ш. Ш. Шөкін басқарған топ біраздан соң есептеу қорытындысын шығарды: жер астындағы суды кетеруден түзілетін жалпы қор және Теніз-Қорғалжын, Қарасор көлдері, жергілікті өзендер жиналып жылына 585 миллион текшеметр су береді екен; яғни бұл — секундына небәрі он сегіз текшеметр су келіп тұрады деген сөз. Бұл болса — Қарағанды өндіріс торабы 1980 жылы пайдаланатын судың төрттен бір ғана бөлігі...

Сейтіп, «Водоканалпроект» институтының жобасы, оны жақтаушы — қазақстандық гидрогеологтың бопсасы әншейін сөзге айналды. Сарапшы мамандардың бұл жайындағы пікірі тіпті анық, әрі тұжырымды еді: «Жерастындағы су қоймалары күмәнді әрі Қарағанды-Екібастұз өндіріс торабын ешқашанда толық қамтамасыз ете алмайды. Жетіжылдық жоспар тапсырмаларын ойдағыдай орындау үшін — жарма құрылышын тезірек бастап, Орталық Қазақстанға мол су жеткізу шешуші рөл атқармақ...»

Президент кеңесінің архивінде 1959 жылғы 11 шілдеде Қ. И. Сәтбаев қол қойған, КСРО Министрлер Кеңесінің бірінші орынбасары және Жоспарлау комитетінің сол кездегі тәрағасы А. Н. Коғынгынге жолданған ресми хаттың көшірмесі сақтаулы: «Орталық Қазақстанның бүгінге дейін барланған, ешқандай шұбасыз мәлім болған қисапсыз мол қазба байлығы және оның Отанымыздың шикізат қорын арттырудығы сүбелі үлесі айқындалған іс... Сіздің бұл мәселеге зор ықыласпен қарап, Ертіс-Қарағанды жармасының құрылышын алдағы жетіжылдық жоспарға енгізуге нақты жәрдемдеседі деген сеніммен, езімнің және Қазақ КСР ғылым академиясының атынан...» деп басталған бұл хат Қарағанды – Жезқазған – Екібастұз экономикалық аймағы үшін ділгір мәселенің бүге-шігесін баяндауға арналған...

Сол жылдың жазында Қаныш Имантайұлы Москваға аттанауды. Сонау 34-жылғыдай онда бірқанша уақыт жатып, осы мәселені онды шешуге қатысты талай мекеменің, солардың беделді де білгір сарапшы мамандарына жолығып, шешуге ынтық бол отырған ісін айтады. Бір тәуірі, бұл қарсанда академик Сәтбаевты жүрттың бәрі біледі – ұсақ-түйек шаруа үшін жүрмейтінін де; кімге кірсе де ықыласпен тыңдал, қолынан келген көмегін аямайтынын, тіпті Қаныш Имантайұлының бір басының қадірі үшін сөзсіз жәрдемдесетінін естіртеді... Ақыры, бір күні ол алдынала келісіп, КСРО Министрлер Кеңесі тәрағасының бірінші орынбасарының қабылдауына барады.

Осы арада Т. А. Сәтбаеваның ері туралы естелігіне жүгінейік (қолжазба, 261-б.): «Сіз маған әуелі бұл құрылыштың Қазақстанға қаншалықты қажет екенін түсіндіріп беріңізші,— дейді Коғын кірген бетте-ақ ғалымға қарсы сауал қойып.— Кейбіреулердің пікірінше, жарма тартудың сіздерге керегі жоқ, жерасты суларын молдап көтеріп-ақ ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің де оған ділгілігін толық өтеуге болатын сияқты. Ал тағы біреулер жармасыз болмайды деседі. Осының қайсысын сіз жөн деп білесіз?...»

Сонау бір жылдары ауыр өнеркәсіп наркомы, Политбюро мүшесі С. Орджоникидзенің алдында отырып, Үлкен Жезқазған үшін темір жол тартудың ауадай қажеттігін дәлелдегені сияқты, Жоспарлау комитетінің тәрағасына әрі сол күнде әйдік хатшы, үкімет басшысы Н. С. Хрущевтің өзіне сөзі етімді, парасатты мемлекет қайраткеріне тұра қарап, сенімді де жайдары шыраймен тебірене әңгіме бастайды:

— Қымбатты Алексей Николаевич, сіз мені соғыс кезіндегі ауыр жылдардан білесіз, сізben әрқашанда мәселенің турасын айтып үғысып келеміз... Қазір де сол әдептімен айнығым келмейді, әмбебі сіздің маған деген сеніміңізден!.. Туған Қазақстаннымның жерасты қазынасын ашуда мені бірдеме бітірді деп білсеніз, сізге өте ащи бір шындықты естіртейін: Орталық Қазақстанның геологтар іздел тапқан көп қазынасы әжетке аспай бос жатыр; осы күнге

дайын шұқылап қана қазып жүргеніміз — он бөліктің бірі ғана, тіпті одан да аз; мыс, марганец, қорғасын, қисапсыз мол тәмір көндері, ал Екібастұз Одактағы төртінші отын, әрі ен арзан көмір ошағы атануға сұранғалы қашан!.. Айтпаңыз, бұл кеніштің қоры да, энергетикалық қуаты да керемет зор!.. Осының бәрі суға тіреліп, қолбөгей болып түр. Қысқасы, бұл өлкеге бір кезде темір жол қаншалықты қажет болса, Алексей Николаевич, көгілдір жолсызы, яғни кен арналы жарма арқылы су жеткізбей ештеңе өнбейді. Жерасты суларын тарту — уақытша тірлік, әмбес экологиялық зардабы мол іс. Және «төніз» аталып жүрген соларды көрген кісі жоқ, демек, сенімсіз шаруа... Жарма ғана, қымбатқа түссө де, үлкен де қазыналы аймақтың тағдырын шешеді!..

КСРО-ның құллі өнеркәсіп пен қаржы мәселесін уысында ұстап отырған қайраткер әкім қазақ ғалымына бірнеше сауал қойып, ойнда күдік туғызған барлық дұдамал жайттарға қанағаттанарлық жауап естіген соң көмекшісін шақырып, ұзын үстелдің бір шетінде қаттаулы түрған қомақты бумаларды нұскап:

— Мыналардың бәрі де сіздің әлгінде маған айтқан пікіріңізге мүлдем қарама-қарсы уәж айтқан тұжырымдар. Оларды өте жауапты, өзіндік ойы бар, атақ-беделі жеткілікті ғылым иелері жазған... Сөйтсе де, қымбатты Қаныш Имантаевич, сіз мені ез ойынызға біржола иландырыңыз!— дейді.

Бұдан арғы әңгімені ғалымның өз аузынан естіген Таисия Алексеевна естелігінде былайша түйіпти: «Заберите все эти бумаги и подготовьте, решение, канал Иртыш-Караганда будем строить!»— депті үкімет тәрағасының орынбасары көмекшісіне...»

Әңгіме, әрине, бұл сұхбатпен бітпеген. Бірнеше миллиард сом тұратын алып құрылысты екі қайраткердің өзара тіл табысқан шешімімен тындыру мүмкін емес-ті. Қаныш Имантайұлы жарма құрылысын жедел бастау жөнінде төтенше шақырылған КОКП-ның XXI съезінің мәртебелі мінберінен де сөз қозғап, Арқа елі құлак түріп отырған ділгір мәселенің маңыздылығын қайыра дәлелдеуіне тұра келген...

Құрылыстың жобасын әзірлеп, түрлі мемлекеттік мекемелерде бекіту біршама уақытқа созылды. КСРО Министрлер Кеңесінің бұл жайындағы тарихи қаулысы 1961 жылы қабылданса да, жарма арнасына экскаваторлар шөмішінің тісі бірден қадала қойған жоқ.

«Ертістен бастау алмақ жарманың схемасы түрлі дау-шарға душар болды: біреулер оны кенеуі үлкен тұрбалар арқылы, екіншілер тұрбаға қоса ашық арна тарту қажет... десіп кеңірдек жыртып бақты. Ақырында, Сәтбаевтың зор беделі, ғалымның басқалардан гөрі келешекке кемел көзбен қарағаны жеңіп, жобаға сол кісі ұсынған схема негіз болды...— деп күәлік етіпти осы жарма құрылысында еңбек жолын бастап, кейіннен екінші кезеңі салынған кезде бас жетекші болған, «Өзіме жол» («Путь к себе») атты ғұмырнамалық кітабы үшін Қазақстан Республикасы Елбасының «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының иегері атанған Л. К. Полежаев (Омбы облысының губернаторы).— Шынында

да құрылыштың ашық жарма арқылы мол суды жарым шақырым біккө көтеруі — техникалық жағынан таңғаларлық өтес батыл шешім. Дүние жүзінде ұзындығы жөнінен екінші жарма әрі керемет алып құрылғыс болғандықтан оны салуға құллі Одақ атсалысты. Қазақстанның құш-қуатын ерекше арттыруға арналған жасанды өзен еді ол! Оны салу Ертіс арнасын Өскемен мен Бұқтырма түсында бегеп, ГЭС-тер тұрғызыған «Иртышгэсстрой» ұжымына жүктелді. 1963 жылы жарма құрылышшылары ұлы өзеннен жетпіс шақырым өрдегі Қалқаман елді мекенине көшіп келіп, жұмысқа кірісті...» (А., «Қазақстан» 1993, 256-б.)

Қысы-жазы тоқтаусыз жүрген құрылыштың алғашқы кезегі алты жылға созылды: 1967 жылдың 5 желтоқсан күні 16 сағат 20 минутта Ертіс жағасындағы бірінші сусорғыш станса жарма арнасына су қотаруды бастады; алты тәуліктен соң Алтайдан бас алып, Солтүстік мұхитқа бей-берекет жөнкіліп жатқан шалқар дарияның мол сүй үстірт демей Екібастұзға келді; араға және қанша айлар, жылдар салып Қарағанды мен Теміртаудың арғы-бергі бектеріндегі елді мекендер мен өндіріс ошақтарына жетті. Жеті жылдан кейін құрылыштың екінші кезегі басталып, Ертіс сүйн Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет аудандары, өндірісі зорайған Жәйрем мен Қаражал кеңіштері алатын болды. Өзекті өртеген бір өкініш: жарманың зор тұрбалар арқылы Жезқазғанға су жеткізетін бөлегі аяқталмай қалғандығы!..)

(Қатал тағдырға не шара, шай қайнатарлық ауыз суға да жарымай, ғасырлар бойы шаң қапқан тырбық жусан мен бетегеге беккен, сүй ащы қөлдері мен өзендері тартылған кезде түбі актаңдақтанып түз нәлін ауаға үздіксіз сепкен шөлейт далаға жан бітіп, езге тірлік басталғанын, сол игілікке көп жылын, құш-қайратын сарқа жұмсаған ұлы кеменгердің өзі көре алмай кетті!..)

Жарма құрылышының негізгі бөлегінің аяқталғанына да талай заман өтті. Дарқан өмір алдымыздан неше алуан өзгерістер туғызуда. Солардың бірі — тәуелсіз Қазақстанның түстіктеңі әсем астанасын өзгертип, қазақ жерінің ту ортасындағы Ақмолаға қоныс аударуы. Жаңа астанада қазірде ұш жұз мыңдай халық тұрады, енді бір он жылдан соң оны мекендеушінің саны екі есеге жуық өсіу ықтимал және заңды құбылыс. Бүгінде Есілдің мол сүй Астана тұрғындарын ауыз суға тарықтыра қоймайды, өндірісіне де жетіп тұр. Ал қала халқы алты жұз мыңға жеткенде?..

Басқадай бір мол дария көзі табыла қалмаса — қоры шектеулі Есіл өзенінің бүл ділгірлікті өтей алмасы анық. Не істөу керек деген сауал сол кезде тағы да тууы кәдік...

«Ертіс-Қарағанды жармасының Ақмола тармағына тартудың техникалық жөні маған Шідерті су қоймасы төңірегінен (сегізінші сусорғыш стансадан сөл жоғары) су алудан басталып, жарманың Павлодар-Ақмола темір жолын қуалай отырып, Ақмола маңында Есіл арнасына барып қүюға тиіс түрінде көрінеді. Оның ұзындығы 270 шақырымдай, суды небәрі 120 метр биіккө көтеру керек... Ал одан әрі осы суды Есілден Торғай өзенінің жоғарғы жағымен Құсмұрынға жеткізуға болар еді...»— деп жазыпты Шапық Шекіұлы «Өмірдің терт мезгілі» кітабының 267-бетінде.

Бұл ой күндердің күніндеге өмірге асатын болса, тағы да нешінші мәрте таңдай қағып: «Қайран Қанекендей асылымыз мұның да іргетасын білгендей қалап, Ертістің мол сүнін қанша жыл бұрын бұрып кеткен екен-ау!..»— сүйсінеріміз хақ!..

## ПАРЫЗ

1

Арқадағы атамекеніне бір барып қайту соңғы кезде, жиі ауыратын болғаннан беріде есінен кетпей, тіпті сағына ойлайтын ісіне айналған. Теленбекен борышында сезінетін. Жыл асқан сайын бірақ соған жете алмай қойды. Тек жуықта, академияның жаңадан ашылған химия-металлургия институтының жай-күйіне бола Қарағандыға барып қайтуға келіскең күні өзін мазалап жүрген жайт ойна оралып, көмекшісін шақырды да:

— Беке, жасы үлкен ағаң ретінде өтінішім бұл,— деп бастап, Айырықтағы атамекеніндегі ата-анасының ескі зиратын жендеуге жәрдемдесуін ықтияттады. Қажет қараждатты да қолына ұстап, қыстаудың жөн-жосығын, зираттың қай жерде тұрганын, кімнен сұрап, не істеу керектігіне шекті қағазға сзып берді...

Кеміршілер қаласына келген соң да сол шаруаның сәті түсे қоймады. Президенттің бір басына әрдайым мол жүктелетін міндет пен борыш бұл жолы да оны бір күн босатқан жок.

Кеше қала шетіндегі шахтылардың бірінен қайтып келе жатқандағы ғалым өкінгендей:

— Беке, Айырықтың жолы алыстап барады-ау,— деп қалған-ды.

Президенттің бұл сөзін көмекші ескерту деп ұқты да, өзінше әрекет етуге бел буды. Келесі күні таң сәріде Қаныш Имантайұлын оятып:

— Екі құлпытас тиелген жұқ машинасы жолда, іңірде жөнелткем. Өзіміз мінетін «Волга» есік алдында тұр. Ертеңгі жиналықа дейін бір күн далаға шығып, қыр ауасын жұтып, демалып келсек — рақат болар еді! Қалай кересіз, Қанеке?— деген-ді.

Қаныш Имантайұлы тез сергіді.

— Далаға шығып деймісің? Үлгереміз бе? Апрай, ә!..

Бастығының жүрге келісерін, өзінің тосын ұсынысын қуана қабылдағанын сезген Бөлекан Аяпбергенов:

— Үлгергендеге қандай! Барар жолға төрт сағат. Айырықтың езіне төрт сағат, қайтарға және төрт сағат қойып отырмын. Таңғы бесте қаладан аттансақ іңірлей қайтып оралуымыз сөзсіз. Жолтаныс, бегет жоқ. Тамақ пен сусын машинаның ішінде...

Қанекен үндерген жоқ. Іскер серігіне риза болғандай, әлде қуандай пішінмен жымия бір қарады да, апыл-ғұптың киіне бастады.

Жолсерігінің болжамы дұрысқа шықты. Қекпекті, Ульянов селолары арқылы өтетін тас жолмен ағып отырып, Үміткер ауылына

жеткен соң, Шадыраға туралай тартқан жүйрік «Волга» тәрт сағатқа жетер-жетпес мерзімде жолаушыларды Ақкелін тауларының сілеміне іліндірді. Құлпытас салынған машинаны да сол кезде қуып жеткен. Тұнде жер орталап барып, кез шырымын алуға тоқтаған жүргізуші таңғы салқынмен қайтадан заулап келеді екен.

Бөпежан мұны да жол болдыға жорыды. Бар шаруаның өзі айтқан мерзімде орнына келетініне ол енді шубәланған жок.

Дала да жасанып тұр еді: қайда қарасаң да көк-жасыл реңмен құлпырған сай-сала, ғұл жайқалған көгалды алқаптар; біресе оңнан, біресе солдан оқшауланып жол күзеткен қарауыл шоқылар; бұқпа сайлардың етегінен, тал-шіліктің тараң аяғынан сылдырап ақкан мөлдір бұлақтар; ең аяғы қара жол қырқаға шығып, көделі даламен бұраландай жөнелгендеге донғалаққа төсеген иен жазыққа дейін... шеру болған азаматтарға қошемет білдіріп, шексіз қуаныштағандай. Аспан да биіктеп кеткендей, қымылсызың тұнып қалған. Күн айдарланып көркем шықты. Тап қазір қақ ман-дайда, «Қуаныштымын бұл сапарға!» деп құліп тұрғандай...

«Бұл нениң қуанышы? Сағыныш па? Сағыныш болса — мынау шешірелі дала, анау жақпар тасты биік тау... Іңкәр көңілдің жайлауы шығар. Қуанышы — туған жерімен қауышуы, сірә? — Өзі жақ есіктің әйнегін кеңірек ашып еді, гулеген ауа самай шашын үрлеп, бетін жуып, сау-сау құйыла бастады. Арқаның ежелгі дару самалы. Бұ да жанын тебіренткендей, маңдайын емірене сипаған ата-ананың жұмсақ алақанындағы сезілді.— Самал жел, сені де сағындым. Туған жердің шәрбат ауасы, саған да құштармын бүгін!..»

Осы ма еді көкейіндегі інкәр сыр? Көптен бері жүрегін лүпілдеткен сағыныш жыр? Айырған жок. Айыруға тіпті шамасы келмей қалды. Күмбірлеген әнге айналып құйқылжи төгілсін:

Шықши тауға, қарашиб кең далана:  
Мәз боласың, үқсайсың жас балаға.  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсөң,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?!

Машинаның артқы креслосында былқ-сылқ қалғып отырған Бөпежанғалымның даусы оқыс шыққанда селк етіп, алдына қарашан: манағы бір әзірде көз ұшында бұлдыраған кекшіл таудың оқшау басы одырайып жақындағы түскен, етегіндегі қалың тал да дараланып айқын керіне бастапты. Алабас екенін айытпай таңыды. Ғалымның ата қыстауы — осы таудың арғы бауырында, қол созым жер.

Уа... дарига — алтын бесік туған жер,  
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр?  
Жата алмас ем топырағында тебірленбей,  
Ақын болмай, тасың болсам мен егер!

Селдір шашты, кекшіл көз, мосқал жүргізуші «Мына кісі қайтеді?» дегендегі әредік аңыра қарап қояды. Сірә, әйгілі ғалым, езге де дәреже-атағы осал емес, тым үлкен кісінің мына өнеріне

таңырқағандай. Таңырқауынан гөрі сүйсінгені басым. Қарағандыға келгелі көшір болып жүр, қарапайымдылығын сол күндерде әбден таныған тәрізді еді, алмына... ән шырқауың бәрінен де асып түсті... деп қуана құптағандай.

*Болдым ғашық, туған дала, мен саған,  
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған!..*

Бір мезгілде Қанекең әнді үзіп:

— Па, шіркін, Қасым да ақын еді-ау! Даланың өлі тасына дейін тіл бітіріп, сөйлетіп қойғанын қарашы. Ақындең, міне, соны айт!— деді.

Қара жол Алабастың бауырын орап, Тенденкке қарай ойыса берген-ді.

— Оңға тартыңыз, қыстауға тұра түсеміз,— деді Бөлекан кек-се жүргізушіні иығынан тұртіп.

«Волга» оңға қиыстап, көмекші нұсқаған тете жолға түсті.

## 2

Құлауға айналған ескі зираттың қайта жөнделген түрпатына ғалым риза болды: артық әлеміші жоқ, төрт құлақты жатаған тас қоршau. Ең бастысы, жол бойындағы дала бейіттерінен оқшау-ланбай жұпны соғылған; «Аруақтарды беліп-жармай тұтас кор-шандар!...» деген сөзі де бұзылмай, қорған кең тартылыпты...

Зираттың қақ ортасында дөңестеніп қатар жатқан қос қабірге жақындалап келіп тізерлеп отырды да, қалың кеде шыққан бет то-пышрақтың етегін сипады. Әлдекімнің қамқор қолы екеуінің де шетіндегі ермен мен көдені тегістеп отап қойыпты. Сосын тізерлеп отырған қалпы құран оқыды. «Ағузұ біллаһі мінәш-шәйтани-ра-жим. Бісміллаһір рахман-рахим...» деп бастағанда, сәл бегеліп тыныстаған, «Апырай, көп жылдан бері мінәжат қылмаған соң үміттім ба?...» деп қауіптенген, бірақ аруақтар дес берді ме, әрі қарай құран сөзінің өзі құйылып, мақамы да түзеліп, тіпті бүкіл даланы құніренткендей үні көтеріле түсті...

Екі жүргізуші терден есікке дейін созылған ұзынша екі қабірдің бас жағындағы тоғырақты ұнғып, гранит тас қоятын орын әзірлеуге кірісті.

Екі тас тақабір басына, тиісті орнына қойылып, цемент ерітінді құйыла бастағанда, ғалым зираң іргесінен ұзап кеткен-ді.

Қоралар мұлдем құлап, там үйлердің жүрнағы ғана қалған екен. Кайда барса да көргені — ескі мекеннің тозған, таусылған сиқы: айналадағы біраз ағайынға бір кездे ес те, сес те болған үлкен ауылдың сәні көшкен жүрті; мынау жатқан үйме — есігі талдан тоқылатын мал қора; табан астындағы қонақ үйдің орны... Бәрі-бәрі: «Күнім өтті, қызығым бітті, ез заманымның ілкі мекен-жайы едім, енді жер жастанып құлазып жатырмын» деп, мансұқ сыр шерткендей. Үлкен ауылдың жүртін аралау төгін еткен жоқ,

көкірегінде бүлкілдеген қай-қайдағы сыр мен ескі елестерді қоздырып, тынысын тарылтты: «Бәрі солай. Дән жарып өнеміз, бой түзеп өсеміз, көрік шашып гүлденеміз; ал қыраулы қысымыз жеткенде, жерге кетеміз... Тіршіліктің айнымас мәңгі заңы деген осы!..» Онда қамығуға жөн болсын! Қенілі құлазыған қым-куыт қундер болған шығар, емірде не кездеспейді, шат-шадыман қызық та сондай ащылардың дәмін татқан соң сезілмей ме? Олай болса, мәңгі тіршілік заңын ұлы замандасы Мұхтарша толғап: «Қыс пен күзден соң гүл шешек ататын кектемдер тудады. Сонда сениң еккен дәнің биіктеп өсіп, бүршік салады. Біреу емес, бірнешеу бол таралады. Тек егетін дәніңің асыл болып, өнікті топыраққа түсін, мол құнарға жолығуын ойла!..»— десе ше?..

Енді бір сәтте ғалым Бұзаутебеге қарсы жатқан қара дәңнің үстінде тұрғанын аңғарды. Көз жетер теңірек аяқ астында, бар келбетін жайып сап қарсы алдында жатыр: тұстігінде шалғынға беккен қүйқалы Дің, кертіп шапсан қауымында таусылмас қордалы Қожа қорығы; оның оң жақ иығында тымақтай қоқырайып Тотия тауы түр. Мол шалғынды екі өлкенің құзетке қонған қарауылы сияқтаңып оқшауланған таудың тұрпатында кесектік, пандық бар. Одан арғы жон Аужан Керегетасы. Оң қанталда тәбесі ғана қылтиып Дағба көрінеді. Ол да айналасы аядай болғанмен бір керерге әдемі, сүйкімді тау. Сүйкімді болатыны — оның түбінде Жаяудың қыстауы, талай барып, атақты Мұса ағасының асыл әндерін үйренген аяулы мекен.

Төрістікке бұрылып, Айырықтың суы көктемде жайылатын шағын өлкеге ұзағырақ қарап тұрғанын тіпті сезер емес. Шөбі кей жылдары салт аттыны жүргізбей жатып қалатын кең шабындық. Биылғы шығымы қалай екен? Мая, отау көрінбейді. Орақ әлі түспеген-ау, сірә?.. Осы өлкені тұра кесіп өтсөн — өзі туған Кіші ауылдың үстінен түсөсің. Келе жатқанда тоқтап, құмарынан шыққанша көрген. Он шақты жылдан бері ат басын бұрмаған сағынышын да тарқатқандай бол, өзі жататын бөлменің орнына бірөр аунапта алған-ды.

Ту қарсыдағы шоқиған тәбе — Обалы. Обалыға Сәтбай қажыдан тараған екі ауылдың бар баласы жиналып, бас қосатын. Ертек, жұмбақ айтисатын. Ойын соғатын. Бұл да заманында қызығы таусылмас сияқтанған думанды шақ еді-ау. Бүгінгі жастарды осыған иландырып көрші, немесе мына есіз далаға бір күн оңаша қалдырып?.. Бәрекелді, анау не? Не шаң? Баяғыдай ат қойып, өздерінің жұртындағы Қарамұрын дәнінен бері құлап, ызғытып келе жатқандар кімдер?.. Тегін шабу емес. Сірә, ауыл хабарлағып қалған болды...

Соған өзі тіпті қуанғандай ма?! Жүргегі лүпілдеп қоя берді: «Е, бәсе, бағанадан бері даланы жайлап тұрған неғылған тыныштық десем? Өстіп атойлап шабу үшін әдейі тымырып, үнсіз тосып жатқандай құдды! Бәсе,— деп езімен-өзі сейлескендей бол тәменнеге қарай жіті адымдады,— ал құтылып көр! Терт сағатта жүріп кеткің келді, ә? Ауылдың үстінен шауып өтпек болдың. Енді сытылып көрші. Қазір келеді де, бас салады. Басталды дей бер ана жылғыдай көп дырду...»

Әздеріне қарай сүйт келе жатқан аттылы, машиналы қарамды көпті кемекші де көрді. Сол сәтте-ақ тас әкелген жасаң жүргізушіге жалт қараған. Ол болса жерді шұқыды: қаладан күрек, сүймен ала шығуды ұмытып, соны жолшыбайғы елді мекеннен қолқалаған: қай қазақ жөн-жосығын сұрамай, ұстата берсін; күрек иесі де ел ғұрпын білмейтін, аңқау жігіттен жолаушылардың жай-жапсарын ежіктеп біліп алған...

## 3

Ұзақ та ыстық қауышудан соң екі машинаға бөлініп отырып, Тендіктегі ауылға келген-ді. Сол күнде ол «Шадыра» кеңшарының үлкен бөлімшесі.

...Президенттің бүгінгі мінезд-құлышына, жүріс-тұрысына біршама таңданғанымен, Бөпежан соны іштей құptaған инетінен ауған жоқ: бір сәт мұңайып, енді бірде балаша қуанғанын да ақтап, шынайы ақжарқындылық осылай болса керек-ті деп ойлаған-ды. Бірақ соның бәрі шексіз зорайып, межеден асып бара жатқанын көргенде, не дерін білмей, қарсы тұруға және шарасы болмай шын қысылды. Бұл жұлдыз жамырауға айналған кешкі сәт еді, ғалымды қаумалаған кептің сезін бөле:

— Қаныш аға, жиналысты қайтеміз?— деп уайым білдіре әрі ертеңгі жиын жайын есіне салған.

Әңгімеге ден қоя қызған көвшілік оның қамқорсыған сезін ұнатқан жоқ. Кейбіреулері «О несі!» «Қой, шырағым, асықпа!» десіп, наразылық білдіріп күнкілдей бастағанда, ғалымның өзі:

— Асықпа, Бөпежан. Бір реті болар,— деп түйіп тастаған.

Бұдан кейін кемекші тіл қатқан жоқ. Үнсіз бақылауши боп отыра берді.

Ғалымның тұмасы Қамаш шалдың бүгінгі қуанышқа арнап шалған құла құлышының уыз етін қайта-қайта ысыттырып, ортаға ала отырып, әңгіме-дүкен құрған ашамай өнді көрілер тобы сағының көрген перzentіне бауырмалдық білдірумен бірге, сүйген жанның өзінен де сондай ыстық ықылас күтетін тәрізді: сездерінде соның лебі, көздерінде соның ізі жатқандай...

Бір-біріне ілтипат білдіріп, екі заман әңгімесін кезек толғаумен отырғанда тұн келесі қүнге ауып, таң сый зат берді.

— Ал, рұқсат етсеңіздер, біз енді жүрер едік,— деді қонақ кепке қарап. Кездескеннен бері жасап отырғандарының бәрі көңіл қимастық екенін сезген көп төрдегі үлкендерге қарап ошарылып қалды: рұқсат та деген жоқ, болмайды деп кесіп те айтпады. Бірақ кебінің ішінен күрсініп, қайсы бірнің ауыр дем алғаны үн-тұнсіз тына қалған үй ішінде анық сезілді. Бөпежан ғана президентті қостап:

— Жүргізушілер тынышып болды, таңғы салқынмен жолды үдетіп алғанымыз жөн ғой,— дей бергенде, төр жақтан саңқ еткен алпамса денелі қарттың зор даусы оның үнін көміп кетті.

— Әй, Қаныш, мына жүртүңшың бағанадан бері батып сұрай алмай отырған бір тілегі бар. Соған «жә» десең аттанасың, ал

көнбесен ұлықсат жоқ. Сені жиналысқа жұмсаған адамдар да біздей ет пен сүйектен жаралған пенделер болар-ау, осында бір қауым ел отырмыз, босатпасақ — бармайсың!— деді.

Тұруға ыңғайланған Қаныш Имантайұлы еріксіз кідірді. Бепежан да ғалымның лебізін ести сала іле жөнелмегеніне өкініп, төрдегі үлкендерге жалтақтай қарап, босағада тұрып қалды. Осындаі бір керегар өтінштер, келеңді-келеңсіз наз-тілектер ғалымның алдынан әрдайым кезіге беретін. Тіпті қабылдау сұрап алыстан келгендердің кейбірінің өресі бір күндік құлқын тілеуінен аспай, ұсақ-түйек боп кететін жайлар да бұған таныс. Мына шалда соның бірі болмай?.. Бірақ үні ектем шықты, тіпті бұйыргандай ыңғай танытты. Сірә, қомақтылау қолқа. Сонда не? Бұгінгі қауымда ғалымның туған жеріне сирек келетініне өкпе-наз болғанымен, кейбір ауылдарда, сапарларда көлденеңдей қалатын сұрау, тіленулер кезікпеген-ді. Өзге мекендерден гөрі бұлауылдың соған хақысы бола тұра, еншілеріне тиген бір кешті пайдакүнемдікке салмауы қемекшіні ерекше қуантқан. Мұны ол осы елдің білімділігіне, ізеттілігіне сайып, ғалым туған жұрттың артықшылығы, ілкі енегесі деп білген-ді. Ал мынау ойда жоқта сопаң ете қалған талап?..

— Айтыңыз, Мұке! Сізді салғанда ауылым менен не сұрайды екен?— деді Қаныш Имантайұлы.

— Айтсам, басылып отыр,— деп Мұқыш қарт та маңғаз шыраймен енді баптана сейледі,— келін-кепшік пен жасы кішілер ұялып үндемейді, тұстастарың әдеп сактауда, ал мен сияқты үлкен ағаларың сенен не деп қысылады? Қандай үлкен ұлық болсан да біз үшін баяғы Қанышсың. Иә, сол ағаларың: «Қашанғы жүреміз дейсің, даусын бір естіп қалайық»,— деп қолқа салады саған. Әнінді сағындық, жарқынны, бала күннен таңсық үнінді тағы бір тыңдасақ деп күтіп отырмыз түгел. Біздің сұрайтынымыз — ән!

— Ән?

— Дұрыс-ак! Жөн сез.

— Мұқыш аға тауып айтты. Көнілдегі сез!

Жұрт гүілдеп ауыл ағасын жапа-тармағай қостады. Қаныш жымыған қалпы өзін қаумалаған топқа аңыра қарасын. Жүзі албырап, үлкөн көздері жайран қағады. Бепежан да әлгінде өзі тыржия қараған Мұқыш шалға қуана көз тастап: «Айналым сендей ақылды қарттан!» дегендей сүйсініп қалды.

— Қайсысын айтайын? Тек біреуін ғана атаңдар,— деді қонақ.

— «Қанапияны» сұрандар.

— «Үрғақтыны» айт.

— Жоқ, «Бұркітбайды» айтсын.

— «Бұркітбайды» айт. Біздің сұрайтынымыз «Бұркітбай!»— деп түйді Мұқыш.

«Бұркітбай!»— Қаныш Имантайұлының бала жастан сүйіп сала-тын әні. Сонау жиырмасыншы жылдары, осы елде халық соты болып қызмет істөп жүрген шағында, жиын-тойда, ойын қойғанда, әрбір сауық кешін осы елдің ынтық әні «Бұркітбайды» айтпай

тарқатпайтын. Оны ез аузынан естімей жұрт та тарқамайтын. Соны мына егделер ұмытпапты. Талай жыл, талай заман етсе де жадында сақтап қалған.

Қолдан-қолға өтіп, өзіне жеткен кенелеу домбыраны әуелі біраз қүйлеп алды. Сонсоң ән сазын бір қайтара тартып өтті. Тек содан кейін, «А-а!» деп тамағын кеней бір дауыстап алып, әнді бастады.

*Бұркітбай — әкем аты, ағам — Омар,  
Ауылым айдын шалқар көлге қонар...*

Ғалымның әншілік дарыны Бөпежанға таныс. Кеше де сүйсіне тыңдал, риза болған. Дастанқан басындағы талай отырыстарда да естігені бар-ды. Кейбір әншілер әсем әннің нақышын бұзып, өзінше «сұлуулап» айтам деп, даусын әр түрлі жасанды дыбыстырмен құбылта бастағанда президенттің ренжіп қалатының және билетін. Кейде соларға кәдімгідей кейіп: «Қой-ақ қой, қалқам. Қой енді!» деп тыңдамай тұрып кеткенін де бірер мәрте көрген. Қөнілі ауса өзі қандай шырқауышы еді! Тек тыңдай біл... Сондай мереілі шағында, жарқын әуезben әннің сазын келістіре салып, тыңдаушысын еліткен шабытты қалпын танып: «Шіркін, мына кісі ғалым болмаса ақын болар еді; ал ақындықты қаламаса әнші болар еді!» дегендегі бір ойларға жеңістік беріп, қиялдап та кететін. Ал мына, таң қылаң берген алакөбен сәтте, қыр төсінде ине шаншар бос орын болмай, үлкен-кішіге лық толған кен үйдің төрінде отырып, Қаныш ағасының көмейінен шыққан сол түндегі әсем де әсерлі әнді Бөпежан бүл пәни өмірде, сірә, ұмыта алмас!..

«Бұркітбайды» Қанекен қоңыр үнмен мамырлата бастады. Домбыраның тақтайын сабап, даусын көме тарсылдатып асыққан жоқ. Астыңғы ішектің бебеулеген жайма қоңыр сарынынан озбай, соның әуеніне еріп, қоңыр үнімен шымырлата қалқытты. Сонымен-ақ тыңдаушысын әуезді дүниелер әлеміне еріксіз жетелегендегі, еріксіз тебіренткендей. Құдды бір кек жүзіне шығып алып, қанатын қақпай, сары жон, кен жазираны асықпай сыйып келе жатқан кек қыраны дерсің. Суылдамай, сымпылдамай жай қалқып-ақ, жүйкенді құртып, көкейіндеғін сурып алғандай әсерлі.

Осылайша біраз толғап, үнін ашып алған соң, даусын көтере тусти. Өсіресе әннің «е-е-ей-ей-ейлеп!» үзілдіре созатын тұсында. Үйдегі жұрт қимылсыз тынып қалған. Мынау ғажап үнде тыныс бар ма дегендегі таңданысып, ынтыға тыңдал отыр.

Әннің екінші шумағын ғалым тағы бір қайталады және алғашқысынан гері жоғарырақ алды. Аяnbай барын салған тәрізді. Содан ба, үні бүл жолы үйге сыймай тіпті асқақтап кетіп еді. Сарыарқаның дару самалындағы бір леп үйді желпіді. Ол — ән! Әннің ырғағы, әуезді сазы туғызған әсер. Дала да соған елтіп тына қалған ба дерсің: әншінің сұлу үні жұлдызды аспанмен, шалқар жазирамен тіл табысып, үн қатысқандай; үйдегі кеп те соған елігіп, елін,

жерін, сүйн сағынған перзенттің ішіндегі ынтығын, жүрек лүпілін, туған ауылына деген зор мархабатын осы сазға беріп, бәр-бәрін соған сыйғызып айтқан іңкәр кеңлін қатесіз үққандай...

Ән үзілді. Тынысын тежеп, үздігіп отырған жұрт та сонда ғана уң деп бір-ақ тыныстады. Біреулер күрсінді, біреулер сыңсып көзіне жас алды.

— Ал, енді нендей қолқа айтасыздар?

Көмекшінің құлағына бастығының бүл сөзі «Есеп айрыстық. Қарыз да, парыз да өтелді!» дегендей болып естілді.

— Айтарымыз бір-ақ сөз!— деп Мұқыш қарт орнынан сәл көтеріле түсіп қолын жайды.— Қанкежан, ақылың аз болмаса да артық керме, осыны айтып қалуды ел-жұрттың маған міндег қылып тұр. Тілегі емес, діттеген тапсырмасы һәм батасы деп қабылда: даусың бұрынғыдай емес, сәл-пәл жасыған екен соны аңғардық. Көмейінді сақта дер едік үнінді базарлап жүрген әнші емессің. Біз саған бұрынғы қуатың енді азаймаса — қосылmas, бойынды күт, жанынды бапта демекпіз. Сенің атағыңа алыстан қуанып, данқыңмен кеңлін өсіріп, есімінді құрмет тұтып, ес көріп жүрген дүйім елің бар артында. Бір жалғыздан саған зор денсаулық, қуат сұраймыз! Қайда жүрсөң де жолың болсын, жолдасың, баяғыда әкеңе аян берген Қыдыр атаң болсын!.. Аллаһұ әкбар!.. — деп бетін сипады.

— Амин, батаңыз қабыл болғай!— деп Қаныш Имантайұлы бетін сипап, көзінен жарыса тамған қос тамшыны көрсеткісі келмегендей қолын ұзағырак ұстап қалды.

— Жолың болсын, қадірліміз! Енді рұқсат!

— Ғұмырың ұзак болғай!

Қайтар жол бөгеген жоқ. Даланың таңғы самалы машиналарға да жайлы тиді, жолаушыларға да дарудай әсер етті. Бепежан машинаның артқы орындығына жалғыз жайғасып, ауылдан аттана бере-ақ үйқыға бас қойған... Фалым әйнекті ашып қойып, шынтағын есіккө тірей, тәңірегіне ынтыға қарап, үнсіз отыр. Әлденеге қамығып отырған тәрізді. «Енді қайтып көремін бе, туған жер, сені?» дегендей әрі-сәрі күйде. Сахара самалын құмарлана жұтып, таңғы алагеуім сәтте мұнарланаңып көрінген тау, жоталарға, дала келбетіне де мұная қарап, бәр-бәрімен қимай қоштасып бара жатқанын жүрегі сезіп, жан-дұниесін келуп тұқырта тұскендей...

\* \* \*

Теңдіктегі үлкендер айтады: «Қаныштың туған жеріне келген сол сапары соңғы болды, ақылы дара біткен жан еді ғой, ата-анамның алдындағы парызымды өтеуге келдім деп, үлкен-кішіні риза етіп еді. Сөйтсек, бейдауа дертпен ауырып жүріп қоштасуға келгені екен...»

Әз ағаның емеуірінмен айтқан сол сөзі ата-анасына ғана емес, туған даласына да арналған тәрізді-ау...

Бойына мысқалдаң кірген дерпттің алғашқы белгісі 1962 жылдың басында білінген-ді: бұрынғыдан өмес, тағамды талғап ішкізетін бір кінәратқа тап болғаны анық; ас соңынан денесі тым ауырлап қалады; қашан сол тарқағанша еңсесін көтере алмай мамырлап отырады... Шау тартқан күйін бастапқыда созылмалы тымауға жорыған. Көпке дейін елемей, өзі тарқайдымен жүрді.

Ақыр аяғында ауырсынуы жиілеп, төзе алмады. Көп жылдан сырлас дәрігер досы, академик, профессор А. Н. Сызгановқа барып жайын айтты. Бірер күн ол өз емханасында мүқият тексеріп, әлденеден қауіптенгендей абыржу аңғартты. «Қосымша тексерілу сақтақ үшін артық өмес...» деп сыпайылап жеткізіп, Алматыдағы атының өзі жүртты сескендіретін онкология институтының жетекші дәрігерлерінің бірі, профессор С. Б. Балмұхановтың есімін атады.

Амал қанша, оңашаланып барып оған да қаранды.

— Қатерлі дерлік ештеңе жоқ, Қанеке. Ішегіңізде аздаған кінәрат бар екен. Иә, ісік-ау деймін... — деп бұлдырата сөйледі дәрігер-онколог.— Аздап сәулемен әсер етіп тарқатып жібереміз. Тіпті алаң болмаңыз. Ал оған болмаса, хирургтер сылып тастайды, досыңыз Александр Николаевич үшін бұл — жарым сағаттық іс...

— Көктем шыққанша әлжиып, Кавказға барып келсем қайтеді? Кисловодтың шипа сұзы, тегінде, маған жағымды нәрсе.

— Тіпті жақсы, тек дереу аттаныңыз! — деді Сайым Балуанұлы.

— Келесі аптада аттанамын онда...

Бұл әңгіме наурыздың бас кезінде болған-ды. Айтқанындай-ақ іле-шала Кавказға жүріп кетті. Ол жақта бір айдай болды. Ежелден таныс емдеу орнының шипа сұзын ішу, нарзан ванналары, әлде дару ауасы жақты ма, бойындағы кінәрат тез-ақ тарқап кетті. Екі аптадан соң бұрынғыша күн аралатып машық тебесі —«Үлкен ершікке», он екі шақырым жердегі тау жотасына жаяу баратын ермегін қайта бастады. Демалушылардың сауық кештеріне қатысып, көңіл кетерді. Саябақтағы ертеден таныс кәсіпші фотограф демалуға келген қазақстандықтарды бәз-баяғыдай «Сәтбаевпен суретке түсуге» шақыратын пайдалы қасібіне қайта кірісті. Сырқатын сөйтіп біршама уақыт ұмытып кеткен-ді.

Қайтарда Москваға соққан. Қарбалас істермен біраз жүріп қалды, бір түні ішкен асы ауырлап, тағы да мазасызданып шықты.

Қаралған орны — депутаттарға да қызмет ететін Кунцеводағы Кремль емханасы. (Қ. И. Сәтбаевтың емханаға ғана өмес, Кремльге де кіретін тұрақты куәлігі болған.) Бірнеше күннен соң білімпаз дәрігерлер бас қосқан консилиум күтпеген шешім естіртті.

— Ішегіңізде ісік бар. Жедел операция жасаймыз. Бүгіннен қалмай ауруханаға аламыз.

— Бірер күн ойлануға мұрсат беріңіздер. Үйіммен ақылдасайын...

Қонақ үйге келген соң, әлем-тапырақ болған көңіліне медеу таба алмай, өткен-кеткен жайларды ойлап, тұннің көп уақытын үйқысыз өткізді. Ертеңіндегі Алматыға, кіші қызының үйіне телефон соғып:

— Мейізжан,— деген-ді амандаудан соң,— жайым болмай түр. Жұмысыңнан сұран да, Москваға тездетіп жет!

— Жайшылық па, кеке, денсаулығың қалай?

— Қатерлі ештеңе жоқ, балам... Қой, жылағаны несі? Үй болған ересек кісі сөйтіле ме екен? Менің шақырғанымды мамаңа сезідірмек, жұмыс турасында барамын дейсің гой. Сөйт, ақылдым!..

Айлақ басында танымал қос дәрігер Сызганов пен Балмұхановты көрген сәтте-ақ Мейіздің беймаза жүрегі зырқ етеп түскен: әкесінің өзін тетенше шақыруы, ол аздай — атақты хирург-профессор мен онкология докторының Мамыр мерекесі алдындағы Москваға сапары арасында әлдеқандай бір жұмбак байланыс жатқаны анық... Бірақ дәті барып, дәрігерлерден ештеңе сұралған жоқ.

Қаныш Имантайұлы астанада тек қана «Москва» қонақ үйіне тоқтыйтын. Алғашқы жылдары үшінші қабаттағы уш бөлмелі кең люкске түсіп жүрді. Ол кезде Мейіз жас, мектепте оқып жүрген шағы. Бір жолы екеуі үрдіс келсе, бұрын тоқтап жүрген люкс болсамапты. Мейманхана қызметкерлері кешірім сұрап, оныншы қабатта үлкен бір белме барын, люкс босағанша сонда бола тұруын етінді. Бұл 10—52 бөліме еді. Бөлмесі жалғыз болғанмен, іші кен, жарығы мол, сәнді екен. Бәрінен де тамашасы — көшениң шуылы естілмейді, тып-тыныш. «Қалай, ұнай ма, балам?» «Ұнағанда қандай!» Терезеге қараши, бүкіл Москва табан астында тұрғандай: Манеж алаңы, Александров бағы, Кремль, университетінің ескі ғимараты, Ленин мавзолейі... Кеке, маған салсан, бізге ешқандай да люкстің керегі жоқ. Осы белмеде-ақ тұра береміз...» Сонан бері он шақты жыл өтті. Қаныш Имантайұлы тек қана осы бөлмеге тоқтыйтын болды. Алматыдан шығарда хабарлап қойды ма, мейманханаға келген бетте-ақ танымал кезекшілер 10—52-бөлменің кілтін қолына ұстата береді...

Осы жолы да Мейіз жолсерітерін бірден оныншы қабатқа бастап келді. Қысқа сәлемдесуден соң-ақ әңгіме бітіп қалғандай қолайсыз тыныштықта бірнеше минут өтті. Сірә, екі жақ та сез бастауға себеп таппай отырған тәрізді... Соған ыңғайсызданды ма, қос дәрігер мейманханаға жайғасуды сылтауратып шығып кетті. Сонда ғана сез бастаған Мейіз:

— Кеке, бұл не жұмбақ? Әлгі кісілерді неге шақырдың?— деген-ді даусы дірілдеп әрен қойып.

Балаларымен ғалым әрқашанда ашық сөйлесетін. Таисия Алексеевнаға да естіртпейтін кейбір сырларын қыздарына айтып, ақылдасып отыратын. Мейіз де соған үйренген. Шешесіне айтқысы келмейтін кейбір шаруаларын әкесімен кеңесуші еді. Анығында екеуі де мінезі шамшыл, әрі дімкәс Таисия Алексеевнаны аяғандықтан сөйттетін...

Соңғы он-онбес жылда әкесі ұшақпен үшпайтын болды: қан қысымының кеселі... Алыс Москваның өзіне поезден баратын. Көбіне балаларының бірін иә Таисия Алексеевнаны ертіп шығатын. Әсіреле Мейізді. Тегінде, әке-шешесінің жолын қуып, барлаушы мамандығын таңдаған жас іздемпазға геология білгірімен бір купеде әлденеше тәулік бірге отырып, өз кәсібі жайында неше алуан сұхбат құру да ерекше ғанибет іс-ті (мұндай кеңшілікті Алматыда сірә да табасың ба?)... Міне, енді бүкіл өрен-жаранынан бір өзін шақырып отыр. Демек, қаншама ауыр десе де әкесімен әңгіме бүкпесіз ашық болуға тиіс. Мейіздің әлгінде «Бұл не?..» дегені де сол.

— Жағдайым белгісіздеу, жаным,— деді ол қызына тұра қарап.— Одақ қана емес, дүние жүзіндегі мықты хирургтердің бірі деп та-нылған академик Вишневскийдің дербес емханасына барамыз. Дейдің өзі қабылдайды, ертең консилиум. Ішінде болсын деп, досжар адамдар ғой, алматылық дәрігерлерді әдейі шақырдым. Сені де...

Мейіз теріс айналып кетті. Кез алдына жетіп келген ағыл-тегіл жасты тоқтата алмасын сезіп, коридорға ытып шықты... Таңертен җан әкесі бір-ақ ауыз сөз айтты.

— Балам, кешегідей осалдығынды қайтып маған көрсетпе. Жаныма таяныш-сүйеу болсын деп алдырыдым. Шешенді емес, сені шақырғаным сол!— деді нықтап.— Қазір бізben бірге емханаға барасың, консилиумге де қатысасың. Қысқасы, менің ендігі көз-құлағым — сенсің, Мейізжан!

Консилиумда дәрігерлер пікірі екіге жарылды: бірі жедел операция жасауға кенес берсе, екіншілері науқастың қан қысымының жоғарылығын, ауыр операцияны көтере алмайтындығын ескертіп, радиоактивті сәулемен емдеуге ойысты (соңғы пікірді айтқандар алматылық дәрігерлер еді). Тек бір ғана мәселеде — дерптің табиғатын анықтауда бәрінің де ойы бір жерден шыққан: асқазандағы ісік аса қатерлі.

Сол күнгі жиында хирург-академик А. А. Вишневскийдің басым сөйлеген уәжі жеңіп, науқас соған қарасты әскери госпитальда жата тұратын болды. Атақты дәрігер бір аптадай тексеріп, операцияны өзім жасаймын деп кесіп айтқан-ды.

Сол аптаның аяғында әкесі қонақ үйге телефон шалып:

— Мейізжан, Жоғарғы Кеңестің гаражынан машина шақыр да, дереу мені алып кет,— деді.— Қысымым көтеріліп, түні бойы үйік-тамай шықтым...

Мейіз машина алып келсе, әкесі өзір отыр екен. Елге қайтуғаbekінген, операциядан бас тартқан. Қонақ үйге келісімен поезда билет алдырыды.

Алматыға олар екінші мамыр күні келген-ді. Сырқаттанып қалғанын естіген жұрағаттары абыржулы екен, вокзал басына тік кетеріле шығыпты. Қан қысымы жолшыбай қалпына түсті, елге жақындаған сайын көнілі жайланды ма, тіпті сауығып кеткендей сергіл қалды. Вагоннан жайрандал түсіп келе жатқан бәз-баяғы ақжарқынғалымды көргенде, қарсы алып тұрғандардың куанғаннан естері қалған жоқ, үйіне дейін қаумалап еріп барысты...

Геохронология жөніндегі бүкілодақтық комиссияның XI сессиясын 12—17 мамыр күндері Алматыда еткізуге КСРО Фылым академиясы қаулы еткен. Сессияға басшылық ету академик Сәтбаевқа жүктелген-ді.

Денсаулығының жайын айтса, Қаныш Имантайұлын бұл міндеттен академия тәралқасы дерек болатар еді. Бірақ сырқатын сұлтауратуғалымның ойна келмеген, әлде сұрануды қажет етпеген?.. Анығында Алматы, Москвандың ресми орындарының бірде-бірі оның қатерлі сырқаты жайлы ештеңе білмейтін. (Тегінде, бұл хақындағалым ешкімге де жария еткісі келмеген; онкология институтында радиоактивті сәулемен емделеді, бірақ жұртты дүрліктіріп емханада жатпақ емес, үйден елеусіз қатынайды; үйінде де Мейізден басқа бір жан бұл туралы білмесін... Әкесінің тілегі солай: «Барлығын қамықтырып, түгел ауыртып қайтеміз, екеуміздің білгеніміз де жетер. Еңсенді түсірме, балам!» деген.)

Ал жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, тіпті бұрынғыдан да көбірек, ендіре істеген-ді. Сірә, бой дертін сүйікті жұмыстан алар ләззатымен ұмыттырғысы келген... Геохронология сессиясының да бірде-бір мәжілісін болатқан жоқ, өзі басқарды.

Мамырдың аяғына (1962) республика академиясының жаңа сайлауы жарияланған. Екі жыл сайын бір соғып тұратын сайлау — қиын да аса жауапты науқан, дау-дамайы да көп. Президент бұл жұмыстан да сырт қалған жоқ, өз қолымен атқарды. Академия құрамына тағы да он төрт академик, жиырма бір корреспондент мүше қосылды. Ал өзі бесінші мәрте президент болып бір ауыздан қайта сайланды.

Емдеу маусым бойы жүрген-ді, келесі айдың жаңасында академик ту бастан өзін қараған қос дәрігердің алдына келеді. Рентген экранынан олар ғажап өзгерісті кереді. Таңданғандары соншалық:

— Сенсөніз, Қаныш Имантаевич, ішекте ешқандай ісік жоқ (ішек ісігі туралы аңызды дәрігерлер ақырына дейін ұстанған). Тіпті ештеңе қалмаған сықылды. Құттықтаймыз, Қанеке!— деседі жарыса қуанып.

Бұл қарсанда көңіл күйі шынында да сергек-ті. Тамақ тарауы жақсарған — асқазанның түйнеп ауық-ауық ауыратыны, тас жүтқандай қатты болып сірепіп тұратыны да тарқап кеткен: «Шынымен құтылды ма? Бейдауа дерт деп жүрген кеселге ем қонғаны ма, бәлкім, басқа бірдеме шығар?..»

Алайда көңіліне селкем түсті ме, кім білсін, сол жаздан бастап кейір шаруаларын ықтияттап орындаған бастады...

Әрдайым кейінге ысырып, қолы тимей жүрген бір жұмысы — үйіндегі архивті реттеу-ді. Жезқазғаннан көшіп келгеннен беріде соған уақыт таппай қойған. Кітап шкафтарының сөрелері мен сұрымаларына жылма-жылғысы қатталып, буылып салына беретін.

Дені ғылыми қолжазбалар, кітаптардың өзі — әлденеше мың!.. Соларды ерте ме, кеш пе... бір рет өзара топтау керек-ті. Әмбे солар жаңа үйге кіргелі тіпті былығып кетті...

Осыдан төрт-бес жыл бұрын Сәтбаевтарға Коммунистік проспекті (қазірде Абылай хан даңғылы) мен Виноградов көшесінің қылышындағы үлкен үйден бес бөлмелі пәтер берілген. Соғыс басталған жылы кірген үш бөлмелі ескі пәтерден Қаныш Имантайұлының кетуге құлқы жоқ-ақ еді, бірақ сол кезде өзі тап болған ыңғайсыз бір оқиға еріксіз көшірді: Орта Азия республикаларын аралаған американцың сенатор еліне барған соң көрген-білгені жайында естелік жазады білем, сонда ол мұндағы жергілікті халықтардың бәрі Ресейге кіріптар, бұрынғы бодан қалпында деп шындықты бұркеусіз сылқитса керек; соған қарым-та жасағысы келген идеологтардың бірі, әрине, Москвадағы мықтылардың құштісі, солжақтағы әлдебір кенесшіл-коммунист жазғышты шақырып, сенатордың «өтірігін» өмірлік айғақтармен әшкөрелеуді жоспарлайды...

Сол жазғыш Алматыға келгенде, сірә, бұл ой Қауіпсіздік комитетіндегі білгіштерден туса керек, американцың қонақты үлкен бір зиялышың үйінде ас ішкізіп, жақсы тұрмысын қаз қалпында керсетуді бағдарламаға енгізеді. Ақылдаса келе таңдау академия президентінің шаңырағына түседі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ұбырайым Тәжиеев бір күні Қанекене телефон шалып, ғалым оны Ленинградтың политехника институтында оқыған кезінен, одан соң Балқашта инженер боп қызымет істеген жылдарынан жақсы білетін, әрі жастары да шамалас замандасы еді, сірә, сол себептен де ол: «Қанеке, ерекше бір қолқа салғалы отырмын?!!» деп бастап, жоспарланған ертеңгі кездесуден соң американцың үйінізге дәмге шақырсаңыз қайтедіге мензейді. Ғалым бірден-ақ бас тартады...

Арада бірқанша уақыт өткен соң ресми емес жағдайда кездесken хатшы, ғалым замандасына өзілдеп: «Қанеке, сіздің үйде Жезқазғанның кеншісі де, Баянауылдың малшысы да жиі қонақ болып, апталап жатады деуші еді. Американдық бір жазушыға шай беруден бас тартқаныңызды түсінбедік, әлде женгеміз шәү тарта бастаған ба?...»— десе керек. «Сен әуелі, Ұбеке, менің үйдегі жағдайымды біліп алып айтсан еді»,— деп салады ғалым. Тәжиеев зиялыш кексенің кіді сезіне таң қалып: «Оныңыз не жағдай, түк түсінсем бүйірмасын?»— дейді. «Мен үш бөлмелі ескі үйде тұрамын, жан басым — жеті адам. Оңаша орны жоқтықтан кешкі жұмысты бала-шағам үйқыға жатқан соң, өмір баки асүйде отырып істеп келемін. Ал сіз сондай қысылшаң жағдайда тұратын академикті әрі президентті бетке үстарымыз деп американцың қонаққа керсеткіңіз келеді... Менің бас тартып, ЦК-ның хатшысына сондай ақыл берген білгіштердің арандатуына көнбекеніме рақмет айтыңыз, Ұбеке. Тұптің түбінде кімнің масқара болатынын енді аңғарған шығарсыз?»— деп, Қанекен де жайсыз әңгіменің шындығын естіртеді. «Ау, Қанеке, мұны неге біз білмейміз, де-

мек, кінә өзіңізден...»— деп хатшы ақталғандай болған екен, ғалым бұған да қолын сермен: «Маған өзге жүрттан артық жағдай туғызындар деп ешқашанда өтініш жасаған емеспін, әлі де жазбаймын. Жә, бұл сөзді осымен доғарайық!...»— дейді де әңгімені кілт үзеді...

Бірер аптадан соң хатшының қемекшісі президент кеңесінен кең үйдің құжатын алып келеді: бақандай бес бөлме; тұрмысқа шыққалы ері және кішкентай Ескендірмен әкесінің үйінде бірге тұрып келе жатқан Мейізге де сол пәтердің қарсысынан екі белме дербес тиеді. Сөйтіп өмірінің соңғы жылдарында ғана академик Сәтбаев дербес кабинетке ие болған-ды. (Бірақ оны да қыс күндерінде пайдалана алмаған: бірінші қабаттағы машина жүретін арка соның астына дәп келгендейтін кабинеттің қабырғасын суық түсті-ақ қырау басып, ас сақтайтын тоқазытқыш бөлмеге айналатын...)

Көңілдегі кірбен тұрткі болды ма, әйтеуір, 1962 жылдың қүзінен бастап Қаныш Имантайұлының үйдегі архивін жүйелеп, реттеуге кіріскеңі анық. (Бұл архивті және он төрт мың шамасы кітаптарын ғалым ИГН кітапханасына табыс етуді өсінет еткен.)

Сол жылы академик Сәтбаев Жезқазған сайлау округі бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат болып тіркелген-ді. Сайлаушылармен кездесуге Қаныш Имантайұлы ерекше ыждағатпен қарайтын, олардың талаптарын орындауға да...

## Қарсақбай ауданы атқару комитетінің бұрынғы тәрағасы **ТӘЛКЕНОВ АЛДАЯРДЫҢ естелік әңгімесінен:**

«Кеншілер қалашағында кандидатпен кездесу болды. Өзіміздің сүйікті Қанекең! Кездесуге халық көп жиналды. Кеншілердің мәдениет сарайына сыймаған жұрт кең дәлізден анталаң тұрды...

Сол күндері оны қонақша шақырушылар да көп еді. Бәрі де Қанекеңнің ескі таныстары — Үлкен Жезқазғанның іргесін көтерісken жұмыскер достары, барлаушылар. Көп үйлерді өзі аралап, карттарға сәлем берді. Ақыры, дәмге шақырушылар көбейіп кеткен соң, Қанекең өзі: «Бәріне барып үлгермеспін. Бір жерге жиналындар, барлығымыз бір кеш бірге болайық», — депті.

Амал бар ма, солай істедік. Кеніштегі мейрамхананы сұрап алып, дәм әзірледік. Кісі кеп-ақ: кілең ескі кеншілер, барлаушы карттардан қалғаны жоқ... Қанекең сол кеште аса көнілді отырды. Бір сәтте мені қасына шақырып:

— Гүлжан қайда, неге келмеген?— деп сұрады.

Қисынсыздау бір сылтау айтып едім. Құлді де: «Алдаеке, оныңды қой, келінді алып кел. Гүлжанның әнін сағындым»— деді. Амал қанша, үлкен кісімен ресторанда отыру үят болар деп ертпей кеткен зияйбымды шақырып келдім. Гүлжан сол күні бірталай ән айтты... Бір кезде Қанекеңнің өзі де қолына домбыра алып, әнге бассын! Шіркін, даусы қандай еді!..

Ғалымды мен Қарсақбайдан білемін. Партия, кеңес жұмысында жүргенімде талай-талай мәжілістес болғанмын, академик Бардинмен келгенде де қарсы алғанмын. Кептен білсем де оның өтемете көңілді отырған кеші маған сол күнгі сияқты көрінеді. Сейтсек, қайран Қанекен бейдауа сырқат екен фой. Кім білген?.. Неткен рухы асыл, мейірімді жан десеңіш!.. Жан беріскең ескі достарымен соңғы рет бас қосып отырғанын біле тұрып, соны бір жанға сездірмей, ерекше көңілді болу?! Жок, бұл керемет қайратты кісінің, дәті берік адамның ғана қолынан келетін іс!..

Ертеңінде Қанекенді поезға шығарып салдық. Кісі көп жиналды. Қала басшылары, активтер, ескі жұмысшылар тіпті көп келіпті. Ғалым салон-вагонның баспалдағына шыққан соң:

— Уа, Жезқазған халқы! Ескі достар, қимастарым менің! Осы жердің астындағы қазынаға кейбіреулердің мұрнын шүйіріп, барлауды тоқтатып тастайтын қызын күндер естерінде ме?.. Не деп едім мен сонда?.. Әне сол! Үлкен Жезқазған атанып, жер асылы жария болып, барша сән-салтанатымен бой түзеп, көз алдарыңда жатыр! Кені анау — әшелондар тынымсыз жүйткіген, қаласы мынау!.. Ағайын, өтінемін сіздерден, жер байлығын көздің қара-шығында сақтап, қадірлеп ұстандар! Жезқазған қазынасы мол болғанмен, шексіз емес... Ал ол құрметтей білсен — талай ұрпағынды жарылқар қасиеті мол жер!— деп қолын бұлғады да, іле ішке кіріп кетті. Көңілі босады-ау деймін, соңғы сөздерін зор тебіреніспен әрең айтқаны есімде...»

Жезқазғанға соңғы келген сапарында ғалым ізін басқан шәкірті, бұл кезде жасы сарықідір тартқан кексе геолог В. И. Штифандовқа бір ауыз ескерту жасаған-ды:

— Вася, жақсы тұрмысқа үйреніп қалған сияқтысын,— дегенді ол.— Жұмысқа бүйтіп тоқмейілсіп қарауға болмайды!..

Ұстазынан мұндай сөз естіп көрмеген Штифандов, әрине, шоқ басқандай безектеп қалады.

— Сен, немене, Жезқазғанның мысы мың жыл қазса да таусылмайды деп жүрсің бе? Аузында аңқайтып қойып, кеншілер ойына келгенін істейтін болыпты, тек қана бай жүлгелерді қазуға дәндеп алған. Мысы кедей кенге менсініп қарамайды дейді. Бұл не сүмдік?.. Қысқасы, сенің мұнда жай ғана бақылаушы болып отырғаның маған ұнамайды, табиғат қазынасына аялап қарау керек! Құнары темен кендерді қазатын етіп заңдал бермесен, Жезқазғаннның жағдайы күндердің күнінде мұшкілге айналады, ойлан, шырағым... Таусылмайтын түпсіз кен жоқ!..

Бұдан бір жыл бұрын, академияның көшпелі ғылыми сессиясын өткізе келгенде де ғалым осы жайында тебірене сөз еткен-ді (Қ. И. Сәтбаев, Тандамалы еңбектері, II том, 207-б.): «...Жезқазған ауданындағы мыс қорының тағы да ескенин атай отырып, қазылу кезінде оның орасан зор шығынға ұшырайтынын ескертуге тиіспіз. Мұндай сорақылыққа жол беруге болмайды. Жезқазған геологтары жөнсіз ысырапқа тәзгісіз құрес ашып, қарсы тұруы шарт. Ал кешегі мәжілісте рудник геологы Л. И. Иванков қазіргі

кезенде кеннің тек қана құнарлы жүлгелерін алу тиімді деп пәлса-фа сокты. Еліміздегі мыс қорының санаулы екенін жақсы білетін кенші геологтың бұлай сейлеуі, меніңше, барып тұрған жауапсызы.

Гипроцветмет те кейінгі жылдары Жезқазған кені үшін таңғаларлық саясат ұстап келеді: құнары төмен кенді түгелдей шығыска шығарып тастаған; ал сейте тұра Қоңырат пен Бозшакөлге нақ сондай құнарлы орташа кен деп кіріске алып, мән бере қарайды. Болгария үшін тағы да сол Гипроцветмет мыстың орташа құнары 0,4–0,5 процент кенді алуға болады деп жоба жасал береді. Міне, көрдіңіздер ме, ешкім түсінбейтін шым-шытырық, құбылмалы принцип. Сонда Жезқазғанның кінәсі не, кенорнындағы миллиондаған тонна кедей руданы неліктен елемеу керек? Меніңше, бұл әрекетті ездерінің дәрменсіздігін «Елімізге мыс керек!» деген ұранмен бүркемелеп, бай қабатты ғана қазып, оңай олжа табуды кездеген адамдар жасап отыр. Бұл ұранды біз де жақсы білеміз, алайда оны Жезқазған қойнындағы бар мысты тезірек құрту арқылы емес, керінше кен қазу көлемін жоспарлы түрде есіріп, жер қыртысындағы мыстың нақты бар және тиімді құрамын түгел алып, әрі технологияны жетілдіру, прогрессивті жаңа әдістерді қолдану жолымен өнім шығаруды еселеп көбейте отырып өтеу керек демекпіз... Ең бай жүлгелерді алуға тырысқандықтан, Жезқазған астындағы барлық мыстың бестен бірі бұл күнде біржола жоғалып, жыныста қалып келеді... Ал өздерінізге мәлім, аспаннан жауар мыс жоқ, техникада оны басқа металмен ауыстыра алмайсың. Ал ауыстырган болсақ, мыстың аздығынан туып отырган шара. Демек, барды ұқсата білу керек. Барланған мыс қорын түгел алып, оны ысырап жасаушылармен аяусыз күрес ашу қажет!..»

Жыл өткен жоқ, сол мәселеңі ғалым қайта қозғап отыр. Сірә, бір уақ есінен шығармаған. «Вася» деп баяғыша еркелетіп әрі жаңына тие сөйлеп, өзге емес, Штифандовқа айттының да мәні бар. Шәкіртінің бұдан кейін тыныш үйкітамасын білгендіктен сөйтеді...

Шынында да, солай болды. 1963 жылдың кектемінде ол ешқандай шақыру, ескертүсіз президентке келді де:

— Қанеке, өзіңіз айтқан мәселе мен былтырдан бері Москваға жеті рет барып қайттым. Кірмеген кісім жоқ, ашпаған есігім қалмады. Бірақ бітіргенім шамалы. Жезқазған үшін біз сұраған төменгі шектегі құнарды ешкімнің бекіткісі келмейді. Не істеуім керек? Осының ақылын өзіңіз таппасаңыз, менің өрем бұған сірә да жетер емес,— деген-ді ағынан жарылып.

Академик ойланып қалады.

— Жұық маңда Москваға бара алмаспын. Мұнда да жұмыстар көбейіп тұр,— дейді ақырында,— бірақ Жезқазған үшін бармауға бола ма?.. Ешкімнің сейлескісі келмесе — жағдайың шынында да қындаған екен.

— Дәл солай, сейлескісі келмейді. «Отыз жыл бойы не қаздыңдар, әлі де солай болады» деп келеке етеді...

— Жарайды, Василий Иванович. Әрі дегенде бір жарым айда менен хабар күт. Ең абзалы, қағаздарыңды портфельге салып, әзір отыр. Хабар алысымен Москваға жетесің. Келістік пе?

— Рақмет, Қанеке!— Жұмиған Штифанов президентке қарап, алақанын жаяды.

— Немене, шаруанды өткізіп алған соң тамағың жыбырлап кетті ме?

— Сіздің шақшаның жөні бөлек, кеп болды атпағалы.

— Қуанбай қоя түр. Бітірген ештеңеміз жоқ.— Қаныш Имантайұлы әріптесінің алақанына насыбай салып, әне бір жылы Қытайға барғанда әкелген агат тасынан қылған әдемі шақшаның түбімен үстелді тықылдатты.— Есебінді мұқият әзірле, Вася.

Социалистік Еңбек Ері В. И. ШТИФАНОВТЫҢ әңгімесінен: «Бір күні, ұмытпасам, Алматыға барып қайтқаннан бір ай шамасы кейін, 1963 жылдың жазы екені анық, президент кеңесінен күтіп жүрген жеделхат алдым. Тез қамданып, Москваға үштym. Қонақ үйдегі өзіме мәлім бөлмеге телефон соғып едім, даусымды таныған Қаныш Имантайұлы:

— Ә, Вася, келіп қалдың ба?— деп қуана жауап қатты, әлденеге көнілді сияқты.— Сенің шаруанды мен бастап та қойдым... Бүгін демал. Ал ертең, кешке таман бір дөйге қонаққа барамыз, үқтың ба?

Ертеңінде жұмыс аяғында кездестік те, машина алып, қала сыртына тарттық. Жолшыбай білдім: соғыс жылдарында бүкілодақтық геологиялық қызметтің басында болған, бір ауыз сөзімен небір құрделі істерді, талай кенорны, кеніштердің тағдырын шешкен мемлекеттік қайраткер, геолог Малышев жолдастың саяжайына келе жатырмыз. Ол кісі сол қарсанда Бүкілодақтық қор комиссиясының тәрағасы еді, барлаушы атаулы сескене амандасатын беделді әкім. Қысқасы, мені әбден титықтатып, үйқыдан айырған мәселенің кілтін қолында үстап отырған «құдайлардың» бірі. Несін айтайын, Жезқазғанның келешек тағдырын шешуге үстазымның рееси емес, осындай қыыс жолды таңдағанына таңданып та келемін.

Екеуі көтпен кездеспеген бе, кәдімгідей қол берісіп тұрды да, кенет құшақтаса кетті...»

Бірнеше минут өзара амандық сұраумен өтті. Одан соң өмірден кеткен ескі таныс, кәнігі геологтарды еске алысты... Әлден уақытта үй иесі қонақтарына қарап:

— Иә, Қаныш Имантаевич, сені маған алып келген нендей кіріптарлық? Қандай шаруаға қарыздармын мен? Соны естіртші, жаным,— деген-ди.

— Илья Ильич, кім-кім, өзіңізге жақсы мәлім: соғыс күндерінде ендіріс мысты қисапсыз көп сұрады. Сол үшін жанымызды суырардай болып дігірлеген әкімнің бірі — сіз. Керек дедініз, бізден қарсылық болды ма? Мен өзім де Балқаш заводын бай рудамен қамтамасыз ету үшін Жезқазғанның ең шұрайлы кен қабаттарын нұсқап бердім. Өйткені уақыт талабы солай болды... Құдайға

шүкір, қазір бейбіт кез. Рас, мысқа ділгірлік азайған жоқ. Қайта жыл сайын кебейіп отыр. Ондаған жаңа кеніштер ашылды. Бұрынғыдай жанталасқан қимылды қойып, кен қазу технологиясын бұзбай, әрбір жүлгені «бай» іә «кедей» деп талғамай-ак жүйелеп алсақ керек-ти. Осыны жүрттың бәрі түсінеді. Кеншілер де бұған теріс демейді. Бірақ орындау кезінде соны ешкімнің елегісі келмейтіні неліктен? Кеніш басшыларына бір күн болса да жоспар беру керек. Әмбес соны жан қинамай, жеп-женіл орындағысы келеді. Солай етіп жасырудың керегі не, шаш етектен абырай-атаққа ие болып, ер атанып, орден тағып жүргендер де жоқ, емес. Жезқазғанның бүгінгі халі осындаи, қымбатты Илья Ильич... Бұл туралы мен жиналыс сайын айтып келемін. Бірақ менің сөзім оларға бұлжытпай орындастын заң емес. «Дұрыс айтасыз» деп мақұлдаған болады да, ез білгендерін жасай береді. Мына Штифандов жолдас өткен жылдың қақ жартысын Москвада еткізді. Бітіргені шамалы бірақ. Гипроцветмет қағаздарын тексеруге алыпты да, жылы жауып қойыпты.

— Жә, соншама қысылып неге абыржыдың? Мен білетін Жезқазған бұл ғасырға сыр бере қоймаса керек еді...

— Шынымды айтайын, Илья Ильич,— деді Қаныш Имантайұлы мұндая сәйлеп.— Күні ертең іә пәлен жылдан соң, әлдеқандай бір білгіштің: «Сәтбаевтың істеп кеткенін кердің бе? Жер-көкке сыйғызбай мақталған дүниежүзілік кені бір ғасырға жетпей таусылып қалды!» деп жазғыруын ешкім естімese еken деймін. Барланған кен, болжанған мыс қазына түгелдей алынуға тиіс! Қазылуға тиімді кеннің ең тәменгі құнары... Иә, оны біз Гипроцветметке әзірлекен мәлімдемеде нақты көрсеттік. Жезқазған кені үшін ең тәменгі меже де сол. Бізге осыдан кем де, артық та керек емес!

— Мұның да оңайға түспес-ау, Имантаевич.

— Сейтсе де, Илья Ильич, өзіңіз көмек бермесеңіз, басқа кімге барамыз?

— Жә, сен келген соң бас тартуға бола ма? Еркіме қоясың ба, Имантаевич. Қаншама ұлы іске қатыстық, қаншама игілікті дүниеге келтірдік!.. Ал сіз, Жезқазған барлаушысы, есептерінді тағы бір мәрте тексер де, кенсеге жеткізіп бер. Көрейік не шығар еken... Жанағы атағаның, Қаныш Имантаевич, ақырғы меже ме?

— Иә, Жезқазғанның келешек тағдыры осы... біз атаған құнарға байланысты...

Н. А. ФОГЕЛЬМАН мен А. ГАНГНУСТЫҢ «Академик» очеркінде: «... Соғысқа дейін-ақ, кен іздеу ісінің экономикасы зерттелмеген, ондай ілім әлі тумаған жылдарда Сәтбаев, Жезқазған кені үшін ең тәменгі құнар 0,4 процент мысы бар руда деп көрсеткен-ди. Одан тәменгі құнар кеншілер үшін тым тиімсіз, ал байырақ кенді жыныста қалдыру — қыруар металды біржола кему деген сез... Бұлдау көп жылға созылып келіп, ақыры, 1963 жылы Гипроцветметтің күрделі есептеулер жасауымен бітті. Институт мамандары байыту фабрикасына түсетін кендеғі мыстың тиімді құнарын осы заманғы есептеу машиналарымен анықтағанда, таңғаларлық нәтижеге жолықсын: сол, Жезқазған барлаушысы соғыстан бұрын мөлшерлеп атаған меже!... Мұны, тегінде, Қ. И. Сәтбаевтың ғы-

лыми көрегендігі, болжаушыл қабілетінің ерекшелігі демеске лажжоқ!..»— деген тамаша тұжырым айтқан.

Қыркүйектің бас кезінде химия өнеркәсібін жедел дамытуға арналған республикалық кеңес шақырылған-ды. Академик Сәтбаев онда «Қазақстандағы химия өнеркәсібінің шикізат қорлары, оның жайы және химия ілімінің міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасайды.

Қазанның алғашқы күндерінде ол Алтайға аттанады. Өскеменде болады. Кенді Алтайдың атақты қорғасын-мырыш альбын, титан-магний комбинатын, Өскемен, Бұқтырма ГЭС-терін көреді. Зырянов, Лениногор, Тышинка кеңіштерінде болып, кен қазу жүріп жатқан участоктарды аралайды. Лениногор полиметалл комбинатының бір топ жетекші мамандары кен қазудың өнімді әдістерін ендіріске сәтті енгізген үздік еңбектері үшін сол жылы Лениндік сыйлық алған-ды. Сыйлықтар комитеті өзінің тәралқа мүшесі К. И. Сәтбаевқа жаңа лауреаттардың дипломын тапсыруды жүктеген. Бұл міндетті де ғалым осы сапарында орындейды.

Көп күндерге созылған дамылсыз жүріс шаршатты ма, әлде іштегі дерптің қайта білінген сағаты сол ма?.. Әйтеуір сол жолы, Лениногор ботаника бағын аралап қайтқан күні кеште кенет жүргегі лоқсып, біршама қиналып қалған-ды. Бірақ сапарын үзбейді. Алматыға келген соң ғана сырлас дәрігерлеріне көрініп, тағы да біраз күн радиоактивті сәулемен емделеді...

Алматыдан ғалым 1963 жылдың қараша айының 19-жаңасында аттанған. (Бұл күнді тәптіштей нақтылап жазуымыздың мәнісі өзгеше: бұдан кейін ол туған жерін қайыра басқан емес...) Бір купеде үшеу. Жиені, археолог Кемел Ақышев және көмекші серігі Бөлекжан Аяпбергенов. Москвада бірталай жұмыстары бар-тын. Ертерек барып дәрігерге қарану да ойында болған. Бірақ барған бетте соған мұршасы келмеді...

Сол қарсанда КОКП Орталық Комитетінің желтоқсан пленумына әзірлік басталған. Онда да химия өнеркәсібінің жай-күйі, жедел өркендету шаралары қаралмақ. Химия шикізатына аса қорлы Қазақстанның рөлі бұл мәселеде ерекше, оның ғылым академиясын басқарып отырған әрі іздеуші геолог атағы жүртқа мәшһүр академик Сәтбаевтың пікірі де мұндай келелі кеңесте өзгеше құнды болмақ. Әсіресе қабылданар қаулының жобасын әзірлеп, жиынның бағыт-бағдарын анықтауда... Қысқасы, Қаныш Имантайұлы талай күн талмай отырып, КСРО FA-сы даралап шығарған ғалымдар тобында КОКП Орталық Комитетінің химия өнеркәсібі бөлімінің басшылығымен үлкен жиынның дайындық комиссиясында еңбек етеді...

Желтоқсан пленумы да сол күндеңі барлық жиындар сияқты үлкен дүбірмен етті. Іле-шала КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы басталды.

Сол қарсанда Москваға Таисия Алексеевна да жеткен. Уәде бойынша, сессия біткен күннің ертеңінде екеуі Кисловодқа демалуға аттанбақ. Емдеу жолдамасы — қолдарында, тіпті жол билетіне дейін алынып қойған-ды.

Шаңқай тұс мезгілі болатын. Академиктер асханасында тамақ ішіп отырған ғалым кенет жайсызданып орнынан тұрып кетеді. Лениногордағы сияқты арғы түптен, тереңнен қозғалған ашы за-пыран демін тұншықтырып, бойын жайлап, әл-қуатын алып бара жатқандай. Бірақ президенттің кабинетінде болмақ төралқа мәжілісінен қалған жоқ. Тек онда ұзақ отыра алмады. Рұқсат сұрап шығып кетуге мәжбүр болды... Лоқсуы мейманханаға жеткен соң да басылмады. Қан қысымы кетеріліп, халі сағат сайын ауырлай түседі. Ақыры, таң ата Кунцеводағы арнаулы үкімет ауруханасына жеткізіледі...

Консилиумдар едел-жедел шақырылады. Бірі операция жасауды мақұлдаса, екіншісі науқастың үстелден тұрмайтынын ашық айтқан. Ең соңғысы қаңтардың екінші жартысында жиналған-ды. КСРО Денсаулық сақтау министрінің пәрменімен шақырылған, алденеше академик медиктер мен ірі профессорлар қатысқан білгілер кеңесі де ештеңе істей алмады. Ең соңғы үмітті үзген үкімді де солар айтты: «Медицина енді дәрменсіз. Науқастың қазіргі халі ешқайда қозғауды да көтермейді. Бұдан арғы тірлік — күндер санап, сағат тықылын тыңдап, уақыт үзатуда ғана...»

Алғаш жығылғанда-ақ, елден бірнеше адам ұшып келген-ді. Солардың алдыңғы легінде немере қарындасты Райхан Әбікейқызы Сәтбаева мен тұңғышы Ханиса — екеуі де медицина ғылымдарының докторлары... Одан соң қыздары — Шәмшия, Мейіз, Мәриям, інілері мен күйеу балалары, басқа жекжат-туыстары. Сырқаты жайынан хабарланған соң-ақ ежелгі достары да ағылып келіп жатыр. Көпшілігі «Жұмыспен жүрмін» деп сылтаура-тып келеді де, қасында бірер күн отырып, жадау көңілмен елге қайтады. Астана ғалымдары, әсіресе геолог әріптестері, жолдас-жоралары да жиі-жиі келеді. Бәрі де онаша палатаға жайрандап, жорта күле кіреді де, күн сайын мендеп бара жатқан жайын та-нып, сыртқа қамығып шығады.

П. Я. Антропов естелігінде: «Қаныш Имантайұлына мен өмірінің соңғы күндерінде бірнеше рет бардым. Заманымыздың аса көрнекті геологы, Отанымыздың тамаша перзентінің Москва түбіндегі аурухана төсегінде баяу сеніп бара жатқан соңғы саға-тын көру оңайға түскен жоқ. Өтерінен бір күн бұрын министр Е. П. Славский екеуміз, бұл кісі де оның мен сияқты жан жолдасы, әмбे әріптесі еді, тағы бір мәрте барып қайттық. Науқастың бұл ете-мете әлсіреген кезі. Бірақ сол бір ең қатерлі ауыр сағаттар-да ол өмірге деген құштарлық сенімін жоғалтпай, сергек шырай байқатты. Отанның шынайы патриоты және ғұлама білгірі бізге сол күні де туған елінің кен қазынасы, әсіресе Маңғыстау түбекінің мұнайы және минеральдық шикізат қоры жайында толғана сөз қозғап, терең де келелі пікірлер айтудан танбады...»— депті.

Іә, бұл да таңданарлық шындық. Өмір бойы тынымсыз еңбек-пен, жұмыс деп жаны ауырып өткен ғалым ғұмырының соңғы са-

ғаттарында да ежелгі әдетінен айнымаған: науқасты сол күндерде қатты мазалаған шаруаларының бірі ҚазИГН-нің өндіріс орындарымен жылма-жыл жасасатын келісім шарттарының кешігіү еді... Қайта-қайта сұрай берген соң, Алматыға телефон соғуға турға келді.

(...Жұмыс мұддесі үшін Қаныш Имантайұлының ешкімге ымырашылдық жасамайтындығы кей ретте оғандұшпан тауып беретін. Солардың бірі «Казцветметразведка» тресінің бас инженері Н. П. Скворцов еді. Білімі таяз, бірақ өзім білемдігі мол осы кісі... не үшін екенін білмеймін, ғалымға өмірінің соңғы сағатына шекті тыным бермей, ұсақ арандату әрекеттерінен тыйылмады. Ең соңғы қиянаты: Қазақстан Орталық Комитеттіне арыз жолдап, геология институтының өндіріске көмегін тексертіп, соның тұжырымы бойынша Министрлер Кеңесі Геология министрлігіне ИГН-мен келісім шарт жасауға тыйым салған қарар дайындалды,— деп түсіндіреді ғалымның институттағы орынбасары Г. Б. Жилинский бізге Магаданнан жолдаған 1981 жылдың 12 қыркүйек күнгі хатында.— Ал институтта бақандай 500 қызметкер, яки бүкіл ұжымның қақ жартысы осы шарттан түсетін қаржыдан еңбекақы алатын-ды. Қаныш Имантайұлы ауыр сырқаттан басын көтере алмай жатса да, осына қастандықты сезіп, қалайда залалсыздандыруға тырысып бақты. Көңілін сұрай барған министрлерге, үкімет адамдарына тапсырудан жаңылған жоқ, ал олар «Қам жеменіз, Алматыға барған соң бұл қияннан дереу түзетеміз!» десіп уәде береді, бірақ ешкім ештеңе жасаған жоқ. ...Ақыры, мен үй-ішінің етінуі бойынша, өмірімде тұңғыш рет Қаныш Имантайұлына етірік айтып, «Келісім шарттарға қол қойылды» деп жалған жеделхат жолдадым... Сірә, бұл ғалымның өмірден өтерінен екі-үш күн бұрын-аудаймін.

Мұның да аяғы әділетсіздікке ұласты. Ғалымды жерлейтін сәттің соңғы сағатында Министрлер Кеңесінің терағасы Қаныш Имантайұлының табытының басында құрметті қарауылда тұрып шыққан соң сол күннің кешінде біздің институтқа өндіріс орындарының кен қорын өсіру ісімен айналысуға тыйым салған қарарға қол қойды. Бұл шешімнің өмір талабына керегар екендігін дәлелдеудің азабын мен кештім...»)

Аурухана тесегінде сұлқ жатқан ғалымды ерекше мазалаған екінші іс кен құрамындағы сирек ұшырасатын элементтерді анықтайдын микрозонд аспабы еді. Бұл да кезінде институт директоры үшін бірталай бейнетке түсіп, қыруар валюта төленіп, Жапониядан сатып алынған өте қымбат та бірақ қажет жабдықты. Соны орнатуға шақырылған жапон шебері Алматыдан кетпей тұрганда, жаңа құралдың барлық кілтипланын біліп, үйреніп алушы Қаныш Имантайұлы барынша ықтияттап тапсырып бақсан...

Тағдыр жазуы солай ма, әлде көкейіндегі мансұқ іске берілгендейі ме, қалайда геолог Сәтбаевтың қырық жылға тақау уақыт кен барлаушылық қызметінде қажымай шүғылданған және ең соңғы ісі бәз-баяғы Жезқазған кенорнының тағдыры болыпты: Жоғарғы Кеңестің сессиясы аяқталған күннің ертеңінде, са-

ғат он бірде КСРО Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасарымен Жезқазған кенбайты комбинатының директоры В. В. Гурба екеуін қабылдау жөнінде келіскең; әңгіме комбинаттың баяу жүріп жатқан құрылышын жеделдету хақында болмақ-ты... Жазмыш оған жеткізбеді, бірақ соны қөңілін сұрай келген москвалық министр достарына қыла тапсыруды ұмытқан жоқ... Әлбетте, бүгінгі заманның тоғышарлары біз мадақ тұта әңгімелеген істерге мұрның шүйіре қарап: «Дәм-тұзы таусылар шақта есті адам қимас достарына бала-шағасын, іә өзін лайықты құрметпен жерлеуді тапсырап еді, ең болмағанда ғылыми мұраларын жарияладап, ғұмырын сарп еткен істерді жалғастыратын шәкірттерін қолдауды!...»— деп пәлсафа соғары сөзсіз.

Сейтсе де, ағайын, тоғышардың қарақан басының қамын же-ген арзан уәжіне малданбайық. Өзі үшін өмір сүрмеген, бүкіл сана-лы ғұмырын «Еңбек, тек қана ігі еңбек!..» деумен еткізген, за-маны да оны солай тәрбиелеген ғалым ақтық қундерінде кілт өзгеріп, мадақ жолына жалт беруге тиіс емес-ті. Қөнлі қалаған, араласуы сөзсіз қажет деп білген істің бәрімен де үлкен-кіші де-мей беріле шүғылданған. Оның ұлылығы, өзгелерден артықшылығы да, сірә, осынау шексіз таза жаратылысында...

...30 қантардың таңы шайдай ашық болып атты. Құндегі кіреуке тұман, бұлыңғыр бұлт та жоқ. Ғалым үйқыдан сергек оян-ды. Асқа да тәбеті шауып қөнілдене ішті. Айнаға қарап, бет-аузын сипап жатты да, аурухананың шаштаразын шақыртты. Тұнде қасында болған Таисия Алексеевна мен Ханиса мейманханаға демалуға кеткен соң, Мейізге қарап:

— Балам, бері жақында, қызық бір әңгіме бар,— деп қызының қолын кеудесіне алып, мейірлене сипады.— Таң алдында тұс көрдім. Біржосын қызық тұс. Айтайын ба?

— Егер жақсы тұс болса, көке.

— Тауда жүрген сияқтымын. Өзіміздің Алатау ма, Баянаула-ма, әлде Ұлытау ма? Әйтеір, құз-жартастары ақар-шақар, шат-қалы ұңғыл-шұңғыл қын тау. Қолымда геологтардың шарболат балғасы, сірә, кен қарап жүрсем керек. Қайдан қаптап кеткенин білмеймін, бір уақытта қарасам — алды-артым жалаңдаған аш берілер. Жұлып жегендей өршелене ұмтылып, тіпті әр жерімнен бір тартып қалып жүр. Соншама қаскөйлерге қайтып қарсы тұра-сың. Әлдебір биікке шығып кетпек болып, жан қорғап, тасқа өрмеледім. Бір мәрте оңбай сүріндім, қол-басымды тас жырып қанжоса болды. Әйтсе де жатып қалғам жоқ, жан-дәрмен ұмты-лып, ақыры бір жақпар тастың басына шығып кеттім. Қызықты қара, әлгі бөрілер маған жете алмай қалған соң, ту етекте шоқи-лып отырып, ал ұлысын, кейбірінің дауысы шәүілдеген итке үқсай-ды... Қойши, әрі қарай тыңда. Ентігімді басып, айналама қарай-мын: кенет әлдекәйдан бір құс ұшып келіп, иығыма қонды. Қолы-ма алып қарасам — өзіміздің Қарашаңырак, марқұм Бекеш ағам-ның қыран қаршығасы болғанын айтып едім ғой... Иә, сол. Қар-шығаны бірақ ұстамадым, үйрекке салғандай нұсқай босатып

жіберіп едім, ғажапты қара, қыран құс басымнан бір айналып теңбілсіз кекке жайлап көтеріліп, тіпті әлден соң кез жеткісіз қиянға шығып кетті... «Көл, көл!» деп қанша шақырса да, зарыға күтсем де, құсым қайтпады. Бұл енді біздің қазақ ырымында жақсы емес, соғанды қатты екініп, қаршығаны ізdemек боп жүре түсемін. Қызықтың кекесін сонда кердім. Бійк таудың үсті деп отырғаным кенет шексіз дала болып кетті. Мұнша қуанбаспын. Тынысым кеңіп, бір түрлі демалып қалдым. Құдды геологиялық саяхатта жүрген сияқтымын, соғанды мәз болып, бар даусыммен шырқата өн салып жіберіппін... Әлдекім түртеді, оянсан, қасымда шешен отыр. Ал не дейсің бұған?

— Меніңше, аяғы жақсы тұс! Бірақ сен тұске сенбеуші едің ғой?

— Ал бүгін біржосын сенгім келіп жатыр. Әсіресе заңғар таудың басына шыққаныма мереіленіп, жаным сергіп, елге, ауылға барып қайтқандай көнілденіп қалдым. Сірә, жуықта үйге қайтамыз-ау деймін. Қасқырлар да бойдан қалмай жүрген дерт шығар, ал заңғар биіктің кенет шексіз далаға айналғаны — кең жайлау, қазакемнің өз үйі емес пе?..

— Шынында да солай екен-ау, көке! Ендеши, жазыласың! Дала сенің ежелгі тынысың ғой.

Күні бойы ерекше көңілді жатты. Оған себеп болған геолог шәкірті, Маңғыстау түбегін зерттеуші С. Е. Шақабаевтың естірткен жақсы жаңалығы еді... Тұске жақын астанадағы ескі достары келді. Олармен де бір сағаттай уақыт ашына-жай әңгіме шертті. Нақ сол күні денсаулығын екі жыл бойы құйттеген дәрігер достары А. Н. Сызганов пен С. Б. Балмұханов Алматыдан арнайы ұшып келген-ді. Оларға да қуанып, қос министр сыйлап кеткен (Е. П. Славский мен П. Я. Антропов) Маңғыстаудағы Форт-Шевченко қаласының жаңа жобасының, онда салынбақ тұщы су ендіретін атомдық реактордың макет суреттері жапсырылған альбомды көрсетіп, соны айтқанда жүзі біржосын шырайланып рақаттана әңгімелеген. Әмірге құштарлығы сонша, тәуір болысымен академик А. П. Виноградовты ертіп, Балқаш пен Қоңыратқа, одан соң Жезқазған мен Маңғыстауға баратынын, Кенді Алтайды аралатып, ақырында Қазақстанның әр жерінде кездесетін сирек элементтер туралы, оларды өндіру жайында Алматыда ғылыми сессия өткізетінін, қандай баяндамаларды күн тәртібіне енгізетінін, оларды кімдер жасайтынына дейін ежіктел, тіпті өзі атаған мамандардың тізімін қағазға жаздырып қойған-ды.

Сейтіп бұл тәулік те тынымсыз оймен, ертеңгі күнді зор еңбекке жобалаумен өткен-ді.

Мейіз таңға жақын оянып кетті. Содан кейін үйықтай алсайышы. Дөңбекшіп, әрі-бері аунақшып біраз жатты да, апыл-ғұптың киініп сыртқа шықты. Түү баста Москва базарларының біріне соғып, ас-су алмақ болған. Бірақ әлденеге сыздаған жүргегі Кунцево жолына қарай бұра берген соң, метро поезына мінгенін жер астында зымырап келе жатқанда бір-ақ аңғарды. Ол келгендे күн енді-енди көтерілген мезгіл-ді, жан әкесінің есінен танып сандырақтап жатқанына бірер сағат болыпты.

Тынымсыз тырсылдаған өмір сағаты жүрісін сәл-пәл бәсендесте-  
се еді, жоқ, тық-тық соғып, соның күрып қалғыр сүйір тілі кешкі  
беске минут сайын жақындалап бара жатқан-ды...

### **«КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасынан, Москва, Кремль, 1 ақпан 1964 жыл.»**

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 31 қаңтар 1964 жылы  
ұзаққа созылған ауыр науқастан алпыс бес жасқа қараған ша-  
ғында көрнекті кеңес ғалымы, Қазақ КСР Ғылым академиясының  
президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері,  
КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің  
Одақ белімі төрағасының орынбасары, академик ҚАНЫШИМАН-  
ТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ қайтыс болғанын күйзеле қайғырып, ке-  
ңес халқына хабарлайды.»

Тұған елі Қанышымен 3 ақпан күні қоштасты.

Ғалымның мүрдесі салынған табыт Абай атындағы Қазақ  
мемлекеттік опера және балет театрына қойылған-ды. Сүйікті  
перzentімен ақырғы рет жүздесіп, ақырғы рет қош деуге келген  
халық нәпірі бірнеше сағат бойы толассыз ағылуда: Қарағанды-  
ның кеншісі, Жезқазғаның, барлаушысы, Кенді Алтайдың, Алма-  
тының жұмыскері, Баянауылдың малшысы... Қолдарына гүл ора-  
мын ұстаған, жүздері қайғыдан тұнерген орыс пен қазақ, украин  
мен неміс, өзбек пен қыргыз, тәжік пен түрікмен, үйғыр мен ко-  
рей... Ғалым мен жазушы, мемлекет қайраткерлері мен геолог-  
тар, шәкірттері мен замандастары, өнер адамдары мен акаде-  
мия институттарының сан алуан қызыметкерлері... Бәрі де қызыл  
мауытпен кемкөрілген табытта үйіктап кеткендей мазалы күй-  
де, маңғаз келбette маужырап жатқан таныс бейнеге, ғұлама  
жүзіне қамыға қарап өтіп жатыр...

«Таңтереңгі мезгіл еді. Шай ішіп отырғам. Үйдегі радиотабақ  
кенет өзге сөз құрығандай: «Қаныш Сәтбаев дүниеден қайтты»  
дегені. Біреу желкемнен түйіп қалғандай болды. Есімнен айрылып  
қалыптын,— деп егіле есіне алған-ды сол бір қаралы күнді  
жезқазғандық байырғы барлаушы Халық Темірбаев.— Бала-ша-  
ғам дәрігерге жүгіреді. Есімді жиған соң ай-шайға қарағам жоқ,  
белімді бекем буып, аэропортқа жеттім. «Қан-ағаңдай асыл жан  
дүниеден кетіп бара жатқанда, мен кіммін, зейнет демалысында  
жатқан қауқарсыз шалдың саулығы, ғұмыры кімге дәрі?» деген  
кеуде ғой баяғы. Қан-ағаңның ақ жүзін көріп, топырақ салайын...»  
Өзара келіскендей-ак ескі бүрғылаушылардың бірталайы аэро-  
портта жүр, ал Алматыға билет жоқ. Штифандықтың үстап алып: «Біз  
бармасақ — сен де ешқайда кетпейсің, жеке самолет жалда!» деп  
қыспакқа алайық. Сейтіп, сонау жылдарда Бурабай басында тү-  
неп жүріп тірлік еткен, жаңа өнерге үйреніп, жұрт қатарына қосылған  
ескі жұмыскерден 12—13 адам Қан-ағанды ақтық сапарға шығарып  
салуға аттандық...»

Шартараптан келіп жатқан азалы жеделхаттар тасқынында есеп жоқ. Бәр-бәрі соның, қазақ халқының ұлы презентінің кіслік қадір-қасиетін сан мәрте қайталап айтып, қоштасу, қамығу, ауыр қазаға ортақтаса көңіл білдіру жолдаған. «Правда» газетінің алқасы: «...Қаныш Имантайұлының есімі кеңес халқының жадында мәңгі сақталады. Оның есімі Кеңестік Қазақстан тарихында, кеңестік ғылым шежіресінде ешпейтін алтын әріптермен жазылған. Ал біз, правдистер, сүйікті газетіміздің ең қадірлі авторларының қатарында Қаныш Имантайұлы болғанын әрқашанда мақтан етеміз,»— десе, КСРО ҒА-ның тәралқасы: «...академик Қ. И. Сәтбаевтың қазасы — бүкіл еліміз бен кеңес ғылымы үшін өте ауыр қайғы»,— деп қамықкан; туысқан қырғыз ғалымдары: «Бүгінгі қайғыны дәл бейнелер сез жоқ. Өзінің жарқын да шабытты еңбекке толы ғұмырын сүйікті еліне, партияға, туған халқына қалтқысыз арнаумен өткізген асыл арысынан айырылған қазақ туыстарға қайғысына ортақ екенімізді білдіргіміз келеді»,— деп жан тебірентерлік жоқтау арнаса, қырдағы көгілдір Дунай жағасынан болгардың геолог-ғалымы, ҒА-ның президенті И. Иовчев: «Қаныш Сәтбаевтай әріптесімнен, досымнан, жақыннын айырылған азалы шақта, сіздерге, бауырмал қазақ халқы, қатты қайғырып көңіл айтамын»,— деп жеделхат жолдаған-ды. Мұндай азалы жеделхаттар, тегінде, жүздеген...

Ақын-жазушылар да, жекелеген ғалымдар да сол күндерде түрлі басылымдарда азалы жоқтау сөздерін егіле төккен-ди. Соны өлеңмен білдіргендер де аз емес-ти. Төменде біз солардың бәрін емес, тіпті қыннан қыстырып тауып айтқан ең көрнекті иә ұтымдысын емес, халықтың қарапайым өкілінің жүрекжарды лебізінен үзінді көлтіреміз...

Баянауыл тұрғыны, қарапайым малшы Садық Сапабекұлының жоқтау жырынан:

«Халқымыздың ақылшысы  
Данасынан айырылдық,  
Орны бөлек кешбасшы  
Дараасынан айырылдық.  
Биіктен аңдалап көрөтін  
Шың басынан айырылдық,  
Жердің тілін білетін  
Тілмәшинен айырылдық.  
Кеннің сырын шешетін  
Сырласынан айырылдық.

...Қатарынан озған бүл Қаныш  
Ғұлама еді, көн еді.  
Қолдан келер шара жок,  
Амандығы жөн еді...»

Бұдан ұш жыл бұрын ұлы замандасы, қимас досын жерлеуге арналған қаралы жыында Қаныш Имантайұлы жан дүниесі сөгіле қайғырып тұрып, былай деген еді:

— Мұхтар Әуезовтің есімі бұдан bylай тарихтың еншісіне көшеді. Оны енді қазақ халқының ұлы перзенттері Абай Құнанбаев, Шоқан Үәлиханов есімдерімен қатар атайтын боламыз... Талай жылдар өтер, келешек үрпактың аузында ардақты Мұхаңың жарқын бейнесі әңгіме, жыр, ән болып, таңғажайып ақызға айналып, уақыт ұзаған сайын қайта-қайта жаңғырып айтыла бермек... Ал асыл нұсқа, өлмес мәңгі шығармаларың болса, қадірлі Мұха, өзіңін дара бейнендей, халақ жадында, үрпактар алдында таңда туған Шолпандай әрқашан жол нұсқап жарқырап тұрмак!..

Нақ сондай ұлағат сөзді мәңгі үйқыда жатқан асыл Қанекеңнің езіне де айтар мезгіл туды... Қазақтың ұлт мәдениетінің қос бәйтерегі өмір жолын бастар шақта, алдағы игі істерге аттанар сағатта ел көгіне бір мезгілде шығып, ғұмыр бойы иық тіресе жүріп еңбек еткен еді, енді, міне, тағдырдың жазуын қараңызшы, жер бесікке де... қабірлері қатарлас түсті...

\* \* \*

Азалы күндер артта қалды. Барлық қайфылы, қаралы қазалар сияқты, мұның да зар-мұңы біртіндеп ұмытылып, кеңіл шуақты күндерге ауды. Иә, қайғы — мұнға, мұң сырға айналды. Соның бәрін де ешқашанда ешпейтін, өлмейтін мәңгі өмір женді. Адам табиғатының даму заңы осы!.. Сөйтіп, уақыт озып, тіршілік күй жаңа сарын, жаңа буындарды өмір толқынына шығарған шакта, көп жылдар еткен соң, ғалымның қалдырып кеткен мұрасын сынни көзбен қарал, барын салмақтап екшейтін, мән-маңызын, қадір-қасиетін анықтайдын мезгіл туды. Бұл да өмір талабы...

Академик Сәтбаев дүниеден қайтқан жылы-ақ оның геолог әріптесі, ғылым докторы, профессор В. С. Коптев-Дворников: «**Ол артына үш түрлі ұлы ігілік қалдырып** кетті: **Жезқазған** — бір, **Қазақстанның ғылым академиясы** — екі, **Геологиялық ғылымдар институты** — үш... Мұның үшеуінде де ғалым, коммунист, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев іргесін қалаған жақсы істі әрі қарай дамытуға құлшынған жүздеген адамдар еңбек етеді...» деп жазған-ды.

Қазыналы Жезқазған — қазірде үлкен де іргелі өндіріс ошағы. Ұлытау баурайындағы алып кен-металлургия комбинаты ғалым өмірден озған жылы-ақ академик Сәтбаевтың ұлы есімімен аталған-ды. Оның құрамында ондаған шахты, кен байту фабрикалары, өте үлкен мис зауыты, солардың негізінде сан тарам қосалқы шаруашылықтары бар дүниежүзілік санаулы ірі әнеркәсіп орталығына айналды. Жетпісінші жылдардан беріде бұл қала ширек ғасырдай мерзім облыс орталығы болған кезде айтартылған көркейіп, ерекше есті. Бұл жөнінде бір кезде шөл дала, сусыз, нұсыз қу медиан еңір атанған аймақта Қаныш Имантайұлының сәуегейлікпен болжап әрі соның өмірге келуіне айтартылған еңбек сіңіре жүріп көпшілікті еліктірген арманы түгелдей дерлік жүзеге асты. Өзірше орындалмай жатқаны — Қарсақбайдың темір

кені мен Қияқтының мол көмірін игеру хақындағы жобалары, «Же-зқазған-Арал теңізі» темір жолын тарту ісінің де кешеуілдеп жүргендігі... (Ғажап іс: ғалымның соғыстан бұрын-ақ бұл жолдың бойында, Қызылорда облысының иелігіндегі Құмкөл маңынан мұнай көздері табылады деген жорамалы қазірде жұзеге асып, ондағы «сүйік алтын» қоймасы Қазақстан Республикасына ділгір кезеңде қызмет ете бастауы!) Жезқазғандағы ендіріс іргесінде мыс комбинатының ғұмыр тарихын баяндайтын мұражай жұмыс істейді, оның шағын бір залы геолог Сәтбаевтың Ұлытау қазынасын ашудағы ұлы еңбегін әйгілеуге арналған. Қарсақбайда Қаныш Имантайұлы он екі жыл тұрған ескі үйде ғалымның мемориалды-тарихи мұражайы орналасқан. (Жүректі күпті етер өкініш: Қазақстан Министрлер Кеңесінің 1964 жылғы «Қ. И. Сәтбаев есімін мәңгі есте қалдыру жайында» қаулысының тоқырау жылдарында ерескел бұзылып, Жезқазған кен-металлургия комбинатынан оны құруышы есімінің түсіп қалғандығы?!..)

Алайда данышпанның асқан әскездікпен және тыңғылықты жасалған ұлы ісі ешken жоқ: қазыналы Ұлытау, әсіреле Ұлкен Жезқазған бүгінде де Тәуелсіз Қазақстанға өз үлесін қомақтап қосуда!..

Қазак КСР ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты да Қ. И. Сәтбаевтың есімімен аталады. Шындығында Қаныш Имантайұлының жарқын бейнесі, ғалымдық қолтаңбасы осынау Еңбек Қызыл Ту орденді ғылым ошағының майдайшасына орнатылған мемориалдық мәрмәр тақтада ғана емес, әрбір сектордың, белімнің, лабораторияның, зерттеуші геолог-ғалымдардың бүгінгі ғылыми еңбегінде, ұлкенді-кішілі істерінде, ашқан жаңалықтары мен кен орындарында өмір сүріп, сәтті жалғасып келе жатқаны даусыз шындық. Себебі, бұл ғимараттың шаңырағының астында академик Сәтбаев іргесін қалап сомдаған, тәрбие-ұлағатын тартқан Қазақстан геологтарының металлогения мектебі жұмыс істейді.

«Сәтбаев институтын» (ИГН-нің ел аузындағы екінші атаву) көруден соң, алдындағы тік көшени бойлап жоғары өрлейсіз. Сәлден соң-ақ «құйрықты жұлдыздай жарқ еткен» жас Шоқаннның тас мүсініне кез боласыз. Оның алдында — Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының зәулім ғимараты. Сәулет өнерінің тұлғалы да дара, ғажайып сарайына сүйсіне кез тастап, гранит бас-палдақпен екінші қабатқа кетерілесіз. Сол сәтте өзіңізге маңғаз келбетпен барлай қарал, «Осы ордага қандай келелі ғылыми іспен келдің, не әкелдің, берерің не?..» дегендей емеурінмен бойың мен ойынды шамалап, қарсы алдыңызда қасқайып отырған Қаныш Имантайұлын қөресіз. Оның оң қанатында Михаил Васильевич Ломоносовтың бейнесі. Екі алыштың тас мүсінінің құрметті терде, әлдеқандай бір ұлкен мәжілісті басқарғандай қатар отыруында бірталай мән мен сыр жатыр: орыс ғылымы Ломоносовтан бастап тұңғыш рет дүние жүзіне танылды; ал қазақ ғылымы орыс жүртінің тамаша ғалымдарының шуақты әсерімен, ұстаздық кемегімен қияға қанат қақты; оның көшбасшысы — академик

Сәтбаевты тірі кезінде-ақ замандастары «Қазак топырағында ХХ ғасырда туған Ломоносов сынды дара тұлға» деп атаған-ды... Демек, екі ұлының Қазақ Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының құмбезді шаңырағы астында қатарлас отыруы саяси мәнді белгі ғана емес, олардың ғылымдағы жетекшілік орнымен бірге екі халықтың көп жылдық достық ғұмыры жолымен, рухани мұрағаттар жөнімен езара жақындастыруның бейнелі белгісі ретіндегі кестелі де занды құбылыс!

Әсілі, қандайда ұлының, иә сол ғұлама қалап кеткен ұлы істердің ауқымы, биіктігі һәм мәңгілігі сол игілік жасалған кезде аса білінбей арада кеп жылдар өткен соң, бір емес, бірнеше үрпақ ауысқан шақта айқынырақ көрініп, даралана сезілуі — өмір қағидасты.

Бұл ретте біз жоғарыдағыларға қосымша ретінде Қаныш Имантайұлы мәңгілік сомдал кеткен тағы бірнеше ұлағаттарды атайдыз.

**Қаһармандық өрлікке тән төртінші заңғар ісі** — Ұлы Отан соғысының алапат қызын кезеңінде Жезді кенішін ашқызып, Оралдың металлургия өндірістеріне аса ділгір шикізат тауып беруіне қоса, Жезқазғанның аса құнарлы мыс кенін Балқаш зауытына молдап жөнелтуге мұрындық болғандығы. Осы ұсыныстың нәтижесінде соғыс үшін қажет марганецтің 70 проценттен астамы, мыстың үштен бір бөлігі (оқ, пен снаряд гильзалары) Ұлытау атырабындағы кен қоймаларынан өндірілген. Қаныштай асылымыздың осынау ұлы еңбегі сол кезде де, қазірде де өрлік ретінде лайықты бағасын алған жоқ. Ұлы Отан соғысының төрт томдық тарихында бұл деректер жазылғанмен, оны жасаушының есімі аталмай қалған...

Бүгінде Қарағанды атырабындағы үлкенді-кішілі барлық өндіріс ошақтары және Жәйремге дейінгі ірі кеніштер, демек, осы өлкедегі құллі жылу-қуат стансалары, қалалар мен елді мекендер (бұлардың ішінде Қарағанды мен Теміртау сынды үлкен шәрлер де бар) пайдаланып отырған мол су Ертістен жарма арқылы алынады. Осы ұлы иғілікті емірге келтіру үшін Қаныш Имантайұлы өзінің отыз жылдай ғұмырын сарпетіп, Сарыарқа қырында мәңгі өлмес және дүниеде тенденсі жоқ алып құрылышты бастатып кеткен. **Мұны біз ғұламаның бесінші өрлігі дейміз.** Осы игілікті әжетіне жаратып отырған миллионнан аса халық соны біліп қана қоймай, Ертіс-Қарағанды жармасына ғалымның есімін беріп, лайықты бір жерден сүйікті перзентінің ескерткіш тұлғасын иә биік тастұғырды қундердің қунінде тамашалайтын болар деп сенеміз!..

Маңғыстау мен Атыраудың бүгінде дүние жүзін таңғалдырып, ері қызықтырып жүрген мұнай мен газ қоймасын ашудағы академик Сәтбаевтың көрегендік жорамалы, сол оқиғаны тездетудегі қам-қарекеті де бір адам үшін, сірә, тарихта қалуға жетерлік ұлағат. **Оны біз ғалымның халқына қалдырған алтыншы мұрасы дейміз!..**

XXI ғасырда өмір сүретін үрпақ үшін, бәлкім, одан да аргы алыс уақыттың — үш мыңыншы жылдардың адамдарына әспеттеп қал-

**ДЫРҒАН ЕҢ ҰЛЫ ҚӘМ ЖЕТІНШІ ІСІ** ғалымның жоғарыда үшінші лекте аталған еңбегінен тарайды, яғни бұл — ғылыми мектебі жұмыс істеп отырған ИГН-ның фондында сақтаулы «Орталық Қазақстан-ның металлогениялық болжам картасы». Осы еңбекі Лениндік сыйлықпен марапатталып, кен барлауға нақтылы пайдасы дәлелденген соң-ақ, қазақ ғалымының бұл ілімдегі кешбасшылық женін өзбек, тәжік, қырғыз, армян, грузин, әзіrbайжан, украин, белорус, Балтық бойы, сонынан Москва, Орал мен Сібірдің, ішінара Болгария және сол кезде халық-демократиялық елдері аталған мемлекеттердің ғалымдары, бертінде Қытай мен Индияның геология қауымы жете танып, ол жария еткен болжамдаудың түп қағидаларын өз зерттеулеріне негізге алған-ды.

Қандайда ілім және оны өрістетушілер ешқашанда бір орында тоқтап қалмайды, бұл — табиғи занұлдылық. Қаныш Имантайұлы да солқарсанда әлемдік геология білгірлерінің алдыңғы легіне қосылып, құллі адамзат қауымының зиялы өкілдері XX ғасырдың орта шенінен беріде (бәлкім, одан да әрі замандарда) зерттеп білуде тырысқан күрделі мәселе — **ЖЕР ПЛАНЕТАСЫНДА ПАЙДАЛЫ КЕН ҚАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАРАЛУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ ИСІНЕ** белсене кіріскең-ди.

Жаратылысты танып-білудің, тегіндө, шегі жоқ, геологиялық ізденістердің де, сірө құрдым тереңдігіне, иә шырқау биіктігіне шәк келтіруге болмайды. Қазақ ғалымы болса, әсілі нақтылы барлаумен ғұмыр бақи шұғылданғандықтан шығар, өзіне шектеулі мақсат қойып, Жер планетасының даму тарихын 1,5—2 миллиард жыл қөлемінде, яғни өте көне және аз зерттелген кембрій дәүіріне дейінгі аралықтың құпиясын ашуға ниеттенген. Өйттегі себебі: Орталық Қазақстан бойынша (құллі Сарыарқа атырабы деп түсіну шарт) академик Сәтбаевтың мектебі оны 0,6 миллиард жыл шамасында, яки ерте палеозой дәүірінде түзілген кен орындарының занұлдылықтарын болжам арқылы сәтті шешті; сол үлгіні енді одан да әрірек жатқан дәүірлерге қолданып көрсө ше?!

1997 жылы Алматыда, «Ғылым» баспасында жарық көрген, «Академик Қ. И. Сәтбаев және геологиялық әлемдік ғылым» деп аталған таңдаулы ғылыми еңбектер жинағында айтылған жайтарды үңіле қарағанда анғарғанымыз — қазақстандық білімпаз осынау күрделі мәселенің жұмбақ құрмеуін шешуге жақын болған. Ресей және Еуропа ғалымдарының бұл жайындағы ізденістерімен салыстырғанда ол көш ілгері алға шығып, ал кейір тұжырымдары бойынша әлемдік алып тұлға В. И. Вернадскийдің жаратылыстың тегі хақындағы таңғажайып болжамдарымен жанасарлық ойлар білдірген. Мұны біз маңдайымызға біткен біртуар асылымыздың кеменгерлікпен толғап, бірақ **аяқтай алмай кеткен сегізінші бійігі** дейміз. Өткінш біреуға: дарқан өмір оған қосымша он жыл ғұмырды қимады!?

Ғұмыр жасы сәл ұзағырақ болса, кім білсін, әлемдік ғылым бүгінде де шеше қоймаған ұлы құпия — Жер планетасындағы асыл қазыналардың орналасу, жаралу жұмбағын шешіп, құллі адамзат қауымын иен байлыққа шаш етектен жарылқап кетер ме еді?!

Жоғарыда ескерткеніміздей, ғалым дүниеден еткен соң-ақ оның ұлы есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында бірталай ігі шаралар жүзеге асқан-ды. Солардың кейбірін түгендесек...

Туған өлкесі Баянаулада қоғамдық негізде мұражай ашылып, өзінің атажұртындағы «Шадыра» кеңшары, Семей облысының бір шаруашылығы (Ақсұат ауданының) ғалым есімімен аталды; Іле өзені мен Балқаш көлінің айдынында «Академик Сәтбаев» кемесі жүзе бастаған-ды. Жонғар Алатауында жаңадан ашылған мәңгі мұздақ пен асқар шың да оның өлмес есімін иемденген еді. Қаратаудың ваннадий кендерінен ашылған жаңа минерал —«Сатпаевит», Алматы ботаника бағының бағандары өсірген гладиолус гүлінің жаңа түрі «Академик Сатпаев» деп аталады. Алматы мен Қаратаудың, Қарсақбай мен Арқалықтың, Ленгір мен Құмкенттің, Түркістан мен Арыстың, Баянауылдың және өзге де қөптеген елді мекендердің, қалалардың он алты орта мектебіне ғалым есімі беріліп, Қазақстанның төғиз қаласы — Алматы, Қарағанды, Семей, Балқаш, Гурьев (Атырау), Жамбыл (Тараз), Қызылорда, Павлодар және Жезқазған даңғыл көшелеріне қадірменді перзентінің атын қойған-ды... 1967 жылы Москвада Революция мұражайының (қазірде оның аты-мәні өзгерсе керек) екінші қабатында қазақ ғалымы академик К. И. Сәтбаевқа арналған жаңа бөлім пайда болды; жоғарыда — ғалымның келісті үлкен суреті; оның астында — терт Ленин ордені және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені; тәменіректе — Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттық дипломдары; олардың қатарында — депутаттық және Кремльге кіретін тұрақты күеліктері; өмірбаяндық әр түрлі құжаттары, ең теменде — олашқан кендердің көрнекті минерал үлгілері; академиктің ең басты ғылыми еңбектері... Нақ осындай көрнекті тақта шамасы отыз жылдан кейін (?) Қазақстанның Алматыдағы Мемлекеттік тарихи мұражайында да ашылды...

1965 жылы көзі тірі замандастарының, шәкірттерінің естеліктері негізінде «Академик К. И. Сәтбаев» атты (А., «Ғылым», құрастыруши Т. А. Сәтбаева, бас редакторы Ш. Ш. Шөкін) жинақ, ал 1967—1970 жылдар аралығында сол баспадан (бас редакторы Ш. Есенов) көрнекті ғалымның таңдаулы ғылыми еңбектерінің бес томдығы жарық көрді. Қабірінің үстінен қойылған сәулетті құлпытас (оны москвалық мүсінші А. П. Андропов жасаған), сол жылдарда сәтімен жеделғабыл дүниеден келген өнер туындысы болатын. Ғалымның атақ-дабысына, елі үшін жасап кеткен ұлы істеріне сүйсінген, әмбे соларды үрпақ тәрбиесіне үлгі-нұсқа етуді мақсат еткен бір топ әдебиетшілер (академиктер К. Жұмалиев, Е. А. Букетов, байырғы қalamгер А. Брагин, әуесқой әдебиетші Т. Оразов және осы жолдардың иесі) Қаныш Имантайұлы туралы деректер жинал, оның ізі түсken жерлерді аралап, ғұлама бейнесін әдеби шығармалар арқылы сомдауға әзірлікке кіріскең. Кейбіреулерінің алғашқы жазбалары жарық та көрген-ді...

Алайда 1974 жылдан былай Қазақстанның зиялы қауымы түсінбеген, шындығын айтқанда, сол бір ерескел арандатушылықты қабылдамаған масқара шыргаландар басталды. «Академик Қ. И. Сәтбаевтың қоғамдық ғылымдардағы мұрасы» атты деректі кітабында (А., «Ғылым», 1997, 197-б.) тарихшы F. O. Батырбеков атап көрсеткен, «12 жыл бойы оның ғылыми еңбектерін жариялау, насиҳаттау түгілі, есімін атауға, әдеби шығармалар жазуға, тіпті Үлттық Ғылым академиясын құрудағы тамаша істерін айтуға ресми үкімет тарапынан жасырын түрдөтыйым салған әділетсіздік орын алды. Бұл туралы әлдеқанша айғақтар мен материалдар келтіруге болады... Тек 1987 жылы ғана қиянат шектеушілік тоқтап, туғанына 90 жыл толуына байланысты Қазақстан үкіметінің «Қ. И. Сәтбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» екінші қарары қабылданып, ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу, насиҳаттау ісі қайтадан жандана бастады...»— деген тұжырымының бір сөзін теріске шығаруға болмайды. Аңы болса да бұл — кешегі еткен өмірімізде кез көрген, осы кітапты жазушы бастан кешкен шындық. Бұл үшін бір ғана дерек айталақ; қолыңызда ұстап отырған роман-хикияттың алғашқы нұсқасы 1975 жылы «Жазушы» баспасында теріле бастаған кезде, Қазақстан КП Орталық Комитетінің сол кездегі идеология саласын басқарған хатшысының тікелей нұсқаумен шашылып қалған еді (сондай-ақ «Қазақфильм» студиясының «Академик Сәтбаев» атты деректі фильмін көрсету де). Әділдік іздеген әрекетіміз сәтсіздікке ұшыраған соң, маған оны 1980 жылы Москвада, ғалымның рухына адап достарының көмегімен орыс тілінде жариялауға тұра келді. Кітаптың ана тіліндегі біршама шектелген нұсқасы тек 1988 жылы ғана жарыққа шықты. Нәк осындей ерескел қияннatty академик-қаламгер Е. А. Букетов те көріп, ғұлама ұстазы туралы бастаған еңбегін аяқтай алмай емірден етті...

Бұл арада біз тарих еншісіне кешкен осынау келенсіз оқиғалардың себебін жіліктеп талдамаймыз (оның жай-жапсары нақтылы айғақтармен «Шабыт» баспасы 1994 жылы шығарған «Құғындалған «Сәтбаев» атты естелік хикаяттымызда толық баяндалған).

Біздіңше, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылдың 25 қараша күні Павлодарда сөйлеген сөзіндегі: «Ғалымның өмірі қыншылыққа толы болды. Өздеріңізге мәлім, дарындыларды үнемі құғындал, кеменгерлерімізге сенімсіздік көрсеткен қоғамда өмір сүрдік. Қ. И. Сәтбаевтың басынан кешкен түрлі сүргіндер, жазалаулар, ең аяғы ұлы еңбегінің лайықты бағасын алмау себебі де осыдан. Сондықтан да біз келешек үрпаққа ұлағат ету үшін оның ғылыми еңбектерін, асыл сөздерін, ғұмыр жолын көнірек насиҳаттауымыз керек, жас жеткіншектер біздің халықтан осындей алып тұлға туғандығын білуге тиіс...— деген уәжі өткен өмірімізде орын алған сол бір өкінішті кезеңнің шынайы сипатын, көнілде түйткіл туғызған көп жайтты түсіндірсе керек. Ұлы ғалымның мерейтойына әзірлік жениндегі арнайы мәжілісті Елбасы былайша түйіндейді: «Менің кәміл сенген ойымша, Қаныш Имантайұлы Сетбаев — кешегі Қеңес Одағының ұлы

адамдарының бірі ғана емес, жылнамаға көшпек XX ғасырдың ұлы тұлғасы. Данышпан перзентіміз Одақ көлеміндегі ең озық геология мектебін берік қалап кетті. Қазақ қауымынан мұндай биік деңгейге кетерілген одан езге жанды мен білмеймін!..»

Бір жайт шүбесіз анық: ғалымның өмірі небәрі алпыс бес жылмен шектелсе, қайта жалғасқан мәңгілік ғұмыры туған халқымен бірге жасап келеді.

Іә, Қаныштай шын асылдың үлгі-ұлағаты өшпейді. Ғалымның сүйікті шәкірті, кейінгі толқын Қазақстан геологтарының дарынды өкілі, академик Шаһмардан Есенов 1969 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде: «Жыл артынан жыл өтер, уақыт керуені тоқтаусыз ілгері аса берер. Қаныш Имантайұлының ардақты есімі болса, талайталаі үрпақтың жадында сақталар да жатталар. Қазақ халқының ұлы перзентіне деген маҳаббаты еш уақытта сұымайды!..»— деп жазған-ды.

Әдейі саралап та, даралап та келтірген осы екі пікірдің жария болу аралығында, байқасаңыз, аттай отыз жыл жатыр. Демек, Қаныштай шын асылдың ешпес ұлағатына, енегелік сипат-тұлғасына емір жолында кездескен тосқауыл мен түрлі әрекеттердің титтей де ескілік дағы, уақыт табы түспей, қаз-қалпында сақталған. Мұның айғағы — соңғы он жылда туған елінде жүзеге асқан алуан иғіліктер...

Әсілі, солардың ең бастысы — Қазақ Республикасы үкіметінің етініші бойынша, дүние жүзі халықтарының руханият үйімі ЮНЕСКО-ның 1997 жылдың қараша айында Париже өткен Бас конференциясының 29-құрылтайында қазақ ғалымы, академик К. И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толу мерекесін тойлау жөнінде арнайы қарап (№ 234—10) қабылдауы. Соған орай Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Н. Ә. Балғымбаев бастаған мерекелік топ құрылышп, ұлттымыздың мерейін биікке көтеріп, рухани, ғылыми таным-өресін дүние жүзіне әйгілер даңқты игі істі сәтті өткізуіндің қамына кірісті...

Яғни ғалымның орыс досы, оның рухына адалдықтан айнымалған тамаша замандасы һәм ірі мемлекет қайраткері Е. П. Славский осы жолдардың иесімен сұхбат үстінде, келешекке зор үміт арта кеменгерлікпен мензеген Уақыт —«Сәтбаев заманы» туды демекпіз. Әлбетте, оны туғызған халықтың езі, қазақ елінің зарыға күткен тәуелсіздік заманы. Олай болса, ез уақыты қаншама марапаттаса да жеріне жеткізе танымаған ұлттымызды, кеменгер перзентімізді ескі кенорның дүниежүзілік алып деңгейіне көтеріп өзі қайыра ашқандай, қайтадан зерттеп, қайыра туғызатын жария заманға жеттік. Бұған да шексіз ризалықпен тәубе дейміз!.. Сәтбаев тағдыры — ел тағдыры. Сәтбаев ғұмыры — қазақ зиялдарының ортақ ғұмыры. Ендеше, сол ғұмырды түбебегейлі біліп, ғибрат алу — үлкен-кішімізге мұрат болсын! Тарих бүрмалауды көтермейді. Тарихи шындық, тарихи тұлғаның ғұмыр жолы да бүкпесіз толық ашылып, Қанекендей біртуар асылымыз қалаған игі таулар түп-түгел жүртшылыққа жария болып, ғұлама перзент

артында қалдырған ауқымды ғажап мұра — осы күнге дейін беті ашылмаған, құпиясы аршылмаған қалпында Геология институтының фондында жатқан 500-ден астам ғылыми еңбектер үрпак мүддесіне, бүгінгі заман үдесіне қызмет етуге тиіс!

\* \* \*

1979 жылдың 31 шілде күні Қырым жүлдышханасының астрономы Н. С. Черных Күнді айналатын үлкенді-кішілі планеталар жүйесінен жаңа астероид ашып, Халықаралық Планета Орталығына (Американың Смитсон институты) хабарлаған. Терт-бес жыл қосымша бақылаудан соң кеңес астрономының бұған дейін ғылымға белгісіз Кіші планета ашқандығы мәлім болады. Ғалым-физиктің өтініші бойынша, оған «...Қазақстанда астрономия ілімін еркендетуге зор еңбек сіңірген, тамаша кеңес ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың» есімі берілді (1984). Сейтіп, бүгінде түпсіз жүлдышдар әлемінің ту қырында, Күннен 2,223 астрономиялық қашықта (332 миллион шақырым.), диаметрі он бір шақырым, түсі қара коңыр, қатты жыныстан тұратын, Марс пен Юпитердің аралығында шыр айналып жүрген (Жерден оны бір жыл, бес айда бір-ақ мәрте бақылауға болады) әлемдік жүлдышдар картасында 2402 санға ие **«Сәтбаев планетасы»** космосты мәңгі шарлап жүр.

«Ғалымның хаты өшпейді, данышпаннның аты өлмейді» деген халық сөзі, тегінде, ұлағат-өнегесі дара, артында мәңгі өлмес мұралар, асыл нұсқалар қалдырған даналарға арналған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та бүгінде қазақ елінің тарихында, рухани өмірінде езгеше орын алатын шоқ жүлдышдары — Шоқан, Абай, Мұхтар, Ахмет (Байтұрсынов) сынды ұлы алыптардың санатында аталуы заньды құбылыс!..

Семей, 1966—1987, 1999 жылдар.

## **ӘМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

**1899, 12 апрайль** (ескіше 31 март) — Ақкелін болысының 4-ауылнда (осы күнгі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) туған.

**1909—1911** — ауылдық орыс-қазақ мектебінің оқушысы.

**1911—1914** — Павлодар қаласындағы 2-сыныпты училищенің шәкірті.

**1914—1918** — Семейдегі оқытушылар семинариясының студенті.

**1918—1919** — Семейдегі мұғалімдер курсының оқытушысы.

**1920—1921** — Баянауыл ауданы, 10-учаскенің халық соты.

**1921—1926** — Сібір технология (Том) институты кен факультетінің студенті.

**1926—1941** — Атбасцветмет тресі және Қарсақбай мыс қорыту комбинатының геологиялық барлау қызметінің жетекшісі.

**1940** — Жезқазған-Ұлытау аймағының кен байлығын іздеу жолындағы үздік еңбегі үшін Қазақ КСР-інің 20 жылдығы қарсаңында Ленин орденімен марапатталды.

**1941—1964** — Қазақ КСР ғылым академиясы геологиялық ғылымдар институтының директоры.

**1941** — КСРО ғылым академиясы Қазақ филиалының орынбасары, 1943 жылдан төрағасы.

**1942** — Бұқілодақтық аттестация комиссиясының шешімі бойынша, геология-минералогия ғылымдарының докторы атағы беріледі. «Жезқазған ауданындағы кен орындары» еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

**1942—1945** — КСРО ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір, Қызыр Шығыс және Қазақстанның шикізат қорын Отан қорғау мүддесіне жұмылдыру жөніндегі комиссияның мүшесі.

**1943** — КСРО ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланады.

**1944** — БКП(б) мүшелігіне қабылданды, «Қазақ КСР-інің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді.

**1945** — КСРО ғылым академиясының 220 жылдық мерекесіне байланысты Ленин орденімен екінші мәрте марапатталады. Ел өндірістерін майдан қажетіне жұмылдырган еңбегі үшін екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған.

**1946** — Қазақ КСР ғылым академиясына академик және президент болып сайланады. КСРО ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

**1947** – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады.

КСРО парламент делегациясы құрамында Англияда болды.

**1947–1964** КСРО Министрлер Кеңесінің Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің мүшесі.

**1949** – Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі.

**1950** – «Геология профессоры» атағы беріледі, КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады.

**1951** – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. Тәжік КСР Ғылым академиясының құрметті мүшесі.

**1952** – Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті және президиум мүшесі міндеттінен босайды.

**1952–1958** – «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасау» жұмысының жетекшісі.

**1955** – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады.

**1955–1964** – Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті.

**1956** – КОКП-нің XX съезінің делегаты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі.

**1957** – Тынды игеруге Қазақстан ғылымын жұмылдырған енбегі үшін Ленин орденімен үшінші рет марарапатталады.

**1957–1964** – Кеңес Одағы геологтары Үлттық комитеті бюросы тәрағасының орынбасары. Дүниежүзілік металлогения картасын жасау жениндегі Кеңес комиссиясының мүшесі.

**1958** – Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Лениндік сыйлыққа ие болды. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады.

**1959** – КОКП-ның XXI съезінің делегаты және негізгі баянда ма бойынша жарысsezге қатысады.

**1960** – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі.

**1961** – КОКП-нің XXII съезінің делегаты.

**1961–1964** – КСРО Ғылым академиясы тералқасының және геология-география бөлімшесінің бюро мүшесі.

**1962** – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Одақ Кеңесі тәрағасының орынбасары.

**1963** – Геология ғылымын дамытып, Қазақстанның қазба байлықтарын зерттеудегі ұздік еңбектері үшін төртінші рет Ленин орденімен марарапатталды.

**1964, 31 қаңтар** – Москвада қайтыс болды. З ақпанда Алматыда жерленді.

## **Пайдаланылған негізгі әдебиеттер**

- Сатпаев К. И.** Избранные труды. 1—5 т. Алматы, «Фылым», 1967—1970; Собрание трудов т. I, II. Алматы, «Фылым», 1998 г.
- Большой Джезказган. СССР Фылым академиясының фылыми сессиясының баяндамалар мен мақалалар жинағы. М.—Л., 1935.
- Большой Джезказган. Геология мен металлогения. Біріккен фылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Фылым», 1961.
- Наука Советского Казахстана. 1920—1960. Алматы, «Фылым», 1961.
- Октябрь и наука Казахстана. Алматы, «Фылым», 1967.
- Академия наук Казахской ССР. Алматы, 1959.
- Қазақ ССР Фылым академиясының Хабаршысы. 1949, №4.
- Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи, 1771 год. Спб., 1772.
- Академик К. И. Сатпаев. Естеліктер мен мақалалар жинағы. Алматы, «Фылым», 1965.
- Затаевич А. 500 казахских песен и кюйев. Алматы, 1931.
- Весин-Харченко А. На берегу Кенгира. Алматы, 1950.
- Пинегина Л. А., Федюкин С. А. Джезказган — город меди. Алматы, «Фылым», 1966.
- Есенов Ш. Академия наук Казахской ССР, Алматы, «Қазақстан», 1970.
- Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. Алматы, «Жазушы», 1971.
- Брагин А. Умом и молотком. М., Политиздат, 1975; «Первый президент», Алматы, «Жазушы», 1989.
- Қ. Исабай, С. Байжан-ата. «Қажыға барған қазақтар». Алматы, «Ана тілі», 1996.
- К. И. Сатпаев «Письма и заметки». Алматы, «Атамұра»., 1998.
- Ескерту: бұл кітапты жазу үстінде автор Москвадағы Халық шаруашылығы Мемлекеттік және Марксизм-ленинизм институттары Орталық партия архивтерінің, Геолкомның (Ленинград), Жезқазған геологиялық барлау экспедициясы мен кен-металлургия комбинатының, Жезді кен басқармасының, Павлодар, Семей, Қарағанды, Жезқазған қалаларының өлкетану мұражайларының фондыларындағы, Том политехника институтының, Өзбек КСР-і Фылым академиясының архивіндегі академик Х. М. Абдуллаев фондын, сондай-ақ Қазақ КСР FA-ның геологиялық фылымдар институтындағы академик Қ. И. Сәтбаевтың дербес архивіндегі және президент кенсесінің 1941—1964 жылдардағы материалдарын, Қазақ КСР Мемлекеттік архивінің деректерін, Қазақстан

Республикасы Үлттық кітапханасының көптеген газет-журналдар тігінділерін пайдаланды. Жұмыс үстінде автор ғалымның үй-ішінің уақытша пайдалануға берген іә біржола сый еткен көптеген хаттарды, кітаптарды, естелік жазбаларды, Т. А. Сәтбаевының қолжазба-мемуарын қажетіне жаратқаның зор ризалықпен ескеरтуді парызы деп біледі.

## **МАЗМУНЫ**

Оқырманға арнау сөз

<b>Бірінші бөлім. БАЯНАУЛА АЯСЫНДА . . . . .</b>	5
Шежірелер шерткен сыр . . . . .	7
«Есімі болсын Иманжан...» . . . . .	16
Жаңа қоныста . . . . .	23
Кенжетай . . . . .	34
«Қашаған құлын қасқырға алғызбайды» . . . . .	42
Биге шықты деңгелеп . . . . .	56
Қанат үшқанда қатаяды . . . . .	69
Тәңкөріс жылдарында . . . . .	80
Тура биде туған жоқ . . . . .	93
Судья мен профессор . . . . .	106
Сібір шамшырағында . . . . .	120
<b>Екінші бөлім. ҰЛЫТАУ ЖОТАСЫНДА . . . . .</b>	143
Алғашқы сапарда . . . . .	145
Ізденисте . . . . .	161
Тұрлан, әлде Жезқазған? . . . . .	183
Түйеден машинаға . . . . .	203
Шырғаланда . . . . .	225
Ғұламалар алдында . . . . .	242
Наркоммен сұхбат . . . . .	260
XIV ғасырдан хат . . . . .	273
Жарқырап көлдің айдыны, орнайды қала әйгілі . . . . .	286
Тағы да шықты айқасқа . . . . .	303
Аттанарда . . . . .	326
<b>Үшінші бөлім. АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА . . . . .</b>	337
«Бәрі де майдан үшін» . . . . .	339
Жезді хикаясы . . . . .	352
Алдыңғылардың ізімен . . . . .	378
Ғылым ордасын көтерерде . . . . .	396
Тұманды Альбион елінде . . . . .	411
Ел құрметінде . . . . .	422

Тайғақ кешуде . . . . .	446
Жар жағасында . . . . .	460
«Ақиқат әрқашанда жеңеді» . . . . .	480
Болжаулы барлау . . . . .	499
Жаңа биіктеге . . . . .	518
Қырға шыққан дария . . . . .	542
Парыз . . . . .	553
Сәтбаев планетасы . . . . .	561

\* \* \*

Өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері . . . . .	586
Пайдаланылған негізгі әдебиеттер . . . . .	588

**Сәрсеке Медеу  
ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ**

Роман-эссе

«Атамұра» баспасының Бас директоры  
**Мұхтар Құл-Мұхаммед**


Бас редакторы **Әділхан Пірманов**  
Редакторы **Асқар Алтай**  
Суретшісі **Арыстан Ысқақов**  
Техникалық редакторы **Гүлнағис Әзімқұлова**  
Корректоры **Нәзира Дүйсенбаева**

**ИБ № 318**

Теруге 10.03.99 берілді. Басуға 15.04.99 қол қойылды. Пішімі 60x90<sup>16</sup>.  
Офсеттік қағазына басылған. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 37,0.  
Есептік баспа табағы 40,89. Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 154.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Жібек жолы, 157.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



«Алыпты алып қана арқалай алады. Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын М. Сәрсеке ұлықтады. ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты! Бұл – заңғар ғалымның есімін туған жұртында айтқызбай жүрген кешегі керегар заманда Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс. Мансұқ тақырыбын отыз алты жыл бойы жалғыз арқалаған қайсар жазушы ұлы тұлғаның дүние жүзі тойлап отырған 100 жылдық мерейтойына «Қаныш елі», «Қазақтың Қанышы» атты жаңа туындыларымен келіп отыр. Ұлттымыздың ұлы перзенттерін ұлықтаудың үлгісі осында 1-ак болар...»

*Д. Нұрашев*

Қазақстанның халық жазушысы

АТАМҰРА